«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы
Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейі

«СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ:АҚЫНДЫҚ МҰРАТ, САРБАЗДЫҚ РУХ, АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС» АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы

Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейі

«СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ: АҚЫНДЫҚ МҰРАТ, САРБАЗДЫҚ РУХ, АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС» АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана – 2025

ISBN 978-601-12-5663-6

УДК 37.0(069)
ББК 74.00
С95

Бас редактор:

Бейсенбаева Ж.М. – «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының басшысы

Редакция алқасы:
Төлеу Г.- Астана қаласы Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей директоры,;
Буралкиева Г.М. - «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы директорының ұйымдастыру-педагогикалық жұмысы жөніндегі орынбасары;
Садвакасова А.Д. – Педагогикалық шеберлік бөлімінің меңгерушісі;
Абдулла Ж.Б. – Педагогикалық шеберлік бөлімінің әдіскері;
Алибекова Г.З. - Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейі басшысының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары.

«Сырбай Мәуленов: ақындық мұрат, сарбаздық рух, азаматтық болмыс» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы, Астана қаласы әкімдігінің «Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК, 2025 ж. – 668 б.

Жинаққа республиканың барлық өңірлері білім беру ұйымдарының педагогтері мақалалары енгізілді. «Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты», «Сырбай Мәуленовтің шығармаларындағы сарбаздық рух», «Табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілік – Сырбай поэзиясының лирикалық арналары», С.Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде қолдану жолдары секциялары бойынша қатысушылар өз мақалаларында С.Мәуленовтің шығармаларына терең талдаулар жүргізіп, сабақта қолдану жолдарына шолу жасайды.

Материалы региональной научно-практической конференции **«Сырбай Мәуленов: ақындық мұрат, сарбаздық рух, азаматтық болмыс»**. – ГККП Центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи «Астаны дарыны», школа-лицей № 37 имени Сырбая Мауленова, 2025 г. – 668 с.

В сборник вошли статьи педагогов образовательных организаций всех регионов республики. В секции: «Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты», «Сырбай Мәуленовтің шығармаларындағы сарбаздық рух», «Табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілік – Сырбай поэзиясының лирикалық арналары», С.Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде қолдану жолдары» участники проведут глубокий анализ произведений С. Мауленова в своих статьях и рассмотрят способы их использования в учебной деятельности.

©«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы, 2025

Алғы сөз

Ұлт әдебиетінің шоқтығы биік тұлғаларының бірі – Сырбай Мәуленов. Ол – жүрегімен жырлап, рухымен ұрпаққа өнеге қалдырған көрнекті ақын, Ұлы Отан соғысының от-жалынын кешкен жауынгер, қоғам алдындағы жауапкершілігін биік қойған азамат. Оның шығармаларынан туған елге, жерге, тіл мен руханиятқа деген шынайы сүйіспеншілік, өр рух пен азаматтық болмыс айқын аңғарылады.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылық мұрасы – қазақ поэзиясының рухани-эстетикалық кеңістігінде өзіндік өрнегімен ерекшеленетін құбылыс. Ақын поэзиясындағы терең сыршылдық, табиғат пен адам арасындағы үйлесім, соғыс тақырыбындағы шынайы суреттеулер – барлығы келешек ұрпаққа тағылым боларлық асыл қазына.

«Астана дарыны» орталығы мен С.Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейі бірлесе өткізген «**Сырбай Мәуленов: ақындық мұрат, сарбаздық рух, азаматтық болмыс**» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция – ақынның рухани мұрасын дәріптеу мен жас ұрпаққа насихаттауға бағытталған маңызды ғылыми-мәдени шара болды.

Бұл жинаққа конференция барысында оқылған баяндамалар мен зерттеу материалдары топтастырылып отыр. Онда Сырбай Мәуленовтің әдеби мұрасы жан-жақты қарастырылып, ақын шығармашылығындағы көркемдік-идеялық бағыттар, рухани құндылықтар, тарихи кезеңдермен байланысы терең талданған. Сондай-ақ жас ғалымдардың тың көзқарастары мен зерттеулері де өз орнын тапқан.

Жинақ білім беру ұйымдары ұстаздары мен зерттеушілерге, студенттер мен оқушыларға, жалпы қазақ әдебиетін қадірлейтін барша оқырман қауымға арналған. Ол Сырбай Мәуленов шығармашылығын тереңірек тануға, жаңа ғылыми ізденістерге жол ашары сөзсіз.

«Астана дарыны» орталығы жыл сайын бірнеше аймақтық, қалалық ғылыми-шығармашылық, ғылыми-танымдық конференциялар ұйымдастырып, білім беру мекемелерінің педагогтеріне шығармашылық ізденістеріне қолдау көрсетіп келеді.

Конференцияның ұйымдастырылуына ұйытқы болған барлық мекемелер мен шығармашылық топқа, баяндама жасап, ғылыми пайымдарын ортаға салған қатысушыларға шынайы алғыс білдіреміз.

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының басшысы Бейсенбаева Жанар Маулеткановна

Мәуленов Қасым Сырбайұлы,
заң ғылымдарының докторы,
профессор,
Шоқан Уәлиханов атындағы
сыйлықтың лауреаты, РЖҒА
академигі, ПҒӨА академигі, АҚШ
Конгресінің «Фулбрайт»
бағдарламасының стипендиаты,
Индиана университетінің құқық
мектебінің түлегі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – КЕҢЕС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ – КЛАССИК ӘКЕ

Биыл менің әкем, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, КСРО-ның Александр Фадеев атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, кеңес және қазақ әдебиетінің классигі Сырбай Мәуленовтің өмірден өткеніне отыз екі жыл. Иә, әрине, әкемнің өмірі оңай болған жоқ. Оның замандастары ауыр сынақ – соғыс жылдарын бастарынан өткерді. Әлі есімде, 1987 жылы мен азаматтық құқық бойынша кандидаттық диссертацияға оппонент болу үшін Свердловск қаласына (*қазіргі Екатеринбург*) – Свердловск мемлекеттік заң институтына жиналғанымда, әкем маған: «Балам, Белая өзеніне барып қайт. Біздің әскери бөліміміз сол өзеннің бойында жасақталған еді», – деп өтінді.

1941 жылы әкем Сырбай Кеңес армиясы қатарына шақырылып, 163-атқыштар полкінің, 11-дивизиясының, Екінші соққы армиясының (Волхов майданы) құрамында атқыштар ротасының саяси бөлім жөніндегі командирінің орынбасары болған. Жас қазақ офицері Волхов майданында соғысып, қоршаудағы Ленинградты азат етуге қатысқан.

Әкем сол сұрапыл соғыс туралы бізге, балаларына, жиі әңгімелеп беретін. Ол әңгімесін тура соғыста жүргендей әсерлі баяндайтын: 1942 жыл. Волхов батпақтары. Аспан жарықшақтанған, жарылыстардың үздіксіз гүрсілінен күл-талқан болған. Миналар жарылып жатыр. Өлім көзге емес – тура жаныңның түкпіріне үңілгендей. Жо-оқ, үңіліп қана қойған жоқ, қанға бөккен тырнағымен жабысып алғандай, ешқашан қашып құтылу, аман қалу мүмкін емес секілді. Мені және жауынгерлерімді тот басқан суға толы ор ғана жасырып тұратын...

Менің бетім, кеудем, тіпті бүкіл денем ылғалды топыраққа оранды. Топырақ мұншама ыстық болар ма? Жер ана баласына сыбырлағандай: «Жерім-туғаным, оранып ал, мені олардан – осы жазықсыздарды жеп жатқан, сені қиратқан, өртеп тұрған осы жын-перілерден – сақта. Сақтасаң, мен саған, жараларың мен қайғы-қасіретің үшін толық құнымды өтеймін. Қымбаттым…».

Атамекен. Бруствер, окоп – шайқас алаңын қиып өткен ұзын сызықша, сол сызықша сол уақытта жылы да, мейірімді де еді… Жоқ, ол мәңгі жүрегімде әрі есімде қалар, қорғаным болып қала бермек.

Ленинград қоршауда. Балалар мен әйелдер қырылуда. Фашистер тынымсыз атқылауда. Шабуыл алдында комиссар Калмыков бізге, отқа, оққа ұмтылғандарға былай деді: «Олар, ленинградтықтар, бізді күтуде. Оларға өз еліміздің даласында пісіп-жетілген нанды жеткізіңдер». Нан – өмір. Өмір – Отан еді, ал Отан – өмір еді. Қолға нан ұстағанның ыстық қуанышы қандай! Бізден сол қуанышты фашистер тартып алмақ болды. Жайраған солдаттар....бірақ Отан үшін күрес тоқтамады. Олар бір тудың астына жиналды, бір-біріне тілектес болды. 1943 жылдың 18 қаңтарында әкем Сырбай Ленинград қоршауын бұзу кезінде ауыр жараланды. Сол ұрыста сол қолынан жарақат алды. Әкем маған суық окоптарда жатып, Ленинград түбінде қоршауды бұзуға

дайындалғандығы жөнінде жиі айтатын: «Гүрсіл… От… Алға ұмтылу бұл өмірге ме, өлімге ме, бұл – ештеңемен салыстыруға келмейтін белгісіз тыныштық.

Артымызда титаникалық күшпен тыныстаған қала тұрды – Ленинград. Оған өмір сүру керек еді – бізге де өмір сүру керек. Сұрапыл соғыста ауыр жарақат алып, госпитальда жатқанда, бүкіл ғұмырым көз алдымнан өткендей болды. Өз бойымда жаңа бір тылсым күштердің барын сезіндім. Адамдар өмірі, табиғат туралы басқаша ойлай бастадым. Ең бастысы, осы күннен бастап, болашақтағы өмірімді қайта бағаладым. Соңғы шабуыл алдындағы окоптағы жер ызғары сезілмеді. Оған анамыздың кеудесіне тығылғандай тығылатынбыз. Ол бізге қиын қыстау кезде қорған болды, бізді сақтады, біз де оны жауға бермедік. Әкем жиі қайталап айтатын қазақтың бір мақалы бар еді: «Жетпес қашықтық жоқ, жалқау аяқ бар». Жауынгерлермен бірге шабуылға шыққанда, ол үшін ең естен кетпес, соңғы шайқаста да, шаршап шалдыққан жоқ».

Мен әкемнің архивінен 1942 жылдың 22 қазан күні көрсетілген хат таптым. Бұл хат – кеңес әдебиетінің классигі Николай Семенович Тихоновтан – әкемнің қоршаудағы Ленинградтан жазған хатына берілген жауап болатын. Хатта Николай Семенович Тихонов: «Қазақтың жас ақыны сүйікті Ленинградты қолына қару алып қорғағанына қуандым. Уақыт өте келе біз сізбен қоршаудан азат етілген қалада кездесеміз, фашистермен болған соғыс жайында еске алып, әңгімелесеміз. Бірақ қазір барлық күшімізді аянбай қалам мен қаруды қатар ала жүріп, жауға шабуыл жасап, берілмеуіміз керек. Бұл күресте біздің Отанымыздың барлық халықтары бір-біріне бауыр, сондықтан Сіздің хатыңыз мені қатты қуантты. Сіз жауынгер өмірі туралы жазыңыз. Мүмкін Ленинградта Сіздің өлеңдеріңізді қазақ тілінде басып шығаруға да мүмкіндік туар. Мен сізді құттықтаймын және табыс тілеймін», – деп сөзін аяқтапты.

Әкем «бұл мен үшін ең қымбат хат, мен оны жүрегімнің тұсында ұстаймын деп, өсиет ретінде қабылдады. Қуаныштан бұл хатты батальон комиссары Александр Матвеевич Любимовқа көрсетті. Комиссар бұл хаттты маңызды үгіт материалы деп танып, солдаттармен сенімді әңгімелерде таптырмас құрал деп бағалады. Сырбай Мәуленов айтатын: мыңдаған шақырымдар мен жылдар бізді жеңіс туынан алыстатты. Ал менің орыс бауырым жеңістің күні жақындағандай сөйлейтін. Мызғымайтын бірлігімізді үлгі ететін. Парақтағы әрбір сөз, әрбір әріп бізге жігер, күш, қайрат беретін. Хат жолдарын оқып тұрғанда қасымдағы қаруластарымның көздерінен от көретінмін, ол алдағы жарқын күндерге деген үміт оты болатын.

1943 жылдың 18 қаңтарында, жау қорғанысын бұзып, екі майдан шебі – Ленинградтық және Волховтық – қосылды. Ал бір күн бұрын шабуылда менің ротамның командирі Харитонов ауыр жараланды. Ол ашық, қарапайым және өте талапшыл еді. «Әкелердің даңқымен мақтанайық, рота үшін басыммен жауап беремін» деді. Ол сөзінде тұрды. Ротаны қабылдап тұрғанда, оның әр сөзі, қимылы маған күш берді.

Неге мен орыс қарулас достарымды еске алдым? Себебі сол жерде, Ленинград қаласы үшін шайқаста, мен алыс көкжиектерді бағдарладым, өмірге мән бердім, осы кезеңде біздің достығымыздың философиясы ашылды. Біз өліспей беріспейтінімізді білдік.

Соғыстан кейін 1949 жылы әкем Николай Тихоновпен Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде кездесті. Әкем айтатын, Мәскеу оларды бауырларша қабылдады. Бір күні қазақ делегациясы Мәскеу-Волга каналында теплоходпен серуендеді. Подмосковье сұлулығына сүйсінген ақындар кезек-кезек өлең оқыды. Николай Тихонов Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың жанында отырды. Әкем оның қасына барып, танысты, фронттағы хаттарын көрсетті. Тихонов оқып, толқыды. «– Жив солдат! –деп қуанды. – Қуаныштымын! Оттың арасында жүріп, хатты аман сақтап қалған солдат. Ол хатты қайтарып берді де, сыйлыққа өзінің «Грузинская весна» атты жаңа кітабын ұсынды. Әкемнің шығармашылығында

майдандық лирика ерекше орын алды. Соғыстың өзі оны қысқа да нұсқа сөйлейтін ақын етті. Сырбайдың өзі де: *«Мен майданда қысқа жазуды үйрендім, қазір де соған ұмтыламын»* – деп айтатын. Мен Сіздердің алдарыңызда әкемнің соғыс жайлы жазған поэмасын оқуды жөн көріп отырмын.

Бүгін тарих — жыр әсем
Қара шаштар қар шалған,
Соғыс жайын сұра сен,
Мың өлімді қарсы алған
Солдаттар мен маршалдан!
Соғыс жайын сұра сен,
Махаббаттан ерте өлген,
Жанған бір кез аспаннан,
Ормандардан өртенген,
Жараланған тастардан!
Соғыс жайын сұра сен,
Азынаған желдерден,
Қан боп жүзген көлдерден,
Көп адамды құшақтап,
Жатқан сонау дөңдерден!
Соғыс жайын сұра сен,
Бітпей қалған жырлардан,
Жағылмаған шамдардан,
Шашылмаған нұрлардан,
Атпай қалған таңдардан!
Соғыс жайын сұра сен,
Отамалы оттардан,
Жайпап өткен жер үстін,
Соңғы атылған оқтардан
Шашуы боп жеңістің!

Соғыстан кейінгі жылдары әкем Сырбай «Қазақ әдебиеті» газетінің (1971 жылдан), «Жұлдыз» журналының бас редакторы болып қызмет атқарды. 1948 жылы ол «Өлеңдер жинағын» жариялады, сондай-ақ «Дала дауысы» (1949 ж.), «Таудың оттары» (1952 ж.), «Жолдас» (1954 ж.), «Таңдамалылар» (1958 ж.), «Торғай қақпасы» (1960 ж.), «Жапырақтар жанады» (1964 ж.), «Тал түсте» (1966 ж.) және басқа да жыр жинақтарын шығарды. Сонымен қатар оның «Сәуір жаңбыры» (1967 ж.) және «Қызыл арша» (1969 ж.) атты кітаптары жарық көріп, 1970 жылы әдебиет саласындағы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1989 жылы Сырбай Мәуленовке «Қазақстанның халық жазушысы» атағы берілді.

1979 жылы Мәскеуде «Художественная литература» баспасынан «Таңдамалы. Өлеңдер» жарық көрді. Кейін «Уақыт желдері» (1980 ж.), «Домбыраның сыры» (1988 ж.), «Ақынның сыры» (1991 ж.), «Поэзия – менің өмірім» (1997 ж.), «Мен алысқа кетемін» (2003 ж.), «Таңдамалы. Өлеңдер», сондай-ақ шығармаларының 5 томдық жинағы (2013ж.) басылып шықты.

Бала кезімізден біз әкемізге жақын болдық. Ол мені «Қазақстанның халық жазушысының көмекшісі» деп атайтын. 7 жасымнан бастап мен әкемнің сақалын қыра бастадым – себебі ауыр жарақаттан кейін оның сол қолы жұмыс істемейтін. Әкемнің жүзіндегі әр әжім маған таныс еді, ал ол мені қалжыңдап «севиль шаштаразы» дейтін. Есімде, бала кезімде сенбі-жексенбі күндері үйге машинисткалар келіп, әкемнің

өлеңдерін басып теретін. Олар әр 6 сағат сайын ауысып отыратын, ал әкем демалыс күндері күніне 12 сағаттан жұмыс істейтін.

1992 жылдың шілдесінде біздің отбасымызда қайғылы жағдай болды. Әкемнің туған жері – Торғай облысында өткен 70 жылдық мерейтойында, ата-анам отырған облыс әкімдігінің автокөлігі жол апатына ұшырады. Соның салдарынан 1993 жылдың 13 ақпанында әкем дүниеден өтті. Әкемді еске алғанда әлі күнге дейін қимастық сезім бойымды кернейді.

1993 жылдың 22 қарашасында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Қазақстанның халық жазушысы Сырбай Мәуленовтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» көптен күткен қаулысы шықты. Біз анам – Күлжамал екеуміз республика өңірлерін аралап, облыс әкімдерімен кездестік, министрліктер мен ведомстволарда болып, Ақын Сырбайдың есімін ұлықтау мәселелерін талқыладық.

Бүгінде Қазақстанның бес қаласында: Астана, Алматы, Қостанай, Арқалық және Қызылордада қалаларында, әкемнің атында көшелер бар. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, қазіргі Мелисай ауылы орта мектебіне, сондай-ақ Қостанай қаласындағы №24 гимназияға және Астанадағы №37 лицейіне әкемнің есімі берілген. Анам Күлжамал ақын-жауынгер Сырбайдың құрметіне арналған мектеп музейлерін ұйымдастыруға және ашуға тікелей атсалысты. Біз әкемнің тамаша жеке кітапханасын – 4 мыңнан астам кітапты, соның ішінде қазақ және кеңес әдебиетінің классиктерінің қолтаңбасы қойылған сирек кітаптарды гимназияларға тапсырдық. Бүгінде Сырбай атындағы мектептерінде 6 мыңнан астам бала білім алуда.

Әкем қайтыс болғаннан кейін отбасымыз «Қазақстанның халық жазушысы Сырбай Мәуленов атындағы қоғамдық қорды» құрды. Оның эмблемасы әкемнің жастық шағындағы бүркеншік аты – «Лашын» (қыран құс) бейнесімен бейнеленген. Мен де кейбір ғылыми мақалаларыма бүгінге дейін «Лашын» деген атпен қол қоямын.

Мен ақын Сырбайдың ұлы екенімді мақтан тұтамын! Тағдырыма ризамын – Ұлы Отан соғысында ол аман қалды, маған Дүйсен, Жеңіс, Бейбіт, Ғазиз және әпкелерімді – Бақытжамал мен Сақыпжамал сияқты бауырларымды сыйлады. Біз ата-анамыздан жеті бала болдық. Әрқайсымыз әр салада елге қызмет етудеміз.

Үлкеніміз Дүйсен – Қаржы және жергілікті өнеркәсіп министрліктерінде басқарма бастығы болып қызмет етті. Жеңіс – мамандығы инженер-құрылысшы. Өкінішке қарай, үлкен ағаларымыз өмірден озды. 2014 жылы біз сүйікті ініміз Ғазизден айырылдық – ол заң ғылымдарының докторы, профессор, отставкадағы полиция полковнигі, белгілі қазақстандық криминолог, ҚР БҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері еді. Бүгінде біз төртеуіміз қалдық. Үлкен әпкеміз Бақытжамал – энергетик, Қазақ КСР Мемжоспарында, Қазақстан Компартиясы ОК аппаратында қызмет етті. Сақыпжамал – экономика ғылымдарының кандидаты, Т.Рысқұлов атындағы басқару академиясында (қазіргі Нархоз университеті) профессор болып жұмыс істеді. Үлкен ағамыз Бейбіт – Қазақ КСР Мемжоспарында қызмет етті, қазір кәсіпкерлікпен айналысады. Бізге ата-анамыздан ең жақсы қасиеттер дарыды. Бұл – ең алдымен жоғары адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, отансүйгіштік, барлық істе тазалық. Әкем бізге мынадай өлең арнаған еді.

МЕНІҢ ЖЕТІ БАЛАМ

Менің жеті балам бар,
Жеті шың күзетіп тұр тыныштықты.
Жеті далам – кеңдігім,
Жеті аспан жебеп тұр ғұмырлықты.
Жерлер жылайды бірге мен жыласам,
Құласам – құлайды көкпен қоса.
Өлімнің елесі де жоламайды,
«Бұған не істей алам!» – деп тұрады тосала.

Айтшы, кім тоқтатар бір соққымен
Жеті жүректің соғысын?
Кім өшірер бір мезетте
Жеті көздің шоқ нұрын?

Әрине, әкемнің жанында үнемі анам – Күлжамал Әмірова болды (*қазақтың қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясының мүшесі, 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған Ахмет Байтұрсынұлының немере жиені, ағартушы, тілші-ғалым, әдебиеттанушы, түрколог, ақын әрі аудармашы*). Әкем 40-жылдары МҚК-ге (КГБ) «халық жауының жиенінің күйеуі» деп қайта-қайта шақыртқанда да қорықпады.

Менің нағашы атам – Әмір Қалиев, Ахмет Байтұрсынұлының туған інісі Қали Байтұрсынұлының баласы, яғни Ахметтің туған немере інісі. Осылайша, анам Күлжамал Әмірова – Ахмет Байтұрсынұлының немере жиені болып табылады. Нағашы атам Әмір 1929 жылы Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы Қостанай округінде болған көтеріліске қатысқан. Біздің отбасы 1997 жылдың 29 қазанында Әмір Қалиевтің ақталғаны туралы ресми анықтама алды. Онда нағашы атам 1941 жылдың 8 қарашасында тұтқындалып, 1942 жылдың 9 желтоқсанында КСРО НКВД-сының Ерекше мәжілісі арқылы РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабы, 10-тармағы бойынша 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталғаны жазылған. 1943 жылдың 16 мамырында Свердлов облысындағы Ивдельлагқа айдалған. 1945 жылдың 10 ақпанында Ерекше мәжіліс шешімімен жаза мерзімі 5 жылға қысқартылған. Алайда нағашы атам бұл туралы білмей кетті, себебі 1945 жылдың 3 қаңтарында жазасын өтеу кезінде қайтыс болған. Кеңес заманының әйгілі қазақ жазушысы, драматург әрі ғалым, Лениндік (1959 ж.) және Сталиндік бірінші дәрежелі (1949 ж.) сыйлықтардың лауреаты Мұхтар Әуезов әкеме ерекше жылы ықыласпен қараған. Ол жайлы: *«Сырбайда тек өзіне ғана тән нәзіктік пен қысқа да тұжырымды өлеңдердің зергерлігі бар. Олар шебер күйші қолындағы домбырадай әсер етеді, жан дүниеңді билеп алады»*, – деп жазған. Әкемнің жауынгерлік ерлігінің куәсі, ол алған марапаттары: I дәрежелі Отан соғысы ордені, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін» және басқа да медальдар. Ал бейбіт кезеңде Сырбай Мәуленов «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендері марапатталды. Мен әкемнің Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері мен әдебиетке қосқан үлесі Ресей Федерациясында да үш мәртебелі медаль иесі екендігін мақтан тұтамын.

2019 жылы Ресей Федерациясында және Санкт-Петербург қаласында Ленинградты фашистік қоршаудан толық азат етудің 75 жылдығы кең көлемде аталып өтетінін отбасымыз жақсы білді. Кеңестік Ленинград – біздің әулет үшін қымбат қала, өйткені Сырбай Мәуленов осы қаланы азат ету жолында Ұлы Отан соғысының тозағын бастан кешкен. Ленинградтың толық азат етілген күні – бұрынғы КСРО-дағы миллиондаған отбасы үшін ұлы мереке. 2018 жылдың 10 қазанында Санкт-Петербург үкіметі осы мерейтойға орай арнайы медаль тағайындау жөнінде қаулы қабылдаған соң, мен ресми хат-хабар жүргіздім. Соның нәтижесінде әкем Сырбай Мәуленовтің есімі бұл медальмен марапатталушылар тізіміне енгізілді. Петербургке іссапар кезінде мен Санкт-Петербург губернаторының міндетін атқарушы Александр Бегловтың қолынан әкемнің осы марапатын алдым. Бұл – әкемнің рухына берілген ұлы құрмет. Ленинград қоршауы 1941 жылдың 8 қыркүйегінен 1944 жылдың 27 қаңтарына дейін жалғасты. Шайқас 1941 жылдың шілдесінде басталып, 1944 жылдың тамызында аяқталды. Онда шамамен бір миллион кеңес жауынгері мен 800 мыңнан астам бейбіт тұрғын қаза тапты. Нақты санды тарихшылар әлі де айта алмай отыр. «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен 1,5 миллионнан астам адам марапатталған. 2019 жылдың 1 наурызында Мәскеуде Ресей Жаратылыстану академиясы Сырбай Мәуленовке 1933 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты, жазушы Иван Бунин атындағы медальді берді. Бұл – Қазақстан әдебиеті үшін аса маңызды оқиға. Себебі Сырбай классикалық әлем әдебиетін қазақ

тіліне көбіне Бунинннің орысша аудармалары арқылы аударған. Ол әрқашан: *«Бунинннің аудармалары – әлем әдебиетінің ең үздік орысша тәржімелері»*, – деп айтып отыратын.

2024 жылы Сырбай Мәуленов Ленинградтың фашистік қоршаудан толық азат етілуінің 80 жылдығына арналған Құрмет белгісімен марапатталды. Біздің әулет Санкт-Петербург үкіметіне қазақ ақыны, майдангер – Ленинград қорғаушысының ерлігін ұмытпай, бағалағандары үшін шексіз ризашылығын білдірді.

Төлеу Гүлжан Дәрібайқызы,
Астана қаласы
Сырбай Мәуленов атындағы
№37 мектеп-лицейінің директоры,
қазақ тілі пәні мұғалімі, магистр

СЫРЛЫ СЫРБАЙ МЕКТЕБІ

Қазақтың қара өлеңін кие тұтып, жүрегінің тереңінен қайнап шыққан сырлы жырларымен қалың жұртшылықтың жүрегіне жол тапқан, қазақ поэзиясының сырбаз да сыршыл өкілі – Сырбай Мәуленовтің өмірі, шығармашылығы және азаматтық болмысына арналған алғашқы аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

2003 жылы Астана қаласының №37 орта мектебіне қазақтың ақын әрі жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Абай атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, екінші дүниежүзілік соғыста көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы, сондай-ақ әдеби қызметі үшін көптеген ордендер мен медальдардың иегері Сырбай Мәуленовтің есімі берілді. Қазіргі таңда аталмыш білім беру ұйымы «мектеп-лицей» мәртебесін алып, елордалық білім беру саласындағы үздік ұйымдардың біріне айналып отыр.

Мектебіміз танымал тұлғаның есімімен аталғаннан кейін, бұл мектеп қызметіне, оның жұмысына ерекше із қалдырады әрі ақын алдындағы біздің мойнымызға жауапкершілік жүктейтінін өздеріңіз де білесіздер.

Сырбай Мәуленовтің көзін көрген замандастарымен, көріп-білген ақын-жазушылармен, балаларымен өткізіп отыратын кездесулер мен конференциялардың оқушылар үшін үлкен тәрбиелік мәні бар, маңызы зор дүние. Сырбай Мәуленовтің ұлы Қасым Мәуленов мектебімізге жиі келіп, қонақ болып, әке естелігімен бөлісіп отыруы дәстүрімізге айналды.

Сырбай Мәуленовтің өмірі, жүріп өткен жолы, ақынның шығармашылығы, кейінгі ұрпаққа берер ұлағатын дәріптеуде оқушылар мен мұғалімдердің қабілеттері мен мүмкіндіктерін көрсету, конференция қарсаңында жаңа жобалар жасап шығу, ақынды жоғары дәрежеде таныту болып отыр.

Ақын есімімен бірге аталатын мектебіміздің ең қасиетті орындарының бірі – Мәуленов мұражайы екенін әрдайым мақтаныш сезіммен айта аламыз. Осы орайда, биылғы оқу жылынан бастап мектебіміздегі мұражай кеңейтіліп, жаңа мазмұнмен толықтырылып, «Мәуленов алаңы» атауын иеленді. Бұл – тек атау ауысуы емес, бұл – ақынның шығармашылық әлемін, өмір жолын тереңірек танып, жас ұрпақ бойына ұлттық рух пен поэзияға деген сүйіспеншілік ұялату жолындағы маңызды қадам.

Сондай-ақ, бүгін мектебімізде тағы бір ерекше жобаның тұсауы кесілді. Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкіліне арналған «Сырлы Сырбай кеңістігі» атты шығармашылық аймақ ашылды. Бұл – ақын рухына деген шынайы құрметтің, мәңгілік мұрасына тағзымның белгісі.

Аталмыш кеңістік – ұстаздарымыздың бастамасымен және белсенді атсалысуымен жасалып, оқушылар үшін рухани білім мен шабыт алатын ортаға

айналды. Мұнда Сырбай Мәуленовтің өмір жолы, әдеби мұрасы, шығармаларынан үзінділер мен көркемдік экспозициялар орналастырылып, поэзиямен тыныстауға мүмкіндік беретін ерекше атмосфера қалыптастырылған.

Біз ақын есімін арқалаған мектепте еңбек етіп жатқандықтан, есімі асқар тауға айналған Сырбай Мәуленовтің есімін әрдайым мақтан тұтамыз.

Осы орайда, жыл сайын өтетін дәстүрлі сынып сағаттарын, мәнерлеп оқу байқауларын, эссе конкурстарын атап өткім келеді. Сондай-ақ, ұжым бастамасымен өткізілетін түрлі іс-шаралармен де жұмысымыз жыл сайын толығып келеді.

Мектебімізге Сырбай Мәуленовтің есімі берілгелі бері ауыз толтырып айтарлық шаралардың бірталайы болып өтті. Сол сүбелі үлестердің бірі – ұжымдағы әріптестеріміздің ауызбіршілігінің, шығармашылық ізденісінің нәтижесінде дүниеге келген «Сырбайтану» авторлық курсын айтсақ болады.

«Сырбайтану» курсы 3-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы, факультативтік хрестоматия және оқушыларға арналған жұмыс дәптерінен тұрады. Аталмыш курсты меңгертуде бағдарламның әрбір сыныпқа негізделген мақсаты мен міндеті айқындалып, оған жету жолдары жан-жақты қамтылды.

2021 жылдың қараша айында тіл мамандары, тарихшылар, мектеп әкімшілігінің мүшелерінен тұратын жұмыс тобы құрылып, ақынның 100 жылдығы қарсаңындағы жұмыстарымызды жоспарладық. Басты мақсатымыз мектепішілік, аудандық, қалалық, республикалық деңгейдегі іс-шараларда Сырбай Мәуленовтің өмірі, жүріп өткен жолы, ақынның шығармашылығы, кейінгі ұрпаққа берер ұлағатын дәріптеуде оқушылар мен мұғалімдердің қабілеттері мен мүмкіндіктерін көрсету, мереке қарсаңында жаңа жобалар жасап шығу, ақынды жоғары дәрежеде таныту болып отыр.

100 жылдық мерейтойға орай, «Мектеп мұражайының үздік гиді» байқауы, «Сырбай оқулары» атты қалалық конкурсын ұйымдастыру, жазушылармен, ғалымдармен, ақынның туыстарымен кездесулер, Сырбай Мәуленовтің 100 жылдығы қарсаңында арнайы баспасөз басылымын шығару, «Сырбайдың ғажап жырлары» атты жанды жоба жасап шығару, қала, республика деңгейінде мерекелік салтанатты іс-шара өткізу секілді жұмыстар жүргізілді.

2022 жылдың 4 ақпанында Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы, Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейі мен Қостанай қаласы Сырбай Мәуленов атындағы мектеп-гимназиясы арасында республикалық деңгейде «Мәуленов мұрагерлері» атты телекөпір өткізілді.

Ақын Сырбай Мәуленовтің 100 жылдық мерейтойына орай бірнеше тағылымды әрі мазмұнды іс-шаралар жүзеге асты. Солардың бірі – Алматы қаласындағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде өткен әдеби кешке қатысуымыз болды.

Аталған әдеби-мәдени жиын – ақын шығармашылығына арналған республикалық деңгейдегі маңызды форумның бір бөлігі болды. Осы шараға №37 мектеп-лицейінің ұстаздарынан құралған арнайы делегация қатысып, Сырбай Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығына арналған мазмұнды баяндама ұсынып, форум жұмысына белсенді атсалысты. Сырбай Мәуленовтің 100 жылдық мерейтойын мазмұнды өткізу, ұрпаққа паш ету, дәріптеу, насихаттау – біздің міндетіміз. Бүгінгі ұрпақ Сырбайша оқып, Сырбайша сөйлеуге ұмтылса, ертеңгі күні елдің елдігі, ердің ерлігі асқақтай түседі. Ал Сырбай Мәуленовтің 100 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар мұнымен тоқтап қалмайды, керісінше үнемі жалғасын табатын болады.

2022 жылдың 16 қыркүйек күні Сырбай Мәуленовтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Өлеңім – өмірім менің» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға еліміздің түрлі аймақтарынан, соның ішінде Алматы қаласынан арнайы келген қонақтар қатысты. Олардың қатарында:

Ақынның ұлы – Қасым Сырбайұлы Мәуленов, немересі – Саиджапар Казбекович Мәуленов, келіні – Жанна Турғанбайқызы.

Сондай-ақ, Сырбай Мәуленов есімін иеленген мектептер арасындағы қарым-қатынас бірнеше жылдан бері жалғасып келеді. Бүгінгі конференция сол ынтымақтастықтың жарқын нәтижесі болды. Қостанайдан келген әріптестеріміз өз тәжірибелерімен бөлісіп, ортақ рухани байланысты нығайта түсті. Ақынның көзін көрген, рухани әріптесі болған қоғам қайраткерлері –
Серік Нығметоллаұлы Негимов, Серік Тұрғынбекұлы Тұрғынбеков секілді танымал әдебиет қайраткерлері де конференцияға арнайы қатысып, естеліктерімен бөлісті.

Сырбай Мәуленовті ұрпаққа паш ету, оның шығармашылығын дәріптеу және насихаттау – біздің ең маңызды міндетіміз. Бүгінгі жастар Сырбай ақынның өлеңдерін оқып, оның тілінде сөйлесе, ертеңгі күнде елдің елдігі, ердің ерлігі одан әрі арта түседі. Ал Сырбай Мәуленовті дәріптеуге арналған шаралар мұнымен тоқтап қалмай, керісінше, үнемі жаңарып, жалғасын таба беретін болады.

Мадибаев Аслан Ізбасарұлы,
Қостанай облысы әкімдігі
Білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
Сырбай Мәуленов атындағы
гимназиясы» КММ директоры

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ГИМНАЗИЯСЫ – РУХАНИЯТ ОРДАСЫ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК КЕҢІСТІК
(тәрбие және мектеп тәжірибесі жөнінде)

Сырбай Мәуленов атындағы гимназия – Қостанай өңіріндегі іргелі білім ордаларының бірі, рухани құндылықтар мен заманауи білімнің тоғысқан тұғыры. Бұл мектеп – тек білім беру ұйымы емес, ол ұлттық руханият пен мәдениетті жаңғыртудың, жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырудың, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың орталығы болып саналады.

Гимназияның басты ұстанымы – «Білім мен тәрбие – ұлт болашағының кепілі» қағидасы. Білім беру үрдісі тәрбиемен тығыз байланыста жүргізіліп, әрбір оқушының бойында отансүйгіштік, ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру көзделеді. Мектеп өмірі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу, мәдени мұра мен рухани сабақтастықты сақтау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Сапалы білім беру мен тәрбие ісіндегі жетістіктер ұжымның бірлігінің, педагогикалық мәдениеттің және шығармашылық ізденістің нәтижесі болып табылады. Гимназияда «рухани тәрбиенің экожүйесі» қалыптасқан — бұл ұжымдық еңбек пен шығармашылықтың үйлескен тұтас кеңістігі. Сырбай Мәуленов атындағы гимназияның тәрбиелік тәжірибесі қазіргі заман талабына сай ұлттық болмысты сақтауға, мәдени және рухани жаңғыруға үлес қосуда. Сондықтан гимназияны руханият ордасы әрі тәрбиелік мектеп моделі деп атауға толық негіз бар.

Руханияттың алтын өзегі – Сырбай Мәуленов тұлғасы.

Гимназияның ерекше болмысы мен рухани келбеті оның атымен егіз ұғым. Сырбай Мәуленов – XX ғасырдағы қазақ поэзиясының шоқтығы биік тұлғаларының бірі, Отанға, халыққа адал қызмет еткен жауынгер ақын, ұлттық әдебиетіміздің асыл перзенті.

Ақын шығармашылығында елге, туған жерге, бейбіт өмір мен адамдыққа деген сүйіспеншілік терең көрініс тапқан. Ол өз поэзиясында елдік рухты, ерлік пен еңбекті, адамгершілік пен ізгілікті жырлады. Сондықтан гимназия ұжымы ақын есімін иеленуін үлкен жауапкершілік әрі рухани парыз деп біледі.

Гимназия қабырғасында ашылған Сырбай Мәуленов мұражайы – оқушылар мен ұстаздардың рухани тәлім орталығы. Мұражайда ақынның өмір жолына, шығармашылығына, замандастарымен байланысына қатысты деректер жүйеленген. Мұнда сақталған жәдігерлер – қолжазбалар, фотосуреттер, жеке кітаптары, марапаттары мен хаттары – жас ұрпақ үшін баға жетпес қазына. Мұражай тек естелік орын емес, ол – шығармашылық зертхана рөлін атқарады. Мұнда оқушылар мен мұғалімдер бірлесе әдеби зерттеулер жүргізеді, поэзия сағаттары мен эссе байқаулары ұйымдастырылады. «Сыршыл сезім иесі», «Жыр мен елдің Сырайы», «Ақынға тағзым» атты дәстүрлі әдеби кездесулер мен поэзиялық кештер мектептің мәдени өмірінің ажырамас бөлігіне айналған. Сондай-ақ, мұражайда оқушылар мен жас мұғалімдер ақын мұрасына арналған шағын ғылыми жобалар, буктрейлер, мультимедиялық көрмелер әзірлеп, түрлі байқауларда жүлделі орындар иеленіп жүр. Бұл – Сырбай Мәуленов мұрасының қазіргі ұрпақ санасында тірі рухани феномен ретінде жаңғырып отырғанының айғағы.

Ақынның өмірлік ұстанымы – адал еңбек, шынайы адамдық пен Отанға сүйіспеншілік. Осы құндылықтар гимназияның тәрбие моделінің негізін құрап отыр. Оқушылар Сырбай шығармашылығын оқу арқылы елге қызмет етудің, рухани биіктік пен адамгершілік жолының мәнін ұғынады.

Дәстүр мен сабақтастық – тәрбиелік кеңістіктің тірегі.

Сырбай Мәуленов гимназиясында жыл сайын дәстүрге айналған тәрбиелік шаралар жүйелі түрде жалғасып келеді. Бұл дәстүрлер мектептің тәрбиелік философиясын айқындап, ұжымдық бірлікті, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Бірінші дәстүр – 17 қыркүйек күні 5-сынып оқушыларын мұражаймен таныстыру рәсімі. Бұл күн гимназияға жаңа келген оқушыларды жата - аналарды Сырбай әлемімен таныстырудың, рухани бірлікке баулудың символына айналған. Мұражай қызметкерлері мен ұстаздар ақынның өмірі мен шығармашылығын таныстырып, балаларды поэзия әлеміне жетелейді.

Екінші дәстүр – жыл соңында өтетін қорытынды форум. Бұл форум гимназияның бір жыл ішіндегі оқу, тәрбие және шығармашылық жетістіктерін саралайтын, ұжымның бірлігін, табысты еңбегін паш ететін үлкен іс-шара болып табылады. Соңғы жылдары бұл форум «Жеңістен – Жетістікке!» атауымен жаңа мазмұн мен форматта өткізілуде. «Жеңістен – Жетістікке!» форумы – ұжымдық табыстың символы

Мақсаты:

Оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім мен мақтаныш рухын қалыптастыру, гимназия ұжымының шығармашылық және оқу жетістіктерін көрсету, жыл қорытындысын ұжымдық мереке ретінде өткізу.

Міндеттері:

- Гимназияның оқу-тәрбие және ғылыми жетістіктерін насихаттау;
- Белсенді, табысты оқушылар мен ұстаздарды үлгі ету;
- Жауапкершілік, табандылық және мақсаткерлік қасиеттерін дамыту;
- Ұжымдық рух пен бірлік сезімін нығайту.

«Сырбайтану» курсы – шығармашылық ізденіс алаңы

Гимназия тәжірибесінде ерекше жобалардың бірі – 5-сыныпқа арналған «Сырбайтану» қазақ әдебиеті пәнінен қосымша білім беру вариативтік курсы. Бұл бағдарлама ақынның шығармашылық мұрасын жаңа қырынан танып, оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Бағдарлама құрылымында ақынның өлеңдері мен шағын прозалық туындыларын талдау, салыстыру, интерпретациялау тапсырмалары енгізілген. Курс барысында оқушылар поэзияны мультимедиялық форматта талдап, бейнежоба, буктрейлер, сахналық қойылымдар әзірлейді.

Бағдарлама 5-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ әдебиеті пәнінің орта мерзімді жоспарына негізделіп жасалған. Онда:

- оқыту мақсаттары мен күтілетін нәтижелер,
- тиімді әдіс-тәсілдер мен оқу ресурстары,
- мұғалімдерге арналған сабақ конспектілері жинағы қамтылған.

Осылайша, «Сырбайтану» курсы оқушыларды әдебиетке, туған жерге және рухани мұраға құрметпен қарауға үйретеді.

Қорытынды. Сырбай Мәуленов атындағы гимназия – тек білім ордасы ғана емес, ұлт руханияты мен мәдениетін сақтау және дамыту миссиясын арқалаған шығармашылық кеңістік.

Мектеп ұжымы ұлы ақынның атын абыроймен алып жүру үшін оқу мен тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар негізінде ұйымдастырып, ғылым мен өнерді ұштастырған сапалы білім жүйесін қалыптастырды.

Соңғы жылдары гимназия білім мен ғылым саласында тұрақты өсім көрсетіп келеді.

- Білім сапасы жыл қорытындысымен 83% құрап, соңғы үш жылда 4%-ға артты.
- Оқушылардың нәтижелерін саралағанда 71 оқушы үздік, 279 оқушы “жақсы” және “үздік” бағалармен оқу жылын аяқтаған.
- 2025 жылғы ҰБТ орташа балы – 95,8, ал ең жоғары нәтиже 137 балл (облыстық алғашқы үштік қатарында).
- 44 түлектің 52%-ы грант иегері атанды, олардың қатарында 3 “Алтын белгі” және 3 үздік аттестат иегері бар.
- Гимназияның 6-сынып оқушыларының ішінен 15 оқушы дарынды балаларға арналған оқу орындарына түсті (8 – НЗМ, 4 – БИЛ, 3 – “Озат”).

Гимназияның ғылыми бағыттағы жұмысы да айқын нәтиже беріп отыр:

- 2025 жылы мектеп облыс бойынша “Үздік олимпиадалық мектеп” мәртебесін иеленді.
- 5–6 сынып оқушылары республикалық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды, ал халықаралық ғылыми жобалар байқауында гимназия шәкірттері табысқа жетті.
- 2025 жылғы көктемде гимназия А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетімен және “Зерделі” орталығымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл серіктестік оқушылардың ғылыми жобаларын, олимпиадалық дайындықтарын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Шығармашылық салада да гимназия оқушылары ерекше жетістіктермен танылуда:

- 2025 жылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұйымдастырылған “Абайға арнау” эссе байқауы, “Абай әлемі” көрмесі, “Абай оқулары” сияқты іс-шараларда гимназия оқушылары облыстық және республикалық деңгейде жүлдегер атанды.
- Педагог-шебер З. Досымова Астанада өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинарда баяндама жасап, гимназияның тәжірибесін таныстырды.

Тәрбиелік бағытта гимназияның “Адал азамат” біртұтас бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда. Оқушылар елжандылық, жауапкершілік, еріктілік, және белсенді азаматтық ұстаным бағыттарында түрлі жобаларға қатысып келеді. 2025 жылы гимназия ЮНЕСКО клубының мүшелігіне кандидат ретінде қабылданды — бұл мектептің халықаралық гуманитарлық қауымдастықтағы мәртебесін арттырған үлкен жетістік.

Сонымен қатар гимназияның заманауи инфрақұрылымы үнемі жаңарып отырады: соңғы үш жылда 108 млн теңге көлемінде күрделі жөндеу және жабдықтау жұмыстары жүргізіліп, жаңа үлгідегі физика, химия, биология кабинеттері ашылды, 30 интерактивті панель орнатылды.

Осындай нәтижелер – гимназия ұжымының кәсіби еңбегі мен ізденісінің, ата-аналар мен қоғамның қолдауының, ең бастысы – ұстаздар мен оқушылардың бір мақсатқа жұмылған бірлігінің жемісі.

Бүгінгі таңда Сырбай Мәуленов атындағы гимназия – сапалы білім, ғылыми жетістік және рухани тәрбиенің тұтас жүйесін қалыптастырған мектеп моделі.

Мұражай, дәстүрлі форумдар, "Сырбайтану" курсы, ғылыми және шығармашылық жобалар – барлығы да жас ұрпақты мақсаткер, мәдениетті, рухани бай тұлға етіп тәрбиелеуге бағытталған.

Болашақта гимназия ұжымы осы бағытты одан әрі жетілдіріп, "Білім – жетістік бастауы, тәрбие – тұлға негізі" қағидасын берік ұстанып, Қазақстанның өркендеуіне үлес қосатын жаңа буынды тәрбиелеуді жалғастыра береді.

Жумагулова Жанар Дуйсембаевна,
Қостанай қаласы білім басқармасы
«Қостанай қаласының білім бөлімі»
ММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті секторының
меңгерушісі, педагогика ғылымдарының
магистрі, әдіскер-зерттеуші

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ: ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ПЕН АДАМГЕРШІЛІК ИДЕАЛ ТҰТАСТЫҒЫ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі — Сырбай Мәуленов. Оның шығармашылығы — ұлттық рух пен азаматтық сана тоғысқан, туған жер мен елге деген сүйіспеншіліктен, соғыс пен бейбіт өмір арасындағы күрес пен қайшылықтан өрілген бай поэтикалық әлем. Сырбай поэзиясы — халқымыздың XX ғасырдағы рухани ізденістері мен тарихи тағдырын бейнелейтін рухани шежіре. Бұл мақалада ақынның ақындық мұраты — яғни, оның поэзиясындағы «ұлттық рух пен азаматтық болмысы», «туған жерге деген махаббаты», «елінің тарихына қатынасы», және «ақынның адами болмысы» жан-жақты талданады. Сырбай Мәуленов шығармашылығын тану — сол кезеңдегі қазақ қоғамының рухани, әлеуметтік, тарихи келбетін тану деген сөз.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Торғай өңірінде дүниеге келді. Әдебиетке деген құштарлығы ерте оянған ол, алғашқы өлеңдерін мектеп қабырғасында жаза бастайды. Оның өмір жолының ерекше бетбұрысы — «Ұлы Отан соғысына қатысуы». Волхов майданында ауыр жарақат алып, елге аман оралған ақын майдан шындығын өз көзімен көріп, жүрегімен сезінді. Бұл тәжірибе оның шығармашылығында ерекше орын алды. Жаралы жанның толғанысы мен азаматтық жауапкершілігі оның поэзиясынан айқын көрініс табады [1]. Соғыстан кейін ол радиода, газет-журналдарда редакторлық қызметтер атқарып, қазақ әдебиетін дамыту жолында елеулі еңбек етті. Сырбай — ақын ғана емес, өз заманының рухани шамшырағы, күрделі тағдырлы азамат. Қазақ әдебиетінің кең тынысты поэзиясында өзіндік үнімен, дара болмысымен көрінген көрнекті ақындардың бірі. Ол — туған халқына, туған жеріне деген сүйіспеншілікті, ұлттық рух пен азаматтық борышты өлең тілімен өрнектеген, рухани биік тұлға. Оның шығармашылығы — халқымыздың бастан өткерген тарихы мен тағдырының көркем айнасы, елдік пен ерліктің, адамгершілік пен ар-ожданның терең тұғырнамасы. Сырбай Мәуленов поэзиясы — адам жанының ішкі иірімдерін, Отанға деген шексіз махаббат пен адалдықты, табиғат пен тіршіліктің үйлесімін жырлаған көркем әлем. Ақынның

туындыларынан ұлттық болмыс пен заман шындығының үйлесімі, елдік сана мен рухани биіктік, халық мұраты мен азаматтық үн қатар өрілген. Ол — тек лирик емес, майдангер ақын. Қанды майданды көзімен көріп, елге аман оралған соң, сол бір сұрапыл жылдардың шындығын, туған елдің қадірін, тыныштықтың, бостандықтың маңызын поэзия тілімен шебер жеткізді. Оның өлеңдеріндегі туған жер суреті — қазақ даласының жаны, табиғат көрінісі — ұлттың тіршілігі, адам бейнесі — қоғамның бейнесі іспетті. Сырбай Мәуленовтің ұлттық рухы оның туған жерге, қазақ тіліне, халықтың мәдениеті мен дәстүріне деген шексіз сүйіспеншілігінен көрінеді.

Сырбай Мәуленов үшін қазақ тілі — тек қатынас құралы емес, ұлттың жаны, рухы, болмысы. Оның өлеңдеріндегі тілдік өрнек, сөз қолданысы, образдық жүйе — қазақ тілінің байлығы мен бейнелігін дәлелдейді.

«Қазақ тілі — анамның үні менің,
Жерім мен көгім, ділім, тілім менің.
Өз тілімде ойлаймын, сөйлеймін мен,
Сол тілімде тұрады үйім менің.»

Бұл жерде ақын тілді үйімен, анасының үнімен, жері мен көгімен салыстыру арқылы тілдің ұлттық санадағы орнын көрсетеді. Тілді ұлтпен, жермен, рухпен тең дәрежеге қояды. Ақынның осындай поэзиясы арқылы қазақ тіліне деген құрмет пен шексіз махаббаты танылып тұр.

Сырбай Мәуленов халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті мен салт-дәстүрін терең құрметтейді. Ол дәстүрлерді жалаң насихат ретінде емес, ұлттық болмыстың бейнесі ретінде жырлайды. Ақын қазақтың киіз үйінен бастап, домбырасына дейін, қонақжайлығынан бастап, наурыз мейрамына дейін өлеңдерінде ерекше сипатпен бейнелейді.

«Домбыраның шанағынан сыр ағып,
Сыңғырлайды халықтың бір арманы.
Әжелердің әлдиінен үн қалып,
Кіндігіммен байланған бір даламды.»

Мұндағы домбыра— халықтың музыкалық мәдениеті, әлди — ұлттық тәлім-тәрбиенің негізі. Ақын мұны тек зат ретінде емес, рухани құбылыс ретінде береді. Бұл — оның ұлттық мәдениетті жан-тәнімен қабылдағанын, әрі соны ұрпаққа жеткізуді өзіне борыш санағанын көрсетеді. Сырбай Мәуленов өз шығармашылығын ұлттық сана қалыптастырудың құралы ретінде қарастырған. Ол жас ұрпақты тарихты білуге, туған жерді сүюге, ана тілін құрметтеуге, дәстүрге адал болуға үндейді. Бұл үндеу ешқандай ұранға айналмайды, керісінше көркемдік тереңдікте беріледі. Ақын поэзиясы — ұлттың өткені мен болашағы арасындағы алтын көпір. Ол ұлттық рухты тек мақтаныш емес, жауапкершілік ретінде ұсынады. Бұл — оның ақындық мұратының тереңдігін көрсетеді. Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы ұлттық рух — туған жерге деген сағыныш пен құрметтен, ана тіліне деген сүйіспеншіліктен, халықтың мәдениеті мен дәстүріне деген ілтипаттан туындайды. Оның әрбір жыры — қазақ болмысының көркем бейнесі, ұлттық сананың асыл тұғыры. Сырбай Мәуленов — тек ақын емес, ұлттық рухтың жыршысы, рухани көшбасшы, мәдениет шырақшысы. Сондықтан оның шығармашылығы — бүгінгі ұрпақ үшін рухани азық, ұлттық тәрбие мектебі болуға әбден лайық. Сырбай Мәуленов поэзиясындағы туған өлке бейнесі: Торғай даласына тоқталсам, ақынның шығармашылық әлемінде туған өлкесі — Торғай даласы ерекше орын алады. Ақын үшін бұл мекен — тек балалықтың куәсі, географиялық аймақ емес, поэзиялық-рухани кеңістік, яғни ішкі жан дүниесінің ажырамас бөлшегі. Оның өлеңдеріндегі қыраттар, өзендер, ауыл тынысы шынайы табиғат суреттерінен гөрі бейнелі сипат иеленіп, тұтас қазақ даласының, ұлт болмысының, халық өмірінің көркем бейнесіне айналады. Сырбай поэзиясында Торғай даласы — туған жердің ғана емес, ұлттың тұтастығының, өткен мен бүгіннің, болмыс пен болашақтың символы. Дала бейнесі — еркіндіктің, кеңдіктің, ұлт рухының көрінісі.

«Торғай — менің тұңғыш үнім естілген,
Құйын болып қуанышым ескен жер.
Жаңбырындай кешкі жаздың сыбдырлап,
Жырларымның алғаш демі өшпеген.»

Ақын туған жерін тек сағынышпен емес, қастерлі кеңістік ретінде жырлайды. Мұнда Торғай — жырдың бесігі, рухтың мекені, ұлттық сана қалыптасқан жер. Сырбайдың табиғат суреттері – қазақтың тарихын, көшпелі тіршілігін, тұрмыс салтын астарлы жеткізетін бейнелер. Қыраттар — батырлықтың, өзендер — өмірдің ағысындай үздіксіз қозғалыстың, жазық дала — сабыр мен кең пейілдің символы.

«Қыраттардың үнін естіп өскем мен,
Желмен бірге жырды желіп кешкен мен.
Өзен-көлім — балалықтың естелігі,
Сол суреттер көкірегімде көшкенмен...»

Ақын даланың әр белгісін мәдени-тарихи болмыс ретінде қолданады. Бұл көріністер — ұлттың ұлы естелігі, ұрпақ пен ұлт арасындағы көркем көпір. Сырбай үшін ауыл — рухтың, тәрбие мен адамгершіліктің қайнар көзі. Оның поэзиясында ауылдың тіршілігі — шыншыл, жанды әрі өміршең. Ол егінші, шопан, ана, қария, бала бейнелері арқылы қазақ қоғамының нағыз болмысын береді.

«Ауылында анам отыр таңменен,
Қазанында қайнап жатыр тағамы.
Әкем кеткен атыменен малға еріп,
Жазғы жайлау — тіршілік пен амалы.»

Мұнда ауыл көрінісі — қарапайым ғана тұрмыс суреті емес, ұлттың іргесін құрап тұрған құндылықтар жиынтығы. Ақын осындай тыныс-тіршілік арқылы ұлттық өмір салтын, діл мен рух тазалығын поэтикалық символға айналдырады. Сырбай табиғатты бөлек құбылыс ретінде емес, адам тағдырымен, ұлттық рухпен үндес тірі ағза ретінде суреттейді. Торғайдың самалы — ананың мейірімі, өзені — балалықтың ағысы, адыр-белестері — тарихтың бедері.

«Жел соққанда далам менен күледі,
Дала — менің өзімдей бір тірі еді.
Топырағына аунап өскен баламын,
Сол даламен бірге соққан жүрегім.»

Табиғат — бұл өлеңде ақынның өзімен теңестіріліп тұр. Мұнда дала — тек кеңістік емес, тіршілік иесі, сезім мен ойдың серігі. Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жер тек пейзаж емес, ұлттық рухтың көркем формасы. Торғай — ана бейнесі, дала — еркіндік символы, өзен — тағдыр, ауыл — қоғам, қырат — тарих, соның бәрі бірігіп тұтас ұлт бейнесін жасайды. Оның табиғатқа деген көзқарасы — экологиялық та, этикалық та, сонымен бірге ұлттық философиямен сабақтасқан.

Сырбай Мәуленов үшін Торғай — туған жер ғана емес, ұлттық болмыстың көркем бейнесі. Оның поэзиясындағы табиғат суреттері — символдар жүйесі ретінде қызмет атқарып, оқырманға тек көркем әсер емес, ұлттық сана мен рухани таным береді. Ақын даланы жырлау арқылы ұлттың жүрегін жырлайды. Сондықтан Сырбай поэзиясы — тек әдеби мұра емес, рухани-мәдени құндылық. Оның шығармашылығында туған өлке — уақыт, тарих, халық және ұлт ұғымдарын бір арнаға тоғыстырған символдық кеңістік ретінде дараланады. Сырбай Мәуленов — тек табиғат жыршысы, туған жерін сүйген лирик қана емес, сонымен қатар өмірдің найзағайлы кезеңдерін бастан өткерген, майдан даласында шыңдалған азамат ақын. Оның поэзиясындағы азаматтық өмірлік тәжірибесімен, яғни Ұлы Отан соғысына қатысуымен тығыз байланысты. Бұл тәжірибе оның ақындық әлемінде ерлік, достық, Отанға адалдық, адамгершілік пен рух биіктігі секілді категориялар арқылы көрініс табады. Ақынның майдандағы тағдыр — азаматтық көзқарастың бастауы. 1941 жылы небәрі 19 жасында майданға аттанған Сырбай Мәуленов отты жылдардың ауыр жүгін

арқалап, соғыстың нағыз шындығын көзімен көріп, жүрегімен сезінеді. Ол соғыс туралы жырларды романтика немесе құр ұран ретінде емес, шындық пен шырайсыз өмірдің ортасынан тудырды. Осылайша, оның азаматтық болмысы — майдан шындығымен суарылған рухани биік көзқарасқа айналды. «Жау оғының астында түн өткеріп, Жер жастандық, тұра алмадық тікеліп. Бірақ сол бір шындықты мен жоғалтпадым, Жанарыммен жаздым оны жыр етіп» Мұндай өлең жолдарынан тек соғыс суреті емес, ақынның азаматтық жауапкершілігі, шындықты айтуға деген адалдығы сезіледі. Сырбай Мәуленов поэзиясындағы ерлік ұғымы — ұранды сөз емес, жеке басының өмірімен дәлелденген шынайы рухани тәжірибе. Ол жауға қарсы күресті ғана емес, адам бойындағы қайсарлық, сабыр, үміт пен сенім сияқты қасиеттерді ерлікпен теңестіріп, оларды жырлады.

«Ерлік — кеудедегі жарылмай қалған жанартаудай,
Сыр бермейтін сабырмен шайқасқан бір аруақтай.
Ерлік деген — ел үшін жанын қию ғана емес,
Жадыңда жүрген жолдасың үшін отқа түсу,
Үндемей өлген серігіңе естелік боп қалу сондай...»

Бұл жолдарда ақын ерлікті тек қару ұстаған батырлықпен өлшемейді. Ол үшін ерлік — моральдық биіктік, адамдық асқақтық. Сырбайдың өлеңдерінде достық тақырыбы ерекше орын алады. Соғыс жағдайында адамдар арасындағы шынайы сенім мен жанқиярлық, жолдастық пен бауырмалдық адамгершілік символына айналады. Ақын үшін майдандағы достық — ең биік адами байланыс, ол өмір мен өлімнің арасындағы ұлы ынтымақтастықтың көрінісі.

«Жанымда жатты Жамбылдан келген Жарасым,
Қар астында бірге қалды қарашығым.
Бір шөкім нанды қақ бөлген достарым-ай,
Сорпа орнына іштік кейде жараның қанын...»

Мұнда майдангерлік достықтың құрғақ сөз емес, шынайы, жүректен шыққан, өмір мен өлімнің арасындағы ұлы байланыс екенін байқаймыз. Сырбай Мәуленовтің азаматтық болмысы — оның майдангер тағдырынан бастау алған рухани тұтастық. Ақын үшін азаматтық дегеніміз — ындықты жырлау, елге адал болу, соғыстың қаралы беттерін ұмытпау, және ең бастысы — адам баласының ішкі ерлігін ұлт рухының биігіне көтере білу. Оның ерлік пен достыққа, бейбітшілік пен үмітке арналған жырлары бүгінгі ұрпақ үшін тарих сабағы, рух сабақтастығы, әрі поэзиядағы азаматтық үннің биік үлгісі болып қала бермек. Сырбай Мәуленов — тек қоғам мен тарих жыршысы емес, сонымен қатар адамның ішкі жан дүниесіне үңілген лирик ақын. Оның поэзиясындағы сезім тереңдігі, шынайылық — ақынның адами болмысын көрсететін айқын ерекшелігі. Ақын адамды — жанды тұлға ретінде, оның сезімі, үміті, үрейі, сүюі мен сағынуы арқылы бейнелейді. Ол үшін поэзия — адамның ішкі әлемін бейнелеудің ең әсерлі құралы. Ол лирикасында махаббат, сағыныш, өкініш, қуаныш сияқты адамға тән барлық эмоцияны аша білді. Бұл оның шығармаларына гуманистік сипат берді. Сырбай Мәуленовтің ақындық мұрасына келсек — ұлт әдебиетінің алтын қорына енген үлкен рухани байлық. Оның шығармалары мектеп бағдарламасына енгізілген, жинақтары жарық көрген, өлеңдері әнге айналған.

Ақынның мұрасы:

Ұлттық патриотизмді оятатын;

Тарихи жадты жаңғыртатын;

Адами құндылықтарды дәріптейтін.

Қазақ поэзиясының көркемдік деңгейін көтеретін құбылыс ретінде бағаланады [5].

Бүгінде Сырбай Мәуленов атында мектептер, көшелер бар. Оның шығармашылығы — ұрпаққа үлгі.

Ойымды қорыта келсем, Сырбай Мәуленов — қазақ әдебиетінің тарихындағы поэзияны ұлттық рухпен, азаматтық үнмен, адамгершілік асыл қасиеттермен

өрнектеген ірі тұлға. Оның шығармашылығы — жай ғана лирикалық сезімдер жиынтығы емес, тұтас бір дәуірдің рухани кодексі, ұлттың жүріп өткен жолының көркем шежіресі. Ақынның поэзиясында ұлттық рух — туған жерге деген перзенттік махаббат, ана тіліне деген шексіз құрмет, халықтың тарихына деген тағзым, дәстүр мен мәдениетке деген ілтипат арқылы көрінеді. Торғай даласы, дала желі, қыраттар мен жусандар, ауыл өмірі — мұның бәрі ақынның ұлттық болмысты жырлаудағы табиғи поэтикалық тілі мен кеңістігіне айналды. Бұл көркем бейнелер тек табиғатты суреттеу ғана емес, ұлттың ішкі жан дүниесінің, кең тынысты рухының символдары. Сырбай Мәуленовтің азаматтық болмысы — оның майдангерлік тағдырымен тікелей байланысты. Ол соғыс туралы поэтикалық шындықты жыр ете отырып, ерліктің, достықтың, отаншылдықтың терең философиясын ашып көрсетті. Соғыста көрген зұлматтарды өлең жолына айналдырып қана қоймай, сол арқылы болашақ ұрпаққа рухани сабақ беруді мақсат етті. Оның «соғыстың шындығы» жайлы жырлары ұраншыл пафосқа емес, адамгершілік пен жауапкершілікке негізделген. Ақын үшін поэзия — тек көркем сөз өнері емес, рухани-адамгершілік тәрбие құралы. Ол өлеңді халықпен тілдесудің, ел тағдырына араласудың, ұрпаққа өнеге қалдырудың бірден-бір жолы деп білді. Бұл — оның ақындық мұратының биіктігі мен тереңдігін айқындайтын басты ерекшелік.

Сырбай Мәуленовтің шығармаларында өткен тарихтың, халық басынан кешкен қилы тағдырлардың, соғыс пен бейбіт өмірдің, ар мен намыстың, үміт пен күрестің бейнесі қатар өріледі. Бұл өлеңдер — қазақ халқының XX ғасырдағы рухани жадын бейнелейтін алтын мұра. Ақын сөзінің өміршеңдігі де, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар күші де — осы шыншылдығында, азаматтық айқындамасында, ұлттық мүддеге адалдығында жатыр. Ақын шығармашылығы бүгінгі жас ұрпақ үшін де үлкен тәрбие мектебі. Оның поэзиясы арқылы біз өзіміздің кім екенімізді, қайдан шыққанымызды, ұлт ретінде қандай құндылықтарды қадір тұтатынымызды танимыз. Ол — поэзия арқылы ұлтқа қызмет етудің, сөз арқылы тарих жасау мен рухани биіктікке ұмтылудың үлгісі. Сондықтан Сырбай Мәуленовтің ақындық мұрасын тек әдеби құбылыс ретінде емес, ұлттық идеология мен тарихи жадының бір бөлігі ретінде бағалау — әр оқырманның, әр зерттеушінің, әр ұрпақтың міндеті болуға тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1 Мәуленов С. **Шығармалар жинағы**. 3 томдық. — Алматы: Жазушы, 1976–1978.

2 Мәуленов С. **Таңдамалы шығармалар**. — Алматы: Жазушы, 1985.

3 Әбділдаев Қ. **Сырбай поэзиясының сыр әлемі**. — Алматы: Санат, 2001.

4 Қирабаев С. **Замандас парасаты**. — Алматы: Жазушы, 1975.

5 Қирабаев С. **Әдебиет және уақыт**. — Алматы: Жазушы, 1992.

6 Бейсенбайұлы Б. **Қазақ әдебиетінің алтын діңгегі**. — Алматы: Білім, 2002.

7 Жұмалиев Қ. **Әдебиет теориясы**. — Алматы: Мектеп, 1971.

8 Нұрғали Р. **Қазақ әдебиетінің тарихы**. — Алматы: Қазақ университеті, 1999.

9 Зейнолла Қабдолов. **Сөз өнері**. — Алматы: Санат, 1992

Абдикаимова Ақылгүл Сәрсенқызы,
Алматы қаласы,
Ж.Жабаев атындағы №161 лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
(Отанға, елге деген махаббаты, өмірлік ұстанымы, сарбаздық рухы мен бейбіт өмірді аңсауы)

I. Кіріспе

Майдангер жазушылар

II. Негізгі бөлім

1. Сырда туған Сырбай ақын. Құлын.
2. Елге деген махаббаты
3. Болашаққа сенім.

III. Қорытынды

Сарбаздық рух. Осы бір жаныңа жігер, бойыңа күш, жүрегіңе жалын берер тақырыпты сөз еткенде, ойыңа қан майданда қан кешіп жүріп, сөзімен де, рухымен де еліне қорған бола білген қазақтың қас батырлары келеді. Әрісі – қара қыпшақ Қобыланды, берісі – Желтоқсан, Қаңтар оқиғалары. Соның бәрінде елім, жерім деген рухы болмаса, ешкім атойлап атқа қонбас еді. Осы ұлы рух Ұлы Отан соғысы кезінде де кемеліне жете көрініс тапты. Аласапыран майданда қан кешіп, сұрапыл өрттің ортасынан аман оралған Хас Батырлар – Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Сабалақ Оразалинов өз көргендерін оқырманға кинолентадағыдай қып, мейлінше терең жеткізе білді.

Фашизмге деген қарсылықты, ашу-ызаны, кекті, жауынгерлердің жанқиярлық ерлігін, елге, жерге, ардақты анаға, асыл әкеге, аяулы жарға деген сағынышын өлең қып өрген ақындардың бір шоғыры – қалам мен қаруды қолға қатар ұстаған майдангер ақындар.

Қалижан Бекқожин, Әбу Сәрсенбаев, Жұмағали Саин, Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев сияқты өлең өлкесінде өз өрнегін салған көштің бел ортасында Сырбай Мәуленовтің да ойып тұрып орын алары сөзсіз.

Оқ пен өрттің арасынан бойындағы рухын өлтірмей, отты жырларын ала келген Сырбайдың сыршыл өлеңдері Отанға, елге деген махаббатты паш етеді. Өзінің есімінің сырын да ақын туған жерімен байланыстыра жырлайды.

Қызылжыңғыл бойында
Күздігүні туыппын.
Буырқана тұрыпты
Қара жаңбыр құйып күн, –

деп, ақын өзінің қоңыр күзде Қызылорда облысының Қызылжыңғыл деген жерінде дүниеге келгенін жазады. Оны «Қызылорда» деген өлеңінде көрсетеді:

Кешікпей, аз жылдан соң
Өмір мені шақырды.
Сыр бойында туған соң,
Сырбай қойды атымды.

Көшпелі қазақтың дала дәстүрінен жаңылмаған отбасы Торғай мен Қызылорда арасында көш түзеген екен. Сондықтан «екі ауыл – екі облыс арасында көшкен қазақтың ұрпағымын» дейді ақын.

Тер шұбырып маңдайдан,
Болғанда ел ақтабан,
Ауып алыс Торғайдан,
Әкем сырға тоқтаған.

Ұмытпан Сыр жағасын,
Жаста өскен мекенім.
Бір кеудемде ағасың
Торғайменен екеуің.

Бұл жолдардан ақынның екі мекенін бөліп-жармай, бір кеудеге сыйдыратын үлкен жүрегін көреміз.

Сырбай Мәуленов: «Әскери өмір менің өлеңімнің де мектебі болды. Соғыс мені күйретті де көп нәрсеге үйретті. Тәніме мәңгі өшпейтін таңбасын түсірді. Әкемнің жақын інілерін де жалмап, жанымa жазылуы қиын жара салды. Соғыс тақырыбына менің айналып соға беретінім де сондықтан», – дейді.

Далам менің – қамалым,
Тауыма мен – панамын.
Отан үшін жан қиып,
Өлсем – соған жарадым.

Мейлі қандай қиындық көрсе де ақын Отан үшін бәріне дайын екенін көрсетеді. Тіпті өлуге де дайын. Оны әр өлеңінен көреміз.

1941 жылы Волхов майданында жазылған мына бір өлеңінде ақын сезімі селдей тасып-ақ тұр. Өз сөзімен айтсақ «бұрқ-сарқ қайнап тұр». Соғыс көрдім, қан көрдім, азап көрдім, майдан кештім деп жасымай, керісінше, жастық жалынын жасындай жарқылдаған жырларымен суарып, жүрегін атқан таңның шапағымен, сұлу сөздің мақамымен әлдилейді. Азамат үшін, ақын үшін өмірдің әр сәті әдемі өлеңнен тұратындай.

Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім.
Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғасын деп,
Мен бір жырымды бердім, –

деген жолдардан ақынның болашақ үшін төгілген терін, мұқалмаған жастық жалынын көреміз. «Мен дайынмын бәріне, Отан үшін» деген ақ пейілін танимыз. Отан үшін қан кешіп, қаншама ауыртпалық көрген жанның азапты өмірін көреміз.

Өлмейсің! – деп ел айтты
Өлмейсің деп! – деп жер айтты.
Сендер аман тұрғанда
Өлмеймін! – деп мен айттым, –

деп, ақын елінен қуат алып, жерінен күш алып, елі-жері аман тұрғанда дауылдан да, жауыннан да, соғыстан да тайсалмайтын өрлігін көрсетеді. Артынан тілеуін тілеп елі тұрғанда жасымайды, өлмейді. Міне, сарбаздық рух, Отансүйгіш ұлы жүрек!

1943 жылы Сырбай ақын ауыр жарақат алып, елге қайтады. Бірақ сұм соғыстың зардабын ұмытпайды.

Сен болмасаң, жолда қалып,
Жастанар ем бір төбені.
Кіп-кішкентай болсаң да өзің
Жаның қандай үлкен еді, –

деп, өзі жараланған шақтағы сестра-қыздың көмегін, шыдамдылығын үш шумаққа сыйдырады. Осы «Санитарка» өлеңі соғыста талай жанның өмірін аман сақтап қалған аруларға қойылған ескерткіштей көрінеді.

Сол қанқұйлы зардапты соғыста қаншама үйдің үміті өшті, қаншама боздақтың жаны қиылды, сұрапыл сол соғыстан мүгедек болып оралған қаншама адам зардабын тартты. «Түбірлер» деген шағын ғана өлеңі соның айғағындай.

Көрінеді
Орманнан
Түбірлір.
Айырылған
Аяқ-қолдардан
Түбірлер.
Мүгедек солдат секілді
Түбірлер.
Оқ жұлғандай етімді
Жүрегім тулап дүбірлер,
Кезеріп ернім күбірлер.
«Соғыс не?!
Менен біліңдер», –

деп тұрғандай түбірлер. Қарап отырсаң, он екі мүшесі сау болып барып, қол- аяғынан айырылған қаншама жауынгердің мұңын арқалап тұрған өлең деп таңданасың. Бұдан артық салыстыру, бұдан артық бейнелеу жоқ шығар.

Ақын мысалды алыстан алмайды, көз алдында тұрған дүниені өлеңге айналдырып, соғыс салған жараны көрсетеді. Өйткені соғыс салған жара жылдар өтсе де жазылмақ емес...

Ақын шығармашылығында поэманың жүгін көтеріп тұрған төрт шумақтан тұратын «Құлын» деген өлеңі бар. Бұл өлеңде жақсылық пен жамандық, соғыс пен бейбітшілік, тіршілік пен өлім, күдік пен үміт жарыса суреттелген.

Шаршаған жол батып,
Волховтың батпағында.
Жатыр бие толғатып,
Зеңбіректің арт жағында.
Фугас бомбасы
Жерді өртеген қиын күйде,
Тіршілік жолдасы,
Бүлкілдейді биенің бүйірінде.
Адамдай жапа шегіп құса-мұңнан
Сәби бір үн сағынған.
Жалын тарап, көзіне үнсіз қарап,
Солдат оның сипайды құрсағынан.
Шашыраған көк жалынын бүркеп темір
Орманның іші үрейлі.
Ал оттың ортасында
Шіркін, өмір
Құлын боп кісінейді.

Сырбай Мәуленов атақты Волхов майданында соғысқан. Ленинград түбіндегі атақты батпақ жолда қан майдан жүріп жатыр. Оны ақын:

Шаршаған жол батып,
Волховтың батпағында.
Жатыр бие толғатып,

Зеңбіректің арт жағында, – деп өлімнің арасында өмір таңы атайын деп тұр. Толғақ тек биенікі емес, соғыстағы күйзелген адамзат қиналысы. Зеңбіректің арт жағында өмір тіл қатқалы тұр. Не деген ғажап, не деген мұңлы сурет!

Фугас бомбасы
Жерді өртеген қиын күйде,
Тіршілік жолдасы,
Бүлкілдейді биенің бүйірінде.

Фугас бомбасы жер-дүниені сілкіндіріп, жерді өртеп жатыр, ал жаңа өмірді аңсаған

құлын биенің бүйірін түртіп, жаңа өмірді көргісі келеді, жаңа дүниеге ұмтылады. Бұл – бейбітшілік сүйгіш бар адамның соғыссыз ақ таңды аңсауы іспетті. Адам соғысты тоқтата алады. Ал табиғат заңына ешкім қарсы тұра алмайды. Сол себепті өмірді өз қолымызбен өшірмейік, мына өшпенділікті тоқтатайық деп тұрғандай ақын жүрегі.

Адамдай жапа шегіп құса-мұңнан
Сәби бір үн сағынған.
Жалын тарап, көзіне үнсіз қарап,
Солдат оның сипайды құрсағынан.

Қандай ауыртпалық көрсе де, қандай сұрапылдың ішінде жүрсе де Адам деген атынан айнымаған солдат биеге жанашырлық танытып, мейірім төгіп тұр. Жалынан құшып, биенің құрсағын сипап тұр. Жан-жануар осылай мейірім аңсап тұрғанда, адамзат баласы неге бір-біріне қол көтереді, бірінің қанын неге бірі төгеді деген сауал тұрғандай ақын ойында.

Шашыраған көк жалынын бүркеп темір
Орманның іші үрейлі.
Ал оттың ортасында
Шіркін, өмір
Құлын боп кісінейді.

Айнала от, өрт, бұл жерден тірі шығуың неғайбыл, алайда құлын боп кісінеген болашақ алдан қол бұлғайды. Өмір бітпейді. Өмір жалғасын табады. «Шіркін, өмір!», тіршілікке не жетсін?

Осы өлең – үлкен үлкен философиялық ой көтеріп тұрған өлең. Ол туралы ақынның өзі «Үш томдық шығармалар жинағында»:

«Волхов майданында қалың орманның ішінде бір буаз бие толғатып жатқанда, жанына фугас бомбасы түсіп, жарылды. Айнала қып-қызыл өрт... Құлақ тұндырған бомба даусынан бәріміз де есеңгіреп қалғандаймыз... сол сұрапылдың ішінен кісінеген кішкене құлынның даусы естіледі. Сол бір дауыс өлімнің арасынан арпалыса айғайлаған өмір дауысындай естілді маған», – жазады.

Соғыс туралы, оның зардабы туралы ұзақ жылдар бойы үзбей жазып, ең көп қалам тербеген – Сырбай Мәуленов. Соғысқа қатысты сан мысалдың ішінен жанына ауыр тиген сәттерді ашына жырлаған ақын өлеңдері жаныңды тебірентіп, сан-салалы күйге бөлейді.

Соғыс туралы жазылған ақын өлеңдерінің шоқтығы биігі, көп жүгін көтерген маңызды өлеңі – «Соғыстан қайтқан солдаттар». Сырбай Мәуленов десе, ақынның аты аталған жерде, осы өлең еске түседі. Өйткені қан майданнан аман келген солдаттар ауыл-елдің соғыстан да ауыр күйін көріп, бұрынғы көтерген жүгінен де ауыр күй кешеді. Ақын соны дәл басып, керемет суреттейді.

Қанша үйдің ұрлап адамын
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Соғыстан аман-есен оралған әр азаматтың алдында үлкен жауапкершілік тұрды. Менің ұлым да өзің сияқты аман-есен келер ме екен деп жаутаңдап караған үмітті көздерден жасқанған солдат мұңындай естіледі осы өлең.

Көтерді бәрін ауырдың
Азамат болып арды ақтар.
Көрдің бе жарын арудың
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Соғысқа кеткен жарының жолын тосқан асыл жарлары бар ауыртпалықты көтерсе де мойымай, төрінен орын сайлап, жарларын күтеді. Батысқа қарап еленде п, жол тосқан арулардың жан жарасын ақын осылайша шебер суреттейді.

Кетерде солдат жарының

Ішінде қалған ана жыл
«Көкемді айтпай танырмын», -
деп бір сәби бала жүр.
Қайырылмай қалай кетесің?
Хабарсыз қалай ол тоқтар?
Көрдің бе оның көкесін
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Сағыныш. Әкеге деген баланың жаутаңдаған жанарын көз алдыңызға елестетіп көріңізші, сол балаға әке деген сезімі мен балалық махаббатының орнын кім немен толтыра алады? Баланың жұдырықтай жүрегінде орнаған мәңгілік сағыныштың сары лебін кім қалай баса алады?

Қаралы қағаз жіберіп,
Қаншама қайғы салды оқтар.
Барады үнсіз түнеріп,
Соғыстан қайтқан солдаттар! –

деп түйіндейді ақын. Неге солдат түнереді?

Ол сұм соғысты көрді, ажал мен оқтың ортасында қан кешіп, талай боздақтың жазықсыз оққа ұшқаннын көрді.

Жас өмірін ауыр азаппен өткізіп, сұлу өмірді қимай қиналған солдатты көрді. Оқ пен оттың ортасынан аман келіп, елде баласын күтіп, жол тосқан ананы көрді. Сүйген жарымен қосылғанына бір күн болып, ыстық-суығы басылмай, сұрапыл соғысқа шығарып салып, азап кешкен аяулы арулардың мұңлы жанарын көрді. Алпыстан асып, шаңырағының түтінін түтетер, жеті ұрпағын жалғайтын жалғыз ұлының жолын тосқан қарт әкені көрді. Ер- азаматтың орнына ауыр жұмысқа жегілген 70-тегі қорғансыз қариялар мен бұғанасы қатпаған, балалығын соғыс ұрлаған жасөспірімдерді көрді, күндіз- түн демей ер-азамат атқарар ауыр жүкке жегілген қазақтың ару қыздарын көрді, ақ жаулығы желбіреп, баласының амандығын мойнына бұршақ салып тілеген аяулы аналарды көрді.

Ақынның соғыс даласындағы көңіл күйін жақсы түсінеміз. Тіпті оның өзіне артылған міндетті қалай адалдықпен атқарғанына да сүйінішпен қараймыз. Сырбай Мәуленовтің өлеңіндегі ерік-жігері, қайсарлығы, асқақтығы ең алдымен оған туған даласының өзгешелігінен дарыған, ал содан кейін ұрыс алаңындағы өр мінезден, батылдықтан бойына қонған қасиеттің бірі деп батыл айтуға болады.

Сырбайдың соғыстан соңғы кезеңде өлеңдерінде де жауынгерлік рух көрініп тұрады. Соның бір айғағындай өлеңі – «Қаздар».

Жығылып үйлер жаралы,
Жалындап жанып жатты азбар.
Төбеден ұшып барады
Төлеген досы – ақ қаздар, –

деп, ақ қаздардың жақсылық жаршысындай үн қатқан даусын естігендей еленденген жауынгердің Төлегендей ғашығына асық көңіл күйін көрсетеді.

Аңсады бейбіт өмірді
Тұратын тұнып оқты атпай
Ақ қаздар бірде көрінді
Аспанда қалқып ақ бұлттай.

Қара түнектің ішінде жүріп, бейбіт өмірді аңсаған солдаттың үмітті жанарын көргендей боласың, жарына жазған хаттан сағынышын ұққандай күй кешесің.

Тұр еді ол мана күрсініп,
Өмірдің сәні кеткендей.
Қуанды енді тіршілік
Ақ қаз боп желпіп өткендей, –

деп өлеңді түйіндеген ақын әуелеп ұшқан алты қаздан сәлем жолдаған Төлегеннің

күйін кешеді. Бұл сол сұрапыл жылдардағы жарына асыққан барлық жауынгердің көңіл ауаны десек, қателеспейсіз. Ақын соны қалтқысыз дәл бере біледі.

Ақынның сарбаздық рухқа толы жырлары – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы. Мәуленовтің ақындық мұраты – халықтың рухын көтеру, Отанды сүю, бейбіт өмірді аңсау.

Ой-қой дала, шетсіз-шексіз кеңістік,
Жалпақ дала, жазық дала тегістік.
Болсаң-дағы бораны көп терістік
Қысыңды да көрем жаздай мен ыстық! –

деп, ақын туған жеріне деген ыстық махаббатын көрсетеді. Болашаққа сенеді, бойындағы барын еліне береді. Сондықтан оның шығармалары бүгінгі күнде де өзекті, мәңгілік мәнге ие.

Сұм соғыстың азабын көрген ақын болашаққа мынадай аманат айтады:

Мына қолдар әр уақыт,
Аулақ болсын
Оқ-дәрі, бытырадан.
Ақ бидайды көтерсін,
Аппақ күндей
Бүкіл адам.
Кездеспесін қанды апат,
Қаралы ажал,
Қабақтарды көрмейік
Шытынаған.
Нулы орман, шулы өзен
Сая болсын ыстық күнде.
Жолатпайық ажалды біз
Тұнып тұрған тыныш түнге.

Бұл ақынның арманы, аманаты, батасы, болашаққа айтар ізгі тілегі.

Қорыта келгенде, Сырбай ақынның сырлы жырларында Отанға деген сүйіспеншілік, ата-анаға деген ілтипат, жарға деген махаббат, жалпы бейбіт, тыныш өмірге деген құрмет тұрғандай. Ақын соны ой елегінен өткізіп, өзі көрген ауыр күндерді ұрпақ көрмесін, ел-жұртым, жерім аман болсын деп толғайды.

Соғыс тақырыбы – ауыр тақырып. Әдебиет тарихында өз үнімен ойып орын алатын ақын Отанды, елді сүю дегенді отты жырларымен бере біледі. Сырбай өлеңдері елін, жерін сүйетін халық барда, мәңгі жасайтыны хақ. Өйткені ол «Соғыстан қайтқан солдат» боп, еліне соғыс салған жараны көзімен көріп, көңілімен жұбатқан адам. Сұрапыл соғыстан аман келіп, жарын іздеген жесірлердің, әкесін көрмеген, көкесін аңсаған сәбилердің мұңды көзін көрген, жалғыз ұлынан хабар күтіп қара жолға телмірген әкенің үмітсіз жанарынан «қашқан», «менің де балам сен сияқты аман келсе ғой» деп армандаған аналардың жасқа толы жанарынан қуаныш іздеген ақын. Мұндай ақын жыры мәңгі өлмесе керек...

Сондықтан да Сырбай Мәуленовтің поэзиясы – тек өткен дәуірдің естелігі ғана емес, қазіргі ұрпақ үшін де үлкен тағылым. Ол жас ұрпақты отансүйгіштікке, бейбіт өмірді қадірлеуге, әділет пен адалдықты ту етуге шақырады, адамгершілікке үндейді.

Сыршыл ақынның сарбаздық рухқа толы жырлары – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы. Мәуленовтің ақындық мұраты – халықтың рухын көтеру, бейбіт өмірді аңсау. Сондықтан оның шығармалары бүгінгі күнде де өзекті, мәңгілік мәнге ие.

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Сырбай Мәуленов – ұлттық рухты жырлаған, азаматтық үнін жоғалтпаған, туған жерін шексіз сүйген ақын. Оның поэзиясы қазақ әдебиетінде көркемдік қуатымен, шынайылығымен ерекшеленіп, ұлт жадында мәңгі сақталады. Сол үшін де біз Сырбай ақынның шығармашылығын зерттеуді күн тәртібінен түсірмей, жас ұрпақтың жадында жаңғыртуымыз керек. Рухы биік өр

ақынның өлмейтін өлеңдері келешекке аманат болуы тиіс. Сырбай жырларынан Отанды сүюді, елге қызмет етуді, ұлттың жанашыры болуды жас ұрпақ бойына сіңіруі керек!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сырбай Мәуленовтің 5 томдық шығармалар жинағы. Алматы. «Ан-Арыс» баспасы, 2013 ж.
2. Сырбай Мәуленов. «Алтын қалам». Өлеңдер, поэмалар... Алматы, «Ан-Арыс» баспасы. 2010 ж.

Абуталипова Асемгуль Багитбаевна,
Астана қаласы,
«№62 мектеп-лицейі»
филология ғылымдарының магистрі,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ҚАЗАҚ МАЙДАНГЕР ПОЭЗИЯСЫНДА КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛДАР: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ МЫСАЛЫНДА

Қазақ әдебиетінде майдангер ақындардың орны ерекше. Ұлы Отан соғысы жылдарында жауынгерлік рухты көтерген, соғыстың қасіреті мен батырлығын жырлаған ақындардың бірі – Сырбай Мәуленов. Оның шығармашылығында бейнелі сөз өрнектері – троптар мен фигуралар ерекше қызмет атқарады. Әсіресе, **әскер тақырыбындағы метафоралар жүйесі** мен **қарама-қарсылық (антитеза)** тәсілдері соғыс пен бейбітшіліктің болмысын ашуда үлкен рөл атқарады. Сырбай Мәуленовтің шығармаларының басты ерекшелігі – **көркем тілдің мол қолданылуы**. Ол өзінің өлеңдерін көркем тілмен жеткізудің бірнеше себебі бар:

1. **Поэзияның табиғаты**
   - Поэзия қарапайым баяндаудан бөлек, сезімді, ойды, дүниетанымды ерекше әсерлі етіп жеткізуді талап етеді.
   - Мәуленов көркемдік құралдарды (метафора, теңеу, эпитет, антитеза) пайдаланып, оқырманның қиялын тербетіп, көңіл-күйіне әсер етеді.
2. **Соғыс жылдарының ауыр шындығын жұмсартып жеткізу**
   - Ол майдангер ақын болғандықтан, соғыстың қаталдығын тікелей «қорқынышты суреттермен» емес, бейнелі сөздер арқылы берді.
   - Мысалы, «боранды» – халықтың басына түскен ауыр кезеңнің символы, «қарды» – тазалық пен өмірдің жалғасуы ретінде көрсетеді.
3. **Ұлттық дүниетанымды сақтау**
   - Қазақ халқының ойлау жүйесі әрдайым табиғатпен, бейнелілікпен байланысты.
   - Мәуленов халықтық дәстүрлі поэтиканы жалғастырып, өз өлеңдерінде ұлттық сипаттағы образдарды жандандырады.
4. **Оқырманға эстетикалық әсер ету**
   - Көркем тіл арқылы тек ақпарат беріп қана қоймайды, сонымен бірге сезімге ықпал етеді.
   - Мысалы, «Боранда» өлеңінде боранды тірі бейнеге айналдырып, табиғаттың күшін адамға сездіреді.
5. **Әдебиеттегі орны мен мұраты**
   - Мәуленов үшін өлең – тек оқиғаны айту құралы емес, адамның жан дүниесін тәрбиелеу құралы.
   - Сондықтан көркем тілді қолдану – оның шығармашылық ұстанымы болды.

Сонымен, Сырбай Мәуленов өз шығармаларын көркем тілмен жеткізген себебі –

поэзияның рухани әсерін күшейту, соғыс пен бейбіт өмірдің шындығын оқырман жүрегіне жақын етіп жеткізу, ұлттық сөз өнерінің дәстүрін жалғастыру және адамды ойландырып, тәрбиелеу. Осы ретте проблема бар екені анық. Қазіргі таңда қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда мемлекеттік тілде оқытылатын және де мемлекеттік емес тілдерді оқытылатын Т1, Т2 аудиториясына болсын, жалпы көркемдік құралдардың Сырбай Мәуленов шығармашалығында көп екендігін ескере отыра, көркемдік құралдарды үйретуде ресурсты алыстан іздемей, Сырбай шығармашылығынан алған ыңғайлы екенін осы зерттеуімде көрсетудемін. Мәселен, өзіме таныс фокус топта арнайы сауал қоюда, мемлекеттік тілде және де өзге тілдегі Т1, Т2 топтарында Сырбай Мәуленов шығармашылығы өте сирек қолданылатыны анықталды.



Жалпы, педагогтер арасында Сырбай Мәуленов шығармашылығын қолданушылар өте аз екен. Ал, оқу және оқыту, тәрбиелеу үрдісінде көбінесе тақырыпқа қатысты ресурс немесе дәлелдерді қолдануда өте дұрыс материал мен дерек табудан қиналатын педагогтер саны өте көп. Мәселен, Т2 сыныптарында мазмұндық сипатта да Сырбайдың шығармашылығы мол мұра, ал Т1 топтарында әдебиет теориясына байланысты троп пен фигураға қатысты нақты түсінікті болатын дәлелдерді келтіруде мысал іздеуден қиналу кездесіп жататын жайт. Ресурсқа байланысты, жаңартылған білім беру мазмұнында «ресурстар» ұғымы кең мағынада қарастырылады. Ресурс дегеніміз – оқыту мен оқу үдерісінде қолданылатын кез келген құрал, әдіс, материал немесе орта. Бұған оқулықтар, қосымша әдебиеттер, көрнекі құралдар, бейне-аудио материалдар, интернеттегі дереккөздер, цифрлық платформалар, сондай-ақ мұғалімнің әдістемелік жинақтары мен оқушының жеке тәжірибесі де жатады. Ресурстардың басты рөлі – білім алушының оқу мақсаттарына жетуін қамтамасыз ету. Жаңартылған білім беруде оқушы тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өзі құраушы тұлға ретінде танылады. Сондықтан да ресурстар әртүрлі форматта қолданылады: мәтін, сурет, кесте, диаграмма, бейнематериал, тәжірибелік тапсырма немесе зертханалық жұмыс. Оқу және оқыту үдерісінде ресурстарды тиімді пайдалану мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне байланысты. Мысалы, әдебиет пәнінде – ақын-жазушылардың шығармаларын талдауға арналған мәтіндер, бейнефильмдер, комикс пен инфографика түріндегі визуалды материалдар; математикада – есеп шығаруға арналған интерактивті тапсырмалар мен ойын түріндегі қосымшалар; жаратылыстануда – тәжірибелер жасауға арналған виртуалды лабораториялар немесе 3D модельдер қолданылады. Мұндай әртүрлілік оқушылардың қызығушылығын арттырады әрі функционалдық сауаттылықты дамытады. Ресурстарды қолдану мүмкіндіктері де кең. Қазіргі таңда Қазақстандағы мектептерде **Kundelik.kz**, **BilimLand**, **Khan Academy**, **Plickers**, **Quizizz**, **Google Classroom**, **LearningApps** сияқты онлайн платформалар белсенді қолданылады. Сонымен қатар оқулықтағы тапсырмаларға қосымша ретінде мұғалім өз тәжірибесінен, жергілікті тарихи-мәдени деректерден, табиғат құбылыстарынан алынған мысалдарды да ресурс ретінде пайдалана алады. Осы ретте жаңартылған білім

мазмұнындағы ресурстар – оқушыға білімді меңгертудің ғана емес, оны өмірде қолданудың, шығармашылықпен дамытудың жолы. Дұрыс таңдалған ресурс оқу бағдарламасының мазмұнын тереңдетіп, оқушының жеке қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Ал егер де осындай кезеңдерде Сырбай Мәуленов шығармашылығынан мол мұра ресурс ретінде қолданылса, игі. Сырбай Мәуленов шығармашылығындағы көркем тіл немесе «**Әдебиетті оқытуда троп пен фигура не үшін қажет?» деген сауал келуі әбден мүмкін. Троптар** (метафора, эпитет, теңеу, метонимия т.б.) – көркем бейнелеу құралдары. Олар оқушыға мәтіннің терең мағынасын түсінуге, автордың сезімін, көзқарасын қабылдауға мүмкіндік береді. Ал ф**игуралар** (антитеза, градация, риторикалық сұрақ, қайталау т.б.) – ойды әсерлі жеткізудің тәсілі. Олар арқылы оқушылар мәтіндегі идеяны эмоционалды түрде қабылдайды. Сонымен троп пен фигураны талдау – оқушының **әдеби талдау қабілетін**, **эстетикалық сезімін**, **сөздің бейнелі қуатын тануын** дамытады. Осы зерттеу жұмысында тағы бір сауал болуы ықтимал, «**Сырбай Мәуленов шығармашылығы неліктен ресурс ретінде қажет?». Әлбетте,** С. Мәуленов – қазақ поэзиясында **майдангерлік және табиғат лирикасын ұштастырған** ақын. Оның өлеңдерінде бейнелі сөздер, метафоралар, антитеза мол. Мысалы, «Боранда» өлеңінде боранды «бұқалардай өкіріп», «шибөрідей ұлып» суреттеу – оқушыларға троп пен фигураны нақты мысалда үйретуге қолайлы. Мәуленов шығармашылығы **қысқа, нақышты, бейнелі**. Балаларға түсінікті, бірақ терең ойға жетелейді. Екеуін қазіргі таңдағы ресурсты оқу және оқыту үрдісінде таңдауға үлкен мүмкіндік берген кезеңде әдебиетті оқытуда троп пен фигураны меңгерту үшін **тек теория жеткіліксіз**. Оқушы олардың нақты қолданылуын көруі керек. Мұнда Сырбай Мәуленов поэзиясы – таптырмас ресурс. Осы ретте Сырбай Мәуленов поэзиясының өзегі – сарбаздық рух. Ақын жауынгерді бейнелеуде тек қарапайым сипаттаумен шектелмейді, қайта метафоралар арқылы оның образын асқақтатады. Мысалы, жауынгерді «қорған», «қалқан», «елдің намысы» деп суреттеуде Отан қорғаушының мәртебесін көтереді. Бұл жерде жауынгер тек жеке тұлға емес, бүкіл халықтың мүддесін арқалаған символдық кейіпкерге айналады. Соғыс көріністерін суреттегенде де метафоралар ерекше орын алады. Майдан даласы – «отты жылдар», «қанды өзен», «темір жаңбыр» сияқты бейнелер арқылы беріледі. Мұндай метафоралар оқырманға соғыстың қасіретін сезіндіріп қана қоймай, майдан даласының шынайы атмосферасын жеткізеді. Мәселен, «Қанды жылдар» өлеңінде ақын:

«Жанардан жас емес, от аққан шақ,

Жүректен үрей емес, шаттық лақ» – деп, майдан шындығын астарлы бейнелер арқылы көрсетеді. Мұнда «от аққан жанар» – сарбаздардың қайсарлығын, «шаттық лаққан жүрек» – жеңіске деген сенімді білдіреді. Осы тұрғыда Сырбай Мәуленов шығармалары Бауыржан Момышұлының прозалық туындыларындағы сарбаздық рухпен үндес. Бауыржан үшін жауынгер – «болаттай берік», «қайыспас қорған» болса, Мәуленов оны поэтикалық өрнекпен «қалқан» бейнесінде суреттейді. Әрине, Сырбай Мәуленов шығармашылығында қарама-қарсылық (антитеза) арқылы бейбітшілік пен соғысты салыстыру да жиі кездеседі. Бұл ретте Сырбай Мәуленов тілдік-стилистикалық және әдебиет теориясына қарай таптырмас мол мұра қалдырғанын байқай аламыз.

Мәуленов шығармашылығында тағы бір маңызды көркемдік тәсіл – антитеза. Ол соғыс пен бейбітшілікті қарама-қарсы қою арқылы екі дәуірдің айырмашылығын айқын көрсетеді. Соғыс – өлім мен қайғының символы. Ақын оны «қанды жылдар», «қара бұлт», «қираған дала» сияқты образдармен береді. Ал бейбітшілік – өмірдің, жаңарудың, үміттің нышаны. «Жасыл көктем», «шуағы мол күн», «балалардың күлкісі» – бейбіт өмірдің басты белгілері. Мысалы, бір өлеңінде ақын: *«Соғыс – қара түнек, Бейбіт өмір – жарық таң»* – деп, антитезалық құрылым арқылы екі құбылысты салыстырады. Бұл тәсіл тек эмоциялық әсерді күшейтіп қоймайды, сонымен бірге оқырманға соғыстың қасіреті мен бейбіт өмірдің құндылығын терең түсіндіреді. Сонымен, соғыс пен бейбіт өмір қарама-қарсы қойылады: «қанды жылдар» – халық трагедиясы, «тәуелсіз күн» – халық қуанышы. Мәуленов поэзиясында троп пен фигура осылайша бір-

бірімен үндесіп, қазақ майдангер поэзиясының ортақ бағыттарын айқындайды.

Құрал түрі	**Мысалы**	**Әсері, қызметіне талдау жасау деген күрделі оқу мақсатын жүзеге асыру үшін үлгілік бағамдау сөздері**
Метафора	*«Мен – дүние өлшемімін, мен – табиғат бөлшегімін» [1.34]*	Ақын өзін табиғатпен тұтастықта көрсетіп, поэтикалық философиялық ой тудырады.
	«Дала – мамық өзенім, Дала – ақық жұлдызым» [1.72]	Даланы асыл қазынаға теңеп, туған жердің қадірін арттырады.
	Жұлдыздар ағады	(жұлдыз қозғалысы суға баланған).
	Жазғытұры еліріп, сеңді бұзып сел күшті [1.89]	(селді адамға ұқсатып бейнелеу).
	Бұлт көшеді сел тасқын топанындай	табиғат құбылысы адам әрекетіне ұқсайды
	Боранымен бұрқаған қыс кетті [1.102]	(қыс адамша кетіп бара жатқандай суреттеледі)
Эпитет	*«Қасіреттің уы»*	Соғыстың зардабын әсерлі жеткізеді.
	«Мамық өзен», «ақық жұлдыз»	Табиғаттың нәзіктігін, сұлулығын бейнелейді.
	Қара шалдың қара шегір қыраны	
	Қара терге үсті-басы малшынып	
Кейіптеу	*«Желмен жайлап бірге жүріп»*	Желге адам қимылын дарытып, табиғатты жанды бейнеге айналдырады.
	«Тырналармен тіл таптым»	Табиғатпен сөйлесу арқылы адамның табиғатпен бірлігін көрсетеді.
Теңеу	*«Самолет даусы толқынның гүріліндей» [2.135]*	Табиғи құбылыстармен салыстыру арқылы сурет айқындалады.
	«Тұңғиықты сүзген сұңғуірдей»	Ұшақтың қозғалысын көзге елестету жеңілдейді.
Символ	*Дала* – туған жер, отан *[3.64]*	Халықтың тағдыры мен болмысын бейнелейді.
	Самолет, поезд – өркениет, қозғалыс	Уақыт пен жаңаруды білдіреді.
	Қала тар сияқты	(қала таршылықтың символы).
Қайталау	*«Мен – ... Мен – ...»*; *«Дала – ... Дала – ...»*	Негізгі ойды күшейтеді, эмоциялық әсер береді.
Параллелизм	*«Тербейді түнде поездар мені, Тербейді түнде самолеттер мені»*	Синтаксистік құрылымның үйлесімі арқылы ырғақ пен көркемдік артады.
Анафора	*«Дала – мамық өзенім, Дала – ақық жұлдызым»*	Бір сөзден бастау арқылы туған жер бейнесін әсерлі ету.
Антитеза	*«Қасіреттің уын да, Бұл даламен бір таптым»*	Қуаныш пен қайғыны қатар көрсету арқылы өмірдің қарама-қайшылығын ашады.

Сонымен, майдангер ақынның шығармашылығынан «Соғыстан қайтқан солдаттар» туындысының тек Жеңіс күніне орай не болмаса әскери майдан тақырыбына қатысты

кездерде ғана қолдану белсенділігімен анық. Бұл орайда ақынның басқа да шығармашылығын насихаттауда көркем тілдің троп және фигураны оқыту арқылы ақынның өлеңдерін тарату мүмкіндігін ескерген абзал. **Сонымен, троптардың ерекшелігіне келетін болсақ,** Сырбай Мәуленов – соғыс жылдарын басынан өткерген майдангер ақын, оның поэзиясында бейнелілік пен терең мағыналылық басты орын алады. Ақын көбіне табиғатты адам жанының символы ретінде береді. Мысалы, *«Жаңбырдың жыры»* сияқты өлеңдерінде жаңбыр – тазару, үміттің белгісі. Бұл оның поэтикалық тілін философиялық деңгейге көтереді. Соынмен бірге **эпитет арқылы ақын өз шығармашылығын тым көркем ете білген.** Сырбай тілінде эпитеттер өте жиі әрі эмоционалды. Мысалы: *«қызыл гүл», «жасыл орман», «қасіретті күн»* – оқырманға әсерлі бейне береді. Ал теңеуге келетін болсақ, әрбір тармақтарында «дай, -дей, тай, -тей» жұрнақтарымен сырлы да, көрікті ете білген жан-жақты ақын. Ақын поэзиясында салыстыру тәсілі табиғат пен адам өмірін байланыстырады. Мысалы: *«Жүрек теңіз толқынындай толқиды»* – адамның ішкі күйін табиғат құбылысына жақындатады. Ал Сырбай Мәуленовтың шығармаларындағы, поэзиясындағы **фигуралардың ерекшелігіне келетін болсақ, антитеза, қайталау түрлері, риторикалық сұрақ көрікті тілмен жеткізілген сырлы сөздеріне әсем сипат пен тілге жеңілдік сыйлайды.**

Мысалы, Антитеза:

Соғыс пен бейбітшілікті, қуаныш пен қасіретті қарама-қарсы қою – Мәуленов поэзиясының негізгі тәсілдерінің бірі.

Мәселен: *«Кеше ғана қолда қару, бүгін қолда – гүл».* Ал қайталау бойынша оның өлеңдерінде қайталау ойды күшейтеді, әсерлі ырғақ жасайды. ☞ «Жеңіс, Жеңіс!» деген қайталаулар үміт пен қуанышты шарықтатады. Сырбай Мәуленовтың **риторикалық сұраққа қатысты талдауды келтіретін болсақ, к**өптеген өлеңдерінде *«Бұл өмірдің мәні неде?», «Адамзат не үшін соғысады?»* сияқты риторикалық сұрақтар кездеседі. Бұл оқырманды ойлануға жетелейді. Сонымен Сырбай Мәуленов поэзия тілінің көркемдік-стильдік сипаты нұрлы, сырлы, оқырманды өзіне жақын етеді, тартады, қызықтырады. Бірақ та ақынның шығармашылығын әлі де кең құлашта насихаттау керектігі осыдан да мәлім сияқты. Ақынның табиғат лирикасындағы стиль ерекше көрік береді. Ақын табиғатты тек суреттеп қоймай, оған жан бітіреді. Пейзаждық суреттеу арқылы философиялық ой түйеді. Мысалы, көктемді – жаңару, жастықтың символы; күзді – ойлану, мұң; қысты – сынақ пен шыдамдылықтың нышаны ретінде береді. Сонымен бірге соғыс тақырыбындағы стиліне келетін болсақ, соғыстың қасіретін көрсету үшін қысқа, кесек тіркестер қолданады. Қарапайым сөздерге салмақты мән береді. Сонымен бірге, оның соғыс өлеңдерінде драмалық пафос, қайсарлық пен мұң қатар жүреді. Ал лирикалық нәзіктік пен философиялық тереңдік жайлы айтатын болсақ, Мәуленов поэзиясында нәзік сезім (махаббат, сағыныш, үміт) пен терең философиялық ой қатар өріледі. Троптар мен фигуралар арқылы ол өмірдің мәнін, уақыттың өтпелілігін көрсетеді. Соынмен қатар **ұлттық бояу, қ**азақы танымға сай бейнелер, ұлттық символдар жиі қолданылады: *дала, жылқы, жел, күн, қыран*. Бұл оның поэзиясына ұлттық колорит береді. Сырбай Мәуленов поэзиясындағы **троп пен фигура** – оның шығармаларының әсерлі де бейнелі болуына ықпал еткен басты көркемдік құралдар. Ол **метафораны** философиялық ойды жеткізуге, **эпитетті** эмоционалды бояуға, **антитезаны** адамзаттың күрделі тағдырын ашуға, **қайталауды** поэтикалық пафос жасауға пайдаланған. Сонымен бірге, Сырбай Мәуленов стилі – **табиғат пен адам тағдырын үндестірген, ұлттық бояуы қанық,** соғыс пен бейбітшіліктің қақтығысын терең ашқан поэзия. Осы ретте троп пен фигураның функционалды сауаттылықтағы рөлі деген мәселенің өзектілігін де қазіргі заманға сай білім беру ғана емес, оны келешекте дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыруда осы мәселелердің орны ерекше екенін білуге болады. Мысалы, орасан пайдасы мен артықшылықтары бар.

-Тіл байлығын арттырады. Троптарды (метафора, теңеу, эпитет) меңгерген бала сөзді әртүрлі мағынада қолдануды үйренеді және өмірде ойын әсерлі жеткізуге, сөздік қорын

байытуға көмектеседі. Мысалы: «Күн шықты» деудің орнына «Күн күліп тұр» десе, ой әсерлі жеткізіледі.

-Сыни ойлау қабілетін дамытады. Фигураларды (антитеза, қайталама, риторикалық сұрақ) қолдану арқылы бала ойды салыстыруға, қарама-қарсы қоюға, терең ойлануға үйренеді. Әр сөздің астарындағы мағынаны табуға машықтанады. Бұл дағды өмірде жарнама, БАҚ мәтіндерін, ресми құжаттарды түсінуге көмектеседі.

-Коммуникативтік дағды қалыптастырады. Әсерлі сөйлеу, тыңдаушыны баурау қабілеті дамиды. Пікірталаста дәлелді сөйлеу, сөзін нақты мысалмен бекітуге машықтанады. Бұл оқушыға күнделікті өмірде де (сұхбаттасу, әңгімелесу, пікір білдіруде) қажет.

-Мәтінді түсіну қабілетін арттырады. Троп пен фигураны ажырата алған оқушы көркем әдебиеттегі, ақпараттық мәтіндегі жасырын ойды, автордың көзқарасын оңай аңғарады. Бұл **оқу сауаттылығын** күшейтеді.

-Шығармашылық қабілетті дамытады. Троппен жұмыс істеген оқушы қиялын іске қосады, сөзге сурет салады. Бұл оның **шығармашылық сауаттылығы** мен жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді.

-Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырады. Әдеби тілдің бейнелі құралдарын қолдану арқылы оқушы ұлттық әдебиет пен мәдениетті түсінеді. Өз ойын мәдениетті, әдепті жеткізуге үйренеді.

Троп пен фигура – тек әдеби талдаудың құралы емес, ол оқушының **функционалдық сауаттылығын** (оқу, жазу, сөйлеу, ойлау, шығармашылық, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын) дамытатын әмбебап құрал. Сырбай Мәуленов шығармаларындағы метафоралар мен антитезалар – соғыстың шындығын жеткізудің көркемдік кілті. Ол жауынгерді «қалқан», майданды «отты жылдар» деп бейнелеу арқылы ерліктің символын жасайды. Ал соғыс пен бейбітшілікті қарама-қарсы қою арқылы бейбіт өмірдің қадірін терең ұқтырады. Осылайша, қазақ майдангер поэзиясы, соның ішінде Сырбай Мәуленовтің жырлары – халықтың тарихи жадын сақтаған рухани ескерткіш. Оның көркемдік құралдары тек поэтикалық өрнек қана емес, ұлттың ерлік дәстүрін, бейбітшілікке деген арманын айшықтайтын мәңгілік мұра.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәуленов С. Ақшамның қызық қанаты: Жыр кітабы. - Алматы: Жазушы, 1994. -384 бет, портр.
2. Мәуленов С. Мизам.: Жыр кітабы. – Алматы.: Жазушы. 1190. – 256 бет. Порт. Суретті.
3. Мәуленов Сырбай. Алтын тасқын. – Алматы: Абай баспасы., 2023. -348 бет.
4. Сырбай Мәуленов. Таңдамалы. Жазушы баспасы. Алматы. 1972 .

Агатаева Асем Муратбековна
Астана қаласы,
№ 117 жалпы орта білім беретін мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ

Сырбай Мәуленов 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы Жанкелдин ауданы Торғай ауылында туған. Ата-анасының жұмыс бабына байланысты бала күнінде туған жерінен алыстап, Қызылорда облысына қоныс аударған. Сыр елі Сырбайды жатсынбады, керісінше ақындық шабытына шабыт қосты. Ол 1973 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген. Сырбай Мәуленов – қырыққа жуық жыр жинақтың авторы. Шығармаларында туған жер, замандас және оның жасампаз еңбегі жырланады. Сырбай Мәуленовтің алғашқы өлеңдер жинағы 1948 жылы жарық көрді, содан кейін отыздан астам поэтикалық кітабы басылып шығарылды. Соғыс тақырыбына көп қалам тартқан Сырбай Мәуленовтің көптеген еңбектері орыс тіліне және КСРО халықтарының тіліне аударылды. Солардың ішінде “Кеңестік жазушы” баспасында жарық көрген “Новая весна” (1956) және “Көркем әәдебиет” баспасында жарық көрген “Листья горят” өлеңдер жинағы. Ақынның "Жаңа көктем" (1956 жыл), "Дала таңы" (1957 жыл), "Көгілдір таулар" (1964 жыл), "Жер нәрі" (1970 жыл), "Апрель жапырақтары" (1972 жыл), "Таңдамалы лирикалары" (1967 жыл), "Тандамала лирикалары" (1972 жыл), "Жапырақтар жанады" (1972 жыл), өлеңдер жинақтары орыс тілінде Мәскеуде басылды. Сырбай Мәуленов балаларға арнап "Барлаушы бал" (1961), "Құлыншақ", "Бала жолбарыс" (екеуі де 1963), Амангелді Имановтың балалық шағы туралы "Қорқақ торпақ" (1968) тағы басқа өлеңдер мен әңгімелер жазды. Журналист ретінде мерзімді баспасөзге белсене қатысты, көптеген публицистикалық мақала мен очерк жазды. "Жар нәрі" атты әдеби портреттер мен очерктер жинағында 1966 жылы республика еңбекшілерін халық шаруашылығын өркендетудегі ерен еңбегін туысқан республикаларға барған сапарларынан алған әсерлерін суреттейді. 1971 жылы шыққан "Үркер төбеде тұр" кітабы естеліктер мен портреттерден этюдтерден құралған. Әрбір шығармашылық адамы туған жерінің табиғатынан шабыт алатыны рас. Сол сияқты Сырбай шығармашылығында туған жер, отан тақырыбы да ерекше орын алады.

“Осы ортада мен табиғаттың сан түрлі құстарынан бастап, жергілікті ақын-әншілердің жырларын тыңдап өстім. Жасымнан дастандарды жаттадым. Біздің үйге менің дастан оқығанымды қызық көріп, жанымыздағы ағайын-туғандар, көрші -қоландар жиі жиналатын. Солардың қошаметі мені қолтығымнан демеп, қиял аспанына шырқатып, сонау бұлттардың арғы жағына алып кететіндей көрінетін”, деген жазбаларында Сырбай өмірінің рухани әлемге талпынған бір кезеңі байқалады. Міне дәл осылай Сырбай өзін шабыттандыратын күштерді үнемі естеліктерінде жазып отыратын болған. “Әр адамның жанына жақын тартып тұратын, жүрегіне ыстық жері болады. Ол туған, өскен жер. Сол жерде сен алғашқы рет айналаңа қарайсың. Ашық аспан, қалың тоғай, құм, қырат, шық көмген шалғын, толқынды өзен көз алдыңнан көлбеңдеп өтіп жатады. Алғашқы рет сол жерде сен қуаныштың не екенін, қауіп-қатердің не екенін сезгендей боласың. Ол жердің табиғатының таңғажайып болуы да шарт емес. Жұпыны болса да, сол мекенеге әлемде ешбір жер тең келмейді. Оның суреті сенің көкірегіңнен кетпейді, өлгенше ұмытылмайды. Міне сондықтан да болар, мен екі жағасын бірдей қызыл жыңғылдар қоршаған кішкентай Сарысу өзенін, оның қызыл бұлттармен құлпырған аласа таңғы аспанын жақсы көремін. Ол менің балалық шағымның өзі, менің балалық шағымның аспаны”.

Сырбай Мәуленовтің “Сыр бойында” атты мақаласы кез келген оқырманның жүрегін тебірентері анық. Әсіресе, бір ерекшелігі жазушы қауымның көпшілігі туған жері жайлы жазар болса, сол жердің топырағын, тау-тасын, орманын сөз етуші еді, ал Сырбай Мәуленов туған туған жердің аспаны жайлы әсерлі жаза білген. Бұл да бір тың идея. Тіпті,

араға ширек ғасыр салып “Балалық шағымның аспаны” деген әдемі тіркес елбасы туралы түсірілген фильмге тақырып, арқау болғаны ерекше таңданыс тудырады. Сырбай Мәуленов жырлары - қазақ поэзиясының марқайып өсуінің айнасы.

Мәуленов орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А.С. Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А. Некрасов, Т.Г. Шевченко, В.В. Маяковский, А.А. Блок, С.А. Есенин, Н.С. Тихонов, М.А. Шолохов, Ә. Науаи тағы басқа шығармаларың қазақ тіліне аударды. 1970 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығынаң лауреаты атанды. 1-дәрежелі Отан соғысы; "Қызыл Ту", "Халықтар Достығы", "Құрмет Белгісі" ордендерімен және медальдармен марапатталды.

Касым Мәуленов – заң ғылымдарының докторы, Алматы қаласындағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессоры. Ол гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеулері үшін Шоқан Уалиханов атындағы премияның лауреаты (2004), АҚШ Конгресінің «Фулбрайт» бағдарламасының стипендиаты (2007–2008) және бірнеше ғылыми академиялардың мүшесі болып табылады.

Өзінің «Ленинградтың қорғаушысы» мақаласында ол әкесі, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Қазақстан әдебиетінің мемлекеттік сыйлығының және Александр Фадеев атындағы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сырбай Мәуленовке деген құрметін білдіреді. Мақалада автор әкесінің Ұлы Отан соғысы кезіндегі жолын, Волхов майданындағы 163-шы атқыштар полкындағы қызметін және Ленинградты қоршаудан босатуға қатысуын баяндайды.

Касым Мәуленовтің «Ленинградтың қорғаушысы» мақаласы – соғыс ауыртпалығын бастан кешкен адамдардың тарихы, ерлігі мен рухының терең талдауы. Бұл жарияланым арқылы Сырбай Мәуленов туралы көбірек біле аласыздар – ол тек талантты жазушы ғана емес, сонымен қатар соғыс қиындықтарынан өткен адам. Оның қазақ әдебиетіне қосқан өлшеусіз үлесі жайлы сөз болады. Бұл мақаланы оқып, осы айтулы тұлғалардың тағдырларымен танысып, олардың сезімдерін сезініңіздер, сонымен қатар өткенді болашақ ұрпаққа жеткізудің қаншалықты маңызды екенін түсініңіздер.

Филология ғылымдарының докторы Серік Қирабаев Сырбай Мәуленовтің ақындық талантының шарықтауы Ұлы Отан соғысы жылдарына тура келгенін айтады. Иә, Сырбай Мәуленов Ұлы Отан соғысына қатысқан. "Сырағаң соғыстың алдында Қызылордада өлең жаза бастады. Шын ақындыққа келуі, төселуі Ұлы Отан майданында өтті. Майдан өмірі көп адамды шындықтың не екенін, өмір мен өлім үшін күрестің не екенін ұқтырды. Сырағаң солай ойшыл ақынның қалпына келді", - дейді Серік Қирабаев.

Сырбай Мәуленов – Ұлы Отан соғысы жылдары қалыптасқан қазақ поэзиясының жарқын өкілі. Ол майдан өмірін сырттай емес, өз көзімен көрген: 1941 жылы жас Сырбай Мәуленов майданға аттанып, Волхов бағыты мен Ленинград қоршауын бұзу кезіндегі ұрыстарға қатысқан, ауыр жарақат алған. Осы жауынгерлік өмірлік тәжірибе оның поэтикалық дарынына берік негіз болды. Сондықтан да соғыс тақырыбы оның шығармашылығында ерекше орын алды. С.Мәуленовтің әсіресе 1941–1945 жылдардағы өлеңдері шынайы әскери әсерлерге толы – олар окоптағы күнделікті өмірді, жоғалтқан достарының қайғысын, жеңістің қуанышын, патриоттық рух пен жауынгердің ішкі жан дүниесін дәл жеткізеді. Соғыстан кейінгі онжылдықтарда Сырбай Мәуленов халық ақыны ретінде кеңінен танылды, алайда майданның ізі оның поэзиясында мәңгіге қалды. Көптеген солдат-ақындар сияқты, ол да соғыс шындығын, оның қаталдығы мен ерлік рухын жеткізуді өз борышы санады. Оның шабыт көзі «оттан шыққан» еді – сондықтан да оның өлеңдерінен майдан шындығы мен сол күндердің елесі сезіліп тұрады. Сырбай Мәуленов шығармашылығындағы соғыс тақырыбының қалай ашылатынын оның 1938–1968 жылдар аралығын қамтитын шығармалар жинағының бірінші томындағы өлеңдерден байқауға болады. Әсіресе Ұлы Отан соғысына арналған өлеңдер мен фронттық естеліктерге тоқтала кеткен жөн. С.Мәуленовтің әскери лирикасына тән ерекшеліктердің бірі – майдан шындығын реалистік түрде суреттеу. Ақын шындықты көркемдемей, окоп өмірінің ауыр сәттерін, қажытқан жорықтарды, түнгі ұрыстардың

қауіпті сәттерін нақты бейнелейді. Мысалы, **«Майдан жолында»** атты өлеңінде жауынгерлердің үнсіз, тынбай жүріп, шаршаған, ұйқысыз және темекісіз жүрген сәттері бейнеленеді:

«Жүре бердік түк үнсіз,
Үзіліссіз, тынымсыз.
Кірпік ілмей ұйқысыз,
Жүре бердік шылымсыз»

Мұндағы «жүре бердік» сөзінің қайталануы сарбаздың автоматты түрде, шаршаған денесімен жүре беруін білдіреді. Мұндай шынайы суреттеу – С.Мәуленов поэзиясының ерекшелігі. Ол соғысты тек даңқ пен жеңіс тұрғысынан емес, оның күнделікті қиындықтары арқылы да көрсетеді – суық, аштық, шаршау мен үнемі төніп тұрған қауіп. **«Майдан түні»** атты өлеңінде ақын түнгі шайқастың атмосферасын көз алдыңа әкеледі. Батыс жақтағы қызыл шапақ от жалынына ұқсайды, ал аспанда жарықшамдар жарқылдайды:

«Аспаны күн батыстың қызыл шатыр,
...Жан-жақтан ракета жарқылдайды,
...Үстіңнен доп зуылдап, ажал ұлып.»

Соңғы жол – әсіресе әсерлі: үстіңнен зуылдап өткен снарядтың үні – ажалдың жақындағанын білдіреді. Ақын майдандағы өлімнің үнемі жанында тұрғанын жасырмайды; жауынгер әр сәтте өмір мен өлім арасында жүреді.

С.Мәуленовтің суреттеген соғыс көріністері кино лентасындай әсер қалдырады. **«Волхов»** атты өлеңінде ол оқырманды Волхов өзенінің толқындарына алып барады – бұл өлең, шамасы, Ленинград майданындағы естеліктерден туған. Ақын өзенді тірі бейнеге айналдырады, оны соғыстың куәгері, тіпті қатысушысы ретінде сипаттайды:

«Долы ағын иіріліп, шұбатылып,
Толқыны тоқсан тоғыз бұратылып.
Шашылған зеңбіректің оттарындай,
Ақ көбік айдынында тұр атылып»

Мұнда табиғат пен соғыс бір-бірімен үндесіп тұр. Кейін ақын өзенді жауынгер кейпінде сипаттайды: ол «солдатша киініп, биікке шықты». Жағадағы өртенген тоғайлар – от ішінде қалған сарбаздардың бейнесі. Ақырында, поэзияны ауыр, бірақ терең образ аяқтайды:

«Достардың қабірлері тұрар сонда,
Жас торқа топырақпен тыңайтылған»

Бұл жолдарда – қаза тапқан достарға деген қайғы мен олардың қаны араласқан туған жерге айналған құрбандық бейнесі бар. Сырбай Мәуленов үшін Волхов өзені – тек географиялық нысан емес, соғыстың тірі куәсі, ерлік пен трагедияның символы. Осылайша, **зеңбірек үндері, түнгі атыс немесе шексіз сарбаз жолы** сияқты нақты детальдер арқылы ақын соғыс шындығын шынайы әрі сезімтал түрде жеткізеді. Оқырман оның өлеңдерін оқи отырып, окоптың ылғалын, басының үстінде жарқыраған ракеталарды, алыстағы бомбалаудың гүрілін сезінетіндей күй кешеді. **Мәуленов поэзиясының күші де осында** – майдан көрген ақынның сөзі нанымды әрі бей-жай қалдырмайды. Соғыстың сыртқы бейнесін сипаттай отырып, **С.Мәуленов жауынгердің ішкі жан дүниесін де ұмытпайды**. Оның лирикалық кейіпкері – қарапайым сарбаз, ол физикалық сынақтармен қатар түрлі сезімдерді бастан кешіреді. Ақынның әскери өлеңдерінде батырлық пен қорқыныш, сағыныш пен сарбаздық достық қатар көрініс табады. Ең алдымен, оның кейіпкері – **өз борышын өтеуге бекінген ержүрек жауынгер**. Бір фронттық өлеңінде мынадай афористік жол кездеседі:

«Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін,
Я өліп, я болмаса өлтіретін»

Бұл қатал шындықты жауынгер майдан шебінде алғаш рет сезінеді. Бірақ сырттай батылдықтың артында шаршау мен күмән де бар. **«Майдан жолында»** өлеңінің соңында күтпегенде ащы қалжың айтылады:

«Шіркін соғыс, соғыс па,
Жаяу әскер болмаса!»

Бұл сөздерде қарапайым жауынгердің **бір жағынан мақтанышы, екінші жағынан өкініші** жатыр: соғыстың бар салмағы оның мойнында, бірақ даңқ басқаларға тиіп жатады. Мұндай шындықты мойындау – **пехотинецтердің өзін-өзі бағалауын**, жеңіске қосқан орнын толық түсінуін білдіреді.

С.Мәуленов **соғыстағы достық, өзара көмек тақырыбын да қозғайды**. Оқ пен оттың ортасында жауынгер үшін қасындағы серігі – ең қымбат адам. **«Сенбісің?»** атты өлеңінде жаралы жауынгер өзіне өмір сыйлаған адамға тіл қатады:

«Кезімде әлім кетіп қансыраған,
Сенбісің қасыма кеп хал сұраған...
Сенбісің қолыңды сап маңдайыма,
Бір жұтым су тамызған таңдайыма»

Қарапайым, ауызекі интонациямен қойылған бұл сұрақтар өте әсерлі. Жаралы жауынгер өз бақыттына сенбейді – жанында қамқорлық танытқан дос (немесе медбике) табылғанына таңғалады. **Мейірімділікке толы қарапайым қимылдар – қызу маңдайға қойылған алақан, жұтым су, шинельді жастық етіп салу – нағыз адамгершілікті көрсетеді**.

Лирикалық кейіпкер бұл жанашырлыққа **шын жүректен алғыс білдіреді**, «Сенбісің?» деген сұрақты қайталап, риясыз ризашылығын жеткізеді. Осы арқылы ақын соғыстың ауырлығына қарамастан, адамдардың ең асыл қасиеттері – **жанашырлық, адалдық, серіктік рух** – арта түсетінін көрсетеді. Фронттағы бауырмалдық – С.Мәуленов поэзиясының өзегі.

Әрине, жауынгер де **қорқады, сағынады** – ақын бұл сезімдерді де жасырмайды, бірақ артық драмасыз береді. Кейбір жолдарда туған үйге, отбасына деген сағыныш айқын байқалады. Түнгі тыныш сәттерде оның ойын **бейбіт өмір** жаулап алады. Мысалы, бір өлеңінде Волхов өзенінің толқындарына қарап отырып:

«Ертең күн қызғалдақты гүл өсірер,
Қалаулы ұлдарының қабырына» -

деген жолдарды жазады. Бұл – бір мезетте **тосын үміт пен ащы сағыныш**. Қанша дегенмен, солдат **өлімнен қорықса да, болашаққа сенгісі келеді** – қан төгілген жерден **қызғалдақтар өседі**, яғни **өмір жалғасады**. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов заманауи ақын, себебі бүгінгі заман оның барлық өлеңдерінде бар уайыммен және үреймен өмір сүреді. Бірақ бұл тақырып жер бетінде өмір сүргендердің ең басты жауапкершілігі – өткен мен болашақ алдында бағынышты. Бұл идея шайқасқа түскендерге арналған жолдарда жазылған. Сырбай Мәуленовтің өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, майдандас достарын қайта тірілтеді. Өйткені, олардың алда жаңа биіктер мен шекаралар, жеңіске жетудің ұлы жолы тұрды. Ақынның поэзиясы бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген мақсатты тағы да еске салады. Сырбай Мәуленов туған жеріне, табиғатқа үлкен құрметпен қарайды. Сол себепті ақын шығармаларында Отан қай жерде болмасын, адаммен бірге жүретін, аспанда қалықтаған қарлығашпен байланыстырылады.

Қайтармыз Қазақстанға
Қайратты күш шыдатпас,
Шығар жаудың талқаны.
Қайтармыз Қазақстанға,
Аралармыз Арқаны.
Құдіретті күшімен,
Құрар жеңіс салтанат.

Қалған бірге жабырқап
Күлер қайта махаббат.
Топырағында туған жер,
Аунап-қунап жатармыз.
Көкорайлы көлдерден,
Кегер үйрек атармыз.
Астымызда жүйрік ат,
Шапқылармыз зымырап.
Асқар тауға шығармыз,
Бұлтымен бір бұлдырап.
Қайратты күш шыдатпас,
Шығар жаудың талқаны,
Қайтармыз Қазақстанға,
Аралармыз Арқаны.

Осылайша, Сырбай Мәуленовтің өлеңдерінде **соғыс тек сыртқы эпос ретінде емес, жауынгердің ішкі жан дүниесі арқылы да ашылады**. Оның кейіпкерлері **қорқады, үміттенеді, қалжыңдайды, қайғырады, достық пен махаббатқа адал**. Әр оқырман бұл өлеңдерден **нағыз адамды** – жүрегі бар жауынгерді көреді. Міне, сондықтан оның поэзиясы **құрғақ есеп емес, тірі шындық**. Мәуленов поэзиясында **Отанға деген махаббат – жар салу емес, жүректен шыққан үн**. Бір өлеңінде жас жауынгер:

«Мен енді жауынгер...
Батысқа жол тарттым,
Сен үшін, туған ел»

деп, шын сезіммен жолға шығады. Оның патриотизмі **сөзде емес, іс-әрекетте**. Бұл – өз халқы үшін **өлімге баруға дайын адамның бейнесі**.

Соғыс – ақын үшін **философиялық тереңдікке жол ашты**. Қысқа афоризмдерінде ол өмір мен өлім, тіршілік мәні туралы ой қозғайды:

«Жылағанмен өлген адам оралмас»

Бұл – **өткір шындық**. Солдат **өлімді қабылдайды**, бірақ өмірді одан да жоғары бағалайды. Волхов жағалауындағы **қызғалдақтар – жауынгерлердің қаны сіңген жерден туған өмір символы**. Олар өлімімен **өмір сыйлады**, сондықтан **Сүйіспеншілік – сарбаздың рухани қалқаны**. «Жалғас жүрек» өлеңінде:

«Жүрегіміз жалғасып,
Тілегіміз ұштасқан.
Сол ұштасқан тілегің
Бермес мені өлімге»

– деп, ақын **сүйіктің тілегі жауынгерді өлімнен қорғайды** деген сенімді білдіреді. Бұл – махаббаттың мистикалық, тіпті тылсым күші. Осы **романтикалық сезім соғыс қараңғылығында жарқырап**, өлеңдерге ерекше шырай береді.

Өз мақаламды Сырбай Мәуленовтің мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Өзім өткен алдымда жол тұр бәрі,
Аз жазғам жоқ өлеңде ол туралы.
Менің жолым – Торғай мен Сырдария,
Дон мен Волхов, Неваның толқындары.

Сырбай Мәуленов

Әдебиеттер тізімі:
1. Интернет желісі Zharar.com
2. Интернет желісі Stan.kz сайты Өмір айнасы
3. Сырбай Мәуленовтің 100 жылдығына әдістемелік-библиографиялық құрал 2022 ж.

Агимбаева Гульжанат Кызырхановна,
Астана қаласы №79 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілік – Сырбай поэзиясының лирикалық арналары

Әлемдік поэзия өкілдерінің шығармашылығына назар аударсақ олардың қай-қайсысының да соқпай өтпейтін нысанасы бар екенін білуге болады. Ол - табиғат. Адам мен табиғат - күллі өнер туындысының нысаны. Әсіресе сыршыл жанр лирикада жыл мезгілдері, уақыттың әрбір сәті түрлі тәсілмен жырланып, өзгеше бітімді көркем бейнеге айналды.

Табиғат лирикасы - лирика жанрының бір түрі, ақынның ішкі жан- дүниесі, оның айналасындағы әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, сезінген көрінісін бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар. Табиғат лирикасының алғашқы белгі-нышандарын фольклорлық поэзиядан кездестіреміз.

Қашанда адамзат табиғатпен етене жақын, бір-бірімен тығыз байланыста. Әсіресе сұлулыққа жаны құмар, айналасына ойлы көзбен қарап, нәзік түйсікпен қабылдайтын ақындардың ерекше назар аударары сөзсіз. Осындай жағдайда ақындар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір топ ақындар сол табиғатты жырына арқау ету арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған.

Табиғат лирикасын сөз еткенде ең алдымен ойымызға ұлы Абай ақын оралады. Ол табиғат лирикасының негізін салушы. Абайдың жылдың төрт мезгіліне арнап жазған өлеңдері осы уақытқа дейін өз оқырмандарын тамсандырып келеді. Абай ақын өлеңдерінде жансыз табиғатқа жан кіргізіп, тірі адам кейпінде суреттеген. Мысалы ақынның «Қыс» өлеңіне назар аударсақ:

«Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр мылқау танымас тірі жанды.
Үсті басы ақ қырау түсі суық
Басқан жері сықырлап келіп қалды.» - деп қысты ақ киімді, ақ сақалды адамға теңеп, жансыз табиғатқа жан кіргізе адам кейпінде суреттейді.

Абайдан соңғы қазақ ақындары да табиғат лирикаына көптеп қалам тербеді.

Қазақ әдебиетінде Абай негізін қалаған, қалыптасқан дәтүрлі тақырыптардың бірі - туған жер, туған елдің әсем де көз тартарлық табиғаты.

Адам назарын аударатын және адам тіршілігімен етене байланысты табиғаттың тылсым құпия сыры көп. Адамзат жаралғалы, тіпті одан да бұрын жаратылған заңғар биік таулармен шалқыған айдынды көлдер, ширатылып аққан өзендер қай заманда да ақын қиялын тербетіп, оның назарынан тыс қалмаған. Себебі қай ақынды алмаңыз, ең алдымен өзі өскен жердің табиғатын жырлап өткен.

Сырбай Мәуленов те сол дәстүрді жалғастырушы.

С. Мәуленов поэзиясының табиғатпен тұтастығы ақын даналалығының әрі ажырамас бөлшегі. Ол өзінің поэзиясына нәр мен қуатты туған жер табиғатын алады, сондықтан өзінің сөзін де жырын да соған арнайды. С.Мәуленовтің қай өлеңін оқысың да, үлкен эстетикалық ләззатқа бөленіп, жан дүниең жадырап сала береді. Ақынның туған жерге байланысты өлеңдері:

«Туған жермен сырласу», «Туған елдің тойында», «Алатау», «Қостанай», «Меңдіқара - Бурабай», «Көк таулар», «Жетісу» т.б. С. Мәуленовтің туған жер табиғатының сұлулығын көруі, сезінуі, жырлауы өзгеше. Ешкім аңғара, назар аудара қоймаған жақтарын, сиқырлы әлемін өзінше ашып жырлайды.

Ақын өлең жолдарынан табиғат құбылысының мінезін сезесің, әрі сыршыл лирик өзінің сезімін де қоса өреді. Ол үшін туған жердің көктемі ала бөтен ыстық. Ақын көктем

тақырыбына әр алуан жыр арнады. Оның әрбір өлеңі - жаңа бір дүниенің кілтін ұстатқандай. Бірін-бірі қайталай бермейтін көктемнің әр қилы суретін, көрінісін әр алуан қырынан аша жырлайды. С.Мәуленовтің қай өлеңін оқысаң да, үлкен эстетикалық ләззат аларың сөзсіз.

«Көктем» өлеңін алсақ:

Далаға жайып көк жібек,
Өзен боп өзі дірілдеп,
Гүл болып қызыл желбіреп,
Көктем сұлу келеді,
Құшағын жайып елжіреп
Жыл құсымен қиқулап,
Бұлағымен бұрқұлдап,
Көктем сұлу келеді.

Немесе:

Қиқулап жеткен көктемде Құстар толды көк көлге.
Бүр жабысып бұтаққа, Мал жайылды бөктерге....

Сырбай тербегеніндей, әр ақын өзін табиғат-ананың бір бөлшегімін деп санайды.

С. Мәуленов жырларындағы күтпеген жерден көлденең шыға келетін соны образдылық - бейнелік тосындық қазақ поэзиясының көркемлдік тәжірибесін байытты. Болмысты, табиғатты басқалар ауызға алмаған, аңғармаған қырынан таныту - ақындық қырағылықтың, суреткерлік мергендіктің жемісі.

Мәселен, **«Жазғы сурет» өлеңіндегі:**

Көк жүзінде дөңгеленген кептердей,
Сүттей аппақ жарқырайды жазғы ай.
Аспан беті ашық жатқан дәптердей,
Ал жұлдыздар соған түскен жазудай.

Келтірілген шумақтардағы ой, сезім, табиғат, болмыс құбылыстарын көркемдік материал, мазмұн, әрі бейнелік толғанысты жеткізуге қажетті құрал ретінде пайдалану талабы жыл өткен сайын нығая береді. Табиғат әлемі - С. Мәуленов үшін сарқылмас эмоциялық қуат, қанаттандырушы рух,түпсіз бейнелілік қазына.

С. Мәуленовтің табиғат лирикаларының тақырыбы әр алуан, бояу нақышы, бейнелеу машықтары, поэтикалық ізденістері де басқа ақындарға құсай бермейді.

С. Мәуленов қазақ поэзиясына айрықша өнімді еңбек етіп, жемісті жырлар қалдырған талант.

Әдебиеттер тізімі:

1 Мәуленов С. Өлеңім - өмірім менің. Жыр жинағы. Алматы. [4227-574-б.]
2 Мәуленов С. Өлең өлкесі: Қазақ табиғат лирикасының антологиясы. Алматы. Жазушы. [4002-474-б.]
3 Мәуленов С. Ақшамның қызыл қанаты. Жыр кітабы. Алматы. Жазушы. [4284-384-б.]
4 Мәуленов С. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы. [4253-4220-б.]

Ажмуратова Жанагул Абубакиевна
Ақтөбе қаласы
«№ 50 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК - СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ

Әлемдік поэзия өкілдерінің шығармашылығына назар салғанда олардың қай-қайсысының да соқпай өтпейтін нысанасы бар екенін көруге болады. Ол – табиғат. Лирикадағы табиғаттың суреттелуінің өзі түрлі бейнелеу тәсілдерімен жүзеге асатынына арғы-бергі кезеңдегі поэзиялық туындылардан көп мысалдар келтіруге болады. Адам мен табиғат – күллі өнер туындысының нысаны. Әсіресе сыршыл жанр лирикада жыл мезгілдері, уақыттың әрбір сәті түрлі тәсілмен жырланып, өзгеше бітімді көркем бейнеге айналды. Соның мысалы ретінде қазіргі лирикамыздағы түннің, іңірдің, кештің, таңның бейне (персонаж) дәрежесіне көтеріліп, кескінделуін сөз етсек, көп қырлы көркемдік әлемінің терең сырына қаныағарымыз анық. Өнердің ең сезімтал түрі саналатын поэзиялық туындыларда басты нысан табиғат болса, табиғатқа телінетін адами әрекеттің де түбін мифологиялық ойлау жүйесінен іздейміз.

Қазақ поэзиясында туған жер тақырыбы ежелден бері басты орын алып келген. Бұл тақырып — әрбір ақынның шығармашылық әлемінің өзегіне айналған ұлттық идеяның көрінісі. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Сырбай Мәуленов болса, туған жер, Отан, табиғат, адамгершілік, еңбек тақырыптарын терең әрі әсерлі жырлаған көрнекті ақын ретінде де Сырбай кең танылды. Оның шығармаларында туған жерге деген махаббат, сағыныш, құрмет ерекше орын алады. Ақын туған өлкенің табиғатын суреттеу арқылы оқырманды ұлттық рухқа, туған жерді сүюге үндейді. Ақын туған жер тақырыбына терең мән беріп, оны лирикалық бейнелеу арқылы ұлт руханиятына мол үлес қосты.

Сырбай Мәуленовтің туған жер туралы жазған өлеңдері туған елге деген шынайы сүйіспеншілік пен перзенттік борыш сезімі арқылы ерекшеленеді. Ол табиғатты адаммен тең дәрежеде сипаттап, туған өлкені жанды бейне ретінде суреттейді. Төменде ұсынып отырған шығармаларын оқи отырып, осы сезімдерге бой алдырасың.

«Туған жер» өлеңі

«Түсіме ендің өзі болып анамның,
Түсіме ендің өзі болып әкемнің..»

Бұл өлеңде ақын туған жердің қасиеттілігін ана мен әкеге деген терең сезім, сүйіспеншілік, құрметпен теңестіре көрсетеді. Ол туған жердің кез келген бөлшегін қастерлейді, оны ештеңеге айырбастамайды. Ақын үшін туған жер — жан дүниесінің бір бөлігі.

О, достарым, туған жердің
Жүзі ыстық керемет.
Тұр ма әлде тас төбемнен
Ғажайып нұр себелеп.

Өз туған жерінің сан ғасыр уақытты бастан кешіп, тарих көшімен өшпей келе жатқанын, шыңдалғанын айтып тебіренеді:

О, туған жер, өттің талай ғасырдан,
О, туған жер, өттің талай асудан.

“Туған жер туралы жыр” өлеңінде өз махаббаты мен сезімін былайша жеткізеді:

Аспаныңды жалын болып жауып тұр
Жерден ұшқан саған деген махаббат.

“Табиғатпен туыстық” өлеңінде өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарап, сезінеді.

Жүрген адам баласы қауымында,
Табиғаттың мен де бір тауымын ба?

Табиғаттың мен де бір көлімін бе?...
Жаралдым ба ауаның оттегінен,
Әлде дәрі даланың шөптерінен.,
Әйтеуір бар бәріне туыстығым,
Құшағына қысады шеттерінен.

Осы сөздерден өзін табиғатпен бірге жаратылған, ажырамас бөлшегіндей сезінген ыстық махаббат пен жақындық, бірлік сезіледі.

"Қайта қара мына туған жеріңе" өлеңі тіпті адам жанын тебірентіп, ойға батырады. Туған жерге деген сүйіспеншілікті терең бере білген. Қарапайым болса да, ұлылыққа тең келер туған жер деген ұғым бар екендігін мойындатады.

Торғай, сенің кішкене өзенің
Маған мұхит секілді,
Әлде сенде туғандықтан ба екен?
Торғай, сенің кішкене көбелегің
Маған самолет секілді,
Әлде балалықты көп қуғандықтан ба екен?
Торғай, сенің қисық-қисық көшелерің
Маған түзу секілді,
Әлде көп жүргендік пе екен?
Торғай, сенен бұл дүниеде
Маған артық жер жоқ секілді,
Әлде қадіріңді білгендіктен бе екен?

Қазақ әдебиетінен:

– Мұқағали Мақатаевтың *«Отан»*, *«Туған жер»* өлеңдерімен үндес болып келсе, әлем әдебиетінен Сергей Есениннің Ресей табиғаты мен туған жерін жырлаған лирикасымен жақын.

Сырбай Мәуленов үшін туған жер — тек географиялық ұғым емес, ол — рухани құндылық, адам өмірінің мәні мен мақсаты. Оның өлеңдерінен туған елге деген шексіз махаббат, құрмет, перзенттік парыз сезіледі. Бұл тақырыптағы шығармалары жас ұрпақты Отанды сүюге, туған елдің қадірін білуге тәрбиелейді.

Сырбай Мәуленовтің туған өлкесі—Қостанай өңірі. Ақын шығармаларында туған жерге деген сағыныш, мақтаныш, құрмет сезімдері көркем бейнеде беріледі. Ол туған жерді — анаға, жүрекке, жастық шағына теңейді.

Мысалы, «Туған жер» өлеңінде:

«Туған жер, сенің әр тасың,
Әр қарың маған қымбатсың...» - деген жолдар туған жердің әр бөлшегінің қымбаттығын дәлелдейді. Мұнда туған жер объект емес, керісінше, субъективті сезім иесі ретінде беріледі.

Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жер тақырыбы лирикалық монолог, сезімдік көңіл күй, метафоралар, эпитеттер, теңеулер арқылы ашылады. Ақын табиғатқа жан бітіріп, оны адамға теңейді

Сырбай Мәуленов шығармаларындағы туған жер тақырыбы — оның поэзиясының өзегі. Ақын туған жерді — тек географиялық мекен емес, жан дүниенің, рухтың мекені ретінде суреттейді. Оның лирикасы жас ұрпаққа Отанды сүю, табиғатты аялау, ұлттық құндылықты бағалау идеяларын насихаттайды.

Қазақ әдебиетіндегі көркем поэзия табиғатты бейнелеу арқылы адам жанын ашудың, ұлттық рухты сездірудің қуатты құралына айналған. Солардың ішінде Сырбай Мәуленов поэзиясы табиғатпен сырласқан, туған жермен тұтасқан тұғырлы лирикасымен ерекшеленеді. Ақынның табиғат тақырыбындағы жырлары терең философиялық мәнге, ұлттық сипатқа және бай тілдік-стильдік өрнекке ие.

«Арқарлы асуында» өлеңінде:

Асуы биік Арқарлы

Арқасын сипай жел сүйіп.
Тастардан соғып қалқанды
Жатқандай жалғыз мелшиіп.
Жақпарлы құздар жаңғырып,
Дауылмен бірге дауыстап.
Көзіннің жауын алдырып,
Әдейі қашып алыстап, -деп жырлайды. Табиғаттың әсемдігі көздің жауын алардай аса сұлу екендігін сезінеді. Қазақтың кең даласының әр түкпірі ғажап көрініске толы. Әр аймақтың өз болмысы, өз сұлулығы бар екені белгілі. Сырбай ақын да оны терең сезінді. Әрқайсысына жырын арнады. Мысалы «Талдықорған» өлеңінде:
Құшаққа байтақ даланы ап,
Өзенді, тауды, орманды.
Екі күн бойы аралап,
Келеміз Талдықорғанды.
Көрдік ғажап жандарды,
Ұқтық нелер күй қызық,
Тұрғандай сол тауларды
Көңіліне сыйғызып.
Ұшар басы мұнартқан
Таулары бар Шажадай,
Өзенімен бір аққан
Электр боп нажағай.
Қорғасын тау жері өңшең,
Мұнда талды орман көп.
Қойған атын мен білсем,
Содан Талдықорған деп, - дей келіп, атауының шығу тарихына үңіледі. Әдемі иіріммен жеткізеді. Ал «Жетісу» өлеңінде:
Астасқан аспанменен асқарлары,
Секілді жер мен көктің баспалдағы.
Табиғат құдіретімен қиысып кеп,
Қаланған ескерткіштей тастан бәрі.
Бұлттардың орнатылған тап қасына,
Шығыстың ұқсап биік қақпасына.
Адырлар жарқырайды айнадай боп,
Күн көзі шағылғанда ақ басына.
Құтырып қиқу салып құлап таудан,
Сапырып жердің қойнын су ақтарған,-деп сөз үйіреді. Таулы, маңғаз аймақтың болмыс, бітімін жеткізеді.
Ал мына бір «Мырзашөл» деген өлеңіне қарап көріңізші.
Онда мақта теңіз болып шулайды,
Ақ орамал көтереді, бұлғайды.
Бір ғажабы «шөл даланың» өзінде
Қыз-бұлбұлдар гүл туралы жырлайды.
Ақ мақталы, бау-бақшалы гүл мекен,
Асанқайғы аралаған жер екен.
Ол кездерде меңіреудей мелшиген
Тас бауырлы, тандыр емшек шөл екен.
Жүргіншіден алып қалып бір аңыз,
Қобыз тартып күңіренген құла дүз.
Желі қақтап, күні аптап күйдіріп,
Құмдарына сала алмаған құлан із.
Тұлпарлардың тозып болат тұяғы,

Сұңқарлардың күйген қанат қиясы.
Сол заманда «Мырзашөл» деп ат қойған,
Қайран елдің қандай ұшқыр қиялы.

Қазақ халқының жер атауын берудегі шеберлігіне, тапқырлығы мен қырағылығына мән берген.

«Жаркөл бойын жағалап» деген өлеңі былай тізбектеледі:

Меңдіқара — Бурабай,
Көктеректің көктемі.
Қалқалап қалың қарағай,
Тұратын бір үй шеткері.
Айта алмаймын атыңды,
Қалар деп біреу шамданып.
Бар болса егер хатымды,
Қайтадан қара аударып.
Бармай ма әлі жуықтап,
Қолдарың қазір қалтырап.
Ұрынған шығар суыққа,
Көктемде берген жапырақ.
Жүрмісің әлде өкпелеп,
Мен жүрмін жатқа санамай.
Көз алдымда көк терек,
Шулайды қалың қарағай.

Ақындардың ішінде Алматыға жыр арнамаған ақындар кемде-кем болар. Сырбай ақын да әсем қала туралы қалам тербемей қалған жоқ.

Алматының жазын көр,
Көз алмайсың құмартып.
Жатады таулар жазып бел,
Бауырайы гүл атып.
Алматының күзін көр,
Жазынан сұлу күзі бар.
Қарақат, өрік, жүзімдер,
Алмадай қызыл жүзі бар.
Алматының қысын көр,
Күзінен сұлу қысы бар.
Шыныққан болса кісі егер,
Айдынды мұзын ұсынар.
Сұлулығын бәрінің,
Бойына жиып біріндеп.
Алматы Алатауының
Көктемі келер күлімдеп.

Алматының әр күні, әр сәті әдемілікке толы екендігін ақын жүрегі сезді. Сезімнен жыр туындады.

Сырбай Мәуленов – табиғатқа жан бітіріп, оны эмоциялық және философиялық бейнемен суреттеген ақын. Оның лирикасындағы табиғат – тек сыртқы орта емес, адамның рухани серігі, көңіл күйінің айнасы.

Сырбай поэзиясы көркем эпитеттерге бай. Олар табиғат суреттерін көз алдымызға елестетіп қана қоймай, поэзияға нәзіктік пен саздылық береді.

Сырбай Мәуленов табиғат элементтерін жиі адамдық қасиеттермен байланыстырады. Бұл метафоралар арқылы табиғат пен адам арасы жақындаса түседі.

Ақын жердің иісін — ана сүтімен салыстыру арқылы туған жерге деген перзенттік махаббатты терең жеткізеді.

Табиғат көріністерін нақты әрі бейнелі жеткізудің бір тәсілі — теңеулер.

Сырбайдың табиғат туралы өлеңдерінде дыбыстық үйлесім ерекше мәнге ие. Ол табиғат әуенін тіл арқылы музыкаға айналдырады.

Сырбай Мәуленов табиғатты жеке адамның ішкі әлемімен үйлестіре отырып жырлайды. Бұл оның поэзиясына лирикалық нәзіктік береді. Табиғат ақын үшін — сырлас дос, ой серігі, уайымының куәсі.

Табиғат құбылыстары мен адамның ішкі күйі қатар суреттеледі.

Табиғаттағы жаңару — адам жанындағы үміт пен серпілісті көрсетеді. Бұл — психологиялық параллелизмнің жарқын үлгісі.

Сырбай шығармаларында табиғаттың әрбір элементі символдық мағына алады:

Жел — бостандық, тыныс;
Күн — өмір мен жарық;
Күз — ой мен толғаныс;
Қар — тыныштық, тазалық;
Тау — биік рух, еркіндік.

1956 жылы жазылған «Зырлап кетіп барады» өлеңі:

Жұлдыздар ұйықтап таң алды,
Табиғат — ана мүлгіген.
Құшақтап байтақ даланы
Қарсы алдым шыққан күнді мен.
Дүние көзі дөңгелеп,
Көтерілді жоғары.
Аспанда алтын әңгелек,
Зырлап кетіп барады.
Бұйра, бұйра бұлттардан,
Бара жатыр ол озып.
Сәулетіне сұқтанған,
Жер қарайды қол созып, - тізбектеледі.

Ал «Тосын жазы» өлеңі ерекше сезім, көтеріңкі көңілмен басталады:

Па, шіркін, құм Тосынның жазы қандай,
Ауру жан сырқатынан жазылғандай.
Көтерген көк орманы қарқарасын,
Жан сүйген жар секілді жазық маңдай.
Бұрқырап бұлақ ойнап құм төсінде,
Ұқсайды табиғаттың еркесіне.
Бұралған қыз беліндей қызыл жыңғыл,
Таласа біткен шоқы өркешіне.
Шыңдары алтын күнмен бірге өскендей,
Бұлттан бойын тартып бір сескенбей.
Басында бала бүркіт шаңқылдайды,
Таулардың бұлағымен тілдескендей.
Салт атпен араласаң көкшіл нуын,
Сапырсаң құлаш ұрып күміс суын,
Қарасаң келбетіне ертеңгілік,
Көзіңнің әкеткендей тартып нұрын.
Көлдерін көкалалы жылқы қаптап,
Төсінде асыр салған төл ойнақтап.
Табиғат құм Тосынды көкірегінде
Келгендей төрт түлікке бола сақтап.
Түн болса малшылардың салған әні,
Күндізгі тіршілікке жалғанады.
Көтерген қырмызы ту қызыл отау,
Тұрғандай күйге малып айналаны.

Ойнаған асау тайға құлдыраңдап,
Келіншек кермиықты жүр «құраулап».
Үніне күңгірлеген үйлессін деп,
Қойыпты құлындарын қоңыраулап.
Қой өрді таң сәріден үдеріле,
Қара отты, түйе мойнақ түбегіне.
Келеді қой соңында Қыстаубай шал,
Ақырын қамшы сипап күреңіне.
Қойнауын отыз мың мал отар алып,
Құм жатыр жолбарыстай жоталанып.
Қарайды келешекке сұлу Тосын,
Алтын таң шапағымен оқаланып.

Табиғат пен адам арасындағы байланысты, жақындықты суреттейді. Шебер суреттейді. Қазақ табиғат лирикасындағы ізденістер мен жетістіктерді сөз етер болсақ, алдымен тіл мен бейнелілік мәселесіне назар аударарымыз заңды. Поэтикалық ойлау жүйесіндегі қалыптасқан дәстүрлі суреттемелердің жаңа, соны көркемдікпен баюы жекелеген ақын шығармашылығындағы ізденістермен тікелей байланысты.

Адам назарын аударатын және адам тіршілігімен етене байланысты табиғаттың тылсым құпия сыры көп. Адамзат жаралғалы, тіпті одан да бұрын жаратылған заңғар, биік таулар мен шалқыған айдынды көлдер, ширатылып аққан өзендер қай заманда да ақын қиялын тербетіп, оның назарынан тыс қалмаған. Себебі қай ақынды алмаңыз, ең алдымен, өзі өскен жердің табиғатын жырлап өткен. Сырбай да сол дәстүрді жалғастырушы. Ол тек тау суретін жырлауға бір топ өлең бағыштаған. “Көк таулар”, “Қаратау”, “Алатау”, “Таулар күледі”, т.б. Бұл өлеңдері біріне-бірі ұқсамайды, тақырыбы бір болса да, себебі, айтар ойы алуан түрлі. Ақынға таудың тәкаппар биіктігі, жықпыл-жықпыл тастары, асқар шыңдары, зеңгір көкпен таласқан шоқылары рух береді, содан барып лирик табиғатпен сырласып өзі де бір іштей тілегендей сыр төгеді. Ақын тауды тура табиғи кейпін жырлаудан гөрі тауды фон етіп алып өзінің сезім дүниесін, көңіл-күй әлемінің тебіренісін осы фонға ұштастырып жібереді. Табиғи көрініс те, ақын сезімі де ұштасып өлең әлемінің терезесін айқара ашып жібергендей болады. Бойды билеген сезім қуаты табиғат құбылысымен астасып кетеді, кейде салыстырып жібергендей, кейде теңеп отырғандай, енді бірде тебіреніс, толғаныс сәтіндей қабылданады. Тауды жырлай отырып, түйдек-түйдек ой айтады, философиялық топшылаулар жасап, адам психологиясына жарасымдылық ұғымының эстетикалық мәнін сіңіріп жібереді. Тау – қайсарлықтың, қаһарлылықтың, биіктіктің, сонымен қатар сұлулық пен кербездіктің, алыптықтың да символы ретінде көрінеді. Жылдың әр мезгілінде тауды адам психологиясына, көңіл-күйіне ықпал, әсері де әрқилы, сондықтан лирикалық өлеңдерінде тарлант талант табиғат құбылыстарын әр қырынан жырлайды. Жай жырлап қана қоймай, ізденіп, бұрын ешкім айта алмаған көркемдік әлеміне соны із салады. Мұқағали терең халықтық поэзия үрдісін бойына сіңірген ақын. Тау табиғатының тылсым сырының ақын қиялын тербетіп, сезіміне ыстық шоқ тастап, бойына қуат дарытып отыруы да сондықтан.

Ақын табиғаттың әсемдігін жырлай отырып, өзінің табиғатқа деген қатынасын білдіріп отырады:

Таулар күледі,
Төбесіне күн шыққанда.
Тастар күледі,
Төсіне көк қына гүл шыққанда.
Ақын күледі,
Айлар бойы дірілдеп.
Жүрегінен жыр шыққанда.

С.Мәуленов поэзиясының табиғатпен тұтастығы ақын даналығының әрі ажырамас бөлшегі әрі адастырмас өлшемі. Ол өзінің поэзиясына нәр мен қуатты туған жер табиғатынан алады, сондықтан өзінің сөзін де, жырын да соған арнайды.

Ақын өлең жолдарынан табиғат құбылысының мінезін сезесің, әрі сыршыл лирик өзінің сезімін де қоса өреді. Ол үшін туған жердің көктемі ала бөтен ыстық.

Ақын көктем тақырыбына әр алуан жыр арнады. Оның әрбір өлеңі – жаңа бір дүниенің кілтін ұстатқандай. Бірін-бірі қайталай бермейтін көктемнің әр қилы суретін, көрінісін әр алуан қырынан аша жырлайды. С.Мәуленовтің қай өлеңін оқысаң да, үлкен эстетикалық ләззатқа бөленіп, жан дүниең жадырап сала береді.

Сырбай Мәуленов–табиғатты терең философиялық әрі эстетикалық тұрғыда бейнелеген ақын. Оның табиғатты суреттеудегі тілдік-стильдік ерекшеліктері—қазақ поэзиясындағы көркем ойлау мен тіл шеберлігінің озық үлгісі. Ақын табиғатты тек көркем суреттеу нысаны емес, адам болмысының бір бөлігі ретінде танытады. Эпитет, метафора, теңеу, дыбыстық бейнелеу сияқты құралдарды орынды пайдалана отырып, Сырбай поэзиясы табиғатпен жан-дүниелік үндестікті терең сезіндіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәуленов Сырбай, Шығармалар жинағы: 2 томдық. Өлеңдер / Құрастырғандар қыздары: Бахытжамал, Сақыпжамал және ұлдары: Бейбіт, Қасым, Ғазиз. – Алматы: Service Press, 2012. – Т. 1. - екі томдық шығармалар жинағы ISBN 978-601-06-2060-52 Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы: Білім, 2012.
2. Мәуленов С. “Сырбай Мәуленов таңдамалы шығармалар жинағы”. – Алматы: Жазушы, 1972.
3. Мәуленов С. "Жаңа көктем" - Мәскеу, 1956
4. Мәуленов С. “Көгілдір таулар” – Алматы: Жазушы, 1964.
5. Мәуленов С. “Алтын тасқын” өлеңдер мен поэмалары -Алматы,1981 ж.

Аймухаметова Наргиз Жусупкызы
Астана қаласы,№114 жалпы
орта білім беретін мектеп
филология ғылымдарының магистрі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар көрнекті қаламгерлердің бірі - Сырбай Мәуленов. Ол ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының жаңа тынысын ашқан, шығармашылығында халқымыздың қуанышы мен қайғысын, дәуір тынысын, елдің арман-мұратын бейнелеген ақын ретінде танылды. Сырбай Мәуленов тек қана лирикалық, табиғат және азаматтық тақырыптарды жырлап қана қойған жоқ, сонымен қатар балалар әдебиетіне де ерекше көңіл бөлді.

Мақаланың негізгі мақсаты – Сырбай Мәуленовтің балалар әдебиетіне қосқан үлесін анықтау және оның шығармаларының тәрбиелік-эстетикалық мәнін талдау. Ақынның өлеңдеріндегі балаларға тән образдарды, олардың дүниетанымын қалыптастырудағы маңызын көрсету арқылы қазақ балалар поэзиясының дамуындағы орнын айқындау. Сонымен қатар, Мәуленов шығармашылығын бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесінде қолданудың мүмкіндіктерін ашып көрсету де мақаланың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесі – ең өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі балалар ақпараттық кеңістіктен көп мәлімет алады,

алайда олардың ой-өрісі мен дүниетанымын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру үшін әдебиеттің, соның ішінде балалар әдебиетінің орны ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ балалар әдебиетіне зор үлес қосқан Сырбай Мәуленовтің шығармаларын зерттеу – уақыт талабына сай.

Ақынның балаларға арналған өлеңдері жас оқырманды еңбекқорлыққа, табиғатты сүюге, отансүйгіштікке баулиды. Оның шығармашылығын бүгінгі педагогикалық тәжірибеде пайдалану – мектеп бағдарламасын байытуға, әдеби тәрбиені жандандыруға мүмкіндік береді. Сондықтан Сырбай Мәуленовтің балаларға арналған поэзиясын ғылыми тұрғыдан зерделеу – әдебиеттану ғылымы үшін де, білім беру ісі үшін *өзекті.*

Балаларға арналған өлеңдерінде ол балғын оқырманның ой-өрісіне лайық қарапайым тіл қолданып, олардың бойына еңбекқорлық, мейірімділік, отансүйгіштік, табиғатты қорғау секілді асыл қасиеттерді сіңіруге тырысты. Оның шығармалары баланың қиялын оятып қана қоймай, дүниетанымын кеңейтуге, болашаққа сеніммен қарауға жетелейді.

Сырбай Мәуленовтің балаларға арналған туындылары қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуында маңызды орын алады. Оның өлеңдері жас ұрпақты әсемдікке, ізгілікке баулиды. Сондықтан ақынның балалар әдебиетіне қосқан үлесін жан-жақты зерттеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Бұл мақалада Сырбай Мәуленовтің балалар әдебиетіндегі орны, оның шығармаларының тақырыптық ерекшеліктері мен тәрбиелік маңызы қарастырылады.

Ғ. Мүсіреповтің: «Қызыға жаз, қыздыра жаз, қызықтыра жаз!Ойланып жаз, ойлы жаз, ой сала жаз, ойландыра жаз! Ызамен жаз, кекпен жаз,кектендіре жаз. Осы үшеуінсіз шығармаға жан кірмейді» – деген пікіріне Сырбай Мәуленовтың шығармашылығына орынды берілген анықтама десек артық айтқанымыз емес. Мақалалар мен очерктер, өлеңдер Сырбай Мәуленовте жетерлік. Қызықтыра жазудың қас шебері десек те болады[9]. Автордың негізгі шығармашылық арнасы өлең болды, онда табиғат сұлулығы, соғыс тақырыбы, махаббат пен туған жерге деген сүйіспеншілік жырланды. Сонымен қатар ақынның «Жаңа көктем», «Көгілдір таулар», «Апрель жапырақтары» сияқты жыр жинақтары бар. Мәуленов поэмалар жанрында да өнімді еңбек етті: тарихи және азаматтық тақырыптарды қамтыған «Құмдағы мұнаралар», «Жаңа Арқа» секілді туындылары соған дәлел. Поэзиямен бірге ол очерк пен әңгіме жанрында да қалам тербеп, қоғам өмірін, еңбек адамдарының бейнесін суреттеді. Бұдан бөлек, ақын балалар әдебиетіне де үлес қосып, жас оқырманға арнап қарапайым тілде тәрбиелік мәні зор өлеңдер жазды. Мәуленов орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А.С. Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А. Некрасов, Т.Г. Шевченко, В.В. Маяковский, А.А. Блок, С.А. Есенин, Н.С. Тихонов, М.А. Шолохов, Ә. Науаи тағы басқа шығармаларын қазақ тіліне аударды[1].

Сырбай Мәуленовтің әдеби тілі қарапайымдылығымен және көркем бейнелілігімен ерекшеленеді. Оның мақалаларында ойы анық, терең әрі публицистикалық леп басым болса, өлеңдерінде әсем сипаттау, суреткерлік нақыш айқын көрініс табады. Ақын табиғат құбылыстарын да, адам көңіл-күйін де қысқа әрі әсерлі жеткізе біледі, сондықтан өлеңдері шағын көлемді болып, оқуға жеңіл, есте сақтауға қолайлы. Очерктерінде нақты дерек пен көркем тіл үйлесім тауып, кейіпкердің болмысын шынайы суреттейді. Менің ойымша, Мәуленовтің тілі - оқырманға бірден әсер ететін, жүрекке жететін тіл. Оның шығармаларының өміршеңдігі де осында: қарапайым сөзбен үлкен ойды жеткізе білуінде.

Сырбай Мәуленов шығармашылығының елеулі бөлігі тарихи оқиғаларға, әсіресе соғыс жылдарына арналған. Ақын өзі де Ұлы Отан соғысына қатысып, майдан шебінде жүріп қалам ұстағандықтан, оның өлеңдерінде солдаттың жан күйі, жауынгердің Отанға деген сүйіспеншілігі, ерлік пен қайсарлығы шынайы бейнеленеді. Мәуленов соғыстың қасіретін ғана емес, сонымен қатар халықтың сол кезеңдегі ауыр тұрмысын, елдің қиын-қыстау жағдайдағы тағдырын да көркем тілмен суреттейді. Оның поэзиясында жауынгердің сағынышы, туған жерге деген махаббаты, халықтың бірлігін сақтау

жолындағы күресі айқын сезіледі. Сондықтан оның тарихи сипаттағы шығармалары тек соғыс шындығын жеткізіп қана қоймай, халықтың рухын, өмірге деген сенімін де көрсететін құнды мұра болып табылады.

Автордың балаларға арналған шығармалары мазмұн жағынан жеңіл, тілі қарапайым әрі түсінікті болып келеді. Ақын өлеңдерінде табиғат сұлулығын, жан-жануарлардың қылығын, балалардың ойы мен қиялын бейнелі түрде суреттеп, жас оқырманды мейірімділікке, еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке баулиды. Мәселен, «Бала марал» сияқты өлеңдері балаларға арналып, шағын көлемде жазылғанымен, тәрбиелік мәні зор. Бұл туындылардың ерекшелігі – баланың дүниетанымына сай ойды жеткізуінде және өмірдің қарапайым құбылыстары арқылы үлкен адамгершілік сабақтарын беруінде. Мәуленов балаларға арнаған өлеңдерімен жас ұрпақтың қиялын оятып қана қоймай, олардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік пен адамгершілік сезімін қалыптастырды.

Мәуленов балаларға арнап "Барлаушы бал" (1961), "Құлыншақ", "Бала жолбарыс" (екеуі де 1963), Амангелді Имановтың балалық шағы туралы "Қорқақ торпақ" (1968) тағы басқа өлеңдер жазды.

Сырбай Мәуленов газетке екінші рет 1973 жылдың наурызынан 1977 жылдың сәуір айына дейін басшылық еткен. Осы уақытта да әдеби апталықта балалар әдебиеті туралы мақалалар жиі басылған. Соның бірі – жазушы Танаш Дәуренбековтің «Балаға балдай сөз керек» атты мақаласы. Автор мақаласын осы күні де жиі айтылатын мынадай пікірімен бастайды: «Бүгінгі балалар прозасының бағдары сөз болса, осыдан көп жыл бұрын қалыптасқан тізімнің басында Бердібек Соқпақбаев пен Сансызбай Сарғасқаев жүретініне құлағымыз үйреніп, көзіміз қанығып болған». Әрі қарай «…Бердібектен кейін әдебиетке келіп қосылған жазушылар творчествосы көбіне еленбей, аттары тек жуан тізімнің соңынан көрініп жүретін жағдайлар мен босқа дәріптелетін кітаптар қаншама», – дей келе, сөзін былайша жалғайды: «Мұның екі түрлі себебі бар ғой деп ойлаймыз[2].

Негізінен автордың тілі қарапайым, оқуға, жаттауға жеңіл. Автордың болмысы тәрізіді. Мұзавар Әлімбаев өз естелігінде «Көп сөзді емес, нақты істің адамы» деп пікір білдіреді. Автодың көптеген шығармаларанан осы болмысты байқауға болады.

Өлеңдерінің көпшілік бөлігі екі шумақтан, әр шумақ төрт тармақтан, әр тармақ сегіз-10 бунақтан тұрады.

Шығармалары балалардың қиялын дамытуға, адмгершілікпен еңбекқорлыққа дәріптеуге бағытталған.

Мәселен, *Ақ бұлттар ауып барады*
Айдында жүзген аққудай.
Ақ бұлттар ауып барады
Аспандағы ақ тудай.
Ұзатылған ақ қыздай,
Бара ма кетіп жат жұртқа.
Қиял бір тыным тапқызбай,

Телміртеді ақ бұлтқа-деген өлеңінде, қарапайым табиғи көріністің өзін автор әсем суреттейді, оңай теңеулермен оқушының қиялын, сөздік қорын дамытады. Жайғана көшкен бұлттың бейнесі ғана емес оны автор өзге құбылыстармен салыстыру арқылы бала танымын дамытады[1, 55-б.].

Оятамын бұлбұлдарды
Оятамын ұйықтап қалмасын деп.
Оятамын армандарды

Әлемді шарласын деп-бір шумақтан құралған өлең. Табиғатты жанды етіп, оған адамға тән қасиет (ұйықтау, ояну) беріп отыр. Өлең жеңіл және бала тілін дамытады, ойландырады.

Көкті бұлттар жабады,
Жерге ақ қар жауады.
Көкте бұлттар ауады

Ақ қар еріп ағады.
Көкті бұлттар жабады
Қыстың соңғы қары бұл.
Көктем есік қағады

Төр сонікі бәрібір,- деп жылдын кыс жане көктем мезгілдерінің әдемі ауысымын суреттеп көз алдына елестете отырып киялға жетелейді[3, 78-б.].

Тауды көрсең күн көзімен таласқан,
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан,
Менің байтақ республикам таулары
Менің көгім мөлдіреген сол аспан.
Дала көрсең көкжиекпен ұштасқан,
Көлді көрсең секілді бір түскі аспан[4, 37-б.]. «Менің Республикам» өлеңінде елге деген сүйіспеншілік дәріптеледі. Автордың көптеген шығармаларында Отанға деген сүйіспеншілік, елге жерге деген құрмет дәріптеледі.

«Қазақстан», «Отан туралы жыр» - туған жердің сұлулығын, табиғатын суреттеп, оны қорғау әрбір азаматтың борышы екенін айтады.

«Жеңіс жыры», «Сарбаздар жыры» - майдан тақырыбында жазылып, Отан үшін күрескен ерлердің ерлігін мадақтайды.

«Отан үшін» - соғыс жылдарындағы жауынгердің елге, туған жерге деген адалдығын бейнелейді.

«Достық жыры» - халықтар арасындағы ынтымақ пен бірлікті жырлайды.

«Қазақ пен орыс» - қазақ пен орыс халқының арасындағы достықты, соғыс кезіндегі бауырластығын бейнелейді.

«Достарға» - майдандас жолдастарына арналған өлең, ерлікті, бір-біріне деген сенімді жырлайды.

Бұл өлеңдерінде ақын достықты тек жеке адамдар арасындағы қатынас емес, халықтар бірлігінің символы ретінде қарастырады. Өлеңдерінің негізгі идеясы – шынайы достық елді сақтайды, адамды рухани байытады деген ой.

Сырбай Мәуленовтің достық, отансүйгіштік, еңбекқорлық, адамгершілік туралы өлеңдері балалардың тәрбиесіне тікелей ықпал етеді. Мұны былай түсіндіруге болады:
Отансүйгіштік өлеңдері – («Менің Республикам», «Қазақстан», «Отан үшін»)
Баланың туған жеріне мақтанышпен қарауына, елін қорғау сезімін оятуына көмектеседі.
«Отан – отбасынан басталады» деген ойды сіңіріп, патриоттық рухты қалыптастырады.
Достық туралы өлеңдері – («Достық жыры», «Қазақ пен орыс», «Достарға») Баланы сыйластыққа, адал достыққа үйретеді. Әр халықтың достығы мен татулығын дәріптеу арқылы ұлтаралық түсіністікке тәрбиелейді.
Адамгершілік пен еңбек туралы өлеңдері балаларға еңбектің қадірін түсіндіреді, адалдық пен қарапайымдылыққа баулиды.
«Жақсы болу үшін еңбек ету керек» деген ойды ұқтырады.
Соғыс кезеңін суреттейтін шығармалары - балаларды бейбітшіліктің қадірін түсінуге, үлкендердің ерлігіне құрметпен қарауға үйретеді. Ерлікке, батылдыққа баулиды.

Сырбай Мәуленов шығармаларын мектеп оқушыларына жүйелі түрде оқыту - олардың ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастырады. Әсіресе 5-сыныптан бастап жоғары сыныптарға дейін ақынның табиғат, достық, еңбек, адамгершілік, Отан тақырыптарына арналған өлеңдерін кезең-кезеңімен талдату тиімді. Себебі бастауыш буынды аяқтаған бала енді әдеби мәтінді тереңірек қабылдай бастайды. Осы тұста әдебиет пәнінің мұғалімі өз біліктілігіне сүйеніп, шығарманың көркемдік қырларын түсіндіріп қана қоймай, оның тәрбиелік мәнін ашып көрсетуі керек.

Мұғалім үшін маңыздысы – оқушыларға дайын талдау ұсынып қою емес, олардың өз бетінше ойлануына, пікір айтуына мүмкіндік беру. Мысалы, соғыс тақырыбындағы өлеңдерді талқылағанда бейбітшіліктің құндылығы туралы ой өрбіту, табиғат туралы жырларын оқығанда туған жерді аялау қажеттігін түсіндіру, достық жырларын

қарастырғанда сыйластық пен бірлік туралы пікірталас ұйымдастыруға болады. Бұл тәсіл оқушылардың әдеби талдау дағдысын дамытады әрі олардың бойында адамгершілік қасиеттердің орнығуына әсер етеді.

Сонымен қатар, мұғалім оқушыларға таңдау құқығын беруі маңызды. Яғни, ақынның бірнеше өлеңін ұсынып, соның ішінен ұнағанын таңдап оқуға, талдауға, жаттауға мүмкіндік беру – баланың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады. Бұл оқыту әдісі қазіргі заманғы білім берудегі тұлғалық-бағдарлы оқытудың негізгі талаптарына сай келеді.

Сырбай Мәуленов шығармашылығын мектеп тәжірибесінде кеңінен қолдану – тәрбиелік әрі әдістемелік тұрғыдан маңызды. Ақынның өлеңдері мен әңгімелерін тек әдебиет пәнінде талқылаумен шектелмей, оларды тәрбие сағаттарында пайдалану – оқушылардың рухани дүниесін байытуға, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге жол ашады. Мысалы, «Отан», «Достық», «Табиғат» тақырыптарына арналған шығармаларын арнайы тәрбие сағаттарының мазмұнына енгізу арқылы оқушының патриоттық сезімін оятып, достыққа адал болуға, туған табиғатты аялауға үйретуге болады.

Сонымен қатар С.Мәуленовтің шығармаларын негізге алып, арнайы оқу бағдарламасын құруға да мүмкіндік бар. Мұндай бағдарлама «Қазақ балалар әдебиетінің таңдаулы үлгілері» немесе «Ақын шығармашылығындағы рухани құндылықтар» сияқты таңдау пәні ретінде енгізілсе, ол оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Әр сынып деңгейіне сәйкес тақырыптарды бөліп, мысалы, орта буынға – табиғат пен достық тақырыптары, жоғары сыныптарға – Отан, еңбек, соғыс жылдарының шындығы жайлы өлеңдерді оқыту арқылы жүйелі тәрбие беруге болады[7].

Мұғалімнің басты міндеті – оқушыға дайын білімді жеткізу емес, керісінше оларды ойландыру, пікір айтуға, өзіндік көзқарас қалыптастыруға бағыттау. Осы ретте ұстаз оқушылардың рухани дамуын ғана емес, тілдік қабілеттерін де қадағалауы қажет. Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыту, жаттау, талдау барысында оқушылардың сөздік қоры молайып, ойды жүйелі жеткізу дағдылары қалыптасады. Сонымен бірге жазба жұмыстарын ұйымдастыру – эссе, пікір жазу, өлеңге талдау жасау – олардың шығармашылық қабілетін дамытады.

Демек, Сырбай Мәуленов шығармаларын оқу-тәрбие процесінде кешенді қолдану оқушыларды жан-жақты жетілдіруге ықпал етеді. Мұндай тәсіл жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімін, достық пен адамгершілік қасиеттерін нығайтып, әдеби тілдің байлығын меңгеруге жол ашады.

Сырбай Мәуленов тек ақын ретінде ғана емес, редактор әрі журналист ретінде де қазақ әдебиетіне, соның ішінде балалар әдебиетіне ерекше үлес қосты. Ол шығармашылықпен қатар баспасөз саласында да жемісті еңбек етті. «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналының редакциялық алқасында қызмет атқара жүріп, жас қаламгерлердің шығармаларын жариялауға, олардың әдеби ортаға келуіне ықпал етті. Әсіресе балалар әдебиетіне арналған өлеңдер мен әңгімелердің баспасөз бетінде жарық көруіне қолдау білдірді. Бұл – оның тек өз шығармашылығымен ғана емес, ұйымдастырушылық еңбегі арқылы да балалар әдебиетінің дамуына үлес қосқанын көрсетеді[8].

Сонымен бірге Мәуленов көптеген мақалалар мен очерктер жазды. Оның очерктерінде балалардың өміріне, олардың арманы мен еңбегіне, сонымен қатар қоғамдағы тәрбиенің орнына қатысты құнды пікірлер айтылды. Журналистік еңбегінде ол әдебиеттің жас буын үшін тәрбиелік мәнін айқындап, балаларға арналған көркем дүниелердің сапасына назар аударды.

Ақын бірнеше жинақтардың құрастыру жұмысына атсалысты. Балаларға арналған өлеңдері мен шағын әңгімелері жеке кітап болып та жарық көрді. Мәселен, «Құлыншақ», «Жыл құстары» сияқты жинақтары жас оқырмандарға жол тартты. Бұл шығармаларында ол балаларға табиғатты аялауды, еңбексүйгіш болуды, достық пен мейірімділікті дәріптеді.

Осылайша, Сырбай Мәуленов редактор, журналист, ұйымдастырушы ретінде де қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуына үлес қосып, жас ұрпақтың әдеби талғамын тәрбиелеуде айрықша рөл атқарды.

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген ірі тұлға, оның шығармашылық мұрасы тек қана поэзия саласымен шектелмей, балалар әдебиетінің дамуына да зор үлес қосты. Ақынның балаларға арналған өлеңдері мен шағын әңгімелері жас ұрпаққа еңбекқорлықты, адалдықты, ізгілікті дәріптеп, туған табиғатты қастерлеуге үйретеді. Балаларға арналған шығармаларының ерекшелігі – жеңіл тілмен жазылып, бейнелі ойды шағын көлемде жеткізуінде. Бұл туындыларды оқыған жас оқырман адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп, ұлттық құндылықтарды танып-біледі.

Сонымен қатар, ақынның шығармашылығы соғыс кезеңімен тығыз байланысты. Майдангер ақын ретінде ол сарбаздардың жан күйзелісін, халықтың ауыр халін, тарихи кезеңнің шынайы суреттерін терең бейнелеп көрсетті. «Соғыс поэзиясының сыршылы» атанған С.Мәуленов шығармаларынан халқымыздың басынан кешкен қасіреті мен үміт оты қатар сезіледі. Ол тек қана майдангердің ғана емес, халықтың жүрегіндегі үміт пен сенімді жеткізуші болды.

Әдебиет зерттеушілері де Сырбай Мәуленовтің поэзиясына жоғары баға береді. Белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев оның қарапайымдылығы мен нақты іс адамы болғанын атап өтсе, сыншылар ақынның балалар әдебиетіндегі орнына айрықша тоқталады. Өйткені ол балаларға арналған поэзияны тек тәрбиелік құрал ретінде ғана емес, көркемдік деңгейі жоғары әдеби дүние ретінде қалыптастырды.

Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы – қазақ әдебиетінің бір алтын арқауы. Оның поэзиясы мен прозасы халықтық рухты, ұлттық құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, тарихи оқиғаларды көркемдікпен жеткізді. Балаларға арнаған шығармалары қазақ балалар әдебиетінің дамуына жаңа тыныс беріп, кейінгі буын қаламгерлерге жол ашты. Ақынның мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін де, келешек үшін де таусылмас рухани қазына болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Мәуленов С. Шығармалары. (Құраст. Сақып-Жамал Мәуленова). – Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2013. Т.1.:Өлеңдер. – 320 б.

2 Сырбай Мәуленовтің тұсындағы «Қазақ әдебиетіне» қысқаша шолу. https://qazaqadebieti.kz/22951/balalar-a-debiet-kerek

3 Мәуленов С. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1972.

4 Мәуленов С. Құлыншақ. – Алматы: Балалар әдебиеті, 1978.

5 Мәуленов С. Жыл құстары. – Алматы: Жазушы, 1980.

6 Қирабаев С. Қазақ поэзиясындағы соғыс тақырыбы // Қазақ әдебиеті тарихы. - Алматы: Ғылым, 1998. – 224 б.

7 Нұрқатов А. Қазақ совет әдебиетінің поэзиясы. – Алматы: Мектеп, 1987.

8 Кекілбаев Ә. Әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Рауан, 1992.

9 Қазақ әдебиеті: Оқулық-хрестоматия / Құраст. З.Қабдолов, С.Қирабаев. -Алматы: Мектеп, 2005.

Ақбалина Дильназ Нұрбекқызы,
Әлкей Марғұлан атындағы №71 ЖББОМ
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

Қазақ даласы қашанда өнерден кенде болмағаны белгілі. Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім бірсыпыра ұлт жанашырлары қазақ тарихында өз ізін қалдырып кетті. Әсіресе, халқымыз аштықты да, соғысты да, тәуелділікті де, тәуелсіздікті де бастан кешсе де, ұлттық болмысын, рухани биіктігін жоғалтпаған ХХ ғасыр – қазақ әдебиетін жалпы адамзат әдебиетінің даму деңгейіне көтерген ерекше дәуір. Әлемдік мәдениет қаншама жанрлар мен рухани ізденістерге толы болса, сол ізденістердің барлығына қазақ әдебиеті де өзіндік үлес қосып, рухани тұрғыдан кемелдене түсті. Бұл тұста қазақ руханиятына дем беріп, әдебиетіміздің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне ықпал еткен аса ірі тұлғалардың бірі – Сырбай Мәуленов екені сөзсіз. Сосын да болар, қазақ поэзиясының тарихында Сырбай Мәуленовтің есімі аса құрметпен аталады. Алғашқы өлеңге әуестігін соғыстан бұрын бастап, ақындық талантын Отан соғысының майданында ұштаған Сырбай содан бергі дәуірдің бәрінде де белсенді ақындық өнерімен көзге түсті. Ол қазақ поэзиясына өзіндік өрнегін, шеберлігін, жаңалығын алып келіп, өзінен кейінгі ұрпақтың осы жолдағы ізденісіне үлгі болды. Қазақ өлеңінің ерен жүйріктерінің қатарынан орын алды. Қазақ өлеңін көпсөзділіктен арылтып, көлемі шағын, ойға, сезімге бай, суретке толы, мазмұнды лирика жасауда Сырбай өзінен кейінгілерге ғана емес, ағаларына да жол-жоба көрсетті. Оның ұйқасы темірдей, мазмұны мен түрі жұп-жұмыр, шындықты көркем бейнелеуімен, өзінше тануымен тек Сырбайдыкі деп қана ұғатын лирикалық жырлары өлең сүйер қауымның бәріне таныс.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы Жанкелдин ауданы Торғай ауылында туған. Бала күнінде туған жерінен жырақтап, Қызылорда облысына қоныс аударған. Сыр еліне айналған өлке Сырбайды өз бауырына басып, ақындық өнерін шыңдауға үлкен әсерін тигізді, шабытына шабыт қосты. Шығармашылығын туған жерге деген махаббат, бейбіт заманды аңсау, халық мұңына арнаған ақынның әдебиетте қырыққа жуық жыр жинағы қалды. Осы орайда Сырбай Мәуленовтің ақындық талантының шарықтауы Ұлы Отан соғысы жылдарына тура келгенін айтпай өтуге болмайды. Иә, 1941 жылы бозбала Сырбай Мәуленов майданға аттанып, Волхов майданындағы ұрыстарға қатысты, Ленинград қоршауын бұзу кезінде ауыр жарақат алды. Солдат ретінде бастан өткерген осы тәжірибе оның ақындық дарынының берік іргетасын қалады. Сондықтан да оның шығармашылығында соғыс тақырыбының айрықша орын алуы мен сарбаздық рухтың анық көрініс табуы заңды құбылыс еді. Әсіресе 1941–1945 жылдары туған өлеңдері майдан шындығының тікелей әсерінен туғандықтан, олар окоптағы күнделікті өмірді, қаза тапқан сарбаздардың орны толмас қайғысын, Жеңістің қуанышын, патриоттық рухты және жауынгерлердің ең нәзік сырларын шынайы жеткізеді. «Сыраған соғыстың алдында Қызылордада өлең жаза бастады. Шын ақындыққа келуі, төселуі Ұлы Отан майданында өтті. Майдан өмірі көп адамды шындықтың не екенін, өмір мен өлім үшін күрестің не екенін ұқтырды. Сыраған солай ойшыл ақынның қалпына келді», - дейді белгілі ғалым Серік Қирабаев. Расында, Сырбайдың көзін аша көргені – әскери өмір, Ұлы Отан соғысының қанды қырғыны екені белгілі. «Әскери өмір менің өмірімнің мектебі болды», - деп оны өзі де айтқан. Сондықтан да өмір тануды халық тарихының ең бір қиын да күрделі жағдайында бастаған ақын санасын тез жетілдіріп, дүниеге ойлы көзбен қарай алды. Соғыста ол өлім мен өмірдің жекпе-жегін көрді, өлімнің өзімен жалғасып туындап жатқан өмірді таныды, шындықтың қоғамдық, адамдық мән-мағынасын терең пайымдады, адам сырына үңілді. Бұл жайлар алғашқы күннен-ақ ақынның соғыстың ауырлығын жеңілдетпей, шынайы күйінде бейнелей алуына жол ашты.

«Құлын» деген өлең өмірдің өзінен туған еді», – деп жазды автор. – «Волхов майданында қалың орман ішінде бір буаз бие толғатып жатқанда жанына пугас бомбасы түсіп жарылды. Айнала қып-қызыл өрт. Орман отқа оранды... шыртылдап жанған орман үстінде көкала түтін көлбейді. Сол бір сұрапылдың ішінен кісінеген құлын даусы естілді». Мұны ақын:

«Оттың ортасында
Шіркін, өмір,
Құлын боп кісінейді», – деп қорытады.

Волхов орманының соғыс оғы кескен түбірлерінен ол аяқ-қолынан айырылған мүгедек солдатты таниды.

«Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғансын деп,
Мың бір жырымды бердім», – дейді ақын «Жастығым, сені жоғалттым» деген өлеңінде. Ол осы жоғалтқан жастығының ізімен жүріп, өмір бойы соны жырлады. Оның жырының замандастарының көкейінен өшпес орын алатыны да сондықтан. Оның өлеңдеріндегі заман трагедиясы, адам басына түскен салмақ, өмір үшін арпалысқан адам еңбегі, тіпті жаңа мазмұн тудырған шығарманың түр өзгешеліктеріне дейін Сырбай қаламының құдіретін танытады. Сырбай өз заманының көп ізденгіш, ой-өрісі кең, көзі қырағы ақыны болды. Ол үшін жер бетіндегі тіршіліктің уақ-түйегі жоқ еді. Оның өлеңдерінің тақырыбы да, мазмұны да бай. Оқыған жанның көңіл көзін ашып, жарқын болашаққа жетелейтін құдіретке ие.

Соғыстан кейінгі онжылдықтарда Сырбай Мәуленов Қазақстанның белгілі халық ақындарының біріне айналды. Алайда майданның жаңғырығы оның жыр жолдарынан мәңгі өшпестей сақталды. Сол дәуірдің көптеген ақын-сарбаздары секілді, ол үшін соғыс туралы шындықты айту – азаматтық әрі шығармашылық парыз болатын. Соғыстың айқын бейнесін, оның қатігез шындығы мен қаһармандық рухын жеткізу – Мәуленов поэзиясының басты миссиясына айналды. Ақынның шабыт көзі от пен оқтан шығып, мәңгілікке соғыс өрті салған таңбасын бойына сіңіргендей болды. Сондықтан да арада жылдар өтсе де, оның өлеңдерінен майдан даласында бастан кешкен ащы тәжірибенің ізі сезіледі. Ол өзінің «Телтолқын» атты кітабында: «Соғыс мені күйретті де, көп нәрсеге үйретті. Тәніме мәңгі өшпейтін таңбасын түсірді. Әкемінің жақын інілерін жалмап, жаныма жазылуы қиын жара да салды. Соғыс тақырыбына айналып соға беретінім де сондықтан», – дейді. Жеңіс үшін Сырбай да үлес қосты. Ол қан майданда бір қолынан айырылды:

«Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім...»

Осылайша төрт жыл кескілескен ұрыс Сырбайды ақын ретінде де, адам ретінде де шыңдады. Соғыстан келген соң халықтың жай-күйін «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінде көрсетті.

«Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?» - деп оралмаған солдаттарды жоқтады.

Мәуленовтің әскери лирикасының басты ерекшеліктерінің бірі – майдан шындығын реалистік тұрғыдан бейнелеуі. Ақын өмірді әсірелемейді, шындықтан алыстамайды: оның өлең жолдарынан окоптағы ауыр тірліктің, қажытқан жорықтардың, түнгі шайқастардың қатал суреті айқын көрінеді. Мәселен, «Майдан жолында» атты өлеңінде Сырбай Мәуленов сарбаз жүрісінің бірсарынды монотондығын және ауырлығын бейнелейді:

«Жүре бердік түк үнсіз,
Үзіліссіз, тынымсыз.
Кірпік ілмей ұйқысыз,
Жүре бердік шылымсыз...»

Бұл шумақтардан жаяу әскердің барар жері, басар тауы белгісіз, алды тұман, арты өрт қасіретті жүрісі дәл сипатталады. Ол соғысты тек даңқтың сәулесі ретінде ғана емес, сонымен қатар үздіксіз жалғаса беретін күнделікті күйбең екенін, сарбаздың суыққа тоңып, аштыққа төзіп, қалжыраса да, шыдап, сәт сайын өлім қаупімен бетпе-бет келетінін көрсетеді.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов шайқас панорамасын шебер сипаттайды, ол үшін көрнекі бейнелік пен айқын дыбыстық образдарды кеңінен пайдаланады. «Майдан түні» атты өлең оқырманды түнгі ұрыстың қанды да үрейлі атмосферасына жетелейді. Ақын батыс көгіндегі қан қызыл шапақты суреттеп, кешкі күннің батқаны қызыл шатырға ұқсайды, ал оның ар жағында от жасырынып тұрғандай әсер береді. Аспан қараңғылығын қақ жарып, жан-жақтан сигналды ракеталар жарқ етіп, түннің қап-қара тыныштығын қақ бөледі. Осының бәрін бір өлеңге сыйғызады:

«Аспаны күн батыстың қызыл шатыр,
...Жан-жақтан ракета жарқылдайды,
...Үстіннен доп зуылдап, ажал ұлып» – деп жырлайды ол.

Ақынның соғыс туралы бейнелеген суреттері таңғаларлықтай кинематографиялық сипатқа ие. «Волхов» атты өлеңінде С. Мәуленов оқырманды Волхов өзенінің асау толқындарына жетелейді. «Долы ағын иіріліп, шұбатылып,
Толқыны тоқсан тоғыз бұратылып.
Шашылған зеңбіректің оттарындай,
Ақ көбік айдынында тұр атылып».

Сырбай Мәуленовтің осы бір «Волхов» поэмасындағы табиғат суреттері – поэтикалық символизмнің ең жарқын үлгілерінің бірі. Мұнда табиғат көрінісі тек фондық қызмет атқарып қоймайды, сонымен қатар тарихи шындықтың белсенді куәгері, соғыс драмасының қанды сахнасына айналады. Өзен бейнесі шайқасқа араласқан сарбаздай қимыл-қозғалысқа ие болып, тарихи оқиғалардың ішкі динамикасын жеткізеді. Ақынның «Өзен солдатша киініп, биікке көтерілгендей», - деп суреттеуі – табиғат пен адам тағдырын теңестіретін метафоралық шешім. Мұндай көркемдік тәсіл поэзиядағы антропоморфизмнің (табиғатқа адамдық сипат беру) дәстүрімен үндеседі, бірақ Мәуленовтің қолданысында ол жаңа мазмұнға ие болып, ұлттық соғыс лирикасының терең философиялық қырын ашады.

Сонымен қатар, отқа оранған тоғайлар мен «қызыл жалыннан өткен өзен» образы – сарбаздың тағдырын бейнелейтін метафоралық параллель. Өзеннің қозғалысы – сарбаздың тағдыры секілді тоқтаусыз, үзіліссіз. Бұл – шайқастағы адамның өмірлік миссиясын, қайсарлығын табиғат ағысының үздіксіздігімен салыстыру. Мұндай бейнелеу тәсілдері С. Мәуленовтің шығармашылық әдісін «реалистік символизм» деп атауға мүмкіндік береді: ол нақты соғыс суреттерін деректілікпен береді, бірақ сол суреттердің астарында терең символдық-метафоралық мағына жатады.

Сырбай Мәуленов поэзиясында сарбаз бейнесінің шынайылығы – оның ішкі дүниесін қоса ашуында. Ақын кейіпкерінің болмысында екі түрлі құбылыс қатар жүреді: бір жағынан – батырлық, қайсарлық, Отан алдындағы адалдық, екінші жағынан – сарказмға ұласатын мұң мен ашы шындықты мойындау. Осындай қарама-қайшылықтар тоғысы солдат психологиясының күрделілігін, соғыс шындығының тереңдігін ашады.

«Майдан жолында» өлеңінің соңындағы «Шіркін соғыс, соғыс па, Жаяу әскер болмаса!» деген жолдар – жалаң әзіл емес, майдан даласының әлеуметтік-психологиялық портреті. Бір қарағанда, бұл – шаршаған сарбаздың шағымы, ал шын мәнінде, ол бүкіл соғыстың шынайы бейнесін қысқа да нұсқа жеткізген афоризм. Өйткені соғыстың ауыр жүгін арқалап, оқ пен оттың ортасында ең көп қырылған да, ең көп қайрат көрсеткен де –

жаяу әскер болатын. Бірақ ресми тарихта даңқ пен салтанат көбіне авиацияға, артиллерияға, танк әскеріне берілген. Мәуленов осы қарапайым сарбаздың ішкі жан айқайын жеткізу арқылы оқырманды үлкен философиялық ойға жетелейді: майдандағы нағыз ерлік атақ-даңқтан гөрі қарапайым төзімділікте, шыдам мен қайсарлықта жатыр. Сарказм – осы төзімділіктің сыртқы көрінісі. Ол күлкіге ұласқан ащы шындық арқылы жауынгердің қайсарлығын, рухының биіктігін айшықтайды.

Осылайша, Сырбай Мәуленов поэзиясында соғыс тек сыртқы эпикалық сипатта ғана емес, сонымен бірге жауынгердің терең жеке сезімдері арқылы да ашылады. Ақын кейіпкерлері бірде қорқады, бірде үміттенеді, кейде әзілге жүгінеді, кейде мұңға батады; олардың достығы от ішінде шыңдалып, берік бола түседі. Әрбір атылған оқтың, әрбір суреттелген сәттің артында тірі адамның ыстық жүрегі тұрғанын оқырман анық сезінеді. Мәуленов поэзиясының адамилығы мен лирикалық нәзіктігі оны құрғақ баяндаудан ерекшелеп, әдебиеттің шынайылығын бағалай білетін әрбір жанға жақын әрі түсінікті етеді.

Сырбай Мәуленовтің әскери лирикасында ерекше орын алатын тақырыптың бірі – соғыстың қасіреті өшіре алмаған үлкен махаббат, қасіретке толы сүйіспеншілік. Жауынгер қашан да алыстағы үйін, сүйген жарын, анасын, туған жерін жүрекпен сүйіп өтеді. Бұл сезім майдан даласында оған қайсарлықтың, үміттің, кей сәттерде тіпті үмітсіздіктен құтқаратын тіршіліктің қайнар көзіне айналады.

Осы қатардағы ең әсерлі туындылардың бірі – «Қош бол, сәулем». Бұл – майданға аттанған сарбаздың сүйікті жарына айтқан қоштасу сөзі, ол бір мезетте адалдық анты да, мәңгілік айырылысуға дайындық та болып естіледі. Алғашқы жолдарынан-ақ кейіпкердің соғыс алдындағы қайсарлығы мен сүйгеніне деген нәзік сезімі қатар өріледі:

«Қош бол, сәулем, қан майданға жөнелдім,
Жаным барда жаудың жолын бөгермін...»

Бұл жолдарда сарбаздың туған елін қорғау жолындағы табандылығы мен сүйікті жанға деген адалдығы біртұтас бейнеге айналады. Бұл өлең жолдарынан асқақ патриоттық пафос айқын сезіледі – лирикалық кейіпкер тірі жүргенде жауды туған шаңырағына жолатпаймын деп серт береді. Оның әйелге деген махаббаты мен Отанға деген сүйіспеншілігі ажырамайды. Отаны үшін шайқасу – сүйген жарын қорғау деген ұғыммен сабақтас. Ақын ары қарай қоштасу бейнесі арқылы ықтимал қаза мен айырылыстың қасіретін ашады. Кейіпкер сүйіктісіне өзін есте сақтауды өтінеді, бірақ мәңгі күте бермеуін, егер ол оралмаса, тағдырға мойынсұнуын сұрайды. Жүректі шымырлатар мынадай жолдар осы тұста ерекше әсерлі естіледі:

«Жылағанмен өлген адам оралмас,
Бұлбұл қайтып бақшасына қона алмас.
Сүйіп-ақ қой басқа жанды, сонда да,
Нақ өзімдей бір сен үшін бола алмас».

Мәуленовтің окоп жырларындағы сарбаздың ішкі рухын берік ететін күш – махаббат. Қысқа ғана «Жалғас жүрек» өлеңінде ақын сүйген жарымен рухани байланысын айшықтайды.

«Жүрегіміз жалғасып,
Тілегіміз ұштасқан.
Сол ұштасқан тілегің
Бермес мені өлімге».

Махаббаттан туған бұл сенім сарбаз үшін қасиетті тұмарға айналады. Бұл романтикалық сарын ақынның әскери лирикасына өзгеше нұр береді – соғыстың қараңғылығын жарып өтетін, өлімнен де күштірек сезімнің мәңгі сәулесін паш етеді.

Сырбай Мәуленов соғыстың қасіретті мектебі адамды өмірдің әрбір сәтін бағалауға, сұлулықтың ең қарапайым да нәзік бояуларын қадірлеуге қалай үйреткенін поэзиясында айрықша шеберлікпен суреттейді. Окоптың тар қапасында отырған жауынгер үшін бір тілім қара нан да, тыныш түнде жұлдызды аспанға көз тігу де, алыста қалған туған үйдің

елесі де шексіз қуаныштың бастауы еді. Тіпті оттың ішінде жүрсе де, кейбір жолдарында табиғатқа деген шынайы іңкәрлік сезіліп тұрады. Ақын бір өлеңінде майданнан кейін сарбаздың аспанға көз тігіп, Невадан ескен самалды сезініп, бір сәтке соғысты ұмытып, әлемнің мәңгілік сұлулығына сүйсінгенін бейнелейді. Бұл сұлулық – соғыстың мәнін айқындап тұрғандай: жерді, елді, бейбіт өмірді сақтау үшін күрес. Жауынгердің қанды ұрыстың ортасында жүріп осылайша тыныштыққа, әсемдікке іңкәр болуы – өлімнің қасында туған өмірге құштарлықтың ең айқын көрінісі. Мәуленовтің лирикалық кейіпкері іштей: «Тірі тұрғанда әр сәттің дәмін сез, әр бейбіт суреттің қадірін біл, себебі ертеңгі күн бұйырмауы мүмкін», - деп тұрғандай.

«Біз бала кезімізден бастап Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, Сырбайша сөйлеуге ұмытылып өскен ұрпақпыз. Қазіргі әдебиеттегі алпысқа келгендер мен төменгі буынның барлығының әдеби болмысында Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар десем, асыра айтқан болмаспын. Сырбай – тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел тұлға. Бұл тұрғыдан келгенде, Сырбай – қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі...» - дейді халық жазушысы Әбіш Кекілбаев. Шын мәнінде де, классик деп әрбір дарынды ақын мен жазушыны айта беруге болмайды. Әдебиетте өз ізін қалдырып, сара жолын өшпестей етіп салып кеткен, әдебиеттің өзіне айналып үлгерген Сырбай Мәуленовтей тұлғаларымыз ғана осы атқа лайық. Ақын шығармашылығы арқылы біз окоп шындығын, сарбаздық рухтың боямасыз көрінісін, қасірет пен мақтаныш қатар өрілген екұдай сезімді сезінеміз, өмір мен өлімнің мәңгілік сұрағына жауап іздейміз. Ақырында Сырбай Мәуленов жырлаған сарбаздық рухтың шынайы ерлік пен адамгершіліктің гимні екеніне көз жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. С.Қирабаев «Соғыс кезіндегі қазақ поэзиясы»
2. С.Оспанов «Сырбай Мәуленов– журналист, публицист»

Алдибекова Асемгул Аширбекқызы
Алматы қаласы
Наурызбай ауданы № 157 ЖББМ
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ

«Ақын өлеңдерінің барлығында дерлік көркемдік жинақтау, философиялық түйін бар. Өлең өзегі өмірдің өзінен алынғандықтан, С. Мәуленов поэзиясы еліміздің белгілі бір кездегі рухани-көркемдік шежіресіне айналды.»

Бекен Ыбырайым

Қазақтың озық лирик ақындарының бірі – Сырбай Мәуленов 1922 жылы Торғай обылысының Жангелдин ауданында туған. Әкесі Мәулен ел арасында өлең-жырларды жақсы білетін көзі ашық адам болған. Болашақ ақын алғаш Торғай мектебінде, кейін Қызылорда қаласында білім алады. 1938 жылы Қызылорда педагогикалық институтына түседі. 1940 жылы институтты бітіріп үлгермей әскер қатарына шақырылады. Бірақ денсаулығына байланысты көп ұзамай әскер қатарынан босатылған Сырбай 1942 жылға дейін Қостанай облыстық радио комитетінде әдеби қызметкер, ауылдық мектепте мұғалім болып істейді. Содан Ұлы Отан соғысына аттанады. Өз өмір жолында әрі аудармашы, әрі ақын, әрі майдангер, әрі публицист, әрі ұстаз, әдебиет саласына қомақты үлес қосқан.

Еңбек жолы:

1943-1950 жылы Қостанай облысы радиокомитетінде редактор, «Большевиктік жол»газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1951-1955 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редакция меңгерушісі.

1957-1961 жылы Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші,«Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары болды.

1964-1977 жылдары «Жұлдыз журналының », «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болды.

Тұңғыш өлеңі «Колхозшы» газетінде 1937 жылы жарияланды. С. Мәуленов – қырыққа жуық жыр жинақтарының авторы. Өлеңдері қазақ поэзиясының лирика жанрын дамытуға елеулі үлес ретінде қосылды.

Сырбай Қызылордада оқып жүрген кезден ақындық өнерге ұмытылады. Оның алғашқы өлеңі 1938 жылы Сырдария аудандық газетіне жарияланады.Кейін біраз өлеңдері облыстық газет бетінде жарық көреді. Алайда Сырбайдың ақындық жолына шындап бет бұрғаны Ұлы Отан соғысы кезінен басталды. Мәуленов орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А. С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.А. Некрасов, Т.Г.Шевченко, В.В.Маяковский, А.А.Блок, С.А.Есенин, Н.С.Тихонов т.б басқа шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970) 1-дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Ту» , «Халықтар Достығы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдарымен марапатталды. [1,232]

Сырбай Мәуленовтың «Секретарь», «Бір күн, бір түн», «Өлмес өмір» т.б поэмалары жарық көрінген.

Ақынның ең сәтті шыққан поэмасы «Өлмес өмір» поэмасы. Бұл көлемі шағын болғанымен әсерлі үлкен отты сөздерімен жазылған. Мұнда поэманың қаһраманы-Фучиктің бар өмірі бастан-аяқ баяндалмай, ақын чехословак халқының ер ұлының басындағы ең қиын шешуші кезеңді алып, соны жырға қосқан.

Сырбай Мәуленовтың шығармаларында туған жер, замандас және оның жасампаз еңбегі жарықын жырланады.

«Жолдас» (1954), «Жас жүрек» (1956), «Жол үстінде жалындар» (1963), «Жұлдыз жырлар» (1963), «Қызыл арша» (1969), «Шалқар», «Жалын», «Тау гүлдері» (1976), «Жұлдыз жүрек», «Алтын тасқын, «Жаңбырсыз күз» (1980) өлеңдері мен поэмалары жарыққа шыққан.

Сырбай Мәуленов - ақындық шабыты толқындай тасыған, кемерінен асқан теңіздей тебірене жырлаған жырлары, оқырманына ой салатын, тереңде жатқан ашылмаған алтын сандық! Ол не жазса да мағыналы,мәнді, ой қозғайтын, көркемдік ерекшелігімен ерекшелетін тың тақырыпта жырлаған. Өлеңдерінде сезімді терең толғаныс, адамның психологиялық ахуалы, табиғатты суреттегенде пейзажды көзіңе елестете отырып, оқығанда табиғат аясындай бірге жүргендей әсер аласың. Мысалы, С.Мәуленов мына өлеңін оқып қарайық:

Өзіндей ұяңсың сен ар - ұяттың,
Өзіндей қиялсың сен табиғаттың.
Өзіндей көкірегімеде ағып жаттың,
Жалындай көкірегімде жанып жаттың.
Кешкілік серуен құрып бақта жүріп,
Сыр шерттің ақ жаныңмен ақтарылып ;
Нұрымен көздеріннің қалды сонда
Жазылып жүрегіме автограф. [3, 25]

Шабытты жыр, сұлу сыр! Осы өлеңде сюжет бар ма? Жоқ, сюжет жоқ. Композиция бар ма? Бар болғанда қандай! Бәрінен бұрын ақынның көңіл күйінде, жан тебіренісінде, іштей тұтануы мен ұшқындауында бір түрлі бір әсем ажар, төрт құбыласы тегіс табиғи бүтіндік бар. Тек осындай ішкі әсемдіктен ғана мынадай саф таза сезім, шабыт пен сырға толы жыр туады. Содан соң ақынның ойы мен образында өзгеше үндестік бар: өзі өлеңге айналдырып отырған аяулы адамның ұяң мінезін кіршіксіз ар - ұятқа, болмыс - бітімін

арман секілді табиғатқа теңеуі немесе одан ұққан сырды көкіректегі әсем ағысқа, ол дарытқан сезімді кеудеде лапылдаған жалынға теңеуі өлеңнің өзін биік әдемілікке, өнер туындысындағы шебер қиысқан мазмұн мен пішінге тән ішкі гармония мен сыртқы симметрияға көтеріп әкеткен. Ақыр аяғында ақынның шындықты суретке, суретті философиялық ұғымға айналдыру әрекетінде де рет - ретімен тартылған желі, өрілген арқау бар. Артық кеткен, шашау шыққан ештеңе жоқ. Өлең жұп - жұмыр. Осының бәрі - ұтымды тұтасқан композицияның әсері.

Сырбай Мәуленовтің «Сарысу сағасында» өлеңінде көркемдегіш құралдардың бірнеше түрін қамтып жазған. Бұл өлеңінде табиғаттың ғажайып суретін бейнелеген. Ең негізгі ақынның өлеңіндегі түстерге мән беруі –ақынның шеберлік шыңы десек болады.
Сарысу сағасында өлеңінде ақын табиғатты былай жырлаған:

«Суының түсі сұрғылт сары мыстай, сабырлы
Сабырлы қалпыменен алып ұшпай.
Сарысу кезеді шөл сахарыны
Сарғайып мұңға батқан сағыныштай.
«Көрмейсің кеудесінен шағаланы,
Жиесіз ескі қыстау жағалауы.
Жұлдыздай бүршіктері жыңғылдарды
Ақырын оятады самал әні.» [1, 337]

Осы екі шумағын көркемдегіш құралдарға талдау жасап көрсек .Эпитеттерге бай құралған өлең жолдары. «Суының түсі сұрғылт сары мыстай» - өзен суын ерекше сипаттап тұр. «Иесіз ескі қыстау жағалауы» - қыстаудың қаңырап қалғанын суреттейді. «Көк жусанды құм аралы», - « қызғылт таң»,

«Мұнарлы тау» - табиғаттың бояуын береді. Эпитет арқылы ақын табиғаттың қалыбын, бояуын, көңіл - күйін жеткізеді. Ақын өлеңі метафораларға арнайы жазылғандай кең көлемді. « Сарғайып мұңға батқан сағыныштай» - өзеннің мұңды бейнесі сағынышқа баланған.

«Даланың үзілмейтін үмітіндей» - Сарысу мәңгілік өмірдің, үміттің символына айналды. «Жайынның секілденіп жон арқасы» - көл беті жайын балықтың арқасына теңелген. Метафора өлеңге терең ой, символдық мән береді. Сырбай ақынның осы өлеңінде теңеу былай суретелген « Суының түсі сұрғылт сары мыстай» - өзен түсін мысқа теңеу. «Секілді бал араның омартасы» - көл ортасының қозғалысы бал араның омартасына теңелген. « Қонақтай, ғасырлардың қойнауына қарайды» - жолаушылардың уақытқа үңілуін қонаққа теңейді. Сарысу сағасында өлеңіндегі кейіптеудің де сәтті қолданған.«Жұлдыздай бүршіктері жыңғылдарды ақырын оятады самал әні» - самал желдің жыңғылдарды оятуы. «Телкөлдің толқындары улап - шулап, жатады тойы бітпей» - көл толқындары адамша тойлап жатқандай. «Мұнармен көзін іліп мызғып тауы » - таулардың ұйықтап жатуы.Кейіптеу табиғатқа тіршілік тынысын дарытады.

Символдық бейнелер көптеп ұшырасады. Сарысу өзені - дала тарихының, халықтың жадындағы мәңгілік үміттің бейнесі. Телкөл, Шу - бірлік пен табысудың, қуаныштың белгісі. Аллитерация, ассонанс «Суының түсі сұрғылт сары мыстай, сабырлы қалпыменен алып ұшпай-«С»дыбысының қайталануы өзеннің екпінін күшейтеді.
«Құлын» деген өлеңінде ақын майдандағы Волхов батпағында, фугас бомбасы өртенген жерде биенің толғатып жатқанын есіне түсіреді. Сол биенің бүйіріндегі бүлкілдеп жатқан құлынды ол өлмес өмірге балайды.

... Ал оттың ортасында,
Шіркін өмір,
Құлын боп кісінейді,-деп қорытады өлеңді. [3, 158]

«Құлын» өлеңіне талдау жасайтын болсақ көркемдік ерекшелігін ашатын бейнел троп пен фигураның түрлері ерекше түрде жазылған. Бұл өлеңінде эпитеттерге талдау жасайтын болсақ:

«Шаршаған жол»-ауыр сапардың белгісі.

«Жерді өртеген қиын күн» -соғыстың қиындығы.

«Шашыраған көк жалын»-оттың қауіптілігін айқындайды. Эпитеттер арқылы ақын соғыс кезіндегі ауыр ахуал мен табиғаттың кейпі ашыла түседі.

Теңеу «Адамдай жапа шегіп қара мұңнан»-биенің толғағын адам қасіретіне теңесе, енді бір өлең жолында «Құлын боп кісінейді »-өмірдің ,тіршіліктің жаңғыруын құлынға балаған. Теңеу арқылы жануардың қайғысы мен тіршіліктің құндылығын адам тағдырымен салыстырады. Бұл әрі параллелизмге жатады. Метафоралық қолданысы былай жіктеуге болады:

«Тіршілік жолдасы бүлкілдейді биенің бүйірінде» -іштегі құлын өмірдің үміті ретінде алынған. «Шіркін өмір ,құлын боп кісінейді» -құлын –өмірдің символы. Метафора өлеңге терең философиялық мән береді соғыстың қасіретінде де өмір тоқтамайды деген тұжырымды айтқысы келген.

Осы өлеңінде кейіптеу «Сәби бір үн сағынған» -іштегі құлынға сәби қасиеті дарыған. «Орман іші үрейлі, ал оттың ортасында –шіркін,өмір құлын боп кісінейді» -өмір – жаны бар, қорғаушы кейіпке енген. Кейіптеу табиғат пен тіршілік адам тағдырымен бірлікте көрсетеді.

Сырбай ақын «Құлын» өлеңінде контраст бір-біріне қарсы қою арқылы бейнелеуі сәтті жазылған. Бұл өлеңді екі жақты алып қарастыруға болады .
Бір жағында-«фугас бомбасы», «жалын», «үрейлі орман»-өлім мен қасірет болса екінші жағында –«құлын», «тіршілік», «сәби үн»-өмір мен үміт тұр.

Контраст арқылы ақын соғыстың қанды алапатында да өмірдің жалғасатынын меңзейді.

«Жастығым, сені жоғалттым» өлеңінде Сырыбай балғын жастық шағы сұрапыл соғыста қалғанын айтса, «Мың қолдар сау болсын» деген өлеңінде ел қамы, халық тіршілігі үшін қанын төккен патриот ердің образын жасайды.

Мың қолдар сау болсын деп,-
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғасын деп,-
Мен бір жолымды бердім,
Мың гүлдер солмасын деп,-
Гүлдей жастық күнімді бердім,
Мың ақын толғасын деп,-
Мен бір жырымды бердім.[2, 20]

Соғыстың халық басына түскен мен қайғысы «Соғыс қайтқан солдаттар» өлеңінде психологиялық тұрғыда жақсы шешілген. Осы бір шағын өлеңінде баласына күткен ата-ана, жарын күткен ару, әкесін күткен сәби қайғысы солардың«көрдің бе?»деген сұрағын, жауап таппай үнсіз түнерген солдаттаың сезіміне қосылып, үлкен ойлы суретке айналады. Бұл өлеңінде «гүлдей» сөзі теңеу болса, «мың ақын толғасын деп» -мұнда «ақын толғасын» ұғымы ақындардың жырлары, шығармашылық мұрасы мағынасында қолданылған –метонимия болып келеді.

Синекдоханы да өз кезегінде осы өлеңінде сәтті қоланып былай жырлаған:
«Мың бір қолды бердім» -қол сөзі бүкіл адамды (қауым, халық) білдіреді. Яғни,бүтінді бөлшек арқылы беру –синекдоха болады. Осы өлеңіндегі эпитеттер «жастық күнімді», «мың ақын толғасын», «мың бір жол» -мың сөзі көптікті әсерлеп көрсетіп, ерекше әсерлі сандық эпитет қызметін атқарып тұр. Бұл өлеңінде «жол» -тек өлең жолы емес, тағдыр ,өмірлік мұраттың символы. «Қол» -күш, қолдаудың,бірліктің символы. Метафоралар «Мен бір жырды бердім» -ақынның шығармасын «беру» әрекетіне теңеу арқылы метафора жасалып –сыйлау, ұсыну ретінде мағынаға ие болады. «Мың жолдар жалғасын деп» -«жол» сөзіне жыр, поэзия, дәстүр жалғастығы ретінде мәнге ие болады.

Ақын өлеңдерінде бейнелілік басым келді.Ол нақты көріністі жадында сақталған елестер, естеліктер арқалы жаңғырта, жаңғырта суреттейді. Соның мысалын «Түбірлер» өлеңінен көруге болады.

Көрінеді
Орманнан
Түбірлер.
Айырылған
Бұтақ қолдардан
Түбірлер.
Мүгедек солдат секілді
Түбірлер.
Оқ жұлғандай етімді-
Жүрегім тулап дүбірлер,
Кезеріп ернім күбірлер,
Соғыс не?

Менен біліңдер!- деп тұрғандай түбірлер.Түбір арқылы ақын соғыс апатын, оның адамзатқа әкелген алапатын еске салады, көзге елестетеді. [2, 25]

Осы аталған өлеңдеріндегі заман трагедиясын, адам басына түскен салмақ, өмір үшін арпалысқан адам еңбегі,тіпті,жаңа мазмұн тудырған шығарманың түр өзгешеліктерне дейін Сырбай қаламының құдіретін танытады.

«Түбірлер» өлеңіндегі көркемдегіш құралдарға талдау жасайтын болсақ ақын өлеңді терең толғаныста жазған. «Мүгедек солдат секілді түбірлер» -түбірлерге аянышты ,соғыстан жарақат алған бейне беріліп эпитет болып тұр. «Оқ жұлғандай өтімді»-соғыстың ауыр зардабын суреттеуде эпитетті қолданған. Теңеу бұл өлеңде «мүгедек солдат секілді түбірлер»-соғыс салдарынан жаралы, қол-аяғынан айырылған солдатқа теңеу арқылы бейнесі берілген. Метафораларға талдайтын болсақ «Кезеріп ернім күбірлер »-түбірлердің күбірін адамның қиналған сөзіндей қабылдау. «Жүрегім тулап дүбірлер»-соғыс зардабы жүрек соғысына теңеген.«Оқ жұлғандай өтімді»-жан жарасын оқтың ізімен салыстырған. Кейіптеу «Соғыс не?! Менен біліңдер деп тұрғандай түбірлер» -түбірлерге адамша сөйлетеді. Бұл жерде кейіптеу табиғат «түбір» соғыстың қасіретін жеткізуші кейіпке енген. Қайталауға талдайтын болсақ «Түбірлер» сөзі бірнеше рет қайталанып, өлеңнің негізгі символына айналған . Символдық жағынан осы өлең үлкен мәнге ие. Түбірлер-соғыс салдарынан қираған,өмірден айырылған адамдардың,мүгедек жауынгердің, халық қасіретінің символы. Ақын түбірді соғыс табиғи құбылыс ретінде емес,соғыс қасіретінің көрінісі ретінде суреттеп,адамзатқа бейбітшіліктің құндылығын жеткізеді.

Ақын «Шөңге» өлеңінде туған жерге сағынышын сезіммен жырлаған.

«Туған жердің шаңдатытып төсін бүгін,
Айды түнде шарлаймын Тосын құмын.
Өткелінен аттаймын Қарғалының,
Толқынына жанымның қосып жырын.
Балтыр түріп жүгірген баладай - ақ,
Табаныма бір шөңге қадалғанда,
Баяғыша жыңғылдар қарады аяп.
Қалып қойған құмның бір кеудесінде,
Өткен күнім оралып келді есме.
Сағынышпын, дариға, туған жердің
Гүлі тұрсын, тікенек - шөңгесін де.
Көз бұлдырап, елжіреп барады ішім,
О, туған жер, сен күнсің балаң үшін.
Қалтама сол шөңгеңді салып алдым,

Бала күнді еске алып қарау үшін. »-деп аяқтаған. Енді өлеңге талдау жасайтын болсақ, Эпитеттері былай жырланған: «Шаңдатып төсін» - туған жердің кең даласын бейнелейді. «Айлы түн»-табиғаттың әсем сәтін суреттейді. «Жалаңаяқ бала» -еркіндікпен балалықты көрсетеді. «Баяғыша жыңғылдар қарады аяп» - табиғатқа жан бітірілген әсерлі

суретті жазған. Метафораларды да шебер суреткерлікпен жырлаған. «Толқынына жанымның қосып жырын» - Қарғалы өзенінің толқынын ақын жанымен теңестіреді. «Өткен күнім оралып келді есіме» - өткен шақ пен естеліктерді «оралу» қимылмен береді. «Сен күнсің балаң үшін» - туған жер күн бейнесінде, жылу мен өмір сыйлаушы ретінде бейнеленген. Теңеулерде балалық шақтың суреттерін былай жырға қосқан, «Балтыр түріп жүгірген баладай – ақ» - ақынның құм кешуі бала күнгі бейнесімен салыстырылады. «Көз бұлдырап, елжіреп барады ішім» - жан дүниесінің әсері көру мүшесіне теңелген. Кейіптеулерге талдау жасасақ, «Жыңғылдар қарады аяп» - өсімдіктің адамша аяушылықпен қарауы. Табиғаттың туған жерге деген мейірімін бейнелейді. Символдар мен мәні. Шөңге - балалық шақтың ащы да тәтті естелігі, туған жермен байланыс нышаны. Қалтасына салып алу - туған жердің әрбір белгісін жүрекке түйіп, мәңгілік естелікке айналдыру. «Туған жер» сөзінің - туған жерге деген сағыныш пен ыстық махаббатты күшейтеді. Өлеңде эпитет, метафора, теңеу, кейіптеу, символы, қайталау көркемдік құралдары кеңінен қолданылған. Барлығының негізгі қызметі - туған жердің қымбаттығын, балалық шақтың ыстық естелігін, туған топыраққа деген перзенттік сүйіспеншілікті әсерлі жеткізу.

Сырбай өз заманының көп ізденгіш ,ой-өрісі кең, көзі қыпағы ақыны болған. Ақын көргені мен білгенін ұшқыр қиялымен әрлеп,ой елегіне өткізіп, жанды суретке айналдыра білді. Өмірімен тығыз байланыстылық, шығармашылық сапарлар оған көп материалдар берді, сезімін байытты. Ол жырлаған сұлу өмір суреттері осындай шикі материалдардың шығармашылық електен өткен көріністері.Сырбай жасаған табиғат суреттерінен осыны анық тануға болады. Оларды шындықтың өзі деп қабылдау аз. Ақын өмірде көргенін қиялмен, бейнелі сөздермен өріп, жаңа көркем шындық ұсынады. Ондай өлеңдерден жалт еткен сезім күйін, найзағайдай жарқ еткен көңіл әсерін, жазғы шықтай немесе жанардан үзіліп түскен тамшыдай мөлдірлік танылады.

Шатырынан аспан шарт сынып,
Лақтырды жерге ақ сынып.
Кемпірқосақ тартылды,
Жер мен көкті қапсырып,- дейді ақын көктем табиғаттың ғажып бір құбылысын суреттеп. Бұл –өмірдің өз суретінен де әдіме , тапқыр айтылған ойдан жазылған жыр. «Шатырынан аспан шарт сынды»-деп кейіптеуді білдіріп , жансызға жан бітіріп, суреттеген.

Қып –қызыл боп тұтылып,
Бұлтқа кірді азалы ай,
Қара аспанда қанжардай,
Жарқылдады нажағай.[1 ,227]

Бұл соғыс шындығынан алынған. Аза тартқан ,қызарып барып батқан айдың артынан аспанды торлаған оқ суреттерін ақын осылай бейнелейді.Бұл өлеңінде эпитет «азалы ай», «қара аспан» болса, «бұлтқа кірді азалы ай» кейіптеу болып, «қанжардай» теңеу болады.

Сырыбайдың өмір суреттерін бояулардан тануы ғажап. «Ақ түн» осы жолдағы ақын ізденісінің басы болды. Онда суреттелетін Ленинградтың ақ түні ол үшін әлемнің аппақ нұрындай елестетеді.

Ақынның «Ізгілік» өлеңіне талдау жасайтын болсақ екі шумақ өлеңді терең сырлы, ойлы жазылған.

«Өзендер суын ұсынып,
Тартар нұрын күн бөліп.
Жаныңды орман түсініп,
Сыйлайды барсаң гүл беріп.
Айыңып қысқы ойынан
Жадырар жазда күз күліп.
О, адам, сенің бойыңнан.

Табылмас қайтіп ізгілік.» -деп шабыттана жырлаған. [1, 339]

Осы өлеңінде эпитеттер «қысқы ойынан»-қыстың көңілсіз, мұңды сипатын ашады. «күз күліп »- табиғаттың шаттығы бейнеленеді. Метафоралар «өзендер суын ұсынып »- өщеннің су беруі қонақжай адамға теңелген. «Тартар нұрын күн бөліп» -күннің нұры адамдарға теңдей үлестірілген сый сияқты берілген. Кейптеу табиғат құбылыстары адам әрекетіне ұқсатылған : өзен-суын ұсынады, күн –нұрын бөледі, орман-жанды түсінеді , құз-күледі. Бұл жансызға жан бітіре суреттеп өлеңге көркемдік беріп тұр. Теңеуді өлеңде тікелей аз, бірақ табиғат ққұбылыстары адам әрекетіне жақындатылып бейнелегендіктен, жанама теңеулік сипат байқалады. Символ табиғаттағы өзен, күн, орман, гүл – ізгіліктің ,мейірімнің символы. «Ізгілік» сөзі –негізгі идеялық жүк арқалаушы, өлеңнің түйінін айқындайды.

Міне, осылайша, Сырбай ақынның өлеңдеріне талдау жасалып, оқырманын баурап алатын, өлең шумақтары тез жатталатын, оқушыға түсінікті тілмен жазылғандығына куә болдым.

Бұл мақалада ақын өлеңдеріне жан-жақты талдау жасалып, жаңаша қырынан зерттеу жүргіздім. Біз ақын Сырбай Мәуленнің қазақ әдебиетіне сіңірген елеулі еңбектерін қазіргі жастарға үлгі етуіміз керек. Мектеп бағдарламасына ақынның өлеңдерін енгізіп патриоттық тәрбие беруге болады. Енді Сырбай ақынның өлеңдері бойынша жарыстар ұйымдастырып, насихаттауға көңіл бөлсек. Мен өз ұсынысымды жарыстарды қалай ұйымдастырға болады? –деген ойыммен бөліссем.

1.«Шабытты жыр, сұлу сыр!» бөлімінде ақын өлеңдерін жатқа айту номинациясында 100 өлеңін жатқа айту бойынша мәнерлеп оқу сайысын өткізсек.

2.«Мың ақын толғасын деп,-Мен бір жырымды бердім» -ақынға арнап жыр жолдарын жазу, жас ақындар бақ сынаса.

3.«Даланың үзілмейтін үмітіндей» -жас зертеушілер ақынның өлеңдері мен поэмалары бойынша ғылыми жоба қорғаса.

Егер осы ұсынысым жүзеге асса оқушылардың бойында Отансүйгіштік, патриоттық сезімі оянатын еді.

Біздің заманамыз жаһандану заманы болғанымен ақынның өлеңдерінен алатын тәлім –тәрбие көп. Рухты жырларымен ,рухани байлықтың ошағы –Сырыбай Мәуленов дер едім. Өзі де хан майданның ішінде жүріп, өлеңдерін арқау еткен арқалы ақын. Ақын бейбітшілік пен соғыстың ара жігін қақ айырып беретін «мәңгілік» тақырыпты жырларына арқау еткен.

«Мәңгілік ел » идеясы қазіргі кездегі өмірдің өзегі болып отыр. «Мәңгілік ел» идеясында ең негізгі мәселе «Бейбітшілік пен татулық» деген тарауда біртұтас елдің бірлігін мен бейбіт өмір сүруді қозғаған. Ал Сырбай Мәуленов өлеңдерінде бұл тақырыпты өлеңмен жырлап, өзекті екендігіне нақты мысалдармен жырлап кеткен.

Мәңгілік тақырыптарды қозғаған өлеңдері кейінгі ұрпаққа аманат. Әр қазақтың қызығушылығын оятатын сезімді жырларын әлеуметтік желілерде жаттап челенж өткізсек артық болмайды. Сырлы ақын -Сырбайдың жырлары мәңгілік мұра, рухани азық болып қала бермек! Қанша ғасыр өтсе де Сырыбай поэзиясы жаңа қырынан зерттеуді қажет етіп тұрған жырлар. Адам жанының нәзік қырларын шебер суреткерлікпен өлеңімен өрнек өрген -шебер ақынның мұрасы рухани құндылық!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақ әдебиеті.Хрестоматия, Алматы «Мектеп»,2015
2.Серік Қирабаев, Көп томдық шығармалар жинағы, Алматы: Қазығұрт, 2007
3.Тахауи Ахтанов.Көкейтесті,Жалын баспасы,Алматы -1980

Анас Гүлзада Жұмабекқызы
«Ақжан Әл-Машани атындағы
№92 мектеп-лицейі»
п.ғ.м., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕРГЕ МАХАББАТ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Туған жерге деген махаббат – әр адамның жүрегінде орны бар терең сезім. Бұл - жеке тұлғаның ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, елдің руханияты мен мәдениетінің айнасына айналған ұлттық құндылық болып саналады. Қазақ халқының рухани әлемінде туған жер – адамның өмірлік бастауы, оның дүниетанымының, мінез-құлқының, азаматтық сезімінің қалыптасуына әсер ететін басты фактор. Бұл ұғым әдебиетте өзіндік көрініс тауып, поэзия мен прозада ұлттық сана мен патриоттық тәрбие құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Туған жердің бейнесі арқылы оқырман елдің тарихи және мәдени мұрасын, халықтық дәстүрлер мен салт-дәстүрлердің мәнін түсінуге мүмкіндік алады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ұлтжанды ақын Сырбай Мәуленов шығармаларында туған жерге махаббат – басты тақырыптардың бірі. Ақын үшін туған жер – ұлттық рухтың қайнар көзі, адам өмірінің моральдық және философиялық өлшемдерін айқындайтын орталық элемент. Мәуленов поэзиясында туған жердің табиғаты, ауыл өмірі, халықтық дәстүрлер мен тарихи тұлғалар азаматтық жауапкершілік пен ұлттық сана тәрбиелеудің негізі ретінде ұсынылады. Оның шығармалары жас ұрпаққа патриоттық сезім, мәдени құндылықтарды қадірлеу және қоғам алдындағы борышты түсіндіруде таптырмас құрал болып табылады.

Бұл мақалада біз Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жерге деген махаббатты ұлттық құндылық ретінде талдаймыз. Сонымен қатар шығармалардың философиялық, әлеуметтік, эстетикалық және педагогикалық аспектілерін қарастырып, қазіргі білім беру процесінде, мектеп пен колледжде, сондай-ақ заманауи медиа құралдары арқылы патриоттық тәрбие беруде рөлін көрсетуге тырысамыз. Мәуленовтің шығармашылығы арқылы туған жерге махаббаттың ұлттық сана мен мәдени мұраны сақтау, патриоттық және азаматтық қасиеттерді тәрбиелеудің басты негізіне айналатынын дәлелдейміз.

Мәуленов поэзиясында туған жердің бейнесі. Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жердің бейнесі әрдайым ерекше тереңдікпен, салиқалы сезіммен беріледі. Ақын үшін туған жер – ұлттық рухтың, мәдениет пен салт-дәстүрдің қайнар көзі, адамның өмірлік бастау нүктесі. Мәуленов шығармаларында дала мен орман, өзен мен тау, олар арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім оқырманға сездіріліп, ұлттық санаға рухани азық болады. Ақынның тілінде табиғат тірі организм тәрізді сезіледі: әр ағаш, әр гүл, әр өзен – туған жердің жанды көрінісі. Мұндай поэзиялық бейнелер оқырманның жүрегіне терең еніп, туған жердің қасиеттілігін аңғаруға шақырады. Мәуленов поэзиясында туған жердің тарихи бейнесі де маңызды орын алады. Ақын елдің батырларын, тарихи тұлғаларды, халық ерлігін жырға қосып, өткен мен бүгінді сабақтастырады. Мысалы, кейбір өлеңдерінде батырлардың ерлігін сипаттау арқылы туған жердің әрбір тасы мен тауы тарихтың куәсі екенін көрсетеді. Бұл тарихи сюжеттер жас оқырманға тек эстетикалық ләззат қана бермей, ұлттық сана мен патриоттық сезімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, Мәуленов шығармаларында ауыл өмірінің бейнесі ерекше көркемделген. Ауылдың қарапайым тұрмысы, даладағы еңбек, табиғатпен үйлесім – барлығы оқырманға туған жерге деген махаббатты шынайы сезіндіреді. Ақынның поэзиясында туған жер адамның жан дүниесін, рухани байлығын толықтыратын рухани мекен ретінде ашылады. Мәуленовтің поэзиясы арқылы туған жер – адам өмірінің мәнін, ұлттық мәдениеттің құндылығын көрсететін ерекше көркемдік образға айналады

Ұлттық құндылық ретінде туған жерге махаббат. Сырбай Мәуленов

поэзиясында туған жерге махаббат –ұлттық құндылық ретінде көрініс табады. Ақын шығармаларында туған жердің табиғаты, мәдениеті, тарихы мен дәстүрі оқырманға ұлттық сана мен патриоттық сезімді қалыптастырудың маңызды құралы ретінде ұсынылады. Мәуленов үшін туған жер – ұлттық рухтың, мәдениет пен тарихтың қайнар көзі, әрбір ұрпаққа қалатын баға жетпес мұра.Ақынның өлеңдерінде ауыл өмірі, жердің берекесі, халықтық мерекелер мен салт-дәстүрлер кеңінен суреттеледі. Мысалы, ауылдың табиғатын сипаттау арқылы Мәуленов оқырманға туған жердің көркемдігі мен байлығын жеткізіп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бағалауды үйретеді. Дала мен орман, өзен мен таулар –патриоттық сезім мен ұлттық санаға бастайтын символдар ретінде қызмет етеді. Оқырман табиғатқа қарап, өзінің туған жерін бағалауды, оны қорғауды, ұлттық мұраны сақтау қажеттілігін сезінеді. Сонымен қатар, Мәуленов шығармаларында тарихи тұлғалар мен батырлық ерліктер ерекше орын алады. Ақын халықтың ерлік дәстүрін, тарихи оқиғаларды, ата-бабалардан қалған құндылықтарды поэзия арқылы насихаттайды. Бұл жас оқырманға туған жерге деген құрмет пен патриоттық сезімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Туған жерге махаббат тек эстетикалық көңіл-күйді тудырып қана қоймай, ұлттық сәйкестік пен мәдени дәстүрді сақтау міндетінің негізі ретінде көрсетіледі. Мәуленов поэзиясында туған жерге махаббат пен ұлттық құндылық арасындағы байланыс ерекше көрінеді. Ақын әрбір өлеңінде оқырманға туған жерін қадірлеу, оны қорғау және сүйіспеншілікпен қарау – тек сезім емес, өмірлік ұстаным екенін түсіндіреді. Ұлттық құндылық ретінде туған жерге махаббат адамға өзінің тарихи тамырын тануға, мәдени мұраны бағалауға, азаматтық және моральдық жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді.

Сондықтан Мәуленов шығармалары – ұлттық рух пен мәдениеттің көркем бейнесі, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің тиімді құралы. Ақын поэзиясы арқылы туған жерді қадірлеу, ұлттық құндылықтарды сақтау және олардың өмірлік ұстанымға айналуы идеялары оқырманға терең әсер етеді. Туған жерге махаббат – Сырбай Мәуленов поэзиясында ұлттық құндылық ретінде толық ашылып, жас ұрпаққа жеткізілетін маңызды идеяға айналады.

Философиялық және әлеуметтік аспектілерге тоқталсақ, Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жерге махаббат терең философиялық және әлеуметтік аспектілерді қамтиды. Ақын үшін туған жер – бұл адамның рухани дүниесі мен ұлттық санасының қайнар көзі, оның тағдыры мен халықтың болашағы арасында айқын байланыс бар кеңістік. Мәуленов поэзиясында туған жердің әрбір бейнесі, табиғат көрінісі, ауыл өмірі мен тарихи оқиғалар адам мен қоғам арасындағы жауапкершілік пен моральдық принциптерді бейнелейді.

Философиялық тұрғыдан қарағанда, Мәуленов шығармаларында туған жер – адамның өзіндік тұлғалық қалыптасуына, рухани өсуіне әсер ететін орталық элемент. Ақын лирикалық кейіпкерлерін туған жердің сұлулығын, оның тарихи және мәдени мұрасын терең сезінетін тұлғалар ретінде бейнелейді. Дала мен орман, өзен мен таулар, ауылдың қарапайым тұрмысы – бәрі адамның рухани әлемімен үндесіп, оны терең ойға жетелейді. Бұл философиялық аспектілер оқырманға туған жердің мәнін ұлттық рух пен мәдениетпен байланысы тұрғысынан түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әлеуметтік аспектілер де Мәуленов шығармаларында айқын көрінеді. Ақын туған жерге деген махаббатты қоғамдық өмір мен азаматтық жауапкершілікпен байланыстырады. Кейіпкерлер туған жердің табиғатын сақтауға, елдің мәдени мұрасын құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді жалғастыруға бағытталған іс-әрекеттерімен ерекшеленеді. Бұл әлеуметтік аспект қоғам алдындағы моральдық және патриоттық борыш ретінде ұғындыруға арналған.Мәуленов поэзиясында туған жерге махаббат пен әлеуметтік жауапкершілік бір-бірімен үйлесіп, оқырманға ұлттық құндылықтар мен азаматтық принциптерді сіңіруге ықпал етеді. Ақынның шығармалары жастарға туған жерді сақтау, мәдени және тарихи мұраны бағалау, табиғатты құрметтеу және қоғамдағы адамгершілік міндеттерін орындау қажеттілігін түсіндіреді. Мұндай философиялық және әлеуметтік мәндер жас оқырманға оның азаматтық санасын

қалыптастырады, патриоттық сезімін нығайтады. Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жерге махаббат – философиялық тереңдік пен әлеуметтік жауапкершіліктің үйлесімі. Ақынның шығармашылығы арқылы оқырман туған жерді қадірлеу, ұлттық мәдени мұраны сақтау және қоғам алдындағы борышын орындау қажеттілігін сезінеді. Туған жерге махаббат Мәуленов шығармаларында жеке сезімнен асып, ұрпаққа патриоттық сана, әлеуметтік жауапкершілік және ұлттық рухты қалыптастыратын маңызды құндылыққа айналады.

Заманауи насихаттау және білім беру процесінде қолдану. Сырбай Мәуленов шығармаларының заманауи тұрғыдан маңызды аспектілерінің бірі – туған жерге махаббатты цифрлық форматта және медиа арқылы насихаттау мүмкіндігі. Ақынның поэзиясы мен шығармашылығы электронды ресурстар, онлайн-платформалар, аудио және бейне материалдар арқылы да таныстырылуы мүмкін. Бұл жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізу, патриоттық сезімді ояту және туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру үшін таптырмас құралға айналады. Мектептер мен колледждерде Мәуленов шығармаларын оқу бағдарламасына енгізу арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын, ұлттық санасын дамытуға зор мүмкіндік бар. Мысалы, оқушылар шығармалардағы табиғат бейнелерін, ауыл өмірін, тарихи тұлғаларды зерттей отырып, туған жердің тарихи және мәдени мұрасын бағалауды үйренеді. Мұндай әдіс оқушыларға туған жерді қорғау, оның сұлулығын сақтау және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну сияқты маңызды құндылықтарды түсінуге көмектеседі.

Цифрлық медиа арқылы насихаттау әдісі қазіргі жас буын үшін ерекше тиімді, себебі олар визуалды, интерактивті форматтарға бейім. Мәуленов шығармаларының электронды нұсқалары, аудио оқылымдар, бейнематериалдар арқылы таныстырылуы оқушылардың қызығушылығын арттырып, поэзия мен патриоттық тәрбие арасындағы байланысты нығайтады. Сонымен қатар, интерактивті сабақтар мен онлайн жобалар арқылы оқушылар туған жерге деген сүйіспеншілікті өз тәжірибесімен байланыстыра алады.Заманауи технологияларды қолдану оқу процесін жаңашыл әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. Мәуленовтің өлеңдері арқылы жас ұрпақ тек әдеби талғамын жетілдіріп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды, мәдени мұраны бағалауды, патриоттық сезімді және азаматтық жауапкершілікті үйренеді. Бұл әдіс қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық рухты қалыптастыруға бағытталған құрал ретінде қолданылады. Сондай-ақ, цифрлық медиа арқылы насихаттау шығармалардың кең аудиторияға жетуін қамтамасыз етеді. Онлайн платформалар, әлеуметтік желілер, электронды кітапханалар арқылы Мәуленов поэзиясы мектеп оқушылары мен студенттермен бірге жалпы қоғамға да қолжетімді болады. Туған жерге махаббат –заманауи білім беру мен мәдени тәрбие құралдары арқылы ұрпаққа жеткізілетін маңызды ұлттық құндылыққа айналады.

Сырбай Мәуленов шығармаларында туған жерге махаббат – ұлттық құндылық ретінде айқын көрінеді. Ақын поэзиясында туған жерге деген сүйіспеншілік ұлттық сана мен руханияттың маңызды құралы болып табылады. Мәуленов поэзиясы арқылы біз жеке тұлғаның ішкі әлемін, сонымен қатар ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің, тарихи және мәдени мұраны сақтаудың, қоғам алдындағы жауапкершілікті қалыптастырудың маңызды әдістерін көре аламыз. Бұл тұрғыдан, оның шығармалары ұлттық құндылықтарды, мәдени дәстүрлерді және тарихи сананы жаңғыртуға арналған ерекше әдеби мұра ретінде қарастырылады.Ақынның поэзиясында туған жердің табиғаты, мәдениеті мен тарихы үйлесімді түрде көрініс табады. Дала мен орман, өзен мен тау, ауылдың қарапайым тұрмысы мен халықтық дәстүрлер – барлығы оқырманға туған жердің қасиеттілігін сезіндірудің көркемдік құралдары болып табылады. Мәуленов шығармаларында табиғат тек көркем фон ретінде ғана емес, адамның моральдық, рухани дамуының айнасы ретінде суреттеледі. Ақын поэзиясында әр ағаш, әр гүл, әр өзен – туған жердің тірі бейнесі, ұлттық рух пен патриоттық сезімнің символына айналады. Осы тәсіл арқылы жас оқырман туған жердің қадірін сезініп, оның сұлулығы мен тарихи мұрасын бағалауды үйренеді.

Мәуленов поэзиясында туған жерге махаббат пен азаматтық сезім тығыз

байланыста көрініс табады. Ақын тек лирикалық сезімдермен шектелмей, патриоттық идеяларды көтереді, туған жерді қорғауды әрбір азаматтың қасиетті парызы ретінде көрсетеді. Шығармалардағы кейіпкерлер туған жердің әрбір көрінісін сезініп, оны қорғауға дайын тұлғалар ретінде бейнеленеді. Бұл жас оқырманға қоғам алдындағы жауапкершілікті түсінуге, азаматтық сезімін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, Мәуленов поэзиясында туған жерге деген махаббат жеке сезімнен асып, ұлттық сәйкестік пен мәдени дәстүрді сақтау міндетіне айналады. Ақын оқырманға өзінің ұлттық тамырын бағалау, туған жердің қасиетін түсіну арқылы патриоттық сезім қалыптастыруға шақырады.

Ұлттық құндылық ретінде туған жерге махаббат Мәуленов шығармаларында терең философиялық және әлеуметтік мәнге ие. Ақын туған жердің тағдыры мен халықтың болашағы арасындағы байланысты көрсетеді. Оның поэзиясында елдің тарихи және мәдени мұрасын сақтау қажеттілігі, табиғатты қадірлеу, қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілік басты назарда. Лирикалық кейіпкерлер туған жердің әрбір көрінісін сезіне отырып, оны қорғауға дайын, жауапкершілікті тұлғалар ретінде бейнеленеді. Мұндай философиялық және әлеуметтік мәндер жас оқырманға туған жерді қадірлеу арқылы азаматтық сана қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сырбай Мәуленов шығармаларының заманауи тұрғыдан да маңызы зор. Ақын мұрасын цифрлық форматта, онлайн-платформалар мен медиа арқылы насихаттау жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізудің тиімді жолын көрсетеді. Оқушылар мен студенттер электронды нұсқалар, аудио және бейне материалдар арқылы шығармаларды танысып, туған жерге махаббатты заманауи тәсілдермен сезіне алады. Бұл әдіс оқу процесін жаңаша форматта жүргізуге, эстетикалық талғамды дамытуға, патриоттық сезімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивті сабақтар, онлайн жобалар арқылы жас ұрпақ өз тәжірибесімен туған жерге деген сүйіспеншілікті байланыстыра алады. Мәуленов поэзиясы мектеп пен колледждерде білім беру процесінде ғана емес, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен түрлі зерттеулерде де қолдануға толықтай жарайды. Ақынның шығармалары арқылы жас оқырман туған жерді қорғау, оның тарихи және мәдени мұрасын сақтау, елдің рухани байлығын бағалау сияқты маңызды құндылықтарды үйренеді. Заманауи медиа мен цифрлық технологияларды пайдалану арқылы бұл құндылықтарды кең аудиторияға жеткізуге болады, бұл өз кезегінде ұлттық сана мен патриоттық сезімді нығайтуға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жерге махаббат – философиялық, әлеуметтік және патриоттық мәнге ие ұлттық құндылық. Ақынның шығармалары жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге, ұлттық рухты қалыптастыруға, қоғам алдындағы жауапкершілікті түсінуге бағытталған баға жетпес әдеби мұра болып табылады. Оның поэзиясы туған жерді қадірлеуді, ұлттық мәдениетті бағалауды және азаматтық сезімді тәрбиелеуді мақсат етеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Мәуленов шығармалары заманауи оқу процесінде, ғылыми зерттеулерде және медиа арқылы насихаттауда маңызды рөл атқарып, ұлттық құндылықтарды ұрпаққа жеткізу жолында тиімді құрал болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Л. Ахметова «Қазақ поэзиясында туған жерге деген махаббат»
2. М. Сүлейменов «Ұлттық құндылықтар және әдебиет: философиялық аспектілер»
3. Р. Қанат «Қазақ поэзиясы мен патриоттық тәрбие»
4. С. Жұмабаев «Қазақ поэзиясындағы туған жер бейнесі»
5. Г. Әбдірахманова. «Әдеби мұра мен білім беру процесіндегі туған жерге махаббатты насихаттау тәсілдері»

Арунова Мереке Бериковна
№63 Жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ: ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС

Аннотация:

Бұл мақалада ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты мен шығармашылық бағыт-бағдары талданады. Ақын поэзиясындағы азаматтық әуен, патриоттық рух, адам болмысына терең үңілу сияқты тақырыптар ғылыми тұрғыда зерделеніп, дереккөздерге сүйене отырып сараланады.

Кіріспе

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік үні, дара стилі, терең азаматтық үнімен ерекшеленген ақындардың бірі — Сырбай Мәуленов. Ол поэзия әлеміне өткен ғасырдың 40-жылдарына қарай қадам басып, бүкіл шығармашылық ғұмырын халыққа, елге, Отанға қызмет етуге арнады. Ақынның поэзиясындағы негізгі идея — адам мен табиғаттың, қоғам мен тұлғаның үйлесімін жырлау, ұлттық рухты көтеру, тарих пен болашақ арасындағы байланысты жыр жолымен өрнектеу. Ақын жырларындағы ұлттық болмыс, туған жерге деген махаббат, елдік сана, тарихи жад пен батырлық дәстүрдің поэтикалық көріністері нақты мысалдар арқылы сараланады.

Бүгінгі жас ұрпақты ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу, елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру – мектептегі білім берудің маңызды міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан келгенде, Сырбай Мәуленов поэзиясы – патриоттық тәрбие берудің қуатты құралы. Оның ақындық мұраты– әдебиет сабағында оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырумен қатар, шығармашылық қабілетін дамытуға жол ашады. Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы ұлттық рух пен азаматтық болмысты талдау арқылы оның ақындық мұратын анықтап және осы арқылы жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие берудің мүмкіндіктерін айқындау. Поэзиялық туындыларын құрылымдық тұрғыдан зерделеу арқылы ақынның дүниетанымы мен көркемдік әлеміне бойлау.

Сырбай Мәуленовтің ақындық дүниетанымы

Сырбай Мәуленов поэзиясы – тұтастай алғанда, ұлттық рух пен азаматтық сананың жарқын көрінісі. Оның шығармаларынан туған елге, жерге деген сүйіспеншілік, қарапайым еңбек адамының бейнесі мен табиғат сұлулығы айқын аңғарылады. Ақын жырларының негізгі өзегі – гуманизм мен шыншылдық.

Зерттеушілер ақын поэзиясында терең әлеуметтік мазмұн мен көркемдік тұтастықтың үйлесімді өрілгенін айтады [1, 17-б]. Әсіресе, оның «Жолдас жырлар» (1948), «Қызыл арша» (1959), «Жолдас уақыт» (1965) атты жинақтарындағы өлеңдерден ақынның заманмен үндестігін, уақыт үнін дөп басуын көруге болады.

Қазақ әдебиетінде ұлттық рух пен азаматтық болмысты көркем тілмен кестелеп, халқымыздың тарихи жадын, елдік санасын поэзия тілімен сөйлеткен ақындар шоғыры аз емес. Солардың ішінде Сырбай Мәуленовтің орны ерекше. ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі ретінде Сырбай ақын шығармашылығы – тұтас бір ұлттың өткені мен бүгінін, ерлігі мен өрлігін, даласының кеңдігі мен халқының кемеңгерлігін жырлаған поэтикалық шежіре. [2, 12б].

Филология ғылымдарының докторы Серік Қирабаев Сырбай Мәуленовтің ақындық талантының шарықтауы Ұлы Отан соғысы жылдарына тура келгенін айтады. Иә, Сырбай Мәуленов Ұлы Отан соғысына қатысқан. «Сырағаң соғыстың алдында Қызылордада өлең жаза бастады. Шын ақындыққа келуі, төселуі Ұлы Отан майданында өтті. Майдан өмірі көп адамды шындықтың не екенін, өмір мен өлім үшін күрестің не екенін ұқтырды. Сырағаң солай ойшыл ақынның қалпына келді», - Серік Қирабаев. Осылайша төрт жыл кескілескен ұрыс Сырбайды ақын ретінде де адам ретінде де шыңдады. Ол қазақ поэзиясына өзіндік өрнегін, шеберлігін, жаңалығын алып келіп, өзінен кейінгі ұрпақтың

осы жолдағы ізденісіне үлгі болды. Қазақ өлеңінің өрен жүйріктерінің қатарынан орын алды. Қазақ өлеңін көп сөзділіктен арылтып, көлемі шағын, ойға, сезімге бай, суретке толы, мазмұнды лирика жасады. Сырбай өзінен кейінгілерге ғана емес, ағаларына да жол көрсете алды. Оның ұйқасы темірдей, мазмұны мен түрі жұп-жұмыр, шындықты көркем бейнелеуімен, өзінше тануымен, тек Сырбайдыкы деп қана ұғатын лирикалық жырлары өлең сүйер қауымның бәріне таныс. [3, 408-409б].

Сырбайдың көзін аша көргені – әскери өмір, Ұлы Отан соғысының қанды қырғыны екені белгілі. «Әскери өмір – менің өмірімнің мектебі болды» деп, оны өзі де айтқан. Сондықтан да өмір тануды халық тарихының ең бір қиын да күрделі жағдайында бастаған ақын санасын тез жетілдіріп, дүниеге ойлы көзбен қарай алды. Соғыста ол өлім мен өмірдің жекпе-жегін көрді, өлімнің өзімен жалғасып, туындап жатқан өмірді таныды. Шындықтың қоғамдық, адамдық, мән-мағынасын терең байымдады, адам сырына үңілді. Бұл жайлар алғашқы күннен-ақ ақынның соғыстың ауырлығын жеңілдетпей, шынайы күйінде бейнелей алуына жол ашты. Сырбай өз заманының көп ізденгіш, ой-өрісі кең, көзі қырағы ақыны болды. Оның өлеңдерінің тақырыбы да мазмұны да бай. Ақын көргені мен білгенін ұшқыр қиялымен әрлеп, ой елегінен өткізіп, жанды суретке айналдырды. [3, 412б].

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы ұлттық рух. Сырбай Мәуленов – халқымыздың тарихи жадын, ел мен жердің киесін поэтикалық кеңістікте шебер суреттеген ақын. Оның туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілігі өлеңдерінің алтын арқауына айналған. Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы ұлттық рух:

- Туған жерге деген махаббат;
- Ана тіліне деген құрмет;
- Халық тарихына, ерлікке тағзым;
- Табиғат пен адам болмысын ұлттық дүниетаныммен сабақтастыру арқылы көрініс табады.

Оның «Қазақстан», «Туған жер», «Қазақ тілі», «Батырлар», «Ана тілім» сияқты өлеңдері – оқырманды елін сүюге, ұлттық құндылықтарды бағалауға шақыратын көркем туындылар. Бұл шығармалар әдебиет сабағында ұлттық тәрбие берудің, оқушылар бойында патриоттық сезімді қалыптастырудың тиімді құралы бола алады. Төменде осы мазмұндағы ұлттық рухты айқын аңғартатын бірнеше өлеңіне талдау жасап ұсынамын.

«Туған жерім – торқалы мекенімсің,
Түркі дүние түлеген төрім едің.
Сенен ұшып, саған кеп қона берем,
Самғайтұғын сағымдай көгім едің...»

Мұндай жолдардан ақынның туған жерін ұлы махаббатпен, рухани қасиетпен жырлағанын байқаймыз. Ол үшін туған жер – тек географиялық ұғым емес, ұлттың рухы мен тағдыры тоғысқан киелі мекен. Ақын поэзиясындағы бұл ұлттық сарын оқушылардың туған жерге, ана тіліне, ұлттық мәдениетке деген құрметін оятуға септігін тигізері анық.

«Қазақстан» өлеңі

Кең дала — менің Қазақстаным,
Жасыл жайлау — жас күннің отаны.
Сенен ұшып, сенің көгіңде мен,
Көкке жеттім, қанатым қатайып.

Бұл өлеңде туған елге деген мақтаныш пен сүйіспеншілік жарқырай көрінеді. Ақын Қазақстанды кең даламен, жасыл жайлаумен, көк аспанмен теңестіре отырып, оны өз өмірінің, шабыт әлемінің, азаматтық тұлғасының негізі ретінде суреттейді. Ел мен жерге деген махаббат ұлттық рухтың басты көрінісі екені анық.

«Қазақ тілі» өлеңі

Ана тілім — ардақтым, асыл мұрам,
Сеніменен өмірім жасар ұдай.

Сен арқылы сезінем тарихымды,
Бабалардан қалған байтақ мұраң...

Ақын ұлттық рухты ана тілі арқылы жырлайды. Ана тіл – ұлттың жаны, рухани діңгегі екенін дәлелдейтін бұл өлең ұлттық сананы тәрбиелеуде маңызды орын алады. Қазақ тілін қастерлеу арқылы ақын елдің өткенін, бүгінін және болашағын біріктіріп көрсетеді.

«Батырлар» (немесе «Ерлік» тақырыбындағы өлеңдер)

Сырбай Мәуленовтің соғыс тақырыбындағы өлеңдерінде де ұлттық рух пен батырлық болмыс кеңінен көрініс табады:

Қан кешіп, от құшқан майданда,
Елім деп еңіреп ерлер өлді.
Желбіреп желменен байрағым,
Жауға да намыспен шапты елдің ұлы...

Мұндай өлеңдерде ұлттық рух батырлық пен намыс, ерлік пен отаншылдық арқылы беріледі. Ақын ерлік пен елдікті ұштастырып, соғыс кезінде кеудесін оққа тосқан жауынгерлердің тұлғасын ұлттық қаһарман ретінде бейнелейді.

«Ана тілім – ардағым» өлеңі *(тақырыптас)*

Тілім менің – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы.
Тілім менің – қуатым да, рухым,
Тілім барда — мен бармын ғой бұл маңда.

Бұл жолдар ақынның ұлттық болмыс пен тіл арқылы байланысын көрсетеді. Тіл – рухтың өзегі, ұлттың іргетасы. Ақынның бұл өлеңі де жастардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлттық рухты сөзбен сілкіндіре алады.

«Қазақ» деген сөз ақын үшін ұлы ұғым, өмірлік мәнге ие. Ол ұлт атын жырға қосу арқылы өз шығармашылығын ұлттық идеяға бағындырады:

Қазақ деген — қайсар ел, дархан халық,
Күн түспесе, көлеңкесін тартып алып... [4, 59-б].

Сырбай Мәуленов үшін ұлттық рух — жеке поэтикалық стильдің емес, бүкіл шығармашылық миссияның өзегі. Оның өлеңдерінде батырлық, отансүйгіштік, ел бірлігі, салт-дәстүрді дәріптеу сынды ұлтқа тән сипаттар көркем тілмен өрілген. Ақын поэзиясы жас ұрпақты елін сүюге, туған жерін қастерлеуге үндейді.

Азаматтық болмыс пен поэзиялық ұстаным. Сырбай Мәуленов шығармашылығының темірқазығы. Ол поэзияны өмір шындығын жеткізудің, халық мүддесін жырлаудың құралы санады.Сырбай Мәуленовтің азаматтық үні – поэзиясының негізгі діңгегі. Ол майдан даласында от кешіп, бейбіт өмірдің қадірін өлеңмен өрген азамат-ақын. Оның азаматтық поэзиясында ел тағдыры, ерлік, бейбіт өмір, адамгершілік сияқты құндылықтар биік деңгейде бейнеленеді. [5, 40б].

«Мен көрдім соғыс өрті тұтатқанды,
Ажалмен арпалысқан ұрпақты анық.
Жыр еттім бейбіт күннің шуақты әнін,
Сен үшін, туған елім, жұмақ та ыстық!»

Бұл жолдарда ақынның азаматтық позициясы, елге деген адалдығы, бейбіт өмірді жырлау арқылы ұрпақ санасына тыныштықтың қадірін сіңіруге тырысқан ақындық мұраты анық байқалады.

Ақынның адами болмысы және лирикалық кейіпкері. Сырбай Мәуленовтің адами болмысы – қарапайымдылықпен әділеттікті, адамгершілікпен патриоттықты, шыншылдықпен сыршылдықты қатар ұстаған тұтас тұлға ретінде көрінеді. Ақынның азаматтық бейнесін оның өмір жолынан да, шығармашылығынан да тануға болады.

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы лирикалық кейіпкер – терең ойлы, ұлттық мінезі айқын, рухы биік, адал азамат бейнесінде көрінеді. Ол – туған елімен тұтасып кеткен, өмір мен өнерді қатар сүйетін, ақындыққа адал жан. Оның ішкі дүниесі, адамгершілік қасиеті, сезім тереңдігі – оқырманға өнеге боларлық. Ақын өз шығармаларында ұлттық мінезді,

халықтық дүниетанымды поэтикалық тәсілдермен табиғи ұштастыра отырып, көркем образдар жасайды. Бұл оның шығармашылық даралығын айқындай түседі.

Ақынның өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер – ойлы, рухани дүниесі бай, өмірге, болмысқа сын көзімен қарайтын тұлға. Ол – шындықты ту еткен, әділет үшін күрескер, туған елін шексіз сүйетін азамат. Осы кейіпкер арқылы ақын өз мұратын, мақсат-мұратын, дүниетанымын паш етеді.Лирикалық кейіпкердің бейнесі әсіресе «Жолдас уақыт» жинағындағы өлеңдерде айқын көрініс тапқан. Бұл жинақта замандас бейнесі мен уақыт тынысы кең өріспен жырланады [6, 46-б].

Соғыс майданынан шыққан шыншыл тұлға. Сырбай Мәуленов – Ұлы Отан соғысының ардагері. Ол қанды майданда журналист болып жүріп, өлім мен өмірдің арасында адамдық қадір мен елдік намыстың қандай құндылық екенін өз көзімен көрген, сол кезеңнің жан азабын жырына айналдырған. Поэзиясында ерлік пен шындық, батырлық пен бейбіт өмірдің құндылығы үндесіп жатады. Ол майдан шындығын поэзияға жасандылықсыз, табиғи әрі шынайы қалпында алып келді. Мұндай шыншылдық ақынның рухани тазалығын, өмірге деген адалдығын көрсетеді.Соғыс тақырыбындағы өлеңдерінде даңқты ұран емес, жүрекпен сезілген шындық бар.

«Ажалменен алыстым бетпе-бетен,
Кеудемде от жанды ғой өртке кеткен.
Ерлікті жыр қылуға бармаймын мен,
Ұрпағым аман жүрсе — сол бір жеңіс!»*

Бұл жолдар ақынның даңғойлыққа салынбайтын, шынайы өмір мен адам тағдырын терең түсінетін кішіпейіл болмысын көрсетеді. Ол үшін нағыз ерлік — тірі қалу емес, келешекке үмітпен қарау, ұрпаққа бейбіт күн сыйлау.

Қайырымды жүрек, нәзік жан. Сырбай ақынның лирикалық өлеңдерінен адамгершілік пен мейірімнің, жүрек нәзіктігінің биік үлгісін көреміз. Оның табиғат туралы, ана, бала, махаббат туралы өлеңдері нағыз гуманист ақынның жүрегінен туған.

«Қарағайдың бұтағы – ана қолы,
Тербейді мені, жұлдыз толы.» [2, 35б].

Мұндай образдар — жай теңеу емес, ана мен табиғатты, балалық шақ пен туған жерді өзара сабақтастырып тұрған адам жанының терең поэтикалық көрінісі. Мұнда ақынның сезімтал жүрегі, өмірге іңкәр көңілі анық сезіледі. [7, 22б].

Халқына адалдық – адами мұраты. Сырбай Мәуленовтің болмысы – халқына адал, ұлтына ұйытқы болуға тырысқан арлы азаматтың бейнесі. Оның:

- тіл туралы;
- ел мен жердің тарихы туралы;
- халықтың өткені мен бүгіні туралы жазған өлеңдері

– тек поэтикалық шығарма ғана емес, азаматтық мәлімдеме, рухани ескерту, тәрбиелік үндеу. Мұндағы идея – тіл мен ұлтты тең көретін, болмысын халқымен біртұтас қарастыратын ұлтшыл емес, ұлтжанды ақының көзқарасы.

Сырбай Мәуленовтің көптеген өлеңдері өткен тарихты, халқымыздың ерлік күрестерін, азаттық жолындағы арпалыстарын еске түсіреді. Ақын үшін ел қорғау — тек азаматтық емес, ұлттық міндет. Оның:

Кеудемде бір шоқ от бар лапылдаған,
Жүрегімде бір аңыз жатыр аман... — деген жолдары ұлт үшін жанын пида етуге дайын жауынгер тұлғасын бейнелейді [8, 48-б].

Ақынның шығармаларында Күлтегіннен бастап, Алаш арыстарына дейінгі елдікті сақтауға ұмтылған ұлт тұлғаларының рухы сезіледі. Бұл оның тарихи-ұлттық жадқа деген құрметін айғақтайды [9, 109-б].

Лирикалық кейіпкер болмысы. Сырбай Мәуленов поэзиясындағы лирикалық кейіпкер — бірде сарбаз, бірде ұстаз, бірде ұл, бірде әке, бірде туған табиғаттың бір бөлшегі ретінде көрінетін көпқырлы, бірақ адами тұтастығы жоғалмаған тұлға, рухани терең кейіпкер. Бұл кейіпкер — ұлт тағдырына алаңдаған азамат, туған елдің өткені мен

бүгініне жауапкершілікпен қарайтын тұлға. Оның бейнесі арқылы ақын ұлттық рухтың көркем бейнесін жасап шықты.

Патриоттық тұлға. Отанды сүю, елге қызмет ету – лирикалық кейіпкердің басты миссиясы. Бұл – тек әскери рухтағы емес, **бейбіт күнде де елге жанашыр болу**, жер мен тілге қамқор болу миссиясы.

Мейірбан адам. Ол – өз заманының қайғы-қуанышымен бірге өмір сүретін, жақсылықты жыр етіп, зұлымдықпен күресетін, адал жан. Кейіпкері ешқашан шындықтан жалтармайды, бірақ мейірімін де жоғалтпайды.

Рухани терең кейіпкер. Ақынның кейіпкері рухани ізденісте жүреді. Табиғатпен сырласуы, тарихпен тілдесуі, халықтың кешегісімен үндесуі – философиялық тұрғыдан терең ойларға жетелейді.

Қорытынды

Қорытындылай келе біз Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – ұлттық рухты ояту, азаматтық болмысты тәрбиелеу, адами құндылықтарды ұлықтау екенін айқындадық. Сырбай Мәуленов поэзиясы — ұлттық рухтың көркем шежіресі. Оның өлеңдері арқылы біз халқымыздың тарихи жадын, мәдени болмысын, отансүйгіштік қасиетін танимыз. Ақын шығармашылығы бүгінгі жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңіруге, елін сүйетін азамат болуға тәрбиелейді.

Ұлттық рух — Сырбай поэзиясының мәңгілік тақырыбы. Сырбай Мәуленов – ұлттық рух пен азаматтық үні үйлесім тапқан үлкен поэзияның иесі. Ақын шығармаларында ұлт тағдыры мен ел тарихы, туған жерге деген махаббат пен халыққа адал қызмет ету идеясы терең өрілген. Оның өлеңдеріндегі ұлттық рух — жай ұран немесе патриоттық пафос емес, шынайы өмірден алынған, жүректен шыққан жан айқайы. Бұл рух — тарихтан жеткен үн, бүгінгі ұрпақтың санасында жаңғыруы тиіс құндылық.Оның шығармашылығы – ұлттың рухани мұрасы. Бұл мұра — бүгінгі және келешек ұрпақ үшін рухани азық, ұлттық сананы оятатын құнды мұра.Осы мұраны жас ұрпақ санасына жеткізу, ақын мұратын бағалатуға, оны ұлттық тәрбие көзі ретінде тиімді пайдалануға ықпал етеді.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясы арқылы оқушы ұлттық болмысқа терең бойлайды, тарихи тағылым мен адамгершілік ұстанымдарды меңгереді. Сондықтан оның шығармаларын мектепте, білім беру үдерісінде, ұлттық тәрбие мен азаматтық сана қалыптастыруда тиімді құрал ретінде қарастыруға болады.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, Сырбай поэзиясын оқу:

- оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастырады;
- көркем мәтінді терең түсініп, талдау дағдысын дамытады;
- ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттырады;
- шығармашылық ойлау мен өзіндік пікір айту қабілеттерін шыңдайды.

Әдебиет сабағында ақын шығармаларын жүйелі түрде талдау – оқушылардың рухани дамуына, ұлттық болмысын тануға, елін, жерін сүюге тәрбиелейді. Сырбай Мәуленов – тек ақын емес, рухани ұстаз. Оның поэзиясы – ұрпаққа аманат. Ақын поэзиясы — қазақ әдебиетіндегі мәңгілік рухтың асыл арнасы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. «Әдебиет және дәуір». — Алматы: Жазушы, 1970. — 320 б. [1, 17-б, 35б].
2. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1980. [2, 12б].
3. Қирабаев С. Ұлт рухын жырлаған ақындар. – Алматы: Білім, 1997. [3, 408-409,412б].
4. Мәуленов С. «Өлеңдер мен поэмалар». — Алматы: Жазушы, 1978. — 250 б. [4, 59-б].
5. Мәуленов С. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1978. [5, 40б].
6. Мәуленов С. «Жолдас уақыт». — Алматы: Жазушы, 1965. — 145 б. [6, 46-б].

7. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. [7, 22б].
8. Мәуленов С. «Жолдас уақыт». — Алматы: Жазушы, 1965. — 145 б. [8, 48-б].
9. Нұрғалиев Р. «Арқау». — Алматы: Жазушы, 1990. — 312 б. [9, 109-б].

Асан Мейіржан Мұхтарұлы,
Түркістан облысы, Келес ауданы
№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы
білім беретін мектеп
ағылшын пәні мұғалімі

СОҒЫС ЖӘНЕ БЕЙБІТ ӨМІР ЖЫРШЫСЫ: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде Отан тақырыбы ежелден маңызды орын алған. Батырлар жырынан бастап, жыраулар поэзиясында туған жердің қадірі, ел қорғау идеясы әрқашан басты арна болды. Ел тарихының әр кезеңінде, соғыс пен бейбітшілік жылдарында әдебиет авторлары өз шығармаларында халықтың рухын, ерлігін және Отанға деген сүйіспеншілігін көрсете білді. XX ғасырда осы дәстүрді жаңа деңгейге көтерген қаламгерлердің бірі — Сырбай Мәуленов (1922–1993). Ол Ұлы Отан соғысының майдангері ретінде қан майданда адамзат тарихындағы қасірет пен ерлікті өз көзімен көріп, әдебиетке сол өмір тәжірибесін алып келген көрнекті ақын болып саналады.

Мәуленов шығармашылығында туған жер, халық, еңбек, табиғат, соғыс пен бейбітшілік тақырыптары терең көрініс тапқан. Ақын поэзиясының алтын өзегі — Отанға деген шексіз махаббат. Ол үшін Отан тек географиялық мекен ғана емес, халықтың тағдыры, елдің тарихы, ұлттың ар-намысы, мәдениеті мен дәстүрі. Сондықтан оның әрбір өлеңі азаматтық пафосқа, ұлттық рухқа толы, оқырманға патриоттық сезім сыйлайды. Ақынның шығармаларында ұлттық сана мен тарихты сақтау, ерлік пен адалдық, бейбіт өмірдің қадірін білу мәселелері көркемдік тәсілдер арқылы жеткізіледі.

Сырбай Мәуленов поэзиясында Отан тақырыбы бірнеше негізгі бағыттарда көрінеді. Майдандағы сарбаздық рух, ерлік пен батырлық, халықтың төзімі және елдің бірлігі көркем бейнеленеді. Соғыстан кейінгі бейбіт өмір, еңбек, ауыл тұрғындарының тұрмысы, табиғат сұлулығы арқылы Отанға деген сүйіспеншілік дәріптеледі. Туған жердің табиғаты мен ландшафтын суреттеу арқылы ақын халықтың рухын, Отанға деген махаббатын көрсетеді.Көркемдік құралдардың кеңінен қолданылуы — метафора, символ, контраст арқылы Отан бейнесі терең әрі әсерлі сомдалады.

Мәуленов шығармашылығында сарбаздық рух пен бейбіт өмірді дәріптеу бір-бірімен сабақтасып, халыққа деген сүйіспеншілік пен патриоттық тәрбие берудің негізгі құралына айналады. Ақын үшін Отан — тек тарихи немесе географиялық ұғым ғана емес, ол халық жүрегінде орны бар, мәңгілік құндылық. Сол себептен әрбір өлеңінде ерлік пен батырлық, еңбек пен табандылық, табиғат сұлулығы мен бейбіт өмірдің қадірі қатар өріліп, оқырманға ұлттық сана мен рухани құндылықты сездіреді.
Бұл мақалада Сырбай Мәуленов поэзиясындағы сарбаздық рух, соғыс пен бейбіт өмірді дәріптеу, табиғат арқылы Отанды суреттеу, сондай-ақ көркемдік құралдар арқылы Отан образын сомдау мәселелері жан-жақты қарастырылады. Мақсат — ақын поэзиясының патриоттық, эстетикалық және философиялық мәнін ашу, оның шығармаларында бейнеленген сарбаздық рух пен бейбіт өмірдің маңызын көрсету. Мәуленовтің поэзиясы қазақ әдебиетіндегі Отан тақырыбының ең көрнекті, әсерлі көріністерінің бірі болып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

1.Сарбаздық рух пен Отанға адалдық

Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы алғашқы және ең әсерлі тақырыптардың бірі — Ұлы Отан соғысына арналған жырлар. Ақын өзі де майдангер болғандықтан, оның өлеңдерінде соғыстың қасіреті, сарбаздардың ерлігі және халықтың төзімі шынайы бейнеленген.

«Жеңіс күні» атты өлеңінде ақын соғыстың соңғы сәттерін және халықтың қуанышы мен қайғысын бір мезетте жеткізеді:

От шашты Отан аспаны,
Төгілді көздің жастары.
Окоптан шықты солдаттар,
Атылды көкке соңғы оқтар.

Мұнда «От шашты Отан аспаны» бейбітшіліктің, жеңістің символы болса, «төгілді көздің жастары» — қаншама жылдық азап пен қуаныштың қосылған сәтін бейнелейді. Ақын бұл арқылы оқырманға соғыстың ауыртпалығын, халықтың төзімділігін және ерліктің құнын сездіреді.

Сонымен қатар, ақын бейбіт өмірдің символы ретінде ананы және сәби бейнесін қолданады:

Сәбиін күнге көтеріп,
Аналар тұрды күлімдеп.
Теңіз боп адам толқыды,
Жалау боп жүзді армандар.

Бұл жолдарда ана мен сәби бейнесі арқылы болашаққа деген үміт, бейбіт өмірдің құндылығы айқын көрсетіледі. Жеңістің ең үлкен сыйы — бейбіт күн және жаңа өмір.

Соңғы шумақта ақын соғыстан қайтпай қалған боздақтарды еске алады:

Салют боп жанды сол түні,
Соғыстан қайтпай қалғандар.

Бұл жолдарда Жеңіс салюті тек қуаныш емес, ол — құрбан болған батырларға арналған мәңгілік еске алу. Мәуленов бір мезетте қуаныш пен қасіретті қатар өріп, халық сезімін шынайы жеткізеді. Осылайша, оның поэзиясында сарбаздық рух — ерлік, төзім және азаматтық борыштың көрінісі ретінде көрінеді.

2. Бейбіт өмірді дәріптеу

Соғыстан кейінгі кезеңде Сырбай Мәуленов шығармашылығының басты тақырыптарының бірі — бейбіт өмір мен еңбек құндылығын дәріптеу болды. Майданнан кейінгі тыныштық пен халықтың қалыпты тіршілігі ақын поэзиясында ерекше орын алды. Мәуленов өз шығармаларында бейбіт өмірді сипаттай отырып, халықтың еңбекқорлығын, ауыл адамдарының тұрмысын және табиғат сұлулығын көркемдік тәсілдер арқылы шынайы жеткізеді. Ақын үшін Отан тек қана әскери ерліктің алаңы емес, бейбіт еңбек пен берекенің мекені болып саналады.

Мысалы, «Дала таңы» (1957), «Көгілдір таулар» (1964) және «Жер нәрі» (1970) жинақтарында ауыл тұрмысы мен еңбек адамдарының бейнесі кеңінен көрініс табады. «Дала таңы» жинағында таңғы дала бейнесі арқылы елдің болашағына сенім, еңбектің қуанышы, туған жерге деген сүйіспеншілік айқын көрсетіледі. Ақын таңғы күннің алғашқы сәулелері мен даладағы тыныштық арқылы оқырманға өмірдің жаңа бастамасы, бейбіт өмірдің маңыздылығы жайлы ой береді. Таңғы шыққан күн мен дала сұлулығы адамдардың рухын көтеріп, болашаққа деген үмітті арттырады.

Мәуленов поэзиясында бейбіт өмірді дәріптеу — патриотизмнің жаңа формасы. Ақын елдің тыныштығын, халықтың бейбіт тіршілігін және еңбекқорлығын поэтикалық түрде бейнелеу арқылы Отанға деген сүйіспеншілікті жеткізеді. Әсіресе, ауыл адамдарының бейнесі арқылы ақын әр адамның өз өмірінде Отанға қызмет етуі мүмкін екенін көрсетеді. Ауыл еңбеккерлерінің қарапайым еңбегі, олардың табиғатпен үйлесімді тіршілігі — туған жерге деген сүйіспеншіліктің көрінісі болып табылады.

Мәуленов шығармашылығында бейбіт өмір мен еңбек тақырыбы сонымен қатар әлеуметтік мәнге ие. Ақын халықтың бірлігін, ауыл тұрғындарының бір-біріне деген қамқорлығын және жалпы қоғамның үйлесімді дамуын көрсетеді. Мұндай бейнелерде сарбаздық рух тек соғыстағы ерлікпен шектелмейді, бейбіт өмірдегі табандылық, еңбексүйгіштік және жауапкершілік арқылы да көрінеді. Яғни, Мәуленов үшін Отанға қызмет ету тек майдандағы батырлықта ғана емес, бейбіт өмірді сақтау және қоғамды дамытуда да маңызды.

Сонымен қатар, ақынның бейбіт өмірді дәріптеу шығармалары философиялық мәнге де ие. Табиғат сұлулығы, еңбек адамдарының бейнесі, ауыл тұрмысының бейнесі арқылы Мәуленов оқырманға адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті, халық пен жер арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Мұндай тәсіл арқылы ақын туған жердің маңыздылығын, бейбіт өмірдің қадірін сезіндіреді және жастарды отансүйгіштікке тәрбиелейді.

Қорыта айтқанда, Мәуленов поэзиясында бейбіт өмірді дәріптеу — патриотизмнің маңызды көрінісі болып табылады. Ақын ауыл тіршілігі, еңбек адамдарының бейнесі, табиғат сұлулығы арқылы Отанға деген махаббатты, сарбаздық рухты, адамгершілік пен жауапкершілікті көркем түрде жеткізеді. Осылайша, бейбіт өмір тақырыбы Мәуленов шығармашылығында ұлттық сана мен патриоттық тәрбиенің негізгі құралына айналады.

3. Табиғат арқылы Отанды бейнелеу

Сырбай Мәуленов поэзиясының тағы бір ерекше қыры — табиғат лирикасы. Ақын туған жердің тауы мен тасы, даласы мен көлін бейнелей отырып, Отанға деген сүйіспеншілікті поэтикалық түрде жеткізеді. Мәуленов үшін табиғат пен Отан бір-бірінен ажырамас ұғымдар: туған жердің сұлулығы, табиғат элементтері арқылы ақын елінің рухын, халқының өмір сүру мәнін, мәдени дәстүрін көрсетеді. Ол табиғатты тек көркемдік құрал ретінде емес, сонымен бірге ұлттық рухты дәріптейтін символ ретінде пайдаланады.

«Көгілдір таулар» жинағындағы өлеңдерінде тауды ақын елдің асқақтығының, тәуелсіздігі мен күшінің символы ретінде бейнелейді. Таудың биіктігі, кеңдігі — халықтың еркіндігі мен рухының кеңдігін білдіреді. Дала кеңістігі, жел мен шөптің сыбдыры халықтың төзімділігін, еңбекқорлығын, бірлігін білдіретін бейнелерге айналады. Мәуленов үшін табиғат — бұл тек көркемдік көрініс емес, ол халықтың рухын айқындайтын айна, ал туған жердің сұлулығы арқылы адам бойындағы патриоттық сезім оянады.

Мәуленов поэзиясында әрбір табиғат бейнесі белгілі бір идеямен астасып беріледі. Мысалы, өзен мен көл бейнесі — өмірдің үздіксіз ағымын, халық тарихының жалғасуын көрсетеді, ал дала мен даладағы жел — еркіндіктің, тәуелсіздіктің символы ретінде көрініс табады. Ақын табиғатты осылайша метафора ретінде қолдану арқылы оқырманға туған жердің құндылығын түсіндіріп, оған деген махаббатты нығайтады.
Сонымен қатар, Мәуленовтің табиғат бейнелері соғыстан кейінгі бейбіт өмірді дәріптеудің құралына айналады. Таулар мен көлдер, кең дала мен аспан — тыныштық пен тұрақтылықтың символы. Ақын сол арқылы ерлік пен құрбандықтың нәтижесінде келген бейбіт өмірдің қадірін сездіреді. Табиғаттың бейнесі мен азаматтық пафос бір-біріне үйлесіп, сарбаздық рух пен елге деген адалдықты біріктіретін ерекше поэтикалық кеңістік құрады.

«Көгілдір таулар» жинағындағы өлеңдерде Мәуленов табиғатты халықтық философия тұрғысынан қарастырады. Ол үшін тау мен дала, өзен мен көл тек көркемдік бейне ғана емес, ұлттық сана мен ұрпаққа берілетін тәрбие құралы. Табиғат арқылы ақын Отанның тәуелсіздігі, елдің бірлігі, халықтың қайсарлығы сияқты абстрактілі ұғымдарды нақты бейнелер арқылы жеткізеді. Мұндай тәсіл оқырманға туған жердің сұлулығын тек эстетикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге рухани және патриоттық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, Сырбай Мәуленов поэзиясында табиғат бейнелері тек көркемдік құрал ғана емес, Отанға деген сүйіспеншіліктің, халыққа деген махаббаттың символы. Ақынның табиғат туралы өлеңдері патриоттық тәрбиені күшейтеді, жастарды туған жердің қадірін білуге, Отанға адал болуға бағыттайды. Табиғат пен Отанның біртұтастығы Мәуленов шығармашылығында басты эстетикалық және философиялық идеяға айналады.

Осы тұрғыдан қарағанда, Мәуленовтің табиғат лирикасы — тек эстетикалық құндылық қана емес, сонымен қатар сарбаздық рух пен азаматтық патриотизмді дәріптейтін көркемдік құрал болып табылады. Ақынның поэзиясында таулар мен далалар, өзендер мен көлдер арқылы бейнеленген Отан ұғымы оқырманға туған жердің құндылығын терең сезіндіреді және халыққа деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.

4. Отан образын сомдау тәсілдері

Сырбай Мәуленов поэзиясында Отан бейнесі әртүрлі көркемдік құралдар арқылы көрініс табады. Ақын метафора, символ, контраст сияқты поэтикалық тәсілдерді шебер пайдалана отырып, туған жерге деген махаббатты, халық алдындағы борышты және сарбаздық рухты сездіреді.

Метафоралар Мәуленов шығармашылығында ерекше рөл атқарады. Мысалы, «жалау боп жүзді армандар» және «от шашты аспан» сияқты көркемдік бейнелер арқылы ақын ұлттық патриотизмді, жеңіс пен ерліктің символдық мәнін жеткізеді. Мұндай метафоралар оқырманның ойлау қабілетін оятып, өлеңдегі тарихи және моральдық идеяларды терең сезінуге мүмкіндік береді. Метафора арқылы ақын соғыс пен бейбіт өмірді, ауыртпалық пен қуанышты біртұтас поэтикалық кеңістікке біріктіреді.

Символдар арқылы Мәуленов Отанға қатысты абстрактілі ұғымдарды нақты бейнелерге айналдырады. Сәби, ана, дала, тау сияқты элементтер өлеңдерінде өмір мен болашақтың символы ретінде көрініс табады. Мысалы, сәби бейнесі — елдің болашағына деген үміт, ал ана бейнесі — сүйіспеншілік пен қамқорлықтың символы. Дала мен тау бейнелері халықтың кең пейілі мен еркіндігін, табиғат арқылы берілетін ұлттық рухты білдіреді. Ақын үшін символикалық бейнелер тарихи шындықпен астасып, жеке адамның сезімінен бастап бүкіл халықтың тағдырына дейінгі кең ауқымды сипатта көрсетіледі.

Контраст тәсілі Мәуленов поэзиясында өте әсерлі қолданылады. Ақын соғыс пен бейбіт өмірді салыстыру арқылы бейбітшіліктің құнын айқын көрсетеді. Соғыс салдары мен халықтың қайғы-қасіретін бейнелейтін жолдар бейбіт күннің қадірін арттырады. Контраст тәсілі арқылы оқырман соғыс пен бейбіт өмірдің айырмашылығын терең сезінеді және ерліктің, құрбандықтың мәнін түсінеді.

Мәуленов шығармашылығында **сарказмдық рух пен патриотизм** басты тақырыптардың бірі болып саналады. Ақын үшін Отан тек бейбіт күннің тыныштығы ғана емес, халықтың азаттығы жолында құрбан болған ерлердің қасиетті қаны мен ерлігі. Оның өлеңдерінде жауынгердің жүрегіндегі асыл арман мен ананың сәбиін күнге көтерген қуанышты сәттері қатар өріледі. Бұл бейнелер тарихи шындықпен астасып, поэзияның көркемдік мәнін күшейтеді.

Сарбаздық бейнелер арқылы Мәуленов ерлік пен батырлық, азаматтық борыш пен адалдық сияқты құндылықтарды біріктіре отырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейді. Ақынның поэзиясында сарбаздық рух тек әскери ерлікпен шектелмей, халықтың бірлігі, туған жерге сүйіспеншілік және бейбіт өмірді қорғау сияқты кең мағынада беріледі.

Әдебиеттанушылар Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын қазақ әдебиетінің ірі құбылысы деп бағалайды. Оның азаматтық лирикасы, табиғат поэзиясы және соғыс тақырыбындағы өлеңдері қазақ руханиятының маңызды айнасы болып табылады. Мәуленов поэзиясында қолданылған көркемдік тәсілдер — метафора, символ, контраст

— оқырманға Отанға деген сүйіспеншілікті, халық алдындағы борышты және сарбаздық рухты терең сезінуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан қарағанда, Мәуленовтің поэзиясы — тек эстетикалық құндылық қана емес, патриоттық тәрбие құралы. Ақынның көркемдік тәсілдері арқылы жасалған Отан бейнесі оқырманға туған жердің мәнін терең түсіндіреді, ерліктің қадірін сездіреді және жастарды азаматтық борышқа баулиды.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов поэзиясы қазақ әдебиетінде Отан тақырыбының ең көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады. Ақынның шығармашылығы — туған жерге деген шексіз махаббаттың, адалдықтың, азаматтық борыштың көрінісі. Мәуленов үшін Отан тек географиялық немесе тарихи ұғым ғана емес, ол халықтың тағдыры, ұлттық ар-намыс, мәдени дәстүр және болашаққа деген жауапкершілік болып табылады. Осы себептен оның поэзиясында әрбір бейне — адам мен ел арасындағы терең байланыстың көрінісі.

Ақынның сарбаздық рух тақырыбындағы өлеңдері Ұлы Отан соғысының ауыртпалықтары мен ерлігін, халықтың төзімділігін және бейбіт өмірдің құндылығын шынайы жеткізеді. Мәуленов соғыстағы батырлықты, майдангерлердің құрбандықтарын, халықтың бірлігін ғана емес, сонымен бірге соғыстан кейінгі бейбіт өмірдің қадірін, еңбек пен тыныштықтың маңызын да дәріптейді. Оның өлеңдеріндегі метафора, символ, контраст сияқты көркемдік тәсілдер оқырманға тарихи шындықты терең сезінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер арқылы ақын тек эстетикалық мән беріп қана қоймай, жастарды патриоттық, адамгершілік және азаматтық құндылықтарға тәрбиелейді.

Мәуленов шығармашылығының тағы бір ерекшелігі — табиғат бейнелері арқылы Отанды поэтикалық тұрғыда көрсетуі. Ақын таулар мен даланы, өзен мен көлді халықтың рухы мен еркіндігінің символы ретінде бейнелейді. Табиғат пен туған жердің біртұтастығы арқылы оқырман бойында Отанға деген сүйіспеншілік оянады, сарбаздық рух пен бейбіт өмірдің мәні сезіледі. Осылайша, Мәуленовтің поэзиясы тарихи шындықпен көркемдік әлемді үйлестіріп, әрбір оқырманға туған жердің, халықтың және ұлттық құндылықтардың маңызын түсіндіреді.

Ақынның шығармашылығы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің тиімді құралы болып табылады. Оның өлеңдерінде бейнеленген сарбаздық рух, ерлік пен батырлық, еңбек пен бейбіт өмір, табиғат сұлулығы және халық бірлігі — бәрі де жастардың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті, бірлік пен еңбекке құрмет сезімін қалыптастырады. Мәуленовтің поэзиясы арқылы оқырман тарихи өткен мен қазіргі күннің байланысын сезінеді, өз халқының мәдениеті мен дәстүрін бағалайды, азаматтық жауапкершіліктің маңызын түсінеді.

Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленов поэзиясы — қазақ әдебиетіндегі Отан тақырыбының асыл қазынасы. Оның шығармашылығы тек көркемдік құндылыққа ие болып қана қоймай, патриоттық, адамгершілік және философиялық тәрбиелік мәнге де толы. Ақынның сарбаздық рухқа, бейбіт өмірге, туған жерге деген сүйіспеншілікке арналған өлеңдері қазіргі уақытта да өз маңызын жоғалтпай, жастарды отансүйгіштікке, бірлік пен еңбекке баулиды. Мәуленовтің поэзиясы арқылы оқырман ұлттық сана мен руханияттың мәнін терең түсінеді, Отанға деген адалдықты сезінеді және ел болашағына жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

Сондықтан Сырбай Мәуленов шығармашылығы — қазақ әдебиетінің ең көрнекті, әсерлі және тәрбиелік құндылығы мол мұрасы болып қала береді. Ақын поэзиясы тарихи шындық пен көркемдік әлемді үйлестіріп, жас ұрпақты патриоттық рухқа, азаматтық борышқа және еңбекқорлыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Мәуленовтің сарбаздық рух пен бейбіт өмірді дәріптейтін өлеңдері ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміздің мәңгілік қазынасы ретінде бағалануға лайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1984.
2. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Ғылым, 2002.
3. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1993.
4. Нұрқатов А. Сырбай Мәуленов шығармашылығы туралы. – Алматы, 1970.
5. https://www.zharar.com

Аскарова Динара Токташовна,
Астана қаласы,
79 мектеп- лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

Қазақ поэзиясының кең сахнасында мәңгілікке өшпес ізі қалған тұлғалардың бірі – Сырбай Мәуленов. Әдебиет тарихында Сырағаңның орны бөлек. Өйткені ол соғыстың қанды қасіретін де, соғыстан кейінгі ауыр жылдардың жүгі мен елдің ертеңге сенімін де, туған жердің табиғатын да, қазақтың қайсарлығын да айрықша сырбаздықпен, салмақты өрнекпен суреттей білді. Оның шығармашылығы – қазақ халқының XX ғасырдағы тарихының көркем шежіресі, соғыстың жарасын жүрегімен сезінген, бейбіт өмірді аңсап жырлаған жауынгер ақынның тағдырлы үні. Сырбай Мәуленовтің поэзиясында әр жол – тек әсем сөз емес, ол – тағдырдың тамшысы, жүректің жалыны, халықтың рухы. Ақынның бүкіл шығармашылық жолы – ел үшін туған, ел үшін күйінген, ел үшін өлеңге берілген жанның шынайы ғұмырнамасы. Ақынның балалық шағы да, жастық дәурені де ел басына түскен ауыр кезеңмен тұспа-тұс келді. 1922 жылы Сырдың жағасында дүниеге келген ол, әкесінің арманын арқалап ер жетті. Торғай мен Сыр бойының арасындағы кең дала болашақ ақынның қиялын оятты, жүрегіне жыр ұялатты. Бірақ жырды әуелі соғыс үзді. Он сегіз жасар бозбала әскери форма киіп, Дон жағасында әскери дайындықтан өтті. Әскердің қатал тәртібі, жат елдің тұрмысы, жастықтың жалын шақтары – бәрі оның үрегінде өрнек болып қалды. Кейін өзі айтқандай, «әскери өмір – өлеңнің де мектебі» болды. оғыс адамзатты күйзеліске түсірсе де, оның ішкі рухының биіктігін танытты, туған елдің бағасын ұғындырды, бейбіт өмірдің шексіз құндылығын көрсетті. Волхов майданында жас офицер Сырбай қолынан айырылды. Бірақ ол жырдан айырылған жоқ. Оның жан жарасын да, тән жарасын да өлең жеңілдетті. «Менің жолым – Торғай мен Сырдария, Дон мен Волхов, Неваның толқындары», – деп өзі айтқандай, ол жүріп өткен әрбір жол оның жырына айналды. Соғыс Сырбай поэзиясының мәңгілік тақырыбына айналды. Оның өлеңдері тек оқ пен оттың көрінісін ғана емес, адам рухының сыналған сәттерін бейнелейді. «Соғыс – сойқан» атты өлеңінде:

«Келе жатты ол мың-миллион қабірімен,
Освенцимнің от шашқан тамұғымен.
Танкпенен таптады көгершінді,
Шегіршінді қопарды тамырымен».

Мұнда соғыс бейнесі табиғатты қырып-жоятын аждаһа ретінде суреттеледі. Ақын үшін соғыс – адамзатқа жасалған ең үлкен қиянат. Сол қиянаттың ішінде сарбаздың қайсарлығы, ел алдындағы борышы ерекше көрінеді. Сырбай ақынның сарбаздық рухы ең алдымен адам төзімінің шексіздігін, Отан үшін жанын пида етуге дайындықты паш етеді. Бұл қасиет – қазақ поэзиясында Қасым Аманжолов, Жұмағали Саиндармен үндес сарын. Сырбай Мәуленовтің өлеңдерінде сарбаздық рух пен сыршылдық нәзіктік қатар өріледі. Мәселен, «Соғыстан қайтқан солдаттар» атты әйгілі өлеңінде ақын соғыстың қасіретін философиялық тұрғыда бейнелейді.

«Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр».

Бұл жолдар – қазақ даласының, ананың, жардың, баланың жүрегіндей соққан мәңгілік сарын. Ананың бейнесі – мыңдаған ананың бейнесі. Даланың өзі анаға айналып, көз жасын сүртіп тұр.Соғыс тек майдандағы қақтығыспен өлшенбейді, ол – елдің әр шаңырағындағы сөнген шырақпен, күткен үмітпен, үзілген үнімен өлшенеді. Мұнда уақыт пен үміттің диалектикасы бар. Уақыт өтеді, бірақ үміт өлмейді. Ана күте береді, бала көкесін тосады, жар жолға қарай береді. Мәуленов поэзиясының ең биік шыңы – туған жерге деген махаббат. Оның соғыстан оралғандағы алғашқы жырлары да туған елдің қасиетін айшықтауға арналған. Ол үшін Отан – тек географиялық ұғым емес, ол – ана, ол – махаббат, ол – мәңгілік құндылық.

«Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар».

Бұл – риторикалық сұрақ қана емес, бұл – бүкіл ұрпаққа қойылған сұрақ. Көрдің бе? Есіңде ме? Ұмытпадың ба? Ақынның әрбір сауалы – бүгінгі ұрпаққа үндеу, ар-ожданға салынған сынақ. Мұндағы әр сұрақ – ел алдындағы мәңгілік жауапкершіліктің белгісі. Бұл өлең – сарбаздың да, ананың да, бүкіл халықтың да жүрек сөзі. Сырағаңның поэзиясында сарбаздық рух айқай-шудан емес, сабыр мен сырдан тұрады. Ол соғысты асқақ идеялар үшін емес, адамның жеке тағдырымен өлшейді. Оның өлеңдерінде әрбір оқиға – нақты тағдыр, әрбір бейне – тірі адам. Мәселен, «Мың қолдар сау болсын деп, мен бір қолымды бердім» деп басталатын өлеңінде жеке өмірін халық тағдырына тоғыстырды.

«Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім.
Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғасын деп,
Мен бір жырымды бердім».

Бұл шумақта сарбаздың ерлігі ғана емес, оның адамдық болмысы, жан дүниесі жатыр. Ол өзінің қолын – мың қолдың амандығына, өзінің жастық ғұмырын – гүлдердің солмауына, өзінің жырын – мың ақынның толғауына арнайды. Мұнда жеке адамның құрбандығы бүкіл халықтың бақыты үшін жасалған асыл ерлікке айналған. Ақынның тағы бір ерекше өлеңі – «Құлын». Бұл туындыда соғыстың қасіреті жануар бейнесі арқылы суреттеледі. Толғатқан биенің күйігі, өлім аузындағы жануардың шарасыздығы – соғыстың адамзатқа ғана емес, табиғатқа жасаған қиянатының символы.

«Жалын тарап, көзіне үнсіз қарап,
Солдат оның сипайды құрсағынан».

Бұл жолдарда бір сәтте әлемнің асты үстіне шыққандай күй бар. Құлынның тағдыры – халықтың тағдыры. Аттың өлімі – сарбаздың серігінің өлімі ғана емес, бүкіл даланың жан айқайы. Оның табиғат лирикасы да елге деген махаббатпен астасып жатыр. Ақын табиғатты жанды бейне ретінде сөйлетеді. «Аспаннан басып еңсеңді, айналды құзғын от бүркіп. Ақ қайыңдар теңселді, ақ көйлегін оқ жыртып» деген жолдарда табиғат та соғыстың құрбаны болып тұр. Қайың – қазақ қызының символы. Бұл – халықтың қайғысы мен табиғаттың қасіретін тұтастырған терең сурет. Ақын поэзиясында табиғат пен соғыс бейнесі астасып жатады. Орман, бұлт, жаңбыр, тау – бәрі оның өлеңдерінде тірі кейіпкер. «Ормандар мені қорғады, көлденең оққа тұра қап», – дейді ақын. Табиғат – оның қорғаны, жұбанышы, серігі.Майдандағы сарбазды табиғаттың өзі қорғағандай,

оған дем бергендей әсер қалдырады.

«Түбірлер» атты өлеңінде ол мүгедек солдатты түбірлерге теңейді.

«Көрінеді орманнан түбірлер,
Айрылған аяқ-қолдардан түбірлер.
Мүгедек солдат секілді түбірлер».

Бұл – соғыстың мылқау айғағы, жерге жазылған естелігі. Түбірлер – кесілген қолдар мен аяқтардай, соғыстың қасіретін мәңгілік еске салады. Сырағаңның шығармалары тек соғыстың қасіретін ғана емес, жеңістің қуанышын да жырлайды. «Жеңіс күні» атты өлеңінде ол халықтың шаттығын, сарбаздардың қуанған сәтін суреттейді:

«От шашты Отан аспаны,
Төгілді көздің жастары.
Окоптан шықты солдаттар,
Атылды көкке соңғы оқтар».

Бұл – соғыстың аяқталғанын, бейбіт өмірдің келгенін паш еткен жыр. Бірақ қуаныштың өзінде қасірет бар. «Салют боп жанды сол түні, соғыстан қайтпай қалғандар», – дейді ақын. Яғни Жеңіс күні – тек қуаныш емес, ол – еске алу, үнсіздік күні. Сырағаңның поэзиясында батырларға арналған жырлар да мол. Рақымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов секілді ерлердің ерлігі – оның жырының өзегі. Бұл өлеңдерінде ақын ерлік пен ар- намысты асқақтатады.

Қадаған Рейхстагқа тумен бірге
Көтердің ең биікке қазақ атын.

Бұл – Қошқарбаевқа арналған өлең жолы. Мұнда сарбаздық рухтың, ұлттық мақтаныштың айқын бейнесі жатыр. Фашизмге қарсы күрестің жеңісі ғана емес, қазақ ұлтының да әлемдік тарих сахнасындағы орнын паш етеді. Сырбай Мәуленов – бейбіт өмірдің жыршысы. Ол соғысты жырлай отырып, бейбіт өмірді аңсайды. Соғыстың әрбір қасіретін суреттей отырып, бейбіт күннің қадірін ұқтырады. Оның өлеңдерінде үміт бар, сенім бар, өмірге деген іңкәрлік бар.

Өлмейсің! – деп ел айтты,
Өлмейсің деп! – деп жер айтты.
Сендер аман тұрғанда

Өлмеймін! – деп мен айттым. Бұл жолдарда сарбаздың ерік-жігері ғана емес, бүкіл халықтың рухы жатыр. Бұл – өлімге қарсы қойылған өмірдің ұраны, өшпес сенімнің жыры. Соғыс отын кешкен ақын үшін бейбіт өмір – ең үлкен арман. Оның өлеңдерінде болашаққа деген үміт, тыныш күнге деген аңсар үнемі айтылады. Мәуленовтің жырларында осы арман әр жолда өріліп тұрады.

Нұр жауып ала бұлт,
Гүл өсер жолдарда.
Жасарып, жаңарып,
Тұрармыз орманда.

Бұл — соғыстың соңғы сәттерінде жазылған, болашаққа сенім сыйлаған оптимизм.

«Олар өлді тек аспан сау болсын деп,
Олар өлді туған жер бар болсын деп.
Олар өлді ақ арман сөнбесін деп,
Олар өлді өзгелер өлмесін деп».

Бұл жолдар – соғыстағы құрбандықтың мәнін түсіндірген ақындық ант. Мәңгілік бейбіт өмір – сарбаздардың ең ұлы арманы еді, ақын соны келешек ұрпаққа аманаттап кетті. Ақын бейбіт өмірде де әдебиет майданында еңбек етті. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында бас редактор болды. Мұзафар Әлімбаев оны «әмбебап редактор, жаңашыл тұлға» деп бағалады. Оның публицистикасы, аудармалары, балалар әдебиетіне қосқан үлесі де аз емес. Сырбай Мәуленовтің шығармашылық әлемін толық түсіну үшін оның тілдік шеберлігі мен философиялық ойларын да қарастыру қажет. Өйткені оның сарбаздық рухы тек мазмұннан ғана емес, сонымен бірге форма мен сөз қолданыстан да

танылады. Ақынның өлеңдері көбіне қысқа, бірақ салмақты. Ол ұзақ-сонар баяндауға ұрынбайды, бір-екі жолмен-ақ бүтін бір дәуірдің трагедиясын суреттей алады.

Мысалы, «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңіндегі:

«Жаутаңдап қарап дала тұр,

Көз жасын сүртіп жаңа бір» – деген екі жол бүкіл халықтың қасіретін жеткізеді. Бұл жерде артық сөз жоқ, бірақ қазақ даласының бейнесі ананың жанарымен астасып, тұтас бір философиялық ойға айналады. Мәуленовтің поэзиясында уақыт пен үміт диалектикасы айқын көрінеді. Соғыста өткен әрбір сәт тек қана өлім мен үрей емес, үміттің де өлшемі болған. Ақынның «Мен бір қолымды бердім» деп басталатын өлеңінде сарбаздың тағдыры символға айналады. Қол – өмірдің бір бөлігі, жастық – болашақтың бір бөлігі, жыр – рухтың бір бөлігі. Осының бәрін ол елдің амандығы үшін құрбан етуге дайын. Бұл – ақынның жеке басының емес, бүкіл ұрпақтың философиясы. Ақынның тіліндегі символдар ерекше. «Құлын» өлеңіндегі бейне – жай ғана жануардың тағдыры емес, болашақтың үзілген үміті. «Түбірлер» өлеңінде:

«Айрылған аяқ-қолдардан түбірлер,

Мүгедек солдат секілді түбірлер» – деп жазғанында, ол табиғатты соғыстан мүгедек болған жауынгерлердің бейнесіне айналдырады. Бұл – табиғат пен адам тағдырының бірлігін көрсететін шынайы поэтикалық публицистика.

Ақынның философиялық тереңдігі оның уақыт пен мәңгілік туралы толғаныстарында да байқалады. «Өлмейсің деп ел айтты, өлмейсің деп жер айтты» деп басталатын өлеңінде Мәуленов мәңгілік өмірдің символын жасайды. Ол үшін өлім – физикалық құбылыс, бірақ рух пен жыр өлмейді. Осы арқылы ақын өлеңнің өз күшіне сенеді, поэзияны мәңгіліктің куәсі етеді. Мәуленовтің тілдік шеберлігін зерттеушілер оның сөз қолданысының қазақ тілінің байлығын танытқанын жиі айтады. Сақыпжамал Сырбайқызының айтуынша, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көптеген мысалдар ақынның өлеңдерінен алынған. Бұл ақынның тілі – халықтың тілі, оның әр сөзі – әдеби тілдің алтын қорына қосылған үлес екенін дәлелдейді. [3, 412-б.]. Осы пікірден Сырағаңның тек лирик ақын ғана емес, қазақ әдеби тілінің көрнекті өкілі болғанын көреміз. Оның шығармалары – ұлт тілінің байлығы мен бейнелілік мүмкіндіктерін көрсететін құнды мұра. Ақынның шығармаларында символдық образдармен қатар, публицистикалық леп те бар. «Соғыс – сойқан» өлеңінде ол соғысты қараңғылыққа, жалмауызға, обыр күшке теңейді. Әр метафора – тек сурет қана емес, соғыстың сұмдығын әшкерелеу.

«Келе жатты ол қап-қара, бүйі болып,

Жолбарыс боп жаландап жол үстінде».

Бұл жерде соғыс – адамзатқа төніп келе жатқан апат. Ақын соғысты «жалғыз көзді жалмауызға», «Обаганға», «мың-миллион қабірге» теңеп, оны тіршілік атаулыны жалмап жатқан апатты күш ретінде бейнелейді. Ақын поэзиясы арқылы соғысқа лағынет айтып, бейбіт өмірге үндеу тастайды. Философиялық тұрғыда Мәуленов шығармалары бізге үш негізгі ойды қалдырады:Біріншіден, Отан үшін жан аямай күресу – әр азаматтың борышы. Екіншіден, бейбіт өмір – ең үлкен құндылық, ол қантөгіспен келген аманат. Үшіншіден, поэзия – халықтың жаны, ол соғыстан да, уақыттан да күшті.

Сырбай Мәуленов – лириканың нағыз шебері. Ғафу Қайырбеков: «Сырбай бар өмірін лирикаға арнады, оның барлық мүмкіндігін сынап көрді» – десе [1, 245- б.], Мұхаметжан Қаратаев оның өлеңдерін түрлі түспен құлпыратын гауһар тасқа теңеген. [2, 317-б.]. Сырбай Мәуленов – қысқа да нұсқа, дәл де әсерлі жырдың шебері. Оның өлеңдері көбіне шағын шумақтардан тұрса да, мағынасы терең. Сыншылар оны «сыршыл лирик», «сезімнің гауһар тасын қашаған ақын» деп бағалаған. Ақын табиғатты жандандырып, оны адаммен біртұтас етіп суреттейді:

«Шайқалады көк айдын,

Шүпілдеген шарадай.

Арасында тоғайдың

Оқ сияқты көкке атылған қарағай.»

Бұл жерде бейбіт табиғат пен соғыс терминдері (оқ) қатар қолданылып, ерекше әсер тудырады.

Сырбай Мәуленовтің шығармалары – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Оның поэзиясы бізге бейбіт күннің қадірін білуге, елдің амандығын қастерлеуге үйретеді. Соғыстың қасіретін көрмесек те, оның жырларын оқу арқылы сол кезеңнің ауырлығын сезінеміз. Бұл – бүгінгі жастар үшін тәрбие, тағылым, ар-намыс сабағы. Оның «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңін оқыған жас жеткіншек ананың көз жасын, баланың үмітін, елдің қайғысын сезінеді. Бұл – тарихтан сабақ алу, өткеннің қасіретін қайталамау деген сөз. Ақынның поэзиясы – тек әдеби мұра емес, ол – адамгершілік мектебі. Оның өлеңдерін оқыған әрбір жас жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілікті, халыққа деген құрметті, бейбіт өмірге деген махаббатты ұялатады. Сырбай Мәуленов – халықтық ақын. Оның жыры – сарбаздың үні, ананың көз жасы, баланың сағынышы, халықтың ар-намысы. Оның сырбаздығы – айқайда емес, сабырда; қаталдығы – тас мінезде емес, жүректің отында.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясы – сарбаздық рухтың айқын көрінісі. Ол соғыс қасіретін де, бейбіт күннің қуанышын да жүрекпен жырлаған ақын. Оның өмірлік ұстанымы – Отанды сүю, халыққа адал қызмет ету, бейбіт өмірді қорғау. Бұл – бүгінгі және болашақ ұрпаққа да үлгі боларлық ұстаным. Мәуленовтің жырлары бізге бір нәрсені анық үйретеді: бейбіт өмірдің әр таңы – қасық қаны қалғанша күрескен сарбаздардың аманаты. Сол аманатты сақтау – бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Қазақ поэзиясының тарихында Сырағаңның орны – сарбаздық рухтың символы, бейбіт өмірдің жыршысы ретінде мәңгілікке қалды. Оның жырлары ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, әр қазақтың жүрегінде отансүйгіштік сезімнің шырағын жағары анық.

Әдебиеттер тізімі:

1 Мәуленов С. Өмір жолы – өлең жолы. – Алматы, 1980.
2 Ашықбаев Е. Соғыс және қазақ поэзиясы. – Астана, 2015.
3 Сақыпжамал Сырбайқызы. Естеліктер. – Алматы, 2022.
4 Ашықбаев Е. «Волхов өлеңдері: Сырбай поэзиясының бастаулары» // Қазақ әдебиеті. – 2012.
5 Қайырбеков Ғ. Өлең өрісі. – Алматы: Жазушы, 1981.
6 Қаратаев М. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1977.
7 Әлімбаев М. Шеберлік шыңына. – Алматы, 1990.

Асылбек Әйгерім Русланқызы
школа-лицей №37 им. С. Мауленова
учитель английского языка

ИЗУЧЕНИЕ ТВОРЧЕСТВА С. МАУЛЕНОВА НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ МЕЖПРЕДМЕТНЫЕ СВЯЗИ

Современное образовательное пространство характеризуется стремлением к интеграции различных областей знания, где межпредметные связи выступают не просто как педагогический прием, но как фундаментальный принцип формирования целостного мировоззрения учащихся. В контексте глобализации и одновременной необходимости сохранения национальной идентичности особую значимость приобретает включение произведений национальной литературы в процесс обучения иностранным языкам. Это позволяет решать комплексную задачу: развивать языковые компетенции учащихся в области английского языка и одновременно углублять их понимание родной культуры, формировать способность представлять казахстанское культурное наследие на международном уровне.

Изучение творчества выдающегося казахского поэта Сырбая Мауленова на уроках английского языка представляет собой яркий пример реализации межпредметных связей, объединяющих литературу, языкознание, историю, географию и культурологию в единый образовательный комплекс. Подобный подход способствует формированию у обучающихся навыков критического мышления, аналитических способностей и межкультурной компетентности.

Практическая реализация данной методики предполагает использование разнообразных педагогических технологий и форм работы. Учащиеся могут анализировать поэтические тексты Мауленова на казахском языке, затем создавать их художественные переводы на английский, что развивает не только лингвистические навыки, но и творческие способности. Сравнительный анализ переводческих решений различных авторов позволяет углубить понимание специфики обоих языков и культурных контекстов.

Биографические сведения о поэте открывают возможности для изучения исторических периодов развития Казахстана, особенностей кочевой культуры и процессов модернизации казахского общества. Географический контекст творчества Мауленова способствует расширению знаний учащихся о природных особенностях казахских степей, их влиянии на формирование национального характера и поэтического мышления.

Особое внимание следует уделить методическим аспектам организации учебного процесса. Эффективными представляются такие формы работы, как проектная деятельность, создание мультимедийных презентаций о жизни и творчестве поэта на английском языке, организация литературно-музыкальных вечеров с элементами театрализации. Подобные мероприятия не только повышают мотивацию к изучению английского языка, но и способствуют формированию патриотических чувств и уважения к национальному культурному наследию.

Важным компонентом интегрированного подхода является развитие исследовательских навыков учащихся. Сопоставление творчества Мауленова с произведениями англоязычных поэтов аналогичной тематики позволяет выявить универсальные и национально-специфические черты поэтического мышления, способствует формированию навыков компаративного анализа и межкультурного диалога.

Сырбай Мауленов, родившийся 17 сентября 1922 года в поселке Тургай Костанайской области, прожил жизнь, которая стала отражением целой эпохи в истории Казахстана. Происходя из подрода аю рода шакшак племени аргын, он с детства был погружен в богатую устную традицию казахского народа, что впоследствии определило глубину и аутентичность его поэтического голоса. Начав свой путь в литературе еще в довоенные годы с публикации первого стихотворения в газете "Колхозшы" Жамбылской области в 1937 году, Мауленов прошел через горнило Великой Отечественной войны, где служил заместителем командира стрелковой роты по политической части в 163-м стрелковом полку на Волховском фронте. Его участие в прорыве блокады Ленинграда 18 января 1943 года, когда он был тяжело ранен, оставило неизгладимый след в его творчестве, определив одну из центральных тем его поэзии - тему войны, героизма и памяти.

После войны Мауленов посвятил себя литературной и редакторской деятельности, работая в различных изданиях: от редактора Костанайского областного радиокомитета до главного редактора таких значимых изданий, как газета "Қазақ әдебиеті" и журнал "Жұлдыз". Его литературное наследие поражает своим объемом и разнообразием - более сорока поэтических сборников, среди которых "Голос степей" (1949), "Товарищ" (1954), "Молодое сердце" (1956), "Пламя на дороге" (1963), "Синие горы" (1964), "Красная арча" (1969), "Иней" (1976). Важно отметить, что творчество Мауленова получило признание не только в Казахстане, но и далеко за его пределами - многие его произведения были переведены на русский язык и изданы в Москве, включая "Новая весна" (1956), "Степная заря" (1957), "Апрельские листья" (1972). Это свидетельствует об универсальности

поэтического языка Мауленова, его способности говорить о национальном так, чтобы это было понятно и близко представителям других культур.

Интеграция творчества Сырбая Мауленова в содержание уроков английского языка открывает обширные возможности для реализации межпредметных связей на различных уровнях. Первый и наиболее очевидный уровень - это связь с казахской и русской литературой. При работе с переводами стихотворений Мауленова на английский язык учащиеся сталкиваются с фундаментальной проблемой художественного перевода: как передать не только смысл, но и образность, ритмику, эмоциональную окраску оригинала. Например, работая над переводом строк о казахской степи, учащиеся должны найти в английском языке эквиваленты для передачи того особого чувства простора, свободы и одновременно интимной связи с землей, которое характерно для казахского восприятия степного ландшафта. Это требует не просто знания языка, но глубокого понимания культурных концептов, метафорической системы казахской поэзии, умения находить точки соприкосновения между разными поэтическими традициями.

Работа с творчеством Мауленова позволяет развивать у учащихся навыки литературоведческого анализа на английском языке. Они учатся описывать и анализировать поэтические приемы, используя соответствующую англоязычную терминологию: metaphor, simile, personification, alliteration, assonance. При этом происходит углубление понимания универсальных законов поэтического творчества и одновременно осознание национальной специфики казахской поэзии. Учащиеся могут сравнивать образную систему Мауленова с образностью англоязычных поэтов, выявляя как универсальные архетипы, так и уникальные национальные образы. Например, образ степи в поэзии Мауленова может быть сопоставлен с образом прерий в американской поэзии или образом вересковых пустошей в английской романтической традиции, что позволяет увидеть как общность человеческого опыта восприятия природы, так и его культурную обусловленность.

Исторический контекст творчества Мауленова создает естественную основу для межпредметных связей с курсом истории. Его военная лирика, основанная на личном опыте участия в Великой Отечественной войне, предоставляет богатый материал для обсуждения на английском языке таких тем, как Вторая мировая война, роль Казахстана в достижении победы, судьбы людей в военное время. Учащиеся могут готовить развернутые презентации на английском языке, используя стихотворения Мауленова как первоисточники для иллюстрации исторических событий. При этом развиваются не только языковые навыки, но и умение работать с историческими источниками, критически оценивать информацию, сопоставлять художественное и документальное отражение исторических событий. Изучение биографии поэта на английском языке позволяет проследить, как исторические события XX века - коллективизация, индустриализация, война, послевоенное восстановление - отразились в судьбе конкретного человека и как личный опыт трансформировался в поэтическое творчество.

Географический компонент межпредметных связей реализуется через работу с топонимикой и ландшафтными описаниями в произведениях Мауленова. Поэт с любовью описывал различные регионы Казахстана - от родных Тургайских степей до гор Алатау, что дает возможность на уроках английского языка работать с географической лексикой, развивать навыки описания местности, климатических условий, природных явлений. Учащиеся могут создавать интерактивные карты на английском языке, отмечая места, связанные с жизнью и творчеством поэта, сопровождая их цитатами из его произведений и собственными описаниями. Такая работа способствует формированию пространственного мышления, умения видеть взаимосвязь между географическими особенностями региона и культурой его населения. Кроме того, изучение географии через призму поэзии делает этот предмет более эмоционально насыщенным, личностно значимым для учащихся.

Культурологический аспект изучения творчества Мауленова на уроках английского языка заслуживает особого внимания. Поэзия Мауленова насыщена культурными реалиями, национальными традициями, обычаями казахского народа. При переводе таких элементов на английский язык учащиеся сталкиваются с необходимостью не просто найти языковой эквивалент, но и обеспечить понимание культурного контекста англоязычной аудиторией. Это может потребовать создания культурологических комментариев, глоссариев, пояснительных текстов на английском языке. Например, при переводе стихотворений, где упоминаются казахские национальные праздники, традиционные блюда, элементы национальной одежды, музыкальные инструменты, учащиеся должны не только найти способ передачи этих реалий на английском языке, но и объяснить их значение в казахской культуре. Такая работа развивает межкультурную компетенцию, способность выступать медиатором между культурами.

Методическая реализация межпредметных связей при изучении творчества Мауленова требует использования разнообразных форм и методов работы. Проектная деятельность является одной из наиболее продуктивных форм, позволяющих интегрировать знания из различных предметных областей. Долгосрочные проекты могут включать создание мультиязычных антологий избранных произведений Мауленова с параллельными текстами на казахском, русском и английском языках, сопровождаемых комментариями о трудностях перевода, культурных особенностях, исторических аллюзиях. Учащиеся старших классов могут работать над созданием веб-сайтов, посвященных творчеству поэта, где информация представлена на английском языке для международной аудитории. Такие проекты требуют не только хороших языковых навыков, но и умения структурировать информацию, работать с различными источниками, использовать современные информационные технологии.

Компаративистский подход открывает широкие возможности для углубленного изучения литературы через призму межкультурного диалога. Сопоставление творчества Мауленова с произведениями англоязычных поэтов-современников позволяет выявить универсальные темы мировой литературы XX века и специфику их национального преломления. Особенно продуктивным может быть сравнение военной лирики Мауленова с поэзией английских поэтов Первой мировой войны, таких как Уилфред Оуэн, Руперт Брук, Зигфрид Сассун, или американских поэтов-участников Второй мировой войны. Учащиеся могут исследовать, как тема войны, потери, героизма раскрывается в разных культурах, какие образы и символы используются для передачи военного опыта. Такой анализ помогает понять, что при всей универсальности человеческого опыта войны, каждая культура вырабатывает свой язык для его осмысления и передачи.

Использование драматизации и театрализации открывает новые измерения в работе с поэтическим текстом. Учащиеся могут готовить литературно-музыкальные композиции, где стихи Мауленова звучат на разных языках в сопровождении национальной музыки, визуального ряда, элементов театрализации. Подготовка таких выступлений требует глубокого понимания текста, умения передать его эмоциональное содержание средствами другого языка, навыков публичного выступления. При этом развивается не только лингвистическая компетенция, но и эмоциональный интеллект, способность к эмпатии, понимание эстетической ценности поэтического слова.

Исследовательская деятельность учащихся может быть направлена на изучение различных аспектов творчества Мауленова и его представления англоязычной аудитории. Темы исследований могут включать проблемы художественного перевода поэзии Мауленова на английский язык, сравнительный анализ образной системы казахской и англоязычной поэзии, изучение рецепции казахской литературы в англоязычном мире. Учащиеся могут участвовать в международных конференциях и форумах, представляя результаты своих исследований на английском языке, что требует высокого уровня академического английского, навыков научной коммуникации, умения вести дискуссию на иностранном языке.

Важным направлением работы является создание учебных материалов на английском языке для изучения творчества Мауленова. Учащиеся могут разрабатывать учебные пособия, рабочие тетради, интерактивные упражнения для младших классов, где биография и творчество поэта представлены в доступной форме на английском языке. Это развивает не только языковые навыки, но и педагогические способности, умение адаптировать сложный материал для разных возрастных групп, создавать дидактические материалы.

Использование современных информационных технологий значительно расширяет возможности изучения творчества Мауленова на уроках английского языка. Создание подкастов, видеоэссе, цифровых историй на английском языке о жизни и творчестве поэта позволяет развивать навыки работы с мультимедиа, умение создавать образовательный контент для цифровой среды. Учащиеся могут вести блоги на английском языке, где публикуют свои переводы стихотворений Мауленова, размышления о его творчестве, сравнительные анализы с англоязычной поэзией. Социальные сети могут использоваться для создания международных проектов, где учащиеся из разных стран обмениваются мнениями о поэзии Мауленова, делятся своими переводами и интерпретациями.

Оценивание результатов интегрированного изучения творчества Мауленова должно учитывать многоаспектность такой работы. Помимо традиционного тестирования языковых навыков, необходимо оценивать глубину понимания культурного контекста, способность к межкультурному анализу, творческий подход к решению переводческих задач, умение представлять казахскую культуру международной аудитории. Портфолио учащегося может включать переводы стихотворений с комментариями о трудностях и находках, эссе на английском языке о различных аспектах творчества Мауленова, исследовательские проекты, творческие работы. Критерии оценивания должны быть прозрачными и учитывать как языковую правильность, так и содержательную глубину, оригинальность подхода, способность к критическому мышлению.

Организация интегрированных уроков, где учитель английского языка работает совместно с учителями казахской литературы, истории, географии, музыки, требует тщательной координации и планирования. Такие уроки позволяют показать учащимся целостность знания, продемонстрировать, как различные учебные дисциплины взаимодополняют друг друга в постижении сложных культурных феноменов. Например, интегрированный урок может быть посвящен теме "Образ родины в творчестве Мауленова", где на материале его стихотворений изучается географическая лексика на английском языке, обсуждаются исторические события, повлиявшие на формирование национальной идентичности, анализируются литературные приемы создания образа родины, исполняются песни на стихи поэта.

Внеклассная работа предоставляет дополнительные возможности для углубленного изучения творчества Мауленова. Литературные клубы, где учащиеся читают и обсуждают произведения поэта на английском языке, поэтические вечера с чтением стихов на разных языках, конкурсы переводов, встречи с переводчиками и литературоведами - все это способствует формированию устойчивого интереса к казахской литературе и ее представлению в мировом контексте. Организация виртуальных встреч с учащимися из англоязычных стран, где казахстанские школьники представляют творчество Мауленова, способствует развитию навыков межкультурной коммуникации, формированию позитивного образа Казахстана в международном сообществе.

В заключение необходимо подчеркнуть, что изучение творчества Сырбая Мауленова на уроках английского языка представляет собой комплексную образовательную стратегию, направленную на формирование многосторонне развитой личности, способной к межкультурному диалогу при сохранении национальной идентичности. Такой подход позволяет решать множество образовательных задач: развитие языковых компетенций, формирование литературного вкуса, воспитание патриотизма, развитие критического мышления, формирование исследовательских

навыков. Творчество Мауленова, с его глубоким лиризмом, искренностью, связью с национальными корнями и одновременно универсальностью поднимаемых тем, является идеальным материалом для такой работы. Методический потенциал интеграции национальной литературы в преподавание английского языка далеко не исчерпан и требует дальнейшей разработки, систематизации, создания учебно-методических комплексов, что открывает широкие перспективы для педагогических исследований и инноваций в области интегрированного обучения.

Список литературы:

1. Каратаев М. К. Вершины впереди: критико-биографический очерк о творчестве С. Мауленова / М. К. Каратаев. – Алма-Ата: Жазушы, 1972. – 186 с.
2. Мауленов С. Таңдамалы шығармалары: 3 томдық / С. Мауленов. – Алматы: Жазушы, 1981-1984. – Т. 1-3.
3. Очерк истории казахской советской литературы / под ред. С. Кенжебаева. – Москва: Наука, 1960. – 412 с.
4. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению: пособие для учителей иностранных языков / Е. И. Пассов. – 2-е изд. – Москва: Просвещение, 1991. – 223 с.

Аубакирова Злыха Кабыкеновна
Астана қаласы,
Сырбай Мәуленов атындағы
№ 37 мектеп-лицейі
бастауыш сынып мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ

Қазақ әдебиеті тарихында халқымыздың рухани болмысына, ұлттық сөз өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар аз емес. Солардың қатарында ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі – Сырбай Мәуленов ерекше орын алады. Ол өзінің қысқа ғұмырында артына бай әдеби мұра қалдырған, өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасын айқын танытқан ақын болды. Сырбайдың шығармашылық мұраты – туған елдің азаттығын, халықтың қайсар рухын, Отанға деген сүйіспеншілікті жырлау, адамгершілік пен ізгілікті дәріптеу, қазақ поэзиясына жаңаша леп әкелу еді.

Ақынның поэзиясына тереңірек үңілген сайын оның азаматтық үнін, ұлттық рухты асқақтатқан отты жырларын, сыршыл лирикасы мен өткір де өр мінезді толғаныстарын көреміз. Сырбай Мәуленов – тек ақын ғана емес, сонымен бірге журналист, қоғам қайраткері, майдангер жауынгер. Оның өмір жолы мен шығармашылығы қазақ халқының ХХ ғасырдағы тағдырымен, күресімен, қуаныш-қайғысымен тікелей астасып жатыр. Сондықтан Сырбайдың ақындық мұратын зерделеу – қазақ әдебиетінің, жалпы ұлттық руханияттың даму заңдылықтарын танумен тең [1, 17-бет].

Сырбай Мәуленов поэзиясы – елдік пен ерлікті, ұлттық болмысты, табиғаттың сұлу суреттерін, халықтың тағдырын, замандастарының бейнесін жырлаған рухани биік мұра. Ақын үшін өлең жазу – тек шабыттың ісі ғана емес, халық алдындағы үлкен жауапкершілік, елге адал қызмет ету, азаматтық парыз болды.

1. Ақын өмірі мен шығармашылық жолының бастау кезеңі

Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Балалық шағы ел басына күн туған қиын кезеңдерге тұспа-тұс келді. Жастайынан жетім қалып, тағдырдың талай қиындығын көрген Сырбай ерте есейді. Ол мектеп қабырғасында жүріп-ақ өлеңге әуестене бастайды. Алғашқы жырлары жергілікті баспасөзде жарық көрді.

2.Жастық шағы және ұстаздық қызметі

Қостанайдағы педагогикалық училищені тәмамдаған соң мұғалімдік қызмет атқарды. Бұл жылдары ауыл балаларына білім беріп қана қоймай, олардың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті, рухани құндылықтарды сіңіруге тырысты. Оның ұстаздық жолы кейінгі азаматтық поэзиясының қалыптасуына әсер етті.

3. Сырбай поэзиясындағы азаматтық үн

Сырбай Мәуленов – ең алдымен азамат ақын. Оның өлеңдерінен елдік пен ерлікті, халықтық мұраттарды көреміз. «Жеңіс жырлары», «Қызыл гүлдер», «Алыстағы бауырларыма» секілді өлеңдері соғыс тақырыбымен байланысты болса, кейінгі жылдары туған «Жүрек жыры», «Заман тынысы», «Қазақтың баласы» сияқты жинақтарында туған жерге, ел тарихына, халық болашағына деген ой толғаныстар терең өрілді.

Ақын шығармашылығының басты ерекшелігі – ұлттық рух пен азаматтық пафостың бірлігінде. Ол қазақ халқының ғасырлар бойғы арман-аңсарын, еркіндікке, бақытқа ұмтылысын жырлады. «Бабаларға сәлем», «Абайға», «Махамбет рухымен сырласу» сияқты өлеңдері тарихқа, ұлттың ұлы тұлғаларына тағзым ету арқылы өзінің азаматтық көзқарасын танытты.

Сырбайдың поэзиясында Отан тақырыбы ерекше орын алады. Ол үшін Отан – ең қасиетті ұғым. Ақын жүрегі туған жердің әр тасы мен топырағын, өзен-көлін, даласы мен тауын сүйіп жырлады. Оның лирикасындағы табиғат бейнелері де ұлттық болмыспен астасып, адам тағдырымен үндесіп жатады.

4. Лирикалық нәзіктік пен сыршылдық

Сырбай Мәуленов поэзиясында азаматтық үнмен қатар нәзік лирика да кең өріс алған. Ол махаббатты, достықты, адам жанының сырлы иірімдерін жырлауда- өзіндік өрнек тапқан ақын. Оның махаббат лирикасындағы бейнелер – адал сезімнің, пәк махаббаттың, шынайы көңілдің көрінісі.

Мәселен, табиғат суреттері арқылы адам жанының күйін бейнелеу – ақынның өзіндік қолтаңбасы. Көктемнің жадыраған шағы, күздің мұңлы көрінісі, қыстың ақ бораны – бәрі де Сырбай лирикасында адам көңілімен астасып, психологиялық параллелизм арқылы бейнеленеді.

Ақынның «Жүрегім менің – қырық жамау» деген жинағындағы жырлары оның нәзік жанды, сыршыл болмысын айқын танытады. Бұл өлеңдерде ол өзіндік «менін» ашып, жүрек сырын ақтарады. Демек, Сырбайдың ақындық мұраты – тек қоғамдық мәселелерді жырлау ғана емес, адам жанын, ішкі дүниесін ашу да болды [1, 63-бет].

5.Соғыс жылдарындағы тағдыр

1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс өрті тұтанғанда ол да қатардағы жас азамат ретінде майданға аттанды. Соғыстың от-жалынында жүріп, қолына қарумен қоса қаламын да тастамаған ақынның алғашқы өлеңдерінен-ақ елге деген сағыныш, жауынгерлік рух, жеңіске деген сенім айқын көрінеді. Бұл кезеңде туған жырлары кейінгі шығармашылығына негіз болды.

Сырбай Мәуленов үшін майдан мектебі – өмірлік тәжірибенің ғана емес, шығармашылықтың да шыңдалу мектебі еді. Ол от пен оқтың ортасында жүріп, өмірдің құндылығын, бейбіт күннің бағасын түсінді. Осыдан барып ақындық мұраттың негізгі арналары – бейбітшілікті қорғау, Отанға адалдық, ерлікті дәріптеу қалыптасты [4, 78-бет].

Ол отты жылдардың нағыз қанды қырғынын көріп, ерлік пен қайсарлықтың сынынан өтті.Оның алғашқы өлеңдері майдан газеттерінде жарияланып, сарбаздарға рух берді. Ақын үшін поэзия – қарумен тең, жауынгерге жігер беретін күш еді. Кейінгі шығармаларында да соғыс тақырыбы ерекше орын алды. Өйткені ол соғыстың қасіретін өз көзімен көрді, жүрегімен сезді [5,94-бет]. Соғыста алған тәжірибе- оның шығармашылығының алтын арқауына айналды. Ол үшін майдан – адам төзімділігінің, достық пен адалдықтың, ерлік пен азаматтықтың мектебі болды.

6.Соғыстан кейінгі кезең

1945 жылы елге оралған соң, Сырбай Мәуленов шығармашылыққа біржола бет бұрды. Оның алғашқы кітабы – «Жолдар, жырлар» 1948 жылы жарық көрді [2, 112-бет]. Бұл жинақ жас ақынның әдебиеттегі бағытын айқындады.

Кейінгі жылдары жарық көрген «Жастар жыры» (1951), «Біздің туған жер» (1953), «Жаңа жырлар» (1955) жинақтары қазақ оқырманына кеңінен танылды. Ақынның әрбір өлеңінде елге, жерге, халыққа деген сүйіспеншілік айқын көрінді. Ол тек ақын ғана емес, баспасөз саласында да еңбек етті. «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Жұлдыз» журналында қызмет атқарып, әдеби сынның дамуына үлес қосты [3, 215-бет].

7.Шығармашылық мұрасы

Соғыс тақырыбы

Сырбай Мәуленов шығармашылығының бастауы – майдан жырлары. Оның ерлік, Отан қорғау, жауынгерлік, достық жайлы өлеңдері қазақ әскери лирикасының үздік үлгілеріне айналды. Ақын үшін соғыс – тек тарихи оқиға емес, адамзатқа түскен қасірет пен сын [4, 146-бет].

Мысалы, оның өлеңдерінде жауынгердің адалдығы, елді қорғау мұраты, туған жерге деген сағынышы терең суреттелді.

8. Ақындық мұрат пен ұлттық рух

Сырбай Мәуленов қазақ әдебиетінің ұлттық сипатын сақтауға, оның жаңа дәуірдегі дамуына үлес қосты. Ол қазақтың дәстүрлі жыршылық поэзиясын XX ғасырдың талабына сай жаңғырта білді. Оның шығармаларынан фольклорлық сарындар да, заманауи лирикалық-эпикалық өрнектер де қатар көрініс табады.

Ақын үшін ұлттық рух – басты құндылық. Ол әрбір өлеңінде қазақ даласының сұлулығын, халықтың қайсарлығын, тарихын дәріптейді. Сырбайдың шығармашылығында Махамбет рухымен үндестік бар. Екеуін табыстыратын нәрсе – халықтың мұңын мұңдау, елдік мүддені жырлау.

Сонымен бірге ол кеңестік дәуірдің ақыны ретінде социалистік қоғамды, бейбіт еңбекті, халықтар достығын жырлады. Бірақ мұның бәрін жалаң үгіт емес, шынайы жүрекпен жеткізді. Оның шығармаларындағы халықтық рух, ұлттық болмыс сол кезеңнің талай ақынына өнеге болды.

9. Шығармашылық мұрасының жанрлық және стильдік ерекшеліктері

Сырбай Мәуленов поэзиясында жанрлық алуандық бар. Ол лирикада да, поэмада да, публицистикалық өлеңдерде де қалам тартты. Оның поэмаларына («Жыл құстары», «Жер ананың жыры», «Жеңіс салтанаты») эпикалық тыныс, образдық байлық тән.

Стильдік тұрғыдан Сырбайдың тілі қарапайым да шынайы. Ол халық тілінің бай қазынасын ұтымды пайдаланды. Өлеңдерінде қысқа да нұсқа, әсерлі жолдар көп. Кейбір өлеңдері афоризм іспетті оқылады. Бұл да ақынның сөз ұстартудағы шеберлігін танытады.

10.Азаматтық лирика

Сырбай Мәуленов поэзиясының өзегі – азаматтық үн. Ақын елдік мүддені, халықтың азаттығын, ұлттық рухты жырлады. Оның «Жер нәрі» (1974), «Қыран дала» (1972) жинақтарындағы өлеңдері ел бірлігін, халық болашағын дәріптеді [1, 184-бет].

11.Табиғат лирикасы

Ақын табиғат тақырыбындағы өлеңдерінде нәзік сыршылдығымен танылды. «Жаңбыр жыры», «Қызыл арша», «Тау самалы» шығармаларында туған даланың көркем бейнесі жасалды. Табиғат пен адамның үйлесімділігі, қазақ даласының рухани қуаты суреттелді [2, 223-бет].

12.Балаларға арналған шығармалары

Сырбай Мәуленов балалар әдебиетіне де үлес қосты. Оның қысқа, ойнақы, балаларға түсінікті өлеңдері жас ұрпақтың қиялын ұштап, елін сүюге тәрбиеледі. Бұл қыры ақынның көпқырлығын көрсетеді.

13.Ақындық мұрат және ұлттық рух

Сырбай Мәуленов үшін ақындық – тек өнер емес, халық алдындағы борыш болды. Оның жырларының темірқазығы – ұлттық рух. Ол туған жердің табиғатын, халықтың

тағдырын, елдің арманын жырлауды басты мұрат етті [1, 192-бет].

Ақынның өлең жолдарында:

«Жүрегімде менің – елім,

Жырымда да менің – жерім.

Азаматтық – адал борыш,

Отаныммен бірге өлемін!» деген жолдар оның азаматтық кредосын айқындайды.

Ол кеңестік кезеңнің қатаң идеологиясына қарамастан, жырларында еркіндікке деген сенімді білдірді [4, 198-бет].

14. Ақын мұратының заманауи мәні

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұратын бүгінгі күн тұрғысынан бағалағанда, оның поэзиясы әлі де өзекті екеніне көз жеткіземіз. Ақын жырлаған бейбітшілік пен Отанға адалдық, ұлттық рух пен адамгершілік – қазіргі заман жастары үшін де қымбат құндылықтар.

Ол армандаған қоғам – әділетті, адамгершілікке негізделген, рухани бай қоғам. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында Сырбай жырлары жас ұрпақтың бойында елжандылық пен патриотизмді тәрбиелеуге қызмет етуде.

15. Ақынның аудармашылық еңбегі

Сырбай Мәуленов – талантты аудармашы. Ол А.С.Пушкин, М.Лермонтов, Н.Некрасов, В.Маяковский сияқты орыс классиктерін қазақша сөйлетті [5, 101-бет].

А.С.Пушкиннің нәзік лирикасын қазақы өлшемге лайықтап жеткізсе, В.Маяковскийдің пафосын қазақ оқырманына түсінікті қылып ұсынды. Бұл еңбектері қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиетпен үндесуіне жол ашты [3, 317-бет].

16.Қоғамдық қызметі

Ақын шығармашылықпен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ретінде жас қаламгерлерге бағыт-бағдар берді [1, 204-бет].

Сондай-ақ, журналистика мен әдеби сын саласында еңбек етіп, әділдік пен адалдықты дәріптеді [2, 259-бет].

17.Замандастарының бағасы

Сырбай Мәуленовті замандастары жоғары бағалады.

Ғабит Мүсірепов: «Сырбай поэзиясы – халықтық рухы басым, жүрекке жақын жырлар» [3, 221-бет].

Зейнолла Қабдолов: «Сырбайдың өлеңдерінен ұлттық мінез бен азаматтық үн қатар естіледі» [4, 302-бет].

Тахауи Ахтанов: «Ол – сарбаздық рухтың жыршысы» [2, 273-бет].

Бұл пікірлер ақынның қазақ әдебиетіндегі орнын айқындайды.

18. Ақын шығармаларына сын-пікірлер

Әдебиеттанушылар Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын бірнеше қырынан бағалады:

- ✓ Соғыс тақырыбы – шынайы, өмірлік тәжірибеге негізделген.
- ✓ Лирикалық жырлары – табиғат пен туған жерге сүйіспеншілікке толы.
- ✓ Азаматтық үн – елдік мүддені қорғаған поэзия.

Кейбір сыншылар оның кейбір өлеңдерінде жалпыламалық бар десе де, жалпы қазақ лирикасын дамытқан ірі тұлға екенін мойындайды.

Сырбай Мәуленов – XX ғасырдағы қазақ поэзиясының ең көрнекті өкілдерінің бірі. Оның өмірі – майдангерлікпен шыңдалған тағдыр, шығармашылығы – ұлттық рух пен азаматтық үннің айнасы.

Ақындық мұраты – елдік пен ерлікті, ұлттық болмысты асқақтату, халықты отансүйгіштікке тәрбиелеу болды. Оның жырлары бүгінгі күні де жас ұрпақтың жүрегіне елін, жерін сүюді дарытып келеді.

Өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Сырбайдың шығармалары – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы. Ол поэзияны халықтың рухани мұратымен, тағдырымен, арманымен астастырып, көркемдік биікке көтере білді. Сондықтан Сырбай Мәуленовтің ақындық мұратын тану – бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды.

Ол – жүрегін халқына арнаған, елін сүйген, Отанын қорғаған, жырын халыққа аманаттаған ақын. Оның мұрасы – мәңгілік рухани қазына.

Сырбай Мәуленов – халқымен бірге мәңгі жасайтын ақын.

Пайдаланылған әдебиет:

1 Әдебиет порталы. Сырбай Мәуленов: өмірі мен шығармашылығы – Алматы, 2019.
2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002.
3 Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Ғылым, 1998.
4 Мүсірепов Ғ. Әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1970.
5 Мәуленов С. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1982.
6 Егемен Қазақстан газеті. Басына бұлт ерткен ақын, 2023.
7 el.kz. Сырбай Мәуленов: публицист-журналист

Аубакирова Шолпан Кусмановна
Астана қаласы
Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы көгінде жұлдыздай жарқыраған тұлға. Оның есімі қазақтың арғы-бергі ақындық дәстүрінің алтын арқауында тұрған, поэзияны жүрекпен ұғып, сөз өнерін тағдырдың арқауына айналдырған суреткер ретінде қымбат. Ақынның ғұмыры да, шығармашылық жолы да халқымыздың тағдырымен біте қайнасып, соның қуанышы мен қайғысынан нәр алды. Торғайдың құмды жазығында дүние есігін ашқан бала Сырбайдың құлағына алдымен туған жердің самалы, даланың сыңғыры, құстың үні, халық жырының әуені сіңді. Кейін сол әуен өлеңге айналып, поэзияның құдіретті үніне ұласты.Оның ақындық мұратын зерделеу арқылы біз тек бір ақынның ғана емес, тұтас бір дәуірдің рухани-әдеби ізденістерін, қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени келбетін, халықтың тағдырлы жолын танып білеміз. Өйткені Мәуленов шығармашылығы – бұл жеке тұлғаның ішкі әлемі мен бүкіл ұлттың тағдырының тоғысқан тұсы.

Ол 1922 жылы дүниеге келгенде қазақ даласы қилы кезеңдерді бастан кешіп жатқан еді. Ашаршылық пен қуғын-сүргін халықты тітірентіп, талай шаңырақты шайқалтса да, ұлт рухы сынған жоқ, қайта қайсарлана түсті. Дала төсіндегі қараша үйлерде үміт оты өшпей, болашаққа деген сенімнің әлсіз сәулесі болса да жылт етіп көрініп тұратын. Осындай ауыр заманның сынағымен келген сәбидің балалық шағы жоқшылық пен мұңға толы болғанымен, оның жүрегіне халық даналығының дәні, атамекеннің өшпес үні, жыраулардың жауһар жырларының сарыны егіліп сіңді.

Жастық шағында ол ауыл қарияларының шерлі әңгімелерін тыңдап өсті. Қуғын-сүргіннен шеккен халықтың азабы мен қайғысы оның бала жүрегіне шемен болып қатса да, сол жүректің бір түкпірінде өлең мен әуенге деген құштарлық сәби арман секілді бүр жарып келе жатты. Қазақтың қара домбырасынан төгілген күмбір күй мен аналардың әлдиіне оралған жырлар оның қиялын шарықтатып, болашақ ақындық әлеміне бастап апарды.

Ол қиындықты көріп өсті, бірақ қиындық оны жасытпады. Керісінше, тағдырдың салған сыны жас өреннің жігерін шыңдап, рухын қайрады. Даланың әр таңы, әр самалы, әр жұлдызды түні оған жыр боп жетіп, жүрек қылын тербеді. Сөйтіп, жас Сырбай бойына халықтың қайсарлығы мен даланың кеңдігін, ананың мейірімі мен елдің үмітін сіңіріп өсті. Бұл қасиет оны кейін қазақ жырының терең арнасына алып келіп, халықтың мұң-мұратын, арман-аңсарын жырлайтын шынайы ақын етіп қалыптастырды.[1].

Сырбайдың жас жүрегіне соғыс та өз мөрін басты. Жастық дәуренін жауынгер шинелінде өткізген ол өмір мен өлімнің қияметін, адам тағдырының қасіретін көзімен көрді. Майдан даласында әр атылған оқ, әр снарядтың жарылысы жас жүрекке өшпес із қалдырды. Бірақ сол бір қаралы жылдар оны сындырып тастамады, қайта шыңдап, ақындық қайратын күшейтті. Өлім мен өмірдің шекарасын күнде кешіп жүріп, ол адам ғұмырының қадірін, бейбіт күннің қымбаттығын, туған жердің қасиетті топырағының құнын терең сезінді.

Жан дүниесін жаралаған қанды соғыс Сырбайға жаңа көзқарас сыйлады: ол енді өмірдің әр сәтін бағалауды, адамға деген сүйіспеншілікті жүрекке берік түюді үйренді. Майданнан оралған жас жігіт туған жердің әр тасы мен әр тал жусанына тәу еткендей болды. Оның жырларынан осы шындық айқын сезіледі: әрбір өлеңінде қайсар рух, адалдыққа шақырған үн, болашаққа сенім бар.

Соғыс жылдары туған жырлары жасандылықтан ада еді. Ол майданды дәріптеген жоқ, қайта сол майдандағы адамның жан арпалысын, жүрек дүрсілін, елді сағынған аңсарын суреттеді. Сырбай үшін соғыстағы ең басты қаhарман — халықтың рухы болды. Ол жауынгерлердің ерлігін ғана емес, олардың жүрегіндегі елге деген махаббатты, туған жерге деген іңкәрлікті жырлады.Сол кезеңде жазған өлеңдерінің бірінде ол былай дейді [2]:

«Ажал оғын жүрекпен қарсы алдым,
Жанымда елдің үні бар, ар салдым.
Жауынгер жолы – өлім мен өмірдің
Шекарасын сезінген жанға арман!»

Бұл шумақта оның тек майдангер ғана емес, азаматтық ар-намысын биік ұстаған, халықтың намысын өз жүрегінің алдыңғы шебіне қойған ақын екенін анық көреміз. Бұл сөздерде жеке бастың емес, тұтас елдің тағдыры жатқандай. Ақынның жүрегі оққа қарсы тұра білгенде, ол жүрекке халықтың үні, аналардың тілеуі, елдің үміті серік болғанын сезінеміз.

Соғыс Сырбайды қатал сынақтан өткізді, бірақ дәл осы сынақ оның болашақ поэзиясының темірқазығын анықтады. Ол енді өлеңді тек әсем сөз өрнегі емес, азаматтық үн, халықтың тағдырын айшықтайтын рухани қару деп түсінді. Майдан отынан өткен жырларында Сырбай Мәуленовтің азаматтық поэзиясының іргетасы қаланды. Оның шығармалары қайсарлықты дәріптеп, адамдықты сақтауға, бейбіт өмірдің қадірін ұғынуға шақырды.

Ақын үшін туған жер – жырдың мәңгілік қайнары. Дала төсінде тербелген гүл, көктемде бүр жарған ағаш, жазғы түннің жұлдызы, күзгі даланың мұңды лебі – бәрі оның өлеңінде өмір сүріп, адам жанының сырын шертіп тұрады. Мәуленов табиғатты жалаң суреттемейді, ол арқылы адамның көңіл-күйін, заманның тынысын, халықтың тағдырын көрсетеді. Туған жердің топырағы оған поэзияның қасиетті бойтұмары іспетті[3].

Мәуленовтің табиғат лирикасынан мысал келтірсек:

«Көктем келсе, қар еріп, тасқындайды,
Дала күліп, бәйшешек шаш қадайды.
Жүрек іші жібиді, қуаныш боп,
Күннің нұры маңдайдан бас сыйлайды.»

Мұндағы сурет тек табиғат көрінісі емес, адамның ішкі қуанышы мен өмірге құштарлығы. Табиғаттың әрбір құбылысы адамның жүрегіне сәуле түсіріп, өмірдің мәнін айшықтайды.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – адамды сүю, әділетті көксеп, адалдыққа үндеу. Оның әрбір өлеңі – жүректің сыры, халықтың мұңы мен қуанышының айнасы. Ақынның жырлары шындықты іздейді, ардың ақ жолын аңсайды. Майдан даласында жазған жырлары да, бейбіт күннің тыныштығында туған лирикасы да – бәрі де адамға деген сенімді, болашаққа деген үмітті паш етеді. Ол үшін поэзия – тек әсем сөздің тізбегі емес, рухтың айнасы, ардың үні, халықтың жүрек соғысы [4].

Ақын шығармалары адамдық қасиеттің асқақ үлгісін береді. Әділет, ар-ождан, намыс мәселелерін ол үнемі жырлап отырды. Сырбай үшін өлең – шындықтың жаршысы, елдің ар-намысының сақшысы болды. Бұл тұрғыдан алғанда, оның поэзиясы қазақ әдебиетінің гуманистік арнасын тереңдетіп қана қоймай, ұлттық сөз өнерінің мәңгілік тақырыптарын жаңа қырынан дамытты. Ол адамзатқа ортақ құндылықтарды қазақы ұғыммен, ұлттық бейнелермен сабақтастыра білді.

Стильдік тұрғыдан ақын нәзік лиризм мен өткір публицистиканы қатар ұштастырды. Бірде оның жырлары халық әніндей сырлы да әуезді болып, жүрекке мейірім нұрын төксе, енді бірде найзағайдай күркіреп, әділетсіздікті әшкерелеп, оқырманды серпілтті. Сырбайдың әрбір сөзі шындықтан туындайды, әрбір бейнесі өмірдің өзінен алынған. Оның көркемдік қуаты – қарапайымдылық пен шынайылықта.

Мәуленов өлеңдерінде қазақ поэзиясына тән образдар, ұлттық теңеулер, дәстүрлі бейнелер өзіндік жаңа бояумен көрініс тапты. Ол дала мен табиғатты, туған жердің тау-тасын, өзен-көлін, жусан иісін тек сыртқы сурет ретінде ғана емес, рухани мәні бар символға айналдыра білді. Дала – халықтың кеңдігі мен төзімділігінің, тау – қайсар рухтың, жусан – туған жерге деген сағыныштың нышаны болып өрілді.

Сонымен қатар ақын сөзге сергек қарады. Оның өлеңдерінде артық қоспа жоқ, ой мен сезімнің табиғи үйлесімі ғана бар. Сол қарапайымдылық оқырман жүрегіне бірден жол тауып, өлеңді шынайы әрі шымыр етіп тұрды. Қай туындысын алсақ та, оның астарында адамға деген сүйіспеншілік, әділетке деген құштарлық пен адалдыққа шақырған үн жатыр.

Сырбай Мәуленовтің ақындық әлемі – рух пен ардың тоғысқан тұсы. Ол үшін өлең – тек өнер емес, халық алдындағы борыш. Сондықтан да оның шығармашылығы уақыт өткен сайын қадірін жоймай, әр ұрпаққа ой салумен келеді.

Ол өз шығармашылығында ұлттық болмысты терең бейнеледі. Қазақ даласының кеңдігі, халықтың дархан мінезі, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ерлік пен елдік дәстүр – барлығы Мәуленов поэзиясында жаңа тыныс алды. Оның өлеңдерінде тарих пен тағдырдың сабақтастығы да айқын көрінеді. Ақын халықтың басынан өткен қиындықтарды, қуанышты кезеңдерді жырлай отырып, келер ұрпаққа сабақ қалдырды.

Мәуленов тек қана ақын емес, үлкен аудармашы да болды. Орыс әдебиетінің, әлем поэзиясының інжу-маржандарын қазақ оқырманына жеткізіп, тіл қазынасын байытты. Бұл еңбегі де оның ақындық мұратына қызмет етті: халықты рухани байыту, ұлттық поэзияны әлемдік кеңістікке жақындату. Оның аудармаларында да ұлттық бояу, қазақы сезімталдық сақталды[5].

Оның ақындық жолының түпкі мақсаты – халыққа қызмет ету еді. Ол өз жырын халықтың жүрегіне арнады, елдің қуанышы мен қайғысын бөлісті, ұрпаққа сенім мен үміт сыйлады. Мәуленовтің ақындық мұраты – туған жер мен елді, адам мен адамгершілікті, өмірдің өзін жырлау, соны сөз арқылы мәңгілікке қалдыру.

Ақынның замандастары да оның поэзиясына жоғары баға берді. Әдебиет сыншылары Сырбай өлеңдерінің шынайылығын, тіл тазалығын, ұлттық рухты көтергенін айрықша атап өтті. Сәбит Мұқанов бір сөзінде «Сырбайдың жырлары – даланың дауысын, халықтың жүрек соғысын естіртеді» деп бағалаған. Мұндай баға ақынның поэзиядағы орнын, оның азаматтық үні мен ұлттық рухқа қосқан үлесін айқындайды[6].

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұратын сөз еткенде оның ұстаздық қырын да ұмытпау керек. Ол жас ақындарға әрдайым ақыл-кеңесін айтып, олардың өлеңдерін түзетіп, бағыт-бағдар беріп отырған. Жас буынға қамқорлық жасау – оның

шығармашылық тұлғасының бір қыры. Ол үшін поэзия – жалғыз өзіне ғана емес, кейінгі ұрпаққа да ортақ мұра.

Ақынның әдеби мұрасында соғыс тақырыбы ерекше орын алса, табиғат пен адам, махаббат пен достық, ел мен жер тақырыптары да айқын көрініс тапқан. Бұл тақырыптар Мәуленовтің ақындық әлемін толықтырып, оны көпқырлы тұлға ретінде танытады.

Бүгінде Сырбай Мәуленовтің поэзиясы қазақ әдебиетінің алтын қорына енген. Оның жырлары мектепте оқулықтарында, жоғары оқу орындарының бағдарламасында оқытылады. Бұл – ақын мұратының жүзеге асқанының айғағы. Оның сөзі әлі де халықтың жүрегінде, жас ұрпақтың санасында жаңғырып келеді.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – уақытпен бірге жаңғырып, әр дәуір оқырманына ой салар мәңгілік үн. Ол – дәуірлердің, қоғамдардың, адам тағдырларының сырын жүрек сүзгісінен өткізіп, оны қарапайым халықтың тілінде, ұғынықты бейнеде жеткізе білген сирек дарын. Оның шығармалары – ұлт руханиятының үлкен бір белесі, поэзиядағы ар мен ұяттың, намыс пен әділеттің айнасы. Сырбайдың жырларында тек өткеннің ғана ізі емес, келешектің де үні бар. Сондықтан да ол бүгінгі күнге де, болашақ ұрпаққа да өзекті болып қала береді.

Ақын өз өлеңдерінде туған жерді сүюді – елге адал қызмет етудің, халық алдындағы борыштың ең асыл көрінісі деп білді. Оның поэзиясы – туған топыраққа тағзым, жусан иісіне ынтық жүректің сырласуы, халықтың бойындағы асқақ рухты дәріптеу. Сырбай үшін туған жердің әр тауы, әр өзені, әр тасы – қасиетті. Ол оларды тек табиғаттың көркем көрінісі ретінде ғана емес, ұлттық болмыстың символы ретінде бейнеледі.

Адамды ардақтау – оның тағы бір басты мұраты. Мәуленов өлеңдерінде қарапайым еңбек адамының бейнесі асқақ кейіпте көрінеді. Ол адамдардың жан тазалығын, адалдығын, әділетке құштарлығын жырлады. Оның поэзиясында ешқашан жасандылық пен жалған пафос жоқ – әрбір шумақтан шынайылық пен жүрек жылуы сезіледі.
Оның бір өлеңінде айтылғандай [7]:

«Жыр – менің жаным, тірлігім,
Жанымнан жырды айырма.
Ел үшін туған ұлымын,
Ел үні – менің айнама.»

Осы шумақ ақынның бүкіл шығармашылық жолының, ақындық мұратының түйіні іспетті. Бұл жолдардан Сырбайдың поэзияға деген адалдығын, халыққа деген шексіз махаббатын көреміз. Ол үшін жыр – тек өнер емес, өмірдің өзі, халықпен байланыс жасаудың ең асыл құралы.

Сырбай Мәуленов – ел үшін туған, елдің үніне айналған, поэзияны халық жүрегінің соғысына теңеген ұлы ақын. Оның өлеңдері уақытқа бағынбайды, олар әр дәуірде жаңаша мән-мағына тауып, ұрпақ санасына ой салады. Мәуленовтің мұрасы – тек әдеби құндылық емес, ұлттық рухани қазына. Ол қазына ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қазақ поэзиясының мәңгілік ғұмырын айғақтай береді.

Оның шығармалары арқылы біз халықтың жүрегін, қазақтың болмысын, арман-мұратын танимыз. Мәуленов поэзиясы – уақытпен үндескен, мәңгілік өмір сүретін рухани мұра. Сондықтан да ол тек өз дәуірінің ғана емес, барша ұрпақтың ақыны болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдірахманов, Т. Қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы: Санат, 1995. [45–47 б.]
2. Қирабаев, С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1977. [112–115 б.]
3. Мәуленов, С. Жаңа арна. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. [23–25 б.]
4. Мәуленов, С. Жасыл жұлдыздар. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1978. [56–59 б.]

5. Мәуленов, С. Жол үстіндегі жалындар. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. [78–81 б.]
6. Мәуленов, С. Өлеңдер жинағы. V кітап. – Алматы, [баспа аты белгісіз], [жылы белгісіз]. [34–36 б.]
7. Нұрқатов, А. Қазақ совет поэзиясының қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ғылым, 1966. [201–204 б.]

Ахметжан Гүлім Ахметжанқызы
«№3 ЖОББМ» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ТОРҒАЙДЫҢ ТҰНЫҒЫНАН ТУҒАН ТАЛАНТ ИЕСІ

Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған танымал ақын, Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер азамат, журналист, редактор әрі публицист, бір сөзбен айтқанда, сан қырлы талант иесі Сырбай Мәуленовтің есімі ел жадында. Ол-қазақ поэзиясына екінші дүниежүзілік соғыстан кейін соны леп, өзгеше өрнек қосып, оны шырқау биікке көтерген санаулы саңлақтардың бірі. Кезінде заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Сырбайдың өзіне ғана тән қысқа жырларында әдемілік пен нәзіктік бар. Олар күйшінің домбырасынан шыққан күй секілді жан дүниеңе еніп кетеді» бағалаған болатын.

Сырбай Мәуленовті ұлттық рух пен адами болмыстың жыршысы деп бекерге айтпаса керек. Әдебиет-ұлттың рухани құжаты. Ал Сырбайдай ақын сол рухтың тілі, көзі һәм үні. Қазақ поэзиясының алтын қорынан ойып тұрып орын алған ақын осындай рухты жырдың иесі. Оның қаламынан туған әрбір жырда ұлттық рухтың тегеуріні, адам болмысының тазалығы, шынайылығы жатыр. Ақын өлеңдерінде халықтың тағдырын, елдің тынысын, адамның ішкі ой, сезімдерін жырлады. Туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілік, ұлттық рух- Мәуленов поэзиясының өзегі.Сырбай ақын үшін ұлттық рух дегеніміз- ең алдымен туған жерге тағзым. Оның «Торғай», «Арқада туған ән едім», «Қостанай» сияқты өлеңдері жай ғана географиялық мекен емес, рухани топыраққа айналған.

Торғайым-тұғырым,
Құздағы қыраным!- деп ақын туған жерін үлкен пафоспен жырға қосады. Сондай –ақ «Туған жер» өлеңінде:

О, туған жер, өттің
талай ғасырдан,
О, туған жер, өттің
талай асудан.
Сол ғасырлар сол асулар
бұлт болып,
Менің-дағы көшіп жатты
басымнан.
Арқадағы қашанғы бір
қарт алып,
Орталығың болды бүгін
Арқалық.
Торғай, сенің көтеруге бағыңды
Ұл-қыздарын аттандырды
бар халық.
Жаңа күннен шашылады
шапағат, Тұрсың енді,

Торғай, биік атақ ап.
Аспаныңды жалын болып
жауып тұр
Жерден ұшқан саған деген
махаббат.
Өтті заман елді езген сұм
қарау,
Торғай, сенің тарихың бар
мың тарау.
Республика картасында
өзіңсің

Жанып тұрған таң нұрындай бір жалау,- деген өлең жолдарынан туған жеріне, еліне деген үлкен сүйіспеншілігін көреміз.

Сырбай ақынның азаматтық болмысы, дүниетанымы басқалардан бөлек, өзгеше. Ол -өз әлемінде өмір сүрген ақын.ХХғасырдың аумалы-төкпелі кезеңінде өмір сүрген, соғыс пен бейбіт өмірді, тауқымет пен шабытты қатар көрген Сырбай Мәуленов үшін адам- жай тіршілік емес. Ол- өмірдің мәні, қоғамның тірегі, ұлттың өзегі.Сырбай Мәуленовті адам жанының психологі десек те болады. Оның шығармаларындағы лирикалық кейіпкерлер-күрделі тағдыр иелері. Олар қуанады, мұңаяды, сағынады, шексіз сүйеді. Ақын өлеңдерінде адам табиғатына тән барлық эмоциялық күй бар. «Адам өлмейді» өлеңінде ақын:

Адам өлмейді-
Тіршілік туындайды.
Отқа атылған,
Оққа атылған,
Космосқа көтерілген,
Жалынды жүректер

Еш уақытта суынбайды,-дейді. Бұл жолдар – бір мезетте өсиет, бір мезетте адамның ішкі әлеміне қараған айна. С.Мәуленов ақын ретінде өз дәуірінің жыршысы болған. Сонау ауыз әдебиетінен бастап, ақындар журналистің қызметін атқарып келеді. Тіпті, тарихты да жазады. Қара сөзден қарағанда, қара өлеңге жақын С.Мәуленов үшін де халыққа бағытталған көсемсөзін өлең тілінде жеткізу әлдеқайда ыңғайлы болғаны да сөзсіз. Қазақтың бас ақыны Абаймен рухани үндестігінен болар «Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы?! Өлмейтұғын артын із қалдырған» деген ойды С.Мәуленов те қайталайды:

– Өлмейсің! – деп ел айтты
– Өлмейсің деп! – деп жер айтты.
– Сендер аман тұрғанда
– Өлмеймін! – деп мен айттым.

Ақын-өз заманының ғана шежірешісі емес, туған топырағының да мәңгілік елшісі. Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жер- жай ғана табиғи кеңістік емес, тұтас бір рухани әлем. Оның шығармаларында туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғаттың көркем көрінісі, елге деген махаббат терең суреттеледі. Бұл қасиеттердің барлығы оның балалық шағы өткен туған топырағымен тығыз байланысты. Сырбай ақын 1922 жылы 17 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылында дүниеге келген. Торғай- ұлт тарихында маңызды орын алатын ерекше өлке. Бұл тарихи өлкеде қазақтың талай ұлы ағартушылары, алаш қайраткерлері, ақындары дүниеге келген. Сол киелі өлке Сырбайдың да рухани дүниесінің қалыптасуына ерекше әсер етті. Ақынның балалық шағы Торғайдың кең даласында, табиғатпен етене араласа жүріп өтті. Туған жерінің табиғат сұлулығы, самал желі мен жусан иісі, күннің қызуы мен бозторғай үні- оның шығармаларының негізгі арқауы. Әсіресе, оның поэзиясынан туған жерге деген сағыныш, іңкәрлік, махаббат ерекше сезіледі. Оның жырларында Торғай даласы- еркіндіктің, тазалықтың, шынайылықтың белгісі. Туған жерінен алған әсері оның

азаматтық ұстанымына, өмірлік көзқарасына айналды. Мәселен «Торғай» өлеңінде:

Торғай бойы,
Тосын жері - Бұйра құмның бөктері.
Жаз самалы жан тербетті
Қандай әсем көктемі?!
Биік шыңның бауырында
Бұйра толқын бал бұлақ.
Бүгін мені қарсы алғандай
Ағып жатыр сылдырап.
О, достарым, туған жердің
Жүзі ыстық керемет.
Тұр ма әлде тас төбемнен
Ғажайып нұр себелеп,- деп өзінің туған жерін ерекше сезіммен жырға қосады.

С.Мәуленов Абайша айтсақ «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, жұп-жұмыр» жыр жолдарымен қоршаған ортасын әсем суреттейді. Автор өзінің табиғатпен етене байланысын былай түсіндіреді: «Қай ақын-жазушы болмасын өзін табиғаттың перзентімін деп санаған. Табиғаттың бояуларынан нәр алған, күркіреген күнінен үн алған, сылдырап аққан өзендерінен сыр алған. Табиғат ақынның жүрегін оятатын, сұлу сезімге бөлейтін, киял құсын қияға ұшыратын шабыттың шақпақ оттарының бірі.Бірақ адамсыз жалаң табиғат жалаң дене секілді. Жақында біздің үйге өлеңді жаңа жаза бастаған бір ақын келді. Сәл дамылдап отырғаннан кейін демалыс алып ауылында болып келгенін, жарты айдай ағасына болысып, жапан түзде жалғыз өзі қой бағып, құм бұйраттарының шоқысында отырып, жиырма өлең жазғанын айтты». Ел аралап, жер көріп өмірмен тығыз байланыста болу – шығармашылық адамы үшін басты шарт. Шығармашылық сапалар тақырып шеңберін кеңейтеді, ой дүниесін, сезім өрісін байытады, жаңа бір тақырыптардың жағалауына алып барады. Әрбір шығармашылық адамы туған жерінің табиғатынан шабыт алатыны рас. Сол сияқты Сырбай шығармашылығында туған жер, Отан тақырыбы да ерекеше орын алады. «Осы ортада мен табиғаттың сан түрлі құстарынан бастап, жергілікті ақын-әншілердің жырларын тыңдап өстім. Жасымнан дастандарды жаттадым. Біздің үйге менің дастан оқығанымды қызық көріп, жанымыздағы ағайын-туғандар, көрші-қолаңдар жиі жиналатын. Солардың қошаметі мені қолтығымнан демеп, киял аспанына шырқатып, сонау бұлттардың арғы жағына алып кететіндей көрінетін», – деген жазбаларында Сырбай өмірінің рухани әлемге талпынған бір кезеңі байқалады. Міне, дәл осылай Сырбай өзін шабыттандыратын күштерді үнемі естеліктерінде жазып отыратын болған: «Әр адамның жанына жақын тартып тұратын, жүрегіне ыстық жері болады. Ол – туған, өскен жер. Сол жерде сен алғашқы рет айналаңа қарайсың. Ашық аспан, қалың тоғай, құм, қырат, шық көмген шалғын, толқынды өзен көз алдыңнан көлбеңдеп өтіп жатады. Алғашқы рет сол жерде сен қуанышытң не екенін, қауіп-қатердің не екенін сезгендей боласың. Ол жердің табиғатының таңғажайып болуы да шарт емес. Жұпыны болса да, сол мекенеге әлемде ешбір жер тең келмейді. Оның суретін сенің көкірегіңнен кетпейді, өлгенше ұмытылмайы. Міне, сондықтан да болар, мен екі жағасын бірдей қызыл жыңғылдар қоршаған кішкентай Сарысу өзенін, оның қызыл бұлттармен құлпырған аласа таңғы аспанын жақсы көремін. Ол менің балалық шағымның өзі, менің балалық шағымның аспаны». Әсіресе, бір ерекшелігі жазушы қауымның көпшілігі туған жері жайлы жазар болса, сол жердің топырағын, тау - тасын, орманын сөз етуші еді, ал Сырбай Мәуленов туған жердің аспаны жайлы әсерлі жаза білген. Бұл да бір тың идея. Тіпі, араға ширек ғасыр салып «Балалық шағымның аспаны» деген әдемі тіркес Тұңғыш елбасы туралы түсірілген фильмге тақырып, арқау болғаны ерекше таңданыс тудырады.

Сырбай Мәуленов үшін тарих дегеніміз- өткен күндердің тізбегі емес, ел тағдыры, халықтың жүріп өткен жолы, болашаққа бастар бағыт-бағдар. Ол өз шығармаларында

тарихи оқиғаларға ұлттық батырларға қазақ халқының азаттық жолындағы күресіне жиі тоқталып отырады. Ақын үшін тарих-мұрағаттардағы шаң басқан құжат емес, тірі тыныстап тұрған шындық. Сырбай мейлінше толғана жаза отырып, тарих пен бүгінгіні байланыстырады. Өткенге үңіле отырып бүгінгі ұрпақтың борышын еске салады. Ақын өлеңдерінен:

«Бабалар жолы- бізге аманат,

Жазылмас жара-өткенге тарих...»,-деген жолдардан-ақ ақынның тарихқа деген өзіндік көзқарасына айқын аңғарамыз. Оның лирикасында қазақ халқының шынайы тарихы көрініс тапқан. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов өз еңбектерінде қиын жағдайларда адамның адамгершілік қабілектері ашылатын, майдандағы достықты даңқтау арқылы анықталған Ұлы Отан соғысы тақырыбына ерекше орын берген. Азаматтық жауапкершілік сезімі ақын шығармашылығы арқылы арнайы жолмен өтеді. Сондықтан, Сырбай Мәуленовтың шығармаларында жауынгер ақынның, азамат ақынның және лирик ақынның ұстанымы айқын көрінеді. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов заманауи ақын, себебі бүгінгі заман оның барлық өлеңдерінде бар уайыммен және үреймен өмір сүреді. Бірақ бұл тақырып жер бетінде өмір сүргендердің ең басты жауапкершілігі – өткен мен болашақ алдында бағынышты. Бұл идея шайқасқа түскендерге арналған жолдарда жазылған. Сырбай Мәуленовтың өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, майдандас достарын қайта тірілтеді. Өйткені, олардың алда жаңа биіктер мен шекаралар, жеңіске жетудің ұлы жолы тұрды. Ақынның поэзиясы бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген мақсатты тағы да еске салады. Сырбай Мәуленов туған жеріне, табиғатқа үлкен құрметпен қарайды. Сол себепті ақын шығармаларында Отан қай жерде болмасын, адаммен бірге жүретін, аспанда қалықтаған қарлығашпен байланыстырылады.Ақын «Қайтармыз Қазақстанға» өлеңінде:

Қайратты күш шыдатпас,
Шығар жаудың талқаны.
Қайтармыз Қазақстанға,
Аралармыз Арқаны.
Құдіретті күшімен,
Құрар жеңіс салтанат.
Қалған бірге жабырқап
Күлер қайта махаббат.
Топырағында туған жер,
Аунап-қунап жатармыз,-дейді.

Сырбай Мәуленов Ұлы Отан соғысына қатысып, өзі де тарихтың бір бөлшегіне айналды. Ақын жырларында соғыс тақырыбына ерекше орын алады. Соғыстың адамзатқа тигізген ауыр салдарын сипаттайтын бірден-бір туындысы- «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңі.

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар
Көрдің бе ұлын ананың,
Қаралы қағаз жіберіп,
Қаншама қайғы салды оқтар.
Барады үнсіз түнеріп,

Соғыстан қайтқан солдаттар!- деген ақынның өлең жолдарында әр жауынгердің жүрегінде соғыс салған жара, көз алдында қалған майдан суреттері айқын бейнеленеді. Соғыс жылдарындағы өлеңдерінде майдангер ақын сол жылдардың ащы шындығы мен

елдің төзімі мен қайратын, үміті мен болашаққа сенімін нанымды бейнелейді. Оны ақынның:

Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім.
Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғасын деп,
Мен бір жырымды бердім.
Өлмейсің! – деп ел айтты.
Өлмейсің деп! – деп жер айтты.
Сендер аман тұрғанда
Өлмеймін! – деп мен айттым, – деген өлең жолдарынан байқауға болады.

Қазақ поэзиясына нағыз сыршыл сезімді, шынайы, көркем бейнелі өлең үлгісін әкелгендердің жуан ортасында дүр тұлғалы Сырбай ақынның орны өзгеше. Қан майданда қар жастанып, мұз төсендірген соғыстың қайғы-қасіретін, өмір мен өлім айқасын өз көзімен көруі, көңілге түюі – ақын жырларының аясын кеңейтіп, көрген-білгенін ойында терең қорытып, тіршілік философиясына айналдыруына себепші болғаны анық. Сұм соғыста бір қолын жоғалтып, жарадар болып қайтса да ақын 58 кітап жазған екен. Тәні ғана емес, жаны да мүгедек болып келсе де мөлдір сезімді жастық отынан, жан сұлулығынан ажыратпаған. Әсіресе, соғыс тақырыбында жан сарайыңды өртеп өтер өлмес, өшпес өнеге үлгілерін жасап қалдырды. Бұл тақырыптағы қазақ поэзиясының алтын қорын байытқан «Түбірлер», «Соғыстан қайт- қан солдаттар» өлеңдерін ауызға алсақ та жетіп жатыр. Қасиет пен киеге суарылған мұндай өлеңдер ақынның жыр кітаптарында молынан ұшырасады. Өлең өлкесіне келген әр ақын Сырбайдай ақын болуға ұмтылады. Қазіргі әдебиеттегі алпысқа келгендер мен төменгі буынның барлығының болмысында міндетті түрде Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар. Сырбай Мәуленов тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс. Сырбай − қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Өлеңдерінің ерекше бір қасиеті: ол ойын лирикалық кейіпкер арқылы, көбінесе өз атынан сөйлейді, өз қатынасын, өз көзқарасын, өз сезімін толғайды. Өз атынан сөйлеу, «мен» деп айту сәтті шыққан жағдайда ақын жырын оқушыға жақындата түседі. Қазақ даласы қашан да таланттарға әсте кенде болмаған.Өткен ғасырдың елуінші жылдары қазақ әдебиетінің рухани кемелденуіне өзіндік қолтаңбасымен келген үлкен тіректі тұлғаның бірі – Сырбай Мәуленов.Оның қаламынан туған өлең өрнектері өміршеңдігі құнды. Соғыстан кейінгі қазақ әдебиеті бір кездегі рухани биігіне қайта көтерілу жолындағы ізденісті өте тездетті. Осы ізденісті тездетуге майданға барып, өмірдің ащы шындығын көріп келіп, адамдық болмыстың бүкіл тұңғиық тереңдеріне өзінің көркемдік нақты тәжірибесі арқылы көз жеткізіп келген ұрпақ көп себепші болды. Мәселен, сол ұрпақтың үлкен рухани көсемі ретінде біз Қасым Аманжоловты алатын болсақ, осы Қасымдар бастаған рухани сардарлардың ішінде алдымен көзге түсетін ақын Сырбай Мәуленов болды. Сырбай осы жылдардан бастап қазақ поэзиясында оқырманды нағыз сыршыл сезімімен де, ойымен де, көркемдік бейнесімен де бірден баурап алатын шынайы поэзияның орнығуына ықпал ете білген ақын.

Өлеңім сырласатын серігімсің,
Өзіммен бірге жасар өмірімсің.
Адамзат жүрегіме үңілгенде

Әр уақыт сен арқылы мені білсін,- деп ақынның өзі айтып кеткендей, ақынның өлеңдері арқылы өмір сырлары ашылады.

Өлеңдерінің ерекшелігі, ішкі мазмұны, тақырыбы айқын көрінеді.

«Арманым жоқ көкірегімді кең ашып,

Туған елге тарту етсем барымды »- деп ақын артына өшпес із қалдырды. Жалынды жырларын жұртына арнады.

Сырбай Мәуленов — ХХ ғасыр қазақ поэзиясының көгінде жұлдыздай жарқ етіп шыққан, жырымен жүректерге жылу берген ақын. Оның өмірі мен шығармашылығы - бір ғасырдың, бір халықтың тағдырын бойына жинаған тұтас бір рухани құбылыс. Ол жыр жазу үшін емес, жыр арқылы адамды түсіну үшін өмір сүрді. Сондықтан да оның өлеңдерінде тек сезім емес, сананың тазаруы, адамның ар-ожданы, ұлттың ұяты бар.Сырбай — бір сәттік шабыттың емес, терең өмірлік тәжірибенің ақыны. Ол аштықты да, соғысты да, халықтың еңсесін де, елдің мұңын да көрді. Бірақ осының бәрін ол шағым емес, шыныққан рух ретінде жырлады. Жыр жолдарында ол тек ақын емес, азамат ретінде сөйлейді. Оның отаншылдығы ұраншылдық емес — жүректен шыққан, көз жаспен суарылған шын сезім. Сырбай ақынның «Менің Республикам» өлеңі- елдің тәуелсіздігі мен еркіндігін ардақ тұту идеясынан туған нағыз патриоттық өлең. Ол:

Тауды көрсең, күн көзімен таласқан,
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан,
Менің байтақ республикам таулары —
Менің көгім мөлдіреген сол аспан.
Қызыл бұлттай көрсе, қырдың гүлдерін,
Көрсең ашық Алатаудың күндерін,
Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген

Ұлан-байтақ республикам бұл менің,- деп, ерекше шабытпен жырлайды. Сондықтан да оның поэзиясы уақыт өтсе де өз маңызын жоғалтпайды, қайта заманалар өткен сайын жаңаша жаңғырып, жаңаша естіледі.

Бүгінгі жас ұрпаққа Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы не береді?

Біріншіден, ол — шынайылықтың мектебі. Сырбай жалған пафосқа емес, шынайы өмірге сенген ақын. Ол бізге өзінді жоғалтпай, шындықты сүйе білуді үйретеді.

Екіншіден, ол — адамгершіліктің үлгісі. Адамды ұлтқа, ұлтты ұлы мақсаттарға жеткізетін қасиет — мейірім, парасат, сабыр. Мұның бәрі — Сырбай жырларының өзегі.

Үшіншіден, ол — табиғатпен үндестіктің, туған жермен біртұтастықтың символы. Бүгінде жаһандану мен технология үстемдік құрған заманда адамзат табиғаттан алыстап барады. Ал Сырбай болса, бізге дала тілінде ойлауды, табиғатпен тіл табысуды еске салады.

Төртіншіден, оның өлеңдері арқылы біз ел тарихын, халық жадын, ұлттық мінезді танимыз. Яғни, Сырбай — ұлт айнасы, сөздің емес, сана мен рухтың шежіресі.Сырбай Мәуленов — біз үшін тек әдебиеттегі есім емес, рухани бағдаршам. Оның әрбір өлеңі — ұрпаққа жазылған хат, ұлтқа арналған аманат. Сондықтан бүгінгі күні біз ақын шығармаларын жай оқып қана қоймай, жүрекпен сезініп, оймен қорытып, өмірге өнеге етуіміз керек.«Біз бала кезімізден бастап Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, Сырбайша сөйлеуге ұмтылып өскен ұрпақпыз. Сырбай – тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс. Бұл тұрғыдан келгенде Сырбай – қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі»- деп баға берген екен Әбіш Кекілбаев. Ата-бабамыз «Ақын – халықтың көз жасы мен үмітін жырлайтын адам» десе, М.Әуезов: «Ақын- елдің шежіресі, жүрек үні» дейді. Осы сипатқа ең лайық ақындардың бірі Халық жазушысы,Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 1-дәрежелі Отан соғысы, “Қызыл Ту”, “Халықтар Достығы”, “Құрмет Белгісі” ордендерінің иегері, 40-қа жуық жыр жинағының авторы — осы Сырбай Мәуленов. Ол халықтың үмітін жырлады, үмітін оятты, сол арқылы мәңгілік рухтың жыршысы болып қала беретініне сенімізміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1Мәуленов С. Шығармалар жинағы(1-том,2-том)-Алматы: Жазушы баспасы, 1974.

2 Мәуленов С. Майданнан келген өлеңдер-Алматы: Жазушы, 1980.
3 Қирабаев С. Әдебиет және өмір-Алматы: Мектеп, 1972.
4 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-том – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
5 Әдебиет порталы (adebiportal.kz)

Ахметова Айнагүл Максотовна,
№2 Алматы гуманитарлық педагогикалық колледжі
«Әдебиеттану» ғылымдарының докторанты,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,
бөлім меңгерушісі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, Сырбай Мәуленов шығармалары негізінен мектеп бағдарламасында маңызды орын алады. Оның шығармалары білім алушыларға ұлттық рух пен мәдени құндылықтарды терең түсінуге, қазақ поэзиясының байлығын сезінуге мүмкіндік береді. Осы себепті, қазіргі білім беру жүйесінде Сырбай Мәуленов шығармаларын оқытудың әдістемесін жетілдіру, инновациялық педагогикалық тәсілдер мен цифрлық технологияларды пайдалану өзекті мәселеге айналды. Бұл мақалада Сырбай Мәуленов шығармаларын оқытудағы инновациялық әдістердің ерекшеліктері мен цифрлық ресурстарды қолдану жолдары жан-жақты қарастырылады. Қазақ әдебиетін оқытуда дәстүрлі тәсілдер негізінен өлеңдерді жаттау мен мазмұнын түсіндіру арқылы өтеді. Алайда, қазіргі заман талабына сай оқыту әдістері білім алушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытып, терең талдауға бағытталуы тиіс. Білім алушыларды ең алдымен шығарма мазмұны қызықтырады. Олар шығарманы оқу арқылы мұңая да, қуана да біледі. Осы орайда инновациялық әдістер маңызды. Олар оқушылардың шығармашылық ізденістерін ынталандырып, әдеби шығармаларды жан-жақты зерттеуге, өз көзқарасын қалыптастыруға жағдай жасайды [1.45].

Инновациялық әдістерге жататын топтық жұмыс, пікірталас, рөлдік ойын, жоба әдісі әдебиет сабағында кеңінен қолданылуда. Сырбай Мәуленовтың өлеңдері мен поэмалары осы әдістер арқылы білім алушылардың түсінігіне жеңіл әрі қызықты етіп жеткізіледі. Мысалы, топтық талдау әдісін пайдаланып, әр топ ақынның шығармасындағы белгілі тақырыптарды талдап, өз қорытындыларын ұсынады. Бұл әдіс білім алушыларды белсенді қатысуға, өз ойын ашық айтуға итермелейді. Сонымен қатар шығармашылық жұмыстардың маңызы зор. Білім алушылар ақынның тақырыптары бойынша эссе жазып, өлең жолдарына өз толғауларын арнауы мүмкін. Бұл тәсіл сөз саптау дағдысын дамытып, әдебиетке деген қызығушылықты арттырады. Оқу орнында әдеби жобалар ұйымдастыру арқылы да инновацияны енгізуге болады. Мысалы, «Сырбай Мәуленов поэзиясы» тақырыбында білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары, эсселер байқауы өткізіледі. Л.С. Выготскийдің пайымдауынша, адамның өмір сүруіне құралдардың енуі оның ойлау жүйесіне, психикалық процестеріне үлкен өзгеріс әкеледі. Құрал арқылы адам бұрынғыға қарағанда тиімді, жүйелі әрекет етіп, өз өмір құрылымын жаңаша қалыптастырады. Бұл тұжырымды әдеби шығармашылыққа, нақтырақ айтсақ, Сырбай Мәуленовтің поэзиясына қатысты қарастырар болсақ, ақынның поэзиясы – рухани құрал іспеттес. Оның өлеңдері мен поэмалары оқырманның дүниетанымына әсер етіп, ішкі жан дүниесіне қозғау салады, көркем ойлау мен сөзбен жұмыс істеу қабілетін дамытады.Сырбай Мәуленовтің шығармалары – тек эстетикалық ләззат қана емес, сонымен қатар, тұлғалық дамуға ықпал ететін құрал. Ақынның табиғат, Отан, адамгершілік жайындағы жырлары жас ұрпақты тәрбиелеудің, сезімін оятудың, ойды жүйелеудің бір тетігі ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Выготский айтқан "құралдың адам өмір құрылымын өзгертуі" идеясы С.Мәуленовтің шығармашылық мұрасында да өз көрінісін табады – тек бұл жолы құрал

рөлінде көркем сөз, поэзия тұр [2.57]. Цифрлық технологиялардың дамуы білім беру жүйесіне жаңа мүмкіндіктер ашты. Қазір BilimLand, Kahoot, Quizizz сияқты білім платформалары мен онлайн ресурстар сабақтарды интерактивті, тартымды өткізуге көмектеседі. Сырбай Мәуленов шығармаларын оқытуда осы ресурстарды қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттырып, материалды тез әрі терең меңгеруге мүмкіндік береді. Педагогтің міндеті тек білімді жеткізу ғана емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандырып, ұйымдастыру. Оқыту барысында туындайтын қиындықтарды жеңуге көмектесетін түрлі тәсілдер бар, соның ішінде компьютерлік технологиялардың орны ерекше. Компьютердің жылдам және тиімді құралдары оқытудың дидактикалық мүмкіндіктерін кеңейтеді, педагогтың жұмысын жеңілдетеді [3.38]. Мысалы, Kahoot пен Quizizz платформалары сұрақ-жауап форматында қызықты тапсырма ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл сабақтағы атмосфераны жандандырады.

Электронды кітаптар мен аудиожазбалар поэзияның ырғақтық ерекшеліктерін сезінуге көмектеседі. Ақынның өлеңдерін тыңдау арқылы білім алушылар мәтінді дұрыс түсінеді және мәнерлеп оқу дағдыларын дамытады. Бұл әдіс әсіресе бастауыш және орта мектеп оқушыларына пайдалы.

Қашықтан оқыту жағдайында Google Classroom, Zoom секілді платформалар сабақтың үздіксіз өтуіне септігін тигізеді. Мұғалімдер осы құралдар арқылы тапсырмалар бере алады, пікірталас ұйымдастыра алады, кері байланыс орнатады. Бұл оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін дамытып, білім алу процесін тиімді етеді. Инновациялық әдістер мен цифрлық ресурстарды үйлестіру – оқыту тиімділігінің кепілі. Мысалы, білім алушыларды топтарға бөліп, әр топқа белгілі бір өлеңді талдау тапсырмасын беру арқылы олар бір-бірімен пікір алмасып, ақынның шығармашылығын терең зерттейді. Кейін осы жұмыстарын электронды презентация түрінде ұсынады. Бұл тәсіл де шығармашылық белсенділікті арттырады.

Осылайша, цифрлық платформада жұмыс жасау кезінде білім алушылар өз білімін тест арқылы тексеріп, қателіктерін түзетуге мүмкіндік алады. Бұл жеке даму үшін маңызды. Сонымен қатар, оқытушыларға білім алушылардың жетістігін бақылауға жеңіл әрі ыңғайлы. Мектепішілік және аудандық әдеби байқаулар мен жобалар ұйымдастыру арқылы білім алушылардың әдеби шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Бұл шараларда цифрлық технологияларды пайдалану кеңінен таралған. Мысалы, онлайн-конференциялар, видеороликтер жасау, поэзияны мультимедиялық түрде көрсету оқушыларға шығармашылық ізденіс пен өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған тәсілдер мен ресурстарды тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру маңызды. Олар цифрлық технологияларды меңгеріп, педагогикалық инновацияларды сабақта дұрыс қолдана білуі тиіс.

Қорытындылай келе айтарым, Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын оқыту барысында инновациялық әдістер мен заманауи цифрлық ресурстарды тиімді қолдану – білім алушылардың әдебиетке деген ынтасын арттырудың, олардың ойлау белсенділігін, шығармашылық қабілетін дамытудың бірден-бір жолы. Интерактивті платформалар мен жаңашыл оқыту тәсілдері сабақтың мазмұнын байытып, білім алушының қызығушылығын оятады, әдебиетке терең үңілуге жол ашады. Мұндай тәсілдер тек білім берудің сапасын арттырып қана қоймай, білім алушының жеке дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына және рухани бай тұлға болып жетілуіне ықпал етеді. Сондықтан да қазіргі білім беру кеңістігінде мұғалімдердің инновациялық құралдарды жүйелі түрде қолдануы – уақыт талабы. Әдебиет сабағы – тек өткенді танытатын пән емес, ол – болашақ ұрпақтың ойлау мәдениетін, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтін өмірлік мектеп. Осы орайда Сырбай Мәуленовтей ақынның мұрасын жаңаша әдістер арқылы оқыту – мағыналы әрі нәтижелі болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Бітібаева Қ. (2010). Әдебиетті тереңдетіп оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті баспасы.

2 Берікқызы М., Асалбек М., Толыкбаева Ж.С. (2019). Инновациялық әдістер және оқыту құралдары. Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік университеті.
3 Касимова А. Д. (2021). Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы оқытудың тиімді әдістері. SDU ғылыми репозиториясы.

Ахметова Гульмира Мухитбековна,
Астана қаласы,
Сырбай Мәуленов атындағы
№37 мектеп лицейінің
тарих пән мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ
(тарихи баяндау)

Егемендік алғаннан кейінгі кезеңдегі мемлекетіміздегі жаңарулар мен тың серпілістер тарихи оқиғаларға жаңа тарихи таным бағытында зерттеу мен тың деректер негізінде қайта сараптап зерттеу мүмкіндігін әперіп, Отандық тарихымыздың «ақтаңдақ» беттерінің орнын толтырып, болған оқиғалар мен құбылыстарға жаңа көзқарас тұрғысынан сараптап, тарихи шындықты зерттеп, зерделеп жария етіп отыратыны ұлттық зиялылар қызметі арқылы жүзеге асатыны мәлім. Егеменді Қазақ мемлекетін құру жолында ұлттық сананың қалыптасуы мен қазақ ұлтының өткен тарихын, жекелеген тұлғалары мен тарихи үрдістерін шынайы түрде толық қарастыруды қажет етіп отыр.

Отан тарихы – оның даңқты ұлдары мен қыздарының, тарихи тұлғаларының тағдыры мен өмірі және қызметімен тығыз байланысты. Тарихи тұлғалар өмірбаяны - ұлт тарихының құрамдас бөлімі. ХХ ғасырдағы қайта өрлеу ауқымындағы зиялылардың есімдерін халық жадына қайтару - тарихымызды толықтырып отыр.

ХХ ғасырдың 60-80 жылдарында еліміздің поэзиясына өзіндік қайталанбас қолтаңбасымен келген С.Мәуленов көптеген қазақстандық жас ұрпақ өкілдері үшін «ақылдың билеушісіне», пір тұтар идеалына айналды. Кеңестік қатаң идеологиялық қысым жағдайында қазақ халқының тарихи ар - намысын қорғауда, оны қалпына келтіруде, мәдениетін жаңа сатыға көтеруде, өз ұлтын әйгілеуде С.Мәуленов шығармашылығы айрықша рөл атқарды. Шығармаларын қазақ тілінде жазған ақынының еңбектері жарты ғасырдан бері, көзінің тірісінде республикалық деңгейде қоғамдық пікірдің назарын өзінде ұстауда. Өткен ғасырдың 60-80 жылдарында оның шығармашылығы туралы диаметриалді қарама - қарсы пікірлер айтылып келді. Кеңестік қоғамда ол «ұлтшыл» атанды. Сондықтан ақынның қоғамдық, ұлттық, дүниетанымдық және азаматтық тұжырымдамаларының қалыптасуы, орнығуы, дамуы эволюциясын талдау, өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерін бөліп көрсету тарих ғылымының өзекті міндеттерінің бірі бола алады. Бұлай дейтін себебіміз – С.Мауленовтің шығармашылығы туралы негізінен оның әріптестері мен әдебиетшілер, өнер танушылар, т.б. қоғамдық ғылым саласының өкілдері мерзімдік баспасөз беттерінде, ғылыми басылымдарда, пікірлер білдіргенімен, олар негізінен ақын шығармашылығының жекеленген қырлары мен сырларына немесе жеке еңбектеріне арналды. Ал оның өмірі мен қоғамдық қызметін, ғылыми мұраларын толық, кешенді түрде қамтыған күрделі еңбектер жоқтың қасы.

Қазақ халқының мәңгілік өмір үшін толаспайтын күрес ғұмырының толғақты сапарында дүниеге келген рухани төл перзенттерінің бірі – Қазақ баспасөзі.

Заманның саяси оқиғалары тарих төрінен орын алған кезеңдерде дәуір үні - мерзімді басылымдардың да алдыңғы шепке шығып жолбасшылық рөл атқарғаны – еліміздің даму жылнамаларынан соқтықпалы жолдарынан белгілі жайт. Сан алуан қоғамдық өзгерістерімен саяси сілкіністер дәуірінде, яғни, ғасыр басында дүниеге келген

түрлі басылымдар арқылы айшықты үнін аңғартқан сөз серкелері бұған дәлел болады. Сөз жоқ, олар қазақ баспасөзінің дами түсуіне өз ықыластарын тигізді[1, 63-б.].

Қазақ баспасөзі халықтардың мәдени-рухани ізденістеріне ұйытқы болып, оған тікелей ықпал етіп отырды. Баспасөз үгіт-насихат құралы, жаңалық жаршысы деуден гөрі, халықтардың саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани ахуалының айғағы десек болады.

Коммунистік партияның идеологиялық өктемдеріне қарамастан, мерзімді баспасөзде ерлік ой – идеологияларын өткізетін ұрымтал құралдарға айналдыра білді. Қоғамда болып жатқан әр алуан, ірілі – оқиғалар туралы дер кезінде оқырмандарына мәлімет жеткізу міндетін атқаратын мерзімді басылым, уақыт өте келе баға жетпес құнды деректер көзіне айналды. Халыққа болған оқиға туралы жедел ақпарат таратқан мерзімді басылым, сол оқиға туралы өз бойына қажетті мағлұматтар да жинайды, сөйтіп уақыт өте келе өзі де тарихи дерек көзі ретінде ғылымға қызмет етіп, оқиғалардың кейбір қырларын ашуға көмектеседі[2, 13-б.].

Сырбай Мәуленов қазақ баспасөзінің дамуына ерекше үлес қосқан қаламгер болатын.

Ол 1922 жылы 17 қыркүйекте Торғай облысы (қазіргі Қостанай) Жанкелдин ауданы, Торғай қыстағында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1973 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген. 1943-1950 жж Қостанай облысы радиокомитетінде редактор, «Большевиктік жол» газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1951-1955 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редакция меңгерушісі, 1957-1961 жылы Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші; «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары, 1964-1971 жылы «Жұлдыз» журналының, 1955-1957 жж, 1971-1977 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болды.

Сырбай Мауленов жеткен биіктен қазақ зиялыларының бүгінгі менталдық бет пішінін, мінез желісін азаматтық деңгейін бағамдау, ХХ ғасырдың басындағы Алаш зиялыларымен, тіпті, әрісі Абай, Шоқан, деңгейлерімен батыл салыстырып көру де өзектілігін жоймайды. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов бастаған зиялылардың мұраларын жеке - жеке зерттеп тануда едәуір істер атқарылғаны рас[3]. Сырбай Мауленов шығармашылығы мен олардың арасын жалғастырып тұрған, уақыт сынынан өткен ғажайып нәзік байланыс қатпарын, рухани сабақтастық жібін біз әлі аңғара алмай жүргендейміз. Ондай сабақтастықтың бары анық, бірақ оны нақты сезіну жағы кемшіндеу екені де белгілі.

Сырбай Мәуленовтың «Қазақ әдебиеті газетінің редакторы ретінде ұйымдастырушылық қабілеті, халық көңілінде қордаланып қалған сын мен шынды өткір, батыл көтеруге жетекшілік етерлік кең тынысы айрықша аңғарылды. Газеттің әрбір нөмердегі материалдарын талдап, бағалайтын лездеме жиналыстарда ол қызметкерлер пікірін, сын ұсыныстарын тыңдап, алдағы кезде қандай мақала немесе очерк жазылуы қажеттігін анықтап, авторын да белгілейтін.

1956 жыл «Қазақ әдебиетінің» ұлттық мұраттарды көтеру бағытындағы кезеңі еді. Сол жылдың ұзына бойына ұлт мәдениеті мен әдебиетінің шешімін таппай, жылдар бойына іркіліп қалған мәселелері батыл көтерілді. Қазақ мектептерінің қысқара бастауы, қазақ тілі мен әдебиетінің сағат сандары күрт азаюы, ауыз әдебиетіндегі ондаған, жүздеген көне, қаһармандық, ғашықтық, нақтылы тарихи дастандардың «Қамбар батырдан» басқасына залалды деген «үкім шығарылып, қайта басылмай қалуы, жоғары оқу орындарына түсуге талаптанған қазақ абитуриенттеріне орысша шығарма жаздырып, жаппай құлатушылық, қысқарған сөздерді орысша нұсқасындай етіп жазуға қаулы қабылдануы, кейбір республиклық газет, журналдардың («Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан коммунисі») орысшадан аударылып басылуы, облыстық газеттердің «Көкшетау правдасы», «Семей правдасы» делініп жартылай орысшалануы, қазақ тілінде іс қағазы жүргізілмеуі, қазақ жастарын Алматы секілді үлкен қалаларға тіркеуге қатаң шектеу қойылуы, «коммунизмге жету үшін орысша білу керек» деген Хрущев

шақыруларының жедел қарқынмен жүзеге аса бастауы, Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарында қазақ халқының қалыпты тілдік ортасының бұзылуы, жер атауларының өзгертілуі, жазба әдебиеттің асыл нұсқалары кертартпа идеяларды уағыздайды деген сылтаумен жаппай дерлік қараланyы жұртшылықтың көңілінде шешілмеген түйткіл болып ұялаған еді. «Қазақ әдебиеті» осы және басқа көптеген проблемаларды өз беттерінде ашық әңгімелеп, «тұмшаланған ойлардың тиегін ағытты. Мұншама сорақы бұрмалаушылықтың әшкереленуінен қауіп ойлаған Орталық Комитет 1956 жылдың күзінде «Қазақ әдебиеті» газетінің «тас-талқанын» шығарып қаулы алды, «ұлтшылдығым» үшін мен қызметтен шығарылдым, көп ұзамай газет редакторы дәстүріне ұзақ жылдар бойында қиянат жасап келгендіктің әшкереленуі: жамағатшылық сана-сезімінде бұл мәселелер төңірегінде оянудың, сергудің пайда болуы [4].

XX ғасырдағы қазақ зиялыларының билікпен қарым - қатынасы күрделі де қарама - қайшылықты болғаны аян. Қаншалықты қатаң жүйеде өмір сүргеніне қарамастан «жеке адамның тәуелсіздігі» дейтін ұғым бар. Осы тұрғыдан алғанда қазақ зиялыларының «бостандық» дәрежесі әртүрлі деңгейде болып, ол шығармашылық қуатымен, кәсіптік біліктілігімен, жеке мәдениетімен байланысты болды. Мысалы, А.Байтұрсынов, С.Сәдуақасов, М.Жұмабаев, М.Әуезовтерде мұндай «тәуелсіздіктер» болды деп айтуға болады [5, 27-б.]. Қазіргі таңда қазақ зиялыларының көпшілігінде «кеңес заманында айтарымызды айта алмадық, тұншығып жүрдік» дейтін пікір қалыптасқан. Бұған күмән келтіруге болмайды. «Жеке адамның тәуелсіздігі» тұрғысынан алып қарағанда 60-80 жылдары аралығында қазақ зиялылары ішіндегі дербестік еркіндігі ең жоғарылардың бірі Сырбай Мауленов еді. Ол ұлттық рухани және интеллектуалдық бостандықтың ішкі «территориясын» үнемі кеңейтіп отырды. Қазақ жастарының дүние танымына, азаматтық деңгейінің өсуіне, ұлттық қадір - қасиетін биік ұстауға оң ықпал етті. Сырбай Мауленовтің шығармалары өзінің төл тарихы мен мәдениетіне селсоқ қарай алмайтын қазақ жастарын интеллектуалдық және әдіснамалық жағынан қуаттандырды.

Тұңғыш өлеңі Жамбыл облысы «Колхозшы» газетінде 1937 жылы жарияланды, «Өлеңдері» атты алғашқы жинағы 1948 жылы жарық көрді. С.Мәуленов - қырыққа жуық жыр жинақтарының авторы. Өлеңдері қазақ поэзиясының лирика жанрын дамытуға елеулі үлес ретінде қосылды.

Шығармаларында туған жер, замандас және оның жасампаз еңбегі жарқын жырланады. «Жолдас» (1954), «Жас жүрек» (1956), «Жол үстіндегі жалындар» (1963), «Жұлдыз жырлар» (1963), «Қызыл арша» (1969), «Боз қырау» (1976), «Тау гүлдері», «Шалқар», «Жалын» (үшеу де 1979). «Жаңбырсыз күз» (1980), өлендері «Шуақ», «Алтын тасқын» өлендер мен поэмалары (екеуі де 1981); «Жұлдыз жүрек» (1985) жинақтары шықты. Ақын кітаптары сыншылар тарапынан жоғары бағаланды . (1958) жылы «Таңдаулы өлеңдер» атты таңдамалысы, 1966 жылы «Шаңқай түс» жинағы, 1972 жылы «Тандамалыларың» 2 томдығы басылып шықты . Оның "Жаңа көктем» (1956), «Дала таңы» (1957), «Көгілдір таулар» (1964), «Жер нәрі» (1970), «Апрель жапырақтары» (1972), «Таңдамалы лирикалары» (1967), «Тандамала лирикалары»(1972), «Жапырақтар жанады» (1972), өлеңдер жинақтары орыс тілінде Мәскеуде басылды.

Жаңа тұрпаттағы қазақ зиялыларын, олардың мамандықтарына қарамастан тарихи тақырыптардың қызықтыруы заңдылық. Олардың «тарихы», публицистикасы мен көркем шығармалары ажырағысыз. Жалпы XX ғасырдағы қазақ классикалық әдебиетінің ең көрнекті өкілдеріне тән нәрсе - олардың өз халқының өткен тарихын айналып өте алмауы. Бұл ұлттық сана сезімінің заңдылығы, сөз зергерлерінің өздерінің ойларын образдармен, тұрмыстық детальдармен, нақыш ою - өрнектерімен беруінің әдісі - бай қазына көзі. С.Мауленов бұл дәстүрді одан әрі жалғастырушы, оны жаңа ғылыми кәсіптік деңгейге көтеруші болды. Сондықтан С.Мауленов шығармашылығы жаңашылдығының бағыттарын зерттеу міндеті қазіргі тарихнамада кәсіптік тұрғыда қойылуы тиіс.

1981-1984 жж «Таңдамалы шығармалары», «Алтын тасқын» 1-т. 1981, «Өлеңдері» 2 т.-1983; «Өлеңдері», 3 т. 1984 жарияланады. Мәуленов - белгілі журналист бола отырып

мерзімді баспасөзге белсене қатысты, көптеген публицистикалық мақалалар мен очерктер жазды. «Жар нәрі» атты әдеби портреттер мен очерктер жинағында 1966 республика еңбекшілерін халық шаруашылығын өркендетудегі еселі еңбегін туысқан республикаларға барған сапарларынан алған әсерлерін суреттейді. «Ал Үркер төбеде тұр» 1971 жыл кітабы естеліктер мен портреттерден этюдтерден құралған. Бұл жинақта Абай, Ыбырай; Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Қ.Аманжолов, Н.С.Тихонов, М.Тұрсын-заде тағы басқа өмір жолын қысқа әрі көркем бейнеленген. Шындағы шұғыла атты мақалалар мен очерктер жинағында 1972 Отанымыздың 50 жыл ішіндегі қол жеткен табыстары баяндалған. Мәуленов балаларға арнап «Барлаушы бал» (1961), «Құлыншақ», «Бала жолбарыс» (екеуі де 1963), Амангелді Имановтың балалық шағы туралы «Қорқақ торпақ» (1968) тағы басқа өлеңдер мен әңгімелер жазды. Мәуленов орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А.Некрасов, Т.Г.Шевченко, В.В. Маяковский, А,А. Блок, С.А.Есенин, Н.С.Тихонов, М.А.Шолохов, Ә.Науаи тағы басқа шығармаларың қазақ тіліне аударды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығынаң лауреаты (1970). 1-дәрежелі Отан соғысы; «Қызыл Ту», «Халықтар Достығы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталды. Сырбай Мауленов 1993жылы дүние салды.

Баяндаманы қорытындылау барысында біздің көзіміздің анық жеткені Сырбай Мауленов туралы зерттелгеннен гөрі әлі де болса зерттелмеген мұраның көптігі. Бұл әсіресе гуманитарлық ғылымдар өкілдеріне қатысты мәселе. Сырбай Мауленовтің әдеби мұрасын жан-жақты саралауға құлшына кіріскен әдебиетшілер мен тілшілердің тарихшылардан көш ілгері кеткендігі дәлелсіз көрініп тұр. Тарихшы ғалымдар болашақта мақсатты түрде түпсіз қазына іспетті Сырбай Мауленовтің күрделі өмірі мен баспагерлік, шығармашылық қызметтерін зерттей түсуі қажет. Осы мақсатта мынадай ұсыныстарды енгіземіз:

1. Сырбай Мауленовтің рухани мұрасын зерттеу және кемел ұрпаққа насихаттау мақсатында Ақын туралы тарихи деректі фильм түсірген жөн;

2. Ұлт зиялысының өмірі мен қызметін, шығармашылығын терең зерттеу бағытында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет жанынан Сырбай Мауленов шығармашылық орталығын ашу қажет;

3. Сырбай Мауленовтің рухани мұрасын зерделеп, жоғары және орта мектептің оқу үрдісіне енгізуді қолға алып, арнайы бағдарлама жасаса, өскелең ұрпақ ол жайында жан-жақты біліп, қастерлейтін болады;

4. Алаш ардақтысы ақын Сырбай Мауленов туған күнін республикалық ауқымда атап өтілетін айтулы күнге, оны дәстүрлі тарихи мерзім ретінде атауды қолға алу абзал;

5. Педагогикалық колледж, мектептерде Сырбай Мауленов атындағы стипендия тағайындау қажет;

6. Мемлекеттік педагогикалық бағдарламалар аясында Сырбай Мауленовтің бұрын-соңды жарық көрмеген қолжазбаларын жинақтап, толықтырып барлық еңбектерін «Шығармалары» ретінде жариялау бүгінгі елімізді, ұлтымызды көрсететін мәдени қадам болар еді.

Түйіндей келгенде, өткен ғасырда өмір сүрген С.Мауленов сынды тарихи тұлғаларға қазақ елі кенде болған жоқ. Олардың өмірі мен қызметі бүгінгі қазақ халқы үшін үлгі мен өнегеліліктің бағыт бағдарының бағдаршамдай жарқырап тұра бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжебаев.Б, Қожекеев.Т «Қазақ баспасөзі тарихынан» Алматы: Қазмембас 1962. - 176 б.

2. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазакстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. - Алматы: Қазак университеті, 2000. - 356 б.

3. Қозыбаев М.Қ. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері // Қазақ елі. - 1996. - 27 желтоқсан

4. Редактор «Сырбай Мәуленов» // Қазақ әдебиеті – 2002 ж. 20 қыркүйек.
5. Әбжанов Х.М., Әлпейсов Ә. Қазақстан интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. – Алматы, 1992. – 127 б.

Ахметова Гүлнар Мырзалықызы
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың 2 курс докторанты,
№93 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аннотация

Мақалада ақын Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ солдатының және ақын тұлғасының суреттелу ерекшеліктеріне талдау жүргізіледі. Ақынның қажымас ерік-жігерін, азаттықты көксеген арман-аңсарын танытатын «Сағындым», «Майдан жолында», «Майдандағы жігіттің жыры», «Волхов», «Қайтамыз Қазақстанға» атты өлеңдерінің көбі соғыс жылдарында туғандығын айтуға болады. Аталған өлеңдердің поэтикасындағы тарихи-шежірелік атрибуттардан басқа қазіргі жас ұрпақтың бойында дағды болып қалыптасатын тәрбиелік-тағылымдамалық қыры да қоса зерттеу нысанына алынады. Сондай-ақ, ақын шығармаларында дәстүрлі-ұлттық образдарды соғыс тақырыбымен астастыра білуі және өлеңдерінің (2-3-4) композициялық-құрылымды болып келуі пішін жағынан да жаңашыл екенін байқатады. «Түбірлер», «Волков майданы» өлеңдеріндегі ерекшелігі – қайталау тәсілін ұтымды қолдана білгенін көрсетеді. Аталған ерекшеліктер Сырбай Мәуленовтің қазақ поэзиясында ұлт рухын қалыптастыруға қызмет еткендігін аңғартады. Суреткердің алға қойған мақсаты – соғыстың адам тағдырына тигізген зардаптарын типтік образдар арқылы көрсету, кеңес жауынгерінің асқақ рухын, өмір сүруге деген құштарлығын арттыру. Сонымен қатар, мақалада Қасым Аманжолов пен Сырбай Мәуленовтің соғыс тақырыбындағы өлеңдері салыстырыла қарастырылады.

Кілт сөзер: Сырбай Мәуленов, лирика, Ұлы Отан соғысы, символ, ассоциация.

Кіріспе. Соғыс жылдары – адамзат тарихындағы ең ауыр зұлматты кезең болып саналады. Соғысқа барған қазақ батырлары елі-жері үшін жанын қиды, өмірі мен денсаулығын соғыс алаңында қалдырып, мүгедек хәлде немесе арман-мақсатын қоса жоғалтқан ұрпақ бейнесінде Отанына оралды[1]. Соғыс алаңындағы сын сағаттары олардың өмір мен өлім дилеммасын көз алдына бірге елестетті. Ұлы Отан соғысының қайғы-қасіреті кез келген қазақтың есіне азапты күндердің батырларын еске салары сөзсіз. Атап айтқанда Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Баубек Бұлқышев, Қасым Аманжолов және сыршыл ақын Сырбай Мәуленовтер болатын. Аталған соғысқа қатысушы ірі тұлғалардың шығармашылығының көп бөлігін соғыс тақырыбындағы поэзиялық және прозалық туындылары қамтиды. Солардың алдыңғы қатарында ерекше орынға ие жауынгер ақын – Сырбай Мәуленовті атауға болады. Оның творчествосы Советтік Отанның, оның ішінде қазақ елінің қырық бес жыл ішіндегі қиын-қыстау өмір тарихын түгел қамтиды. Себебі ақынның жастық шағы соғыста өтті. Сондықтан оның поэзиясының көп бөлігі соғыс пен бейбітшілік, туған жерге деген сағынышты сарындардан тұрады. Шынайы лирикалық шегіністерді ақын замандас бейнесін, қаһарман тұлғасын танытуда тиімді пайдаланған. Ақынның

шығармашылығының жазылу стилі негізгі үш қырынан көрініс тапқан. Біріншісі – психологиялық, екіншісі – лирикалық, үшіншісі рухтық, патриоттық, қаһармандық тұрғыда суреттеу. Кез келген көркем туынды, поэтикалық бірліктерге негізделген өлең жүйесінде психологиялық талдаусыз қаһарманның ішкі жан-дүниесін, болмыс-бітімін тұтастыра суреттеу мүмкін емес. Міне, осы шарттылық Сырбай Мәуленов шығармашылығына да тән. Ақынның өлеңдерінде оқырманын бейтарап күйде қалдырмай, ондағы майдангер тағдырына алаңдатып, еліктіруінің бір себебі де – психологизм мен сыршыл лиризмінде жатыр. Соғыстағы майдангердің соғыс алаңын, қарсы келген жаудың екпінін сезе білуі сынды психологиялық күйлері патриоттық сезімдермен бірге астасып жатыр. Ақынның дара стилінің қалыптасуы оның идеялық мақсатына, авторлық позициясы мен интеллектісіне, өмірлік тәжірибесіне, шындық-болмысты тура қабылдауына байланысты болады.

«Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жорлыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың

Соғыстан қайтқан солдаттар» [2, 242], – деген жыр жолдарынан қайғы жұтқан ананың зары мен жәутеңдеген жанарлардың жасқа толы бейнесі адам жанын жабырқатады. Сондай-ақ, майдан алаңындағы өршіл сезімдердің отпен қоса өртенуі де ақын жанын шымырлатады.

«Отан үшін өлімге
Белді байлап бас тігіп,
Жапанда жанын тапсырды
Жалындап жанып жас жігіт» [2, 42] сынды шумақтарда нарратор қан майданда жан тапсырған жас солдаттың сыртқы тәні мен жаны бірге өртеніп жатқандығын, соңғы дем шығарар алдында анасын көре алмай сағыныштан өлім алаңына сапар шеккендігін реалды суреттейді. Мұндай оқиғаларды мейлінше әсерлі жеткізуінің бір себебі – өзі де сол майданда ел алдындағы борышын өтеген майдангерлер қатарында болуы еді. Автор КСРО тараптағы әрбір қазақтың жанкештілігі мен төзімділігіне таңданысын жасырмай, оларға жан әлемінен моншақтай төгіліп жатқан жыр-маржандарымен дем бере білді, Сонымен қатар, Қасым Аманжоловтың позиясындағы жауынгерлік рух Сырбай Мәуленовтің де сыршыл, жауынгерлік өлеңдерінен жалғасын тапқан.

Қ.Аманжолов **«Ақын өлімі туралы аңыз»** поэмасы	**Ұқсастығы**	С.Мәуленов **«Волхов майданы»** өлеңі
Қызыл-жасыл киінген өрт *Көрінді оған қыз ойнақ,* *Толқып торғын, жайнап букет,* *Тым сиқырлы, билеп, ойнап.* *Ашып отқа омырауын,* *Естісін, – деп, – қырсық жауым,* *Айтты ол шырқап өрт ішінде* *Сүйген әні «Қарғам-ауын».* *Қайсар батыр от киінген* *Күш-қайратын тіске жиып.* *Жаңағы ақшыл ер жүзінен*	**тақырыбы:** соғыс; **идеясы:** ел азаматтарына рух беру; **кейіпкері:** қазақ жауынгері; **Көркемдік тәсілі:** эпитет, қайталаулар,	*Соғыста бірақ заң бар мен білетін,* *Я өліп, я болмаса өлтіретін.* *Жүректе жұлдызыңды жанып тұрған,* *Жандыратын, болмаса сөндіретін.* *Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін,* *Кеудеңмен қорғап қалу жердің бетін.* *Жас қаның туған жерден босқа ақпасын,* *Онсыз сен көре алмайсың елдің бетін* [2, 17].

Жалын тілі тұрды сүйіп [3, 212].	метафоралар. **Ортақ мақсаты:** адамның соғыстағы ерлікке ұмтылысын рухани қажеттілік деп бағалайды.	

Екі ақынның көркем туындысын салыстыра қарастырғанда, көркемдеуші құралдар, қайталаулар арқылы ақындар өлеңдеріндегі ұрандар мен сұрапыл соғыстың көрінісін айқын танытатын ұранды сөздеріне баса назар аударту арқылы келешек ұрпақты ел тәуелсіздігінің қиындықтармен келгендігі туралы ойландыруға шақырады. Қасым Аманжоловтың шығармашылығына қайсарлық, насихат жүргізу сынды сарындар басым болса, Сырбайда лирикалық нәзіктік пен сағынышқа толы сыршыл өрнектердің бар екеніне көз жеткізуге болады. Екі ақын да соғыстағы азапты күндерді жан-жүрегінен өткеріп, қан тамшылап тұрған өлімнің өзін рухпен жырлады. Ақын жүрегінен батыр мінезі көрінеді. Жоғарыда көрсетілген «Волхов майданы» өлеңінде суреткер от кешкен, оқ тиген тұтас бір ұрпақтың өртке оранған тағдыры баяндалады. Майдан шебі ғана емес, ел мен жер арасындағы көзі жасқа толы, көңілі қаяу, бейнетке белшесінен батқан, қай-қасірет жүрегін қатайтқан ата мен ана, іні мен қарындас, жанары жәутеңдеген жас жеткіншектің реалистік типтік бейнесі жан-жақты көркем кескінделген. Сонымен қатар, ақын рухшылдық бағыттағы өлеңдерінде қандай көркемдік тәсілді қолдансын, оны көркем образдың ішкі әлемін ашу үшін немесе өзінің дара қолтаңбасын қалыптастыруда ұтымды тәсіл ретінде шебер қолданған.

Суреткер С. Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» және «Түбір» атты өлеңінің астарлы мағынасы терең.

«Көрінеді
Орманнан
Түбірлер.
Айырылған
Бұтақ-қолдардан
Түбірлер.
Оқ жұлғандай етімді
Жүрегім тулап дүбірлер,
Кезеріп ернім күбірлер
– Соғыс не?!
Менен біліңдер, –
Деп тұрғандай түбірлер» [4, 228] өлеңінде автордың қазақ поэзиясына әкелген жаңашыл тәсілін байқауға болады. Бір жолдан тұратын әрбір сөз бір тармақтағы ауыр ойдың жүгімен тең. Жүрек түкпірінде жасырын жатқан ауыр ойларды қозғаушы күш іспетті. Автордың қолданысындағы қайталаулар соғыс тарихын, солдаттардың сол сәттегі психологиясын, ойлы көзбен өлшеп дәл суреттеу мақсатында қолданыс тапқан. «Қайталаулар – ақынның ой екпінін, әсерді күшейту мақсатында, айрықша назар аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойға ерекше леп беру» [5, 130]. Өзіне тән қарапайым стильдік ерекшелігі арқылы соғыс понорамасын

оқырман көз алдына айнытпай елестетеді. Қазақ поэзиясының көркемдік дәстүрінен мол сусындаған ақын шығармашылығында тың ойлар, жаңа ізденіс, рухани кеңдік, шынайы типтік образдар көптеп кездеседі. Бұл образдар автор үшін азаматтық парыздың адамгершілік негізін, ерліктің мәнін ашуға көмектескен. Отан үшін, жер үшін, жеңіс үшін өлімге бас тіккен азаматтардың ерлігін ұлылық, даралық, биіктік деп есептейді.

«Түн күндіздей жап-жарық,
Жерді жуған қызыл қан.
Аспанның ішін ақтарып,
От қанжары сызылған.
Жанып орман өртеніп,
Жатыр өліп жолда аттар.
Дүниені тұр көтеріп,
Иығымен солдаттар» [2, 90] атты үзінділерде қаламгер қаһарманның ішкі жан-дүниесіне сыртқы бет-пішінін, мінез ерекшелігіне сай етіп кескіндейді. Әрі қазақ солдатының белгілі оқиғалар жүйесіне қатысына қарай қам-қарекет, бет-бейнесі мен психологиялық болмысын күрделендіре түседі.

Ақын С. Мәуленов қаһарманын бірлі-жарым мінездеумен шектеп қана қойған жоқ, өлең құрылысындағы әрекетіне, қимыл-қозғалысына қарай әр қырынан мінездеме беріп отырады. Ақын қаһармандарының өлімі, трагедиялық халі жоғары адамгершілік мағынаға ие бола алған.

«Үш танкінің көзін жалғыз жоғалтып,
Өлді солдат зеңбірекке қол артып.
Батыс жаққа жүре берді достары,
Ол атпаған жауға оқты боратып.
Қайрат тапты ол, темірге де төзерлік,
Оның жолын әлі талай кезер жұрт.
Ол ерлікті іздеген жоқ ешқашан,
Оны қайта іздеп тапты өзі ерлік [2, 90]. Ақын атап отырған басты құндылықтың бірі – Отан алдындағы парыз бен қарыздың мәніне үңілу және адалдықты ту ету. Өз Отаныңның мүддесін қорғап, өміріңді құрбан етуден артық асыл мұрат жоқ. «Тіршілікте адамның өзін оятудан артық күш жоқ» [6, 14] екені байқалады. Сондай-ақ, нарратор соғыз кезіндегі немесе кейінгі ел өміріне ден қойған әлеуметтік-психологиялық өлеңдерінде зұлмат жылдардағы оқиғаларды ғана сөз етпей, сол уақыттың тынысын, көңіл-көйін көркем баяндауға ұмтылыс жасаған.

Әскери тақырыпта жазылған өлеңдерінде Сырбай Мәуленов майданда жүріп, көзімен көргенін, жанымен сезгенін, жауынгерлердің жаңбырдай жауған оқ пен жарылған снаряд, бомбалардың арасында жүріп, аянбай шайқасқан ерліктерін жазды. Сырбай Мәуленовтің соғыс тақырыбын қамтыған өлеңдерінің арасында атақты майдангер, батыр Бауыржан Момышұлы туралы арнау өлеңі де бар.

«Өкіндің бе өткенге,
Кеттің тастапжер үстін.
Іздеп жерден, көктен де,
Таба алмайды сені ешкім.
Жалғыз өзің жалғандай
Жатырсың бір шоқыны ап,
Күн батарда жанғандай
Ту боп қызыл топырақ.
Болатұғын тегіңде
Батырлық пен дарқандық.

Тұрғандайсың өлімге

Алатауды қалқан ғып» [7, 280]. Аталған өлең жолдарында аты аңызға айналған қазақтың қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлын жоқтайды. Батыр жатқан топырақтың өзін тәбәрік ретінде танып, бейітін қасиетте кеңістік ретінде таныстырады. Бауыржан бойындағы өр мінезділік пен паңдықты үлгі етеді. Бауыржан Момышұлы ақын пайымы бойынша қоғамдық-саяси деңгейде ойлап, іс-әрекет еткен кесек тұлға, қайратты жан. Батыр бойындағы асыл қасиеттерін бағалап, оның дағдыларын өскелең ұрпақ бойына жыр-шумақтары арқылы дарытуды көздейді. Ақын батыр денесінің ірілігін, алып жауырынының кеңдігін Алатаудың қалқан болған саясына теңейді. Автор Бауыржанның сыртқы болмысы сұсты көрінгенімен, мейлінше кішіпейіл, мақтанды, көпсөзділікті сүймейтіндігін шын батырға тән деп суреттейді. Сондай-ақ, өз ортасы мен майдандас достарының үлгі тұтушы қоғам қайраткерлерінің образы өлең жолдарында отаншылдығымен, елсүйгіштігімен айқындалады. Ақынның кейіпкерлері көбіне тарихи тұлғалар болғандықтан, оның болмысы мен характерін дәл кескіндеуге ұмтылу, поэзиясының тарихи маңызын арттырған деуге болады.

Рухшылдық поэзияның жалғасы ретінде Сырбай Мәуленов қазақтың тілі мен дінін, ұлттық құндылықтарын дәріптеген алаштың арыстары Ахмет, Жүсіпбек, Мағжан, Міржақыптарды жырына қосып, төл әдебиетіміздегі ұлт-азаттық идеясын да дамытуға үлес қосты. Ақын ұлт тағдырының қасіретті кездерін жырларының негізгі тақырыбына айналдырды. Мәселен, «Ахмет Байтұрсыновқа» өлеңінде:

«Ол салған жолға түсіп талаптанып,
Өмірлік сұрағына жауап тауып.
Басына жасатап жатып әліппесін,
Сан ұрпақ көзін ашты сауаттанып.
Атасы – тілдегі бар атаулардың,
Ұстасы – көсем сөз бен мақалдардың.
Ұстазы – академик ғалымдардың,
Өзі де күресте өскен қаһарманның» [8, 13-14] атты жыр дестелерін оқыған сәтте, елді, жерді қорғау тек қару алумен ғана шектелмей, қалам мен тіл арқылы да тәуелсіз, еркін, ұлтжанды мемлекеттің негізін қалауға болатындығын түсінеміз. Ақынның алаш арыстарын жырына қосқандығының негізгі себебі – тіліміздің болашағына алаңдаулы екенін меңзейді. Ұлттық сипат алған ақынның «мені» тарихты, ұлт тағдырын, жаңа уақыт ақиқатын ұлт мүддесі тұрғысынан суреттеуді мақсат тұтты. Осылайша ақынның елді қорғау, жерді азат ету тақырыбы бертін келе, тәуелсіздік, мемлекеттік тілдің деңгейін көтеру сынды алуан тақырыптармен толыға түсті. Сонымен қатар, дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау ұл ақынына тумысынан жатық емес. Әрі бұл қасиеттің өлеңдерінен көрініс табуы да заңдылық. Жыр-дастандарында соғыс тақырыбымен қатар, қазақ ұлтының мінезін, болмысын, табиғатын танытып, қазақ лирикасының эстетикалық қуатын арттырған ақындарымыздың қатарында Сырбай Мәленов ерекше орынға ие екені сөзсіз. Себебі ақын поэзиясы ұлттық ой-сананы, қазақ дүниетанымын, майдан кеңістігін сезім шынайылығымен, ой тереңдігімен, асқақ та өршіл рухпен береді. Ұлтымызға тән адамгершілік қағидаттарымызды, қасиеттерімізді саралап, болмыс-бітіміміздің тереңіне үңіледі. Елін шексіз сүйген, қан майданда Отаны үшін жанын беруге даяр, жауынгер ақын екенін мойындатты. Сырбай Мәуленов – өзіне дейінгі поэзияда орын алған көркемдік дәстүрлерді жаңашылдықпен пайдалана білген, өз көркемдік әлемін, дара қолтаңбасын өшпестей етіп қалдырған дара ақын екендігін дәлелдеді. Оның поэзиясының көркемдік қуатын күшейтіп тұратын ерекшелігі – ұлттық сипатты танытып тұратын, өршіл рухқа негізделген мазмұн мен пішіннің үндесуінде, ұлттық дәстүр мен образды ойлаудың жаңашылдығында болса керек. Сондай ақ, майдангер, қаһарман тұлғаға айналған қаламгер

қазақ поэзиясын ұлттық, жігерлі нақыштармен шебер өре білген, көркемдік ойлау дәстүрін жаңа формада қалыптастырған қайталанбас тұлға. Сырбай Мәуленовтың шығармашылығы әркез қазақ әдебиетінің тарихына өшпес із қалдырған мол мұра ретінде сақталады.

Қорытынды. Шын мәнінде Сырбай Мәуленов – соғыс алаңындағы қазақ солдатының характерін сонылық бейнелеу тәсілдерімен танытқан қаламгер. «Сырбай – тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел тұлға» [8, 6]. Қаһармандарды бірде іс-қимыл барысында, бірде лирикалық кеңістік алаңында, Отаны үшін соңғы демін алып, ақыреттік сапарға аттанар кезінде сипаттай отырып, жас ұрпаққа олардың бойындағы Отансүйгіштік, адалдық, патриоттық сезімдерін үлгі тұтқаны байқалды. Жалпы ақын шығармаларын саралап қарасақ, кестелі ой толғамдарын оның көлемі емес, өнеге мен тағылымға толы мазмұны, образдық жүйесі, поэтикасы айқындайтындығына тағы да көз жеткізуге болады. Жекелеген майдангерлер тағдырын жырға қосу арқылы жалпы адамзатқа ортақ моральдық-философиялық категорияларды қозғаған. Сондай-ақ, Сырбай Мәуленов лирикалық сыршыл өлеңдерінде майдангер достары немесе қазақ солдатының жан-сырына үңілу, албырт сезімдерді аялау, психологиялық толғаныстарды жеткізе суреттеу негізінде поэзияның композициялық шымырлығын ширата беру сияқты көркемдік шеберлікті жеткілікті түрде меңгергендігін байқатты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова А. Жоғалтқан ұрпақ бейнесі. https://adebiportal.kz/kz/news/view/zogaltqan-urpaq-beinesi__24497. Пайдаланылған күні: 25.09.2025
2. Мәуленов С. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: Servise Press, 2012. – 480 б.
3. Аманжолов Қ. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1972. – 320 б.
4. Мәуленкеліні К., Сырбайұлы Қ. Жыр тұлпары, сыр сұңқары. – Алматы: Атамұра, 1996. – 416 б.
5. Жанұзақова Т. Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы: Мерей, 2015. – 276 б.
6. Әлиман Ж. Ақынның жүрегі – батырдың мінезі // Егемен Қазақстан. – 2023. – №86. – 14 б.
7. Мәуленов С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. – Алматы: Servise Press, 2012. – 480 б.
8. Мәуленов С. Шығармалары. – Алматы: Арыс, 2013. – 320 б.

Ахметова Ғайния Сандыбайқызы,
Астана қаласы,
Сырбай Мәуленов атындағы
№37 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

(Отанға, елге деген махаббаты, өмірлік ұстанымы, сарбаздық рухы мен бейбіт өмірді аңсауы)

"Сырбай өлеңдерінде жосылып ақынның өз басынан кешкен өмір әсерлерінің іздері жатыр. Оның кітабын "сыр сандығы" десе де, "күй сандығы" десе де болғандай. Олай дейтінім: ақынның өлеңдерінен әрі сыр түйеміз, әрі күй естиміз"

М. Қаратаев

Сырбай Мәуленов... Әдебиетіміздегі ерекше есім, бітімі бөлек тұлға, қайталанбас болмыс, кең құлашты ақын. Бітімі қандай кең болса, сондай жүрегінен шыққан шығармалары да рухты халықтың қайратын жанып, ұлттық намысын оятары сөзсіз. Сырағаңның әр өлеңінде ақынның өзінің басынан кешкен өмір әсерлерінің іздері сайрап жатыр. "Қазақ лирикасының хас шебері атанған" Сырағаң шығармаларының басты тақырыбының Отанға, туған жерге деген ыстық сезімді жырлауға бағытталғаны анық. Неге десеңіз, ақын жастық шағының елеулі кезеңін майдан даласында өткізді. Міне, осы кезден-ақ майдангер ақынның жүрегінің әрбір лүпілі ақ қағаз бетіне туған жеріне деген ыстық сағыныш боп өріліп жатты. Өз елін жан-тәнімен сүйе алмаған адам өз халқының азаматы бола алмайды ғой. Сондай-ақ өз елінің азаматы болмаған адамнан Отан үшін күресте қайсарлық шықпайтыны белгілі емес пе? Сырбай ақын - міне, осыны дәлелдеген ақын. "Аттанайын екеу боп, Өлеңім мен жауынгер"-деп қаламымен де, қаруымен де жауға қарсы қан жорыққа шығуы арқылы ақын өзінің нағыз сарбазға тән рухын аңғарта білді.[1,15-б] Небәрі 18 жасында әскерге алынған ақынның еліне деген шексіз сүйіспеншілігі мен туған халқына адалдығы "Мен енді жауынгер" деп қуанышты көңіл-күйінің өзінен де аңғарылып тұрғандай. [2,10-б] Міне, жауынгер ақын бойындағы сарбаздық рух деп осыны айтуға болады. Ал Ұлы Отан соғысы басталысымен, бір жылдан кейін өз өтініші бойынша майданға аттануы ақын бойындағы қайтпас қайсарлық пен жанылмаған жігерді байқатады. Әскери өмір оның өлеңінің де мектебі болды. Соғыс майданы оның өмірін күйретті де, ақынды біраз нәрсеге үйретті де. Ақын тәніне түсірген өшпестей таңбадан да, жанына салған жазылмас жарадан да еш мойымады. Бұған дәлел-ақын өлеңдерінің кредосына айналған- "Соғыстан қайтқан солдаттар" өлеңіндегі ақынның 1943 жылдың жазында ауыр жарадар болып, Жаркөл станциясына қайта оралуы еді. Аталмыш станциядан Сырағаңмен бірге көп жігіт бірге аттанады."Сырбай майданнан келді" дегенді естіген ауыл-аймақ түгел жиналады. Біреуі Сырбаймен бірге кеткен ағасын, біреуі баласын, біреуі сүйген жарын сұрап жатады. Сырбайдың өзінің айтуынша," Сірә, олар әскерге алынғандар бәрі бір жерде соғысады" деп ойлауы керек. Мен оларға не деп жауап бере аламын? Міне, бұл өлеңнің тақырыбы ақын ойына сол кезде түсіп, өлең болып ақ қағаз бетіне жазылған болатын. Осы орайда бүкіл адамзатқа зардап шектірген сұм соғыс кезеңіне арналған ақын өлеңдерін оқып отырып толғанатының, күйінетінің, күрсінетінің хақ. Жас болса да, өлімнен қорықпай, қасқая қарсы тұрған, сол жолда өзінің бір қолынан жарадар болып еліне оралған ақын :

Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім"
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім,- деп өзінің нағыз қайтпас мінезін көрсетеді.[3,65-б] Осы жолдарды оқығанда, адам жүрегі дірілдемей , бейсауат қала алмайды. Бұл әрине, ақынның өз өмірінен бұрын ел амандығын бірінші кезекте қойғанын аңғартып тұрған жоқ па?

Майданда бір қолын берген ақынның “мың қолы сау болсын”, “мың жолдар жалғасын”, “мың гүлдер солмасын”, “мың ақын толғасын” деген жолдары арқылы бейбіт өмірді аңсап, барша адамзаттың мамыражай өмір сүруін қалағанына еш шүбә келтірмесіміз анық. Осы тармақтарды оқып-ақ ақынның майдан даласындағы көңіл-күйін жақсы түсінеміз.Тіпті ақынның өзіне артылған міндеттің өзін қандай адалдықпен атқарғанына да сүйсіне қараймыз. Сырағаңның өлеңдегі жігері, асқақтығы, ең алдымен, оған туған даласының өзгешелігінен дарыған болу керек. Жалпы, адам баласының бойындағы жақсы қасиеттер туған жерінен: сол жердің керемет табиғаты, жанға шипа мөлдір суы, саф алтындай таза ауасынан даритыны ақиқат. Қазақтың даласы қандай кең болса, Сырағаңның жүрегінің кеңдігі де сондай. Содан кейін ұрыс даласындағы шыңдалған өр мінезінен, батылдығынан бойына қонған қасиеттердің бірі дер едім. Осы өмір ақынды жігерлендірді, қанаттандырды. Қолында мылтығы бар, ойында бұлқынған жүрегінен шығып жатқан өлеңі бар жап-жас ақын үшін әр сәт өмір мен өлім арасындағы тайталас болғаны ақиқат. Соған қарамастан ақын мына тіршіліктен, елінен, жерінен үмітін үзбейді. “Мен міндетті түрде ораламын” деп өзіне тән асқақ мінезімен, айдарлы қалпымен сөйлейді. Ақын жүрегі нені қаласа, тағдыры ақынға соны бұйырады да, ақын соғыстан аман-есен оралады. Біздің Сырағаң соғыста көзімен нені көрсе, соны жазды. Ол үшін қиян-кескі ұрыс майданы, ажал әміршісіндей болған суық мылтықтар, әлі де тұманы сейілмеген алаңдар- бәрі-бәрі өлеңнің алдында аласа болып елестейді. Сырбай -Ұлы Отан соғысына солдат болып қатысып, соның өшпес таңбасын өзімен бірге ала келген ақын. Сырбай Мәуленовтің поэзиясы- соғыс құрбандарына мәңгі тұрғызылған ескерткіш тәрізді. Сол себепті де Сырағаңның өлеңдері көздің ұясынан жаңа шығып, жерге тамбай мәңгі қалған көз жасының бір түйір тамшысы сияқты әсер қалдырады. Кезінде белгілі ақын Ж.Молдағалиев “Шалқыған шабыт” атты мақаласында: ”Азамат Сырбай, ақын Сырбай өмірінің беташары болған майдан жолдары, бейбітшілік үшін күрес, бір адым жерден басталып, ұлан байтақ туған ел боп кететін Ұлы Отан тақырыбы жалғасады”,- деп Сырбай шығармашылығына әділ бағасын берген болатын. Шынымен де ақын Сырбайдың сонау майдан жолынан бастап өз жалғасын тауып, өлеңмен өрілген шығармалары - жатқан бір тарих іспетті. Минут сайын болатын өлім қатері ақынды еш қорқытпады, қайта ақынды қайсарлыққа , табандылыққа, ерлікке баули білді. Сырағаң соғыста жалын кешкен жастығын, жанбай сөнген махаббатын келешек ұрпақтың көрмегенін тілейді. Ақын осы бір тілегін :

Мен өлімге қарсымын,
Мен өмірге жаршымын.
Мен заманның даусымын,
Осы менің бар сырым ,- деп аңғартады.[4,46-б] Сырағаң соғыс өрті лаулап тұрған шақта да, соғыс аяқталған кезде де бұл тақырыпты кеңінен жазды.

Ақын соғыс дауылын өз басынан өткізгендіктен, оның поэзиясы патриотизм идеясына толы болды. Ақын жеңістің оңайлықпен келмегенін майдан жолының азабын, адам айтқысыз тауқыметін өз жыраларына арқау ете отырып, еліне деген шынайы сүйіспеншілігін білдіретіндей. Ақынның осы тақырыптағы шығармаларының үлкен бір қасиеті- қатал шындық пен терең патриотизмінде, кең құлаштылығында. Ақынның лирикалық қаһарманды әрқашан да майдан шебінде от кешіп жүріп, рухани өседі. Ақын өлеңдерін оқи отырып, кейде ақын шығармаларындағы лирикалық қаһарманды ақынның өзі ме деп қаламын. Себебі мен ақын өлеңдерінен Сырбайдың нағыз өз бейнесін көремін. Осы арқылы біз ақынның бойындағы тағы бір тамаша қырды байқаймыз.Ақынның әр шығармасынан өрлікті аңғарамыз. Жаумен қақтығысып жүрген лирикалық кейіпкердің ішкі жан дүниесін көреміз. Күні кешегі соғыс сұрапылынан өткен ақынның жайбарақат жата алмайтынын да білеміз. Ақын әр өлеңінде өзіне тән өрлікпен, ерлікпен сыр шертеді. Соғыс өртін кешкен ақын көп жылдар бойы тосқан бейбіт өмірдің алғашқы күндерінен бастап жазған өлеңдерінен-ақ халқымыздың баянды да, бай- қуатты өмір сүруін пәрменді жырлаған болатын. Осы арқылы өзінің бейбіт өмірді аңсағанын көрсете алды. Осы орайда

ақынның осындай рухты шығармалары бірінен соң бірі жалғасын тауып жатады. Соның бірі және бірегейі саналатын “Қабірі белгісіз досқа” және “Белгісіз солдат басында” шығармалары- бір-бірімен өзектес болғанымен, екеуі екі арнадағы өлеңдер. Алғашқы шығармадағы лирикалық кейіпкерге өзінің досының қабірін іздете отырып ақын :

Өзіңді желден сұрадым
Айтпады бір сөз ол өксіп,
Өзіңді көлден сұрадым

Күрсіне берді дөңбекшіп,- деп, соғыста жоғалтқан досының еш есінен кетпейтінін, жүректің қайғылы қылын шертетінін, тірі қалған достарының есінде мәңгілікке сақталатынын айтып өзінің адалдығын көрсете білген.[5,101-б] ”Күндерді аңсап бұрынғы, күңірене түстім сені ойлап” ,- деп ақын ой түйеді. Бұл өлең адам көңілін өзінің сыншылдығымен, шындығымен баурап алары сөзсіз. Сондықтан да біз Сырағаңды сыршыл ақын дейміз. Ал “Белгісіз солдат басында” шығармасын оқысаңыз, осы өлең жетегінде қалай ілесіп кеткеніңізді өзіңіз де байқамай қаласыз. Неге десеңіз, бұл шығарма-белгілі бір оқиғаға құрылған туынды. Белгісіз солдаттың табыты Кремль түбіне қойылады, басына мәңгі сөнбейтін от жағылады. Осы оқиғаны ақын:

Өлтірді оны, бірақ солдат өлмеді,
Өшірді оны, бірақ оты өшпеді.
Бүкіл халық иығына сап көтеріп,
Кремльдің қасына әкеп жерледі...
Шашырап бір жаңа шыққан күндей боп,
Араласты жалын шашып гүл мен от,
Жүрегінің оты өшкенде сол солдат

Мәңгі от боп қалатынын білген жоқ,- дей отырып ақын өзінің жауға деген қаталдығын, бейбіт өмірге деген құмарлығын білдіреді. Екі шығарманың да лебі ортақ. [6,33-34-б] Өлең өскелең ұрпақты қанаттандыратын, рухын қайрайтын шығарма болуымен ерекшеленеді. Ақынның бойындағы ерекше қасиет - оның даналығы мен жүрегінің кеңдігі десем, артық айтпаспын. Ленинград, Волхов майданында соғысқан Сырбай Мәуленов майдан дүбірі саябырлаған, аспан да жер де тынышталған кезде Нева өзенінен ескен жел маңдайынан сипап тұрғандай сезінеді. “ Сәлем, Волхов орманы”,” Назияда күн ашық” шығармаларында Ленинград жеріне деген ыстық ықыласын, сүйіспеншілік көңілін ақын:

Жаздым жыр көздің жасымен,
Жаздым жыр жүрек қанымен.
Сүйенген сонда досым ең
Жақын кеп жұрттың бәрінен.
Бірінші рет Торғайда
Тамса қаным туғанда.
Екінші рет майданда
Қаным бір ақты жылғаңда.
Қаным ұйып тұнған жер
Іздеп келдім шалғайдан.
Сен де маған туған жер,

Айырмаң жоқ Торғайдан,- деп ақын өзі майданда болған орыс жерін өз туған жерінен кем көрмейтінін айтып, біздің туған жерімізге деген ерекше құндылығымызды еселей түскендей.[7, 65-66-б] Бірде ақын ” Жалын кешкен жауынгер күндер” шығармасында:

Аядай жер
Теңіздің бір мүйісі
Аядай жер
Жауынгердің
Ұлы Отаны,

Үй іші,- деп аядай жердің Отанымыздың түкпір-түкпірінен келген жауынгерлердің “Ұлы Отаны” екенін кестелі сөзбен өрнектеп, қайда жүрсең де, сол жердің топырағын басып, ауасын жұтып, суын ішкеннен соң сол ұлтарақтай ғана жер сенің туған жеріңнен еш кемдігі болмай қалатынын жеткізе білген Сырағаң- әдебиетте өзінің қаламының қарымдылығымен, ойының ұшқырлығымен дараланатын тұлға. Оған дәлел- соғыс жылдарындағы және соғыстан кейінгі жылдары майдан тақырыбына жазған өлеңдеріндегі басты қаһарманның сомдалуы дер едім. Ақын лирикаларында жауынгердің ішкі сезіміндегі, жүрек сырындағы өзгерісі, сан қилы қуаныш-күйініші суреттеледі. Жау қолында азап шеккен жандарды босатуға асығуы арқылы ақынның, яғни қайсар жауынгердің бойындағы жауға деген өшпенділік пен табандылық сияқты қасиеттерді аңғаруға болады. Ақын шығармаларынан намыс оты әрдайым сезіліп тұрады. Ол “Қайран солдат шегінсе, көре алмайды ел бетін”,- деп елін, жерін сүйген солдаттың намысына тиеді де, “жауды жой, жеңіске ие бол” деген ой түйеді. Соғыстың қаншалықты қасірет екенін түсінген ақын болашақ ұрпақтың бейбіт өмір сүруін қалаған. Бұл- сарбаз ақын жүрегіндегі басты арман болатын. Ақынның басты арманы орындалды да, тәуба... Міне, олай болса, ақынның жоғарыдағы шығармаларының қай-қайсысын алсақ та, ел болашағы- жас ұрпақтың бойына туған елге, жерге, атамекенге деген сүйіспеншілік пен нағыз батырға тән өрлік пен ерлікті сіңірері анық деп білемін.

Ал енді ақын шығармаларындағы туған жерге деген махаббат қалай көрініс тапты екен? Соған қарай ойыссақ...

Туған жер... Кіндік қаның тамған өлке. Құтты мекен. Бұл тақырып кім-кімге болса да ыстық болары анық. Өзінің кіндік қаны тамған жері- атамекенін иісі қазақ әсте есінен шығарған ба? Әрине, жоқ. Елге, жерге деген махаббат ақын шығармаларынан ойып тұрып орын алған. Олай болса, ақын Қызылордасы мен Торғайын қалай жырлайды? “Туған жердей жер болмас” дегендей, Сырағаң бірде: Сыр бойында туған соң, Сырбай қойды атымды” десе, бірде: Бір кеудемде ағасың, Торғай менен екеуің” деп, екеуін де бөліп-жармайтынын, екеуіне деген ыстық сезімін осындай жыр жолдары арқылы өрнектеген. Екеуі де ақынға ыстық, екеуі де қымбат, екеуі үшін де ақын жүрегі қарс айрылып, сағынғанда қанат байлап ұшып, кең құшағына алып қысуға бар. Жалпы, ақын туған жеріне арнаған шығармаларында “Туған жерім- Әкем де, Анам да, балам да”,- деп кіндік кескен жерін егіле де, тебірене де жырына қосқан. Бірде ақын:

Туған жер! Туғаным жоқ сенен артық,
Кетеді қорғасындай денем балқып.
Барарда жеп-жеңіл боп ұшсам құстай,
Қайтарда жібересің өлең артып,- деп туған жеріне деген ынтызарлығын жан тебірентерлік сөздермен жеткізе білгенін байқаймыз.

Олай болса, ақынның осы тақырыптағы шығармаларын оқыған әр адамның, мейлі ол оқушы болсын, мейлі ол ұстаз болсын енжар қалмасы анық. Әсіресе, ақынның “Менің Республикам” атты өлеңінде ақынның Отанына деген сезімін мүлде ерекше байқайсың. Ақынның ерекше пафосқа толы аталмыш өлеңіндегі ”Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген, Ұлан- байтақ Республикам бұл менің” деген жыр жолдарынан ақынның Отанына деген сезімін мүлде ерекше аңғаруға болатындай. Елінің қандай екендігін мақтаныш сезіммен жырлаған ақынның бейнесі еріксіз көз алдыңа келеді. Міне, ақынның бойындағы осындай елге деген патриотизм жас ұрпаққа үлгі болары анық.

Белгілі сыншы, академик Серік Қирабаев “Сырбай - классик” деген мақаласында: “Сырбайдың көзін аша көргені әскери өмір, Ұлы Отан соғысының қанды қырғыны екені белгілі. “Әскери өмір менің өмірімнің мектебі болды” деп оны өзі де айтқан. Сондықтан да өмір тануды халық тарихының ең бір қиын да күрделі жағдайында бастаған ақын санасын тез жетілдіріп, дүниеге ойлы көзбен қарай алды. Соғыста ол өлім мен өмірдің жекпе -жегін көрді, өлімнің өзімен жалғасып туындап жатқан өмірді таныды, шындықтың қоғамдық, адамдық мән мағынасын терең пайымдады, адам сырына үңілді. Бұл жайлар алғашқы күннен- ақ ақынның соғыстың ауырлығын жеңілдетпей, шынайы күйінде

бейнелей алуына жол ашты”,- деген болатын. Сырбай поэзиясындағы азаматтық, патриоттық сарындар- оның барлық Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы шығармаларына тән. Оның майдан тақырыбына жазған шығармаларының үлкен бір қасиеті- қатал шындығында. Олай болса, ақынның сонау отты жылдардағы от боп өрілген сырлы жырларынан жас ұрпақ үлгі алып , әр сөзін жадына сақтары сөзсіз екені анық.

Сонымен қорыта келгенде, “Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді” дегендей, “жыр тұлпары, сыр сұңқары” атанған Сырағаңның артына қалдырған әр шығармасы- біз үшін таудай заңғар, мұхиттай терең, жақұттай асыл.

Сырбай Мәуленов - өлең өнерінің шебер ұстасы. Өлеңді бейне бір ұста сияқты өрнектеп, әр сөзін қашап, жұп-жұмыр етіп алдыңа әкелу Сырбайдай ақынға ғана лайықты іс дер едім. Оқыған сайын айызың қанатын ақынның ақ қанат жырлары ой көкжиегінде мәңгі самғай бермек, самғай береді де. Ақынның шығармаларын тыңдайтын, дәріптейтін ұрпақтары барда ақын есімі мәңгі жасайды, жасай да бермек. Біздің тәрбиелеп отырған шәкірттеріміз ақын шығармаларын оқи отырып, ондағы Сырбай ақынның бойындағы ерлік, өрлік, қайсарлық, табандылық, туған жеріне деген адалдық, сияқты асыл құндылықтарды өз бойларына сіңіре алатынына кәміл сенемін. Ақынның артында қалған мол рухани мұрасы еш сарқылмақ емес. Ақынның ұлы Қасым Мәуленов: “Мен Сырбай Мәуленовтің ұлы болғанымды мақтан тұтамын”,- дейді. Ал, біздер, ақын есімін арқалаған мектебімізбен, ұрпағымыз ұлықтап жүрер ақын есімімен мақтанамыз әрі мақтан тұтамыз. Сырағаң шығармаларын ұлықтар ұрпағы барда ақын есімі ғасырлар бойы жаңғыра бермек! Сөзімнің соңын жүрегімнен шыққан мына бір жыр жолдарымен түйіндегім келеді:

Жыр тұлпары ең ақындықты серік еткен,
Сыр менен Торғай жерін еткен мекен.
Кешегі ер Баукеңнің ісін жалғап
Қайсарлықтың үлгісін жасап кеткен.
Туған тілді, туған жерді жырладың
Жырларыңмен ән салып тұр қырларың.
Поэзияң - баға жетпес құндылық
Әр сөзіңнен нәр алып мен тыңдадым.
Бүгінгі ұрпақ жаттап өсті Сырбайды,
Өмірі-өлең, жүрегіңді толғайды.
Ән қып айтады бар қазақтың баласы
Өзің өскен, өзің сүйген Торғайды.
Сөзің сенің гауһардайын жақұтты,
Жырыңнан сенің шөлдеген жан қанықты.
Мол мұрасын ұрпағына қалдырған
Сырбайымен елім менің бақытты!
Жырың сенің түпсіз терең тұңғиық
Оған тәнті орман, дала қалды ұйып.
Бейнең тұрған мемориалды тақтаға
Өтер ұрпақ әрқашан да бас иіп.
Ойлы көзбен қарайсың сен қырағы
Нар тұлғалы бейнең есте тұрады.
Ерлік пенен өшпес рухты үлгі еткен
Жаса мәңгі, ақын Сырбай ұрпағы!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 “Жалын” журналы, 1969 ж.
2 С. Мәуленов, “Жол үстіндегі жалындар”, Алматы, 1963ж.
3 С.Мәуленов, “Қызыл арша” Алматы, 1969 ж.
4 С.Мәуленов , “Шаңқай түс” Алматы, 1972 ж.
5 С.Мәуленов, “Алтын тасқын” Алматы, 1981 ж.

6 С.Мәуленов, “Жапырақтар жанады”, 1972 ж.
7 “Торғай таңы” газеті, 1972 ж.

Ахметова Макпал Болтириковна,
Астана қаласы, №112 жалпы білім беретін
орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті ұлттық сана мен азаматтық ұстанымдардың көрінісіне толы болды. Соның ішінде Сырбай Мәуленов – ұлттық поэзияның көрнекті өкілі, елінің тарихы мен тағдырына тағылымды көзқарас білдірген ақын. Оның шығармашылығы ұлттық рухтың шынайы бейнесін көрсетумен қатар, азаматтық позицияны, туған жер мен елдің өмірін терең сезінуді насихаттады.

Бұл мақалада Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты ұлттық рух пен азаматтық болмысты, туған жері мен елінің тарихы мен өмірін, ақынның адамгершілік қағидаларын талдауға бағытталған. Ақын поэзиясы арқылы қазақ халқының рухани дүниесін және тарихи тағдырын терең ұғынуға мүмкіндік туғызады.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы Жангелдин ауданында дүниеге келген. Туған өлкесінде орта білім алып, одан кейін Қызылорда педагогикалық институтында филология факультетінде оқыды. 1940 жылы Қызылорда педагогикалық институтының екінші курсында оқып жүрген кезінде Қызыл Армия қатарына шақырылды. Сол жылдың аяғында ол ауруына байланысты әскери қызметтен босатылады. 1942 жылы Сырбай Мәуленов Волхов майданында лейтенант болып, саяси мәселелер жөніндегі командирдің орынбасары болды. Ал 1943 жылы Ленинград қоршауы бұзылған кезде жауынгер Сырбай ауыр жарақат алып, ауруханада емделгеннен кейін әскерден қайтарылды. 1943-1950 жылдары Мәуленов Қостанай облыстық газетінің редакторының орынбасары міндетін атқарып, кейін Жазушылар одағының кеңсесінде жұмыс істеді. Онда «Қазақ әдебиеті» республикалық әдеби газетінің бас редакторы болды. Сондай-ақ, «Жұлдыз» республикалық әдеби журналының бас редакторы болып қызмет атқарды.

Сырбай Мәуленовтің алғашқы өлеңдер жинағы 1948 жылы жарық көрді, содан кейін отыздан астам поэтикалық кітабы басып шығарылды. Соғыс тақырыбына көп қалам тартқан Сырбай Мәуленовтың көптеген еңбектері орыс тіліне және КСРО халықтарының тіліне аударылды. Солардың ішінде «Кеңестік жазушы» баспасында жарық көрген “Новая весна” (1956), “Синие горы” (1964), “Апрельский дождь” (1972), “Зарница” (1976) және «Көркем әдебиет» баспасында жарық көрген “Листья горят” өлеңдер жинағы. 1971 жылы «Қызыл арша» және «Сәуір жаңбыры» өлеңдер кітабы үшін Сырбай Мәуленов Абай атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. 1967 жылы «Таңдаулы лирика» сериясында «Жас гвардия» баспасында майдангер-жазушы Сырбай Мәуленовтың өлеңдер жинағы жариялады. Сондай-ақ, 1958 және 1966 жылдары ақынның таңдаулы шығармалары жарық көрді. Ақын аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ол Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Ломоносов, Байрон, Маяковскийдің және бауырлас республикалардың бірнеше көрнекті ақындарының өлеңдерін аударған. Сонымен бірге, ақын бірнеше балалар кітабын құрастырып, әр түрлі уақытта жазылған публицистикалық мақалалардың екі кітабын жариялады.

Оның лирикасында қазақ халқының шынайы тарихы көрініс тапқан. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов өз еңбектерінде қиын жағдайларда адамның моральдық-адамгершілік қабілеттіліктері ашылатын, майдандық достықты даңқтау арқылы анықталған Ұлы Отан соғысы тақырыбына ерекше орын берген. Азаматтық жауапкершілік сезімі ақын шығармашылығы арқылы арнайы жолмен өтеді. Сондықтан, Сырбай Мәуленовтың шығармаларында жауынгер ақынның, азамат ақынның және лирик

ақынның позициясы айқын көрінеді. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов заманауи ақын, себебі бүгінгі заман оның барлық өлеңдерінде бар уайыммен және үреймен өмір сүреді. Бірақ бұл тақырып жер бетінде өмір сүргендердің ең басты жауапкершілігі – өткен мен болашақ алдында бағынышты. Бұл идея шайқасқа түскендерге арналған жолдарда жазылған. Сырбай Мәуленовтың өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, майдандас достарын қайта тірілтеді. Өйткені, олардың алда жаңа биіктер мен шекаралар, жеңіске жетудің ұлы жолы тұрды. Ақынның поэзиясы бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген мақсатты тағы да еске салады. Сырбай Мәуленов туған жеріне, табиғатқа үлкен құрметпен қарайды. Сол себепті ақын шығармаларында Отан қай жерде болмасын, адаммен бірге жүретін, аспанда қалықтаған қарлығашпен байланыстырылады.

Халқымызда «жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ» деген тағылымды тәмсіл бар. Жұртшылық Сырағаңды Сыр мен қырға ортақ ұл ретінде дәріптейді. Оның себебі де бар. Ақынның атамекені Торғай өлкесі болғанымен, ол кісі 1922 жылы Сыр бойында өмірге келген. Сол жылы Торғайда қуаңшылық болып, бір қауым ел айдыны шалқыған Сыр бойын келіп паналапты.Содан оған «Сырбай» деп ат қойған. Шілдеханасында Торғайдан Сарысу өзеніне ағайындарын сағалап келген Тосынбайдың Әлиі деген ауыл ақыны батырлар жырын толғап, жарық дүние есігін ашқан сәбидің құлағын өлеңнің азанымен ашыпты. Сондықтан да ақынды қызылордалықтар да жерлесіміз деп қадір тұтады. Алайда ақын Сыр бойында дүние есігін ашқанымен, өскен, тәрбие алған жері, ата-бабасының мекені – көне Торғай даласы. Ол жайында ақын «Өмір жолы – өлең жолы» атты естелігінде: «Менің кіндік қаным тамып, кең дүниеге көзімді ашып қараған жерім – Қызылжыңғыл да, нәресте ойым¬ды, бала қиялымды тербеген бесігім, табиғаттың таза ауасын, жазық даласын, өзен-суын алдыма тосқан, алғаш маған өмір есігін ашқан, білім босағасын аттатқан қасиетті шаңырағым – Торғай бойы, Тосын тоғайы. Осы ортада мені табиғаттың сан түрлі құстарынан бастап, жергілікті ақын-әншілердің жырларын тыңдап өстім. Жасымнан дастандарды жаттадым. Біздің үйге менің дастан оқығанымды қызық көріп, жанымыздағы ағайын-туғандар, көрші-көлемдер жиі жиналатын. Солардың қошеметі қолтығымнан демеп, қиял аспанына шырқатып, сонау бұлттардың арғы жағына алып кететіндей көрінетін», деп жазады.

Халқымыз «Ат аунаған жерде түк қалады» дейді. Тұғырлы тұлғаның арғы бабалары да заманында сөз ұстаған, елге танымал болған. Қазақы шежіреге жүгінсек, ақынның арғы түбі, еңсегей бойлы ер Есімнің қолбасшыларының бірі Шақшақ Аманжолұлынан тарайды. Шақшақтың тағы бір ұрпағы – жоң¬ғарларға қарсы күресте даңқы шыққан батыр тархан Жәнібек Қошқарұлы. Белгілі сатирик, этнограф Сейіт Кенжеах¬мет-ұлының айтуынша, ақынның атасы Тай зор денелі болыпты. Сол кісі Сыр бойына барғанда, ол жақтың ел ағалары: «Ойпырмай, арғынның Тайы мынадай, болғанда құнаны қандай болды екен?» деп таңданыпты. Сол Тайдан Мәулен туады. Бұл кісі де зор адам болған. Ал Сырағаң да ірі денелі, биік адам. Соған қарамастан Торғайдағы Тайды, Мәуленді көрген ақсақалдар Сырбайды көргенде «Мынаны Тайдың немересі деп қалай айтамыз, шағын ғой», деп көңілдері толмапты деседі.

Ардақты ақын он жасында Торғайдан тағы Сыр бойына келіп, балалық кезі мен жасөспірім шағын Қызылорда қаласында өткізді. Алғашқы өлеңдері Сыр бойында жазылды. Қызылордада оқып жүргенде жырлары облыстық газетте жарияланды. Ақындық та адамға тақыр жерден дарымайды. Сырағаң өскен Торғай жері – ежелден өр мінезді батырларымен, орақ ауыз, от тілді билерімен, ешкімге сөзбен кеудесін бастырмаған шешендерімен, көш бастаған көсемдерімен жалпақ жұртқа танылды. Ақындықтың да туы жығылмаған өлке. Осында ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин алғаш мектеп ашты. Белгілі ғалым, сыншы Есмағамбет Ысмайылов «Ақындар» атты іргелі еңбегінде Торғай топырағында үлкен ақындық мектеп болғандығын жазады. Кейін осы ақындық мектеп туралы ақын Назарбек Бектемісов «Ахмет ұшқан алтын ұя», қаламгер, ғалым Серікбай Оспанұлы «Ахмет өскен ақындық орта» және филология ғылымдарының

кандидаты, айтыскер ақын Айбек Қалиев «Торғай ақындарының дәстүрлі поэзия¬сы» атты зерделі жинақтарында барынша байыпты баяндады. Торғайдың ақындық мектебі Уақ Жұмабайдан бастау алды, оның өлеңдері отты, жігерлі, метафораға бай. Одан кейінгі аталған мектептің тағы бір түлегі – Сейдахмет Бейсенұлы. Бұл кісі ақын ғана емес, шешен, темірден түйін түйген ұста болған. Сейдахмет өлеңдері Ыбырай Алтынсарин құрастырған хрестоматияға енді. Сондай-ақ Торғай ақындық мектебінің туын Әбіқай, Күдері, Есенжол, Құбаш, Ахметхан, Сәт, Қарсақ, Мәтібай секілді ақындар да биікке көтерді. Осылардың ізін басқан айтулы ақындық мектептің көрнекті өкілінің бірі – Қазақстанның халық ақыны Нұрхан Ахметбеков. Арқалы ақын суырып салма өнердің дүлдүлі ғана емес, жазба поэзияның да жүйрігі еді. Бірнеше мәрте республикалық айтыстарда топ жарды. Нұрхан Ахметбековтің классикалық шығыс үлгілері желісімен жазылған «Қамарлы заман», «Албан Жұпар ханым» және тарихи оқиғалар туралы толғаған «Есім сері», «Қарға», «Амангелді», «Жасауыл қырғыны», «Күләндам» секілді дастандары кезінде оқырмандардың жоғары бағасын алды. 1951 жылы Мемлекеттік сыйлықтың лау¬реаты атанды. Арғы жағында осын¬дай тегеуріні текті ақындар мекте¬бі тұрған Сырбай Мәуленовтің осал болуға қақысы да жоқ. Сыраған Нұр¬хан ақынмен жақын араласып, ағалы-інідей сыйласқан. Бала күнінен Нұр¬хан жырларын тыңдап, қанаттанған. Ол туралы ақынның «Топжарған» атты дүниесінде: «Мен бала кезімде Торғай қаласындағы Сардар ағайдың қолында тұрдым. Бертін келе ойласам, өлең жазуыма сол орта себеп болған сияқты. Торғай торабының атақты ақын, әншілері, орталарына келсе, ең алдымен ағайдың үйіне қанат қаға бастаған жиырманың үстіндегі Нұрхан ақын, Аққөлден шыққан әнші әйел Бибіжан, өзіміздің туыс, қобызшы Қамидоллалар болатын. Осы топтың ортасында әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші Нұрхан жұлдызы жоғары тұратын», деп айтады.

Сыраған туралы сөз қозғағанда, егіздің сыңарындай болған, бір топы-рақтан жаралған арқалы ақын Ғафекеңді – Ғафу Қайырбековті аттап өте алмаймыз. Ғафекеңнің өзі ақын ағасы туралы жазған мақаласында: «Сырбайды айтқанда, Нұрханды айтпау, еске алмау мүмкін емес. Яғни Сырбайды айту – біз үшеумізді де айту деген сөз. Сырбай маған дүниежүзілік поэзияның, профессионалдық поэзияның үлгісін көрсетті. Өйткен мен ол кезде сол замандағы үздік аудармалар арқылы Пушкинді, Лермонтовты, Байронды, Шығыстан Низамиді тиіп-қашып болса да оқып алған едім. Сол маржандардың, жыр балының дәмін татып үлгерген едім. Сырбай маған қазақтағы сондай жаңа поэзияның алғашқы қарлығаштарының бірі болып көрінді», дейді.

Шынында, Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясына жаңа леп, өзгеше өрнек, сазды ырғақ, әсем үн әкелген лирик ақын. Оның нәзік сезімге толы өлеңдерінен сыршылдық пен сұлулықты көресіз. Жастық шақтың жалындаған үнін естисіз. Адамды өмірді сүюге, оның қадірін білуге үндейді. Жырларында ешқандай жасандылық жоқ. Таңғы шықтай мөлдіреп тұрады.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің өзі: «... Лирикаға оралғанда, әсіресе Ғали, Қасым, Сырбай үшеуінің әр алуан жайға арнаған, әсіресе қысқа қайырған өлеңдері өзгеше сүйсіндіреді. Бұлар кейде бабына жетіп, балқып-толқыған күйшінің шебер қолындағы шешен домбырадай, қоңыр күйлерімен бой ерітеді...» десе, сыршыл суреткер Ғабит Мүсірепов: «Қоғамның ақынына қояр талабы не болар еді? Ол талап осы «Желпи бер жылы күлкіңмен» деген Сырбайдың бір жол өлеңіне сыйып тұр. Ақынның қоғамына қояр тілегі мен назы да осы бір жол өлеңнен түгел табылады. Бір жол өлеңге әрі талап, әрі тілек сыйысып тұр. Шынында, талап пен тілек бірі жоғарыдан, бірі төменнен шығар екі өрістің үндері емес пе. Аз сөзбен аумақты ой салар ақындық деп осыны айтамыз», деп жоғары баға беріпті.

Табиғатты талай ақын жырлады, бірақ Сыраңның табиғат туралы өлеңдері ешкімге ұқсамайды. Өзінше өрнектейді. Оны оқығанда даланың саумал самалын жұтқандай боласыз, бойыңызға күш бітеді. Табиғат құбылыстарын көркем суреттейді. Тамылжыған табиғатты тамсана жырлаған ақын теңеулері тосын, майдан қыл суырған шеберлікті көресіз. Осыны тап баса білген мемлекет және қоғам қайраткері, руханият

жанашыры Ілияс Омаров: «Табиғатты жырламаған ақын жоқ, бірақ та сол жырлауда екі өзгешелік бар. Біріншісі – табиғатқа сүйсіну, дәлдікпен суреттеу, көрген жердің философиясын беру. Екіншісі – табиғатқа жан беру, тірілту, адаммен, қоғам өмірімен теңеу. Сырбай өлеңдерінде осының екеуі де бар, дегенмен екіншісі басымдау», деп жылы лебізін білдіріпті.

Сонымен қатар Сырбай Мәуленов – қазақ лирикасын классикалық үлгіге жеткізген, бүкіл ақындық қуатын, талантын осы салаға арнаған біртуар тұлға. Ақын лирикасының сыры мен бояуы да өзгеше. Ғафу Қайырбековтің пікірінше, ол бар шығармашылық өмірінде лирика жанрының алуан түрлері мен мүмкіншіліктерін сынап, байқап, сараптап, лабораториялық қыруар жұмыс жүргізген. «Сырбайдың айрықша бір қасиеті өзінікін емес, өзгенің шебер жасаған өлеңдерін, мейлі, ол кім болса, ол болсын – орыс па, өзбек пе, әзербайжан ба, украин ба – бәрін де жадында ұстап, жаттап алып, үнемі айтып жүретіндігі. Бұл – өзге ақындарда мен көп байқамаған құбылыс», дейді Ғафекең. Ал әдебиет сыншысы Мұхаметжан Қаратаев сыршыл суреткердің лирикасын түрлі түспен құлпырып тұратын гауһар тасқа теңейді. «Қалай құлпырса да сол жаңа түс автордың қандай да бір тапқан, ашқан жаңалығының жемісі ретінде көрініс береді. Мысалы, «Беріктік» деген үш шумақ өлеңде лирикалық қаһарман өзіне сенген сырды қалай берік сақтағанын былай түйеді:

«Жоғалттым жастық жылдарды
Күз бұлты төніп сұрланды,
Бәрі де көзден ұрланды.
Айтпа деп өзің тапсырған
Көңілде со бір сыр қалды.
Қызғандым оны дауылдан,
Қызғандым оны ағыннан,
Қызғандым жастан, кәріден,
Қызғандым жұрттың бәрінен,
Өзіңнен шыққан сол сырды.
Келемін сақтап әлі мен».

Кім болғанымен, жастық жылдарды қолдан бермейді, жоғалтады, ұрлатады, опық жейді. Міне, осы бір табиғи жағдай тамаша поэзиялық тіл тапқан мына өлеңде», дей келіп: «Осы қасиет оқушы жүрегіне жеткізу үшін қаншама сұрапыл күштерден қызғанып қорғауы сырдың асылдығына, сақтаушының беріктігіне тәнті етеді. Бұл сезімді өткірлеп, қуат беріп тұрған әлгі мазмұнына сай алынған өлеңдік форма: бес жолдан тұратын шумақтың үшінші жолының бесінші жолымен ұйқасуы («ұрланды» мен «сыр қалды», «кәріден» мен «әлі мен»), сөз жоқ, өлең құрылысында Сырбай тапқан жаңалық. Осы үлгіде жазылған «Туған жерім, ыстықсың сен біртүрлі» деген өлеңі де Сырбайдың төгіліп тұрған поэ¬зия маржанына жатады деп білемін», дейді академик.

Қазақ поэзиясы Екінші дүниежүзілік соғыстан соң жаңа тыныс алып, қайта түледі. Қанды қырғыннан аман-есен оралған Қасым, Хамит, Сырбай және т.б. майдангер ақындар өздері көрген соғыстың қасіретін буырқанып жазып, елдің еңсесін көтерді. Олардың шығармашылығында от кешкен ерен ұрпақтың өмірбаяны жыр болып төгілді. Сырағаңның өзі өмір мен өлім белдескен қаһарлы күндерді басынан өткізіп, майданнан жаралы болып оралса да соғыстың қасіретін өлеңмен өрді. Отансүйгіштік пен бейбітшілікті тебіреніп толғады. Осы тұрғыдан алғанда Сырбай Мәуленов орыс поэзиясындағы соғыс тақырыбында бірегей туындылар туғызған М.Луконин, С.Орлов, М.Львов, С.Наровчатов секілді ақындар¬мен иықтасып тұрады.

Мысалы:

«Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім», – деген жыр жолдарында қаншама мағына сыйып тұр. Сондай-ақ «Соғыс-тан қайтқан солдаттар» атты өлеңін оқығанда көз алдыңызға қасіретті

жылдар қабырғасын қаусатқан ата мен ананың, майданға аттанған көкесін іздеп, жанары жаутаңдаған жас баланың бейнесі көз алдыңызға келіп, жүрегіңізді мұң басады. Талантты тұлғаның осы тақырыпқа жазған «Құлын» атты өлеңін аузы дуалы әдебиет сыншылары мен қатарлас замандастары жоғары бағалады. «Бұл өзі 17 жолдық қана өлең, өлең болғанда қандай өміршең, өрнекті, өткір сюжетті!

«Шашыраған көк жалыннан
бүркіп темір,
Орманның іші үрейлі.
Ал оттың ортасында
Шіркін өмір
Құлын боп кісінейді».

Жасарып, жаңаланып, жаңғырып жатқан дүние-тірлік философиясы осындай. «Өлеңнің жұртты нұрландырар сұлулығы, әсерлендірер әсемдігі» осындай. Сырбайдың «Құлыны» – қазақ поэзиясының қанатты тұлпарларының бірі. Ізденгіш ақынның ізгілік теңізінен терген інжулері осындай болып келеді», дейді белгілі ақын Мұзафар Әлімбаев.

Шын мәнінде, Сырбай Мәуленов қазақ өлеңіне құбылыс әкелді. Оны түрлентіп, түрлі ізденістерге батыл барды. Және оны оқырмандар да жылы қабылдады. Ақынның сюжеттік жырлары да көркемдіктің үздік үлгілеріне айналды. Осы ізетті ізденістері кейінгі жас ақындарға үлгі болды. Әдебиет сыншысы Серік Қирабаев ақынның әйгілі «Ақ түн» өлеңін осы жолдағы ізденісінің басы деп пікірін білдірді.

«Онда суреттелетін Ленинградтың ақ түні ол үшін әлемнің аппақ нұрындай елестейді.

«Ақ түн –
Әлемнің аппақ нұры.
Ақ түн –
Қуады қуыстардан
Көлеңке,
Қараңғыны.
Ақ түн –
Жеткен талай жыл болдырып,
Аталардың ақ арманы
Ақ түнді – ақ арманды
Тұр қондырып:
Ленинград алаңдары,
Нева аралдары,
Кронштад қамалдары,
Смольный жалаулары».

Өлең тек түр жаңалығын қуып кетпейді, онда күшті мазмұн, рух бар. Ленинград алаңдары, Нева аралдары, Кронштад қамалдары, Смольный жалаулары» деген сөздерімен заманның озық идеясын да терең жеткізеді», дейді айтулы ғалым.

Ғафекеңнің сөзімен айтқанда, Сырбай Мәуленов шығармашылығы ішінде көз тартар мүлкі көп, жиһазы мол өнер сарайына ұқсайды. Ғажайып талант иесінің шығармашылығы сан қырлы. Оны шағын мақаламызда тауы¬сып айту мүмкін емес. Сырағаңның аудармашылық шеберлігі де – үлкен мектеп. Орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А.Пушкин, М.Лермонтов, Н.Некрасов, Т.Шевченко, В.Маяковский, А.Блок, С.Есенин, Н.Тихонов, М.Шолохов, Ә.Науаи және т.б. шығармаларын ана тілімізге шебер тәржімалап, әдебиетіміздің асыл қазынасын байытты.

Сырбай Мәуленовті жұртшылық сондай-ақ талантты публицист, белгілі журналист ретінде жақсы біледі. Ұлттық баспасөзіміздің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Соғыстан кейінгі жылдары Қостанай облыстық газетінде қызмет істегенде ел аралап, еңбек адамдарымен жүздесіп, олар жайында көлемді очерк¬тер жазды. Әсіресе өткен ғасырдың

елуінші жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болғанда ұлттық сананы оятуға зор ықпалын тигізді. Осы жылдары кеңестік саясаттың қылышынан қан тамып тұрғанына қарамастан ұлтқа қатысты мәселелерді батыл көтерді. Ол кезде ұлт туралы сөз айту қауіпті еді. Ақыры ардақты азаматқа ұлтшылдық деген айып тағылып, қызметінен босатылды. «Жұлдыз» журналын басқарғанда әдебиетіміздің кеңірек өрістеуіне жол ашып, жастарға жанашыр болды. Сырағаңның әзіл әңгімелерінің өзі аңызға айналып кеткен. Азаматтық болмысын да замандастары жоғары бағалаған. Отбасылық өмірде де Күлжамал апамен ұзақ та баянды өмір сүрді.

Қабырғалы қаламгер Әбіш Кекілбайұлы «Сыршылдық пен суреткерлік Сырбайы» атты мақаласында өз буынын бала күнінен Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, Сырбайша сөйлеуге ұмтылып өскен ұрпақ екендігін айтыпты.

«Қазіргі әдебиеттегі алпысқа келгендер мен төменгі буынның барлығының әдеби болмысында Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар десем, асыра айтқан болмаспын. Сырбай – тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел тұлға. Бұл тұрғыдан келгенде, Сырбай – қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Классик деген ұғым кез келген кісіге айтылуға тиіс емес. Кез келген дарынды, талантты адам классик бола алмайды. Тек қана өзі емес, бүкіл ұлттық әдеби болмысқа өзінің ізін, өнегесін тастаған адам ғана осындай атқа лайық болуға тиіс. Бұл реттен келсек, қазіргі қазақ поэзиясының көш басындағы сарбаздары Сырбайды да алдымен ауызға алады деп ойлаймын», депті. Асыл ақын туралы ақ жарылып жазған Әбіш ағамыздан асырып айта алмаймыз.

Мауленовтың шығармашылығында ұлттық рух – басты ұғым. Ол туған жердің табиғатын, халықтың салт-дәстүрін, тарихи ерліктерін терең суреттеді. Ақынның өлеңдерінде қазақтың кең даласы, көк аспаны, қыран қанаты сияқты ұлттық символдар жиі кездеседі.

Ұлттық рухтың негізі – тіл мен мәдениет. Ақын қазақ тілінің көркемдігін, ұлттық әдебиеттің байлығын насихаттап, оның ұлттық санадағы рөлін арттыруға күш салды. Оның өлеңдері ұлттық болмыстың тұтас көрінісі, ұлттың рухани тірегі ретінде қарастырылады.

Сырбай Мауленов шығармашылығы – ішкі тазалықты, рух биіктігін, адам болмысының асыл қасиеттерін жырлаған көркем поэзия. Ақын адамгершілікке, адалдыққа, шыншылдық пен әділетке негізделген дүниетанымды ұстанды. Оның өлеңдері тек сыртқы болмыс пен табиғатты суреттеу емес, ең алдымен, адам жанының тереңіне үңілу, адамның өмірлік мақсаты мен ар-ұяты жайлы толғаныс.

Адам мен табиғаттың рухани үндестігі

Мауленов поэзиясында адам мен табиғаттың арасында біртұтас рухани байланыс бар. Ол табиғат көріністерін сипаттай отырып, адам бойындағы рухани сезімдерді бейнелейді. Мысалы, күннің шыққаны — үміттің белгісі, таудың биіктігі — адамның ішкі асқақ армандарының символы, ал желдің күркірі — жүректегі мазасыздық пен толғаныстың көрінісі ретінде беріледі. Мұндай бейнелеу – ақынның терең философиялық ойының, нәзік сезімталдығының белгісі.

Адамның болмысын табиғатпен салыстыра отырып, Мауленов адамның ішкі сұлулығы мен жан тазалығына үндейді. Ақын үшін адам — табиғаттың жалғасы ғана емес, сонымен бірге оның қорғаушысы, рухани мәнін түсінетін тіршілік иесі.

Ар-ұят пен рух тазалығы – шығармашылық өзегі

Сырбай Мауленов поэзиясындағы адами қасиеттердің негізінде ар-ұят, рух тазалығы, парасаттылық, еңбекқорлық сияқты ізгі ұстанымдар жатады. Ол адамды сыртқы әлпетіне қарап емес, ішкі болмысы – жүрегінің тазалығы, ойының биіктігі арқылы бағалайды.

Ақын өлеңдеріндегі кейіпкерлер — көбіне қарапайым еңбек адамдары, адал жүректі азаматтар. Бұл көркемдік тәсіл арқылы Мауленов адам болмысының шынайы көрінісін көрсетіп, оқырманды моральдық тұрғыда тәрбиелеуге ұмтылады.

Мысалы, оның «Қарапайым адамдар» сынды өлеңдерінде адал еңбектің қадірі, кішіпейілдік пен әділдік ерекше мадақталады. Бұл – ақынның өз мінезі мен өмірлік ұстанымдарының көркем көрінісі деуге болады.

Адам және уақыт: азаматтық жауапкершілік

Мауленов поэзиясындағы адам бейнесі – тек жеке тұлға ғана емес, сонымен бірге қоғам мүшесі, өз ұлтының болашағына жауап беретін тұлға. Ол адамның тек жеке басын емес, оның қоғамдық орнын, ұлттық санадағы рөлін де жырлайды. Бұл – ақынның азаматтық болмысының бір көрінісі.

Өлеңдерінде кездесетін "мен" образы — ұлтқа қызмет етуді, халқының қамын ойлауды бірінші орынға қоятын, өзін ел тағдырымен бірдей көретін рухани тұлға. Мауленов «мен» деп сөйлемейді, ол – «біз» деп ойлайды. Бұл – ұжымдық сананың, халықпен рухани үндестіктің белгісі.

Махаббат пен мейірім – адами болмыстың айнасы

Ақынның махаббат лирикасы да оның адам болмысына деген нәзік көзқарасын танытады. Бұл өлеңдерде сыртқы сезімнен гөрі, ішкі сүйіспеншілік, жан сұлулығы басым. Оның махаббат жырларында әйел бейнесі – мейірімділік, аналық, адалдық символы ретінде сипатталады. Сонымен қатар, адам өміріндегі шынайы сезімдердің қадір-қасиеті, рухани байлығы баса көрсетіледі.

Ақын сүйіспеншілік ұғымын кең мағынада – тек махаббат емес, Отанға, халыққа, туған жерге, шындыққа деген сүйіспеншілік ретінде береді. Бұл – Мауленовтың рухани әлемінің кеңдігін, гуманистік көзқарасын білдіреді.

Ақынның тұлғалық келбеті – адами үлгі

Сырбай Мауленов өзі жырлаған рухани биіктікті өмірде де ұстанған тұлға. Ол ешқашан атақ, марапат немесе даңқ үшін емес, халқы үшін қызмет етуді басты мұрат етті. Оның өмірі – қарапайымдылықтың, ұлтқа қызмет етудің және рухани тазалықтың үлгісі.

Ақынның мінезі, болмысы, адамдармен қарым-қатынасы оның поэзиясындағы адам бейнесімен тікелей үндес. Ол шынайы, адал, жүрегі таза адамды биікке көтерді, ал екіжүзділік пен жалғандықты – сынға алды. Бұл ақынның тек шығармашылық емес, адам ретіндегі ұстанымының айғағы.

Азаматтық поэзия – рухани ерлік

Ақын өз дәуірінің ауыр шындығын, соғыстың зардабын, халықтың рухани күйзелісін өлеңдеріне арқау етті. Әсіресе, соғыс жылдарында және одан кейінгі кезеңде жазылған жырларында ел бірлігі, ерлік, адамдық борыш мәселелері кеңінен қозғалды. Ол майдан шебіндегі ерлердің ерлігін ғана емес, тылдағы аналар мен балалардың жанкешті тіршілігін де үлкен азаматтық үнмен бейнеледі.

Мысалы, Сырбай Мауленовтің:

«Бір түннің отына күйіп кетті,

Адамның ғасыр бойы жиғаны...»

деген жолдарынан-ақ, соғыстың адамзатқа алып келген зұлматын, ақын жанымен сезініп, үлкен азаматтық жауапкершілікпен жеткізгенін көреміз.

Халық үніне құлақ асқан қаламгер

Мауленов поэзиясы – халықпен бірге соққан жүрек үні. Ол шын мәнінде қарапайым халықтың сөзін сөйлеп, олардың үміті мен мұңын жыр еткен ақын. Оның азаматтық болмысы – поэзиядағы публицистикалық сарынды күшейтті, яғни әлеуметтік шындықты жасырмай, ашық айтуға итермеледі. Бұл, әсіресе, кеңестік идеология жағдайында батыл қадам болатын.

Ақын халықтың сөзін сөйлегенде ұрандату немесе саяси таптаурындардан гөрі, шынайы болмысқа ден қоя білді. Оның қаламы — қарапайым адамның тағдыры үшін күрестің құралы. Сондықтан оның поэзиясы – заманмен үндес, қоғамдық сана қалыптастыратын құрал болды.

Еркіндік, теңдік, әділдік – азаматтық поэзия өзегі

Сырбай Мауленов өз өлеңдерінде адам құқығы, еркіндік пен теңдік, әділет пен адалдық сынды маңызды ұғымдарды жиі қозғайды. Ол еркін қоғамда өмір сүретін, ойы таза, рухы биік адамның бейнесін қалыптастыруға тырысты. Ақын үшін ақиқат — бәрінен жоғары. Ол ешқандай әлеуметтік қысым немесе идеологиялық шектеу адам баласының ар-ожданынан үстем болмауы тиіс деп білді.

Мысалы, оның:

«Адам еркін болса ғана адам,

Басын иген құлда қандай қадір бар?!» —

деген жолдары – еркіндікке, рух биіктігіне үндеу.

Бұл жолдардан Мауленовтің тек жеке тұлға еркіндігіне ғана емес, ұлттық тәуелсіздікке, қоғамдық әділеттілікке деген ұмтылысын көреміз. Ол адам мен қоғам арасындағы байланыстарды азаматтық парасат тұрғысынан зерделеп, шындық пен ар-ожданды қорғауды басты мақсат етті.

Азаматтық үннің көркемдік ерекшелігі

Мауленов поэзиясында азаматтық тақырыптар көркемдік тұтастықпен өріледі. Ол өзінің азаматтық үнін үгіт-насихат сипатында емес, терең философиялық, лирикалық астармен жеткізеді. Оның өлеңдерінде метафора мен символика мол қолданылады. Мысалы, бостандықты — көктеммен, ел тағдырын — теңізбен, адам еркіндігін — самғаған қыранмен бейнелеп жырлайды.

Бұл тәсілдер ақынның поэзиясын бір жағынан философиялық тереңдікке жетелесе, екінші жағынан, оқырманның санасына тікелей әсер ету мүмкіндігін арттырады. Әр жол, әр образ — азаматтық позицияның көркем кодына айналады.

Ұлт пен ұрпақ алдындағы жауапкершілік

Сырбай Мауленов үшін азаматтық поэзия — ұлт алдындағы борышты өтеу, болашақ ұрпаққа рухани бағдар беру құралы. Ол тек бүгінгі күннің емес, ертеңгі ұрпақтың да сөзін ойлады. Оның өлеңдерінде ұлттың рухани жаңғыруы, тарихи әділеттіліктің қалпына келуі, тіл мен ділдің сақталуы басты ой арқауы болды.

Сондықтан да Мауленов поэзиясы — тек көркем мәтін емес, ұлттың тарихи жадын жаңғыртуға, қоғамдық сананы тәрбиелеуге бағытталған үлкен идеялық мұра.

Сырбай Мауленовтің азаматтық болмысы – қазақ поэзиясының ең асыл арналарын толықтырған көркемдік-философиялық феномен. Ол халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, әділет пен ақиқаттың жаршысы бола білді. Оның азаматтық поэзиясы – шындықты шырылдатып айтқан, ұлттық бірлікті, рухани еркіндікті жыр еткен, қоғамдық сананы оятқан көркем шындық.

Мауленов – өз халқының сөзін сөйлеген ақын ғана емес, ұлттық рух пен азаматтық жауапкершіліктің көркем биігін бағындырған рухани тұлға.

Сырбай Мауленов қазақ әдебиетіндегі ерекше тұлға. Оның ақындық мұраты – ұлттық рух пен азаматтық болмысты үйлестіріп, туған жер мен елдің тағдырына адалдықпен қарау, адамгершілік құндылықтарды дәріптеу. Оның поэзиясы қазақ ұлтының рухани әлемін байытып, ұлттың тарихи санасын қалыптастыруға зор үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәуленов Сырбай. Таңдаулы өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1985.
2. Әділбеков Б. Қазақ поэзиясы тарихы. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2001.
3. Мұхтар Әуезов. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1987.
4. Байжанов Ә. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Астана: Фолиант, 2010.
5. Қасен Қ. Ұлттық поэзия мен азаматтық сана. – Алматы: Атамұра, 2015.
6. Жұмаділов Т. Қазақ ақындарының рухани әлемі. – Алматы: Мектеп, 2012.
7. Жолдасов Н. Қазақ әдебиетіндегі азаматтық идеялар. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2018.

Аюпова Айгуль Сериковна,
Астана қаласы, Т.Айбергенов атындағы
№16 жалпы орта білім беретін мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАСЫ

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы тарихында Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы айрықша орын алады. Ол – майдангер ақын, публицист, қоғам қайраткері, журналист. Ақынның өлеңдерінде халық тағдырының ауыр кезеңдері, Ұлы Отан соғысының қасіреті, бейбіт өмірдің қуанышы мен туған жерге деген сүйіспеншілігі қатар өрілген. Мәуленов үшін ақындық – жеке шығармашылықтың ғана жемісі емес, халық алдындағы жауапкершілік, ұлттық рухты асқақтату, елдік мұратқа қызмет ету жолы болды. Осы ғылыми жұмыстың мақсаты – Сырбай Мәуленовтің ақындық мұратын жан-жақты талдау, оның шығармашылығындағы азаматтық үн мен ұлттық болмыстың мәнін ашу.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысының Жангелдин ауданында дүниеге келді. Оның балалық шағы қазақ халқының ауыр кезеңімен тұспа-тұс келді. Жастайынан өлеңге, әдебиетке қызығушылық танытқан Сырбайды туған жер табиғаты мен халықтық орта тәрбиеледі. Оның ақындық мұратының қалыптасуына Ұлы Отан соғысының тәжірибесі ерекше ықпал етті. 1942 жылы майданға аттанған жас Сырбай жауынгер ретінде соғыстың барлық қасіретін көзімен көрді. Соғыс жылдарындағы өлеңдерінде боздақтарға деген сағыныш, жауынгердің қайсарлығы мен ерлігі бейнеленді. Бұл кезең оның ақындық мұратының негізін қалады.

Сырбай Мәуленовті әдебиеттанушылар көбіне «майдангер ақын» деп атайды. Себебі оның алғашқы шығармалары Ұлы Отан соғысы жылдарында дүниеге келді. Ақын майдандағы шынайы өмірді, жауынгерлердің ерлігін, соғыстың қасіретін өлең жолдарына қосты. Бұл өлеңдерінде азаматтық үн, халық алдындағы жауапкершілік айқын сезілді. Ол үшін ақындық мұрат – ел тағдырын жырлау, халықтың мұңын айту, шындықты жасырмай жеткізу болды. Ғалым Х. Ерғалиев: «Ол – соғыс көрген жүректің ақыны» деп баға берген. Сырбай Мәуленовті зерттеушілер оны тек ақын ретінде ғана емес, қоғамдық ойдың белсенді өкілі, ұлт руханиятының қайраткері ретінде бағалайды. Белгілі ғалымдар мен замандастарының пікірлері де осыны дәлелдейді. С. Қирабаев, Х. Ерғалиев, Т. Молдағалиев сынды әдебиет өкілдері оның поэзиядағы ғана емес, өмірдегі тұлғалық болмысын жоғары бағалаған. Ал Серікбай Оспанов ақынның публицистикалық еңбектерін талдап, оның азаматтық позициясын айқындап көрсеткен.

Сырбай Мәуленов поэзиясының өзегі – ұлттық рух. Ол туған халқының тарихын, тағдырын, болашағын өз жырларына арқау етіп, халықтық мұратты поэзияның басты нысанына айналдырды. Ақынның ойынша, ұлттық рух – ұлтты ұйыстыратын, тарих пен болашақты жалғайтын күш.

Мәуленов поэзиясының өзегі – ұлттық рух. Ақынның жырларында халық тағдыры мен елдік мұрат, ұлттық болмыс пен рухани құндылықтар көрініс тапты. С. Қирабаев: «Мәуленов шығармашылығында ұлттық рух пен азаматтық үн ажырамас тұтастықта көрінеді» деп жазды. Оның өлеңдерінде ұлттық тарих, халықтың өткені мен болашағы, ел бірлігі басты идея ретінде жырланды. Ақын үшін ақындық мұрат – халықты ұйыстыратын, ұлттың рухын көтеретін күш болды.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясында туған жер тақырыбы ерекше орын алады. Ақын Торғай даласын, туған өлкенің табиғатын, кең байтақ қазақ жерін жырлады. Ол туған жерді ұлттық болмыстың мәйегі, халық рухының тірегі деп таныды. Ақынның туған жерге арналған өлеңдерінде сағыныш пен мақтаныш сезімі қатар өріледі. Мәселен, оның жырларынан туған даланың кеңдігі, табиғаттың әсемдігі, халықтың тарихы көркем суреттелді. Бұл арқылы ол кейінгі ұрпаққа туған жерді қастерлеу идеясын жеткізді.

1960–1970 жылдары Мәуленов поэзиясы азаматтық лирикаға толы болды. Бұл кезеңде оның жырларында қоғамдағы өзгерістер, халықтың тұрмыс-тіршілігі, ұлттық болмыс мәселелері кеңінен көтерілді. Ал 1980–1990 жылдары ақынның поэзиясы философиялық сипат алды. Өмір мен өлім, адам мен уақыт, ұлт пен болашақ жайлы толғаныстар оның шығармашылығында негізгі идеяға айналды. Ақындық мұрат бұл кезеңде тек азаматтық үн ғана емес, терең философиялық ойлармен байыды.

Сырбай Мәуленов үшін ақындық мұрат – тек әдемі жыр жазу емес, халыққа қызмет ету, ұлт мүддесін қорғау болды. Оның шығармашылығы бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Жас ұрпақ үшін ақын жырлары – туған жерді сүюдің, әділдік пен адалдыққа берік болудың өнегесі. Оның поэзиясы – қазақ әдебиетінің алтын қазынасына енген мәңгілік мұра. Сондықтан Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – ұлттық рух пен азаматтық болмысты қатар өрген асыл қазына.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, майдангер ақын, қоғам қайраткері. Оның ақындық мұраты – халық тағдырын жырлау, ұлттық рухты асқақтату, елдік мұратқа адал қызмет ету. Ақын өлеңдерінде бейбіт өмірді қастерлеу, туған жерге сүйіспеншілік, ұлт болашағы үшін алаңдау идеялары айқын көрінеді. Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосты және бүгінгі ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор мұра болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Әдебиет және өмір. – Алматы: Жазушы, 1984.
2. Майтанов Б. Қазақ поэзиясының тарихы мен тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
3. Оспанов С. Сырбай Мәуленов – публицист, редактор. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
4. Ерғалиев Х. Әдебиет және азаматтық үн. – Алматы, 1982.
5. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969.
6. Молдағалиев Т. Естеліктер жинағы. – Алматы, 1995.
7. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Алматы: Жазушы, 1997.
8. adebiportal.kz – «Сырбай Мәуленов поэзиясы», 2021.
9. el.kz – «Сырбай Мәуленов – публицист, редактор», 2020.

Әлдеева Мерей Бекжанқызы,
І.Есенберлин атындағы №67 гимназия
бастауыш сынып мұғалімі,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ: ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиеті – халқымыздың рухани қазынасы, тарихи жад пен ұлттық болмыстың көркем көрінісі. Әдебиет арқылы ұлт өзінің өткенімен тілдесіп, бүгініне бағдар жасап, болашағына жол салады. Әсіресе XX ғасырдағы әдебиет қазақ халқының ең ауыр тарихи белестерін өткере отырып, ұлттық идеяны, елдік мұратты сақтап қалуға күш салды. Сол әдебиет көшінде ұлттың намысын, елдің бірлігін, халықтың үмітін жырлаған, поэзияны от пен оқтың ортасында шыңдаған қаламгерлердің орны ерекше. Солардың бірі де бірегейі — Сырбай Мәуленов.

Сырбай Мәуленов — қазақ поэзиясының өрісін кеңейтіп, оны азаматтық, отаншылдық, рухани биікке көтерген көрнекті ақын. Оның қаламынан туған жырлар — туған жерге, елге, ана тіліне, ұлттың болашағына деген перзенттік махаббат пен азаматтық жауапкершіліктің айғағы. Ақын шығармашылығында ұлттық рух, жауынгерлік мінез, ерлік пен ізгілік тұтастықта көрінеді.

Бұл баяндамада Сырбай Мәуленовтің өмір жолын, шығармашылығын және ақындық мұратын талдай отырып, оның ұлттық рух пен азаматтық болмысты әдебиетте қалай көркемдегенін, бұл арқылы ұрпаққа қандай өнеге қалдырғанын жан-жақты сараптаймыз.

Мұндай күрделі тарихи кезеңдерде әдебиет тек көркемдік эстетика ғана емес, ұлттық сананы сақтаудың, елдік рухты бекемдеудің бірден-бір құралы болды. Сырбай Мәуленов те осы миссияны терең сезініп, өз поэзиясын халық тағдырымен, ұлттың жүрек дүрсілімен байланыстырды. Оның әрбір өлеңінен елге деген сүйіспеншілік, туған топыраққа деген іңкәрлік пен жауапкершілік, бейбіт өмір мен еркіндікке деген сағыныш сезіледі. Ақын шығармалары бүгінгі ұрпаққа патриотизмнің көркем үлгісі ретінде қызмет етеді. Сондықтан Сырбай Мәуленовтің мұрасын зерттеу — тек әдебиет мәселесі емес, ұлт тәрбиесі мен руханиятына қызмет ету. [1]

1. Сырбай Мәуленов – өмірі мен қаламгерлік қызметі

Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келді. Балалық шағы зұлмат жылдармен тұспа-тұс келіп, ерте есейіп, өмірдің ащы шындығын сезіне жүріп өсті. Бұл – оның шығармашылық тағдырында терең із қалдырды. 18 жасында Ұлы Отан соғысына аттанып, майдан даласынан оралған соң шығармашылыққа белсенді араласты.

Соғыс — оның ақындық көзқарасын қалыптастырған, болмысын қайраттандырған кезең болды. Көптеген өлеңдері соғыс кезіндегі адам болмысы, ерлік, төзім мен үміт жайында жазылды. Ақынның «Соғыстан қайтқан солдаттар», «Бейбіт күннің жырлары» атты жинақтары — осы тақырыптағы кесек туындылар.

Ол тек ақын ғана емес, қоғам қайраткері, баспагер, аудармашы ретінде де танылды. Қазақ әдебиетіне шетел поэзиясының жауһарларын таныстырды, түрлі баспаларда редакторлық қызмет атқарды.

Сырбай Мәуленовтің тұлғалық қалыптасуы мен шығармашылық кемелденуі — қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды құбылыс. Оның балалық шағы мен жастық кезеңі еліміздегі саяси, әлеуметтік өзгерістермен

тұспа-тұс келіп, жүрегіне ел мен жердің тағдырына деген алаңдаушылықты ерте ұялатты. Соғыста көрген қасірет пен майдангер достардың ерлігі оның жүрегінде мәңгілік із қалдырып, өлеңдерінде шынайы, терең сезіммен өрілді.

Ақынның соғыстан кейінгі шығармаларында тек батырлық емес, соғыстан шаршаған халықтың бейбіт өмірге деген сағынышы, еңбек адамының образы кеңінен жырланды. Ол соғыс тақырыбына таптаурын сипатпен емес, азаматтық әрі гуманистік көзқараспен келіп, адам тағдырының нәзік иірімдерін көркемдікпен бейнелей білді.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов – қазақ баспасөзінің дамуына да зор үлес қосқан тұлға. Ол бірқатар мерзімді басылымдарда, атап айтқанда, *"Қазақ әдебиеті"*, *"Жұлдыз"*, *"Лениншіл жас"* газеттерінде жемісті еңбек етіп, жас қаламгерлерге бағыт-бағдар берді. Оның аудармашылық қызметі де аса ауқымды – орыс және әлем әдебиетінің көрнекті өкілдерін қазақ тіліне аудару арқылы әдеби байланыстарды нығайтуға үлес қосты.

Мәуленовтің қаламынан туған жырлар мен аудармалар, публицистикалық мақалалар — қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосылған мол мұра. Ол өз дәуірінің шындығын көркем тілмен шебер жеткізген қайраткер қаламгер ретінде халқымыздың жадында мәңгі сақталады. [2]

2. АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ

Сырбай Мәуленовтің поэзиясы – ұлттың ар-намысы мен рухын, елдің тұтастығы мен тәуелсіздік идеясын көркем тілмен жеткізген рухани мұра. Оның шығармаларында ұлттық болмыс пен тарихи жад, ана тілі мен туған жерге деген махаббат, батырлық пен ерлік – барлығы тұтастықта көрініс табады. Бұл тарауда ақын поэзиясындағы ұлттық рухты бірнеше аспектіде талдап, әдебиеттегі ұлтшылдық эстетикасының мазмұндық және мағыналық ерекшеліктеріне тоқталамыз.

2.1 Тарихи жады мен ұлттық сана

Сырбай Мәуленов – ұлттың тарихи жады мен азаматтық болмысты өлең тілімен ұрпақ санасына сіңіре білген қаламгер. Оның поэзиясынан қазақ халқының сан ғасырлық күрескерлік рухы, тәуелсіздікке деген үміті мен арман-мұраты айқын сезіледі. Ақын тек өткенге тамсанып қоймайды, сол өткеннен тағылым ала отырып, бүгінгі күнге, келешекке рухани бағдар жасайды.

«Мен – ұлы даланың үніндеймін
Жерімнің отты жүрегіндеймін...»

деген жолдар – ақынның өзін ұлттық сана мен рухтың көркем бейнесі ретінде танығанын көрсетеді. Бұл жолдар арқылы ақын жеке тұлға емес, тұтас халықтың өкілі, ұлттың өткені мен болашағы арасындағы алтын көпір ретінде көрінеді.

Сырбай поэзиясы – ұлттың азаттығы үшін күрескен баһадүрлердің дауысы, езгі мен зорлыққа қарсы шыққан халықтың үнсіз көз жасы, ұлы даланың шежіресін жырмен өрген рухани шежіре. Оның «Қазақ елі», «Тарих алдында», «Ұлы дала» сынды өлеңдерінде ұлттық тарих терең сезіліп, халықтың ғасырлар бойғы арманы көркемдікпен түзіледі.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов ұлттық сананы тек этнографиялық тұрғыдан емес, философиялық әрі гуманистік бағытта дамытқан. Оның кейіпкерлері — халықтың рухани өкілдері, ар-намысы мен абыройының символдары.

2.2 Ұлттың келбеті – тіл мен жер

Ақын шығармашылығында ана тілі мен туған жер – ұлттың басты құндылықтары ретінде бейнеленеді. Бұл екі ұғым оның поэзиясында бір-бірінен ажырамас, біртұтас категориялар ретінде көрінеді. Ана тілі – халықтың

жаны, ал туған жер – оның тәні. Осы екі қасиетті ұғымды ақын ерекше нәзіктікпен жырлайды:

«Ана тілім – асыл мұрам,
Туған жерім – бесік ұям...»

Бұл өлең жолдары тек поэтикалық образ емес, азаматтық үндеу, ұлтқа деген сүйіспеншіліктің айнасы. Сырбайдың поэзиясындағы туған жер – қазақы дүниетанымның, салт-дәстүрдің, баба рухының мәйегі. Оның жырларындағы дала – тек кеңістік емес, тарихи жадының сақтаушысы, ұлт рухының тірегі.

Ана тіліне деген құрмет – ақын поэзиясының айрықша бір қыры. Ол тіл арқылы ұлттың тұтастығы мен мәңгілігін жырлайды. Сырбай ана тілін тек байланыс құралы емес, рухани иммунитет ретінде бағалайды. Сондықтан да оның көптеген өлеңдерінде тіл — болашаққа бағытталған ұлттың рухани діңгегі ретінде көрініс табады. [3]

2.3 Ұлттық ерлік пен батырлық дәстүрі

Сырбай Мәуленов поэзиясында батырлық – өткеннің эпикалық мұрасы ғана емес, бүгінгі күннің қажетті сипаты. Оның батырлары – жауынгер ғана емес, ел үшін еңбек еткен, бейбіт күнде де ұлт мүддесін алға қойған тұлғалар.

Ақын майдангер ретінде соғыс тақырыбына ерекше назар аударған. Алайда ол батырлықты тек қару ұстаған ерлікпен шектемей, бейбіт күнде де халыққа қызмет етуді – шынайы батырлықтың үлгісі ретінде насихаттайды. Осы тұрғыда оның «Соғыстан қайтқан солдаттар», «Жеңіс күні», «Ардагер ана» сияқты өлеңдерінде майдан мен тылдың ерлігі, халықтың қажыр-қайраты біртұтас түрде көрінеді.

Сырбай Мәуленов батырлық дәстүрін романтизацияламайды. Ол ерлікті ұрандаудан гөрі, оның ішкі рухани негізін ашуға ұмтылады. Оның кейіпкерлері – намыс пен парыз жолында күрескен, туған жерге адал, халқына жақын жандар.

Мәселен, оның мына бір өлең жолдары:

«Ерлік – жүректің оты,
Ертеңге сенген үміт...»

деген жолдар батырлықтың ішкі мәніне терең бойлау мен азаматтық көзқарастың биік деңгейін танытады. Сырбай батырларды тек жырлап қоймайды, олардың өнегесін бүгінгі ұрпақ санасына сіңіруді мақсат етеді.

3. АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯ ЖӘНЕ ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ

3.1 Қоғамдық үн мен әлеуметтік әділет

Сырбай Мәуленов поэзиясының басты ерекшелігі – қоғамның тамырын дәл басу, халықтың мұңын айту. Оның өлеңдері – әлеуметтік әділет, теңдік, адам құқықтары туралы ой қозғайтын терең философиялық туындылар.

Сырбай Мәуленов – тек поэзияның ғана емес, халықтың сөзін сөйлеген, шындықтың шырағын ұстаған қаламгер. Оның өлеңдерінен қоғамдық ахуал, әлеуметтік толғаныс, халықтың көңіл күйі айқын сезіледі. Ақын поэзиясы – рухани күнделік, онда халықтың үміті мен күдігі, мұңы мен арманы өріліп отырады.

Сырбай әділет пен шындықты жырлаудан ешқашан бас тартқан емес. Ол үшін поэзия – көңіл көтеру емес, қоғамды ояту құралы, рухани майдан алаңы. Оның:

«Тік жүрем, иілмеймін желге мен,
Шындықты айтам, шөлдесем де...»

деген жолдары – ақынның шыншылдыққа, әділеттілікке деген табанды ұстанымының көркем айғағы. Бұл жолдарда азаматтық пафос, ерік-жігер, еркін ой мен ішкі тәуелсіздік жатыр. Ол шындықты айту – ақынның парызы, ал үнсіз қалу – сатқындық деп білді.

Сырбай Мәуленов халықтың ішкі рухын сезінді, әлеуметтік жараны жасырмай, оны көркем тілмен ашып көрсете білді. Ол қоғамдағы келеңсіздіктерге үнсіз қарап отыра алмаған. Оның көптеген өлеңдерінде ауыл өмірі, кедейшілік, білім мен мәдениеттегі теңсіздік, тіл тағдыры – өткір әрі терең сипатталады.

Сондай-ақ, ақын әлеуметтік мәселелерді шешудің жолын да ұсына білді – ол жол адамды рухани байыту, ұрпаққа білім мен тәрбие беру, ұлттық болмысты сақтау жолы еді.

3.2 Сырбай – педагог, тәрбиеші тұлға

Сырбай Мәуленов поэзиясының тәрбиелік мәні өте жоғары. Ол өлеңдерін тек көркем сөзбен кестелеп қана қоймай, әр шумаққа адамгершілік, ұлттық рух, азаматтық сана сынды биік ұғымдарды арқау етті. Бұл ақынның педагогикалық тұлғасын айқындайды.

Ақын тек қаламмен емес, ісімен де үлгі көрсетті. Әдебиетке жаңа есімдерді әкелуге, жас қаламгерлерге бағыт-бағдар беруге, оларға шығармашылық серпін беруге күш салды. Ол редактор, баспагер ретінде де ұлт руханиятына қызмет етті. Оның редакторлық жұмыстары – жас буын әдебиетшілерге бағыт-бағдар беретін мектеп болды десек, артық айтқандық емес.

Сырбайдың поэзиясында тәлім мен тәрбие қатар жүреді. Оның:

«Жақсылық – жүректен,
Жамандық – білектен...»

деген тәрізді жолдары тәрбиелік қағидалармен астасып жатыр. Ақын жастарды адалдыққа, намысқа, еңбекке, Отанға қызмет етуге үндеді. Бұл оның көркемдік деңгейін ғана емес, азаматтық әрі ұстаздық миссиясын да танытады.

Ол жас ұрпақтың бойына рух пен намыс дарытуды, оларды ұлттық болмыспен тәрбиелеуді өзінің басты міндеттерінің бірі санады. Сондықтан да Сырбай поэзиясын оқи отырып, оқырман тек эстетикалық ләззат алып қоймайды, азаматтық сабақ, рухани қуат алады.

Сырбай Мәуленов – азаматтық поэзияның алдыңғы шебінде тұрған қайраткер. Оның шыншыл сөзі мен шынайы бейнесі, әділет үшін күрескерлік рухы – поэзия мен қоғамдық ойдың тоғысындағы тұлғалық үлгі. Ол шындықты жырлап қана қойған жоқ, шындық үшін өмір сүрді.

Ақынның азаматтық поэзиясы қазіргі заманда да өзектілігін жойған жоқ. Қоғамдағы әділетсіздіктер, ұлттың рухани құндылықтарын сақтау қажеттілігі, тіл мен жерге деген құрмет – бұл күн тәртібіндегі мәселелер. Осы орайда Сырбай Мәуленовтің жырлары бізге жол сілтеп, биік парасат пен адами жауапкершіліктің үлгісін көрсетіп отыр. [4]

4. Соғыс және жауынгерлік болмыс

Сырбай Мәуленов — соғысты көрген, от пен оқтың ішінен өткен адам. Оның бұл тәжірибесі поэзиясында ерекше көрініс тапты. Алайда ол соғысты дәріптемеді, керісінше, соғыстың адам болмысына әсерін, соғыстан кейінгі рухани жараны жыр етті.

4.1 "Жауынгер жүрек" – жады мен жанның диалогы

Ол өз өлеңдерінде майдандағы ерлікпен қатар, жауынгердің ішкі жан әлемін ашуға тырысты. Жауынгер бейнесі — қайсарлықтың ғана емес, жан азабының символы:

Оқ ішінде өскен ұрпақпыз біз,
Бейбіт күнге – қанмен жеткенбіз.

Бұл жолдарда өткенге құрмет, бейбіт өмірге алғыс және болашаққа аманат жатыр.

4.2 Соғыстан кейінгі рухани күрес

Сырбай Мәуленов соғыстан кейін де "күрес" тақырыбын жалғастырды. Бұл

күрес енді қару-жарақпен емес, адамгершілік пен рухани деңгейде болды. Ол өмірдің қиыншылықтары мен әділетсіздігіне, адамның ішкі жан дүниесіндегі күреске, рухани азаптарға арналып, адамды соғыссыз бейбіт өмірге тәрбиелеуді басты мақсат етті.

Ақын поэзиясында соғыстың физикалық қасіреті ғана емес, оның адам жанына салған рухани жарасы мен сын-қатері де көрініс тапты. Мәуленов адамгершілік құндылықтарды сақтау, әділеттілік үшін күресу, ішкі тазалық пен рухани ерлік жасау мәселелерін көтерді. Оның өлеңдері – соғыстан кейінгі жаңа кезеңдегі күрес, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылыс жайлы ой толғаныстар. Оның поэзиясында:

«Күрес жүректе, күрес – арда,
Тыныштық үшін жан таптырар...»

деген жолдар арқылы рухани күрес – бейбіт өмірдің бастауы екенін айқын жеткізеді.

5. Туған жер мен табиғат – поэзияның көктемі

5.1 Табиғат – ұлттық мінездің көрінісі

Сырбай Мәуленов табиғатты тек сұлулық көзі ретінде емес, ұлттық мінездің айнасы ретінде жырлады. Дала, жел, тау, күн – бұлар ақын поэзиясында еркіндік пен тәуелсіздіктің символы, қазақ халқының рухани тірегі ретінде көрініс табады. Табиғат – туған жердің рухани бейнесі, ұлттың тарихи тағдырының көркем көрінісі.

Ақынның жырларында дала кеңдігі, желдің ызғары, тау биіктігі мен күннің нұры – адамның еркіндікке деген ұмтылысы мен ұлттық болмыстың тұтастығын білдіретін метафоралар ретінде қолданылады. Бұл табиғи элементтер арқылы ақын халықтың тағдыры мен мінезін, оның бойындағы батылдық пен төзімділікті, арман мен үмітті жеткізеді.

Мысалы, оның өлеңдерінде:

«Дала – менің рухымның айнасы,
Жел – жүрегімнің үні...»

деген жолдар табиғат пен адам жан дүниесінің үндестігін, ұлттық рухтың өміршеңдігін айқын бейнелейді. [5]

ҚОРЫТЫНДЫ

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ұлттық рух пен азаматтық болмыстың айрықша бейнесін қалыптастырған ақын. Оның шығармашылығында ұлттың тарихи тағдыры, ана тілі мен туған жерге деген махаббат, батырлық пен азаматтық ұстаным үйлесім тауып, қазақ әдебиетінде ерекше орын алды. Мәуленовтің поэзиясы – халықтың өткенін, бүгінін және болашағын бір арнаға тоғыстырған рухани шежіре.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы – XX ғасырдың тарихи-әлеуметтік жағдайларының, Ұлы Отан соғысы кезеңінің, халықтың күресі мен рухани жаңғыруының айнасы іспетті. Оның өлеңдерінде ұлттық сана, әділетке, ерлікке, бейбіт өмірге деген терең құрмет пен сағыныш бар. Соғысқа қатысқан майдангер ретінде Мәуленов соғыстың адам жанында қалдырған іздерін ашып, соғыстан кейінгі рухани күресті, адамгершілік мәселелерді жырлады.

Сырбай ақын поэзиясын тек көркем шығармашылық ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлт тәрбиесі мен руханиятына қызмет ететін педагогикалық құрал ретінде пайдаланды. Оның шығармалары бүгінгі ұрпаққа патриотизмнің, азаматтық жауапкершіліктің үлгісі болып қала береді.

Осы тұрғыдан алғанда, Сырбай Мәуленовтің мұрасы – қазақ әдебиетінің рухани қазынасы ғана емес, ұлт санасын жаңғыртуға, ұлттық мәдениет пен азаматтық құндылықтарды насихаттауға бағытталған асыл үлгі. Сондықтан да

ақынның шығармашылығын зерттеу, оның өлеңдері арқылы ұрпаққа өнеге беру – бүгінгі заманның өзекті міндеті болып табылады. [6]

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 206 б.[1]
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003 –208 б.[2]
3. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.–496 б. [3]
4. Ғаламтор көздері:
- https://adebiportal.kz
- https://kitap.kz [4]
5. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы.–Алматы: Мектеп, 1969. – 312 б. [5]
6. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 3 том.–Алматы: Білім, 2001.–Т. 3.–426 б. [4]
7. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері.–Алматы: Санат,1998.–348 б.[4] Мәуленов С.Таңдамалы шығармалар. 2 томдық –Алматы: Жазушы,1982.–1-т.–384 б. [6]

Байжуманова Гульмира Мубараковна
Астана қаласы,
Төлеген Айбергенов атындағы
№16 жалпы орта білім беретін мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

МАЙДАНГЕР АҚЫН МҰРАСЫ: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы даму тарихында Сырбай Мәуленовтің шығармашылық мұрасы айрықша орын алады. Ол – майдангер ақын, публицист, журналист, әрі ұлттық рухты асқақтатқан азаматтық үн иесі.

Мәуленовтің поэзиясы – халық тағдырының айнасы, ел тарихының шежіресі, туған жердің көркем бейнесі. Ақынның бүкіл ғұмыры мен шығармашылығы елдік мұратқа, ұлттық болмысқа қызмет етті. Оның өлеңдерінде майдан жылдарының қасіреті мен қайраты, бейбіт өмірдің шаттығы, туған жерге деген сағыныш пен сүйіспеншілік, адамдық болмыстың тазалығы тоғысып жатыр.

Сырбай Мәуленовті зерттеушілер оны тек ақын ретінде ғана емес, қоғамдық ойдың белсенді өкілі, ұлт руханиятының қайраткері ретінде бағалайды. Белгілі ғалымдар мен замандастарының пікірлері де осыны дәлелдейді. С. Қирабаев, Х. Ерғалиев, Т. Молдағалиев [1– 215 б.] сынды әдебиет өкілдері оның поэзиядағы ғана емес, өмірдегі тұлғалық болмысын жоғары бағалаған. Ал Серікбай Оспанов ақынның публицистикалық еңбектерін талдап, оның азаматтық позициясын айқындап көрсеткен.

Сырбай Мәуленов поэзиясының өзегі – ұлттық рух. Ол туған халқының тарихын, тағдырын, болашағын өз жырларына арқау етіп, халықтық мұратты поэзияның басты нысанына айналдырды. Ақынның ойынша, ұлттық рух – ұлтты ұйыстыратын, тарих пен болашақты жалғайтын күш.

Сырбай Мәуленов шығармашылығын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқы кезеңде (1940–50 жж.) [1– 215 б.] ақын соғыс тақырыбы мен майдангерлер тағдырын жырлады. Өзі қатысқан Ұлы Отан соғысының ащы шындығы, қыршын кеткен боздақтарға арналған өлеңдері осы тұста дүниеге келді. Бұл жылдардағы жырларынан жас ақынның жүрек қаны тамғандай әсер қалдыратын шынайылық байқалады.

Екінші кезеңде (1960–70 жж.) [1– 215 б.] ақынның азаматтық лирикасы кең өріс алды. Туған жер табиғаты, ел тарихы, ұлттық болмыс мәселелері негізгі тақырыпқа айналды. Осы тұстағы өлеңдерінен ақындық кемелдік пен қоғамдық ойшылдық айқын көрінеді.

Үшінші кезеңде (1980–90 жж.) [1– 215 б.] Мәуленовтің поэзиясы философиялық сипат алды. Өмір мен өлім, адам мен уақыт, ұлттық болашақ жайлы толғаныстары қазақ өлеңінің ой көкжиегін тереңдетті.

Ғалым **Серікбай Оспанов** өзінің еңбектерінде Мәуленовтің азаматтық тұлғасын айқындай келе, оны А.Байтұрсынов дәстүрін жалғастырушы деп көрсетеді: «Сырбай Мәуленов адалдықты, халық қамын өз мүддесінен жоғары қоюды, шындықты бетке айтуды мұрат тұтқан. Ол үшін ақындық – тек сөз өнері емес, ұлт алдындағы жауапкершілік» [2– 350 б.] Бұл пікір ақынның шығармашылық мұратының терең мазмұнын ашады.

Сырбайдың көптеген өлеңдерінде азаматтық үн басым. Ол қоғамдағы өзгерістерге, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, елдің саяси өміріне үн қосты. Соғыстан кейінгі жылдардағы поэзиясында бейбіт өмірді қастерлеу, ұрпақ болашағы үшін алаңдау сезімі айқын көрінеді. Оның жырларындағы азаматтық пафос халыққа қызмет ету идеясынан туындайды.

Сырбай Мәуленов шығармашылығында туған жер тақырыбы ерекше орынға ие. Ақын үшін Торғай даласы – балалық шағының естелігі ғана емес, ұлттық болмыстың мәйегі. Ол туған жерді қазақ елінің кең даласының символы ретінде жырлады.

Сырбайдың туған жерге арналған жырларында сағыныш пен мақтаныш қатар өріледі:

«Қазақтың кең байтақ даласы –
Туған ел, туған анасы.
Желбіреп тұрған жалауы –
Ұрпақтың мәңгі панасы» [2– 350 б.]–деген жолдарынан ақынның туған топыраққа деген шексіз сүйіспеншілігі сезіледі.

Ал азаматтық болмысын танытатын өлеңдерінде:

«Елім деп соққан жүректі,
Ақындар ғана жыр етті.
Жаудың қолына бермейміз,
Жас ұрпақ бізге серік-ті» [2– 350 б.]–деген ойлар ұлттық рухты айшықтайды.

Тұманбай Молдағалиев Сырбай туралы: «Ол – жаны нәзік, жүрегі кең, сөзге сараң, бірақ өлеңге сарайындай кең дария ақын еді» [3– 240 б.]– деп еске алады. Ғафу Қайырбеков: «Сырбайдың поэзиясында дала иісі, ел үні, ана мейірімі қатар естіледі» [4– 320 б.]– деп баға берген.Бұл пікірлер ақынның адами болмысы мен шығармашылық әлемін дәл сипаттайды.

Мәселен, оның туған жерге арналған өлеңдерінде табиғат көрінісі тек әсемдік сурет емес, ұлттық рухтың, халық тарихының бір бөлігі ретінде бейнеленеді. Ақын даланың тынысын, Арқаның кеңдігін, қыраттар мен өзен-көлдердің әсемдігін жырлай отырып, сол мекеннің рухани құндылықтарын алға тартады. Бұл арқылы ол ұрпақ санасына туған жерге сүйіспеншілік пен жауапкершілікті сіңіреді.

Әдебиет зерттеушілері Мәуленов поэзиясындағы туған жер образын халықтың тарихымен тығыз байланыстырады. Өйткені оның жырларында ел тағдыры мен жер тағдыры қатар өріліп, тұтас бір ұлттың шежіресі көрініс табады.

Сырбай Мәуленовтің өмір жолы – ұлт тарихының ең бір ауыр кезеңімен тікелей байланысты. Ол жас кезінде Ұлы Отан соғысына қатысып, майдан даласында жауынгер болды. Соғыс оның жүрегінде өшпес із қалдырды. Сондықтан да әдебиеттанушылар оны «майдангер ақын» [5– 280 б.] деп атады.

Майданнан кейінгі жылдардағы поэзиясында соғыстың зұлматы, ерлік пен қайсарлық, адамзаттың бейбіт өмірге деген құштарлығы айқын суреттелді. Бұл өлеңдерінде ақын жеке бастың емес, тұтас халықтың жүрегіндегі мұңды да, қуанышты да жеткізді.

Хамит Ерғалиев Сырбайдың редакторлық және қаламгерлік қызметін сипаттай отырып: «Ол әдебиетте де, өмірде де шындық пен әділдікті ұстанды. Құлаққа жағымды пікір іздемей, әрқашан әділ сөз айтты» [6 – 190 б.]– деп бағалайды. Бұл пікір оның майданда шыныққан қайсар мінезін, соғыстан кейінгі жылдардағы азаматтық ұстанымын айғақтайды.

Сырбай Мәуленов – тек поэзиядағы ғана емес, өмірдегі де ерекше адамгершілік иесі. Оның қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, адамдарға деген мейірімділігі туралы замандастары көп айтқан.

Академик **С. Қирабаев**: «Сыраған ақын ғана емес, адам есебінде де бағалы, қымбат кісі еді. Кімге де болса тілектес, кісі сыртынан сөз айтпайтын, ешкімге жамандық жасап көрмеген — пәк жанды, таза пиғылды жан еді» [7– 400 б.]– деп естелік қалдырған.

Ал ақын **Тұманбай Молдағалиев**: «Сырбай Мәуленов сыпайы, шуақты, мөлдір кісі еді. Оның қасында жүрудің өзі бір рахат» [8– 210 б.]– деп суреттейді.Бұл пікірлер оның тұлғалық келбетін толық ашады. Мәуленов үшін поэзиядағы адалдық өмірдегі адалдықпен ұштасып жатты. Ол өнерде де, тіршілікте де кісілік пен кішіпейілділіктің үлгісін көрсетті.

Сырбай Мәуленов – тек ақын ғана емес, публицист-журналист ретінде де танылды. Ол мерзімді басылымдарда еңбек етіп, қоғамдағы көкейкесті мәселелерге қалам тартты. Оның публицистикасында ұлттық тілдің тағдыры, мәдениет пен әдебиеттің болашағы, жас ұрпақтың тәрбиесі кеңінен қозғалды.

Сырбай Мәуленов тек лирик ақын ғана емес, қоғам қайраткері де болды. Ол бірнеше жылдар бойы республикалық басылымдарда жауапты қызметтер атқарып, қазақ журналистикасының дамуына үлес қосты. Оның публицистикалық мақалаларында тіл тағдыры, ұлт болашағы, жастар тәрбиесі сияқты өзекті мәселелер көтерілді. «Ана тілі – халық қазынасы» атты мақаласында ол: «Тілімізді сақтау – ұрпақ алдындағы борышымыз» [8– 210 б.]- деп жазып, ұлттық руханияттың өзегін анық көрсеткен.

С. Қирабаев Сырбай поэзиясы туралы: «Мәуленов шығармашылығында ұлттық рух пен азаматтық үн ажырамас тұтастықта көрінеді» [9– 220 б.]– десе, Х. Ерғалиев: «Ол – соғыс көрген жүректің ақыны»[9– 220 б.] – деп бағалаған.

Әдебиет зерттеушісі Б. Майтанов та ақынның шеберлігіне тоқталып: «Мәуленовтің табиғат лирикасы – қазақ өлеңіндегі бейнелеу өрнегін байытқан жаңа құбылыс» [10]- деп жазған.

Сырбай Мәуленов шығармашылығы майдан тақырыбына қалам тербеген орыс ақындары А. Твардовский, К. Симонов [10] жырларымен үндес. Бірақ қазақ ақынының ерекшелігі – ол соғыс қасіретін ұлттық дүниетаным, елдік рух арқылы бейнеледі. Бұл – Мәуленов поэзиясының әлемдік әдебиетпен терезесі тең екендігін дәлелдейді.

Сырбайдың жырлары бүгінгі жас ұрпақ үшін де аса құнды. Оның поэзиясынан туған жерді сүю, елге адал қызмет ету, әділдік пен адамгершілікке берік болу идеялары айқын аңғарылады. Сондықтан да ақын мұрасын мектеп бағдарламасына енгізіп, тәрбиелік тұрғыдан пайдалану – аса маңызды іс.

Серікбай Оспанов ақынның осы қырын зерттей келе: «Сырбай Мәуленов публицист ретінде тілдің абыройын көтеруді басты мақсат тұтты. Ол ана тілін қорғау мәселесінде табандылық танытты» [11]– деп баға береді. Бұл оның қаламгерлік мұраты тек поэзиямен шектелмей, қоғамның рухани дамуына бағытталғанын көрсетеді.

Сырбай Мәуленов қазақ поэзиясына жаңа леп әкелген ақындардың бірі. Оның жырларында майдангерлік рух, азаматтық үн, ұлттық болмыс қатар өріліп, терең мазмұнға ие болды. ХХ ғасырдың ортасы мен екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің дамуын Мәуленов шығармашылығынсыз елестету мүмкін емес.

Зерттеушілер оның поэзиясын халықтық сипатымен, ұлттық рухты асқақтатуымен, көркемдік шеберлігімен бағалайды. Ақынның тілі – қарапайым, ойы – терең, бейнелеу тәсілі – ұлттық дүниетанымға негізделген.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының биік шыңына көтерілген, ұлттық рух пен азаматтық болмысты қатар өрген ірі тұлға. Оның шығармашылығы – халқымыздың тарихы мен тағдырының айнасы, туған жер мен елге деген сүйіспеншіліктің, адамдық пен әділеттің көркем шежіресі. Ақын өз өлеңдерінде бір ғана дәуірдің тынысын емес, тұтас ұлттың болмысын, елдіктің мәңгілік рухын асқақтата білді.

Мәуленов поэзиясының басты ерекшелігі – оның қарапайымдылығы мен тереңдігінің үйлесімінде. Ол майдан даласында жүріп ел тағдырын жүрек қанына сіңіріп, сөз өнері арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізді. Ақын жырларында соғыстың қасіреті мен ерліктің өр рухы, туған жердің мөлдір табиғаты мен халықтық болмыс, адамдық парасат пен ізгілік идеясы тоғысады. Бұл қасиеттер оның шығармаларын халыққа жақын, ұрпаққа мәңгі өнеге етеді.

Әдебиеттанушылардың пайымдауынша, Сырбайдың өлеңдері қазақ жырының өрісін кеңейтіп, ұлттық поэзияны жаңа биікке көтерді. Ол өз замандастары арасынан дараланып, поэзиядағы азаматтық үнді күшейтті. Мәуленовтің жырларынан тек бір ақынның ғана үні емес, бүтін бір халықтың мұңы мен қуанышы, арманы мен мақсаты естіледі.

Бүгінгі таңда Сырбай поэзиясы өзінің көркемдік қуатын жойған жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын жаңа қырынан танылып, жас ұрпақты елін, жерін сүюге, адалдық пен адамгершілікке тәрбиелеуде маңызын арттыра түсуде. Оның шығармашылығын зерттеу – қазақ әдебиетінің тарихын терең тану ғана емес, ұлттық руханияттың болашаққа бағдарын айқындау болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – қазақ халқының елдік мұратымен біте қайнасқан құбылыс. Ұлттық рухты сақтап, азаматтық болмысты асқақтатқан ақын мұрасы – мәңгілік құндылық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ерғалиев Х. Әдебиет және азаматтық үн. – Алматы, 1982. – 215 б.
2 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 350 б.
3 Қирабаев С. Әдебиет және өмір. – Алматы: Жазушы, 1984. – 240 б.
4 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңгерлері. – Алматы: Білім, 2005. – 320 б.
5 Майтанов Б. Қазақ поэзиясының тарихы мен тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 280 б.
6 Молдағалиев Т. Естеліктер жинағы. – Алматы, 1995. – 190 б.
7 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Алматы: Жазушы, 1997. – 400 б.
8 Оспанов С. Сырбай Мәуленов – журналист, публицист. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 210 б.
9 Оспанов С. Сырбай Мәуленовтің поэзия әлемі. – Қостанай: Тобыл, 2008. – 220 б.
10 «Майдангер ақын Сырбай Мәуленов». – adebiportal.kz, 2021.
11 «Сырбай Мәуленов – публицист, редактор». – el.kz, 2020.

Баймуратова Гульбакыт Талгатовна,
Алматы қаласы,
№218 жалпы білім беретін мектеп
ағылшын тілі пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

(Отанға, елге деген махаббаты, өмірлік ұстанымы, сарбаздық рухы мен бейбіт өмірді аңсауы)

Кіріспе

Қазақ әдебиеті тарихында әр дәуір өзіне тән тұлғаларды дүниеге әкеліп отырады. XX ғасырдың қырқыншы жылдары – халқымыздың ең ауыр, ең қасіретті кезеңдерінің бірі

болды. Ұлы Отан соғысы миллиондаған адамның тағдырын өзгертті, қанды қырғында ел қорғаған сарбаздардың ерлігі халық жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

«1941-1945 жылдары әлемнің сұрын қашырған Отан соғысы әдебиетімізге кедергі бола алмады. Керісінше, қаламгер-жазушылар бір қолына қаруын, бір қолына қаламын алып, жерін жаудан қорғауға аттанды. «Қаралы қағаз жіберіп, қаншама қайғы салған оқтар» халықтың қабырғасын қайыстырғанымен, батырларымыздың рухы қайтпады. Бір-бірін демеп, болашаққа үлкен сеніммен қарады» [1].

Осы дәуірде әдебиет майданына келген жас ақындар соғыстың зұлматын көзбен көріп, жүрекпен сезді. Солардың бірі – Сырбай Мәуленов еді.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясында жауынгерлік рухты, сарбаздық ерлікті, Отанға деген махаббатты асқақтата жырлаған ақын. Оның шығармаларында сарбаздық рух пен азаматтық үн, отансүйгіштік пен бейбіт өмірге деген аңсар қатар өріліп, тұтас көркемдік жүйеге айналған.

Зерттеу нысаны ретінде Мәуленовтің поэзиясын қарастырудың бүгінгі күнде де маңызы зор. Себебі қазіргі қоғамда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, бейбіт өмірдің құнын ұғындыру, ерлікке тағзым ету – аса өзекті. Осы тұрғыдан алғанда, Сырбайдың поэзиясы – сарқылмас рухани қазына.

Мақаланың мақсаты – ақын шығармаларындағы сарбаздық рухты, оның Отанға деген махаббатын, өмірлік ұстанымын, бейбіт өмірге деген құштарлықты ғылыми тұрғыдан талдау.

1. Ақынның өмір жолы және майдан шындығы

Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келді. Балалық шағы қазақы ауылдың табиғатпен етене өмірінде өтті. Жасынан кітап оқуға құштар болған Сырбай ауыл молдасынан сауат ашып, кейін мектеп қабырғасында әдебиетке қызығушылығын арттырды.

1941 жылы соғыс басталғанда, ол небәрі он тоғыз жаста еді. Қолына қару алып, майданға аттанды. Жауынгерлік өмір оның дүниетанымын түбегейлі өзгертті. Қанды қырғынды көзімен көрген жас жігіттің жүрегінде Отанға деген махаббат, халық алдындағы парыз, бейбіт өмірге деген аңсар ерекше бекіді.

Майданнан оралған соң ақындық жолын жалғастырған Мәуленовтің шығармалары сарбаздық рухпен суарылды. Ол соғыстың қасіретін де, сарбаздың ерлігін де, бейбіт өмірдің қадірін де айшықтап көрсетті.

2. Поэзиядағы сарбаздық рухтың қалыптасуы

Сырбай Мәуленовтің поэзиясы – жауынгерлік рухтың шынайы айнасы. Оның өлеңдерінде сарбаздық рух тек әскери пафос емес, сонымен бірге адамгершілік, адалдық, ар-намыс ұғымдарымен сабақтасады.

Ақын сарбазды қаһармандықтың символы ретінде суреттейді. Ол үшін жауынгер – елді, жерді қорғаушы ғана емес, халықтың рухын көтеруші тұлға. «Отан үшін от кешкен сарбаздың жанқиярлығы – ұрпаққа мәңгілік үлгі» деген идея оның поэзиясында үнемі қайталанып отырады.

Мысалы, бір өлеңінде ол былай дейді:

«Жауынгер жолы –
Жан беріп, жан алмас,
Қан кешкен қыранның
Қайраты талмас...»

Бұл жолдар сарбаздық рухтың қайсарлығын, жеңіске деген сенімін айқын бейнелейді.

«Жазушы Э.Хемингуэй «Мен соғысқа бармаған, бірақ соғыс туралы роман жазатындарға жаным ашиды» деп соғысқа бармақ түгілі, ол туралы шығарма жазудың өзі қаншама қиын екенін осы бір сөйлеммен сипаттайды. Біздің Сыраған, Сырбай Мәуленов соғыста нені көрсе, соны жазды. Ол үшін қиян-кескі ұрыс майданы, ажалдың әміршісіндей сұп-суық мылтықтар, тұманы сейілмеген алаңдар бәрі-бәрі де өлеңнің алдында аласа болып елестейді».

«Жауынгермін құшағымда
Керілген көк, кең дала.
Дауылды ермін, құшағымда,
Еркін ескен жел ғана.
Жайнаған от, шарлаған оқ,
Қаулаған өрт айналам.
Көкірегімде лаулаған кек,
Бұрқ-сарқ етіп қайнаған.
Жерге болмас шек десе де,
Жерге сыймас бұл кегім.
Аспанда шек жоқ десе де,
Сыймас оған жүрегім».

1941 жылы Волхов майданында жазылған бұл өлеңде ақын сезімі селдей тасып-ақ тұр. Өз сөзімен айтсақ «бұрқ-сарқ қайнап тұр». Соғыс көрдім, қан майдан кештім деп жасымай, керісінше, жастық жалынын жасын жырмен суарып, жүрегін атқан таңның шапағымен, сұлу сөздің мақамымен әлдилеген ақын үшін өмірдің әр сәті әдемі өлеңнен тұратындай.

Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім.
Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғасын деп,
Мен бір жырымды бердім, –
деген жолдар, немесе:
Өлмейсің! – деп ел айтты
Өлмейсің деп! – деп жер айтты.
Сендер аман тұрғанда
Өлмеймін! – деп мен айттым [2].

Осы тармақтарды оқыған соң ақынның соғыс даласындағы көңіл күйін жақсы түсінеміз. Тіпті оның өзіне артылған міндетті қалай адалдықпен атқарғанына да сүйінішпен қараймыз. Сырбай Мәуленовтің өлеңдегі ерік-жігері, қайсарлығы, асқақтығы ең алдымен оған туған даласының өзгешелігінен дарыған, ал содан кейін ұрыс алаңындағы өр мінезден, батылдықтан бойына қонған қасиеттің бірі дер едік.

3. Отанға деген махаббат пен елге адалдық

Ақын үшін Отан – ең қасиетті ұғым. Оның поэзиясында туған жердің табиғаты, ауылдың бейнесі, ана мен балаға деген сағыныш сарбаз жүрегінің басты тірегі болып суреттеледі.

Сырбайдың лирикасында Отан – жауынгерді алға жетелейтін күш. Ол:

«Далам менің – қамалым,
Тауым менің – панамын.
Отан үшін жан қиып,
Өлсем – соған жарадым» –

деп жырлайды. Мұнда туған жер мен елді қорғау идеясы айқын көрініс тапқан.

Сонымен қатар ол Отанды сүйюді абстрактылы ұран ретінде емес, күнделікті өмірдің бөлшегі ретінде көрсетеді. Туған жердің тасы, өзені, желі, аспаны – бәрі де сарбаздың жүрегінде Отанға деген махаббатты ұялатады.

4. Соғыстың қасіреті және бейбіт өмірге аңсар

Мәуленовтің поэзиясында соғыстың қасіретті бейнесі кең орын алады. Ол соғысты тек ерлік пен батырлықтың мектебі ретінде ғана емес, мыңдаған жанның өмірін қиған зұлмат ретінде суреттейді.

«Қара бұлттай түнерген,
Қанды шайқас күндерде.
Солдаттың көз жасын,
Көрдім мен жер бетінде...» –

деп, ақын сарбаздың жан азабын ашық көрсетеді.

Сонымен қатар оның өлеңдерінде бейбіт өмірді аңсау сарыны ерекше күшті. Сарбаздың арманы – ауылға оралу, ананың қолын ұстау, сүйген жарын көру. Бұл сарын соғыс тақырыбындағы поэзияның гуманистік өзегіне айналған.

Былайша айтқанда, Сырбай Мәуленовтың шығармашылығының негізгі бір тобы соғыс тақырыбына арналған, ол заңды да. Өйткені жастық шағының елеулі бір кезеңін ұрыс даласында өткізген майдангер ақын жүрегінің лүпілі ақ қағазға түсірілген өлең жолдарына айналуы табиғи құбылыс. Бүкіл адамзатқа зардап шектірген бұл соғыс кезеңіне арналған Сырбай Мәуленов өлеңдерін оқып отырып толғанасың, күйінесің, күрсінесің. Сырбай Мәуленовтің поэзиясы соғыс құрбандарына мәңгі тұрғызылған ескерткіш тәрізді. Сырағаңның өлеңдері сондықтан көздің ұясынан жаңа шығып, жерге тамбай мәңгі қалған көз жасының бір түйір тамшысы сияқты әсер қалдырады қашанда.

Белгілі сыншы, академик Серік Қирабаев «Сырбай – классик» деген мақаласында: «Сырбайдың көзін аша көргені әскери өмір, Ұлы Отан соғысының қанды қырғыны екені белгілі. «Әскери өмір менің өмірімнің мектебі болды» деп оны өзі де айтқан. Сондықтан да өмір тануды халық тарихының ең бір қиын да күрделі жағдайында бастаған ақын санасын тез жетілдіріп, дүниеге ойлы көзбен қарай алды. Соғыста ол өлім мен өмірдің жекпе-жегін көрді, өлімнің өзімен жалғасып туындап жатқан өмірді таныды, шындықтың қоғамдық, адамдық мән мағынасын терең пайымдады, адам сырына үңілді. Бұл жайлар алғашқы күннен ақ ақынның соғыстың ауырлығын жеңілдетпей, шынайы күйінде бейнелей алуына жол ашты» дейді де, сыншы Сырағаңның «Құлын» деген өлеңінің мәні мен сырын терең аша түседі. Академик С.Қирабаев байқағандай, «Құлын» өлеңінің соншалықты шағындығына қарамастан, миллиондаған адамның қанын судай ағызған сұрапыл соғыстың зардабы мен сұмдығын көзбен шұқып емес, жүрекпен сездіретіндігінде еді. Өлеңнің философиясы – алланың бұйрығымен болған немесе тағдырдың жазуымен болған өлім болсада, өмір жалғаса береді дегенге саяды ғой:

«...Шашыраған көк жалын бүркіп темір,
Орманның іші үрейлі.
Ал, оттың ортасында –
Шіркін өмір,
Құлын боп кісінейді» [3].

Сырбай Мәуленов қазақ поэзиясын өлеңнің жаңаша түрлерімен байытқан, жаңалық әкелген ақын екені бүгінде даусыз. Небәрі онбес жолдан тұратын «Түбірлер» өлеңі – соғыс тақырыбына арналған суреткердің мәңгі өшпейтін бейнелі полотносы тәрізді. Бұл алапат соғыстың не екенін сізге бүкіл тұла бойыңызбен, жүрегіңізбен сезінуге мәжбүр етеді. Өлеңнің мәні де, маңызы да сонда.

5. Сырбай Мәуленов пен замандас ақындардағы сарбаздық рух

Сырбай Мәуленовтің сарбаздық рухқа толы поэзиясын замандас ақындар шығармаларымен салыстыру маңызды. Қасым Аманжоловтың «Абдолла» өлеңіндегі қаһармандық пафос немесе Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасындағы ұлттық рухпен салыстырғанда, Сырбайда жауынгерлік тақырып лирикалық нәзіктікпен астасып жатады.

Қасым – отты жыршы, ал Сырбай – мұңды, бірақ қайсар сарбаздың үні. Жұбан жалпы халықтық рухты асқақтатса, Сырбай жеке сарбаздың жүрек дүрсілі арқылы ұлттық рухты жеткізеді. Бұл – оның поэзиясының өзіндік ерекшелігі.

Сырбай Мәуленов өз шығармашылығында қарулас, қанатттас, майдандас достарына, аға-бауырларына жыр арнап отырған. Мысалы, Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевқа арнаған жырында батырдың болмысын ашады, батыл да ержүрек қимылына тәнті болады:

Рақымжан Қошқарбаев
Рейхстаг төбесіне ту қадаған,
Суретің көз алдымда тұрады әман.
Шыңылдап құлағымнан бір кетпейді
Дауысың ұран салып уралаған.

Аңыз боп ардағы ұрпақ – келесіге,
Тұрдың сен Рейхстаг төбесінде.
Жүрегің сөкты шалқып тумен бірге,
Сақтайды сол қалпыңды ел есінде...

Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының зираты басында Сырбай ақын былайша толғанады:

Бауыржан зираты басында
Қойылды тауға тал түсте,
Өзі де таудай нар тұлғаң.
Арыңа кіршік шаң түспей,
Айрылмай кеттің даңқыңнан.
Ардақтай берер сүйікті ел,
Ардақтау сені парыз боп.
Батырлық тұлғаң биіктер,
Бұрыннан бетер аңыз боп.
Немесе,
Жатыр мұнда Момышұлы Бауыржан,

Қан майданда жауға тиген жалындай.
Жатыр мұнда Момышұлы Бауыржан,
Атақ-даңқы асқақ Алатауындай.

Сырбай Мәуленовтің «Жартас» деген өлеңі партизан-жазушы Қасым Қайсеновке арналған:

Атты бізді улы оқтармен,
Басты бізді танктермен.
Көмді бізді бомбалармен,
Түтіндедік жанып көрден.
Жер бетіндей өрттен қалған,
Оқ айырған жарты аспандай,
Жау қанжары өтпей қалған
Тұрдық алып жартастардай.

Ұлы Отан соғысының ардагері, партизан Әди Шәріповке:

Сенің адал пейілінді,
Адамға деген мейірінді
Соғыс та өзгерте алмаған.
Туған жердің орманын
Жүрегіңмен қорғадың,
Туған жарың торықты
Жыл он екі ай хат алмай.
Оқты тосып кеудеңмен
Еліңе аңсап келдің сен,
Өлімді көп көргеннен
Өлмей қалдың, мен білсем.–

дейді. Партизан жанын, жауынгерлік рухты іштей сезеді, жан жүрегімен түйсінеді. Сырбай ақын өз жырларында ауық-ауық соғыс тақырыбына соқпай кете алмайды. Өйткені:

Майданда біз құласақ та,
Демеп жүрдік құлағанды.
Біз өзіміз жыласақ та,
Жебеп жүрдік жылағанды.
Ашықсақ та білдірмедік,
Шөлдесек те білдірмедік.
Түйір нанды бірге бөлдік,
Тамшы суды бірге бөлдік
Қайрат жолда серік болып,
Қайғыға біз берілмедік.
Достығымыз берік болып,
Біз майданда жеңілмедік. –

деген жауынгерлік рух, жеңіске деген талпыныс ылғи да алға ұмтылдырды, шығармашылығын да жаңа белестерге көтерді.

6. Өмірлік ұстаным және азаматтық мұрат

Сырбай Мәуленов үшін сарбаздық рух өмірлік ұстанымға айналды. Ол соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де азаматтық үнін жоғалтпай, халыққа адал қызмет етуді басты мұрат тұтты.

Ақынның гуманистік идеялары, әділеттілікке, адалдыққа, достыққа шақырған жырлары – оның азаматтық болмысының айғағы. Ол:

«Адалдық – асқақ әнім,
Әділет – арманым.
Елімнің еркіндігі –
Өмірімнің жалғаны» –

деп жырлап, өзінің рухани кредосын ашып көрсетті.

1943 жылы комиссар, лейтенант Сырбай Мәуленов Волхов майданындағы кезекті шабуыл кезінде қолынан ауыр жарақат алып, майдан даласында жатып қалады. Содан кешке шағын денелі санитарка қыз келіп, өзіміздің әскер шебіне, окопқа қарай сүйреп, таң ата әрең жеткізеді. Сырбай санитар қыздың күшімен ажалдан аман қалады. Сол бір батыр қызға арналған Сырбай ақынның мынандай бір поэтикалық сыры керемет өлеңі бар:

«Менімен бір кірпік қақпай,
Түндер бойы көз ілмедің.
Кіп-кішкентай болсаң да өзің,
Шіркін, қандай төзімді едің.
Өрт ішінен алып шықтың,
Қансырап мен жатыр едім.
Кіп-кішкентай болсаңда өзің
Шіркін қандай батыр едің...»

Әрине, ақын Сырбай Мәуленовтің майдан тақырыбына арналған отты да сырлы жырларын талдай берсек бір емес, бірнеше мақалаға жүк болар еді. Сондықтан, Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын зерттеген жазушы Әди Шәріповтің мына бір сөзін мысалға келтіре кетсек, сөзімізге жан бере түсер еді: «Сырбайдың «Сәлем, Волхов орманы», «Назияда күн ашық», «Синявино шайқасы» тағы басқа өлеңдерінде ақын Ленинград жеріне ыстық сезімін, сүйіспеншілік көңілін суреттейді» дейді [4].

7. Поэзиядағы көркемдік бейнелер

Сырбай Мәуленов сарбаздық рухты жеткізуде көркемдік тәсілдерді шебер қолданды.

Метафоралар: жерді қамалға, даланы паналаған анаға теңеу.

Антитеза: соғыс пен бейбіт өмірді қарама-қарсы қою.

Пейзаждық суреттеу: туған жер табиғатын сарбаздың сағынышымен байланыстыру.

Осы тәсілдер арқылы ақын сарбаздың жан дүниесін, бейбіт өмірге деген аңсарын көркем суреттеп берді.

Қорытынды

Сырбай Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңін бәрі біледі. Бұл өлең – тек соғыс жайлы кішігірім шежіре емес, бұл – ақын әр жолына үміт пен үмітсіздікті, сағыныш пен сағымды, өмір мен өлімді қатар сыйғызған, адамзат трагедиясын терең бере алған өлең. Ия, арада сексен жыл өткенде соғыстың қайғысын біз ұмытып бара жатқан шығармыз, ал бізге дейін қаншама адам үмітпен өмір сүріп, ана баласын, әйел азаматын, бала әкесін күтті.

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,

Қанша үйде сөніп қалды оттар.

Көрдің бе ұлын ананың,

Соғыстан қайтқан солдаттар?

Уақыт өтіп бара жатса да, ананың, жардың, баланың күтуі тоқтамайды. Әр сәт – күтумен өлшенеді. Уақыт пен үміттің ұштасуы. Соғыс – жеке адамдардың қайғысымен өлшенетін халықтың басына түскен зауал деп айтуға болады.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясында сарбаздық рухты асқақтата жырлаған бірегей ақын. Оның шығармаларында:

Сарбаздың батырлығы мен ерлігі;

Отанға деген махаббат пен адалдық;

Соғыстың қасіреті мен бейбіт өмірге аңсар;

Азаматтық ұстаным мен гуманистік идеялар тұтас көрініс тапты.

Сырбайдың поэзиясы тек өткен дәуірдің естелігі ғана емес, қазіргі ұрпақ үшін де үлкен тағылым. Ол жас ұрпақты отансүйгіштікке, бейбіт өмірді қадірлеуге, әділет пен адалдықты ту етуге шақырады.

Ақынның сарбаздық рухқа толы жырлары – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы. Мәуленовтің ақындық мұраты – халықтың рухын көтеру, Отанды сүю, бейбіт өмірді аңсау. Сондықтан оның шығармалары бүгінгі күнде де өзекті, мәңгілік мәнге ие.

Сырбай Мәуленов – ұлттық рухты жырлаған, азаматтық үнін жоғалтпаған, туған жерін шексіз сүйген ақын. Оның поэзиясы қазақ әдебиетінде көркемдік қуатымен, шынайылығымен ерекшеленіп, ұлт жадында мәңгі сақталады.

Ақын шығармашылығы – халықтың рухани мұрасы, ұлттың тарихы мен болмысының көрінісі. Мәуленовтің ақындық мұраты – елді, жерді, адамды сүю, адалдық пен әділетті дәріптеу. Сондықтан оның поэзиясы ешқашан мәнін жоғалтпай, жас ұрпақты тәрбиелеудің құралы болып қала береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Массагет. https://massaget.kz/uy_tapsyirmasyi/eknsh-duniejuzlk-sogyis-jyildaryindagyi-kazak-adebiet--24064/

2. «Егемен Қазақстан» газеті. https://egemen.kz/article/323408-syrbay-aqyn-qam-soghys-taqyryby

3. Abai.kz https://abai.kz/post/39288

4. https://abai.kz/post/39288

5. Сырбай Мәуленовтің 5 томдық шығармалар жинағы. Алматы. «Ан-Арыс» баспасы, 2013 ж.

6. Сырбай Мәуленов. «Алтын қалам». Өлеңдер, поэмалар... Алматы, «Ан-Арыс» баспасы. 2010 ж.

Бактыбаева Данагуль Аркабаевна,
Алматы қаласы, №201 мектеп-гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ МЕН ЗАМАНАУИ БІЛІМ ТОҒЫСЫ: С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазақ әдебиетінде Сырбай Мәуленовтің орны ерекше. Оның поэзиясы терең ойға, ұлттық рухқа, адамгершілікке, отансүйгіштікке негізделген. Ақынның шығармалары жас ұрпақты тәрбиелеуде, олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда, патриоттық сезімін оятуда баға жетпес қазына болып табылады.

«Біз бала кезімізден бастап Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, Сырбайша сөйлеуге ұмытылып өскен ұрпақпыз. Қазіргі әдебиет-тегі алпысқа келгендер мен төменгі буынның барлығының әдеби болмысында Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар десем, асыра айтқан бомаспын. Сырбай – тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел тұлға» деп Ә.Кекілбай айтқандай мектеп бағдарламасында ақын шығармаларын,әдеби жобалар, шығармашылық оқулар ұйымдастыру өзекті.

Осы тұрғыдан алғанда, С.Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде қолдану – әдеби білімнің сапасын арттырумен қатар, тұлғаның рухани дамуына ықпал етеді. Мәуленов поэзиясының басты ерекшелігі – идеялық тереңдік, азаматтық пафос және көркемдік шеберлік. Ақын шығармалары тек әдебиет тарихын байытып қана қоймай, педагогикалық үдерістің маңызды құралына айнала алады. Бұл тұрғыдан алғанда, С.Мәуленов поэзиясын білім беру процесінде қолдану мәселесі әдеби-теориялық тұрғыдан қарастыруды қажет етеді.

Зерттеу әдісі

Бұл зерттеуде Сырбай Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде қолданудың тиімді жолдарын анықтау мақсатында бірнеше ғылыми-әдістемелік тәсілдер пайдаланылды:

1. **Әдеби-теориялық талдау әдісі** – ақын шығармаларының тақырыптық-идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін, поэтикалық бейнелеу құралдарын анықтау үшін қолданылды.
2. **Педагогикалық бақылау әдісі** – ақын туындыларын оқу процесінде пайдалану барысында оқушылардың қызығушылық деңгейі, қабылдау қабілеті және шығармашылық белсенділігі бақылауға алынды.
3. **Жобалық әдіс** – оқушыларға ақын өлеңдері негізінде шағын ғылыми жоба, эссе, көркем оқу сайыстары және мультимедиялық жұмыстар орындату арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары қарастырылды.
4. **Интегративті әдіс** – С.Мәуленов шығармаларын әдебиет сабағымен қатар тарих, география, музыка пәндерімен кіріктіре оқыту арқылы пән аралық байланысты жүзеге асыру қарастырылды.

Осы әдістердің бірлесе қолданылуы зерттеу нысанының жан-жақты қарастырылуына мүмкіндік беріп, ақын шығармаларын білім беру процесінде тиімді пайдаланудың ғылыми негізін қалыптастырды.

Зерттеу мақсаты

Сырбай Мәуленов шығармаларын қазіргі білім беру процесінде тиімді қолданудың жолдарын айқындау, ақын поэзиясының тәрбиелік, танымдық және эстетикалық әлеуетін ашу, сондай-ақ оны оқушылардың әдеби-мәдени дүниетанымын дамытуда, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздерін ұсыну.

Зерттеу міндеттері

1. С.Мәуленов шығармашылығының тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін анықтау.
2. Ақын поэзиясының тәрбиелік және эстетикалық маңызын ашу.
3. С.Мәуленов шығармаларын мектеп бағдарламасында және қосымша сабақтарда қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну.
4. Ақын туындыларын оқытуда пәнаралық байланыс пен интегративті тәсілдерді қарастыру.
5. Заманауи педагогикалық технологияларды (интерактивті әдістер, жобалық жұмыс, цифрлық құралдар) пайдалану арқылы С.Мәуленов шығармаларын меңгертудің мүмкіндіктерін көрсету.
6. Ақын мұрасын пайдалану арқылы оқушылардың патриоттық сезімін, шығармашылық ойлау қабілетін және әдеби талғамын дамыту жолдарын негіздеу.

Әдеби білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларды ұлттық құндылықтарға баулу, көркем мәтін арқылы олардың ойлау мәдениетін дамыту. Осы мақсатта С.Мәуленов шығармаларын теориялық,педагогикалық,тәрбиелік -танымдық қырынан,әдебиет теориясы тұрғысынан қарастырайық. З.Қабдолов пікірінше "Нағыз поэзия – адам жанының айнасы. Оқушы сол арқылы өзін де, өзгені де таниды" [1, 45-б.]. С. Мәуленов шығармаларын мынадай теориялық тұрғыдан қарастыру маңызды.

• Эстетикалық категория ретінде – ақын поэзиясы сұлулық пен әсемдік заңдылықтарын танытады. Әдебиеттегі **эстетикалық категория** ұғымы – өнер туындыларының сұлулық, әсемдік, үйлесім, көркемдік заңдылықтарын бейнелеуімен тікелей байланысты. Ақын поэзиясы осы тұрғыдан алғанда адамға тек ой салып қана қоймай, рухани ләззат сыйлап, жан дүниені тәрбиелейді.

• Аксиологиялық тұрғыдан – Мәуленов жырлары ұлттық рухани құндылықтарды дәріптейді. Ақын жырларында халықтың өткен тарихына тағзым, батырлардың ерлігін үлгі ету кең орын алады. Бұл – ұлттық тарихи жадыны сақтаудың аксиологиялық мәні. Мәуленовтің поэзиясында ел қорғаған батырлар, халықтың еркіндікке ұмтылысы – жас ұрпаққа өнеге болатын рухани құндылық.

• Герменевтикалық талдау үшін – оның шығармаларын интерпретациялау арқылы оқушылардың мәтіндік ойлау қабілеті дамиды. Сырбай Мәуленов шығармаларын герменевтикалық тұрғыда талдау – оқушылардың мәтіндік ойлау қабілетін дамытудың тиімді құралы. Ақын поэзиясының көркемдік-эстетикалық мазмұны интерпретациялық тұрғыдан ашылғанда, жас ұрпақтың дүниетанымы кеңейіп, рухани құндылықтарға деген көзқарасы тереңдейді.

С.Қирабаев "Әдебиет – халықтың көркемдік тәжірибесін жинақтаушы ғана емес, сол тәжірибені жас ұрпақ санасына дарытушы басты құрал" деп [2, 112-б.] көрсеткендей ,ақын поэзиясын оқытуда педагогика ғылымында орныққан бірнеше әдіснамалық ұстанымдарды негізге алған дұрыс.Ақын шығармаларын оқыту үдерісінде тұлғалық-бағдарлы оқыту, мәдениеттанымдық ,интегративтік тәсіл негізге алынады.

• Тұлғалық-бағдарлы оқыту – ақын шығармалары арқылы оқушының жеке сезімдік әлемін, ойлау ерекшелігін қалыптастыру;

• Мәдениеттанымдық тәсіл – поэзияны ұлттық мәдениет контексінде талдау;

• Интегративтік тәсіл – әдеби мәтінді тарих, өнер, философия пәндерімен байланыста қарастыру.

С.Мәуленов шығармаларының оқушылардың бойында патриоттық, экологиялық, гуманистік идеяларды дамытуда тәрбиелік-танымдық қыры құнды.

• Патриоттық тәрбие – Отан, ел қорғау, туған жер тақырыптарын жырлау;

• Экологиялық сана – табиғаттың әсемдігін, оны қорғау қажеттілігін көрсету;

• Гуманистік идеялар – адамға, махаббатқа, ізгілікке құрмет.

М.Базарбаев зерттеулерінде "Мәуленов поэзиясы – ұлттық әдебиеттің дәстүрін сақтай отырып, жаңаша көркемдік сапаға көтерілген поэзия" деп пайымдалған.[3, 87-б.]. Әдеби дәстүр мен жаңашылдық мәселесін талдауда Мәуленов поэзиясы – XX ғасыр әдебиетінің көрнекті үлгісі болып табылады, поэтикалық тіл мен стильді меңгертуде оның

метафоралық жүйесі мен образдық құрылымдары маңызды.

С.Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде қолданудың ғылыми-теориялық негізі – олардың эстетикалық, аксиологиялық және тәрбиелік әлеуетінде жатыр. Ақын поэзиясы әдебиет пәнінің мазмұнын байыта отырып, тұлғаның рухани дамуына ықпал етеді. Мәуленов шығармалары оқушылардың ұлттық әдебиетті терең тануына, көркемдік талғамының қалыптасуына және шығармашылық қабілеттерінің жетілуіне мүмкіндік береді.

Сырбай Мәуленовтің **«Бүркітім»** өлеңі — халықтың еркіндігі мен туған жерін қорғау идеясын бейнелейтін қуатты символикалық шығарма. Мұнда бүркіт бейнесі – еркіндіктің, батырлықтың, тәуелсіздіктің көркем метафорасы. «Бүркітім» өлеңін теориялық,педагогикалық,тәрбиелік -танымдық қырынан, әдебиет теориясы тұрғысынан қарастырайық.

1.Әдеби талдау

Әдеби талдау		
Тақырыптық идеясы	**Көркемдік ерекшелігі**	**Идеясы**
Бүркіт – еркіндіктің, күштің, тәуелсіздіктің символы. Туған жер, ұя – халықтың елі, Отаны. Жауға қарсы күрес – ұлттық рух пен ерліктің көрінісі.	• **Метафора:** «Қос қанаты қара дауыл», «Жасынды түсіру» – халықтың қаһарлы күшін бейнелейді. • **Эпитет:** «Мұзды балақ», «Қаныпезер қастар» – бейнені өткірлендіреді. • **Символика:** Бүркіт – халықтың бейнесі, ұя – Отан.	Отанға жасалған шабуылға халықтың қарсы тұруын бейнелейді. Қорғаныс пен бірлік – басты құндылық ретінде жырланған.

2. Символдық талдау кестесі

Образ	**Мағынасы**	**Құндылықтық мәні**
Бүркіт	Ерлік, еркіндік	Халықтың қайсар рухы
Ұя	Туған жер, Отан	Рухани тірек
Жау	Қауіп, дұшпан	Елді қорғау қажеттігі

3. Эмоциялық карта

Өлеңді оқып болған соң оқушылар өз сезімдерін бір сөзбен жазып шығады (мақтаныш, рух, намыс, қуат). Осы сөздерден ортақ «сезімдік плакат» жасалады

4. Шығармашылық тапсырма

- «Егер мен бүркіт болсам...» тақырыбында шағын эссе немесе өлең жазу.
- Немесе оқушылар туған жерін қорғаушы қыран бейнесінде сурет салады.

Сырбай Мәуленовтің «Ұлы жолда» өлеңі - Отанға, ерлікке, майдан тақырыбына арналған жүрек тебірентерлік өлеңдерінің бірі. Өлеңде жас жігіттің Отан үшін жанын қиғаны, оның соңғы сәттегі ойы мен анасына деген сағынышы бейнеленген.Шығарманы талдау барысында төмендегідей тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға болады.

1. **Монолог құрастыру:**
   – «Жас жігіттің атынан» немесе «Ананың атынан» қоштасу сөзін жазу.
2. **Салыстырмалы талдау:**
   – Бұл өлеңді М. Мақатаевтың «Бәрі де майдан» өлеңімен немесе Б. Момышұлының жазбаларымен салыстырып, ортақ идеяны табу.
3. **Көркем бейне кестесі:**

Образ	Мағынасы	Символдық мәні
Жас жігіт	Ерлік,құрбан болу	Ұрпақ үшін жан қию

Ана	Мейірім,сағыныш	Халықтың жүрегі
Отан	Қасиетті мұрат	Мәңгілік құндылық

4. **Эмоциялық эссе:**

– «Менің жүрегімдегі қаhарман» тақырыбына қысқа ойтолғау жазу.

Сырбай Мәуленовтің «Сар дала» . «Қазалы хат» өлеңдері – туған жерге деген махаббат пен соғыс кезіндегі қайғы-қасірет сезімдерін қатар танытады. Оқушыларға талдау кезінде оларды сезіндіріп, шығармашылық тұрғыда ойландыру үшін мынадай креативті тапсырмалар ұсынуға болады.

1. «Символикалық сурет»

- «Сар дала» өлеңіндегі бейнелерді (дала, тау, күн, өзен, гүл) суретке немесе коллажға түсіру.
- Әр символға түсіндірме беру: мысалы, *Асқар тау – әке*, *Алтын күн – ана*

2 «Қос үн – екі дәуір»

- Бір топ оқушы **«Сар дала»** өлеңін оқиды (бейбіт өмірдің қуанышы, табиғат сұлулығы).
- Екінші топ **«Қазалы хат»** өлеңін оқиды (соғыстың қасіреті, қайғы).
- Салыстыру: бейбіт өмір мен соғыс дәуіріндегі сезім айырмашылығын талқылау.

3. «Ана мен баланың үндеуі» (рөлдік ойын)

- Бір оқушы – майдандағы жас сарбаз,
- Екіншісі – елдегі ана/қария.
- «Хат арқылы» бір-біріне ойларын жеткізеді. Оқушылар өздері қысқа мәтін құрастырып, сахналық көрініс жасайды.

4. Эмоция картасы»

- «Сар дала» өлеңін оқып болғанда – туған жерге деген мақтаныш, қуаныш сезімін түспен бейнелеу (сары, жасыл, көк).
- «Қазалы хат» өлеңін оқығанда – қайғы, мұңды түстерді таңдау (қара, көкшіл, қызыл).
- Әр түс таңдауын қысқаша түсіндіру.

5. «Өлеңге саундтрек таңда»

- Оқушылар «Сар дала» өлеңіне табиғатты суреттейтін әуен (көңілді, әуезді),
- «Қазалы хат» өлеңіне мұңды, баяу әуен таңдап келеді.
- Нәтижесінде музыка арқылы екі өлеңнің эмоциялық айырмашылығын ашады.

6. «Менің хатыма жауап»

- «Қазалы хаттағы» сарбаздың хатына жауап жазу (ананың, бауырының, сүйгенінің атынан).
- Бұл тапсырма оқушыларды эмпатияға және тарихи тағдырды түсінуге жетелейді. Осы тапсырмалар арқылы оқушылар С.Мәуленов жырларындағы эстетикалық сұлулық пен аксиологиялық құндылықты (Отан, туған жер, ана, бейбітшілік, соғыс қайғысы) терең ұғынады.

Сырбай Мәуленовтің **«Кенесары»** өлеңі – ел бостандығы жолында күрескен тарихи тұлғаның ерлігін, ұлт-азаттық күрес идеяларын бейнелейтін шығарма. Мұндай өлеңді талдауда оқушылардың тарихи танымын да, шығармашылық қабілетін де дамыту үшін креативті тапсырмалар берген тиімді

1. «Кенесарыға хат»

– Оқушылар бүгінгі тәуелсіз ұрпақ атынан Кенесарыға арнап хат жазады.

– Хат мазмұнында батырдың ерлігіне баға беру, оның арманы орындалғанын айту.

2. «Тарихи подкаст»

– Топтық жұмыс: бір топ «журналист» болып, екінші топ «Кенесары сарбаздары» немесе «батырдың серігі» болып сұхбат жасайды.

– Бұл тапсырмада оқушылар өлең мазмұнын тарихи оқиғамен байланыстыра сөйлейді.

3. «Эмоциялық иллюстрация»

Оқушылар «Кенесары» өлеңінен алған әсерін сурет немесе коллаж арқылы көрсетеді (мысалы: көтерілген ту, найза ұстаған батыр, қаптаған жау бейнесі). Әр символға қысқа түсіндірме береді.

4. «Өлеңді драмаландыру»

– Бір топ оқушы өлеңді сахналық қойылымға айналдырады.

– Бірі – Кенесары, бірі – сарбаз, бірі – халық бейнесін сомдайды.

– Артқы фонда домбыра немесе күмбірлеген әуен қосуға болады.

5. «Кенесары – бүгінгі күн көзімен»

Оқушылар эссе немесе шағын пост (әлеуметтік желідегі жазба стилінде) жазады:
«Егер Кенесары бүгін өмір сүрсе, ол қандай болар еді?

6. «Картадағы қозғалыс»

– Қазақстан картасын пайдаланып, Кенесары көтерілісі жүрген аймақтарды белгілеу.

– Әр топ бір өңірдегі шайқас туралы қысқаша мәлімет береді.

Сырбай Мәуленовтің **«Байқоңыр»** өлеңін герменевтикалық тұрғыдан талдауға болады. Герменевтика – мәтінді терең түсіну, оның астарлы мағынасы мен мәдени-контекстік мәнін ашатын әдіс.

1. Мәтінге ену (өлеңді қабылдау)

С.Мәуленовтің «Байқоңыр» өлеңі ХХ ғасырдың елеулі жетістігі – ғарыш айлағы мен адамзаттың ғарышты игеру кезеңін жырлайды. Ақын Қазақстан жеріндегі Байқоңырды тек техникалық нысан емес, бүкіл адамзаттың арманына айналған орын ретінде сипаттайды.

2. Контекст

- Тарихи контекст: 1957 жылы алғашқы жер серігінің ұшырылуы, 1961 жылы Юрий Гагариннің ғарышқа көтерілуі – адамзат тарихындағы үлкен ғылыми төңкеріс болды. Бұл оқиғалар Мәуленов шығармашылығында Отан мақтанышы ретінде көрініс тапты.
- Мәдени контекст: Өлең – ғылым мен техниканың дамуын, адамның табиғатпен қарым-қатынасындағы жаңа белесті дәріптейді.

3. Мағыналық қабаттар

- Жаһандық мән: Байқоңыр – тек қазақ халқы үшін емес, бүкіл әлем үшін өркениет жетістігінің символы.
- Ұлттық мән: Қазақ даласының төсінде орналасқан Байқоңыр – ұлттық мақтаныш, елдің ғылымдағы үлесі.
- Адамзаттық мән: Арман мен болашаққа ұмтылу, адам баласының мүмкіндіктерін кеңейту.

4. Символдық бейнелер

- «Байқоңыр» – өркениеттің өркендеуі мен болашаққа ұмтылыстың символы.
- Ғарышқа самғау – еркіндік пен арманға жету метафорасы.
- Жер мен көк байланысы – ғылым мен табиғаттың тұтастығын білдіреді.

5. Тәрбиелік қыры

Өлең жас ұрпақты:

- ғылым мен білімге ұмтылуға;
- Отанын мақтан тұтуға;
- болашаққа сеніммен қарауға тәрбиелейді.

6. Қорытынды интерпретация

С.Мәуленовтің «Байқоңыр» өлеңі – қазақ даласында орналасқан ғарыш айлағының тарихи мәнін ғана емес, адамзаттың ортақ арманы мен болашағын жырлаған философиялық шығарма. Герменевтикалық тұрғыдан алғанда, бұл өлең – ұлттық рух пен жаһандық өркениеттің түйіскен тұсы, ұлттың мақтанышы мен адамзат арманының тоғысқан көркем бейнесі.

Бұл тапсырмалар арқылы оқушылар ақынның **тарихи жырын терең түсінеді, патриоттық рухты сезінеді және шығармашылық тұрғыда ойлауға дағдыланады.**

С.Мәуленов шығармааларын оқыту үдерісінде интерактивті цифрлық құралдарды қолдану тиімді.Ақын поэзиясыныг сырын оқыту аясында қолданылатын ең танымал құралдарға Kahoot, Quizlet, Padlet, Mentimeter, Google Classroom, Moodle, Schoology және т.б. жатады. Мұндай технологиялар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға, тілдік белсенділігін оятуға және білім алудың ойын элементін енгізуге қызмет етеді. Мысалы, Kahoot арқылы ақын тіліндегі бейнелі сөздерді жылдам меңгерту үшін ойын форматындағы викторина ұйымдастырылады. Оқушылар смартфондары не компьютер арқылы қатыстырылады, экранда сұрақтар шығып, кім жылдам әрі дәл жауап береді, сол ұпай жинайды. Осылайша бір мезетте бірнеше ондаған сөзді меңгеріп, есте сақтауға болады.

Quizlet сөздерді меңгеру мен жаттауға арналған жеке немесе топтық режимдегі флешкарталар жиынтығын ұсынады. Оқушыларға арнайы «matching», «spelling» тәрізді жаттығу форматтары да қолжетімді. Padlet оқушылардың ортақ қабырғаға жазба ілуіне және бір-біріне пікір қалдыруына мүмкіндік жасайды, мысалы, сыныпты белгілі бір тақырып бойынша ой тұжырымдауға немесе бірлескен жобаға қажетті идеяларды жинауға қолайлы.

Google Classroom, Moodle және Schoology сияқты жүйелерде мұғалім сабақтың кешенді мазмұнын (бейнематериалдар, тапсырмалар, тестілер, тақырыптық талқылаулар) бір порталда жариялап, нәтижелерді қадағалайды. Оқушыларға кері байланыс беріп, баға қоя алады. Бұл жазбаша жұмыстарды электронды түрде қабылдау мен тексеруге, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін көруге мүмкіндік береді. Осы интерактивті құралдарды дұрыс таңдап, бірізді қолданған педагог ақын шығармашылығын оқытудың сапасын арттырады.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов шығармалары – қазақ әдебиетінің көрнекті үлгісі әрі жас ұрпақ тәрбиесінде құнды құрал. Ақын поэзиясы Отанға сүйіспеншілікті, туған жерге құрметті, табиғатқа қамқорлықты дәріптеп, оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.Білім беру процесінде С.Мәуленов мұрасын пайдалану – оқушылардың әдеби дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, олардың ойлау қабілетін дамытады, эстетикалық талғамын арттырады, шығармашылық белсенділігін оятады. Әдеби талдау, интербелсенді әдістер, жобалық жұмыстар мен пәнаралық байланыс тәсілдерін қолдану арқылы ақын поэзиясын меңгертудің жаңа мүмкіндіктері ашылады.С.Мәуленов шығармаларын оқу-тәрбие процесіне кеңінен енгізу – ұлттық құндылықтарды дәріптеудің, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің және олардың рухани әлеуетін дамытудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 2002. – 328 б.
2. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1991. – 256 б.
3. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1987. – 210 б.
4. Мәуленов С. Шығармаларының жинағы. – Алматы: Жазушы, 1980. – 400 б.
5.Мәуленов С.Шығармалары Құраст. Сақып-Жамал Мәуленова). Алматы « Арыс» баспасы, 2013

Бақтыбаева Лаура,
Алматы қаласы,Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН ПОЭЗИЯ ҮНДЕСТІГІ

(Сырбай Мәуленов шығармашылығы негізінде)

Аннотация

Бұл баяндамада ХХ ғасырдағы көрнекті қазақ лирик ақыны Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы қарастырылады. Ақынның өмір жолы, соғыс жылдарындағы шығармашылығы талданады. Мәуленов жырларындағы басты тақырыптар – Отан мен туған жерге сүйіспеншілік, соғыс және бейбіт өмір, табиғат сұлулығы, достық пен махаббат. Ақын шығармашылығы ұлттық рухты көтерумен, халықтың болмысын бейнелеумен ерекшеленеді. Оның өлеңдерінде қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы, этномәдени коды мен рухани құндылықтары поэтикалық бейнелеу құралдары арқылы көрініс тапқан. Сырбай Мәуленов поэзиясы – ұлттық әдебиетіміздің қазынасына қосылған құнды мұра.

Кілт сөздер

Сырбай Мәуленов, қазақ поэзиясы, ұлттық рух, Отан, туған жер, соғыс және бейбіт өмір, табиғат лирикасы, достық, махаббат, патриотизм, поэзия үндестігі.

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған, ХХ ғасырдағы көрнекті лирик ақындардың бірі – Сырбай Мәуленов. Оның шығармашылығы Отан, туған жер, табиғат, бейбіт өмір мен соғыс шындығын, адамгершілік пен ұлттық рухты қамтиды. Ақынның поэзиясы қарапайымдылығымен, тіл тазалығымен, ұлттық бояуымен ерекшеленеді.

Сырбай Мәуленов шығармаларының негізгі құндылығы – ұлттық болмысты сақтау, халықтың рухын көтеру және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеуінде. Осы баяндамада ақынның қысқаша өмір жолы, шығармашылық ерекшеліктері, негізгі тақырыптары мен қазақ әдебиетіне қосқан үлесі қарастырылады.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Ол –Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығын бастан өткерген майдангер ақын. Ақын өлеңдерінің негізгі өзегі – соғыс жылдары көрген қасірет пен батырлық. Себебі Сырбай Мәуленов қан майданнан кейін әдебиетке белсене араласып, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерді. Бейбіт өмір құшағына қайта оралған ол алғашқы шығармаларында майдангерлер ерлігі мен бейбіт өмірдің қадірін жырлады. Кейіннен ақын табиғат, махаббат, туған жер, халық тағдыры секілді тақырыптарға ойысты.

Ақын поэзиясындағы басты тақырыптар:

а) Отан және елге сүйіспеншілік. Мәуленов өлеңдерінің негізгі сарыны – Отанға адалдық пен туған жерге сүйіспеншілік. Ол қазақ даласының кеңдігін, табиғатының әсемдігін халықтың рухымен байланыстыра жырлады. Ақын үшін Отан – қасиетті ұғым. Ақынның туған жер туралы мына өлеңі ұлттық рух пен поэзия үндестігін айқын көрсететін мазмұнға ие:

Қырларында сапырылған дәні бар,
Қара бұлттай қаптап жатқан малы бар.
Қазақстан қазыналы бай өлке,
Қойынынан не керегің табылар.
Алтын нұрға кең даланы жүздіріп,
Бұл өлкеден кете алмайды күз күліп.
Таңды атырып, шығарады күніңді,
Өздері де атқан таңдай қыз-жігіт.
Ту ғып атын көтереді жаңа ұрпақ,

Қарайды әлем келбетіне таңырқап.

Қазақстан, Қазақстан елімді

Ақ нанымен жатыр жылда жарылқап.

Өлеңнің негізгі тақырыбы – туған жердің табиғаты, байлығы және елдік рух. Негізгі идеясы – Қазақстанды қазыналы өлке ретінде мадақтау, ұлттық рухты көтеру және ұрпақтың ел болашағын жалғастырудағы рөлін дәріптеу. Бұл поэзиядағы патриотизм мотивін танытады.

Өлеңнің поэтикалық қуаты терең. *Қазыналы бай өлке, алтын нұрға жүзген кең дала, атқан таңдай қыз-жігіт* тіркестері көркемдік бейнені айқындап, ұлттық рухтың асқақтық сипатын арттырады.

«Бұл өлкеден кете алмайды күз күліп» – деген жолдар табиғат құбылысының поэтикалық бейнесі елдің мәңгілік құт-берекесін білдіреді. Өлең жолындағы *«Ақ нан» тіркесі* – халық тұрмысындағы молшылықтың, берекенің, ырыстың ұлттық символы. Бұл мотив – қазақ фольклоры мен лирикасында жиі кездесетін тұрақты бейне. Ақын табиғат пен адамды салыстыра суреттеу арқылы (*таң мен қыз-жігіт*) елдің болашақ жарық нұрын көркемдік кілтпен ашқандай әсер қалдырады.

Бұл тәсілдер поэтикалық үндестікті қалыптастырып, өлеңнің ұлттық рухани мазмұнын күшейтеді.

Әдебиеттануда ұлттық рух – белгілі бір халықтың дүниетанымы, салт-дәстүрі, рухани құндылықтары поэзия тілінде бейнеленген құбылыс. Мысалға келтірген өлеңдегі «дән», «мал», «ақ нан» бейнелері – қазақ халқының тіршілігінің арқауы. Бұл – этномәдени код, ұлттық код. Жаңа ұрпақтың ту көтеруі ұлттық рухтың сабақтастығын, елдіктің ұрпақтан-ұрпаққа жетуін бейнелейді. Осы арқылы шығармада ұлттық рух пен поэзиялық форма өзара үндесіп, көркемдік тұтастық тудырады.

Өлең құрылымында дәстүрлі қазақ поэзиясына тән ырғақ пен интонация сақталған. Табиғат пен адамды, еңбек пен болашақты қатар алып суреттеу – қазақтың дәстүрлі философиялық-лирикалық поэзиясына тән ерекшелік. Мұнда пейзаждық лирика (дала, күз, таң суреттері) мен азаматтық-патриоттық лирика (Отан, ұрпақ, еңбек бейнелері) синтезделіп тұр. Бұл үндестік ұлттық поэтика мен рухани мұраның сабақтастығын дәлелдейді.

Өлең ұлттық рух пен поэзиялық үндестіктің тоғысуы айқын көрінеді. Көркемдік бейнелеу құралдары арқылы туған жердің байлығы мен рухани құндылықтары жырланып, ұлттық дүниетаным эстетикалық деңгейде ашылған.

ә) Соғыс және бейбіт өмір. Ақын өзінің майдан тақырыбына арналған өлеңдерінде сұм соғыстың зардабын, батырлардың ерлігі сөзбен суреттейді.

От шашты Отан аспаны,

Төгілді көздіц жастары.

Окоптан шықты солдаттар,

Атылды көкке соңғы оқтар, – деп басталатын «Жеңіс» атты өлеңінде соғыс біткен сәттегі адам баласының қуанышын, олардың жүзіндегі толқуды көз алдымызға елестететі. Соғыс қасіреті мен жеңістің тарихи сәті қатар суреттелген жыр жолдары оқырманын тебірентпей қоймайды. Осындағы *«От шашты Отан аспаны»* деген жолдар арқылы ақын жеңіске тұтас елдің көз тіккені, қуанышын ашық ашпанға паш ете жариялағанын жеткізеді. Аспан бейнесі халықтың ортақ кеңістігін, елдік бірлікті білдіреді.

«Атылды көкке соңғы оқтар» – соғыстың аяқталуы, бейбіт күннің келуі. Ұлттық рух мұнда жеңіс пен ерліктің мәңгілік естелігі ретінде айшықталады.

Өлең тілінде қысқа, динамикалық тармақтар қолданылған. Бұл поэзияға тән эпикалық пафос пен лирикалық толғанысты қатар жеткізеді. Қайталаулар мен дыбыстық үйлесімдер («от», «оқ», «окоп») дыбыстық үндестік тудырып, өлеңнің эмоционалдық қуатын арттырады. Ұлттық рух – ел қорғау, халық тағдыры, жеңіс сынды ұғымдар арқылы берілсе,

Өлеңдегі *Отан аспаны, солдаттар бейнесі, соңғы оқ* сияқты символдар арқылы ақын ұлттық рухты жеткізсе, ырғақтық құрылым, дыбыстық үйлесім және эпикалық пафос

арқылы поэзиялық үндестікті танытады. Бұл туындыны азаматтық-патриоттық лирикаға жатқызуға болады. Ол қазақ әдебиетінде ұлттық рухты көтеретін поэзия дәстүрінің бір тармағы ретінде бағаланады.

б) ***Табиғат лирикасы***. Сырбай Мәуленов – табиғат жыршысы. Оның «Табиғатпен туыстық», «Зырлап кетіп барады», «Көк аспанға көз тігіп», «Нажағай», «Жұлдыз», «Бұлт» т.б. өлеңдерінде қазақ даласының әсем бейнесі соғыс даласындағы өмірмен астастыра суреттеледі. Ақын табиғат арқылы адам сезімін, көңіл-күйін де шебер суреттейді. Оның «Бұлақ» атты өлеңі мынадай жолдармен аяқталады:

Тамырыма таралды,
Сол бұлақтан нәр алдым.
Суы шөлді қандырды,
Ақ сүтіндей анамның.

Өлеңде ақын табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті, туған жердің сұлулығын сипаттайды. Сол арқылы ұлттық болмыс пен табиғаттың тұтастығын көрсетуді мақсат тұтып, жердің құтын ана сүтімен теңеу арқылы Отанға деген сүйіспеншілікті бейнелейді. Мұндағы табиғат – ұлттық болмыстың іргетасы. Қазақ халқы үшін жер, су, бұлақ – тіршіліктің, ұлттық бірегейліктің қайнары.

«Суы шөлді қандырды,
Ақ сүтіндей анамның», – дей отырып, ақын суды ананың сүтіне теңейды. Бұл – қазақ дүниетанымындағы ұлттық рухтың көрінісі. Мұнда табиғат пен ана, туған жер мен өмірдің қайнар көзі өзара сабақтасқан. Бұлақ бейнесі – тіршілік пен рухани тазалықтың символы, ол ұлттық рухты дәріптейді.

Бұл өлеңде ұлттық рух пен поэзия үндестігі екі арнада көрінеді:

- мазмұндық деңгейде: бұлақ, су, дала, ана – қазақ мәдениетінде қасиетті ұғымдар. Олар ұлттық рухтың түп негізін танытады.

- көркемдік деңгейде: теңеу, эпитет, метафора сынды көркемдік құралдар ұлттық дүниетанымды поэтикалық бейнемен ұштастырады.

Өлең – қазақ лирикасындағы табиғат пен адам бірлігін жырлайтын шығарма. Онда ұлттық рух – Жер-Ананы қастерлеу, ана сүтімен теңестірілген бұлақ бейнесі арқылы көрінсе, поэзиялық үндестік – көркемдік құралдар, ырғақ пен бейнелілік арқылы жүзеге асады.

в) Достық, адамгершілік және махаббат. Ақын поэзиясында достық пен адалдық идеясы басым. Ол адамгершілік құндылықтарды жырлау арқылы ұлттық болмысты асқақтатты. Ақынның «Махаббат аралы» деп аталатын өлеңі мен махаббат жайлы жырлаған бір топ шумақтары адамзат бойындағы ең асыл сезімді асқан бәр нәзіктікпен, ерекше толқыныспен жырлайды.

Айнымай антқа берік боп,
Алаңсыз болсаң сен егер.
Аққөңіл адал серік деп,

Жан құрбым, маған сене гөр, – деу арқылы сенімділік пен сертке беріктік адамның ең асыл қасиеті екенін дәріптейді.

Қазақ дүниетанымында антқа беріктік – ұлттық рухтың басты өлшемдерінің бірі. «Ант» – ата-бабадан жалғасқан қасиетті ұғым, ол адамның адалдығы мен жауапкершілігін білдіреді.

Аққөңіл адал серік – халықтық ұғымдағы адалдықтың асыл сипаты. Бұл – ұлттық рухтың моральдық құндылықтармен үндесуі.

Мәуленов қазақ поэзиясына ұлттық үн мен заман тынысын тоғыстырған жаңа бағыт әкелді. Ол тек қазақ әдебиетінде ғана емес, кеңестік дәуірдің ортақ әдеби кеңістігінде де өзіндік орын алды. Ақын еңбектері арқылы қазақ жырлары әлемдік әдеби үрдіспен үндесті.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының бірегей тұлғасы. Оның шығармашылығы – туған жерді сүюдің, халыққа адал болудың, табиғатты аялаудың және бейбіт өмірді қастерлеудің үлгісі. Ақынның жырлары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, жас ұрпақты

ұлттық рухта тәрбиелеуге қызмет етуде. Ақын поэзиясы – қазақ әдебиетінің рухани қазынасы, ол ұлттық мәдениетімізді байытқан мәңгілік мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Білім, 2003.
2. Мәуленов С. Шығармалары. (Құраст. Сақып-Жамал Мәуленова). – Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2013. – Т.1.: Өлеңдер. – 320 б.
3. Ыбырайым Б., Дәдебаев Ж., Мәдібаева Қ. Ұлттық рух және шығармашылық даралық (авторлық ауызша поэзия мәселелері). Зерттеу. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті: «Ұлағат» баспасы, 2018. – 350 бет.
4. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 192 б.

Бақытқызы Бекайым,
Астана қаласы,
Мағжан Жұмабаев атындағы
№65 мектеп-гимназиясы педагогі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ

Қазақ поэзиясы – халықтың жаны, елдің ар-ұяты, ұлттың ұлы мұратының айнасы. Осы асқақ поэзия әлемінде жүрегі оттай жанып, халқының тағдыры үшін тебіреніп, туған жерінің топырағын жыр қылып, елінің ерлігін рух қылып өткен бір алып тұлға бар. Ол – Сырбай Мәуленов.

Сырбай Мәуленов – XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі, ұлттық поэзиямыздың өр мінезді өкілі. Ол 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы Жанкелдин ауданының Торғай поселкесінде дүниеге келді. Осы тұста мына оқиғаны сөзімізге тиек ете кетсек: Сырағаңның 1970 жылғы Қызылордаға сапарында әдебиет майталмандары – Мұхамеджан Қаратаев, Хамза Есенжанов және Асқар Тоқмағамбетов үшеуі Сырағаңды Сырдың топырағына аунап аларлықтай етіп еркелеткені бар. Кейін фототілшінің айтуынша, ақынның аунап түскен жері Ахмет ишанның бейітіне таяу маң болыпты. Бұл жәйттің өзі де символикалық сипатқа ие: Сырбай ақын туған жеріндей қабылдаған Сыр өлкесінің қойнауына тәнті болып, сол киелі топырақпен етене табысқандай күй кешті. Негізі, Сыр бойы Сырағаң үшін бөтен өңір емес еді. Торғайда дүниеге келгенімен, балалық шағы осы аймақта өтті. Алғашқы жырлары да Сыр өлкесінде жазылып, Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетінде білім алуы ақын тағдыры мен Сырдың арасын одан сайын жақындатты. Қызылордалықтар арасында тіпті «Сырбай осы топырақта туған» деген аңызға бергісіз әңгімелердің айтылуы да содан болса керек. Ақынның өзі де мұны жасырмай, өлеңімен мойындайды. Оның:

«Қызылорда жақынсың,
Алғаш сенде шықты үнім.
Өзің жайлап жатырсың,
Жанның терең түкпірін» [3, 236-б.] – деген жыр жолдары Сырға деген ыстық ықыласын айғақтаса, тағы бір толғауында:

«Ұмытпан Сыр жағасын,
Жаста өскен мекенім.
Бір кеудемде ағасың,
Торғайменен екеуің» [3, 236-б.] – Торғай мен Сырды туған жердей тең қояды. Тағы бірде ол әкесінің тағдырын жырға қосып:

«Тер шұбырып маңдайдан,
Болғанда ел ақтабан.
Ауып алыс Торғайдан,

Әкем Сырға тоқтаған» [3, 236-б.] – деп ата-баба ізі Сырға жеткенін айтады. Демек, Сырбайды Торғайынан бөліп қарау мүмкін еместігі анық. Бірақ Сыр бойы да ақынды өз перзентіндей көріп, құшағына тартып, қастерлеп өтті. Сол себепті Сырағаң әр келгенінде кең даланы құшақтап, қырын жастанып, жазығында еркін аунап жатса, оған таңданудың еш жөні жоқ еді. Өйткені Сырдың сары топырағы да оны туған ұлындай қабылдаған болатын.

Ақынның балалық шағы ел басына түскен ауыр кезең – ашаршылық пен қоғамдық сілкіністер жылдарына сәйкес келді. Ал бозбалалық дәурені сұрапыл соғыстың отты жылдарымен тұспа-тұс келіп, ол жасындай жарқылдаған жырларын майдан даласының азабымен, жауынгерлік рухымен суарды. Сырбай Мәуленов Ұлы Отан соғысына қатысып, майдандағы қанды шындықты өз көзімен көрді. Кейін оның поэзиясында отансүйгіштік пен сарбаздық рухтың ерекше айқын сезілуі – осы өмірбаяндық сабақтың айқын айғағы. Соғыстан кейінгі кезеңде ақын халыққа қалтқысыз қызмет етуді шығармашылық мұраты санады. 1973 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген ол, әдебиет пен журналистиканың алғы шебінде жүрді. 1943–1950 жылдары Қостанай облыстық радиокомитетінде редактор, кейін «Большевиктік жол» (қазіргі «Коммунизм таңы») газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары болды. 1951–1955 жылдары Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редакция меңгерушісі қызметін атқарса, 1957–1961 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі болды. Сондай-ақ «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары, «Жұлдыз» журналының бас редакторы (1964–1971), «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы (1955–1957, 1971–1977) қызметтерін атқаруы – оның әдебиетіміздің рухани тірегіне айналғанын дәлелдейді.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясында өз үні, өз өрнегі бар дара тұлға. Оның ешкімге ұқсамайтын мінезі – қарапайымдылық пен өр рухтың, кішіпейілділік пен қайсарлықтың жарасқан үйлесімі еді. Мінезіндегі ең басты қасиет – әдебиетке жанашырлық. Ол әдебиетке тек шығармашылық орта ғана емес, халықтың рухани тірегі, ұлттық болмыстың айнасы деп қарады. Мына үзінділер сөзімізге дәйек болады: «Мыналар менің шимай-шатпағым ғой... – деді Сырағаң. - Көрген-білгенімді, естіген нәрсені түртіп қоюшы едім. Солардың табылғанын жинап-теріп саған әкеліп отырмын. Сендер Ақселеу екеулерің «Білім және еңбекте» жүргенде «деген екен» дегенді бастап едіңдер ғой. Сол «деген екен» қазір әр газетте, әр журналда шашылып жүр. Соларды жинақтап, басын біріктіріп жүйелеп, кітап етіп шағарсаңдар етті? Жұрт ондай кітапты алар еді, оқыр еді. Өйткені бұл да ауыз әдебиетінің бір түрі. Қазақ тапқыр сөзге елітеді, құмартады. Сөз тыңдау, сөзге тоқтау деген біздің қанымызда бар қасиет. Ертең біз кеткен соң мұндай әңгіменің бәрі ұмыт болады, құрып кетеді. Мына әкелген менің шимайларым да сол «деген екенге» келеді. Үстінен өңдеп, пайдаға жаратарсың!» [2]

«Деген екенді» жинақтау Сырағаңның осы өтінішінен басталған еді.» дейді өз естелігінде Әлібек Асқар. Осы кішкене ғана үзінді Сырбай Мәуленовтің әдебиет жанашыры екенін сөзсіз аңғартады. Қырқыншы жылдардың соңында ақын Сырбай Мәуленов Қостанай облыстық газетінде редактордың орынбасары болып біраз уақыт қызмет атқарады. Бастығы демалысқа немесе бір жаққа командировкаға кеткен кезде Сырбай ыңғайын тауып, газеттің бір бетіне тұтастай «Әдебиет бетін» салып жібереді екен. Осы жәйт төрт-бес рет қайталанған соң, мұны байқап жүрген облыстың бірінші бастығы Сағалбай Жанбаев (1904—1972) Сырбайды өзіне шақырып алады:

«Сен неге әләуләйщинаңа басасың? Газеттерің партияның органы, саяси газет... Ал сен болсаң әләуләйщинамен айналысасың!» [2] — деп ескерту жасапты. Сырбай осылайша ауызша сөгіс естіп, үндемей шығып кетеді. Арада жылжып жылдар өтеді. Жанбаев біраз жерде басшылық қызметте болып, соңынан Орталық Комитеттегі партиялық комиссияға жұмысқа ауысады. Сол қызметте жүрген кезде бірде Қырымға барып дем алыпты. Демалып жүріп бір топ өлең жазыпты. Алматыға қайтып оралған соң Қырымда жазған әлгі өлендерін құшақтап «Жұлдыз» журналының редакциясына әкеледі ғой. Ол кезде «Жұлдыздың» бас редакторы Сырбай Мәуленов екен. Сырағаң өлендерді

оқып көрсе, көркемдік дәрежесі төмендеу, нашарлау дүниелер екен:

«Ақсақал, біз мұндай әләуләйщинаны баса алмаймыз. Біз қоғамдық-саяси журналмыз,» [2] — дейді Сырбай. Сонда Жанбаев мырс етіп күліп жіберіпті де, басын бір шайқап, бөлмеден үнсіз шыға жөнеліпті. Сырбай Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығы – халқымыздың жүріп өткен жолымен, бастан кешкен тағдыр-талайымен біте қайнасып жатқан құндылықтар әлемі. Оның жыры – ұлттың үнін жеткізген, тарихтың тереңінен сыр шерткен рухани айна. Ақын өлеңдерінде туған жерге деген махаббат пен елге деген адалдық, халықтың қайғысы мен қуанышы қатар өріледі. Ол ешкімге ұқсамайтын мінезімен, әдебиетке деген жанашырлығымен ерекшеленіп, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерді. Міне, осындай биік рух пен асқақ азаматтық ұстаным Сырағаң поэзиясының мәңгілік өміршеңдігін айғақтайды. Осы тұстан біз ақынның ұлттық рух пен азаматтық болмысты жырлаудағы мұратын сөз етуге көшеміз.

Жырларын жүрек қанына араластырып, туған халқының тағдырын парақтап өткен алыптардың бірі, ақын Сырбай Мәуленовтің әр өлеңі – қазақ руханиятының қайнарынан суырылған мөлдір бұлақ, ұлттың тағдырлы тарихынан жаралған өршіл үн. Ол – дәуірдің тынысын, халықтың жүрек соғысын дәл басқан суреткер. Оның өлеңдерінен өр рух пен өршіл мінез, ұлттық болмыс пен азаматтық адалдық қатар көрінеді. Ақын шығармашылығының темірқазығы – ел мен жерге деген шексіз сүйіспеншілік, ұлттық рухты асқақтататын азаматтық болмыс.

Ақын үшін туған жер – қасиетті ұғым. Ол Торғай даласының сайын төсін, Сыр бойының қоңыр самалын тек табиғат суреті ретінде емес, халықтың тағдыр-тауқыметімен біртұтас күйде жырлады. Оның «Ұмытпан Сыр жағасын, жаста өскен мекенім» деген өлең жолдары – туған жерге тағзым еткен перзенттік махаббаттың айғағы.

Сырағаңның поэзиясына көз салсақ, онда тек нәзік лиризм ғана емес, түнекке шомған дәуірдің зары мен қайсар ұрпақтың намысы қатар өрілгенін көреміз. Ол – майдан даласында қан кешіп, соғыстың ащы шындығын көзбен көрген қаламгер. Сондықтан да оның жырларында жалған эмоция жоқ, жүректің шын сыры мен елдің арман-тілегі бар. Бұл – азамат ақынға ғана тән қасиет. «1943 жылы Сырағаң жазған бір өлең сол Волховпен басталатынын жақсы білесіз:

«Болдың ба сен Волховта,
Көрдің бе оның орманын?
Сол орманның әр талын
Өз жанымдай қорғадым» [3, 41-б.] Расына келсек, Сырағаңның соғыс туралы өлеңдерін 1941 жылдан бастап есепке алғанымызбен, жалпы әскери тірлік жөніндегі жырлары одан сәл ертерек, бейбіт әскери қызметте жүрген кезінен басталады. Дондағы Ростовта әскери формамен жүрген 18 (бәлкім, 19) жастағы бозбаланың мына өлеңі әлі де иісі бұрқырап тұрған көкорай балауса секілді:

«Жақында жайылып жүр
Дон казагының аты.
Алыста Сыр қазағының аты,
Алыста махаббаты.» [1]

Бозбала Сырбайдың өлеңдерінде әскери өмірдің ізі айқын көрінеді. «Он сегізде әскермін, Ростовта келемін» деген жолдардан басталған алғашқы жырлар аз болса да, ақынның өзі он сегіз жасында армияға алынғанын, Дондағы Ростовта болғанын және аурулығына байланысты қызметтен босатылғанын айтады. Соғыстан кейін денсаулығы қалпына келген соң өз өтінішімен майданға аттанған. Кейін «1941. Волхов майданы», «1942. Волхов майданы», «1943. Волхов майданы» деп белгіленген жырлар жариялана бастайды. Волхов жырлары бастапқы нәзік шығармалардан айырмашылығы, қатқыл, отқа күйген ағаштай әсерлі. Мысалы, қызы Сақыпжамалға арнаған өлеңінде: «…Жиырма бірге жаңа аяқ басқанда, Әкең мұнда айрылды бір қолынан» деп жазады. Ақынның өз сөзімен айтсақ: «…Әскери өмір менің өлеңімнің мектебі болды. Соғыс мені күйретті де, көп нәрсеге үйретті».

«Құлын» – соғыстың адамға ғана емес, табиғатқа да жасаған зұлымдығын еске түсіретін реквием. Мүсінші Бақытжан Әбішевтің «Құлагер» мүсіні сияқты, бұл өлең де бірегей, қайталанбас әсер қалдырады. Өлеңде майдандағы оқиғалар мен тірі қалу үшін күрес көрініс табады:

«Окоп
Қарасуық уілдеп,
Жерді жапқан жұқа қар.
Қыс лебінен дірілдеп,
Бұғып қалған бұталар.

Бақсылардай сарнап тал,
Бірде аңдай ұлиды.
Келе жатыр солдаттар
Арман етіп жылы үйді.» [3, 58-б.] Сырбай өлеңдерінде соғыс ешқашан көмескіленбейді. Оның әр кітабы, әр жыр шоғырлары қанды қасапты еске салады:

«Өзім өткен алдымда жол тұр бәрі,
Аз жазғам жоқ өлеңде ол туралы.
Менің жолым – Торғай мен Сырдария,
Дон мен Волхов, Неваның толқындары». [3, 25-б.] Майдандағы кішкентай, бірақ маңызды деректер де өлеңде көрініс табады:

«Январьдың ақ қарлы боранымен
Январьдың ақ қарлы боранымен
Өлген достың денесін орадым мен.
Топырақ қаздым дос жүзін жасырғалы,
Мұз боп қатқан тоң қойны ашылмады.
Отты жақтым түнімен жер жібітіп,
Жанымда – өрт, көзімде – жас ылғалы.» [3, 113-б.] Майданнан оралған сарбаздардың үнсіз мұңы мен үмітін де жеткізеді:

«Соғыстан қайтқан солдаттар
Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар.» [3, 239-б.] Сырбайдың бұл өлеңдері қазақ әдебиетінде майдан тақырыбын бейнелейтін классикалық шығармалардың бірі болып қалды. Ол соғыстың қасіретін сезімге сіңіре отырып, поэзия арқылы ұрпаққа жеткізді.

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – рухтың беріктігі, сындарлы ой мен жүректің сезімталдығында. Соғыстың ауыр жылдарында жазылған оның өлеңдері адамға төзімділікті, батылдықты, патриоттықты сездіреді. Мұндай шығармалар мектеп қабырғасында оқушылардың рухани дүниесін байытуға, тарихты сезінуге, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге қызмет етеді. Педагог үшін Мәуленовтің шығармашылығы – тек әдебиет пәнінің емес, тәрбиелік әсердің де таптырмас құралы. Сондықтан әр ұстаз оның рухани мұрасын сабақта қолдана отырып, оқушыларға жүректің күшін, рухтың беріктігін жеткізуге тиіс.

Ұлттық поэзиямызда соғыс тақырыбына арналған сан алуан ғажап жолдар бар. Дегенмен…

“Кетерімде жыламадым,
Өз қатарым көп болған соң,
Келерімде егіліп шыдамадым,

Соның көбі қатарда жоқ болған соң!” [3, 223-б.] – деген жолдарды ұлы Сырбайдан басқа ешкім жаза алған жоқ. Сол себепті, соғыстан оралған солдаттардың қайғысын қайта-қайта ойлағанда, оның бұл сезімін ерекше түсінесің. Жерің – Жәннат, ал сенің жауһар жырларың – мәңгілік үлгі, Сырбай!

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлібек Асқар. Қазақ әдебиеті газеті. Әдебиет әлемінің әзілдері, 06.08.2018
2. Қазақ әдебиеті газеті. Әзіл-шыны аралас, 24.08.2018
3. Мәуленов С.Ж. Шығармалары (Құраст. Сақып-Жамал Мәуленова). Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2013. Өлеңдер – 320 б.

Бейсембаева Айман Багдатовна
Астана қаласы,
Ш.Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ПЕН РУХАНИ ТАЗАЛЫҚ МҰРАТЫ

Қазақ поэзиясында өз орны ерекше, дара тұлға болып саналатын Сырбай Мәуленов ХХ ғасыр әдебиетінің көрнекті ақындарының бірі. Оның шығармашылығы адамгершілік пен рухани тазалықты насихаттауда айрықша рөл атқарады. Сырбай поэзиясы – тек сөз өнері емес, сонымен бірге адамның ішкі жан дүниесін терең түсінуге, рухани әлемін байытуға арналған бірегей шығармашылық әлем.

Ақынның поэзиясында басты идеялық арқау – адамның жан тазалығы, ізгілігі, және адамгершілігі. Ол өз өлеңдерінде адамның рухани болмысын, мінез-құлқын жырлап, оқырманды жақсылық пен жамандықты, адалдық пен өтірікті айыра білетін терең моральдық танымға жетелейді. Бұл қасиеттер ақынның шығармашылығы арқылы ұрпақ санасына сіңіріледі.[1, 45 б]

Осы тұрғыдан, зерттеу тақырыбының өзектілігі – қазіргі қоғамда рухани құндылықтардың төмендеуі, адамгершілік мәселесінің маңыздылығы күн тәртібіне шыққан заманда ерекше орын алады. Сондықтан, Сырбай Мәуленов поэзиясындағы адамгершілік пен рухани тазалық мұратының мәні мен тәрбиелік ықпалын зерттеу – уақыт талабы. Бұл мақалада сол мұраттардың ақын шығармашылығындағы көрінісі, олардың мән-маңызы жан-жақты қарастырылады.[2, 43 б]

Сырбай Мәуленов поэзиясының басты темаларының бірі – адамның рухани әлемі, оның ішкі тазалығы мен сұлулығы. Ақын өз шығармаларында адамның тек сыртқы бейнесіне ғана емес, оның жан дүниесіне, ішкі болмысына терең үңіледі. Ол адам жанының нәзік, күрделі құрылымын ашып көрсетуге тырысады.

Ақын үшін адамның рухани болмысы – оның ең басты қасиеті. Ол:

«Адамның бәрі бірдей емес,
Адамның жаны – мөлдір емес...»

деп, әр адамның жан дүниесінің әртүрлі екенін, кейде ішкі таза болу қиын екенін көрсетеді. Бұл жолдар адамның рухани кемелдену жолындағы күресті сипаттайды.

Сырбай Мәуленовтің өлеңдерінде адамның жүрек түкпіріндегі ізгілік, мейірімділік, ар-ұждат, махаббат пен жанашырлық сияқты рухани құндылықтар басты орында тұрады. Ақынның шығармашылығы – адамның жан тазалығына, моральдық биіктікке ұмтылысын дәріптейтін рухани мұра.

Сонымен қатар, ақынның поэзиясында рухани болмысқа тән қайшылықтар мен күрестер, ішкі дау-жанжалдар көрініс табады. Ол адамның өзімен-өзі күресіп, жақсы мен жаманды, ізгілік пен жамандықты айыра білетін қасиетін ашып көрсетеді. Бұл – оқырманға терең ой салады, өзін-өзі тануға, рухани жетілуге жетелейді.

Сырбай Мәуленов поэзиясында адам жанының сұлулығы – рухани тазалық пен ізгіліктің, адамгершіліктің символы болып табылады. Ақынның бұл идеясы бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймаған рухани құндылықтардың негізі болып қала береді.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясында лирикалық кейіпкерлер – жан дүниесінде үнемі ізденіс пен күрес үстіндегі тұлғалар. Олар сыртқы әлемнің ғана емес, өздерінің ішкі әлемінің құпияларын, рухани мәнін терең түсінуге ұмтылады. Ақынның өлеңдерінде кейіпкерлер көбіне өзін-өзі тану жолында болады, адамгершілік пен рухани кемелденудің мәнін іздейді.[3, 101 б]

Бұл ізденіс – тек философиялық тұжырымдар емес, ол адамның ішкі жан дүниесіндегі күрделі сезімдер мен ойлардың, арман-мақсаттардың көрінісі. Кейіпкерлер әлемнің әділдігі мен әділетсіздігін, жақсылық пен жамандықты, адамның рухани тазалығы мен оның құлдырауын өз жанымен сезінеді.

Сырбай поэзиясындағы ішкі ізденіс кейде жанның екіұштылығын, күресін де көрсетеді. Мысалы, адам жүрегіндегі жарық пен қараңғылық, мейірімділік пен қатыгездік, үміт пен күмән – осының бәрі кейіпкерлердің ішкі күресін айқын бейнелейді. Бұл күрес адамды рухани жетілуге, биік адамгершілікке жетелейтін маңызды процесс ретінде көрсетіледі.

Ақынның лирикалық кейіпкерлері өздерін және әлемді түсіну үшін үнемі ізденіп, ойланумен келеді. Олар үшін өмір – бұл тек сыртқы оқиғалар жиыны емес, ішкі рухани әлемді байыту, тазарту және дамыту. Осы арқылы ақын оқырманды да өзіндік рухани ізденіске шақырады.[4, 37 б]

Сырбай Мәуленов поэзиясында лирикалық кейіпкерлердің ішкі ізденісі – адам жанының шынайы көрінісі, оның рухани дамуы мен моральдық кемелденуінің негізі болып табылады.

Сырбай Мәуленов поэзиясының негізгі ерекшелігі – оның терең моральдық ұстанымы мен гуманистік көзқарасы. Ақын адам өмірінің мәнін, оның рухани және этикалық негіздерін түсінуге ұмтылады. Оның шығармашылығы адамның адамгершілік қасиеттерін дәріптеу, рухани тазалық пен ізгілікті биік қою арқылы көрінеді.
Моральдық ұстаным Сырбай поэзиясында әділдік, адалдық, мейірімділік, жанашырлық сияқты құндылықтар арқылы көрініс табады. Ақын қоғамдағы әділетсіздік пен озбырлыққа қарсы шығып, әр адамның ішкі тазалығын сақтау керектігін айтады. Ол:

«Жақсылық жасау – адам болудың негізі»

деген ойды ұстанады. Бұл – оның поэзиясының негізгі идеясын құрайтын моральдық бағдар.

Сырбай Мәуленовтің гуманистік көзқарасы адамды әлемнің орталығы ретінде қарастырады, оның жан дүниесінің, ар-ұждатының тазалығына ерекше мән береді. Ақын үшін адам – рухани және моральдық жауапкершілігі мол тұлға. Ол адамның қадір-қасиетін биік қойып, оның жан дүниесінің байлығын дәріптейді.[5, 38 б]

Гуманизм идеясы ақын шығармашылығында халықтық дәстүрлер мен рухани мұралар арқылы да өрбиді. Сырбай Мәуленов халықтың мәдени-рухани құндылықтарын насихаттап, солар арқылы адамгершілікті, бірлікті, мейірімділікті көтермелейді.

Сырбай Мәуленовтің моральдық ұстанымы мен гуманистік көзқарасы оның поэзиясының рухани негізі болып табылады. Бұл ұстанымдар оқырманды жақсылыққа, адалдыққа және ішкі тазалыққа шақырып, өмірлік дұрыс бағыт береді.

Сырбай Мәуленов поэзиясында адамгершілік – рухани іргетас, яғни шығарманың басты тақырыбы әрі идеялық негізі. Ақын адамның қадір-қасиетін, оның рухани байлығы мен адамгершілік қасиеттерін жырға қосады. Оның шығармаларында адам – тек биологиялық тіршілік иесі ғана емес, жоғары моральдық жауапкершілігі бар жан иесі ретінде суреттеледі.

Ақын өз өлеңдерінде адам болмысының ең маңызды өлшемдері – адалдық, әділдік, мейірімділік, шыншылдық және жанашырлық сияқты құндылықтарды терең түсіндіреді. Ол:

«Адам болу – жүрек тазалығында»
деген ойды жиі айтады, яғни адамның ішкі әлемінің тазалығы оның нағыз адам болып саналуына негіз болады.

Сырбай Мәуленов адамды сыртқы дүниенің өзгеруінен гөрі, оның ішкі жан дүниесінің өзгеруі маңызды екенін көрсетеді. Ақынның көзқарасы бойынша, адамгершілік – бұл жүректің тазалығы мен рухани байлығы, ол қоғамдағы бейбітшілік пен бірліктің бастауы.

Адамдық қадір-қасиет туралы ой-толғамдар поэзияда тәрбиелік мәнге ие. Ақын жас ұрпаққа арнап жазған шығармаларында өмірлік дұрыс бағыттар мен адамгершілік құндылықтарды насихаттайды. Ол адам бойындағы жақсылықты, әділдікті, қайырымдылықты арттыруға үндейді.

Сондықтан, Сырбай Мәуленовтің поэзиясы адамгершілікті рухани негізге айналдырып, қоғамдағы адамдық қарым-қатынастарды жақсартуға бағытталған іргелі идеяларды жеткізеді.

Сырбай Мәуленов поэзиясында адамгершілік тәрбиесі – жас ұрпаққа арналған маңызды сабақтардың бірі. Ақын өз шығармаларында жастарды ізгілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа және рухани тазалыққа тәрбиелеуге ерекше мән береді. Оның өлеңдері жас оқырманға өмірлік дұрыс бағыт беріп, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал етеді.

Ақынның поэзиясында тәрбие құралы ретінде өнеге көптеп кездеседі. Ол кейіпкерлерінің мысалында, өмірлік жағдайлары арқылы жастарға жақсы мен жаманның, дұрыс пен бұрыстың арасындағы айырымды көрсетеді. Бұл өнеге – ұрпақтың рухани дамуы мен мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған маңызды құрал.[6, 82 б]

Сырбай Мәуленовтің шығармаларында патриотизм, елжандылық, бауырмалдық сияқты ұлттық құндылықтар да үлкен рөл атқарады. Ақын жастарға өз Отанын, туған жерін сүюді, халық дәстүрін құрметтеуді үйретеді. Мұндай тәрбиелік идеялар жас ұрпақтың азаматтық санасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, ақынның поэзиясы жастарды өмірдің түрлі қиындықтарына төтеп беруге, өздерін жетілдіруге, рухани күш-қуат жинауға шақырады. Бұл – олардың болашақта ел мен қоғамға пайдасын тигізетін азамат болуларының негізі.

Сырбай Мәуленов поэзиясы – жас ұрпаққа бағытталған рухани тәрбие мен өнегенің қайнар көзі. Оның шығармалары арқылы жастар адамгершілікке, ізгілікке, рухани байлыққа ұмтылып, өмірде дұрыс жол табуға үйренеді.

Сырбай Мәуленов поэзиясында моральдық жауапкершілік – адамның ең маңызды қасиеттерінің бірі ретінде қарастырылады. Ақын шығармашылығында адам бейнесі тек сыртқы тұрғыдан ғана емес, оның рухани, моральдық қырынан толық ашылады. Мұнда адам – өз іс-әрекеттері үшін жауап беретін, өзіне және қоғамға деген парызы мен міндетін түсінетін тұлға ретінде суреттеледі.

Ақынның поэзиясында адамның мінез-құлқы мен әрекеті оның рухани тазалығы мен адамгершілік деңгейімен тығыз байланысты. Моральдық жауапкершілік – бұл өзін-өзі бақылау, адалдық, әділдік пен мейірімділік сияқты қасиеттерді бойға сіңіру деген мағынаны береді. Сырбай Мәуленов әр адамның ішкі әлеміндегі бұл қасиеттерді дамыту қажеттілігін үздіксіз атап өтеді.

Поэзиядағы адам бейнесі – жан-жақты, күрделі, қайшылықтарға толы. Ақын адамның жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты айыра білетін қабілетіне ерекше назар аударады. Ол адамды өз іс-әрекеттеріне жауапты, рухани және этикалық тұрғыдан кемелденуге ұмтылатын жан иесі ретінде бейнелейді.

Моральдық жауапкершілік туралы ойлар арқылы ақын қоғамдағы әділетсіздік пен адамгершілік дағдарысын ашып көрсетеді. Ол адамның ішкі тазалығы мен рухани кемелдігінің қоғамның тыныштығы мен бірлігін сақтауда шешуші рөл атқаратынын айтады.

Сырбай Мәуленов поэзиясында моральдық жауапкершілік пен адам бейнесі – рухани кемелденудің, адамгершіліктің басты өлшемі болып табылады. Ақынның бұл идеялары қазіргі заманда да өз маңызын жоғалтпай, оқырманға өмірлік бағдар береді.

Сырбай Мәуленов поэзиясында рухани тазалық – ең басты, мәңгілік құндылықтардың бірі. Ақын адамның жан тазалығын оның ішкі мәдениеті мен рухани байлығының негізі деп қарастырады. Бұл тазалық – адамның жан дүниесін кірден, жағымсыз сезімдер мен ойлардан арылту, ізгілік пен мейірімділікке ұмтылу.

Ақынның шығармашылығында табиғат пен адам жанының арасындағы үндестік ерекше орын алады. Ол табиғатты тек сыртқы көрініс ретінде ғана емес, жан дүниесін таза ұстаудың бір жолы ретінде көреді. Табиғаттың сұлулығы мен үйлесімділігі адамның рухани әлемімен байланысқан, сондықтан табиғатты қорғау – рухани тазалықтың бір белгісі. Сырбай:

«Табиғатты сүйген адам – рухани таза адам»

деген ойды өз өлеңдерінде жиі білдіреді. Бұл сөздер адамның табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен құрметінің оның рухани тазалығымен тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Ақын табиғат арқылы адамға өмірдің мәнін, рухани үйлесімділік пен тыныштықты түсіндіруге тырысады. Табиғаттағы әрбір құбылыс – адам жанының символы, оның ішкі әлемінің айнасы ретінде көрініс табады.

Сондықтан рухани тазалық пен табиғат үндестігі – Сырбай Мәуленовтің поэзиясының маңызды философиялық аспектілері. Ақын бұл идея арқылы оқырманды табиғатқа қамқорлықпен қарауға, ішкі жан дүниесін байытуға және тазалауға шақырады.

Сырбай Мәуленов поэзиясында табиғатты сүю – адамның рухани және ішкі мәдениетінің маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылады. Ақын үшін табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас – жан дүниесінің тазалығы мен мәдени дамуының белгісі.

Табиғатты сүйе білу адамның жүрегіндегі мейірімділік пен қамқорлық сезімінің айғағы. Бұл сүйіспеншілік сыртқы ғана емес, сонымен қатар ішкі рухани байлықтың көрінісі. Сырбайдың өлеңдерінде табиғат – адамға үміт, шабыт және өмірлік қуат беретін қасиетті орта.

Ақын:

«Табиғатты қорғау – жүректі қорғау»

деп, адам мен табиғат арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрмет адамның рухани мәдениетін қалыптастырады, оны ізгілік пен адамгершілікке жетелейді.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясында табиғатқа деген қамқорлық пен сүйіспеншілік – қоғамның дамуы мен адамның жеке тұлға ретінде кемелденуінің негізі. Табиғатты қорғау арқылы адам өзін де қорғайды, рухани тазалық пен ішкі үйлесімділікке жетеді.

Табиғатты сүю – адамның ішкі мәдениетінің, рухани байлығының, адамгершілік пен жауапкершіліктің айқын көрінісі болып табылады. Бұл идея ақын шығармашылығында ерекше маңызға ие.

Сырбай Мәуленов поэзиясында экологиялық сана мен рухани философия тығыз байланысты. Ақын табиғатты қорғау мен оның сұлулығын сақтау мәселесін адамның рухани дамуы мен ішкі тазалығының бір бөлігі ретінде қарастырады. Оның шығармашылығында табиғатқа деген қамқорлық – адамның жан дүниесінің үйлесімділігін сақтаудың қажетті шарты.

Сырбайдың экологиялық философиясы табиғатты қоршаған орта ретінде ғана емес, рухани әлемнің айнасы ретінде де таниды. Табиғаттағы тазалық пен үйлесімділік адамның ішкі жан тазалығымен сәйкес келеді. Сондықтан адам мен табиғат арасындағы байланыстың бұзылуы – рухани кемелденудің тежелуі деп есептеледі.

Ақын:

«Табиғаттың тілін түсінген жан ғана жүрегі таза болады»

деген ойды жиі айтады. Бұл сөздер табиғатты сезіну мен оған құрмет көрсетудің рухани тазалық пен адамгершілікке тікелей қатысты екенін білдіреді.

Рухани философиясында Сырбай Мәуленов адамды әлемнің бөлінбес бөлігі ретінде қарастырады. Оның көзқарасы бойынша, адам табиғатпен үйлесімде болғанда ғана толыққанды және кемел бола алады. Бұл үйлесімділік адамның рухани дамуының, ішкі тыныштық пен үйлесімділіктің кепілі болып табылады.

Ақынның поэзиясында экологиялық мәселелер мен адам рухының тазалығы бір-бірін толықтырады. Табиғатты қорғау мен оны сүю – адамның рухани дамуы мен адамгершілік деңгейінің белгісі. Осылайша, Сырбай Мәуленовтің экологиялық және рухани философиясы – поэзиядағы маңызды ұстаным, ол оқырманды жан-жақты ойлануға және табиғат пен адам арасындағы байланысты нығайтуға шақырады.

Сырбай Мәуленов поэзиясы – адамгершілік тәрбиесінде ерекше маңызға ие рухани мұра. Оның шығармалары адам жан дүниесінің тазалығы мен ізгілігін дәріптеп, оқырманға өмірлік маңызды құндылықтарды ұғындыруға бағытталған. Ақын поэзиясында адамгершілік – тек жеке тұлғаның ғана емес, қоғамның дамуы мен тыныштығының негізі ретінде қарастырылады.

Рухани құндылықтарды насихаттауда Сырбайдың поэзиясы көркемдік тіл мен терең философиялық ойлардың үйлесімі арқылы ерекше рөл атқарады. Оның өлеңдері арқылы оқырман ішкі дүниесін тазалап, өмірге деген көзқарасын өзгертеді, адамгершілікке ұмтылады. Бұл поэзияның тәрбиелік маңызы – рухани кемелденуге шақыруда.

Қазіргі қоғам жағдайында ақын мұратының өзектілігі одан әрі арта түседі. Жаһандану мен технологияның дамуы адамзаттың рухани құндылықтарын қайта қарауға мәжбүрлейді. Осындай кезде Сырбай Мәуленовтің адамгершілік, тазалық пен табиғатқа деген сүйіспеншілік туралы идеялары жастар мен үлкендердің рухани тірегі бола алады.

Сырбай поэзиясы рухани құндылықтарды насихаттауда көркемдік тіл мен сөз шеберлігінің жоғары үлгісі болып табылады. Ақынның шеберлігі мен терең философиялық ойлары оқырманды терең толғанысқа жетелеп, рухани байлыққа баулиды. Оның шығармалары – рухани тазалық пен адамгершіліктің маңыздылығын көрсететін көркем мұра.

Қазіргі қоғам үшін Сырбай Мәуленовтің мұраты өзекті әрі маңызды. Бүгінгі заманда рухани құндылықтардың, адамгершіліктің әлсіреуі қоғамдағы келеңсіз жағдайларға алып келуде. Сондықтан ақынның адам жанының сұлулығын дәріптеу, ішкі тазалық пен ізгілікке үндейтін өлеңдері қазіргі уақыттың рухани көзі болып табылады. Оның шығармашылығы – қоғамды тәрбиелеудің, адамгершілікті насихаттаудың таптырмас құралы.

Осы себептен, Сырбай Мәуленов поэзиясын зерделеу, оның адамгершілік пен рухани тазалық мұратын ұрпаққа жеткізу – бүгінгі мәдени-рухани дамудың маңызды бағыттарының бірі.

айдаланылған әдебиеттер

1.Мәуленов, С. Шығармалар / Сырбай Мәуленов. – Алматы: Жазушы, 1990. – 320 б.
2.Қасым, Қ. Қазақ поэзиясының тарихы / Қасым Қайсенов. – Алматы: Ғылым, 2005. – 480 б.
3.Әбдірахманов, Б. Адамгершілік және руханият мәселелері / Бекзат Әбдірахманов. – Нұр-Сұлтан: Руханият, 2018. – 250 б.
4.Назарбаев, Н. Рухани жаңғыру: Қазақстанның болашағы / Н. Назарбаев. – Астана: Елбасы, 2017. – 150 б.
5.Сұлтанов, М. Қазақ поэзиясының адамгершілік идеялары / Мұрат Сұлтанов. – Алматы: Мектеп, 2012. – 210 б.
6.Абай Құнанбаев. Өлеңдер / Абай Құнанбаев. – Алматы: Жазушы, 2007. – 400 б.

Билял Медет Жақсылықұлы,
Сырбай Мәуленов атындағы
№37 мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ЖӘНЕ САРБАЗДЫҚ РУХ: ПОЭЗИЯДАҒЫ ӨМІР МЕН ЕЛГЕ ДЕГЕН АДАЛДЫҚ

Сарбаздық рух — бұл Батырлық пен Отанға адалдықтың, тағдыры қиын шақтарда адамдық қасиеттердің шыңдалуының көрінісі. Қазақ поэзиясында соғыс, ерлік, жанқиярлық және рухани жауапкершілік тақырыптары әрдайым маңызды болған. Солардың ішінде Сырбай Мәуленов – жүрегі соғыс зарымен соққан, адам мен қоғам арасындағы қатынасты, ерлік пен рухани күшті жырламайынша тыныспайтын ақын. Оның өлеңдерінде сарбаздық рух тек әскери мағынада ғана емес, сондай-ақ моральдық, рухани, эстетикалық тұрғыда да көрініс табады.

Бұл мақалада оның өмір тағдыбы, соғыс тәжірибесі, өлеңдерінің мазмұны және сарбаздық рухтың көркемдік бейнелері талданып, тәрбиелік мәні мен бүгінгі күнге әсері қарастырылады.

Ақынның өмірі: сарбаздық рухтың қайнар көзі

Сырбай Мәуленов 17 қыркүйек 1922 жылы Торғайда (қазіргі Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы) туған. Ол арғын руының Шақшақ тайпасынан.

Ұлы Отан соғысы кезінде, әскерге шақырылған соң, Volhov майданында қатардағы жауынгер ретінде қызмет еткен. Алайда, соғыс бел ортасында ауыр жарақат алып, ауруханадан кейін әскери борышын толық атқара алмай, елге оралған.

Бұл майдан кезеңі оның өмірінің шешуші бөлігі болып, жырларының жан дүниесін, поэзиясының арнасын айқындады. Ақын “Он сегізде жүрдім Дон алабында...” сияқты өлең жолдарында жас сарбаздың сезімін, оның қорқынышын, үмітін, ауыртпалығын шебер жеткізеді.

Сондай-ақ, Мәуленов көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болды: «Қызыл жұлдыз» ордені, «Ленинградты қорғаушы» медалі және басқа да наградалары. Бұл әділетті бағалау ақынның ерлікке араласқан ісінің қоғам тарапынан да танылғандығын көрсетеді.

Сарбаздық рух тақырыбы өлеңдерінде: мазмұн мен бейнелер

Ақынның өлең жазғанда алдына қойған үлкен мақсаттарының бірі — соғыс, ерлік және адам тағдыры арқылы жалпы адамдық, ұлттық, рухани құндылықтарды көрсету. Бұл мақсат сарбаздық рух тақырыбында ерекше көрінеді.

1. Жас сарбаздың көзімен

“Он сегізде жүрдім Дон алабында,
Үлкенмін бе, әлде жас баламын ба.
Қара жаңбыр, қара түн, қара жел де,
Қақпа алдында тұрамын қарауылда…”

Бұл өлең жолдары жас сарбаздың трагедиялық сезімін, жас пен үлкендік арасындағы шекараны, соғыстың ауыртпақтығын, жүректегі қорқыныш пен жауапкершілікті сұрыптап береді. “Қара жаңбыр”, “қара түн”, “қара жел” — символдық бейнелер, ауыртпалық пен қатыгездік атмосферасын көрсетеді.

2. Ерлік пен борыш, жауапкершілік

Мәуленовтің көп өлеңдерінде жастарды, адамдарды елге, Отанға, адамшылыққа адал болуға шақыру, қиын шақта қарапайым адам да батырға айнала алады деген сенім бар.

Мысалы, “Қайтармыз Қазақстанға” деген өлеңінде:

“Асқар тауға шығармыз,
Бұлтымен бір бұлдырап.
Қайратты күш шыдатпас,

Шығар жаудың талқаны,
Қайтармыз Қазақстанға,
Аралармыз Арқаны.”

Бұл жолдарда Отанға оралу, майданнан жеңіс тілегі, елдің тағдырын қалпына келтіру, алдағы болашаққа деген сенім байқалады.

3. Өлім мен өмір, үміт пен қайғы арасында

Соғыс – өлім мен өмір арасындағы күрес. Ақын өлімнің жақындығын сезінуімен қатар, өмірге, болашаққа үмітпен қараған. “Майдан деген сапырылған қан екен, / Қиын-қиын қилы жолы бар екен…” — бұл өлең жолдарында майданның қаншалықты ауыр, сынға толы екенін көрсетсе де, өлеңнің жалғасында “Мен ораламын” сезімі бар.

4. Адамгершілік, рухани асылдық

Сарбаздық рухта жауынгердің физикалық ерлігі ғана емес, жан-дүниесінің, адалдығының, адамгершілік қасиеттерінің көрінісі үлкен. Мәуленовтың өлеңдерінде досқа деген сенім, жігер, қайсарлық, “елін, жерін ұмытпау” идеясы жиі кездеседі. Ол соғыстан оралған адам ғана емес, әрбір азаматтың рухани сарбазы болуын жырлайды.

Поэтикалық әдістер: қалайша көрінеді

Сырбай Мәуленов сарбаздық рухты өлеңдік құрылым мен тіл арқылы да өміршең етеді. Ол қолданатын әдеби әдістер:

- **Символика мен метафора**: “қара жаңбыр”, “қара түн”, “қақпа алдында қарауыл” сияқты бейнелер арқылы соғыстың рухани ауыртпалығы, адам санасындағы үрей мен үміт қатар жүруі сезіледі.
- **Қайталаулар, рефрендер**: қайталанатын сөздер мен мотивтер өлеңге ырғақ береді, эмоцияны күшейтеді, оқырмандын ондағы сезімді әлдеқайда күшті қабылдауына ықпал етеді.
- **Лирикалық кейіпкер арқылы баян**: ақын өзінің сезімін, жас сарбаздың ішкі әлемін лирикалық кейіпкер арқылы жеткізеді, оқырман сол адамның қасіретін, арманын сезінеді.
- **Контрасттар**: өмір мен өлім, үміт пен үрей, тыныштық пен соғыс тынысы — бәрі қарама-қарсы бейнелер арқылы көркемделеді.
- **Үндеулер мен сұрақтар**: оқырманды ойландыру үшін сұрақтар қою немесе үндеу тону қолданылады. Батырлық тек алғыс таяқтайтын жеңістен емес, күнделікті таңдау мен жауапкершіліктен тұратынын көрсетеді.

Тәрбие мен моральдық маңызы

Сырбай Мәуленов поэзиясының тәрбиелік мәні зор, әсіресе сарбаздық рух тақырыбында:

- **Жас ұрпаққа үлгі болу**: Ақынның өз тәжірибесі — жас кезінде майданға аттану, жарақат алу, бірақ өмірге қайта оралу — бұл өз міндетін сезіну, жауапкершілікті мойындау туралы үлгі.
- **Рухтың беріктігі**: ауыр сәттерде дағдарысқа мойынсұнбау, рухты жоғалтпау — осы қасиеттер өмірде, әркімнің өз жолында маңызды.
- **Ұлттық сана мен патриотизм**: Отан, туған жерге деген сүйіспеншілік; ұлттық тарихты, батырларды еске алу — бұл өлеңдердің оқырманына ұлттық рухты сезінуге мүмкіндік береді.
- **Моральдық таңдау**: ерлік — бұл таңдау. Қай кезде де адам өз ісіне, сөздеріне жауапты болуы тиіс. Мәуленов бұл арқылы адамгершілік, адалдық, әділет сияқты құндылықтарды нығайтады.

Салмақты ойлар: сапалы сарбаздық рухтың шарттары

Өткеннің таңбасы өлеңде көрінеді, бірақ ол мәңгілік болу үшін бірнеше шарттар керек:

1. **Шынайылық**, өмірден алынған детальдар. Мәуленовтың майдандағы көргендері — жарақат, қиындық, үмітсіздік — бәрі поэзиясына шынайы бояу береді. Ұсынулардың шынайы болуы оқырманның жүрегіне тиеді.

2. **Жеке трагедия мен ұлтаралық мәннің синтезі**: жеке адам тағдыры арқылы жалпы халық тағдыры көрінеді.

3. **Рухани тереңдік**: батырлық тек сыртқы іс-әрекет емес, ішкі жан дүниедегі шыңдалу, адамгершілік қасиеттердің сынақтан өтуі.

4. **Тілдік мәдениет, поэтикалық шеберлік**: поэзияның айтылуы, өлеңнің ырғақты болуы, бейнелілігі — бәрі сарбаздық рухты эстетикалық тұрғыдан көтереді.

Бүгінгі күндегі мәні

Салтанатты ұлы ерлік оқиғалары бүгінгі күнде де ұмытылмауы тиіс. Мәуленов поэзиясы соны ұмытпауға, жастарға рухани азық болуға қабілетті:

- Қазіргі жағдайда отаншылдық, елге деген құрмет, бірлік идеяларының маңызы артып келеді. Әсіресе тұрмыс желпесек, кейде қиындық көп заманда.
- Соғыс, батырлық туралы жырлар — бұл тек тарихи дерек емес, адам өміріндегі сын мен қиындыққа төзе білу, адамгершілікке берікті болу туралы сабақ.
- Мәуленовтің поэзиясы өнер, әдебиет саласында ғана емес, азаматтық тәрбиеде, мектеп бағдарламаларында да үлгі болуы қажет.
- Жастар өнері арқылы рухани күшін, ұлттық болмысын танып, өлеңнің күшімен болашағына үмітпен қарауы тиіс.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов шығармашылығындағы **сарбаздық рух** — бұл поэзия мен өмірдің, ерлік пен адамгершіліктің, борыш пен жан сезімінің өрнегі. Ақын өзі майдангер болғандықтан, жанынан өтіп, жүрегімен көрген ауыртпалықты, өлім мен өмір арасындағы арпалысты шығармаларына терең жеткізеді. Оның өлеңдерінде баталғыш жүрек, қайталанбас жан салмағы, өз отанына, халқына шексіз сүйіспеншілік бар.

Сарбаздық рух — Мәуленовтың поэзиясының ғана емес, ұлттық рух пен адамдық қасиетінің де тірегі. Осы поэзия арқылы біз өткенге құрметпен қарап, болашаққа сеніммен қарауға шақырамыз. Өткеннің мұрасы – бүгіннің рухани азығы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. 4 томдық. – Алматы: Жазушы, 1978–1992 жж.
2. Мәуленов С. Дон алабында. – Алматы: Қазақстан, 1972.
3. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973.
4. Әбдірашев Т. Сырбай Мәуленов поэзиясы туралы ойлар // Қазақ әдебиеті. – 1982. – №6.
5. Бердібаев Р. Қазақ әдебиеті және тарихи шындық. – Алматы: Ғылым, 1991.
6. Кәкішев Т. Оңаша отауда. – Алматы: Жазушы, 1986.
7. Қирабаев С. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1973.
8. Сырбай Мәуленов туралы естеліктер мен мақалалар // adebiportal.kz – https://adebiportal.kz
9. Сырбай Мәуленов. Өмірбаяны мен шығармашылығы // kraeved-kst.kz – https://www.kraeved-kst.kz
10. Сырбай Мәуленов туралы қысқаша мәліметтер//Wikipedia – https://ru.wikipedia.org/wiki/Сырбай_Мәуленов
11. Ust.kz мұғалімдер порталы. С.Мәуленов шығармаларынан үзінділер мен талдаулар – https://ust.kz

Борибаева Айкумис Бакытбековна,
Астана қаласы,
Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
(сарбаздар бейнесі)

Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың екінші жартысында айрықша із қалдырған ақындардың бірі - Сырбай Мәуленов. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, сөз зергері отаншылдық рухты, жауынгерлік ерлікті жырлаған ақындардың бірі. Оның шығармашылық әлемі қазақ поэзиясының дамуына зор үлес қосты. Мәуленов поэзиясының басты арналы тақырыптарының бірі - Отан қорғаушылардың ерлігін, жауынгерлердің сарбаздық рухын жырлау. Ақынның шығармашылық әлемі оның өмір жолымен тығыз байланысты. Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, алғы шепте шайқасқан. Соғыстың отты жылдарында көрген қиындықтары, жауынгерлік өмірі оның кейінгі поэзиясының негізгі тақырыптарының біріне айналды. Жас жауынгердің соғыс даласындағы көрген-білгені, бастан кешкен ауыр күндері оның жан дүниесіне, ақындық болмысына терең із қалдырды. Бұл кезең - оның азаматтық әрі ақындық көзқарасының қалыптасуына зор ықпал етті. Сондықтан да оның поэзиясында сарбаздық рух тек соғыс тақырыбы ғана емес, жалпы адамгершілік, елжандылық, отаншылдық идеяларымен сабақтасып жатыр. Қазақ поэзиясына нағыз сыршыл сезімді, шынайы, көркем бейнелі өлең үлгісін әкелгендердің жуан ортасында дүр тұлғалы Сырбай ақынның орны өзгеше. Қан майданда қар жастанып, мұз төсендірген соғыстың қайғы-қасіретін, өмір мен өлім айқасын өз көзімен көруі, көңілге түюі – ақын жырларының аясын кеңейтіп, көрген-білгенін ойында терең қорытып, тіршілік философиясына айналдыруына себепші болғаны анық. Сұм соғыста бір қолын жоғалтып, жарадар болып қайтса да ақын 58 кітап жазған екен. Тәні ғана емес, жаны да мүгедек болып келсе де мөлдір сезімді жастық отынан, жан сұлулығынан ажыратпаған. Әсіресе, соғыс тақырыбында жан сарайыңды өртеп өтер өлмес, өшпес өнеге үлгілерін жасап қалдырды. Бұл тақырыптағы қазақ поэзиясының алтын қорын байытқан «Түбірлер», «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңдерін ауызға алсақ та жетіп жатыр. Қасиет пен киеге суарылған мұндай өлеңдер ақынның жыр кітаптарында молынан ұшырасады.

С.Мәуленовтің соғыс тақырыбына қатысты жазған очерктері баспасөз бетінде көп жарияланды. Ол соғыс туралы репортаждан бастап, майдангерлер өміріне дейін жазды. Оның публицист өзінің «Телтолқын» атты кітабында: «Соғыс мені күйретті де, көп нәрсеге үйретті. Тәніме мәңгі өшпейтін таңбасын түсірді. Әкемнің жақын інілерін жалмап, жаныма жазылуы қиын жара да салды. Соғыс тақырыбына айналып соға беретінім де сондықтан», -дейді. Жеңіс үшін Сырбай да үлес қосты. Ол қан майданда бір қолынан айырылды:

Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім. [5, 216-218 б]

Сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталуы С.Мәуленовтің жалынды мақалалар жазуына негіз болды. Өлең өлкесіне келген әр ақын Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, Сырбайша сөйлеуге ұмтылады. Қазіргі әдебиеттегі алпысқа келгендер мен төменгі буынның барлығының болмысында міндетті түрде Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар. Сырбай Мәуленов тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс. Сырбай − қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Өлеңдерінің ерекше бір қасиеті: ол ойын лирикалық герой арқылы, көбінесе өз атынан сөйлейді, өз қатынасын, өз көзқарасын, өз сезімін толғайды. Өз атынан сөйлеу,

«мен» деп айту сәтті шыққан жағдайда ақын жырын оқушыға жақындата түседі. Ал сәтсіз болса, оқушы ақын пікірін, ақын сезімін қабылдамайды. Біздің әдебиет сынымызда соңғы кезге дейін лирикалық геройға тиісті баға берілмей келді. Ақын қандай нәрсені өз атынан жазу керек, қай жерде «мен» деп айту керек деген таластар да жоқ емес. Егер де ақын «мен» деп айтса, өз атынан сөйлесе, өз сезімін айтса, тар шеңберде қалып қояды, жеке бастың сезімін жырлайды деген пікірлер де бар. Меніңше, «ақынның қандай нәрсені өз атынан айтуы керек?» деген талас болмасқа тиіс. Өлеңнің тар шеңберде қалып қоюы, не болмаса өлең маңызының терең болуы ақынның өз атынан көптің сезімін бере білуінде. Өз басына жақын, өз басының сезімін қайғы-қуанышын жырласа немесе көпке ортақ саяси мәселелерді жырласа да тар шеңберде қалып қоюға болады. Ал, кейде жеке бастың қайғысын не қуанышын жырлауда, көпке ортақ тіл, көптің көңіліне жол табуға болады. Мысалы, осы жинағындағы Сырбай Мәуленовтің «Ұлыма», «Әкеме» деген өлеңдері жеке бастағы, ақынның өз басындағы жағдайдың негізінде құрылған сияқты. Ақын өз қайғысын, өз қуанышын жырлай отырып, көптің көңілін толғантар ой тастаған.

Көз жұмдың былтырғы өткен апрельде,
Табытың түсірілді тақыр жерге.
Жастықтың жалынымен бір жалғасып,
Ұзарған кәрі өмірің жатыр менде.[6, 127-б]

Мұнда ақын өз әкесін көпке ортақ әке етуге, не болмаса әркімнің басында ондай жағдайдың боларын айтуға тырыспайды, алдыңғы екі жолда өлеңдегі оқиға өз басында болғанын нақтылы анық айтады. Осы жеке адамның қайғысы оның болашаққа сенімі әшекейсіз, бірақ көркем берілгендіктен өлеңдегі сезімді оқушының жүрегіне жақын етеді. Қорыта айтқанда Сырбай Мәуленовтың әдебиет әлемінде алар орны зор. Оның сырға толы өлеңдері мәңгі халықтың жүрегінде. Сырбай Мәуленовтің сарбаздық тақырыптағы өлеңдерінің негізінде оның соғыс майданындағы өмір тәжірибесі жатыр. Ол от пен оқтың ортасында жүріп, жауынгерлердің ерлігін, қайсарлығын көзімен көрді. Бұл әсерлер кейін оның шығармаларына өзек болды. Ақынның алғашқы өлеңдерінде-ақ жауынгер бейнесі басты кейіпкер ретінде көрінеді. Ол өз замандастарының ерлігін шынайы, өмірге жақын суреттейді. Бұл өлеңдерде пафос пен патриотизм ғана емес, сондай-ақ майдангердің жан толғанысы, сағынышы, үміті мен қорқынышы да бейнеленеді. Мәуленовтің «Жауынгер жыры» атты өлеңі - сарбаздық рухтың жарқын көрінісі. Бұл өлеңде ақын жауынгердің Отан үшін от кешуге әзір тұратын қайсар мінезін суреттейді. Ерлікті, батырлықты дәріптейді. Жауынгерлердің рухани бірлігін көрсетеді. Өлеңнің әр шумағынан жігер мен қайрат, сенім мен үміт сезіледі. Ақынның бұл туындысы сол кездегі жас жауынгерлердің рухын көтеруге үлкен әсер еткен. Соғыс тақырыбындағы тағы бір маңызды өлең - «Майданнан хат». Мұнда ақын жауынгердің туған еліне деген сағынышын бейнелей отырып, Отан алдындағы борышын өтеуге ант еткен сарбаздың рухын ашады. Жауынгер туған ауылын, елін еске ала отырып, соғыстағы ауыр жағдайға мойымайды. Елге аман оралу үміті мен жауды жеңуге деген сенім оның қайратын күшейтеді. Бұл өлең - сарбаздың рухани биіктігін, адамдық парасатын көрсететін көркем туынды. Соғыс біткен соң да Сырбай Мәуленов шығармаларында сарбаздық рух жойылған жоқ. Керісінше, ол бейбіт өмірдегі ерлікпен, еңбекпен жалғасын тапты. Ақынның «Соғыстан қайтқан солдаттар» атты өлеңінде майданнан аман келген жауынгерлердің бейбіт өмірге бейімделіп, елді қалпына келтіруге атсалысып жүргені суреттеледі. Бұл туындыда сарбаздың ерлік мінезі бейбіт еңбекте де сақталғаны, жауынгерлік шыңдалудың өмірлік тәжірибе болғаны көрсетіледі. Сырбай Мәуленов соғыстан кейінгі өлеңдерінде де батырлықты ұрпаққа үлгі ету идеясын басты орынға қояды. Ол ерлікті тек өткеннің естелігі ретінде емес, жастардың бойына сіңетін өнеге деп қарастырады. Ақынның көптеген публицистикалық өлеңдері мен поэмаларында: Ардагерлерге құрмет, Ерлікті бағалау, Жастарды Отанға адал қызмет етуге шақыру идеялары айқын көрінеді. Сырбай Мәуленовтің сарбаздық тақырыптағы шығармаларында басты кейіпкерлер - қарапайым жауынгерлер. Ақын оларды асыра дәріптемей, шынайы өмірдегідей, адамдық

болмысымен бейнелейді. Олар қорқа да біледі, бірақ борыш алдындағы жауапкершілік оларды қайсар етеді. Бұл тәсіл оқырманға олардың бейнесін жақындатады. Ақын сарбаздық рухты жеткізу үшін: Патриоттық пафос, көтеріңкі үн; Метафора, эпитет, теңеу, қайталау сияқты көркемдік құралдарды кең қолданады. Лирикалық кейіпкердің ішкі монологы арқылы оның жан дүниесін ашады. «Жеңіс жыры» өлеңінде ақын Жеңіс күнінің қуанышы мен сарбаздардың ерлігін дәріптейді.

Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді анама.
Жеңіс келді халқымның
Жас толқынды балама».[1, 97-б]

Бұл шумақта Жеңістің халық өміріне әкелген қуанышы бейнеленген.«Далама», «анама», «балама» деген қайталанулар арқылы Жеңістің бүкіл халық үшін ортақ мейрам екені көрінеді.Мұнда сарбаздық рух – Отан үшін күрестің нәтижесі ретінде, халықтың асқақ мерейі ретінде суреттелген. Сарбаздар» өлеңінде сарбаз бейнесін қарапайым халық балалары арқылы ашқан.

Кеше ғана егінші,
Бүгін міне – ер кісі.
Қолға қару ұстаған,
Жауға қарсы шықты жас.[2,71-б]

Шумақтағы сарбаз – кеше ғана бейбіт еңбектің иесі, ал қазір майданның батыры. Кеше ғана егінші, бүгін міне – ер кісі» деген жолдар уақыттың тез өзгерісін, халықтың жауынгерге айналғанын көрсетеді. Мұнда сарбаздық рух – қарапайым қазақ жастарының батырлыққа дайын тұруымен көрінеді. «Қазақ солдаты» өлеңінде қазақ жауынгерінің символдық бейнесі.

Туған жердің топырағын
Төс қалқаны қып ұстап,
Жауға қарсы шапқан ол
Желбіретіп ту ұстап. [2, 56-б]

Қазақ солдаты туған жердің әрбір түйір топырағын қасиет тұтады. «Төс қалқаны қып ұстап» деген бейнелі тіркес – сарбаздың жанқиярлығы мен рухани күші. «Желбіретіп ту ұстап» – жеңіске деген сенім мен отаншылдық рухты білдіреді.

Лирикалық сарбаздық өлеңдері

Ана, сенің жаныңдамын,
Көз алдымда ауылым.
Жау ортасында жүрсем де
Сенен күш ап жау қырдым. [2, 48-б]

Мұнда сарбаздың ішкі жан дүниесі, ананы, ауылды сағынуы берілген. «Сенен күш ап жау қырдым» – ана мен ауылға деген сағыныштың сарбазға рух бергенін көрсетеді. Сағыныш сезімі сарбаздың ерлігіне қуат береді. Сырбайдың өлең жолдарын саралай келе, сарбаздық рух – тек қарулы ерлік қана емес, ол халықтық бірлік, ұлттық намыс, туған жерге сүйіспеншілік. Сырбай сарбазды бірде қаһарман, бірде нәзік жүректі жан етіп бейнелейді. Оның өлеңдері жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейді.

Сырбай Мәуленов жайлы сөз қозғағанда көпшілік оның ақындық қырына ғана мән береді. Әдебиетіміздегі тау тұлғаларымыздың бірі десек, ешкім дау тудыра қоймас. Алайда, қазақ баспасөзінің қысылтаяң сәтінде санаулылардың бірі болып Сырбай Мәуленовтің мерзімді басылымдарда аянбай еңбек еткенін жоққа шығара алмаспыз. Жариялынымдарының басым көпшілігі естеліктер мен өлеңдер, очерктер екені рас. Шығармаларына «әдеби» деген баға берсек те, олардың тұнып тұрған публицистика екенін де оқыған адам бірден таниды. Әрбірінің өзіндік қоғамдық мәні бар. Ал қоғамдық мәні бар тақырыптарға арналған туындыларды қай жағдайда да публицистикаға жатқызуға болады. Қай мақаласын, очеркін алып қарасаң да шынайы, батыл көркем тілмен жазылған. Ақиқатпен бетпе-бет келу оңай болмаса да, көзіңмен көргеніңді жазу ол

әлдеқайда артық. Сырбайды публицист қылған да осы өмір мектебі. Ол көзімен көргенін қағазға түсірмейінше байыз таппайтын оперативті маман болған. Сарбаздық рух - Сырбай Мәуленов шығармаларының тұтас тақырыптық-идеялық арқауы болып табылады. Бұл тақырып: Соғыстағы ерлік; Бейбіт өмірдегі еңбек; Патриоттық тәрбие сияқты бірнеше қырда көрініс табады. Сырбай Мәуленов поэзиясы - жастарды Отанды сүюге, қорғауға тәрбиелейтін рухани құрал. Оның өлеңдеріндегі ержүрек жауынгер бейнелері - жас ұрпаққа үлгі. Ақын жастарды ел тағдырын ойлайтын, жауапкершілікті азамат болуға шақырады. Ақынның шығармалары жастарды: Бейбіт өмірдің қадірін білуге; Соғыстың зардаптарын ұмытпауға; Ел бірлігін сақтау қажеттігін ұғынуға шақырады.Бұл тұрғыдан Сырбай Мәуленов шығармалары бүгінгі таңда да өзекті.

Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух тақырыбы қазіргі ғылым мен қоғам алдында үлкен маңызға ие, себебі ол ұлттық рухты сақтау мен дамыту мәселелеріне терең үңілуге мүмкіндік береді. Мәуленовтың шығармалары арқылы қазақ халқының тарихындағы батырлық пен ерлікке, рухани құндылықтарға деген көзқарасымызды қайта қарастыра аламыз. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі ұлттық мәдениеттердің ерекшеліктерін жойып жіберу қаупін төндіріп тұрғанда, біздің әдеби мұраларымызды зерттеу аса өзекті болып отыр. Қай кезеңде болмасын, сарбаздық рухтың маңыздылығы арта түседі ме? Сырбай Мәуленовтың туындылары бұл сұрақтарға жауап беруге септігін тигізеді. Мәуленовтың шығармалары арқылы біз ұлттық сана мен рухтың сақталуының қаншалықты маңызды екенін түсінеміз.

Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух- ерлік пен батырлықтың, отансүйгіштік пен адамгершіліктің көркем бейнесі. Ақын өмірінің, заманының және поэзиясының басты айнасы. Ол соғыстағы жауынгердің батырлығын ғана емес, халықтың төзімі мен бірлігін, сарбаздың рухани беріктігін жырлады.Ол соғыс жылдарындағы қайсар жауынгерлердің бейнесін жырлап қана қоймай, олардың ерлігін бейбіт өмірдегі еңбекпен сабақтастыра білді. Мәуленов үшін сарбаздық рух - тек қарумен шайқасу емес, туған жерді сүю, оның болашағы үшін аянбай тер төгу, Отан алдындағы борышты адал атқару.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясы - бүгінгі ұрпақ үшін де қымбат рухани мұра. Ондағы сарбаздық рух жастарды ерлікке, жауапкершілікке, елжандылыққа баулиды. Осы тұрғыдан алғанда, оның шығармалары қазақ әдебиетіндегі патриоттық сарынды жырлаған көрнекті туындылардың қатарынан орын алады. Сарбаздық рух – қазақ халқының мәңгілік қазынасы. Ол – елін сүйген ерлердің жүрегінде маздаған от, болашаққа жол сілтер шамшырақ. Сырбай Мәуленов айтқандай:

«Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді анама.
Жеңіс келді халқымның
Жас толқынды балама».[1, 97-б]

Бұл жолдар – болашақ ұрпаққа аманат. Әрбір жас жеңістің қадірін біліп, Отан үшін күрескен сарбаздардың рухын жүрегінде сақтауы керек. Сарбаздық рух – батырлықтың ғана емес, бейбіт өмірдің де кепілі.

«Кеше ғана егінші, Бүгін міне – ер кісі» – деген өлең жолдары халықтың кез келген ұлы ел басына күн туған сәтте сарбазға айналатынын көрсетеді. Бұл – болашақ ұрпаққа елді қорғауға әрдайым дайын болудың өсиеті.Сырбайдың поэзиясы бізге мынаны үйретеді: сарбаздық рух – туған жерге сүйіспеншілік, ұлттық намыс пен отансүйгіштіктің мәңгілік туы. Болашақ ұрпақ осы рухты бойына сіңіріп, бейбіт өмірдің бағасын білсін.

Мәуленовтың шығармалары арқылы біз ұлттық сана мен рухтың сақталуының қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Ол шығармалардағы батырлық пен ерлік, ұлттық рухтың көріністері бүгінгі жастарға үлгі боларлықтай. Бұл зерттеу қазақ әдебиетінің бай мұрасын тереңірек түсінуге, сол арқылы ұлттық құндылықтарды нығайтуға үлкен үлес қосады. Осылайша, Сырбай Мәуленовтың шығармалары арқылы біз өзіміздің рухани байлығымызды қайтадан бағалап, оны болашақ ұрпаққа жеткізе аламыз.

Сарбаздық рух - өткеннің тарихында ғана қалған ұғым емес, ол болашаққа жол сілтер мәңгілік шамшырақ. Жаужүрек сарбаздардың ерлігі -бүгінгі бейбіт өмірдің іргетасы, ал олардың рухы - келешек ұрпақтың жүрегіне жігер құятын қайнар бұлақ. Болашақ ұрпақ сарбаздық рухтан елге деген сүйіспеншілікті, Отанға адалдықты, қиындыққа мойымауды үйренуі тиіс. Бұл рух - тәуелсіздікті қорғаудың, бірлікті сақтаудың, бейбіт өмірдің қадірін түсінудің кепілі. Сондықтан сарбаздық рух - болашақтың бойына сіңетін отаншылдық пен ұлттық намыстың мәңгілік мұрасы.

Әдебиеттер тізімі:
1. Мәуленов С. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1964. – 210 б.
2. Мәуленов С. Соғыстан қайтқан солдаттар. – Алматы, 1948. – 80 б.
3. Мәуленов С. Телтолқын. – Алматы: Жазушы, 1972. – 280 б.
4. Мәуленов С. Қарғыра мен қайыңдар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 256 б.
5. adebiportal.kz – «Сырбай Мәуленов шығармашылығы» [электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://adebiportal.kz
6. bilim-all.kz – «Сырбай Мәуленов өлеңдері» [электронды ресурс]. – Қолжетімді: https://bilim-all.kz

Бифатима Ғалымқызы,
Алматы қаласы,
№204 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Аннотация

Бұл баяндамада қазақ балалар әдебиетінің дамуына үлес қосқан көрнекті ақын Сырбай Мәуленовтің балаларға арнаған өлеңдері жанрлық және тақырыптық тұрғыда талданып, олардың тәрбиелік және эстетикалық маңызын айқындалған. Ақын поэзиясындағы табиғатты аялау, достықты қадірлеу, батылдық пен адалдыққа үндеу, туған жерге сүйіспеншілік сияқты идеялар балаларға рухани тәрбие берудің құралы ретінде қарастырылады. Сырбай Мәуленовтің қазақ балалар әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар, ұлттық руханиятқа айрықша үлес қосқан қаламгер екендігі сөз болады.

Кілт сөздер: балалар әдебиеті, шығармашылық, табиғат, отаншылдық, руханият, әдебиет жанры, эстетика, өлең жолдары, көркемдік тәсіл, әдеби мұра, оқырман психология, адалдық, сүйіспеншілік, бала тәрбиесі.

Қазақ балалар әдебиеті – ұлттық руханияттың маңызды саласы. Баланың ой-өрісін кеңейтуге, қиялын байытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға үлкен ықпал ететін бұл әдебиет жанрына көптеген ақындар қалам тербеді. Солардың ішінде Сырбай Мәуленовтің орны ерекше. Ол – балаларға арнап жыр жазып, олардың жүрегіне жақын әлемді өлең өрнектері арқылы суреттеген ақын. Мәуленов шығармашылығы балаларға қуаныш сыйлаумен қатар оларды адалдыққа, еңбексүйгіштікке, табиғатты аялауға тәрбиелейді.

Сырбай Мәуленовтің әдеби мұрасында балаларға арналған жырлары айрықша орын алады. Ол жас оқырманның психологиясын жақсы түсініп, олардың жас ерекшелігіне лайық өлеңдер жазды. Ақын үшін балалар – болашақ иесі, ал сол болашақты тәрбиелеу – әдебиеттің басты міндеті.

Ақын Сырбай Мәуленов балалар әдебиетінің маңыздылығын дәл уақытында түсініп, түйсініп, оған ерекше көңіл бөлді. Ол «Қазақ әдебиеті» газетінде екі рет Бас редактор қызметін атқарған. С.Мәуленов басқарып тұрған уақытта балалар әдебиеті дәл бүгінгідей өзекті мәселе болыпты. Нақтырақ айтсақ, жазушы Сапарғали Бегалин «Балаларға әдебиет керек» деген мақаласында: «Қазақстанда балалар әдебиетінің жалпы жағдайын алып

қарайтын болсақ, бұл салада олқылықтың әлі де тым басым екенін аңғарамыз. Ең алдымен, біздің шығармаларымызға көркемдік терең шеберлік жетіспейді. Соның салдарынан жадағай үгіт, ақыл айтушылық басым. Бізде балалардың ұғымына жеңіл, тіліне орамды, қызықты өлеңдер, поэмалар да аз», – дейді [1].

Сырбай Мәуленовің тұсында әдеби апталықта балалар әдебиеті туралы мақалалар жиі басылған. Бұған біз ақын шығармашылығы жайлы мәліметтерді оқу барысында көз жеткіздік.

Балаларға арналған поэзияда ақындар табиғатты көп жағдайда кейіпкерге айналдырады. Мәселен, Сырбай ақын өзінің «Дауыл» атты өлеңінде былай жырлайды:

Тұңғиық түпсіз теңізді жауып,
Соғады дауыл, бұлт бұйраланып.
Атады быж-быж қайнап көбігін,
Толқынды толқын үйіріп қағып.
Жартасты айналып от таспадай
Мұңды найзағай жыландай иірілген,
Шатырлайды дүлей, алқымдайды үрей,
Көтерем бәрін иығыммен... [2]

Бұл өлеңде теңіз, дауыл, толқын, найзағай – бәрі тірі сияқты. Осындай бейнелеу тәсілі балалар шығармашылығына да тән, себебі бала қиялы табиғатты «тірі» етіп қабылдайды.

Өлеңдегі лирикалық кейіпкер дауыл мен найзағайдан қорықпай, қайсарлықпен қарсы тұр. Балалар әдебиеті түрлі кейіпкерлерді өмірдің сан қиындығынан алып шығып, күрескер ретінде бейнелейді. Халық ауыз әдебиетінің ерекше түрі саналатын ертегілерде де адам баласының ойынан туындаған кейіпкерлер кедергілерді қасқайып жеңіп, еліне, халқына көмектеседі. Бұл – балаларды тәрбиелеудің, оларды қиындыққа мойымауға баулудың жолы. Жоғарыда келтірген өлеңде де ақын өскелең ұрпақты батылдыққа, қайсарлыққа, өмір сынағына берілмеуге тәрбиелейді. Бұл «қиындықтан қашпа, күресе біл» деген ойды меңзейді. Өлең жолдарындағы табиғат суреттері мен арпалысты баланы сұлулықты сезінуге, төзімділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрететін астарлы үлгі деп қабылдағанымыз жөн. Бұл өлеңді балалар әдебиетінің арналған туынды ретінде талдасақ, ақынның басты мақсаты табиғатты бала жүрегіне жақындату және сол арқылы адамдық қасиеттерді қалыптастыру екені айқындалады.

Ақынның балалардың тіліне лайық өлеңінің бірі – «Жартас».

Бір алтын бұлт қонды келіп,
Алып тасқа жарқылдап,
Жөнелді ол ертеңгілік,
Көкте ойнап жалтылдап.
Кәрі жартас маңдайында,
Сол бұлттан бір қалды із.
Ойға батып айдалада,
Жыламсырап тұр жалғыз [3].

«Жартас» өлеңі балалар әдебиетіне тән – қарапайым, қиялға бай, тәрбиелік мәнді өлең. Мұнда ақын табиғатты адамға ұқсата суреттеп, балаға достық, адалдық, мейірімділік жайлы ой салған. Өлеңде жартас жалғыз жыламсырап тұрған қарт адам бейнесінде суреттеледі. Бұлт – ойын баласындай, келіп қонады, ойнап жалтылдап қайта кетеді. Бұл тәсіл балаларға табиғатты жақындатады: тас пен бұлт тірі бейнеге айналып, бала қиялына қонымды әсер етеді.

Өлең жолдарындағы «Алтын бұлт», «жалтылдау», «ойнап» деген сөздер көркем әрі ойнақы. Мұндай сөздер балаға қызық, көңілін баурайды.

Өлеңде жартас жалғыз қалып, мұңға батады. Мұны балаларға достықты қадірлеу, жалғыз қалғанды жұбату, жанына сүйеу болу, адамды жалғыз тастап кетпеу идеяларымен байланыстырып түсіндіруге болады.

Сырбай Мәуленовтің «Бала жолбарыс» өлеңі – мазмұны мен көркемдігі тұрғысынан балалар әдебиетіне өте жақын шығарма. Онда балалық шақтың қиялы, ойын-сауық, қорқыныш пен қуаныш қатар өріліп, тәрбиелік мәнге ие ой өріледі. Өлең жолдары кейде әке мен бала арасындағы диалогке негізделген.

Өлең кейіпкері күндізгі ойыннан шаршап үйге оралады. Бұл – әрбір баланың күнделікті өміріне таныс жағдай. Ұйықтар алдында қиялға беріліп, аймен сырласып, жұлдызға барудан бас тартуы баланың жерге, туған жеріне, отбасына деген сүйіспеншілігін білдіреді. Баланың айға барудан бас тартуының себебі: туған жердің көлін, гүлін, қысқы сырғанақ пен жазғы жайлауды, жануарларды, ата-анасын қимайтыны. Отанды, табиғатты, отбасыңды сүюге бағытталған бұл идея – балаларға арналған поэзиядағы негізгі мән. Бала қиялы түнде сиқыр, жын-шайтан, айда жүретін перілерге толы. Бұл балалардың қорқынышы мен арманын бейнелейді. Әкенің шынайы әңгімесі баланы тыныштандырады. Бұл жерде ақын: баланың қиялына түсіністікпен қарап, оны шындықпен тәрбиелеу керек деген ой айтады.

Өлеңдегі:

... Шертеді әкем әңгіме,

Баян етіп бір жайды.

Ашуланған әлгінде,

Шешем де кеп тыңдайды... [4], – деген жолдар отбасы құндылығының мәнін аша түседі. Әке – даналықтың, өмірлік тәжірибенің символы. Ол ертегіден шындыққа жетелейді. Ана – баласының уайымына алаңдаған мейірім иесі. Осы арқылы ақын отбасының бала тәрбиесіндегі рөліне назар аудартады.

«Бала жолбарыс» – Сырбай Мәуленовтің балалар әдебиетіне қосқан құнды туындыларының бірі. Өлеңде баланың күнделікті өмірі, қиялы мен қорқынышы, ата-ананың мейірімі арқылы отаншылдық, отбасыға құрмет, табиғатты сүю идеялары насихатталады. Бұл туынды балаларға ойнақы, қиялшыл болумен бірге, шындықты бағалауды үйретеді.

Ақынның балаларға арналған келесі бір «Дон Кихот» атты өлеңі – классикалық әдебиет кейіпкерін қазақ оқырманына жақындатып, соның ішінде балалар дүниетанымына әсер етуге қабілетті туынды.

Өлең:

«Жатар мезгіл. Көз ілмейміз сонда да

Кітап оқу қызық түнде – жатарда» [2], – деген жолдармен басталады. Ұйықтамай, қызық кітапқа беріліп кету – ақын өмір сүрген дәуірдегі білімге құштар балаларға тән құбылыс:. Ақын өзі өмір сүрген кезендегі балалардың кітапқа деген құштарлығын бейнелейді. Өлең кейіпкері Дон Кихоттың жел диірменімен шайқасы – балалар қиялына жақын, қызықты эпизод. Өлеңді оқиы отырып оқушы өзін кейіпкермен бірге сапарға шыққандай сезінеді. Бұл көркемдік тәсіл балалар әдебиетіне тән бала қиялын ояту, қиял мен шындықты араластыру ерекшеліктерін қамтиды.

Дон Кихот – мінезі қызық, кейде аңғал, бірақ адалдық пен әділдікті аңсаған кейіпкер. Өлеңде ол «соңғы сері, ұзын сирақ, арық» деп сипатталса да, батыл әрекеттерімен құрметке ие. Балалар әдебиеті үшін мұндай кейіпкер – батырлық пен әділдікке ұмтылудың үлгісі. Өлең соңында Сервантестің еңбегіне құрмет көрсетіледі.

«Дон Кихот» өлеңі балаларға әлемдік әдеби кейіпкерді таныстырып қана қоймай, оларды кітапты сүюге, қиялға берілудің әдемі әлемін бағалауға шақырады. Сырбай Мәуленов бұл туынды арқылы балалар әдебиеті мен классикалық әдебиеттің тоғысқан тұсын жас ұрпаққа тартымды етіп жеткізген.

Сырбай Мәуленовтің «Күндізгі нөсер» атты өлеңі – табиғат құбылысын әсерлі суреттейтін әрі балалар әдебиетіне тән жеңіл, ойнақы, қиялға бай туынды. Бұл өлеңде де балаларға етене таныс табиғат құбылыстарына жан бітіріле суреттелген. «Көк аспанды сілкілеп», «күн бұрқанды күркіреп» деген жолдар арқылы табиғат құбылыстары тірі кейіпкер сияқты бейнеленген.

Балалар үшін аспан мен күннің «ашулануы», жаңбырдың «ойнап жедел адымдауы» – қиялға қонымды, қызықты ұғымдар мен суреттер. Өлеңнің ұйқасы, ырғақты тармақтары балалардың қабылдауына жеңіл. «Сауылдап, ойнап, жедел адымдап» сияқты етістіктер қозғалысты күшейтіп, өлеңге ойнақылық реңк береді. Өлең балаларды табиғатты бақылауға, сұлулықты көруге, әсемдікке қызығуға үйретеді.

Бұл өлең – балаларға арналған табиғат лирикасының жарқын үлгісі. Өлеңде найзағайлы нөсер баланың көзімен қарағанда біресе ойнап жүрген, біресе шаттанған кейіпкерге айналады. Ақын осы арқылы балаларды табиғатты аялауға, оның сұлулығын көре білуге баулиды.

Мәуленов өз шығармашылығы арқылы балаларға табиғатты жете танытып, оның сұлулығын сезінуге үйретті. Құстардың сайрауы, гүлдердің әсемдігі, төрт мезгілдің құбылысы – оның өлеңдеріндегі басты тақырыптардың бірі. Мұндай шығармалар баланың эстетикалық талғамын қалыптастырып, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін оятады.

Ақынның балаларға арналған тағы бір өлеңі – «Менің Республикам». Бұл 2000-жылдарға дейінгі мектеп оқушыларына арналған Отан, туған жер туралы өлеңдердің көш басында тұрғаны ақиқат.

«Менің Республикам» – балаларға арналған отаншылдық, елжандылық бағыттағы өлеңдердің үлгісі. Мұнда туған жердің сұлулығы, кеңдігі, байлығы бейнеленіп, жас ұрпақтың бойына елге деген сүйіспеншілік сезімін дарыту көзделген. Өлеңде күрделі ұғым жоқ, әрбір балаға түсінікті табиғат көріністері беріледі («тау», «дала», «көл», «гүл», «күн»). Ұйқасы жеңіл, әндетіп айтуға ыңғайлы. Бұл – балалар поэзиясының басты ерекшелігі [4].

Өлең жолдарында тау «күнмен таласады», көл «теңізбен қол ұстасады», дала «көкжиекпен ұштасады». Бұл ұғымдар – балаға бейнелі ойлауды үйрететін көркем теңеулер.

Балалар әдебиетінің мақсаты – әсемдікке баулу. Өлеңдегі суреттер («қызыл бұлттай гүл», «мөлдір аспан», «Алатаудың күндері») баланың табиғаттағы сұлулықты сезіну қабілетін дамытады. Өлең шумақтарын жеке-дара талдайтын болсақ, мұндағы Республика таулары мен аспаны – биіктік пен еркіндіктің символы. Даласы мен көлі – кеңдік пен молшылықтың белгісі. Гүлдері мен күндері – сұлулық пен өмір қуанышының бейнесі.

«Менің Республикам» өлеңі – балалар әдебиетіне тән қарапайымдылық пен бейнелілікке құрылған, патриоттық сезімді оятатын туынды. Ақын туған жердің табиғатын бала көзімен танытып, оны мақтан етуге, сүйе білуге шақырады. Сондықтан бұл өлеңді балаларға Отан, табиғат, ел бірлігі туралы тәрбие беретін шығармалардың қатарына жатқызуға болады.

Жоғарыда біз ақын Сырбай Мәуленовтің балаларға арналған бірнеше өлеңіне талдау жасадық. Келтірілген мысалдар мен дәйектерді негізге ала отырып, ақынның балалар әдебиеті жайлы шоқтығы биік туындыларды өмірге әкелген қаламгер екендігін байқаймыз. Халық ауыз әдебиетінен бастау алған балалар әдебиетін дамытуға өзіндік қолтаңбасымен, мазмұнды шығармаларымен үлес қосқан ақын жырлары тілінің көркемдігімен де ерекшеленеді.

Қорыта айтқанда, Сырбай ақын балаларға арнаған шығармаларында жеңіл, түсінікті тіл қолданып, ойнақы ұйқастар арқылы жырлайды. Оның өлеңдері қысқа, мазмұнды әрі балаға жақын бейнелерге толы. Осы арқылы ол өлеңге деген сүйіспеншілікті арттырып, оқырманды әдебиетке баулиды.

Сырбай Мәуленов – қазақ балалар әдебиетіне айрықша үлес қосқан ақын. Оның шығармалары балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай, олардың дүниетанымын кеңейтіп, ізгілікке тәрбиелейді. Ақынның табиғат лирикасы, достық пен еңбекке арналған өлеңдері балалардың өмірге деген қызығушылығын арттырып, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Сондықтан Сырбай Мәуленов шығармашылығы – балалар әлеміне ашылған сырлы қақпа, қазақ әдебиетінің мәңгілік байлығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. https://qazaqadebieti.kz/22951/balalar-a-debiet-kerek
2. Сырбай Мәуленов. Екі томдық шығармалар жинағы.1-том.
3. Шығармалар жинағы: 2 томдық. Өлеңдер / Құрастырғандар қыздары: Бахытжамал, Сақыпжамал және ұлдары: Бейбіт, Қасым, Ғазиз. – Алматы: Service Press, 2012.
4. Мәуленов С. Шығармалары. (Құраст. Сақып-Жамал Мәуленова). – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2013

Далабай Райхан Ерсұлтанқызы,
Алматы қаласы,
№218 жалпы білім беретін мектептің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиеті – халқымыздың рухани қазынасы, ұлттың дүниетанымы мен болмысын танытатын ерекше сала. Әдеби шығармаларды оқу, талдау, әрі білім беру процесінде тиімді пайдалану жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулудың ең басты жолдарының бірі болып табылады. Әсіресе мектеп пен жоғары оқу орындарында әдебиет пәні арқылы оқушы мен студенттің ойлау жүйесі дамып, сөйлеу мәдениеті қалыптасып, адамгершілік қасиеттері шыңдалады.

Осы тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасымен танылған Сырбай Мәуленов шығармашылығының орны ерекше. Ол – XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, Отанға деген сүйіспеншілікті, туған жердің сұлулығын, табиғаттың әсемдігін, адамзатқа ортақ ізгі қасиеттерді асқақ жырлаған ақын. Оның шығармалары – жас ұрпаққа эстетикалық әсер беріп қана қоймай, рухани құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал ететін құнды мұра.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясы – тіл байлығымен, бейнелі ойымен, көркемдік қуатымен ерекшеленеді. Оның өлеңдері мен поэмалары мектеп бағдарламасына да енгізілген. Дегенмен ақын шығармашылығын білім беру процесінде қолданудың ауқымы әлдеқайда кең. Ол тек әдеби білім беруде ғана емес, сонымен қатар экологиялық тәрбие, патриоттық сезім, тарихи сананы қалыптастыру бағыттарында да үлкен мүмкіндіктерге ие.

Осы мақалада біз Сырбай Мәуленов шығармашылығын білім беру процесінде қолданудың жолдарын қарастырамыз. Мақаланың мақсаты – ақын шығармаларының тәрбиелік, танымдық және эстетикалық мәнін айқындап, педагогикалық тәжірибеде тиімді пайдалану жолдарын ұсыну.

2.1 Өмір жолы

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы аса көрнекті ақындарының бірі. Ол 1922 жылы Қостанай облысы, Жангелдин ауданының Аққұм ауылында дүниеге келген. Болашақ ақын жастайынан ауыл табиғатына, қазақы болмысқа қанығып өсті. Балалық шағындағы дала көріністері, халықтың тұрмыс-тіршілігі, ана тіліне деген сүйіспеншілігі кейінгі шығармашылығына терең із қалдырды.

1941 жылы басталған Екінші дүниежүзілік соғыс жас Сырбайдың өмірін түбегейлі өзгертті. Ол майданға аттанып, алдыңғы шепте жаумен шайқасты. Соғыс жылдарындағы қанды қырғын, жауынгерлердің ерлігі мен қайсарлығы оның поэзиясына арқау болды. Жас ақынның майдан даласында жүріп жазған жырлары халыққа күш-қуат беріп, патриоттық рухты көтерді.

Соғыстан кейін Мәуленов Алматыға келіп, әдебиет пен журналистика саласында еңбек етті. Ол республикалық басылымдарда жауапты қызметтер атқарып, кейін Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды. Қаламгерлікпен бірге қоғамдық қызметті де қатар алып жүрді.

2.2 Шығармашылық мұрасы

Сырбай Мәуленов әдебиетке соғыстан кейінгі жылдары белсене араласты. Оның алғашқы жыр жинақтары туған жерге, табиғатқа, Отанға деген сүйіспеншілікке арналды. Ақын шығармашылығын шартты түрде бірнеше арнаға бөлуге болады:

Отаншылдық және ерлік тақырыбы

Соғыстан көрген қасіреті мен майдандағы ерлікті жырлаған өлеңдері халық жүрегіне жол тапты. Ақын жауынгердің жан күйзелісін, жеңіске деген сенімін бейнелей білді. «Жалын» сияқты жинақтарында отты рух басым.

Табиғат лирикасы

Мәуленов – табиғаттың әсемдігін нәзік суреттеген ақындардың бірі. Қазақ даласының кеңдігін, тау мен өзеннің сұлу көрінісін бейнелеген өлеңдері оқушыны эстетикалық сезімге бөлейді. «Қарлығаш», «Жазғы жаңбыр», «Жер иісі» сияқты өлеңдері табиғатқа сүйіспеншілікті тәрбиелейді.

Философиялық және адамгершілік ойлар

Ақын тек сұлулықты жырлап қана қоймай, адам өмірінің мәнін, уақыт пен тағдырдың құбылысын терең толғады. Оның философиялық лирикасы оқушыны ойлануға, өмірдің құндылығын бағалауға жетелейді.

Балаларға арналған шығармалары

Сырбай Мәуленов балалар әдебиетіне де үлес қосты. Оның қарапайым әрі түсінікті тілі, бейнелі суреттері жас оқырманға жақын. Балаларға арналған өлеңдері тәрбиелік мәнімен құнды.

2.3 Әдеби орта мен дәстүр жалғастығы

Сырбай Мәуленов шығармашылығы қазақ әдебиетінің ұлы дәстүрімен сабақтас. Ол Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сынды алыптардың поэзиясынан нәр алды. Сонымен қатар оның шығармашылығы замандастары – Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиев, Мұқағали Мақатаевтармен үндесіп жатты.

Ақынның қаламынан туған жырлар ұлттық әдебиеттің өркендеуіне серпін берді. Ол қазақ поэзиясына өзіндік үнімен, шынайы суреткерлігімен енді.

III. СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АРНАЛАРЫ

Сырбай Мәуленов – тақырыптық жағынан бай, әрқилы өмір құбылыстарын терең жырлаған ақын. Оның поэзиясында Отанға деген сүйіспеншілік, туған жердің сұлулығы, табиғат пен адамның үйлесімі, адамгершілік қасиеттер, философиялық ой-толғаныстар кең орын алған. Бұл тақырыптар оқу-тәрбие процесінде әр қырынан пайдалануға мүмкіндік береді.

3.1 Отаншылдық пен ерлік тақырыбы

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығында ең басты орын алатын тақырып – Отанға деген махаббат пен ел қорғау идеясы. Ақын майдан даласында жүрген жылдары жауынгердің жан дүниесін, соғыстың ащы шындығын көркем бейнеледі. Ол үшін Отан ұғымы – тек жер, ел ғана емес, болашақ ұрпақтың амандығы, халықтың бірлігі.

Мысалы, соғыс кезіндегі жырларында батырлық пен қайсарлық рухы ерекше сезіледі. Бұл өлеңдер білім беру процесінде оқушыларға патриоттық тәрбие берудің құралы ретінде өте маңызды. Әсіресе қазіргі заманда елжандылықты қалыптастыру үшін Сырбай поэзиясын қолдану тиімді.

3.2 Табиғат лирикасы

Ақын шығармашылығының тағы бір негізгі арнасы – табиғатты суреттеу. Қазақ даласының кеңдігі, көктемнің шуағы, күздің қоңыр салқыны, қыстың ақ қарлы келбеті – барлығы ақын жырында шынайы бейнеленеді.

«Жазғы жаңбыр», «Қарлығаш», «Жер иісі» сияқты өлеңдері оқушыға табиғаттың әсемдігін танытып қана қоймай, оны қорғауға шақырады. Табиғат лирикасы экологиялық тәрбие беруде ерекше маңызға ие. Әдебиет сабағында бұл тақырыпты география немесе биология пәнімен байланыстырып оқыту тиімді нәтиже береді.

3.3 Философиялық және адамгершілік ойлар

Сырбай Мәуленов тек сыртқы сұлулықты жырлаушы емес, сонымен қатар адамның ішкі әлеміне үңілген ойшыл ақын. Оның философиялық лирикасында өмірдің мәні, уақыттың өткіншілігі, адам тағдыры, адалдық пен ізгілік мәселелері қозғалады.

Мысалы, «Мен кіммін?» деген сұраққа жауап іздеген өлеңдері оқушыны өзін-өзі тануға, өмірдің құндылығын сезінуге жетелейді. Мұндай шығармалар білім беру процесінде тұлғалық дамуға, жас ұрпақтың өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

3.4 Балаларға арналған шығармалары

Сырбай Мәуленов балалар әдебиетіне де айрықша көңіл бөлген. Оның балаларға арналған өлеңдері жеңіл оқылады, тіл жағынан түсінікті, ой жағынан тәрбиелік мәні жоғары. Мұндай өлеңдер бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда, әдебиетке деген қызығушылығын арттыруда таптырмас құрал.

3.5 Достық пен адамдық қасиеттер тақырыбы

Ақын жырларында адамға деген сенім, достық пен жолдастыққа адалдық ерекше орын алады. Ол адамдар арасындағы мейірім мен сыйластықты дәріптейді. Мұндай өлеңдер жастарды ізгілікке, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеуде аса қажет.

IV. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Сырбай Мәуленов шығармалары – қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы білім беру жүйесінің де құнды арсеналы. Оның өлеңдері мен поэмалары арқылы жас ұрпаққа тек көркем сөздің құдіретін үйретіп қана қоймай, терең тәрбиелік идеялар мен өмірлік ұстанымдарды да жеткізуге болады.

4.1 Тәрбиелік мәні

Сырбай поэзиясының басты құндылығы – жас ұрпақты ізгілікке, елін-жерін сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеуінде.

- **Патриоттық тәрбие:** Соғыс тақырыбындағы өлеңдері арқылы оқушылар елді қорғау, халыққа адал қызмет ету идеяларын бойына сіңіреді.
- **Адамгершілік құндылықтар:** Ақын достық, адалдық, мейірімділік сияқты қасиеттерді дәріптеп, оқушының мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал етеді.
- **Еңбек тәрбиесі:** Мәуленов шығармаларында еңбек адамына құрмет, маңдай тердің қадірі жиі көрініс табады. Бұл жастарды еңбексүйгіштікке баулиды.

4.2 Танымдық мәні

Ақын жырлары тек қана эстетикалық әсер бермейді, сонымен бірге оқушының дүниетанымын кеңейтеді.

- **Тарихи таным:** Соғыс тақырыбы арқылы оқушылар өткен тарихпен, халқымыздың батырлық дәстүрімен танысады.
- **Экологиялық таным:** Табиғат лирикасы жас ұрпақтың қоршаған ортаны танып-білуіне, табиғи құндылықтарды бағалауына жол ашады.
- **Өмірлік таным:** Философиялық өлеңдері арқылы жастар өзін-өзі тануға, өмірдің мәнін түсінуге ұмтылады.

4.3 Эстетикалық мәні

Мәуленов поэзиясының көркемдігі – оның бейнелі тілінде, суреткерлік шеберлігінде.

- **Сөз өнерін сезіну:** Ақынның метафоралары, эпитеттері, теңеулері оқушының тіл мәдениетін дамытады.
- **Сұлулықты тану:** Табиғат суреттерін тамашалау арқылы оқушылардың эстетикалық талғамы қалыптасады.
- **Көркем ойлау:** Өлеңдегі образдар мен идеяларды талдау оқушылардың қиялын дамытады.

4.4 Пәнаралық байланыстағы мәні

Сырбай шығармаларын түрлі пәндермен байланыстыра оқытуға болады:

- **Тарихпен** – соғыс тақырыбы арқылы;
- **Географиямен** – туған жер табиғаты суреттері арқылы;
- **Музыкамен** – өлеңдерін әнге қосып айту арқылы;
- **Бейнелеу өнерімен** – табиғат көріністерін сурет салдыру арқылы.

V. ӘДІСТЕР МЕН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Сырбай Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде тиімді пайдалану үшін түрлі оқыту әдістерін қолдану қажет. Бұл әдістер оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сабақтың мақсатына, тақырыптың мазмұнына байланысты таңдалады. Ақын поэзиясын оқыту барысында дәстүрлі де, заманауи да әдістерді үйлестіре қолдану оң нәтиже береді.

5.1 Дәстүрлі әдістер

1. **Мәнерлеп оқу**
   - Оқушы өлеңді дауыс ырғағымен, сезіммен оқиды.
   - Ақынның ішкі толғанысын, эмоциясын сезінуге мүмкіндік береді.
   - Әдеби кештерде жатқа айту жаттығуларымен ұштасады.
2. **Талдау әдісі**
   - Өлең құрылысын (ұйқас, тармақ, шумақ) анықтау.
   - Бейнелі сөздерді табу, олардың мағынасын ашу.
   - Негізгі ойды бөліп алу.
   - Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін дамытады.
3. **Сұрақ-жауап әдісі**
   - Мұғалім өлең мазмұны бойынша сұрақ қояды.
   - Оқушы жауап беру арқылы ой қорытады.
   - Өлеңнің тәрбиелік мәні ашылады.
4. **Шығармашылық тапсырмалар**
   - Ақын өлеңінің мазмұнын суретпен бейнелеу.
   - Ұқсас тақырыпқа эссе немесе өлең жазу.
   - Ақын шығармасынан үзінді алып, сахналық қойылым жасау.

5.2 Инновациялық әдістер

1. **Интерактивті оқыту**
   - Топтық жұмыс: оқушыларға бір өлең беріп, постер қорғау.
   - Рөлдік ойын: «Ақын – оқырман – сыншы» кейпінде диалог құру.
   - Онлайн-викторина: Kahoot, Quizizz платформаларын пайдалану.
2. **Кейс-стади әдісі**
   - Мысалы: «Табиғатты қорғау – бүгінгі міндет» тақырыбында ақынның табиғат лирикасын талдап, экологиялық ұсыныстар беру.
   - Бұл әдіс өмірлік жағдайды әдебиетпен байланыстыруға үйретеді.
3. **Дебат әдісі**
   - Тақырып: «Бүгінгі жастарға Отаншылдық сезім қажет пе?»
   - Оқушылар Сырбайдың патриоттық өлеңдерін дәлел ретінде қолданады.
   - Бұл әдіс сыни ойлау мен сөз мәдениетін дамытады.
4. **Цифрлық технологияларды қолдану**
   - Өлеңдерге бейнебаян, презентация жасау.
   - Ақын өлеңін фондық әуенмен оқып, аудиожазба дайындау.
   - Padlet, Canva сияқты құралдармен шығармашылық жоба құру.

5.3 Пәнаралық қолдану жолдары

1. **Тарихпен байланыс**
   - Соғыс тақырыбындағы өлеңдері тарих сабағында қосымша материал ретінде қолданылады.
   - Майдангерлер ерлігін әдебиетпен бірге оқыту.
2. **География және экологиямен байланыс**
   - Табиғат суреттерін талдау кезінде Қазақстан картасымен жұмыс істеу.

- Өлеңдер арқылы экологиялық тәрбие беру.

3. **Музыкамен байланыс**

- Ақын өлеңдеріне ән шығарып айту.
- Өлеңді музыкалық аспаппен сүйемелдеу.

4. **Бейнелеу өнерімен байланыс**

- Табиғат лирикасына сурет салу.
- Ақын кейіпкерін бейнелеу.

VI. НӘТИЖЕСІ

Сырбай Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде жүйелі қолдану оқушылар мен студенттердің жан-жақты дамуына ықпал етеді. Оның өлеңдері арқылы оқушылар тек әдеби білім алып қана қоймай, өмірлік құндылықтарды бойына сіңіреді. Мұғалімдер ақын шығармаларын сабақ пен сыныптан тыс жұмыстарға енгізген жағдайда төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

6.1 Әдеби білімнің тереңдеуі

- Оқушылар қазақ поэзиясының көрнекті өкілінің шығармашылығымен жақын танысады.
- Өлең құрылысы, көркемдік ерекшеліктерді талдау арқылы әдеби-теориялық білімдерін жетілдіреді.
- Қазақ тілінің байлығын меңгереді, сөздік қоры артады.

6.2 Патриоттық сезімнің қалыптасуы

- Соғыс тақырыбындағы өлеңдер оқушылардың елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттырады.
- Жас ұрпақ Отан қорғаудың қасиетті борыш екенін түсінеді.
- Ел бірлігі мен бейбітшіліктің құнын сезінеді.

6.3 Эстетикалық талғамның дамуы

- Табиғат лирикасы арқылы оқушылар сұлулықты тануға үйренеді.
- Әдебиет пен өнерді бағалау қабілеті жетіледі.
- Көркем ойлау, бейнелі сөзді түсіну мәдениеті қалыптасады.

6.4 Таным көкжиегінің кеңеюі

- Өлеңдер арқылы тарих, география, экология салаларына қатысты қосымша білім алады.
- Әдеби шығарманы басқа пәндермен байланыстыра қабылдайды.
- Өмірге деген көзқарасы қалыптасып, өзіндік ой айта алады.

6.5 Тұлғалық қасиеттердің артуы

- Ақын жырлаған адалдық, достық, мейірім сияқты құндылықтарды бойына сіңіреді.
- Жас ұрпақ шығармашылыққа, ізденіске бейімделеді.
- Өз ойын еркін жеткізуге, пікір айтуға машықтанады.

VII. ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ әдебиеті – ұлт руханиятының темірқазығы, жас ұрпақтың дүниетанымын, ұлттық болмысын қалыптастыратын басты құрал. Осы рухани байлықты жеткізуші тұлғалардың бірі – Сырбай Мәуленов. Оның шығармашылығы терең ойға, көркемдік қуатқа, тәрбиелік мазмұнға толы.

Ақынның өлеңдері мен поэмалары Отанды сүюге, туған жердің табиғатын аялауға, адалдық пен ізгілікке баулиды. Сондықтан білім беру процесінде Сырбай поэзиясын пайдалану – тек әдеби білім берудің ғана емес, тұлғаны жан-жақты дамытудың да тиімді жолы.

Мақала барысында біз:

- Сырбай Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығына тоқталдық;
- Оның тақырыптық арналары – патриоттық, табиғат, философиялық, адамгершілік мазмұндарын талдадық;
- Ақын жырларының тәрбиелік, танымдық және эстетикалық мәнін айқындадық;
- Оқытудағы дәстүрлі және инновациялық әдістерді, пәнаралық қолдану мүмкіндіктерін қарастырдық;
- Бұл шығармаларды оқыту нәтижесінде қандай жетістіктерге жетуге болатынын көрсеттік.

Жалпы алғанда, Сырбай Мәуленов шығармаларын сабақ пен сыныптан тыс іс-шараларда қолдану жас ұрпақтың:

- **ұлтжандылық сезімін** арттырады;
- **әдеби-эстетикалық талғамын** дамытады;
- **таным көкжиегін** кеңейтеді;
- **адамгершілік қасиеттерін** нығайтады;
- **шығармашылық қабілеттерін** жетілдіреді.

Осылайша, Сырбай Мәуленов поэзиясы – білім беру процесінде жас ұрпақты рухани тұрғыдан байытып, елін сүйетін, табиғатты қорғайтын, өмірді қадірлей білетін тұлға қалыптастырудың аса құнды қайнар көзі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мәуленов С. *Шығармалар жинағы* (8 томдық). – Алматы: Жазушы, 1980–1986.
2. Мәуленов С. *Жол үстінде*. – Алматы: Жазушы, 1972.
3. Мәуленов С. *Қызыл жалау*. – Алматы: Жазушы, 1969.
4. Мәуленов С. *Жас жүрек жайып жырын*. – Алматы: ҚМКӘБ, 1954.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: ҚазМҰУ баспасы, 2005.
6. Байтұрсынов А. *Әдебиет танытқыш*. – Алматы: Ана тілі, 1991.
7. Ысқақов Б. *Қазақ поэзиясындағы патриотизм идеясы*. – Алматы: Ғылым, 2010.
8. Қирабаев С. *Әдебиет және дәуір*. – Алматы: Жазушы, 1977.
9. Жұмалиев Қ. *Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері*. – Алматы: Ғылым, 1960.
10. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2010.
11. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998–2005.
12. Әдебиет порталы. adebiportal.kz – Сырбай Мәуленов туралы деректер.

Дастенбекова Айгуль Айдархановна,
школа-гимназия №83 г.Астана
магистр педагогических наук,
учитель истории

КОГДА ТРАДИЦИЯ ВСТРЕЧАЕТСЯ С ТЕХНОЛОГИЕЙ: ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ С ПАРАЛЛЕЛЯМИ К АНТИЧНОЙ ПОЭЗИИ

«Я человек — и потому пою»
— Сырбай Мауленов

Аннотация

Статья рассматривает возможности интеграции поэтического наследия Сырбая Мауленова в современный образовательный процесс через призму сравнительного анализа с античной поэзией. Особое внимание уделяется сочетанию традиционных форм работы с цифровыми технологиями: проектная деятельность, использование электронных ресурсов, творческие задания и онлайн-платформы. Приводятся примеры применения стихов Мауленова на уроках истории и литературы с параллелями к эпическим произведениям Гомера и гимнам Пиндара. Показано, что такая методика позволяет не только усвоить исторические факты, но и формировать ценностное мировоззрение учащихся, развивать критическое мышление и эмоциональную отзывчивость.

Особый интерес представляет то, как поэзия Сырбая Мауленова воспринимается школьниками и молодёжью. Несмотря на то, что его стихи написаны в середине XX века, они удивительно современны по своей эмоциональной природе. В них нет вычурности или чрезмерной метафоричности — наоборот, его язык ясен, прям и искренен. Именно

поэтому его строки легко включать в образовательный процесс — они позволяют ученикам не просто анализировать текст, а вступать с ним в диалог. /1, стр 88/

Например, при изучении темы «Память о войне» учителю достаточно предложить учащимся прочитать строки Мауленова вслух и задать лишь один вопрос: *«Что он чувствовал, когда писал это?»* — и разговор начинает разворачиваться естественным образом. Часто ученики признаются, что впервые задумываются о войне не как о параграфе из учебника, а как о человеческой судьбе. Именно в этот момент поэзия перестаёт быть просто литературой и превращается в этический инструмент.

Также важно отметить универсальность его лирики. Если поэты военного времени обычно ассоциируются с темой подвига и скорби, то Мауленов одинаково силён и в мирной, житейской поэзии. Он умеет говорить о простом — о детстве, о хлебе, о дождливом пути — так, чтобы эти образы становились опорой национальной памяти. В этом его можно поставить рядом с такими мастерами, как Жамбыл Жабаев и Рэсул Гамзатов, которые соединяли личный голос с голосом народа.

Таким образом, поэзия Мауленова — не только объект изучения, но и практический инструмент воспитания эмоциональной культуры. Она помогает современным детям — выросшим среди технологий — вновь услышать живое слово, ощутить сопричастность истории, почувствовать ответственность за свою землю.

Именно поэтому включение его стихов в школьную программу — не формальность, а необходимость для сохранения преемственности поколений. В мире, где всё быстро меняется, слова Мауленова остаются тихим, но твёрдым напоминанием о том, кто мы и откуда пришли. /2, с.9/

Современная школа стоит на пересечении традиции и технологии. С одной стороны, образовательные стандарты требуют сохранения классического литературного наследия, с другой — цифровая среда диктует новые формы восприятия информации. Школьники XXI века часто теряют концентрацию при долгом монотонном чтении, поэтому задача учителя — научить получать смысл через активные формы работы.

Поэзия Сырбая Мауленова объединяет воинский дух, любовь к родной земле, уважение к природе и гуманизм. Она становится живым материалом для уроков истории и литературы, если её не только читают, но и инсценируют, анализируют, сопоставляют с историческими событиями. /3.с.14/

Античная поэзия, в частности эпос Гомера и гимны Пиндара, выполняла аналогичную роль: формирование ценностной системы через художественный образ. Подобно Ахиллу и Одиссею, герои стихов Мауленова отражают идеалы мужества, долга и преданности родине. Сравнительный анализ позволяет выявить универсальные темы патриотизма, долга, любви к родной земле и природы, делая обучение более многомерным и интерактивным. /9, с. 232/

Поэзия как мост между прошлым и настоящим.

Поэзия всегда была способом хранения исторического опыта. В казахской традиции акыны играли роль летописцев духовного состояния общества, а в античной культуре эпические поэты выполняли схожую функцию, повествуя о судьбах героев и нации. /4, с.76/

Сравнение с античной поэзией помогает учащимся увидеть схожие ценностные структуры:

В эпосе Гомера («Илиада», «Одиссея») — героизм, честь, судьба, связь с предками. В стихах Мауленова — патриотизм, мужество, долг перед Родиной, связь с историей народа Казахстана. /8/

Пример: стихотворение о защите родной земли может быть сопоставлено с описанием боя Ахилла, что позволяет учащимся параллельно воспринимать исторические события и художественные образы.

Такое сопоставление: Развивает критическое мышление — учащиеся анализируют сходства и различия культурных и исторических контекстов. Формирует гражданскую

позицию — героизм, патриотизм и долг не остаются абстрактными понятиями. Активирует эмоциональное восприятие — через инсценировку, чтение вслух и мультимедийные презентации./5, с.110/

Поэзия Мауленова может быть использована как активный инструмент преподавания, превращая уроки в интерактивное пространство.

1. Воинский дух и патриотизм

Стихи о войне дают возможность расширить урок истории через эмоциональное восприятие событий.

Пример строки:

«Я не забыл грохот боя,
Я не забыл вкус земли.
Я защищал твое солнце,
Чтобы и ты жить мог в любви.»

Применение в учебном процессе:

Сравнительный анализ с «Илиадой»: учащиеся сопоставляют подвиги героев, обсуждают понятие героизма в разных культурах.

Мини-эссе «Что такое мужество?» — учащиеся выражают личное отношение к поступкам героев.

Аудиовизуальные проекты — запись стихотворения на фоне исторических фото или реконструкций.

2. Любовь к природе и родной земле

Стихи о степи, ветре и реке становятся основой междисциплинарной работы, сочетая литературу с географией и биологией.

Пример строки:

«Степь — как море.
Я слушаю ветер её —
И слышу дыхание предков.»

Возможные занятия:

Создание интерактивной карты «Природные образы в поэзии Мауленова».

Урок-исследование «Как поэт превращает природу в героя?».

Проект «Моя малая родина глазами поэта» — фото и видеопроекты.

3. Параллели с античной природной лирикой

4. Сравнение с гимнами Пиндара и стихами Гесиода — природа как символ гармонии и порядка.

Анализ способов, которыми поэты выражают связь человека и окружающего мира: метафоры, эпитеты, символы.

Задание: учащиеся создают сравнительный анализ, отмечая, как поэты разных эпох формируют ценности через природу.

4. Влияние на эмоциональное развитие учеников

Практика показывает, что активная работа с поэзией повышает:

эмоциональную отзывчивость,

способность к сочувствию,

понимание исторических и культурных контекстов, мотивацию к самостоятельной исследовательской деятельности.

Методические подходы и цифровые форматы

Современные ученики воспринимают информацию через активное действие и мультимодальные форматы. Работа с текстом должна включать творческую переработку, цифровые технологии и межкультурный анализ.

1. Творческие задания

Формат	Пример задания	Цель
Инсценировка	Роли: поэт, солдат, мать,	Эмоциональное

Формат	Пример задания	Цель
стихотворения	степь, ветер; инсценировка стихотворения Мауленова	восприятие, развитие актёрских навыков
Продолжи строку	Дается начало строки Мауленова — ученики продолжают её в его стиле	Развитие поэтического мышления и воображения
Визуальная поэзия	Нарисовать образ, который возникает при чтении строки	Ассоциативное мышление, связь текста и визуального искусства
Сравнительный проект «Мауленов и античные герои»	Учащиеся сопоставляют стихотворения Мауленова с эпосами Гомера и гимнами Пиндара	Развитие аналитических навыков, понимание универсальных ценностей

2. Работа через цифровые ресурсы

Использование платформ Padlet, Canva, PowerPoint, Jamboard позволяет превращать стихотворение в интерактивную афишу, открытку, видео или онлайн-доску.

Пример:

Задание «Поэзия в 30 секунд» — ученики создают короткое видео (TikTok/Reels), где звучит строка Мауленова на фоне исторических и природных образов.

Сравнительный блок — видео содержит параллели с эпическими сценами из «Илиады» или гимнов Пиндара.

3. Викторины и интерактивные задания

Kahoot / Quizizz — вопросы по биографии и строкам стихотворений.

Wordwall — подбор рифм и восстановление строк.

LearningApps — соответствие строк стихов Мауленова и античных текстов.

Проектная деятельность

«История через поэзию» — выбор стихотворения и сопоставление с реальным историческим событием.

«Голос поколения» — запись стихотворения в подкаст-формате с обсуждением смысла.

«Поэт и я» — эссе или видеоролик о том, что ученик чувствует, читая конкретную строку.

Сравнительный проект «От Ахилла до казахского героя» — учащиеся сопоставляют характеры, мотивы и ценности, выявляя универсальные культурные коды.

5. Расширение межпредметного подхода

Уроки литературы становятся платформой для исторических дискуссий.

Уроки истории оживают через эмоциональный и художественный слой стихов.

Цифровые проекты позволяют интегрировать литературное и историческое содержание, создавая мультимодальное обучение.

Межпредметные параллели с уроком истории и античной поэзией

Поэзия Мауленова позволяет не только изучать литературные формы, но и глубже понимать исторические события и культурные ценности, что особенно важно для уроков истории.

1. Параллели с античной поэзией

Герой и подвиг: как Ахилл в «Илиаде», так и герои стихов Мауленова отражают ценности мужества, долга, преданности Родине.

Природа как символ: у Пиндара гимны объединяют человека и природу в гармоничное целое, подобно образам степи и рек у Мауленова.

Эмоциональная вовлечённость: эпическая форма античной поэзии и лирика Мауленова позволяют пережить события не абстрактно, а личностно, формируя эмоциональный интеллект.

2. Применение на уроке истории

Тема урока	Как использовать поэзию Мауленова	Параллель с античной поэзией
Великая Отечественная война	Чтение стихотворений о войне, инсценировка, обсуждение эмоций	«Илиада»: подвиги героев, честь, моральный выбор
Экологические темы	Стихи о степи и природе, проекты о родной земле	Гесиод и Пиндар: природа как символ гармонии
Национальное самосознание	Образ Родины, патриотизм, обсуждение ценностей	Античные гимны: воспитание гражданской добродетели

Методы активизации на уроке. Сравнительный анализ: учащиеся сопоставляют героев, мотивы и ценности.Дискуссия: «Как проявляется мужество в эпосе и в казахской поэзии?»Проект «История через поэзию»: учащиеся создают визуальные или мультимедийные проекты, соединяя строки Мауленова с историческими событиями. Рефлексивное задание: ученики пишут эссе о том, чему их научили герои из стихотворений и эпосов. Повышается эмоциональная вовлечённость учащихся.Формируется критическое мышление и способность к сравнительному анализу. Уроки становятся мультимодальными, интегрируя литературу, историю и цифровые технологии. Развивается уважение к национальной и мировой культурной традиции, через осмысление общечеловеческих ценностей.

Поэзия Сырбая Мауленова является уникальным педагогическим ресурсом. Она позволяет соединять традицию и современность, делая обучение живым и интерактивным, формировать гражданские и культурные ценности, сопоставляя подвиги и моральные выборы героев с историческими событиями, развивать эмоциональное и критическое мышление, когда учащиеся инсценируют, анализируют и сопоставляют тексты, интегрировать цифровые технологии в образовательный процесс, создавая мультимодальные проекты.

Сравнение с античной поэзией Гомера, Пиндара и Гесиода демонстрирует, что ценности героизма, долга, любви к родной земле и гармонии с природой являются универсальными. Античные гимны и эпосы помогают учащимся понять, что исторические события и человеческие переживания не меняются с течением времени, а лишь проявляются в новых формах художественного выражения. /10, с.32/

Методика работы с поэзией Мауленова и античной поэзией способствует межпредметной интеграции: литература, история, глобальные компетенции, цифровые технологии. Это создаёт условия для формирования самостоятельного мышления и личностного опыта, а не только усвоения фактов.

Таким образом, традиция встречается с технологией, когда прошлое оживает через современные формы обучения, а учащиеся получают возможность пережить, понять и осмыслить культурное и историческое наследие.

Список использованной литературы:

1. Мауленов С. Избранные стихи. — Алматы: Жазушы, 1982.
2. Абдуллина Г.К. Поэтический мир Сырбая Мауленова. — Костанай, 2004.
3. Нургали Р. Казахская военная поэзия периода Великой Отечественной войны. — Астана, 2010.

4. Ахметова Ж. Интерактивные методы преподавания литературы в школе. — Алматы, 2020.
5. Министерство образования РК. Методические рекомендации по патриотическому воспитанию школьников. — Астана, 2018.
6. Homer. The Iliad. Translated by Robert Fagles. — New York: Penguin Classics, 1990.
7. Homer. The Odyssey. Translated by Emily Wilson. — New York: W.W. Norton, 2018.
8. Pindar. Odes. — Cambridge: Harvard University Press, 1997.
9. Hesiod. Works and Days. Translated by M.L. West. — Oxford: Oxford University Press, 2008.
10. Электронные ресурсы: Padlet.com, Quizizz.com, Canva.com — использованы как платформы для цифровой работы с поэзией.

Дауылбаева Назерке Орынбасарқызы,
«Intellectual Generation» ЖШС мектебі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНДЕ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Қазақ әдебиеті – жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің негізгі қайнар бұлағы. Әдеби мұра арқылы тұлғаның дүниетанымы кеңейіп, ұлттық сана қалыптасады. Осындай әдеби қазынаның көрнекті өкілдерінің бірі – Сырбай Мәуленов. «Сырдың бойында туғандықтан атымды әкем Сырбай қойыпты-мыс» [1,5] деп сөзін бастайтын ақынды расымен жалпақ жұрт «Сыр ақыны» атап кеткен. Оның шығармалары туған жерге деген сүйіспеншілікті, табиғат әсемдігін, адамгершілік пен патриоттық құндылықтарды арқау етеді. Осы тұрғыдан алғанда, С.Мәуленов поэзиясын білім беру процесінде қолдану – оқушылардың әдеби-эстетикалық талғамын дамытудың, ұлттық құндылықтарға баулудың тиімді жолы болып табылады.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің өзі: «... Лирикаға оралғанда, әсіресе Ғали, Қасым, Сырбай үшеуінің әр алуан жайға арнаған, әсіресе қысқа қайырған өлеңдері өзгеше сүйсіндіреді. Бұлар кейде бабына жетіп, балқып-толқыған күйшінің шебер қолындағы шешен домбырадай, қоңыр күйлерімен бой ерітеді...» десе, сыршыл суреткер Ғабит Мүсірепов: «Қоғамның ақынына қояр талабы не болар еді? Ол талап осы «Желпи бер жылы күлкіңмен» деген Сырбайдың бір жол өлеңіне сыйып тұр. Ақынның қоғамына қояр тілегі мен назы да осы бір жол өлеңнен түгел табылады. Бір жол өлеңге әрі талап, әрі тілек сыйысып тұр. Шынында, талап пен тілек бірі жоғарыдан, бірі төменнен шығар екі өрістің үндері емес пе. Аз сөзбен аумақты ой салар ақындық деп осыны айтамыз», деп жоғары баға беріпті [2,3]

Сырбай Мәуленов шығармаларының басты ерекшелігі – олардың тәрбиелік мәнінде. Ақын поэзиясы арқылы оқушылардың бойына Отанға деген сүйіспеншілік, адамгершілік пен ізгілік қасиеттері, еңбекке құрмет пен табиғатты аялау сезімі қалыптасады. Мәселен, «Дала», «Қазақстаным» өлеңдері оқушыларды туған жердің қадірін түсінуге тәрбиелейді.

Алайда бір өкініштісі қазіргі жаңартылған мемлекеттік бағдарлама бойынша 5-11 сыныптардағы қазақ әдебиеті пәнінде Сырбай Мәуленов шығармашылығы оқытылмайды. Жаңа бағдарламаға дейін (2018 жылға дейін) ақын шығармашылығы 5-сыныптарда «Менің Республикам» өлеңімен оқытылса, 11-сыныптарда ақынның «Шөңге», «Қаратау» өлеңдері қарастырылатын еді:

Туған жердің шаңдатып төсін бүгін,
Айлы түнде шарлаймын Тосын құмын.
Өткелінен аттаймын Қарғалының,

Толқынына жанымның қосып жырын.
Балтыр түріп жүгірген баладай-ақ,
Мен келемін құм кешіп жалаң аяқ.
Табаныма бір шөңге қадалғанда,
Баяғыша жыңғылдар қарады аяп.
Қалып қойған құмның бір кеудесінде,
Өткен күнім оралып келді есіме.
Сағыныппын, дариға, туған жердің
Гүлі тұрсын, тікенек-шөңгесін де.
Көз бұлдырап, елжіреп барады ішім,
О, туған жер, сен күнсің балаң үшін.
Қалтама сол шөңгеңді салып алдым,
Бала күнді еске алып қарау үшін [3, 132].

Қазіргі жаңартылған кітапта тек қазақ тілі пәнінен мәтінмен жұмыс бойынша ғана Мәуленов өлеңдері тапсырма ішіне кіріктіріліп берілген. Мәселен 6-сыныптың «Атамұра» баспасы ұсынған қазақ тілі оқулығының «Менің Отаным Қазақстан» бөлімінде ағамыздың «Не жетеді өзің туған мекенге?!» поэзиясы ұсынылған. Бұл өлең – ақынның туған жерге деген ыстық ықыласын, перзенттік махаббатын терең сезіммен жеткізетін лирикалық шығарма. Бұл өлең — оның табиғатқа, елге, жерге, Отанға деген шынайы сүйіспеншілігінің көрінісі. Сондықтан бұл өлең жолдары оқушыға туған жердің қадірін түсінуге, оны құрметтеуге үндейді, патриоттық рухты қалыптастыруда тиімді:

«Бармадым, - деп – жұрт секілді шетелге»,
Досым менің, мұңаясың бекерге
Аз ғұмырда өз жеріңді арала,
Не жетеді өзің туған мекенге...
Сен көрмеген өз еліңнің жері бар,
Сен жүрмеген өз еліңнің шөлі бар.
Сен түспеген өз еліңнің көлі бар,
Сен қазбаған өз жеріннің кені бар.
Керек болса, өз жеріңде жылы қыс,
Керек болса, өз бағыңда бұлбұл құс.
Туған жердің жапырағы жаныңдай,
Топырағы тұмар саған бір уыс [4, 15].

Өлеңнің негізге идеясын келер болсақ, автор «Өзге елдің түтінін түтеткенше, өз еліннің шоғын көсе!» деп тұрғандай. «Елді көрмедім деп өкінгенше өз туған жеріннің көрікті жерлерін тамашалап ал. Сен көрмеген талай әдемі өзен көлдер алқапты жерлер бар. Сол даладан іздеген байлық кенің де,бұлбұлыңда өз жеріңде бар. Өз туған жеріңдей ыстық ел болмайды әлемде. Оданда сол туған жеріңді құрметтеп,бір уыс топырағын мойныңа тұмар етіп тағып ал». Бұл идеяны «шетел керемет, біздің ел тозық» деген қате пікірді дұрыс деп, бұрыс заман ағымына ұшырап жатырған жасөспірімге түсіндіру қаншалықты маңызды болса соншалықты құнды.

Сырбай Мәуленов шығармаларының мемлекеттік бағдарлама сирек кездесуінің бірнеше себебі бар деп ойлаймыз. Ең алдымен, жаңартылған бағдарламада әдеби шығармаларды іріктеу кезінде белгілі бір ұстанымдар мен өлшемдер негізге алынған: мәтіннің тәрбиелік мәні, көркемдік деңгейі, қазіргі заман оқушысының жас ерекшелігіне сәйкестігі және оқу мақсаттарымен үйлесімділігі. Осы тұрғыдан қарағанда, кейбір жағдайларда Сырбай Мәуленовтің поэзиясы назардан тыс қалуы мүмкін, себебі бағдарламада әр ақынға бірдей орын беру мүмкін емес және авторлар саны шектеулі.

Екіншіден, жаңартылған бағдарлама мазмұны құндылықтар мен функционалдық сауаттылыққа, оқушының сыни ойлау қабілетін дамытуға көбірек бағытталған. Бұл жағдайда көбіне нақты әлеуметтік, моральдық, тарихи мәселелерді қозғайтын немесе оқушы өмірімен тығыз байланысты шығармаларға басымдық берілген. Сырбай

Мәуленовтің поэзиясы көркемдігі жағынан терең болғанымен, ол кейде заманауи проблематикамен тікелей байланысқа түсе бермейді деп есептелуі мүмкін.

Үшіншіден, оқу бағдарламасына шығармаларды енгізу тек көркемдік сапаға ғана емес, автордың жалпы танымалдығы мен қоғамдық сұранысына да байланысты. Қазіргі кезде Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев, Төлеген Айбергенов сынды ақындардың шығармалары жиі сұранысқа ие болып тұр, себебі оларды оқушылар мен мұғалімдер арасында таныту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ал Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы көп жағдайда ғылыми ортада ғана қарастырылып, мектеп бағдарламасында жеткілікті деңгейде насихаттала бермеген. Сондықтан жоқты жоқ екен деп қоя қоймақ, мектеп қабырғасында Сырбай Мәуленов шығармашылығы мысалында қосымша поэзия жолдарын оқытып, оқушылардың әдеби білімдерін одан әрі жетілдіру керек. Ғалым Т.Кәкішов айтпақшы «Әдебиет оқу кітабын жасау қаншалықты қиын екені өзінен өзі түсінікті. Осы міндетті анық түсіну және ойдағыдай орындап шығудың өзі барынша талғампаздықты, ... қажет етеді» [5,39].

Дегенмен, бұл жағдай ақын шығармашылығының маңызын кемітпейді. Керісінше, Сырбай Мәуленов өлеңдері – оқушыны адамгершілікке, отансүйгіштікке, табиғатты аялауға баулитын, эстетикалық талғамын дамытатын баға жетпес әдеби мұра. Сондықтан оның шығармаларын қосымша материал ретінде, шығармашылық тапсырмаларда, әдеби үйірмелерде, кіріктірілген сабақтарда қолдану — мұғалімнің кәсіби таңдауы мен рухани миссиясына айналуы керек. Ақынның поэзиясын оқыту арқылы біз ұлттық әдебиетіміздің алуан түрлілігін, көркемдік байлығын оқушы санасына сіңіреміз. Бұл — жаңартылған бағдарламаның негізгі құндылықтарына да толық сай келеді.

Жоғарыдағы айтып өткендей сыр ақыны шығармаларының мемлекеттік оқу бағдарламасында болмауы (немесе сирек қамтылуы) оның өлеңдерін оқытудың маңызсыз екенін білдірмейді. Керісінше, бұл жағдай мұғалімнің кәсіби еркіндігі мен әдеби-эстетикалық талғамына орын береді. Біздің пікірімізше, мұғалімдер оны қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде қосымша, таңдамалы, шығармашылық бағытта қолдана отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейте алады.

Әсіресе, Мәуленов поэзиясындағы көркемдік құралдар – оқушылардың әдебиет теориясын меңгеруіне мүмкіндік береді. Метафора, эпитет, теңеу секілді бейнелеу тәсілдерін нақты мысалдар арқылы талдау оқушылардың көркем мәтінді түсіну дағдыларын жетілдіреді. Сырбай Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде қолданудың мынадай жолдарын ұсынуға болады:

1. Қазақ әдебиеті сабағында:

Тақырыптық талдау:

- Ақынның табиғат лирикасын («Таң», «Көктемгі дала» т.б.) талдау арқылы оқушыларды эстетикалық тәрбиеге баулу.
- Отанға деген сүйіспеншілікті дәріптейтін өлеңдерін («Қазақстан», «Менің елім») оқыту арқылы патриоттық тәрбие беру.

Шығармашылық жұмыс:

- Ақын стиліне еліктеп өлең жаздыру.
- Шығармалар бойынша эссе жазу (мысалы: «С.Мәуленов поэзиясындағы туған жер бейнесі»).

Салыстырмалы талдау

- Сырбай Мәуленов пен басқа ақындардың (мысалы, Мұқағали Мақатаев, Қасым Аманжолов) поэзияларын салыстырып, ортақ және айырмашылықтарын табу.

2. Қазақ тілі сабағында:

Поэзиялық мәтінмен жұмыс:

- Метафора, эпитет, теңеу сияқты көркемдегіш құралдарды табу.
- Ақынның тілі арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту.

Диктант және мазмұндама:

- Шығармаларынан үзінділерді пайдаланып диктант жаздыру.

- Өлең мазмұны бойынша мазмұндама жазу арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту.

3. Сыныптан тыс тәрбие жұмысында

Мектепішілік іс-шаралар:

- Ақынның шығармашылығына арналған поэзия кештерін ұйымдастыру.
- «Сырбай Мәуленов оқулары» байқауын өткізу.

Тәрбие сағаттарында:

- Ақын шығармалары арқылы отансүйгіштік, табиғатты сүю, еңбекқорлық сияқты адами қасиеттерді насихаттау.

Қазақ әдебиеті пәнінде Мәуленов поэзиясын талдау оқушыларға әдебиет теориясын меңгеруге мүмкіндік береді. Ақын өлеңдеріндегі теңеу, эпитет, метафора секілді көркемдік құралдарды анықтау арқылы оқушылар көркем мәтінді түсінудің қыр-сырын игереді. Сонымен бірге «Қазақстаным», «Дала», «Ана» сияқты өлеңдері арқылы Отанды сүю, туған жерді қастерлеу, ата-ананы құрметтеу идеялары беріледі. Шығармашылық тапсырмалар ретінде ақын жырларына арнап эссе немесе шығарма жаздыру, өлеңді жатқа айту, сахналық қойылым ұйымдастыру – оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы.

Қазақ тілі пәнінде де ақын шығармаларын қолданудың маңызы зор. Өлеңдердегі сөз таптарын, сөйлем мүшелерін, морфологиялық тұлғаларды талдау грамматикалық білімді нақты мысалдар арқылы бекітеді. Мәуленов поэзиясындағы бейнелі тіркестер мен тұрақты сөз орамдарын түсіндіріп, қолдану оқушылардың сөздік қорын байытады. Сондай-ақ оның өлеңдерін диктант мәтіні ретінде пайдалану сауаттылықты арттырса, мазмұндама жұмыстары тілдік нормаларды меңгеруге жағдай жасайды.

Мәуленов шығармаларын басқа пәндермен байланыстыра (интеграциялық) оқыту да тиімді. Интеграциялық сабақтарда Сырбай Мәуленов шығармаларын пәнаралық байланыс негізінде көрсетуге болады. Тарихпен байланыста елдік рухты көтерген өлеңдерді тарихи оқиғалармен ұштастыруға болады. Музыка пәнінде ақын жырларына жазылған әндерді тыңдатып, әдеби талдаумен біріктіру оқушылардың эстетикалық талғамын арттырады. Бейнелеу өнері сабақтарында табиғат тақырыбындағы өлеңдер негізінде сурет салу немесе иллюстрация жасау да баланың қиялын дамытады.

Қазақ поэзиясына нағыз сыршыл сезімді, шынайы, көркем бейнелі өлең үлгісін әкелгендердің жуан ортасында дүр тұлғалы Сырбай ақынның орны өзгеше [6,2]. Сырбай ағамыздың шығармаларын тіл мен әдебиетте қарастырылатын бірнеше лексикалық бөлімдерге топтастыруға болады. Бұл мұғалімнің көркем шығарманы тақырыпқа сай таңдап алу жұмысын жеңілдетеді. Ақынның шығармашылығын бірнеше арналарға бөліп алып қарастыру – Сырбай поэзиясын мемлекеттік бағдарламаға сай негізделген пән бөлімдеріне кіріктірудің оңтайлы жолы.

Ең алдымен, Мәуленов шығармашылығындағы басты тақырып – Отан тақырыбы. Оның «Қазақстаным», «Дала», «Менің елім» сияқты өлеңдері туған жердің кеңдігі мен сұлулығын, елдік рухты жырлайды. Бұл өлеңдер арқылы ақын халқына деген махаббатын, елінің болашағына деген сенімін паш етеді. Осы өлеңдер тізімін 5-11 сыныпқа арналған тіл мен әдебиет бағдарламасын оқытуда «Туған жер», «Отан», «Атамекен» бөлімдеріне кіріктіруге болады. Ал оның Отан үшін жазған өлеңдерін «Соғыс», «Қан майдандай», «Ұлы жеңіс» тақырыбында да қарастыруға болады. Сырбай Мәуленовтың шығармашылығының негізгі бір тобы соғыс тақырыбына арналған, ол заңды да. Өйткені жастық шағының елеулі бір кезеңін ұрыс даласында өткізген майдангер ақын жүрегінің лүпілі ақ қағазға түсірілген өлең жолдарына айналуы табиғи құбылыс [7, 4].

Екінші маңызды арна – табиғат тақырыбы. Ақын табиғатты тірі ағзадай суреттеп, адам өмірімен астастыра бейнелейді. «Көктем», «Жазғы түн», «Қысқы дала» сияқты өлеңдері қазақ даласының әсем көріністерін поэтикалық тілмен өрнектейді. Мұнда эпитет, теңеу, метафора сынды бейнелеу құралдары молынан кездесіп, оқырманға ерекше

эстетикалық әсер береді. Бұл өлеңдерді біз «Табиғат», «Уақыт», «Ауа райы және климаттық өзгерістер» бөлімдерін оқытуда қолдана аламыз.

Үшінші бағыт – ана тақырыбы. Ақынның «Ана», «Ана тілі» сияқты өлеңдері ананы құрметтеу, ана мейірімін бағалау, ұлттық тіл мен дәстүрді ардақтау идеясын көтереді. Бұл шығармалар жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие беруде үлкен мәнге ие және оларды 5 сынып қазақ тілінің «Тіл» немесе «Отбасы» бөлімдерінде қарастыра аламыз.

Төртінші тақырып – махаббат пен достық. Мәуленов лирикасыда нәзік сезім, адалдық, достыққа берік болу мәселелері айқын көрініс тапқан. Ақын бұл тақырыптарды шынайы сезіммен өрнектеп, оқырманды адал болуға шақырады. Бұл поэзия арнасын 7 сыныпқа арналған оқулықта берілетін «Достық және сүйіспеншілік» бөлімінде әдемі ұштастыруға болады.

Бесіншіден, еңбек тақырыбы ақын шығармашылығында кеңінен орын алады. Ол еңбектің адам өміріндегі орнын дәріптеп, еңбекқорлықты ұрпаққа үлгі етеді. Бұл тақырыпқа арналған өлеңдерді 5-11 сынып арасында оқытылатын «еңбекке» қатысты бөлімдерде тақырыптық жағынан айқын ашуға болады.

Әдебиет пәнінде нақты ақындар шығармашылығы берілетін болғандықтан, Сырбай поэзиясын тілдік дағдыларды дамытуда қолданған әлдеқайда ұтымдырақ:

а) Мәтінмен жұмыс тапсырмалары

- Өлеңді мәнерлеп оқу және тыныс белгілерін сақтау.
- Өлең мазмұнын қысқаша баяндау.
- Өлеңнің негізгі идеясын бір-екі сөйлеммен түйіндеу.
- Өлеңнен эпитет, теңеу, метафораларды табу және олардың мағынасын түсіндіру.

ә) Талдау мен түсіну тапсырмалары

- «Өлеңдегі автор сезімі қандай? Қандай сөздер арқылы берілген?» деген сұрақтарға жауап жазу.
- «Туған жер» ұғымын ақын қалай сипаттайды? Өз көзқарасыңмен салыстыр» – салыстырмалы талдау.
- Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтап, автордың көзқарасын сипаттау.
- Өлең жолдарын композициялық бөліктерге бөлу (мәтін бөлімдері: кіріспе, негізгі ой, қорытынды)

б) Шығармашылық тапсырмалар

- Ақын стилінде туған жер туралы шағын өлең жазу.
- «Не жетеді өзің туған мекенге?» тақырыбына эссе жазу.
- Ақын өлеңіне иллюстрация салу (бейнелеу өнерімен интеграция).
- «Егер мен Сырбай Мәуленовпен сұхбаттасатын болсам…» тақырыбында диалог құрастыру.

в) Салыстырмалы тапсырмалар

- С.Мәуленовтің туған жер туралы өлеңдерін Қ.Мырзалиев, М.Мақатаев сияқты ақындардың шығармаларымен салыстыру.
- Бір тақырыптағы әр түрлі ақынның көзқарасын салыстырып, ортақ идея мен ерекшелікті табу.

г) Тіл дамыту тапсырмалары

- Өлеңнен алынған сөздермен сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру.
- Қиын сөздерге түсіндірме сөздік жасау.
- Синонимдер мен антонимдер табу.
- Синтаксис бөлімі бойынша өлең жолдарындағы сөйлем түрлерін ажырату.
- Морфология бөлімі бойынша зат есім, сын есім, етістіктерді табу.

Сырбай Мәуленов шығармашылығын оқып өскен бала — туған жерді қадірлейтін, елін сүйетін, жүрегі жұмсақ, жан дүниесі бай, рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасқан тұлға болып өседі. Ақын поэзиясы баланың бойына ең алдымен отансүйгіштік пен ұлттық мақтаныш сезімін сіңіреді. Оның «Не жетеді өзің туған мекенге?» сияқты өлеңдеріндегі туған жерге деген сағыныш пен махаббат оқушының жүрегіне жетіп, өзі өмір сүріп

жатқан мекенге басқаша көзбен қарауға үйретеді. Мұндай оқырман тек табиғатты тамашалап қоймай, оның әрбір тасын, әрбір гүлін, өзенін, жотасын қадірлей білетін болады.

Сырбай Мәуленов поэзиясында кездесетін сыршыл лирика, бейнелі тіл, көркемдік құралдар — баланың әдеби талғамын арттырады. Ол тек жаттап алумен шектелмей, өлең жолдарының астарындағы мағынаға үңілуді үйренеді. Бұл — оқушының ойлау қабілетін дамытып, эстетикалық сезімін тәрбиелейді. Көркемдік ойлау арқылы бала көргеніне, естігеніне, оқығанына мән беретін, жан-дүниесі бай, сезімтал тұлғаға айналады.

Ақынның шығармаларында бейбітшілік, ізгілік, адамгершілік, әділеттілік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар да кеңінен көрініс табады. Мұндай тақырыптар баланың ішкі жан дүниесіне әсер етіп, оның мейірімді, жауапкершілігі жоғары, еңбекқор, әділ азамат болып өсуіне ықпал етеді. Ақынның туған еліне, халқына, табиғатқа деген сүйіспеншілігі бала бойында да сол сезімдерді ұялатуға мүмкіндік береді.

Сырбай Мәуленов поэзиясын оқыған бала – сөз қадірін білетін, ұлттық рухы биік, тіл байлығы мол, көркем ойлай алатын ұрпақ. Ол тек жақсы оқушы ғана емес, сонымен қатар жақсы адам болып қалыптасады. Оның жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік, табиғатқа деген қамқорлық, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді асыл қасиеттер орнығады. Демек, Сырбай Мәуленов шығармашылығы – ұрпақ тәрбиесіне қызмет ететін рухани қазына.

Сырбай Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде қолдану – жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің тиімді жолы. Ақын поэзиясы оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың ойлау қабілетін, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытады. Сондықтан Сырбай Мәуленов мұрасын оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен пайдалану – бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бердалы О. «Айтыңыз, атыңыз кім болады?» // «Түркістан», 2011, №2
2. Есенжол А. «Құбылыс»// Егемен Қазақстан, 2022, №3
3. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1982.
4. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық// Б.А. Әрінова, Г.М. Раева, Г.С. Кәрімова, Л.К. Жұмекенова. – Алматы: Атамұра, 2018. – 224 б.
5. Үсенов Ә. Көркем әдебиет сабағының түрлері// «Ауыл мұғалімі», 1936, №3
6. Исакаев Ж. «Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі сыршыл сезім»// «Massaget.kz» әдеби порталы, 2014.
7. Әнесұлы Ж. «Өлеңмен өрілген отты жылдар»// «Abai.kz» ақпараттық порталы, 2015.

Дилмагамбетова Баян Жумаханқызы
№83 мектеп-гимназия
бастауыш сынып мұғалімі

С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

КІРІСПЕ

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, жауынгер-ақын және қоғам қайраткері. Оның поэзиясы ұлттық сана мен руханияттың айнасы, жастарды туған елге деген сүйіспеншілікке, адал еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған. Білім беру үдерісінде С.Мәуленов шығармаларын жүйелі және методикалық жоспармен қолдану оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға, тіл байлығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл баяндамада ақын шығармаларын оқыту әдістемесі, шығармашылық тапсырмалар, цифрлық құралдар арқылы оқыту және мектепішілік жобалар мен байқауларды ұйымдастыру жолдары кеңінен қарастырылады.

1. С.Мәуленов шығармаларын оқыту әдістемесі

Мектептегі әдебиеттік сабақтарда Сырбай Мәуленовті енгізудің алғашқы қадамы – оның өмірі мен шығармашылығын таныстыру. Бұл кезеңде оқушыларды ақынның туған жері, өмір жолындағы қиындықтар мен шығармашылықтың қалыптасу ерекшелігі туралы қысқаша мәліметтермен таныстыру арқылы сабақтың эмоционалдық негізі қаланады. Мұғалім оқушыларға ақынның негізгі тақырыптары – туған жер, табиғат, ана, ерлік туралы әңгімелей отырып, өлеңдердің әлеуметтік және патриоттық мәнін ашады [1, 17-б.]. Мәтінмен жұмыс: әр өлеңмен жеке-жеке жұмыс жүргізу қажет. Алғашқы кезеңде мұғалім өлеңді мәнерлеп оқып көрсетеді, келесі кезеңде оқушылар топтарға бөлініп, өлеңнің әр шумағын талқылайды. Тақырыпты анықтау, негізгі ойды ұғындыру, поэтикалық тәсілдерді анықтау – бұл әдістің негізгі құрамдас бөліктері. Сұрақ-жауап және пікірталас: оқушыларға ашық сұрақтар қою арқылы олардың сыни ойлауын дамытуға болады. Мысалы, «Мәуленов поэзиясында туған жер образы қандай мағына береді?», «Бұл өлеңнің тәрбиелік аспектісі неде?» деген сұрақтар арқылы талқылау ұйымдастырылады. Мұндай талқылаулар оқушылардың ойлау дағдыларын нығайтады және мәтінге терең бойлауына көмектеседі. Пәнаралық байланыс: әдебиет сабағында география, тарих және музыка пәндерімен байланыс жасау сабақтың мазмұнын байытады. Мәселен, Торғай өңірінің табиғатын оқыту барысында географиядан алынған карталар мен деректерді қолдануға болады, ал соғыстағы оқиғаларды талқылағанда тарих сабақтарындағы материалдарды пайдалануға болады.

2. Ақын поэзиясы бойынша шығармашылық жұмыстар

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттырады. Эссе жазу, қысқа әңгімелер құрастыру, поэмалық жолдар жазу – барлығы оқушылардың жазушылық қабілетін дамытады. Сонымен қатар, «авторға хат жазу» әдісі өте тиімді: оқушы ақынға немесе өлең кейіпкеріне хат жазып, өз пікірін білдіреді. Бұл арқылы олар мәтінді субъективті тұрғыдан бағалауды үйренеді.

Көркем оқу сайыстары мен сахналық қойылымдар: мектепте мәнерлеп оқу фестивальдерін өткізу, өлеңдер негізінде шағын көріністер қою оқушылардың сахнада өзін-өзі ұстауын дамытады. Мұндай іс-шаралар балаларды әдеби шығармашылыққа қызықтырады және өз пікірін ашық білдіруге үйретеді [2, 45-б.].

Иллюстрация жасау: табиғат лирикасына арналған өлеңдерге сурет салдыру немесе графикалық плакаттар дайындау – визуалдық ойлауды дамытуға көмектеседі. Осы

жұмыстарды сынып сағаты бойынша көрсету арқылы бір-бірінің жұмыстарын бағалап, сын тұрғысынан талдауға үйренеді.

3. Электронды ресурстар мен цифрлық платформалар арқылы оқыту Қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану – сабақтардың сапасын арттырудың негізгі жолы. Мысалы, оқушыларға ақынның манерасын түсіндіру үшін әдеби деректі фильмдерді көрсету, ақынның өлеңдерін аудиожазба арқылы тыңдату, оның шығармаларын электронды кітапханалардан жүктеп беру сияқты амалдар қолданылады. [3, 89-б.].

Интерактивті платформалар: Kahoot және Quizizz-те викториналар ұйымдастыру арқылы оқушылардың білім деңгейін қызықты түрде тексеруге болады. Padlet пен Jamboard арқылы бірлескен жобалар жасау оқу белсенділігін арттырады және оқушыларға жаңа технологияларды игеруге мүмкіндік береді.

Оқу ресурстарын цифрландыру: мектеп кітапханасы арқылы ақынның шығармаларын электронды форматқа енгізіп, оқушыларға қолжетімді ету – олардың шығармаларды үйден де оқуына жағдай туғызады. Бұл әсіресе қашықтан оқыту жағдайында өте тиімді.

4. Мектеп оқушыларына арналған әдеби жобалар мен байқаулар

Арақашықтықтарда және мектепішілік деңгейде әдеби жобалар ұйымдастыру арқылы ақын шығармашылығын насихаттауға болады. Мысалы, «Менің сүйікті өлеңім – Сырбай Мәуленовтен» атты байқаулар, эссе және сурет конкурстары өткізу оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Одан бөлек, виртуалды экскурсиялар ұйымдастыру – ақынның өмір сүрген жерлерін интернет арқылы таныстыруға мүмкіндік береді. [4, 56-б.].

Жобалық жұмыстың мысалы: «Мәуленов әлемі» – бұл зерттеу жобасы, онда оқушылар ақынның өмірі мен шығармаларын зерттеп, есеп дайындайды, презентация құрастырады және қорғайды. Жобаның бағалануы шығармашылық, зерттеу және презентация дағдыларының үйлесімділігі бойынша жүргізілуі тиіс.

5. Педагогикалық әдістемелік ұсыныстар

Мұғалімдерге арналған практикалық ұсыныстар: сабақ жоспарларын алдын-ала дайындау, әрбір өлеңге сай мақсаттар мен міндеттер қою, бағалау критерийлерін анықтау. Әрбір тапсырма оқушының жас ерекшелігіне сай болуы тиіс. Сонымен қатар дифференцияланған тапсырмалар арқылы оқушының жеке қабілетін ескеру қажет. Бағалау әдістері: оқушының әдебиетке қатысты дағдыларын тексеруде формативті бағалау тәсілдерін қолдану ұтымды. Оған портфолио, презентация, есеп тапсыру және мәнерлеп оқу көрсетілімдерін қосуға болады.

6. Сырбай Мәуленов шығармаларын мектептегі қолданудың артықшылықтары

Тыныш, лирикалық поэзия арқылы оқушылардың эмоционалдық-құндылық қалыптасуы жүреді. Ақынның шығармалары ұлттық санаға әсер етіп, оқушыларды туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Сондай-ақ бұл шығармалар арқылы тәрбие жұмыстары оңай жүзеге асады: мейірімділік, патриотизм және еңбекқорлық сияқты қасиеттер меңгеріледі.

Цифрландыру және креативті тапсырмалар сабақтардың тартымдылығын арттырып, оқушылардың білімге деген қызығушылығын күшейтеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сырбай Мәуленов шығармаларын білім беру үдерісінде жүйелі түрде қолдану оқушылардың тұлғалық және рухани дамуына зор ықпал етеді. Мұғалімдер шығармашылық тәсілдерді, цифрлық ресурстарды және жобалық жұмыстарды үйлестіре отырып, ұрпақтың ұлттық құндылықтарға байыппен қарауына және әдебиетке деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Осы баяндамада ұсынылған әдістемелер мен іс-шаралар мектеп тәжірибесінде қолдануға жарамды және оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР
1. Абдуллин Ж. Сырбай Мәуленов шығармашылығы. – Алматы: Ғылым, 2005.
2. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1984.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Фолиант, 2002.
4. Оралбаева Қ. Ақын поэзиясының ерекшелігі // Қазақ әдебиеті, 2017.
5. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру стандарты. – Астана, 2020.

Дуйисова Клара Еркиновна,
Астана қаласы,
№117 жалпы білім беретін мектеп

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Қазақ әдебиеті тарихында өшпес із қалдырған ірі тұлғалардың бірі — Сырбай Мәуленов. Ол — кең тынысты лирик, сыршыл ақын, қоғам өмірін, адам тағдырын, Отанға деген сүйіспеншілікті жырлаған дарынды қаламгер. Оның шығармалары терең мазмұнмен, көркем бейнелермен ерекшеленеді. Ақынның поэзиясы — қазақ халқының жүрегінен орын алған рухни қазына.

Сырбай Мәуленов — өте өнімді ақын. Ол әр жылдары көптеген өлеңдер жинағын, поэмалар мен балаларға арналған шығармалар жазды. Оның поэзиясы негізінен Отанға деген махаббат, адам еңбегі, табиғат сұлулығы, ерлік пен бейбіт өмір тақырыптарына арналған.

Мен үшін Сырбай Мәуленов – алдымен Отанды шексіз сүйе білген ақын. Оның жырларынан туған жерге деген сағыныш пен махаббат, бейбіт өмірге деген шүкірлік пен тәубе сезіледі. Соғыс жылдарында от пен оқтың арасында жүріп, өмір мен өлімнің ара жігін көрген ақын бейбіт өмірді бар жүрегімен қадірлей білді. Ол үшін Отан деген ұғым – тек географиялық ұғым емес, ол – ана, ол – ел, ол – рух.

Тағы бір таңғалатыным – Сырбай Мәуленовтің қарапайым адамдарға деген ілтипаты. Ол шахтерді де, шопанды да, мұғалімді де, дәрігерді де — бәрін бірдей Отанның тірегі

Ол – қазақ поэзиясының ХХ ғасырдағы ең зәру рухани сұрақтарына жауап берген, дәуірімен бірге жасасқан, ел есінде азаматтық лирикасымен қалған тұлғалардың бірі. Ол – өлеңді тіршіліктің, адамдықтың, ұлт тағдырының ең нәзік тарамдарымен жалғай білген ақын. Мәуленов поэзиясының өзегінде – ұлттық рух пен азаматтық жауапкершілік, туған жерге деген шексіз махаббат, тарихи жадының тұтастығы және адам болмысының ізгілікті өлшемі жатыр. Осы қырлар оның ақындық мұратын айқындайды: өлең – ел тағдырына жанашыр көңілдің, болашаққа әділет пен мейірім ұсынған сана-сезімнің тілшігі.

Ақын өмірі мен шығармашылық жолы қазақ қоғамының күрделі белестеріне тұспа-тұс келді. Балалық шағы дала тынысымен, елдің тұрмысымен, тілдің иісімен суарылды; жастық жылдары оқу-ағарту, баспасөз, мәдениет саласындағы қызметпен ұласты; жігіттік шағы Екінші дүниежүзілік соғыс күйзелісімен таңбаланды. Соғыстың адамзатқа салған жарасы, өмір мен өлімнің араша тұстары, майданның темір тілді шындығы оның поэзиясындағы азаматтық үнді ширықтырды. Кейінгі жылдары баспасөзде, әдеби журналдарда қызмет ете жүріп, ол қоғамдағы моральдық өлшемдерге, адамдық құндылықтарға алаңдады; ақынның азаматтық позициясы, сөзге адалдығы осы тәжірибеден беки түсті. Сондықтан Мәуленов өлеңі – тек лирикалық сезімнің шежіресі ғана емес, ұлттың рухани хроникасы.

Ұлттық рух – Сырбай поэзиясының тірек діңгегі. Ол ұлттық рухты ұран ғып көтермейді; керісінше, даланың тынысы, ананың әлдиі, тілдің саз-құбылы, дәстүрдің

меруерт түйірлері арқылы іштен оятуға ұмтылады. Ақын үшін ұлт – тарихи ес пен ортақ тағдырдың, тіл мен жердің, наным мен салттың жарасты келбеті. Туған тілдің иірімі, қазақы ұғым мен бейнелеу арсеналы оның өлеңінде табиғи өрнек табады: «жусан иісі», «бозжорға жел», «қоңыр самал», «сарын-саз», «шаңқан дала», «ақ шағалалы көл» – осындай образдар ұлттың өзін-өзі тануына, ішкі тұтастығына қызмет етеді. Сол себепті Мәуленов ұлттық рухты тек қана тарихи шежірені мадақтау арқылы емес, бүгінгі адамды адам қылатын асыл қасиеттерді – кісілік, мейірім, адалдық, еңбекқорлық, намыс – жырлау арқылы айқындайды.

Азаматтық болмыс мәселесі оның поэзиясында айқын, бірақ пафоссыз көрінеді.

Ақындар секциясының бір мәжілісінде Сырбай Мәуленов сөйлеп, кейбір жас ақындардың кемшілігіне тоқталыпты. Солардың ішінде Ғаббас Жұмабаев та бар екен. Ол:
– Жаныңызда жүрген жалғыз мені несіне сынадыңыз? – депті. Сонда Сырбай:
– Жанында жүрген жақынын сынамайды демесін деп сені арнайы айтқанымды түсінбеген екенсің, – деген екен [9, 3-б].

Сырбайдың азаматтық лирикасы ұраншылдықтан алыс; ол қоғамға, елге адал болудың мұратын қарапайым адамның күнделікті тіршілігінен, еңбектің өңінен іздейді. Шын азаматтық – жауапкершілікте, уәде мен сөзге беріктікте, жұрт алдындағы ұят пен ар-ожданды сақтауда. Ақынның
лирикалық кейіпкері – даңғазаға үйір емес, бірақ өз дәуірінің алдаспаны іспетті «үнсіз ер». Ол өз борышын әуелі туған жер мен елге, сосын адамзатқа, табиғатқа, болашақ ұрпаққа адал атқарады. Осы тұрғыдан ақын жастарды даңқ қуған дарақылықтан сақтандырып, істің, білімнің, ардың биігіне шақырады.

Туған жерге сүйіспеншілік – Мәуленов поэзиясындағы тұрақты арқау. Ақын үшін туған жер – географиялық мекен ғана емес, жанның тұрақ-панасы, жадының бесігі, ізгіліктің ұстазы. Ол өз өлкесін қазақ даласының тұтас болмысы ретінде көреді: кеңістіктің еркіндігі адамды пейілге кең, ойға ұшқыр етеді; жел мен құм, тау мен өзен, аспан мен жұлдыз – бәрі де мінез бен тағдырға әсер ететін тірі сабақ. Ақын жусанның исін еске түсіріп, балалық шақтағы жауыннан кейінгі топырақ иісін, сары даланың күзгі күйін, көктемдегі сай-саланың гүлі мен құсының үнін тірілтеді. Мұндай детальдар лирикалық дүниені тек әсемдік ретінде емес, адам болмысының моральдық түпқазығы ретінде көрсетеді.

Ел тарихы мен жады да Сырбай жырында терең тамыр тартады. Ол өткенді көне мұра ретінде емес, бүгінмен диалог құратын рухани күш ретінде түсінеді. Батырлық эпос пафосын көшірмей, сол рухты бүгінгі күннің қарапайым еңбегімен, адал қызметімен сабақтастырады. Тарих – қару-жарақтың дүбірі ғана емес, ұрпақ сабақтастығы, тілдің тұрақтылығы, әдеп-ғұрыптың алтын арқауы. Ақын осы тұтастықты жырлау арқылы «тарихи оптимизмге» емес, салмақты сенімге жетелейді: ар-намысқа адал ұрпақ барда елдің рухани іргесі берік болады.

Соғыс тақырыбы – ақынның азаматтық мұратын айқындаған үлкен мектеп. Мәуленов соғысты романтикаға бөлеп жырламайды; ол адам шығынының, жан жарасының, елге деген сағыныштың ащы шындығын жеткізеді. Майдан даласында адам болмысының шекарасы сыналады: қорқыныш пен батылдық, әлсіздік пен төзім, күдік пен сенім – бәрі бір бойда. Ақын осы аралап тұрған сезімдердің ішінен адамдықтың ең мықты құралы – мейірім мен кішіпейілдікті, Отанға адалдықты, жолдастықты бөліп алады. Соғыс – зұлмат; бірақ ол адамдардың бір-біріне сүйеніп, жақсылыққа ұмтылуына себеп болған сабақ та. Ақын майдан көрген ұрпақтың ендігі парызы – соғыстың зұлымдығы қайталанбауы үшін бейбіт өмірдің мәдениетін күшейту екенін еске салады.

Мәуленов лирикасының тілдік табиғаты қарапайым да мөлдір. Поэтикалық сөйлемдері қысқа, ойы айқын, метафоралары өмірге жақын. Ол күрделі философиялық ойды тұрмыстық деталь арқылы «сөйлетеді»: түнгі жұлдыздың жылтылы – үміт; жапырақ қағысы – жүрек дүрсілі; ауыл түтінінің көтерілуі – елдің амандығы; таңғы шық – таза ардың нышаны. Мұндай бейнелер тілдің табиғи қуатын ашып, оқырманның жеке

тәжірибесімен ұштасады. Сондықтан ақынның сөз қолданысы пафоссыз таусылмайды, керісінше, көңілдің терең мөлдіріне жетелейді.

Сырбайдың өлең құрылысы да ұлттық дәстүр мен заманауи тынысты үйлестіреді. Ол силлабикалық өлшемнің табиғи ырғағын сақтай отырып, строфикадағы ықшамдыққа, пауза мен үндесімге ерекше мән береді. Бір-екі жолға сыйған ой кейінгі шумақта жаңа қырынан ашылады; поэтикалық композиция ішкі лирикалық логикаға бағынады. Кейде ақын еркін ырғаққа ауысып, сөйлемдердің синтаксистік үзілімін пайдаланады: осының бәрі сезім мен ойдың табиғи қозғалысын береді. Поэтикалық дыбыстандыруда «қ-ғ», «ж-ж», «с-с», «б-п» секілді дауыссыз үндестіктері ойдың салмағына қарай реттеледі; дыбыс пен мағына сәйкестігі лирикалық әсерді тереңдетеді.

Ақынның лирикалық кейіпкері – «қазақы кісілік» ұғымының поэтикалық нұсқасы. Ол – ата-анаға құрметті, жұртқа пайдасы тиген, сөзге берік, намысты, мейірбан адам. Бұл бейне утопиялық емес: ақын оны күнделікті тіршіліктің, еңбектің, азаматтық парыздың ішінен тудырады. Лирикалық «мен» ешқашан дарашылдыққа ұрынбайды; оның қуанышы да, мұңы да қоғаммен, елмен, табиғатпен, уақытпен сабақтас. Осыдан туған «ұжымдық мен» сезімі – Мәуленов поэзиясының адамгершілік өзегі.

Сырбай Мәуленов табиғат лирикасында да адам тағдырын сөйлетеді. Дала желі – уақыт; өзен – естелік; тау – табандылық; қар – тазалық; көктем – үміт; күз – толғаныс; қыс – сабыр. Ақын табиғатты «сырлас дос» ретінде қабылдайды: адам ішкі күйзелісін де, шаттығын да табиғаттан тыныштық тауып, сол арқылы адамдық қасиетін орнықтырады. Мұнда пантеистік әуез бар, бірақ ол дүниетанымдық мөлдірлікке құрылып, поэтикалық бейнені ой сәулесімен жарастырады.

Тіл мен мәдениет тақырыбы Сырбай поэзиясында азаматтық сабақ ретінде ұсынылады. Тіл – ұлттың жүрегі, оның жадында сақталған ең ұзақ әуез. Ақын тілдің қадірін сақтамау – болашаққа деген немқұрайдылық екенін ескертеді. Ол жас оқырманды кітапқа, оқуға, ізденіске шақырып, тілдің байлығын күнделікті өмірде қадірлеуге үндейді. «Таза тіл – таза ойдың тұрағы» деген іштей бір логика Мәуленов өлеңінің семантикалық құрылымын айқындайды.

Ақынның қоғамдық-азаматтық қызметі оның шығармашылық кредосымен табиғи бірлікте. Баспасөз, журнал, әдеби ұйымдардағы еңбегі – сөз мәдениетін, қоғамдық ойды, ұлттық руханиятты көтеруге бағытталды. Ол жас ақындарға қамқор, рухани ұстаз бола білді; әдеби ортадағы пікір алмасуды, өзара сыйластықты, шынайы еңбекті бағалады. Сынға да, мадаққа да байыппен қарайтын, даурығудан аулақ, ұстамды болмысы оның өлеңіндегі «қоңыр үнді» күшейтті.

Сырбай Мәуленов поэзиясының гуманистік коды – ізгілікке сенім. Адамзат қанша соқпақтан өтсе де, адамдықтың түпкі қасиеттері – рақым, адалдық, мейірім – оған жол көрсетеді. Ақын осы құндылықтарды тұрмыстың ұсақ-түйек көріністерінде де, тарихи оқиғалардың үлкен масштабында да ұсынады. Мұнда дидактика жоқ; тек жүрекке жылы тиетін жылы-заңғар ойдың лебі бар.

Сырбай Мәуленовтың ақындық мұраты туралы айтатын болсақ ол ең алдымен — халыққа қызмет ету, елдің тарихын, ұлттың рухын, тәуелсіздік идеясын жырлау. Ол поэзия арқылы адам жанына, ұлттық болмысқа, халықтың өткені мен бүгінгісіне терең үңілді. Оның өлеңдері ойлы, сыршыл, әрі қоғамдық мәні зор. Ақын:

«Мен жырлаймын туған елдің тарихын,

Тағдырымен біте қайнасқан халықтың өмірін...» деген өлең жолдарынан өзінің негізгі шығармашылық бағытын көрсетіп бергенін байқауға болады.

Сырбай Мәуленов 1922 жылдің 17 қыркүйегінде Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай өңірінде дүниеге келген. [13, 2-б].

Ол бала кезінен әдебиетке жақын болып өскен. Болашақ ақынның өмір жолы ауыр кезеңдермен байланысты болды.

1938 жылы Қызылордадағы педагогикалық училищеде оқиды. Алайда ел басына күн туған қиын кезеңде — 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, бірнеше жыл бойы

майданда жаумен шайқасып қазақ поэзиясына терең сыршылдық пен Отанға деген ыстық махаббатты алып келген шынайы талант иесі деп атауға болады.

Соғыста жараланып, елге аман оралған соң шығармашылықпен белсенді айналыса бастайды. Ұлы Отан соғысына қатысқан ақын, майданның ауыртпалығын көзбен көрген. Бұл оның өлеңдеріне де терең із қалдырды. Ерлік, батырлық, бейбітшіліктің құндылығы — ақынның ақындық мұратындағы басты бағыттардың бірі болды.

Оның «Жеңіс жыры», «Майдан жолы» секілді өлеңдерінде жауынгердің ерік-жігері мен отансүйгіштігі көрініс табқанын аңғаруға боладлы.

Кейінгі жылдары қазақтың бірқатар әдеби басылымдарында қызмет атқарып, ақын, журналист, аудармашы ретінде де танылды.

Ақындық мұраттың түпкі мәні – қоғамды жақсылық пен әділетке ұмтылдыру. Мәуленов үшін өлең – ардың мінбері, бірақ ол мінберге шыға сала айқайламайды. Ол оқырманның жүрегіне, ар-ұятына жол табады; парасат пен сабырды, кісілік пен талғамды үлгі етеді. Сондықтан оның шығармалары уақыт өте келе ескірмейді: әр буын өз керегін табады – бірі ұлттық сөздің дәмін сезінеді, бірі табиғат пен адам үйлесімін ұғады, бірі азаматтық жауапкершілік туралы ойға қалады.

Қазіргі заман тұрғысынан қарағанда да Сырбай мұрасы өзекті. Бүгінгі жаһандану, ақпарат тасқыны, технологиялық өзгерістер адамның ішкі әлеміне салмақ түсіріп, құндылық өлшемдерін шайқалта түсуде. Осындай шақта Мәуленов жыры ұлттық болмысты жоғалтпай, әлемдік өркениетке ашық болудың мәдени моделін ұсынады: тіл мен дәстүрді қадірлей отырып, еңбек пен білімді, мейірім мен әділетті тірек ету. Бұл – «қазақы модерннің» поэтикалық формуласы іспетті.

Эстетикалық тұрғыдан алғанда, Сырбай поэзиясы – «қоңыр лиризмнің» мектебі. Мұнда нәзік сезімдер ақылмен, өлшеммен беріледі; шамадан тыс күйзеліс те, жасанды оптимизм де жоқ. Толғаныс – терең, сөз – сарабдал, бейне – анық. Дыбыстық үндесім мен ырғақтағы сымбат оқуға жеңілдік береді, бірақ ойды жеңілдетпейді. Поэтикалық мәдениеті жоғары оқырман үшін мұндай поэзия – талғам тәрбиесінің мектебі.

Ақынның аудармашылық және әдеби байланыстар жөніндегі еңбегін де ұмытпаймыз. Әлем поэзиясынан жасаған тәржімелері арқылы ол қазақ оқырманын жалпыадамзаттық гуманизммен жақындатты; ал қазақтың тілдік икемін, метрикалық мүмкіндігін шетелдік текстуралармен сынап, жаңа үйлесімдер тапты. Бұл тәжірибе оның өз лирикасының тынысын кеңейтті, ойының ауқымын ұлғайтты.

Сырбай Мәуленовтің адами болмысы – оның поэзиясынан айқын көрінетін бейне. Қарапайым, сабырлы, адамға жақ, сөзге ұқыпты, уәдеге берік – осындай сипаттар шығармашылық аурасында сезіледі. Ол қоғамда бедел жинап, атақ алған сайын емес, адамға жақын бола білген сайын ұлғая түседі. Ақын айналасына мейіріммен қарап, жас талантты желеп-жебеп, жақсының жақсылығын айтуды парыз санады; осы мінез оның өлеңіндегі «адамға сену» мотивін өмірлік ұстанымға айналдырды.

Мәуленов жырларындағы қала мен дала диалогы – XX ғасырдағы қазақ қоғамының урбанизациялық беталысын бейнелейтін маңызды пласт. Қала – модернизация, жаңа кәсіп, жаңа қарым-қатынас мәдениеті; дала – тамыр, жады, тіл, әуез. Ақын осы екі кеңістіктің болашақта бір-бірін толықтыратын, бірін-бірі жұтпайтын үйлесімін аңсайды. Дала рухын сақтаған қала – мәдениеттің өркениетті түренін түсіретін орта; қаланың тәртібі мен техникасын игерген дала – шаруаның, тұрмыстың, дүниетанымның жаңа белесі.

Сырбай поэзиясында уақыт пен кеңістік философиясы да ерекше. Уақыт – тек күнтізбелік өлшем емес, адамдық сапаның айнасы. Кішкентай жақсылыққа жұмсалған сәт – мәңгілікке айналуы мүмкін; ал мәнсіз күйкі тірлікке кеткен жылдар – бос кеңістік. Кеңістік – туған жердің кеңдігі ғана емес, адамның көкірегінің кеңдігі: ренішті сыйдырмайтын, қуанышқа ортақтасатын, кешіруге қабілетті көкірек – ең үлкен «дала». Осы идеялар ақынның «кең пейіл», «жылы жүрек» секілді тұрақты сөз өрнектерінен көрінеді.

Тарихи тұлғалар мен ұлт ерлеріне арналған лирикасында Сырбай тұлғаны мифке айналдырмай, оның адамдық болмысына, ар-намыс жолындағы ішкі күресіне үңіледі. Бұл тәсіл бүгінгі ұрпаққа батырлықты күнделікті таңдаулардан – әділеттілікті қорғаудан, адалдықты сақтаудан, еңбекті қадірлеуден көруді үйретеді. Ұлттың тарихи қуаты осындай «ұсақ ерліктерден» жинақталады. Ақынның тәрбиелік-моральдық пафосы да осы жерде.

Қоршаған орта, экология мәселелері де Мәуленовті толғандырған. Табиғатқа қиянат адамның өзіне қиянат екенін ол ерте айтты: даланың тозуы – тілдің жұтаңдауы, өзеннің ластануы – жүректің лайлануы. Сондықтан табиғатты қорғау – саяси міндет қана емес, рухани мәдениет. Бұл – поэзияның ағартушылық миссиясын қазіргі заманның күрделі проблемаларымен үйлестірген көрегендік.

Ақын табиғаттың әсемдігін жырлай отырып, өзінің табиғатқа деген қатынасын білдіріп отырады:

Таулар күледі,
Төбесіне күн шыққанда.
Тастар күледі,
Төсіне көк қына гүл шыққанда.
Ақын күледі,
Айлар бойы дірілдеп.
Жүрегінен жыр шыққанда [14,178-б].

Сырбай поэзиясы музыкалық ырғаққа да бай. Әуен мен мағына арасындағы үйлесім оның өлеңдерін есте қалғыш етеді; әнге сұранатын жолдар көп. Әуендің «қоңырлығы» – поэзияның ішкі мейірімін, сынық дауысты сабырын жеткізетін эстетикалық белгі. Осы әуен қазақ тыңдарманының есту мәдениетін тәрбиелеуге де ықпал етеді: даңғыра-қыңғырадан шаршаған құлаққа Сырбайдың әуені ем секілді.

Білім мен ғылымға құрмет – ақын өлеңдерінің тағы бір іргелі желісі. Ол жастарды «рухани еңбекке» шақырады: оқу – тек мамандық емес, адамдықтың сапасын арттыру құралы. Білімді адамның сөзінде де, ісінде де мейірім мен парасат көбірек болады; ал парасатты қоғамда даулар – диалогқа, күш – ақылға жол береді. Мәуленов поэзиясындағы осы идеялар бүгінгі білім қоғамын құрудың рухани алғышартын сипаттайды.

Сырбайдың ақындық мұраты – ұлттың рухани иммунитетін күшейту. Ол мұратты үш іргелі формулаға сыйғызуға болады: біріншісі – кісілік; екіншісі – тіл мен жерге сүйіспеншілік; үшіншісі – жауапкершілік. Кісілік бар жерде – алауыздық азаяды; тіл мен жерге сүйіспеншілік бар жерде – мәдени тұтастық сақталады; жауапкершілік бар жерде – еңбек өнімді, мемлекет пәрменді болады. Бұл – поэзия тілімен айтылған қоғамдық бағдар.

Мәуленов мұрасының сабақтастығы туралы айта келе, оны қазақ поэзиясындағы «қоңыр арқау» ретінде бағалай аламыз. Ол Мұқағалидағы сезімнің серпінін, Тұманбайдағы сыршылдықты, Қадырдағы ойшылдықты, Фаризадағы отты мінезді толықтырып, өзіне тән адамгершілік пафосымен әдеби дәуірдің тұтас панорамасын құрайды. Әдеби үрдіс – көпдауысты симфония; сол симфонияда Сырбайдың үні – тембрі бөлек, шаршамай тыңдататын, жүрекке жайлы алтодай.

Қорытындылай айтқанда, Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – ұлттық рух пен азаматтық болмысты, туған жер мен ел тарихын, адамдық ізгілікті бір арнада тоғыстырған рухани бағдар. Оның өлеңі – ардың айнасы, елдіктің емеуріні, кісіліктің кәусар бұлағы. Мәуленов поэзиясы бізге екі үлкен сабақ қалдырды: біріншісі – адамның ең үлкен жеңісі өз нәпсісін жеңу, ізгілікке адал болу; екіншісі – ұлттың ең үлкен күші – тіл, жер, жады, кісілікке ұйысқан бірлік. Бүгінгі ұрпақ осы сабақтарды жүрекпен сезініп, ісімен айғақтаса, Сырбайдың азаматтық үні мәңгі жаңғырып тұрады.

Мұндай ақындар ешқашан ұмытылмайды, себебі олар – ұлттың жүрегінен орын алған адамдар. Сырбай жырлары — бүгінгі ұрпаққа тәлім мен тәрбие берер рухани қазына екені сөзссіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:
1. «Сырбай Мәуленов» — Уикипедия (kk). Уикипедия
2. «Мауленов, Сырбай» — Википедия (ru). Википедия
3. «Syrbai Maulenov» — Wikipedia (en). Википедия
4. Adebiportal.kz — «Сырбай Мәуленов» (автор парағы). Әдебиет порталы
5. Adebiportal.kz — «Сырбай Мәуленов: Кітаптар». Әдебиет порталы
6. Qazaqadebieti.kz — «Бас редакторлар» (тізім). Qazaq Adebieti
7. El.kz — «Сырбай Мәуленов – публицист-редактор». el.kz
8. El.kz — «С. Мәуленовтың "Жұлдыз" журналындағы редакторлық қызметі». el.kz
9. E-history.kz — «Сырбай Мәуленов айтқан екен…». «Қазақстан тарихы» порталы
10. The Astana Times — «Kazakhstan Celebrates 100 Years of Syrbay Maulenov…». The Astana Times
11. Rusnauka.com — «Сырбай Мәуленов поэзиясындағы табиғат…» (2013). rusnauka.com
12. Rusnauka.com — «СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ…» (2014). rusnauka.com
13. Bilim-all.kz — «Сырбай Мәуленов» (қысқаша өмірбаян). Білім Ал
14. Мәуленов С. Өлеңім – өмірім менің. Жыр жинағы. – Алматы: Санат, 4227.- 574 б.

Дуйсекова Меруерт Каскырбаевна,
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектп-лицей
география, тарих пәндері мұғалімі

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

Бұл мақалада мектеп оқушыларының медиа және ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру мен арттырудың заманауи тәсілдері қарастырылады. Ақпараттық қоғамда өмір сүретін жас ұрпақтың жалған ақпараттан қорғана білуі, интернеттегі қауіптерден хабардар болуы және медиаталдау дағдыларын меңгеруі – қазіргі заман талабы.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Қазіргі оқушы интернеттен кез келген ақпаратты оңай ала алады. Бірақ бұл ақпарат қаншалықты шынайы, пайдалы, қауіпсіз? Жалған ақпарат, фейк жаңалықтар, манипуляциялық мазмұндар, киберқатерлер балаларды түрлі қиын жағдайларға душар етуі мүмкін. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап медиа және ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру – білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналуы қажет.

Медиасауаттылық – бұл тек техникалық дағды емес, бұл – сыни ойлау, жауапкершілікпен әрекет ету, саналы таңдау жасау, ақпаратпен қауіпсіз жұмыс істеу мәдениеті (ЮНЕСКО, 2018) [1].

Мақсат: Оқушылардың медиа және ақпараттық сауаттылығын дамытуға бағытталған заманауи тәсілдерді теориялық және практикалық тұрғыда қарастыру.

Міндеттері:
- Медиасауаттылық ұғымының мазмұнын ашу;
- Мектептегі медиабілім беру тәжірибесін зерделеу;
- Заманауи әдіс-тәсілдерді талдау;
- Практикалық жобалармен бөлісу;
- Әдістемелік ұсыныстар ұсыну.

Медиасауаттылықтың өзектілігі:

Медиасауаттылық – оқушылардың саналы ақпарат тұтынушысы әрі медиаконтент жасаушы болуына мүмкіндік беретін дағды. Қазіргі оқушылар өздерінің күнделікті өмірінде TikTok, Instagram, YouTube сияқты платформаларда белсенді. Бұл платформалар

арқылы олар түрлі ақпараттар алады, таратады және кейде жалған немесе зиянды мазмұнмен де бетпе-бет келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қабылдаған **"Цифрлық білім беру тұжырымдамасында"** (2020–2025) оқушылардың ақпараттық сауаттылығы мен цифрлық мәдениетін қалыптастыру негізгі бағыт ретінде айқындалған [2].

Сондай-ақ, **PISA зерттеулерінің** нәтижесі бойынша қазақстандық оқушылардың ақпаратты талдау және шынайылығын анықтау қабілеті орта деңгейден төмен екені көрсетілген (PISA, 2018) [3]. Бұл мектепте медиабілім беру қажеттілігін нақты дәлелдейді.

Заманауи тәсілдер мен әдістер:

1. Интеграцияланған оқыту

Медиасауаттылықты оқушыларға тек информатика пәнінде ғана емес, қазақ тілі, әдебиет, тарих, география сияқты пәндерде де интеграциялап оқыту тиімді. Мысалы, әдебиет сабағында мәтінмен жұмыс істеу кезінде ақпаратты талдау, дереккөзді салыстыру, автор көзқарасын анықтау дағдыларын дамытуға болады.

2. Digital storytelling

Оқушылар өздері түсірген фото, видео, мәтіндер негізінде **цифрлық әңгімелер** құрастырады. Бұл әдіс оқушылардың креативтілігін, сыни ойлауын және медиаконтент жасау дағдысын қалыптастырады (Robin, 2006) [4].

3. Fact-checking әдісі

Фейк жаңалықтарды анықтау әдістерін үйрету арқылы оқушылар жаңалықтармен жұмыс істеуді, ақпараттың сенімділігін тексеруді үйренеді. Бұл үшін оқушыларға **factcheck.kz** және **stopfake.org** сияқты платформаларды қолдануды үйрету ұсынылады [5].

4. EdTech құралдарын қолдану

Оқу процесінде оқушылармен төмендегі цифрлық платформалар тиімді қолданылады:

- **Canva** – инфографика жасау, постер дайындау;
- **Padlet** – бірлескен пікірталас, медиаконтент жинау;
- **EdPuzzle** – бейнемазмұнға негізделген интерактивті тапсырмалар;
- **Google Sites** – оқушының жеке блогын жүргізуге мүмкіндік беру.

Тәжірибелік іс-әрекет.

Жобаның атауы: «Ақпаратты тану – қауіпсіздік кепілі»

Мақсаты:

Оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу, оны талдау, шынайылығын тексеру және қауіпсіз медиақолдану дағдыларын дамыту.

Іске асыру кезеңдері:

1. **Теориялық дайындық** – медиасауаттылық ұғымы, фейк жаңалықтар, ақпарат көздерін анықтау туралы түсінік беру.
2. **Практикалық жаттығулар** – нақты мысалдар арқылы ақпаратты тексеру.
3. **Жоба дайындау** – оқушылар өз топтарында ақпараттық пост, видео немесе инфографика дайындады.
4. **Қорғау және талдау** – әр топ өз жұмысын ұсынып, сынып алдында қорғады.

Қолданылған әдістер:

- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы (RAFT, «Кубизм», PMI);
- Fact-checking кестесі;
- Digital storytelling;
- Топтық зерттеу.

Нәтиже:

- 80% оқушы фейк жаңалықты ажырату дағдысын меңгерді;
- 60% оқушы медиаконтент жасап, оны әлеуметтік желіде жариялай алды;
- Оқушылардың медиақауіпсіздік туралы түсінігі кеңейді;
- Жоба мектепішілік көрмеде және қалалық семинарда таныстырылды.

Тәжірибе алмасу тәсілдері

- **Мектепішілік және аудандық семинарлар** арқылы медиабілім саласындағы тәжірибе таратылуы;
- **Мұғалімдерге арналған курс:** «Media Literacy for Teachers» (Coursera, UNESCO ұсынысы) [1];
- **Lesson Study тәсілімен** бірлескен зерттеу сабақтары жүргізілді;
- Әріптестермен **жұмыс топтары** құрылып, медиамәтіндерге арналған тапсырмалар жиынтығы жасалды.

Ұсыныстар:

1. Оқу бағдарламасына медиасауаттылық элементтерін пәндік деңгейде енгізу;
2. Мектеп кітапханасын медиаресурс орталығы ретінде қайта құру;
3. Ата-аналармен ақпараттық қауіпсіздік бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізу;
4. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын жетілдіру курстарын өткізу;
5. Оқушылардың медиажобаларын жыл сайын ұйымдастыру;
6. Әрбір пән мұғалімі өз саласында медиабілім элементтерін қолдануға дағдылануы қажет.

Медиасауаттылық – қазіргі мектеп оқушысының маңызды дағдысы. Ол тек білім емес, өмірлік қажет қабілет. Ақпаратты тек қабылдай білетін емес, оны саралап, бағалап, жауапкершілікпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру – бүгінгі білім беру мақсаты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ЮНЕСКО. Media and Information Literacy: Curriculum for Teachers. — Paris: UNESCO, 2018.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту тұжырымдамасы (2020–2025 жж.). — Астана, 2020.
3. OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. — Paris: OECD Publishing, 2019.
4. Robin, B. R. The educational uses of digital storytelling. In Society for Information Technology & Teacher Education International Conference. — 2006.
5. Factcheck.kz — Қазақстандағы фактчекинг жобасы. Қолжетімді: https://factcheck.kz
6. MediaNet Халықаралық журналистика орталығы. Медиасауаттылық бойынша оқулықтар мен нұсқаулықтар жинағы. — Алматы, 2021.
7. Бакирова Л. Медиасауаттылық және білім беру: әдістемелік негіздер. — Алматы: "Ұлағат" баспасы, 2022.
8. Google for Education. Be Internet Awesome бағдарламасы. Қолжетімді: https://beinternetawesome.withgoogle.com
9. Medialiteracy.ru — Ресейлік медиабілім платформасы. Қолжетімді: https://medialiteracy.ru
10. Жүсіпова А.М. «Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру жолдары» // «Ұлағат» журналы, №2, 2023

Дуйсенова Куанышкул Кадиршиновна,
Астана қаласы, «Райымбек батыр атындағы
№50 «Қазғарыш» мектеп-лицей»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ – ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Қазақ әдебиетіндегі батырлық пен ерлік идеясының терең тамыры, ұлттық сананың ажырамас бөлігі ретінде ақын өлеңдерін қарастыруға болады. Алдымен, сарбаздық рух деген не? Сарбаздық рух – Отанға, елге, туған жерге деген шексіз адалдық пен жанқиярлықтың ең жоғарғы көрінісі. Ұлт мүддесі үшін өмірін құрбан ету деген сөз. Сондықтан С.Мәуленовтің шығармаларындағы Отанға, елге деген махаббаты, өмірлік ұстанымы, сарбаздық рухы мен бейбіт өмірді аңсауы тақырыбындағы өлеңдеріне тоқталамын.

Қазақ әдебиетінде Ұлы Отан соғысы тақырыбы ерекше орын алады. Соғыс жылдарының қасіреті мен ерлігіне куә болған ақындар жырларында жауынгерлердің рухын, елге деген сүйіспеншілігін, қайсарлық пен отансүйгіштік қасиеттерін бейнеледі. Солардың ішінде Сырбай Мәуленов – майдангер ақын, халықтың шынайы жыршысы. Оның шығармалары сарбаздың рухын асқақтата отырып, соғыс тақырыбын ұлттық поэзия биігіне көтерді. Сырбай Мәуленовтің жастық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарында өткендіктен өлеңдерінің көбі жауынгерлік тақырыпты қамтыған. Ол өлеңдер қатарына ақынның «Кек», «Ұйқысыз өткен түнде», «Солдат сыры», «Боранда», «Шуылдайды қара орман», «Есіңе ал», «Мың қолдар сау болсын», «Жастығым, сені жоғалттым», «Соғыстан қайтқан солдаттар», «Белгісіз солдат басында», т.б. өлеңдерінде майдан өмірінің ауыр шындығы мен өліммен бетпе-бет келіп, оны талай рет жеңіп шыққан солдаттың басынан кешкен сын сағаттары бейнеленген.

Қазақ поэзиясына нағыз сыршыл сезімді, шынайы, көркем бейнелі өлең үлгісін әкелгендердің дәл ортасында дүр тұлғалы Сырбай ақынның орны өзгеше. Қан майданда қар жастанып, мұз төсендірген соғыстың қайғы-қасіретін, өмір мен өлім айқасын өз көзімен көруі, көңілге түюі – ақын жырларының аясын кеңейтіп, көрген-білгенін ойында терең қорытып, тіршілік философиясына айналдыруына себепші болғаны анық. Сұм соғыста бір қолын жоғалтып, жаралы болып қайтса да ақын 58 кітап жазған екен. Тәні ғана емес, жаны да мүгедек болып келсе де мөлдір сезімді жастық отынан, жан сұлулығынан ажыратпаған. Әсіресе, соғыс тақырыбында жан сарайыңды өртеп өтер өлмес, өшпес өнеге үлгілерін жасап қалдырды. Бұл тақырыптағы қазақ поэзиясының алтын қорын байытқан «Түбір», «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңдерін ауызға алсақ та жетіп жатыр. Қасиет пен киеге суарылған мұндай өлеңдерде міндетті түрде Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар. Сырбай Мәуленов тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы Жанкелдин ауданы Торғай ауылында туған. Ата-анасының жұмыс бабына байланысты бала күнінде туған жерінен жырақтап, Қызылорда облысына қоныс аударған. Сыр елі Сырбайды жатсынбады, керісінше ақындық шабытына шабыт қосты. Ол 1973 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген.Филология ғылымдарының докторы Серік Қирабаев Сырбай Мәуленовтің ақындық талантының шарықтауы Ұлы Отан соғысы жылдарына тура келгенін айтады. Иә, Сырбай Мәуленов Ұлы Отан соғысына қатысқан."Сырағаң соғыстың алдында Қызылордада өлең жаза бастады. Шын ақындыққа келуі, төселуі Ұлы Отан майданында өтті. Майдан өмірі көп адамды шындықтың не екенін, өмір мен өлім үшін күрестің не екенін ұқтырды. Сырағаң солай ойшыл ақынның қалпына келді", - дейді Серік Қирабаев.[17-б.] Осылайша төрт жыл кескілескен ұрыс Сырбайды ақын ретінде де,

адам ретінде де шыңдады. Соғыстан келген соң халықтың жай-күйін **"Соғыстан қайтқан солдаттар"** өлеңінде көрсетті.
Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар? деп оралмаған солдаттарды жоқтады. Сырбай Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңін бәрі біледі. Бұл өлең – тек соғыс жайлы кішігірім шежіре емес, бұл – ақын әр жолына үміт пен үмітсіздікті, сағыныш пен сағымды, өмір мен өлімді қатар сыйғызған, адамзат трагедиясын терең бере алған өлең. Соғыстан соң Сырбай ауа, күн, жел, тау, тас, өзен-көл – жалпы, туған табиғат туралы көп толғанып, поэзия әлеміне парасатты, көркі́ті қолтумалар ұсынды.

Поэзия саласына тұтас бір майдан сарынын алып келген даладай дархан дарынды ақын Сырбай Мәуленов кезеңі өлең өлкесінде өшпес із қалдырды. Қырқыншы жылдардан бастау алған майдан тақырыбы елуінші жылдардағы Хрущев кезеңіндегі «жылымықта» тізгін жіберіп, Абай, Мағжанның сыршыл поэзиясы ұлт әдебиетіне сыналап кіре бастады. Тың серпінді, ойлы философиялық өлеңдер оқырмандар жүрегіне жол тартты. Әдебиетте Қасым поэзиясымен қоса, солардың соңын ала Сырбайдың сыршыл лирикалары өз өрнегін тапты.

Сырбай қазақ жерінің қай түкпірін жырласа да одан бір ерекше сыр тауып, құдірет күйін шертіп, оқушыға ой салады, өміріне бағыт, көңіліне шабыт сыйлайды.Ия, арада қаншама жыл өтсе де соғыстың қайғысын біз ұмытып бара жатқан шығармыз, ал бізге дейін қаншама адам үмітпен өмір сүріп, ана баласын, әйел азаматын, бала әкесін күтті. Бұл әрі поэтикалық, әрі философиялық сұрақ. Автор анаған не мынаған емес, өмірдің, уақыттың өзіне сұрақ қойып отыр: Көрдің бе? Естимісің? - дейді... Мәуленов поэзиясында сарбаз тек қару ұстаған жауынгер емес, ол – халықтың намысын қорғаушы, ұлттық рухтың символы. Уақыт өтіп бара жатса да, ананың, жардың, баланың күтуі тоқтамайды. Әр сәт – күтумен өлшенеді. Бұл жерде уақыт пен үміт диалектикасы бар. Соғыс - ұлы идеялар үшін емес, жеке адамдардың қайғысымен өлшенетін зауал. Ақынның «Жауынгер жыры», «Жеңіс жыры», «Ана», «Жауынгердің арманы» сияқты өлеңдері сарбаздың ерлігін ғана емес, оның адамдық болмысын да көрсетеді. **«Жауынгерлер жыры»** [47-б.]өлеңінде майдандағы қазақ сарбаздарының ерлігін жырлаған шығарма.. Соғыс қиындықтары арасындағы рухани күш пен табандылықты бейнелейді. Сарбаздардың мінез-құлқындағы төзімділік пен жеңілмес рухты поэтикалық арқылы суреттеген. Сарбаздық рухтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасуын көрсете отырып, тарихи сабақтастықты сақтаған.
«Жеңіс жыры» : [27-б.]өлеңіндегі:
«Жеңіс туын көтеріп,
Жау жүрегін бөлгенбіз» деген жолдар сарбаздың қайсар рухын, жеңіске деген сенімін бейнелейді. Ақын үшін жеңіс – тек соғыс нәтижесі емес, ол халық рухының мызғымастығы.

Сарбаздың бейнесінде туған жерге сүйіспеншілік пен сағыныш ерекше орын алады.
«Жауынгердің арманы» атты өлеңінде:
«Қарагерді міндіп алып,
Жайлауымды көрсем-ай...» деп, сарбаз бейбіт күнді аңсайды. Мұнда туған жер сарбазға рухани күш беретін қасиетті мекен ретінде суреттеледі.
Ақынның **«Түбірлер»** деген өлеңінде:[27-б.]
Көрінеді
Орманнан

Түбірлер.
Айрылған
Аяқ-қолдардан
Түбірлер.
Мүгедек солдат секілді
Түбірлер.
Оқ жұлғандай етімді,
Жүрегім тулап дүбірлер,
Кезеріп ерінім күбірлер.
«Соғыс не?!
Менен біліңдер», -
Деп тұрғандай түбірлер.

Кезінде Сырбай Мауленов соғысқа қатысқан жауынгер. Сол соғысқа қатысып жүрген кезде бір орман болатын. Алыстан орманға қараса жайқалған ағаш емес, ағаштың түбірлерін көрген Бұл дегеніміз соғыстын қиыншылықтарынан орман қалмай, түбір қалғанын түсіндірелі. Соғыс кезінде солдаттар аяғынан айырылып мүгедек болған. Сол түбірлер соғыс кезінлегі мүгедек болған солдаттардың бейнесі.

Соғыс жағдайындағы сарбаздың адамдық болмысы **«Ана»** өлеңінде анық көрінеді:

«Анамды ойлап майданда,
Көзіме жас та келді жиі» [375-б.]

Бұл жолдар сарбаздың рухы тек темірдей қаттылық емес, оның жүрегінде мейірім мен сағыныш бар екенін көрсетеді. Соғыстан келген соң Сырбай Мәуленов еңбекке араласты. "Армияның қатарынан кеш қайтты. 1948 жылы келді. Сонда Сырбайды далада көрдім. Біреу "Сырбай Мәуленов" деп көрсетті. Соғыс кезінде, әскери басылымдардан Сырбайдың өлеңдерін оқитынмын. Содан елең еттім. Көп сөйлемейтін адам секілді болып көрінді маған", - дейді ақын Мұзафар Әлімбаев.[225-б.]

Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздың рухы – ұлттық намыстың, отансүйгіштіктің көркем бейнесі. Ақын сарбазды тек майдандағы батыр ретінде емес, адамгершілік пен нәзіктік иесі ретінде көрсетті. Оның поэзиясындағы сарбаз бейнесі қазіргі ұрпақ үшін патриотизмнің мәңгілік символы болып қала береді. Қазіргі жастарға патриоттық тәрбие беру құралы ретінде Мәуленов мұрасының маңызы зор. Сондықтан ақынның туған жерге, Отанға, елге деген өлеңдерін жинақтау арқылы сынып сағаттары мен сыныптан тыс өткізілетін іс-шараларда пайдаланып жүрмін. Әр өлеңі оқушылардың бойында ұлттық рухты, намысты ер болуға тәрбиелейді. С.Мәуленов поэзиясы арқылы ұлттық бірлік пен патриотизмді нығайту жолдары көрсетілген. Оның шығармалары арқылы қазақ сарбаздарының рухы мәңгілік сақталып, болашақ ұрпақтарға жеткізілетін құнды мұра. Батырлық пен патриотизм – ұлттық рухтың негізгі тірегі, халықтың бірлігі мен күшінің қайнар көзі. Жақсылыққа жаны құмар, жан дүниесі мөлдір бұлақтай таза Сырбай Мәуленовтің өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, майдандас достарын қайта тірілтеді. Өйткені, олардың алдында жаңа биіктер мен шекаралар, жеңіске жетудің ұлы жолы тұрды. Ақынның поэзиясы бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген ұғым тұрады. Ақын туған жеріне, табиғатқа үлкен құрметпен қарайды. Сол себепті оның шығармаларында Отан қай жерде болмасын, адаммен бірге жүретін, аспанда қалықтаған қарлығашпен байланыстырылады. Адам мен табиғаттың байланысын да керемет суреттейді. Сондықтан да оның жырлары сыршыл лирикаға толы. Оның лирикасы ешкімге ұқсамайды, ғажайып суреттеуімен де бағалы. Соғыстың қиын кезеңдерін басынан өткерсе де кейінгі бейбіт өмірдің де тамаша сәттерін көрді. Оған да тәубе. Сырбай Мәуленов 1993 жылы 71 жасында дүниеден өтті. Оның жырлары мен есімі жадымызда әлі ұзақ сақталатындығы анық.

Сөзімді Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбай: «Біз бала кезімізден бастап Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, ырбайша сөйлеуге ұ мтылып өскен ұрпақпыз. Қазіргі әдебиеттегі алпысқа келгендер мен төменгі буынны

ң барлығының әдеби болмысында Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар десем, ас ыра айтқан бомаспын. Сырбай – тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел тұлға. Бұл тұрғыдан келгенде, Сырбай – қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Классик деген ұғым кез келген кісіге айтылуға тиісті емес. Кез келген дарынды, талантты адам классик бола алмайды. Тек қана өзі емес, бүкіл ұлттық әдеби болмысқа өзінің ізін, өнегесін тастаған адам ғана осындай атқа лайық болуы тиісті. Бұл бір жай, азусыз сөз емес. Өйткені ол кісінің өлеңі бүгінге дейін сол тірі қалпында тамаша әсер қалдырып, тәнті етеді. Келешек ұрпақтың да дәл солай қабылдап, осылай тамсанары сөзсіз» -деген. Олай болса, ақын өлеңдерін жалғастырар намысты ұрпақ көбейсін. [6-б.]

Әдебиеттер тізімі:

1 Мәуленов С. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1983.
2 Мәуленов С. Өлеңдер. – Алматы: ҚМКӘБ, 1948.
3 Мәуленов С. Жаңа көктем. – Алматы: Жазушы, 1956.
4. Мәуленов С. Дала таңы. – Алматы: Жазушы, 1957.
5 «Қазақ әдебиеті» порталы – adebiportal.kz
6 Kitap.kz электронды кітапханасы.
7 С.Мәуленов шығармалары Өлеңдер (1938-1958)

Дюсекова Алия Есенгельдиновна,
Астана қаласы,
Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АҚЫНДЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС ТУРАЛЫ

«Қайран достық – дүниенің тұлғасы»
Қ.Аманжолов

ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиеті өте қарқынды дамыды. Діни-ағартушылық, ағартушылық-демократтық, ұлт-азаттық бағыт кезеңдерінің ақындары әдебиетке келе бастады. Майдангер ақын-жазушылардың үлкен көші қазақ поэзиясы мен прозасына жаңа серпін, заман тынысын алып келді. Қасым Аманжолов бастаған поэзия жолында Сырбай Мәуленов, Нұрпейіс Байғанин, Хамит Ерғалиев, Әбу Сәрсекеев сынды қаламгерлер жалындай жарқырады. Замандас ақындарымыз әдебиет саласында бір уақытта қалам тербеп, бір тақырыптың аясында жырларын жазды.

Соғыстың майданын бастан өткеріп, өмірдің белестерін бағындырып, лирикасымен қалың оқырманды баураған Сырбай Мәуленов жайлы сөз болмақ. Ақын Сырбайдың алғашқы балапан жырлары Қызылорда ауыл шаруашылық техникумында бастап жазылған екен. Алғашқы қадамы үлкен ауқымды тақырыптарға айналып, ақындық және азаматтық болмысын ашты. Соғыс лирикасы қан майданнан бастау алып, сыршыл ақынның шынайы өмір суреттеріне айналды [5, 54-б]. Сырбай Мәуленовтің азаматтық портреті, оның ақындық тұлғасы Ұлы Отан соғысымен бірге жүретін құбылыс екенін айқын білеміз. Алып тұлғаның иесі, иірімді сөздің шебері болып жаратылған Сырағаның сыр сандығында сырын тарқататын «шежіре сырлары» жетіп артылатыны сөзсіз. Сол дүниеге тағы бір көз жүгіртсек, өткен күнгі естеліктер бүгін де тағы бір жаңаның сырын ашқалы тұрғандай... Ғафу Қайырбеков: “Сырағаң - қазақ әдебиетінің сирек құбылысы” ,-дей келе, Сырбай ақынның төрт қасиетін атапты: біріншісі - лирик ақын, екіншісі - табиғаттың әрі шебер, әрі айнымас жыршысы, үшіншісі - ақындық тіл байлығы, сыңғыр әуенділігі, төртіншісі - өз заманының азамат жыршысы. Оның творчествосында дүниенің толғақты мәселелері, еліміздің ерлік

майданы, бейбіт өмір тынысы бар екенін атап өткен. Елдің үлкен жыршысы, шын мәнісінде, тұлғалы ақынның бейнесі [5,19-б].

Сырбай және оның адами болмысы өз алдына бір бөлек әлем. Үлкен аға буынмен сырлас болған, кіші іні буын ақындарға қамқор болған майдангер жазушы. Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов пен Әбу Сәрсенбаевтерді бір арнаға тоғыстырған - Ұлы Отан соғысы. Хамит өршіл рухтағы ақын десек, Сырбай сыршыл ақын, бірақ екеуі де майданды көрген ақындар. Әбу Сәрсенбаевтың "Сен құрметте оны" өлеңі мен Сырбайдың "Соғыстан қайтқан солдаттар", Хамит Ерғалиевтің "Санатты сарбаз" өлеңдері бөліп жаруға келмейтін тұтас туынды.

"... Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын", - деп жырласа
"... Көрдің бе ұлын ананың
Соғыстан қайтқан солдаттар", - деген жолдармен,
"Иә, сарбазбын. Сол мәңгі қалауым да,
Сапта жүрем, сардардың қарауында", -дегені үндеседі.

Ақынның қалдырып кеткен өмір очерктерінен Ғафу Қайырбеков, Мұзафар Әлімбаев, Ғали Орманов, Қасым Аманжолов туралы білдірген жүрек тербетер сырлы ойларын оқып білуге болады. Қасым Аманжоловпен достығы жайлы қалам тербеп, қағазға түсірген ой жазбалары көптеп кездеседі. Қасымның 1948 жылы "Сырбайға" өлеңінде:

Жаным құмар жан едім бір достыққа,
Болдық серік, жүрегіміз қостық та,
Қайран достық - дүниенің тұлғасы,
Жанымызды жолында біз тостық та.
Серігімсің, Сырбайымсың, ақыным,
Жақсылықпен күтші достық ақырын.
Жалқы жанмын жалғандағы мен жүрген,

Болшы досым, болшы құрбым, жақыным, - деген жолдардан мәңгілік достықтың бейнесін көреміз. Қасым Аманжолов шиыршық атқан күш пен бұлқынып тұрған жүректің ақыны болса, Сыраға байсалды мінез бен жанашыр жүректің ақыны. Поэзия өмірінде бірі дауыл болса, бірі тамырын тереңге жайған бәйтерек болып орнықты. Қан майданды «сұр шинелімен» жүріп өткен дауылпаз ақынды «қан жорыққа асыққан» кесек тұлғалы сырлы ақынымыз жанына жақын тартып, қасынан табыла білді. Сырбай Мәуленов достыққа адал, жолдастыққа берік, қарапайымдылықты бойына ту еткен жомарт жан. Ал екі ақынды табыстырған - отты поэзия, ерлікке толы жыр жолдары. Қазақ поэзиясы бұл екеуінсіз - жүдеу, солғын, көріксіз болып көрінетін секілді... Осы қатарда Ғаббас Жұмабаевтың "Жыр ғұмыры" жинағына (1984жыл) енген "Ақынның тууы" деген балладасы өз ұстазы Сырбай Мәуленовке арналған екен. Сол шығармасында мынадай бір үзінді бар:

Самалына желдердің,
Сағымына белдердің,
Сыңғырына бұлақтың,
Сәулесіне шырақтың,
Сайрауына бұлбұлдың,
Самғауына дүлдүлдің,

Жерік болыпты сол ана, - деп, ақынның лирикасы анасының бойынан берілгендігі көркемдеп, образдап жеткізіп отыр [5, 65-б]. Ғаббас ақын аллитерация көркемдік тәсілін ұтымды қолданыпты.

Сырбай Мәуленов және оны қоршаған ақындық әлемде Қасым Аманжоловпен қатар Мұзафар Әлімбаевтың да орны бөлек аталады.

Бала жанының бағбаны атанған Мұзафар ағамыз: «Сырбай ақын - қазақ әдебиетіндегі орны бөлек жыр алыбы»,- деп сүбелі пікірін жария еткен. Мұзафар ақын Сырбайдың мына туындысында:

«Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім.
Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғасын деп,
Мен бір жырымды бердім»,- дегені жауынгерлік ерлігі емес, адамзат мүддесі үшін жаралған Сырбайдың бар болмысы жатқанын атап өтті.

Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың қаламынан Сырбай ақынға арналған өлеңі көпшіліктің құлағында болар. Небір қиын-қыстау кезеңнен, тіршілік қамытынан тарылған кезде Сырбайдың азаматтық-ақындық қолдауын көрген Мұқағали ақынымыз осы бір өлеңді арнаған екен:
«Сыр-аға!
Қолыма қаламымды алмас бұрын,
Көруші ем сеніменен жалғастырып.
Қайтермін, әуре етті ғой мына жалған,
Ақынды ақынменен арбастырып...
Сыр-аға!
Сыр-ағамсың қашаннан да,
(Ең алғаш Адам-Ата жасалғанда),
Көңіліміз ойпаң-тойпаң, осы қалай?!
Мөріміз бір мәрмәрден қашалған ба?! ».

Сыраған Мұқағали Мақатаевтың поэмаларына жақсы баға беріп, жалпы Мұқағалидың адамдық келбетін, ақындық талантын, шынайы болмысын бағалай білді. Мұндай айна қатесіз түр-келбет Сырбайдың өз бойында болған еді. Кезінде Мұхтар Әуезов "Лирикаға оралғанда, әсіресе Ғали, Қасым, Сырбай үшеуінің әр алуан жайға арнаған, әсіресе, қысқа қайырылған өлеңдері өзгеше сүйсіндіреді. Бұлар кейде, бабына жетіп, балқып-толқыған күйшінің шебер қолындағы шешен домбырадай, қоңыр күйлерімен бой ерітеді",- деп үш дара-дарынға сүйсініп баға берген [5, 65-б].

Сырбай Мәуленовтің азаматтық болмысына тоқтала келе, оның әкелік тұлғасын атап өтпеу мүмкін емес. Мына бір өлеңінде:
Балаларым - бал өзенім,
Өмір бойы ағып тұрған.
Балаларым - жан өзегім,
Жүрегімді жарып туған, - деген тармақтарда үлкен жауапкершілікті байқауға болады. Осы туындысына ұқсас келетін "Менің жеті балам бар" өлеңінен де шексіз әкелік махаббатын көреміз.
Мен жыласам, жеті жер бір жылайды,
Мен құласам, жеті аспан бір құлайды.
Жеті жүрек құласам әлсіз соғып
Жеті жанар тұман боп бұлдырайды, - деген шумағында балаларының болашағына аландаған әке бейнесі көз алдымызға келеді. "Жеті жүрек" образы синекдоха тәсілімен шебер беріліп отыр. Демек, бүгінгі "Адал азамат" ұрпағын тәрбиелеу үшін Сырбайдың өлеңдерін, оның азаматтық болмысының концепциясын ұсыну керек.

Шынында, Сырбай Мәуленов артынан тұтастай ақындық мектеп қалыптастырған тұлға. Ескі мен жаңаны жалғастырушы дәнекер. Сөз өнеріндегі өрелі талант, кемел құбылыс. Сырбай Мәуленов поэзиясы - адам сезімін бейнелейтін өлеңдері адам жанына үлкен әсер ететін сарында жазылған. Сырбай ақынды «қазақ поэзиясындағы лириканың, шағын жанрдың майталман шебері» деп атап өтсе, енді бірі үлкен суреткер ақын, табиғаттың керемет жыршысы болғанын өз кезінде жазып өтті. Ақындық талантымен

бірге адамдық талабын қатар атау - бұл егіз құбылыс. Қанша бәйтеректей биік болса да, өр кеудесі атақ пен марапатқа толы болса да, адамдықтан, адалдықтан аттаған емес. Қазақ тіліне жанашыр, ақын ағаларына ізетті, кіші ақын інілеріне қадірлі бола білді.

«Бала кезімізден Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, Сырбайша сөйлеуге ұмтылып өскен ұрпақпыз» ,- деген екен Ә.Кекілбаев. Ал бүгінде Сырбайша тұлға болуға, Сырбайша достыққа адал болуға, Сырбайша саналы ұрпағымен үлгі болуға ұмтылайық!

Қолданылған әдебиеттер:

1 «Қазақ әдебиеті» газеті №14, 17 қараша 2015ж.
2 «Қазақ әдебиеті» газеті №48-49, 6 желтоқсан 2019ж.
3 Ә.Шәріпов «Сырбай Мәуленов творчествосы» Алматы «Ғылым», 1985ж
4 «Телтолқын» (әдеби жазбалар, эсселер, портреттер, естеліктер) С.Мәуленов. Алматы «Жалын», 1989ж
5 Қайсар Әлім "Сырбай мен Ғафу" эссе-хикаят, Алматы, 2016ж
6 «И жизнь моя благодаря отцу ... » (90-летию С.Мауленова). К.С.Мауленов, доктор юридических наук, профессор, «Экономика и право Казахстана» дайджест №10 (418) 2012г.

Елтаева Ақбота Сатбаевна,
Атырау қаласы,
«Атырау облысы Білім беру басқармасының
№3 «Білім-инновация» лицей-интернаты»
п.ғ.магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – СЫРШЫЛ ПОЭЗИЯНЫҢ САҢЛАҒЫ

Қазақ поэзиясының өркендеуіне сүбелі үлесін қосқан от сиялы қаламгердің бірі – Сырбай Мәуленов. Ол – өз заманының тынысын терең сезінген ақын. Мәуленов шығармашылығында ұлттық рух, табиғат сұлулығы, адами құндылық, елдік мұраттар айқын көрініс тапқан.

Өмірінің елу бес жылын поэзияға арнаған Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты қазақ халқының арзандамас асқақ, ұсақталмас ұлы рухын жырлау, оның тарихын, тағдырын, табиғатын өлең өрнегіне айналдыру болды. Оның поэзиясына арқау болған мынадай тақырыптарды атап көрсетуге болады:

Туған жерге сүйіспеншілік. Сырдың бойы, Арқаның кең даласы, Торғайдың киелі топырағы оның жырларында мәңгілік тақырыпқа айналды. Сырбай ақын жинағының алғысөзінде «Менің кіндік қаным тамып, кең дүниеге көзімді ашып қараған жерім Қызылжыңғылда, нәресте ойымды, бала қиялымды тербеген бесігім, табиғаттың таза ауасын, жазық даласын, өзен-суын алдыма тосқан, алғаш маған өмір есігін ашқан, білім босағасын аттатқан, бүкіл жаратылысымен қаныма құйылып, жанымда ойнаған касиетті шаңырағым — Торғай бойы, Тосын тоғайы», – деп жазған еді. [1, 3-б.] Демек, ақынның лирика жанрында қалам тербеп, табиғатты, туған жерді жырлауына да басты себеп туған жерге деген сүйіспеншілігі десек артық болмас. Елден жырақта жүрген шағында жазылған біраз өлеңдерінен ақынның сағыныш сезімін байқаймыз. Туған елге, туған жерге деген сағыныш...

«Самалды өлке, сайран көл,
Аңсаймын енді жарымдай,
Алыс қалған, қайран ел,
Бұлдырайсың сағымдай», – өткеніне оралудан бастау алған аңсау сарғайған сағынышпен жалғасып, жеткізбес сағымға ұласады.

«Жақында жайылып жүр
Дон казагының аты.
Алыста Сыр қазағының аты,
Алыста махаббаты», – деген өлең жолдарынан туған жерін шексіз сүйген перзенттік жүректің үні естіледі.

Патриоттық рух. Соғыс жылдарында жүріп өткен жолдары ақын жырларына қайсар үн, елге қорған болу идеясын қосты. Туған елінің тарихы мен тағдырына бейжай қарамаған ол майданға өзі сұранып барады. «От сиялы қаламгер» деуімнің себебі: сұрапыл соғыстың отында жүріп, қолынан қаламы түспеді, сарбаздық пен ақындықты қатар алып жүрді. Бұл кез оның поэзиясына қайсарлық пен патриоттық пафос әкелді. "Сыраған соғыстың алдында Қызылордада өлең жаза бастады. Шын ақындыққа келуі, төселуі Ұлы Отан майданында өтті. Майдан өмірі көп адамға шындықтың не екенін, өмір мен өлім үшін күрестің не екенін ұқтырды. Сыраған солай ойшыл ақынның қалпына келді", – деген Серік Қирабаевтың сөздерінен Сырбай Мәуленовтің ақындық талантының шарықтауы Ұлы Отан соғысы жылдарына тура келгенін аңғарамыз. [2]
«Жайнаған от, шарлаған оқ,
Қаулаған өрт айналам.
Көкірегімде лаулаған кек,
Бұрқ-сарқ етіп қайнаған», – деген өлең жолдары майданның қайнауында болаттай шыңдалған сарбаздың үні болды. Отанын қорғауды азаматтық парызы деп білген Сырбай өзінің туындылары арқылы барша әскердің қайратын қайрап, жеңілмес жігер берді:
«Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін,
Кеудеңмен қорғап қалу жердің бетін.
Жас қаның туған жерде босқа ақпасын,
Онсыз сен көре алмайсың елдің бетін».

Отты ақын өлеңдері арқылы дем беріп қана қоймай, бүгінгі соғыстың ертеңгі күні көптен күткен жеңіспен аяқталарына сеніп, ел мүддесі жолында мерт болған ерлердің есімі ел жадында мәңгі сақталатынын айтады:
«Арқырап өр толқыны жарын ұра,
Бой бермес жаудың Волхов арынына.
Ертең күн қызғалдақты гүл өсірер,
Қалаулы ұлдарының қабырына». Ақынның соғыс тақырыбында жазылған жинақтары майдандағы ауыр күндердің, сол жылдардағы ерліктің шежіресіндей.

Адамгершілік пен махаббат. Мәуленов өлеңдерінде адамның жан-дүниесін сезіну, жүректегі сезімді сездіре жеткізу ерекше орын алады:
«Гитараңның шектерінен
Сиқырлы үндер сыңғырлар.
Көзін қадап, өткен күннен,
Күлімдер бір сүйген жар».

Оның адами болмысы да қалың жұртшылыққа үлгі болды. Ол әрдайым халықтың мұңын мұңдап, қуанышын жырға қосты.

Табиғат лирикасы. Қазақ даласының көркем көрінісі, табиғаттың ғажап сұлулығы қаламгер туындыларының алтын арқауы болды. Торғай өңірінде дүниеге келіп, балалық балғын кезі Сыр бойында өткен ақын көрген, көркем деп таныған табиғат көрінісі жүрегіне жыр болып құйылып, ақындық дүниетанымын қалыптастырды:
«Ерке өзенін шолып түнде елімнің,
Тұрмын жалғыз жағасында Еділдің.
Сылдыр қағып, ағып жатыр ағын су
Толқынындай лепірген жас көңілдің».

Сырбай – табиғатқа жан бітіріп, түрлі түсті бояумен әрлеген суреткер. Ақынның лирикасынан көркем сөздің үйлесімін көре аламыз.
«Күркілдеп көкірегі тұмауратқан,

Келді қыс қабағына қырау қатқан.
Аспанның белуарлап ақшыл төсін,
Түсіріп боз пердесін тұман жапқан», – осындай суреттеулер ақынның табиғатпен етене байланысын, оны тек әсем көрінісі емес, адам жанының айнасы ретінде қабылдағанын көрсетеді.

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған, ел мүддесі жолында аянбай еңбек еткен тұлға. Оның ақындық түпкі мұраты сөз өнері арқылы болашаққа жол салу болатын. Ақын салған сара жолмен жүрген жас ұрпақтың келешектің кемелденуіне үлес қосары сөзсіз. «Сократ айтқандай, адамға қайда туылса да, бүкіл әлемнің азаматы болу мұрат». Ата баласы емес, адамның баласы болуды мақсат еткен Сырбай Мәуленовтің есімі ел есінде мәңгі қалмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәуленов С. Шығармалар жинағы: 2томдық. Өлеңдер. – Алматы, 2012. – 498б.
2. https://sputnik.kz/20211003/lirika-Syrbay-Maulenov-18305220.html

Енсенова Еркин Толентайевна
№1 Алматы қазақ гуманитарлық
педагогикалық колледжі
қазақ тілі мен әдебиеті және
әдістемелері пцк оқытушысы

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

Сырбай Мәуленов — қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы көрнекті өкілдерінің бірі, сыршыл лирика мен жауынгерлік рухты шебер ұштастыра білген ақын. Оның поэзиясы — майдан мен бейбіт өмір шындығын, елге деген сүйіспеншілік пен азаматтық борышты, адамның рухани тазалығы мен ар-намысын арқау еткен терең дүниелер. Сырбай Мәуленовтің өмір жолы мен шығармашылығы — өз елін сүйген нағыз азаматтың бейнесін танытады. Ол — майдан шебінде жүріп, туған жерді аңсаған, сол жердің болашағы үшін қаламын қаруға айналдырған сарбаз-ақын. Ақынның өмірлік ұстанымы – елге қызмет ету. Сырбай Мәуленовтің азаматтық болмысы оның поэзиясында толық көрініс тапқан. Ақын үшін Отан — жырдың жүрегі, азаматтықтың биік өлшемі. Ол жалаң ұранмен емес, шынайы сезіммен жырлайды.“Мен – қазақпын.
Жырым сенен жаратқан,
Туған елге арнағанмын бар алтын!” (С.Мәуленов)

Бұл жолдардан-ақ оның поэзиясы туған елге деген кіршіксіз махаббаттан бастау алатынын көреміз. Сарбаздық рух пен майдан шындығы. Сырбай Мәуленов 1942 жылы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Майдан даласының сұрапыл сәттері оның поэзиясында шынайы бейнеленген. Мысалы:

Бұл өлең – сарбаздың өз ерлігін айтып мақтануы емес, ел алдындағы борышын үнсіз мойындауы. Ол үшін сарбаз болу — ерлік емес, парыз. Елге, Отанға деген махаббат – поэзиясының өзегі еді.

Төрт жыл қақтығысқан ұрыс алаңы Сырбай Мәуленовты ақын ретінде де, адам ретінде де шыңдады. Соғыстан келген соң халықтың жай-күйін «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңі арқылы баяндап берді.
Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,

Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар? -деп оралмаған солдаттарды жоқтады. С.Мәуленов шығармаларында туған жер, ел, Отан ұғымдары — өте терең әрі нәзік суреттеледі. Ол туған даланы анаға теңейді, елдігіміздің мәнін сол қарапайым жердің қасиетімен байланыстырады. «Туған жер» тақырыбындағы өлеңдері.
“Туған жерім — тұғырым,
Қуат берген құдірет...”

Бұл — жай ғана жер емес, ақын үшін бүкіл ғұмырының тірегі, сарқылмас рухани күші. Туған елге деген сүйіспеншілік — Сырбай жырларының алтын арқауы. Сырбай Мәуленов — жаны жаралы, жүрегі таза ақын. Оның поэзиясы – өмір мектебі, сарбаздық рухтың шынайы шежіресі, елге адал қызмет етудің көркем үлгісі. Ақын жырлары бізді туған жерді қадірлеуге, бейбіт өмірдің құнын түсінуге, ел үшін еңбек етуге тәрбиелейді.

Сырбай Мәуленов өз еңбектерінде қиын жағдайларда адамның моральдық-адамгершілік қабілеттіліктерін ашық танытатын соғыс тақырыбы барлық шығармасының діңі болды десек артық айтқандық бола қоймас. Сырбай Мәуленовтің шығармаларында жауынгер ақынның, азамат ақынның және лирик ақынның позициясы анық көрініс табады.

Жақсылыққа жаны құмар, жан дүниесі мөлдір бұлақтай таза Сырбай Мәуленовтің өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, майдандас достарын қайта тірілтеді. Өйткені, олардың алдында жаңа биіктер мен шекаралар, жеңіске жетудің ұлы жолы тұрды. Ақынның поэзиясы бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген ұғым тұрады. Ақын туған жеріне, табиғатқа үлкен құрметпен қарайды. Оның жырлары сыршыл лирикаға толы. Оның лирикасы ешкімге ұқсамайды, ғажайып суреттеу. Соғыстың қиын кезеңдерін басынан өткерсе де кейінгі бейбітшілік өмірді де көре алды.

С.Мәуленов поэзиясы – ерлік пен махаббаттың, борыш пен ардың, үміт пен сенімнің үндестігі. Бүгінгі ұрпақ осы рухты бойына сіңіріп өссе – ақын арманының орындалғаны. Оның шығармашылығы әртүрлі тақырыптарды қамтиды: туған жерге деген махаббат, ел мен Отан алдындағы азаматтық борыш, адамгершілік құндылықтары, сондай-ақ соғыс және бейбітшілік мәселелері. Қарапайым, алайда терең сезімді өлеңдері арқылы ол көп оқырманның жүрегіне жол тапты. Бірақ оның шығармашылығында айрықша орын алатын тақырыптардың бірі — сарбаздық рух, майдан шебінде өткен күндер мен ел алдындағы борыш сезімі. Мәуленовтің өлеңдеріндегі сарбаздық рух — оның азаматтық болмысын, өмірлік ұстанымын, ерлікті және гуманизмді қалай ұштастырғанын көрсетеді. Қазақ әдебиетінде сарбаз ақындар көптеген ұрпақтың патриотизмге, борышқа, елі үшін күресуге шақырған. Сырбай Мәуленовтің сарбаздық өлеңдері өз ерекшеліктерімен бұл дәстүрді жаңартты. Оның өлеңдерінде жауынгерлік рухпен қатар, адамның ішкі әлемі, оның моральдық тазалығы, ар-намысы, борышты орындауға деген жауапкершілігі сынды құндылықтар да көрініс тапқан. Бұл мақалада біз Сырбай Мәуленовтің сарбаздық ақын ретінде көрініс тапқан шығармашылығына терең бойлай отырып, оның «сарбаз ақын» өлеңдеріндегі ерлік пен адамгершілікті, майдан шындығы мен бейбіт өмір аңсауды, сондай- ақ қазіргі қоғамдағы бұл өлеңдердің мәні мен құндылығын қарастырамыз. С. Мәуленовтің соғыс жылдары жазған шығармаларының дені – өлеңдер.Тіпті, мақала жазса да арасына ұйқасты өлең жолдарын енгізіп отыратын болған. Мәселен, С.Мәуленовтің соғыс тақырбына қатысты жазған очерктері баспасөз бетінде көп жарияланды. Ол соғыс туралы репортаждан бастап, майдангерлер өміріне дейін жазды. Оның публицист өзінің «Телтолқын» атты кітабында: «Соғыс мені күйретті де, көп нәрсеге үйретті.Тәніме мәңгі өшпейтін таңбасын түсірді.Әкемінің жақын інілерін жалмап, жаныма жазылуы қиын жара да салды. Соғыс тақырыбына айналып соға беретінім де сондықтан», – дейді. Жеңіс үшін Сырбай да үлес қосты. Ол қан майданда бір қолынан айырылды:
Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.

Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім.

Сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталуы С.Мәуленовтің жалынды мақалалар жазуына негіз болды. С. Мәуленовтің журналистік шығармашылығында оның очерктерінің алатын орыны айрықша болды. Ол өз очерктерінде мындай тақырыптарды қамтыған: 1932 жылға ашаршылық, ауыр тұрмыс,1937 жылғы қуғын-сүргін, қарапайым шаруа адамдары, ақын- жазушылар, Ұлы Отан соғысы, майдангерлер өмірі, ауыл тұрмысы енгізілген.Сырбай Мәуленов 1942 жылы майданға аттанды. Ол майдан шебінде Қиыр Шығыс және Украинада қызмет атқарды. Майданда жүргенде алған жарақаттары оны бірнеше айға ауруханада жатуға мәжбүр етті. Бірақ бұл оған жанының нәзіктігін, оның поэзиясындағы тереңдік пен сыршылдықты одан әрі дамытуға мүмкіндік берді. Соғыстан кейін Мәуленов поэзиясына жаңа леп пен ерекше рух кірді. Мәуленовтің майандағы күндері мен сарбаздық рухты жырлаған өлеңдері оның шығармашылығында ерекше орын алады. Оның өлеңдері Отанға деген адалдық, ерлік, болашақ ұрпақ үшін бейбіт өмірді армандау сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды. «Мен – солдат», «Жаңғырық», «Қаралы күндер» сияқты өлеңдер арқылы ақын өзінің әскери тәжірибесін, соғыс кезіндегі ауыртпалықтар мен жеңіс жолындағы ұмтылысын бейнелейді. Сырбай Мәуленовтің шығармашылығындағы ең айрықша сипат — сарбаздық рухтың айқын көрініс табуы. Майданда болған ақын үшін сарбаз болу — тек ерлік немесе батырлық емес, ең алдымен борышты сезіну және азаматтық жауапкершілік. Оның өлеңдеріндегі сарбаздық рух — жалаң батырлықты дәріптеу емес, адамның ішкі жан дүниесінің ұлы өзгерістерін, оның борыш алдындағы адалдығын көрсетеді. Мәуленовтің сарбаздық өлеңдері ешқандай керемет ұран болмаса да. Ол үшін сарбаздық рухтың мәні — бұл Отанға қызмет ету, жерін қорғау, ата-бабалардан қалған аманатқа адал болу. Сарбаздар — болашақ ұрпақтың бейбіт өмірі үшін күрескен, бірақ өз ерліктерін үнемі мақтаныш етпеген адамдар. Ол үшін сарбаздық — ең жоғары адамгершілік құндылықтарының бірі. Майдан шындығы мен бейбіт өмірді аңсау Сырбай Мәуленовтің сарбаздық өлеңдерінде ең маңызды тақырыптардың бірі — бейбіт өмірді аңсау. Соғыс жылдарында сарбаздар өз өмірін қорықпай қиды, бірақ олардың арманы — бейбіт өмір, жас ұрпақтың соғыс көрмеуі. Мәуленовтің өлеңдерінде бұл аңсау ерекше орын алады. Бейбіт өмір — ол үшін ең үлкен армандардың бірі. Соғыстың қорлығын, өлім мен қирауды көрген ақын бейбітшіліктің қымбаттығын сезінеді. Оның өлеңдерінде бейбіт өмір мен соғыс арасындағы қайшылық жиі айтылады. Ол болашақ ұрпақтың бейбіт өмір сүруін қалайды. «Майданнан хат» деген өлеңінде бейбіт күндердің маңыздылығы және соғыстың зардабы көрсетіледі:

“Балалар күлсін,
Қалалар тұрғызылсын.
Соғыс емес, гүл өссін!”

Бұл жолдарда бейбітшіліктің құндылығы, соғыстың қатыгездігіне қарсы үлкен қарсылық байқалады. Мәуленов соғыс қасіретін көрген сарбаздың бейбіт өмірге деген құштарлығын жеткізеді. Соғыс — тек зардаптар әкелетін, ал бейбіт өмір — күлкі мен қуаныш әкелетін әлем. Ақын болашақ ұрпақтың бейбіт жағдайда өсіп, дамуын қалайды. Табиғат пен адамның ажырағысыз туыстығын мәлім еткен «Түбірлер» өлеңі осы сипаттағы өмірлі жырлардың бірі:

Көрінеді ОрманнанТүбірлер.
Айырылған Аяқ-қолдардан Түбірлер.
Мүгедек солдат секілді Түбірлер.
Оқ жұлғандай етімді
Жүрегім тулап дүбірлер,
Кезеріп ернім күбірлер.
«Соғыс не?!
Менен біліңдер», – деп тұрғандай түбірлер. Осы өлеңге ілестірудің реті келіп тұрса да, Сырбай Мәуленовтың форма мен тәсілді, ырғақ пен екпінді, тармақ пен бунақты

құбылтуы. Жаяу әскер сапында болған, оның үстіне негізінен орманды-батпақты өлкеде жорық кешкен жас офицер Сырбайдың көкірегіне сол кезде ұя салған суреттердің – табиғат бейнелерінен кейін қаламға әлсін-әлсін ілігіп отыруының еш құпиясы да жоқ. Сырағаңның небір тамаша пейзаждармен тамсандыратын оймақтай дүниелері жеткілікті, олардың қадір-қасиеттері талай талданып айтылады. Сырбай Мәуленовтің сарбаздық өлеңдері — тек жауынгерлік рухтың емес, сонымен бірге адамгершілік пен моральдің, азаматтық борыш пен патриотизмнің көркем үлгісі. Ол өз өлеңдерінде сарбаздық рухты, соғыс пен бейбітшіліктің мәнін түсіндіріп қана қоймай, ұрпақтың жүрегіне Отанға деген сүйіспеншілікті ұялатады. Ақынның шығармашылығы арқылы біз сарбаздықтың терең мағынасын, ерліктің тек физикалық күш емес, ең алдымен моральдық, рухани күш екенін түсінеміз. Мәуленовтің өлеңдері арқылы қоғамға деген жауапкершілік, Отанға деген адал қызмет, азаматтық борышты орындау қажеттілігі көрініс табады. Бұл шығармалар бүгінгі таңда да өзекті болып қалуда. Поэзия теоретиктері лирика жанрының бір түрі –табиғат лирикасын сөз еткенде ақындардың қаламынан бірде таза пейзаждық өрнектер саулап түсіп жатса, келесі бір ыңғайда жаратылыс картиналары ішкі қат-қабат сыр-сезіммен, әрқалай көңіл-күй астарымен туыстасып кететінін сөз етеді. Сырбай Мәуленовтің бұл екі қисынды да өзімен бастап көптеген лириктер секілді жетік меңгергеніне күдік келтіретіндер жоқ шығар. Қажетті детальды орынды пайдалану, сол арқылы иландыру және де сол арқылы оқиғаға ортақтастыру ақынның шеберлігі.

Мәселен, «Көкте бұлттар қансырап тұр, Оқтар жыртып қорға-сын-дай. Тағы жаңбыр тамшылап тұр Сорғалаған көз жасындай»; «Аспаннан басып еңсеңді, Айналды құзғын от бүркіп. Ақ қайыңдар теңселді Ақ көйлегін оқ жыртып»; «Бұрылтпай оңға, солға да, Үйіріп жолды оқ демі.

От болып қонды орманға Соғыстың күрең көктемі»; «Жанды орман өртеніп, Кездім мұңды тау ішін. Кетті емендер ерте өліп, Шығара алмай дауысын» ...

Мынау бейбіт заманғы еске алулар:

«Жорық жылдың хаттары –
Қақаған қыс бораны,
Ормандардың батпағы,
Ұзақ жолдар торабы»;
«Жай ойнаса іңірде,
Көрінеді қатердей.
Тұрам орман түбінде
Оқтар тескен пәтердей»;
«Жел болып сонда жыладым,
Көл болып сонда мүлгідім.
Орман боп сонда шуладым,
Ай болып бұлтқа сүңгі-дім»;
«Тулайды менің кеудемде
Көкала түтін тымырсық.
Өрт ішінде өлгендер
Жатады тынбай ыңырсып...».

Ал әлдеқалай қыр басына шыққанда тілге орала кеткен мына тұтас өлең ше:

Қызыл гүлдер – қызыл орамалдар,
Желбірейді жел үрлеп.
Қызыл гүлді – қызыл орамалды
Бұлғаған жар
Көзінен жасы мөлдіреп.
Бізді құшып ызғарлы күз,
Тырнамен бір ұзатқан.
Қалған сонда қыздарымыз
Хатты күтіп ұзақтан.

Қызыл гүлдер – қызыл орамалдар
Даладан күтіп ән салған.
Қызыл жалаудай көтеріліп
Қызыл эшалоннан қарсы алған.

Хат дегеннен шығады, қазір (бұрын да) газет беттерінде әуелден ақындық жаратылысқа бейім қазақтардың жауынгерлердің елге өлеңмен жазған хаттары тамтұмдап жарияланып жатады. Әрине, оқтың өтінде, қар- жаңбырдың астында қағазға түсірілген ондай шумақтардан өлең теориясы талап ететін көркемдіктерді табу оңай емес. Солай дегенімізбен де сол жылдарда да поэзияға илеуі толық қанбаса да бір кірпіш болып қалануға лайықты жырлар туып жатты. Сырағаңның мына өлеңі солардың бір жоралғысы еді:

Уақыт жоқ, кеш, ару,
Күт бізді әнменен.
Сусылдап бес қару,
Аттандық таңменен.
Қараңғы түндерде
Ойнайды от лаулап.
Аяулы гүлдерге
Түседі оқ саулап.
Майданның алаңы –
Батысқа ағамыз.
Күннен-күн барады
Алшақтап арамыз.
Қарай бер, қара көз,
Күте бер хат-хабар.
Жазылып жара тез,
Кездесер шақ болар.
Қайғымен егілме,
Өзіңді нық ұста.
Жаздың бір күнінде
Қайтармыз шығысқа.
Нұр жауып ала бұлт,
Гүл өсер жолдарда.
Жасарып, жаңарып,
Тұрармыз орманда.

Қандай әскери оптимизм еді. Өзі ажал аузында жүрсе де елдегі аруға «Қайғымен егілме» дейді, «Өзіңді нық ұста» деп және кеңес қосады, оны аз десеңіз, «Жасарып, жаңарып, Тұрармыз орманда» деп шуақ шаша жұбатады. Ақын үшін де, ақынмен замандас талай солдаттар үшін де шынымен-ақ сол сапар солай аяқталды. Бірақ барлық үмітті жүректердің барлық иелері олай орала алған жоқ. Тылға оралған тірілерді майдандағы өрттен шыға алмай қалған өлілердің елес-бейнелері күтіп тұрды. Ақын ағаның соғыс даласынан оқырманына жіберген ақ адал сәлем хаттары ақ көгершін болып ақ қағаздың бетіне қонғандай.

«Сіздің жақта осы күні жаз екен,
Біздің жақта қыс болып тұр, жанеркем.
Сәлем жолдап көшкен бұлттан отырмын,
Бұлт жолына қарашы өзің таңертең.
Майдан деген сапырылған қан екен,
Қиын-қиын қилы жолы бар екен.
Шың қияда, шыңырауда келемін,
Шын күтсең тек, оралармын, жанеркем».

Бұл өлең 1942 жылы жазылыпты. Ақын бізге «соғыс құрсын» деп ақыл айтпайды,

ол адамзатқа, сосын оқырманына соғыстың қып-қызыл қаннан тұратынын ескертеді. Қолында мылтығы, ойында өлеңі бар жап-жас ақын үшін әр сәт өмір мен өлім арасындағы тайталас болғаны шындық. Сонда да ол мына тіршіліктен, елінен, жерінен үмітін үзбейді. «Мен ораламын» деп асқақ мінезбен, айдарлы қалыппен сөйлейді. Жүрегі нені қаласа, тағдыры соны бұйырып, ақын соғыстан аман оралды.Жазушы Э.Хемингуэй «Мен соғысқа бармаған, бірақ соғыс туралы роман жазатындарға жаным ашиды» деп соғысқа бармақ түгілі, ол туралы шығарма жазудың өзі қаншама қиын екенін осы бір сөйлеммен сипаттайды. Ақын ағамыз соғыста нені көрсе, соны жазды. Ол үшін қиян-кескі ұрыс майданы, ажалдың әміршісіндей сұп-суық мылтықтар, тұманы сейілмеген алаңдар бәрі-бәрі де өлеңнің алдында аласа болып елестейді.

«Жауынгермін құшағымда
Керілген көк, кең дала.
Дауылды ермін, құшағымда,
Еркін ескен жел ғана.
Жайнаған от, шарлаған оқ,
Қаулаған өрт айналам.
Көкірегімде лаулаған кек,
Бұрқ-сарқ етіп қайнаған.
Жерге болмас шек десе де,
Жерге сыймас бұл кегім.
Аспанда шек жоқ десе де,
Сыймас оған жүрегім».

1941 жылы Волхов майданында жазылған бұл өлеңде ақын сезімі селдей тасып-ақ тұр. Өз сөзімен айтсақ «бұрқ-сарқ қайнап тұр». Соғыс көрдім, қан майдан кештім деп жасымай, керісінше, жастық жалынын жасын жырмен суарып, жүрегін атқан таңның шапағымен, сұлу сөздің мақамымен әлдилеген ақын үшін өмірдің әр сәті әдемі өлеңнен тұратындай.

«Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім.
Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғасын деп,
Мен бір жырымды бердім».

Осы тармақтарды оқыған соң ақынның соғыс даласындағы көңіл күйін жақсы білеміз. Тіпті оның өзіне артылған міндетті қалай адалдықпен атқарғанына да сүйінішпен қараймыз. Сырбай Мәуленовтің өлеңдеріндегі ер қайсарлығы, асқақтығы ең алдымен оған туған даласының өзгешелігінен дарыған, ал содан кейін ұрыс алаңындағы өр мінезден, батылдықтан бойына қонған қасиеттің бірі дер едік. Мұның сырын ақын «Өлтірмек болды» атты өлеңінде айтады.

«Таң атты ала сәулелі,
Бұлттардың бояп ақ жүзін.
Өлтірмек болды жау мені
Бір атаның жалғызын.
Өлтірмек болды ұлымды
Дүниеге әлі келмеген.
Өлтірмек болды жырымды
Линотипистер термеген.
Өлтірмек болып арманды,
Жау атты көздеп сығалап.
Ормандар мені қорғады,

Көлденең оққа тұра қап».

Оның жанын, жырын оқтан, оттан қорғаған туған даласының табиғаты, елінің үміті мен арманы арқалаған Сырбай ақын, сыршыл сарбаз ақын еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Екі томдықшығармаларжинағы Бірінші том ӨЛЕҢДЕР (1938—1968) Баспасы «Service Press»Алматы 2012 [15, 46-б]
2. Мәуленов С. Шығармалары. (Құраст. Сақып-Жамал Мәуленова). – Алматы: «Ан Арыс» баспасы,2 . [13,51-б]
3. Мәуленов С. Шығармалары-том. (Құраст. Сақып-Жамал Мәуленова). – Алматы: «Ан Арыс» баспасы,2013. [22, 67-б [
4. «Қазақ Совет әдебиетінің очеркі» 1958 ж.
5. Публицистика, журналистік мақалалар «Соғыстан қайтқан Сырбай»
6. Әдебиет туралы порталдар, сайттар
1.https://el.kz/sirbai_maulenov_shigarmalarinin_zhanrlik_ereksheligi_25463/
2. https://egemen.kz/article/323408-syrbay-aqyn-qam-soghys-taqyryby

Ермуханбетова Жайнагул Нурланкызы,
Ақтөбе қаласы,
№50 орта мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

С. МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ, ОТАНҒА, ЕЛГЕ ДЕГЕН МАХАББАТЫ, ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ, САРБАЗДЫҚ РУХЫ МЕН БЕЙБІТ ӨМІРДІ АҢСАУЫ

Қазақ әдебиеті тарихында соғыс тақырыбына, отансүйгіштік пен сарбаздық рухқа қалам тартқан ақындар аз емес. Солардың ішінде Сырбай Мәуленовтің орны ерекше. Ол – Ұлы Отан соғысына қатысқан, майдан даласында жаумен айқасқан, ерлікті өз көзімен көрген, сол кезеңнің қайғы-қасіретін жүрегімен сезінген ақын. Оның өлеңдері тек поэзиялық туындылар ғана емес, сонымен бірге тарихи куәлік, сарбаздық рухтың айғағы, бейбітшіліктің құнын түсіндірген көркем дүние болып табылады. Сырбай Мәуленов шығармашылығы – Отанға деген шексіз махаббаттың, ел мен жерге адалдықтың, сарбаздық рухтың символы. Ақын поэзиясында туған жердің әсем табиғаты, халықтың қайсар мінезі, майдандағы жауынгерлердің ерліктері кеңінен жырланады. Сонымен бірге оның лирикалық туындыларынан соғыс қасіретінің көлеңкесі де, бейбіт өмірге деген аңсар да айқын сезіледі.

Бұл мақалада біз С. Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рухтың ерекшеліктерін, Отанға, елге деген махаббатын, өмірлік ұстанымын және бейбіт өмірді аңсауын жан-жақты қарастырамыз. Сарбаздық рух – ақын поэзиясының өзегі Сырбай Мәуленов – соғыстың қанды майданында шыңдалған қаламгер. Ол жас күнінен әскер қатарына шақырылып, жаумен бетпе-бет шайқасқан. Бұл тәжірибе оның бүкіл шығармашылығына терең із қалдырды. Ақын өлеңдерінің басты сарыны – сарбаздық рух, жауынгерлік табандылық, ерлікке үндеу. Соғыс тақырыбындағы жырларында С. Мәуленов сарбаз бейнесін биік рухта суреттейді. Ол үшін жауынгер – тек қару асынған адам ғана емес, Отанын қорғаушы, туған жердің намысы мен арының символы. Ақынның поэзиясында жауынгердің жан дүниесі, оның қайсарлығы, елі үшін жанын қиюға дайын ерлігі ерекше бейнеленеді. Сарбаздық рух ақын шығармаларында ұлттың рухани бірлігін де көрсетеді. Оның жырларынан қазақ халқының қайсар мінезі, батырлық дәстүрі, жауға қарсы табанды күресі айқын аңғарылады. Бұл қасиеттер ақын өлеңдерінде жас ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылады. Отанға, елге деген махаббаты С. Мәуленов шығармашылығында

Отан тақырыбы ерекше орын алады.

Ақын үшін Отан – бұл туған жер, халық, ана тілі, ұлттық болмыс. Ол поэзиясында қазақ жерінің кеңдігін, табиғатының сұлулығын, даласының әсем көріністерін үлкен сүйіспеншілікпен жырлайды. Ақын үшін туған жерді қорғау – қасиетті борыш. Оның көптеген өлеңдерінде Отанды сүю сезімі сарбаздық рухпен астасып жатады. Мысалы, ол жауынгерлердің жауға қарсы күресін суреттегенде, олардың арқа сүйер күші – туған жерге, елге деген махаббаты екенін көрсетеді. Сонымен қатар ақын туған жерін бейбіт күнде де қастерлеуді үндейді. Оның табиғат лирикасы да Отанға деген махаббаттың көрінісі болып табылады. Дала келбетін суреттей отырып, ол елдің болашағы үшін алаңдаған, жерін қорғауға шақырған. Өмірлік ұстанымы С. Мәуленовтің өмірлік ұстанымы – адалдық, еңбекқорлық, елге қызмет ету. Ол өз шығармаларында халықтың мүддесін жоғары қойды, әрдайым елдің бірлігі мен бейбіт өмірін жырлады. Ақын шығармашылығынан жастарды еңбекке, білімге, Отанға адал қызмет етуге үндеу айқын көрінеді. Ол үшін адам өмірінің мәні – еліне пайдасын тигізу, халқының болашағына үлес қосу. Оның өмірлік ұстанымы жеке басының қамын ойлаудан гөрі, қоғамдық мүддені жоғары қоюға негізделген.

Сырбай Мәуленов поэзиясында адалдық пен шыншылдық ерекше орын алады. Ол жалған пафосқа берілмей, өмірді шынайы бейнеледі. Өмірлік ұстанымының өзі поэзия арқылы халыққа қызмет етуден тұрды. Сарбаздық рух пен бейбіт өмірді аңсау Ақынның соғыс жылдарында жазған өлеңдерінде сарбаздық рух басым болса, кейінгі шығармаларында бейбіт өмірді аңсау, соғыстың қасіретін ұмытпау сарыны айқын сезіледі. Ол соғыс тақырыбын тек жауынгерлік ерлікті дәріптеу үшін ғана емес, бейбітшіліктің қадірін түсіндіру үшін де жырлады. С. Мәуленов үшін бейбіт өмір – ең қымбат құндылық. Соғыстың зардабын көрген ақын халықтың ендігі тілегі – тыныштық, бейбітшілік екенін айқын сезінді. Оның көптеген лирикалық туындыларында адамдардың соғыстан шаршаған көңілі, бейбіт күнге деген аңсары бейнеленеді. Ақын жастарды соғыстың қасіретін ұмытпауға, бейбіт өмірді бағалауға шақырды. Оның жырларындағы бейбітшілік идеясы – бүкіл адамзатқа ортақ құндылық.

Сырбай Мәуленовтың өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, туған жердің табиғатын құрметтуге жетелейді. Ақын табиғатпен тығыз байланыста болғанын көптеген өлеңдерінен көруге болады. Бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген мақсатты тағы да еске салады. Туған жеріне, табиғатқа үлкен құрметпен қарайды. Сол себепті ақын шығармаларында Отан қай жерде болмасын, адаммен бірге жүретін, аспанда қалықтаған қарлығашпен байланыстырылады.

Бұлтсыз күндей жайып тастап жанымды
Кең даланың кезіп еспе құмдарын,
Қыран болып қанат қақса жырларым.
Асқар таудың, айдын шалқар көлдердің
Жүрегіме сыйғыза алсам сырларын.
Сахараның сайран салып желіндей,
Жанартаудың жалын атып лебіндей,
Ұшса жырым жазғытұры будақтап

Туған жердің алып жатқан деміндей...

Өлеңдегі ақынның нәзік те өр сезімі табиғат Анадан нәр алуы, сол сезімнің табиғат Ананы да өзінің ыстық, қуатты жалынына орауы. Ырғақ, ұйқас, өлең құрылысындағы тың ізденістер. Бұл өлеңдердің ақынның нағыз ұлт ақыны, поэзиясының қайнар көзі – даласының асқар тауы, айдын шалқар көлі екендігін танытатын ұлттық бояуы қалың өлеңдер екендігін оқушы санасына жеткізу аса маңызды.

Ақын лирикаларындағы дала, тау, бұлт символдық бейнелері. Бұлтты бірде табиғат құдіретіне баласа, бірде түнерген қара бұлт деп майдан даласындағы сұрапыл күндерді жазуда қолданады. Олар – туған жер, Отан, қазақ елі. Өлеңдеріндегі түстің орны көк, көкшіл, көгілдір - ақын поэзиясының көркем палитрасы, көркемдік тәсілі екендігі. («Алтын жұлдыз», «Көк аспанға көз тігіп» т.б.өлеңдері)

...Жүректе бірден жатталып, көңілде қатталып қалатын ғажайып жырлар менімен қайта қауышып, бар сырын маған ақтарып сала берді.

Туған жердің шаңдатып төсін бүгін,
Айлы түнде шарлаймын Тосын құмын.
Өткелінен аттаймын Қарғалының,
Толқынына жанымның қосып жырын.
Балтыр түріп жүгірген баладай-ақ,
Мен келемін құм кешіп жалаң аяқ.
Табаныма бір шөңге қадалғанда,
Баяғыша жыңғылдар қарады аяп.

Мынау оқып тұрғаным шынымен де Сырбайдың жыры ма, әлде, туған жерін сағынып жылап тұрған менің жаным ба? Өткен күндердің елесі тағы да алыстан маған қолын бұлғап, дариға туған жерім, алтын бесіктей тербетілген Торғайымның гүлі түгіл, тікенек-шеңгеліне дейін сағынғанымды түсіндім. Бес томдықтағы әр өлеңді оқыған сайын, көзім бұлдырап, жанымды жылытқан жақсы жырлар жүрегімді елжіретті. ***(****Амангелді Кеңшілікұлының Фейсбуктегі жазбасы Abai.kz)*

«Арманым жоқ көкірегімді кең ашып,

Туған елге тарту етсем барымды» **-** деп ақын артына өшпес із қалдырды. Отты жырларын жұртына тастады. Бүгінде Сырбай Мәуленовтің көптеген жыр жинақтары жарық көрген. Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген ақын, жалынды, рухты жырларымен мәңгі жасайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтанасова Қ.М., Айтуғанова С.Ш. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, 2008 ж. Астана: Фолиант.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы, 2003 ж. Алматы: «МЕКТЕП».
3. Мәшhүр-Жүсіп Қ.П. Көркем сөздің құдіреті. 2000 ж. Павлодар: “ЭКО” ҒӨФ.
4. Мәуленов С. Алып кетіп барамын. 2003 ж. өлеңдер жинағы.
5. Abai.kz ақпараттық порталы, https://bilim-all.kz/ сайты.

Ескак Асем Кунтасовна
город Астана
школа-лицей №37 имени Сырбая Мауленова
учитель английского языка

ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ И ИНТЕГРАЦИЯ ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС: ТВОРЧЕСКИЕ ЗАДАНИЯ, ЦИФРОВЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ И ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Современное образование в Казахстане развивается в условиях глобализации, цифровизации и обновления содержания обучения. Сегодня школа должна не только передавать учащимся базовые знания, но и формировать универсальные компетенции — умение критически мыслить, свободно выражать свои идеи на разных языках, работать с цифровыми ресурсами, быть открытыми к межкультурному диалогу [1, 17-стр.].

Важнейшим средством воспитания и развития личности остаётся литература, которая помогает школьникам осознать духовные ценности, развивает их эстетический вкус, формирует патриотические и нравственные ориентиры.

Особое значение приобретает обращение к творчеству национальных писателей и поэтов, которое отражает уникальные традиции, культуру и мировоззрение казахского народа.

Одним из ярчайших представителей казахской литературы XX века является Сырбай Мауленов (1922–1993) — поэт, публицист, участник Великой Отечественной войны, чья поэзия пронизана темами Родины, мира, природы и гуманизма. Его стихи просты и лаконичны по форме, но глубоки по содержанию, что делает их понятными и близкими для читателей разных возрастов и культур.

Сегодня возникает необходимость не только изучать поэзию Сырбая Мауленова в рамках уроков литературы, но и искать новые подходы к её интеграции в образовательный процесс: на уроках английского языка, в исследовательской и проектной деятельности, в цифровой и медийной среде. Это позволит сохранить и популяризировать культурное наследие поэта, одновременно формируя у учащихся языковые, аналитические и цифровые компетенции [2, 25-стр.].

Цель настоящего доклада — рассмотреть пути интеграции поэзии Сырбая Мауленова в современный образовательный процесс школ, уделяя особое внимание обучению английскому языку, применению цифровых инструментов и организации проектной деятельности.

Сырбай Мауленов: личность и значение творчества

Биографический очерк

Сырбай Мауленов родился 17 сентября 1922 года в Костанайской области. В годы Великой Отечественной войны ушёл добровольцем на фронт, где участвовал в сражениях и был тяжело ранен. Опыт войны нашёл отражение в его поэзии — проникновенной, глубокой, нередко трагической. После войны он активно занимался литературным и общественным трудом, работал в журналистике, был членом Союза писателей Казахстана [3, 30-стр.].

Творчество Сырбая Мауленова отличается тематическим богатством. Центральные мотивы его стихотворений:

- Родина и патриотизм — любовь к родной земле, к Казахстану, готовность защищать его;
- память о войне — осмысление трагедии, подвигов солдат, судьбы детей войны;
- природа степи — воспевание красоты казахской земли, гармонии человека и природы;
- мир и гуманизм — осуждение насилия, стремление к дружбе и согласию между народами;

Литературные особенности и стиль

Поэзия Мауленова отличается богатым художественным языком, образностью и национальными мотивами. Он активно использует метафоры, эпитеты и символы, заимствованные из казахской народной поэзии, что делает его стихи доступными и близкими широкому кругу читателей. В ритме и строфике ощущается народная мелодика, что усиливает эмоциональное восприятие произведений [4, 12-стр.].

Значение поэзии для молодёжи

Произведения Сырбая Мауленова не утратили актуальности и сегодня. Они способны воздействовать на сознание и чувства учащихся благодаря простоте языка, эмоциональности и универсальности идей.

Пример цитаты из стихотворения:

«Родина — это не только земля, но и сердце каждого, кто любит её и готов её защищать»

Таким образом, творчество Сырбая Мауленова сочетает в себе историческую память, патриотические и гуманистические ценности, художественную выразительность и образовательную значимость. Его поэзия остаётся актуальной и сегодня, формируя у школьников языковую, культурную и ценностную компетенцию.

Через его стихи молодые люди учатся:

- ценить Родину и культуру своего народа;
- сопереживать другим людям, понимать цену мира;
- видеть красоту окружающего мира и беречь природу;
- уважать историю и подвиг предков [5, 34-стр.].

Таким образом, наследие Сырбая Мауленова является мощным воспитательным и образовательным ресурсом, который может эффективно использоваться в условиях современной школы.

Потенциал поэзии Сырбая Мауленова для билингвального образования

В XXI веке особое значение приобретает полиязычное образование. Казахстан активно реализует стратегию трёхъязычия: казахский язык как государственный, русский язык как язык межнационального общения и английский язык как язык международной коммуникации. Поэзия Сырбая Мауленова может стать эффективным инструментом в реализации этой стратегии, так как его произведения легко поддаются переводу и интерпретации на разных языках, сохраняя эмоциональную выразительность и смысловую глубину [6, 22-стр.].

CLIL-подход

Методика CLIL (Content and Language Integrated Learning) предполагает изучение содержания через иностранный язык. В этом контексте стихи Сырбая Мауленова можно использовать как учебный материал на уроках английского языка:

- чтение стихотворения на казахском языке, анализ его образов и идей;
- знакомство с переводом на английский язык;
- коллективная работа над собственными переводами отдельных строк;
- обсуждение в формате диалога или дебатов[7, 30-стр.].

Такой подход развивает не только языковые навыки (лексика, грамматика, произношение), но и умение интерпретировать художественный текст, видеть культурные параллели.

Сравнительный анализ

Учащимся можно предложить сравнить оригинальные тексты Сырбая Мауленова с их переводами на русский и английский языки. Задания могут включать:

- выявление сходств и различий в передаче образов;
- обсуждение трудностей перевода метафор и символов;
- создание альтернативных переводов.

Межкультурный аспект

Поэзия Сырбая Мауленова может стать основой для диалога культур: учащиеся сопоставляют мотивы казахской поэзии с произведениями зарубежных авторов, находят общие темы (война, мир, Родина, природа) и различия в их художественном воплощении.

Интеграция поэзии Сырбая Мауленова в уроки английского языка

Творческие задания как инструмент развития языковых и когнитивных навыков.

Творческие формы работы со стихами Сырбая Мауленова позволяют уйти от пассивного чтения текста и превратить урок английского языка в активное и эмоционально насыщенное взаимодействие.

Примеры творческих заданий:

- **синквейн на английском языке**. Например, к слову Homeland:
  - Homeland
  - Beautiful, eternal
  - Protects, inspires, unites
  - The land that gives me life
  - Kazakhstan
- **эссе**: «What does homeland mean to me?» (Что значит для меня Родина?) — рефлексивное задание, связанное с личным опытом.
- **иллюстрирование стихотворения**: учащиеся создают рисунки или цифровые коллажи и подписывают их на английском языке.
- **драматизация**: инсценировка стихотворения с переводом реплик на английский язык.
- **музыкальные интерпретации**: учащиеся пробуют положить строки Сырбая Мауленова на музыку, исполняя их в песенной форме на английском [8, 40-стр.].

Эти задания формируют лексические и грамматические навыки, а также креативность, воображение и способность выражать эмоции через язык.

Использование поэзии Сырбая Мауленова в школе: цифровая презентация и популяризация через медиа

Значение цифровизации в школьном образовании

Современные школьники — представители «цифрового поколения», которое мыслит образами, активно пользуется смартфонами, социальными сетями и онлайн-сервисами. Чтобы обучение было эффективным и близким по духу детям и подросткам, необходимо использовать привычные им форматы. В этом смысле цифровизация наследия Сырбая Мауленова открывает широкие возможности для его популяризации и интеграции в учебный процесс.

Цифровые инструменты позволяют:

- сделать поэзию более наглядной и интерактивной;
- расширить аудиторию за пределы класса и даже страны;
- развивать навыки медиа грамотности у школьников;
- стимулировать самостоятельную работу и творчество [9, 48-стр.].

Проектная деятельность на основе поэзии Сырбая Мауленова

Метод проектов — один из самых эффективных способов интеграции поэзии в образовательный процесс. Работа над проектом требует от учащихся самостоятельности, поиска информации, коллективного взаимодействия, что соответствует целям компетентностного обучения.

Примеры проектов на основе поэзии Сырбая Мауленова:

- **«Maulenov in Three Languages»** — создание электронного сборника стихотворений поэта на казахском, русском и английском языках. Каждый ученик отвечает за перевод одного стихотворения.
- **«Voice of the Steppe»** — видеопроект: чтение стихов Сырбая Мауленова на фоне пейзажей Казахстана с английскими субтитрами.

- **«Poetry without Borders»** — подкаст на английском языке, где учащиеся обсуждают творчество Сырбая Мауленова и делятся личными размышлениями о Родине, войне, мире.
- **«Children and Peace»** — мультимедийный проект, посвящённый стихам поэта о детях и войне. Включает коллажи, эссе и видеоролики с цитатами на английском.
- **дебаты на английском языке**:
  - *"Is poetry an effective way to speak about war?"*
  - *"What is the role of homeland in the 21st century?"*.

Такие проекты развивают исследовательские навыки, коммуникативную компетенцию и учат работать в команде.

Интеграция цифровых инструментов

Современные учащиеся привыкли к визуальным и интерактивным форматам. Поэтому цифровые платформы становятся важным помощником в изучении поэзии. Возможные инструменты:

- **Padlet** — создание виртуальной стены, где учащиеся публикуют свои переводы, иллюстрации и комментарии.
- **Canva / Genially** — оформление постеров и инфографики со стихами Мауленова на английском.
- **Kahoot / Quizlet** — викторины и флеш-карточки по биографии и творчеству поэта.
- **YouTube / TikTok** — короткие видеоролики: «Одно стихотворение — одна мысль».
- **Anchor / Spotify** — запись и публикация подкастов «Kazakh Poetry in English».

Использование цифровых технологий не только повышает интерес учащихся, но и способствует развитию их медиа грамотности [10, 50-стр.].

Практические сценарии уроков

Сценарий 1. Урок английского языка (8 класс)

Тема: «Образ Родины в поэзии Сырбая Мауленова»

1. Прослушивание стихотворения «Отан» на казахском языке.
2. Перевод ключевых слов на английский (homeland, freedom, steppe, strength).
3. Чтение отрывка в переводе.
4. Составление синквейна *Homeland*.
5. Итоговое задание: эссе «Why is homeland important for me?».

Сценарий 2. Интегрированный урок (литература + английский язык)

Тема: «Природа и человек в поэзии С. Мауленова»

1. Учитель литературы анализирует оригинальный текст.
2. Учитель английского языка предлагает учащимся перевести отрывки.
3. Сравнение переводов, обсуждение точности и выразительности.
4. Создание видеоролика «Nature in Maulenov's Poetry» с английскими субтитрами.

Сценарий 3. Виртуальная выставка

Тема: «Сырбай Мауленов и память о войне»

- Учитель делит класс на группы: «историки», «дизайнеры», «переводчики», «медиа».
- «Историки» подбирают материалы о Великой Отечественной войне в биографии поэта.
- «Дизайнеры» оформляют виртуальную выставку.
- «Переводчики» готовят английские версии цитат.
- «Медиа» создают короткое видео-анонс для Instagram.

Сценарий 4. Аудиопроект

Тема: «Поэзия Сырбая Мауленова в трёх языках»

- Каждый ученик выбирает стихотворение.
- Записывает его чтение на казахском, русском и английском.
- Итогом становится подкаст-сборник, размещённый на Spotify.

Сценарий 5. Онлайн-дебаты

Тема: «Поэзия как язык памяти о войне»

- Две команды обсуждают вопрос: *“Is poetry the best way to speak about war?”*
- Используются цитаты из стихотворений Мауленова на английском языке.
- Итоговое задание — эссе с аргументами, написанное на английском.

Роль межкультурного диалога

Работа с поэзией Сырбая Мауленова на английском языке открывает возможности для межкультурного взаимодействия:

- учащиеся могут обмениваться переводами со сверстниками из других стран (например, в рамках международных онлайн-проектов eTwinning);
- возможна организация международных конкурсов перевода казахской поэзии;
- поэзия становится «мостом» между культурами, позволяя представить Казахстан в мировом образовательном пространстве[11, 53-стр.].

Таким образом, интеграция стихов Сырбая Мауленова в уроки английского языка через творческие задания, проектную деятельность и цифровые инструменты способствует развитию не только языковой компетенции, но и культурной идентичности учащихся.

Влияние на мотивацию школьников

Цифровизация и медийная популяризация позволяют превратить традиционное чтение поэзии в динамичный процесс. Школьники становятся не просто слушателями, а активными создателями контента: переводчиками, блогерами, подкастерами, дизайнерами. Это формирует у них чувство сопричастности, повышает интерес к национальной культуре и делает процесс обучения более мотивирующим.

Включение поэзии Сырбая Мауленова в школьное обучение английскому языку представляет собой не просто инновационный методический приём, а целостную стратегию формирования у подрастающего поколения языковой, культурной и ценностной компетенции.

Стихи Сырбая Мауленова — это отражение истории, памяти о войне, любви к Родине, уважения к природе и человеческим чувствам. Эти темы универсальны, понятны детям и подросткам, и в то же время они становятся уникальным мостом к национальной культуре Казахстана. Используя их на уроках английского языка, учитель получает возможность не только развивать лексико-грамматические навыки, но и вести разговор о нравственных категориях: мире, дружбе, справедливости, патриотизме.

Современные методы обучения позволяют соединить традиционное литературное наследие с цифровыми ресурсами и проектной деятельностью.

Школьники могут работать со стихами Сырбая Мауленова не только в классе, но и в онлайн-пространстве: создавать подкасты, виртуальные выставки, мультимедийные проекты, участвовать в конкурсах переводов. Таким образом, поэзия поэта обретает новое звучание и становится частью повседневной жизни учеников.

Важно подчеркнуть, что работа с текстами Сырбая Мауленова способствует развитию межкультурной коммуникации. Когда школьники переводят стихи на английский язык и делятся результатами в международных проектах, они становятся послами казахской культуры в мировом образовательном пространстве. Это формирует чувство национальной гордости и уважения к собственным культурным корням, одновременно открывая возможность для диалога с другими странами.

Интеграция поэзии Сырбая Мауленова в образовательный процесс представляет собой эффективный инструмент развития языковой, культурной и ценностной компетенции школьников. Использование творческих заданий, проектной деятельности и цифровых ресурсов позволяет сделать изучение литературы активным, интересным и современным. Учащиеся приобретают навыки перевода, интерпретации текстов, критического мышления, творческого самовыражения, а также расширяют своё понимание национальной идентичности и культурного наследия.

Включение поэзии Сырбая Мауленова в уроки английского языка способствует формированию навыков межкультурной коммуникации и содействует воспитанию патриотических и гуманистических ценностей. Работа с текстами поэта в цифровой среде и проектных форматах позволяет школьникам становиться активными участниками образовательного процесса, создавая подкасты, виртуальные выставки, видеопроекты и участвуя в конкурсах переводов [12].

Таким образом, применение поэзии Сырбая Мауленова в школьной практике — это не только способ сохранения культурного наследия, но и современный метод развития личности учащегося XXI века, объединяющий язык, творчество и цифровые технологии в единую образовательную стратегию.

Список литературы:

1. Аманжолов С. *Инновационные подходы в преподавании литературы и иностранных языков в школах Казахстана*. — Алматы, 2019. — 17 стр.
2. Бейсенов А. *Литература и воспитание личности в условиях современной школы*. — Нур-Султан, 2020. — 25 стр.
3. Иванова М.А. *Метод проектов в школьной практике*. — Москва : Просвещение, 2018. — 30 стр.
4. Кузнецова Е.В. *Использование цифровых технологий на уроках литературы и английского языка* / Е.В. Кузнецова // Современное образование. — 2019. — №4. — 12 стр.
5. Мауленов С. *Стихотворения*. — Алматы : Казахстан, 2018. — 34 стр.
6. Нургазин К. *Интеграция цифровых технологий в преподавание литературных дисциплин*. — Алматы, 2017. — 22 стр.
7. Оразалиев Т. *Методы билингвального образования в Казахстане*. — Алматы, 2021. — 30 стр.
8. Петров С.В. *Медиа-грамотность школьников: теория и практика*. — Санкт-Петербург : Питер, 2017. — 40 стр.
9. Сариев М. *Развитие творческих навыков школьников через проектную деятельность*. — Алматы, 2019. — 48 стр.
10. Фролова Л. *Цифровые инструменты и инновации в преподавании английского языка*. — Москва, 2020. — 50 стр.
11. Шарипова Ж. *Культурное наследие и современные методы обучения*. — Алматы, 2021. — 53 стр.
12. eTwinning. *Международные школьные проекты*. — URL: https://www.etwinning.net/ru/pub/index.htm

Жайнакова Асель Муратбековна,

Астана қаласы, №112 орта мектеп,
педагогика ғылымдарының магистрі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ - ЛИРИКАЛЫҚ ПОЭЗИЯНЫҢ СЫРШЫЛ ДА СЫРБАЗ ШЕБЕРІ

Сырбай Мәуленов (1922-2003) – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, публицист және қоғам қайраткері. Сырбай Мәуленов - Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты(1970). Александр Фадеев атындағы күміс медальдың иегері, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері және 1-дәрежелі мүгедегі, Ленинградты қорғауға қатысқан. Қазақстанның Халық жазушысы. 1-дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Ту», «Халықтар Достығы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. Алматы қаласындағы орталық көшелерінің біріне және республиканың бірнеше мектептеріне есімі берілген. Оның шығармашылығы қазақ поэзиясында табиғат пен адамның ішкі сезімдерін шебер жеткізген лирикалық бағытта ерекшеленеді. Ол өмірінің көптеген жылдарын туған жерін, табиғатты, қазақ халқының рухани байлығын жырлауға арнады.

Қазақ поэзиясында табиғат пен сүйіспеншілік – адам өмірінің мәні мен рухани байлығын аша түсетін маңызды тақырыптар. Сырбай Мәуленовтің шығармашылығында бұл екі тақырып ерекше үйлесім тауып, ұлттық лириканың өзегін құрайды. Оның поэзиясы – табиғаттың сұлулығын шебер суреттей отырып, адамның жүрегіндегі нәзік сезімдерді, махаббат пен туыстықты жырлайды. Мақалада Сырбай Мәуленов поэзиясындағы табиғат пен сүйіспеншілік мотивтерінің ерекшелігін, олардың лирикалық арналардағы үйлесімін қарастырып, ақын шығармашылығындағы осы екі тақырыптың маңызын ашып көрсетіп, қазақ поэзиясының рухани қазынасына қосқан үлесін талдауды мақсат еттім.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай кентінде туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген. Тұңғыш өлеңі Жамбыл облысы «Колхозшы» газетінде 1937 жылы жарияланса, «Өлеңдер» атты алғашқы жинағы 1948 жылы жарық көрді. Қырыққа жуық жыр жинақтарының авторы. «Таңдаулы өлеңдер» атты таңдамалысы (1958), «Шаңқай түс» жинағы (1966), «Таңдамалылары» (2 томдығы, 1972), 1982-1984 жж. үш томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Оның «Жаңа көктем» (1956), «Дала таңы» (1957), «Көгілдір таулар» (1964), «Жер нәрі» (1970), «Апрель жапырақтары» (1972), «Таңдамалы лирикалары» (1972), «Жапырақтар жанады» (1972) өлеңдер жинақтары орыс тілінде Мәскеуде басылды.

«Жер нәрі» атты әдеби портреттер мен очерктер жинағы (1966), республика еңбекшілерінің халық шаруашылығын өркендетудегі қажыр-қайратын көрсететін «Үркер төбеде тұр» (1971) кітабы, естеліктер мен портреттер, этюдтер кітабы жарық көрді.

Балаларға арнап «Барлаушы бала» (1961), «Құлыншақ» (1963), «Бала жолбарыс» (1963), «Қорқақ торпақ» (1966), т.б. өлеңдер мен әңгімелер жазды. Орыс және туысқан халықтар әдебиеті шығармаларын қазақ тіліне аударды. Соғыс тақырыбына көп қалам тартқан Сырбай Мәуленовтың көптеген еңбектері орыс тіліне және КСРО халықтарының тіліне аударылды. Солардың ішінде «Кеңестік жазушы» баспасында жарық көрген “Новая весна” (1956), “Синие горы” (1964), “Апрельский дождь” (1972), “Зарница” (1976) және «Көркем әдебиет» баспасында жарық көрген “Листья горят” өлеңдер жинағы. 1971 жылы «Қызыл арша» және «Сәуір жаңбыры» өлеңдер кітабы үшін Сырбай Мәуленов Абай атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. 1967 жылы «Таңдаулы лирика» сериясында «Жас гвардия» баспасы майдангер-жазушы Сырбай Мәуленовтың өлеңдер жинағын жариялады. Сондай-ақ, 1958 және 1966 жылдары ақынның таңдаулы шығармалары жарық көрді. Ақын аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ол Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Ломоносов, Байрон, Маяковскийдің және бауырлас республикалардың бірнеше көрнекті ақындарының өлеңдерін аударған. Сонымен бірге,

ақын бірнеше балалар кітабын құрастырып, әр түрлі уақытта жазылған публицистикалық мақалалардың екі кітабын жариялады.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясында табиғат – тек сыртқы орта емес, ол рухани әлемнің, ұлттық болмыстың айнасы. Табиғат көріністері арқылы ақын қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы мен мәдениетін көркем тілмен жеткізеді. Оның өлеңдерінде дала кеңдігі, көк аспан, самал жел, құстардың сайрауы – бәрі де өмірге деген сүйіспеншіліктің, еркіндіктің символдары. Сырбай өлеңдерінде табиғат сұлулығы мен тыныштығы суреттеледі. Ақын лирикасында көктемнің қайта оралуы, жаңбырдың тамшылары сүйіспеншілік сезімдерінің оянуымен параллель түседі. Бұл үйлесім оның поэзиясына философиялық мән береді, адам мен табиғаттың біртұтастығын көрсетеді. Поэзиядағы лирикалық кейіпкер мен оның ішкі әлемі туралы айтар болсақ, Мәуленов поэзиясының басты ерекшелігі – лирикалық кейіпкердің табиғат пен сүйіспеншілікке деген нәзік сезімдері мен ойларының шынайы көрінісі. Лирикалық кейіпкер табиғатпен үндесіп, оның сұлулығын сүйеді, әрі махаббат сезімін терең сезінеді. Оның ішкі әлемі табиғат көріністері арқылы ашылады, бұл оқырманға лириканың ой-санасын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Оның лирикасында қазақ халқының шынайы тарихы көрініс тапқан. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов өз еңбектерінде қиын жағдайларда адамның моральдық-адамгершілік қабілеттері ашылатын майдан дық достықты даңқтау арқылы анықталған Ұлы Отан соғысы тақырыбына ерекше орын берген. Азаматтық жауапкершілік сезімі ақын шығармашылығы арқылы арнайы жолмен өтеді. Сондықтан, Сырбай Мәуленовтың шығармаларында жауынгер ақынның, азамат ақынның және лирик ақынның позициясы айқын көрінеді.

Сондай-ақ, Сырбай Мәуленов заманауи ақын, себебі бүгінгі заман оның барлық өлеңдерінде бар уайыммен және үреймен өмір сүреді. Бірақ бұл тақырып жер бетінде өмір сүргендердің ең басты жауапкершілігі – өткен мен болашақ алдында бағынышты. Бұл идея шайқасқа түскендерге арналған жолдарда жазылған. Сырбай Мәуленовтың өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, майдандас достарын қайта тірілтеді. Өйткені, олардың алдында жаңа биіктер мен шекаралар, жеңіске жетудің ұлы жолы тұрды. Ақынның поэзиясы бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген мақсатты тағы да еске салады. Сырбай Мәуленов туған жеріне, табиғатқа үлкен құрметпен қарайды. Сол себепті ақын шығармаларында Отан қай жерде болмасын, адаммен бірге жүретін, аспанда қалықтаған қарлығашпен байланыстырылады. Табиғатпен үйлесімділік, оның тыныштығы мен бейбітшілігі адам жанын рухани байытады деген ой беріледі. Мәуленовтің табиғатты жырлауы – оның әлемге деген сүйіспеншілігінің айқын көрінісі. Сырбайдың лирикалық өлеңдерінде сүйіспеншілік тақырыбы да кең орын алады. Ол махаббатты шынайы, таза сезім ретінде жырлайды. Сырбай Мәуленов поэзиясында табиғат пен сүйіспеншілік тақырыптары үйлесімді түрде өріліп, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің рухани қазынасына айналған, шығармалары адам мен табиғат арасындағы байланысты терең түсінуге, адамның ішкі жан дүниесін ашуға ықпал етеді.

Мысалы:

«Қайта қара мына туған жеріңе»[1,122-б] атты өлеңі — терең патриоттық және табиғат лирикасына толы шығарма. Бұл өлеңде ақын туған жерге деген махаббат пен табиғаттың адам жанына әсерін өте нәзік жеткізеді.

Өлеңнің тақырыптық бағыты - табиғат пен туған жерге сүйіспеншілік.

Мұнда табиғат лирикасының көрінісі:

- Ақын табиғаттың әр элементін (өзен, тау, бұлт, көл, бұлақ, толқын) ерекше жылы леппен суреттейді:

** «Басқа өзеннің артық санап ағынын,

** Басқа таудың мадақтайсың жауынын…»

- Бірақ бұл мадақтаулардың бос екенін меңзейді. Себебі туған жердің табиғатын жүрекпен сезіну - бәрінен биік:

** «Мүмкін оның білмеуің де қадірін…»

- Туған өлкенің табиғи бейнесі, таулар мен өзендер, бұлақтар мен көлдер, шырынды шөп пен шөл — барлығы адам жанын жылытатын символдық бейнелерге айналған:
** «Тауы жатыр аспанымен өрлескен,
** Бұлағы бар қанып ішер шөлдесең.»
- Жалын атып, өз жүрегіңмен біртұтас табиғат бейнесі — туған жермен тұтасудың символы:
** «Жалын атып өз жүзіңдей шие, өрік,
** Өз кеудеңдей жатар көлден күй өріп.»
Мазмұндық идея:
- Адам басқа жаққа қызығуы мүмкін, бірақ туған жердің табиғаты мен жылуын басқа ештеңе алмастыра алмайды.
- Ақын табиғатты дәріптеу арқылы отансүйгіштік сезімді оятады. Бұл өлең — табиғат лирикасы мен туған жерге деген перзенттік махаббаттың тұтасқан көрінісі. Сырбай Мәуленов табиғатты жалаң сипаттамайды, ол арқылы рухани тереңдік пен ұлттық болмысты ашып көрсетеді. Өлең табиғатқа сүйсінуден бұрын, оны жүрекпен қабылдауға үндейді.
** «Жүздік бірге бұлттарға», «қия кезең» - бұлт пен тау табиғат бейнесі арқылы жастықты, бірге кешкен күндерді сипаттайды. Бұл лирикалық өлең - достық пен жастық шаққа арналған рухани гимн, Сырбай Мәуленовтің сыршыл , жүрекке жақын лирикасының жарқын үлгісі. Ақын бұл өлеңінде тек еске алу ғана емес, өмірдің мәні – бірге кешкен сәттерде деген идеяны көркем тілмен жеткізеді, оның жанының нәзіктігі, эстетикалық дүниетанымы айқын көрінеді. Мұнда достық, еске алу, жастық шақ, табиғат көріністері, және өмірдің өткіншілігі нәзік поэтикалық тілмен өріледі. Өлеңнің негізгі тақырыбы – достық пен өткен жастық шаққа деген сағыныш. Ақын өткен күндерді еске ала отырып, бірге өткізген сәттердің құндылығын сипаттайды.
Идеясы:
Ақын идеясы – нағыз достық ұмытылмайды, ол – өмірдің мәңгілік естелігі. Қандай ауыр сәт болса да, егер жанында сенімді дос болса, адам өлмейді, жаны тірі қалады деген терең философиялық ой бар:
** «Сен тұрғанда мен өлмеспін» — бұл жолдар өмірлік мағынаға ие.
Көркемдік ерекшеліктері:
- Метафора:
- «Көнерген бір суреттей», «қиял – өзен» — өткеннің елесін көз алдына елестететін әсерлі бейнелер.
- Эпитеттер:
- «Жастық шақтай», «жалғыз сыр», «жалт етер» — бейнелі сөздер арқылы уақыт пен сезімді терең береді.
- Антитеза:
- «Ыстықтарда – суықтарда», «Көңіл шерленсе де – күн көнермес» — қарама-қарсылық арқылы өмірдің екі қырын бейнелейді.
Табиғатпен үндестігі:
Ақын табиғатты тек көркемдік элемент емес, ішкі жан дүниесін жеткізудің құралы ретінде пайдаланады.

«Егер менің қиялым болмаса» [1, 292-б] өлеңінде Сырбай Мәуленов қиялдың құдіретін, рухани әлемдегі орнын жоғары бағалайды. Лирикалық кейіпкер табиғаттың, ғаламның сұлулығын адамның қиялы арқылы сезінуге болатынын айтады. Өлеңде адам қиялының табиғатпен, әлеммен байланысы мен қиял – сұлулықтың кілті екендігі көрсетіледі. Идеясы: Қиял болмаса, әлем сұрқай тартады. Қиял – тіршілікке түр, нәр, мазмұн береді. Қиял – ақын үшін өмірдің мәні, шығармашылықтың қуаты. Ол қиялымен күнді батырып, таңды атырса, табиғатты әлдилей алады. Лирикалық кейіпкер қиялды өмірдің сәні, тіршіліктің мәні ретінде сипаттайды. Оның ойынша, адам қиялының шексіздігі мен рухани биіктігі соншалық табиғаттың өзі де қиялсыз мәнсіз болар еді.

Поэтикалық тіл:
- Метафора: «Қиялым тірілтеді өлгендерді», «дүниеге түр-көрік беріп»
- Қайталау: «Егер менің қиялым болмаса» — әр шумақ осылай басталып, ойды тереңдете түседі.
- Қарсылықты салыстырулар: қиял болмаса – жұлдыз сөніп, өзен құрғап, күн жасырынар еді. Табиғат лирикасы мен философиялық лирика байланысы:
Терминдер мен образдар:
- Қиялмен "таңды атыру", "күнді батырту" – ақынның болмыспен сырласу, рухани бірігу әрекеті.
- "Алақанымен орман жапырағын ұйықтату", "көз нұрымен көлді жуу" – табиғатпен үндестік, жұмсақ поэтикалық теңеулер арқылы берілген.
- "Айға барып, алам өшін" – қиял әлеміндегі еркіндік, шекарасыз мақсат.
Поэтикалық тәсілдер - әсерлі метафоралар мен гипербола көп: ақын өзін құдіретті рух иесі ретінде көреді, алайда ол жай "қарапайым адам" екенін де ұмытпайды.
- Қарапайым адамның да қиял арқылы биікке ұмтылатынын көрсетеді.
Табиғат – ақынның рухани әлемін бейнелеудің құралы. Табиғатты адам жанының айнасы ретінде суреттейді. Бұл өлең – Сырбай Мәуленовтің қиял мен табиғатты ұштастыра отырып, адам рухының тереңдігін, ішкі әлемін суреттеген көркем лирикасының айғағы, қиял мен шындықтың, табиғат пен рухтың тоғысқан көркем көрінісі. Ақын қиялды – шынайы өмірді түрлендіретін, сұлулық сыйлайтын күш ретінде бейнелейді.

Келесі бір өлең «Таңды атырамын, Күнді батырамын,...» деп басталады.[1,293-б] Мұнда өлеңнің құдіреті мен уақыт шеңберіндегі ақынның орны бейнеленеді.
Идеясы:
Ақын жыры – мәңгілік. Ол бүгін болмаса, ертең жүрекке жетеді. Уақыт – шарт емес, шынайылық пен сезім – бастысы.
Негізгі жолдар мен мағынасы:
- "Торғай қырына жеткенінше" – ақынның туған топырағына, халқына жетуіне уақыт қажет.
- "Жазылған жоқ дәптеріне данышпанның" – нағыз өнердің құнын уақыт емес, жүрек бағалайды.
- "Жырларым жүрегіне жеткенінше" – ақын үшін нағыз жеңіс – оқырман жүрегінен орын алу. Бұл өлеңде Сырбай Мәуленов шығармашылыққа, поэзияға уақыт пен кеңістіктен жоғары тұратын рухани құбылыс ретінде қарайды. Оның арманы – жырларының жүрекке жетуі.
Жалпы талдау:
Екі өлең де ақынның шынайы рухани болмысын, поэтикалық еркіндігін, табиғатпен үйлесімін көрсетеді. Табиғат та, қиял да – Сырбай лирикасының негізгі арналары. Ақын тек көркем бейне жасаумен шектелмейді, ол – жан мен жүрекке әсер ететін терең ойлы туындылардың иесі. Бұл екі өлең – Сырбай Мәуленовтің қиял әлемі, табиғатқа сүйіспеншілігі мен шығармашылық еркіндігін паш ететін терең лирикалары.

«Сен ойлайсың өткен күн өледі деп,...»[1,357-б] Бұл – Сырбай Мәуленовтің өмір мен уақыт, жастық пен кәрілік туралы терең философиялық ойға құрылған өлеңі. Талдап көрейік:
1. Өлеңнің тақырыбы:
Адам өмірінің өткіншілігі, уақыттың шапшаңдығы және жастық шақтың құндылығы. Табиғаттың сұлулығы мен жастық бейнесі.
2. Идеясы:
Өмір – шексіз мүмкіндік емес, әр сәт қымбат. Ақын өткенді еске ала отырып, бүгінгі күннің қадірін білуге шақырады. Ақын табиғаттың әрбір бөлшегін тірілтіп, оған жан бітіре отырып, таң сәтін – табиғаттың балғын шағы, жастық уақыты ретінде суреттейді. Табиғат та адам сияқты жасарып, қызарады, күлімдейді.
3.Образдар мен астарлы мағына:

- «Сен ойлайсың өткен күн өледі» – адам баласының кейде өткенді елемей, қадірін түсінбейтінін меңзейді.
- «Мен ойлаймын қайтадан келеді» – ақын өткеннің маңыздылығын, оның адамға әсерін жоққа шығармайды.
- «Кеш – есейген шағы күндіздің», «Түн – балалық шағым жұлдыздың» – уақыттың поэтикалық бейнелері. Кеш – ересектік, түн – балалық шақ.
- «Кәмелетке әлі жетіп толмаған көктем кезі» – көктемнің өзі бала сияқты, болашаққа үміт пен сенімге толы.
- «Гүл қызыл», «жасыл мұнар» — түстік бейнелер арқылы табиғаттың алуан сұлулығы суреттеледі.
- «Терек — жердің көкке созған саусағы» — тамаша метафора. Мұнда терек ағашы адам бейнесінде көрініп тұр.
- «Көтерілген тау шаңы», «қызыл қаны арылмаған бетінен» — табиғат таң алдында қызарып, оянып келе жатқандай.
- «Таң сәрі — табиғаттың жастық кезі» — ақын таңғы уақытты табиғаттың жастық шағына теңейді. Бұл — лирикалық философия.
4. Поэтикалық тәсілдер:
- Антитеза: «өткен күн өледі» – «қайтадан келеді»
- Символика: «күн», «түн», «көктем», «егін», «өлең» – бәрі адамның өмірлік кезеңдерін бейнелейді.
- Философиялық сұрақтар: өмірдің мағынасы неде? Ой, естелік, сезім – шындық па, жалған ба?

5. Қорытынды:

Бұл өлең – Сырбай Мәуленовтің уақыт туралы толғанысы. Ол адам өмірінің әр сәтін қадірлеуге үндейді. Ақын үшін өткен – өшкен емес, ол – бүгіннің іргетасы. Ал өмір – жалған көрінгенімен, оның әр сәтінде мағына бар. Бұл шағын ғана өлең – Сырбай Мәуленов поэзиясына тән табиғатқа сүйіспеншілік пен лирикалық образдардың шеберлігін көрсететін көркем сурет. Сырбай Мәуленовтің табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, оның әрбір құбылысын нәзік сезінетін ақын екенін көрсетеді. Өлең қысқа болса да, образға, бояуға, сезімге бай. Ақынның әр жолынан сұлулыққа сүйсіну мен табиғатпен рухани байланыс байқалады.

Табиғат лирикасы тұнып тұрған «Көкшетау» атты кең тынысты табиғатқа арналған жыр-толғауын [1,62-66-б] талдау:

1.Тақырыбы:

Өлең Көкшетаудың сұлу табиғатын, биік тауларын, аңыздарға толы тылсым сырларын бейнелейді. Ақын туған жерінің көркем бейнесін суреттеу арқылы туған елге, табиғатқа деген сүйіспеншілігін жеткізеді.

2. Идеясы:

Көкшетау — тек географиялық атау емес, ол — тарих пен сырға, аңызға толы мекен. Табиғат сұлулығы – адам рухының көрінісі. Бұл жер – сұлу табиғаттың, даналықтың, батырлықтың және асқақ рухтың мекені. Автор туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігін, мақтанышын білдіреді. Ақын туған өлкені мақтанышпен жырлап, оны ұрпаққа аманаттайды.

3. Көркемдік ерекшелігі:

А) Пейзаждық суреттеу:
- «Таулардың орамы алып ортасынан»,
- «Жасыл жел тербеледі, теңселеді»
- «Көкшетау — шежірелі жыр көкжиегі»

Ақын табиғаттың сұлулығын тек көркем бейнелеу емес, оны сезіндіру, жанды суретке айналдыру арқылы береді.

Ә) Эпитеттер мен теңеулер:

- «Жасыл желек», «күмбез таулар», «шың қиған сұлу қия»
- «Тақырып тау біткенге басын иіп»
- «Көк теңіз көгілдір айдын көлдер»
- «Күмбез таулар», «аспанға ұқсаған Көкшетау», «жасыл желек», «сарқырап аққан бұлақ»
- «Тақырып тау біткенге басын иіп»
- «Көк теңіз көгілдір айдын көлдер»

Б) Метафоралар:
- «Орманың сыры күйін ойнағандай»
- «Сыңсымның жел үрлейді сымбатыңсың»
- «Далаптың төсіндегі туған аспан»
- «Табиғаттың жастық кезі», «Жартаста жалғыз сыр суретін»
- Теңеу: «Шыңын жасыл желек жапса аршамен, Өзінің көзедей бағып сыртын»
- Символ: Бурабай, Оқжетпес, Айнакөл, Жұмбақтас – халық аңыздарының символдары ретінде бейнеленеді.

4. Тарих пен аңыз:

Оқжетпес, Жұмбақтас, Айнакөл, Бурабай сияқты жер атаулары халық аңызымен байланысты. Ақын сол аңыз бен табиғатты ұштастырып, терең мағына береді.

Қорытынды: Сырбай Мәуленов бұл өлең арқылы табиғат пен халық рухының тұтастығын көрсеткен. Көкшетау – ақынның жүрегіндегі мәңгілік мекен, туған жердің көркем көрінісі мен рухани символы. Өлең туған елдің көркем табиғатын, тарихи-мәдени бейнелерін, аңызға айналған тауларын, көлдерін, елі мен жерінің рухани болмысын мадақтайды, ел тарихының, аңыздарының терең тамырын көрсетеді.

- «Көкшетау – шежірелі хақ мұраң біздің» – бұл жол арқылы Көкшетаудың ұлттық құндылық екенін ұқтырады.

Мағыналық талдау:
- Ақын Көкшетауды бір сәтке де саябыр қалдырмай, бірінен соң бірін суреттеп, түрлі бейнелерге салып, табиғат пен адам арасындағы рухани байланысты ашып көрсетеді.
- Табиғат пен адам бойындағы сұлулық, тектілік, тазалық қатар қойылады.
- Тарих, аңыз, табиғат үндесе отырып, Көкшетауды ұлттық мақтаныш, қазақтың айнасы ретінде сипаттайды.

Қорытынды:

Бұл – туған елге, жерге деген ыстық махаббаттың, құрметтің, поэтикалық бейнесі. Сырбай Мәуленов Көкшетауды жай ғана табиғи мекен емес, ұлттың рухани болмысы ретінде жырлайды. Көкшетау – ақын үшін шабыт, тарих, сұлулық және мәңгілік махаббат. Бұл поэма оқырманды туған жерді сүюге, оны аялауға, тарихын білуге, табиғатын қорғауға үндейді.

С. Мәуленовтің «Қазақ тілі» атты қысқа туындысында [1,135-136-б] терең патриоттық сезім, тілге деген махаббат және ақынның жан азабы мен күресі бейнеленген.

Тақырыбы:

Қазақ тілі мен ақынның азаматтық миссиясы, тіліне деген махаббат, ана тілінің қадір-қасиеті.

Идеясы:

Қазақ тілінің тағдыры – ақын үшін жеке қайғы ғана емес, ұлттық қасиет, ұлттың жаны. Ақын сол тілді қорғау мен насихаттауды өмірінің басты мақсаты деп біледі. Ана тілі – адамның дүниетанымының, махаббаты мен мұң-шерінің, бүкіл өмірінің тірегі. Ақын тілі арқылы дүниені танығанын, сезінгенін, сол тілмен өмірден өтетінін көрсетеді.

Талдау:

- «Қасіретімді – қазақ тілін қанат қып» – ақын қазақ тілін өз өмірінің мұратына айналдырған. Бұл – тек тілге жанашырлық емес, оны әлемге таныту жолындағы күрес.

- «Төрт бұрышты дүниеге жеткіздім» – ақын өзінің шығармашылығы арқылы қазақ тілін кең әлемге таратқысы келеді. Бұл – ұлт рухын биіктетуге ұмтылыс.

- Көк мұз, оқ құз, құзғын – бұлар ауыр кезеңдерді, өмірдегі қиын сәттерді меңзейді. Бірақ соған қарамастан, ақын тілін ұмытпай, керісінше сол қиындықтарды тіл арқылы жеңіп шыққан.

Көркемдік құралдар:

- Теңеу мен метафора: «Қазақ тілін қанат қып», «оқ құз», «көк мұздың құшағы» – поэтикалық бейнелеу арқылы ақынның ішкі күйзелісі мен тіліне деген махаббаты қатар беріледі.

- Антитеза: «Жаз етіп мен күздің өзін өткіздім» – мұнда қайғыны жарыққа айналдыру, қиындықты жеңу бар.

Қорытынды:

Бұл – қазақ тілінің тағдыры үшін күйінген ақынның жан айқайы. Сырбай Мәуленов тілін қорғауды – елін қорғау, рухын сақтау деп біледі. Оның өлеңі – тілге тағзым, ұлтқа қызмет.

Бұл – Сырбай Мәуленовтің ана тілі – қазақ тілі туралы лирикалық толғауы. Ақын өз ана тілінің өміріндегі орнын, қасиетін терең сезіммен, поэтикалық тілмен жырлайды.

- «Шаттығымды — қазақ тілін қанат қып...» — Ақын үшін қазақ тілі шығармашылығының, жетістігінің, бар бақытының негізі екенін айқын көрсетеді.

- «Сол тілменен дүниені атадым» — Ана тілі арқылы ақын әлемді, тіршілікті таныды.

- «Жатты онда уыз сүті ананың» — Тіл – ана сүтімен бірге бойға дарыған қасиет.

- «Сол тілменен махаббатқа тіл қаттым...» — Ақын тілді сезім мен сұлулықтың тілі ретінде де сипаттайды.

- «Сол тілменен дүниеден кетемін...» — Ана тілімен өмір сүріп, сол тілмен мәңгілікке аттанамын деген идея терең философиялық мағына береді.

Көркемдік құралдар:

- Анафора: «Сол тілменен...» жолдары қайталанып, өлеңге ырғақ пен әсер береді.

Анафора – өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады[2,18-б]

«Ұйқыдан соң» «Ұйқыдан соң – Жапырақпын, Жаңбыр шайып жаңарған. Ұйқыдан соң – Құспын, Ұзақ ұшып, көліне кеп дем алған. Ұйқыдан соң –Көк айдынмын, Мөлдіреген шайқалып. Ұйқыдан соң – Ну орманмын, Желбіреген жайқалып.»[1,58-59-б]

- Метафора: Тілді «қанат» деп бейнелеуі, «шаттығымды жеткізді» деуі – поэзиялық тілдің көркемдігі.[3,108-б]

- Қарапайымдылық пен тереңдік: Күрделі сөздерсіз-ақ терең мағына береді, қарапайым сөйлемдер арқылы ұлттық рухты сезіндіреді. Бұл өлең – ана тіліне деген шексіз құрмет пен махаббаттың көрінісі. Ақын қазақ тілін тек қарым-қатынас құралы емес, өмірінің мәні, рухани негізі ретінде сипаттайды.

Оқырманды ана тілін сүюге, қадірлеуге, мақтан етуге шақырады.

ҚҰМДАҒЫ ҚЫЗЫЛ АРШАЛАР

Сары дала төсінде
Сары дария — сары құм,
Күш керек онда өсуге,
Аршаға жайып тамырын.
Жарыққа, нұрға жетуге
Іздеді ол қанша жол тынбай,
Сары дария бетінде
Жүзеді қызыл толқындай.
Берілмей талай күштіге
Ерлігі аңыз жыр болып,
Жанады ол құмның үстінде
Түнде де маздап күн болып.
Көзіндей көне бабамның,
Құрдасындай баламның,

Аршалар, айтшы, сендердей
Жақынды қайдан табармын.[1,191-б] Сырбай Мәуленовтің «Құмдағы қызыл аршалар» атты өлеңі – табиғаттың тылсым күшін, төзімділігін, өмірге құштарлығын бейнелейтін терең лирикалық туынды. Өлеңнің негізгі тақырыбы – табиғаттың күрескер рухы, өмірге іңкәрлік және адам мен табиғат арасындағы рухани байланыс.

Идеясы:

Ақын табиғаттағы арша бейнесі арқылы қазақ халқының қажыр-қайратын, қиындыққа мойымайтын болмысын, жасампаз рухын жеткізеді. Құмда өсіп, сары далада тамырын жайған арша – төзім мен қайсарлықтың символы.

Көркемдік құралдар:

- Теңеулер:
  - «Жүзеді қызыл толқындай» – аршаның нәзіктігі мен табиғатпен үндестігін көрсетеді.
  - «Көзіндей көне бабамның, Құрдасындай баламның» – аршаны ата-бабамен және ұрпақпен теңей отырып, ұлттың рухани жалғастығын меңзейді.
- Эпитеттер:
  - Сары дала, сары дария, сары құм – қазақ сахарасының шынайы бейнесін ашады.
  - Қызыл арша – көз тартарлық, ерекше жаратылыс иесі ретінде сипатталады.

Мазмұндық талдау:

1. Бірінші шумақ – аршаның тіршілік ету үшін күресі суреттеледі.
2. Екінші шумақта – аршаның жарық пен нұрға ұмтылысы арқылы адам арманы мен еркіндікке талпынысы бейнеленеді.
3. Үшінші шумақта – табиғаттың табандылығы мен ерлігі дәріптеледі. Арша – маздап жанған алау секілді, өмір үшін күрескер.
4. Соңғы шумақ – ақынның аршаға деген терең сүйіспеншілігі мен іштей тілдесуі. Аршаны адамзатқа жақын бейне ретінде көреді. Бұл өлең – адам мен табиғат арасындағы үндестікті, рухани жақындықты шебер жеткізген туынды. Арша – бұл жерде тек өсімдік емес, ол – ұлт рухының символы, табиғатпен тамырлас адамның болмысын білдіреді. Сырбай Мәуленов осы өлең арқылы оқырманды табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, өмірге құштар болуға, рухани биікке ұмтылуға шақырады.

АПРЕЛЬ ЖАҢБЫРЫ

Қыс бұлт болып тарады көктен,
Даланы алған қоршап қарымен,
Терезені қағады көктем —
Жаңбырлы саусақтарымен.
Күн қыс бойы тіл қатпаған
Күркірейді сөйлеп көгінен.
Көктем даланы құндақтаған
Жасыл көйлектерімен.
Күркірейді күн — ол бір жаршы,
Даусы зеңбіректен айнымаған.
Бұтақ бастарында мөлдір тамшы
Балапан көзіндей жаудыраған.
Апрельдің есті желі
Көк қанатын серпе жайған.
Көктем үні естіледі —
Бұлақтардан ерте оянған.
Қыс қар төсеп найза бойлар,
Жатты толқын ойлай алмай.
Жатты отты найзағайлар
Жарқыл қағып ойнай алмай.
Соқты боран, қамалады,
Дойбышыдай жүріс бермей.

Малшы қамын даладағы
Мен де ойладым министрдей.
Құз қойнында ноян малшы
Табиғаттан тартты күйік.
Азынаған боран даусы
Құлағыма жатты тиіп.
Тұрды шопан қарсы алдымда,
Қалжырап ол шаршады ма?
Апта бойы бір жатпаған,
Жар төсегін аңсады ма?
Соның бәрі ақ боран боп,
Өтіп жатты жүрегімнен.
Көп күндерім өтті алаң боп,
Көктем, сені тіледім мен.
Ей, апрель жаңбыры,
Ашылсын дала бар гүлі!
Шаш мөлдір моншақтарды,
Тарт кемпірқосақтарды.
Күн күркіреп шашқан от,
Ойнайды дала қанында нұр.
Апрель жаңбыры бүкіл аспан боп,
Менің алақанымда тұр.[1,103-104-б] Сырбай Мәуленовтің бұл өлеңі - терең философиялық әрі лирикалық сипаттағы табиғат пен адам өмірін астастыра жырлаған көркем туынды. «Апрель жаңбыры» атты бұл шумақтарында ақын көктем мезгілінің оралуын ерекше поэтикалық образдармен суреттейді. Әр шумақты жеке талдап көрейік:
1-шумақ:
** Қыс бұлт болып тарады көктен,
Даланы алған қоршап қарымен,
Терезені қағады көктем —
Жаңбырлы саусақтарымен.**
Мазмұны: Қыстың бұлттары сейіліп, көктем келе бастайды. Ақын көктемді тірі бейне ретінде сипаттап, оның «жаңбырлы саусақтарымен» терезені қағуын табиғаттың оянуы ретінде береді.
Көркемдік құралдар:
- Теңеу және метафора: «Жаңбырлы саусақтар» — жаңбыр тамшыларын адам саусағына ұқсатады.
- Тірілту (персонификация): Көктем терезені қаққан тірі кейіпте суреттеледі.
Идеясы: Қыс пен көктемнің алмасуы, табиғаттың жаңаруы.
2-шумақ:
** Күн қыс бойы тіл қатпаған
Күркірейді сөйлеп көгінен.
Көктем даланы құндақтаған
Жасыл көйлектерімен.**
Мазмұны: Қыста үнсіз жатқан күн енді көктеммен бірге күркірей сөйлейді. Көктем даланы жасылмен жапқан – бұл табиғаттың жаңару сәті.
Көркемдік құралдар:
- Метафора: «Көктем даланы құндақтаған» — дала сәбиге теңеліп, көктем оны құндақтаған ана іспетті.
- Эпитет: «Жасыл көйлектері» — шөп пен гүлдің суреті.
Идеясы: Табиғаттың жаңғыруы — аналық мейірім мен жаңа өмірге бастау.
3-шумақ:
- Поэтикалық бейнелеу құралдары өлеңге ерекше көркемдік сипат береді.

Бұл — табиғат лирикасы мен сезім лирикасының шебер тоғысы.
** Күркірейді күн — ол бір жаршы,
Даусы зеңбіректен айнымаған.
Бұтақ бастарында мөлдір тамшы
Балапан көзіндей жаудыраған.**
Мазмұны: Күннің күркірі — көктемнің келуін жар салғандай. Тамшылар бұтақта балапанның бейкүнә көзіндей мөлдірейді.
Көркемдік құралдар:
- Теңеу: «Балапан көзіндей жаудыраған» — жауын тамшысы мен сәбидің көзін салыстыру.
- Көркем теңестірілу: Күннің дауысы зеңбірекке ұқсап, табиғаттағы жаңғырудың қарқындылығын білдіреді.
Идеясы: Жаңбыр — тек табиғат көрінісі емес, ол — жаңа өмірдің жаршысы.
4-шумақ:
** Апрельдің есті желі
Көк қанатын серпе жайған.
Көктем үні естіледі -
Бұлақтардан ерте оянған.**
Мазмұны: Апрельдің жылы желі оянған табиғатты баурайды. Бұлақтардың сылдыры, самалдың сыбдыры — көктемнің тынысы.
Көркемдік құралдар:
- Метафора: «Көк қанатын серпе жайған» — жел құсқа теңеліп тұр.
- Табиғатқа жан бітіру: «Көктем үні естіледі» — көктем бейне бір ән салып жүргендей.
Идеясы: Табиғат толығымен оянып, көңіл мен жан дүниеге қуаныш сыйлайтын көктем келді. С.Мәуленов бұл шумақтарда көктемді тек табиғат құбылысы емес, адам сезімімен, жан дүниесімен тығыз байланысты тіршілік көзі ретінде сипаттайды. Өлеңде:
- Табиғатқа жан бітеді;
- Көктем - үміттің, жаңарудың, махаббаттың символы;
Бесінші шумақ:
** Қыс қар төсеп найза бойлар,
Жатты толқын ойлай алмай.
Жатты отты найзағайлар
Жарқыл қағып ойнай алмай.**
▶ Мағынасы: Бұл шумақта табиғаттың қысқы күйі бейнеленеді. Қар мен суық табиғатты тұмшалап, найзағай да, толқын да бұрынғыдай «еркін ойнай алмай» қалған.
▶ Көркемдік: Мұнда табиғат тірі ағза секілді сипатталады. Найзағай мен толқынға адамға тән қасиет - «ойлау», «ойнау» берілген [3,315-б] (троптың -персонификация әдісі). Бұл — тіршілік тоқтағандай әсер береді.
▶ Идеясы: Қыс — тек табиғат емес, өмірдің де қиын кезеңі, тоқырау символы.
Алтыншы шумақ:
** Соқты боран, қамалады,
Дойбышыдай жүріс бермей.
Малшы қамын даладағы
Мен де ойладым министрдей.**
▶ Мағынасы: Қарлы боран малшылардың жолын жауып, елдегі жағдай қиындайды. Ақын министр емес, бірақ қарапайым халықтың жағдайын өз басына түскендей күй кешіп, толғанады.
▶ Көркемдік: Салыстыру мен ирония байқалады — "министрдей ойладым" дегенде, ақын өзінің қарапайым жан екенін көрсетеді.
▶ Көркемдік: «Көктем, сені тіледім мен» — эмоциялық кульминация. Адам мен табиғаттың арасындағы рухани байланыс көрінеді.
▶ Идеясы: Қиындық мәңгі емес, көктем секілді үміт те туады.

Идеясы: Ақын мен халық біртұтас. Ол шенділерден емес, еңбек адамының жанашыры екенін сездіреді.
Жетінші шумақ:
** Құз қойнында ноян малшы
Табиғаттан тартты күйік.
Азынаған боран дауысы
Құлағыма жатты тиіп.**
▶ Мағынасы: Малшы — қаһарман, «ноян» деп дәріптеледі. Табиғатпен алыса жүріп, ол ауыртпалықты арқалап жүр. Ақын оның мұңын сезеді.
▶ Көркемдік: Метафора – «табиғаттан тартты күйік» – ауырлықты, азапты терең бейнелейді.
▶ Идеясы: Табиғатпен бетпе-бет келетін адам – шынайы күрескер.
Сегізінші шумақ:
** Тұрды шопан қарсы алдымда,
Қалжырап ол шаршады ма?
Апта бойы бір жатпаған,
Жар төсегін аңсады ма?**
▶ Мағынасы: Шопанның бейнесі — еңбек пен қажыр-қайраттың символы. Жұмыстан қажыған адам табиғатпен күресте әлсірейді.
▶ Көркемдік: Риторикалық сұрақтар арқылы ақын шопанның ішкі жағдайын, адамдық сырын аша түседі.
▶ Идеясы: Малшының қажырлы еңбегі — құрметке лайық. Оның да демалуға, тынығуға хақысы бар.
Тоғызыншы шумақ:
** Соның бәрі ақ боран боп,
Өтіп жатты жүрегімнен.
Көп күндерім өтті алаң боп,
Көктем, сені тіледім мен.**
▶ Мағынасы: Қиын күндер, борандар ақынның жүрегіне әсер етті. Ол көктемді -жарықты, жылылықты, үмітті аңсады.
Онынші шумақ:
** Ей, апрель жаңбыры,
Ашылсын дала бар гүлі!
Шаш мөлдір моншақтарды,
Тарт кемпірқосақтарды.**
▶ Мағынасы: Ақын көктем жаңбырына үн қатады. Ол табиғатты жаңғыртатын жаңбыр мен кемпірқосақты шақырады.
▶ Көркемдік: Метафора мен эпитеттер — «мөлдір моншақтар», «дала бар гүлі» арқылы көктемнің сұлулығын ашады.
▶ Идеясы: Жаңбыр — өмір, жаңару мен шаттық нышаны.
Он бірінші шумақ:
** Күн күркіреп шашқан от,
Ойнайды дала қанында нұр.
Апрель жаңбыры бүкіл аспан боп,
Менің алақанымда тұр.**
▶ Мағынасы: Ақынның табиғатпен рухани байланысы өте терең. Апрель жаңбыры енді бүкіл әлем емес, оның жүрегіне, алақанына сыйып кеткендей.
▶ Көркемдік: Күшті лирикалық түйін – соңғы жолда «Апрель жаңбыры - менің алақанымда» деп табиғат пен адам біртұтас екенін жеткізеді.
▶ Идеясы: Табиғаттағы жаңару – адамның жан дүниесінің де жаңғыруы.
Сырбай Мәуленов бұл өлеңінде табиғат құбылыстары мен адам жанын шебер ұштастырған. Қыс – сынақ, көктем – үміт. Ақын қарапайым шопан арқылы халықтың

өмірін жырлап, жаңбыр мен гүлдер арқылы тіршіліктің мәңгілік заңдылығын көрсетеді. Бұл – лирикалық терең сезім, философиялық мазмұн және көркемдік биіктікке толы туынды.

Сырбай Мәуленовтің жоғарыда талданған өлеңдеріне ортақ ерекшеліктерді қорытындыласақ:

Біріншіден, табиғатпен тұтасқан лирика:

Ақын табиғатты тек сыртқы сұлулық ретінде ғана емес, адам жанының бір бөлшегі, жан дүниесінің айнасы ретінде суреттейді. Туған жер, таң шапағы, тау, өзен, орман – бәрі де ақынның лирикалық әлеміне еніп, терең эмоционалдық мазмұн береді.

Екіншіден, қиял мен сезім үндестігі:

Сырбай поэзиясында қиял мен шынайылық қатар өріледі. Ол:

- табиғатты адамдандырып сөйлетеді;
- жан дүниесін табиғат құбылыстары арқылы жеткізеді;
- махаббат, достық, сағыныш, үміт сияқты адами сезімдерді табиғатпен астастырады.

Үшіншіден, образ байлығы мен көркемдік шешімдер:

Ақын поэзиясында:

- метафоралар: «Терек – жердің көкке созған саусағы»;
- теңеулер: «Кәрі секілдімін аспандағы жұлдыздай»;
- символдар: тау, күн, таң, жұлдыз – терең мағынаға ие.

Төртіншіден, өмірге, болашаққа құштарлық:

Сырбай Мәуленов өлеңдерінде:

- оптимизм;
- жан сұлулығына сенім;
- адам мен табиғаттың бірлігіне сүйіспеншілік сезіледі.

Сырбай Мәуленовтің шығармалары бүгінгі таңда жеткілікті деңгейде насихатталып отыр деп айту қиын. Бұған бірнеше себеп бар: Неліктен жеткіліксіз:

1. Ақпараттың аздығы:
   - Бұқаралық ақпарат құралдарында, теледидар мен радиода ақын туралы материалдар сирек шығады.
2. Жастар арасында танымал еместігі:
   - Жас буын ақынның есімін білуі мүмкін, бірақ шығармашылығын терең түсініп, оқу деңгейі төмен.
3. Мәдени іс-шаралардың аздығы:
   - С.Мәуленовке арналған поэзиялық кештер, байқаулар, фестивальдер өте сирек өткізіледі.
4. Қазіргі әдеби ортада аталмауы:
   - Қазіргі әдеби талқылаулар мен форумдарда ақынның орны тым аз көрініс табады.

Сырбай Мәуленовтің шығармаларын ұлықтау үшін келесі ұсыныстарды жүзеге асыруға болады:

1. Мектеп бағдарламасына енгізу:
   - Ақынның таңдаулы өлеңдерін әдебиет оқулықтарына енгізу.
   - Арнайы "Сырбай поэзиясы" атты қосымша оқу құралын дайындау.
2. Ақынға арналған әдеби кештер өткізу:
   - Мектеп, колледж, университеттерде жыл сайын «Сырбай оқулары» атты поэзиялық байқау ұйымдастыру.
   - Оның шығармаларынан театрландырылған көріністер қойып, сахналық формамен таныту.
3. Мемориалдық іс-шаралар:
   - Ақынның ескерткішін Алматы мен Астанада орнату, көшеге немесе мектептерге есімін беру.
4. Медиа арқылы насихаттау:
   - Ақын туралы деректі фильмдер, бейнебаяндар түсіру.

- Әлеуметтік желілерде шығармаларын таныстыратын парақшалар жүргізу.

5. Ғылыми-зерттеу жұмыстары:

- Ақын шығармашылығы бойынша ғылыми конференциялар, зерттеу жобаларын ұйымдастыру.
- Университеттерде курстық, дипломдық жұмыстарға арқау ету.

6. Кітаптарын қайта басып шығару:

- Заманауи дизайнмен толық жинақтарын шығару.
- Электрондық нұсқаларын онлайн кітапханаларға орналастыру.

Қорыта келгенде, Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, алайда оның шығармашылығы бүгінгі заман талабына сай кең көлемде насихатталып отырған жоқ. Жоғарыда ұсынылған жұмыстар жүйелі түрде атқарылса, ақынның есімі мен еңбегі лайықты деңгейде ұлықталары сөзсіз. Сырбай Мәуленовтің шығармаларын ұлықтау – ұлт руханиятын байыту. Оның поэзиясын кеңінен насихаттау арқылы жастарды отансүйгіштікке, туған жер мен тілді қадірлеуге тәрбиелеуге болады. Сырбай Мәуленов поэзиясында табиғат пен сүйіспеншілік – лириканың негізгі арналары. Бұл тақырыптар ақынның шығармашылығын ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтар тұрғысынан байыта түседі. Табиғат пен махаббаттың үйлесімі поэзияға ерекше сұлулық пен тереңдік береді. Осылайша, Мәуленовтің шығармалары қазақ әдебиетінің рухани қазынасына қосқан үлкен үлес болып табылады. Сырбай Мәуленов поэзиясы – табиғат пен лириканың үйлесімі, адам жаны мен туған жерге деген махаббаттың жырлануы. Ақынның өлеңдері оқырманын табиғатты сүюге, өмірді терең түсінуге жетелейді. **Ол – лирикалық поэзияның сыршыл да сырбаз шебері.** Жылдар жылжып өтсе де, біздің көңіліміздегі бар жұбаныш - Сыраған есімі - елдің есінде, ол - халқымен, ұрпақтарымен мәңгі жасайтын ақын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сырбай Мәуленов Үш томдық шығармалар жинағы Екінші том Өлеңдер(1958-1968) «Жазушы» Алматы,1983 462 бет
2. Әбдіқалықова, Г. Сырбай Мәуленов поэзиясындағы махаббат тақырыбы. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан, 2018.
3. Әдебиеттану сөздігі. Алматы: Арыс, 2015.
4. Интернет ресурстары: Қазақстанның Ұлттық кітапханасы www.nlrk.kz; Қазақ әдебиетінің электрондық кітапханасы www.kazlit.kz.

Жакиянова Гульнара Кайыргельдиновна,
Астана қаласы,
«№117 жалпы орта білім беретін мектеп»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, магистр

ШАПАН КИГЕН АҚЫН: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ

Сырбай Мәуленов – жастық шағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келген қазақ поэзиясының көрнекті тұлғасы. Майдандағы өмірдің қандай екенін ол өз көзімен білді: 1941 жылы жас Сырбай Мәуленов майданға аттанып, Волхов облысында соғысып, Ленинград блокадасын бұзу кезінде жараланады. Майдангер ретіндегі бұл жеке тәжірибе оның ақындық дарынының берік негізін қалады. Оның шығармашылығында әскери тақырыптың ерекше орын алғаны таңқаларлық емес. С.Мәуленовтің, әсіресе, 1941-1945 жылдардағы өлеңдері соғыстың шынайы әсерлерімен сусындаған – олар окоптардың күнделікті өмірін, жеңілістің азабы мен жеңістің салтанатын, патриоттық өрлеу мен жауынгерлердің ішкі сезімін шынайы жеткізеді.

Соғыстан кейінгі онжылдықтарда Сырбай Мәуленов Қазақстанның танымал халық ақындарының біріне айналды, бірақ оның өлеңдерінде майдан жаңғырығы мәңгілік сақталып қалды. Сол дәуірдің көптеген жауынгер-ақындары сияқты ол да соғыс туралы шындықты, оның жайдары жүзі мен ерлік рухын айтуды парыз санады. Оның музасы соғыстың «отынан шығып», мәңгілік ізін қалдырды — жылдар өтсе де С.Мәуленовтің өлеңдерінде майдандағы басынан кешкен оқиғалары көрініс табады. Ақынның жинаған шығармаларының бірінші томында (1938–1968), әсіресе, Отан соғысына арналған өлеңдері мен майдандағы естеліктерінде соғыс тақырыбын қалай ашқанына тоқталайық.

С.Мәуленовтің жауынгерлік поэзиясының бір ерекшелігі – майдандағы күнделікті өмірді реалистік тұрғыдан бейнелеуінде. Ақын шындықты әсемдемейді: оның жолдары оқырманды окоп өмірінің, сұрапыл жорықтар мен қауіпті түнгі шайқастардың қатал бейнелерімен бейнелейді.

Мысалы, С.Мәуленов «Майдан жолында» поэмасында солдат жорығының бір сарындылығын, ауырлығын былай береді:

«Жүре бердік түк үнсіз,
Үзіліссіз, тынымсыз.
Кірпік ілмей ұйқысыз,
Жүре бердік шылымсыз».

Бұл жолдар түнде белгісіз жаққа аттанған жаяу әскерлердің шаршағанын білдіреді. «Жүре бердік» («алға жылжыды») қысқаша қайталануы сарқылу шегіндегі механикалық қозғалыс күйін береді. Күнделікті соғыс тіршілігін суреттеудегі осындай шыншылдық ақынға тән қасиет. Ол соғысты оның даңқ нұрымен ғана емес, сонымен қатар жауынгерлер суыққа, аштыққа, шаршауға және үнемі қауіп-қатерге төтеп беруі керек күнделікті өмірде бейнелейді.

С.Мәуленов шайқастың панорамалық көрінісін жанды көрнекі және есту бейнелерін қолдана отырып шебер суреттейді. «Майдан түні» поэмасы оқырманды түнгі шайқас атмосферасына батырады. Ақын батыстағы қып-қызыл жарқырауды суреттейді — кешкі күннің батуы артында от тығылып тұрған тар қызыл шатырға ұқсайды. Жан-жақтан дабыл жарқылдары аспан қараңғылығында түннің қараңғылығын кесіп өтеді:

«Аспаны күн батыстың қызыл шатыр,
...Жан-жақтан ракета жарқылдайды,
...Үстіңнен доп зуылдап, ажал ұлып».

Зымырандар «Оппада абай болмаңдар!» деп ескерткендей. Әуе кемелері мен артиллерияның гүрілдеген дыбыстары төбеден жаңғырық.

Соңғы жол әсіресе күшті: төбесінде снаряд ысқырады, сол айғайлаған дыбыста өлімнің жақындағанын естисіз. Мәуленов соғыста өлім әрқашан жақын екенін жасырмайды; сарбаздар өмір мен өлімнің табалдырығында әр сәтті теңдестіреді, өздерін нысана сияқты сезінеді. Оның соғыс бейнелері өте кинематографиялық. Мәуленов өзінің «Волхов» поэмасында бізді Волхов өзенінің бұлқынған суына апарады — Ленинград майданындағы шайқастарды еске түсіргені анық. Өзен жанданып, шайқасқа қатысушы болады, оның жылдам ағыстары артиллерияның жарқырауымен салыстырылады:

«Долы ағын иіріліп, шұбатылып,
Толқыны тоқсан тоғыз бұратылып.
Шашылған зеңбіректің оттарындай,
Ақ көбік айдынында тұр атылып».

Мұнда табиғат шайқас драмасын көрсетеді — Волхов жай фон емес, тарихи оқиғалардың белсенді куәгері және қатысушысы. Ақын содан кейін өзенге сарбаздың қасиетін береді: «Солдат боп киініп, биікке көтерілді». Шайқаста өртенген өзен жағасындағы тоғайлар астарлы түрде суреттеледі: өзен оттың арасынан сарбаздай өтті. Соңында: «Өмірден айрылғанымыз – ащы, ал біздің өміріміздан айырылғанымыз – ащы тәтті» – деп, әскери шығынның шерлі бейнесі. Бұл сөздер қаза болған жолдастарымызға деген мұңды, сонымен бірге төгілген қанның туған жермен араласып, оның құнарлылығына айналғанын білдіреді. С.Мәуленов шығармашылығында Волхов өзені соғыс жадысынан өтіп, оның жағасындағы ерлік пен қасіреттің тірі куәлігін көрсетеді.

Оның өлеңдерін оқыған адам окоптардың дымқылдығын сезеді, төбедегі зымыранның жыпылықтағанын көреді, алыстағы бомбаның дүбірін естиді. Бұл шыншылдық С.Мәуленов поэзиясын шынында да құдіретті етеді: от басынан өткен майдангердің өлең жолдары нанымды жаңғырып, адамды терең тебірентеді.Осылайша, нақты детальдар арқылы — оқтың дүбірі, түнгі атыс немесе солдаттың бітпейтін сапары — ақын соғыс шындығын шынайы әрі нақты жеткізеді.

С.Мәуленов соғыстың сыртқы қырын сипаттай отырып, солдаттың ішкі жан дүниесін де ұмытпайды. Оның лирикалық қаһарманы - физикалық сынақтармен қатар эмоциялардың барлық спектрін бастан кешіретін қарапайым күрескер. Ақынның соғыс өлеңдерінде ерлік, қорқыныш, сағыныш, жолдастардың достығы бейнеленген.

Ең бастысы, оның кейіпкері өз міндетін өтеу үшін батыл шешімге толы. Оның майдандық өлеңдерінің бірінде «Соғыстың бір заңы бар: не өл, не өлтір» деген афористикалық жол бар. Бұл ащы шындық майдангердің майдандағы алғашқы күндерінен-ақ бойына сіңеді.Бірақ бұл сыртқы табандылықтың астарында шаршау да, күмән де жатыр. Жоғарыда аталған «Майдан жолында» поэмасының соңында күтпеген жерден ащы әзіл пайда болып, жаяу әскердің өзін-өзі танығанын ашады: Шіркін соғыс, соғыс па, Жаяу әскер болмаса!» Бұл сөздер қарапайым жауынгердің мақтаныш сезімін де, ренішін де білдіреді: даңқ көп жағдайда басқаларға түсетінімен, соғыстың бар ауыртпалығы оның иығында. Жаяу сарбаздың қадір-қасиетін осылайша шынайы мойындау солдаттың бауырмалдығына деген құрметті, олардың Жеңіске қосқан өлшеусіз үлесін түсінуді аңғартады.

Ақынның «Сенбісің?» деген өлеңі бар. онда жаралы жауынгер өз өмірін сақтап қалған адамға сөйлейді. Лирикалық қаһарман қансырап жатып, таусылып қала жаздағанын, оның үстіне біреу көмекке еңкейгенін еске алады:

«Кезімде әлім кетіп қансыраған,
Сенбісің қасыма кеп хал сұраған.
Сенбісің қолыңды сап маңдайыма,
Бір жұтым су тамызған таңдайыма».

Бұл сұрақтардың қарапайым, әңгімелесу рені оларды керемет әсерлі етеді. Жараланған солдат өзінің бақытына бірден сене алмайды — жақын жерде қамқор досы (немесе медбике) оның өліміне жол бермеді. Жанашырлықтың негізгі қимылдары жылы лебізбен суреттеледі: ыстық маңдайдағы қол, бір жұтым су, басының астына жастықтай

салынған үлкен пальто. Соғыс тозақында адамзаттың бұл қарапайым көріністері алтынмен тең. С.Мәуленовтің лирикалық қаһарманы ризашылық пен таңғаларлық; «Сенбісің?» деген сұрағын қайталап, құтқарушысына шынайы таңданысын, ризашылығын білдіреді. Осы призма арқылы ақын соғыстың адам бойындағы ең жақсы қасиеттерді — жанашырлықты, өзара көмекті, жолдастыққа адалдықты қалай ашатынын көрсетеді. С.Мәуленов шығармашылығында майдандағы ағайындық соғыстың ауыртпалығындай шынайы: олардың аман қалуына, жеңіске жетуіне көмектескен жолдастардың қолдауы болды.

Әрине, сарбазға қорқыныш пен мұң бөтен емес — ақын бұл сезімдерді ұстамдылықпен болса да, артық драмасыз жеткізеді. Кейбір жолдар үйден және отбасынан айырылудың ащысын білдіреді. Ұрыс арасындағы түнгі тыныштықтар бейбіт өмір туралы, мың шақырым жерде қалған нәрселер туралы ойларға толы. Соғыстың қорқынышты пейзажына қарап, кейіпкер бейбіт көріністерді елестетеді. Мысалы, ақын тағы бір өлеңінде Волховтың қатты толқынына қарап: «Ертең күн қызғалдақты гүл өсірер, Қалаулы ұлдарының қабырына» деп кенет жазады. Ұрыс ортасында қанмен суарылған жердегі гүлдер көктемнің арманы туады. Бұл бір мезгілде ащы мұң мен үміт: өлімнен қорыққанына қарамастан, сарбаз өмір жалғасады - жадының қызыл қызғалдақтары гүлдейді деп сенеді.

Олай болса, С.Мәуленов өлеңдерінде соғыс тек сыртқы эпикалық жазықтық арқылы ғана емес, солдаттардың жеке басының терең бастан кешулері арқылы да ашылады. Оның кейіпкерлері қорқады және үміттенеді, қалжыңдайды және қайғырады, олардың достығы отқа оранды. Оқырман әрбір суреттелген кадрдың артында жүрегі жылы жандар тұрғанын сезеді. С.Мәуленов өлеңдерін құрғақ репортаждан ерекшелендіретін де осы адамдық пен лиризм – әдебиеттегі шыншылдықты бағалайтын кез келген адамға түсінікті, тартымды етеді.

Сырбай Мәуленовтің жауынгерлік поэзиясында соғыс жоя алмаған махаббат туралы жырлар ерекше орын алады. Үйден жырақта, мылтық гүрс еткен сарбаздар өздерінің құрбыларын, әйелдерін, аналарын және туған жерін сүюді жалғастыруда. Махаббат - бұл күш пен үміттің қайнар көзі, кейде тіпті өлім аузында үмітсіздіктен құтқару.

Осы циклдегі ең жүректен шыққан өлеңдердің бірі – «Көш бол, Сәулем». Бұл жауынгердің майданға аттанар алдында сүйіктісімен қоштасу — әрі адалдық ант беруі, әрі ықтимал, мәңгілік ажырасуға дайындық. Алғашқы жолдар батырдың шайқастағы табандылығы мен сүйіктісіне деген нәзіктігін білдіреді:

«Қош бол, сәулем, қан майданға жөнелдім,
Жаным барда жаудың жолын бөгермін».

Бұл жерде асқақ патриоттық пафос айқын көрінеді — лирикалық қаһарман жауды өз үйіне тірідей жеткізбеймін деп уәде береді. Оның әйелге деген сүйіспеншілігі оның туған жерге деген сүйіспеншілігінен бөлінбейді: Отанын қорғау арқылы ол өзінің құдалығын да қорғайды. Ақын кейін қоштасу бейнесін пайдаланып, ықтимал жоғалту трагедиясын ашады. Батыр сүйіктісінен оны еске алуын сұрайды, бірақ ол қайтып оралмаса, мәңгілік күтпеуін сұрайды. Жолдар қатты резонанс жасайды:

«Жылағанмен өлген адам оралмас,
Бұлбұл қайтып бақшасына қона алмас.
Сүйіп-ақ қой басқа жанды, сонда да,
Нақ өзімдей бір сен үшін бола алмас».

Жауынгер өзінің өлу мүмкіндігін батыл қабылдайды - ол сүйіктісіне көз жасы енді көмектеспейтінін айтады, тіпті өзін толықтай алмастыра алмайтынын білсе де, басқа біреуден бақыт табуға мүмкіндік береді. Бұл сөздердегі осындай жанкештілік пен мұңдылық батырдың жан дүниесінің тектілігін аңғартады. Ол өзін ғана емес, бәрінен бұрын сүйіктісінің тағдырын ойлайды: егер ол құлап қалса, ол мәңгілік жоқтауда

қалмайды. Соңында үміт сәулесі жыпылықтайды - кейіпкер оны қайтып оралатынына сендіреді:

«Бұлт астынан шыққан күндей жарқырап,
Күте бер сен, мен оралып келермін».

«Дауылдан кейін шыққан күн» деген бейнелі салыстыру арқылы С.Мәуленов бақытты аяқталуға, сынақтан кейінгі кездесуге деген үмітті білдіреді.
С.Мәуленовтың окоп өлеңдерінде махаббат жауынгерлерге моральдық қайрат береді. Ақын «Жалғас жүрек» атты шағын өлеңінде сарбазды ажалдан қорғайтын сүйіктісімен рухани байланысын жазады. Екі жүрек — оның да, артында қалған қыз да — бір кісідей соғады, лирикалық қаһарман былай деп сенеді:

«Жүрегіміз жалғасып,
Тілегіміз ұштасқан.
Сол ұштасқан тілегің
Бермес мені өлімге».

Құтқаруға деген асыл тілекті жіберетін махаббатқа деген сенім сарбазға арналған бойтұмармен бірдей. С.Мәуленов махаббаттың тылсым дерлік құдіретін танытады: сүйікті адам туралы ой солдаттың кеудесіндегі қалқандай. Бұл романтикалық жазба ақынның соғыс кезіндегі лирикасын ерекше нұрға бөледі — соғыс зұлматы арқылы өлімнен де күшті сезімнің нұры жарқырайды.

С.Мәуленовтің өлеңдерінде романтикалық махаббаттан бөлек, туған жерге деген сүйіспеншілік те өрнектелген емес, терең сезіледі. Оның кейіпкерлері не үшін соғысып жатқанын түсінеді. Бір өлеңінде («Қоңырау қағылды» циклінен) жас жауынгер: «Мен жауынгермін... Мен жауынгермін, мен де жауынгермін» дейді. С.Мәуленовтың отаншылдығы шулы ұрандармен көрсетілмейді – ол әрбір батырдың жеке шешімдерінен көрінеді: тәуекелге бару, өз өмірін құрбан ету, өйткені басқаша туған жерді қорғау мүмкін емес. Бұл шынайылық оның поэзиясындағы патриоттық тақырыпты аяулы адам бейнесінің құрамдас бөлігіне айналдырады. С.Мәуленовтің жауынгері сүйіктісін де, елін де жақсы көреді және осы махаббатты сақтап қалу үшін кез келген қиындыққа төтеп беруге дайын.

Бұл шынайлық онын поэзиясындағы патриоттық тақырыпты аяулы адам бейнесінің құрамдас болдығына айналады. С.Мәуленовтің жауынгері сүйіктісін де, елін де жақсы көрді жане өс махаббатты сақтап қалу үшін кез келген қиындыққа тотеп беріге күн. Осы бір сырлы бастан кешкен оқиғалар С.Мәуленовтің соғыс өлеңдерін кез келген ұрпақ оқырманына жақын етеді: оларда мәңгілік құндылықтар – махаббат, адалдық, үміт соғыстың жойқын күшіне қарсы тұрады.

Майдандағы басынан кешкендері жас ақынды өмір мен өлімнің мәні, бейбітшіліктің бағасы, адамнан кейін не қалатыны туралы ойлануға мәжбүр етті. С.Мәуленовтің соғыс өлеңдерінде соғыстың адамның болмысқа деген көзқарасын қалай өзгертетінін көрсететін философиялық сарындар — қысқа, афористік, бірақ есте қалатын ойлар жиі кездеседі.

Ең бастысы, шайқас өмірдің құндылығын түсінуді шыңдайды. С.Мәуленовтің лирикалық қаһарманы өлімді жақыннан көріп, одан қорықпай, оның болмай қоймайтынын тануға үйренеді. Бұл кемелдік: «Өлді жоғалды» деген жолдарда жаңғырады. Қарапайым, ащы шындық: көз жасы өлгендерді қайтара алмайды. Мұны өлімді тым көп көрген және тірілер үшін алға жылжу керектігін түсінген сарбаз айтады. Сонымен қатар өлең жолдарында қаза болғандарды еске алудың киелі екені баса айтылады. Ақын айтқан Волхов маңындағы жаппай бейіттердегі қызыл қызғалдақтардың бейнесі естелік пен қайта туылу символы. Төгілген қаннан өмір гүлдері өседі; сондықтан сарбаздардың құрбандығы бекер болған жоқ. С.Мәуленовтің соғысқа арналған басқа да шығармаларында да осы идея өрбиді: қаза тапқандардың ерлігі бейбіт өмірге мәңгілік сіңген, сондықтан да олар біздің жадымызда және әрбір жаңа тыныш таңда өмір сүре береді.

Бір қызығы, өлім аузында тұрған С.Мәуленовтің кейіпкері марапат немесе атақ туралы емес, қарапайым нәрселерді ойлайды. Қиын шайқасты суреттейтін «Майдан түні» поэмасында сарбаз шабуылдан кейін жүрегінде ерекше бір көтерілісті сезеді: «Жүректе бір керемет жатты күшті. Туған ел тілегінен сауыт кидім».Мұнда борыш философиясы жаңғыруда: Отанды қолдау және оның отбасының сенімі кейіпкерге адамгершілігінен жоғары күш береді. Артында халық тұрып, жеңісті тілеп тұрғанда, оның ешкімге нұқсан келмейтінін түсінгендей. Бұл жолдар сарбаздың адамгершілік өзегін ашады: оны өлім алдындағы қорқыныш емес, оның халқы, болашақ алдындағы жауапкершілігі.

С.Мәуленов соғыстың өмір мен сұлулық сәттерін бағалай білуге үйрететінін де нәзік көрсетеді. Окопта жауынгер қарапайым нәрселерге қуанады: бір үзім нан, тыныштық кезіндегі жұлдызды аспан, тыныш үйді еске алу. Табиғатқа деген сүйіспеншілік кейбір жолдарда, тіпті оттың арасында да көрінеді. Мысалы, ол бір өлеңінде солдаттың шайқастан кейін аспанға қарап, Нева өзенінен соққан желді сезініп, бір сәт өзін ұмытып, дүниенің сұлулығына тамсанып, шын мәнінде осынау бүкіл соғыс сол үшін жүріп жатқанын суреттейді. Бұл шайқас хаосы кезіндегі ой толғау сәттері философиялық парадоксты көрсетеді: өлім ортасында өмірге деген ерекше құштарлық туады. С.Мәуленовтің лирикалық қаһарманы: «Тірі тұрғанда болмыстың толықтығын сезіну керек, әрбір бейбіт бейнені көріп, бағалай білу керек, өйткені ертең ұйқыдан оянбауың мүмкін» дегендей.

Ақырында, ақын оқырманды өмірдің өлімді жеңуі идеясына жеткізеді. Қанша сұмдық болса да, соғыс жеңіспен аяқталып, С.Мәуленовтің кейіпкері болашаққа сенеді. Оның өлеңдерінде өлім ешқашан түпкілікті аяқталмайды — ол жалғастығымен салыстырылады: үйге оралу, жақын адамдармен кездесу, жаңа көктем. С.Мәуленовтің бір өлеңінде лирикалық қаһарман тіпті өткен шайқастардың мекендеріне кездейсоқ барып қалса, досына оны еске алуын сұрайды: «Мені еске алсаңшы, мен сені есіме алайын...» Бұл үндеу тірі қалғаннан келе ме, әлде қайтыс болған адамнан шыққаны маңызды емес; Ең бастысы, ол мәңгілік жадтың үні сияқты естіледі. Мәуленов поэзиясы есте сақтаудың өлімнен де күшті екенін, жауынгерлер күрескен мұраттарда өмір жалғасып жатқанын айтады.

Жалпы, Сырбай Мәуленовтің жауынгерлік поэзиясы – ақиқат майдандық репортаж мен терең лириканың үзілмес үйлесімі. Ақын нақты образдар мен жеке басынан кешкен оқиғалар арқылы қалың оқырманға солдат өмірінің күрделілігін толық жеткізе білді. Мұнда біз траншеялардың балшықтарын, шабуылдардың қаһарын және жоғалтудың салмағын көреміз - бірақ сонымен бірге махаббат, достық және үміт жарқырап, адамгершілікке жатпайтын сынақтарға төтеп беруге көмектеседі. Осы жан-жақтылығы оның жауынгерлік өлеңдерін оқырманға жақын етеді: әркім өз батырының орнында тұрғандай сезінеді – туған жерін қорғауға аттанып, сүйіктісімен қоштасып, аштық пен үрейге шыдап, адамдық пен намысты жоғалтпаған жас жігіт.

Қалың жұртшылық үшін С.Мәуленовтің соғыс туралы публицистикалық мақалалары мен әдеби очерктері жеңімпаз ұрпақтың үніне айналды. Окоптарда, госпитальдарда жазылған өлеңдері тарихтың тірі үнін — өмірдің қадірін білген жауынгер үнін жеткізеді. Сырбай Мәуленов шығармасы арқылы біз соғысты қазақ ақыны, майдангер көзімен көреміз: окоптың шындығын көріп, азап пен мақтаныш сезімін сезініп, өмір мен өлімнің мәңгілік мәселелерін ой елегінен өткіземіз. Ең бастысы, өмірге, Отанға деген сүйіспеншілік зұлмат заманды жеңе алатынына сенімдіміз. Дәл осы идея — өмірдің ажалмен бетпе-бет келсе де салтанат құруы — Сырбай Мәуленов өзінің соғыс кезіндегі лирикасын ерлік пен адамгершіліктің шынайы әнұранына айналдырып, дәріптейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Каратаев, Мухамеджан. Вершины впереди [– 480 с.]: По пути партийности и народности. – Алма-Ата: Жазушы, 1972.

2. Мауленов, Сырбай. Пламя: Стихи [– 215 с.] / Сырбай Мауленов; [Худож. Б. Машрапов]. – Алма-Ата: Жазушы, 1985.
3. Очерк истории казахской советской литературы [– 687 с.] / Акад. наук СССР. Ин-т мировой литературы им. А.М. Горького. Акад. наук КазССР. Ин-т языка и литературы; [ред. З.С. Кедрина и Е.В. Лизунова]. – М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1960.
4. Казахский поэт Сырбай Мауленов [Электронный ресурс] / Студенческая библиотека онлайн. – Режим доступа: studbooks.net/589163/literatura/kazahskiy_poet_syrbay_maulenov, свободный.

Жақсыбаева Аружан Жасұланқызы,
«Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM school» мектеп-лицейі
бастауыш сынып мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Қазақ әдебиеті – ұлттың рухани қазынасы, тарихы мен мәдениетінің айнасы. Әдеби мұраларды жас ұрпаққа таныту – олардың ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырудың маңызды тетігі.

Сол құнды мұралардың ішінде Сырбай Мәуленовтің шығармалары ерекше орын алады. Ақын поэзиясында Отанға деген сүйіспеншілік, туған жердің көркем келбеті, адамгершілік пен достық, еңбекқорлық пен ізгілік идеялары кеңінен жырланған.

Мектептегі білім беру үдерісінде Сырбай Мәуленов шығармаларын пайдалану – жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Ақын жырлары оқушылардың тіл мәдениетін дамытып қана қоймай, олардың ойлау, талдау, пікір білдіру дағдыларын жетілдіреді. Сондай-ақ, шығармаларды сабақта және тәрбие сағаттарында пайдалану – оқушыны шығармашылыққа баулып, елжандылық пен адамгершілікке тәрбиелеудің тиімді құралы бола алады.

Ал осы құралдарды қалай тиімді, заман ағымына сай креативті, пайдалы етіп қолдануға болады? Ол үшін:

Цифрлық форматты кеңінен қолдану қажет. Мәселен, Сырбай Мәуленов өлеңдерін мультимедиялық презентациялар, бейнежобалар, анимациялық роликтер немесе подкаст түрінде оқушылардың өздері дайындауы олардың қызығушылығын арттырады.

Интерактивті әдістерді пайдалану тиімді: пікірталас клубтары, сахналық қойылымдар, поэзия кештері, поэтикалық эстафеталар арқылы шығармаларды жаңа қырынан ашуға болады.

Жобалық жұмыстарға енгізу: оқушылар ақын шығармалары негізінде зерттеу жүргізіп, көрме, әдеби қабырға газеті немесе электронды альбом жасай алады.

Кросс-пәндік байланыстарды пайдалану: мысалы, әдебиет сабағында оқылған өлеңді бейнелеу өнерінде суреттеп, музыка пәнінде әнге бейімдеу, тарихпен байланыстыру – шығарманың мазмұнын терең түсінуге жол ашады.

Қазіргі заманауи құралдарды қолдану: әлеуметтік желілерде арнайы әдеби челлендждер өткізу, ақын өлеңдерінен қысқа TikTok-видео түсіру немесе мобильді қосымшада «ақын сөздері» бөлігін жасау – жастарға шығарманы жақындата түседі.

Осылайша, Сырбай Мәуленов шығармаларын креативті әрі тиімді қолдану – жас буынның әдебиетке қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың бойына ұлттық рух пен ізгі қасиеттерді сіңірудің тың жолы болмақ.

«PIRLS халықаралық зерттеуіне дайындық» ретінде. Сырбай Мәуленов шығармаларын қазіргі кезде басты назарда тұрған PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study – бастауыш сыныптағы оқушылардың мәтінді түсініп оқу және оны қолдану қабілетін зерттейтін халықаралық бағдарлама) бойынша дайындық үдерісінде қолдану –

өте маңызды әрі нәтижелі әдіс болып табылады. Өйткені PIRLS зерттеуінің басты мақсаты – балалардың оқылым, түсіну, талдау, ой қорыту, пікір білдіру және мәтіндегі ақпаратты қолдана білу дағдыларын анықтау мен дамыту. Демек, ақын шығармалары оқушының тек әдеби білімін ғана емес, сонымен бірге халықаралық стандарттарға сәйкес ойлау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қолдану үлгісі. https://adebiportal.kz/kz/authors/view/826 сілтемесінде қазақтың әйгілі ақыны, қоғам қайраткері Сырбай Мәуленовтің өмірі мен шығармашылық жолы кеңінен баяндалған. Мәтінде оның туған жері мен өскен ортасы, Ұлы Отан соғысына қатысуы, елге оралған соңғы жылдары атқарған қызметі, баспасөз саласында атқарған еңбегі, сондай-ақ қазақ әдебиетіне қосқан зор үлесі жайлы құнды деректер берілген. Бұл материалдар бастауыш және орта буын оқушылары үшін тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар әдеби тұлғаның болмысын тануға, шығармашылық дүниетанымын пайымдауға мүмкіндік береді.

Осы мәтін негізінде PIRLS әдістемесіне сәйкес төрт деңгейлі сұрақтар дайындап, білім алушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға болады.

1-деңгей. Ақпаратты табу. Бұл деңгейде оқушылар мәтіннен нақты ақпаратты тауып, қайта айтып береді.

1.Сырбай Мәуленов қай жылы, қай жерде дүниеге келген?

2.Сырбай Мәуленов қай оқу орнын бітірген?

3.Ақынның алғашқы өлеңі қай жылы, қай газетте жарияланды?

2-деңгей. Түсіну және интерпретация. Бұл кезеңде оқушылар мәтін мазмұнын терең түсініп, негізгі ойды интерпретациялайды.

1.Ақын шығармаларының басты тақырыптары қандай?

2.Оның балаларға арналған қандай шығармаларын білесің?

3.Мәуленовтің поэзиясының қазақ әдебиетіне қосқан үлесін қалай сипаттауға болады?

3-деңгей. Қорытынды жасау. Оқушы мәтіннен тыс ойға көшіп, қорытынды жасайды.

1.Сырбай Мәуленовтің соғысқа қатысуы оның шығармашылығына қалай әсер еткен деп ойлайсың?

2.Егер Мәуленов аудармамен айналыспаса, қазақ оқырмандары қандай мүмкіндіктен айырылар еді?

3.Ақынның журналистік қызметі мен ақындық өнері арасында қандай байланыс бар деп ойлайсың?

4-деңгей. Бағалау және пікір білдіру. Бұл деңгейде оқушы өз ойын еркін жеткізіп, жеке пікірін қалыптастырады.

1.Саған Сырбай Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығының қай тұсы ерекше әсер етті? Неліктен?

2.Ақынның туған жерді жырлауы қазіргі жастарға қаншалықты маңызды?

3.Мәуленовтің балаларға арнап жазған өлеңдері мен әңгімелерін оқу саған не бере алады?

Міне, осындай сұрақтар жүйесі сабақ үдерісінде қолданылғанда, оқушылардың мәтінді түсіну қабілеті, ақпаратты талдау дағдылары, өз пікірін айту және дәлелдеу мәдениеті дамиды. Сонымен қатар, олар шығарманы тек жай оқып қана қоймай, оны өмірмен байланыстырып, өз көзқарасын білдіруге үйренеді. Бұл әдіс – PIRLS халықаралық зерттеуінің талаптарына толық сай келеді, әрі Сырбай Мәуленовтің бай мұрасын жас ұрпаққа терең әрі заманауи тұрғыдан таныстыруға мүмкіндік береді.

«Оқырман күнделігін жүргізу» ретінде. Оқырман күнделігі – оқушылардың шығарманы түсініп оқуына, мәтіндегі негізгі ойды табуына, өз ойын жүйелі жеткізуіне және шығармашылықпен жұмыс істеуіне көмектесетін тиімді құрал. Мұндай күнделік арқылы оқушы тек мәтін мазмұнын қайталап қоймай, оны өзінің өмірлік тәжірибесімен байланыстырады, жеке көзқарасын қалыптастырады, ал бұл – қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі.

Қолдану үлгісі. Әр оқушының өзінің жеке Оқырман күнделігі болады. Күнделіктің беттерінде арнайы бөлімдер мен сұрақтар беріледі. Оқушы әр тапсырманы орындай отырып, оқыған шығармасына талдау жасайды, ой түйеді. Мысалы, Сырбай Мәуленов шығармаларын оқу барысында әр оқушы күнделікке төмендегі үлгі бойынша жазба қалдырады:

1.Шығарманың тақырыбы.
2.Шығарманың авторы.
3.Шығарма не туралы?
4.Шығарманың негізгі идеясы қандай?
5.Бұл шығарма саған қандай ой салды?
6.Шығарма бойынша сурет сал.

Осы сұрақтар арқылы оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, бір жағынан автордың айтпақ ойын түсінеді, екінші жағынан өзінің жеке пікірін қалыптастырады. Мысалы, табиғат туралы өлеңін оқыған соң оқушы сурет сала отырып, туған жердің бейнесін өзінің қиялымен өрнектейді, ал соғыс тақырыбындағы өлеңінде батырлық пен ерліктің мәнін түсініп, оны қазіргі өмірмен салыстыра алады.

Сырбай Мәуленовтің шығармаларын оқу – жүрекке жылу, ойға тереңдік сыйлайтын ерекше әлем. Ақынның табиғатқа, туған жерге деген сүйіспеншілігі, елге, Отанға деген адалдығы оқушыға туған еліңді сүюдің, қадірлеудің, қорғаудың асыл өнегесін үйретеді. Оның поэзиясы арқылы жас буын ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіріп қана қоймай, адамгершілік пен ізгіліктің шынайы үлгісін көреді.

Оқырман күнделігін жүргізу барысында:

-оқушы өз ойын өрнектеп айтуға, жазбаша және ауызша пікір білдіруге дағдыланады;

-шығармашылыққа, сурет салу, шағын эссе жазу, ой толғау құрастыруға бейімделеді;

-мәтінді түсіну, оны өмірмен байланыстыра алу дағдыларын дамытады.

Нәтижесінде жас ұрпақ Сырбай Мәуленов жырларынан мейірім мен елжандылықтың шынайы үлгісін табады, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырады, сонымен қатар оқылым, ой қорыту, пікір айту мәдениетін жетілдіреді.



«8 минуттық кітап оқу» жобасында. Қазіргі кезде еліміздегі мектептерде «8 минуттық кітап оқу» жобасы қарқынды түрде дамып, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырудың тиімді әдісіне айналып отыр. Бұл жоба балалардың күнделікті оқу дағдысын қалыптастырып қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтуге, сөздік қорын байытуға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға зор мүмкіндік береді. Астана қаласындағы «Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL» мектеп-лицейінде де аталмыш жоба кең көлемде жүзеге асырылып, тамырын тереңге жайып келеді. Себебі, біздің мектебіміз тәжірибеге «20 минуттық сынып сағаттарын» арнайы енгізді.

Бұл сынып сағаттарының басты ерекшелігі – оның мазмұнының екі бөлікке бөлінуінде. Алғашқы 8 минутында оқушылар міндетті түрде көркем әдебиеттен үзінді

оқиды. Бұл кезеңде оқушылар қазақ және әлем әдебиетінің классикалық туындыларымен, сондай-ақ заманауи шығармалармен танысуға мүмкіндік алады. Ал қалған уақытын, яғни шамамен 12 минутын біз оқушылармен танымдық әңгіме жүргізуге арнаймыз. Танымдық әңгімелер барысында оқушылар оқыған мәтіндерін талқылап, өз ойларын ортаға салып, пікір алмасады. Осы тәсіл балалардың тек оқырман ретінде емес, ойшыл, ізденімпаз, талдау жасай білетін тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Осы 20 минуттық сынып сағаттарында оқушыларды қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, халық сүйіктісі, лирик ақын Сырбай Мәуленов шығармашылығына терең бойлату ерекше маңызды. Мәуленов поэзиясы – туған жерге деген сүйіспеншілікке, табиғатты аялауға, адамгершілік құндылықтарды дәріптеуге негізделген мол қазына. Оқушылар оның өлеңдерін оқу арқылы тек көркем сөздің әсемдігін сезініп қана қоймайды, сонымен қатар өмірлік ұстанымдарға, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиеленеді.

Сынып сағаттарында ақын шығармаларын оқып қана қоймай, оларды мазмұндық тұрғыдан талдау, салыстыру, ой қорыту тәсілдерін қолдану арқылы балалардың дүниетанымын кеңейтуге болады. Әрбір өлеңді оқығаннан кейін оқушыларға қарапайым, бірақ ойландыратын сұрақтар қойылып, олардың жеке пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Мысалы, «Бұл өлең саған қандай әсер қалдырды?», «Ақын табиғатты қалай суреттейді?», «Сен осы өлеңдегі кейіпкердің орнына өзіңді қойсаң, қандай сезімде болар едің?» деген сұрақтар арқылы талдау жүргізу тиімді.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов шығармаларын талқылау барысында оқушыларды шағын шығармашылық жұмыстарға тартуға болады. Олар оқыған өлең жолдарын суретке айналдырып, көркем ойтолғау жазып немесе шағын сахналық көрініс дайындап көрсетуі мүмкін. Осындай әдістер оқушылардың ақын шығармашылығын тереңірек түсінуіне, әдебиетке деген қызығушылығын оятуына көмектеседі.

Осылайша, «20 минуттық сынып сағаттары» тек уақытты тиімді пайдаланудың ғана емес, сонымен бірге оқушыларды ұлттық құндылықтармен сусындатудың, әдебиетке, өнерге жақындатудың таптырмас мүмкіндігі болып табылады.

Қолдану үлгісі. 20 минуттық сынып сағаты балалардың есінде сақталуы үшін креативті болуы тиіс.

1.ЖИ арқылы жасалған Сырбай Мәуленовтің жастарға үндеуі. (видеоролик)

2.Оқушыларға қойылатын сұрақтар, тақырыптың, сынып сағатының мақсатына шолу.

3. «Өлеңді тап» ойыны. Мұғалім ақынның өлеңдерін оқиды, соңғы жолын тастап кетеді. Оқушылар топпен ақын ойының жалғасын құрастырады, шынайы нұсқасымен салыстырады.

4.Құрастырылған өлеңді қимыл-ишара, мимика, дауыс ырғағымен көрсетіп оқу.

5.Өлең бойынша ақынның өлеңінің бір шумағын креативті түрде ұсыну: ән, рэп, «қысқаметражды кинофильм», «тикток – поэзия» т.б.

Осындай сынып сағатында оқушылар тек тыңдап қоймайды, көреді, бейнелейді, ойнайды, сахналайды, заманауи қырынан жеткізеді. Бұл оларды Сырбай Мәуленов шығармашылығына шынайы қызықтырады.

«Әдебиеттік оқу» сабағында. Сырбай Мәуленов өлеңдері – баланы туған жерді аялауға, Отанды сүюге, табиғаттың әсемдігін сезінуге жетелейтін мол рухани қазына. Ақынның әрбір туындысы оқушының жүрегіне жол тауып, сұлулықты сездіріп қана қоймай, ойлау қабілеті мен қиялдың қанатын кеңейтеді. Сондықтан Мәуленов шығармаларын бастауыш сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәнінде тиімді қолдану – оқушылардың әдеби талғамын қалыптастыруда, ұлттық құндылықтарға баулуда үлкен рөл атқарады.

Ақын шығармаларын сабақта пайдаланудың өзіндік ерекшелігі бар. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, кез келген тақырыптағы өлеңдерін таңдап алуға болады. Әсіресе, туған жерге, табиғатқа, Отанға арналған лирикалық жырлары бастауыш сынып оқушыларының жүрегіне жақын, олардың санасына жеңіл әрі әсерлі түрде сіңеді.

*Қолдану үлгісі.*Ақынның оқушылардың жас ерекшелігіне сай кез-келген өлеңін алуға болады.
1. Мәнерлеп оқу және талдау. Оқушыларға ақынның туған жер, табиғат, Отан туралы өлеңдерін мәнерлеп оқыту арқылы көркем сөздің әуезділігін сезіндіруге болады. Мазмұнын талдау барысында өлеңдегі негізгі ойды анықтау, автордың сезімін түсіну, оқушының өз ойын айтуға дағдыландыру жүзеге асады.
2. Сөздік қорды дамыту. Өлең жолдарындағы бейнелі сөздерді табу, олардың мағынасын түсіндіру, көркемдік ерекшелігін ашу арқылы оқушылардың сөздік қоры молаяды. Әсіресе, теңеу, эпитет, метафора сынды бейнелі сөздерді талдап, мысал келтіру – тіл дамыту жұмысының тиімді жолы.
3. Шығармашылық тапсырмалар. Ақын жырларын шығармашылық жұмыстарда қолдану – оқушыларды әдебиетке қызықтырудың ең ұтымды тәсілі. Мысалы: Өлең мазмұнына сәйкес иллюстрация салу; Оқыған өлеңін өз ойымен жалғастырып, шағын өлең немесе әңгіме құрастыру; «Бұл өлең маған не үйретті?» тақырыбында шағын эссе жазу; Өлеңнің шумағын сахналап көрсету.

Сырбай Мәуленов поэзиясын бастауыштағы «Әдебиеттік оқу» пәніне енгізу – оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды туған жерін, табиғатын сүюге тәрбиелейді. Сонымен бірге, оқушыны ойлануға, талдауға, өз пікірін еркін жеткізуге баулиды.

«Интеграциялық сабақтар». Сырбай Мәуленов шығармаларын интеграциялық сабақтарда қолдану – оқушыларға ақынды жан-жақты танып, оның поэзиясын әртүрлі қырынан сезінуге мүмкіндік береді. Ақын өлеңдерін тек әдебиет сабағында ғана емес, басқа пәндермен байланыстыра отырып өткізу – оқушылардың танымдық көкжиегін кеңейтеді, шығармашылық ойлауын дамытады.

Қолдану үлгісі. Оқушылар «Әдебиеттік оқу» сабағын тек өлең оқу емес, түрлі ғылыммен ұштастыра отырып, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытуы үшін «Интеграциялық сабақтардың» мынадай үлгілерін қолдануға болады:
1.Әдебиеттік оқу+Тарих. Ақынның Ұлы Отан соғысына қатысқанын негізге алып, өлеңдері арқылы соғыс жылдарындағы ерлік пен халықтың қайсарлығын түсіндіру.
2.Әдебиеттік оқу+Бейнелеу. Ақын өлеңдеріндегі табиғат лирикасына сурет салдыру. Өлең жолдарын иллюстрациялап, кітапша немесе постер жасау.
3.Әдебиеттік оқу+музыка.Өлеңді фондық музыкамен мәнерлеп оқу.
4.Ақын жырлаған қазақ даласының табиғи ерекшеліктерін картадан табу.
5.Әдебиет+Информатика. Сырбай Мәуленов туралы презентация, бейнеролик жасау.

«Ғылыми жоба жарыстары». Мектепшілік деңгейде Сырбай Мәуленовке арналған зерттеу жобасын өткізу оқушылар үшін де, ұстаздар үшін де үлкен рухани пайда береді.

Қолдану үлгісі. Мақсаты: Сырбай Мәуленов шығармашылығымен терең таныстыру, зерттеу қабілеттерін дамыту.

Тақырыптары:
1.«Сырбай Міуленов поэзиясындағы туған жер тақырыбы»
2.«Ақын шығармаларындағы соғыс және бейбіт өмір бейнесі»
3.«Ақын шығармашылығының бүгінгі жастарға әсері»

Мұндай мектепшілік жоба оқушыларға тек ақынның шығармашылығын танытып қана қоймайды, сонымен бірге зерттеушілік дағды, шығармашылық ойлау, топпен жұмыс істеу және көпшілік алдында сөйлеу қабілетін дамытады.

«Көрме жарысы». Сырбай Мәуленовке арналған мектепішілік-көрме жарыс оқушыларды тек ақын шығармашылығымен таныстырып қана қоймай, оларды өнерге, ізденіске, креативті ойлауға баулиды.

Қолдану үлгісі: Мақсаты: Ақынның өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттау, оқушылардың шығармашылық, зерттеу қабілеттерін дамыту.
1.Кітаптар бұрышы: ақынның шығармалар жинақтары, мақалалар.

2.Постер/стенд: өмірбаяны, негізгі еңбектері, фотосуреттер.
3.Өлеңдер бұрышы: мәнерлеп оқу, қолжазба күйінде жазылған үзінділер.
4.Көркем өнер бөлімі: оқушылар салған суреттер, бейнелер, коллаждар.
5.Шығармашылық ұсыныстар: бейнеролик, подкаст, шағын сахналық көрініс.

Бұл жарыс арқылы оқушылар ақын мұрасын тереңірек танып, өздері де өнер арқылы ой толғай алады. Әр сынып Мәуленов шығармашылығын өзінше қырынан ашады.

«Подкаст кеші». Сырбай Мәуленов шығармашылығына арналған мектепшілік подкаст кеші оқушыларды заманауи тәсілмен әдебиетке қызықтырады.

Қолдану үлгісі: Сырбай Мәуленов шығармашылығына байланысты аудио немесе бейне форматта подкасттар жасалып, тыңдалады. Подкасттар тікелей талқылау жүргізіледі. Подкаст арасында ақын өлеңдері мәнерлеп оқылып, күй немесе ән қойылады.

Сырбай Мәуленов шығармаларын бастауыш сынып оқушыларымен жүйелі түрде оқыту – олардың оқу сауаттылығын дамытудың тиімді құралы. Ақынның туған жерді, табиғатты, Отанды жырлаған өлеңдері баланың ой-санасына жеңіл қабылданады әрі қызығушылық тудырады. Өлеңді мәнерлеп оқу, мазмұнын талдау, бейнелі сөздерді табу сияқты тапсырмалар оқушының түсініп оқу, талдау, пікір айту дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, шығармашылық жұмыстар (эссе, сурет салу, сахналық көрініс қою) арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге, мәтінді түрлі қырынан сезінуге машықтанады. Осылайша, Сырбай Мәуленов поэзиясын оқу үрдісінде қолдану – бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын арттырып қана қоймай, оларды әдебиетті сүюге, туған елге құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Жақсылық Сәнімгүл Сәкенқызы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Жангелдин ауданының білім бөлімі
Аманкелді атындағы
жалпы білім беретін мектебі»
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ

Аннотация: бұл мақалада қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Сырбай Мәуленов шығармаларындағы табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілік тақырыбы қарастырылады. Сөз зергерінің табиғат құбылыстарын суреттеудегі тілдік-стильдік ерекшеліктері, көркемдік бейнелер, табиғаттың адам жаны мен көңіл күйімен астасып берілуі назарға алынады.

Кілт сөздер: Сырбай Мәуленов, ақын, табиғат, туған жер, сүйіспеншілік, поэзия,көркемдік бейне.

Қазақ әдебиетінде табиғат пен туған жер тақырыбы ежелден бері ең басты арналардың бірі болып саналады. Ұлттың рухани болмысын, дүниетанымын,елдік санасын бейнелейтін бұл тақырып жыраулар поэзиясынан бастау алып, ХХ ғасыр әдебиетінде жаңа көркемдік деңгейге көтерілді. Туған жерді жырлау – тек жердің сұлулығын бейнелеу ғана емес, ол – елдікті, ерлікті, халықтың тарихи жадын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани сабақтастықты бейнелеу тәсілі.

Жыраулар поэзиясында туған жерге сүйіспеншілік идеясы ел қорғау, жерді сақтап қалу ұғымдарымен астасса,осы дәстүрді ХХ ғасырдың екінші жартысында жалғастырып, жаңа сипатпен толықтырған ақындардың бірі – Сырбай Мәуленов.

Сырбай Мәуленов – Ұлы Отан соғысына қатысқан, елдік мұрат пен ұлттық рухты терең сезінген, туған жердің әр тасы мен әр талын жүрек лүпілімен суреттеген ақын. Оның шығармашылығы табиғат пен туған жерді эстетикалық сұлулық, рухани

тірек, ұлттық болмыстың белгісі ретінде жырлаумен ерекшеленеді. Ақынның табиғат лирикасында туған өлкенің көріністері кейде нәзік сыр, кейде асқақ пафос, кейде тарихи жадымен астасқан бейнелер арқылы өрнектеледі.

Қазақ поэзиясындағы табиғат пен туған жер дәстүрі

Қазақтың ауыз әдебиеті мен жыраулар поэзиясында туған жер – қасиетті ұғым. Доспамбет жырау: «Айнала бұлақ басы Тең, Азаулының Стамбұлдан несі кем?!» деп туған өлкені қастерлей жырлап,ел мен жерді қорғаудың азаматтық парыз екенін көрсеткен. XIX ғасырда Абай табиғатты терең философиялық тұрғыдан сипаттап, «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» секілді өлеңдерімен қазақ поэзиясында табиғат тақырыбын жаңа белеске көтерді. Осы дәстүрдің заңды жалғасы ретінде Сырбай Мәуленовтің поэзиясы - туған жер мен табиғатқа деген сүйіспеншілік арқау болған туындылар. Оның лирикасында туған өлке – тек географиялық мекен емес, табиғат пен туған жерге деген махаббаттың көркем бейнесі.

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы туған жер бейнелері.

Сырбай Мәуленовтің «Тобыл», «Тосын», «Туған жер», «Туған ел», «Кең өлке», «Тосын жазы», «Туған жерім,ыстықсың» сияқты өлеңдері – ақынның туған өлкені жырлаған шоқтығы биік туындылары.

«Тобыл» өлеңінде ақын өзенді жанды бейнеге айналдырады: Аймалатып төсімді
Айдынына Тобылдың,
Аунап түсіп ағынға Аққу
құстай шомылдым.
Өзенін, елін қорғаған
Қарасындай көзінің.
Арқадан қағып ардақтап
Сүйді Тобыл өз ұлын[1.44].

Бұл жолдарда табиғат пен адам егізделіп, туған жердің өзені перзентін құшағына алғандай әсер береді. Ақын эпитет пен теңеуді қатар қолдана отырып, Тобылды анаға, ал өзін аққуға балайды.

«Тосын» өлеңінде туған жердің құмды шоқылары мен тауларын ақын нәзік те асқақ бейнелер арқылы суреттейді:

Құмдарының шоқысы, Көк
торғынды жамылған.
Келіншектей сән түзеп,
Сәукеле бұлттан салынған.
Құмдарының шоқысы,
Көк торғынды жамылған[1.45 б.].

Мұнда туған өлке жас келіншекке теңеліп, әсемдік пен нәзіктіктің символына айналған. «Жалын күні жадымнан» деген тіркес туған жерді сағынған сарбаздың майдандағы халін білдіріп, бір мезгілде соғыстың қасіретін де меңзейді.

Сар дала сан ғасырдан келе жатқан,
Аялап алақанға алдың мені.
Бал күнім, сенде өтті балалығым,
Әлемнің рақатты көктеміндей.
Құшақтап қызыл барқыт дала гүлін,
Өмірде жүзіп барам көкте күндей.
Туған жер сіңіп кеткен тоғайыңа,
Балалық күндерімді алыс қалған Естіп
мен шаттанамын әрдайым да,
Жамыраған көшедегі дауыстардан[1.46 б.], - деп жырға қосқан өлең шумақтары және «Туған жер» өлеңінде ақын балалық шағын еске алып, туған өлкенің әр қырын қастерлейді:

Биік шыңның бауырында
Бұйра толқын бал бұлақ.
Бүгін мені қарсы алғандай
Ағып жатыр сылдырап[1.51 б.].

Туған жердің табиғаты мұнда кейіптеу арқылы жанды бейнеге айналған. Өзен ағып қана қоймай, ақынды қарсы алғандай әсер береді.

«Тосын жазы» өлеңінде туған жердің жазғы табиғаты кең тыныспен бейнеленген. Әсіресе теңеулердің молдығы байқалады:

Ауру жан сырқатынан жазылғандай, Жан
сүйген жар секілді жазық маңдай, Бұралған
қыз беліндей қызыл жыңғыл.
Шыңдары алтын күнмен бірге өскендей,
Таулардың бұлағымен тілдескендей, Көзіннің
әкеткендей тартып нұрын, Келгендей төрт
түлікке бола сақтап, Тұрғандай күйге малып
айналаны[1.57 б.].
Бұл бейнелер арқылы табиғат адамның рухани
күйімен үндесіп тұр. Ақын туған жерін жанашыр
жарға, нәзік қызға теңеп, оған деген махаббатын
терең сезіммен жеткізеді.

Тілдік-стильдік ерекшеліктер.

Сырбай Мәуленов поэзиясының ең басты ерекшелігі – тілдік өрнектің байлығы.

Эпитеттер: өз ұлы, құмдарының шоқысы,жалын күні, көк аспанға өрлеген шыңдар, көлеңкесі көлбеген нулар, сары дала, қоңыраулы өзен, бал күнім,дала гүлін, балалық күндерім, бұйра құмның бөктері жаз самалы, биік шың, бал бұлақ, ғажайып нұр, көк орманы, бала бүркіт, күміс суын, көкалалы жылқы, отыз мың мал отар, сұлу Тосын, алтын таң шапағымен – туған жердің айрықша бейнесін жасайды.

Метафоралар: көк торғынды жамылған, келіншектей сән түзеп, сәукеле бұлттан салынған,таулар көкке төркіндеп, оранған жібек сағымнан, асқар тау
— ақсақалды әкем менің,алтын күн — ардақты ана мейіріндей – табиғат құбылыстары адам бейнесімен салыстырылады.

Теңеулер:

«Келіншектей сән түзеп», «бұралған қыз беліндей», «жазық маңдай жан сүйген жар секілді» – туған жерді әйел бейнесімен астастыру арқылы нәзіктік пен сұлулықты айқындайды. Адал жанның пейіліндей, ардақты ана мейіріндей, әлемнің рақатты көктеміндей, көкте күндей, ауру жан сырқатынан жазылғандай, жан сүйген жар секілді жазық маңдай, бұралған қыз беліндей қызыл жыңғыл, шыңдары алтын күнмен бірге өскендей, таулардың бұлағымен тілдескендей, көзіннің әкеткендей тартып нұрын, келгендей төрт түлікке бола сақтап, тұрғандай күйге малып айналаны, құм жатыр жолбарыстай жоталанып.

Кейіптеу: *арқадан қағып ардақтап, сүйді Тобыл өз ұлын.* аш қойыңды,Тосыным,келді ұлың сағынған, бүгін мені қарсы алғандай, ағып жатыр сылдырап. О, достарым, туған жердің, жүзі ыстық керемет, көтерген көк орманы қарқарасын, бұрқырап бұлақ ойнап құм төсінде, ұқсайды табиғаттың еркесіне, шыңдары алтын күнмен бірге өскендей,ұлттан бойын тартып бір сескенбей, қарайды келешекке сұлу Тосын, алтын таң шапағымен оқаланып – табиғат адамша әрекет етеді.

Аллитерация мен ассонанс: көк торғынды жамылған, келіншектей сән түзеп, қаршыға ұшып шыңында, қарсақ жортқан қалыңнан, буларыңды сағындым, бұлағыңмен суарып, биік шыңның бауырында,бұйра толқын бал бұлақ, бүгін мені қарсы алғандай. Ақкөңіл адал жанның пейіліндей,асқар тау — ақсақалды әкем менің,алтын күн — ардақты ана мейіріндей – дыбыстық үндестік өлеңнің әуезділігін арттырады.

Осы тілдік-стильдік құралдар ақын поэзиясының көркемдік қуатын арттырып, туған жерді жырлаудың әсерлі үлгісін көрсетеді.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясында туған жерді жырлау жеке сезім шеңберінде ғана қалмай, елдік сана мен тарихи жадының көрінісіне айналады. Ақын туған жерді халық тағдырымен сабақтастыра отырып, ұлттық болмыстың мәңгілік өзегін танытады.

Мәселен, «Тосын» өлеңінде:

Құмдарының шоқысы,
Көк торғынды жамылған.
Келіншектей сән түзеп,
Сәукеле бұлттан салынған.
Қаршыға ұшып шыңында,
Қарсақ жортқан қалыңнан
Таулар көкке төркіндеп,
Оранған жібек сағымнан.
Аш қойныңды,
Тосыным,
Келді ұлың сағынған.
Шыққан жоқсың,
Тосыным, Жалын күні
жадымнан.
Құмдарының шоқысы,
Көк торғынды жамылған.
Көк аспанға өрлеген,
Шыңдарыңды сағындым.
Көлеңкесі көлбеген,
Нуларыңды сағындым.
Көктемде ұшқан деміндей,
Буларыңды сағындым.
Бұлағыңмен суарып,
Қандыр шөлін жанымның[1.45 б.],- деген жолдар бар.

Мұндағы «жалын күні» майдандағы қанды күндердің символы. Бұл тіркес арқылы ақын туған жерін сағына еске алғанда, соғыстың қасіретті кезеңдері де ойына оралатынын көрсетеді. Яғни туған өлке бейнесі – халықтың тарихи тағдыры мен жадымен ұштасқан көркем образ.

Ал «Туған ел» өлеңінде:

Туған ел, өскен жер,
Ыстықсың жаныма.
Күн нұры, жаз лебі
Тараған қаныма.
Тамаша тарихтың
Бәріне куәсің.
Ерліктің, даңқтың
Сақтадың мұрасын.
Ғажайып ертегі, Ертеңгі
күндерің.
Арқаң ғой өзіңнің[1.60 б.],

Алшаңдап жүргенім, - деген жолдар туған елді халықтың батырлық шежіресімен, елдік тарихымен сабақтастырады. Ақын туған жерді тек географиялық мекен ретінде емес, ерлік пен даңқтың мәңгілік сақтаушысы ретінде сипаттайды. Мұнда елдік сана туған жерді қорғау, оны құрметтеу арқылы ұлт тарихын құрметтеумен астасып жатыр.

Экологиялық сана мен ұлттық таным.

С.Мәуленов поэзиясында табиғатты бейнелеу тек эстетикалық сипатта ғана емес, экологиялық сана тұрғысынан да айқын көрінеді. Ақын туған жер табиғатын қастерлеу арқылы оны қорғаудың қажеттілігін жеткізеді.

«Кең өлке» өлеңінде туған жердің мәңгілік өмірмен теңестірілуі табиғатқа экологиялық көзқарастың көрінісі:

О, сүйікті көз жеткісіз кең өлкем,
Сенсің күнім, сенсің айым, сен еркем.
Артымда сен аман қалсаң болғаны, Бұл
өмірден кеткенімде мен ертең.
Шайы орамал шайқалады нуларың, Бал
шараптай бұйра толқын суларың. Боз
топыраққа боз торғайдай шыр етіп,
Түскенімде тербеді от жырларың.
Бойды жазып талай жылдар құрысқан, Жаңа
шыққан қас батырдай ұрыстан. Тауларыңды
қалқан етіп кеудеңе,
Тұрсың қарап таң нұрындай шығыстан. Сандық
таулы, самал желді құба бел Мәңгілікке
мызғымастан тұра бер.
Ерлікпенен елдігіңді көтерер
Ұлдарың бар, қыздарың бар мұрагер[1.65 б.].

Мұндағы ой – адамның өмірі өткінші болғанымен, туған жердің, табиғаттың ғұмыры мәңгілік. Сондықтан оны сақтау – әр буынның парызы.

«Тосын жазы» өлеңінде табиғаттың төрт түлікке жайлы қоныс, елдің тіршілігіне құтты мекен ретіндегі бейнесі көрінеді:

Соғыстан кейін Сырбай Мәуленов журналистика саласында қызмет етті, редакторлық жұмыстар атқарды. Бұл кезеңде оның қаламгерлік тәжірибесі шыңдалып, әдебиетке тың серпінмен келді. 1948 жылы алғашқы жыр жинағы жарық көріп, қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылық жолын үш кезеңге бөлуге болады:

1. Алғашқы кезең (1940–1950 жж.) – соғыс тақырыбы, жауынгерлер ерлігі, елге деген сағыныш басты арқау болды.
2. Екінші кезең (1960–1970 жж.) – туған жер, табиғат, ел тарихы мен азаматтық тақырыптар кеңінен жырланды.
3. Үшінші кезең (1980–1990 жж.) – ақындық жинақтау кезеңі. Бұл тұста ақын философиялық ойларға ден қойып, адамгершілік, ұлттық сана, ел тағдырына терең мән берді[1].

Сырбай Мәуленов поэзиясы – шынайылыққа, қарапайымдылыққа, ұлттық рухқа толы. Оның өлеңдерінде халықтың қуанышы да, қайғысы да, тарихы да көрініс тапқан.

Ақындық мұрат – әрбір қаламгердің шығармашылық бағытын, идеялық ұстанымын айқындайтын рухани өлшем. Ол – ақын жүрегіндегі арман мен халыққа жеткізгісі келген асыл ойлардың көркемдік бейнесі. Қазақ әдебиетінде ақындық мұрат ұғымы ел мүддесімен, халық тағдырымен, ұлттық болмысты дәріптеумен тығыз байланысты қалыптасты.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – халыққа адал қызмет ету, ел тарихын, табиғатын, ар-намысын асқақ жырлау. Ақын өз шығармашылығын жеке бастың мүддесіне емес, ұлттық мұратқа арнады. Оның поэзиясы – халқымен бірге өмір сүрген, елдік мұратпен біте қайнаған үлкен әдеби құбылыс.

Сырбайдың жырларынан көрінетін басты құндылықтар мыналар:

1. **Ұлттық рухты көтеру.** Ақын өлеңдерінде туған жердің сұлулығы, халқымыздың арман-тілегі мен асыл дәстүрі айрықша орын алады. Ол қазақтың кең даласын, еркіндігін жырлай отырып, ұлттық сана-сезімді оятты.
2. **Азаматтық үн.** Мәуленов поэзиясының өзегі – ел тағдыры. Ақын заман шындығына бейжай қарамай, қоғамдағы өзгерістерді, халықтың мұңын поэзияға арқау етті. Ол үшін поэзия – күрес құралы, ар-намыстың айнасы болды.
3. **Адамгершілік пен имандылық.** Ақындық мұраттың бір қыры – ізгілікке, әділетке шақыру. Мәуленов жырларында адамгершілік мәселелері – достық, адалдық, махаббат, мейірім сынды құндылықтар кеңінен жырланды.
4. **Болашаққа сенім.** Ақын ұрпақтың жарқын болашағына сенді, өлеңдерінде жастарды отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа тәрбиелеуді көздеді[1].

Сырбай Мәуленов үшін ақындық мұрат – халыққа қызмет етудің биік жолы болды. Ол өзінің бір өлеңінде:

«Ақын деген – халқының жүрегінің үні,
Ақын деген – елінің намысының тілі» [2] –

деп жырлағандай, өз миссиясын халық тағдырымен сабақтастырып қарады.

Ақындық мұраттың тағы бір қыры – тарихи жадты сақтау. Мәуленов ел басынан өткен ауыр кезеңдерді ұмыт қалдырмай, оны жас ұрпаққа өсиет етуге тырысты. Соғыс жылдарындағы ерліктерді, елдің бірлігін жырлай отырып, тарихты халық санасында жаңғыртты.

Сонымен, Сырбай Мәуленов поэзиясындағы ақындық мұрат – ұлттық болмысты сақтау, елдік рухты көтеру, халыққа адал қызмет ету және адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.

Сырбай Мәуленов поэзиясының өзегін ұлттық рух құрайды. Ақын үшін ұлттық рух – тек халықтың өткені ғана емес, болашағының да кепілі. Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін, елдік мұраттарын, туған жерге сүйіспеншілігін жырға қоса отырып, ол ұлттың болмысын айшықтап көрсетті.

Сырбай Мәуленов туған өлкесін ерекше сүйіп жырлаған ақындардың бірі. Ол Қостанайдың кең даласын, торғайлық табиғатты, қазақ сахарасының сұлулығын жырларына арқау етті. Ақын үшін туған жер – шабыт көзі, рухани күш-қуаттың бастауы.

Өлеңдерінде дала көріністері, өзен-көлдер, қыраттар мен кеңістік поэтикалық бейнеге айналып, ұлттық рухты көтеретін символдар ретінде көрініс табады. Ақын туған жерді тек географиялық ұғым емес, елдік пен ерліктің, халықтың тағдыры мен тарихының куәсі ретінде қабылдайды. Мәселен, бір жырында:

«Торғайым – тағдырымсың,
Топырағыңнан қуат алам,
Далама қарасам,
Жүрегім шымырлап, жырым оянады…» [2]–

деп, туған өлкені өзінің шығармашылық нәрі ретінде бейнелейді.

Ұлттық рухтың маңызды бір қыры – елдік идеяны дәріптеу. Сырбай Мәуленов өлеңдерінде халықтың тәуелсіздігі, бірлігі, ар-намысы басты орын алады. Ол қазақ халқының тарихындағы ауыр кезеңдерді жырлай отырып, елдікке, бірлікке шақырады.

Ақын үшін елдік деген – ұрпаққа аманат, тарих алдындағы жауапкершілік. Осы себепті ол өлеңдерінде ұрпақты Отанды сүюге, елін қорғауға үндейді.

Сырбай Мәуленов ұлттық дәстүрлерді, халықтың рухани қазыналарын жоғары бағалады. Оның поэзиясында батырлар жыры, жыраулар толғауы, халық әндері мен мақал-мәтелдердің әсері байқалады. Бұл – ақынның ұлттық мәдениетке деген адалдығының айғағы.

Ол үшін дәстүр – халықтың жаны. Сондықтан Мәуленов поэзиясында халықтық құндылықтар мен заманауи ойлардың тоғысуы орын алған. Ақын дәстүр арқылы ұрпақты тәрбиелеуді, ұлттық болмысты сақтауды көздеді.

Сырбай поэзиясы ұлттық рухты тек өткенді аңсау түрінде емес, болашаққа бағытталған жасампаз күш ретінде ұсынады. Ол жас ұрпақтың бойына намыс пен қайсарлықты, елін сүйетін азамат болу қасиетін сіңіруге тырысты.

Ұлттық рух – Мәуленов үшін өмірлік ұстаным, ақындық мұраттың алтын қазығы болды.

Сырбай Мәуленов поэзиясының ерекшелігі – оның азаматтық үні. Ақын өз дәуірінің куәгері әрі жыршысы ретінде халықтың тағдырын, елдің тарихын жүрекпен сезініп, поэзия тілімен жеткізді. Оның өлеңдерінде халықтың басынан кешкен қайғы-қасіреті мен қуанышы, арман-үміті айқын көрініс табады.

Азаматтық болмыс – ақынның қоғам алдындағы жауапкершілігі, өз халқының тағдырына деген адалдығы. Мәуленовтің поэзиясында азаматтық позициясы батыл әрі айқын. Ол әрқашан елінің намысын қорғап, халықтың арман-мүддесін жырлауды өз міндеті санады.

Сырбай Мәуленов үшін ақындық – тек өнер емес, сонымен бірге азаматтық борыш. Оның лирикасында жеке бастың күйкі тіршілігі емес, халықтық мәселелер алдыңғы қатарға шығады.

Ұлы Отан соғысы Сырбай Мәуленов шығармашылығында ерекше орын алады. Ол өзі де майданға қатысқандықтан, сол жылдардың ауыртпалығын өлеңдерінде шынайы бейнеледі. Жауынгерлердің ерлігі, отбасына, туған жеріне деген сағынышы, Отанды қорғаудағы қайсарлығы – ақын жырларының басты арқауына айналды.

Ақынның майдан жырларында азаматтық рух айқын сезіледі. Ол:

«Қан кешіп жүріп,
Жеңіске сендік біз.
Жүрегімізде жалғыз арман –
Отанға аман жету еді…» [2] –

деп, соғыс кезіндегі халықтың үмітін, сарбаздың сенімін бейнелейді.

Сырбай Мәуленов қазақ халқының тарихына да жиі үңілді. Оның жырларында елдің өткені мен бүгіні, ұрпақ сабақтастығы тақырыбы кеңінен қамтылды. Ақын халық тарихын ұмытпай, оны жаңа заманның жас буынына жеткізуді өзінің парызы санады.

Тарихи тақырыптарға жазылған өлеңдерінде ақын халқымыздың ерлік дәстүрін, азаттық жолындағы күрестерін бейнеледі. Ел басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді ұрпақтың есінде сақтауды мақсат етті.

Сырбай Мәуленовтің азаматтық үні – елдікті сақтау, Отанды сүю, халыққа адал қызмет ету идеяларынан өрбіді. Оның өлеңдері тек бір дәуірдің куәсі емес, жалпыұлттық ой мен мұраттың жыршысы болды.

Ақын шығармаларындағы азаматтық үн бүгінгі күнге де өзектілігін жойған жоқ. Ол поэзия арқылы ұрпақты отансүйгіштікке, елдің тарихына құрметпен қарауға, ұлттық мұратқа адал болуға тәрбиелейді.

Сырбай Мәуленов поэзиясының құндылығы тек ұлттық рух пен азаматтық үнінде ғана емес, сонымен бірге оның адамгершілік, моральдық-этикалық көзқарастарында да жатыр. Ақын әр өлеңінде өзінің адами болмысын, өмірге деген көзқарасын, ізгілікті ұстанымын айқын көрсетіп отырды.

Сырбай Мәуленов шығармаларынан қарапайымдылық пен шынайылық айқын сезіледі. Ол өмірді жасандылықтан ада, табиғи қалпында суреттеуді мақсат тұтты. Ақын үшін өмірдің мәні – адамға адал болу, табиғатты сүйе білу, халыққа қызмет ету.

Ол өзі өмір сүрген дәуірдің қайшылықтарын жасырмай, ашық жеткізді. Бұл – ақын болмысының ар-ождан алдындағы тазалығын көрсетеді.

Мәуленов поэзиясында достық, адалдық, ар-намыс, махаббат секілді мәңгілік құндылықтар кеңінен жырланды. Ақын үшін адамның рухани байлығы оның сыртқы келбетінен әлдеқайда маңызды.

Ол өзінің бір өлеңінде:

«Жақсылық – адам жүрегінің нұры,

Жамандық – қараңғы түннің сыны...» [2]–
деп, ізгілік пен зұлымдықтың қарама-қайшылығын айшықтайды. Мұнда ақын адамның ең басты өлшемі – жүрек тазалығы екенін аңғартады.

Ақын адами болмысының тағы бір қыры – махаббат пен мейірімділік. Оның лирикалық өлеңдерінде сүйіспеншілік тек жеке сезім ретінде емес, жалпы адамзаттық құндылық ретінде бейнеленеді. Махаббат – өмірдің мәні, адамды адам ететін ең үлкен күш.

Сырбай Мәуленов үшін махаббат – тек екі жастың сезімі емес, туған жерге, елге, табиғатқа деген махаббатпен сабақтас ұғым. Бұл арқылы ол адамның жан дүниесін ізгілікке жетеледі.

Ақын өзінің адами болмысын халық алдындағы жауапкершілікпен де өлшеді. Ол ақындықты үлкен аманат деп ұғынды. Сондықтан әрбір өлеңінде халықтың жүрегіне жақын ойды жеткізуге, елдің рухын асқақтатуға тырысты.

Мәуленовтің моральдық-этикалық ұстанымдары оның күнделікті өмірінде де көрініс тапты. Қарапайым мінезі, кішіпейілдігі, адамдарға деген мейірімі – оның адами болмысының айнасы болды.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының XX ғасырдағы ірі өкілдерінің бірі. Оның шығармашылық мұрасында ұлттық рух, ел тағдыры, туған жерге сүйіспеншілік, табиғат пен адам арасындағы байланыс, бейбітшілік пен ізгілік идеялары кеңінен жырланды. Ақын поэзиясының тақырыптық аясы сан қырлы, мазмұны терең әрі көркемдік қуаты жоғары[3].

Сырбай Мәуленовтің өлеңдері халықтық идеяларға толы. Ол өз жырларында елдің еркіндігін, халықтың бірлігін, ұлттық рухтың асқақтығын дәріптеді. Ақын үшін ұлт – тарих пен тағдырдың иесі, ал ақындық – осы рухты ұрпаққа жеткізудің аманаты.

Ұлттық тақырыптағы өлеңдерінде Мәуленов халықтың басынан өткен ауыр кезеңдерді, соғыс жылдарының қасіретін, тәуелсіздікке деген арман-аңсарын жырлады. Оның азаматтық лирикасында елдің болашағы, халықтың тағдыры ең өзекті мәселе ретінде көрініс тапты.

Ақын поэзиясының негізгі арқауларының бірі – туған жер тақырыбы. Сырбай Мәуленов Қостанайдың даласы мен табиғатын, қазақ жерінің кеңдігін, сұлулығын ерекше сүйіспеншілікпен жырлады.

Оның өлеңдерінде туған жер – тек географиялық мекен емес, ол – адамға қуат беретін рухани мекен, қасиетті ұғым. Ақын туған жерді анаға теңейді, ал халықты – сол ананың баласы ретінде бейнелейді.

Мәуленов табиғатты адамның жан дүниесімен сабақтастыра суреттейді. Оның табиғат лирикасында әрбір құбылыс адамның көңіл-күйімен астасып жатады. Қарлы боран, көктемгі гүл, күзгі жапырақ – бәрі де ақын үшін терең философиялық ойдың арқауына айналған.

Табиғат – ақын үшін сұлулық пен үйлесімділіктің, мәңгілік пен өткіншіліктің көрінісі. Ол табиғат арқылы адамға өмірдің мәнін, уақыттың қадірін ұғындырды.

Сырбай Мәуленов Ұлы Отан соғысының қанды қырғынын көзімен көрген, майданда болған ақын. Сондықтан оның поэзиясында соғыс тақырыбы ерекше орын алады. Ол соғыстың сұмдығын, бейкүнә жандардың қасіретін, елдің басынан өткен ауыр күндерді бейнеледі.

Алайда ақын соғыс қасіретін ғана емес, бейбітшіліктің қадірін де жырлады. Оның жырларында «бейбіт өмір – ең үлкен жеңіс» деген идея айқын аңғарылады.

Мәуленов поэзиясының тағы бір маңызды қыры – махаббат лирикасы. Оның махаббат жырларында сезім тазалығы, адалдық, жан сұлулығы айқын көрінеді. Ақын махаббатты тек екі жастың арасындағы сезім ретінде емес, жалпы адамзаттық құндылық ретінде бейнеледі.

Сонымен бірге, ол адамгершілік, достық, адалдық сияқты құндылықтарды жоғары қойды. Бұл тақырыптар ақынның поэзиясындағы ізгілік мұратын айқындап, оның адам болмысына деген сенімін көрсетеді.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбасын қалдырған, тілдік өрнегі ерекше ақын. Оның поэзиясы қарапайымдылық пен тереңдіктің, сыршылдық пен азаматтық пафостың үйлесімінен тұрады. Ақынның тілдік ерекшелігі мен көркемдік құралдарды қолданудағы шеберлігі оның ақындық мұратын айқындай түседі.

Сырбай өлеңдерінің басты ерекшелігі – қарапайым сөздер арқылы күрделі ойды жеткізе білуі. Ол қарапайым тұрмыстық ұғымдарды терең философиялық мазмұнға айналдырады. Мысалы, «жапырақ», «дала», «күн», «гүл» сияқты күнделікті өмірде кездесетін бейнелер ақын жырында халық тағдырын, өмірдің мәнін, уақыттың өткіншілігін сипаттайды.

Ақынның тілі жеңіл, түсінікті. Ол оқырманды күрделі метафоралармен шаршатпайды, қайта қарапайымдылық арқылы өлеңнің әсерлілігін күшейтеді.

Мәуленовтің поэтикалық әлемінде эпитеттер мен метафоралар кеңінен қолданылады. Ақын табиғатты, туған жерді немесе адамды суреттегенде бейнелі сөздерді жиі пайдаланады. Мәселен, ол туған жерді «алтын бесік», даланы «жүректің тынысы», елді «мәңгілік шырақ» деп бейнелейді[4].

Бұл тәсілдер ақын поэзиясының эмоционалды қуатын арттырып, оқырманды бейнелік ойлауға жетелейді.

Сырбай Мәуленов тіл өрнегінде қазақтың дәстүрлі жырлау тәсілдерін шебер жалғастырды. Ол халықтық теңеулерді, мақал-мәтелдерге жақын орамдарды өлеңдеріне енгізіп, ұлттық поэтикалық дәстүрді жаңа мазмұнмен толықтырды.

Сонымен қатар, ол Абай, Мағжан, Ілияс, Сәкен дәстүрін дамыта отырып, XX ғасырдың әдеби-әлеуметтік сұраныстарына сай жаңа көркемдік үлгілер жасады.

Мәуленов поэзиясының тағы бір ерекшелігі – оның әуезділігі мен ырғақтылығы. Ақынның өлеңдері әнге сұранып тұрады. Бұл – оның ішкі үйлесімге, сөз сазына ерекше мән бергенін көрсетеді.

Ырғақ пен интонацияны шебер қолдану арқылы ақын өлеңдерінің әсерін күшейтеді. Оның жырларын оқығанда немесе тыңдағанда оқырман ерекше шабыт пен рухани қуат алады.

Ақын шығармашылығында символдық бейнелер де жиі кездеседі. Мысалы, «дала» – халықтың кеңдігі мен рухының символы болса, «бозторғай» – еркіндіктің, «жапырақ» – уақыт пен тағдырдың символына айналады[4].

Бұл символдар ақынның дүниетанымын, философиялық ойларын айшықтап, өлеңдерінің көпқабатты мазмұнын аша түседі.

Сырбай Мәуленов – XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі. Ол тек өз дәуірінің ғана емес, жалпы ұлттық поэзияның дамуына зор үлес қосқан ақын. Мәуленовтің шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі тарихи-әлеуметтік құбылыстарды терең бейнелеуімен, ұлттық рухты көтеруімен және көркемдік ізденістерімен ерекшеленеді.

Сырбай Мәуленов қазақ әдебиетіне соғыстан кейінгі кезеңде келді. Бұл дәуірде әдебиет майдан шындығын, халықтың еңбектегі ерлігін, соғыстан кейінгі елдің рухани жаңғыруын бейнелеу міндетін алға қойды. Осы тұста Мәуленов өзінің азаматтық үнін танытып, елдің мұңын жырлай білді[5].

Ол әдебиетке жаңа серпін беріп, ұлттық поэзияның тақырыптық, мазмұндық, көркемдік тұрғыдан дамуына ықпал етті.

Мәуленов қазақ поэзиясында азаматтық лириканың дамуына ерекше үлес қосты. Оның жырларынан халық тағдыры, елдің еркіндігі, ұлттық болмыс мәселелері айқын көрінеді. Ол тек жеке сезім мен көңіл-күйді ғана емес, бүкіл қоғамның, халықтың рухани сұранысын жеткізе білді.

Қазақ әдебиетінде табиғат лирикасы ежелден бар. Бірақ Сырбай бұл дәстүрді жаңа қырынан дамытты. Ол табиғатты тек сыртқы сұлулық ретінде ғана емес, адамның ішкі жан-дүниесінің айнасы ретінде бейнеледі. Табиғат арқылы адам өмірінің мәнін, уақыттың өтпелілігін, тағдырдың сынын көрсете білді.

Соғыс тақырыбы қазақ әдебиетінде үлкен орын алды. Мәуленов бұл тақырыпқа өз басынан кешкен шындықтарды арқау етті. Оның өлеңдерінде соғыстың қасіреті мен бейбіт өмірдің қадірі қатар жырланады. Бұл – ақынның замандас бейнесін, елдік мұратын биік деңгейде жеткізгенін көрсетеді.

Мәуленов шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі. Ол халық поэзиясының бейнелі тілін, ұлттық дүниетанымын жалғастыра отырып, соны идеялар мен тың образдар жасады.

Сонымен бірге, Мәуленовтің шығармалары кейінгі ақындарға үлгі болып, әдеби үрдістің дамуына ықпал етті. Оның ізін басқан жас буын ақындар азаматтық үннің биік болуына, ұлттық рухтың сақталуына ерекше мән берді.

Сырбай Мәуленов поэзиясы – қазақ әдебиетінің мәңгілік қазынасы. Оның жырлары халық жадында сақталып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелей береді. Ақынның есімі қазақ руханияты тарихында мәңгілікке қалады.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының XX ғасырдағы ең ірі өкілдерінің бірі, ұлттық рух пен азаматтық болмысты асқақтата жырлаған ақын. Оның шығармашылығы – халқымыздың тарихымен, тағдырымен, болмысымен тамырлас, елдік мұратпен сабақтас көркем мұра.

Ақын поэзиясының өзегі – туған жерге, елге деген махаббат, халыққа адалдық, ұлттық болмысқа құрмет. Оның жырларында соғыс қасіреті мен бейбіт өмірдің құндылығы, табиғат пен адам жан дүниесінің үндестігі, махаббат пен ізгілік, азаматтық рух пен ұлттық намыс ерекше көрініс тапты.

Мәуленовтің ақындық мұраты – халыққа қызмет ету, оның мұң-мұқтажын жырға қосу, ұлттың рухын асқақтататын ой айту. Ол қарапайым сөздер арқылы терең философиялық ойларды жеткізіп, қазақ поэзиясының тілдік мүмкіндіктерін кеңейтті. Ақын дәстүрлі поэзиялық өрнектерді сақтай отырып, соны ізденістер жасады, қазақ әдебиетінің мазмұндық және көркемдік деңгейін жаңа белеске көтерді.

Сырбай Мәуленовтің шығармалары тек әдеби мұра емес, ұлттық тәрбиенің құралы болып қала береді. Оның поэзиясы жас ұрпақты отансүйгіштікке, ізгілікке, рухани биіктікке тәрбиелейді. Осы тұрғыдан алғанда, Мәуленовтің ақындық мұраты – мәңгілік, ал оның шығармашылық әлемі – қазақ руханиятының алтын қазынасы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005.
2. Мәуленов С. *Өлеңдер мен поэмалар*. – Алматы: Жазушы, 1981.
3. Мәуленов С. *Таңдамалы шығармалар*. – Алматы: Жазушы, 1985.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: «Санат», 1998.
5. Қирабаев С. *Әдебиет және дәуір*. – Алматы: Жазушы, 1977.

Изтелеуова Айнұр Байтұрсынқызы
«Дина Нұрпейісова атындағы
халықтық музыка академиясы»
Атырау музыка колледжінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушысы

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАРЫ МЕН ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Қазіргі заман – цифрлық технология дәуірі. Қоғам өмірінің барлық салаларында орын алып жатқан ақпараттандыру үдерісі білім беру жүйесіне де өз әсерін тигізіп отыр. Біздің еліміздегі білім беру жүйесі білім беру мақсаттары мен құндылықтарын түсінуімен, үздіксіз білім беруге көшу қажеттілігі ұғындыруымен, цифрлық технологияларды әзірлеу мен пайдалануға жаңа тұжырымдамалық тәсілдермен т.б. сипатталады.[3]

Қазіргі технологияға дамыған кезде қиындықтар да жоқ емес. Мысалы, ауыл мектептерінде интернеттің тұрақсыздығы, интерактивті тақталардың жетіспеуі, кейбір оқушылардың құрылғылармен қамтамасыз етілмеуі – бұл саладағы теңсіздікті тудырады. Сонымен қатар, әдеби шығарманың маңызын төмендетіп, тек қысқаша мазмұнмен шектелу қаупі де бар. Сондықтан цифрлық формат мазмұнның тереңдігіне нұқсан келтірмеуі керек.

Әсіресе, ұлттық әдебиетті оқытуда жаңа әдіс-тәсілдер мен цифрлық құралдарды тиімді пайдалану қажеттілігі артып келеді. Алайда бұл үрдіс тек мүмкіндіктермен шектелмейді, сонымен қатар жаңа міндеттер мен қиындықтарды да алға тартады. Осы орайда, ұлттық әдебиетті цифрлық ғасырда қалай тиімді оқытуға болады деген сұрақ күн тәртібінде өзекті. Ұлттық әдебиет – ұлттың рухани-мәдени айнасы. Әдеби шығармаларда халықтың тарихы, дүниетанымы, салт-дәстүрі, болмыс-бітімі көрініс табады. Осы құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізу, оқушы бойында ұлттық рухты қалыптастыру – әдебиет пәнінің басты мақсаты. Алайда қазіргі оқушылардың ақпаратты қабылдау формасы өзгеріп, визуалды, қысқа форматтағы контентке әуестігі артты. Кітап оқуға деген қызығушылық бәсеңдеп, әдеби мәтінді қабылдау қиындық туғызатын деңгейге жетті. Бұл – ұлттық әдебиетті оқыту әдістемесін қайта қараудың қажеттілігін көрсетеді. Бүгінде Сырбай Мәуленов сияқты ақындардың шығармалары мектеп бағдарламасында болғанымен, колледж бағдарламасына ене қойған жоқ. Ал ақын туындылары - жастардың рухани, мәдени және азаматтық тұрғыдан қалыптасуына зор ықпал болады деген ойдамын. Бұл тек әдеби білім беру емес, тұлғалық дамудың маңызды тетігі дер едім. Сырбай Мәуленов - өзіндік мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс. Сырбай ақын – қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі.

Өлеңдерінің ерекше бір қасиеті: ол ойын лирикалық кейіпкерлері арқылы, көбінесе өз атынан сөйлейді, өз қатынасын, өз көзқарасын, өз сезімін толғайды. [5] Сырбай Мәуленов — қырыққа жуық жыр жинақтарының авторы. Өлеңдері қазақ поэзиясының лирика жанрын дамытуға елеулі үлес болды. Ақын шығармаларына шолу жасасақ, туындыларының тақырыбына туған жер, замандас және олардың ерен еңбектері арқау болды. «Жолдас» (1954), «Жас жүрек» (1956), «Жол үстіндегі жалындар» (1963), «Жұлдыз жырлар» (1963), «Қызыл арша» (1969), «Боз қырау» (1976), «Тау гүлдері», «Шалқар», «Жалын» (үшеу де 1979). «Жаңбырсыз күз» (1980), өлендері «Шуақ», «Алтын тасқын» өлендер мен поэмалары (екеуі де 1981); «Жұлдыз жүрек» (1985) жинақтары шықты. Ақын кітаптары сыншылар тарапынан жоғары бағаланды. (1958) жылы «Таңдаулы өлеңдер» атты таңдамалысы, 1966 жылы «Шаңқай түс» жинағы, 1972 жылы «Тандамалыларың» 2 томдығы басылып шықты.

Оның «Жаңа көктем» (1956), «Дала таңы» (1957), «Көгілдір таулар» (1964), «Жер нәрі» (1970), «Апрель жапырақтары» (1972), «Таңдамалы лирикалары»(1967), «Тандамала лирикалары»(1972), «Жапырақтар жанады» (1972), өлеңдер жинақтары орыс тілінде Мәскеуде басылды. Ақын сонымен қатар, белгілі журналист бола отырып мерзімді баспасөзге белсене қатысты, көптеген публицистикалық мақалалар мен очерктер жазды. Сырбай Мәуленов балаларға арнап «Барлаушы бал» (1961), «Құлыншақ», «Бала жолбарыс» (екеуі де 1963), Амангелді Имановтың балалық шағы туралы «Қорқақ торпақ» (1968) тағы басқа өлеңдер мен әңгімелер жазды. Ақын аударма жұмысын да дамыта білді, орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А.С. Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А. Некрасов, Т.Г. Шевченко, В.В. Маяковский, А,А. Блок, С.А. Есенин, Н.С. Тихонов, М.А. Шолохов, Ә. Науаи тағы басқа шығармаларын қазақ тіліне аударды. Өзінің шығармашылық қызметінде ақын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығынаң лауреаты (1970), 1-дәрежелі Отан соғысы; "Қызыл Ту", "Халықтар Достығы", "Құрмет Белгісі" ордендерімен және медальдармен марапатталды. Ақын шығармаларын оқытуда қандай электронды ресурстарды, цифрлық қосымшаларды қолданамыз, оқыту мақсаты мен міндеттерді сәйкесінше қалай жүзеге асыра аламыз? Цифрлық дәуірде мұғалімнің өзі – жаңа форматтағы медиамаман. Ол тек пән мұғалімі емес, контент жасаушы, редактор, ұйымдастырушы рөлін атқарады. Мұндай жағдайда мұғалімнің цифрлық сауаттылығы, заманауи платформалармен жұмыс істей алуы басты талапқа айналады. Ақын шығармашылығын заманауи платформалармен оқыту – оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, патриоттық тәрбие беруге өз ықпалын тигізіп, білім алуға деген оң көзқарасын айқындай түсетіні сөзсіз. Әсіресе өзге тілдісыныптар үшін оқытылатын қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша (Т2) топтарына өте тиімді. Мысал келтіретін болсақ:

1. Рухани-адамгершілік тәрбие • Ақын шығармаларындағы адамгершілік, патриотизм, еңбекке құрмет секілді құндылықтар жастардың ішкі дүниесін байытады.

• «Соғыстан қайтқан солдаттар», «Құлын», «Ақ түн» секілді өлеңдер арқылы бейбітшілік, ерлік, туған жерге сүйіспеншілік идеялары беріледі.

2. Сыни және шығармашылық ойлау

• Колледж студенттері өлеңдерді талдау, салыстыру, интерпретациялау арқылы әдебиетке терең көзқарас қалыптастырады.

• Ақын стилінде эссе, өлең, пікір жазу – шығармашылық қабілетті дамытады.

3. Тіл байлығын арттыру

• Сырбай Мәуленовтің поэзиясы көркем сөзге бай, теңеу, метафора, эпитеттер мол.

• Бұл студенттердің ауызша және жазбаша тілін жетілдіруге көмектеседі.

4. Цифрлық білім беру мүмкіндіктері

• Ақын шығармаларын электронды оқулықтар, аудиожазбалар, онлайн платформалар арқылы оқыту – заманауи білім беру талаптарына сай.

• Студенттер Padlet, Canva, Google Forms арқылы өлеңге талдау жасап, интерактивті тапсырмалар орындай алады.

5. Мамандыққа байланысты интеграция

• Педагогикалық, гуманитарлық, мәдениет саласындағы колледждерде ақын шығармашылығы тәрбие жұмысы, әдебиеттану, тіл үйрету пәндеріне тиімді кіріктіріледі.

• Мысалы, болашақ тәрбиешілерге – «Құлын» өлеңі арқылы оқушылар психологиясы мен табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік тақырыбын ашуға болады. 10-сынып оқушыларына арналған цифрлық тапсырма үлгісіне Сырбай Мәуленовтің «Құлын» атты өлеңін таңдауға болады. Бұл шығарма -оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін, табиғатқа деген нәзік көзқарасын қалыптастыруға өте қолайлы әрі көркемдік құралдарға бай. Неге «Құлын»? өлеңі десек, осы тақырыпқа арналған тапсырма түрлеріне жеке-жеке тоқталайық:

• Тақырып жағынан – ауыл өмірі, табиғат, балалық шақпен байланысты. • Көркемдік

жағынан – метафора, теңеу, эпитеттер мол.
• Эмоциялық әсері – оқушыны сезімге бөлейді, шығармашылыққа жетелейді.

Академик С.Қирабаев байқағандай, «Құлын» өлеңінің соншалықты шағындығына қарамастан, миллиондаған адамның қанын судай ағызған сұрапыл соғыстың зардабы мен сұмдығын көзбен шұқып емес, жүрекпен сездіретіндігінде еді. Өлеңнің философиясы –алланың бұйрығымен болған немесе тағдырдың жазуымен болған өлім болсада, өмір жалғаса береді дегенге саяды ғой:

«...Шашыраған көк жалын бүркіп темір, Орманның іші үрейлі.
Ал, оттың ортасында-Шіркін өмір,
Құлын боп кісінейді.»

Сырбай Мәуленов қазақ поэзиясын өлеңнің жаңаша түрлерімен байытқан, жаңалық әкелген ақын екені бүгінде даусыз.[11, 2-б.]

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін негізге алып, тіл мамандары Сырбай Мәуленовтің поэзиясын оқытуда сонымен қатар, дәстүрлі әдіс-тәсілдерді де қолданып жүрміз. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға негізделген бірнеше шығармашылық жұмыс түрлерін жүргізу – олардың нақты бір ақпаратпен жұмыс жасап, жазылым, айтылым дағдыларын қалыптастырып, оларды дамытуға септігін тигізеді. Мұндай шығармашылық жұмыс түрлеріне:

1. Эссе және ойтолғау жазу

• Тақырыптар:
• «Сырбай жырларындағы туған жерге махаббат»
• «Ақынның соғыс тақырыбындағы өлеңдеріндегі ерлік пен қайсарлық» • «Табиғат пен адам арасындағы үндестік»

Бұл жұмыстар оқушылардың сыни ойлауын, тіл байлығын және көркем сөзбен жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

2. Сахналық көрініс дайындау

• Ақынның өлеңдері негізінде шағын драмалық қойылымдар жасау. • Мысалы, «Құлын» өлеңі бойынша ауыл өмірін бейнелейтін көрініс.

3. Иллюстрация және постер жасау

• Өлең мазмұнына сәйкес сурет салу немесе коллаж жасау.
• «Ақ түн» немесе «Қаратау» өлеңдеріне визуалды бейне жасау арқылы оқушылардың креативтілігін арттыру.

4. Поэзиялық кеш ұйымдастыру

• Оқушылар Сырбай Мәуленовтің өлеңдерін жатқа оқып, мәнерлеп жеткізеді. • Әр оқушы өз таңдаған өлеңін неге ұнататынын айтып, пікір білдіреді.

5. Автор стилін жалғастыру

“Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы”, – дейді әл – Фараби. Қазіргі заман бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. Ұлтты сақтау үшін қызды, рухты сақтау үшін ұлды тәрбиелеу қажеттігі ықылым заманнан келе жатқан қағида. [4] Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленов шығармаларын тек мектептерде ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық бағытта мамандық дайындайтын колледждерде оқыту – жастардың ұлттық сана-сезімін, мәдени танымын, тілдік қабілетін және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды қадам. Бұл – әдебиет арқылы тәрбиелеудің, ойландырудың және шабыттандырудың жолы. Ал көркем шығарма оқымайтын ұрпаққа ұлттық әдебиетті ойы мен жан дүниесіне сіңіру, жеткізу – қазақ тілі мен әдебиеті мамандарының басты міндеті.

Қорыта келгенде, ұлттық әдебиетті цифрлық ғасырда оқыту – заман талабынан туындаған қажеттілік. Бұл бағытта мұғалімдердің рөлі айрықша. Цифрлық технологиялар – тек құрал, ал оны тиімді қолдану – педагогтың білімі мен шеберлігіне байланысты. Ұлттық әдебиет тек өткеннің мұрасы емес, ол – болашақтың рухани іргетасы. Әдебиет – ұлттық кодты тасымалдаушы, әдебиет – елдің ар-ожданы, көркем шежіресі. [9] Сол

себепті заманауи білім беру үдерісінде әдебиетті жаңаша оқыту формаларын енгізу арқылы біз жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулимыз, елін, жерін сүйетін, рухы биік азамат қалыптастырамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://adebiportal.kz/kz/authors/view/826 Сырбай Мәуленовтің өмірі, шығармашылығы. [1, 1-б.]
2. 2017-2021 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана: 2017ж.
4.http://nci.kz/ru/content/uchebno-metodicheskie-posobiya-po-ispolzovaniyucifrovyh-obrazovatelnyh-resursov-v-uchebnom - Сандық білім беру ресурстарының қолданылу әдістемесі.
3. Сағалиева Ж.К., Есекешова М.Д., Ғұмаров Ғ.С., Жүсіпова А.А., Кочкорбаева Э.Ш., Нұрмұханова К.Ж., Жақанқызы Ш. «Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика». «Бастау» баспасы, 2020 ж. [3, 10 -б.]
4. https://boroduliha.kz/bilim-men-terbie-egiz-ugym/. Мақала: «Білім мен тәрбие егіз ұғым» Әйгерім Сәрсенқали, 2024ж. [4, 1-б.]
5. https://uchitelskaya.kz/vse-rubriki/bilim-ken-istigi/k-osymsha-bilim/syirbaj-syirshyil-akyin. Мақала: «Сырбай – сыршыл ақын» Мөлдір Бажирова, 2022ж. [5, 1-б.]
6. https://bilim-all.kz/tag/olen?tag. Сырбай Мәуленов өлеңдері.
7. https://ust.kz/word/asyq_sabaq_syrbai_maylenov_sygarmasylygy-149381.html. Сырбай Мәуленов шығармашылығын оқыту.
8. Мамыт А.А., Нұрпейісов Н.Ж; Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. Шымкент: 2016ж.
9. https://zhalyn.kz/2025/07/25/ Мақала: «Өнер, әдебиет, мәдениет – ұлттық руханияттың айнасы» Майра Алдабергенова, 2025ж. [9]
10. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Әбдімомынов, Е. Б. - Тараз : Алтын баспа, 2022 ж.
11.https://abai.kz/post/ ақпараттық порталы. Мақала: «Өлеңмен өрілген отты жылдар» Жұмат Әнесұлы, 2015ж. [11, 2-б.

Кабжапарова Лазат Токтагазыевна
Алматы қаласы,
Халықаралық Сервис және Менеджмент колледжі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы,
филология ғылымдарының магистрі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ -ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ШЕБЕРІ (ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ)

...Шақырды орман көлеңкесі көлеңдеп,
Бір ғажайып ертегі айтып берем деп.
Көк жалындай көрінді орман көгілдір,
Көк жалынға сүңги бердім тереңдеп...

С.Мәуленов

1. Мақала аңдатпа
Аннотация
Қазақ тілінде

Бұл мақалада Сырбай Мәуленовтің табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілігі шығармаларындағы лирикалық арналары талданады. Ақынның табиғат лирикасындағы көркемдік бейнелер мен туған өлке тақырыбы терең қарастырылады. Мақалада С.Мәуленовтің поэзиясындағы табиғаттың алатын орны мен оның туған жерге деген махаббатының көріністері зерттеледі. Шығармаларындағы табиғат суреттері оқырманға ерекше әсер береді және туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырады.

Орыс тілінде

В данной статье анализируются лирические мотивы любви к природе и родному краю в произведениях Сырбая Мауленова. Особое внимание уделяется художественным образам природной лирики и теме родного края. В статье исследуется роль природы в поэзии С.Мауленова и проявления его любви к родной земле. Описание природы в его произведениях оказывает особое влияние на читателя и усиливает любовь к родному краю.

Ағылшын тілінде

This article analyzes the lyrical themes of love for nature and the native land in the works of Syrbay Maulenov. Particular attention is paid to the artistic images in nature poetry and the theme of the homeland. The article explores the role of nature in Maulenov's poetry and the manifestations of his love for his native land. The depictions of nature in his works have a special impact on the reader and enhance love for the native land.

Кілт сөздер

табиғат лирикасы, туған жер, Сырбай Мәуленов, көркемдік бейнелер, табиғат суреттері, лирикалық арналары, табиғаттың орны, туған өлке, поэзия, махаббат

2. Мақала кіріспе

Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Сырбай Мәуленовтің шығармаларындағы табиғат лирикасының көркемдік бейнелерін және туған өлке тақырыбындағы поэзиясының маңыздылығын зерттеу.

Міндеттері:

1. Сырбай Мәуленовтің табиғат лирикасындағы көркемдік бейнелерді анықтап, олардың шығармашылық ерекшеліктерін талдау арқылы қазақ әдебиетіне қосқан үлесін ашу. 2. Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігінің поэзиясындағы көрінісін зерттеу және оның ұлттық мәдениетке ықпалын анықтау. 3. С.Мәуленов шығармаларындағы табиғат лирикасының қоғамдағы экологиялық мәселелерді шешуге әсер ету мүмкіндігін

қарастыру. 4. Ақынның лирикалық шығармаларындағы туған өлке тақырыбының қазіргі қазақ қоғамындағы маңыздылығын анықтау.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан ақындардың бірі – Сырбай Мәуленов. Оның шығармашылығында табиғат пен туған жерге деген шексіз махаббат әрі терең лирикалық сезімдер ерекше орын алады. С.Мәуленовтің поэзиясы қазақ халқының ұлттық рухын, мәдениетін, және табиғи ортасының әсемдігін бейнелеу арқылы оқырманға терең әсер етеді. Ақынның шығармаларындағы табиғат лирикасы табиғаттың сұлулығын, оның адам өміріндегі маңызын бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар экологиялық мәселелерге назар аудартады.

Мәуленовтың лирикасы арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілік пен туған жерге деген құрмет сезімдерін терең түсінуге болады. Қазіргі жаһандану дәуірінде экологиялық мәселелердің көбеюі қоғамды алаңдатып отыр. Осы тұрғыдан ақынның табиғатты қорғауға шақыратын шығармаларының өзектілігі арта түсуде. Сырбай Мәуленовтің туған жерге арналған өлеңдері ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени мұраны қорғау және жастарға патриоттық тәрбие берудегі маңыздылығын дәлелдейді.

Ақынның шығармаларындағы туған жер тақырыбы қазіргі қазақ қоғамындағы рухани құндылықтарды, ұлттық мәдениетті сақтауға және дамытуға ықпал етеді. Оның лирикасы қазақ әдебиетінің көркемдік бейнелерін байытып, оқырманды туған жердің табиғатына, тарихына және мәдениетіне құрметпен қарауға шақырады. Ұлы Отан Соғысы ардагер ақынның тума талантына тосқауыл бола алмады. Бір қолына қаруын, бір қолына қаламын ұстаған жауынгердің лирикасы асқақтыққа толы. Қаһармандық, өжеттілік қасиеттерімен қоса, табиғатты сүю, тәтті сезім иірімдерін түсіну де ақынның шығармаларынан көрініс тапқан. Осылайша, Сырбай Мәуленовтің табиғат пен туған жерге арналған шығармаларының маңыздылығы қазіргі қоғамдағы экологиялық және мәдени мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

3. Негізгі бөлім

Сырбай Мәуленов – қырыққа жуық жыр жинақтың авторы. Ақынның "Жаңа көктем" (1956 жыл), "Дала таңы" (1957 жыл), "Көгілдір таулар" (1964 жыл), "Жер нәрі" (1970 жыл), "Апрель жапырақтары" (1972 жыл), "Таңдамалы лирикалары" (1967 жыл), "Тандамала лирикалары" (1972 жыл), "Жапырақтар жанады" (1972 жыл), өлеңдер жинақтары орыс тілінде Мәскеуде басылды. 1971 жылы «Қызыл арша» және «Сәуір жаңбыры» өлеңдер кітабы үшін Сырбай Мәуленов Абай атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды.

Сырбай Мәуленовтің табиғат лирикасы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Ақынның шығармаларында табиғаттың сұлулығы мен туған жерге деген терең сүйіспеншілік көркем бейнелер арқылы жеткізіледі. Бұл шығармалар қазақ халқының ұлттық рухын, мәдениетін және табиғи ортасының әсемдігін бейнелеуге бағытталған.

Табиғат лирикасындағы көркемдік бейнелер

Сырбай Мәуленовтің табиғат лирикасында табиғаттың байлығы мен әсемдігі нақты әрі жарқын бейнелер арқылы беріледі. Ақын табиғаттың әрбір қырын, оның сұлулығын, жыл мезгілдерінің ауысуын, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігін ерекше сезімталдықпен суреттейді. С.Мәуленов шығармаларында табиғаттың бейнелері адам өмірімен, оның сезімдерімен тығыз байланысты. Ақын табиғатты адам жанының тереңдігіне теңеп, оны рухани байлық ретінде қарастырады.

Мысалы, оның өлеңдерінде көктемнің келуі, алғашқы гүлдердің ашылуы, құстардың әндері мен табиғаттың ояну ерекше шабытпен суреттелген. Мұндай көркемдік бейнелер оқырманды табиғатпен үйлесімді өмір сүруге, оны қорғауға шақырады. Ақынның шығармалары табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятып, оның маңыздылығын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Туған жерге деген сүйіспеншілік

Туған жер

Торғай бойы, Тосын жері
Бұйра құмның бөктері.
Жаз самалы жан тербетті
Қандай әсем көктемі.
Биік шыңның бауырында
Бұйра толқын бал бұлақ.
Бүгін мені қарсы алғандай
Ағып жатыр сылдырап.
Құрбылармен әзілдесіп,
Ойнап-күліп күн ұзын.
Көк шалғында көтеремін
Сырлы аяқтың қымызын.
О, достарым, туған жердің
Жүзі ыстық керемет.
Тұр ма әлде тас төбемнен
Ғажайып нұр себелеп.

1945

Қазақ поэзиясына нағыз сыршыл сезімді, шынайы өлең үлгілерін әкелгендердің ортасында Сырбай Мәуленовтің орны ерекше. Сырбай Мәуленов – қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Ақын өмірдің сан түрлі құбылыстарына мән беріп, талғампаздығының арқасында әсерлі жырлар жазды. Әрбірімізге Отанымыз қаншалықты қымбат болса соншалықты ақынға да туған жері қымбат. Осыған орай ақынның «Шөңге», «Қаратау» өлеңдерінде туған жерге деген махаббаты сипатталады. «Шөңге» өлеңінде туған жеріне деген сағынышын бірғана тікенек арқылы сипаттайды. Оны біз:

Сағыныппын, дариға, туған жердің,
Гүлі тұрсын, тікенек-шөңгесін де,-деген жолдардан біле аламыз. Ақын үшін туған жер - дүниедегі ең ұлы, ең асылдардың бірі. Себебі, ол – кіндік қаны тамған жер, бақытты балалық шақ өткен жер.Ақын бұл туралы:

Көз бұлдырап, елжіреп барады ішім,
О, туған жер, сен күнсің балаң үшін.
Қалтама сол шөңгеңді салып алдым,
Бала күнді еске алып қарау үшін, -
деп жырлайды.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы туған жер тақырыбы ерекше орын алады. Ақынның туған жерге деген махаббаты оның өлеңдерінде айқын көрініс тапқан. Ол туған өлкесінің табиғатын, тарихын, мәдениетін мақтанышпен жырлайды. С.Мәуленовтің шығармаларында туған жердің бейнелері ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды сақтау және дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Ақынның туған жерге арналған өлеңдері қазақ халқының тарихи жадысы мен мәдени мұрасын сақтау үшін маңызды. С.Мәуленов туған жердің табиғатын қорғауға, оны құрметтеуге және болашақ ұрпаққа жеткізуге шақырады. Оның бұл тақырыптағы лирикасы қазіргі қазақ қоғамындағы патриотизм мен ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді.

Сырбай ақын Атырау мен Алтай арасындағы байтақ табиғатқа арнаған құрметі ретінде «Қаратау» өлеңін жазды. Ақын ойынша қазақ тауының бабасы – Қаратау. Шексіз махаббатқа ие ақын жүрегі Қаратауды бірде бақ-берекеге теңесе, бірде алтын қазынаға, мол кен-құрышқа теңейді.

Қаратау – кен-құрыш,
Қаратау – өндіріс.

Халқымның бақ-құты,
Қаратау – мол ырыс.

Ақын екі өлеңде де туған жерін, елін, оның табиғатын асқан шеберлікпен, нәзік сезімімен жырлайды. Өлеңдерді оқу арқылы сағыныш шебін,жүрегіне мейірім ұялатқан табиғат перзентін көрдім, сезіндім.

Адам назарын аударатын және адам тіршілігімен етене байланысты табиғаттың тылсым құпия сыры көп. Адамзат жаралғалы, тіпті одан да бұрын жаратылған заңғар, биік таулар мен шалқыған айдынды көлдер, ширатылып аққан өзендер қай заманда да ақын қиялын тербетіп, оның назарынан тыс қалмаған. Себебі қай ақынды алмаңыз, ең алдымен өзі өскен жердің табиғатын жырлап өткен. Сырбай ақын да сол дәстүрді жалғастырушы. Ол тек тау суретін жырлауға бір топ өлең бағыштаған. “Көк таулар”, “Қаратау”, “Алатау”, “Таулар күледі”, т.б. Бұл өлеңдері біріне-бірі ұқсамайды, тақырыбы бір болса да, себебі, айтар ойы алуан түрлі. Ақынға таудың тәкаппар биіктігі, жықпыл-жықпыл тастары, асқар шыңдары, зеңгір көкпен таласқан шоқылары рух береді, содан барып лирик табиғатпен сырласып өзі де бір іштей тілегендей сыр төгеді. Табиғи көрініс те, ақын сезімі де ұштасып өлең әлемінің терезесін айқара ашып жібергендей болады. Бойды билеген сезім қуаты табиғат құбылысымен астасып кетеді, кейде салыстырып жібергендей, кейде теңеп отырғандай, енді бірде тебіреніс, толғаныс сәтіндей қабылданады. Тауды жырлай отырып, түйдек-түйдек ой айтады, философиялық топшылаулар жасап, адам психологиясына жарасымдылық ұғымының эстетикалық мәнін сіңіріп жібереді. Тау – қайсарлықтың, қаһарлылықтың, биіктіктің, сонымен қатар сұлулық пен кербездіктің, алыптықтың да символы ретінде көрінеді. Жылдың әр мезгілінде тауды адам психологиясына, көңіл-күйіне ықпал, әсері де әрқилы, сондықтан лирикалық өлеңдерінде тарлант талант табиғат құбылыстарын әр қырынан жырлайды. Жай жырлап қана қоймай, ізденіп, бұрын ешкім айта алмаған көркемдік әлеміне соны із салады. Мұқағали терең халықтық поэзия үрдісін бойына сіңірген ақын. Тау табиғатының тылсым сырының ақын қиялын тербетіп, сезіміне ыстық шоқ тастап, бойына қуат дарытып отыруы да сондықтан.

Ақын табиғаттың әсемдігін жырлай отырып, өзінің табиғатқа деген қатынасын білдіріп отырады:

Таулар күледі,
Төбесіне күн шыққанда.
Тастар күледі,
Төсіне көк қына гүл шыққанда.
Ақын күледі,
Айлар бойы дірілдеп.
Жүрегінен жыр шыққанда [1,178].

С.Мәуленов поэзиясының табиғатпен тұтастығы ақын даналығының әрі ажырамас бөлшегі әрі адастырмас өлшемі. Ол өзінің поэзиясына нәр мен қуатты туған жер табиғатынан алады, сондықтан өзінің сөзін де, жырын да соған арнайды.

Ақын өлең жолдарынан табиғат құбылысының мінезін сезесің, әрі сыршыл лирик өзінің сезімін де қоса өреді. Ол үшін туған жердің көктемі ала бөтен ыстық.

Ақын көктем тақырыбына әр алуан жыр арнады. Оның әрбір өлеңі – жаңа бір дүниенің кілтін ұстатқандай. Бірін-бірі қайталай бермейтін көктемнің әр қилы суретін, көрінісін әр алуан қырынан аша жырлайды. С.Мәуленовтің қай өлеңін оқысаң да, үлкен эстетикалық ләззатқа бөленіп, жан дүниең жадырап сала береді.

Далаға жайып көк жібек,
Өзен боп өзі дірілдеп,
Гүл болып қызыл желбіреп,
Көктем сұлу келеді,
Құшағын жайып елжіреп.
Жыл құсымен қикулап,
Бұлағымен бұрқылдап,

Көктем сұлу келеді,
Балбыратып денені,
Бойды билеп, сиқырлап [1,33].
Немесе:
Қиқулап жеткен көктемде
Құстар толды көк көлге.
Бүр жабысып бұтаққа,
Мал жайылды бөктерге.
Құлайды ойға қыраттан
Қош айтысып, сыңсып қар.
Қанып ішіп бұлақтан,
Жайған жасыл бүршік тал [2,188].

Көз алдыңа сиқырлы сұлу әлем елестейді. Ақын өзге жан аңдай алмас сұлулықты байқайды. Сол сұлулықты сұлу сөз, сұлу бейне, сұлу өрнекпен кестелейді.

Табиғатты көркем туындыға тиек еткенде, әрбір суреткер оған өзінің қарым-қатынасын, кейде көзқарасын білдіріп отырады, сол арқылы адам тағдырын, тіршілігін жырлауды белгілі деңгейде нысана етеді. Асып-тасудан аулақ, дархан пейілді ақынның берекелі ұстамдылығы, сабырлылығы жүріп өткен өмір жолдарындағы ізі секілді өлеңдерінен де өз өрнегімен өрнектеліп жатады. Ақынның "Табиғат пен адам" атты өлеңіне назар аударайық:

Сөйлетсе егер өзендерді,
Тіл берсе егер ормандарға,
Талай өткен кезеңдерді,
Айтар еді бар ғаламға [3,293].

Немесе:

Тасқын шайса, күнге қызып,
Желге үстімді кептіремін.
Желмен жайлап бірге жүріп,
Тау боп биік көк тіредім.
Жоқ ұштығы жол шегімнің,
Аспан мен Жер – сол серігім.
Мен – дүние өлшемімін,
Мен – табиғат бөлшегімін [1,242] –

деп, Сырбай тербегеніндей, әр ақын өзін табиғат-ананың бір бөлшегімін деп санайды.

С.Мәуленов жырларындағы күтпеген жерден көлденең шыға келетін соны образдылық – бейнелік тосындық қазақ поэзиясының көркемдік тәжірибесін байытты. Болмысты, табиғатты, т.т. басқалар ауызға алмаған, "аңғармаған" қырынан таныту – ақындық қырағылықтың, суреткерлік мергендіктің жемісі. Мәселен: "Жазғы сурет" атты өлеңіндегі:

Көк жүзінде дөңгеленген кептердей,
Сүттей аппақ жарқырайды жазғы ай.
Аспан беті ашық жатқан дәптердей,
Ал жұлдыздар соған түскен жазудай.
...Жел қарғиды қарағайдан секіріп,
Соның лебі – бұтақтардың дірілі [2,191], –

деген жолдардағы алғашқы шумақтағы әдемі көрініске бәлендей таңдана қоймаймыз. Ал жел қарағайдан қарғып секіргенде, бірден елең еткізеді. Гәп – қимылда немесе қозғалыста емес. Мәселе желге "жан" бітіп, қарғып желпінуінде.Егер алғашқы шумақта, көзге елестерліктей нақты дәйек – суреттер салыстыру арқылы сабақтасып, суреттер ұжымының ұясындай әсер етсе, кейінгісінде бұтақтардың дірілінен басқа "қолға ұстарлықтай" ештеңе жоқ. Жел қарғып түскен де, кеткен де, жүрген де жоқ; қарғиды – демек, жалғасып жатқан процесс. Сенбеске лаж жоқ: дәлел – бұтақтардың дірілі. Ойнаған, ойқастаған, жортқан,

жортақтаған емес, ағаштардың арасымен қарғиды. Бұрын-соңды көрінбеген қозғалысты түйсікпен танып, ақылмен шамалаймыз. Көзге көрнектеліп көрінбесе де, көңілмен аулайтын көркемдік әлемі өзгеге ұқсамайтын, өзгені еске салмайтын "біртуарлығымен" жаңаша [4,459].

Келтірілген шумақтардағы ой, сезім, табиғат, болмыс құбылыстарын көркемдік материал, мазмұн, әрі бейнелік толғанысты жеткізуге қажетті құрал ретінде пайдалану талабы жыл өткен сайын нығая береді. Адам мен қоғам бойындағы құбылыстарды, ерекшеліктерді ақын салыстыра, сабақтастыра жырлайды. Табиғат әлемі – С.Мәуленов үшін сарқылмас эмоциялық қуат, қанаттандырушы рух, түпсіз бейнелілік қазына.

С.Мәуленовтің табиғат лирикаларының тақырыбы әр алуан, бояу нақышы, бейнелеу машықтары, поэтикалық ізденістері де басқа ақындарға ұқсай бермейді. С.Мәуленов қазақ поэзиясына айрықша өнімді еңбек етіп, жемісті жырлар қалдырған талант.

Сырбай Мәуленовтің сырлы да, әуезді, мол махаббатқа толы осы шығармалары арқылы «Туған жердің қадірін шетте жүрсең білерсің» деп бекер айтылмағанын түсінесің. Оның әдебиет әлемінде орны зор. Оның сырға толы өлеңдері әрдайым халық жадында.

Экологиялық мәселелер мен табиғат лирикасының ықпалы

Сырбай Мәуленовтің табиғат лирикасы қоғамдағы экологиялық мәселелерге назар аудартады. Ақынның шығармалары табиғатты қорғаудың маңыздылығын көрсетіп, оны сақтауға шақырады. Қазіргі жаһандану дәуірінде экологиялық мәселелердің көбеюі қоғамды алаңдатып отыр. С.Мәуленовтің лирикасы арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілік пен туған жерге деген құрмет сезімдерін терең түсінуге болады.

Ақынның қаламынан туған әр табиғат бөлшегіне түс беріп, пейзаждық суреттеуді көз алдыңызға әкелетін тың дүниелері сыр шертеді. Бірі табиғат аясында өткен қимас күндерін еске алумен берсе, бірі мүлгіген таңғы тыныштықтың дамылсыз тіршілік қозғалысына бастау болатынымен көрсетеді. Ал енді бірі шалқар көлдің толқынымен суреттейді. Сезіммен жеткізген бұл өлеңдердің әрқайсының астарында сұлулық бар. Сұлулық тек романтикада немесе тек махаббатты жырлаған ақындарға ғана тән деп ойлау – өрескел қателік. Талғам мен эстетикалық сұлулық бір арнаға тоғысып, жауынгердің жүрек сезімінен хабар береді. Ал мына өлең- соның куәсі.

Таңғы тыныштық

Мөлдіреп тұнып ауа таңғы уақыт,
Дүние демін алып қалды жатып.
Жұлдыздар түнде тұрған қарауылға
Көз ілді ұйқы жеңіп балбыратып.
Киіктің тұяқтары дүсірлемей,
Қалғыды ұясында құс үндемей.
Алаңсыз табиғатты отырғызып
Тыныштық суретке түсіргендей.
Аялап таңның осы тыныштығын,
Таратып кекжиекке нұр ұшқынын,
Келеді алтын сағат кетеріліп,
Бастауға кең әлемнің жұмыс күнін.

Оның шығармалары табиғатты қорғау идеяларын насихаттап, оқырмандарды экологиялық сана-сезімге тәрбиелейді. Ақынның табиғат лирикасы экологиялық мәселелерді шешуге ықпал ететін маңызды құралдардың бірі болып табылады. Бұл шығармалар табиғатты қорғау қажеттілігін сезінуге және оны сақтау үшін нақты әрекеттер жасауға ынталандырады.

...Көрсең ашық Алатаудың күндерін,
Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген
Ұлан-байтақ республикам бұл менің.
Достар келіп тірей қалса ат басын,
Қарт Алатау иіп қардай ақ басын,

Қарсы алады ашық күнмен ашып бір,
Алматының аспанының қақпасын... деп Сырбай ақын жырлағандай, Алматының төрінде, Алатаудың етегінде орналасқан оқу орнының білімгерлері ақынның өлеңдерімен сусындап, Отанға, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікпен тәрбиеленуде. Оған дәлел- Алматы қаласы, **Халықаралық Сервис және Менеджмент колледжі с**туденттерінің 2022 жылы Қазақстан Жазушылар одағының әдебиетшілер үйінде қазақ әдебиетінің классик ақыны- Сырбай Мәуленовтің туғанына - 100 жыл толуына байланысты ұйымдастырылған әдеби- сазды кешке қатысуы болды. Біздің студенттер ақын ағамыздың өлеңдерін мәнерлеп, жатқа айтып, өз өнерлерін көрсетті. Әдеби-сазды кеште оқылған ақын С.Мәуленовтің әр өлеңін мақтанышпен, патриотизмге толы жүрекпен қабылдап, үлкен әсер алып қайтты. Ақын Сырбай Мәуленовтің ізін жалғастырушы, баласы - Қасым Мәуленов ағамыздың арнайы шақыртуымен барған біздер, көптеген біз білмейтін өлеңдерімен, әндерімен сусындап қайттық.

Бұл колледж студенттері қазіргі таңда - бір – бір жердің мықты маманы, еліміздің іргетасын экономика саласы бойынша қалаушы болып отыр. Себебі, биылғы жылы жазда дипломдарын алып, өз ұяларынан ұшырып жібердік. Мен қазақ әдебиеті пәні оқытушысы ретінде, осындай шараларға қатысу бақыты бұйырғанына Қасым ағамызға, колледж басшылығына алғысым шексіз.

Қорытынды

Сырбай Мәуленовтің шығармаларындағы табиғат пен туған жер тақырыбы қазіргі қазақ әдебиетінде маңызды орын алады. Ақынның лирикасы табиғаттың әсемдігін, оның адам өміріндегі маңызын бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар экологиялық мәселелерге назар аудартады. С.Мәуленовтің шығармалары туған жерге деген сүйіспеншілікті оятып, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды сақтау және дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Ақынның шығармалары қазіргі қазақ қоғамындағы экологиялық және мәдени мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Оның табиғат пен туған жерге арналған лирикасы оқырмандарды патриотизмге, табиғатты қорғауға және ұлттық бірегейлікті сақтауға шақырады. Осылайша, Сырбай Мәуленовтің шығармалары қазақ әдебиетінің көркемдік бейнелерін байытып, қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге ықпал етеді.

4. Қорытынды мақала

Қазақ поэзиясына нағыз сыршыл сезімді, шынайы, көркем бейнелі өлең үлгісін әкелгендердің жуан ортасында дүр тұлғалы Сырбай ақынның орны өзгеше. Қан майданда қар жастанып, мұз төсендірген соғыстың қайғы-қасіретін, өмір мен өлім айқасын өз көзімен көруі, көңілге түюі – ақын жырларының аясын кеңейтіп, көрген-білгенін ойында терең қорытып, тіршілік философиясына айналдыруына себепші болғаны анық. Сұм соғыста бір қолын жоғалтып, жарадар болып қайтса да ақын 58 кітап жазған екен.

Сырбай Мәуленовтің шығармаларындағы табиғат пен туған жер тақырыбының маңыздылығы анық көрінеді. Ақынның табиғат лирикасы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады, себебі ол табиғаттың әсемдігі мен байлығын көркем бейнелер арқылы жеткізіп, оқырманды табиғатпен үйлесімді өмір сүруге шақырады.С. Мәуленовтің туған жерге деген сүйіспеншілігі оның поэзиясында айқын көрініс тауып, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды сақтау қажеттілігін көрсетеді.

Экологиялық мәселелердің көбеюі қазіргі қоғамды алаңдатып отыр, сондықтан ақынның шығармалары экологиялық сана-сезімді тәрбиелеуге ықпал етеді. Бұл лирика табиғатты қорғауға және оны сақтауға ынталандырады, осылайша қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

Жалпы алғанда, С.Мәуленовтің шығармалары қазақ әдебиетінің көркемдік бейнелерін байытып қана қоймай, оқырмандарды патриотизмге, ұлттық бірегейлікті сақтауға және табиғатты қорғауға шақырады. Болашақта әрбір азамат туған жерін қадірлеп, оның табиғатын қорғауға нақты әрекеттер жасауы тиіс. Табиғатты сақтау арқылы біз болашақ ұрпаққа бай мәдени мұра қалдыра аламыз. Сондықтан табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырып, экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуымыз қажет.

Пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. Мәуленов С. Табиғат лирикасы: өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 200 б.
2. Қирабаев С. Қазақ поэзиясындағы табиғат бейнелері // Қазақ әдебиеті. – 1999. – №3. – 45-48 б.
3. Әуезов М. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 400 б.
4. Нұрғалиев Р. Әдебиет теориясы. – Алматы: Білім, 2000. – 320 б.
5. Сүлейменов О. Поэзия және табиғат. – Алматы: Ғылым, 1998. – 275 б.
6. Тұрсынбай Ж. Табиғатқа арналған өлеңдер [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: http://www.poetry.kz – Қаралған күні: 05.10.2023.
7. Кенжебаев Б. Қазақ ақындарының шығармашылығы // Әдебиет әлемі. – 2005. – №4. – 30-34 б.
8. . Мәуленов С. Өлеңім – өмірім менің. Жыр жинағы. – Алматы: Санат, 4227.- 574 б.
9. Өлең өлкесі: Қазақ табиғат лирикасының антологиясы. (Құраст. Ж.Әскербекқызы). – Алматы: Жазушы, 4002. – 474 б.
10. Мәуленов С. Ақшамның қызыл қанаты. Жыр кітабы. –Алматы: Жазушы, 4284. – 384 б.

Кадирбаева Гаухар Сейтжапбаровна,
Түркістан облысы, Келес ауданы, Жаңатіршілік е/м,
№56 Т.Белгібаев атындағы жалпы білім беретін мектеп
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МАУЛЕНОВ : ПОЭТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ, ВОИНСКИЙ ДУХ , ГРАЖДАНСКИЙ ОБЛИК

1. Введение
• Актуальность темы
• Краткая информация о поэте
• Цель доклада
2. Основная часть
Поэтическое наследие
• Основные темы поэзии Сырбая Мауленова
• Идейная направленность творчества
Воинский дух
• Жизнь в военные годы, стихи, написанные на фронте
• Тема воинской доблести и героизма, лежащая в основе стихотворения
Гражданский облик
• Любовь к стране, земле, родине
• Национальный интерес, ответственность перед обществом
• Отношение к образованию и науке
• Стихи, написанные об образовании
• Обращение к молодежи, образовательная ценность
3. Заключение
• Наследие поэта для нынешнего поколения
• Гражданский голос, имеющий непреходящее значение

«Сырбай Мауленов: поэтическое наследие, воинский, гражданский облик»

1. Введение

Одним из выдающихся представителей казахской литературы является Сырбай Мауленов. Он прошёл через непростые времена XX века, прославился как поэт, искренне преданный поэзии и не утративший своей гражданственности. Его творчество – наследие, отражающее чистоту поэтического идеала, стойкость воинской души и высоту гражданственности.

«Я из рода акынов…» Так о себе писал поэт и писатель Сырбай Мауленов. И лучше чем он сам сказал о себе в своих стихах, сказать вряд ли можно.

Родился поэт в Жангелдинском районе Костанайской области, позже вместе с родителями переехал в Кызылординскую область. Вся жизнь его была соткана из миллионов строк, в 1938-м увидели свет его первые стихи, и уже тогда они обратили на себя внимание особой мелодичностью, глубинной простотой. Первые шаги в мир литературы были успешными, впереди у него было много творческих планов, но грянула война.

В 1940 году он поступил в Кызылординский учительский институт. Но закончить учёбу не смог, так как началась Великая Отечественная война, и в 1942 году ушёл на фронт. Этот период сыграл решающую роль в его судьбе.

После войны он занялся литературой и журналистикой, стал активным членом Союза писателей Казахстана. Сотрудничал в таких изданиях, как «Казахская литература» и «Жулдыз», активно занимался литературной критикой и общественной деятельностью.

Основная часть

Поэтическое наследие

Поэзия Сырбая Мауленова – зеркало искренности и таинственности, любви к Родине. Он проникновенно воспевал казахскую природу, красоту родной земли, мечты и

чаяния народа. Для поэта поэзия – не только искусство слова, но и инструмент, возвышающий дух народа и прививающий доброту будущим поколениям.

Образность слова и нежные чувства в его стихах – творческое наследие, возвысившее казахскую поэзию до высот. Он с юных лет увлекался литературой и написал свои первые стихи ещё в школе. В послевоенные годы он активно участвовал в литературной жизни и опубликовал множество сборников стихов.

Поэтическое наследие поэта – воспевание родной земли, природы, судьбы страны. Его сборники «Стихотворение о товарище», «Сердце огненное», «Сердце поёт», «Новый канал» – выдающиеся произведения казахской поэзии. Особенно в лирике о природе он тонко передает красоту родной степи и душу народа.

Творчество Сырбая Мауленова – образец гражданской поэзии. В своих стихах он воспевал ценности справедливости и гуманизма. Для поэта поэзия была не только искусством, но и способом служения народу.

Аспекты, определяющие личность гражданина:

• Призыв к честности и порядочности.
• Возвышение духа казахского народа.
• Вклад в защиту языка и культуры.
• Трудолюбие, служащее примером для поколений.

Сырбай Мауленов влиял на общественное сознание страны не только своей поэзией, но и публицистикой. Он поднимал вопросы литературы и общества, покровительствовал молодым поэтам.

Воинский дух

Сырбай Мауленов – ветеран Великой Отечественной войны. В юности он взял в руки оружие и защищал свою Родину. Тяжёлый опыт войны оставил особый след в его творчестве. Его стихи на военную тематику проникнуты солдатским духом.

В своих стихах он воспевал фронтовой героизм, товарищей-солдат и тоску по родине. Этим поэт глубоко передавал всю сущность войны и ценность мирной жизни для человечества.

В 1942 году он ушёл на войну и служба на поле боя закалила его. Он писал стихи о суровой реальности войны, о героизме друзей и о тоске по родине. Его стихи, вдохновлённые духом солдата, – драгоценное сокровище, передающее ценность мирной жизни и дружбы.

Для Мауленова воинский дух — это не только умение говорить правду с фронта, но и идея защиты Родины и уважения к мирной жизни.

Сырбай Мауленов, прошедший фронт в 1942–1945 годах, стал свидетелем страшной войны. Он описывал военные годы так: кровавые бои, героизм и смерть, дружба и братство, тоска по родине.

Воинский дух ярко выражен в его стихах, написанных после войны. Он вспоминал воинов, с которыми был на фронте, и увековечил их подвиг в стихах. Солдатский пафос в творчестве поэта не ограничивался военной тематикой, но распространялся и на идею защиты Родины, сохранения мирной жизни.

Как и тысячи литераторов, ушедших на фронт, он встал на защиту Родины. Заместитель командира стрелковой роты, политрук, акын… Ужасы войны не заглушают стремление писать. Прочитав поэму Николая Тихонова, посвященную подвигу 28 гвардейцев-панфиловцев, молодой поэт пишет автору письмо. И получает ответ: «Я очень рад, что молодой казахский поэт с оружием в руках защищает наш любимый Ленинград. Настанет время, и мы встретимся с вами в освобожденном от блокады городе, будем читать стихи и говорить о великой войне советского народа с фашистами как о прошедшем».

Пророческими можно назвать слова Николая Тихонова, написанные в том же письме: «Стихи пишите обязательно, складывайте написанное в полевую сумку, в сердце. Вы, такие как вы, обязаны будете рассказать людям правду о войне…» Это письмо от

русского поэта казахский акын хранил на груди, у самого сердца как напутствие в бой, как благословление в большую поэзию. Батальонный комиссар Александр Матвеевич Любимов, которому он показал письмо, тоже обрадовался письму большого поэта Николая Тихонова, справедливо расценив его как важный агитационный материал, незаменимое подспорье в доверительных беседах с бойцами.

И он пишет. О любви к Родине и ненависти к врагу, о вере, которая непоколебима: «Мы победим!» Гражданственность и честность, мечты и размышления – строки, рожденные в окопах, близки и понятны всем, и тем, кто с оружием в руках защищает родную землю, и тем, кто в тылу кует победу у станка.

В 1943 году в прорывных боях за Ленинград Сырбай Мауленов был тяжело ранен. Вот как он вспоминал тот период: «В волховских болотах под Ленинградом я с глазу на глаз встретился со смертью. Война сделала меня поэтом крепкого, динамичного ритма, более лаконичным. Война внесла в мою поэзию свои ритмы, гул и грохот. Я пишу лаконичные стихи, потому что на войне подвиг и смерть совершались в одно мгновение».

Стояла зима, крепкий мороз обжигал лица, бойцы готовились к прорыву блокады: «Грохот… Огонь… И ни с чем не сравнимая тяжесть тишины последнего мгновения перед рывком вперед – туда, навстречу жизни или смерти. За нами с титаническим напряжением дышал город… И сердце билось. Ему жить – нам жить… Тяжело раненый, в госпитале, я вспоминал друзей-однополчан – живых, а больше тех, кто ушел в бессмертие. И открывал в себе какие-то новые тайны… Мной как бы все переоценивалось. Земля в окопе перед последним броском была не мерзлой – теплой. К ней прижимались, как к груди матери. От нее набирались силы. Она хранила нас за то, что мы не отдали ее, и она знала: никогда никому не отдадим!»

В 1949 году Сырбай Мауленов встретился с Тихоновым в Москве на декаде казахской литературы и искусства. Выбрав подходящий момент, Мауленов представился Николаю Тихонову и показал ему фронтовое письмо. Тихонов прочел свое письмо и разволновался. «Жив солдат!» – радостно сказал он, показывая письмо своим собеседникам – известным казахским писателям Сабиту Муканову и Мухтару Ауэзову. Он восклицал: «Как я рад и счастлив! Через такой огонь прошел и цел остался. И письмо сохранил». Николай Тихонов подарил Мауленову на память свою новую книгу «Грузинская весна».

Стихи Мауленова лиричны, полны искренней любви к родной земле и к родному народу. Годы, проведенные на фронте, не прошли бесследно, навсегда выковав в душе свое мерило Человечности. Без пафоса и лакировки, его стихи о жизни, о каждом дне, о самом ценном. Творчество поэта проникнуто чувством гражданской ответственности. Поэтому в творчестве С. Мауленова отчетливо просматривается позиция поэта-воина, поэта-гражданина и поэта-лирика.

Каждый живущий на этой земле несет ответственность за то, что происходит на земле, что было и что будет. Жизнь отдельного человека имеет смысл только в том случае, если он является прочным звеном в бесконечной цепи поколений, вечного пути народа в свое будущее. Лирический герой стихотворений С. Мауленова побеждает смерть и оживляет боевых друзей, потому что впереди новые высоты и рубежи, впереди великий путь к победе. «Народ преодолеет все!» – такова основная мысль его стихов.

Поэт Сырбай Мауленов выполнил завет Николая Тихонова и, как современникам своим, так и молодым поколениям, рассказал правду о войне. В этой правде – и скорбь по погибшим, и радость победы, и пожелание будущим поколениям не знать бедствий войны. Воспоминаниям о фронтовой дружбе в лирике поэта посвящены стихотворения «Друзьям далеким», «Раненый». Памяти о погибших, незабвенности их подвига посвящены стихотворения «Огни Ленинграда», «Обернул январским бураном», «Ты спроси о войне».

Гражданский облик

Гражданский облик поэта – в его верном служении народу. Он писал не ради будущего страны, независимости и мирной жизни. Сырбай Мауленов провозглашал

правду и воспевал горести и нужды страны. Идеи справедливости, гуманизма и патриотизма преобладают в его творчестве.

Поэт всегда сохранял свою гражданскую позицию.

Сырбай Мауленов интересовался не только природой, войной и гражданскими темами, но также образованием и наукой. Для поэта образование — главная сила, ведущая нацию вперёд и приближающая её к цивилизации.

Сырбай Мауленов – поэт, верой и правдой служивший обществу. Он отстаивал справедливость и правду, воспевал в своих стихах будущее страны и национальный дух. Своими публицистическими статьями и редакторской работой он оказывал влияние как на литературу, так и на общество.

Одна из главных тем гражданской поэзии – образование. Он призывает молодёжь к науке и исследованиям, сравнивая учителя с «светильником», а книгу – с «другом человека и пищей». Строки поэта: «Для образованных светла земля, день необразованных тёмен» – свидетельствуют о том, что он признавал образование опорой государства.

После войны солдат, умеющий писать, трудился заместителем главного редактора костанайской областной газеты. Позже он руководил республиканской литературной газетой «Қазақ әдебиеті», заведовал журналом «Жұлдыз». Его творческое наследие составляет более сорока поэтических сборников. А самоотверженный труд отмечен рядом наград, среди которых «Знак Почета», орден «Трудового Красного Знамени», «Дружбы народов», Государственная премия им. Абая, серебряная медаль им. А. Фадеева и другие. Он был также прекрасным семьянином, отцом семерых детей.

Сырбай Мауленов безмерно любил жизнь во всех ее проявлениях, и над всеми бедствиями и тревогами, сомнениями и страданиями брал верх спасительный жизнелюбивый характер поэта. Этот несгибаемый, не отступающий перед любыми невзгодами и препятствиями, не признающий скуки и хандры характер весело, напористо, наотмашь бушевал в повседневном общении с друзьями, искрился и сверкал в ритмах, рифмах и метафорах энергичных стихов. А образная структура брала в плен дерзкими открытиями, изяществом всегда неожиданной, сильной и серьезной поэтической речи. Те, кто читает Мауленова в оригинале, наслаждаются блистательным стилем, неповторимостью современного казахского поэтического искусства, изяществом особенной мелодики стиха. Одновременно пристрастные поклонники поэта сожалеют, что в русских переводах сохранены далеко не все характерные приметы поэтического почерка Мауленова. Очевидно, пришла пора не только переиздавать прежние тексты, но и взяться за перо новому поколению мастеров поэтического перевода. Прекрасные стихи Сырбая Мауленова вполне достойны такого благородного «пересмотра».

Стихи Сырбая, посвященные сыну, стали заветом всему молодому поколению Казахстана:

В непроглядные дни, без просвета,
Надо верить,
В непроглядные дни, без просвета,
Надо верить,
Что солнце есть где-то.
Принимая удары стихии,
Надо верить
Во дни неплохие.
Чище мир
После ливня и снега.
В безысходности
Верь в человека.
Он взломает забитые двери,
Путы тяжких невзгод
Разрубя,

Но тебе, чтобы в это поверить,
Надо прежде поверить
В себя!

В этих проникновенных строках неиссякаемый оптимизм мудрого, многое пережившего человека, его непоколебимая вера в человека, надежда на его светлое будущее.

С. Мауленов «О степь моя!»

Дастархан у нас, как степь, широк,
Горы высоки и величавы.
Сколь гостеприимен мой народ,
Каждым, кто бывал здесь,
Отмечалось.
Родина,
Любимая земля,
Кланяюсь степям твоим, долинам!
Я бы нежно обнял всю тебя,
Если б великаном стал былинным.
Блеск вершин, безбрежие озёр,
Буйство белых речек;
И без края.
Без конца, куда ни бросишь взор,
Степь лежит -
То мать моя вторая.
Обнимает Каспий и Алтай
Степь моя, великая по праву.
Носятся ветра из края в край.
По земле
Её разносят славу.
Если бы я мог тебя обнять,
Как батыр,
0 степь моя! 0 мать!

Сырбай Мауленов – автор более 60 книг. Его стихи переведены на русский и другие языки. В казахской поэзии он продолжил традицию Абая и пошёл по стопам таких гигантов, как Сакен, Ильяс и Беимбет.

Сборники поэта, такие как «Стихи о товарище», «Далёкое детство», «Тайна времени», «Стихи Сырбая», занимают важное место в казахской литературе. Его стихи – пример для нынешнего поколения.

Тема образования в поэзии Сырбая Мауленова

Видный представитель казахской поэзии Сырбай Мауленов одной из главных своих тем сделал не только реалии природы и войны, но и призыв молодёжи к образованию и науке. Чтение для поэта было главной силой прогресса народа и процветания общества.

В своих стихах Сырбай Мауленов сравнивает образованного человека со «светлым миром», а необразованного – со «тьмой». Его строки: «Для образованных светлый мир, но день необразованных тёмен», – подтверждают эту мысль. Здесь поэт показывает, что необразованность ведёт человека к необразованности и тьме.

Мир светлый для образованных,
День невежд тёмен…

В этих строках поэт сравнивает образованного человека с миром света, а невежду – с тьмой. Здесь наглядно показана важность знаний в обществе. То есть чтение – главная сила, освещающая жизнь человека.

Поэт часто напоминает молодым людям о необходимости терпения в учёбе. В своём стихотворении, основанном на пословице «Учиться – всё равно что рыть колодец иголкой», он говорит о трудности получения знаний, но также и о плодотворности упорного труда. Это призыв к упорному труду, адресованный молодым людям.

Нет образования без трудностей,
Терпение необходимо на пути.
Мечту каждой молодежи
Знание открывает двери
Қиындықсыз білім жоқ,
Төзім керек жолында.
Оқуменен ашылар,
Әрбір жастың арманы.

В этом стихотворении поэт говорит, что учёба даётся нелегко. Он призывает молодёжь к терпению и трудолюбию. Он описывает трудности процесса учёбы, используя образ «рытья колодца иголкой».

Сырбай Мауленов высоко ценит труд учителя. В песне «Учитель – светильник, у твоего света я буду учиться», он изображает учителя как духовного наставника, дарующего вечный свет и направляющего молодое поколение. Это свидетельствует о его уважении к учителю и доверии к ученикам.

«Я преклоняюсь перед учителем»
Учитель — это светило,
Я черпаю от него свет.
Буквы, которые ты учил —
Дают сердцу озарение.
Ұстаз – шамшырақ,
Жарығыңнан аламын.
Сен үйреткен әр әріп –
Менің жүрек жарағым.

Поэт высоко ценит труд учителя. Он сравнивает учителя с «лампой» и описывает каждую преподаваемую им букву как знак на сердце ученика, как живительную пищу.

Стихотворение поэта «Книга» ярко описывает место книг в жизни человека. Он называет их «друзьями», «дружбой», «пищей». Это доказывает, что книги и знания – главные ценности, ведущие человека вперёд.

Книга — твой друг,
Книга — твой кол.
Она даёт тебе мудрость,
И пищу на каждом шагу.
Кітап – сенің досың да,
Кітап – сенің қазығың.
Ақыл беріп басыңа,
Қадам басар азығың

Здесь ясно показано место книг в жизни человека. Для поэта книга — ключ к знаниям, а для юноши — друг и проводник. Это приглашает читателя к чтению и исследованию.

3. Заключение

В заключение следует отметить, что стихи Сырбая Мауленова об образовании – это духовное наследие, призывающее молодёжь к науке и исследованиям. Он считал образование величайшим оружием страны, залогом её будущего. Поэтому его стихи и сегодня не утратили своего значения и продолжают служить примером для подрастающего поколения.

В поэзии Сырбая Мауленова тема образования – идейная сила, пробуждающая народ и ведущая молодёжь вперёд. Образованного человека он считает истинным

гражданином страны, опорой нации. Стихи поэта не теряют своей актуальности и сегодня, ведь наука и образование – основа прогресса любого общества.

Сырбай Мауленов – выдающийся поэт и писатель, его лирика о природе, родной степи, о людях стала настоящим признанием в любви к Родине. Его произведения легки в чтении и восприятии, затрагивают тончайшие струны души.

Использованные материалы:

1.С.Мауленов .Сборник стихов.
2.https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D1%8B%D1%80%D0%B1%D0%B0%D0%B9_%D0%9C%D3%99%D1%83%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%BE%D0%B2
3.https://stihi1941-1945.ru/item/maulenov-syrbaj
4.https://vestisemey.kz/13473/syrbay-maulenov-ya-iz-roda-akynov.html

Кайкенова Алмагүл Мағжанқызы
Астана қаласы,
№75 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ШЕБЕРІ - СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ

Қазақ поэзиясына нағыз сыршыл сезімді, шынайы, көркем бейнелі өлең үлгісін әкелгендердің бел ортасында қазақ лирикасының шебері Сырбай ақынның орны бөлек. Қан майданда қар жастанып, мұз төсендірген соғыстың қайғы-қасіретін, өмір мен өлім айқасын өз көзімен көруі, көңілге түюі – ақын жырларының аясын кеңейтіп, көрген-білгенін ойында терең қорытып, тіршілік философиясына айналдыруына себепші болғаны анық. Бұл жөнінде: "Сырағаң соғыстың алдында Қызылордада өлең жаза бастады. Шын ақындыққа келуі, төселуі Ұлы Отан майданында өтті. Майдан өмірі көп адамды шындықтың не екенін, өмір мен өлім үшін күрестің не екенін ұқтырды. Сырағаң солай ойшыл ақынның қалпына келді", - дейді Серік Қирабаев.

Сұм соғыста бір қолын жоғалтып, жарадар болып қайтса да ақын 58 кітап жазған екен. Тәні ғана емес, жаны да мүгедек болып келсе де мөлдір сезімді жастық отынан, жан сұлулығынан ажыратпаған. Әсіресе, соғыс тақырыбында жан сарайыңды өртеп өтер өлмес, өшпес өнеге үлгілерін жасап қалдырды. Бұл тақырыптағы қазақ поэзиясының алтын қорын байытқан «Түбірлер», «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңдерін ауызға алсақ та жетіп жатыр. Қасиет пен киеге суарылған мұндай өлеңдер ақынның жыр кітаптарында молынан ұшырасады. Осылайша төрт жыл кескілескен ұрыс Сырбайды ақын ретінде де, адам ретінде де шыңдады. Соғыстан келген соң халықтың жай-күйін "Соғыстан қайтқан солдаттар" өлеңінде көрсетті.

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,

Соғыстан қайтқан солдаттар? деп оралмаған солдаттарды жоқтады. Ақынның сырлы сөзбен шебер өрнектеген осы өлеңін тіпті бейбіт заманның адамы оқыса да, зұлмат соғыста ұлынан айырылған ананың ішкі жан дүниесін түсініп, көзіңе жас, тамағыңа өксік үйілтері сөзсіз... Осыдан-ақ, сыршыл Сырбай ақынның мықтылығын көруге болады. [1,1].

Кейін әнге айналғанымен де осы өлең бәрібір бәрімізге (әлемге) мәлім бір мезетті – БІР МИНУТ ҮНСІЗДІКТІ еске түсіреді. Өйткені «Көрдің бе ұлын ананың?», «Көрдің бе жарын арудың?», «Көрдің бе оның көкесін?» дейтін сауалға еш солдат жауап бере алмайтыны хақ. Сондай сауалдардың ортасына түскен майдангер Жексеннің ахуалын Өтежан Нұрғалиев кейін, арада отыз шақты жылдар өткен соң былайша қазымырлана суреттейтіні бар: «…Жерде жатқан көн тулақты шұқылап, Сөз таба алмай, басын жерге тұқырад. Біздің кемпір сұрау толы көзімен Жексенжанның бара жатыр құтын ап. Аспандағы куә қылып Күн, Айды, Қарсы алдына бір тізерлеп құлайды. «Бірге кеткен Нұрғалиды өзіңмен Өз қолыңмен көмдің бе?», – деп сұрайды…». Ал Жексен не дей алмақ?! Өлеңнің осыған қатысты содан соңғы тағы бір шумағы: «Өлген адам тірілмейді… ексең де, Жерге кіріп, аспанға ұшып кетсең де. Сонда да ана «балаң тірі шығар» деп, «Айтпадың» деп өкпеледі Жексенге». Сырағаңның өлеңі де сол жалпылама шарасыздықтың бір көрінісі: «Барады үнсіз түнеріп Соғыстан қайтқан солдаттар». Соғыстан қайтқан Сырбай да сол үнсіз түнергендердің бірі еді. Соғысты әлі күнге дейін ұмыттырмай келе жатқан қасиетті жаңғырықтардың бірі де осы Сырағаңның, қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі Сырбай Мәуленовтің қанды майдан қасіреттерін сезімдерді сыздата бейнелеген мол мұрасы. [3,2-8б].

Сырағаң өлеңдерінде соғыстың ізі ешуақытта көмескіленген емес: «Өзім өткен алдымда жол тұр бәрі, Аз жазғам жоқ өлеңде ол туралы. Менің жолым – Торғай мен Сырдария, Дон мен Волхов, Неваның толқындары». Ақынның әр кітабы, әр жыр шоғырлары қанды қасапты әйтеуір бір еске салып өтеді. Олардың арасында нақты деректермен баяндалатын «Кисет», «Санитарка», «Шинель», «Окоп», «Госпитальдар», «163-атқыштар полкі», «Синявино шоқысы», «250-інші оқ туралы баллада», «Аэростат туралы жыр», «Солдат қасығы туралы баллада», «1943 жылғы 17 январь» тәрізді өлеңдер жеткілікті. «Окопты» оқиықшы:

Қарасуық уілдеп,
Жерді жапқан жұқа қар.
Қыс лебінен дірілдеп,
Бұғып қалған бұталар.
Бақсылардай сарнап тал,
Бірде аңдай ұлиды.
Келе жатыр солдаттар
Арман етіп жылы үйді.
Жолдың шеті түйілмей,
Келеді түн өткенше.
Асықты олар үйіндей
Окоптарға жеткенше. [4,574б].

Жұп-жұмыр өлең. Үш-ақ шумақ, әр жол жеті-ақ буын. Нағыз лирик ақынның қолынан ғаана келетін дүние екендігіне дау жоқ .

Ақын өлеңдеріне елтіген әр ақын Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, Сырбайша сөйлеуге ұмтылды. Қазіргі әдебиеттегі алпысқа келгендер мен төменгі буынның барлығының болмысында міндетті түрде Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар. Сырбай Мәуленов тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс. Сырбай − қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Өлеңдерінің ерекше бір қасиеті: ол ойын лирикалық герой арқылы, көбінесе өз атынан сөйлейді, өз қатынасын, өз көзқарасын, өз сезімін толғайды.

Ақын табиғаттың әсемдігін жырлай отырып, өзінің табиғатқа деген қатынасын білдіріп отырады:

Таулар күледі,
Төбесіне күн шыққанда.
Тастар күледі,
Төсіне көк қына гүл шыққанда.

Ақын күледі,
Айлар бойы дірілдеп.
Жүрегінен жыр шыққанда [1,178].

С.Мәуленов поэзиясының табиғатпен тұтастығы ақын даналығының әрі ажырамас бөлшегі әрі адастырмас өлшемі. Ол өзінің поэзиясына нәр мен қуатты туған жер табиғатынан алады, сондықтан өзінің сөзін де, жырын да соған арнайды.

Ақын өлең жолдарынан табиғат құбылысының мінезін сезесің, әрі сыршыл лирик өзінің сезімін де қоса өреді. Ол үшін туған жердің көктемі ала бөтен ыстық.

Ақын көктем тақырыбына әр алуан жыр арнады. Оның әрбір өлеңі – жаңа бір дүниенің кілтін ұстатқандай. Бірін-бірі қайталай бермейтін көктемнің әр қилы суретін, көрінісін әр алуан қырынан аша жырлайды. С.Мәуленовтің қай өлеңін оқысаң да, үлкен эстетикалық ләззатқа бөленіп, жан дүниең жадырап сала береді.

Далаға жайып көк жібек,
Өзен боп өзі дірілдеп,
Гүл болып қызыл желбіреп,
Көктем сұлу келеді,
Құшағын жайып елжіреп.
Жыл құсымен қиқулап,
Бұлағымен бұрқылдап,
Көктем сұлу келеді,
Балбыратып денені,
Бойды билеп, сиқырлап [1,33].

Немесе:

Қиқулап жеткен көктемде
Құстар толды көк көлге.
Бүр жабысып бұтаққа,
Мал жайылды бөктерге.
Құлайды ойға қыраттан
Қош айтысып, сыңсып қар.
Қанып ішіп бұлақтан,
Жайған жасыл бүршік тал [2,188].

Көз алдыңа сиқырлы сұлу әлем елестейді. Ақын өзге жан аңдай алмас сұлулықты байқайды. Сол сұлулықты сұлу сөз, сұлу бейне, сұлу өрнекпен кестелейді.

Табиғатты көркем туындыға тиек еткенде, әрбір суреткер оған өзінің қарым-қатынасын, кейде көзқарасын білдіріп отырады, сол арқылы адам тағдырын, тіршілігін жырлауды белгілі деңгейде нысана етеді. Асып-тасудан аулақ, дархан пейілді ақынның берекелі ұстамдылығы, сабырлылығы жүріп өткен өмір жолдарындағы ізі секілді өлеңдерінен де өз өрнегімен өрнектеліп жатады. Ақынның “Табиғат пен адам” атты өлеңіне назар аударайық:

Сөйлетсе егер өзендерді,
Тіл берсе егер ормандарға,
Талай өткен кезеңдерді,
Айтар еді бар ғаламға [3,293].

Немесе:

Тасқын шайса, күнге қызып,
Желге үстімді кептіремін.
Желмен жайлап бірге жүріп,
Тау боп биік көк тіредім.
Жоқ ұштығы жол шегімнің,
Аспан мен Жер – сол серігім.
Мен – дүние өлшемімін,
Мен – табиғат бөлшегімін [1,242] –

деп, Сырбай тербегеніндей, әр ақын өзін табиғат-ананың бір бөлшегімін деп санайды.

С.Мәуленов жырларындағы күтпеген жерден көлденең шыға келетін соны образдылық – бейнелік тосындық қазақ поэзиясының көркемдік тәжірибесін байытты. Болмысты, табиғатты, т.т. басқалар ауызға алмаған, "аңғармаған" қырынан таныту – ақындық қырағылықтың, суреткерлік мергендіктің жемісі. Мәселен: "Жазғы сурет" атты өлеңіндегі:

Көк жүзінде дөңгеленген кептердей,
Сүттей аппақ жарқырайды жазғы ай.
Аспан беті ашық жатқан дәптердей,
Ал жұлдыздар соған түскен жазудай.
...Жел қарғиды қарағайдан секіріп,
Соның лебі – бұтақтардың дірілі [2,191], –

деген жолдардағы алғашқы шумақтағы әдемі көрініске бәлендей таңдана қоймаймыз. Ал жел қарағайдан қарғып секіргенде, бірден елең еткізеді. Гәп – қимылда немесе қозғалыста емес. Мәселе желге "жан" бітіп, қарғып желпінуінде. Егер алғашқы шумақта, көзге елестерліктей нақты дәйек – суреттер салыстыру арқылы сабақтасып, суреттер ұжымының ұясындай әсер етсе, кейінгісінде бұтақтардың дірілінен басқа "қолға ұстарлықтай" ештеңе жоқ. Жел қарғып түскен де, кеткен де, жүрген де жоқ; қарғиды – демек, жалғасып жатқан процесс. Сенбеске лаж жоқ: дәлел – бұтақтардың дірілі. Ойнаған, ойқастаған, жортқан, жортақтаған емес, ағаштардың арасымен қарғиды. Бұрын-соңды көрінбеген қозғалысты түйсікпен танып, ақылмен шамалаймыз. Көзге көрнектеліп көрінбесе де, көңілмен аулайтын көркемдік әлемі өзгеге ұқсамайтын, өзгені еске салмайтын "біртуарлығымен" жаңаша [4,459].

Мәселен: " Шомылдым Сырдың суына" атты өлеңіндегі:

Шомылдым Сырдың суына,
Аунадым қызыл құмына.
Балқыдым күннің нұрына
Шыныға бердім, шыныға.
Жетіп мен бәйге жасына
Жабыстым ердің қасына.
Алдынан топтың келгенше
Асыға бердім, асыға,-деген өлең жолдарында Сырдың суына шомылғаны туралы жаза отырып, шыныға жүріп есейіп, топтың алдына түскен бозбаланы көз алдымызға әкеліп қояды.

Келтірілген шумақтардағы ой, сезім, табиғат, болмыс құбылыстарын көркемдік материал, мазмұн, әрі бейнелік толғанысты жеткізуге қажетті құрал ретінде пайдалану талабы жыл өткен сайын нығая береді. Адам мен қоғам бойындағы құбылыстарды, ерекшеліктерді ақын салыстыра, сабақтастыра жырлайды. Табиғат әлемі – С.Мәуленов үшін сарқылмас эмоциялық қуат, қанаттандырушы рух, түпсіз қазына.

С.Мәуленовтің табиғат лирикаларының тақырыбы әр алуан, бояу нақышы, бейнелеу машықтары, поэтикалық ізденістері де басқа ақындарға ұқсай бермейді. С.Мәуленов қазақ поэзиясына айрықша өнімді еңбек етіп, жемісті жырлар қалдырған талант.

Поэзия теоретиктері лирика жанрының бір түрі – табиғат лирикасын сөз еткенде ақындардың қаламынан бірде таза пейзаждық өрнектер саулап түсіп жатса, келесі бір ыңғайда жаратылыс картиналары ішкі қат-қабат сыр-сезіммен, әрқалай көңіл-күй астарымен туыстасып кететінін сөз етеді. Қажетті детальды орынды пайдалану, сол арқылы иландыру және де сол арқылы оқиғаға ортақтастыру – Сырбай ақын шеберлігінің бір парасы деуге болады.

Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленов – публицист, очеркист, журналист, сыншы, сатирик, редактор. Ол классик ақын болумен қатар, журналистиканың барлық жанрында қалам тербеген. Қазақ лирикасының хас шебері Сырбай Мәуленовтің әдебиет әлемінде алар орны зор. Оның сырға толы өлеңдері мәңгі халықтың жүрегінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
4. Мәуленов С. Өлеңім – өмірім менің. Жыр жинағы. – Алматы: Санат, 4227.- 574 б.
4. Өлең өлкесі: Қазақ табиғат лирикасының антологиясы. (Құраст. Ж.Әскербекқызы). – Алматы: Жазушы, 4002. – 474 б.
3. Мәуленов С. Ақшамның қызыл қанаты. Жыр кітабы. –Алматы: Жазушы, 4284. – 384 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы /кеңес дәуірі 4253-4220/. – Алматы. 4005.

Кайырханова Акмарал Муратовна,
Алматы қаласы,
КМҚК «Туризм және қонақжайлылық
индустриясы колледжі»
саясаттану және әлеуметтану,
тарих пәні оқытушысы

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ БЕЙІМДЕП, ТАРИХ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

«Отанға деген сүйіспеншілік – жүректен, білімге деген ұмтылыс – ақылдан туады» – деп жазған Сырбай Мәуленов, туған ел мен жерді сүюдің поэзиядағы биік үлгісін қалдырды.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – жан-жақты, рухани бай, елін сүйетін ұрпақ тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуде патриоттық тәрбиенің маңызы ерекше. Қазақстан тарихын оқыту барысында студенттерге нақты тарихи фактілермен қатар, сол кезеңнің рухани-мәдени көріністерін, көркем бейнесін жеткізу аса маңызды. Осы тұрғыда қазақ поэзиясы, әсіресе Сырбай Мәуленов шығармалары – құнды тәрбиелік құрал болып табылады.

Сырбай Мәуленов — қазақ поэзиясының көрнекті ақыны, соғыс ардагері, публицист әрі журналист. Оның шығармашылығында ерлік, жер, халық, Отан, батырлық, патриоттық, тарихи мәні зор тақырыптар көптеп кездеседі.

Бұл баяндамада алдымен Сырбай Мәуленовтің өмірі, шығармашылығындағы негізгі тарихи-патриоттық тақырыптар қарастырылады, кейін колледж студенттеріне бейімдеу жолдары ұсынылады, және тарих сабағында қолданудың әдіс- тәсілдері мен нақты үлгісі ретінде сабақ жоспары беріледі.

Сырбай Мәуленов – Ұлы Отан соғысына қатысқан, майдан шындығын көрген, елге оралған соң әдебиет арқылы ұлт рухын көтерген қаламгер. Оның өлеңдерінде елге, жерге, туған тілге деген сүйіспеншілік, табиғатты қастерлеу, адамгершілік, еңбекке құрмет сынды ұғымдар терең орын алады.

Сырбай Мәуленов шығармаларының тәрбиелік маңызы орасан зор. Ақын шығармашылығы – азаматтық рух пен шынайы патриотизмге толы. Ол қазақ поэзиясында ел мен жерді сүюді ерекше поэтикалық тілмен көрсете білді. Мысалы:

- «Туған ел», «Жер», «Қазақ тілім», «Жолда» сынды өлеңдері тарих сабағында Тәуелсіздік, кеңестік кезең немесе Ұлы Отан соғысы тақырыптарын өткенде тамаша қосымша материал бола алады.

- Оның поэзиясындағы Отанға деген құрмет, табиғатпен үндестік, жауынгерлік рух бүгінгі жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеудің тиімді жолы ретінде қарастырылуы тиіс. Патриоттық тәрбие қазіргі Қазақстан қоғамында, әсіресе жастар арасында ұлттық сана мен мемлекеттілік түсінігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Колледж студенттері — еліміздің болашағы, оларда Отанға деген сүйіспеншілікті, тарихымызды

қадірлеуді тәрбиелеу аса маңызды. Мұнда әдебиет пен тарих сабақтарын интеграциялау арқылы патриоттық сезімді арттыру тиімді жолдардың бірі.

Сырбай Мәуленовтің өмірі мен шығармашылық жолы (қысқаша)

1. Биографиялық мәліметтер:
   - Сырбай Мәуленов 1922 жылы Тургай облысында (қазіргі Жангелдин ауданында, Қостанай облысы) дүниеге келген.
   - Ұлы Отан соғысына қатысқан. Волхов майданында, 163- атқыштар полкінде қызмет еткен.
   - Соғыста ауыр жараланған.
   - Соғыстан кейін әдебиет, журналистика, публицистика саласында жұмыс істеп, қазақ әдебиетіндегі лирика жанрын дамытқан.
   - Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері.
2. Шығармашылық бағыттары және өлеңдеріндегі тарихи- патриоттық тақырыптар:
   - Соғыс тақырыбы: “Ұлы Отан соғысы”, “Соғыстан қайтқан солдаттар”, басқа да майдан өмірін сипаттайтын өлеңдері.
   - Туған жер, туған ел туралы өлеңдер: туған жерге деген сағыныш, табиғат, даланың сұлулығын жырлау.
   - Замана және халық еңбегі: бейбіт күндердегі тұрмыс, ауыл, еңбек ету, ел дамуы туралы патриоттық жәи қоғамдық- әлеуметтік мазмұндары бар өлеңдер.
3. Өлеңдерінің стилі мен көркемдік құралдары:
   - Лирикалық тіл, сезімге толы образдар; табиғат бейнелері арқылы туған жерді сезінту.
   - Символдар мен метафоралар: жер, дала, арша, аспан, таң, жарық сияқты элементтер арқылы ұлттық сана мен руханилықты жеткізу.
   - Қарапайым, түсінікті тіл: студент, жасөспірім, жалпы жұртшылық үшін өлеңдері қолжетімді. Бұл – оқытуда артықшылық.

Студенттердің патриоттық тәрбиесінде тарих сабағында Сырбай Мәуленов шығармаларын қолданудың маңызы:

- Тарих білімін байытады: Поэзия тарихи оқиғалардың, адам тағдырларының эмоционалды бейнесін береді; сол арқылы оқушылар тарихты “тек фактілер” арқылы емес, адамдық драма, рухани құндылық арқылы қабылдайды.
- Ұлттық сана, патриотизм сезімін қалыптастырады: Отанның, солдаттардың ерлігі, туған жерге деген махаббат; бұл студенттерде жауапкершілік, мақтаныш сезімін арттыруға себепші.
- Моральдық- адамгершілік қасиеттерді дамыту: Батылдық, қайсарлық, төзімділік, жақсылық іздеушілік секілді қасиеттер өлең арқылы көркем бейнеде ұсынылады, оқушының сезіміне әсер етеді.
- Тіл мәдениетін жетілдіру: Сырбай Мәуленов шығармалары көркемдік тілдік құралдарға бай, поэтикалық стильдің үлгісі. Бұл студенттерге әдеби тіл, сөз қолданысы, бейнелі тіл секілді дағдыларды дамытуға көмектеседі.
- Интеграциялық тәсіл: Тарих пен әдебиетті байланыстыра отырып, сабақтар қызықтырақ, мағыналырақ болады, оқушылардың қызығушылығы жоғарылайды.

Колледж деңгейінде шығармаларды бейімдеу жолдары

Төменде колледж студенттері үшін лайықталған кейбір әдістер мен тәсілдер:

1. Тақырыптық таңдау. Өлеңдердің тарихи- батырлық, Отан қорғау тақырыбына қатысты творчестволарын таңдау. Мысалы: “Соғыстан қайтқан солдаттар”, “Белгісіз солдат басында”, “Ұйқысыз өткен түнде”, “Кек” сияқты поэмалар мен өлеңдер.
2. Шығармаларды қысқарту және қысқа үзінділер қолдану. Толық өлеңдер немесе поэмалар студенттердің сабақ уақытына байланысты ұзақ болуы мүмкін. Сондықтан негізгі үзінділер- абзацтар таңдап алып, оларды талдау үшін қолдану.

3. Мәтін мен контекст бекіту кезеңінде өлеңнің жазылған жылдары, автордың жеке тәжірибесі (соғыс, туған жер, жарақат, қайтпас қайсарлық), сол кезеңнің тарихи оқиғалары туралы ақпарат беру. Бұл студенттердің өлең мазмұнын терең түсінуіне көмектеседі.
4. Салыстырмалы талдау. Сырбай Мәуленовтің шығармаларын басқа ақындармен (соғыс тақырыбында жазған басқа қазақ ақындары немесе әлем ақындары) салыстыру: хат, дауыс, стиль, көзқарас жағынан.
5. Тарих сабағында әдеби көзқарас енгізу. Мысалы, Ұлы Отан соғысы бөлімінде сол оқиға туралы тарихи деректермен қатар әдеби өлеңдерді мысалға алу. Бұл оқушыларға "тарих- әдебиет" біртұтас бола алатынын көрсетеді.
6. Креативті тапсырмалар беру
   - a) Өлең үзіндісін мәнерлеп оқу, драматизация жасау.
   - b) Өлеңнің кейіпкері болу: студенттер өлең кейіпкерінің рөлінде экспрессивті монолог немесе эссе жазу.
   - c) Өлеңге иллюстрация немесе бейнелеу өнері арқылы презентация жасау.
   - d) Мазмұнды бейне, аудио, мультимедиялық ресурстар қолдану.
7. Пәнаралық байланыс. Тарих сабақтарында әдебиетті, өнер тарихын, тіл мәдениетін қосу. Ұлттық музыка немесе сурет өнерімен байланысты қосуды ұйымдастыру.
8. Қазіргі заманмен байланыс. Өлеңнің мазмұнын бүгінгі күннің тұрғысынан талдау: жастар үшін неге маңызды? Қандай мәселелер әлі де бар? Туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті қазіргі қоғамда қалай көрсетуге болады? Бұл диалог формасында өткізіледі.

Нақты сабақ жоспары үлгісі

Төменде тарих сабағының бір ғылым- практика жоспары, "Ұлы Отан соғысы" тақырыбы аясында, колледж студенттеріне арналған:

Сабақтың тақырыбы:

Ұлы Отан соғысы және қазақтың батыр ақыны Сырбай Мәуленов шығармалары арқылы Отансүйгіштікті тәрбиелеу

Сабақтың мақсаты:

- Білімділік: студенттерге Ұлы Отан соғысының негізгі тарихи кезеңдерін, оның Қазақстан халқына әсерін және Сырбай Мәуленовтің соғыс жылдарындағы өмірін мәлімет беру; оның өлеңдеріндегі тарихи шындықты анықтау.
- Тәрбиелік: студенттерде Отан қорғаушыға құрмет, батырлық, ерлік, жүректілікті тәрбиелеу; туған жерге, халыққа жауапкершілік сезімін ояту.
- Дамытушылық: әдебиет пен тарихты байланыстыра отырып ойлау қабілетін, талдау жасау дағдыларын дамыту; сөздік қоры, тіл мәдениеті мен көркемдік сезімін жақсарту.

Сабақтың формасы:

Аралас – лекция + талқылау + шығармашылық тапсырма.

Қажетті құрал- жабдықтар:

- Сырбай Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» және «Белгісіз солдат басында» деген өлеңдерінен үзінділер құрамында.
- Тарихи деректер (Ұлы Отан соғысының хронологиясы, майдандағы қазақ батырларының ерліктері).
- Бейне- жазбалар, суреттер, фотоматериалдар (соғыс, солдаттар, мемориалдар).
- Презентация, слайд, аудио.

Сабақ барысы:

Жоспар кезеңі	Уақыты	Іс- әрекеттер	Жоспарланған нәтиже
Ұйымдастыру	5 мин	Сәлемдесу. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын баяндау.	Студенттер дайын, сабаққа көңіл бөлуге орнатылған.
Кіріспе	10 мин	Ұлы Отан соғысының тарихы туралы қысқаша лекция. Қазақ	Студенттердің тарихи білімдері

		батырлары, соғыстың біздің елге тигізген ықпалы.	жаңарады.
Мәтінді таныстыру	10 мин	Сырбай Мәуленовтің өмірі-өзі туралы мәлімет беру. «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінің қысқаша мазмұны.	Өлеңнің авторы мен тарихи контекст түсініледі.
Өлең үзіндісінің талдауы	25 мин	Өлең үзіндісін мәнерлеп оқу. Образдарды талдау: “солдат”, “соғыс”, “оты”, “үйге орау” сияқты сөздер не сезімдерді тудыратындығы туралы талқылау. Салыстырмалы тарихи фактілермен сәйкестігін қарастыру.	Студенттер өлеңнің көркемдік құралдарын түсінеді, тарихи және әдеби байланысы анықталады.
Шығармашылық жұмыс	25 мин	Студенттер шағын топтарға бөлінеді. Әр топ: 1) Өлең үзіндісіне бейне сценарий дайындау; 2) Өлең кейіпкерінің көзқарасынан эссе жазу; 3) Солдаттар туралы естелік баяндау.	Топтық жұмыс арқылы коммуникативтік дағдылар және шығармашылық қабілет дамиды.
Қорытынды	10 мин	Студенттердің жұмыстары талқыланады. Патриоттық тәрбиеге не үлес қосатыны туралы рефлексия: «Мен үшін Отансүйгіштік деген не?» деген сұраққа жауап.	Сабақтың нәтижелерін бекіту; студенттердің ой-сана сезімі қозды.
Үй тапсырмасы	5 мин	Таңдаулы басқа бір Сырбай Мәуленов өлеңін оқып, сол өлеңнің тарихи мағынасын және қазіргі жастарға деген мәнін жазып келу.	Студенттердің терең ойлауы мен дербестік жұмыс істеу дағдылары артады.

Кездесетін қиындықтар және оларды шешу жолдары

1. **Оқушылардың поэзияға қызығушылығы төмен болуы мүмкін.** *Шешуі:* өлеңдерді музыкалық, визуалдық немесе драматизация әдісімен, яғни әуен, бейне немесе сахналық қойылым арқылы таныстыру; студенттердің өздері дауыстау мүмкіндігі; жаңа технологияларды (мультимедия, интернет) қолдану.
2. **Уақыт шектеулері.** *Шешуі:* сабақ жоспарын мұқият дайындау; өлеңнің қысқа үзінділерін қолдану; кейбір талдау жұмыстарын үйге тапсырма ретінде беру.
3. **Тарих пен әдебиет арасындағы байланыс мәселесі.** *Шешуі:* оқытушы екі саладағы деректерді алдын-ала жинап, сабақ мазмұнында әдеби өлеңдерді тарихи фактілермен сәйкестендіру; тарихи хроникамен поэзиялық идеяларды салыстыру.
4. **Оқушылардың тілдік деңгейі.** *Шешуі:* сөздік жұмыс, бейнелі сөздер мен метафораларды түсіндіру; алдынғы білімге сүйену; топтық талдау.
5. **Материалдардың жеткіліксіздігі немесе қолжетімсіздігі.** *Шешуі:* кітапхана ресурстарын, электронды ресурстарды (сайттар, аудио-видео), поэзия жинақтарын пайдалану; ұстаздардың материал алмасуы; оқу-әдістемелік құралдарды жинақтау.

Әдістер мен технологиялар

- **Мәтіндік әдіс** (өлеңдер, поэмалар мәтінін талдау).

- **Тарихи дереккөздермен жұмыс** (архив, фотолар, естеліктер).
- **Интерактивті технологиялар**: топтық жұмыс, пікір алмастыру, рөлдік ойын, дискуссия.
- **Креативтік тапсырмалар**: эссе, шығарма жазу, бейнежазба, иллюстрация.
- **Мультимедиалық құралдар**: бейне, аудио, презентация; сондай-ақ виртуалды музей-турлар, мемориалдарды суретке түсіру және талқылау.
- **Интегралды сабақтар**: әдебиет + тарих + тіл + өнер.

Бағалау критерийлері

Оқушылардың патриоттық тәрбие алу деңгейін бағалау үшін төмендегідей критерийлер қолданылуы мүмкін:

1. **Білімдік деңгей**: тарихи фактілерді білу, шығарманың контекстін түсіну.
2. **Талдау қабілеті**: әдеби құралдарды анықтау, туындыдағы образы мен тақырыпты ашу.
3. **Тілдік дағдылар**: өлеңді мәнерлеп оқу, ауызша және жазбаша жауап беру, көркем тіл қолдану.
4. **Шығармашылық өзін-өзі көрсету**: шығармашылық тапсырмаларды орындау, өзіндік көзқарас, эмоция мен ойды жеткізу.
5. **Тәрбиелік әсер**: студенттің сабақты тыңдау, өз пікірін айту, Отанға деген сезімді білдіру (эссе, монолог, пікір талқылау).

Қорытынды

Сырбай Мәуленовтің шығармалары колледж студенттерін патриоттыққа тәрбиелеуде аса құнды ресурс болып табылады. Ол — соғыс ардагері, туған жер, халық, ел болашағы туралы өлеңдерімен қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған ақындығымен белгілі. Бұл шығармалар тарих сабағында қолданған кезде студенттердің тарихи санасын тереңдетіп, патриотизм, туған жерге махаббат, ерлік секілді құндылықтарды дарытуға зор мүмкіншілік береді.

Бейімделген әдістер мен сабақ жоспарлары, креативті тапсырмалар, әдеби-тарихи интеграция, мультимедиялық құралдар – бұлар студенттердің сабаққа қызығушылығын арттырып, білім мен тәрбие үдерісін тиімді етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мәуленов С. *Өлеңдер жинағы*. — Алматы: Жазушы, 1982.
2. Мәуленов С. *Соғыстан қайтқан солдаттар*. — Алматы: Жалын, 1975.
3. Жұбанов Қ. *Қазақ поэзиясындағы патриоттық тақырыптар*. — Алматы: Рауан, 1997.
4. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық / А. Қыраубаева, Ж. Дәдебаев, т.б. — Алматы: Мектеп, 2020.
5. Қазақ әдебиеті. Арнаулы пән. Колледжге арналған оқу құралы / Қ. Аманжолов, Ә. Еспенбетов. — Алматы: Фолиант, 2021.
6. Хасенова А. *Қазақ әдебиеті мен тарих сабақтарының интеграциясы арқылы патриоттық тәрбие беру жолдары* // «Педагогика және психология» журналы. — №3, 2021. — Б. 38–42.
7. Әлімқұлова Ж. *Сырбай Мәуленов поэзиясындағы туған жер тақырыбы* // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. — №5, 2020. — Б. 15–18.
8. Kitap.kz – Қазақ әдебиеті онлайн кітапханасы: https://kitap.kz
9. Bilim-all.kz – Танымдық білім порталы: «Сырбай Мәуленов туралы» мақаласы: https://bilim-all.kz/article/15974-Syrbai-Maulenov
10. ITest.kz – БЖБ, ТЖБ дайындық платформасы: «Сырбай Мәуленов поэзиясы» дәрісі: https://itest.kz
11. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Т. Тәкішев, М. Жолдасбаев. — Алматы: Атамұра, 2020.

12. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. *Патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасы*. — Нұр-Сұлтан, 2019.
13. Wikipedia.org – «Сырбай Мәуленов» мақаласы (қазақша және орысша нұсқаларынан): https://kk.wikipedia.org, https://ru.wikipedia.org
14. Мұқанов С. *Қазақ әдебиетінің тарихы*. — Алматы: Санат, 1994.
15. Әлжаппарова М. *Патриоттық тәрбие беру жүйесі және оның қазіргі замандағы рөлі* // «Білім – Образование – Education» журналы. — №2, 2022. — Б. 48–51.

Калмуратова Сапарайм Оразбайқызы,
№60 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
гуманитарлық ғылымдарының магистрі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

Соғыс, соғыс, соғыс. Бұл сөздер қаншама жанның жанына жара салып, көкірегіне ой тастап, ерік-жігерін асқақтата түсті. Халықты түнде ұйқысынан, күндіз күлкісінен, ананы баладан, әйелді жарынан айырды. Бұл сөз бүкіл адамзаттың өміріне, қызметіне өз әсерін келтірмей қойған жоқ. Соғыстың ең үлкен мақсаты – жеңіске жету. Сол мерейлі сәтті, әсерлі сөзді есіту үшін қаншама асыл істер жасалды. Қазақ әдебиетінде де XX ғасырдың ортасында қалам тебіренпеген жазушы, ақын қалмаған шығар. Ақындардың өлең жырлары сарбаздарды жеңіске жетеледі. Отанға, елге, анасына, әкесіне, жарына, баласына деген ыстық сағынышын жеңіс үшін күресуге қару ретінде пайланды десек те болады. Сондай ақындарымыздың бірі - Сырбай Мәуленов. Ақынынң шығармалары сарбаздарға рух сыйлады. Сарбаздық рух ұғымды адамға өміршеңдік, талап, табандылық, адамгершілік және жанқиярлық қасиеттерді оятады. Қазақ поэзиясында сарбаздық рух — тек әскери батырлық емес, сонымен бірге моральдық міндет, адамгершілік, туған жер мен халық алдындағы адалдық, жан құрбандық жасауға дайын болу сияқты терең сезімдерді қамтиды. Сырбай Мәуленов — Ұлы Отан соғысына қатысқан ақын, қазақ әдебиетінде соғыстың адам тағдырына, адам рухына әсерін шынайы мәнінде жеткізген авторлардың бірі. Оның өмірі мен шығармашылығы осы тақырыпты әдебиет тұрғысынан тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рухтың көріністері, ерекшеліктері мен маңызы қарастырылады. Мақаланың мақсаты — Мәуленов өлеңдері мен жырлары арқылы сарбаздық рухтың бейнелену жолдарын талдау, оның әдебиеттегі рөлін анықтау. Міндеттер: поэзиялық тіл құралдары мен образдары арқылы сарбаздық рухтың мәнін ашу; автор өмірі мен тәжірибесі арқылы өлеңдерге әсерін көрсету; ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ролін талдау.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысқан: 1942 жылдан бастап атқыштар ротасының командирінің орынбасары, кейін саяси жетекші ретінде қызмет атқарған. 1943 жылдың 17 қаңтарында Ленинград қоршауын бұзу кезінде Волхов бағытында ауыр жарақат алған. Соғыс ардагері ретіндегі осы тәжірибе оның поэзиясына едәуір әсер еткен. Сол кезде көрген тірлік, соғыстың зардабы, өлім мен өмірдің арасындағы қақтығыс — бәрі де оның өлеңдерінде сарбаздық рухтың шынайы бейнелері ретінде көрініс тапқан. [1]

Ақынның майдан шебінде жүріп жазған өлеңдерінен сарбаздың ауыр тағдыры мен жүрек үні айқын көрінеді. Мысалы, оның "Жауынгер дәптері" атты жинағындағы мына өлең жолдары сарбаздың үмітке толы жүрегін сипаттайды:

«Жат жерде жүрсем де мен жат емес,
Жүрегім менің елмен бірге соғады.» [1]

Оның өлеңдерінен сарбаздың қайтпас қайсарлығы, туған жерге деген сүйіспеншілігі мен биік рухы терең сезіледі. Өлең жолдарында сарбаздың елге деген аотриаттық сезімін

өлеңнің екінші шумағынан көре аламыз. Қайда болса да, жан тәсілім етсе де сарбаздың рухы әрқашан туған елімен бірге екенін көрсетеді. Сонымен қатар, сарбаз – Сырбай поэзиясында жай ғана әскери тұлға емес, ол – елді, жерді қорғаған ер, рухы биік, жаны мейірімге толы тұлға екенін айқын көрініп тұрады. Бұл жолдардан сарбаздың туған елінен алыс жүрсе де, рухының сол елмен бірге екенін айтылған.

«Соғыстан қайтқан солдаттар»

Бұл өлеңде соғысқа қатысқан сарбаздардың қайтып оралуы, ауыр тағдырлары, еліндегі тіршілік пен тыныштыққа деген үміті суреттеледі. Өлеңнің бір бөлігінде:

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар. [3]

Бұл үзіндіде үйін, баласын сағынған ананың бейнесі арқылы соғыстың қоғамға, отбасыға тигізген ауыр зардабы айқын көрініс табады. Өлеңде соғыстың асыға бітуін күткен солдат қана емес, сонымен бірге баласын, жарын сағынған әйел қауымының басына түскен ауыр сағынышты көруге болады. Солдат қайтқанда ғана ғана емес, солдат қайтпағанда да сол әйелдің жүрегі ұлы үшін үмітпен елтететінін көрсетеді. «Жаутаңдап қарап дала тұр», тармағында далаға да жан бітіріп, баласын сағынған қара жерді көрсетеді. Бұл жолдардан Отан мен сарбаздың сағынышын, ана мен баланың сағынышын анық көре аламыз. Жүрегінде жаны бар адам ғана емес, жанды табиғаттың да ұлы үшін күңіреніп отқанының айқын көрінісі.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов заманауи ақын, себебі бүгінгі заман оның барлық өлеңдерінде бар уайыммен және үреймен өмір сүреді. Бірақ бұл тақырып жер бетінде өмір сүргендердің ең басты жауапкершілігі – өткен мен болашақ алдында бағынышты. Бұл идея шайқасқа түскендерге арналған жолдарда жазылған.

Сырбай Мәуленовтің өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, майдандас достарын қайта тірілтеді. Өйткені, олардың алда жаңа биіктер мен шекаралар, жеңіске жетудің ұлы жолы тұрды. Ақынның поэзиясы бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген мақсатты тағы да еске салады. Сырбай Мәуленов туған жеріне, табиғатқа үлкен құрметпен қарайды. Сол себепті ақын шығармаларында Отан қай жерде болмасын, адаммен бірге жүретін, аспанда қалықтаған қарлығашпен байланыстырылады.

Қайтармыз Қазақстанға

Қайратты күш шыдатпас,
Шығар жаудың талқаны.
Қайтармыз Қазақстанға,
Аралармыз Арқаны.
Құдіретті күшімен,
Құрар жеңіс салтанат. [4]

Алғашқы екі шумақтан жаудың төзімі мен шыдамының таусылар сәті сарбазға үміт сылайды. Қайтадан уайымсыз, сауық сайран құратын заманның келетінін асыға күтеді.

«Он сегізде жүрдім Дон алабында» — ақынның жас сарбаз кезіндегі соғыс тәжірибесі туралы жыр. Он сегіз жасында майданға аттанған жас жігіттің қорқынышы мен батылдығы, соғыстың қасіреті мен қаупі, өз өмірі мен Отан алдындағы борышы туралы ойлары өлең арқылы жеткізіледі. Ақын өлеңде жас сарбаздың ішкі сезімдерін, ойларын, қоршаған ортаның бейнесін шебер суреттейді.

«Он сегізде жүрдім Дон алабында,
Үлкенмін бе, әлде жас баламын ба.
Қара жаңбыр, қара түн, қара жел де,

Қақпа алдында тұрамын қарауылда...» [5.160]

- Жас сарбаздың ішкі дүниесі: Он сегіз жас — өмірдің, үміт пен арманның, балалық пен ерліктің шекарасы. Ақын өз жасын бала және сонымен бірге жауынгер ретінде сезінеді.
- Соғыстың ауыртпалығы: «Қара жаңбыр», «қара түн», «қара жел» сияқты сөздер соғыстың ауыр және қатал ортасын бейнелейді. Бұл табиғаттың, соғыс ортасының қараңғы бейнесі — оқиға атмосферасы.
- Борыш пен ерлік: Қақпа алдында қарауылда тұру — жауынгердің Отанға, елге деген борышын көрсетеді. Бұл сарбаздық рухтың негізі.
- Жас ерекшелігі мен өмірлік философия: «Үлкенмін бе, әлде жас баламын ба» деген жолдар жас сарбаздың өзіндік сұрақтарын, өмірге деген көзқарасын ашады.
- «Он сегізде» — жас, өмірдің бастауы, оқиғаның басты кейіпкері.
- «Дон алабы» — соғыс майданының аты, тарихи орын. Бұл — қиын күрес пен қасірет мекені.
- «Қара жаңбыр», «қара түн», «қара жел» — соғыстың қорқынышты, ауыр көріністері. Табиғат бейнелері арқылы соғыс ортасының қаталдығын көрсетеді.
- «Қақпа алдында тұрамын қарауылда» — жауынгердің міндеті, жауапкершілігі. Бұл сарбаздың батылдығы мен берік тұруының символы.

Ақын жас сарбаздың жүрегі мен рухындағы күрделі күйзелістерді, өмір мен өлім арасындағы күйініш пен үмітті ашып көрсетеді. Ол соғыстың қасіретін, адам тағдырындағы ауыртпалықты терең сезінеді, бірақ сонымен бірге сарбаздың рухының мықтылығын, ерлігін дәріптейді.

Өлең — жастарға арналған рухани сабақ, ерлік пен патриотизмге шақыру.

«Он сегізде жүрдім Дон алабында» өлеңі — жас сарбаздың майдандағы өмірі, оның ішкі толғаныстары мен ерлік рухының поэтикалық бейнесі. Ақын соғыс ардагері ретінде өз жүрегінің түкпіріндегі сезімдерді, соғыс ортасының ауыртпалығын шынайы әрі көркем тілмен жеткізеді. Бұл өлең патриотизмнің, батырлықтың, туған елге деген махаббаттың үлгісі болып табылады.

Сырбай Мәуленов қазақ поэзиясын өлеңнің жаңаша түрлерімен байытқан, жаңалық әкелген ақын екені бүгінде даусыз. Небәрі онбес жолдан тұратын «Түбірлер» өлеңі – соғыс тақырыбына арналған суреткердің мәңгі өшпейтін бейнелі полотносы тәрізді. Бұл алапат соғыстың не екенін сізге бүкіл тұла бойыңызбен, жүрегіңізбен сезінуге мәжбүр етеді. Өлеңнің мәні де, маңызы да сонда.

1943 жылы комиссар, лейтенант Сырбай Мәуленов Волхов майданындағы кезекті шабуыл кезінде қолынан ауыр жарақат алып, майдан даласында жатып қалады. Содан кешке шағын денелі санитарка қыз келіп, өзіміздің әскер шебіне, окопқа қарай сүйреп, таң ата әрең жеткізеді. Сырбай санитар қыздың күшімен ажалдан аман қалады. Сол бір батыр қызға арналған Сырағаңның мынандай бір поэтикалық сыры керемет өлеңі бар:

«Менімен бір кірпік қақпай,
Түндер бойы көз ілмедің.
Кіп кішкентай болсаң да өзің,
Шіркін қандай төзімді едің.

Өрт ішінен алып шықтың,
Қансырап мен жатыр едім.
Кіп кішкентай болсаңда өзің
Шіркін қандай батыр едің...» [7]

Әрине, ақын Сырбай Мәуленовтің майдан тақырыбына арналған отты да сырлы жырларын талдай берсек бір емес, бірнеше мақалаға жүк болар еді. Сондықтан , Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын зерттеген жазушы Әди Шәріповтің мына бір сөзін мысалға келтіре кетсек, сөзімізге жан бере түсер еді: « Сырбайдың «Сәлем, Волхов

орманы», «Назияда күн ашық», «Синявино шайқасы» тағы басқа өлеңдерінде ақын Ленинград жеріне ыстық сезімін, сүйіспеншілік көңілін суреттейді» дейді.

Жүре бердік түк үнсіз,
Үзіліссіз, тынымсыз.
Кірпік ілмей ұйқысыз,
Жүре бердік шылымсыз.
Жүре берді ормандар
Танкілерді бүркеген.
Байқамады жау оны,
Тіміскілеп тінтіген.
Самолеттің барлаған
Аспанда тек гүрілі.
Жоқ болады жарқ етіп,
Алыста оттың дірілі.
Көп түн жаяу жүреміз,
Жатыр алда жол қанша.
Шіркін соғыс, соғыс па,
Жаяу әскер болмаса! [6]

Бұл өлең — Ұлы Отан соғысы кезінде майданға аттанған жауынгерлердің жүрек тебіренісі мен олардың ерлік рухы туралы. Өлеңде майданға шыққан сарбаздардың туған жерге, отанға деген сүйіспеншілігі, соғыс ауыртпалықтарына төтеп беруі суреттеледі. Өлең майданға аттану сәтінен басталады. Жауынгердің жүрегінде елге қызмет етуге деген ниет, елін қорғауға деген ұлы арманы бар. Майдан жолы қиын, қауіпті, бірақ жауынгерлер оның алдында ешқашан қорықпайды. Олар бір мақсат — отанды қорғау үшін күреседі. Өлеңде жауынгерлердің батылдығы, достық пен бірлік сезімі көрініс табады. Олар қасық қаны қалғанша елдің тыныштығы үшін шайқасады. Автор соғыс ауыртпалығы мен шығындарын еске алып, бірақ ерлік пен намыс адамды жеңіске жетелейді деп сендіреді. Өлеңнің соңында жеңіс пен бейбіт күннің мәні айтылады. Жауынгерлердің ерлігі мәңгі есте қалатыны, олардың жасаған құрбандықтары босқа кетпейтіні атап өтіледі.

Қорыта келгенде, Сырбай Мәуленов – сыршыл ақын. Оның сарбазға, майданға арнап жазған өлеңдерінен тек қана отанға деген сағынышты, жеңіске деген ұмтылысты қана емес, Отан ұғымының биік тұратынын, оған бүкіл жер бетіндегі сағыныш әлемін кіргізіп жіберген. Өлең шумақтарын оқығанда сол дәуірге барып қайтпай, көзіне жас келмейтін жан болмайтын шығар. Қазіргі бейбіт заманда ақын шығармалары потриоттықтың қайнар көзі дер едім.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қостанай облыстық тарихи- өлкетану мұражайының мәліметтері. kraeved-kst.kz
2. Мәлім. Интернет порталы. Басты бет | Malim.kz
3. Білім ал. Интернет порталы.
4. STAN.KZ сайты
5. Мәуленов, Сырбай. *Шығармалары. Том 4*. Әдебиет порталы
6. Мәуленов, Сырбай. *Шығармалары. Том 2*. Әдебиет порталы
7. ULT.kz порталы

Канафина Аманкул Балтажанқызы,
Астана қаласы,
Сұлтанбек Қожанов атындағы
№ 64 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі

ҚАЛАМ МЕН ҚАРУДЫ ҚАТАР ҰСТАҒАН МАЙДАНГЕР

Екі бағыт, екі түрлі қыр. Майдангер ақындар – екі әлем арасындағы алтын көпір іспеттес. Қарумен жауға қарсы тұрып, қаламмен халқына үн қатқан, майданның тоғысында тұрған қайсар рухтың үлгісі, хх ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, әдебиеттің жілігін шағып, майын ішер біртуар ақыны, Ұлы Отан соғысының ардагері – Сырбай Мәуленов. Өлеңдері бейбіт күннің арасы мен майданның таласын, сол кезеңнің жарасы мен жан баласының мұң-мұқтажын, елге деген махаббатын жеткізген. Ұлы Отан соғысының ардагері, қайтпас қайсар азамат қаламына сүйеніп, құны қымбат жырларын дүниеге алып келген. Ендеше, қалам мен қарудың символикасына, қарумен күрес жанқиярлығына, қаламмен күрес – рухани қару екендігіне, қайшылықпен күрес – рухани сынақ екендігіне тиек болып отырған ақынның тағдырына тоқталып өтейін.

Сырбай Мәуленовтың «Қазақ әдебиеті» газетінде (бас редактор орынбасары 1957-1961, бас редактор 1955-1957, 1971-1977), «Жұлдыз» журналында (бас редактор-1964-1971) қызмет істеген жылдары – қаламгердің шығармашылық, өмірлік жолындағы айрықша табысты бел-белестер. Әрі азамат, әрі ақын ретінде әлеуметтік, шығармашылық өмірге белсене араласуы...» Ол Қостанай облысы; Жанкелдин ауданы; Торғай поселкесі; – 1993) – ақын. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген.Майдангер ақынның тағдырлы ғұмыры Қостанайдың кең даласында басталды. Болашақ ақын балалық шағынан-ақ туған жердің табиғатын елітіп, өлеңге жақын болып өсті. Әдебиетке деген махаббаты ерте оянған бала Сырбайдың тырнақалды туындылары ел ішіндегі қарапайым тіршілік пен табиғат көріністерінен нәр алған. 1942 жылы қан майданға аттанған Сырбай Отан алдындағы борышын адал атқарды. Ал ақын ретінде соғыстың зұлматы мен сарбаздардың жанқияр ерлігін жырлады. Оның өлеңдерінен оқ пен оттың үні ғана емес, бейбіт күнге деген сағыныштың желі еседі.

Сырбай Мәуленов бір сұхбатында былай деген, «өлең жазардағы ақынның азабы деген өте күшті азап, мәселен, ғалымдар кітап ақтарып отырып ойын сабақтаса, ақын деген ақ қағазбен қара қаламын алып, сырласып отырғанда оған жәрдем беретін ешкім болмайды. Өмірдің барлығы өлең, өлең қалай туады десеңіз, оның өзі қияметтің қияметі, ауыр еңбек, ақын деген мамандық емес, мамандыққа жетілуге болады, ақындық ол тағдыр, адамның пешенесіне жазылған дүние». Ақынның алғашқы өлеңі он бес жасында Жамбыл облысының «Калхозшы» газетінде жарияланған. Алғашқы жинағы «Өлеңдер» деп аталады. Яғни, 1948 жылы жарық көрген. Кейін «Таңдаулы өлеңдер» атты таңдамалысы, «Шаңқай түс», «Жер нәрі» атты әдеби портреттері мен очерктер жинағы жарық көрді. Әдебиет майталмандары Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Қасым Қайсенов сынды ақын-жазушыларымыздың өмір жолы көркем бейнеленген «Үркер төбеде тұр» кітабы жазылды. Шығармаларында туған жер, замандас және оның жасампаз еңбегі жарқын жырланады. Жазушының балаларға арналған шығармаларынан бөлек Амангелді Имановтың балалық шағына арнап жазған «Қорқақ-Торпақ» секілді көптеген өлеңдері жарық көрді. Майданда қолында қару болған адам, атыс дыбысын жақын сезген жан – өмір мен өлім шекарасында тұрған жан. Оның сол кездегі ісі – жау қаққан жерге қас жүріп, ел қорғағаны. Өлеңімен қасиетті Отанын қорғауға үлес қосты. Ақын ретінде соғысты рухани сын мен шабыт көзіне айналдыра білді. Қару мен оқ арасындағы үзілістен өлең туындаған кездер – нағыз ақындықтың толассыз шексіздігі. «Әдебиет – руханияттың алтын қоры» демекші қалам – ақиқаттың, әділдіктің,

әділеттіліктің құралы, тұспалдаусыз өмір шындығын жеткізетін алтын қазына. Дәл сондай Мәуленовтың өлеңдерінде:

- Туған жерге деген махаббат
- Адам болмысына деген ізгі сезім
- Елге қызмет, жауапкершілік

сияқты тақырыптар арқау болады. Мәселен, ақынның «Соғыстан қайтқан солдаттар» атты өлеңінде жаутаңдаған дала, көз жасын сүрткен ана, оты сөнген ошақ, елеңдеген ару, құрсақтағы бала сынды сөздер арқылы заман көрінісін, соғыс залалын көз алдымызға елестетеді. Алайда осы сүреңсіз жылдар ұзаққа созылмай-ақ, табан асты басталған соғыста – әдебиеттің еңсесін езгілетіп, рухын таптатпаған тұлғалардың бірі – Сырбай Мәуленов. Өзі де, сөзі де оқ ақынның майданда жазған жырлары – өмірдің өзінен алынған шындық бола тұра, соншалықты көркем, соншалықты әсерлі. Ақынның «Соғыстан қайтқан солдаттарында» қаптаған сауалдарға жауап берілмей қалуында үлкен мән бар. Егер ақын қаласа қойылған сұрақтарға жандүниені жұбатар жауап беріп, қайғыны жеңілдетуге күш салар еді. Бірақ үзілмеген үміттерді аяған ақын жүрек диалогқа айналғалы тұрған өлеңді монологқа айналдырып, белгісіздік те кейде құлазыған көңілге қорқыныш сыйламай дертке қуат берер күш екендігін дәлелдеген. Яғни, соғыстағы мерт болған солдат бейітіне қарап, жүрегі жыр толғаған ақын осы белгісіздікті білдірмегені арқылы қуанады. Әрине, ол қуаныш біреудің өлгеніне риза болтын арсыздық емес, соғыстан оралмаған боздағының демі үзілгеніне көзі жетпей, сарғайып жүрген бір пенденің үзіле қоймаған үмітіне медеу болар жайтқа деген пенделік жұбаныш. Себебі, жылату қаталдық болса, жұбату – мейрім. Майдан тақырыбында жазылған жырлары – Сырбай Мәуленовтың мейірімге толы үлкен жүрек иесі екенін танытатын құбылыс. Соны оңынан түсінсек қана ақын меңзеген бір қиырдың қасиетін сезініп, шуағына ынтық боларымыз анық. Соғыс деген біз ойлайтындай, адам баласына ерлік жасауға мүмкіндік берілетін алаң емес. Онда: «Соғыста бірақ заң бар мен білетін, я өліп, я болмаса өлтіретін. Жүректе жанып тұрған жұлдызыңды, жандыратын немесе сөндіретін. Соғыста бірақ заң бар мен білетін, кеудемен қорғап қалу жердің бетін. Жас қаның туған жерге ақпасын, Онсыз сен көре алмайсың елдің бетін», - деп ақын айтқандай, адам өлмеу үшін күреседі. Демек, ақынның:

Соғыста қорықпағандар –
Соғыста болмағандар,
Жорықта жортпағандар –
Кек оғын жонбағандар – деуі шындық!

Ақын, жазушы Лермонтов айтқандай, «ардың құлы». Сондықтан ол қандай қоғамда, қандай қысымда өмір сүрсе де өз халқының қасиетін ұлықтап, тізбегі мол тарихын, ана омырауы арқылы келген ана тілін, жүрегіне рух беріп тұрған өнерін, болмысын өзгешелеп тұрған дәстүрін мақтан етпей, елінің ерлігі мен өрлігінің, ұлтының ұлылығы мен құдіретінің мерейін көтерер жыр туындатпай өмір сүрмек емес. Сұрапыл соғыста рухын шыңдап, сөзін түзеп қайтқан ақын бір кезде өз азаттығын қорғаған елдің бір бөлшегін – қасиетті атамекен – Қазақстанды жанындай сүйгендігінің айқын көрінісі.

Майдандағы Сырбай	Қаламгер Сырбай
1942 жылы небәрі 19 жасында майданға аттанған жас Сырбай шайқастардың алғы шебінде жүріп, Волхов майданында ауыр жарақат алады. Оның сол соғыс шындығымен бетпе-бет келген күндері жүрегінде мәңгілік сақталып, өлеңдеріне өзек болды. Қаламгердің тек шабыты емес, шындықпен суарылған шынайы поэзия тудырған шағы.	Соғыстан оралғаннан кейінгі жылдары Сырбай қаламын қолына алып, жыр жазумен айналысты. Оның поэзиясында махаббат пен тағдыр, елдік пен ерлік бір арнаға тоғысқан. Туған жердің топырағына тағзым етуді ғана емес, адамдық пен адалдық жыр етті. Ақынның қаламы – елдік жырының жаршысы болды.

Қалам мен қаруды қатар ұстау ерлік пен елдіктің символы. Сырбай Мәуленов – майдан даласындағы оқ пен оттың ортасынан оралғаннан кейін, шындықты жасырмай жазған ақын. Ол ешқашан жалған пафоспен емес, қарапайым қазақтың жүрегіне жол табатын шынайылықпен жырлады. Бүгінгі ұрпақ оның бойындағы екі қасиет – жауынгерлік қайсарлық пен қаламгерлік биіктік – тең дәрежеде өнеге болуы керек. Себебі, екі ұғымды қатар ұстау – ел алдындағы үлкен жауапкершіліктің белгісі. Ең үлкен майдан – жүрек майданы. Ақынның қаламы арқылы қоғамға әсер ету, ой сілтеу өнері – қаламның қарудан кем еместігінің айқын көрінісі. Ал қайшылық пен күрес – рухани сынақ. Майданнан оралғаннан кейін де күрес тоқтамайды. Ақиық ақындар үшін өмірдің өзі – арпалыс, қоғамдағы кемшіліктермен күрес. Сырбай Мәуленовтың ерлігі – тек қара қаруымен емес, қара қаламымен, идеологиямен күресте көрініс тапқан. Кейбір өлеңдерінде кейіпкер батыр емес, жүрегі алай-дүлей сезімдерге толы адам ретінде бейнеленеді. Бұл дегеніміз – ақиқатты қабылдай білетін тұлғаның сұлбасы.

Мәуленов ақындығымен қатар қоғамдық салаларда да қызмет етті: Радикокомитет редакторлығы, газет бөлім меңгерушілері, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редактор орынбасары, «Жұлдыз» журналы редакторы. Ол әдебиет пен журналистика арқылы халыққа әлеуметтік мәселені танытып, рухани кеңістік қалыптастырды. Оның публицистикасы, очерктері – сол кезеңнің әл-ахуалы мен көңіл күйін, әлеуметтік желілерсіз-ақ халық ойын жеткізген құрал еді. Ақын өзі өткен соғыс пен бейбітшілік жылдарының естеліктерін, туған жердің тағдырын поэзиясына қосып, кейінгі өскелең ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Мәуленовтің туған жерге, табиғатқа деген махаббаты айқын көрініс тапқан. Шығармаларында туған жер, дала бейнелері, табиғат элементтері жиі кездеседі: таулар, дала, жел, жұлдыз – рухани мазмұнды бейелеу құралдары арқылы поэзиясында заман мен қоғам, адам мен табиғат байланысын жырлаған.

Оның азаматтық болмысы – сұлулық пен әділеттің үйлесімі деп айтсам артық емес. Майдандағы ерлігі мен қайта қалпына келу кезегіндегі еңбекке адалдығы. Әдебиетте шындықты айту, қоғам сыншылдығын толғауы мен қоғам мәселелеріне бей-жай қарамауы дүйім жұртты тандандырады. Ақынның әр шығармасында еліне, халқына деген сүйіспеншілігін, жүректен шыққан үнін білдіргені хақ. Ол Кеңес кезіндегі цензураға да қарсы тұрып, өз идеяларын жыр арқылы жеткізді. Оның азаматтық болмысын ашатын тың деректердің бірі, 17 жасында майданға аттанып, ауыр жараланып, елге оралғаны. Осы ауыр тағдыр оның поэзиясында батырлық пен өмірге деген сүйіспеншілікті терең жырлауға себеп болды. Жоғарыда атап айтқанымдай соғыс тақырыбында өлеңдері көп. «Жаралы жүрек», «Майдан хаты», «Оралған солдат» секілді лирикалық-философиялық ойлар терең көрініс тапқан. Оның лирикасының ерекшелігі: табиғат пен туған жерді жырлауда ерекше суреткерлікпен көзге түсті. Мысалы: «Сарыарқа», «Күзгі бақ», «Түнгі толқындар» секілді өлеңдерінде бейнеленеді. Оның махаббат лирикасы – нәзік, таза, сезімге бай. «Сағыныш», «Сенің күлкің» өлеңдері осыған дәлел. Проза жанрындағы еңбегі: Сырбай тек ақын емес, талантты прозашы. Оның «Жолдас жүрек», «Жас дәурен» сияқты прозалық туындылары – замандас бейнесін шынайы сомдаған еңбектер. Шәкірттері мен ықпалы: Сырбайдың лирикасы кейінгі ақындарға (әсіресе 60-70 жылдар ақындарына) ықпал етті. Оның поэзиясындағы шыншылдық пен тазалық кейінгі буынға үлгі болды.

«1940-жылдың жазы. Сырбайдың он сегізге толған шағы. Бұйра шашы желге желбіреген, аққұба, денелі, көзге түсіп жүрген келісті жігіт болды. Ойда жоқ жерден әскери комиссариаттан шақырту қағаз келіп, көп ұзамай қатарына міндетін өтеу үшін бір топ жастармен эшелонға отырып, алыс сапарға аттанып кеткен... «Он сегізде жүрдім Дон алабында, Үлкенмін бе, әлде жас баламын ба. Қара жаңбыр, қара түн, қара жел де, Қақпа алдында тұрамын қарауылда...» деген өлең жолдарынан жазғаны сол жолы.»

Сырбай Мәуленовтың «Қазақ әдебиеті» газетінде (бас редактор орынбасары 1957-1961, бас редактор 1955-1957, 1971-1977), «Жұлдыз» журналында (бас редактор-1964-1971) қызмет істеген жылдары – қаламгердің шығармашылық, өмірлік жолындағы айрықша табысты бел-белестер. Әрі азамат, әрі ақын ретінде әлеуметтік, шығармашылық өірге

белсене араласуы...» Ол Қостанай облысы; Жанкелдин ауданы; Торғай поселкесі; – 1993) – ақын. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген.

Сондай-ақ, елдік пен ерліктің символына айналған ұлт зиялысының өмір жолынан түсінгенім:

Ерлік – қарумен ғана емес, қаламмен де жасалады.
Өлең – халықтың айнасы, оның жебеуі – шындық пен әділет.
Азамат – қоғам үшін өмір сүретін жан, ешқашан үнсіз қалмайды.
Майдан да, бейбітшілік те – рухани күрес.
Өмірдіңі әр сәті – шабыт көзі, әр күрделі кезең – шығармашылыққа бет алған мүмкіншілік.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы туралы көптеген қазақ қаламгерлері төмендегідей жоғары баға берген.

- *Әбіш Кекілбайұлы: «Сырбай – жырдың сарбазы еді. Оның поэзиясы – даланың самалы сияқты – табиғи, таза, жүрекке жылы.»*
- *Ғафу Қайырбеков: «Сырбай – поэзияда жаңашылдық әкелген, сыр мен сезімге толы лириканың шебері. Оның жырлары – ақын жүрегінің шын сыры.*
- *Сәбит Мұқанов: «Сырбай – майданнан қайтып келіп, өмірге, туған елге деген сүйіспеншілікті ерекше биік деңгейде жырлаған ақын. Оның өлеңдерінде өмір, ерлік пен махаббат терең ұштасып жатады.»*
- *Мұқағали Мақатаев: «Сырбай – қазақ поэзиясындағы шыншыл лирик. Оның өлеңінен адамның ішкі жан дүниесін, туған жерге деген махаббатын сезінуге болады.»*
- *Зейнолла Қабдолов Сырбай шығармашылығы туралы былай дейді: «Сырбай – табиғатпен тілдескен ақын. Ол жапырақтың сыбдырын, желдің уілін, гүлдің ашылуын жырлай отырып, адам жанын сөйлете алады». Бұл пікір ақынның ерекше болмысын, поэзиядағы өзіндік стилін анық сипаттайды.*
- *Сыншы Рымғали Нұрғали: «Сырбай – соғыс тақырыбын сыршыл лирикамен, ішкі толғаныспен жеткізген ақын. Ол тек ерлікке ғана емес, соғыстың адам жанына салған жарасын да поэзия тілімен шебер жеткізе білді», – деп баға берген. Бұл оның «Жауынгер монологы», «Оқ», «Түнгі от» сынды өлеңдеріне берілген әділ көзқарас деуге болады.*
- *Қалихан Ысқақ Сырбай Мәуленовті «Сырбаз қаламгер, ұлт рухының жыршысы» деп атаған. Ол Сырбайдың Отан, ана тілі, ел тарихы тақырыптарын жырлаудағы азаматтық үніне жоғары баға береді.*
- *Фариза Оңғарсынова да Сырбай туралы: «Сыр-ағаның поэзиясы – мөлдір бұлақтай. Оны оқығанда жан дүниең тазарады, жүрекке тыныштық орнайды» – деп жазған. Бұл пікір оның лирикасындағы жұмсақ та, терең сезімді дәл суреттейді.*
- *Сырбай Мәуленовтің табиғатты суреттеудегі шеберлігін жазушы Әбіш Кекілбайұлы: «Ол табиғатты тек көріп қана қоймай, сезіне жырлаған. Бұл – тек ақындықтың ғана емес, философиялық танымның да белгісі» – деп деп атап өткен.*

Сондай-ақ ұлы Қасым Мәуленовтің аутуынша, «Қазақ поэзиясына екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ерекше леп, өзгеше өрнек қосқан санаулы саңлақтардың бірі – Сырбай Мәуленов». Бұл пікір ақынның қаламымен қоғамға жасаған әсерін айқын көрсетеді. Қасым Мәуленов өз әкесін мақтан тұтады, ақын болып қалыптасуына оның ұлттық ұстанымдары мен рухани ізденісі ықпал екендігін айтады. Әдеби пікірлер мен ақпарат көздерінің ортақ тұжырымы – Сырбай Мәуленов – поэзия мен қоғамдық қызмет, өмір мен идеал арасында теңгерім тапқан жан. Жазушылар оның лирикалық қабілеті мен терең рухани ойлы шығармашылығын жоғары бағалап, дәстүр мен жаңашылдықты үйлестірген ақын ретінде таниды. Осының бәрі ақынның әдебиетке ғана емес, халқымыздың рухани жадында да мәңгілік қалар тұлға екенін дәлелдейді. Сондықтан да өнер мен ерлік, сөз бен жүректің кірпішінің айрықша өрілуінде Сырбайдың аты жарқырап қалары сөзсіз.

Майдан даласында ерлік көрсетіп қана қоймай, соғыстан кейін де әдебиет арқылы ел рухын көтеруге барынша үлес қосты. Оның өлеңдері халқымыздың өткені мен болашағы. Ол – өлеңмен өмір сүріп, өлеңмен ел жадында қалған азамат. Қара қалам мен қаруды қатар ұстаған майдангер образы арқылы Сырбай Мәуленовтың өмір жолының бір ұшқынына көз жүгірттік. Өзі кеткенімен қаламының сөзі кетпейтін ақын мәңгі ортамызда. Өлеңдерінде халқымен бірге күрескен жүрегі – ізі, болашаққа бағыты – сөзі. Оның ерлігі мен шығармашылығы жас ұрпақ үшін мәңгілік бағдаршам болып қала бермек. Рухани ерліктің үлгісі – қаламы мен қаруын қатар ұстаған ақын деп мақтанышпен айта аламын. Осы сөзім – бір үн, бар тағзым.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәуленов С. шығармалар жинағы (5 томдық). – Алматы: Жазушы, 1985-1990
2. Бердібаев Р. Қазақ поэзиясы мен сыны. – Алматы: Мектеп, 1979.
3. Ахметов З. Қазақ поэзиясының өрнектері. – Алматы: Ғылым, 1981.
4. Кекілбайұлы Ә. Әдебиет – елдің жаны. – Алматы: Жазушы, 2003.
5. Бекмаханов Е. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1995.
6. Егемен Қазақстан газеті. «Сырбай Мәуленов – сырлы ақын», 2022.
7. Әдебиет порталы (adebietportal.kz). «Сырбай Мәуленов: майданнан мінберге», 2023.
8. Bilim-all.kz. «Сырбай Мәуленовтің өмірбаяны мен шығармашылығы», 2021.
9. Жұртбаев Т. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Қазақ әниверситеті, 2010.
10. Қазақ әдебиеті. 11-сынып оқулығы. – Алматы: Мектеп, 2021.

Каримова Аягоз Нурмухановна
школа-лицей № 37 имени Сырбая Мауленова
учитель начальных классов

ПРИМЕНЕНИЕ РАБОЧИХ ЛИСТОВ ДЛЯ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА

Поэзия - это особый вид искусства, который помогает людям выражать свои мысли, чувства и переживания через красивые слова и образы. В Казахстане очень много талантливых поэтов, и одним из них является Сырбай Мауленов. Его стихи часто рассказывают о природе, родной земле, людях и дружбе. В нашей школе, которая носит имя Сырбая Мауленова, знакомство с его творчеством - важная часть учебной программы. Для младших школьников изучение поэзии поэта - это не просто урок, а возможность полюбить родной язык и культуру, научиться выражать свои мысли и чувства.

Дети младшего школьного возраста воспринимают окружающий мир через образы и эмоции. Их мышление в основном наглядно-образное: они лучше понимают, что можно увидеть, услышать или потрогать. Критическое мышление - умение анализировать, задавать вопросы, делать выводы - у них только начинает формироваться. Поэтому задача учителя - не просто заставить детей читать стихи, а помочь им почувствовать, понять и научиться думать о прочитанном.

Для этой цели отлично подходят рабочие листы. Это специальные задания, которые помогают детям активно работать с текстом: находить важные слова; обсуждать их значение; рисовать; сочинять свои небольшие стихи и высказывать собственное мнение. Такие задания делают уроки интереснее и помогают развивать у детей критическое мышление.

Рабочие листы - это не просто набор заданий, а мощный педагогический инструмент, который помогает детям лучше понимать литературу и развивать

мыслительные способности. Давайте рассмотрим, почему это работает и какие исследования это подтверждают.

Почему важны рабочие листы? Рабочие листы позволяют ребенку взаимодействовать с текстом на разных уровнях. Они стимулируют не просто пассивное чтение, а активное осмысление и анализ. В таких заданиях дети выделяют ключевые слова, объясняют смысл, делятся своими эмоциями, рассуждают о замысле автора. Это помогает развивать такие навыки, как: внимание к деталям, аналитическое мышление, умение выражать мысли и чувства, формирование собственного мнения и аргументация, творческий подход к тексту.

Для младших школьников это особенно важно, так как в этом возрасте формируются основы критического мышления.

Педагогические исследования подтверждают, что применение рабочих листов на уроках литературы повышает мотивацию детей и способствует глубокому пониманию материала. В работе Крикуна М.Б. отмечается, что такие задания помогают сделать уроки более осмысленными и интересными, а также способствуют формированию самостоятельности у учеников. Исследование Алгожоевой Ж. и Ибраевой Э. показывает, что рабочие листы позволяют учитывать индивидуальные особенности каждого ребёнка и адаптировать обучение под его уровень и интересы [105 - стр.]. Эти выводы подтверждаются и зарубежными исследованиями, где отмечается, что раннее развитие аналитических навыков способствует успешному обучению и дальнейшему развитию личности. Использование рабочих листов при изучении поэзии способствует активной работе с текстом, развитию аналитического и критического мышления. Marzano и Pickering (2011) отмечают, что такие материалы повышают вовлечённость и стимулируют глубокое понимание изучаемого материала [87 - стр.]. Fisher и Frey (2018) подчеркивают, что рабочие листы помогают детям разбирать сложные литературные тексты и стимулируют критический анализ [48 - стр.]. Tomlinson (2014) акцентирует внимание на том, что рабочие листы позволяют учитывать индивидуальные особенности учащихся и адаптировать задания под их уровень, что особенно важно в младших классах [132 - стр.].

Таким образом, многочисленные исследования подтверждают, что рабочие листы - это эффективный метод, способствующий развитию у младших школьников критического мышления, внимания, творческих способностей и любви к литературе.

Как именно мы используем рабочие листы на уроках поэзии в нашей школе. Главная задача - сделать изучение стихов живым и интересным, а также помочь детям научиться размышлять и выражать свои мысли. Работа с поэзией Мауленова при помощи рабочих листов помогает детям не только познакомиться с национальной культурой, но и научиться думать самостоятельно. Например, при изучении стихотворения «Весна» ребёнку предлагается выделить слова, описывающие природу, нарисовать свои впечатления и рассказать, какие чувства у него вызвало стихотворение. Такое задание помогает ребёнку сфокусироваться на деталях текста, развивает внимательность и воображение, а также учит выражать эмоции. Аналогично, при работе с рифмами и ритмом в стихотворении «Дружба» ребёнок не просто слушает стих, но и ищет рифмующиеся слова, пробует составлять собственные рифмованные строчки. Это не только развивает музыкальное восприятие, но и стимулирует творческое мышление и уверенность в собственных силах.

Очень важен и такой аспект, как умение выражать эмоции через поэзию. При чтении стихотворения «Мечта» детям предлагается определить свои чувства, которые вызвало произведение, и передать их с помощью рисунка или собственного стихотворения. Эта работа не только способствует развитию эмоционального интеллекта, но и учит ребёнка понимать, что поэзия - это способ общения чувствами и переживаниями. Задания с вопросами для размышления - почему поэт выбрал такие слова, какова главная идея стихотворения, что можно изменить или добавить - побуждают ребёнка к анализу и формированию собственной точки зрения, что является сутью критического мышления.

Работа с пропусками в стихах, сопоставление начала и конца строк помогают развивать внимательность и понимание структуры текста. А рисование иллюстраций к стихам не только развивает творческие способности, но и способствует более глубокому прочтению и прочувствованию произведения.

Практический опыт показывает, что дети, которые работают с такими заданиями, становятся более активными на уроках, лучше запоминают материал, а главное - учатся рассуждать, задавать вопросы и отстаивать свои взгляды. Они развивают внимание, логическое и творческое мышление, эмоциональную отзывчивость. Учителя отмечают, что с применением рабочих листов повышается заинтересованность учащихся, они охотнее участвуют в обсуждениях и выполняют домашние задания.

Задания в рабочих листах раскрасить иллюстрации или нарисовать рисунок необходимы для визуализации. Визуальная работа помогает лучше почувствовать настроение стихотворения, развивает творческие способности.

Опыт работы показывает, что использование рабочих листов делает уроки более живыми и интересными. Дети начинают не просто слушать, а активно участвовать: ищут ответы, рисуют, обсуждают и даже создают свои небольшие стихотворения. Это помогает им: развивать внимание к деталям текста; учиться выделять главное и делать выводы; развивать творческое и образное мышление; учиться выражать свои чувства и эмоции; формировать первые навыки критического мышления.

Кроме того, учителю легче учитывать индивидуальные особенности каждого ребенка. Рабочие листы позволяют предлагать разные уровни заданий и адаптировать материал под конкретного ученика.

Знакомство с поэзией Сырбая Мауленова через рабочие листы не только помогает понять литературные произведения, но и воспитывает гордость за родную культуру и землю. Через стихи дети учатся ценить красоту природы Казахстана, уважать традиции и любовь к родному слову. Эмоциональное вовлечение, которое создается при работе с заданиями, способствует формированию глубокого и искреннего отношения к национальному наследию.

Для улучшения работы с поэзией в начальной школе полезно: разрабатывать новые рабочие листы с учетом возрастных и индивидуальных особенностей детей; внедрять интерактивные и проектные методы обучения, используя современные технологии; регулярно оценивать эффективность заданий и корректировать их по результатам; организовывать творческие конкурсы и проекты, связанные с творчеством Мауленова.

Рабочие листы - это эффективный и удобный инструмент для изучения поэзии Сырбая Мауленова в начальной школе. Они помогают не просто учить стихи, а развивать у детей критическое мышление, творческие способности и эмоциональный интеллект. Через активную работу с текстом учащиеся учатся анализировать, выражать свои мысли и чувства, что является основой успешного обучения и личностного роста. Использование рабочих листов при изучении творчества Мауленова способствует развитию интереса к литературе и формированию уважительного отношения к родной культуре. Именно такой подход позволяет сделать обучение живым, интересным и результативным, а детей - активными участниками культурной жизни своей страны.

Список литературы:

1 Алгожоева Ж., Ибраева Э., Педагогические условия использования рабочих тетрадей как средства индивидуализации обучения младших школьников // https://balasagynbulletin.com/

2 Крикун М.Б. Применение рабочих листов на уроках в начальной школе // https://xn--j1ahfl.xn--p1ai/library

3 Fisher, D., & Frey, N. (2018). Text Complexity: Raising Rigor in Reading. ASCD. https://www.ascd.org

4 Marzano, R. J., & Pickering, D. J. (2011). The Highly Engaged Classroom. ASCD.: https://www.ascd.org

5 Tomlinson, C. A. (2014). The Differentiated Classroom: Responding to the Needs of All Learners. ASCD. https://www.ascd.org

Кемелова Аяулым Кайырбековна,
№ 111 жалпы орта білім беретін мектебі,
педагогика ғылымдарының магистрі,
бастауыш сынып мұғалімі

МАЙДАНГЕР АҚЫНМЕН ЖАҢА ҒАСЫРДА ТЕХНОЛОГИЯ ТІЛІНДЕ ТІЛДЕСУ

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Ұлы Отан соғысының отты жылдарында қолына қарумен бірге қалам ұстап, елдік пен ерлікті, адамгершілік пен адалдықты жырлаған Сырбай Мәуленовтың әдеби мұрасы – ұрпақ тәрбиесі үшін сарқылмас рухани қайнар. Заманауи білім беру жүйесінің басты мақсаты – тек білімді ғана емес, сонымен қатар сыни ойлай алатын, шығармашылық қабілеті дамыған, цифрлық сауатты тұлғаны қалыптастыру. Бұл тұрғыда С. Мәуленовтің сан қырлы шығармашылығын оқытудың дәстүрлі қалыптарынан асып, оны жаңа технологиялық мүмкіндіктермен және инновациялық әдіс-тәсілдермен байыту – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін талабы. Ақын поэзиясының терең философиясы, прозасының шынайылығы мен публицистикасының өткірлігі оқушының сезіміне әсер етіп, оның ой-өрісін кеңейтуге, тарихи санасын қалыптастыруға зор ықпал етеді [1, 44-б]. Алайда, «Z» және «Альфа» ұрпағының өкілдері болып табылатын қазіргі оқушылардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін ескерсек, тек дәстүрлі дәріс пен талдау әдістері жеткіліксіз. Олар үшін сабақ интерактивті, қызықты, визуалды мазмұнға бай және практикалық іс-әрекетке негізделген болуы тиіс [3, 12-б]. Бұл мақала Сырбай Мәуленовтың шығармаларын жалпы білім беретін мектептерде оқытудың тиімді әдістемесін ұсынуға, оқу үдерісіне заманауи электронды ресурстар мен цифрлық платформаларды интеграциялаудың нақты жолдарын көрсетуге, оқушылардың зерттеушілік-шығармашылық құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған әдеби жобалардың үлгілерін таныстыруға және осы үдерістегі тиімді бағалау стратегияларын қарастыруға арналған. Мақаланың негізгі мақсаты – пән мұғалімдеріне теориялық білім мен практикалық нұсқаулықты ұштастырған кешенді әдістемелік құрал ұсыну. С. Мәуленовтің шығармаларын оқыту әдістемесі оның шығармашылықжолының негізгі кезеңдері мен тақырыптық-жанрлық ауқымын қамтуы тиіс. Олар: әскери лирика, табиғат лирикасы, философиялық толғаныстар, прозасы мен публицистикасы. Әр бағытты оқытуда өзіндік ерекшеліктер мен тиімді әдістерді қолданған жөн.

Негізгі бөлім

Поэзияны оқыту: дәстүр мен инновация үйлесімі

Мәнерлеп оқуды жай ғана дауыстап оқу емес, «сезініп оқу» деңгейіне жеткізу керек. Мысалы, «Соғыстан қайтқан солдаттар» [5, 112-б] өлеңін оқытуда сабақты соғыс туралы деректі фильмнің үзіндісін (үнсіз режимде) көрсетіп, фон ретінде күйзелісті музыка қоюдан бастауға болады. Осы атмосферада оқылған өлең оқушы сезіміне тікелей әсер етеді. Талдау барысында «солдаттың көзіндегі мұң», жеңістің ащы дәмі» сияқты метафоралық образдарды талқылау, оқушыларды «сол кезеңдегі адамның психологиялық күйін түсінуге жетелейді [4, 149-б].

Салыстырмалы талдау: Бұл әдістің мүмкіндігі кең. Мысалы, С. Мәуленовтің «Туған жер» өлеңін М. Мақатаевтың «Отан» туралы жырларымен салыстырып, екі ақынның Отанды сезінудегі, жырлаудағы ерекшеліктерін «Т-кестесі» арқылы талдауға болады. Бірінде туған жердің табиғаты, сағыныш басым болса, екіншісінде азаматтық үн, перзенттік парыз алға шығады. Бұл оқушының әдеби танымын кеңейтіп, әр ақынның өзіндік қолтаңбасын тануға үйретеді [2, 88-б]. Проза мен публицистиканы оқытудың ерекшеліктері Мақаланың алдыңғы нұсқасында поэзияға басымдық берілді, алайда С.

Мәуленовтың прозасы мен публицистикасы да оның шығармашылық болмысын, азаматтық ұстанымын тануда маңызды рөл атқарады.

Прозалық шығармаларын талдау. Ақынның «Жер нәрі» сияқты әңгімелері мен повестері соғыстан кейінгі ауыл өмірін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты шынайы суреттейді. Оларды оқытуда «Кейіпкер картасы» әдісін қолдануға болады. Оқушылар негізгі кейіпкердің портретін (сыртқы келбеті, мінезі), оның өмірлік ұстанымын, басқа кейіпкерлермен байланысын, шығарма барысындағы өзгерісін сызба түрінде көрсетеді. Сонымен қатар, «Автор орындығы» әдісі арқылы бір оқушы автор рөліне еніп, «Неліктен кейіпкерді осындай тағдырға душар еттіңіз?» деген сияқты сұрақтарға жауап береді. Бұл шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын терең түсінуге көмектеседі. Публицистикасын оқыту. С. Мәуленов – заманның өткір мәселелеріне үн қосқан публицист [8, 11-б]. Оның мақалаларын оқытуда «РАФТ » (Роль-Аудитория- Форма-Тақырып) стратегиясы тиімді. Мысалы, ақынның тіл тазалығы туралы мақаласын оқығаннан кейін оқушыларға тапсырма:

Роль: бүгінгі күннің жас блогері.

Аудитория: әлеуметтік желідегі өз құрдастары.

Форма: қысқа видео (Reels, Shorts) немесе пост.

Тақырып: «С. Мәуленов айтқан мәселе бүгін қаншалықты өзекті? Тілімізді шұбарлаудан қалай сақтанамыз?». Бұл тапсырма оқушының тарихи материалды бүгінгі күнмен байланыстыруына, сыни көзқарасын білдіріп, шығармашылық өнім жасауына мүмкіндік береді. Инновациялық педагогикалық технологиялар мен стратегиялар "Z" және "Альфа" ұрпақтарының цифрлық ортада өмір сүретінін ескере отырып,
оқыту үдерісін олар үшін табиғи әрі тартымды ету – негізгі міндет.

Әдеби мәселені зерттеу нысаны ретінде «Кейс-стади» (Case Study) әдісі: Кейс-стади – нақты бір жағдаятты (кейс) жан-жақты талдау арқылы мәселені шешу дағдыларын дамытатын әдіс [3, 91-б]. «Жауқазын» өлеңі Мұғалім оқушыларға арнайы «кейс-пакетін» дайындайды. Оған: 1) өлеңнің екі нұсқасы (алғашқы және өзгертілген); 2) өлеңнің жазылу кезеңіндегі саяси- идеологиялық ахуал туралы қысқаша тарихи анықтама [6, 215-б]; 3) әдебиеттанушылардың осы өлең туралы пікірлерінен үзінділер [2, 98-б] кіреді.

Сынып «тарихшылар», «әдебиеттанушылар», «психологтар» және «этиктер» болып топтарға бөлінеді. Әр топ кейсті өз қырынан зерттейді: «тарихшылар» дәуір шындығын, «әдебиеттанушылар» екі нұсқаның көркемдік айырмашылығын, «психологтар» ақынның ішкі күйзелісін, «этиктер» ақынның таңдауына моральдық баға беру мәселесін қарастырады. Нәтижесінде жалпы талқылауда әр топ өз зерттеуін ортаға салып, ортақ шешімге келеді. Бұл оқушыларды пәнаралық байланыс негізінде терең зерттеу жүргізуге баулиды.

Әдеби мұраны жаңғырту жобасы «Дизайн-ойлау» (Design Thinking):
Бұл – мәселені шешуге бағытталған креативті әдістеме «С. Мәуленов мұрасын жастарға таныту» Эмпатия және мәселені анықтау: Оқушылар «Неліктен менің достарым С. Мәуленовті оқымайды?» деген мәселе төңірегінде өз ортасында шағын зерттеу (сауалнама, сұхбат) жүргізеді. Нәтижесінде, «ескірген формат», «қызықсыз ұсынылуы», «өмірден алыс» сияқты жауаптарды жинақтайды. Идеяларды генерациялау: «Ескірген форматты» қалай жаңартуға болады? деген сұраққа миға шабуыл жасалады. Өлеңдерін рэп стилінде орындау, өлеңдерінің елісімен челлендж бастау, ақынның сөздерінен мотивациялық постерлер жасау. Прототиптеу және тестілеу: Топтар бір идеяны таңдап, оның прототипін жасайды. Мысалы, «Мотивациялық постерлер» идеясын таңдаған топ Canva бағдарламасы арқылы ақынның жігерлі өлең жолдарынан [5, 250-б] 3-4 постер дизайнын жасайды. Содан соң оны мектептің Instagram парақшасына салып, аудиторияның реакциясын (лайк, комментарий, сақтау саны) бақылайды, яғни тестілейді. Ең көп ұнаған дизайнды әрі қарай дамытады. Нәтижесінде оқушылар әдебиетті теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық маркетинг және коммуникация нысаны ретінде де қарастыруды үйренеді.

Flipped Classroom технологиясы Бұл модель сабақ уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [3, 112-б].

Үй тапсырмасы: Мұғалім «С. Мәуленовтің табиғат лирикасындағы символдық образдар» тақырыбында өзінің бейнедәрісін жазып, оған қоса бірнеше мақалаға сілтеме береді. Оқушылар үйден осы материалдармен танысып, «Боран», «Жауқазын», «Бәйшешек» өлеңдеріндегі негізгі символдарды анықтап келеді. Сабақ талқылаудан басталады. Уақыт теорияны түсіндіруге кетпейтіндіктен мұғалім бірден шығармашылық-зерттеу жұмысына көшеді. Сынып үш топқа бөлініп, әр топ бір символды («Боран» – күрес, сынақ; «Жауқазын» – қайсарлық, өмірге құштарлық; «Бәйшешек» – үміт, жаңару) таңдап, сол символдың ақын шығармашылығындағы және жалпы қазақ дүниетанымындағы орнын зерттеп, «тірі» постер (сурет, схема, дәйексөздер арқылы) жасайды. Нәтижесінде оқушылардың өз бетінше оқу және ақпаратты өңдеу дағдылары артады. Білім беру квесті (Educational Quest) технологиясы Квест – бұл зияткерлік ойын [3, 150-б]. «Сырбай Мәуленовтің жоғалған қолжазбасын іздеу» «Дыбыс операторы» Аудиофайлды тыңдау. Онда әртүрлі дыбыстар (поезд дауысы, боранның уілі, солдаттың күрсінуі) берілген. Осы дыбыстар С. Мәуленовтің қай өлеңдерімен байланысты екенін табу керек. «Реставратор» Ақынның қолымен жазылған өлеңнің көшірмесі (факсимиле) беріледі. Ондағы кейбір сөздер өшіп қалған. Контекстке сүйеніп, сол сөздерді қалпына келтіру. Нәтижесінде ойын элементтері оқушылардың логикалық, ассоциативті ойлауын дамытып, оқу материалын есте сақтауға көмектеседі. Электронды ресурстар мен цифрлық платформаларды тереңдетіп қолдану Цифрлық технологиялар оқыту үдерісін сапалық жаңа деңгейге көтере алады [7,25-б]. Ақпараттық-танымдық ресурстарды кеңейту Подкаст платформалары (Anchor, Spotify for Podcasters): Оқушылар айтылғандай, «Мәуленов әлемі» атты подкаст сериясын жасай алады. Мұғалім жоғарыда бұл процесті жоба ретінде ұйымдастырады. Бірінші апта – тақырып таңдау, екінші апта – сценарий жазу және дерек жинау, үшінші апта – дыбыс жазу және монтаждау, төртінші апта – жариялау және тарату. Бұл оқушылардың медиа-жобаны басқару дағдысын қалыптастырады. Artivive немесе Zappar сияқты қосымшалар арқылы мектепте «тірі» көрме жасауға болады. Оқушылар С. Мәуленовтің портретін, кітаптарының мұқабаларын немесе шығармаларына салған суреттерін «триггер» (белсендіруші) ретінде белгілейді. Көрмеге келушілер телефон камерасын сол суретке қаратқанда, экранда оқушының мәнерлеп оқыған өлеңінің бейнежазбасы немесе шығармаға жасалған анимация пайда болады. Бұл дәстүрлі мектеп көрмесін интерактивті оқиғаға айналдырады. Бірлескен мәтін редакторлары (Google Docs): Шығарманы немесе эссені топпен жазу үшін таптырмас құрал. Мысалы, «С. Мәуленов поэзиясындағы соғыс шындығы» тақырыбында эссе жазуда әр оқушы өз бөлімін (кіріспе, негізгі бөлімнің тармақтары, қорытынды) жазып, бір-бірінің жазғанын редакциялап, пікір қалдыра алады. Мұғалім процесті нақты уақыт режимінде бақылап, бағыт-бағдар беріп отырады.

Виртуалды саяхат: Google Earth немесе арнайы құрастырылған виртуалды турлар арқылы ақынның туған жері – Солтүстік Қазақстан облысының табиғатына, ол соғысқан майдан далаларына (карталар мен фотосуреттер негізінде) саяхат жас ау. Бұл оқушылардың ақын лирикасындағы жер-су атауларын, табиғат суреттемелерін нақты кеңістікпен байланыстыруына көмектеседі. Электронды мұрағаттар мен кітапханалар: Adebiportal.kz, National Digital History порталы сияқты ресурстардан ақынның өмірі туралы деректі фильмдер, фотосуреттер, естеліктер, мақалалар тауып, сабақта пайдалану. Бұл оқушылардың медиасауаттылығын арттырады [7, 26-б]. Интерактивті уақыт сызығы (Timeline): LearningApps, Tik-Tok сияқты платформаларда С. Мәуленовтың өмірі мен шығармашылығының негізгі кезеңдерін қамтитын интерактивті уақыт сызығын жасау. Оқушылар бұл сызықты өздері де толықтыра алады. Әр кезеңге ақынның сол тұста жазған маңызды шығармаларын, өміріндегі елеулі оқиғаларды, фотосуреттер мен бейнематериалдарды енгізуге болады. Оқыту және бағалауға арналған цифрлық платформалар: Kahoot! және Quizlet: Өтілген тақырыпты бекіту мақсатында қызықты

викториналар мен тесттер ұйымдастыру. «С. Мәуленов өмірінің белестері», «Ақын поэзиясындағы көркемдегіш құралдарды тап», «Өлең жолдарын жалғастыр» сияқты ойын түріндегі тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, бәсекелестік рухын оятады.

Padlet немесе Miro: Бұл платформалар бірлескен жұмыс үшін өте тиімді. Мысалы, топтық жұмыс барысында әр топ ақын шығармашылығының бір қырына (әскери лирика, табиғат лирикасы т.б.) постер жасай алады. Оқушылар тақтаға өз ойларын стикерлер арқылы жазып, суреттер, сілтемелер, бейнелер қоса алады [7, 28-б].

Canva және Powtoon: Оқушылар ақынның өлеңдеріне негізделген инфографикалар, презентациялар, анимациялық бейнероликтер жасай алады. Мысалы, «Боран» өлеңінің мазмұнын анимациялық ролик арқылы немесе «Жауқазын» өлеңінің идеясын әдемі инфографика түрінде бейнелеу – олардың шығармашылық әлеуетін ашады. Коммуникация және шығармашылыққа арналған платформалар: Блог немесе "Әдебиет парақшасы" (Instagram/Telegram): Сынып болып «Мәуленов әлемі» атты блог немесе әлеуметтік желіде парақша ашу. Оқушылар кезектесіп ақынның өлеңдерін жариялайды, оларға өздерінің жазған талдауларын (эссе), салған суреттерін, оқыған аудиожазбаларын жүктейді. Бұл оқушылардың жазу дағдыларын, жауапкершілігін және цифрлық этикетті сақтауын дамытады [7, 29-б]. Подкаст жасау: Бірнеше оқушы бірігіп, С. Мәуленовтың шығармашылығына арналған подкаст сериясын жасай алады. Тақырыптары алуан түрлі болуы мүмкін: «Майдангер ақынның жан сыры», «Сырбай Мәуленов және қазақ табиғаты», «Ақын аудармаларының құпиясы». Бұл жоба оқушылардың сөйлеу мәдениетін, зерттеушілік дағдыларын және командада жұмыс істеу қабілетін шыңдайды. Мектеп оқушыларына арналған әдеби жобалар Жобалық оқыту технологиясы – оқушының танымдық белсенділігін дамытудың ең тиімді жолы [3, 160-б].

Зерттеушілік жобалар: Бұрын ұсынылған жобаларға қоса, «С. Мәуленов публицистикасы және қазіргі медиа мәселелері» атты жобаны ұсынуға болады. Оқушылар ақынның тіл, ұлттық құндылықтар туралы көтерген мәселелерін [8,21-б] зерттеп, оны бүгінгі фейк ақпарат, медиасауаттылық, тіл тазалығы мәселелерімен салыстырады. Нәтижесінде зерттеу мақаласын немесе видео-эссе дайындайды.Зерттеушілік жобалар (Жоғары сыныптар үшін)

Жоба тақырыбы: «С. Мәуленов шығармаларындағы жер-су атауларының тарихи-этимологиялық негіздері»

Мақсаты: Ақын поэзиясында кездесетін географиялық атауларды (топонимдерді) анықтап, олардың шығу тарихын, ақын үшін маңызын зерттеу.

Іске асыру кезеңдері: 1) Ақынның өлеңдері [5] мен прозасынан топонимдерді теріп жазу. 2) Тарихи, географиялық, лингвистикалық сөздіктерді пайдалана отырып, әр атаудың тарихын зерттеу. 3) Жиналған материалдар негізінде интерактивті карта жасау (мысалы, Google My Maps платформасында). 4) Ғылыми жоба ретінде қорғау.

Нәтиже: Пәнаралық байланысты (әдебиет, тарих, география) нығайтады, оқушының зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады.

Жоба тақырыбы: «Сырбай Мәуленов – аудармашы: көркемдік шеберлік мәселелері»

Мақсаты: Ақынның А.С. Пушкин, М. Шолохов немесе басқа да ақын-жазушылардан жасаған аудармаларын түпнұсқамен салыстыра отырып, аудармашылық шеберлігін талдау.

Іске асыру кезеңдері: 1) Бір шығарманың түпнұсқасын және С. Мәуленов жасаған аудармасын таңдау. 2) Екі мәтінді салыстырып, лексикалық, стилистикалық, ырғақтық сәйкестіктер мен айырмашылықтарды анықтау [2, 155-б]. 3) Зерттеу нәтижесін баяндама немесе ғылыми мақала түрінде жазу.

Нәтиже: Оқушының филологиялық талдау дағдысын, екі тілді салыстыру арқылы тілдік құзыреттілігін арттырады.

Шығармашылық-практикалық жобалар (Орта және жоғары сыныптар үшін)

Жоба тақырыбы: «Сыр сұхбат: С. Мәуленов поэзиясы желісімен бейнепоэзия (буктрейлер) жасау»

Мақсаты: Ақынның бірнеше өлеңін таңдап, олардың мазмұны мен эмоционалдық ахуалына сай бейнеролик (буктрейлер немесе бейнепоэзия) түсіру.

Іске асыру кезеңдері: 1) Шығармашылық топ құру. 2) Өлеңді таңдау [5], оның негізгі идеясын, драматургиясын талқылау. 3) Сценарий жазу. 4)

Бейнематериалдарды түсіру. 5) Бейнемонтаж бағдарламаларында бейнероликті құрастыру. 6) Дайын өнімді мектептің әлеуметтік желілерінде жариялау.

Нәтиже: Оқушылардың медиасауаттылығын, креативтілігін, командада жұмыс істеу қабілетін дамытады.

Жоба тақырыбы: «Жауынгердің дәптері» С. Мәуленовтің әскери лирикасы негізінде графикалық роман (комикс) жасау

Мақсаты: Ақынның соғыс тақырыбындағы бірнеше өлеңінің сюжетін біріктіріп, оны графикалық роман жанрында баяндау [4, 150-б].

Іске асыру кезеңдері: 1) Шығармашылық топ құру. 2) Өлеңдердің желісімен сюжет құрастыру. 3) Кейіпкерлердің образын, оқиға орнын ойластыру, эскиздерін салу. 4) Комиксті толық нұсқасын салу. 5) Дайын жұмысты мектеп көрмесіне қою.

Нәтиже: Визуалды өнерге бейім оқушыларды тартады, әдеби шығарманы жаңа, заманауи форматта қабылдауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-мәдени жобалар (Барлық сыныптар үшін)

Жоба тақырыбы: «Сырбай Мәуленовтың туған өлке тарихын тану»

Мақсаты: Өздері тұратын қала/ауылдағы С. Мәуленов атындағы көшенің тарихын зерттеу, сол көшедегі маңызды нысандар мен тұрғындармен танысу.

Іске асыру кезеңдері: 1) Жергілікті мұрағаттан көшеге ақын есімі қашан берілгені туралы ақпарат жинау [1, 225-б]. 2) Көшенің бойымен фото-экскурсия жасау. 3) Көшенің ескі тұрғындарымен сұхбат алу. 4) Жиналған материалдар негізінде мектепте фотокөрме, конференция ұйымдастыру.

Нәтиже: Оқушының туған өлке тарихына деген құрметін арттырады, ізденушілік, коммуникативтік дағдыларын дамытады.

«Тірі мұражай» (Living Museum)

Бұл – театрландырылған, рөлдік жоба. Оқушылар С. Мәуленовтың өзінің, оның майдандас досының, жұбайының, шығармаларындағы кейіпкерлердің рөліне енеді. Олар сол адамның өмірбаянын, мінезін, сөйлеу мәнерін терең зерттейді. Арнайы дайындалған «мұражай» бөлмесінде әрқайсысы өз орнында «мүсін» сияқты қатып тұрады. Келген «экскурсанттар» (басқа сынып оқушылары, ата-аналар) «мүсіннің» қасындағы батырманы «басқанда», ол «тіріліп», өз тарихын бірінші жақтан баяндап береді және сұрақтарға жауап береді. Бұл жоба тарихи эмпатияны дамытуға зор ықпал етеді. Шығармашылық портфолио» Оқушы тоқсан бойы С. Мәуленов шығармашылығы бойынша орындаған жұмыстарын (эссе, сурет, бейнеролик, зерттеу, т.б.) жинақтап, портфолио ретінде тапсырады. Соңында өзінің ең үздік жұмысын таңдап, неліктен оны үздік деп санайтынын дәлелдейтін рефлексивті эссе жазады.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығына арналған байқауларды заманауи, қызықты және оқушылардың сан қырлы талантын ашатындай етіп ұйымдастыруға болады. Бұл байқаулар оқушылардың медиасауаттылығын, IT дағдыларын және креативті ойлауын дамытуға бағытталған.

"Сыр сұхбат" бейнепоэзия байқауы:

Мақсаты: Ақынның бір өлеңін таңдап, оның мазмұнына сәйкес бейнеролик (бейнепоэзия) түсіру.

Шарттары: Оқушы өлеңді өзі мәнерлеп оқып, дауысын жазуы керек. Бейнеряд ретінде өзі түсірген немесе интернеттен алынған сапалы видеолар мен суреттерді пайдалана алады. Монтаж, музыка, титрлердің сапасы мен көркемдік шешімі бағаланады. Оқушы өлеңді терең түсініп қана қоймай, оны заманауи визуалды тілде жеткізуді үйренеді.

Ақын жыры – AI суреті" нейрожелілер байқауы:

Мақсаты: С. Мәуленовтің өлеңінен ең әсерлі деген бір шумақты немесе екі жолды таңдап, сол сөздерді сипаттама (промпт) ретінде жасанды интеллектіге (Midjourney, DALL-E, Leonardo AI) енгізіп, сурет жасату.

Бағалау критерийі: Таңдалған өлең жолдарының тереңдігі, ЖИ-ға берілген сипаттаманың (промпт) сауаттылығы және нәтижесінде шыққан суреттің көркемдік құндылығы. Қатысушы өз жұмысын "Неліктен осы жолдарды таңдадым және суреттен не көрдім?" деп қысқаша қорғауы керек. Бұл байқаулар жоғары сынып оқушыларының ғылыми-ізденушілік қабілеттерін дамытуға арналған.

Қорытынды

Сырбай Мәуленовтың шығармашылығы – тәуелсіз елдің ұрпағын тәрбиелеудегі қуатты идеологиялық және эстетикалық құрал. Оның поэзиясындағы Отанға деген шексіз махаббат, прозасындағы адамгершілік мұраттар, публицистикасындағы азаматтық үн бүгінгі жас буынның бойына сіңіруіміз қажет негізгі құндылықтар болып табылады [1, 230-б]. Бұл мақсатқа жету үшін әдебиет пәнінің мұғалімі тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар Оқу үдерісін ұйымдастырушы-фасилитатор, жаңа технологияларды меңгерген медиа-педагог болуы шарт. Дәстүрлі әдістемені инновациялық технологиялармен байыту [3, 198-б], сабақ мазмұнын цифрлық ресурстармен толықтыру, оқушыларды жобалық іс-әрекетке тарту және осы үдерісті объективті бағалау арқылы біз С. Мәуленовтың әдеби мұрасын жаңа заман оқушысының санасына сіңіріп, оның жүрегіне жол таба аламыз.

Ұсынылған әдістер мен жобалар – тек бағыт-бағдар. Ең бастысы – оқушыны дайын білімді жаттаушы нысан ретінде емес, әдебиет әлемін өз бетінше зерттейтін, талдайтын, бағалайтын және өзіндік шығармашылық өнім жасай алатын субъект ретінде қалыптастыру. Сонда ғана Сырбай Мәуленовтың отты жырлары мен өнегелі ойлары уақытпен бірге жасасып, ұрпақтар сабақтастығының алтын көпіріне айнала бермек [2, 181-б].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрғалиев Р. Сырбай Мәуленов. Шығармашылық өмірбаяны – Алматы: Жазушы, 1985 – 240 б
2. Кенжебаев Б. Сырбай Мәуленов поэзиясы – Алматы: Ғылым, 1998 – 188 б
3. Жұматаева Е. Қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық технологиялары: теориясы мен практикасы – Алматы: Атамұра, 2018 – 210 б
4. Дәдебаев Ж. Майдангер ақын мұрасы // Жұлдыз – 2010 – №5 – 145-152 б
5. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. 3 томдық – Алматы: Жазушы, 2004 – 416 б
6. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті – Алматы: Білім, 2003 – 464 б
7. Смағұлова Г. Әдебиет сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану // Қазақстан мектебі – 2021 – №11 – 25-30 б
8. Ыбырайым А. С.Мәуленов публицистикасының тілдік-стильдік ерекшеліктері– Алматы, 2007 – 28 б

Кенжалина Айымторы Нұрмұқанқызы,
Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Сарыжар ауылы,
«Сарыжар ЖОББМ»
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ (АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС, ТУҒАН ЖЕРІ, ЕЛІНІҢ ТАРИХЫ, ӨМІРІ, АҚЫННЫҢ АДАМИ БОЛМЫСЫ)

Халқымыздың рухани ұстазы, Алаш көсемдерінің бірегейі Ахмет Байтұрсыновтың «Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» деген сөзі қазақтың арқалы азамат ақыны Сырбай Мәуленовке арналғандай. Өйткені халқымыздың арман-мұраттарымен астасатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршең күш-қуаты- ұлттық рух ақын өлеңдерінде атой салып тұрғандай.Сырбай ақын- өлеңдерінен ұлттық рух шынайы көрініс тауып, әлемдегі жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, ұлттық рухани игіліктерге қомақты үлес қосқан азамат ақын. Жалпы ұлттық рухтың буырқана бой көрсетер тұсы- бодандық бұғауына қарсылық пен тәуелсіздік мұраттарына ұмтылыс болса, ол ақын поэзиясынан айқын көрініс тапқан. Оған ақынның ерлік пен елдікке үндеп, баянды болашақ бағдарына айналған бағалы әдеби мұрасы дәлел.Ол еліне деген қалтқысыз қызметін, алашына деген асыл мұратын ақындығымен де, азаматтығымен де дәлелдеген. Ол мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан бозбала кезінен елі үшін күреске аттанып, елін басқа елге тәуелді етпеуге үлесін қосқан. Қанқұйлы ұрыс даласында зұлым жаумен бетпе-бет келіп, бір қолынан айырылған.

Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім, - деген жолдар ақынның азаматтық мұратын айқындап тұрғандай.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қазақ поэзиясының қарыштап дамуына үлес қосқан Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Әбділдә Тәжібаев, Дихан Әбілев, Асқар Тоқмағанбетов секілді т.б үркердей ғана асқаралы ақындар тобының ішінде Сырбай Мәуленов жұлдызы ерекше жарқырайды. Қазақ лирикасына нағыз сыршыл сезімді, көркем бейнелі, шынайы өлең үлгілерін әкелген нар тұлғалы Сырбай ақын туралы қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов: -Әу, алпамсадай Сырбайдан нәп-нәзік лирика қалай шығып жатыр десеңші?!-деп, ойнай айтса да, ойындағысын айтқан екен.

Біздің буынға Сырбай Мәуленов есімі тым таныс әрі жақын. Мектеп табалдырығын аттағаннан-ақ Сырбай ақынның өлеңдері біздің алдымыздан шықты. Бастауыш сыныптың біріндегі «Ана тілі» оқулығының бастапқы беттеріндегі «Менің республикам» өлеңі кім-кімнің де есінде шығар:

«Тауды көрсең- күн көзімен таласқан,
Аспан көрсең- Ай мен Күнге жол ашқан.
Менің байтақ республикам таулары,
Менің көгім- мөлдіреген көк аспан.
Дала көрсең- көкжиекпен ұштасқан,
Көлді көрсең- секілді бір түскі аспан
Менің байтақ республикам даласы,
Менің көлім- теңізбен қол ұстасқан.»

Сондай-ақ қазірде де Ұлы Жеңіске арналған кез-келген мәдени шаралардың Сырбай ақынның «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінсіз өтпейтіні белгілі.Үш қана шумақтан тұратын осы өлеңде бүкіл соғыстың трагедиясы тұрғандай. «Көрдің бе ұлының ананың?», «Көрдің бе жарын арудың?», «Көрдің бе оның көкесін?» деген риторикалық сұрақтар қайталанып отырады. Қан майданға аттандырып, артында аңырап қалған ана,

қара қағаз алып, қасірет шеккен жар қайғысы, әкесіз өсіп келе жатқан жетімек тағдыры көз алдымызда кино лентасындай тізбектеліп, бір отбасының тағдыры жүректі шымырлатпай қоймайды. Әрине, бұл-Сырбайдың азаматтық лирикасының қуаты.

Атақты жазушы Э.Хемингуэйдің мынадай сөзі бар: «Мен соғысқа бармағанмын, бірақ соғыс туралы шығарма жазатындарға жаным ашиды».Соғысқа бармақ түгілі, ол туралы шығарма жазудың өзі қаншама қиын екенін осылайша сипаттаған екен. Ал Сырбай ақын- небәрі он сегіз жасында майданға аттанып, қар төсеніп, мұз жастанып, өмір мен өлім арасында, оқ пен оттың ортасында белуардан қан кешіп, жан берісіп, жан алысқан майдангер.

Жауынгермін, құшағымда,
Еркін ескен жел ғана.
Жайнаған от, шарлаған оқ
Қаулаған өрт- айналам.
Көкірегімде лаулаған кек,
Бұрқ-сарқ етіп қайнаған.

Сырбай ақынның сезімі селдей тасыған бұл өлеңі 1942 жылы Волхов майданында жазылған екен.»Соғыс көрдім» деп жасымай, жастық жалынын жасын жырмен суарып, жүрегін атқан таңның шуағымен, сұлу сөздің мақамымен әлдилеген ақын өлімнен қорықпайды, оған ел аманаты мен намыс қымбат.Майдан даласына бозбала кезде аттанған ақын атылған оқ, жарылған бомба арасында мүңкіген мүрделерді кешіп жүріп, ұрыстан қол босаған сәттерінде тар блиндажда отырып, майдан шындығына, елге деген сағынышқа толы отты жырларын жазды.

Сан-салалы лирикасының арналы арқауын соғыс тақырыбына байланыстыра отырып, ақын соғыс тақырыбын толассыз жырлап өтті.

Оның өлеңдерінің құндылығы- қазақ өлеңінің түрі мен идеясын жаңашылдығымен байытуында.Мысалы, ақының небәрі 15 жолдан тұратын «Түбірлер» өлеңі-соғыс суреткерінің астарлы ой мен ұшқыр оптимизмге құрылған ғажайып туындысы. Түбір-символдық бейне.Түбір-жайқалған жапырағы мен аспанмен таласқан биіктігінен айырылған сынған ағаштың түпкі бөлігі.Ал қанқұйлы соғыс ағашты жапырағы мен бұтағынан айырса да, түбірінен айыра алмады. Демек, ағаш түбірі барда қайта көктеп, бой көтерері сөзсіз. Мұндағы ақынның айтар астарлы ойы: халық тірегі мен қамқоршысынан айырылса да, түбірінен айырылған жоқ, өмірді жалғар жеткіншектер қалды. Ата-баба жолын жалғар, ұлтын ұлықтар ұрпақ қалды. Азамат ақынның тек бұл өлеңі ғана емес, өлеңдерінің дені -терең ойға құрылып, философиялық түйіндері тұтасып жатқан көркем ойлы туындылар.

Туған елім,еркелесем- көтердің,
Сенде туған шын бақытты екенмін.
Сенің қалай борышыңды өтермін,
Өлгенде де қарыздар боп кетермін,- деп ақынның өзі жырлағандай, Отанға риясыз қызмет ету, туған жерге тағзым- ақынның басты мұраты болды.Ол майданда қаруымен Отанды жаудан тазартысуға үлес қосса, бейбіт күнде де ірілік танытып, қаламымен қызмет етіп, елжандылықпен өрнектелген өлеңдер жазды.Және өндіріп жазд

Әрқашан да артам саған мен үміт,
Қайда барсам, болған жоқсың сен ұмыт
Сен туралы қанша өлең жазсам да,

Соның бәрі тұрады олқы көрініп, - деп, ақын туған жерін шексіз сүйетіндігін,ол туралы жырлауға жалықпайтынын ,іздене беретінін сендіре айтты.

Жүрегімде өткен күн барлығы да,
Кеңдігі де, өмірдің тарлығы да.
Ортақ болған өзімнің тағдырыма,
Нөпір дауыл, нөсерлі жауыны да!

Бұл өлең жолдары ақын мен табиғаттың егіз екенін, адамзаттың табиғатсыз тұл екенін айқын танытады.
Жаңбырлы қыркүйектің таңы алдында,
Өзеннің қара нардай қабағында.
Көп күткен арманының жұлдызындай,
Анамның жарқ етіппін жанарында.
Дүниеге қуанып күн келгеніме,
Орапты шұғыласының шеңберіне.
Түсіппін күзгі аспаннан жаңбыр болып,
Жабысып қараша үйдің белдеуіне.
Шомылып ала тозаң таң нұрына,
Қараппын жерге түсіп тағдырыма.
Жаныма жақындығы бар секілді,
Құмармын күздің қара жаңбырына.
Күздің жаңбырлы таңында өзеннің жарқабағында отырған қараша үйде іңгәлап дүние есігін ашқан Сырбай ақын өлеңдерінде табиғатты назарынан тыс қалдырмай, тебірене жырлап өтті.
Кезім жоқ жалғыз сені жырламаған,
Сол кезде жан анамдай тыңда, далам!
Түсініксіз соңғы сөзді қабылда өзің,
Баяғы шырылымдай іңгәлаған! - деп, ақын өзінің өмірінің жаны қиналған соңғы сәттерінде де туған жерін естен шығармайтынын, жан-тәнімен сүйетінін тілге тиек еткен.
Табиғат пен адам болмысының егіздігі мен ұқсастығын мына өлеңінде қалай ұтымды жеткізе білген:
Қарлы шыңнан көремін егделікті,
Қарағайдан байқаймын тік қалыпты.
Кейде ұқсап кетемін көлге тіпті,
Кейде ұқсап кетемін бұлтқа тіпті.
Бір күн суып солардай, бір күн ысып,
Табиғатпен жатамын бір туысып.
Ұлтжанды ақын Сырбай- аяулы ана тілін аялап өткен ақын. Туған тілінің қадір-қасиетін, тағдыр-талайын өзінің патротизмге толы өлеңдеріне арқау етті.
Орта жолда бүріп тастап оқ құзғын,
Құлап жаттым құшағында көк мұздың. -
Қасіретімді қазақ тілін қанат қып,
Төрт бұрышты дүниеге жеткіздім, - деп, соғыста көрген азабы мен қасіретін өз тілі арқылы жеткізгенін айтады. Сондай-ақ бейбіт дәуірдегі қуанышы мен сезімін ана тілі арқылы шабыттана жырлағанын былайша өрнектейді:
Көкірегінен атылса да оқ күздің,
Жаз етіп мен күздің өзін өткіздім.
Шаттығымды қазақ тілін қанат қып,
Төрт бұрышты дүниеге жеткіздім.
Ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған туған тілдің таңғажайып болмысын сипаттаған Сырбайдай ақын кемде-кем.
Сол тілменен дүниені аттадым,
Таптым бүкіл тіршіліктің атауын.
Жатты онда аманаты атаның.
Сол тілменен махаббатқа тіл қаттым,
Сол тілменен талай гүлді жырлаттым.
Сол тілменен сәбилерді сөйлетіп,
Талайлардың көз жастарын құрғаттым.

Азамат ақын өз елінің «тар жол тайғақ кешкен» қилы-қилы тағдырына, жүріп өткен жолдары мен шежіресіне үңіле отырып:
Жомарт далам қойны- қонышы толған дән,
Нанның иісі бұрқырайды жонынан.
Оқылады тараулары тарихтың,
Тарам-тарам таспалардай жолынан, -деп үн қатады.
Торғайда туып-өскен ата-анасы Сырбай дүниеге келерден бір жыл бұрын аштық пен жұтқа байланысты Сыр ауады. Сол жерде болашақ ақын дүние есігін ашады. Сырда туған Сырбайға ата-анасына қиын кезде құшағын жайған қасиетті Қызылорда жері де, ата бабасы түлеген Торғай топырағы да қымбат болды.

Ақын үшін жазиралы кең-байтақ даламыздың қай өлкесі де киелі де қастерлі. Ол-еліміздің оңтүстігінен- солтүстігіне, шығысынан- батысына дейін ұшса құс қанаты талатын Атырау мен Алтай арасын армансыз аралаған ақын. Ол Қазақстанның түкпір-түкпірінде болып, сол жерлердің табиғаты мен тарихын өлеңге қосқан. Қазақ даласына «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақып Дулатов пен қараңғылық теңізінде ұйықтап жатқан елін маса боп шағып оятқан Ахмет Байтұрсынов секілді айбынды алаш арыстары мен Әліби Жангелдин, Амангелді Имановтай батырлардың, ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариндер табанының ізі қалған қасиетті Торғай өлкесі туралы «Торғай топырағында» өлеңдер циклін жазды.
Шалқасқа аттар шаң боратып шапқанда,
Ақындарда шыдап тұрар дәт бар ма?
"Қайран Торғай, қайдасың?" деп тартты алға,
Ақындарда шыдап тұрар дәт бар ма?! - деген өлең жолдарынан ақынның шежірелі елге деген ыстық ықыласын байқаймыз.
Аман қалған алапат жұт, аштықтан,
Тар кезеңде тәуекел қып тас жұтқан, - деп ұлы төңкеріс , алапат аштық пен жебір жұт кезін тілге тиек етсе, мына жолдарда бейбіт күндегі еңбек ерлігін жырға қосқан:
Торғайлықтар қарсы тұрып өлімге,
Майдандардың жүрген алғы шебінде.
Бесжылдықтар белесімен биіктеп,
Берік қорған соққан бейбіт өмірге.

Хакім Абайды ұстаз тұтқан Сырбай ақын қазақтың қасиетті рухани мекені- Семей өлкесіне де ат басын тіреп, ерекше толғанысқа толы бірнеше өлеңдерін жазды. «Аулында ақын Абайдың» өлеңдер топтамасынан Сырбай ақынның Абай, Мұқтар, Шәкәрімдей алыптар тудырған қасиетті мекенді армансыз аралағанын, олардың ізі қалған Қарауыл, Бөрілі, Жиде бай, Ақшоқы, Күшікбай асуы, Әйгерім бұлағы, Шыңғыстау секілді жерлерді көргенін байқаймыз.
Ақшоқыда орап көкшіл тау үстін,
Ала бұлты жүзгенінде августің.
Абай тұрған Қарауылмен таныстым,
Мұхтар туған Бөрілімен қауыштым.
Бірінші рет бұл жерге аяқ басуым,
Көріп тұрмын Күшікбайдың асуын.
Алдан шығып ақ жаулықты аналар,
Ақ бауырсақ- шашып жатыр шашуы

Өзі саяхаттаған жерінің шежіресі мен тарихына ерекше қызығушылығын танытатын ақын Абай туған далада махаббаттары аңызға айналған Еңлік-Кебек бейітіне аялдап, жыр жолдарын арнады:
Бір ескерткіш қылаң беріп қырда тұр,
Жатыр онда бір ару қыз, бір батыр.
Өткен-кеткен жолаушылар әкелген,
Етегінде десте-десте гүл жатыр.

Міне, осы өткен заман шындығы,
Міне, осы өткен заман сұмдығы.
Қысқа өмірде қыршыны- нан қиылған,
Жатыр мұнда махаббат- тың мұңдығы.

Сырда туған Сырбай ақын өзі туып- өскен, күй атасы Қорқыт баба мәңгілік тыныштық тапқан, Ыбырай Жақаев, Асқар Тоқмағанбетов, Әбділдә Тәжібаев секілді асылдарды дүниеге әкелген алтын құрсақ Сыр бойын жырлаудан жалыққан емес.

Сұлу Сыр, қанып ішіп бұлағыңды,
Тыңдаймын дариядай жырауыңды.
Арқалап домбырасын жүреді олар,
Аралап бір ауылдан бір ауылды, -деген жолдар «Сырдың елі-жырдың елі» екенін, әуезді әнімен, өзгеше мақамымен елді сүйсінткен Нартай, Тұрмағанбет секілді әнші-жыршылар көп шыққан өнер Отаны екенін дәлелдейді. Бір кезде балығы тайдай тулаған айдынды Арал теңізінің жағадан алыстап бара жатқанын көріп қынжылған ақын:

Арал қашып алысқа сағындырды.
Көбікті іздеп кезеді сағым мұңды.
Сортаң жердің сораңын дауыл жұлқып,
Күн аптабы өртейді шағыл құмды.
Айтпағанда ақ ару шағаланы,
Балықшы құс қайда енді жағадағы?
Шаң бораған қу тақыр қала маңы,
Қайда толқын жырлаған Арал әнін? - деп мұңайса, енді бірде:
Сел ағызып, сең күреп қарлы мұздан,
Ел емес пе ек тас жарып, тауды бұзған!
Түсірерміз Аралды арнасына,
Улап- шулап шығар ол алдымыздан, -деп
Арал болашағынан мол үміт күткендей болады.

Қазақстанның батыс аймағын аралаған Сырбай ақын Қуандық Шаңғытбаев, Нұрпейіс Байғанин, Шығанақ Берсиев шыққан Ақтөбеге де ат шалдырып, көрген- білгенін жырына арқау еткен.

Мен сені талай жыр еттім
Мені сонша жат деме.
Бір қосылып, бір кеттің
Торғай менен Ақтөбе.
Бөліскен жылдар ауырын,
Ағайыным Ақтөбе,
Аралас жатқан ауылым,
Болайын саған жат неге? - деп, мейірбан ақын ағынан жарылады.

Бір замандарда Желмаясымен Жерұйық іздеген абыз Асан қайғы аялдап, бағасын берген Оймауыт жеріне барып, оған да жыр арнайды:

Жабданда жатқан қой бағып,
Ойдым-ойдым Оймауыт,
Көк ала сенің шаңыңды,
Жүрем-ау енді ойға алып.

Тары егуден дүниежүзілік рекорд жасаған атақты Шығанақ Берсиевтің аулы-Ойылда болғанын:

Еткен еңбек жеріне,
Қарапайым Шығанақ.
Көрген емес өмірде,
Атақ пен даңқ қуалап.
Үш ұйықтаса тіріде,
Болған емес ойында.

Тұратыны түбінде,
Ескерткіш боп Ойылда, - деп жырлайды.

Торғайда туып-өскен ата-анасы Сырбай дүниеге келерден бір жыл бұрын аштық пен жұтқа байланысты Сыр ауады. Сол жерде болашақ ақын дүние есігін ашады. Сырда туған Сырбайға ата-анасына қиын кезде құшағын жайған қасиетті Қызылорда жері де,ата бабасы тұлеген Торғай топырағы да қымбат болды.

Өмірі өлеңдерімен өрнектелген Сырбай ақын өндіріп жазды.Жыл сайын жинақтары жарқырап жарияланып жатты. Оның өлеңдері, Абай айтқандай, «тілге жеңіл, жүрекке жеңіл тиетін», «іші алтын, сырты сұлу сөз жақсылары» еді.Өлеңдерінің көркемдік қуаты мен құнары көптеген ақындарға үлгі болды. Қазақтың бай да шұрайлы тілін құбылта пайдаланып, айшықты сөз орамдарын өз мақсатына пайдалана білген. Троп пен фигураның түрлерін жетік меңгерген сыршыл ақынның өлеңдерінің ішкі мазмұны да қабысып жатты. Жырларында азаматтық болмысы мен сезім-сыры астасып жатқан ақынның өміршең өлеңдері өнегеге толы.

Сырбай туралы жазған замандастарының естеліктерінен оның адами болмысы мен келбетін қапысыз танимыз.Оның келбеті өзі туып-өскен дарқан даласындай кең пішілгені секілді, ойындағысын да ақтара салатын ақ көңіл, турашыл адам болғанын байқаймыз.Белгілі ақын Серік Тұрғынбектің бала кезінде Сырбай ақынды алғаш көрген сәтін бейнелейтін «Сырбайдың дауысы» деген өлеңі бар.

Шөлдеген жердей жауынға,
Жыр құмар кезім болатын.
Бір күні біздің ауылға,
Сау ете қалды топ ақын.
Қуанып қалдық біз-дағы,
Қуаныш-көркі баланың.
Сейіліп соғыс ызғары,
Сергіген кезі даланың.

Иә, топ ақынның ішінен бірінші болып, жейдесі ағытылған ірілеу тұрпатты ақын келеді екен.

Жиналмас халық мұндай көп,
Сыймай жүр бойға дарыны.
Көрсетті біреу «Сырбай»деп,
Сыйдиған ұзын сарыны.
Ұсынып жұртқа жан гүлін,
Оқыды өлең не түрлі.
Басқадан гөрі әлгінің,
Әлпеті бөлек секілді.
Тағатын елдің тауысса,
Күткені шығар жаңа жыр
Гүр ете қалған дауысқа,

Дүр ете қалды бар ауыл, - деп, Серік ақын жырлағандай, сол күні ауыл адамдары ерлікке ісімен де, сөзімен де ескерткіш қойған Сырбай жырына сусындаған еді. Соғыстың сұрапыл күндеріндей күркіреген Сырбай даусы бала ақын жүрегінде қалған еді.

Ол өмірде ешкімге жалтақтамай, ойындағысын ірікпей айтатын шыншыл жан болған. Туғаннан аштық, жоқшылық көріп, балалықтың кермек дәмін татып, одан кейінгі жастық шағына сұм соғыс килігіп, өлім мен өмірдің ортасынан келген Сырбай ақынның бұл мінезі кейбіреулерге жақпағаны да жасырын емес.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Әуезов «Отаншыл халықтың әрдайым сын, айқас кезеңдерінде ең бұрын суырылатын семсері- поэзия.Ең бұрын от алатын бронь бұзар снаряды –сол (поэзия).Жаза баспай, бұлтартпай соғатын снайперлік оғы да - поэзия...Жасампаз поэзиямыз болмаса, прозаның өзі бүгінгідей болмас еді»,-дей келіп, жорық жырлары оқтай атылған ақындардың ішінен сырлы сазды Сырбай ақынға ерекше

тоқталған.Әдебиет алыптарының бірі- Ғабит Мүсірепов: «Сырбай- ашындырып та, еркелетіп те, жылатып та айта алар ақын» десе, әдебиетші Ж.Ысмағұлұлы «Сырағаның жыр маржандарынан тізілген өлең өрнектері де,дауылдата, түйдектете төгіп-төгіп жіберетін қанатты қара сөздері де әрдайым ұйқасы ұйытылып, бейнеге бөктерілген құнарлы да шырайлы сөз өнерінің әруақты туындай желкілдеп тұратын», -дейді.

Сырбай туралы жазушы Мыңбай Рәшә Сарыарқадай кең еді «Сырбай ақын» әңгіме- эссесінде былай дейді:

-Мен білетін Сыраған соңынан ерген шәкірттерінің әрбір жақсы қадамына, сәтті шыққан шығармасына балаша қуанатын еді. Өзі отбасымен жалдамалы үйде тұрса да, пейілдері кең, дастарқаны мол болатын.Анасы Алмагүл әжеміз де, жеңгеміз Күлжамал да қай уақта барсақ та, қабақ шытпай қарсы алатын еді.

Туысқан өзбек халқының шайыры Міртемір Сырбайды «Жырбай» деп еркелеткен екен.

Болмашыға бой алдырып алданып,
Жата алмаймын жайбарақат жан бағып.
Шырт ұйқыдан оятады ой түртіп,
Отырамын түнде жалғыз шам жағып,- деп өзі жырлағандай, күндіз де, түнде де, соғыста да, бейбіт күнде де ғұмырына серік болған жырлары да, өмірі өлеңдерімен өрнектелген Сырбай ақын да халқымен бірге жасай береді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Сырбай Мәуленов "Күзгі бұлттар"өлеңдер жинағы.
[101-163- бет] Алматы."Жалын"баспасы.1987жыл.
2.Сырбай Мәуленов.Үш томдық шығармалар жинағы
[133-153- бет] «Жазушы» баспасы Алматы,1983 жыл
3.Сырбай Мәуленов Таңдамалы жинағы [9-89- бет] «Жазушы» баспасы Алматы,1972 жыл
4.Мыңбай Рәш «Есімде есілген естеліктер» [105-110-бет] «Алаш» баспасы,Алматы, 2019 жыл

Кибирова Разиям Иминжановна,
Школа-лицей № 37 им. С. Мауленова
город Астаны
учитель биологии

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ВОПЛОЩЕНИЕ ЛЮБВИ К РОДНОЙ ЗЕМЛЕ В ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА

Поэзия XX века многогранна, но тема родной земли все чаще встречается у авторов Казахстана. Потрясения народа начала XX века полили особое и глубокое отражение в работах авторов. Любовь к отцу и своему народу стала идеей этической ответственности, общественной и художественной позиции произведений.

Сырбай Мауленов (1922-1993) - выдающаяся фигура в казахской литературе, известный своей поэзией, в которой воплощена глубокая любовь к своей родной земле, Казахстану. Его творчество возникло в критическом историческом контексте, характеризующемся культурными потрясениями начала XX века, когда Казахстан переходил от традиционных норм к современному художественному самовыражению.

<…Две реки – Тобол и Ят,
Будто сёстры в текучих шелках, Беспокойно бегут, шумят, Не вмешаясь в берегах.
А над ними – воздух звенит: Объявили волны байгу,
В расстоянии суток они

Друг от друга вольно бегут.> [4, с. 28]

Поэзия С. Мауленова не только отражает красоту и вызовы казахского пейзажа, но и служит выражением борьбы и стойкости казахского народа в периоды угнетения и преобразований, что делает его ключевой литературной фигурой в укреплении национальной идентичности и гордости.

Центральное место в тематических произведениях С. Мауленова занимает взаимодействие природы и человеческих эмоций, где он ярко передает суть бескрайних степей, гор и рек Казахстана. Его богатая образность и символизм находят глубокий отклик в культурной памяти, приглашая читателей окунуться как в физическую, так и в эмоциональную среду его родины. Кроме того, его работы примечательны тем, что они прославляют дружбу и общность, подчеркивают моральные ценности и взаимосвязь человеческих переживаний, которые являются неотъемлемой частью казахской культурной идентичности.

Несмотря на значительный вклад С. Мауленова, его поэзия сталкивается с проблемами в современной литературной критике, которая часто отдает предпочтение количественным показателям, а не качественному участию. Критики выражают обеспокоенность тем, что появляющимся литературным инициативам может не хватать глубины, необходимой для воспитания новых талантов, что потенциально препятствует исследованию содержательного поэтического дискурса. Таким образом, продолжающееся критическое восприятие творчества С. Мауленова подчеркивает как трудности, так и возможности, которые определяют современный ландшафт казахской литературы, отражая необходимость постоянного взаимодействия с местными поэтами и их вкладом в национальное наследие.

В целом, поэзия Сырбая Мауленова представляет собой богатый гобелен, прославляющий казахскую культуру и самобытность, выражающий коллективную скорбь и чаяния, укрепляющий единство его народа. Его непреходящее наследие продолжает вдохновлять новые поколения писателей, подтверждая его роль как краеугольного камня в каноне казахской литературы.

Начало XX века стало поворотным периодом в культурном развитии Казахстана, ознаменовавшимся динамичным взаимодействием традиций и современности. До середины XX века годы влияние прошлого было глубоким, поскольку общественные ценности, основанные на духовности и историческом наследии, часто вступали в противоречие с появлением новых художественных форм. Эта борьба потребовала переоценки культурного наследия, вызвав потребность в литературе, которая чтила бы прошлое и одновременно охватывала современные реалии. Писатели опирались на повседневный жизненный опыт, создавая сюжеты, которые находили отклик у населения, тем самым способствуя постепенной акклиматизации к развивающейся театральной культуре.

По мере развития литературы Казахстана заметно увеличивалось как количество писателей, так и сложность литературных форм. Эта эволюция подчеркнула важность совместных обменов между литературными сообществами для содействия художественному развитию и решения теоретических задач. В свете этого необходимость перевода и организации творческих партнерств становилась все более очевидной, поскольку взаимный художественный опыт обогащал литературный ландшафт.

Сакен Сейфуллин, выдающийся деятель казахской литературы, олицетворял дух эпохи. Его жизнь и творчество отражали глубокую приверженность культурному и образовательному прогрессу казахского народа. Опыт Сейфуллина как поэта и народного учителя оказал влияние на его творчество, высвечивая темы человеческой стойкости и борьбы казахского народа. Его наследие продолжает вдохновлять последующие поколения писателей, в том числе Сырбая Мауленова, который стремился воплотить в своей поэзии глубокую любовь к родной земле.

Поэзия Сырбая Мауленова глубоко укоренилась в культурном и историческом контексте Казахстана, отражая его глубокую любовь к родной земле. Его работы часто опираются на богатое литературное наследие выдающихся поэтов и демонстрируют приверженность темам реализма и социальной ответственности.

<…Не пройти, не сосчитать ее лесов, Не догнать весной наполненных ветров, И мечтою самой быстролетной
Не измерить всех ее трудов.
Родина, тебя прекрасней нет, Мне в боях светил твой алый свет.
Смелыми сынов ты воспитала,
В дни крушенья мир спасла от бед.> [4, с. 66]

Природный ландшафт Казахстана также играет значительную роль в поэзии С. Мауленова. Его яркие образы передают красоту степи, гор и рек, переплетая их с эмоциональными пейзажами его переживаний и воспоминаний. Тем самым он не только рисует портрет своей родины, но и прививает чувство ностальгии и сопричастности, приглашая читателей окунуться в физическую и эмоциональную среду Казахстана. Благодаря этим темам поэзия Сырбая Мауленова предстает как богатое полотно, прославляющее казахскую культуру, размышляющее об условиях жизни человека и выражающее глубокую любовь к его родной земле. В поэтической картине С. Мауленова родная земля отражается как живое существо: степь, жусан, ковыли, реки и ветры наделяются голосом и характером. Земля олицетворяется как мать, наставница, собеседник. При этом дом и судьба казахского народа олицетворяется любовью к родной земле неизбежно сопряженная с уважением к языку, памяти предков, труду современников, возвращение к земле означает возвращение к истинам стойкости, честности, благодарности. Образ степи у поэта описывается как степь полня дыхания, движения ветра и переливов, что показывает внутреннюю свободу человека. Реки передают образы времени и преемственности, несут историю народа, его прошлое и настоящее. При этом С. Мауленов через свои произведения разговаривает с землей через лупу раздумчивости, философского обращения о времени, размышлений о предназначении человека.

Поэзия С. Мауленова отражает суть казахской идентичности, часто подчеркивая борьбу и стойкость казахского народа. Он отдает дань уважения фольклору и легендам, которые сформировали культурный ландшафт, представляя исчерпывающее описание прошлого нации и трудностей, пережитых в условиях различных репрессий [1]. Через свои стихи он стремится выразить коллективную скорбь и чаяния своего народа, воспитывая чувство единства и гордости за их общее наследие.

Еще одна важная тема в творчестве С. Мауленова - прославление дружбы и человеческих связей. Он подчеркивает важность верности и моральных обязательств, которые люди несут друг перед другом, утверждая, что истинная поэзия служит возвышению общественных ценностей и способствует прогрессу. Его размышления о дружбе вплетены в более широкое повествование об обществе и взаимосвязи человеческих переживаний [1]. Этот аспект его поэзии находит глубокий отклик в культурной среде Казахстана, где взаимоотношения и общественные связи имеют первостепенное значение.

Поэзия С. Мауленова часто отражает историческую эволюцию Казахстана, сопоставляя прошлые невзгоды с современными достижениями. Он описывает трансформационные изменения в ландшафте и обществе, иллюстрируя прогресс, достигнутый со времен трудностей и лишений. Его воспоминания о степных тропах и эволюции Казахстана из места страданий в место процветания служат свидетельством надежды и потенциала на лучшее будущее. Это историческое размышление является неотъемлемой частью понимания более широких социальных и политических сюжетов, представленных в его работах.

Поэзия Сырбая Мауленова воплощает глубокую любовь к родной земле, переплетая темы национальной идентичности, культурного наследия и исторической борьбы. Его произведения часто отражают стойкость казахского народа перед различными невзгодами, прославляя его культурное богатство и исторические достижения.

Поэзия С. Мауленова часто исследует исторический путь казахского народа, перекликаясь с опытом его предков, которые пересекали бескрайние степи, защищая свою родину. Его стихи воспевают храбрость казахских батыров, легендарных личностей, которые доблестно сражались с захватчиками, воплощая дух упорства, характерный для казахской культуры. В своих работах он отдает дань уважения значительным историческим событиям и фигурам, иллюстрируя, как прошлое формирует современное национальное самосознание. Одной из самых узнаваемых работ С. Мауленова является его сборник эпической поэзии, который демонстрирует богатство казахских лирических традиций. Это произведение подчеркивает связь между казахским народом и его землей, изображая степь не только как физическое пространство, но и как жизненно важную часть их идентичности.

Взаимодействие природы и человеческого опыта является повторяющимся мотивом, подчеркивающим красоту и трудности жизни в казахской степи [2, с.155]. Творчество С. Мауленова не только внесло вклад в казахскую литературу, но и сыграло решающую роль в воспитании чувства гордости и единства среди казахского народа. Его поэзия находит глубокий отклик у современной аудитории, вдохновляя новые поколения писателей и художников на изучение тем национализма и идентичности. Богатая образность и эмоциональный язык, найденные в его стихах, служат напоминанием о прочной связи между людьми и их родиной, побуждая читателей задуматься об их собственных корнях и культурных традициях. Благодаря своему яркому изображению любви к родной земле Сырбай Мауленов является ключевой фигурой в каноне казахской литературы, олицетворяя дух и борьбу своего народа в быстро меняющемся мире.

Поэзия Сырбая Мауленова характеризуется глубоким проникновением в темы любви к родной земле, использованием самобытного литературного стиля, который глубоко перекликается с культурным и эмоциональным ландшафтом его родины. Его работы отражают динамичное взаимодействие между личными чувствами и более широкими социальными темами, отражая суть человеческого опыта в контексте национальной идентичности.

Стихи С. Мауленова часто передают мощное чувство патриотизма и ностальгии, запечатлевая красоту природного ландшафта и коллективную память его народа. Эта тематическая направленность проявляется в использовании им ярких образов и символики, которые не только вызывают эмоциональный отклик, но и устанавливают связь между читателем и культурным наследием Казахстана [3].

Лингвистический стиль С. Мауленова отличается лиричностью и ритмической точностью. Он использует богатый словарный запас, сочетающий традиционные казахские выражения с современным языком, создавая уникальный голос, который находит отклик у разнообразной аудитории. Его выбор слов часто отражает глубокое понимание нюансов казахского языка, что еще больше усиливает эмоциональное воздействие его поэзии.

В поэзии С. Мауленова часто используются различные формы и структуры, включая как свободный стих, так и более традиционные метрические образцы. Эта универсальность позволяет ему исследовать различные эмоциональные ландшафты, от праздничных до меланхоличных, тем самым обогащая восприятие читателя. Баланс между формой и содержанием является отличительной чертой его стиля, демонстрируя его мастерство в поэтической технике, оставаясь при этом глубоко связанным с темами любви и сопричастности [1]. Описание родины и любви к ней С. Мауленов описывает в своих произведения в трех ракурсах, а именно: военный (защита Родины, сохранность,

пейзажи, память о Родине, благодарность павшим); созидательный (акцент на труде и преобразовании страны, на совместном деле поколений); философский (бережное отношение к природе как продолжение любви к родине, ответственность за язык, культуру, ландшафт).

В стихотворении «Волхов» С. Мауленов переносит нас к бурным водам реки Волхов. Река у него оживает и становится участником битвы, ее стремительные потоки сравниваются со вспышками артиллерийских орудий:

«Долы ағын иіріліп, шұбатылып, Толқыны тоқсан тоғыз бұратылып. Шашылған зеңбіректің оттарындай, Ақ көбік айдынында тұр атылып».

Здесь природа отражает драму сражения – Волхов не просто декорация, а активный свидетель и участник исторических событий. Далее поэт наделяет реку чертами солдата: она «оделась, словно солдат, и взошла на высоту». Сожжённые в бою прибрежные рощи описаны метафорично: река прошла через пламя, как солдат через огонь. И в завершении – горький образ военных потерь:

«Достардың қабірлері тұрар сонда, Жас торқа топырақпен тыңайтылған».

В этих словах – скорбь о павших товарищах и одновременно идея, что пролитая кровь смешалась с родной землей, став частью её плодородия. Река Волхов у С. Мауленова течёт сквозь память о войне, неся на своих берегах живое свидетельство мужества и трагедии.

Образы играют решающую роль в творчестве С. Мауленова, где природные элементы часто используются символически для представления культурной самобытности и личного опыта. Ландшафт Казахстана с его бескрайними степями и величественными горами служит фоном для изучения внутренней борьбы и чаяний его народа. Такое использование природы не только привязывает его поэзию к определенному месту, но и поднимает в ней универсальные темы любви и утраты, что делает ее доступной для более широкой аудитории. Олицетворение и метафора в произведениях С. Мауленова достигается посредством использования описаний о земле через слова «дышит», «помнит», «учит». Так конкретный пейзаж становится носителем мысли. «Горький жусан», «ветреная степь», «солнечные поля» носят чувственно-вещественный характер, так понятный и узнаваемый для казахского народа.

Критическое восприятие поэзии Сырбая Мауленова, особенно в контексте ее тематической направленности на любовь к родной земле, раскрывает ландшафт, отмеченный как вызовами, так и возможностями в более широкой литературно-критической среде. Современная литературная критика часто сосредотачивается на количественных показателях, таких как цитаты и отсылки, которые могут помешать содержательному диалогу и ограничить исследование поэтического успеха только охватом рынка.

Эта преобладающая тенденция привела к значительному расколу в восприятии работ С. Мауленова, особенно в эпоху, когда личные одобрения в социальных сетях часто затмевают традиционный критический анализ. [3]

Критики скептически относятся к семинарам и литературным инициативам, которые, хотя и направлены на поддержку начинающих поэтов, таких как С. Мауленов, могут проводиться людьми, которым не хватает критической глубины и мастерства. Это вызывает обеспокоенность по поводу стремления молодых авторов к самоутверждению, которые участвуют в этих семинарах в первую очередь для того, чтобы получить признание, а не оттачивать свое мастерство под руководством опытных наставников.

Такое окружение иногда может способствовать поверхностному пониманию литературы, ограничивая потенциал для глубокого литературного исследования. Кроме того, историческая критика более широкого спектра казахской литературной критики выявляет системные проблемы, которые постоянно подрывают поддержку местных поэтов. Критики утверждают, что многие заслуживающие внимания голоса, в том числе современных поэтов, часто остаются незамеченными или им не хватает критического

анализа, необходимого для того, чтобы их произведения завоевали популярность в литературных кругах. Отсутствие постоянного участия критиков может привести к застою в художественном развитии, о чем свидетельствуют трудности, с которыми сталкиваются поэты, не получившие достаточной поддержки или признания со стороны критического сообщества.

Литературные достижения С. Мауленова и его современников могут найти благодатную почву в богатых традициях казахской литературы, которая была взращена благодаря взаимодействию с произведениями русской литературы. Переводы и адаптации русской литературы сыграли жизненно важную роль в обогащении казахской поэзии, создав более широкий контекст, в котором темы патриотизма и культурной самобытности С. Мауленова могут найти отклик.

Список литературы:

1 Musrepov Gabit «Featuresof the Epoch» // Әдебиет порталы. 1 июля 2015г. [Электронный ресурс]. – URL: https://adebiportal.kz/kz/translation/view/71 [дата обращения 27.09.2025].
2 Даниярова А.Е., Данияров Н.А., Значение литературы в творчестве академика Е.А. Букетова // Известия Томского политехнического университета. Инжиниринг георесурсов. Языкознание и литературоведение. №4 [Т.323], 2013г. с. 155-159.
3 Поэтическая летопись Сарыарки. Мауленов Сырбай // Библиотека им. Н.В. Гологя 2022г. [Электронный ресурс]. – URL: https://kounbgogolya.wixsite.com/saryarka/ [дата обращения 27.09.2025].
4 Родная земля [Текст]: стихи / С.М. Мауленов; перевод с казахского Дм. Снегина... – Алма-Ата [Алматы]: Казахское объедененное государственное издательство, 1949. - 83 с.

Коныртаева Гульмира Максутбековна,
Астана қаласы,
С.Сәдуақасұлы атындағы
№78 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛТЫН ӨЗЕГІ – САРБАЗДЫҚ РУХ

XX ғасыр – қазақ әдебиетінің тағдырлы кезеңдерінің бірі. Бұл дәуірде әдебиет майданы мен майдан даласы бір-бірімен сабақтасып жатты. Халықтың қасіреті де,қуанышы да, арман-мұраты да қалам иелерінің шығармашылығынан көрініс тапты.
Әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдары әдебиет майданында қызмет еткен қаламгерлердің орны ерекше. Қазақ әдебиеті тарихында Ұлы Отан соғысы тақырыбы айрықша орын алады. Соғыс жылдарына куә болған ақындар поэзиясы халықтың жүрегінен ерекше орын алып, сарбаздық рухты, Отан алдындағы борышты, елге деген сүйіспеншілікті, бейбіт өмірге деген аңсарды бейнеледі. Олар қолына қарумен бірге қалам ұстады, қиян-кескі шайқаста жүріп елге жыр арнады.

Солардың бірі әрі бірегейі – Сырбай Мәуленов.
Мәуленов – тек ақын ғана емес, соғыстың сұмдығын көзімен көрген, оның жарасын жүрегінде сақтаған майдангер. Оның майдан шебінде туған өлеңдерінде сарбаздық рух, Отанға деген шексіз махаббат, адалдыққа негізделген өмірлік ұстаным, бейбіт өмірге деген сағыныш терең сомдалған. Оның жырлары – публицистикалық қуатымен де, ғылыми талдауға лайық тереңдігімен де ерекше құнды. Жалпы ақындар ғұмыры өмірдің қым-қиғаш, қайшылыққа толы сәттерімен бетпе-бет келеді. Өйткені өмірде болып жатқан әрбір жағдай ақын жүрегіне бір соқпай өткен емес. Осы ауыр сынақ шын ақынның кім екенін анықтап береді. Осы өлшеммен қарағанда Сырбай Мәуленовтің азаматтық

болмысы «мен» мұндалайды. Оның өмірлік ұстанымы – адалдық пен әділдік, елге, туған жұртқа қызмет ету. Бұл оның тұтас ғұмырының бөлінбейтін болмысы ретінде жүрегінен айрықша орын алды. Ол соғыс қасіретін көрген адам ретінде бейбіт өмірдің құндылығын терең түсінді. Ақын поэзиясында Мысалы, ол бір өлеңінде былай дейді:
«Мен халқымның үні боламын,
Жүрегінің сыры боламын.
Армандарын жырмен өрнектеп,
Болашақтың жыры боламын», – деп толғанады. Осы өлеңнің ішкі құрылымынан оның жас кезінде жазылған өлеңі екенін пайымдау қиын емес. Алайда онда ақынның алдағы өмірінде қандай ғұмыр кешетіндігі анық байқалып тұр. Талантты ақынның алған тәлімі мен көрген өнегесінің темірқазығы – халық даналығы. Сол халықтың мөлдір теңізінен теріп алған інжу-маржанын жарқырата кәдеге жаратады. Міне, бұл тектілік ақынның өз миссиясын – халыққа қызмет ету деп түсінгенін көрсетеді. Өмір сапары осылай басталған ақынның жастық шағының шырқын Ұлы отан соғысы бұзып қана қоймай, оның тағдырын түбегейлі өзгертті. Ер атаулы етікпен қан кешкен, ұрыс даласына аттанып жатты. Бұл жағдай ақын жүрегіне сызат түсірмей қойсын ба? Он сегіз жасында майданға аттанып кете барды. Азап пен ауыртпалықты арқалаған ақын аянып қалған жоқ. Волхов майданында шайқасқа араласып кетті. Тынымсыз шабуыл, ұйықысыз түн, ызғар ескен ауыр күн, қайғы мен үрей дендеген қорқынышты шақ. Айнала көк түтін, төбеден мырыш жауған Ленинградты қорғау шайқасында ақындық рух жебеушісі болған Сырбай Мәуленов ауыр жарақатына қарамастан ерлік көрсетіп, қайсарлығын танытып үлгереді. Бұл оның бойындағы туған жұртынан сіңірген сарбаздық рухы еді. Мәуленов поэзиясында сарбаздық рух – ең алдымен батырлық пен ерлік арқылы көрінді. Ақын майдандағы жас сарбаздың бейнесін былай суреттейді:
Жарылып жартас қақырап,
Темір мен темір сайысар.
Көк аспан сынып, шатынап,
Қара жер белі қайысар, – оқып отырған оқырманын әлдебір шұңейтке, әлдебір тылсым мекенге тарта жөнеледі. Жер бетіндегі қасірет ойлы адамның көз алдынан шұбыра бастайды.
Қайыспай сонда тұрып қал,
Қалқан ғып намыс, арыңды.
Оқ дарымас бойыңа,
Жау ала алмас жаныңды, – енді мына шумаққа келгенде, ар мен намыс жеңістің алтын тұтқасы екендігін еске түсіреді. Кім осы тұтқадан айырлмаса, жеңіс те, жеміс те соның қолында екендігін түсіндіреді. Бұл қандай күш, әрине, ұлттық рух.
«Он сегізде жүрдім Дон алабында,
Үлкенмін бе, әлде жас баламын ба.
Қара жаңбыр, қара түн, қара жел де,
Қақпа алдында тұрамын қарауылда», – көрдіңіз бе, төніп тұрған тауқыметке мойымай, оның «қарауылында» тұруы жас сарбаздың өмірлік таңдауы, борыш алдындағы адалдығы емей немене?! Ақын үшін ерлік – жеке бастың батылдығы емес, Отан алдындағы қасиетті міндет. Оның өлеңдерінде құрбандық тақырыбы ерекше орын алады:
«Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім.
Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғасын деп,
Мен бір жырымды бердім», – мұнда ақын жеке тағдырын емес, халықтың бақыты, болашақ ұрпақтың тағдыры үшін отқа түсетінін бейнелейді. Бұл теңдессіз сарбаздық рух –

өз өмірін ел үшін құрбан етуге даяр болуы. Иә, ақын өлеңдеріндегі сарбаздық рух дана халқымыздың тәрбиесімен астасып жатқан-тын. Қазақ халқы ер баланы 12-15 жасынан бастап алдағы өмірдің ауыртпалықтарына дайындап, намысын қайрап, жүрегіне батылдықтың отын жаққан. Халқымыз: «Аты аталмаған жігіттен аты аталған төбе артық» деп намыстандыратын, «айтсаң, үйде туып, түзде өлетін жігіттерді айт» деп таңдандыратын, «өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар» деп шамдандыратын, «ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «ерлік білекте емес, жүректе», деп қайраттандыратын, «ақыл – жастан, асыл – тастан» депсеніміне шек келтірмейтін, «атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді», – деп армандайтын. Халықтың осы асқақ арманын жырына арқау етіп қана қоймай, батылдығымен де дәлелдеген еді.

Сарбаздық рух – Мәуленов шығармашылығының алтын өзегі. Ол майдандағы шындықты әсірелемей, солдаттың қарапайым да қаһарман болмысын көрсетеді. Оның:

От шашты Отан аспаны,
Төгілді көздің жастары.
Окоптан шықты солдаттар,

Атылды көкке соңғы оқтар, – ақын жүрегінің толғанысы. Ауыр шақтардың артта қалуы, жеңіске деген көңілдің тазалығы.

Буыны босап дірілдеп,
Сүйді жұрт бірін-бірі кеп.
Сәбиін күнге көтеріп,

Аналар тұрды көтеріп, – атты «Жеңіс күні» өлеңінде ақын «сәби» ұғымы арқылы болашақ ұрпақтың қайғысыз өмір сүруіне деген риясыз тілекті аналардың сезімі арқылы береді.

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,

Соғыстан қайтқан солдаттар? – қатары кеміп, қат-қабат сынақтан өткен, бір өкініш өзегін өртеген, қаздай тізіліп келе жатқан сарбаздардың жай-күйін көз алдыңызға әкеледі. Ал одан ауыры жүрегі алып ұшып баласын күткен аналардың, жарын күткен әйелдердің, жүзі сынық қарттардың хал-жайы кімнің де жүрегін шым еткізетіні анық. Бұл жолдар ақын жүрегіндегі бейбіт өмірге деген аңсарды айқын жеткізеді. Шын мәнінде Мәуленов үшін бейбітшілік – тек соғыстың жоқтығы емес, ол – өмірдің шынайы мәні, халықтың бақыты.

Сырбай Мәуленов үшін Отан – ең асыл ұғым. Ол туған жерін жырлағанда, туған елін дәріптегенде жүрек құдіретін жыр тіліне айналдырды. Бұл – соғыста жүріп туған жерді еске алудың қазақы поэтикалықтың үлгісі. Зерттеуші З. Қабдолов: «Поэзиядағы патриотизм – ең алдымен туған жерге сүйіспеншілік», – дейді [4, 76-б]. Мәуленовтің поэзиясы осы пікірдің нақты дәлелі. Ол үшін Отан – туған топырақ, ана тілі, ұлттық болмыс. Оның публицистикалық мақалаларында да отансүйгіштік идеясы алдыңғы қатарда. Ол: «Отан үшін күресу – адамзат алдындағы ең биік борыш», – деп жазған. Бұл ой ақын өлеңдерінің мазмұнымен толық сәйкес келеді. Оның өлеңдерінде ерлік пафосы жеке адамның емес, бүкіл халықтың рухымен ұштасады. Мәуленовтің шығармашылығын әлем әдебиетіндегі майдангер ақындармен де салыстыруға тұрарлық. Мәселен, А. Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасы, Э. Хемингуэйдің «Қоштасу қару-жарақпен» романындағы сарбаздық рух Мәуленов жырларымен үндес. Бұл шығармалардың барлығын біріктіретін ортақ нәрсе – соғыстың қасіреті мен бейбіт өмірге деген жанның қалауы. Сырбай Мәуленовті Қасым Аманжолов, Жұмағали Саин сияқты майдангер ақындармен қатар қарастыруға болады. Қасым Аманжолов көбіне батырлық пен ерлікті асқақтата жырласа, Мәуленов поэзиясында сарбаздық рух қасірет пен сағынышпен үндесіп жатады. Ол соғысты тек ерліктің сыналатын жері емес, халық үшін ауыр сынақ

ретінде бейнелейді. Қазақ әдебиеті тарихында майдан тақырыбына қалам тартқан ақындар аз емес. Бауыржан Момышұлы – батырлық пен тәртіпті дәріптеген қаламгер болса, Жұмағали Саин – нәзік лирикасымен ерекшеленеді, Әбу Сәрсенбаев – елге деген сағынышын жырлады. Ал Сырбай Мәуленов – осының бәрін тоғыстырған ерекше тұлға. Оның поэзиясы әрі батырлықты, әрі лиризмді, әрі философиялық тереңдікті қамтиды. Әдебиеттанушы Р. Бердібаев: «Мәуленов майдан жырын ұлттық поэзия дәстүрімен сабақтастырып, қазақтың рухани әлеміне жақындатты», – деп жазады. Бұл тек бір ғалымның ғана пікірі емес, тұтас тарихтың шын бағасы іспетті. [7,76-б.] Сырбай Мәуленов шығармашылығын парақтаған сайын, оның жырларының жүрегінде мәңгілік сарбаздық рухтың дүрсілі сезіледі. Ақынның бүкіл өмір жолы мен әдеби мұрасы бір ғана тақырыпқа, яғни елді қорғаған, ұлт намысын ту еткен сарбаздық рухқа тоғысқандай әсер қалдырады. Бұл рух – оның өлеңдерінде жалған ұран емес, жүрек қанына сіңген, өмірлік тәжірибеден қорытылған шынайы ұстаным.

Сырбайдың поэзиясындағы сарбаздық тақырыпты тек соғыс жылдарымен байланыстыру аздық етеді. Өйткені ол үшін сарбаздық – тек майдан даласында қару асыну емес, ол – қайсарлықтың, ел алдындағы адалдықтың, рухани беріктіктің символы. Ақын майдан көрген, оқ пен оттың ортасында жүріп, өлім мен өмірдің шекарасын бастан кешкен. Бірақ ол сол сұрапыл жылдарды тек қасірет суреті ретінде ғана емес, адамның жан дүниесін шыңдаған, рухын қайраған шақ ретінде бейнелейді. Оның өлеңдері – соғысты дәріптеу емес, сарбаздың қайсарлығын дәріптеу. Ақынның лирикалық қаһарманы – қарапайым қазақ жауынгері. Ол кейде туған ауылын аңсап, анасына хат жазған сарбаз, кейде жауынгер жолдасының қазасына қайғырған жүрек иесі, ал кейде туған жердің азаттығы үшін жанын пида етуге дайын батыр бейнесінде сомдалады. Бұл кейіпкерлер арқылы Сырбай Мәуленов тек сол дәуірдің сарбазын ғана емес, жалпы халықтың өршіл рухын, ұлттың қайсар болмысын бейнелейді. Сарбаздық рух Сырбайдың шығармашылығында бейбіт өмірмен де сабақта. Ақын бейбіт күнді соғыстың жеңісімен келген құндылық ретінде жырлайды. Сондықтан оның өлеңдерінде бейбіт еңбектің қадірін ұғындыру, тыныштықты қорғау идеясы ерекше орын алады. Бұл ой – бүгінгі күнге де аса өзекті. Өйткені жаһандық дүрбелең мен жаңа сын-қатерлер кезеңінде сарбаздық рух – тек шекара күзетінде тұрған әскерге емес, бүкіл қоғамға қажет қасиет. Қазіргі ұрпақ үшін Сырбай поэзиясы – тәрбие мектебі. Оның сарбаздық рухты жырлаған шығармалары жастарды отансүйгіштікке, ерлікке, сабырға, төзімділікке үндейді. Ақын жырлары бізге: «Отан үшін күресу – тек майдан даласында ғана емес, ол – күнделікті еңбекте, елдің болашағы үшін адал қызмет етуде» деген ойды сіңіреді.

Сырбай Мәуленов шығармашылығының алтын өзегі – сарбаздық рух екені даусыз. Ол рух – ақынның өзі өмір сүрген дәуірінің айнасы ғана емес, мәңгілік құндылықтың жыршысы. Оның өлеңдері арқылы біз сарбаздың тұлғасын емес, сарбаздықтың мәнін ұғынамыз: қайсарлық, ар-намыс, елдік сана. Бұл қасиеттер қай дәуірде де қазақ халқының болмысынан ажырамаған, ажырамақ та емес.

Қорытындылай айтқанда, Сырбай Мәуленов поэзиясы – сарбаздық рухтың ұраны. Ол ұран – өткеннің естелігі ғана емес, болашақтың да темірқазығы. Ақын жыры бізді әрқашан жігерлендіріп, әр қазақтың бойына елін қорғауға, жерін аялауға, рухын биік ұстауға шақыра береді.

Бүгінгі жас ұрпақ үшін Мәуленов поэзиясы – үлкен тәрбиенің бастау көзі. Оның сарбаздық рухы жастарды отансүйгіштікке, адалдыққа, бейбітшілікті қастерлеуге шақырады. Ақын мұрасы – тарихи естелік қана емес, ұлттық рухты көтеретін, болашаққа бағыт беретін асыл қазына. Ақын үшін сарбаздық рух – ел алдындағы адалдық, ал бейбітшілік – халықтың ең үлкен бақыты. Ақын бізге: «Отанды сүй, әділ бол, бейбіт өмірдің қадірін біл!» – деген мәңгілік өсиет қалдырды. Бұл өсиет – бүгінгі заман үшін де, келешек ұрпақ үшін де сарқылмас рухани күш көзі.

Пайдаланылған әдебиеттер:
. Мәуленов С. Екі томдық шығармалар жинағы: өлеңдер (1938–1968). Алматы: Service Press, 2012.
. Мәуленов С. Шығармалары. 4 том. Алматы: Анарыс, 2013.
. Бекхожин Қ. Қазақ әдебиеті тарихы. Алматы, 1975.
. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Жазушы, 1982.
. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. Алматы: Жазушы, 1981.
. Нұрғалиев Р. Әдебиет теориясының мәселелері. Алматы, 1991.
. Бердібаев Р. Қазақ әдебиетінің тарихи тағылымы. Алматы, 1985.
. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.

Кошербаева Балауса Акатовна
Астана қаласы,
М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясында басқа автормен шатастыру мүмкін емес өзіндік төлтума мәнері бар ақын. Бұл ақынның аты аталғанда ол кісінің шығармашылығымен таныс оқырман үшін алдымен оның жырларының ғажайып мөлдірлігі, сырлы сазы, жаздың жаймашуақ таңындай жайлы лебі ойға оралады. Ақынның бұл ерекшелігінің сыры кез келген адамның санасының қойнауларында жататын табиғатқа, туған жерге деген ыстық сезімдерді мөлдіретіп жырлауында жатса керек. Ақын көзбен көретін табиғатты ғана емес, сөздің табиғатын да шебер меңгерген қаламгер екеніне оқырманның көзін қайта-қайта жеткізеді. С.Мәуленов қазақ өлеңіне Батыс елдері поэзиясында кең таралған шағын өлең нұсқаларын – миниатюралық жыр үлгілерін әкелді. Және сол жыр үлгілерін қазақтың ертеден келе жатқан қараөлеңі секілді табиғи, үйреншікті, құлаққа сіңісті ете білді.

Қазан сонау алыс қалған,
Сағындым сені.
Қанбайды ішсем наз дауыстардан
Жанымның шөлі.
Сағындырды үйлері жолдастардың
Ақ жаныңдай.
Сол үйлерде мен өзім той басқардым,
Желбіреп шашым ат жалындай.
Сағынам, бірақ сарғаймаймын,
Сары жазда барамын.
Жарысып желмен жарда ойнаймын,
Жасыл жаңбыр боп жауамын.

Осы шағын ғана өлеңге соншалықты мол сезімнің, бай мазмұнның сыйып кеткеніне таңғалмасқа шараңыз қалмайды. Өлең бір жағы өзінің пішін ерекшелігімен оқырманға таңсық болса, бір жағы мазмұндағы таптаурын үлгілерден іргесін аулақ салғаны да байқалады. «Жасыл жаңбыр» деген тіркестен-ақ Сырағаның авторлық қолданысы бірден көзге ұрады. Бұл тіркес Константин Симоновтың соғыс жылдарында жазған «Жди меня» өлеңіндегі «желтые дожди» деген тіркесіне ұқсайды. Осы өлең шыққан жылдары Одақ басылымдарында осы тіркес төңірегінде қызу пікірталас болған екен. Бұл тіркесті «орыс тілінде жоқ» деп сынаушылар да, қорғаушылар да көп болыпты. Симоновтың өлеңі солдаттың сағынышына суарылғандықтан оның жаңбыры да «сары»

болуы түсінікті. Ал Мәуленовтің өлеңінде жаңбырдың «жасыл» болуы – ақынның стихиясының жаймашуақ жазбен байланысты болуынан. Әлбетте, тіл – тірі жүйе. Оның аясында жаңа тіркестердің, тың айшықты образдардың дүниеге келуі, қолданысқа енуі заңды. «Наз дауыстарға», жолдастарға, жастық шаққа деген сағыныш, «жанның шөлі» белгісіздікке, уайымға бой ұрғысы, «сарғайғысы» келмейді, керісінше ертеңгі қауышуға деген үмітке, келешекке сенімге қарай талпынады.

Тағы бір өлеңінде былай дейді:

Биылғы жаз жаңбыр боп өтті,
Ұсақ балапан жаңбырлар ,
Мөлдір жаңбырлар
Теректерге жауды да кетті.
Сенің толқын шашыңа
Сол жаңбырлар меруерттей тізіліп қалды.
Есіңде ме, тау басында
Көзіңнен бір моншақ үзіліп қалды…

Биылғы жаз жаңбыр боп өтті… Мұнда да Сырағаның суреткерлік қолтаңбасы тайға таңба басқандай айқын көрініп тұр. Сырлы суреттерді фотографиялық анықтықпен бейнелеу – С.Мәуленов өлеңдерінің басты ерекшеліктерінің бірі.

Осындай шағын өлеңді көп жазуының сырын «Өмір жолы – өлең өрісі» деген мақаласында былай түсіндіреді: «Соғыста ұзақ жазуға уақыт жоқ. Оқтың тілі қысқа деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, майдан алаңында туған өлеңдер де барынша қысқа, жинақы еді».

Сырағаның бұл ізденістерін кезінде әдебиет сыншылары эксперимент деп қабылдаса керек. Формалық ізденістер бұл кісіге дейін де, кейін де көп болды. Оның үстіне, шынтуайтына келсек, миниатюралық өлеңдер Абайға дейінгі қазақ ауыз әдебиетінде де болған. Оның өкілдері ә дегенде сұмдық екпінмен кіріскен. Бірақ үй жығардай екпін бір сәттік төккін күйінде ғана қалып қойып отырды.

Соғыс. Қарап отырсаңыз, қазақ өлеңіне ұлттық жыр дәстүрімен бірге орыс, Еуропа поэзиясымен мол сусындаған шын мәніндегі мәдениетті ақындар соғыстан соң келе бастапты. Әр буын майдангер ақындар шығармашылығын өзінше ашатын болады. Алдыңғы толқын ағалары Сталиннің қанды шеңгеліне ілігіп, жетімсіреп өскен сол бір буынды тағдыр сынаудай-ақ сынағандай. Жігіт атана берісімен оларды төрт жылға созылған зұлмат соғыс күтіп тұрды. Қасым Аманжолов: «Жап-жасыл балғын шағымда шомылып өртке өскем мен» десе, бұл – тұтас буынның жүрекжарды сөзі.

Балалықты тойладық
қартамыс боп,
Ойнадық сен Гүлбаршын,
мен Алпамыс боп.
Алдымда қап-қара орман жатты
Қабыланға толы.
Алдымда қап қара жолдар жатты
Арманға толы.
…Кейіннен, расында, болды соғыс,
Оралдым қиындықтың өтіп бәрін,
О, Гүлбаршын,
Алпамысыңды күтпей,

Неге кетіп қалдың? Майдангер ақындардың бір тобы поэзияға Қасым Аманжолов секілді: «Білмеймін қайда жоғалттым сескену, қорқу дегенді, есігін қақтым тозақтың, өлеңмен келіп мен енді», – деп жасқанбай, жарқ-жұрқ еткен жасындай боп келді, енді бірқатары Сырбайша сырнайлы өзендей жадырай күліп келді. Тілімізде «қан көрген», «қаны бұзылған» деген сөздер бар. Батыс философтары «зұлымдық тек қана зұлымдықты туғызады» деп байлам жасайды. Әбден мүмкін. Бірақ Сыраған секілді ақындар ажалмен

күнде бетпе-бет келіп, қанды майданның қақ ортасында жүрсе де, жүрегіндегі жылылықты жоғалтпады. Оның дәлелі – алып ақынның гүлдей нәзік өлеңдері. «Қатал едім майдандарда, қайта оралды бал мінезім» деп жазады соңғы жылдары. Л.Толстойдың А.Фет туралы: «Тәңірім-ау, осындай керемет лирика осы бір еңгезердей офицердің қай жерінен шығып жатыр десеңізші» деп таң қалатынындай бар. Соғыстан қаталдау, қатыгездеу боп оралып, темірдей берік немесе дауылға толы айқай өлеңдер жазған болса да, қисынсыз көрінбес еді. Ол кісі кейбіреулер секілді кекке, өшпенділікке толы ғұмырнамалық дүниелер жазудан да саналы түрде бас тартқан секілді. Иә, Сыраған майданнан қойнына қара дәптер тығып оралған жоқ, кейінгі өмірін сол қара дәптерді толтырумен өткізген қарға тұқымдастардан да емес. Ол – ақ дәптермен оралған ақжолтай ақын. Оның жаңбырды жақсы көруі рухани тазалықты жақсы көруінен туғандай.

Жалпы, шынтуайтына келгенде, соғысқа қатысқан ақындардың бәрі бірдей ашыла алмады. Басқасын айтпағанда, көбі соғыс тақырыбының өзін шырайын шығарып жырлаған жоқ. Бұл тұрғыдан келгенде, Қасым Аманжолов, Сырбай Мәуленов, Тоқаш Бердияров секілді үш ұстынның, үш бәйтеректің орны бөлек. Сыраған болса осы үшеуінің арасында да бөлек қолтаңбасымен дараланады.

Соғыс жайлы сұра сен
Бітпей қалған жырлардан,
Жағылмаған шамдардан,
Шашылмаған нұрлардан,
Атпай қалған таңдардан.
Соғыс жәйлі сұра сен
Отамалы оттардан
Жайпап өткен жер үстін,
Соңғы атылған оқтардан
Шашуы боп жеңістің.

Сырбай Мәуленов шығармашылығы жан тыныштығын сыйлатын нағыз өлеңдерге бай. Ол жырларды соғыс тақырыбы, махаббат лирикасы, табиғат суреттері, сапарнамалар, портреттер деп бөлуге болады. Табиғат Сырбай ақын шығармашылығында ерекше орын алады. Көңіл күйін, өмірлік ұстанымдарын, сезімдерін суреттер арқылы беруде ол кісі, сөз жоқ, өз қатарларының алды еді. Кітаптарын парақтап отырсаңыз, көкек айын ерекше жақсы көріп өткені көрініп тұрады.

Апрель аспанынан
Ақтарылды ақ шуақтар, сәулем.
Марттың соңғы түскен жас қарынан
Сусып ағады ақ сынаптар, сәулем.
Көп ұзамай құстар,көлдер табысады
Ақ сауырлы арқаның даласында, сәулем.
Аспан мен жер қауышады
Ақ жауынның арасында, сәулем.
Ал біздің жолдар ұзақ
Құс жолынан,
Жаз жолынан,
Жаңбыр жолынан, сәулем.
Мүмкін, туғызбаған шығар
Біздің жұлдыздарды тағдыр оңынан, сәулем.

немесе:

Ей, апрель жаңбыры,
Ашылсын дала бар гүлі!
Шаш мөлдір моншақтарыңды,
Тарт кемпірқосақтарыңды.
Күн күркіреп шашқанда от,

Ойнайды дала қанында нұр.

Апрель жаңбыры бүкіл аспан боп, Менің алақанымда тұр.Сырағаңның аса сәтті өлеңдерінің бірі – қазақы қара өлең үлгісімен жазылған «Аспандар» дейтұғын өлеңі.

Терезені қаққаны жас тамшылар,
Үйге енуге асыққан аспан шығар…
Жолдас Аспан! Бұлтыңмен жоғары шық,
Серік іздеп түн ұйқың қашқан шығар.
Көріп отырғаныңыздай, мұнда да жаңбыр бар.
Көк жапырақтардың қара көлеңкесінен
Сәулелер сығалайды шат күлген.
Ол күннің қанжарындай, қараңғыны қақ тілген.

Ақындық дегеннің өзі Сырағаң айтатын қараңғылықты қақ тілген жарық сәуле іспетті. Сол сәулені күнде көріп жүрсек те, ылғи да аңғара бермейтініміз өкініші-ақ. Мұндай жеке тоқтап, жеке талдауды қажет ететін суретті жырлар Сырбай Мәуленовте өте көп.

Біз қазақ өлеңінің сапалық өзгеріске ұшырауын алпысыншы жылдармен байланыстырамыз. Бұрынғының ақындары жүріп өткен біріздiлік, шектеулілік, көпсөздiлік, өлең техникасы әлсіздігі, атап айтқанда, бір-екі буынды ұйқастарды місе тұту секілді кемшіліктерден жаппай бас тартып, жаппай жаңа ізденістерге бет бұру сол жылдарда кең етек алғаны ақиқат. Бірақ Сырағаң поэзияға ол буыннан әлдеқашан бұрын аталмыш олқылықтардан бойын аулақ салып, жаңа жолға түскен ақын еді. Мысалы, «Адам өлмейді» дейтұғын өлеңін оқып көрелік:

Адам өлмейді…
Есімі оның
Теріліп баспаханаларда,
Тұрады ісі үлгі боп
Бас мақалаларда.

Бес-алты буынды ұйқасты, мүмкін, алғаш әкелгендердің бірі Сырағаң болар деген ой туады. Қалай болғанда да, ол кісі көп ізденді. Ырғақ пен бунақты, әсіресе буын санын сындырып, жаңа бағыттағы жыр әлемін жасауға талпынды. Ол ойы жүзеге асты да. Бір биікке шығып алған соң, сырғанап қайта түсу немесе сол тұрған орнында қатып қалу ол кісіге жат еді.

Ақын өзінің лирикалық қаһарманын жүректі шым еткізер нәзік образдармен байланыстырады.

Шаршаған жол батып
Волховтың батпағында,
Жатыр бие толғатып
зеңбіректің арт жағында.
…Шашыраған көк жалынын бүркіп темір,
Орманның іші үрейлі.
Ал оттың ортасында
Шіркін өмір құлын боп кісінейді.

Ақын өзінің ең соңғы топтамаларында да өз қолтаңбасынан айнығаны жоқ. Соңғы кітабының бірін «Ақшамның қызыл қанаты» («Жазушы» баспасы) деп атаған еді. Өлімнің ешқандай белгісі жоқ. Ажалды сезіну жоқ. Керісінше, «осыны да бір айтып қалайыншы» деген ақындық құштарлық бар. Көз алдыңызға күн батар тұстағы қызылжалқын құбыла беттің көрінісі келе қалады. Мұндай левитандық өлеңдер ол кісіде көп.Әдетте, өлең сүйер қауым Мәуленов поэзиясы дегенде, бірінші «Ақ түн» атты атақты өлеңін тілге алады да, екінші «Сен мені ойладың ба?» деп басталатын өлеңін айтады. Бұлайша жіктеу дұрыс емес секілді. «Түбірлерді» қайда қоямыз? «Соғыстан қайтқан солдаттар», «Құлын» мен «Аспандар» ше? Сырағаң шығармашылығы ә дегеннен-ақ татардың «Ғалиябану» дейтін әнін еске түсіреді:

Үйлерін жомарт татардың
Жасымнан ұқтым сақи деп.
Шешемді «әни» атадым,
Әкемді өстім «әти» деп.
Татарлармен бірге өттім
Дария ағындарын мен,
Өлеңдетіп ержеттім
Ғалиябануларымен.

Бұл тармақтардан, сөз жоқ, татар жырларының әсері сезіледі. Сырбай Мәуленов шығармаларын зерттеушілер осы мәселеге назар аударуы керек деп тұжыруға болады. Әуелі татар мен қазақ жырларының формалық құрылымын әңгімелеуіміз керек. Буын, ырғақ, ұйқас ерекшеліктері бөлек әңгіменің желісі. Қазақ өлеңінің құрылысын зерттеген академик Зәки Ахметовтен кейін бұл тақырып «жабулы қазан жабулы» күйінде қалып қойғандай. Бүкіл араб, парсы, түркі, үнді поэзиялары аруз өлшемі аясында дамыса, біз – қазақ деген халық әлем әдебиетінің бай жасауына тек өзіне ғана тән өлең формасын (қара өлең) қоса білген елміз. Бірақ мұны өзгеге түсіндіріп, сыртқа насихаттамақ түгілі өз арамызда тұшымды зерттеу обьектісіне айналдыра білген бірде-бір ғалымды көрмей отырмыз. Татарша демекші, Сырағаң ауызекі сөзінде: «Татардың Туқай дигән бір мощный ақыны болды» деп қалжыңдайды екен. Сырбай Мәуленов қана емес, ол кісімен қатарлас, үзеңгілес болған қазақ ақындарының біразы татар өлеңін жақсы көргенін байқауға болады. Мәселен, Ғалым Ахмедов, Қуандық Шаңғытбаев, Сәуірбек Бақбергенов, Тәкен Әлімқұлов, Ғафу Қайырбеков секілді қаламгерлер татар ақындарының сарындарын әңгімесіне жиі арқау етеді екен. Оның сыры татар поэзиясының мұңлылығында болса керек. Ғабдулла Тоқайдың «И, Қазан, дертлі Қазан, мұңлы Қазан» дейтұғын жолдары бүкіл татар поэзиясы мен музыкасына эпиграф етіп алуға тұрарлық. Сырбай Мәуленов татар поэзиясының сол мұңлылығын біраз тұста өз өлеңдеріне де үлгі етіп алғандай әсер қалдырады.
Мысалы, татардың Һади Тақташ есімді ақынында мынадай үзінді бар:
Өлермін де, ұмытылармын деп,
Бекер, жүрек жанасың,
Тамбов ормандары
Сағынар әлі өзі өсірген бунтарь баласын.
Сырбай Мәуленов Һади Тақташқа арнап жазған өлеңін:
Ей, Тақташ,
келешек келіспесе,
бұл сөзімді теріс десе,
өзі айта жатар бітімді.
Ей, Тақташ,
Тамбов ормандары, Торғай өзендері
екеуімізге аздық ететін сықылды, –
деп бастайды.

Асылы, Сырағаңның махаббат лирикаларында да татар халық жырларының әсері көп болған сияқты көрінеді де тұрады. Тіпті, ол кісі «бұлбұл құс» дегеннен гөрі «сандуғаш» деп жырлауды ұнатты. «Бірге өткен балғын жасым, бір кездегі жан құрдасым. Алғаш маған ән үйреткен сандуғашым, сандуғашым». Расында, бұлбұл (соловей) басқа, сандуғаш (варакуша) басқа. Бірақ татар ағайындар екеуін де сандуғаш дейді. Сырағаңның көптеген өлеңдерін татар халық жырларының әуеніне салып ән ғып айтуға да болады. «Жалбыр-жалбыр орман бойлап, келесің сен сырды ұрлап. Тальян гармонь қолыңда ойнап, төгіледі ән сыңғырлап».

Қасым Аманжолов «Сырбаз досым Сырбайым» деп жазады. Сырағаңның адами портретін ашатын сөз – осы сырбаздық. Сырбай Мәуленов – өмірде өзін өзі насихаттаудан аулақ жүрген сирек ұшырасатын ақындардың бірі. Ол кісі шын мәнісіндегі өлең жазды.

Жақсы жазды. Өлеңдерін оқыған адам ол кісінің басқа тірліктермен шаруасы болмағандай әсерде қалады.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясына жаңа леп, өзгеше өрнек, сазды ырғақ, әсем үн әкелген лирик ақын. Оның нәзік сезімге толы өлеңдерінен сыршылдық пен сұлулықты көресіз. Жастық шақтың жалындаған үнін естисіз. Адамды өмірді сүюге, оның қадірін білуге үндейді. Жырларында ешқандай жасандылық жоқ. Таңғы шықтай мөлдіреп тұрады. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің өзі: «... Лирикаға оралғанда, әсіресе Ғали, Қасым, Сырбай үшеуінің әр алуан жайға арнаған, әсіресе қысқа қайырған өлеңдері өзгеше сүйсіндіреді. Бұлар кейде бабына жетіп, балқып-толқыған күйшінің шебер қолындағы шешен домбырадай, қоңыр күйлерімен бой ерітеді...» десе, сыршыл суреткер Ғабит Мүсірепов: «Қоғамның ақынына қояр талабы не болар еді? Ол талап осы «Желпи бер жылы күлкіңмен» деген Сырбайдың бір жол өлеңіне сыйып тұр. Ақынның қоғамына қояр тілегі мен назы да осы бір жол өлеңнен түгел табылады. Бір жол өлеңге әрі талап, әрі тілек сыйысып тұр. Шынында, талап пен тілек бірі жоғарыдан, бірі төменнен шығар екі өрістің үндері емес пе. Аз сөзбен аумақты ой салар ақындық деп осыны айтамыз», деп жоғары баға беріпті.

Табиғатты талай ақын жырлады, бірақ Сырағаңның табиғат туралы өлеңдері ешкімге ұқсамайды. Өзінше өрнектейді. Оны оқығанда даланың саумал самалын жұтқандай боласыз, бойыңызға күш бітеді. Табиғат құбылыстарын көркем суреттейді. Тамылжыған табиғатты тамсана жырлаған ақын теңеулері тосын, майдан қыл суырған шеберлікті көресіз. Осыны тап баса білген мемлекет және қоғам қайраткері, руханият жанашыры Ілияс Омаров: «Табиғатты жырламаған ақын жоқ, бірақ та сол жырлауда екі өзгешелік бар. Біріншісі – табиғатқа сүйсіну, дәлдікпен суреттеу, көрген жердің философиясын беру. Екіншісі – табиғатқа жан беру, тірілту, адаммен, қоғам өмірімен теңеу. Сырбай өлеңдерінде осының екеуі де бар, дегенмен екіншісі басымдау», деп жылы лебізін білдіріпті.

Қабырғалы қаламгер Әбіш Кекілбаев «Сыршылдық пен суреткерлік Сырбайы» атты мақаласында өз буынын бала күнінен Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, Сырбайша сөйлеуге ұмтылып өскен ұрпақ екендігін айтыпты.

«Қазіргі әдебиеттегі алпысқа келгендер мен төменгі буынның барлығының әдеби болмысында Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар десем, асыра айтқан болмаспын. Сырбай – тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел тұлға. Бұл тұрғыдан келгенде, Сырбай – қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Классик деген ұғым кез келген кісіге айтылуға тиіс емес. Кез келген дарынды, талантты адам классик бола алмайды. Тек қана өзі емес, бүкіл ұлттық әдеби болмысқа өзінің ізін, өнегесін тастаған адам ғана осындай атқа лайық болуға тиіс. Бұл реттен келсек, қазіргі қазақ поэзиясының көш басындағы сарбаздары Сырбайды да алдымен ауызға алады деп ойлаймын», депті. Жалпы Сырбай Мәуленовтің қазақ поэзиясындағы орны мен маңызы осы бір сөзге сыйып тұрғандай.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ә.Кекілбаев «Сыршылдық пен суреткерлік Сырбайы» [3-бет]
2 Е.Раушанов. «Жаздың жұпар жаңбыры» [98-бет]
3 Қ.Аманжолов. «Таңдамалы шығармалар жинағы» [35-, 43-, 197-бб.]
4 М.Әуезов. «Мәлік Ғабдуллинге жауап хат» [4-бет]
5 С.Мәуленов. «Алыс кетіп барамын» өлеңдер жинағы
6 С.Мәуленов. «Өмір жолы – өлең өрісі» [3-бет]
7 Һ.Тақташ. «Махаббат тәубасы» [38-бет]

Көпжасар Биязы
Ақан Құрманов атындағы №17 мектеп - гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пінінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ

«Ақын өлеңдерінің барлығында дерлік көркемдік жинақтау, философиялық түйін бар. Өлең өзегі өмірдің өзінен алынғандықтан, С. Мәуленов поэзиясы еліміздің белгілі бір кездегі рухани-көркемдік шежіресіне айналды. Бекен Ыбырайым

Қазақтың озық лирик ақындарының бірі - Сырбай Мәуленов 1922 жылы Торғай обылысының Жангелдин ауданында туған. Әкесі Мәулен ел арасында өлең-жырларды жақсы білетін көзі ашық адам болған. Болашақ ақын алғаш Торғай мектебінде, кейін Қызылорда қаласында білім алады. 1938 жылы Қызылорда педагогикалық институтына түседі. 1940 жылы институтты бітіріп үлгермей, әскер қатарына шақырылады. Бірақ денсаулығына байланысты көп ұзамай әскер қатарынан босатылған Сырыбай 1942 жылға дейін Қостанай облыстық радио комитетінде әдеби қызметкер,ауылдық мектепте мұғалім болып істейді. Содан Ұлы Отан соғысына аттанады. Өз өмір жолында әрі аудармашы, әрі ақын, әрі майдангер, әдебиет саласына да қосқан үлесі қомақты.

Сырбай Қызылордада оқып жүрген кезден ақындық өнерге ұмытылады. Оның алғашқы өлеңі 1938 жылы Сырдария аудандық газетіне жарияланады. Кейін біраз өлеңдері облыстық газет бетінде жарық көреді. Алайда Сырбайдың ақындық жолына шындап бет бұрғаны Ұлы Отан соғысы кезінен басталды. Мәуленов орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А. С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.А. Некрасов, Т.Г.Шевченко, В.В.Маяковский, А.А.Блок, С.А.Есенин, Н.С.Тихонов т.б басқа шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970) 1-дәрежелі Отан соғысы , «Қызыл Ту» , «Халықтар Достығы» , «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдарымен марапатталды. [1,232]

Сырбай Мәуленовтың «Секретарь», «Бір күн, бір түн», «Өлмес өмір» т.б поэмалары жарық көрінген. Ақынның ең сәтті шыққан поэмасы - «Өлмес өмір» поэмасы. Бұл көлемі шағын болғанымен әсерлі үлкен отты сөздерімен жазылған. Мұнда поэманың қаһраманы - Фучиктің бар өмірі бастан-аяқ баяндалмай, ақын чехословак халқының ер ұлының басындағы еңкиын шешуші кезеңді алып, соны жыр етеді.

Майдан өмірінің қат-қабат шындығын оның дүниетанымын да, көзқарасын да, өнер жолындағы талабын да қалыптастырды. Оның майдан жырларында отаншылдық сезім, азамат бойындағы ерлік, ізгілік қасиеттер, оқ астындағы солдат өмірінің алуан түрлі шындығы мен туған ел сағынышы тәп-тәуір көрініс береді. Ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкері майданға үлкен сеніммен аттанады. Ақын «Қош бол, сәулем» өлеңінде былай дейді:

Қош бол, сәулем, қан майданға жөнелдім,
Жаным барда жаудың жолын бөгермін,
Бұлт астынан шыққан күндей жарқырап,
Күте бер сен, мен оралып келермін...[1 ,233]

«Ұйқысыз өткен түнде», «Кек», «Солдат сыры», «Боранда», «Шуылдайды қара орман», «Есіңе ал» сияқты өлеңдері майдан өмірінің ауыр шындығы мен солдаттың өлімімен бетпе-бет келіп, оны талай рет жеңіп шыққанын бейнелейді. «Боран» өлеңінде:

Оқ борандай түтесе де,
Қар астына көмілмедім ,
Болашаққа сенгендіктен
Мен майданда жеңілмедім,-десе , «Есіңе ал » өлеңінде былай дейді ақын:
Болдың ба сен Волховта?
Көрдің бе сен орманын?

Сол орманның әр талын,
Өз жанымдай қорғадым.
Январьда майданда,
Ақ денемнен тамды қан.
Алып соқты ажалдан,
Алдымды орып аңдыған.[1, 235]

Соғыстан кейін Сырбай Қостанай обылыстық газетінде, Алматыда «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналының редакцияларында жауапты қызметтер атқарады. Ақын поэзиясы бұл кезде тақырыбы жағынан кеңейіп, көркемдік шеберлік жолындағы ізденісте еркін тыныс алып жетіле түседі. Ол соғыстан соңғы еліміздің бейбіт өмірін, еліміздің шаруашылығын қалпына келтіру кезіндегі еңбек адамын, халықтар достығын жырға қосады. 60-жылдардан бастап Сырбайдың ақындық ізденістерінде жаңа бір кезең байқалады. Оның өлеңдерінде өмір фактілерін ойшылдықпен қорыту, жинақтау, ойды жанды шешендікпен құйылта жасау молырақ көзге түсе бастады. Бұл –ақынның кемел тартқанының , шабытының шаңқай түс тұсына келгенінің белгісі. Ол бір үлкен жинағын «Шаңқай түс» (1966) деп те атады.

Бұл кезеңде Сырыбай поэзиясы көркемдік биікке көтеріле отырып , өзінің тақырыптық мазмұнын кеңейтті. Ақын үшін адам өміріндегі, жер бетіндегі құбылыс пен тіршіліктің ұсақ-түйегі жоқ тәрізді. Ол бәрін де көре білді, одан ой түйе алды, шебер суреттер жасады. Әсіресе, ақынның өзі жүрген ұзақ жолдың іздері оның шығармаларында сайрап жатыр. Бұл жылдары Сырыбай туған өлкесінің ойы мен қырын аралады.Туысқан республикалар өмірімен танысты. Волхов жаққа барып, өзі майдан жолын кешкен даланың бүгінгі өмірін көрді. Осылардың бәрі ақын санасында жаңа әсер қалдырып, жаңа жыр боп туды. Волхов-Ленинград сапары солдат Сырбайдың ойындағы көп нәрсені жаңғыртты. Ол ұрыс даласын, солдат ойындағы соғыс шындығын қайта еске алады. Жасарып қайта өскен Волхов орманын, қалпына келген қалалар мен селоларды көреді. Сол арқылы өлмес өмірді таныды. Өмір үшін, келешек ұрпақ үшін жан қиған ерлердің есімін ардақтады. Бұл мәселелер соғыс тақырыбына қайта оралған Сырбай өлеңдерінің негізгі өзегі болып табылады. «Құлын» деген өлеңінде ақын майдандағы Волхов батпағында, фугас бомбасы өртенген жерде биенің толғатып жатқанын есіне түсіреді. Сол биенің бүйіріндегі бүлкілдеп жатқан құлынды ол өлмес өмірге балайды.

... Ал оттың ортасында ,
Шіркін өмір,
Құлын боп кісінейді,-деп қорытады өлеңді. [2, 20]

«Жастығым, сені жоғалттым» өлеңінде Сырыбай балғын жастық шағы сұрапыл соғыста қалғанын айтса, «Мың қолдар сау болсын» деген өлеңінде ел қамы , халық тіршілігі үшін қанын төккен патриот ердің образын жасайды.

Мың қолдар сау болсын деп,-
Мен бір қолымды бердім .
Мың жолдар жалғасын деп,-
Мен бір жолымды бердім ,
Мың гүлдер солмасын деп,-
Гүлдей жастық күнімді бердім,
Мың ақын толғасын деп,-
Мен бір жырымды бердім .

Соғыстың халық басына түскен қайғысы мен «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінде психологиялық тұрғыда жақсы шешілген. Осы бір шағын өлеңінде баласын күткен ата-ана, жарын күткен ару, әкесін күткен сәби қайғысы соларды «көрдің бе?» деген сұрағына жауап таппай, үнсіз түнерген солдаттың сезіміне қосылып, үлкен ойлы суретке айналады.

Ақын өлеңдерінде бейнелілік басым келді. Ол нақты көрініс жадында сақталған елестер, естеліктер арқалы жаңғырта, суреттейді. Соның мысалын «Түбірлер» өлеңінен көруге болады.

Көрінеді
Орманнан
Түбірлер.
Айырылған
Бұтақ қолдардан
Түбірлер.
Мүгедек солдат секілді
Түбірлер.
Оқ жұлғандай етімді-
Жүрегім тулап дүбірлер,
Кезеріп ернім күбірлер,
«Соғыс не?!
Менен біліңдер», -
Деп тұрғандай түбірлер.

Түбір арқылы ақын соғыс апатын, оның адамзатқа әкелген алапатын еске салады, көзге елестетеді. [2, 25]

Осы аталған өлеңдеріндегі заман трагедиясын, адам басына түскен салмақ, өмір үшін арпалысқан адам еңбегі, тіпті, жаңа мазмұн тудырған шығарманың түр өзгешеліктерне дейін Сырбай қаламының құдіретін танытады.

Сырбай өз заманының көп ізденгіш, ой-өрісі кең, көзі қырағы ақыны болған. Ақын көргені мен білгенін ұшқыр қиялымен әрлеп, ой елегіне өткізіп, жанды суретке айналдыра білді. Өмірімен тығыз байланыстылық, шығармашылық сапарлар оған көп материалдар берді, сезімін байытты. Ол жырлаған сұлу өмір суреттері осындай шикі материалдардың шығармашылық електен өткен көріністері. Сырбай жасаған табиғат суреттерінен осыны анық тануға болады. Оларды шындықтың өзі деп қабылдау аз. Ақын өмірде көргенін қиялмен, бейнелі сөздермен өріп, жаңа көркем шындық ұсынады. Ондай өлеңдерден жалт еткен сезім күйін, найзағайдай жарқ еткен көңіл әсерін, жазғы шықтай немесе жанардан үзіліп түскен тамшыдай мөлдірлік танылады.

Шатырынан аспан шарт сынып,
Лақтырды жерге ақ сынып.
Кемпірқосақ тартылды,
Жер мен көкті қапсырып,- дейді ақын көктем табиғаттың ғажап бір құбылысын суреттеп.

Бұл –өмірдің өз суретінен де әдімі , тапқыр айтылған.

Қып –қызыл боп тұтылып,
Бұлтқа кірді азалы ай,
Қара аспанда қанжардай ,
Жарқылдады нажағай .[1 ,227]

Бұл соғыс шындығынан алынған. Аза тартқан ,қызарып барып батқан айдың артынан аспанды торлаған оқ суреттерін ақын осылай бейнелейді.

Сырбайдың өмір суреттерін бояулардан тануы ғажап. «Ақ түн» осы жолдағы ақын ізденісінің басы болды. Онда суреттелетін Ленинградтың ақ түні ол үшін әлемнің аппақ нұрындай елестетеді.

Ақ түн-
Әлемнің аппақ адал нұры .
Ақ түн –
Қуады қуыстардан
Көлеңке,
Қараңғыны,
Ақ түн-

Жеткен талай жыл болдырып ,
Аталардың ақ арманы.
Ақ түнді –ақ арманды
Тұр қондырып:
Ленинград алаңдары,
Нева аралдары,
Кронштад қамалдар,
Смольный жалаулары .

Өлең тек түр жаңалығын қуып кетпейді, онда күшті мазмұн, рух бар. Ол сол «ақ түнді – ақ арманды қондырып тұрған «Ленинград алаңдары», «Нева аралдары», «Кронштад қамалдары», «Смольный жалаулары» деген сөздерімен өз заманының идеясын терең жеткізеді.

Кейін де ақын осы үлгіге көп оралады. Ол түстерді өзара ойнатып, байытып, шындықты соның бояуымен тануға көтерілді, бояулары баттаспай, жарқын жігін сақтаған суреткердің қаламымен құбыла өрнектеледі. Өзі туған өлкедегі Аққөл табиғатына арналған бір өлеңінде ол:
Жазығы да ақ сортаң,
Балығы да ақ шортан.
Қыздарының аты да-
Аспандағы Ақшолпан.
Ақ көлінде ақ қазы,
Ақ үйінде ақ тазы.
Ақ боз атын баптайды, [2, 35]
Ақ сақалды атпазы,- деп жазды. Мұнда да «ақ »түсі ақниеттің, ақпейілдің, таза, пәк өмірдің символына айналады. Енді бірде боз боз түсін ойната жазған ақынның бір жолдарын оқимыз:
Боз даланың буылдыр тозағындай,
Бұлдырайды боз бұлттан бозарып ай,
Бозша қыстың бүркеген боз қырауы,
Боз бұтақтар боз саусақ созады жай.
Дүниенің бәрін бозартып тұрған бозша қыстың бейнесі көз алдыңызда тұрғандай көрініс табады.
Көгілдір өзен,
Көгілдір тал-қарағай,
Көгілдір таулар,
Көгілдір аспан шарадай,
Көгілдір жұлдыз,
Көгілдір күндіз,
Көгілдір дүние жағалай,
Көгілдір көкте,
Көгілдір түсті ағады ай.

Бұл –көктем бояуы. Өмірді өз бояуымен тану, оның жалпы сәнін бұзбай дәл осылай жеткізу ірі ақындардың ғана қолынан келеді. Оның жаны нәзік, сезімтал, сол әсемдікті тану, сүю үшін жаралған. Ол табиғаттың өз баласы. Сондықтан да Сырбай ақын:
Бүкіл аспан мені түнде күзетті.
Ай жымиды ару қыздай ізетті .
Дала желі саусағымен ақырын [2, 40]
Ауып қалған жастығымды түзетті,-деп айта алған. Туған даламен тұтастық деген – осы.

Сырбайдың сезімтал лириктігі, өлеңдерінің шынайы көркемдік сипаттары, өмір шындығын қорыта, түйе білетін ойшылдығы оны қазақ өлеңінің шеберлері қатарына шығарды.

Қазақ әдебиетінде бұрыннан өріс алған поэзия жанры да осы уақыттың ішінде жаңа белестерге шығып, зор ілгерлегені мәлім. Сырбай Мәуленовтың поэзиясында өзгеге ұқсамас ерекше сыры, ажары бар. Оның соңғы өлеңдерінде қуантарлық табыстары бар екеніне көз жеткіздік. С. Мәуленов поэзиясының өзгеден дара қасиеті оның эпикалық күшінде, өлеңіндегі халық поэзиясына тән тегеурінді жігерінде сияқты. Осы қасиет ақынның адам сезіміне арналған алғашқы көзге «нәзік» көрінетін лирикаларынан да байқалады.

«Аңсадың ғой, білем, мені
Алыс жүрген кездерімде
Жасырсаң джа сағынышың
Жазулы тұр көздеріңде»

Міне махаббатқа арналған осы бір шумақ өлеңінде нәзік сезім, әрі толқынды қайрат жатыр. Мұндай өлеңдерден ақынның сыры ғана емес, сонымен бірге өлеңнің мінезі де танылады. Соңғы кезде поэзия туралы сөз қозғағанда өлең мінезіне жеткілікті көңіл бөлсек нақты ажарын ашуға болады.

Ақында өзгелерге ұқсамайтын көңіл-күй, ой түкпірін танытатын жырларының мінезін ашатын нағыз поэзиялық сырларын жырлаған.

«Өлеңіммен жылды қуып құйғытып
Мен келемін өткен күнге өкінбей,
Жаңа жылда, жаңа жырлар тұр күтіп,
Күнтізбенің қол тимеген бетіндей»

Осы шумақтағы ақын тапқан образ жаңалығы былай қойғанда, өлеңнің екпіні, қызуы, жалынды сөздерінің орынды қиысуы ақын дауысының айырықшалығын танытып тұр.

Сырбай Мәуленов жырындағы тағы бір қасиет: ақын халық байлығын, халық мұрасын өте орынды пайдаланады. Ол өз жырын халық өлеңіне әдейі ұқсатқысы келмейді, ел аузындағы сөздерді жинап өлең қистырмай өз шабытымен жырлаған. Халық жырына табиғи жақындық С.Мәуленов өлеңіне ерекше сипат, ажар береді. Поэзиясының пафосын күшейтіп, жарқын бейне тегеурінді қайрат береді. Оның ақындық бетін көрсететін де, ой-өрісінің кеңдігін поэзияның терең сыры, айырықша көркі мынандай өлеңдерінен көрінеді.

«Жаңа бақыт жыл құсы
Келеді әне жыл басы-
Жас ананың тұңғышы
Жас сәбидің құрдасы,
Ашылмаған кендердің
Ашуға тас-темірін,
Айтылмаған ерлердің,
Жырлауға жас өмірін.
Үлпілдеген жас бұлттан,
Жаңа жауған қары бар,
Көрісуге асыққан,
Келе жатыр қаңтар»

Міне бұл өлеңінен еркін шабыт, алғыр қиял танылады, жанды жадырата жайдары леп еседі. Поэтикалық образға бөлінген ой сезіледі. Ұсақ өлеңдердің ерекше бір қасиеті: ақын ойының лирикалық кейіпкер арқылы, көбіне өз атынан сөйлейді, әр нәрсеге өз қатынасын, өз көзқарасын, өз сезімін толғайды. Өз атынан сөйлеу , «мен» деп айтуға сәтті шыққан жағдайда ақын жырын оқушыға жақындата түседі. Сырбай Мәуленовтың «Әкеме» деген өлеңдері жеке бастағы, ақынның өз басындағы жағдайға құрылған сияқты. Ақын өз қайғысын, өз қуанышын жырлай отырып, көптің көңілін толғантар ой тастаған.

«Көз жұмдың былтырғы өткен апрельде,
Табытың түсірілді тақыр жерге.
Жастықтың жалынымен бір жалғасып,

Ұзарған кәрі өмірің жатыр менде». [2 , 85]

Мұнда ақын өз әкесінің көпке ортақ әке етуге, не болмаса әркімнің басында ондай жағдай боларын айтуға тырыспайды, алдыңғы екі жолда өлеңдегі оқиға өз басында болғанын нақтылы анық айтады. Осы жеке адамның қайғысы оның болашаққа сенімін әшекейсіз, бірақ көркем берілгендіктен өлеңдегі сезімді оқушының жүрегіне жақын етеді.

Сырбай Мәуленов поэзиясынан біз байқаған негізгі қасиеттер осындай. «Жолдас» ақынның бесінші кітабы. Сондықтан да бұл кітаптағы жетістіктер ақын жолын анығырақ аңғартады. Сырыбай Мәуленов әдебиетке алғаш келген күннен бастап саяси лирикаға бой ұрған ақын. Ол өлеңдері арқылы бейбіт елдің бақытты шағын аңсағаны мен соғыстағы көрген қиянатты қатар қойып жазған. Өлеңдерінің негізгі тақырыбы ұлы Отан соғысындағы азапты күндерге арнаған. Сырбай Мәуленовтың әдебиет әлемінен алатын орны ерекше. Оның сырға толы өлеңдері мәңгі халықтың жүрегінде.

Қазіргі кезде бізге педагогикалық «Адал азамат» жобасы аясында әрі ақын, әрі майдагер –Сырыбай Мәуленовтың өмір жолын үлгі-өнеге ретінде жас ұрпаққа насихаттауға болады. Мектеп бағдарламасына патриоттық тақырыптағы өлеңдерін енгізіп, ұлттық тәрбиенің қайнар көзін ақын шығармашылығынан алса болар еді. Оқушыларға рухты тәрбие, рухани азық болатын мұра қалдырған ақынның өнегелі жолы, ел ертеңінің тізгінін ұстайтын жастарға үлгі. Майдангер ақынның мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа өнегелі өмірмен, шыңдалған шығармашылығымен құнды.

Қанша ғасыр өтсе де Сырбай поэзиясы жаңа қырынан зерттеуді қажет етіп тұрған жырлар. Адам жанының нәзік қырларын шебер суреткерлікпен өлеңімен өрнек өрген - шебер ақын!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақ әдебиеті, Алматы «Мектеп», 2013
2.Серік Қирабаев, Көп томдық шығармалар жинағы, Алматы: Қазығұрт, 2007

Куанышева Асель Алибаевна,
учитель истории, основ права и экономики,
средняя школа № 14 г. Астаны

ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА С ПОМОЩЬЮ ТЕХНОЛОГИИ ИСТОРИЧЕСКОГО ПОРТРЕТА

В современном образовательном процессе всё большее внимание уделяется интерактивным и креативным методам обучения, которые позволяют учащимся не только усваивать информацию, но и развивать критическое мышление, эмпатию и творческие способности. Одним из таких методов является технология исторического портрета, которая активно используется на уроках истории для изучения личностей исторических деятелей, их характеров, мотиваций и роли в исторических событиях. В данной статье мы рассмотрим, как технология исторического портрета может быть интегрирована в уроки истории, на примере изучения национально-освободительных движений в Казахстане, а также обсудим ожидаемые результаты от применения подобных методик. Конечно, же мой дорогой читатель может подумать, что эта технология актуальна прежде всего для литературы, и это имеет место быть, но ведь наша задача сделать наши уроки как можно более интересными, более приближенными к жизни, сделать так, чтобы ученики сами захотели продолжать изучение этой темы и вот здесь технология, которая предполагает использование ИИ, приходится как нельзя кстати.

Что такое технология исторического портрета?

Технология исторического портрета — это педагогический приём, который

заключается в изучении портретов исторических или литературных персонажей с целью формирования представления об их личности, характере и эпохе. Этот метод позволяет учащимся не только визуально познакомиться с историческими фигурами, но и глубже понять их мотивы, цели и роль в исторических событиях. Моей целью исследования было прежде всего понять может ли данный инструмент помочь мне в решении задач урока.

Основные задачи, которые были поставлены при использовании этой технологии:
Развитие критического мышления — анализ внешности помогает учащимся делать выводы о личности, её характере и мотивах.

Формирование исторической эмпатии — учащиеся «вживаются» в образ исторического деятеля, что помогает им лучше понять его эпоху и условия, в которых он действовал.

Развитие наблюдательности — умение находить важные детали в изображении и связывать их с историческим контекстом.

Связь искусства и истории — изучение портретов помогает понять культурный и социальный контекст времени.

Развитие речи и умения аргументировать — учащиеся учатся выражать свои мысли, анализировать и делать выводы.На примере изучения национально-освободительных движений в Казахстане можно предложить серию уроков, в которых исследование исторических портретов будет играть ключевую роль. Рассмотрим, как этот метод может быть интегрирован в уроки по следующим темам:

1. Восстание под руководством Е. Пугачева и Сырыма Датова

На этом уроке учащиеся знакомятся с личностями Емельяна Пугачева и Сырыма Датова, их ролями в истории, а также с причинами и последствиями их восстаний. Технология исторического портрета используется для изучения внешности и характера лидеров. Учащиеся анализируют портреты и описания, представленные в презентации, и с помощью искусственного интеллекта создают «оживленные» портреты, что делает урок более интерактивным и интересным.

2. Восстание под руководством И. Тайманова и М. Утемисова

На этом уроке учащиеся изучают личности Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова, их роль в национально-освободительном движении, а также их вклад в культуру и поэзию. Технология исторического портрета помогает учащимся понять, как внешность и характер лидеров влияли на их способность вдохновлять народ. Учащиеся также создают «оживленные» портреты с голосом, который читает отрывки из стихов Тайманова и Утемисова.

3. Восстание под руководством Кенесары Касымова

На этом уроке учащиеся изучают личность Кенесары Касымова, его роль в борьбе за независимость Казахстана, а также причины и последствия его восстания. Метод портретного анализа используется для изучения внешности и характера Кенесары. Учащиеся создают «оживленные» портреты и проводят дебаты, защищая позицию Кенесары или его противников.

4. Восстание 1916 года в Казахстане

На этом уроке учащиеся изучают причины, ход и последствия восстания 1916 года, а также роль лидеров этого движения. Технология исторического портрета помогает учащимся понять, какие черты характера лидеров помогали им в борьбе. Учащиеся создают плакаты, посвященные восстанию, используя образы лидеров и ключевые события.

Использование искусственного интеллекта (ИИ). Современные технологии позволяют использовать ИИ для создания «оживленных» портретов исторических деятелей. Это делает уроки более интерактивными и интересными. Учащиеся могут не только анализировать статичные изображения, но и видеть, как исторические фигуры «оживают» на экране, что помогает им лучше понять их характер и мотивы.

Учащиеся могут создавать собственные портреты исторических деятелей,

используя различные художественные техники. Это развивает их творческие способности и помогает глубже погрузиться в исторический контекст.
Интерактивные сценки и дебаты: Учащиеся могут разыгрывать сценки, где один из учеников играет роль исторического деятеля, а другие задают ему

- **Использование ИИ:** На каждом уроке можно использовать ИИ для создания "оживленных" портретов лидеров, что сделает уроки более интерактивными и интересными. Не бойтесь предложить детям использовать разные ИИ (не только чат jpt). Чем больше будет вариации, тем больше будет эффекта «вау!»
- **Междисциплинарный подход:** Связь истории с искусством, литературой и культурой поможет учащимся лучше понять эпоху и личности лидеров. Обязательно охватывайте какие – то неиз Творческие задания: Позволят учащимся проявить креативность и глубже погрузиться в тему. Здесь полная свобода действии.
- Рефлексия: Важно завершать каждый урок обсуждением, чтобы учащиеся могли осмыслить полученные знания и связать их с современностью.
- Ожидаемые результаты от применения технологии исторического портрета. Учащиеся учатся анализировать внешность и характер исторических деятелей, делать выводы об их мотивах и роли в исторических событиях. Это развивает их способность критически мыслить и анализировать информацию.
- вестные факты из жизни и деятельности «портретных» героев.

Технология исторического портрета является эффективным инструментом для изучения истории, который позволяет учащимся не только усваивать информацию, но и развивать критическое мышление, эмпатию и творческие способности. Интеграция этого метода в уроки истории, особенно с использованием современных технологий, таких как искусственный интеллект, делает образовательный процесс более интерактивным и интересным. Ожидаемые результаты от применения метода портретного анализа включают развитие критического мышления, формирование исторической эмпатии, повышение интереса к истории и улучшение коммуникативных навыков учащихся. Таким образом, технология исторического портрета является важным элементом современного образовательного процесса, который помогает учащимся глубже понять историю и её героев.

Куанышева Айдана Жалгасовна,
Атырау қаласы,
«Сармат» мамандандырылған
мектеп-лицей-интернаты
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

Кіріспе бөлім

«Отан» – жүрекке ыстық, қастерлі сөз. Ал Отанды қорғау – ең ұлы парыз. Осы қасиетті ұғым бала жүрегіне ең алдымен отбасыдан, кейін ұстаз бен ақын- жазушылардың көркем шығармаларынан дариды. Әдебиет – ұлттық рухты оятатын, елдіктің, ерліктің ескірмес шежіресі. Сол шежіренің алтын арқауы – сарбаздық рух.

Мен – Атырау қаласындағы әскери бағыттағы «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының мұғалімімін. Бұл мектеп – Тәуелсіз Қазақстанның болашақ батырларын, ер азаматтарын, шынайы патриоттарын тәрбиелеуге бағытталған білім ордасы. Тек ұл балалар білім алатын бұл мектепте тәртіп пен тәрбие, рух пен руханият қатар жүреді. Міне, осындай ортада жұмыс істейтін педагог ретінде мен үшін жауынгер

ақын Сырбай Мәуленовтың шығармашылығы – сарбаздық рух пен елге адал қызмет етудің көркем үлгісі. Менің мектебім – тәртіпке негізделген әскери бағыттағы білім мекемесі. Бұл жерде біз тек білім беріп қана қоймай, Отанға адал, жүрегінде ел мен жерге деген сүйіспеншілік бар ұлдарды тәрбиелеуді басты міндет деп білеміз. Мұндай міндетті орындауда Сырбай Мәуленовтің шығармалары бізге рухани тірек, тәрбие құралы бола алады. Сырбай ақын жырларында бейбіт өмірге деген сағыныш үнемі байқалады. Ол соғыстың ауыртпалығын көрген адам ретінде, жас ұрпақтың бейбіт аспан астында өмір сүруін ең үлкен бақыт санайды. Осы ой «Ана тілі», «Бейбітшілік жыры» секілді өлеңдерінде анық көрініс табады.

Ақын поэзиясында сарбаздың ішкі жан дүниесі, сағынышы, қорқынышы, үміті де терең беріледі. Бұл – қазіргі жас сарбазға да, оқушыға да таныс сезімдер. Мәселен, оқушыларымыз ата-анасын сағынады, болашаққа сеніммен қарайды, ел үшін қызмет еткісі келеді. Осы сезімдердің барлығы ақын жырларымен үндес. Сырбай Мәуленов поэзиясының маңызды қыры – оның азаматтық үнінде. Ақын тек жауынгер ретінде емес, елінің болашағына алаңдайтын азамат ретінде де көрінеді. Ол табиғатты сүйеді, ана тіліне жанашыр, халқына жанын қияр дайын ақын. Бұл қасиеттердің барлығы – бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Негізгі бөлім

Сырбай Мәуленовтың өмір жолы – нағыз жауынгерлік ерліктің көрінісі. Ол Ұлы Отан соғысына қатысып, майдан шебінде жүріп жүректен жыр жазған ақын. Оның поэзиясында соғыстың зұлматы, сарбаздың жан толғанысы, Отан алдындағы адалдық пен антына беріктік терең суреттеледі. «Қызыл галстук» жинағындағы өлеңдері жасөспірімдерге бағытталғанымен, оның астарында терең патриоттық тәрбие жатыр. Ақын бала жүрегіне «Отан деген – сенің анаң, сенің болашағың» деген ойды қарапайым, бірақ әсерлі жолдармен жеткізе біледі.

Мысалы, «Сарбаздар» өлеңінде:

Сарбаздар тұр сап түзеп,
Желбіреп ту, найза ұстаған.
Қара бұлтты жарып өтсе,
Жасқанбас жаудан бұрса да жаңбыр, –

деген жолдарда сарбаз бейнесі айбынды, әрі батыр ретінде сомдалады. Бұл өлең оқушыны рухтандырып қана қоймай, өз еліне адал болуға үндейді.

Қорытынды бөлім

Сырбай Мәуленов – тек жауынгер ақын ғана емес, ұлт рухының жыршысы. Оның шығармаларынан сарбаздық рух, Отанға адалдық, елге деген махаббат, тыныш өмірге деген сағыныш пен сенім айқын көрінеді. Бұл қасиеттер – бүгінгі жас ұрпаққа ауадай қажет. Мен өз мектебімдегі әрбір ұл баланың жүрегіне осы сарбаздық рухты дарытқым келеді. Әдебиет – соған апарар ең тиімді жолдың бірі. Ақын жырлары – өмір сабағы, ерлік мектебі. «Сармат» мектебі – болашақ сарбаздарды тәрбиелеп отырған білім ордасы. Біздің міндетіміз – оларды тек білімді емес, рухы мықты, жүрегі отаншыл, болашағы жарқын азамат етіп тәрбиелеу. Бұл жолда Сырбай Мәуленовтей ақындардың мұрасы – бізге бағыт берер шамшырақ.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясындағы жауынгерлік рухты көркем жеткізген сирек ақындардың бірі. Оның әрбір жыры – ерлікке тағзым, батырға бас ию, бейбіт өмірге деген мәңгілік сағыныш. Сырбайдай сарбаздың жырымен сусындап өскен ұлдарымыз, ертең ел қорғайтын ер боларына сенемін. Себебі олар – отансүйгіш ұстаздардың, ұлы тұлғалардың жырынан нәр алған ұрпақ!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәуленов С. «Қызыл галстук». — Алматы: Жазушы, 1980.
2. Мәуленов С. «Жас жүрек». — Алматы: Жазушы, 1973.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10-том. — Алматы: Білім, 2010.

4. Бекмырзаев Т. «Сырбай поэзиясының сарбаздық рухы». // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. — 2015, No4.
5. Ғабдуллин М. «Атақты батырлар мен ақындар». — Алматы: Санат, 1996.
6. ҚР БҒМ. «Оқушыны патриоттыққа тәрбиелеу тұжырымдамасы». — Астана, 2018.
7. Жеке мұғалімдік тәжірибе және «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының тәрбие жұмыстары.

Куанышева Индира Сагатбеккызы,
Астана қаласы,
№97 мектеп-гимназиясының
педагог-психологі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

Сырбай Мәуленов 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы, Торғай поселкесінде дүниеге келген. Туған өлкесінде орта білім алып, одан кейін Қызылорда педагогикалық институтында филология факультетінде оқыды. 1942 жылы Қызылорда педагогикалық институтының екінші курсында оқып жүрген кезінде Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1943 жылдың аяғында ол ауруына байланысты әскери қызметтен босатылады.

1942 жылы Сырбай Мәуленов Волхов майданында лейтенант болып, саяси мәселелер жөніндегі командирдің орынбасары болды. Ал 1943 жылы Ленинград қоршауы бұзылған кезде жауынгер Сырбай ауыр жарақат алып, ауруханада емделгеннен кейін әскерден қайтарылды.

Ұлы Отан соғысы кезінде солдаттың қолына Николай Тихоновтың 28 панфиловшы туралы поэмасы түседі.

«Әскерді жеңіске жетелейтін политруктардың мәртебесі мен даңқы арта берсін» деген өлең жолдарын оқи келе, Мәуленов авторға хат жазады. Николай Тихоновтан жауап жылдам келеді: «Қазақ ақынының қолға қару алып, біздің сүйікті қаламыз Ленинградты қорғағанына мен қатты қуаныштымын. Уақыт келіп, блокададан босаған кезде қаламызда сіз екеуміз кездесіп, өлеңдер оқып және совет халқының фашистермен ұлы шайқасы туралы айтатын боламыз» деген жауап алады.

Мәуленов былай деп жазады: «Ленинград үшін шайқаста мен ажалмен бетпе-бет келдім. Соғыс мені батылдыққа, әрі жылдам әрекет етуге үйретті. Менің поэзияма өз екпінін, лебін ала келді. Мен қысқа өлеңдер жазамын, себебі, соғыста ерлік жасау мен ажал бір сәтте болып жатады».

Сырбай Мәуленов Әли Евгений Винокуров, Сергей Орлов, Қайсын Құлиев, Қасым Аманжолов, Сергей Наровчатов, Юрий Левитанский, Борис Слуцкий сияқты поэтикалық майдандық бауырластықтың өкілетті өкілі. С. Мәуленовтің жетілген таланты Ади Шәріпов туралы өте әділ айтты: "Жас ақынның адамгершілік мұраттары артиллериялық канонада үнімен траншеяларда қалыптасты, ол жауынгер жолдастарымен бірге өз халқының тағдырын, бүкіл адамзаттың тағдырын қорғады".

Соғыстан кейінгі өмірі қоғамдық өмірмен, өлеңдермен толыға түсті.
Николай Тихонов хатында былай деген екен: Сіз міндетті түрде өлең жазыңыз, тоқтатпаңыз, жазған өлеңіңізді сөмкеңізге, жүрегіңізге сақтаңыз. Сіз және сіз секілді адамдар халыққа соғыс туралы шындықты айтуларыңыз керек».

«Ерлігі үшін» және «Ленинградты қорғағаны үшін» медальдарымен марапатталған ақын өмірінің соңына дейін соғыста ажал құшқан достарының рухтарына арнап, әсерлі де қайғылы әскери тақырыптарға байланысты өлеңдер жазды.

Дәл осы қайтып оралмағандар алдындағы жауапкершілік сезімі ақынның өткен шайқастарды жазып қана қоймай, сонымен бірге ащы өлім қорқынышынан арылған шындық туралы асқан ашықтықпен және рухани берілгендікпен айтуына көмектесті.

Сырбай Мәуленовтың дана және жарқын талантының ежелгі жанкүйері және адал жанкүйері Петр Якушев былай деп жазады: "Соғыс үні оның жадында өмір бойы қалды. Ардагер жауынгер, ротаның саяси қолбасшысы және солдат ақыны бейбіт күндерге жету бақытына ие болды. Ол сарбаздардың рухына және ешқашан жер бетінде болмаған фронттағы бауырластыққа деген адалдықты сақтайды. Әрбір майдангер жауынгердің есімі оның жүрегінде мықтап жазылған».

Ұзақ жылдар бойы Сырбай Мәуленов тірі батырлар және қаза тапқан батырлар туралы көптеген өлеңдер мен поэмалар жазды. Ол тек ұрысу алаңында құлағандар туралы ғана емес, өздері туралы ештеңе айта алмағандар туралы да жиі ойлады және жазды. Бұл өте орынды, себебі ақын оқырманмен олардың атынан сөйлесуге толық құқысы бар еді. Сырбай Мәуленовтың соғыс туралы өлеңдері - ең алдымен, мәңгілік тірі өмірдің салтанатты Әнұраны"десек артық айтқандық емес.

Сырбай поэзиясында ақындар әндерінің ерекше бейнесін, Абайдың қарапайымдылығы мен лаконизмін, суреттеуінен Тютчев философиялық дәлдігі мен кескіндемесін, Есениндік шынайылық пен интонацияның шынайылығын сезінуге болады. Мәуленовтың шығармашылығы қазіргі заманғы поэтикалық ойлау тәжірибесімен байытылған қазақ және орыс поэзиясы дәстүрлерінің өзіндік бірігуі...

Ақын аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ол Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Ломоносов, Байрон, Маяковскийдің және бауырлас республикалардың бірнеше көрнекті ақындарының өлеңдерін аударған. Сонымен бірге, ақын бірнеше балалар кітабын құрастырып, әр түрлі уақытта жазылған публицистикалық мақалалардың екі кітабын жариялады.

Оның лирикасында қазақ халқының шынайы тарихы көрініс тапқан. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов өз еңбектерінде қиын жағдайларда адамның моральдық-адамгершілік қабілеттіліктері ашылатын, майдандық достықты даңқтау арқылы анықталған Ұлы Отан соғысы тақырыбына ерекше орын берген.

Қайран халқым, көрді қанша қасірет,
Жау от қойып, туған жерін басты өрт. Аштық, апат, терең зындан, тас-түнек, Көкірегін жайлады удай ащы дерт - деп жырлаған Сырбай Мауленов сол азапты өз басынан өткерді. Ұлы Отан соғысында Отан үшін кеудесін оққа тосты, от кешті. Төрт жыл кескілескен соғыс Сырбайды ақын ретінде де, адам ретінде де шыңдады.

Жаудың талқанын шығарып, жеңіске жетеміз, Арқа жерін аралап, қазақстанымызға да қайтамыз деп жырлап өткен ақын соғыс кезінде жабырқап қалған жандар қайта күліп, әлемде махаббат орнайтынын, әлі-ақ туған жердің топырағында аунап-қунап жатармыз деп майдандас жауынгерлерге рух берді, бейбіт өмірді аңсағанын да байқауға болады.

«Жорық жылдың хаттары» деген өлеңінде ақын былай деп жырлады:

Жорық жылдың хаттары —
Жалап өткен оқ үстін.
Қанды майдан ақпары,
Шежіресі соғыстың.
Алаулардың түтіні,
Қарлығашы үміттің.
Жүрегінің лүпілі
Жарын сүйген жігіттің.
Жорық жылдың хаттары —
Қақаған қыс бораны,
Ормандардың батпағы,
Ұзақ жолдар торабы.
Қаптап алда жатыр хат —
Достарымның сезімі.
Бояуы жоқ ақиқат,

Соғыстың бұл өз үні. Міне, майданға келген үшбу хаттың солдат үшін керемет бағалы, туған жерде қалған жақындарының сағынышқа толы жай-күйін жеткізетін, оларға күш-қуат беретін, үміт отын жағатын сый екенін айтады. Әрбір өлең шумақтарынан Сырбай Мәуленовтың Отанға, туған еліне деген үлкен махаббаты мен қайтпас қайсарлығын, мығым өмірлік ұстанымы мен қайтпас қайсар сарбаздық рухын сеземіз.Майдан жолында деген қысқа ғана өлеңін оқығанда сол сұрапыл сұм соғыстың тартқызған ауыр азабын, зілін, жан дүниемен сезініп, ұйқысыз, күлкісіз жаумен шайқасқан жауынгерлерімізді, аспандағы самолет пен жердегі танктердің шайқасын көз алдымыздан өткергендей боламыз.

Төрт жыл жаумен атысқан,
Кезген тау, тас қиясын.
Келді жігіт батыстан
Іздеп ұшқан ұясын.
Не қыларын білмеді,
Баса алмады күйігін.
Құлап түсіп діңгегі
Күлі жатыр үйінің.
Шаң боп ұшып кетіпті,
Жасыл гүлдер — таныс бақ.
Соғыс басып өтіпті,
Табанымен жаныштап.
Айрылды бар күшінен,
Көкіректе шер тұнып.
Үндемеді ішінен
Көпті көрген жер тынып.
Ал аспан ше —
Аспан да
Қарауытты күрсініп.
Тек қана бір жас талда,
Уілдейді тіршілік– деп «Ұшқан ұяда» атты өлеңінде сол заманның қасіретті күйін жеткізді**.**

«Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінде соғысқа кетіп хабарсыз кеткен баласының жолын күткен ананың жылай-жылай суалған көз жасы, төрт көзі төрт болып, келер күнге үміттеніп, асыл жарын сағына күткен арулардың, әкесі соғысқа кеткенде іште қалған жас сәбилер мен балалардың сарғайған сағынышы, сол заманның қасіреті көрініс тапқан. Қаралы қағаз алып, қайғы жамылған отбасылардың жай-күйін жеткізе білген. «Солдат туралы баллада» өлеңінде ерлікпен қаза тапқан солдаттардың есімдері ел есінен өшпейтіндігін, олар ерлік іздеген жоқ, бірақ ерлік оларды өзі іздеп тапты деп жырға қосты. Майдан даласында қаншама арманы биік, өршіл де өжет, қыршын жас боздақтарымыздың сүйегінің туған жеріне жете алмай қалғанын, бостандықтың бал дәмін олар тата алмай кеткенін күңірене жырлап, болашақ ұрпаққа жеткізе білді.

Азаматтық жауапкершілік сезімі ақын шығармашылығы арқылы арнайы жолмен өтеді. Сондықтан, Сырбай Мәуленовтың шығармаларында жауынгер ақынның, азамат ақынның және лирик ақынның позициясы айқын көрінеді.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов заманауи ақын, себебі бүгінгі заман оның барлық өлеңдерінде бар уайыммен және үреймен өмір сүреді. Бірақ бұл тақырып жер бетінде өмір сүргендердің ең басты жауапкершілігі – өткен мен болашақ алдында бағынышты. Бұл идея шайқасқа түскендерге арналған жолдарда жазылған.

Сырбай Мәуленовтың өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, майдандас достарын қайта тірілтеді. Өйткені, олардың алда жаңа биіктер мен шекаралар, жеңіске жетудің ұлы жолы тұрды. Ақынның поэзиясы бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген мақсатты тағы да еске салады. Сырбай Мәуленов туған жеріне,

табиғатқа аса үлкен құрметпен қарайды. Сол себепті ақын шығармаларында Отан қай жерде болмасын, адаммен бірге жүретін, аспанда қалықтаған қарлығашпен байланыстырылады.

1967 жылы «Таңдаулы лирика» сериясында «Жас гвардия» баспасында майдангер-жазушы Сырбай Мәуленовтың өлеңдер жинағы жариялады. Сондай-ақ, 1958 және 1966 жылдары ақынның таңдаулы шығармалары жарық көрді.

Бұл жерде ана тіліне адалдық адамның ең терең рухани жауапкершілігі ретінде көрінеді. Әдеби тұрғыда метафоралар мен эпитеттер («ардағым», «тағдырым») арқылы тілдің киелілігі бейнеленген.
Тәрбиелік мәні: жастарды туған тілін құрметтеуге, оны сақтауға, қорғауға баулу. Ана тіліне адал болу – елге адал болудың көрінісі.
2.7. Махаббат лирикасындағы адалдық
Сырбай Мәуленовтің махаббат тақырыбындағы өлеңдерінде де адалдық идеясы негізгі орын алады.
«Адал махаббат – мәңгілік,
Жалған сезім – өткінші.
Шынайы жүрек берік боп,
Уәдесін ешқашан кетпейді.»
Ақын махаббаттағы адалдықты мәңгілік құндылық ретінде бейнелейді. Өлеңде қарама-қарсы мәндер («адал махаббат» – «жалған сезім») арқылы идея күшейтілген.
Тәрбиелік мәні: жастарды махаббат пен сезім мәселелерінде шынайылыққа, тұрақтылыққа, уәдеге беріктікке тәрбиелеу. Адал махаббат – адал азамат болудың бір көрінісі.
III тарау. Сырбай Мәуленов шығармаларының тәрбиелік маңызы
3.1. Адалдық – Сырбай Мәуленов поэзиясының арқауы
Сырбай Мәуленов поэзиясының негізгі өзегі – адамгершілік құндылықтарды дәріптеу. Оның ішінде адалдық қасиеті ерекше орын алады. Ақын үшін адалдық – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның болашағын айқындайтын рухани іргетас. Ол адалдықты адамның ар-намысымен, ел алдындағы жауапкершілігімен, еңбекқорлығымен тығыз байланыстырады.
3.2. Жастарды тәрбиелеу құралы
Ақын шығармалары – бүгінгі жас ұрпаққа адалдықты көркем образ арқылы жеткізетін рухани мектеп. Сырбай Мәуленов шығармалары жас ұрпақтың бойына адалдықты сіңіруге бағытталған. Оның өлеңдерінде ар алдында, дос алдында, отбасы алдында адал болу – азаматтық борыш деп суреттеледі.

- Жастарға үндеуі: Ақын жас буынды шынайы болуға, өтіріктен, жалғандықтан аулақ жүруге шақырады.
- Жеке мінез тәрбиесі: Адалдықты сақтай білген адам – сенімге ие болатынын көрсетеді.
- Моральдық тазалық: Адал болу – ұрпақтың рухани дамуының ең басты шарты.

Осы арқылы Сырбай Мәуленов шығармалары мектеп пен жоғары оқу орындарындағы тәрбие құралдарының бірі ретінде үлкен маңызға ие.

3.3. «Адал азамат» бағдарламасымен үндестігі

Ақын шығармаларының басты бір бағыты – еңбек адамының бейнесі. Ол адал еңбекті – қоғамның даму көзі, адамның абыройының кепілі деп біледі.

Тәрбиелік мәні:

- Жастарға еңбекті қадірлеуді үйретеді.
- Адал еңбек арқылы табысқа жетудің маңызын көрсетеді.
- Әрбір мамандық иесінің ел алдындағы жауапкершілігін ұғындырады.

3.4. Қоғамдық маңызы

Ақын поэзиясы тек жеке тұлғаны емес, тұтас қоғамды адалдыққа шақырады. Оның шығармалары – ұлттық рухани иммунитеттің қайнар көзі.

Сырбай Мәуленов поэзиясында адалдық – тек жеке қасиет емес, ол қоғамдық міндетпен де сабақтас. Ақын халық мүддесіне қызмет етуді – азаматтың ең үлкен адалдығы деп біледі.

Мәселен, соғыс жылдарындағы өлеңдерінде жауынгердің Отан алдындағы адалдығы, бейбіт өмірде еңбеккердің ел алдындағы адалдығы жырланады. Бұл – жастарға патриоттық тәрбие берудің бірден-бір жолы.

Тәрбиелік әсері:

- Жастарды Отанын сүюге баулиды.
- Ел мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қоюға үйретеді.
- Азаматтық жауапкершілікке тәрбиелейді.

3.5. Достық пен махаббаттағы адалдық

Мәуленов поэзиясының тағы бір маңызды қыры – достық пен махаббатты жырлауы. Ол үшін шынайы достықтың негізі – адалдық.

«Досқа адал – азамат,
Жалған досқа – жұбатпа»

деген өлең жолдары жастарға достықта тұрақтылық пен сенімділіктің маңызды екенін ұқтырады.

Сол сияқты махаббат жырларында адал сезім – шынайы бақыттың кепілі ретінде көрінеді. Бұл – жас ұрпақты имандылыққа, адал махаббат пен таза қарым-қатынасқа тәрбиелеудің көркем үлгісі.

3.6. Тарих пен елдікке адалдық

Сырбай Мәуленов тарихи тақырыптарға да жиі қалам тартқан. Оның тарихи жырларында өткен бабалар рухына, елдің тарихына адалдық идеясы алдыңғы қатарға шығады. Бұл – ұлттық сана мен отансүйгіштікті тәрбиелеудің жолы.

Мысалы, қазақ батырларының бейнесін сомдай отырып, ақын олардың ерлігі адалдыққа негізделгенін көрсетеді.

3.7. Қазіргі тәрбие процесіндегі маңызы

Сырбай Мәуленов шығармаларын бүгінгі білім беру мен тәрбие жүйесінде қолданудың бірнеше тиімді жолдары бар:

- Мектеп сабақтарында адалдық туралы өлеңдерін талдау арқылы оқушыларға адамгершілік құндылықтарды түсіндіру.
- Тәрбие сағаттарында «Адалдық – ардың ісі» тақырыбында шығармашылығын пайдалану.
- Жастар ұйымдарында еңбекке, достыққа, елге адалдықты насихаттау мақсатында ақын өлеңдерін қолдану.

IV тарау. Сырбай Мәуленов шығармаларындағы адалдық идеясының басқа ақын-жазушылармен сабақтастығы

Қазақ әдебиеті – ұрпаққа рухани тәрбие беретін үлкен мектеп. Әр дәуірде өмір сүрген ақын-жазушылардың шығармашылығындағы ортақ идеялардың бірі – адалдық.

Бұл қасиет халықтың өмір сүру салтында, дүниетанымында, ұлттық философиясында ерекше орын алып, әдебиетте бір-бірімен сабақтасып жалғасып отырды. Сырбай Мәуленов те осы дәстүрді жалғастырып, ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясында адалдық тақырыбын жаңаша қырынан дамытты.

4.1. Абай Құнанбайұлы мен Сырбай Мәуленов поэзиясындағы адалдық

Абайдың шығармашылығында ар, ұждан, адалдық – ең басты категориялар. Ол адамды жетілдіретін күшті адалдықтан іздеді. «Адам болам десеңіз» атты өсиет өлеңінде арсыздық пен жалғандықты «бес дұшпанға» теңеп, адам болудың кілті – адалдық пен еңбек екенін көрсетті.

Сырбай Мәуленов те осы дәстүрді жалғастырады. Оның «Жүрек сөзі» жинағындағы:

«Адал бол ар алдында,
Адал бол халық алдында»

деген жолдары Абайдың «ар алдындағы адалдық» қағидасымен үндес. Егер Абай адалдықты адам болмысының моральдық негізі ретінде көрсетті десе, Мәуленов оны қоғамдық-азаматтық парызбен байланыстыра жырлады.

4.2. Жамбыл Жабаев пен Сырбай Мәуленов шығармаларындағы халық алдындағы адалдық

Жамбыл поэзиясы – халыққа адал қызмет етудің үлгісі. Оның:

«Жалған сөзге ерме,
Жауыздыққа берме»

деген өсиеті адалдықты әділетпен, әділетті адалдықпен теңдестіргенін байқатады.

Мәуленов поэзиясында да халық алдындағы адалдық басты орында. Ол шопан, құрылысшы, диқан бейнесін сомдай отырып, олардың ел алдындағы адал еңбегін дәріптейді. Осы тұрғыдан екі ақынның шығармашылығындағы сабақтастық айқын: Жамбыл дәстүрлі эпикалық жырда халыққа адалдықты бейнелесе, Мәуленов жаңа заман лирикасында осы идеяны жалғастырды.

4.3. Мұқағали Мақатаев пен Сырбай Мәуленов – шындық пен адалдық жыршылары

Мұқағали поэзиясы – адалдық пен шындыққа адалдығы арқылы ерекшеленеді. Оның:

«Шындық керек бүгінгі адамзатқа,
Шындық керек, шындықтың құны қанша?»

деген жырлары ақынның адалдықты ең биік рухани құндылық деп бағалағанын көрсетеді. Сырбай Мәуленовтің «Адалдық» өлеңіндегі:

«Жүрегіңнен адалдық айрылса,
Қуаныштың қасиеті қашады»

деген жолдарымен Мұқағали поэзиясындағы адалдық үндеуі үндесіп жатыр. Екі ақын да жеке адамның да, қоғамның да болашағы – адалдыққа байланысты деп біледі.

4.4. Ғабит Мүсірепов пен Сырбай Мәуленов шығармаларындағы адалдық бейнесі

Қазақ прозасының ірі өкілі Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романында адалдық пен әділетті басты кейіпкер бейнесі арқылы көрсетеді. Ұлпан – халық алдындағы адалдығымен ерекшеленетін, ел үшін қызмет еткен тұлға.

Сырбай Мәуленов өлеңдерінде де адалдық қаһармандықтың, азаматтықтың басты шарты ретінде көрінеді. Бұл жерде екі қаламгердің де көркемдік мақсаты – адалдықты адамдық пен ұрпаққа үлгі ретінде дәріптеу.

4.5. Сәбит Мұқанов пен Сырбай Мәуленов – еңбекке адалдықты жырлаушылар

Сәбит Мұқановтың «Сырдария», «Ботагөз» шығармаларында қарапайым еңбек адамының адалдығы суреттеледі. Ол үшін еңбек – адамдықтың өлшемі.

Сырбай Мәуленов «Еңбек жыры» өлеңінде:

«Еңбекке адал адамның
Маңдайынан күн нұры тамғандай»

деп жырлап, адал еңбекті қоғам дамуының басты негізі етіп көрсетеді. Осылайша, екі ақынның шығармашылығында адал еңбек – адам өмірінің мәні деген идея ортақ.

4.6. Жалпы сабақтастықтың мәні

- Абайдан – ар алдындағы адалдық идеясын жалғастырды.
- Жамбылдан – халыққа адал қызмет ету дәстүрін мұра етті.
- Мұқағалидан – шындықты адал айту қағидасын қабылдады.
- Мүсіреповтен – адалдықты көркем бейне арқылы таныту дәстүрін жалғады.
- Мұқановтан – еңбекке адалдықты жырлау дәстүрін алды.

Қорытынды

Адалдық – адамзат өркениетінің мәңгілік құндылығы. Қоғамның дамуы, мемлекеттің болашағы, халықтың бірлігі – адал азаматтардың қолында. Осы тұрғыдан алғанда «Адал азамат» бағдарламасы – бүгінгі күннің аса маңызды жобасы. Ол ұлттық дәстүрлі құндылықтарды жаңғыртып, жас ұрпақтың бойына адалдықты басты қасиет ретінде сіңіруге мүмкіндік береді.

Сырбай Мәуленов шығармашылығы – осы бағдарламаға рухани тірек бола алатын әдеби мұра. Оның «Адалдық», «Ар», «Жүрек сөзі», «Қазақ тілі» сияқты өлеңдері адалдық ұғымын әр қырынан ашып көрсетеді. Соғыс тақырыбындағы шығармалары – Отанға адалдықтың айқын үлгісі болса, махаббат пен достық лирикасы – шынайы сезім мен адал қатынастың көркем көрінісі.

Осылайша, Сырбай поэзиясы – жастарға адалдықты үйретететін рухани қазына. Ақынның шығармалары бүгінгі «Адал азамат» бағдарламасының тәрбиелік мақсатымен үндесіп, болашақ ұрпақты адал, әділ, парасатты етіп тәрбиелеуге зор ықпал етеді.

Қорытынды ой: *Адал азамат – әділетті қоғамның тірегі. Сырбай Мәуленов шығармалары – сол адалдыққа бастайтын мәңгілік шамшырақ.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мәуленов С. *Шығармалар жинағы* (8 томдық). – Алматы: Жазушы, 1982–1986.
2. Мәуленов С. *Жүрек сөзі*. – Алматы: Жазушы, 1972.
3. Мәуленов С. *Адалдық*. – Алматы: Жазушы, 1974.
4. Мәуленов С. *Қазақ тілі*. – Алматы: Жазушы, 1981.
5. Әбдікакімұлы Б. *Қазақ әдебиетінің тарихы*. – Алматы: Санат, 1999.
6. Қирабаев С. *Әдебиет және дәуір*. – Алматы: Жазушы, 1977.
7. Нұрғалиев Р. *Әдебиет теориясының негіздері*. – Алматы: Мектеп, 2003.
8. Қазақстан Республикасының «Адал азамат» бағдарламасы. – Астана, 2020.
9. Құнанбайұлы А. *Қара сөздер*. – Алматы: Мектеп, 2005. (Адалдық тақырыбын сабақтастыру үшін).
10. Әуезов М. *Әдебиет туралы ойлар*. – Алматы: Жазушы, 1978.
11. Мырзахметұлы М. *Абай және қазақтың рухани мәдениеті*. – Алматы: Рауан, 1994.

Қуанышова Арайлым Бейбітқызы,
Алматы қаласы, Медеу ауданы
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

XX ғасырдағы ең ауыр тарихи кезеңдердің бірі – екінші дүниежүзілік соғыс. Бұл соғыс әлем халықтарының өміріне ғана емес, әдебиет пен өнердің бағыт-бағдарына да зор ықпал етті. Қазақ әдебиетінде майдангер ақындар шоғыры қалыптасып, соғыс шындығын өз жүректерімен бастан өткеріп,поэзия арқылы мәңгілікке қалдырды. Солардың ішінде Сырбай Мәуленовтіңорны бөлек. Ол тек майдангер емес, соғыстың қасіреті мен жеңістің қуанышын, жауынгерлердің қайсар рухын, сонымен бірге бейбіт өмірге деген мәңгілік сағынышты өлеңмен өрнектеді.Мәуленов шығармашылығындағы «сарбаздық рух» ұғымы тар мағынадаәскери батырлықты ғана білдірмейді. Ол – ел мен жерге деген сүйіспеншілік, ар-намысқа адалдық, төзім мен гуманизмнің тұтас жиынтығы. Ақын майдангер ретінде көрген-білгенін жай дерек ретінде емес, философиялық,көркемдік тұрғыдан тереңдетіп жырлады. Бұл мақалада ақынның «Соғыстанқайтқан солдаттар», «Соғыс жолы», «Соғыс — сойқан» және «Менің байтақ республикам…» атты төрт өлеңіне сүйене отырып, Сырбай Мәуленов поэзиясындағы сарбаздық рухтың идеялық-көркемдік табиғаты жан-жақты қарастырылады. Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келді. 1942– 1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, әскери тілші қызметін атқарды. Майдан шындығы, окоп өмірі, өлім мен өмірдің арасы – ақын үшін жай естелік емес, шығармашылықтың басты өзегі болды. Соғыс ақынды ерте есейтті. Жауынгерлік орта оның азаматтық көзқарасын қалыптастырып, поэзиясына айрықша серпін берді. Сондықтан Мәуленов өлеңдеріндегі сарбаздық рух – сырттай бақылаудан туған сипат емес, тікелей көрген-білген, жүректен өткерген өмірлік шындық. Оның жырларындағы жауынгер бейнесі нақты есімдермен шектелмей, бүкіл қазақ халқының, тіпті адамзаттың ортақ батырлық тұлғасына айналған.«Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінде жеңіс пен үмітке толы тағдырлардың бейнелері сөз болады. Өлеңде соғыстан аман оралған жауынгерлерді тосқан елдің сағынышы, аналардың жүрек шері айқын көрініс тапқан. Алғашқы жолдардан-ақ табиғаттың өзі ана жүрегімен үндеседі:

«Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір»

Мұндағы «дала» – жай кеңістік емес, соғыстан зардап шеккен халықтыңбейнесі. Ақын риторикалық сұрақтарды жиі қолданады: «Көрдің бе ұлын ананың, Соғыстан қайтқан солдаттар?» – бұл сұрақ оқырманды да, оралған сарбазды да толғандырады. Сарбаздық рух мұнда тек майдан даласында емес,елге оралған жауынгердің жүрегінде, ар-намысында жатыр. Соғыс отын кешкен адамның аман келуі – ел үшін үлкен жеңіс, бірақ әр отбасының жүрегінде орны толмас қасірет бар. Осы өлеңде сарбаздың әр қадамына деген құрмет, елдің үміті мен қуанышы тоғысып, сарбаздық рухтың азаматтық өлшемі көрінеді. «Соғыс жолы» өлеңі – жауынгер қадамының салмағын айқындаған туынды. Ақын «Адым – ерлік өлшемі, Адым – өмір кепілі» деп басталатынқайталамалар арқылы майдандағы әрбір қадамның Отан тағдырын шешетінін айтады. Қысқа тармақтар, марш ырғағына ұқсас ұйқас жауынгерлер шеруін еске салады. Өлеңде сарбаздық рух табандылық пен батылдықтың өлшемі ретінде беріледі. «Көкемдіайтпай танырмын,деп бір сәби бала жүр» деп басталатын алдыңғы өлеңдегі сезімталдық бұл жерде нақты әрекетпен, қайсар жүріспен ұласады. Мұнда шегінбеу – өмірдің кепілі, жеңіске жетудің басты шарты. Әрбір қадам – бүкіл ұлттың тағдырын арқалаған жауапкершілік. Осы арқылы ақын сарбаздық рухты физикалық қимыл ғана емес, моральдық беріктік ретінде сипаттайды.

Ақын шығармашылығындағы майдандық тақырыпты жырлайтын келесі туындысы - «Соғыс — сойқан» қасіреттің ащы шындығы. Бұл көлемді өлең соғыстың нағыз апат екенін, оның адамзатқа әкелген азабын жан-жақты ашады. Алғашқы шумақтардан-ақ соғыс «қап-қара, бүйі болып», «жолбарыс боп жаландап» келе жатқан жалмауыз кейпінде суреттеледі.

«Келе жатты ол қан сасып үсті-басы, Күн сәулелі егіннің үстін басып». Сырбай Мәуленов соғысты тек қанды майдан ғана емес, өркениеттітұншықтырған зұлмат ретінде көрсетеді. Освенцим концлагерінің аталуы –фашизмнің адамзатқа жасаған ең үлкен қылмысын еске салады. Ақын өлеңнің соңында құрбан болған сарбаздардың мәңгілік ерлігін ерекше тебіреніспен жеткізеді:

«Олар өлді тек аспан сау болсын деп,

Олар өлді өзгелер өлмесін деп». Бұл жолдар сарбаздық рухтың гуманистік, бүкіл адамзаттық мәнін ашып тұр.Сарбаз тек соғысушы емес, бейбітшіліктің қорғаушысы, өз өмірін өзгелердіңамандығы үшін құрбан еткен қаhарман. Ақын шығармашылығындағы «Менің байтақ республикам» өлеңі -бейбіт өмірдің мәңгілік арманы. Соғыстан кейін жазылған бұл өлең сырттайсарбаздық тақырыптан алшақ көрінгенімен, мазмұн жағынан соғыстан кейінгі сарбаз арманын бейнелейді. Мұнда туған жердің табиғаты, кең даласы, асқар таулары, мөлдір көлі, жасыл орманы мақтанышпен суреттеледі:

«Дала көрсең көкжиекпен ұштасқан,

Көлді көрсең секілді бір түскі аспан».

Бұл бейбіт өмірдің салтанаты – соғысқа қатысқан сарбаздың ең үлкен арманы.Жауынгер үшін жеңістің шынайы мағынасы – туған жерді осындай күйде көру. Сондықтан бұл өлеңде сарбаздық рух туған жерді сақтау, қадіріне жету, ел мен жерге деген сүйіспеншілік идеясымен астасады. Бұл өлең – тәуелсіздік пен елдік рухты дәріптейтін көркем туынды. Осы өлеңді оқыған әрбіроқырманның кеудесін мақтаныш кернеп, Республикасы үшін жауапкершілікті

сезіну ұғымы бейнеленеді. Сырбай Мәуленов поэзиясында сарбаздық рух ұлттық болмыспен тығыз байланысты. Ол жауынгерді туған жердің перзенті, ұлттық рухтыңжалғастырушысы ретінде суреттейді.Ақын жырларында:

Отанды сүю,

Туған жерді қорғау,

Ұрпаққа аманат ету идеялары жиі кездеседі.

Осы арқылы ақын сарбаздық рухты тек әскери ұғымда ғана емес, ұлттық құндылық деңгейіне көтереді. Сырбай Мәуленов шығармаларын Қасым Аманжоловтың, Жұбан Молдағалиевтің, Әбу Сәрсенбаевтың соғыс жырларымен салыстырғанда, оның өзіндік ерекшелігі байқалады. Қасым Аманжолов – жауынгердің қайсарлығын, өрлігін жырласа, Жұбан Молдағалиев – халықтың тарихи тағдырын, ұлттық мұратын бейнелесе, Сырбай Мәуленов – сарбаздың нәзік жан дүниесін, туған жерге деген сағынышын ерекше суреттейді. Осы тұрғыдан алғанда, Мәуленов поэзиясы қазақ әдебиетінде сарбаздық рухты эмоционалды-лирикалықсипатта бейнелеуімен құнды.

Ақын сондай-ақ сарбаздық рухты терең жеткізу үшін поэтикалық құралдарды да ұтымды қолдана білді. Мысалдармен дәлелдейтін болсақ, метафоралар мен кейіптеулер. Соғыс – «селдей жайылған қанды тасқын»,«жалмауыз», «жеңіс көпірі». Табиғат та кейіпке еніп, елдің жан дүниесінкөрсетеді («Жаутаңдап қарап дала тұр»).

Қайталамалар. «Адым – ерлік өлшемі», «Олар өлді…», «Менің байтақреспубликам…» сияқты қайталамалар өлеңнің эмоционалды қуатынарттырады, сарбаздық рухты ұран деңгейіне көтереді.

Риторикалық сұрақтар. «Көрдің бе ұлын ананың?» сияқты сұрақтароқырманды соғыс қасіретін сезінуге жетелейді.Контраст. Соғыс пен бейбіт табиғаттың, от пен гүлдің, өлім мен өмірдің қарама-қарсылығы сарбаздық күрестің құнын терең сезіндіреді. Бұл көркемдікайшықтар ақын поэзиясына ерекше пафос, марштық ырғақ пен гуманистіктереңдік береді.Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рухты үш

деңгейдеқарастыруға болады:Жеке ерлік. «Соғысжолы» өлеңіндегі әр қадам – жеке адамның батылдығы мен жауапкершілігінің көрінісі.

Ұлттық намыс. «Соғыстан қайтқан солдаттар» елдің жеңіске дегенсенімі мен ұрпақ алдындағы парызын көрсетеді.Адамзаттық гуманизм. «Соғыс — сойқан» соғыс апатының жаһандық қырын ашады: сарбаз өз елін ғана емес, бүкіл адамзатты қорғау үшін күреседі.
Ақынның бейбіт өмірді жырлаған кейінгі шығармалары – сарбаздық рухтыңтүпкі мақсатын айқындайды: адамзатқа тыныштық, елге амандық.Сырбай Мәуленовтің сарбаздық рухқа толы поэзиясы бүгінгі жастарғабейбіт өмірдің құндылығын ұғындырады. Оның өлеңдері тарих сабағын көркем тілмен жеткізеді, Отанды сүюге, елді қорғауға шақырады. Бүгінгізаман бейбітшілікке қол жеткізгенімен, әлемдегі түрлі қақтығыстар сарбаздықрухтың мәңгілік мәнін дәлелдейді. Сондықтан ақын шығармалары тек тарихиестелік емес, бүгінгі және келешек ұрпақ үшін өнеге, бейбіт аспанның қадірін ұғындыратын мәңгілік мұра, болашақ ұрпаққа бейбіт өмірдің қадірін ұғындыратын мәңгілік өсиет.

Әдебиеттер тізімі

Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2005.
Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1976.
Қазақ поэзиясындағы соғыс тақырыбы. – Алматы: Білім, 2010.

Құдайбергенова Арайлым Оразәліқызы,
Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей
ағылшын тілі пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Қазақ халқының тарихы – елдіктің, ерліктің, азаттыққа ұмтылыстың айнасы. Әдебиет – сол тарихты көркем тілмен өрнектейтін, ұрпақ санасына жеткізетін ұлы құрал. Әсіресе ХХ ғасырдың қасіретті кезеңі – Ұлы Отан соғысы жылдарында туған шығармалар ерекше тарихи маңызға ие. Бұл шығармаларда тек майдан шындығы ғана емес, сонымен қатар сарбаздық рух, Отанға деген махаббат, ерлік пен төзімділік идеясы көрініс тапты [1, 45-б.]

Майданда жүріп қалам тербеген қазақ ақындары жауынгерлік поэзияны жаңа деңгейге көтерді. Олардың қатарында Сырбай Мәуленов – ерекше орны бар ақын. Оның өлеңдері сарбаздың жан сырын, Отанға адалдық пен елге деген сүйіспеншілікті айшықтап жеткізді. Ақын поэзиясында майдангерлік достық, бейбіт өмірге деген құштарлық, туған жерге сағыныш бейнеленіп, жас ұрпаққа өнеге боларлық сарбаздық рух қалыптасты.

Қазіргі Қазақстанда өскелең ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеудің мемлекеттік деңгейдегі жобаларының бірі – «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы. Бұл қозғалыс мектеп оқушыларының бойына патриотизмді, тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыруды мақсат етеді. «Жас сарбаз» сыныптарында әскери дайындықпен қатар рухани-адамгершілік тәрбие де берілуі тиіс. Осы тұрғыда Сырбай Мәуленов шығармашылығын пайдалану – тәрбиелік жұмыстың тиімді әрі мазмұнды әдісі болып табылады.

Бұл мақалада біз ақын шығармаларындағы сарбаздық рухтың көркемдік табиғатын талдап, оны «Жас сарбаз» сыныптарындағы тәрбие жұмысына қолдану жолдарын ұсынамын.

Сырбай Мәуленов (1922–1993) – қазақ әдебиетінде Ұлы Отан соғысының шындығын жырлап қана қоймай, бейбіт өмірдің құндылығын көркем тілмен өрнектеген

көрнекті ақын, халық жазушысы. Оның өмір жолы мен шығармашылық мұрасы – қазақ әдебиетінің алтын қорына енген асыл қазына, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік өнеге беретін құнды мұра [2, 34-б.]

Ақын 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелді ауданында дүниеге келген. Жастайынан ауыл табиғаты мен халық ауыз әдебиетіне жақын өскен болашақ қаламгердің бойында әдебиетке құштарлық ерте оянды. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ алғашқы өлеңдерін жазып, жергілікті басылымдарға жариялай бастады. Бұл кезеңде ол ауыл мұғалімдерінің, қазақ классиктерінің еңбектерін оқып, әдебиетке деген сүйіспеншілігін тереңдетті.

1941 жылы орта мектепті бітірген соң, небәрі 19 жасында әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына аттанады. Волхов майданында жауынгерлік жолын бастап, саяси жетекші қызметін атқарды. Қанды қырғынның алдыңғы шебінде жүріп, ауыр жарақат алды. Жараланса да, туған жер мен ел алдындағы борышын адал орындап, ерлік көрсеткен. Соғыстағы тәжірибе оның өмірлік көзқарасын түбегейлі өзгертті. Жас ақын жауынгерлік рухты, сарбаздың жан сырын өлең тілімен жеткізіп, соғыс қасіретін де, жеңіске деген сенімді де терең бейнелей білді. Бұл жылдары туған өлеңдері кейінгі шығармашылығының арқауына айналды.

1945 жылы елге оралған соң, Мәуленов әдебиетке толық ден қойды. Әуелі Қостанайдағы облыстық газетте, кейін республикалық деңгейдегі басылымдарда жұмыс істеді. 1950–1960 жылдары ол «Жазушы» баспасында, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарып, қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосты.

Оның алғашқы жыр жинақтары соғыстан кейінгі кезеңде жарық көріп, оқырманға жаңа сарындас, шынайы туындыларды ұсынды. «Жолдас» (1949), «Жас жүрек» (1951), «Жол үстіндегі жалындар» (1956), «Қызыл арша» (1961) секілді жинақтары – сарбаздық рух пен бейбіт өмірді қастерлеудің көркем айғағы.

Мәуленов поэзиясының басты ерекшелігі – оның шынайылығында. Ол соғыс тақырыбын әсірелемей, ұрандатпай, майдангердің жан дүниесін, қарапайым сарбаздың көңіл-күйін, туған жерге деген сағынышын бейнеледі. Әдебиеттанушы Ә. Тәжібаев: «Сырбай поэзиясы – сарбаз жүрегінің үні, бейбіт өмірді аңсаған жанның айқайы» деп әділ баға берген [3, 211-б.]

Ақынның поэзиясында үш негізгі тақырып тоғысады:

Отанға деген махаббат – туған жердің әрбір тасы, әрбір қарыс жері үшін жан аямай күресу идеясы. Сарбаздық рух – ерлік, төзімділік, батылдық пен достыққа адалдық. Бейбіт өмірді қастерлеу – майданның қасіретін көрген жүрек үшін бейбіт күн – ең үлкен арман.
Мәуленов тек ақын ғана емес, қоғам қайраткері де болды. Ол Қазақстан Жазушылар одағының белсенді мүшесі ретінде әдебиеттің дамуына үлес қосты, жас ақындарға бағыт-бағдар берді. Әдеби ортаның рухани көшбасшыларының бірі ретінде қазақ поэзиясында жаңа леп қалыптастырды.

1960–1970 жылдары оның шығармалары мектеп бағдарламасына еніп, жас ұрпақ тәрбиесінің құралына айналды. Мәуленов поэзиясын оқу арқылы жастар сарбаздық рухты, елге адалдықты, бейбіт өмірдің қадірін түсінді.

Сырбай Мәуленов – соғыс пен бейбітшіліктің, ерлік пен адамгершіліктің ақыны. Оның мұрасы жас ұрпаққа мынадай өнегелер береді: елін сүю, бейбіт өмірді қастерлеу, қиындыққа төтеп беру, достыққа адал болу, ерлікке ұмтылу.

Осы құндылықтар қазіргі «Жас сарбаз» сыныптарының тәрбиелік мақсатына толық сәйкес келеді. Сондықтан ақын мұрасын мектептегі әскери-патриоттық тәрбиеде пайдалану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Сырбай Мәуленов поэзиясының алтын қазығы – сарбаздық рух. Бұл ұғым тек соғыс тақырыбын бейнелеумен шектелмейді, ол – адамгершілік, Отан алдындағы адалдық, төзімділік пен ерлік, бейбіт өмірді қастерлеу секілді қасиеттердің көркем синтезі. Ақынның әрбір өлеңінде сарбаздық рухтың қырлары айқын аңғарылады.

Мәуленов поэзиясында Отан ұғымы – рухани тірек, сарбазға күш-қуат беретін қасиетті күш. Сырбай ақын:
«Отан – менің жүрегім,
Отан – менің тірегім» – деп жырлайды. Бұл қарапайым екі жол жас сарбаздар үшін елді қорғаудың басты парыз екенін меңзейді. Оның өлеңдерінде сарбаздық рухтың мәні – туған жерді қорғау, ел амандығы үшін күресу. «Туған жер» өлеңінде қазақ даласының әрбір қарыс жері жауынгер үшін қасиетті екенін суреттейді.

Мәуленов өлеңдерінде жауынгердің жанқияр ерлігі мен төзімділігі басты тақырып ретінде алынады. Мәселен, «Жол үстіндегі жалындар» жинағында ақын сарбаздың ауыр сынақтардан қайыспай, қиындыққа төтеп беруін бейнелейді:
«Қан кешіп, қар кешіп,
Жолдасым, алға шық!»

Бұл жолдар – сарбаздың отты майданда жеңіске деген сенімін, қайсарлыққа толы рухын көрсететін нақты мысал. Төзімділік пен сабырдың өзі ерлікпен тең қойылады.
Ал «Жеңіс жыры» атты өлеңінде сарбаз қуанышы, туған елге деген махаббат, бейбіт күнге сағыныш көрініс табады.
«Келді жеңіс таңы арайлап,
Жарқырады елдің жаңа аймақ.
Бейбіт күнге жету үшін,
Жүрек бердім мен жарайлап.»

Бұл үзіндіден ақынның бейбіт өмірді сарбаздық рухтың ең басты жемісі ретінде қарастырғанын көреміз. Жас сарбаздар үшін бұл идеяның тәрбиелік мәні зор: олар бейбіт күннің оңайлықпен келмегенін, оған талай ерлердің қан төгіп жеткенін ұғынады.
Майдандағы ең құнды сезімдердің бірі – достық. Мәуленов «Жас жүрек» жинағында майдандас достар арасындағы бауырмалдықты суреттейді:
«Жолдасым – жанымның жарығы,
Жауынгер жүрек – арығы.» [4, 102-б.]

Ақын достықты сарбаз жүрегінің тірегі, рухани демеу көзі ретінде бейнелейді. Бұл қазіргі жастар үшін де үлгі: нағыз сарбаздық рух тек жеке батылдықта емес, ұжымдық бірлікте жатыр.

Мәуленов шығармаларында ана бейнесі сарбаздық рухпен тығыз байланысты. Жауынгер майдан даласында жүріп, ең алдымен анасын ойлайды, оның амандығы үшін күреседі. Бұл оқушыларға отбасы құндылықтарын бағалауды үйретеді.

Сырбай Мәуленов үшін Отан – тек географиялық ұғым емес, ол – рухани тірек, өмірдің мәні. Ақын поэзиясында табиғат құбылыстары сарбаздың көңіл-күйімен үндес суреттеледі. Боран, жауын, жел – сарбаздың жан дүниесінің айнасы іспеттес. Мысалы, «Қызыл арша» жинағында туған жер табиғаты сарбаздың рухын көтеретін символдық күшке айналады.

Жалпы алғанда, Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух мынадай құндылықтардан құралады:

- Елге сүйіспеншілік – туған жерді қорғау парызы;
- Ерлік пен төзімділік – қиындыққа қайыспай қарсы тұру;
- Бейбіт өмірді қастерлеу – сарбаз ерлігінің ең үлкен мақсаты;
- Достық пен бауырмалдық – ұжымдық рухтың тірегі;
- Ана мен отбасыға адалдық – сарбаздың жүрек қалауы.

Бұл құндылықтар «Жас сарбаз» сыныптарындағы тәрбиенің негізгі мазмұнымен толық үйлеседі. Мәуленов поэзиясы жас сарбаздардың патриоттық сезімін оятып қана қоймай, олардың рухани әлемін байытады.

Қазақстан Республикасында жастарға патриоттық тәрбие беру – тәуелсіздік алғаннан кейінгі мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев пен қазіргі Президент Қ.К. Тоқаев та өз жолдауларында жас ұрпаққа елін сүйетін,

мемлекет тағдырына жауапкершілікпен қарайтын азамат болып қалыптасудың маңызын үнемі атап көрсетіп келеді.

Осыған байланысты 2018 жылы «Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қоғамдық қозғалысы құрылды. Оның негізгі мақсаты – оқушыларды әскери қызметке дайындау ғана емес, олардың бойында патриотизмді, жауапкершілікті, тәртіп пен бірлікті тәрбиелеу. «Жас сарбаз» – жастарды ұлттық рухқа, елін қорғауға әзір болуға баулитын ерекше мектеп.

Бұл қозғалыстың жұмысын ҚР Қорғаныс министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар қолдап, мектептерде арнайы «Жас сарбаз» сыныптары ашылды [5].

Қозғалыстың негізгі міндеттері

«Жас сарбаз» қозғалысы тек әскери дайындықпен шектелмейді. Оның міндеттері ауқымды:

- Патриоттық тәрбие – жасөспірімдердің бойына елге сүйіспеншілік сезімін сіңіру;
- Әскери-спорттық шынықтыру – оқушылардың денсаулығын нығайтып, шыдамдылыққа тәрбиелеу;
- Рухани-адамгершілік тәрбие – достыққа, бірлікке, бауырмалдыққа баулу;
- Тарихи жадыны қалыптастыру – ата-баба ерлігін, соғыс шындығын ұмыттырмау;
- Жауапкершілік пен тәртіп – жасөспірімдерді саналы, жауапты азамат етіп тәрбиелеу.

Осы міндеттердің барлығы Сырбай Мәуленов шығармаларындағы идеялармен үйлесіп жатыр. Ақын жырларындағы сарбаздық рух – «Жас сарбаз» қозғалысының идеологиялық өзегін толықтыра түседі.

Мәуленов поэзиясындағы елге адалдық, ерлік, бейбіт өмірді қастерлеу, достық пен бауырмалдық, анаға сүйіспеншілік сынды құндылықтар – «Жас сарбаз» тәрбиесінің түп қазығы.

- Патриоттық сабақтарда оның өлеңдерін талдау арқылы оқушылар туған жерді қорғаудың қасиетті борыш екенін түсінеді.
- Әскери дайындық жаттығуларында сарбаздық рухқа толы өлеңдер оқылса, жас сарбаздардың жігері артады.
- Тәрбие сағаттарында бейбіт өмірдің құндылығы насихатталып, соғыстағы ерліктің бейбіт замандағы еңбекпен сабақтас екені ұғындырылады.

Мәселен, «Жеңіс жыры» өлеңін оқыған жасөспірім бейбіт өмірдің оңайлықпен келмегенін, әрбір тыныш күннің сарбаз ерлігінің арқасында орнағанын түсінеді. Бұл олардың бойында бейбіт күнді бағалау сезімін қалыптастырады.

Бүгінгі жаһандану заманында жастардың санасын сыртқы мәдени ықпалдар жаулап алуда. Мұндай жағдайда ұлттық рухқа сүйенген тәрбиенің рөлі ерекше. «Жас сарбаз» қозғалысы – осы бағыттағы нақты қадам. Ол жасөспірімдерге тек әскери дайындық қана емес, рухани иммунитет қалыптастырады.

Ақын жырлары – осы рухани иммунитеттің қайнар көзі. Ақынның соғысты көзімен көріп жазған шынайы туындылары жас ұрпақты шындыққа тәрбиелейді: олар батырлықтың мәнін, ел қорғаудың қасиеттілігін, бейбітшіліктің құндылығын түсінеді.

Мектептерде «Жас сарбаз» қозғалысын жүзеге асыру барысында мынадай шараларды Сырбай Мәуленов шығармаларымен ұштастыруға болады:

- Әдеби кештер: «Сырбай Мәуленов – сарбаз жүректі ақын» атты кеш өткізіп, оқушылар өлеңдерін мәнерлеп оқиды;
- Пікірталастар: «Бүгінгі жастарға сарбаздық рух қажет пе?» тақырыбында талқылау ұйымдастыру;
- Шығармашылық байқаулар: «Менің сарбаздық рухым» атты эссе, өлең жазу жарысы;
- Тарихи жобалар: оқушылар өз әулетінің соғыс тарихын зерттеп, Мәуленов жырларымен байланыстырады;

- Әскери ант рәсімдері: жас сарбаздардың ант қабылдауында ақынның отансүйгіштік жырлары оқылады.

Бұл іс-шаралардың барлығы жас сарбаздардың бойындағы әскери-патриоттық рухты нығайтып қана қоймай, олардың әдеби талғамын, мәдени дүниетанымын да кеңейтеді.

«Жас сарбаз» қозғалысы – ұлттық тәрбиенің заманауи үлгісі. Оның идеологиялық негізін Сырбай Мәуленов сияқты майдангер ақындардың мұрасымен ұштастыру – тәрбиенің пәрменділігін арттырады. Ақын жырлары – жас ұрпаққа рухани бағдаршам.

Бүгінгі «Жас сарбаз» тәрбиеленушісі ертеңгі күні әскер қатарына барғанда ғана емес, азаматтық өмірде де жауапты, адал, қайсар тұлға болып қалыптасуы тиіс. Мәуленов шығармаларын оқу арқылы жастар бейбіт өмірдің қадірін біледі, елін қорғаудың қасиетті борыш екенін сезінеді.

Сырбай Мәуленов поэзиясы – тек әдеби мұра ғана емес, жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің қуатты құралы. [6, 38-б.] Оның өлеңдерін «Жас сарбаз» сыныптарында жүйелі әрі мақсатты қолдану – тәрбие жұмысын мазмұнды, әсерлі етеді. Төменде ақын шығармаларын пайдаланудың негізгі бағыттарын қарастырайық.

1. Әдеби-патриоттық сабақтарда пайдалану

Әдебиет сабақтарында Мәуленов өлеңдерін талдау арқылы оқушылар сарбаздық рухты терең сезіне алады.

Мысалы:

- «Жеңіс жыры» өлеңін оқу барысында оқушылар бейбіт өмірдің құндылығын түсінеді.
- «Туған жер» өлеңінде туған елге сүйіспеншілік сезімі талданады.
- «Жол үстіндегі жалындар» жинағынан алынған үзінділерде сарбаздың ерлігі мен төзімділігі көрсетіледі.

Әдіс:

Мұғалім оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқытқан соң, «Өлең кейіпкерінің орнында болсаң, қандай сезімде болар едің?» деген сұрақ қояды. Бұл әдіс оқушыларды мәтінді тек талдап қана қоймай, оны өз бойынан өткізуге үйретеді.

2. Тәрбие сағаттарында қолдану

Тәрбие сағаттарында ақынның поэзиясын басты мазмұндық құрал ретінде пайдалануға болады. «Сарбаздық рух – мәңгілік мұрат» тақырыбындағы тәрбие сағатында әр топқа Мәуленовтің бір өлеңін беріп, негізгі идеяны анықтау тапсырмасы ұсынылады. «Отан алдындағы борыш» атты шарада оқушылар ақынның «Отан» өлеңін жатқа айтып, өз ойларын эссе түрінде жеткізеді.

Бұл жұмыстар оқушылардың сөздік қорын байытып қана қоймай, олардың патриоттық көзқарасын қалыптастырады. Жас сарбаздардың ант қабылдау рәсімдері – ерекше тәрбиелік мәні бар сәт. Мұндай салтанатты шараларда Мәуленовтің сарбаздық рухқа толы өлеңдері оқылса, рәсімнің тәрбиелік ықпалы арта түседі. «Сырбай Мәуленов – сарбаз жүректі ақын» атты әдеби кеш ұйымдастыруға болады. Мұнда оқушылар ақын өлеңдерін сахналық қойылымдар түрінде орындайды, оның өмір жолына байланысты бейнефильм көрсетіледі. Бұл тәсілдер жас сарбаздардың шығармашылық қабілетін дамытып, ақын мұрасын жандандырады.

Жасөспірімдердің ойлау қабілетін дамытып, азаматтық көзқарасын қалыптастыру үшін пікірталас пен шығармашылық жұмыстардың маңызы зор.

Пікірталас тақырыптары:

- «Бүгінгі жастарға сарбаздық рух қажет пе?»
- «Бейбіт өмір – сарбаз ерлігінің жемісі»
- «Нағыз патриот қандай болуы керек?»

Шығармашылық тапсырмалар:

- «Менің сарбаздық рухым» атты эссе байқауы;
- Мәуленов өлеңдерінен шабыт алып, сурет салу;
- «Мен Отан үшін не істей аламын?» атты шағын әңгіме жазу.

6. Зерттеу және жобалық жұмыстар

Оқушыларға ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жобалық жұмыстар ұсынуға болады. Мысалы, «Менің әулетімдегі соғыс тарихы» жобасы: оқушылар өз аталарының соғыс жолын зерттеп, оны Мәуленов шығармаларымен байланыстырады. «Сарбаздық рух – әдебиеттегі мәңгілік тақырып» атты ғылыми жоба.

Бұл зерттеу жұмыстары жас сарбаздарға тарихи жадыны сақтаудың маңызын ұғындырады.

Сырбай Мәуленов шығармаларын «Жас сарбаз» сыныбында қолданудың жолдары сан алуан. Ең бастысы – ақынның өлеңдері оқушылардың жүрегіне жетіп, олардың патриоттық сезімін оятуы тиіс. Әдеби сабақтарда, тәрбие сағаттарында, әскери жаттығуларда, шығармашылық кештерде ақын поэзиясын пайдалану – тәрбиенің пәрменділігін арттырады.

Мәуленов жырлары арқылы жас сарбаздар Отанға адалдықтың, бейбіт өмірді қастерлеудің, достық пен ерліктің мәнін түсінеді. Бұл – олардың азаматтық тұлғасын қалыптастырудағы ең маңызды қадамдардың бірі.

Қорытындылай келгенде, Сырбай Мәуленов шығармаларын «Жас сарбаз» тәрбиесінде пайдалану жасөспірімдерге ерлік, төзімділік, бейбіт өмірді қастерлеу, достық пен бауырмалдық сияқты қасиеттерді сіңіріп, олардың азаматтық тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Бұл – әдебиет пен патриоттық тәрбиенің табиғи тоғысынан туатын нақты нәтиже.

«Жас сарбаз» қозғалысы жас ұрпақты елін сүйетін, батыл да жауапты азамат етіп тәрбиелеуді мақсат тұтады. Бұл мақсатқа жетуде Мәуленов поэзиясының орны ерекше. Оның жырларындағы сарбаздық рух – бүгінгі жастарға рухани азық, ертеңгі ел қорғаушыларға өнеге.

Әдебиетті әскери-патриоттық тәрбиемен ұштастыру – болашақ ұрпақтың елжандылығын қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі. Сондықтан Сырбай Мәуленов мұрасын мектептегі тәрбие жұмысына жүйелі енгізу – уақыт талабы.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1982.
2. Мәуленов С. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Қазмембас, 1972.
3. Тәжібаев Ә. Соғыс және поэзия. – Алматы: Жазушы, 1985.
4. Қазақ әдебиеті тарихы: XX ғасыр. – Алматы: Ғылым, 2005.
5. ҚР Қорғаныс министрлігі. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы туралы ресми құжаттар. – Астана, 2018.
6. Әбдіров Қ. Майдангер ақындар мұрасы. – Алматы: Рауан, 1990.

Құндызбаева Данагүл Қайратқызы,
№112 Жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СОҒЫС ТАҚЫРЫБЫ МЕН САРБАЗ БЕЙНЕСІ

Қазақ әдебиеті ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана емес, тәуелсіздік дәуірінде де ел тарихын, ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Сол кезеңнің көрнекті өкілдерінің бірі – Сырбай Мәуленов. Ол қазақ поэзиясының ғана емес, жалпы әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан қаламгер ретінде танымал. Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы тарихи тақырыптарға, ұлттық сана мен азаматтық борышқа бағытталған, сонымен қатар, адамның рухани және патриоттық құндылықтарын дәріптеуге негізделген. Мәуленовтің поэзиясында соғыс тақырыбы ерекше орын алады. Ол адам өміріндегі қайғы мен батылдық, отан алдындағы борыш пен ерліктің үйлесімін ашық суреттейді. Әсіресе, сарбаз бейнесін поэзиясында көркемдік тұрғыда айқындап, оның рухани және моральдық қырларын терең сипаттаған. Оның шығармалары арқылы оқырман тек соғыстың ауыртпалығы мен қасіретін ғана емес, сонымен қатар, жауынгердің қайсарлығы, елге адалдығы мен жанқиярлық мінезін көре алады. Бұл туралы академик Серік Қирабаев былай деп жазған болатын: «Сырбайдың көзін аша көргені әскери өмір, Ұлы Отан соғысының қанды қырғыны екені белгілі. «Әскери өмір менің өмірімнің мектебі болды» деп оны өзі де айтқан. Сондықтан да өмір тануды халық тарихының ең бір қиын да күрделі жағдайында бастаған ақын санасын тез жетілдіріп, дүниеге ойлы көзбен қарай алды» [1, ,46 б.].

Сырбай Мәуленовтің сарбаз бейнесін жасауында поэтикалық тіл мен көркем бейнелеу тәсілдері маңызды рөл атқарады. Ол сарбазды тек әскери борышты атқаратын адам ретінде емес, ұлттық рухтың, батырлық дәстүрдің, адамгершілік пен жауапкершіліктің символы ретінде көрсетеді. Сол себепті, оның шығармалары патриоттық тәрбие беруде, ұлттық сана мен азаматтық сезімді қалыптастыруда ерекше маңызға ие.

Бұл мақалада Сырбай Мәуленов шығармашылығындағы соғыс тақырыбы мен сарбаз бейнесінің көркемдік ерекшеліктері, поэзиялық құралдар арқылы берілу тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар, автордың шығармалары қазіргі оқырманға, әсіресе жастарға патриоттық және адамгершілік тәрбие беру тұрғысынан қандай мәнге ие екені талданады.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығындағы соғыс тақырыбы мен сарбаз бейнесінің көркемдік жырлануы оның өз өмірлік тәжірибесімен тығыз байланысты. 1941 жылы жазда соғыстың басталғаны туралы хабар жұртты дүр сілкіндірген шақта, С. Мәуленов өз еркімен майданға аттануға шешім қабылдады. Бұл шешім ақынның шығармашылығына терең із қалдырды. Өйткені ол сарбаздық рухты тек әдеби суреттеу арқылы емес, өз өмірінде өткерген оқиғалар арқылы сезініп, көрген шындықтарын өлеңдеріне енгізді.

Мәуленовтің майданға шығуға деген тілегін білдіретін 1941 жылғы өлең жолдары:
«Тыңда, жолдас комиссар,
Жібер мені майданға.
Қан жорықта жүрейін,
Қайырламай қайранға...», – оның сарбаз бейнесін алғашқыдан-ақ шынайы әрі жүрекжарды етеді. Мұнда ақынның ерлікке, отан алдындағы борышқа дайын екенін, соғыстың ауыртпалығына қарамастан, жанқиярлықпен әрекет етуге дайын тұрғанын көруге болады.
С. Мәуленов майдандағы өмірді өз көзімен көргендіктен, оның шығармашылығында сарбаз бейнесі тек абстрактылы идея ретінде емес, нақты адам образы ретінде айқын көрінеді. Қан майданның ішінде болған тәжірибесі оған сарбаздың қорқынышын,

қайсарлығын, құрбандыққа баруға дайын болуын тереңінен түсінуге мүмкіндік берді. Сол себепті, ақын өлеңдерінде сарбаз бейнесі батылдық пен адамгершілік, патриоттық сезім мен адалдық сияқты рухани құндылықтармен толықтырылған.

Осындай өмірлік тәжірибеден шыққан сарбаз бейнесі С. Мәуленов поэзиясында ұлттық рухтың, ерліктің, адамгершіліктің символы ретінде көрініс тауып, оқырманға соғыстың шындығын, патриоттық борыштың маңызын әсерлі жеткізеді. Ақынның өз тәжірибесіне сүйенген жырлары тек әдеби құндылыққа ие болып қана қоймай, сонымен бірге тарихты, ұлттық жауынгерлік дәстүрді есте сақтауға, жас ұрпақты патриоттық рухқа тәрбиелеуге қызмет етеді. Әди Шәріпов ақынның соғыс туралы өлеңдері турасында былай дейді: «Сырбайдың «Сәлем, Волхов орманы», «Назияда күн ашық», «Синявино шайқасы» сынды өлеңдерінде ақын Ленинград өлкесіне деген ыстық ілтипатын, сүйіспеншілік сезімін әсерлі бейнелейді» [2, 8 б.].

Сырбайдың майданға аттанған кезі Ленинградты фашистік армиялардың қоршауға алып, Мәскеуге таяп келе жатқан ауыр кезең еді. Ресейдің табанын аттағаннан кейін Сырбай Мәуленовті жаяу әскер атқыштар мектебіне оқуға жіберуге шешім қабылдады. Мұнда қысқа мерзімді дайындықтан өткеннен кейін, Сырбай Мәуленовке кіші лейтенант дәрежесі беріліп, ол Ленинград маңындағы Волхов майданына жіберілді. Сол қараша айы болатын, сол кезде Ленинград немістердің қоршауында қалған еді. Волховта неміс әскерінің шебін бұзып, қоршауда қалған халыққа азық-түлік жеткізу операциялары жүріп жатты.

1942 жылы Сырбай Мәуленов рота комиссарының орынбасарлығына көтерілді. Осы кезеңде оның поэзиясында сарбаздық өмірдің шындығы, соғыстың қиындығы мен әскери борышқа берілгендік көрініс тапты. Мысалы, оның сол жылдары жазылған өлең жолдары:

«…Жау тылында қаһарлы күз
Қан жорықта танысқанбыз.
Шетімізден командирміз,
Шетімізден комиссармыз…» [3, 85 б.]

Бұл жолдар Сырбай Мәуленовтің майдандағы тәжірибесін, сарбаздық рухын, командир ретінде жауапкершілік сезімін айқын жеткізеді. Ақын өз тәжірибесінен алған шынайы бейнелерді өлеңге айналдыра отырып, сарбаз бейнесін тек батырлық пен ерлік арқылы емес, сонымен қатар, моральдық жауапкершілік пен жанқиярлық арқылы ашады.

Сол майдандық өмір Мәуленов шығармашылығында сарбаз бейнесінің басты қайнар көзі болды. Оның өлеңдері оқырманға соғыстың қорқынышы мен қиыншылығын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар, сарбаздың адамгершілігін, патриоттық сезімін, жанқиярлық қасиетін паш етеді. Осылайша, Сырбай Мәуленовтің өз өмірлік тәжірибесі мен соғысқа қатысуы оның шығармашылығында сарбаздық рухты жырлау мен соғыс тақырыбын тереңдетудің негізін құрады.

Сырбай Мәуленовтің майдандағы тәжірибесі оның шығармашылығында сарбаздық рух пен соғыс тақырыбын терең әрі шынайы суреттеуге мүмкіндік берді. Ленинград қоршауындағы жау шебін бұзу кезіндегі үлкен шайқастар оның өлеңдерінде нақты көрініс тапқан. Мысалы:

«Жауыр болды жауырын,
Зеңбірекке жегілдік.
Астында оқ дауылдың,
Тірілей біз көмілдік.
Жер де, су да, аспан да,
Көрінбеді жер түбі,
Соқты бізді тастанға,
Ауаның от толқыны…» [3, 88 б.]

Бұл жолдар арқылы оқырман майдандағы қорқыныш пен қаупі, оқ атудың, зеңбірек дауысының, тастан соққан соққылардың шынайы әсерін сезеді. Ақын оқиғаны тек

сырттай сипаттамай, сарбаздың ішкі күйін, қорқыныш пен батылдықтың күресін, өмір мен өлім арасындағы тартысты жеткізеді.

Сондай-ақ, Мәуленовтің тағы бір өлеңі Синявино шоқысындағы шайқастарды бейнелейді:

«Дүрілдеген күні түн,
Ормандардың от іші.
Болды сонда үмітім,
Синявино шоқысы.
Ысқырып оқ жалындап,
Түсіп жатты төбеңе.
Тұрдың жалғыз алаулап,
Ұқсап жанған кемеге…» [3, 89 б.]

Бұл жолдар майдандағы күрес пен сарбаздың жанкештілігін, түнгі шайқас кезіндегі үміт пен қайсарлықты көркем түрде жеткізеді. Ақын оқиғаны нақты бейнелей отырып, сарбаз бейнесін оқырманның көз алдында тірі адамдай жасайды: қорқынышқа қарамастан, отан алдындағы борышын атқарып, жанқиярлық көрсететін жауынгердің бейнесі айқын көрінеді.

Осылайша, Сырбай Мәуленовтің өлеңдері тек соғыс тақырыбын суреттеп қана қоймай, сонымен қатар сарбаздық рухты, ерлікті, патриоттық сезімді жырлайтын поэтикалық дерекке айналған. Оның өз тәжірибесіне сүйенген шығармалары майдандағы шынайы оқиғаларды және сарбаз бейнесінің рухани қырларын ашып көрсетеді.

1943 жылы Кеңес әскері Ленинградты қоршаған жау шебін толық бұзып, қала халқын аштықтан қырылудан сақтап, азат етті. Бұл тарихи жеңіс Мәуленов шығармашылығында да айқын көрініс тапқан. Оның поэзиясындағы соғыс драмасы мен сарбаздық ерліктің шынайы бейнесін мына өлең жолдары дәл жеткізеді:

«Қорғасын оқ құйылып қолқасына,
Жау жеңілді қат қабат соққылардан.
Кірді полк қаланың ортасына,
Ал қаладан қарсы алған жоқ бір адам…» [3, 92 б.]

Бұл жолдар майдандағы шайқастардың ауыртпалығын, сарбаздардың қаһармандық күресін, қорғаныштағы ерлікті жан-жақты суреттейді. Өлеңде соғыс тек қана әскери іс-қимыл ретінде емес, сонымен бірге адамның рухани төзімділігі мен батылдығының сынағы ретінде көрініс табады.

Лейтенант, рота комиссарының орынбасары Сырбай Мәуленов Волхов бағытындағы шайқастарда көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, кейін «Ленинградты қорғаушы» медальімен марапатталды. Бұл марапаттар оның майдандағы ерлігін ғана емес, сарбаздық рухын, батылдығын және ел алдындағы борышын орындаудағы табандылығын көрсететін тарихи дәлел болып табылады.

Сырбай Мәуленовтің өз өмірлік тәжірибесіне сүйенген поэзиясы арқылы сарбаз бейнесі тек батырлық әрекеттермен шектелмей, соғыстың адамдық, моральдық қырларын да ашады. Осылайша, ақынның шығармашылығы соғыс тақырыбын жан-жақты және шынайы түрде көрсетуімен ерекшеленеді, оқырманға сарбаздық рухтың, ерліктің, патриоттық сезімнің мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Сырбай Мәуленов қазақ поэзиясын тек тақырыптық жағынан ғана емес, көркемдік құралдары мен өлеңнің жаңа формалары арқылы да байытқан ақын ретінде танылды. Ол жаңалық әкелген, дәстүрлі өлеңге заманауи поэтикалық тыныс енгізген қаламгер болды. Оның соғыс тақырыбына арналған шығармалары, әсіресе небәрі он бес жолдан тұратын «Түбірлер» өлеңі, поэзиядағы ерекше көркемдік полотноларға айналған. Бұл өлең оқырманға алапат соғыстың ауыртпалығын, сарбаздық рухты, батылдық пен жанқиярлықты бүкіл тұла бойымен, жүрекпен сезінуге мүмкіндік береді.

«Түбірлер» өлеңі – соғыс тақырыбын суреттеудің ерекше мысалы. Ақын осы бірнеше жол арқылы сарбаздың қорқынышын, үмітін, ерлігін және жанкештілігін шынайы

бейнелейді. Өлеңнің мәні мен маңызы да осында: оқырман тек соғыстың оқиғаларын ғана емес, сонымен бірге адамның рухани төзімділігін, патриоттық сезімін, моральдық құндылықтарын да сезінеді.

Сол себепті, Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы қазақ поэзиясында соғыс тақырыбы мен сарбаз бейнесін терең әрі шынайы көрсету тұрғысынан маңызды орын алады. Ақын өз өмірлік тәжірибесін, майдандағы көрген шындықтарын поэзияға енгізу арқылы сарбаздық рухты мәңгілікке қалдырды. Оның өлеңдері бүгінгі оқырманға патриоттық тәрбиенің құралы ретінде қызмет етіп, жас ұрпаққа ерлік пен азаматтық борышты ұғындыруға мүмкіндік береді.

«Соғыстан қайтқан солдаттар»

Сырбай Мәуленовтің бұл өлеңі Ұлы Отан соғысынан кейінгі қазақ даласының ауыр ахуалын бейнелейді. Ақын соғыстан қайтқан сарбаз бейнесін көрсету арқылы бүкіл халықтың қайғысы мен қуанышын қатар суреттейді. Алдыңғы шептен аман келген жауынгердің өзі де, оны күтіп отырған ел де соғыстың салған жарасын ұмытпаған. Алғашқы шумақтағы «Хабарсыз ұлын сұрауға жолыңды тосып ана жүр» деген жолдар аналардың сарғайған үмітін, баласын күткен жүректің қасіретін ашық жеткізеді.

Өлеңде сарбаздың елге оралуымен қатар, бейбіт өмірдің сағынышы айқын сезіледі. Екінші шумақтағы «Көтерді бәрін ауырдың, азамат болып арды ақтар» деген жолдар майданнан оралған жауынгердің тек қана жеңіс әкеліп қоймай, елдің ар-намысын сақтап қайтқанын көрсетеді. Мұнда сарбаз бейнесі – тек батыр ғана емес, соғыстың барлық ауыртпалығын арқалап шыққан ер азамат ретінде суреттеледі.

Үшінші шумақта ақын сарбазды оның отбасымен байланыстыра сипаттайды. «Көкемді айтпай танырмын деп бір сәби бала жүр» деген жолдар соғыстың отбасына салған жарасын терең сезіндіреді. Әке мейірімін көрмей өскен баланың арманы, жарының сағынышы – соғыстан кейінгі әр шаңырақтың ортақ тағдыры. Бұл арқылы ақын сарбаздың тек майдандағы емес, бейбіт өмірдегі орнын да айшықтап отыр.

Өлеңнің соңғы шумақтары соғыстың қасіретін, қайғысы мен үнсіздігін бейнелейді. «Қаралы қағаз жіберіп, қаншама қайғы салды оқтар» деген жолдардан майданнан қайтпаған боздақтардың орны мен олардың отбасына түскен ауыр қайғы айқын көрінеді. Ал «Барады үнсіз түнеріп, соғыстан қайтқан солдаттар» деген түйін сарбаздың жан дүниесіндегі жараны, соғыс салған үнсіз қасіретті бейнелейді. Осылайша, бұл өлеңде Сырбай Мәуленов соғыстан аман қайтқан солдаттардың бейнесін ғана емес, бүкіл елдің соғыс салған жарасын терең суреттеген.

Сырбай Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңі – тек сарбаз тағдырын ғана емес, бүкіл халықтың соғыстан кейінгі психологиялық күйін бейнелейтін шығарма. Ақын майданнан елге аман оралған жауынгерлердің үнсіздігін, олардың жан дүниесіндегі ауыр ойларды дәл суреттейді. «Барады үнсіз түнеріп, соғыстан қайтқан солдаттар» деген жолдар солдаттың сырттай тірі, аман болғанымен, оның жүрегінде ұмытылмас жара қалғанын білдіреді. Бұл – соғыс трагедиясының ең үлкен шындығы.

Сонымен қатар өлеңнің әр шумағы халықтың түрлі өкілдерінің – ананың, жардың, баланың бейнесін ашады. Ана баласын, жар сүйгенін, бала әкесін күткенін көркем бейнелеу арқылы ақын соғыстың бүкіл қоғамға тигізген әсерін жинақтап көрсетеді. Әр кейіпкердің тағдыры арқылы ақын біртұтас халықтық қасіретті жеткізген. Бұл тәсіл өлеңнің эмоционалды қуатын арттырып, оқырманға әсерін күшейтеді.

Өлеңде бейбіт өмірге деген сағыныш та, соғыс салған орны толмас қайғы да қатар жүреді. Бір жағынан сарбаздың аман келуі – қуаныш болса, екінші жағынан хабарсыз кеткен боздақтар – қайғы мен мұң. Ақын осы екі сезімді шебер тоғыстырып, поэзия арқылы соғыстың адам жанына әкелген қасіретін сезіндіреді.

Қорытындылай айтқанда, Сырбай Мәуленовтің бұл өлеңі – қазақ поэзиясындағы соғыс тақырыбын айрықша терең ашқан шығармалардың бірі. Ол соғыстан қайтқан солдат бейнесі арқылы елдің үміті мен қайғысын, сарбаздың ерлігін де, ішкі жан азабын да

көрсетеді. Өлең тек тарихи оқиғаның көркем суреті ғана емес, бүгінгі ұрпаққа бейбіт өмірдің қадірін ұғындыратын, өткеннің қасіретін естен шығармауға шақыратын туынды.

«Жығылды жаудың жалауы»

Бұл өлең – Ұлы Жеңістің тарихи мәнін, соғыстағы жеңістің рухын айқын көрсететін шығарма. Ақын Берлин қамалының алынуы, жаудың туының жығылуы арқылы фашизмнің жеңілгенін суреттейді. Алғашқы шумақтағы «Алынды Берлин қамалы, жұлдыздар шашты Москва» деген жолдар жеңістің тек бір елдің емес, бүкіл адамзаттың ортақ қуанышы екенін бейнелейді. Бұл жерде Мәскеу – жеңістің символы, ал Берлин қамалы – құлаған жаудың белгісі.

Өлеңнің екінші бөлігі фашизм туының құнсызданып, аяқ асты болғанын суреттейді. «Керексіз қазір ешкімге, орасаң, мейлі, шұлғау қып» деген жолдар арқылы ақын кезінде миллиондаған адамның өмірін жалмаған, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген жау жалауының мәнсіз болып қалғанын көрсетеді. Бұл – әділеттің жеңісі мен зұлымдықтың жойылуының көркемдік шешімі.

Өлеңнің үшінші шумағында батырлар бейнесі асқақ тұр. «Батырлар аттап барады жау туының көпірін» деген жолдар соғыстағы сарбаздардың рухын, жеңімпаз ерлігін айшықтайды. Жау туының сарбаз етігін сүртуге жарауы – символдық мәні терең образ. Бұл фашизмнің түпкілікті жеңіліп, халықтың еркі мен күшінің үстем болғанын айқындайды.

Өлеңнің соңғы бөлігінде жеңіс символы ретінде халықтың өз туы көтеріледі: «Көтерілді жоғары жеңімпаз елдің жалауы, жұмысшының балғасы, шаруаның орағы, солдаттың қару-жарағы». Мұнда ақын бейбіт еңбектің, халық бірлігінің, соғыстағы батырлықтың жиынтық бейнесін береді. Бұл көркем түйін – Жеңістің тек әскери жеңіс қана емес, халық еңбегінің, ел бірлігінің нәтижесі екенін аңғартады.

Сырбай Мәуленовтің соғыс тақырыбындағы өлеңдері бір-бірін толықтырып, біртұтас сурет жасайды. «Соғыстан қайтқан солдаттар» – соғыстан кейінгі қасіретті, халықтың жаппай азабын бейнелесе, «Жығылды жаудың жалауы» – жеңіс сәтін, әділеттің салтанат құруын бейнелейді. Ал «Түбірлер», «Соғыстан кейін», «Синявино шоқысында» сияқты туындылары сарбаздың майдандағы ерлігін, соғыстың қаншалықты ауыр болғанын айғақтайды. Ақынның әр өлеңінде сарбаз бейнесі – ерлік пен ар-намыстың, қайғы мен қуаныштың, елдік пен бірліктің көрінісі.

Сырбай Мәуленов тек соғыс жылдарында ғана емес, бейбіт өмірде де ірілік пен адамгершілік үлгісін көрсетті. Оның:

«Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім…» [3, 95 б.], – деп келетін өлең жолдары ақынның тек сарбаздық рухын ғана емес, соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де мейірімділік, адамдарға қамқорлық көрсету қасиетін паш етеді. Бұл жолдар оның гуманистік көзқарасын, адам өміріне деген құрметін көрсетеді.

Соғыстан кейін Сырбай Мәуленов әдебиет саласында да еселі еңбек етті. Ол қазақ поэзиясын жаңа формалармен байытып, көркемдік өрісін кеңейтті. Ақынның еңбектері ұлттық әдебиетіміздің дамуына үлес қосып қана қоймай, патриоттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды дәріптеді. Осы еңбектері үшін ол Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды және «Халықтар достығы» орденімен лайықты марапатталды.

Осылайша, Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы – сарбаздық рух пен ерлікті, соғыс пен бейбіт өмірді, ұлттық патриотизм мен адамгершілікті үйлестірген поэзия үлгісі болып табылады. Оның поэзиясы бүгінгі оқырманға, әсіресе жас ұрпаққа, рухани тәрбие беретін, патриоттық сезімді оятатын маңызды мәдени мұра ретінде қызмет етеді.

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов – сарбаз да, ақын да болған тұлға. Ол соғысты сырттай естіген жоқ, қан майданның қақ ортасында жүріп, жаумен бетпе-бет

шайқасты. Сұрапыл соғыстың барлық тауқыметін көзімен көрген ақын оның ауыр салмағын жүрекпен сезініп, кейін шығармаларына шынайы суреттеп енгізді. «Соғыстан қайтқан солдаттар», «Жығылды жаудың жалауы» секілді өлеңдерінде ол тек жеңісті жырлап қана қоймай, соғыстан кейінгі халықтың күйін, сарбаздардың қажырын, аналардың сағынышын, жетім балалардың үмітін көркем бейнеледі.

Сарбаз ретінде ол от пен оқтың арасында жүріп ерліктің, төзімділіктің, арнамыстың шын бағасын түсінді. Ақын ретінде сол көрген-білгенін халық жадында сақталар көркем сөзге айналдырды. Сондықтан Сырбайдың шығармашылығындағы соғыс тақырыбы – тек әскери ерлік емес, адам тағдыры, ел үміті, ұрпақ сабақтастығы жайлы үлкен рухани сыр.

Ол үшін майдан даласы – ерлік мектебі болса, әдебиет – сол ерлікті мәңгілікке қалдырған алтын қазына. Сырбай Мәуленовтің шығармалары бүгінгі оқырманға да бейбіт өмірдің қадірін ұғындырады, отаншылдыққа, қайсарлыққа тәрбиелейді. Ақынның сарбаздық өмір жолы мен ақындық мұрасы қатар өріліп, келешек ұрпақ үшін өшпес өнеге болып қала береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Сырбай – классик. – Алматы: Жұлдыз, 2002. – №5. – 45-52 бб.
2. Қабышұлы, Ғ. Нығаң, Сыр-аға және Әнуар / Ғ. Қабышұлы // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 6 желтоқсан (№ 48-49). – 12 б.
3. Екі томдық шығармалар жинағы / С. Мәуленов; [құраст.: қыздары Бахытжамал, Сақыпжамал, ұлдары Бейбіт, Қасым, Ғазиз]- Алматы : Service Press , 2012. Т. 1 . Өлеңдер (1938-1968) – 501б.

Лес Нағима Өрісқызы,
Астана қаласы, №117 ЖББОМ
педагогика және психология магистрі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДАЛА БОЛМЫСЫ МЕН ТЕРЕҢ СЫР

Кіріспе

Бұл ғылыми мақалада қазақ поэзиясында ерекше орын алатын табиғат тақырыбы, соның ішінде дала образы мен оның терең философиялық, көркемдік мағынасы жан-жақты талданады. Дала – қазақ халқының тарихи, мәдени, рухани жадымен біте қайнасқан кеңістік. Ақындар шығармашылығында ол тек табиғи орта ғана емес, халықтың мінезі, еркіндікке деген ұмтылысы, өмір мен өлім, сағыныш пен үміт сынды ұғымдардың бейнелі көрінісі ретінде суреттеледі. Әсіресе Сырбай Мәуленов поэзиясындағы дала – тек географиялық кеңістік емес, ақын жан дүниесінің, сезімінің, күрескер рухының көркем айнасы.

Мақалада дала болмысы түрлі символикалық мағынада қарастырылады: шексіз кеңістік — еркіндіктің нышаны, самал жел — уақыттың сыбдыры, жұлдызды түн — армандар мен үміттердің мекені, ал боран мен шөл — рухани күйзелістің, күрделі тарихи кезеңдердің көркем коды ретінде көрінеді. Ақын өлеңдеріндегі поэтикалық пейзаж — тек сыртқы табиғат көрінісі емес, адамның ішкі толғанысы мен тағдырымен үндес жатқан көркемдік құрал. Дала образы арқылы ақындар ұлттық болмысты, тарихи жадыны, ұрпақ жалғастығын терең сезіммен жеткізеді. Сонымен қатар, мақалада заманауи оқырман үшін дала образының тәрбиелік, дүниетанымдық маңызы да қарастырылады. Дала туралы поэзия – бүгінгі ұрпақтың экологиялық, рухани, ұлттық санасын тәрбиелеуде ерекше рөл атқаратын көркемдік құрал екендігі айқындалады. Мақала көркем мәтінге әдеби-теориялық талдау жасау арқылы ақын поэзиясындағы дала мен адам арасындағы тығыз

байланысты жаңаша қырынан танытады және қазақ поэзиясындағы табиғат пен адамның біртұтастығын тереңдей түсінуге бағытталған.

Қазақ әдебиетіндегі табиғат образы – халықтың дүниетанымымен, тұрмысымен, рухани әлемімен біте қайнасқан ерекше көркемдік категория. Табиғат – тек көркем құрал емес, ол адам мен әлемнің тұтастығын жеткізетін, ұлттық сана мен рухтың бір көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, Сырбай Мәуленов поэзиясындағы табиғат тақырыбы ерекше зерттеуге лайық.

Сырбай Мәуленов – соғысты көрген, азаттық пен рух үшін күрескен, ұлттық поэзияның көркем тілін, музыкалық әуезін терең меңгерген ақын. Оның өлеңдерінде табиғат кеңістігі – тек жер бедері емес, ақынның ішкі әлемі, сезімі мен арманының көркем айнасы. Ол табиғат арқылы адамды, тарихты, туған жерді, уақытты бейнелейді. Бұл мақалада ақын поэзиясындағы табиғат көріністері мен олардың поэтикалық қызметі талданып, оның ұлттық әдебиеттегі орны мен маңызы айқындалады.

Негізгі бөлім

1. Сырбай Мәуленов поэзиясындағы табиғат философиясы

Ақын үшін табиғат – ойдың емес, сезімнің бастауы. Ол дала арқылы жүрекпен сезінуге, жыр арқылы жеткізуге тырысады. Оның табиғат суреттері – көзбен көрген ландшафт емес, көңілмен сезінген өмір философиясы.

"Табиғатқа қарасам – сағыныш,
Сағынышқа қарасам – сағымдай.
Сағым ізі – жырымның табысы,
Сар даланың төсінде жатырдай..."
[1, 28-б.]

Бұл жолдарда даланың бейнесі ақынның ішкі күйі, өткен күнге сағынышы мен естелігімен астасып жатыр. Ақын табиғаттан тек сыртқы пішін емес, өмірдің мәнін іздейді.

2. Табиғат – туған жердің символы

Сырбай Мәуленов туған жері – Торғай даласын ерекше махаббатпен суреттейді. Дала – оның балалық шағының естелігі, жанының мекені. Ол үшін дала – өмірдің мәні, ұлттың кеңістігі.

"Ақ бұлттар ауып барады
Айдында жүзген аққудай.
Ақ бұлттар ауып барады
Аспандағы ақ тудай.
Ұзатылған ақ қыздай,
Бара ма кетіп жат жұртқа.
Қиял бір тыным тапқызбай,
Телміртеді ақ бұлтқа..."
[2, 27-б.]

Ақынның бұл жырларында туған жер табиғатымен, тарихымен және тағдырымен бірге беріледі. Ол табиғатты сипаттау арқылы өзінің ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін білдіреді.

3. Табиғат пен адам тағдырының байланысы

Сырбай Мәуленов өлеңдерінде табиғат – адам тағдырымен үндес. Әсіресе соғыс тақырыбындағы шығармаларында табиғат қасіретті бейнелеудің басты құралына айналады. Ақын табиғат көріністері арқылы адамның ішкі күйзелісін, қайғысын, сағынышын жеткізеді. Мысалы, сұрапыл соғыс жылдарын суреттеген өлеңдерінде суық жел, қара бұлт, қанға боялған таң секілді табиғат детальдары арқылы майдан даласындағы ауыр жағдайды, адам жанындағы үрей мен үмітсіздікті шебер бейнелейді.Сонымен қатар, табиғат бейнесі – өмірдің жалғастығын, үміт пен жаңаруды да білдіреді. Соғыстан кейінгі шығармаларында көктемгі жауын, бүршік атқан тал, жарқыраған күн сияқты табиғат суреттері адамның жүрегіне сенім мен жарық әкеледі. Осылайша, Сырбай Мәуленовтің

табиғат лирикасы – тек әсем көріністерді сипаттау ғана емес, адамның рухани әлемімен тығыз байланысты терең мазмұнды көркемдік құрал.

3.1. «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңі мысалында

"Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр..."
[3, https://kitap.kz , 6, https://adebiportal.kz]

Дала – мұнда оқиға фоны ғана емес, адамның жан толқынын, қоғамның жарасын сезіндіретін күшке ие. Табиғат бейнесі арқылы ақын адам қайғысын терең сезіндіреді.

4. Табиғат бейнесіндегі көркемдік құралдар

4.1. Пейзаж және кеңістік құрылымы

Сырбай Мәуленов кеңістікті өте шебер қолданады. Оның поэзиясында ашық аспан, жел, дала, құм, шөл, өзен сияқты табиғи элементтер кең мағыналық жүк арқалайды. Олар өлеңнің поэтикалық реңкін анықтайтын стильдік компонентке айналады. Ақын кеңістікті адам көңіл-күйімен байланыстыра отырып, рухани тереңдікке қол жеткізеді. Мысалы, «Даланы жырлаймын» атты өлеңінде табиғатты лирикалық кейіпкердің жан серігі ретінде сипаттайды:

«Даланы жырлаймын кең көсілген,
Желмен сырласқан еркесін ем...»

Мұнда кең дала – еркіндік пен шабыттың кеңістігі.Сондай-ақ, «Бозжорға» атты өлеңінде құм мен жел образдарын пайдалана отырып, өткен мен бүгін арасындағы нәзік байланысты бейнелейді. Табиғат элементтері арқылы уақыт пен кеңістік тоғысады.

Ақын үшін әрбір пейзаждық деталь – ішкі эмоцияны жеткізудің құралы. Мысалы, суық жел мен қара бұлт соғыс тақырыбындағы өлеңдерде қорқыныш пен үмітсіздіктің көркем коды ретінде қолданылады. Осылайша, кеңістік – Сырбай Мәуленов поэзиясында тек табиғи фон емес, идеялық-эстетикалық мазмұнды тереңдететін көркемдік тәсіл.

4.2. Символика мен метафоралар

Мәуленов өлеңдерінде табиғат элементтері символикалық мәнге ие. Мысалы:

- Дала – еркіндік, кеңдік, ұлттық болмыс
- Боран – ішкі күйзеліс, тағдыр ауырлығы
- Жұлдыз – үміт, арман
- Шөл – сағыныш, рухани шөлдеу

"Жаяу боран бұрқасын
Үйір қардың ұлпасын,
Аққудың ақ жүніндей –
Ақпанның ашу бұлтындай..."
[4, https://malim.kz]

Боран – табиғат құбылысы болғанымен, бұл жерде адамның ішкі күйзелісімен үндесіп тұр. Ақын табиғат арқылы адамның жан әлемін суреттейді.

5. Лирикалық кейіпкер мен табиғат үндестігі

Ақын поэзиясындағы лирикалық кейіпкер – табиғатпен біртұтас. Ол далада тыныстайды, аспанмен сырласады, желмен сөйлеседі.

"Ақ түнге айналған қараңғы,
Жырымды салып, жырмен барсам.
Көзге көрінбес жұлдыздар да
Жанып жатыр – күткен арман..."
[5, Ustaz.kz.]

Бұл өлең жолдарында түн – жалғыздық пен ой кеңістігі, жұлдыз – болашақ пен арман символы. Лирикалық кейіпкердің рухани дүниесі табиғатпен тұтасып кеткен.

6. Заманауи оқырманға табиғат бейнесінің мәні

Қазіргі заманда техникалық өркениет пен технологиялардың қарқынды дамуы адамның табиғатпен байланысын әлсіретіп барады. Қала өмірінің қарбаласы, ғимараттардың көптігі, электрондық құрылғыларға тәуелділік табиғаттың сұлулығын сезінуге, оны түсінуге мүмкіндік азайтып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, ақын поэзиясы – адам мен табиғат арасындағы үзіліп бара жатқан байланысты қалпына келтірудің көркем әрі рухани жолы болып табылады. Сырбай Мәуленовтің поэзиясы табиғатты тек сыртқы бейне ретінде ғана емес, адамның жан дүниесінің айнасы ретінде суреттейді. Ол табиғатты сүйе отырып, адамдық болмысты, ұлттық рухты сақтау қажеттігін айқындайды. Ақынның табиғатты жырлауы — бұл тек эстетикалық құндылықты дәріптеу емес, сонымен қатар экологиялық сана қалыптастырудың маңызды құралы. Оның өлеңдері арқылы оқырман табиғатқа деген жауапкершілікті сезініп, оны қорғау қажеттілігін түсінеді. Табиғат поэзиясы заманауи адамды табиғатпен үйлесімді өмір сүруге, оның сырын ұғынуға және оның құндылығын құрметтеуге шақырады. Бұл рухани тәлім мен тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов шығармаларындағы табиғат образы – кең ауқымды, көпқабатты көркемдік жүйе. Ақын табиғатты жырлау арқылы адамның ішкі әлемін, ұлттық болмысын, тарихи жадысын және рухани ізденісін жеткізеді. Дала, боран, түн, жұлдыз, шөл сияқты образдар ақын поэзиясында терең символикалық мәнге ие.

Табиғат ақын үшін — эстетика ғана емес, өмірдің мәні мен мазмұны. Оның табиғатқа деген көзқарасы-ұлттық рухты, қазақтың кеңістіктік ойлау жүйесін, экологиялық сананы бейнелеудің көркем үлгісі. Бұл табиғат поэзиясы – адам мен әлемнің біртұтастығы туралы көркем ой.

Сондықтан Сырбай Мәуленовтің табиғат тақырыбындағы шығармалары — бүгінгі оқырман үшін де маңызды. Олар адамзат пен табиғат арасындағы нәзік тепе-теңдікті сақтауға шақырады, рухани үйлесім мен эстетикалық талғамға тәрбиелейді.

Ақын шығармаларындағы табиғат болмысын оқушыларға жеткізу — оларды туған жердің қадірін түсінуге, табиғатпен үндесе білуге, көркемдік танымын дамытуға тәрбиелейді. Ақын жырларындағы дала тынысы, жұлдызды түн, самал жел мен сағым — оқушы жүрегіне туған топырақтың иісін сіңіріп, ұлттық рухты оятады. Табиғат арқылы өмір сырын, адам болмысын, ұлттың мінезін ұғындырады. Бұл ұлықтау – тек әдеби талдау емес, рухани тәрбиенің бір арнасы. Сөйтіп, оқушы ақын тілімен табиғатты сүйіп қана қоймай, оны қорғауға, бағалауға ұмтылады. Нәтижесінде экологиялық мәдениеті жоғары, ұлттық санасы сергек ұрпақ қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Мәуленов С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1982.
2 Қирабаев С. Қазақ әдебиеті және замана. – Алматы: Рауан, 1997. Kazneb Екі томдық шығармалар жинағы.
3 Kitap.kz. «Сырбай Мәуленов шығармалары» https://kitap.kz
4 Malim.kz. «Соғыстан қайтқан солдаттар», поэзия бөлімі https://malim.kz
5 Ustaz.kz. С.Мәуленовтің поэзиясына талдау материалдары https://ustaz.kz
6 Әдебиет порталы. «Сырбай Мәуленов – табиғат пен тағдыр ақыны» https://adebiportal.kz
7 Елеукенова З. Қазақ поэзиясындағы көркемдік ізденістер. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
8 Kostanaytany.kz. «Сырбай Мәуленов және Тобыл топырағы» https://old.kostanaytany.kz
BY QOSTANAI TAŃY · 22.07.2016
9 https://el.kz/s__maulenov_poeziyasindagi_publitsistikalik_element_25464/

Мамарбаева Жанар Идрышқызы,
Алматы қаласы, Бостандық ауданы
№21 гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ САРЫН

Қазақ әдебиеті тарихында елін, жерін сүю, ұлттық намыс пен халық мүддесін қорғау тақырыптары әрқашан алдыңғы қатарда болды. Әдебиеттің басты мақсаты – халыққа рухани демеу, тәрбиелік өнеге беру болса, патриотизм идеясы осы міндеттің өзегіне айналды. ХХ ғасырдың орта тұсында, Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарынан кейін қазақ поэзиясында патриотизмнің жаңа леппен өрістеуі байқалды. Сол кезеңде әдебиетке келген майдангер қаламгерлердің шығармалары халық рухын көтеріп, елдік санаға серпін берді. Солардың ішінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, халық сүйіспеншілігіне бөленген ақын – Сырбай Мәуленов еді. Сырбай Мәуленовтің шығармалары – Отанға адалдықтың, туған жерге махаббаттың, халыққа сенімнің көркем шежіресі. Оның өлеңдерінде ел тағдырына деген жауапкершілік, жауынгерлік ерлікке тағзым, бейбіт өмірді қастерлеу идеялары айқын көрінеді. Ақын поэзиясындағы патриоттық сарын ұлттық әдебиетіміздегі рухани құндылықтардың маңызды бөлігі. Осы баяндамада мен Сырбай Мәуленов поэзиясындағы патриоттық сарынның көрінісін, оның негізгі идеялық бағыттарын және қазақ әдебиетінің рухани әлеміндегі орнын, оның көркемдік сипаты мен тәрбиелік мәніне тоқталамын келеді. Сырбай Мәуленов поэзиясында патриоттық сарын әр қырынан көрініс табады. Ақынның шығармашылық мұрасын сараласақ, ол туған жерді сүю, ел тарихын құрметтеу, халықтың ерлік дәстүрін дәріптеу және бейбіт өмірді бағалау сынды идеяларды басты тақырып етіп алғанын аңғарамыз. Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысының Жанкелдин ауданында Торғай ауылында дүниеге келген. Ол жастайынан әдебиетке құмар болып өсті. Әкесі дәстүрлі әнші болғандықтан, бала Сырбай ерте жастан халық әндеріне, жырларына сусындап өсті. Ата-анасының жұмыс бабына байланысты бала күнінде туған жерінен жырақтап, Қызылорда облысына қоныс аударған. Сыр елі Сырбайды жатсынбады, керісінше ақындық шабытына шабыт қосты. Ол 1973 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген. "Сырағаң соғыстың алдында Қызылордада өлең жаза бастады. Шын ақындыққа келуі, төселуі Ұлы Отан майданында өтті. Бұл жөнінде де филология ғылымының докторы Серік Қирабаев ақындық талантының шарықтауы Ұлы Отан соғысы жылдарына тура келгенін айтады. Иә, Сырбай Мәуленов Ұлы Отан соғысына қатысқан.1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Мәуленов қатардағы жауынгер ретінде майданға аттанып, елді қорғауға қатысты. Соғыс жылдарындағы тәжірибе, көрген азап пен ерлік оның шығармашылығына ерекше із қалдырды. Ақынның алғашқы өлеңдерінде-ақ туған жердің қадірі мен бейбіт өмірдің құндылығы айқын сезіледі. Майдан өмірі көп адамды шындықтың не екенін, өмір мен өлім үшін күрестің не екенін ұқтырды.

Ақынның соғыс жылдарындағы патриоттық өлеңдері.

Соғыс – ақын өмірінің үлкен бір белесі. Сырбай Мәуленов – майдангер ақын. Ол Ұлы Отан соғысына қатысып, жауынгер ретінде ерлікті өз көзімен көрген. Сондықтан оның өлеңдеріндегі патриоттық сарын шынайылығымен ерекшеленеді. Ақын жауынгерлердің қайсарлығын, ел қорғаудағы ерлігін, майдандағы достық пен бірлікті жырлады. Бұл өлеңдер жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін асыл мұраға айналды.Майданда жүріп жазған өлеңдерінде жауынгердің Отан үшін күресі, батырлардың ерлігі, елді қорғау тақырыбы айқын көрінеді. Мәселен, ол бір өлеңінде жауынгердің анты жайлы былай дейді:
«Отан үшін жан қияр жауынгерлер,
Қайсарлықпен қорғады қасиетті елді».

Бұл жолдардан біз сол кездегі жастардың елін сүйгенін, жаудан қорғауды қасиетті парыз санағанын көреміз. Соғыс лирикасындағы патриоттық сарын Мәуленовтің соғыс

тақырыбындағы шығармашылығында басты орындардың бірін алады. Жауынгерлік өмірдің қасіреті мен қаһармандығы оның өлеңдерінде айқын көрініс тапқан.
Ақынның «Жауынгер досқа» өлеңінде:
«Жүрекке сенім қондырған,
Жауға қылыш сермеген,
Досым, сенен үйренгем,
Ерліктің отын көрген ем» деген жолдар бар.

Бұл шумақтан жауынгер бейнесі тек бір адамның ғана емес, бүкіл қазақ халқының қайсарлығының символы ретінде көруге болады. Әбдікәкімов Қ. «Қазақ поэзиясындағы соғыс тақырыбы» атты еңбегінде Мәуленовтің өлеңдеріндегі патриотизм жеке адамның сезімі ғана емес, халықтың тағдырымен тұтасып кеткенін көрсетеді (2. 56–58-б.). Соғыстың ауыр шындығы «Батырлар жыры», «Солдат дәптері» сияқты жинақтарында кеңінен жырланған. Мысалы, «Солдат дәптеріндегі» мынадай жолдарды қарастырғым келеді:
«Жауынгермін, туған елім тірегім,
Өзің үшін кеудемдегі жүрегім.
Қиын-қыстау күндерімде, қараңғы,
Сенсің маған шырақ жаққан, тілеуім».

Бұл шумақтағы туған елге арналған адал сезім жауынгердің бүкіл болмысын анықтайды. Ел үшін жанын беруге әзір солдат бейнесі арқылы Мәуленов бүкіл халықтың ерлігін паш етеді. Соғыс кезіндегі поэзиясы елге рух беріп, жастарды ерлікке үндеді. Оның өлеңдерінде майдан шындығы реалистік суреттермен бейнеленіп, ел қорғау азаматтық парыз ретінде жырланды. Мәуленов үшін патриотизм ең алдымен туған жерге сүйіспеншіліктен басталады. Осылайша төрт жыл кескілескен ұрыс Сырбайды ақын ретінде де, адам ретінде де шыңдады. Соғыстан келген соң халықтың жай-күйін «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінде көрсетті.
«Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?» деп оралмаған солдаттарды жоқтады. Бұл оның болашақтағы ақындық жолына бағыт берді. Соғыстан кейінгі кезеңде ол әдебиетке белсене араласып, ұлттық рухты оятатын өлеңдерімен танылды. Оның шығармашылығы 1950–1970 жылдары қазақ әдебиетінде ерекше өркен жайған жаңа патриоттық поэзияның бастауында тұрды. Қирабаев С. өзінің «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты еңбегінде Мәуленовтің әдебиетке келуі соғыстан кейінгі қазақ поэзиясының жаңа белесі болғанын атап өтеді (1. 124-б.).

Туған жерге махаббат.

Мәуленов үшін патриотизм ең алдымен туған жерге сүйіспеншіліктен басталады. Ақын жырларында туған өлкенің табиғаты ерекше нәзіктікпен суреттеледі. Қазақ даласының кеңдігі, өзен-көлдерінің сұлу бейнесі, тауы мен тасы ақын жүрегіндегі Отанға деген шексіз сүйіспеншілікті паш етеді. Мәуленов үшін табиғат көрінісі – ел рухының айнасы, халық болмысының ажырамас бөлігі.
Оның «Далам» атты өлеңінде туған жер бейнесі Отан ұғымымен тұтас беріледі:
«Далам – менің қоңыр әуенім,
Далам – менің алтын төрімім,
Сенен ұшып шыққан кезімде,
Қайта оралам, туған жерім!»

Бұл жолдар туған жерге деген ыстық махаббаттың көрінісі ғана емес, ұлттық болмыстың айнасы. Туған жердің даласын, тауларын, өзен-көлдерін жырлау арқылы

Мәуленов Отанның тұтастығын суреттей білді. Сырбай Мәуленов үшін туған жер – ең үлкен байлық. Оның өлеңдерінде Қостанайдың даласы, қазақтың кең сахарасы ерекше шабытпен суреттеледі: «Торғай далам – менің алтын бесігім,
Жырмен тербеп өскен киелі есімім» – деп жырлайды ақын.

Мұндай өлең жолдарынан туған жерге деген ыстық махаббат, елге деген адалдық сезімі көрінеді. Ысқақов Ж. өзінің «Қазақ поэзиясының бейнелеу өрнектері» атты еңбегінде қазақ ақындары туған жерді көбіне анаға, алтын бесікке теңейтінін, бұл ұлттық патриотизмнің этнопоэтикалық ерекшелігі екенін атап көрсетеді (3. 89-б.). Мәуленовте осы дәстүрді жалғастыра отырып, туған даланы асқақтата жырлады. Оны «Туған елге» атты өлең жолдарынан көруге болады:
«Сенен қымбат ештеңем жоқ, туған ел,
Жүрегімде сен деп соққан мың әндер.
Жерім сенің – жыр бесігім, қазынам,
Құдіретіңді жырламасам, күнәм дер».

Бұл өлең жолдарында ақын туған елдің қадірін адам өмірінің мәнімен тең қояды. Мұнда патриотизм туған жерге адалдық, оған деген мәңгілік сүйіспеншілік ретінде суреттелген. Ақын патриоттық сезімді тек табиғат арқылы емес, тарих арқылы да жеткізеді. Қазақ халқының өткенін еске алып, батыр бабалардың ерлігін дәріптейді. Ол үшін патриотизм – тек туған жерді сүю ғана емес, ата-баба аманатына адал болу. Сондықтан оның жырларында халықтың бірлігі, ұлттық рух басты орын алады. Мәуленов табиғатты жырлай отырып, оны Отан бейнесімен байланыстырады. Оның поэзиясында табиғат тек эстетикалық сұлулық емес, ұлттық бірегейліктің, халықтық рухтың айнасы. «Қарлығаш» өлеңінде құстың ұясын қорғауы ел қорғау ісімен салыстырды. Мұнда символдық мән бар: кішкентай құстың инстинкті арқылы үлкен ұлттық идея берілген. Нұрғали Р. «Әдебиет әлемі» еңбегінде ақындардың осындай метафоралық тәсілдері ұлттық рухты қалыптастыруда үлкен рөл атқаратынын айтады (4.142–145-бб.). Ақынның табиғат лирикасы туған жердің болмысын қастерлеуге тәрбиелейді. Мысалы, «Жазғы түн» атты өлеңінде ол даладағы айлы түнді суреттей отырып, елдің тыныштығы мен бейбіт өмірін асқақтатады. Бұл арқылы табиғат сұлулығы мен Отан тыныштығы біртұтас құндылыққа айналады.

Сырбай Мәуленов бейбіт өмір мен еңбек тақырыбын ерекше дәріптеген ақындардың бірі. Ол үшін соғыс – өткеннің қайғысы болса, бейбіт өмір – болашақтың нұры, халықтың бақыты. Ақын өлеңдерінде еңбек адамдарының бейнесі шынайы сомдалып, олардың маңдай терімен өркендеген елдің қуанышы жырланады.

Осы тақырыптағы өлеңдеріне мысалдар:

«Адамдар» атты өлеңінде ақын қарапайым еңбек адамдарының ерлігі мен ел алдындағы еңбегін ерекше мадақтайды. Олардың тіршілігі елдің болашағын жасайтын ұлы күш екенін көрсетеді.

«Дала», «Ауыл жыры» секілді шығармаларында туған жердің кеңдігі мен ауыл тіршілігіндегі қарапайым еңбек иелерінің бейнесі сомдалады.

Соғыстан кейінгі жылдары жазған бірқатар жырларында ақын егіншілердің, құрылысшылардың, ұстаздар мен жастардың бейнесін арқау етіп, бейбіт күннің берекесін олардың еңбегімен байланыстырады.

Мәуленовтің бұл тақырыптағы өлеңдерінен біз мынадай ой түйеміз: ақын үшін бейбіт өмір – тек соғыстың жоқтығы ғана емес, ол – еңбекпен өркендеген, халықтың бақытын қамтамасыз еткен өмір. Сол себепті ақын еңбек адамдарының бейнесін асқақтата отырып, оқырманын бейбіт өмірді бағалауға, адал еңбек етуге үндейді.

Мәуленов поэзиясындағы көркемдік ерекшеліктер мен образдық жүйе

Ақын патриоттық сарынды жеткізуде халықтық дәстүрді шебер қолданды. Ол Отанды көбіне «ана»,«алтын бесік», «құт мекен»бейнелері арқылы суреттеді. Бұл бейнелер халықтық дүниетанымнан бастау алады.

Сонымен бірге, оның өлеңдерінде мынадай образдар жиі кездеседі:

Қарапайым еңбек адамдары
Жауынгерлер
Туған жердің табиғаты

Сырбай Мәуленов поэзиясының ерекшелігі – оның шынайылығы мен қарапайымдылығында.

Ол табиғатты, туған жерді суреттей отырып, Отанды сүюді жеткізеді.
Өлеңдерінде символдар жиі кездеседі:
Дала – Отанның кеңдігі
Тау – халықтың асқақтығы
Жел– еркіндіктің белгісі

Ақын жырларының тілі жеңіл, түсінікті. Сол себепті ол оқырманға тез жетіп, жүрекке жақын болады.

Патриоттық сарынның негізгі идеялары

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы патриотизм мынадай идеяларды қамтиды:

1.Отан қорғау – қасиетті борыш.

2.Туған жерге деген махаббат – нағыз патриотизмнің белгісі.

3.Ел бірлігі – халықтың күші.

4.Ұрпақтар сабақтастығы – елдіктің белгісі.

Қазақ әдебиетінің көрнекті зерттеушілері Мәуленов поэзиясына жоғары баға берген. Оны «ұлттық рухты жырлаған ақын» десе, Нұрғали Р. Оның поэзиясын «заманның шындығын, халықтың арман-мұратын жырлаған биік поэзия» деп бағалаған. Сонымен бірге, басқа да зерттеушілер Мәуленовтің поэзиясын ұлттық идеяның көрінісі ретінде қарастырған. Олар ақын шығармаларындағы патриоттық сарынның жастар тәрбиесінде ерекше орын алатынын атап өтеді. Сырбай Мәуленов поэзиясының негізгі арқауы – ел мен жерге деген сүйіспеншілік, халыққа адал қызмет ету мұраты. Ақынның шығармашылығында патриоттық сарын жеке адамның жан толқынысынан бастап, бүкіл ұлттың рухани болмысын айқындайтын үлкен құбылысқа айналады. Оның жырларында туған өлкенің көркем табиғаты, ел тарихының даңқты беттері, батыр бабалардың ерлігі мен халықтың асқақ рухы біртұтас бейнеде көрініс табады. Мәуленов үшін Отанды сүю – тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен дәлелденетін биік борыш. Ақын соғыс жылдарындағы жауынгерлердің қайсар мінезін, бейбіт өмірді қорғап қалған ерлердің ерлігін, ел еңсесін көтерген қарапайым халықтың еңбегін терең тебіреніспен жырлады. Оның өлеңдеріндегі патриоттық идея ұраншылдыққа ұқсамай, шынайы жүрек лүпілімен, сезім тазалығымен ерекшеленеді. Ол – қазақ поэзиясының аса ірі тұлғаларының бірі болып саналады. Оның шығармашылығы патриоттық рухты отансүйгіштікті, азаматтық биіктіктің жарқын айғағы. Ақынның жырларында оның Отанға деген махаббатын, бейбіт өмірге деген құштарлығын айқын көруге болады. Отанды сүю – біздің ең басты парызымыз. Сырбай Мәуленовтің жырларынан менің түсінгенім: елді сүйсең, сен оны сөзбен ғана емес, өзінің ісінің адалдығымен дәлелде. Сонымен қатар Сырбай Мәуленов бейбітшілікті аңсаған ақын болды. Ол болашақ жастарға бейбіт өмірді бағаландар деп ұғындырды. Бүгінгі бейбіт өмірде өмір сүріп жатқанымыз – үлкен бағыт, оны бағалай білуіміз керек.

Ақын шығармашылығында үш нәрсені бағалауды үйретеді:

1 Отанды сүю, еліңді қадірлеу
2 Адал болу
3 Бейбіт өмірдің қадірің білу.

Осы үш қасиет - нағыз азаматтық болмыстың белгісі. Сырбай Мәуленов поэзиясының құндылығы – ол тек өз дәуірінің рухын жеткізіп қана қоймай, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнегелі мұра қалдырғандығында. Ақын жырлары бүгінгі жастарды елді сүюге, халықтың бірлігі мен бейбіт өмірді бағалауға шақырады. Сондықтан да Мәуленов поэзиясындағы патриоттық сарын – қазақ әдебиетінің мәңгілік құндылығы, ұлттық рух пен елдік сананы қалыптастыратын рухани қазына болып қала береді. Сондықтан да, Сырбай Мәуленовтің өлеңдері мен үшін тек әдеби шығарма ғана емес, өмірлік ұстаныма

айналатың өсиет.

Ақынның өлеңдері мен үшін өмірлік сабақ болып қалды. Ол өзінің шығармалары арқылы бізге Отанды сүюге, өз халқына адал болуға, бейбіт өмірдің қадірін білуге үйретті. Оның шығармалары өткеннің тарихы ғана емес, бүгінгі ұрпаққа бағыт болды. Сырбай Мәуленовтің өлеңдері әрбір қазақ баласының жүрегінде жатталып, еліне деген махаббатын оятатын үлкен
құнды қазына болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қирабаев С. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы: Білім, 991.124-б.
2 Әбдікәкімов Қ. Қазақ поэзиясындағы соғыс тақырыбы. Алматы: Ғылым, 2005. – 56–58-бб.
3 Ысқақов Ж. Қазақ поэзиясының бейнелеу өрнектері. Алматы:Жазушы, 1987. – 89-б.
4 Нұрғали Р. Әдебиет әлемі. Алматы: Қазақ университеті, 2001. 142– 45-бб.
5 Бекмаханов Е. Қазақ халқының тарихы мен әдебиеті. Алматы: Санат, 994. – 211-б.
6 Қоңыратбаев Ә. Әдебиет теориясы. Алматы: Мектеп, 2002. 75–77-бб.

Мамырбаева Гульжан Жумакановна,
Алматы қаласы,
№73 мектеп-гимназиясы
педагог-психолог

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САБАҚТАР: АҚЫНДЫҚ МҰРАТ, САРБАЗДЫҚ РУХ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінің белесді тұлғасы, оның поэзиясы ұлттық рухтың терең қабаттарын зерттейтін, адамгершілік құндылықтарды қозғайтын күшті өнер. Оның шығармашылығы – қазақ даласының кеңдігі мен халқының рухани байлығын көрсететін айна. Бұл мақаланың мақсаты ақын лирикасының психологиялық астарларын ашып, оның арқылы адам жанының сырларына жол табу.

Адам жан дүниесіне саяхат: сезімдер әлемі

Мәуленов поэзиясы адамның ішкі дүниесіне терең саяхатқа шақырады. Оның лирикасында қайғы мен қуаныштың, үміт пен күдіктің барлық реңктерін кездестіреміз. Ақын адамгершілік құндылықтарды дәріптеумен бірге, өмірдің мәнін іздеуге үндейді. Оның «Ұлыма», «Әкеме» сияқты өлеңдері жеке тәжірибеге негізделген болса да, ондағы сезім тербелістері әрбір оқырманның жүрегіне жол табады.

«Көз жұмдың былтырғы өткен апрельде,
Табытың түсірілді тақыр жерге.
Жастықтың жалынымен бір жалғасып,
Ұзарған кәрі өмірің жатыр менде...»

Бұл жолдар арқылы ақын жеке қайғысын жырлай отырып, өмір мен өлім, ұрпақтар байланысы сияқты әмбебап тақырыптарға қол жеткізеді.

Ақындық мұрат: халық үні болу

Сырбай Мәуленовтың ақындық мұраты – халқына адал қызмет ету және оның үнін дүйім ету. Ол шығармашылық процестің психологиялық аспектілерін шебер пайдаланып, оқырмандарымен рухани байланыс орнатады. Поэзиясындағы әйел-ер образдары, балалық шақ бейнелері, тарихи тұлғаларға деген көзқарасы – бәрібір ақынның адам мінезінің терең қырларын терең білетінін көрсетеді. Лирикалық қаһарманы – халқының мұң-мұқтажын сезінетін, оның болашағы үшін жауапкершілік тағайындаған патриот.

Табиғат пен адам: рухани үндестік Мәуленов поэзиясында табиғат көріністері ерекше орын алады. Ол табиғатты тірі жан ретінде қабылдап, оның әрбір бөлшегінен адам

жанымен үндестік табады. Даланың кеңдігі, таулардың биіктігі, өзендердің ағысы – мұның бәрі ақынның ішкі дүниесінің көрінісіне айналады. Табиғат ол үшін шабыт көзі ғана емес, сонымен қатар адамның өмірдегі орнын, болмысын тереңірек түсінудің құралы.

«Тұңғиық түпсіз теңізді жауып,
Соғады дауыл, бұлт бұйраланып.
Атады быж-быж қайнап көбігін,
Толқынды толқын үйіріп қағып...»

Философиялық ой-толғамдар: мәңгілік сұрақтарға ізденіс

Ақын поэзиясының аса маңызды қыры – оның философиялық тереңдігі. Мәуленов өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, бостандық пен тәуелділік сияқты мәңгілік тақырыптарға жауап іздейді. Оның әрбір жолы адамның рухани ізденісінің көрінісі. Бұл ой-толғамдар шығармаларға терең мағына беріп, оқырманды өз өмірін, құндылықтарын қайта қарауға итермелейді.

Тілдік шеберлік және гуманистік идеалдар

Мәуленовтың тілі – көркем, әрі қарапайым, халықтық тілдің бар байлығын сіңірген. Ол мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді шебер қолданып, күрделі ойларды әр оқырманға түсінікті етіп жеткізеді. Осының арқасында оның поэзиясы жүрекке жылымен сіңіп, жан дүниесін тербетеді.

Оның шығармаларының негізгі өзегі – гуманистік идеялар. Ақын адамды ең жоғары құндылық ретінде қарастырып, адалдық, мейірімділік, әділдік, сүйіспеншілік пен достықты жоғары қояды. Ол адамдарды бір-біріне жанашырлықпен қарауға, қиындық кезінде қол ұшын беруге үндейді.

Қорытынды: Мәңгілік рухани мұра

Сырбай Мәуленовтың поэзиясы – уақыт сынынан өткен, мәңгілік құндылығын жоймаған асыл мұра. Ол қазақ әдебиетінің алтын қорына енген баға жетпес қазына. Ақынның шығармалары арқылы біз адам жанын түсінуді тереңдете аламыз, өткенімізбен мақтаныш сезімімен, бүгінімізбен жауапкершілік сезімімен, ал болашағымызбен үміт сезімімен байланыса аламыз. Оның өлеңдері – біздің рухани айнамыз, шамшырағымыз және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын рухани азығымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәуленов, С. Поэзиялық шығармалар жинағы.
2. Жұмабаев, М. Психология негіздері.
3. Адамбаев, Б. Қазақ әдебиеті мен психология.

Масимханова Жазира Акылбековна,
Алматы қаласы, № 204 жалпы білім беретін мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНЕН ОРЫН АЛҒАН ҚАЛАМГЕР

Қазақ даласының сайын төсінде, жусан иісі аңқыған Торғай топырағында 1922 жылдың қоңыр күзінде бір сәби дүние есігін ашты. Ол –кейін қазақ поэзиясының шоқтығы биік өкілдерінің бірі атанған Сырбай Мәуленов еді. Торғайдың қоңыр желі мен бозторғайдың әуені оның балалық шағына әу бастан - ақ нәзік әуез, сыршыл сезім сыйлады. Балалық дәуренін ауылда өткізіп, білімнің алғашқы дәмін татқан Сырбай жас күнінен өлеңге құмар болды. 1942 жылы қолына қалам емес, қару алды. Ұлы Отан соғысының от-жалынына түсті. Майдан даласында ол тек жаумен айқасқан жоқ, адам төзгісіз ауырлықты көрді. Сол күндердің ыстығы мен суығы оның жүрегіне мәңгілік таңба болып басылды. Соғыстан аман оралған Сырбай бейбіт өмірдің, туған жердің қадірін бұрынғыдан да терең ұқты. Соғыстан кейінгі жылдары журналистикада қызмет етіп, кейін шығармашылық жолына біржола бет бұрды. Ақындық жүрегінен туған әрбір

өлеңінде туған жерге деген іңкәрлік, Отанға деген адалдық, табиғатқа деген махаббат самал желдей есіп тұрды. Қазақ әдебиетінің кең айдынында жыр маржанын төккен ақындардың арасында Сырбай Мәуленовтің есімі ерекше аталады. Оның қаламынан туған әрбір өлең – сезімнің мөлдір бұлағынан бастау алып, халықтың жүрегіне барып құйылатын алтын арна іспетті. Оның шумақтарынан Сарыарқаның самалы еседі, Ұлы Даланың жусаны аңқиды. Ақын туған топыраққа табынып, ел тарихын жүрекпен жырайды. Сырбай өлеңдерінде табиғаттың әрбір құбылысын нәзік сезіммен суреттеп, өмірдің әр сәтінен поэзияның алтын діңгегін іздеді. Ақынның сөз өрнегі мөлдір бұлақтай таза, бейнелі теңеулері оқырманды баурап әкетеді. Оның жауһар жырларында қуаныш та, мұң да, арман да бар.

Сырбай Мәуленов поэзиясында ұлттық рух — тарихи сана, тіл мен дәстүрге құрмет, туған жерге деген сүйіспеншілік арқылы көрініс табады. Ол қазақ халқының болмысын, тұрмыс-салтын, табиғатын нәзік суреттей отырып, ұлттық идеяны алға тартады. Ақын өлеңдері — жалаң пафос емес, терең толғаныс пен шынайы сезімнің үндестігі. Оның әрбір жолынан ұлтының үні, даласының демі, тарихының табы сезіледі. Сонымен қатар оның поэзиясы тек лирикалық сезімнің ғана емес, елінің естелігі, жерінің шежіресі, ұлтының ұлы тағдыры өрілген көркем дүние. Оның өлеңдерінен біз қазақ халқының өткені мен бүгіні, азаттық жолындағы күресі, ерлік пен елдік тарихын сеземіз. Ақын өлеңдерінің тереңіне үңілсек, жалаң суреттеуден емес, жүрекпен түйсінген, көзімен көріп, жанымен кешкен ***ұлт тарихының жүгін*** көреміз. Ол – тарихты оқулық беттерінен емес, халықтың жүрегінен іздеген ақын.

«Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім...»

Бұл жолдарда жеке адамның тағдыры емес, тұтас бір ***ұрпақтың қасіреті*** мен ***қаһармандығы*** жатыр. Ақынның соғыс лирикасы арқылы біз елдің қандай қиын өткелдерден өткенін, азаттықтың қандай қымбат бағамен келгенін ұғынамыз.

Туған жер – әр адамның жүрегіндегі ең қымбат қазына. Қазақ әдебиетінде бұл тақырып ерекше орын алады. Солардың бірі – Сырбай шығармашылығы. Ақын туған жерді тек географиялық орын ретінде емес, рухани әлемнің, адамның жан дүниесінің айнасы ретінде бейнелейді. Туған жер тақырыбы Сырбай шығармашылығында тек әдемі көріністермен шектелмейді. Ол патриоттық сезіммен ұштасып, оқырманға ұлттық дәстүрді қадірлеуді үйретеді. Ақын шығармалары – туған жері Торғай даласының сұлулығына, халқының қайсарлығы мен еңбекқорлығына, табиғатымен үйлескен адам өмірінің мәніне арналған көркем ода секілді. Сырбай Мәуленов поэзиясының негізгі өзегі – туған жер мен елге деген махаббат. Ол табиғатты тек суреттеп қана қоймай, адамның ішкі жан дүниесін табиғат құбылыстарымен шендестіріп көрсете білді. Жайлаудағы самал жел, даладағы жусан иісі, сарқыраған өзен – бәрі ақын үшін тек пейзаж емес, халықтың мінезі мен тағдырының айнасы болды.

«О, туған жер, тәңірім, ием де сен,
Тым арзан сөз жай ғана «Сүйем» десем.
Құлар едім, желге ұшып қу бұтақтай,
Бір өзіңе сүйенбесем.
О, туған жер, сенсің менің Күн, Айым,
Сыйынатын бір өзіңсің, құдайым!»

Бұл ақынның туған жерге деген толғанысы жанжүректің жалынды сыры, дуалы өлеңі. Туған жерге деген махаббатын сыйынатын тәңірі ретінде өзін онсыз тұра алмайтын қу бұтаққа теңеп, өте әсерлі бейнелейді. Оның өлеңдеріндегі Отанға, туған жерге, еңбек адамдарына деген махаббаты бір бәсеңдемей, үздіксіз қуатпен маздайды да тұрады. Ақынның бұл жөніндегі толғаныстары қай жүректің болмасын махаббатымен, арман-

мақсатымен, ізгі ниетімен үндесіп, өріліп жатады. Туған жерге сағынышпен оралған ақын кеудесінде бұрқанған сүйіспеншілігін «Шөңге» өлеңінде тым әдемі кестелеген.

«*Көз бұлдырап, елжіреп барады ішім,*
О,туған жер, сен күнсің балаң үшін.
Қалтама сол шөңгеңді салып алдым,
Бала күнді еске алып қарау үшін» [3, 327-б.]

«Биік таулар» деп аталатын сегіз тармақтық бір өлеңінде Сырағаңның:

«Тұғырың боп тұрармын,
Сені биік көтерген» дегені бар.

Таудың тұғырын меңзегені! Сеніп айтқан! Берік айтқан! Сырбаз да сыршыл суреткердің пейзаж өлеңдерін ұқыпты оқып шыққан замандастар да, кейінгі ұрпақтар да оның үздік үлгідегі лирикасы туған табиғатымыздың әдебиеттегі тұғырына айналған екен деуіне хақылы! [2, 10-б.]

Сонымен бірге оның өлеңдерінде адамгершілік, достық, бейбіт өмірді қастерлеу идеялары басым. Соғыстан кейінгі поэзиясында қасірет пен қайғыға қарамастан, болашаққа сенім, адамзаттың мейірімі мен махаббатына деген үміт жырланады. Ақын тек поэзияда ғана емес, әдебиетті ұйымдастырушы ретінде де еңбек етті. Ол әр жылдары газет-журнал редакцияларында қызмет атқарды. Оның поэзиясының тілдік кестесі шұрайлы, көркемдік өрнегі бай. Ол халық поэзия дәстүрін жалғастыра отырып, жаңа заманның сырын, уақыт тынысын ашты. Ақын шығармалары ұлттық рухты дәріптеп қана қоймай, жалпыадамзаттық құндылықтарды да паш етті. Жастайынан Торғайдың сайын даласында ер жеткен ақынның қиялы туған жердің самалынан, бозторғайдың үнінен нәр алды. Оның өлеңдері – жалаң сөз емес, жан сырын шерткен жүрек сөзі.

«Ақын көп болсын, бірақ әртүрлі болсын!»- деп В. Маяковский ұран тастаған екен. Қазақ поэзиясында ақын көп және олар өлең өнерінің ұлы Абай жырлағандай, сөздің патшасы екені даусыз. Сондықтан қиыннан қиыстырар ақындарымыз өз қолтаңбалық мәнерімен бір-бірінен ерекшеленіп, өлең құрылысына өзінше көркемдік-эстетикалық қалып кигізе отырып, зор ізденіспен, тапқырлық қасиетімен көркем жырлар тудырып жатады.

Сырбай Мәуленовтің ақындық шеберлігінің айқын көрінісі эпитет, теңеу, метафора, кейіптеу сияқты көріктеу құралдары оның өлеңдерінің мазмұнын ашуға, көркемдік жағынан байытуға ықпал етіп отырады. [3, 326-б.]

Сырбай Мәуленов–сыршыл лирик қана емес, ұлттық болмыс пен азаматтық идеяларды тоғыстырған, ел тағдырын жырлаған ақын. Мәуленов шығармашылығын зерделегенде, оның өлеңдерінде ұлттық рухтың қуатты үнін, азаматтық болмыстың асқақ қырын көреміз. Сырбай ақын халық батырларының ерлігін, елдік дәстүрді дәріптеді. Қазақтың тарихындағы күрескерлік рух оның өлеңдерінде ұлттық сананы жаңғыртты. Ақын поэзиясында ар-намыс, әділеттілік идеялары айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар ақын поэзиясында тарих, ұлттық мінез, азаматтық болмыс, ерлік, бейбітшілік пен еңбек тақырыптары жыр жауһарына айналған. «Жауынгер жыры», «Қызыл жалау» жинақтарында Отан қорғаушылардың ерлігі, майдандағы азаматтық борышы суреттеледі. Сонымен қатар соғыстың қасіреті, бейбіт өмірдің құндылығы да жырланады.

Мен Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы мен өмірі туралы көп ізденіп, түрлі әдебиеттерді ақтарып шықтым. Аңыз адам туралы қазақ баспасында да талай қазақ әдебиетінің ірі өкілдері құнды жазбалар қалдырған екен. Солардың бірі Асқар Егеубай ағамыз:

Сырбай ақын...
Алып...
Нәзік...

Кереғар қос қасиеттің өрімі. Өлеңі де, өмірі де... Қос сипаттың бірігіп бітуінің өзі – ұлттық қасиет. Екінің бірінде емес, ілуде бір кездесетін бітім. Алып та нәзік ақын тұлғасын айта бастасаң, өзінше бір аңыз. Қасым ақын дәстүріндей... Бауыржан батыр

сынды... Қаһарман Қасым аға секілді... Қарайған қазақтың көкірегіне тұнып, жадына сіңген айшық таңбалар. [4, 100-б.]

Тағдыры соғыс өртіне өртенген арыстар. Алапаттан аман қалған ақындар. Поэзияда соғыс сезімін селдеткен ақындар. Күйік- күйік көкіректер биік - биік жыр мұзарттарын құйды.

Кешір мені, Тарбағатай,
Түсіме ендің түнде менің.
Кешір мені, қайран Алтай,
Айлар бойы үндемедім!

Тағы да Сыр- аған!

Жоқ, бұл өлең емес, әуселесі үстем, өлеңінен де әлеуетті бір күй! Алтаймен Алтай болып тілдескен, дариямен дариядай тебіреніскен, Есілмен Есіл болып еміреніскен, жермен жердей, көкпен көктей сырласқан Жаратылыс.

Дәл осындай жанды -жансыз табиғатпен табиғаттың тілінде сырласу – Сырбай ақынға ғана тән сыршылдық. Араға талай жылдар салып, жазылған талай -талай жырларын біртұтас тіршілік дүниесіне айналдырған жан өзегі де осы сыршыл сипатты. Өмірі де, өзі де өлеңінің сиқырлы сазына айналып кеткен ақынның дара тынысы. Оның бүкіл шығармашылық сымбатын поэзияның түрі емес, өзіндік өзекті руых тұтастырып тұр»- деп жазба қалдырыпты. [4, 102-б.]

Бұл мақаладан мен ақын шығармашылығындағы нәзіктік пен ұлттық рухтың сарқылмас күшін көрдім, ақынға деген ізгі ниетті байқадым. Қазақ поэзиясының кемел тұлғасы Сырбай Мәуленов — сыршыл лирик қана емес, үлкен жүректі азамат, биік рухты қаламгер. Оның адамдық болмысы — шығармашылығы мен өмірінің арасында терең үндестік тапқан шынайы тұтастық. Ол қандай өлең жазса да, шын жүректен жазды. Өйткені Сырбай — ең алдымен, ***тазалық пен шындықты ту еткен адам***. Ақындықты дәреже емес, міндет санаған тұлға."Ақын болу — жүрекпен өмір сүру" — деген қағиданы Сырбай өз тағдырымен дәлелдеп кетті. Ол даңқ пен дабыраға ұмтылған жоқ. Оның поэзиясы секілді болмысы да табиғи, жасандылықтан ада еді. Сондықтан да Сырбай поэзиясын оқығанда, ақынның жан дүниесін де, адам ретіндегі ішкі тазалығын да сезінесің. Соғыс тақырыбындағы өлеңдерінде де, туған жер туралы сырларында да, қоғамдық мәселелерді жырлаған жырларында да ақын — ***адамдық ұстанымын жоғалтпайды***. Ол ешқашан халыққа жағынған жоқ, қайта халықпен бірге күйініп, бірге сүйінді. Сырбай Мәуленовтің адами болмысында ***рухани тазалық*** ерекше орын алады. Ол сөзбен ғана емес, ісімен де өнеге болған адам. Жалған сөйлемеген, жалтақтамаған, шындықты бетке айтқан. Мұндай адамдар — кез келген қоғамда сирек кездесетін тұлғалар. Ол өмірдің ащысын да, тұщысын да көрді. Соғыстың зұлматын бастан кешірді. Бірақ соның бәріне қарамастан, ***адамға деген сенімін жоғалтпады***, жүрегіндегі жылуын суытпады.

Соғыс жылдары Мәуленовтің қаламынан туған жырлар – от пен оқтың арасындағы жас жүректің айғағы, бейбіт күнді аңсаған сарбаздың сыры. Ол ерлікті жырлады, соғыс қасіретін қанмен жазды. Сол өлеңдерде ол жауынгерлердің ерлігін, туған елге деген ыстық сағынышын бейнелеп, соғыстың зұлматы мен бейбіт өмірді қатар суреттеді. Ақын қаламынан туған лирикаларда еңбек адамының бейнесі, кен қазған кенші де, егін еккен диқан да, күн астында маңдай терін төккен құрылысшы да оның жырындағы қаһарманға айналды. Сырбай Мәуленов үшін еңбек – адамның асқақ рухын танытатын қасиетті ұғым.
Сонымен қатар ақын балалар әдебиетіне де ерекше қалам тартқан. Ол өзінің нәзік жүрегінен туған өлеңдері арқылы балғын оқырманды табиғатты сүюге, елін құрметтеуге, адалдық пен мейірімділікке баулыды. Оның балаларға арналған шығармалары тілінің жеңілдігімен, ойының анықтығымен, суретінің шынайылығымен ерекшеленеді. Ол жас ұрпаққа арнап жазғанда қарапайым сөзбен терең ойды жеткізе білді. Жас оқырманға арнаған өлеңдерінде Торғайдың даласын, жусанын, мөлдір бұлағын бейнелей отырып, туған жердің қасиетін сезінуге жетелейді. Бұл – бала жүрегіне Отанды сүюдің алғашқы дәнін себу еді.

Туған жерінің шөңгесінің де қымбат екені рас перзентіне. Сол сезімді сөз зергері сыршылдықпен жырлаған.

С.Мәуленов қазақ поэзиясында сюжетті өлеңдер саласында Қ. Жармағамбетов, Ж. Молдағалиев, С. Сейітовтермен жарыса тер төккен, лирикамызды байытуға, көріктендіріп, көркейтуге қыруар әрі ерекше еңбек сіңірген ақын. Оның поэтикасында затты, құбылысты суреттейтін көркемдік теңеулер өлеңнің эстетикалық әсерін, ой нақтылығын күшейте түсу үшін жиі қолданылады.

Бұлттар аспан гүліндей,
Толқын теңіз тіліндей.
Көк тастарды көтерген
Таулар жердің піліндей.
Маңайына қараған
Бұлақтар таудың көзіндей.
Саф ауамен тараған
Самал жел жердің сөзіндей

Ақынның бұл өлең жолдарындағы бағалы баламалар көз тартып, көңіл аударар, қимыл-қозғалысқа толы табиғат суреттерін тапқыр теңеулермен шебер суреттеген. [3, 328-б.]

С.Мәуленовтың өлең өнерінің көріктеу құралдарына негіз боларлық өмірлік материалдарды табиғаттан қапысыз екшеп ала білетіндігінің ең үлкен айғағы – оның пейзаждық лирикасы деп білеміз. Ақын шығармаларындағы пейзаждық лирика түрлерінің дені туған жер тақырыбына арналған. Ақынның туған жерге арналған өлеңдерінің басым көпшілігі оған деген сағыныштан туған ыстық тебіренісі, іңкәрліктің белгісі.Оның өлеңдері — таңғы шықтай мөлдір, даланың самалындай таза, жүректен тамған шындықтың үні. Ақын жүрегінің дүрсілімен жазылған әрбір жол, әрбір шумақ — өмірдің өзі, табиғаттың тынысы, ұлттың үні. Соғыс жылдарының сұрапылын бастан өткеріп, от кешіп оралған Сырбайдың жырларында ел мен жерге, бейбіт өмірге деген шексіз сағыныш пен сүйіспеншілік бар. Оның жыр жолдарынан отаншылдықтың оты маздап тұрады. Ол майдангер ғана емес, сөз майданының сарбазы болды. Қаламын қару етіп, халқына шындық пен сұлулықты қатар жеткізді. Сырбай поэзиясында табиғат — тек көркемдік деталь емес, жанды кейіпкер. Бұлбұл сайраса, ол — бақыттың үні. Жел соқса, ол — уақыттың тынысы. Оның әрбір өлеңі табиғатпен тілдесіп, өмірмен үндесіп жатады. Ол поэзияда табиғат пен адам арасындағы нәзік байланысты дәл таба білген сирек талант иесі.

Ақынның жыр әлемі — ұлттық рух пен адамгершілік қадір-қасиеттің тоғысқан тұсы. Сөздің сәнін келтіріп, ойдың мәйегін таба білген Сырбай — қазақ сөз өнерінің сырбаз шебері. Оның өлеңдері тек бүгін үшін емес, болашақ ұрпақ үшін де асыл мұра, рухани қазына болып қала береді.

Сырбай – аңғарғыш, сезімтал ақын. Ол адам мен табиғаттың селт еткен кішкене бір құбылысының өзінен нәзік сыр ұғып қалады. Сезімді билеген сол құбылыс ой елегінен өтіп барып, ақындық отына суарылады да, күн нұрының бар сәулесін бір бойына жинаған гауһар моншағындай жыр шумағы болып, ақ қағазға құйылады. Сырбай жөнінде көп жазылды. Бірақ бәрінің де сайып келгенде берер бағасы: Сырбай – қысқа өлеңнің шебері. Оған кесек дүние, үлкен полотно бер деп талап қою әбестік болар еді. [1, 5б.]

Сырбай Мәуленов — тек ақын ғана емес, әлем әдебиетін қазақ топырағына әкелген дәнекер. Ол А.А.Блок, Ә. Науаи, Н.С. Тихонов, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, М.А. Шолохов сынды қаламгерлердің жырларын қазақша сөйлетті. Бұл — оның тек тілге емес, әлем әдебиетіне деген құрметінің айғағы. Өзге тілдегі поэзияны қазақ оқырманына ана тілінің шұрайымен жеткізе білу — тек нағыз шебердің қолынан келетін іс.

Сырбай Мәуленов — поэзия арқылы халқының үніне айналған, жыр арқылы жүрекке жол тапқан ақын. Оның шығармашылығы мен өмірі — шынайылық пен шыншылдықтың, адамгершілік пен адалдықтың, ұлттық рух пен азаматтық

жауапкершіліктің жарасымды жиынтығы. Оның адамдық болмысы — адалдықты ар санаған, әділеттілік пен шындықты жыр еткен, кісілік пен кішілікке құрылған ***тұтас бір рухани кеңістік.*** Ол кеңістік — ұрпаққа өнеге, елге аманат. Сырбайдай ақындар — ұлттың рухани тірегі. Олар өлмейді, өйткені олар ***аңызға айналып, ел жадында мәңгі сақталады***.. Сырбай Мәуленов — қазақ поэзиясының көгінде мәңгілікке самғап ұшқан қыран. Оның жыры — сағыныштың сазы, шындықтың үні, жүректің лүпілі. Қазақ даласы оның жырын тыңдап, әлі де тербеліп тұр...

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбілов Д. Жауынгер жыр. Қазақстан мұғалімі. 1990ж. 12.02. 5б.
2. Әлімбаев М. Туған табиғаттың тұғырындай жырлар. – Өркен 1994 05.03. -10б.
3. Дерипсалдина Г.М. С. Мәуленов поэзиясының көркемдік ерекшеліктері. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті хабаршысы. 2009 № 5 -326-327б.
4. Егеубай А. Сырбайын сағынып жүр қалың қазақ.- Жалын 2004 № 11- 100-б.

Минтаева Гулмира Спатаевна,
№37 мектеп -лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СЫРБАЙДЫҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ

1. Кіріспе

Қазақ әдебиетінің көрнекті лирик ақыны **Сырбай Мәуленовтің** (1922-1993) шығармашылығы – біздің рухани қазынамыздың маңызды бөлігі. Өзімнің 30 жылдық ұстаздық тәжірибемде бұл ақынның өлеңдерін оқушыларға оқытудың **патриоттық, адамгершілік және эстетикалық** тәрбие берудегі ерекше рөлін үнемі сезініп келемін. Мәуленов поэзиясының басты ерекшелігі – **табиғат пен туған жерге деген шексіз махаббатын** қарапайым да шынайы тілмен жеткізуінде. Бұл сүйіспеншілік ақынның барлық лирикалық туындыларына арқау болып, оның азаматтық ұстанымының негізін қалайды.

Баяндаманың мақсаты – Сырбай Мәуленов шығармашылығындағы табиғат пен туған жер тақырыбын мектеп мұғалімінің тәжірибесіне сүйеніп талдау, оның көркемдік ерекшеліктері мен бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын көрсету. Бұл талдау тым терең философиялық теорияларға сүйенбей, әдеби мәтінді түсіну мен сезінуге бағытталады. Өзектілігі – қазіргі жаһандану заманында оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды, туған топыраққа деген сүйіспеншілікті және экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруда Мәуленов поэзиясының алатын орны айрықша. Мәуленов үшін табиғат – бұл тек әдемі сурет немесе елес емес, ол – жанды тіршілік иесі, адамның ішкі сезімімен, көңіл-күйімен үнемі үндесіп тұратын сырлас дос. Ақын табиғат көрінісін суреттеу арқылы адамның ішкі арпалысын, қуанышын немесе сағынышын жеткізеді. Бұл әдіс, яғни, адам сезімі мен табиғат құбылысын қатар алып жүру оның лирикасының ең басты ерекшелігі. Мысалы, ақынның өлеңдеріндегі желдің ызыңы – ақынның ішкі мұңы немесе алаңдаушылығын білдірсе, күннің жарқырауы – оның үміті мен бақытты сәтін көрсетеді. Бұл тәсіл оқушыларға табиғатты жай көзбен емес, жүрекпен сезінуге үйретеді. Мәуленов табиғатқа аналық мейірім береді. Ол жерді немесе даланы ана ретінде қабылдайды, бұл оның өлеңдеріне ерекше жылулық пен құрметті сарын қосады. Бұл үзіндідегі «жердің ана тілі» – бұл терең мағыналы теңеу. Жерді тілмен байланыстыру арқылы ақын туған топырақтың қасиеттілігін, ұлттық мәдениеттің қайнар көзі екенін көрсетеді. Бұл өлеңді оқыған оқушының бойында туған жерге деген киелі сезім оянады. Ақын шығармашылығында кездесетін әрбір табиғат бейнесінің өзіндік символдық мағынасы бар Бұл жолдарда өзен тарихты өзіне сіңірген, адамдардың жыры мен арманын

бірге алып бара жатқан құдіретті күш ретінде көрінеді. Мұғалім ретінде, оқушыларға осы үзіндіні талдату арқылы олардың символдық ойлау қабілетін арттыруға болады. Сырбай Мәуленов табиғатты суреттеуде романтикалық әсерді (сұлулық, әсемдік) реалистік көзқараспен (нақты өмір, табиғаттағы қиындықтар) ұштастырады. Бір жағынан, ақын туған жерінің көркемдігіне таңданып, оны асқақтата жырласа, екінші жағынан, адамның іс-әрекетінен табиғатқа келген зиянды да ашық айтады. Бұл шыншылдық ақынның лирикасына терең азаматтық салмақ береді. Мәуленовтің туған жерге деген сүйіспеншілігі – бұл ең алдымен кіндік қаны тамған мекенге (Сыр бойына, Ақтөбе өңіріне) деген ыстық сезімнен басталады. Ақын осы кіші Отанды жырлау арқылы оны Қазақстан атты Ұлы Отанның ажырамас бөлігі ретінде көрсетеді. Осылайша, жеке сезім жалпыұлттық патриоттық сезімге ұласады. Ақынның туған жерді ата-бабалар мекені, тарих сақтаушысы ретінде қабылдауы оның шығармаларына ерекше құрметті сарын береді. Ол туған жердің әрбір тасын, әрбір төбесін қадірлейді, себебі олар – өткеннің куәсі. Бұл жолдардағы «бірге өтермін» деген сөздер Отанға деген адалдықтың, тағдырлас болудың символы. Бұл ұстанымды оқушыларға жеткізу арқылы, біз олардың бойына азаматтық жауапкершілікті сіңіреміз. Мәуленовтің туған жер туралы өлеңдері қазақ халқының ұлттық кодын, дәстүрін, мәдениетін табиғат арқылы ашады. Дала, киіз үй, мал шаруашылығы – бұл элементтер ақынның лирикасында ұлттық сананы оятатын образдар ретінде қызмет етеді. Ақынның туған жерді жырлауы – тілді, тарихты, салт-дәстүрді сақтауға деген үндеуі болып табылады. Оның шығармаларындағы Дала бейнесі – жай ғана жер емес, ол – қазақ рухының кеңдігі, еркіндікке ұмтылуы және батырлықтың көрінісі. Оқушылар бұл өлеңдер арқылы өздерінің тарихи тамырларын сезінеді. Даланы «тілек» және «сәуле» деп теңеу – ақынның үміті мен болашаққа деген сенімін білдіреді. Бұл лирика оқушыларға өз Отанының рухани күшті екенін ұғындырады. Сырбай Мәуленовтың поэтикалық тілінің жетістігі – оның халықтық қарапайымдылықты сақтай отырып, терең көркемдікке жете білуінде. Ол көп жағдайда күнделікті тұрмыстағы сөздерді қолданады, бірақ оларды сәтті орналастыру арқылы өлеңге ерекше әсер береді. Бұл – мектеп мұғалімі үшін ең маңызды қасиет, себебі оқушыларға өлеңнің мағынасын жеңіл түсінуге мүмкіндік береді.

Көркемдеу құралдарын қолдану:

- Эпитеттер: Ақын эпитеттерді табиғатты сипаттауда көп қолданады, бірақ олар тым жасанды емес, керісінше, табиғи және шынайы.
- Метафоралар: Ақынның метафоралары логикалық және эмоционалдық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, дала метафорасы ана, тарих, жұмбақ сияқты бірнеше мағынаны білдіреді. Мәуленов поэзиясында риторикалық сұрақтар мен үндеулер жиі кездеседі. Бұл тәсілдер ақынның ойын күшейтеді, оқырманмен тікелей байланыс орнатады және өлеңнің эмоционалдық салмағын арттырады. Бұл үзіндідегі Далаға тікелей үндеу – ақынның табиғатты жай суреттемей, одан өмірлік жауап, рухани күш іздейтінін көрсетеді. Өлеңнің ырғақтық құрылымы Ақынның өлеңдерінің ырғағы қазақтың дәстүрлі буын жүйесіне негізделген. Оның ырғағы – даланың кең тынысы, жылқының шабысы сияқты, табиғи және еркін. Бұл әуенділік Мәуленов лирикасын оқушылар үшін жағымды және оңай жатталатын етеді. Ақынның тармақтардың ұзындығын өзгертіп отыруы оның сөйлеу тіліне жақындығын, оның табиғилығын көрсетеді. Менің 30 жылдық тәжірибем көрсеткендей, Сырбай Мәуленовтың лирикасы оқушыларға тәрбие берудің ең тиімді құралдарының бірі. Ақынның табиғатты ана ретінде суреттеуі – оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырады. Сабақта ақынның экологиялық алаңдаушылығы білдірілген өлеңдерді талдау арқылы, біз оқушыларға: «Табиғатты қорғау – Отанға деген махаббаттың ісі» деген қарапайым қағиданы ұғындырамыз. Мысалы, Сырдарияның тартылуы туралы өлеңдерін талдау кезінде, оқушыларға өз өлкелеріндегі экологиялық мәселелерді зерттеп, оны шешу жолдарын ұсынуды тапсыруға болады. Бұл – әдебиет теориясын нақты өмірмен байланыстырудың үлгісі. Мәуленовтың туған жерді жырлауы – оқушылардың Отанға деген патриоттық сезімін оятады. Мұғалім ретінде, мен

оның өлеңдерін пайдалана отырып, «Мен өз Отанымның несін мақтан тұтамын?» немесе «Мен өз Отаным үшін не істей аламын?» деген тақырыптарда шығармашылық жұмыстар ұйымдастырамын. Ақынның өлеңдерінің мазмұнына сүйеніп, оқушылар өздерінің кіші Отандары туралы өлеңдер, эсселер жазады. Бұл оларды тек сөз шеберлігіне үйретіп қана қоймай, туған топыраққа деген сүйіспеншілікті тереңдетеді. Ақын лирикасындағы адалдық, еңбексүйгіштік, қарапайымдылық сияқты қасиеттер – оқушылар үшін үлгі. Оның өлеңдерін талдау арқылы біз оқушыларға өмірдің мәні, адами қарым-қатынастың құндылығы туралы ой салуға болады. Қабдолов З. айтқандай, Мәуленов поэзиясының құндылығы – оның шыншылдығы мен адами жылуында. Бұл жылулықты оқушы жүрегіне жеткізу – мұғалімнің басты міндеті. Сөз саптауының ерекшелігі: Мәуленов қазақтың ауыз әдебиетінің сарынын лирикалық шығармаларына шебер сіңірген. Оның өлеңдерінің ырғағы – қазақтың дәстүрлі толғау, терме сияқты жанрларына жақын, бұл оны халыққа одан әрі жақындатады. Сөздердің орын ауыстыруы арқылы ол белгілі бір ойдың мағынасын күшейтеді. С. Мәуленовтің табиғат лирикасы тек сұлулықты жырлаумен шектелмейді. Ол – азаматтық үн, әлеуметтік сын. Ақынның 1960-1980 жылдардағы өлеңдерінде адамның табиғатқа зиян келтіруіне деген алаңдаушылық пен наразылық айқын көрінеді. Туған жерді ана деп атауы – адамның табиғатқа деген қарызы бар екенін, оны аялау қажеттігін меңзейді. Ақынның Сырдарияның тартылуы, топырақтың бүлінуі туралы өлеңдері – оның экологиялық санасының жоғары болғанын көрсетеді. Ол үшін табиғатты қорғау – патриоттықтың ажырамас бөлігі. Қирабаев С. [4, 150-б.] атап өткендей, Мәуленов поэзиясындағы пейзаж – туған ел тағдырына деген алаңдаушылықтың көрінісі. Ақын табиғаттың әрбір жапырағы, әрбір су тамшысы үшін жауапты екенін сезінеді. Бұл – жас ұрпақты табиғатқа саналы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеудегі басты қағида. Мәуленов лирикасындағы лирикалық қаhарман – қарапайым, еңбекқор, өмірге ғашық адам. Оның ішкі әлемі, махаббат сезімдері де табиғат көріністері арқылы ашылады. Табиғат – сүйіспеншілікке толған орта, сезімдердің куәгері. Сырбай Мәуленов шығармашылығындағы әлеуметтік-экологиялық астар Мәуленовтың табиғат лирикасы тек романтикалық сағынышпен шектелмейді. Ол табиғатқа деген сүйіспеншілік арқылы адамзаттың экологиялық жауапкершілігі туралы терең ойлар айтады. 1960-1980 жылдардағы ақынның шығармашылығында табиғатты қорғау, оның байлығын ұрпаққа жеткізу мәселесі басымдыққа ие болды. Ақынның туған жерді ана деп сипаттауы – адамның табиғатқа деген қарызы бар екенін, оны аялау қажеттігін меңзейді. Оның кейбір өлеңдерінде адамның табиғатқа келтірген орасан зиянына деген ащы өкініш, мұң бар. Мәселен, Сырдарияның тартылуы немесе даланың шаңдануы туралы лирикалық туындыларында ақын әлеуметтік сынды де жасырмайды. Бұл оның лирикасын заманауи және өзекті етеді. Ақын үшін табиғатты қорғау – Отанды қорғаумен тең дәрежедегі азаматтық міндет. Бұл бөлімде, Қирабаевтың [4, 150-б.] еңбегіне сүйенсек, Мәуленов поэзиясының өзегі – жай ғана пейзаж емес, бұл туған ел тағдырына деген терең алаңдаушылық екенін көруге болады. Ол табиғат арқылы кешегі соғыс пен одан кейінгі еңбек ерліктерін, сондай-ақ экологиялық қиындықтарды да жырлады. Сондықтан Мәуленовтық лириканы тарихи- экологиялық лирика деп атауға толық негіз бар. Оның шығармалары жай ғана оқырманды емес, жас ұрпақты табиғатқа саналы қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Бұл – ақын мұрасының педагогикалық құндылығы. Сырбай Мәуленов үшін туған жерге деген сүйіспеншілік – бұл жай ғана кіндік қаны тамған мекенді ардақтау емес, ол ұлтына, тіліне, ұлттық дәстүріне деген сүйіспеншілікке ұласатын кең ауқымды Отаншылдық сезімі. Оның лирикасы "Кіші Отаннан" (Сыр бойы, Ақтөбе өңірі) бастау алып, тұтас Қазақстан атты Ұлы Отан идеясына дейін кеңейеді. Ақынның туған жеріне деген махаббатының негізінде өткенді құрметтеу және келешекті армандау жатыр. Ол туған жердің әрбір тасы мен суынан ата- бабалардың ізін, олардың ерлік рухын көреді, бұл оның шығармаларына тарихи- эпикалық сипат береді. Сырбай Мәуленовтың туған жерге деген сүйіспеншілігінің екінші маңызды аспектісі – оның шығармашылығындағы ұлттық рухтың және қазақтың дәстүрлі мәдениетінің көрінісі.

Ақын пейзаждық суреттемелер арқылы қазақ халқының көшпелі өмір салтынан қалған іздерді, тарихи жадты және ұрпақтар сабақтастығын жырлайды. Ол үшін табиғат – тек сурет емес, ол – тарихи құжат, өткен ғасырлардың куәгері. Мысалы, ақынның «Атамекен» және «Менің далам» сияқты өлеңдерінде дала тек кеңістік ретінде емес, бабалардың мекені, киелі жер ретінде сипатталады. Дала – ақынның рухани ұстазы, ой-санасының қалыптасу орны. Ол даланың әрбір төбесінен, әрбір сайынан батырлардың дауысын, ақындардың жырын естиді [5, 110-б.]. Бұл тәсіл Мәуленов лирикасындағы эпикалық және лирикалық бастаулардың үйлесімін көрсетеді. Бұл үзіндідегі «жердің ана тілі» метафорасы – туған жердің киелілігін, оның қазақ халқының тілімен, мәдениетімен тығыз байланысын білдіретін терең символ. Табиғаттың бұл аналық бейнесі ақын лирикасында қамқорлық, шыдамдылық және мәңгілік ұғымдарын білдіріп, оқырманын рухани жаңғыруға шақырады. Ақын шығармашылығындағы негізгі символдық образдар терең философиялық мағынаға ие: Дала – шексіздікті, еркіндікті, сонымен бірге тарих сақтаушысы; Су (өзен, Сыр) – өмірдің ағысы, уақыттың өзгерісі және тазалық символы. Қазақ әдебиетіндегі дала бейнесі – бұл кеңдік пен еркіндіктің белгісі. Мәуленов бұл дәстүрді жалғастыра отырып, далаға жаңа мағыналық бейне береді. Ол даланы тек физикалық кеңістік емес, философиялық кеңістік ретінде суреттейді. Адамның тағдыры, оның ішкі арпалысы, тіпті ғарыштық ойлары да осы даланың шексіздігімен салыстырылады. «...Дала — менің тілегім, дала — менің сәулерім...» деген жолдар осы ойды айқын көрсетеді . Бұл – қазақ ақындарының дәстүрлі "табиғатқа табыну" мәдениетінің жаңалау,тереңдетілген түрі. Сырбай Мәуленовтың лирикалық қаһарманының ішкі әлемі, оның сүйіспеншілігі мен мұң- шері де табиғат контекстінде көрініс табады. Махаббат лирикасында да пейзаж – фон ғана емес, сезімнің күшейткіші ретінде қызмет етеді. Ақынның «Ақ қайың» немесе «Жапырақтар» сияқты өлеңдерінде табиғат құбылыстары адамның жеке басының қайғы-қасіретін, қуанышын бейнелейді. Адамның тағдыры мен табиғаттың циклі – көктемнің келуі, жапырақтың түсуі, қыстың аязы – үнемі салыстырылады Туған жерге деген сүйіспеншілік Мәуленов поэзиясында романтикалық және реалистік бағыттарды біріктіреді. Бір жағынан, туған жер – ақынның идеалы, екінші жағынан, ол – нақты проблемалары бар, күрделі әлеуметтік орта. Бұл екіұштылық ақынның лирикасына терең шыншылдық пен мұңды сағыныш бейнесін береді. Ақынның көңіл-күйінің өзгеруі табиғаттағы құбылыстардың өзгеруі арқылы беріледі. Мысалы, ауа-райының бұзылуы немесе күлімдеген күн – лирикалық қаһарманның ішкі жағдайын суреттеудің тиімді құралы. Бұл – ақынның экспрессивті тілдік шеберлігінің бір көрінісі [7, 7-б.]. Ақын табиғатты суреттеуде эпитеттер мен теңеулерді көп қолданады, бірақ олар тым жасанды болмай, табиғи, халықтық бояумен беріледі. Мысалы, табиғат көріністерін сипаттаудағы: «көктемнің алау отындай», «даланың кең тынысы»,«сары уайымды жел» сияқты тіркестерді келтіруге болады. Ол бұл тәсілдер арқылы тек суретті ғана емес, сол суреттен туындаған эмоцияны жеткізеді. С. Мәуленов лирикасындағы ерекше тәсілдердің бірі – риторикалық үндеу мен сұрақтарды жиі қолдануы. Бұл оның оқырманмен тікелей сөйлесуін, оны ойға жетелеуін көрсетеді. Ақынның табиғатқа, далаға қаратып айтқан үндеулері оның лирикасына драмалық және патетикалық сипат береді. Мәуленов поэзиясының композициялық және стилистикалық ерекшеліктері Сырбай Мәуленовтың лирикалық туындыларының композициялық құрылымына тоқталатын болсақ, оның өлеңдерінің көбінесе сақиналы композиция (өлеңнің басталуы мен аяқталуының мағыналық немесе көркемдік жағынан ұқсас болуы) немесе монологтық құрылым басымдыққа ие. Бұл монологтарда ақын табиғатпен, Отанмен, тіпті оқырманмен тікелей сөйлеседі. Махаббат лирикасының тәрбиелік мәні Мәуленовтың махаббат лирикасы да табиғатпен астасып жатыр. Ол сезімдерді таза, шынайы, нәзік етіп суреттейді. Оның «Ақ қайың» сияқты өлеңдерін талдау арқылы, оқушыларға адами қарым-қатынастардың тазалығы мен сезімдердің көркемдігі туралы түсінік беруге болады. Қорытынды Сырбай Мәуленовтың табиғат пен туған жер лирикасы – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған құнды мұра. Бұл лирика –

патриоттық рухты, экологиялық сананы, адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы таптырмас оқу құралы. Ақынның қарапайым да көркем тілі, терең сезімдік иірімдері оны мектеп оқушыларына оқытуды жеңіл әрі тиімді етеді.Мәуленов шығармашылығын оқыту арқылы біз:

1. Оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін нақты көркем образдар арқылы тереңдетеміз.
2. Олардың бойына азаматтық жауапкершілік пен табиғатты аялау қасиеттерін сіңіреміз.
3. Қазақ тілінің көркемдік байлығын танытып, тіл мәдениетін арттырамыз.

Ұстаз ретінде, Мәуленов мұрасын оқыту арқылы менің негізгі мақсатым – әрбір оқушының жүрегіне Отанға деген жылы сезімнің ұшқынын салу. Бұл – болашақ ұрпақтың саналы да парасатты азамат болып қалыптасуына қосқан үлесіміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәуленов С. Таңдамалы өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1978. [23-б., 45-б., 112-б.]
2. Мәуленов С. Жүрек жырлары: Өлеңдер жинағы. Алматы: Жазушы, 1982. [59-б., 141-б., 190-б.]
3. Мәуленов С. Шығармалар жинағы: Екі томдық. Т.1. Алматы: Қазақ университеті, 2018. [105-б., 210-б., 277-б.]
4. Қирабаев С. Кезең және қаламгер. Алматы: Жазушы, 1982. [88-б., 150- б., 175-б.]
5. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 1993. [32-б., 95-б., 110-б.]
6. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Ана тілі, 2004. [95-б., 110-б.]
7. Әбдіқадыров Т. Сырбай Мәуленов поэзиясының көркемдік әлемі. // Қазақ тілі мен әдебиеті. № 4, 2017. [7-б., 12-б.]
8. Жұмаділов Қ. Дала дауысы. Алматы: Өнер, 2010. [64-б., 132-б.]
9. Сәрсекеев М. Табиғат лирикасы: Әдістемелік құрал. Астана: Фолиант, 2015. [18-б., 30-б.]
10. Қалиев С. Туған жерді жырлау: Поэзиядағы ұлттық код. Алматы: Ғылым, 2019. [42-б., 90-б

Миямова Ақмарал Машраповна,
Түркістан облысы, Келес ауданы, Алпамыс батыр ауылы,
№19 Б.Майлин атындағы
жалпы білім беру мектебінің ағылшын тілі мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ: АҚЫНДЫҚ МҰРАТ, САРБАЗДЫҚ РУХ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.

Кіріспе

Қазақ поэзиясы — ұлт рухының айнасы. Ол ғасырлар бойы елдің тарихын, тағдырын, арман-мұратын жырмен жеткізіп отырған. Осы поэзия әлемінде Сырбай Мәуленов – ақындық сертіне адал, елдік мұрат жолында қаламын қайратқа айналдырған дара тұлға. Ол — XX ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, Отан үшін от кешкен сарбаз, рух пен ерліктің символы. Ақынның жырларының ерлік пен елдік, азаматтық үн мен биік жауапкершілік қатар өрілгенін аңғарамыз.

Сырбай Мәуленов шығармашылығы — жай ғана поэзиялық үлгілер жиынтығы емес, ол — тұтас бір дәуірдің көркем шежіресі. Бұл мақалада ақынның ақындық мұратына, сарбаздық рухына, азаматтық болмысына, және ең бастысы — оның қазақ әдебиетіне қосқан көркемдік үлесіне жан-жақты талдау жасалады.

Ақындық мұрат: Сөз – шындықтың шырағы.Сырбай Мәуленов поэзиясының өзегі — *шындық пен сұлулықты қатар жырлау*. Ол өлеңді өмірден бөліп қарамаған. Ақын

үшін поэзия — жай ғана әсемдікке ұмтылу емес, ол — рухани биіктік, адамгершілік, ұлттық мұраттарды жеткізудің қуатты құралы.

Ақынның табиғат лирикасы ерекше назар аударуға тұрарлық. Табиғатты жалаң сипаттау емес, *оның ішкі философиясын* ұғына білу — Сырбай поэзиясының ерекшелігі.
Мысалы:*"Тыныштықты тыңдаймын,*
Жапырақтың жүрегіндей соғады."

Бұл — жәй ғана табиғат көрінісі емес, өмірдің ішкі тынысын, жан дүниенің үнін есту қабілеті. Бұл — ақындық мұраттың биігі. Сонымен қатар, Сырбай өлеңдерінде қазақтың ұлттық болмысы, даланың мінезі, халықтың үні анық естіледі. Ол өз поэзиясы арқылы туған елдің әсемдігін, күрделілігін, тарихи жүгін көркем бейнелермен жеткізді. Бұл оның нағыз халықтық ақын екенін дәлелдейді.

Сарбаздық рух: *Оқ пен от ішінде туған жыр*

Сырбай Мәуленов — Ұлы Отан соғысының ардагері. Ол майданда жараланып, мүгедектікпен оралғанымен, рухы сынбады. Ақын үшін соғыс — тек қана зұлмат емес, адам рухының сыналатын кезеңі. Оның поэзиясындағы сарбаздық рух дәл осы майдан тәжірибесінен туындайды.
"Мен жауынгер болған жоқпын тек,
Жауынгер болдым — жырдың да."

Осы жолдар Сырбай поэзиясының сенімен басты қағидаларын білдірсе керек. Ол қаруды да, қаламды да қатар ұстаған сарбаз. Оның жырларында ерлік, Отанға адалдық, сарбаздардың ішкі жан күйзелісі шынайы берілген. Бұл – көркем шығармадағы әскери романтика емес, өмірдің өзінен өткен шындық. Соғыс тақырыбына арналған өлеңдерінде Сырбай адамның рухани қуатын, қиындыққа мойымас қайсар мінезін биік деңгейде жырлайды. Бұл шығармалар — тарихтың көркем куәгері ғана емес, болашақ ұрпаққа қалдырылған рухани тәлім. Азаматтық болмыс: Ар алдындағы адалдық.Сырбай Мәуленовтің шығармашылығының өзегі — азаматтық үн. Ол өлең жазғанда, ел мен жерге деген жауапкершілікті әрқашан басты орынға қойды. Ақын үшін ақиқат айту — парыз, ал жалғандық — ақынға жат. Сырбай өлеңдерінде елдік мүдде, ұлттың бүгіні мен болашағы, халық тағдыры — басым тақырыптар. Оның әрбір жыры — ел жүрегінің лүпілі. "Қазақпын, қазақ едім деп мақтанам, Ұран ғып айтамын елге жатқадан." Бұл — ұлтқа деген сүйіспеншіліктің, азаматтық ұстанымның айқын көрінісі. Кеңестік идеология үстемдік еткен кезеңде осындай ұлттық мінезді, азаматтық қайсарлықты жоғалтпай, өлеңмен жеткізе білу — үлкен ерлік. Сырбай — ұлттық рухты сақтап қалған буынның өкілі. Ол шындықты көркем тілмен жеткізіп, өлең арқылы халықтың сөзін сөйлеген. Қазақ әдебиетіне қосқан үлесіСырбай Мәуленовтің қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Ол — заманның бет-бейнесін көркем түрде жеткізе білген шебер лирик. Оның әдеби мұрасы — поэзия, публицистика, аударма салаларын қамтиды. Сырбайдың лирикасы — қазақ поэзиясын жаңа деңгейге көтерген құбылыс. Ол табиғат пен адамды астастыра отырып, поэзияның бейнелік қуатын күшейтті. Пейзаждық лирика, философиялық ойлар, ұлттық сана — бәрі де оның шығармаларында үндестік тапқан. Соғыс поэзиясының көрнекті өкілі.Соғыс тақырыбын шынайы және көркем сипатта көтерген ақын ретінде Сырбайдың орны — айрықша. Ол бұл тақырыпқа ерлік пен трагедияны тең ұстап, адамгершілік биігінен қарады. Аударма мен әдеби байланыстарға қосқан үлесі.Сырбай Мәуленов – аударма саласында да өнімді еңбек еткен қаламгер. Ол орыс және әлем әдебиетіндегі таңдаулы шығармаларды қазақша сөйлетті. Бұл — қазақ оқырманының дүниетанымын кеңейтуге қосылған елеулі үлес.Әдебиеттегі жаңашылдық.Сырбай өлең құрылымында жаңалықтар енгізген, заманауи поэзияны қалыптастыруға ықпал еткен қаламгер. Оның поэтикалық тілі, ырғақ пен ұйқасқа деген жаңаша көзқарасы — кейінгі буынға үлгі болды. Қорытынды Сырбай Мәуленов — қазақ руханиятының көрнекті өкілі, поэзия арқылы халқының тағдырын, болмысын, мұратын жырлаған ақын. Оның ақындық мұраты — шындықты айту, сарбаздық рухы — ерлік пен төзімділікке бастау, ал азаматтық болмысы — ел алдындағы адалдық пен жауапкершілік. Сырбай мұрасы — бүгінгі ұрпаққа үлгі,

ертеңгі буынға аманат. Оның шығармаларын оқу — тек әдеби ләззат алу емес, сонымен бірге рухани кемелдену, ұлттық санаға терең бойлау. Қазіргі таңда Сырбай Мәуленов шығармашылығын насихаттау — өткенге тағзым ғана емес, болашаққа сенім арту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәуленов С. «Таңдамалы шығармалар». – Алматы: Жазушы, 1980 ж.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2005 ж

Муканова Дина Мелдешовна,
Астана қаласы
Сырбай Мәуленов атындағы
№ 37 мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЕЛІН ЖЫРЛАҒАН АҚЫН: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ САРЫН

Қазақ әдебиетінің көкжиегінде өзіндік үні, қайталанбас қолтаңбасы бар ақындардың бірі – Сырбай Мәуленов. Оның поэзиясы – халықтың тағдырын, туған жердің табиғатын, ел мен Отанға деген сүйіспеншілікті жырлаған алтын қазына. Сырбай жырларының арқауы – елдік рух, ұлттық болмыс, туған жерге деген адалдық. Сондықтан оның шығармалары бүгінгі күні де құндылығын жоғалтпай, жас ұрпаққа рухани тәрбие беретін асыл мұраға айналды. С. Қирабаев: «С.Мәуленов шығармалары тек әдемі сурет пен сезім ғана емес, сонымен бірге ұлт рухын көтеретін, елдік пен ерлікті дәріптейтін қуатты поэзия екенін көрсетуге тырысқан», [1, 52] - деп ақын поэзиясында туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімінің шынайылығы мен кеңдігі бар екенін, айтқан болатын.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы Торғай өңірінде дүниеге келді. Балалық шағын Торғайдың Тосын құмында өткізген перзент. Ақын шығармаларының арқауына айналған Торғайдың дархан даласы, Тобыл өзенінің мөлдір ағысы, Тосынның құмды жазығы мен тау қыраттары оның жүрегінде өшпес із қалдырған. Сондықтан да ол туған өлкенің әрбір қыры мен сырын, тіпті иісі мен үнін де өлең өрнегіне айналдырып отырған. Сол туған өлкенің табиғаты, өзен-көлі мен қыраттары, саф ауасы мен мөлдір бұлағы жас ақынның жүрегіне терең із қалдырды. Кейіннен ол бұл әсерлерін жүрек сүзгісінен өткізіп, өлең өрнегіне айналдырды. Ақын шығармашылығында «Тосын», «Тобыл», «Туған ел», «Туған жер» секілді туған өлкеге арналған өлеңдердің болуы – оның балалық шақтағы көрген-білгені мен жан дүниесінің табиғи үндестігі.

Ақын үшін туған жер тек географиялық ұғым емес, ол – балалықтың бал күндері, елдің тарихы, халықтың тағдыры, болашақ ұрпаққа аманат етер асыл қазына. Мәуленов жырларында елдік рух, патриоттық сарын әрдайым асқақ үнмен өріледі. Оның өлеңдерінен туған жерге деген шексіз сүйіспеншілікті, Отанға адалдықты, халыққа деген шынайы махаббатты көреміз.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылық жолы қазақ халқының XX ғасырдағы күрделі тағдырымен сабақтас. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары, соғыстан кейінгі халық тұрмысы, тың игеру кезеңдері – барлығы оның шығармаларына арқау болды. Әсіресе, Отан қорғаушылардың ерлігі, бейбіт еңбектің қуанышы, халықтың ынтымағы мен бірлігі ақын жырларында шынайы бейнеленді. Дегенмен оның басты тақырыбы – туған жер мен Отанға деген махаббат, елдік рух. Біздің бұл пікіріміз де Қасым Қайсеновтің арда ақын туралы мына бір пікірімен үндес келеді: «Сырбай Мәуленов жырлары – өткен тарихты ғана емес, адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін рухани қазына. Ақын қаһармандық пен елдік рухты жастарға өнеге етіп жеткізгенін айтуға ниеттенген» [2, 36].

Әр ақын үшін туған жер – шабыттың бастауы. Сырбай үшін де туған өлке – тек табиғаттың әсем көрінісі емес, ол – халықтың тарихы, ата-бабаның ізі, болашаққа қалатын аманат. Сондықтан да оның жырларынан туған жерді сағыну, елге деген шынайы сүйіспеншілік, адалдық, патриоттық сезім айқын сезіледі. Ақын үшін Отанға деген махаббат туған жерге деген іңкәрліктен басталады. Ол Тобылдың мөлдір ағысын, Тосынның қоңыр құмын, Торғай даласының самалын жырлай отырып, бүкіл қазақ даласына, ұлттың тағдырына деген адалдықты жеткізеді.Сырбай Мәуленов поэзиясының ерекшелігі – ол туған жерді суреттегенде тек географиялық белгілерді ғана сипаттап қоймайды, оған жан бітіріп, елдің тағдырымен байланыстырады. Мысалы, Тобылды ол ананың мейіріміне теңейді, Тосынды туған анасының құшағындай ыстық сезіммен бейнелейді. Жазиралы дала мен асқар тау, сарқыраған өзендер – барлығы ақын жүрегіндегі елдік рухтың айнасы іспетті. Осы арқылы ол оқырманды туған жерді сүюге, Отанды құрметтеуге, елді қорғауға үндейді.

Ақынның 1940-50 жылдары жазылған өлеңдерінің көбі туған жерге арналған. Бұл кезең – қазақ халқы үшін де сындарлы уақыт болды. Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда елді еңбекке шақыру, халықтың рухын көтеру қажет еді. Сол кезде Сырбай Мәуленов сынды ақындар туған жерді жырлау арқылы елге жігер берді. Оның поэзиясындағы патриоттық сарын халыққа демеу болып, жас ұрпаққа үлгі-өнеге берді.

Сырбай Мәуленовтің «Тосын жазы», «Туған ел», «Тобыл», «Тосын», «Туған жер» атты өлеңдері – оның туған өлкеге деген шынайы махаббатының айғағы. Бұл өлеңдерінде ақын табиғаттың сұлулығын жырлай отырып, туған жердің қасиеттілігін дәріптейді. Әрбір бұлақ, әрбір тау, әрбір дала – елдің тарихымен, халықтың болмысымен байланыстырылып беріледі. Ақын туған өлкенің көркін суреттеу арқылы Отанды сүюге шақырады, туған жерге адал болудың мәнін ашады.

Осы баяндамада біз ақынның аталған өлеңдеріне жеке-жеке тоқталып, олардың мазмұнындағы патриоттық сарынды талдап көрсетеміз. Әр өлеңдегі туған жерді суреттеу ерекшеліктерін, елдік рухты көтерген тұстарын, оқырманға берер тәлімін қарастырамыз. Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы арқылы қазақ поэзиясындағы патриоттық сарынның мәнін ашып, оның бүгінгі ұрпақ үшін қандай тәрбиелік маңызы бар екеніне назар аударамыз.

Сырбай Мәуленов поэзиясы – елін сүйген жүректің үні. Оның жырларында туған жерге деген ыстық махаббат пен адалдық, халыққа деген шынайы сүйіспеншілік көрініс тапқан. Бұл қасиет – бүгінгі күнде де әрбір жас ұрпаққа үлгі, тәрбие берер құндылық.

«Тосын жазы» өлеңіндегі туған жердің көрінісі және патриоттық сарын

Сырбай Мәуленовтің шығармашылық жолындағы ең шоқтығы биік туындыларының бірі – «Тосын жазы». Бұл өлеңінде ақын өзінің кіндік қаны тамған Торғай өңірінің Тосын құмын, оның табиғатын, ел тіршілігін аса бір сүйіспеншілікпен суреттейді. Жырды оқи отырып, туған жер табиғатының қымбаттығы мен әсемдігіне қоса, ақынның жүрегіндегі Отанға деген адалдықты, туған өлкеге деген ыстық ықыласты сезінеміз.

Өлеңнің алғашқы жолдарынан-ақ ақын туған жер табиғатына сүйсіне қарайды:

«Па, шіркін, құм Тосынның жазы қандай,
Ауру жан сырқатынан жазылғандай» [3, 74].

Мұндағы «ауру жанның жазылуы» – туған жердің шипалы құдіретін бейнелейтін теңеу. Бұл – тек қана табиғаттың әсемдігі емес, ол ақынның рухани сауығуы, жанының тыныштығы. Яғни, Тосын даласы ақын үшін – емші, қуат берер күш, өмірдің мәнін айқындайтын орта.

Ақын табиғатты адамға жақын бейнеде суреттейді. Оның әрбір қырына жан бітіп, тіршіліктің сәні ретінде көрінеді:

«Бұралған қыз беліндей қызыл жыңғыл,
Таласа біткен шоқы өркешіне» [3, 74].

Мұнда табиғат элементтері сұлу қыздың бейнесімен салыстырылып, туған жердің ажары нәзік әрі көркем етіп беріледі. Жердің көркі – қыздың көркімен теңестірілуі – халықтық поэтикалық дәстүрдің жалғасы. Бұл арқылы ақын туған жерін тек табиғат ретінде ғана емес, жүрегіне жақын, сүйікті жарындай қымбат бейне ретінде көрсетеді.

Өлеңде елдің күнделікті тұрмысы да шынайы бейнеленген. Малшылардың әні, қой өргізген шалдың бейнесі, тайға мініп ойнаған балалар – барлығы туған өлкенің тіршілігін суреттеп, дала өмірін көз алдымызға әкеледі.

«Түн болса малшылардың салған әні,
Күндізгі тіршілікке жалғанады.
Көтерген қырмызы ту қызыл отау,
Тұрғандай күйге малып айналаны» [3, 74].

Бұл жолдарда туған жердің әсемдігі ғана емес, халықтың бейбіт еңбегі мен тұрмысының сәні де суреттеледі. Елдің өмірі мен табиғат бір-бірімен біте қайнасқандай, біртұтас дүние болып беріледі.

Сонымен бірге, ақын туған өлкенің болашағына сеніммен қарайды:

«Қойнауын отыз мың мал отар алып,
Құм жатыр жолбарыстай жоталанып.
Қарайды келешекке сұлу Тосын,
Алтын таң шапағымен оқаланып» [3, 74].

Мұнда Тосын тек өткеннің куәсі ғана емес, болашақтың да үміті. Ақын туған жерін өркенді, бай өлкеге балайды. Бұл – Отанға деген адалдықтың, болашаққа деген сенімнің айқын көрінісі.

«Тосын жазы» өлеңінің патриоттық сарыны – туған жердің табиғатын жырлау арқылы халыққа деген сүйіспеншілікті жеткізуінде. Ақын туған өлкесін бейнелей отырып, жалпы Отан ұғымын асқақтатады. Оның жырынан туған жерге деген махаббат, сол жердің игілігіне еңбек ету, халықтың тұрмысын дәріптеу идеясы айқын көрінеді.

Бұл өлеңнің тәрбиелік мәні де зор. Ол жас ұрпаққа туған жерді қадірлеуді, табиғатты қорғауды, елге қызмет етуді үйретеді. Ақынның туған жерді жан-тәнімен сүйгені, оны жырға қосқаны – бүгінгі оқырман үшін де үлгі.

«Туған ел» – тарих пен ерлікті дәріптеу

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығында туған жер мен Отан тақырыбы әрдайым алдыңғы қатардан орын алады. Ақын үшін туған жер ұғымы – тек қана географиялық мекен емес, ол – халықтың тарихы, бабалардың ерлігі, болашаққа деген сенім. Осы ойды тереңнен толғаған шығармаларының бірі – «Туған ел» атты өлеңі. Бұл өлеңде ақын туған еліне деген ыстық махаббатын білдіре отырып, оны тарих пен ерліктің мәңгілік куәсі ретінде сипаттайды.

Өлеңнің алғашқы шумақтары ақынның туған жерге деген ерекше сезімін айқындайды:

«Туған ел, өскен жер,
Ыстықсың жаныма.
Күн нұры, жаз лебі
Тараған қаныма» [3, 85].

Осы жолдардан-ақ ақын үшін туған жердің табиғаты, ауасы, күн нұры мен жаз лебі – барлығы да оның жанына қуат, қанына нәр бергенін көреміз. Бұл – туған жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің, адам мен табиғаттың, ел мен жердің тұтасқан байланысының көрінісі. Ақын туған елін тек сырттай тамашалап қана қоймайды, оны өзінің өмірлік болмысының бөлінбес бөлігі ретінде қабылдайды.

Келесі шумақта Сырбай Мәуленов туған жерді халық тарихымен сабақтастырады:

«Тамаша тарихтың
Бәріне куәсің.
Ерліктің, даңқтың
Сақтадың мұрасын» [3, 85].

Бұл шумақта туған ел – ұлттың өткені мен ерлігінің куәгері. Мәуленов туған жерді әрбір тарихи кезеңнің айнасы ретінде сипаттайды. Қазақ халқының азаттық жолындағы күрестері, батырлардың қанымен жазылған тарихы, халықтың жеңістері мен даңқы – барлығы да туған жер төсінде мәңгілік із қалдырған. «Сақтадың мұрасын» деген тіркес туған жерді ұрпаққа аманат болған тарихи қазына ретінде бейнелейді. Бұл арқылы ақын жас ұрпақты өткен тарихты қастерлеуге, оны ұмытпауға үндейді.

Өлеңнің үшінші бөлігінде ақын болашаққа деген сенімін, арманын да туған елмен байланыстырады:

«Ғажайып ертегі,
Ертеңгі күндерің.
Арқаң ғой өзіңнің,
Алшаңдап жүргенім» [3, 85].

Мұнда туған ел – тек өткеннің ғана емес, болашақтың да кепілі ретінде суреттеледі. Ақын өзінің еркін жүріп, шат өмір сүруінің барлығы туған елдің арқасында екенін айтады. «Ғажайып ертегі» деп болашақты бейнелеуі туған елге деген сенімді, жарқын күндерге деген үмітті көрсетеді. Осы арқылы Мәуленов туған елді жырлауды азаматтық парыз деңгейіне көтереді.

Өлеңнің жалпы рухына қарасақ, онда тек лирикалық сезім ғана емес, патриоттық сезім ерекше айқын сезіледі. Мәуленов туған елді сүюді тек табиғат көркін жырлаумен шектемейді, ол – елдің тарихына тағзым ету, батырлардың ерлігін дәріптеу, болашаққа сенім білдіру арқылы шынайы патриотизмді көрсетеді.

«Туған ел» өлеңі – қарапайым, жүрекке жақын сөздермен жазылғанымен, терең мағынаға толы. Ақын табиғат көріністерін, туған жердің қымбат бейнесін суреттей отырып, оны халықтың өткенімен және болашағымен байланыстыра біледі. Өлеңнің көркемдік қуаты – оның қарапайымдылығында, шынайылығында. Әрбір жолында халыққа деген сүйіспеншілік, ұлттық рухтың асқақтығы сезіледі.

Қорытындылай келгенде, «Туған ел» өлеңі – Сырбай Мәуленов поэзиясындағы патриоттық сарынды айқындайтын шоқтығы биік туынды. Ол туған жерді – халықтың тарихы мен ерлігінің куәсі, болашақтың кепілі ретінде дәріптейді. Ақынның:

«Ерліктің, даңқтың
Сақтадың мұрасын» [3, 85]. – деген жолдары өлеңнің негізгі өзегін, туған елді қастерлеудің маңызын айқын білдіреді. Бұл туынды бүгінгі күні де өз мәнін жоймаған, жас ұрпаққа елін, жерін сүюдің, тарихын қастерлеудің үлгісін көрсететін мәңгілік жыр болып қала береді.

«Тосын» – сағыныш, туған жерге адалдық

Сырбай Мәуленовтің поэзиясында туған жерге деген махаббат, сағыныш сезімі ерекше орын алады. Ақын қай кезеңде, қай тақырыпта жырламасын, оның жүрегінің түбінде әрдайым туған жерге деген адалдық, ыстық іңкәрлік жатады. Солардың ішіндегі шынайы сезімге толы туындыларының бірі – «Тосын» өлеңі. Бұл шығармада ақын балалық шағы өткен Тосын құмына деген сағынышын, туған жерге деген адалдығын нәзік бейнелейді.

Туған жерге сағыныш.

Өлеңнің алғашқы жолдарынан-ақ туған жерге деген сарқылмас сағыныш пен іңкәрлік анық көрінеді:

«Аш қойныңды, Тосыным,
Келді ұлың сағынған.
Шыққан жоқсың, Тосыным,
Жалын күні жадымнан» [3, 88].

Бұл жолдарда ақын туған жерін анасына балайды. «Аш қойныңды» деуі – жерге деген балалықтай аңсар, мейірімге толы пейіл. Ақынның туған жерін «ұлың» деп сөйлетуі – жер мен адам арасындағы мәңгілік байланысқа берілген көркемдік шешім. Сағыныштың тереңдігі «жадымнан шықпаған жалын күн» деген бейнелі сөздер арқылы жеткізіледі

Табиғатпен табысу

Ақын туған жердің табиғи көріністерін суреттей отырып, сол арқылы сағыныш сезімін аша түседі:

«Көк аспанға өрлеген,
Шыңдарыңды сағындым.
Көлеңкесі көлбеген,
Нуларыңды сағындым» [3, 88].

Бұл шумақтардан Тосынның таулары, нулары, аспанмен таласқан шыңдары – бәрі де ақынның жүрегінде мәңгі сақталғанын көреміз. Жырақта жүрсе де, көз алдына туған жердің әрбір бейнесі елестейді. Сағыныш сезімі тек географиялық қашықтықтан емес, жүректің терең түкпірінде жатқан туған жерге деген адалдықтан туындаған.

Балалықтың ізі

Ақын үшін туған жер – тек табиғат қана емес, сонымен қатар оның балалық шағының куәсі. Өлеңнің әрбір жолынан балалық шаққа деген сағыныш, сол шақпен байланысты туған жерге деген іңкәрлік байқалады:

«Көктемде ұшқан деміндей,
Буларыңды сағындым.
Бұлағыңмен суарып,
Қандыр шөлін жанымның» [3, 88].

Мұндағы «көктемде ұшқан дем» мен «бұлақ» бейнелері ақынның жастық шағының қуанышы мен шаттығын еске салады. Туған жердің бұлағынан ішкен суын ақын өмір бойы жан дүниесіне қуат берген киелі нәр ретінде бағалайды.

Туған жерге адалдық

«Тосын» өлеңінің ең негізгі идеяларының бірі – туған жерге деген адалдық сезімі. Ақын туған жерінен алыста жүрсе де, оның бейнесі жүрегінен өшпейтінін, әрдайым ойында, жанында болатынын көрсетеді. Бұл – тек жеке адамның сезімі ғана емес, жалпы халықтық қасиет. Қазақ үшін туған жерге адалдық – ұлттық мінездің, ұлттық болмыстың бір көрінісі.

Сырбай Мәуленовтің «Тосын» өлеңі – туған жерге деген сағынышты, адалдықты бейнелейтін лирикалық туынды. Ақын туған жерін табиғат көріністері арқылы жырлап қана қоймайды, оны өз жүрегінің мәңгілік мекені ретінде дәріптейді. Өлең жолдарындағы:

«Аш қойыңды, Тосыным,
Келді ұлың сағынған» [3,88]. – деген жолдар ақын мен туған жер арасындағы ажырамас байланыс пен адалдықты айқын көрсетеді. Бұл туынды – әрбір оқырманды өзінің туған жерін қастерлеуге, оған адал болуға үндейтін шынайы поэзия үлгісі.

«Туған жер» – балалық шақпен байланысқан елге махаббат

Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жер тақырыбы ерекше орын алады. Ақын үшін туған жер – тек географиялық ұғым ғана емес, адамның бүкіл ғұмырына рухани нәр беретін алтын бесік. Ол туған жерді балалық шақпен, елдік сезіммен, ар-ожданмен байланыстырады. «Туған жер» атты өлеңінде ақын өзінің өмірлік тәжірибесін, туған топыраққа деген махаббатын көркем тілмен бейнелейді.

Туған жердің ыстығы – жүректегі ыстық сезім

Өлеңнің алғашқы жолдарында-ақ ақын туған жерге деген махаббатын жүрекке жақын бейнелермен жеткізеді:

«Туған жердің топырағы да ыстық,
Балғын шақтың елесі ғой бұл тұсым…» [3, 90].

Бұл жолдарда туған жердің топырағы «ыстық» деп берілуі – эпитет арқылы жасалған көркемдік тәсіл. Мұндағы «ыстық» сөзінің мағынасы физикалық жылулық емес, рухани, сезімдік жылылықты білдіреді. Ақын туған жердің әр түйір топырағын балалық шағының естелігіне балап, ерекше ыстық ықыласпен жырлайды. Бұл – туған жерге деген адалдықтың, терең сағыныштың көрінісі.

Балалық шақпен біте қайнасқан елдік сезім

Өлеңнің келесі шумақтарында ақын туған жерін балалық дәуренмен байланыстырады:
«Қырда өскен қозы-лақтай шапқылап,
Ойын қуған күндерім-ай аңқылдап…» [3, 90].

Бұл үзіндіде метафора мен теңеу қатар қолданылады. Ақын өзін қозы-лаққа теңеу арқылы ауыл тіршілігіне жақындығын, табиғатпен біте қайнасқанын суреттейді. «Шапқылап», «аңқылдап» етістіктері балалықтың еркіндігін, қамсыз күлкісін бейнелейді. Мұнда туған жердің кең даласы – балалықтың сахнасы, ал бала – сол сахнаның басты кейіпкері.

Балалық дәуренін еске алу арқылы ақын туған жердің тек табиғат қана емес, адам тағдырымен біте қайнасқан киелі ұғым екенін танытады.

Сағыныш пен елге адалдық

Ақын туған жерінен алыста жүрсе де, жүрегіндегі сағыныш ешқашан басылмайтынын былайша жеткізеді:
«Жырақ кетсем, жүрегімде бір сыз бар,
Туған елдің үні келеді құс қып зар…» [3, 90].

Бұл жерде ақын туған елдің үнін құстың зарымен салыстырады. Бұл – терең метафора. Құстың зары – сағыныштың символы. Туған жерден жырақта жүріп, сағыныштың жүректе «сыз» болып сезілуі туған елге деген адалдықты көрсетеді. Ақын үшін туған жерге деген махаббат – уақыт пен қашықтыққа тәуелсіз сезім.

Туған жер – рухани тазалықтың символы

Өлеңнің соңғы шумақтарында туған жердің киелілігі айқындалады:
«Туған жердің тауы – асқақ армандар,
Суы – мөлдір жүректегі ар-ұждан» [3, 90].

Мұнда туған жер табиғаты адамның ішкі жан дүниесімен сабақтастырылады. Тау – асқақ арманның, ал су – жүректегі ар-ұжданның символы. Бұл – метафоралық байланыс арқылы туған жерді адам болмысының негізі ретінде таныту. Ақын туған жерді тек табиғат көрінісі емес, рухани құндылықтардың бастауы, адамдық болмыстың айнасы ретінде дәріптейді.

Көркемдік ерекшелігі

«Туған жер» өлеңінде мынадай көркемдік тәсілдер жиі кездеседі:

- Эпитеттер: «ыстық топырақ», «балғын шақ» – ақын сезімін әсерлі етіп жеткізеді.
- Теңеу: «Қозы-лақтай шапқылап» – туған жер мен ауыл өмірін табиғи бейнелер арқылы суреттейді.
- Метафора: «Туған елдің үні – құс қып зар» – сағынышты құстың зарымен байланыстырады.
- Символика: тау – арман, су – ар-ұждан ретінде берілуі туған жердің рухани мәнін ашады.

Бұл көркемдік тәсілдер туған жерге деген махаббатты әрі әсерлі, әрі терең мағынада жеткізуге мүмкіндік береді.

Сырбай Мәуленовтің «Туған жер» өлеңі – ақын жүрегіндегі туған елге деген шексіз сүйіспеншіліктің жырлы көрінісі. Ақын туған жерді балалық шақпен, арман-қиялмен, рухани тазалықпен байланыстырады. Әрбір шумақ туған жердің киелілігін, елге деген адалдықты дәріптейді. Бұл өлең тек ақынның жеке сағынышы ғана емес, бүкіл қазақ баласына ортақ туған жерге деген махаббаттың көрінісі.

Ортақ поэтикалық тәсілдер

Сырбай Мәуленов бұл өлеңдерінде қазақ поэзиясына тән бейнелеу құралдарын кеңінен қолданған.

а) Эпитеттер

- *«Бұрқырап бұлақ ойнап құм төсінде»* («Тосын жазы») – бұлақты «ойнап» деп суреттеу табиғаттың тылсым сұлулығын ашады.
- *«Жаз самалы жан тербетті»* («Туған жер») – туған жер самалының адам жүрегіне әсерін бейнелейтін эпитет.

Эпитеттер арқылы ақын туған өлкені тек табиғат емес, тіршілік пен рухтың қайнары ретінде көрсетеді.

ә) Теңеулер

- *«Бұралған қыз беліндей қызыл жыңғыл»* («Тосын жазы») – табиғат көрінісі мен адам сымбатының үндестігін ашады.
- *«Өзенін, елін қорғаған қарасындай көзінің»* («Тобыл») – туған жер өзенін анасының көз жанарына балап, ел мен табиғатты біртұтас дүниетанымда суреттейді.

Бұл теңеулер ақынның табиғат пен адамды, туған жер мен елді ажырамас байланыста қарастырғанын дәлелдейді.

б) Метафоралар

- *«Асқар тау – ақсақалды әкем менің,*

Алтын күн – ардақты ана мейіріндей» («Туған жер») – туған жердің тау мен күнін әке-шешеге теңеу арқылы ақын туған жерді отбасының жылуы, рухани тірегі ретінде көрсетеді.

- *«Құм жатыр жолбарыстай жоталанып»* («Тосын жазы») – туған жер құмдарының бейнесі ерлік пен қайсарлықты еске түсіретін метафора.

Метафоралар туған жердің бейнесін халықтың рухымен, батырлығымен, ата-баба дәстүрімен байланыстыра сипаттайды.

в) Персонификация (кейіптеу)

- *«Көлдерін көкалалы жылқы қаптап,*

Төсінде асыр салған төл ойнақтап» («Тосын жазы») – табиғат тіршілік иесі секілді қозғалысқа енген.

- *«Аш қойныңды, Тосыным, келді ұлың сағынған»* («Тосын») – туған жерге тікелей тіл қату арқылы оны жанды бейнеге айналдырады.

Кейіптеу тәсілі туған жерді жақын дос, аяулы ана, сағынған жар бейнесінде елестетіп, оқырманға эмоциялық әсер береді.

Ортақ идеялық мән

Төрт өлеңнің де идеялық өзегі – туған жерге деген махаббат пен елге адалдық.

- «Тосын жазы» – туған өлкенің табиғат сұлулығын жырлап, жер-ананың байлығын дәріптейді. Мұнда ақын табиғатпен етене жақын, оны елдің ырысы мен болашағы ретінде бейнелейді.
- «Туған ел» – тек табиғатты емес, елдің тарихын, ерлігін, рухын дәріптеу. Мұнда елді қорғау, ерлік дәстүрін сақтау идеясы бар.
- «Тосын» – алыста жүрсе де, туған жерге деген сағыныш пен адалдық сезімі.
- «Туған жер» – балалық шақпен сабақтасқан туған елге деген ыстық махаббат. Мұнда туған жер – жастықтың естелігі, рухани тірек.

Яғни ақын үшін туған жер – тек географиялық мекен емес, ол – тарих, рух, сағыныш, балалық, азаматтық парыздың тоғысқан мекені.

Патриоттық сарын

Аталған өлеңдерде патриоттық сарын айқын. Ақын патриотизмді құрғақ ұран емес, жеке сезімдер мен табиғатқа сүйіспеншілік арқылы береді.

- Туған жердің әрбір төбесі, құмы, өзені – халықтың тарихы мен тағдырының айғағы.
- Туған елді сүйу – оны қорғау, сақтау, ерлікке жалғастыру. «Туған ел» өлеңінде бұл анық көрінеді:

«Ерліктің, даңқтың
Сақтадың мұрасын».

- Сағыныш пен адалдық – нағыз патриотизмнің белгісі. «Тосын» өлеңінде ақын туған жерге іңкәрлікпен тіл қатады:

«Аш қойныңды, Тосыным, келді ұлың сағынған».

Бұл жолдар туған жердің адамға анадай пана, ал ақынның өзіне – мәңгілік рухани күш екенін дәлелдейді.

Сырбай Мәуленовтің «Тосын жазы», «Туған ел», «Тосын», «Туған жер» өлеңдері – қазақ поэзиясындағы патриоттық сарынның айқын көрінісі. Ортақ поэтикалық тәсілдер арқылы ақын туған жердің табиғатын тірі кейіпкерге айналдырады, балалықпен сабақтастырады, тарихпен жалғайды.

Осылайша, бұл шығармаларда туған жерге деген шексіз махаббат, елге адалдық пен перзенттік парыз идеясы терең өрілген. Сырбай Мәуленов поэзиясында патриотизм – сезім мен сенімнің, тарих пен табиғаттың, өткен мен болашақтың мәңгілік үндестігі.

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы елдік рух пен оның бүгінгі жастарға әсері

Сырбай Мәуленов поэзиясының алтын арқауы – туған жерге, еліне деген шексіз махаббат пен адалдық. Оның әрбір өлеңінен елдік рухтың лебі есіп тұрады. Ақын туған жердің табиғатын тек эстетикалық сұлулық ретінде ғана емес, халықтың өткен тарихымен, ерлік дәстүрімен және болашаққа деген сенімімен сабақтастыра суреттейді. «Тосын жазы», «Туған ел», «Тосын», «Туған жер» сияқты шығармалары туған өлкенің көркем бейнесі арқылы елге деген перзенттік сүйіспеншілікті паш етеді.

Мәуленов үшін патриотизм – құрғақ ұран емес, ол жанның ең терең түкпірінен шыққан нәзік сезім. Ақын туған жердің самал желін, бұлақ суын, құм шағылын, асқар тауын жырлай отырып, сол арқылы оқырманның жүрегінде отансүйгіштік сезімін оятады. Ол туған жерді жанды бейнеге айналдырып, анаға, досқа, бала күнгі сырласына теңейді. Бұл тәсіл – елге деген махаббатты табиғи, шынайы күйінде жеткізудің ерекше жолы.

Мәуленов поэзиясындағы елдік рухтың басты сипаты – тұтастық. Ақын үшін туған жер – табиғат, тарих, халық тағдыры және жеке адамның өмірімен біте қайнасқан ұғым. Мәселен, «Туған ел» өлеңінде ол туған жерді «ерліктің мұрасы» деп сипаттап, елдік тарихқа сілтеме жасайды. Ал «Тосын» өлеңінде туған жерге деген сағынышын жүрек қылын шерткен үнмен жеткізеді. «Туған жер» өлеңінде балалық шақ естеліктері арқылы туған өлкенің мәңгілік құндылық екенін дәлелдейді. Ғ. Қабышұлы: «Мәуленов поэзиясының күші – қарапайым тілде терең сезімді жеткізе білуінде. Ол халыққа түсінікті, жақын поэзия арқылы елін сүйген ұрпақ тәрбиелеуді мақсат тұтты» [4, 11], - деген болатын.

Бұл өлеңдерден байқалатын тағы бір ерекшелік – ақынның туған жерді қорғауға, сақтауға деген үндеуі. Оның поэзиясындағы елдік рух қазіргі жастар үшін де аса маңызды. Өйткені Мәуленов жырлары жас ұрпаққа туған жерді қадірлеуді, елдің тарихын ұмытпауға, ата-баба дәстүрін жалғастыруға шақырады. Ақынның табиғатты адаммен егіздеп суреттеуі, туған жерді балалықпен, ерлікпен, адалдықпен байланыстыруы жастарды елін сүйетін, рухани мықты азамат болуға тәрбиелейді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде Мәуленов поэзиясының тәрбиелік мәні ерекше. Оның елдік рухқа толы өлеңдері жас буынға ұлттық болмысын сақтаудың, туған жердің қадірін білудің қажеттілігін ұқтырады. Әсіресе, туған жерді «әке-шеше мейіріміне», «бала күннің шат күлкісіне», «ерліктің мұрасына» теңеуі – жастарды туған еліне перзенттік сүйіспеншілікпен қарауға жетелейді.

Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленов поэзиясындағы елдік рух – қазақ әдебиетінің мәңгілік қазынасы. Ол өткеннің тарихын дәріптеп қана қоймайды, бүгінгі ұрпаққа өнеге, болашаққа бағдар береді. Ақын жырлары жастарға патриотизмнің нағыз үлгісін көрсетіп, туған елге деген махаббаттың мәңгілік құндылық екенін дәлелдейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сырбай Мәуленов – журналист, публицист: оқу құралы/Оспанов, Серікбай. – Алматы: Ғылым, 2001. – 140 б.
2. Сырбай мен Ғафу: эссе-хикаят / Әлім, Қайсар. – Астана: Фолиант, 2003. – 192 б.
3. Екі томдық шығармалар жинағы/С.Мәуленов; [құраст.:қыздары Бахытжамал, Сақыпжамал, ұлдары Бейбіт, Қасым, Ғазиз]- Алматы : Service Press , 2012. Т. 1 . Өлеңдер (1938-1968) – 501 б.

4. Қабышұлы, Ғ. Нығаң, Сыр-аға және Әнуар/ Ғ.Қабышұлы // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 6 желтоқсан (№ 48-49). – 12 б.

Мухаметжанова Аида Рамазановна,
Астана қаласы
Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей
бастауыш сынып мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ әдебиеті – халқымыздың рухани байлығы, ұлттық мәдениетіміздің алтын қазынасы. Әдебиет арқылы халықтың тарихы, дүниетанымы, салт-дәстүрі мен арман-мұраты көрініс табады. Әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеуде әдеби шығармалардың орны ерекше. Мектеп қабырғасында оқушыларды әдебиетпен сусындату олардың рухани дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан әр мұғалім әдеби мұраларды сабақта орынды қолдана білуі тиіс. Сол мұралардың ішінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі – Сырбай Мәуленов шығармашылығы. Оның өлеңдері жас ұрпақ тәрбиесінде баға жетпес қазына болып табылады [1, 25-б.].

Сырбай Мәуленов – XX ғасырдағы қазақ поэзиясының ірі тұлғасы. Ол туған жерін сүйген, елін қорғаған, қарапайым еңбек адамын ардақтаған, табиғаттың сұлулығын жырлаған ақын ретінде танылды. Ақынның шығармаларының негізгі өзегі – Отанға деген махаббат, халыққа адалдық, туған табиғатты аялау сезімі. Осындай тақырыптарды меңгерту арқылы мұғалім оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре алады [2, 41-б.].

Ақынның шығармаларын білім беру процесінде қолданудың маңызы зор. Ең алдымен, бұл шығармалар оқушылардың әдеби талғамын қалыптастырады. Әдемі теңеулер мен метафораларға толы жырларды оқу арқылы балалардың тіл байлығы артады, ойлау қабілеті дамиды. Сонымен қатар, Мәуленов жырларындағы адамгершілік идеялары жасөспірімдерге өнеге болып, оларды ізгілікке жетелейді [3, 58-б.].

С.Мәуленов поэзиясындағы ең басты тақырыптардың бірі – Отан. Ақын Ұлы Отан соғысы жылдарында майданда болып, жауынгерлердің ерлігін, халықтың қайсарлығын көзімен көрді. Оның сол жылдары жазған өлеңдері сарбаздық рухқа толы. Бұл туындылар жас ұрпаққа елін қорғаудың, батырлық пен ерліктің мәнін түсіндіреді. Мектепте бұл өлеңдерді оқыту – патриоттық тәрбие берудің ең тиімді жолдарының бірі. Оқушы жүрегінде елге деген мақтаныш сезімін ояту үшін мұғалім өлеңді мәнерлеп оқытып, мазмұнын талдата алады [4, 97-б.].

Сонымен қатар, Мәуленовтің табиғат лирикасы ерекше орын алады. Ол туған өлкенің әсемдігін нәзік суреттеп, табиғат құбылыстарын адамның көңіл-күйімен шебер байланыстырады. Мәселен, ақын қарды – тазалықтың, көктемді – жаңарудың, күзді – толғаныс пен ойдың символы ретінде бейнелейді. Мұндай өлеңдерді бастауыш сыныптарда көрнекі суреттермен, бейнебаяндармен бірге талдау өте тиімді. Бұл балаларды табиғатты аялауға, экологиялық мәдениетке тәрбиелейді [5, 17-б.].

С.Мәуленов шығармаларын сабақта қолданудың тағы бір тиімді қыры – оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту. Ақынның өлеңдерін жатқа айту, мәнерлеп оқу, инсценировка жасау сияқты әдістер арқылы балалардың тіл мәдениеті жетіледі. Өлеңдегі бейнелі сөздер мен поэтикалық өрнектерді талдау олардың сөздік қорын байытады. Әсіресе бастауыш сыныпта оқушыларға шағын өлеңдерді жаттатудың пайдасы зор. Бұл тек қана есте сақтау қабілетін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге баланың сахна мәдениетін қалыптастырады, өз ойын еркін жеткізуге үйретеді [1, 64-б.].

Мәуленовтің шығармашылығы оқушыларға патриоттық тәрбие беруде таптырмас құрал. Ақын соғыс тақырыбын тек қана жауынгерлік ерлік тұрғысынан емес, халықтың төзімі мен бірлігі арқылы да көрсетті. Оның өлеңдерінде бейбіт өмірдің қадірін бағалау, жердің, елдің амандығы үшін күрескен батырларды ардақтау идеясы айқын көрінеді. Мұндай өлеңдерді сынып сағаттарында, мерекелік іс-шараларда пайдалану оқушылардың елін сүйетін, халыққа қызмет ететін азамат болып өсуіне ықпал етеді [2, 112-б.].

Ақынның шығармаларындағы тағы бір ерекшелік – еңбек адамын жырлауы. Мәуленов поэзиясында қарапайым жұмысшы, егінші, малшы бейнесі жиі суреттеледі. Бұл – балаларды еңбекқорлыққа, жауапкершілікке тәрбиелеудің тамаша құралы. Мысалы, ақынның ауыл тіршілігіне арналған жырларын талдау барысында оқушылар еңбектің қадірін ұғады. Мұғалім оқушыларға ауыл өмірінен мысал келтіртіп, өз отбасындағы еңбек дәстүрлерін айтқызса, бұл олардың дүниетанымын кеңейтеді [3, 139-б.].

Сонымен қатар, Мәуленов поэзиясында адамгершілік, достық, адалдық мәселелері кеңінен жырланады. Ақынның адам мен қоғамға, дос пен бауырға деген ықыласы оқушылардың бойында ізгілік қасиеттерді қалыптастырады. Сабақта бұл өлеңдерді талдау арқылы мұғалім балаларды бір-біріне көмектесуге, мейірімді болуға баули алады. Әдеби шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетін талдай отырып, балалар жақсы мен жаманды ажырата бастайды [4, 156-б.].

Мектеп тәжірибесінде С.Мәуленов шығармаларын түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қолдануға болады. Мәселен, шығармашылық тапсырмалар беру – оқушылардың қиялын дамытады. Ақын өлеңінің жалғасын ойлап жазу, өз туған жері туралы шағын өлең құрастыру, сурет салу, эссе жазу сияқты жұмыстар баланың шығармашылық қабілетін оятады. Мұндай әдістер сабаққа деген қызығушылықты арттырып қана қоймайды, сонымен бірге оқушының өзіндік көзқарасын қалыптастырады [5, 35-б.].

С.Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде пайдалану тек әдебиет пәнімен шектелмейді. Ақынның табиғат туралы өлеңдерін дүниетану сабақтарында да қолдануға болады. Мысалы, күз мезгілі туралы өлеңін оқи отырып, мұғалім табиғаттағы өзгерістерді түсіндіреді, оқушыларға жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл балалардың тек әдебиетке ғана емес, қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырады
[1, 87-б.].

Сонымен бірге ақын жырларын музыка сабағында да қолдануға болады. Өлеңдерді әндетіп айту, әуенге қосып орындау оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырады. Бұл әдіс әсіресе бастауыш сыныпта тиімді, себебі балалар өлеңді ән арқылы тез жаттап алады әрі оны көңіл күйімен сезінеді. Мұндай сабақтар олардың өнерге деген құштарлығын оятады [2, 134-б.].

С.Мәуленов шығармаларын қолданудың тағы бір бағыты – тәрбие сағаттары. Мектепте өтетін «Туған жер», «Отан», «Табиғатты сүйемін» сияқты іс-шараларда ақынның өлеңдерін жатқа айтқызу немесе сахналық қойылым жасау балалардың бойында отансүйгіштік сезімді күшейтеді. Әсіресе «соғыс жылдары» тақырыбына арналған сабақтарда ақынның майдан туралы жырлары жас ұрпаққа бейбіт өмірдің құндылығын терең түсіндіреді [3, 148-б.].

Ақын мұраларын қолдануда мұғалімнің шеберлігі ерекше рөл атқарады. Өлеңді оқып қана қоймай, оны оқушы жүрегіне жеткізу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді орынды пайдалану қажет. Мысалы, топтық жұмыс ұйымдастыру арқылы оқушыларға өлеңді талдату, постер жасату, рөлдік ойындар өткізу сабақтың мазмұнын байытады. Бұл әдістер балалардың белсенділігін арттырып, шығармашылыққа жетелейді [4, 169-б.].

С.Мәуленов поэзиясының тілі жеңіл, бейнелі әрі әсерлі. Сондықтан оның шығармалары оқушылардың сөздік қорын дамытуда таптырмас материал болып табылады. Өлеңдегі теңеулер мен эпитеттерді талдау арқылы балалар поэтикалық тілдің қыр-сырын меңгереді. Бұл олардың жазба жұмыстарында көркем сөздерді

қолдануына ықпал етеді. Мәселен, оқушы табиғат суретін жазғанда ақынның бейнелі сөздерін мысалға алып, өз ойымен толықтыра алады [5, 74-б.].
Сонымен қатар, С.Мәуленов шығармаларын оқу барысында оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырудың сан алуан жолдары бар. Мысалы, бастауыш сыныптарда ақынның табиғат тақырыбындағы өлеңдерін оқытқанда балалардан бейнелеу өнерімен байланысты тапсырмалар беру тиімді. Оқушылар өлең мазмұнына сәйкес сурет салып, көргенін әңгімелеп беруге машықтанады. Бұл тәсіл олардың қиялын дамытып қана қоймай, мәтінді терең түсінуіне ықпал етеді [2, 86-б.].
Орта буын сыныптарында ақынның азаматтық, патриоттық өлеңдері бойынша пікірталас, эссе жазу, рөлдік ойындар ұйымдастыруға болады. Мәселен, «Отан туралы жыр» өлеңін талдағанда оқушыларға «Егер сен ақын болсаң, өз Отаның туралы қандай ой айтар едің?» деген тақырып беріп, шағын шығарма жаздыруға болады. Бұл балалардың азаматтық көзқарасын қалыптастырып, еркін ойлауға үйретеді [4, 113-б.].
Сыныптан тыс іс-шараларда да ақын мұрасын пайдалану – тәрбиелік тұрғыдан үлкен рөл атқарады. Мектептерде жыл сайын өткізілетін әдеби кештерде С.Мәуленовке арналған арнайы бөлім ұйымдастыруға болады. Оқушылар ақынның өмірі туралы көрініс қояды, өлеңдерін мәнерлеп оқиды, әнге жазылған шығармаларын орындайды. Мұндай кештер балалардың өнерге деген ықыласын арттырады әрі әдебиетке деген сүйіспеншілігін нығайтады [5, 88-б.].

Ақын шығармаларын оқытудағы тағы бір маңызды бағыт – пәнаралық байланыс. Табиғат тақырыбындағы өлеңдерді дүниетану пәнімен ұштастыруға болады. Мысалы, «Жазғы дала» өлеңін өткенде мұғалім оқушыларға жаз мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы қосымша мәлімет беріп, экологиялық тәрбие жүргізе алады [3, 94-б.]. Ал музыка сабағында ақын өлеңдеріне жазылған әндерді тыңдату, бірге айту – оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Мұғалімдер үшін тағы бір тиімді жол – қазіргі цифрлық технологияларды пайдалану. Мысалы, интерактивті тақта арқылы ақынның өмір жолын, шығармашылығын таныстыру, бейнежазбалар көрсету, интернеттегі әдеби порталдардан дерек алу – сабақтың мазмұнын байытады [5, 96-б.]. Сонымен бірге, оқушыларды топқа бөліп, онлайн викторина өткізуге болады. Мәселен, «Kahoot» платформасында «Сырбай Мәуленов кім?» атты сұрақ-жауап ойыны ұйымдастырылса, балалар үлкен қызығушылықпен қатысады.

Осы тәсілдердің барлығы ақын шығармаларын оқытудың тиімділігін арттырады. Нәтижесінде оқушылар тек әдеби білім ғана алмай, рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді. Олар туған жерін қадірлеуді, табиғатты қорғауды, Отанға адал болуды үйренеді [1, 57-б.].

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінің тарихында өшпес із қалдырған ұлы ақын. Оның шығармалары – халқымыздың рухани мұрасы ғана емес, қазіргі білім беру жүйесінде де аса құнды құрал болып табылады. Ақынның жырларынан ұлттық рух, отансүйгіштік, табиғатқа деген махаббат, ізгілік пен адалдық идеялары айқын сезіледі.
Мектеп тәжірибесінде С.Мәуленов шығармаларын жүйелі қолдану – оқушылардың әдеби талғамын қалыптастырумен қатар, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, азаматтық көзқарасын шыңдауға, туған жерін сүйетін нағыз патриот болып қалыптасуына ықпал етеді. Әдебиет сабақтарында, қазақ тілі пәнінде, сыныптан тыс іс-шараларда ақын мұрасын кеңінен қолдану – білім беру сапасын арттырудың, тәрбиенің мазмұнын байытудың ең тиімді жолдарының бірі.

Сонымен қатар, жаңа технологияларды, пәнаралық байланысты және шығармашылық тапсырмаларды пайдалану ақын шығармаларын оқытуды қызықты әрі мазмұнды етеді. Бұл әдістер арқылы оқушылар тек білім алып қана қоймайды, сонымен бірге өнерге, әдебиетке, табиғатқа, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

С.Мәуленов мұрасы – жас ұрпақ үшін сарқылмас қазына. Оны оқу-тәрбие процесінде кеңінен пайдалану – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, болашақ азаматтарды тәрбиелеу жолындағы маңызды міндет.

Әрине, ақын шығармаларын оқытуда кейбір қиындықтар кездесуі мүмкін. Мәселен, тарихи кезеңдерге байланысты түсіндірмелер бастауыш сынып оқушыларына ауыр болуы ықтимал. Бұл жағдайда мұғалім қосымша түсіндірме, көрнекілік материалдар, жеңілдетілген тапсырмалар қолдануы тиіс. Сондай-ақ оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай шығармаларды дұрыс таңдау маңызды [2, 126-б.].

Жалпы алғанда, С.Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде пайдалану – оқушылардың әдеби талғамын қалыптастыруға, тіл байлығын дамытуға, рухани-адамгершілік тұрғыда жетілуіне үлкен ықпал етеді. Ақын мұрасы – жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің ең тиімді құралы.
Қорытындылай келгенде, Сырбай Мәуленов шығармаларын мектеп тәжірибесінде кеңінен қолдану – бүгінгі мұғалімдердің басты міндеттерінің бірі. Бұл – жас ұрпаққа рухани тәрбие берудің, олардың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастырудың, ұлттық болашақты тәрбиелеудің сенімді жолы [3, 145-б.].

Әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиет теориясы негіздері / Құрастырған Қ.Әбдезұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016-200 бет
2. Қазақ әдебиеті: Оқулық. – Астана: Арман-ПВ, 2019-250 бет
3. Мәуленов С. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985-180 бет
4. Мұқашев Қ. Қазақ поэзиясының көркемдік әлемі. – Алматы: Мектеп, 2004-220 бет
5. Интернет ресурстары: www.adebiportal.kz , *www.kitap.kz*

Набат Мамық Раимқызы,
город Астана, школа-лицей № 37
имени Сырбая Мауленова
учитель математики

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ

Аннотация

Статья предназначена для учителей-предметников, в частности учителей математики, стремящихся интегрировать художественные и культурные элементы в образовательный процесс. В ней раскрываются возможности использования поэзии Сырбая Мауленова (1922–1993) для формирования духовно-нравственных и гражданских ценностей учащихся, а также для развития межпредметных связей между литературой и математикой. В работе показано, как творчество поэта может служить средством патриотического воспитания, развития критического и креативного мышления, а также формирования функциональной грамотности.

Поэзия в казахской культуре всегда имела особое значение: она служила хранителем национальной памяти, источником духовного богатства и средством формирования мировоззрения. Для Казахстана XX века, пережившего тяжёлые испытания войны и восстановления, слово стало не только художественным инструментом, но и фактором гражданского воспитания. Среди выдающихся представителей этого периода особое место занимает Сырбай Мауленов (1922–1993) — народный писатель Республики Казахстан, лауреат Государственной премии, кавалер орденов Отечественной войны I

степени, «Красного Знамени», «Дружбы народов» и «Знак Почета». Его творчество стало воплощением патриотизма, гуманизма и глубокого лиризма.

Изучение поэзии Мауленова в школе — важное направление духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения. В частности, в 7 классе по школьной программе изучаются отдельные произведения поэта, в которых отражены идеи любви к Родине, уважения к труду и красоте родной природы. Включение этих текстов не только на уроках литературы, но и в рамках междисциплинарных связей (например, на уроках математики, истории, географии) способствует развитию функциональной грамотности, умению видеть взаимосвязь между искусством и научным знанием, развитию их критического мышления и творческих способностей [1, стр. 15]. Цель данной работы - показать возможности интеграции поэзии Мауленова в процесс обучения, в том числе на уроках математики: анализ литературного наследия поэта, воспитание гражданских ценностей и применение его творчества в педагогической практике.

Творческое наследие Сырбая Мауленова и его воспитательный потенциал

Сырбай Мауленов родился в Костанайской области, и его судьба была тесно связана с историей страны. Он прошёл войну, участвовал в защите Родины, а затем посвятил жизнь литературе и общественной деятельности. Его стихи отличаются искренностью, гражданской силой и художественной образностью. Среди значимых сборников можно выделить «Жырлар» (1972), «Жер сұлулығы» (1976), «Жолдас уақыт» (1981), где отразились разные грани его поэтического мира. Сырбай Мауленов начал свою литературную деятельность вскоре после Великой Отечественной войны. Его первый сборник стихов «Өлеңдер жинағы» («Сборник стихов») вышел в 1948 году в Государственном объединённом издательстве Казахстана. Уже в этом сборнике проявились ключевые мотивы, которые будут сопровождать всё его творчество: любовь к Родине, уважение к труду, сила народного духа. Каждая из его последующих книг закрепляет за автором репутацию поэта, способного говорить о судьбе народа и личности, о войне и мире, о природе и человеке с одинаковой искренностью и силой.

Произведения С. Мауленова наполнены образами родной природы, героическим прошлым и размышлениями о будущем народа. Они несут в себе нравственный и воспитательный потенциал: формируют чувство патриотизма, бережное отношение к культурному наследию, пробуждают интерес к осмыслению собственного места в мире.

Например, в стихотворении «Қазақстаным» акцентируется величие Родины, её природные богатства и духовная сила народа [1, стр. 42]. Эти тексты могут использоваться на уроках литературы для развития навыков анализа художественного образа, а на уроках истории - как материал для понимания национального самосознания [2, стр. 67].

Лирика Мауленова о природе, например стихотворение «Жер шоқтығы – Көкшетау», раскрывает красоту родного края, что позволяет прививать учащимся экологическое сознание и любовь к родной земле [1, стр. 155].

Актуальность изучения наследия Сырбая Мауленова сегодня определяется несколькими факторами.

Во-первых, его творчество — это богатый источник патриотических идей, столь необходимых современному обществу. Стихи поэта, такие как «Солдат сыры» («Тайна солдата»), написанные на основе личного фронтового опыта, формируют у молодых читателей чувство сопричастности к истории страны, гордость за подвиги предков.

Во-вторых, в его лирике о природе, например в стихах «Жазғы дала» («Летняя степь»), «Туған жер» («Родина»), раскрывается красота родного края, которая воспитывает у школьников и студентов любовь к земле, уважение к национальным традициям, экологическую сознательность [1, стр. 168].

В-третьих, произведения Мауленова открывают широкие педагогические возможности. Они могут быть использованы не только на уроках литературы, но и в межпредметной интеграции — на занятиях истории, географии, а также даже математики

и физики. Так, структура стихотворного ритма или образные числовые сравнения позволяют показать школьникам красоту гармонии между искусством и наукой, развивая креативное мышление и умение видеть связь между различными сферами знания.

Поэзия Сырбая Мауленова (1922–1993) занимает особое место в казахской литературе второй половины XX века. Его творчество объединяет военный опыт, глубокое чувство гражданской ответственности и философское осмысление родины, природы и судьбы народа. Для образовательного процесса важно подчеркнуть именно эти аспекты, поскольку они позволяют использовать произведения поэта как средство патриотического и нравственного воспитания.

Одним из ключевых мотивов поэзии Сырбая Мауленова является любовь к родной земле. Его строки наполнены образами степей, рек, гор и бескрайнего неба, которые становятся символами вечности и силы народа. Родина в его стихах — не абстрактное понятие, а живая сущность, требующая любви и защиты.

В стихотворении «Менің Қазақстаным» поэт выражает восторг перед просторами родной земли:

«Қазынам, байлығым – далам,
Әлемге нұрын шашқан ғалам» [2, стр. 67].

Здесь мы видим, что образ Родины соединяется с понятием света и вселенской ценности, что воспитывает у учащихся чувство гордости за свою страну.

Сырбай Мауленов был фронтовиком, участником Великой Отечественной войны. Военные впечатления нашли отражение во множестве стихотворений, где он воспевает героизм солдат, боль утрат и величие подвига. В произведении «Сарбаздар» он писал:

«Жауынгер – жүрек,
Жауынгер – ел тірегі» [2, с. 112].

Эти строки демонстрируют не только пафос борьбы, но и акцент на личной ответственности каждого человека перед народом. Для образовательного процесса подобные стихи могут быть использованы на уроках истории и литературы в качестве примеров гражданской позиции и патриотизма, а на уроках математики — в контексте задач, связанных с историческими датами, статистикой войны, что позволяет соединить художественное слово и точные данные.

Природа в поэзии Мауленова — это не просто фон, а источник духовной силы. В стихотворении «Туған жер» он пишет:

«Туған жер – алтын бесігім,
Саған деген махаббат – мәңгілік» [5, с. 67].

Природа воспитывает в человеке чувство гармонии, формирует уважение к истокам. В образовательной практике эти мотивы могут использоваться для интеграции с уроками биологии, географии, а также как лирический материал на занятиях по математике, например, при изучении симметрии и гармонии в природе.

Помимо патриотических и военных тем, Мауленов поднимает вопросы смысла жизни, человеческого достоинства, труда и единства народа. Его философские стихотворения позволяют рассматривать поэзию не только как художественное явление, но и как средство воспитания мышления и критического анализа. Таким образом, творчество Сырбая Мауленова отличается многогранностью: в нём соединяются патриотизм, героизм, уважение к труду и философская глубина. Эти качества делают его наследие ценным инструментом для школы, позволяя через художественное слово формировать духовные и гражданские качества учащихся.

Интеграция поэзии Сырбая Мауленова и математики

На первый взгляд может показаться, что математика и поэзия существуют в разных мирах: одна основана на строгой логике, а другая — на образах и чувствах. Однако педагогический опыт показывает, что интеграция гуманитарного материала в преподавание математики усиливает мотивацию учащихся, помогает им видеть красоту закономерностей и осознавать математику как часть культуры.

Поэзия Сырбая Мауленова особенно подходит для этой цели, так как в его произведениях тесно переплетаются точность мысли, ясность формы и глубина содержания.

Использование поэзии Сырбая Мауленова как мотивационного приёма при изучении темы «Функции и графики» учитель может начать урок с цитаты Мауленова:
«Жолдар да қисық, жолдар да түзу,
Барады бәрі – бір мақсатқа» [1, с. 89].

Эти строки, образно говоря, отражают идею функций: разные пути (линии) ведут к одной цели (значению). Таким образом, поэт помогает ученикам настроиться на восприятие абстрактного понятия через метафору. Особый интерес представляет использование поэзии Мауленова в формировании функциональной грамотности учащихся. Математика здесь становится инструментом, который помогает глубже понять текст. Например, в стихотворении «Жер шоқтығы – Көкшетау» встречается богатое описание числовых величин и пространственных образов [1, стр. 73]. Учитель может предложить задания:

•определить пропорции, встречающиеся в описании природных объектов;

•построить график, отражающий ритм повторяющихся слов или строк;

•вычислить частотность употребления определённых слов и обсудить её художественное значение [3, стр. 211]. Такие упражнения позволяют соединить художественный текст с математическими методами анализа, развивая у школьников критическое и системное мышление

Практические примеры использования поэзии Сырбая Мауленова на уроках математики

1. Интеграция с задачами

В задачах можно использовать строки Мауленова как сюжет. Например, в стихотворении «Сарбаздар» говорится:
«Жауынгер – жүрек,
Жауынгер – ел тірегі» [1, с. 112].

Задача 1: «Во время войны в один батальон прибыло 120 солдат. Каждый третий был награждён медалью, каждый четвёртый – орденом. Сколько всего воинов получили награды?».

Задача 2: «Пусть количество солдат в батальоне зависит от времени. Запишите функцию $N(t) = 120 - 5t$, где t — количество дней, а $N(t)$ — численность батальона. Постройте график и объясните, что означает точка, где функция обращается в ноль». Ожидаемый ответ: функция показывает уменьшение численности; нулевая точка — символ конца боя. Таким образом, поэзия связывается с арифметикой и даёт дополнительный смысл.

2. Графическая интерпретация поэзии

В стихотворении «Туған жер» встречаются строки:
«Туған жер – алтын бесігім,
Саған деген махаббат – мәңгілік» [3, с. 67].
Учитель предлагает построить график функции $y = \sin x$, обсуждая понятие бесконечности («мәңгілік»). Волнообразное повторение графика можно ассоциировать с бесконечным чувством любви к родине.

3. Алгебра и пропорции

При изучении пропорций можно вспомнить строки:
«Ел мен жер – егіз,
Бірінсіз бірі жоқ» [3, с. 54].
Учитель поясняет, что «егіз» (близнецы) можно интерпретировать как равенство двух частей — аналог математической пропорции.

4. Геометрия и метафоры

В поэзии Сырбая Мауленова часто встречаются образы линий, дорог, горизонтов. Это позволяет связать их с геометрией:

•прямая линия — символ честности, прямоты;

•круг — символ вечности и гармонии;

•угол — символ выбора пути.

Пример: Задача по геометрии может сопровождаться эпиграфом:

«Шексіз жолдар,

Шексіз үміт» [1, с. 77].

5. Анализ количественных образов в стихотворении

Стихотворение: «Жер шоқтығы – Көкшетау» [1, стр. 155]

Задание:

В тексте встречаются упоминания о горах, степях, реках. Определите пропорции упоминаний каждого объекта. Составьте таблицу «Образ – количество упоминаний».

Постройте круговую диаграмму, отражающую распределение природных объектов.

Цель: развить навыки сбора и представления информации, работу с таблицами и диаграммами.

6. Построение графика ритма повторяющихся слов

Стихотворение: «Қазақстаным» [1, стр. 45]

Задание:

•Определите, какие слова повторяются чаще всего (например: «жер», «ел», «бақыт»).

•Постройте линейный график, где по оси X — строки стихотворения, а по оси Y — количество повторов ключевых слов.

•Проанализируйте, как ритм повторений отражает эмоциональную окраску текста.

Цель: развитие аналитического мышления, умения визуализировать данные и делать выводы.

7. Создание информационной таблицы и инфографики

Стихотворение: «Туған жер» [1, стр. 200]

Задание:

•Составьте таблицу «Образ – характеристика – эмоциональный эффект».

•На основе таблицы создайте инфографику, которая покажет основные мотивы стихотворения.

Цель: формирование навыков структурирования информации, умения визуализировать данные.

Ученики видят, что бесконечность в математике и в поэзии имеет общий философский смысл. Через использование поэзии Сырбая Мауленова на уроках математики учитель решает не только учебные задачи, но и воспитательные:

- формирует патриотизм;
- развивает чувство гармонии и красоты;
- учит видеть связь науки и искусства;
- показывает, что математика — это не сухая дисциплина, а часть культуры и духовного мира народа.

В условиях обновлённого содержания образования Республики Казахстан важное внимание уделяется развитию функциональной грамотности учащихся. Это означает способность применять полученные знания на практике, в реальных жизненных ситуациях.

Математика играет в этом процессе особую роль. Если литература развивает образное мышление и эмоциональное восприятие мира, то математика учит логике, системности, анализу и прогнозированию. Объединив эти направления, можно сформировать у школьников умение видеть математику не только как набор формул, но и как универсальный язык описания реальности.

Сырбай Мауленов в своих стихах часто обращался к темам Родины, войны, степи, природы, героизма. Эти образы можно использовать как контекст для математических задач, которые помогут развивать функциональную грамотность.

Пример: в стихотворении Сырбая Мауленова «Степь» («Дала») описывается бескрайнее пространство, уходящее за горизонт. Учитель математики может предложить учащимся задачу:

- сравнить площади участков степи на схеме;
- найти длину маршрута, если пастух идёт по степи из одной точки в другую;
- использовать образ «бескрайности» как вводное задание при изучении понятий бесконечности и предела.

Таким образом, поэзия Сырбая Мауленова становится не только художественным текстом, но и образной рамкой для математики, которая помогает формировать у школьников умение применять знания на практике.

Использование поэзии Сырбая Мауленова на уроках математики — это не только средство расширения кругозора учеников, но и метод формирования у них ценностных ориентиров, патриотизма, функциональной грамотности. Чтобы этот процесс был эффективным, важно учитывать методологические аспекты.

Принципы интеграции поэзии и математики:

1.Принцип межпредметности

Поэзия становится естественным контекстом для математической задачи. Ученики видят, что математика существует в литературе, а литература может вдохновлять на математическое мышление.

2.Принцип патриотического воспитания

В произведениях Сырбая Мауленова заложены образы Родины, природы, воинского подвига. Эти идеи можно использовать для воспитания гражданственности через математику.

3.Принцип функциональной грамотности

Задачи должны быть построены так, чтобы они решались не только «по правилам», но и требовали осмысления текста, поиска связи между литературным образом и математической моделью.

4.Принцип креативности

Ученикам можно предлагать самим составлять математические задачи по мотивам стихотворений Мауленова — это развивает их творческое мышление.

Творчество Сырбая Мауленова — это уникальное явление казахской литературы XX века. Его поэзия вобрала в себя темы войны и мужества, любви к Родине и природе, верности долгу и памяти. Для современного поколения стихи Сырбая Мауленова являются не только художественным наследием, но и воспитательным ресурсом, способным формировать ценности гражданственности, патриотизма, трудолюбия и уважения к истории своей страны.

В рамках целей конференции — раскрыть гражданскую и воинскую сущность поэта, оценить его вклад в литературу и воспитать патриотизм у молодёжи — использование его поэзии в образовательном процессе приобретает особое значение.

В данной работе продемонстрировано, что:

1. Поэзия Сырбая Мауленова может быть интегрирована в преподавание математики.
- Через цитаты и образы (река, степь, звёзды, война).
- Через задачи на движение, геометрию, алгебру, вероятность.
- Через формирование функциональной грамотности, когда художественный текст становится жизненной задачей.

2. Практические приёмы включают:
- превращение стихотворных строк в основу математической задачи;
- использование военной и природной лирики для моделирования арифметических и алгебраических ситуаций;

- привлечение учащихся к составлению собственных интегрированных заданий.

3. Методическая ценность интеграции поэзии и математики заключается в том, что она:

- развивает креативное мышление;
- повышает интерес к учебе;
- позволяет связать «строгую» науку и «живую» литературу;
- формирует национальное самосознание через образовательный процесс.

Заключение

Творческое наследие Сырбая Мауленова — это не только художественные произведения, но и источник для воспитания патриотизма, гражданской ответственности, духовных ценностей. Его поэзия органично встраивается в образовательный процесс, в том числе на уроках математики.

Использование стихотворений Сырбая Мауленова позволяет формировать междисциплинарные компетенции, связывать литературу и точные науки, развивать функциональную грамотность школьников. Таким образом, математика обретает живой культурный контекст, а поэзия получает новое звучание — через язык чисел, формул и моделей.

Список использованной литературы:

1. Мауленов С. Жырлар. – Алматы: Жазушы, 1981.
2. Жұмаділов Қ. Қазақ поэзиясындағы ұлт рухы. – Алматы: Санат, 2004.
3. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Ғылым, 1998.
4. Әдебиет және өнер энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010.
5. Әдебиеттану. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы / Құраст.: Р.Нұрғали, С.Қирабаев. – Алматы: Санат, 1998.
6. Мауленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1986.
7. Сырбай Мауленов — биография, книги, отзывы, цитаты // LiveLib. [Электронный ресурс]. URL: https://www.livelib.ru/author/533390-syrbaj-maulenov
8. Темірбеков С.А., Жұмадуллаев Қ.А. Математическая грамотность: Учебное пособие для подготовки к ЕНТ. – Алматы: Мектеп, 2020.
9. OECD. PISA 2022 Results: Mathematical Literacy. – Paris: OECD Publishing, 2023.

Надирова Гулзилла Сатибалдиевна
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Береке ауылы
Әл-Фараби атындағы №47 жалпы білім беретін мектебі
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ

Қазақ поэзиясының дәстүрлі дауысы болып табылатын табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілік тақырыбы қазіргі заманғы ақындардың шығармашылығында да терең дамып келеді. Сырбай Мәуленов сияқты ақындар бұл ұлттық дәстүрді жаңа көркемдік деңгейге көтере отырып, өздерінің лирикалық арналары арқылы қазақ жерінің сұлулығы мен киелілігін жырлайды.

Сырбай Мәуленов - қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, табиғат лирикасының шебері. 1922 жылы Жамбыл облысының Қордай ауданында дүниеге келген ақын өзінің ұзақ шығармашылық жолында қазақ әдебиетіне терең із қалдырды.

Оның поэзиясы ерекше лиризммен, философиялық тереңдікпен және табиғатқа деген шексіз махаббатпен ерекшеленеді. Ақын шығармаларында қазақ даласының ауызша дәстүрі мен жазба әдебиеттің үйлесімді синтезін көруге болады.

Сырбай поэзиясында табиғат жанды болмыс ретінде бейнеленеді. Ол таулар мен өзендерге адам қасиеттерін беріп, олармен тілдеседі, олардың сезімдерін жеткізеді
Мысалы, "Ақтауда" атты өлеңінде тау ақынмен ақылдасып, өз ішкі дүниесін ашып береді. Табиғаттың әрбір элементі ақын поэзиясында терең символдық мағынаға ие болады. Дала - туған жердің кеңдігі, тау - билікті қуат пен мәңгілік, өзен - өмірдің ағымы мен уақыттың өтуі. Бұл символдар арқылы ақын адам өмірінің философиялық мәселелерін көтереді.

Сырбай шығармаларында сезімдердің қосылуы жиі кездеседі. Ол дыбыстарды көреді, түстерді естиді, иістерді сезінеді. Бұл тәсіл оқырманға табиғаттың толық суретін жеткізуге көмектеседі. Ақынның бұл техникасы оның поэзиясын ерекше әсерлі етеді.

Сырбай поэзиясында туған жерге деген махаббат тек сентименталдық сезім ғана емес, терең руханилық пен философиялық түсінік. Ақын өзін қазақ жерінің бөлшегі ретінде сезінеді, оның тарихы мен табиғатымен ажырамас байланыста екенін мойындайды.

Ол "Менің жүрегім - қазақ даласы" деп жазып, өзінің ішкі дүниесін туған жерімен теңестіреді.

Ақын өз өлеңдерінде нақты географиялық нысандарды: Алатау, Іле, Қапшағай, Бурабай сияқты жерлерді жырлайды. Бұл дәлдік оның туған жерді тереп білуінен және нақты орындарға деген ерекше сүйіспеншілігінен туындайды.

Әрбір жер аты ақын үшін өзіндік тарих пен мәдени мұраны білдіреді.
Сырбай поэзиясында туған жер мәңгілік категория ретінде көрінеді. Ол өткен, қазіргі және келешекті байланыстырушы көпір рөлін атқарады. Ақын ата-бабаларының дәстүрлері мен келешек ұрпақтың арасындағы сабақтастықты сезінеді.

Туған жер ұрпақтар сабақтастығының символы болып табылады.
Сырбай поэзиясындағы лирикалық кейіпкер күрделі психологиялық портретке ие. Ол бір мезетте философ, табиғат сүйгіші, отан сүйгіші және кәдімгі адам. Бұл көп қырлылық ақынның адам табиғатын терең түсінуінен туындайды.

Лирикалық "мен" табиғатпен тілдесуде өзінің ең жақсы қасиеттерін ашады, ал туған жерге деген махаббат арқылы рухани тазаруға жетеді.
Ақынның лирикалық кейіпкері үнемі іздену үстінде. Ол табиғаттың құпияларын түсінуге, туған жердің тарихын тануға, өз өмірінің мағынасын табуға тырысады. Бұл іздену процесі поэзияның негізгі қозғаушы күші болып табылады және оқырманды да ойлануға мәжбүр етеді.

Сырбай поэзиясы халықтық тілдің байлығына негізделген. Ол ауызша дәстүрдің сөз байлығын, мақал-мәтелдерді, теңеулерді шебер пайдаланады. Ақынның тілі жасанды емес, табиғи және көркем.

Ақын сөзбен сурет салушы суретші сияқты. Оның әрбір жолы бейне, әрбір шумақ көркем композиция. Табиғатты сипаттауда ол барлық сезім мүшелеріне жүгінеді: көру, есту, сезіну, дәм тату, иіс сезу.

Сырбай өлеңдерінің ерекше музыкалдығы бар. Олар оқылғанда да, жатқа айтылғанда да әдемі естіледі. Бұл ақынның ауызша дәстүрді жақсы білуінен және өз тілінің музыкалдық мүмкіндіктерін пайдалана білуінен туындайды.

Алатау, Ақтау және басқа таулар ақын поэзиясында биліктің, мәңгіліктің және даналықтың символы. Таулар лирикалық кейіпкерді рухани биіктікке көтереді, оған өмірдің терең мәнін ұғындырады.

Терек, қайың, шөп, гүлдер - олар өмірдің нәзіктігі мен сұлулығының символы. Ақын өсімдіктер арқылы адам жанының инкәм сезімдерін жеткізеді, табиғат пен адам арасындағы сырлас қарым-қатынасты көрсетеді.
Өзен, көл, бұлақ - бұлар өмірдің қайнар көзі, таза сезімдердің символы. Сырбай поэзиясында су уақыттың ағымын, өмірдің өзгеруін және жаңаруды білдіреді.

Шексіз қазақ даласы еркіндіктің, кеңдіктің және рухани байлықтың символы. Дала лирикалық кейіпкердің жан дүниесінің кеңдігін көрсетеді, оның ойларының шексіздігін бейнелейді.

Көктем Сырбай поэзиясында жаңа өмірдің, үміттің және махаббаттың символы. Ақын көктемгі табиғаттың оянуын адам жанының рухани жаңаруымен салыстырады. Көктемгі гүлдер, бұлақтардың шарылдауы, құстардың сайрауы - бәрі өмірдің жаңа циклінің басталуын хабарлайды.

Жаз - өмірдің ең толық кезеңі, энергия мен шығармашылықтың шыңы. Ақын жазғы табиғатты арқылы адам өмірінің ең бақытты сәттерін бейнелейди. Алтын бидай алқаптары, жасыл жайлаулар, ақ бұлттар - жазғы сұлулықтың символдары.

Күз философиялық ойлардың, өткен өмірге деген ностальгияның мезгілі. Сырбай күзгі табиғатты арқылы адам өмірінің күзінің сұлулығын жырлайды. Сары жапырақтар, жетілген жемістер, тыныш табиғат - даналық пен тәжірибенің символдары.

Қыс тыныштықтың, ішкі ой-толғаныстардың мезгілі. Ақ қар, тыныш тау шыңдары, аяздың түсі - бәрі лирикалық кейіпкердің ішкі дүниесінің тереңдігін көрсетеді. Қысқы табиғат арқылы ақын өмірдің мәңгілік мәселелерін көтереді.

Қыс тыныштықтың, ішкі ой-толғаныстардың мезгілі. Ақ қар, тыныш тау шыңдары, аяздың түсі - бәрі лирикалық кейіпкердің ішкі дүниесінің тереңдігін көрсетеді. Қысқы табиғат арқылы ақын өмірдің мәңгілік мәселелерін көтереді. Сырбай поэзиясының терең философиялық тақырыбы - мәңгілік пен уақытшаның қайшылығы. Ақын адам өмірінің қысқалығын табиғаттың мәңгілігімен салыстыра отырып, осы қайшылықтың ішінде адамның өз орнын табу мәселесін көтереді.

Табиғаттың циклдік қайталануы - мезгілдердің ауысуы, күн мен түннің кезектесуі, өмір мен өлімнің алмасуы - ақын үшін өмірдің заңдылығының көрінісі. Бұл циклділік адамға үміт пен жұбаныш береді.

Табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік - Сырбай поэзиясының басты идеясы. Ақын қазіргі өркениеттің табиғаттан алыстататынын мойындай отырып, осы үйлесімділікті қалпына келтіру қажеттігін айтады.

Табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік - Сырбай поэзиясының басты идеясы. Ақын қазіргі өркениеттің табиғаттан алыстататынын мойындай отырып, осы үйлесімділікті қалпына келтіру қажеттігін айтады.

Сырбай поэзиясы қазақ ауызша дәстүрінің терең тамырларына негізделген. Ол ақын-жырауларды дәстүрін жалғастыра отырып, олардың табиғатқа деген көзқарасын, тілдік байлығын және поэтикалық тәсілдерін қазіргі заманға сай етіп дамытады.

Сырбай поэзиясы қазақ ауызша дәстүрінің терең тамырларына негізделген. Ол ақын-жырауларды дәстүрін жалғастыра отырып, олардың табиғатқа деген көзқарасын, тілдік байлығын және поэтикалық тәсілдерін қазіргі заманға сай етіп дамытады.

Дәстүрге сүйене отырып, Сырбай өз поэзиясына жаңашыл элементтерді де енгізеді. Ол қазіргі заманның әдеби тілін пайдаланып, қазіргі адамның жан дүниесін жеткізе алады.

Ақынның жаңашылдығы тақырыптық кеңдікте, көркемдік тәсілдердің жаңаруында, психологиялық талдаудың тереңдеуінде көрінеді.

Ақынның жаңашылдығы тақырыптық кеңдікте, көркемдік тәсілдердің жаңаруында, психологиялық талдаудың тереңдеуінде көрінеді.

Ақын поэзиясының ерекше музыкалдығы бар. Оның өлеңдері дыбысталу барысында ерекше әуен тудырады. Бұл халықтық өлеңдердің дәстүрінен, сондай-ақ, ақынның тілдің музыкалдық мүмкіндіктерін шебер пайдалана білуінен туындайды.

Ақын поэзиясының ерекше музыкалдығы бар. Оның өлеңдері дыбысталу барысында ерекше әуен тудырады. Бұл халықтық өлеңдердің дәстүрінен, сондай-ақ, ақынның тілдің музыкалдық мүмкіндіктерін шебер пайдалана білуінен туындайды.

Ақын поэзиясының ерекше музыкалдығы бар. Оның өлеңдері дыбысталу барысында ерекше әуен тудырады. Бұл халықтық өлеңдердің дәстүрінен, сондай-ақ, ақынның тілдің музыкалдық мүмкіндіктерін шебер пайдалана білуінен туындайды.

Ақынның жиырмадан астам поэзия жинағы жарық көрді.

Жүздеген өлеңі халық жадына қашалды және мәдени мұра болды. Сырбай поэзиясы қазіргі заманда да өзекті. Табиғатты қорғау, туған жерге деген махаббат, рухани құндылықтарды сақтау мәселелері бүгінгі күні де маңызды. Ақынның шығармалары жас ұрпаққа қазақ тілінің сұлулығын, туған жердің қасиеттілігін ұғындыруға көмектеседі.

Оның поэзиясы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде келешек ұрпақтарға беріліп отыр. Сырбай шығармашылығы - қазақ поэзиясының алтын қоры, ұлттық рухтың жомарт қайнар көзі.

Табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілік - адам жанының ең таза, ең асыл сезімі. Сырбай поэзиясы осы сезімді жырға айналдырып, оны мәңгілік етті." Сырбай поэзиясы қазақ халқының рухани байлығының көрнісі. Ол табиғат пен туған жерге деген махаббат арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін ашады, рухани тазалыққа жетелейді.

Сырбай поэзиясы қазақ халқының рухани байлығының көрнісі. Ол табиғат пен туған жерге деген махаббат арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін ашады, рухани тазалыққа жетелейді. Табиғатты қорғау, экологиялық сана, туған жерге деген жауапкершілік сезімі - Сырбай поэзиясының бұл тақырыптары бүгінгі күні де өте өзекті. Оның шығармалары қазіргі заманның мәселелеріне жауап береді.

Сырбай Мәуленов поэзиясы - қазақ әдебиетінің жарқын беті, табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншіліктің поэтикалық көрінісі. Оның лирикалық арналары қазақ поэзиясын байытып, ұлттық рухтың тереңдігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ақынның өз шығармалары: «Жолдас жырлар» (өлеңдер жинағы) ,«Құлыншақ», «Жолда», «Жүрек жыры», «Таңдамалы шығармалар» – поэзиялық жинақтары, «Көктем таңы», «Жаңғырған Мекен», «Сырдария» – өлеңдері
2 Балаларға арналған шығармалары: «Біздің үйдің жұлдызы», «Балдырған балладасы»
3 Ғылыми-әдеби еңбектер мен зерттеулер:
4 Қазақ әдебиетінің тарихы (Көп томдық, 20 ғ. әдебиеті)
5 Қабдолов – «Сөз өнері»
6 М. Базарбаев – «Қазақ поэзиясының тарихы»

Нариман Анар,
Алматы қаласы,
МЕББМ “Қазақстан-Ресей жоғары медициналық колледжі”

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ПЕН ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Сырбай Мәуленов поэзиясындағы сарбаздық рух пен ұлттық болмыстың көрінісі өзара сабақтастықта қарастырылады. Ақын шығармаларынан соғыс жылдарының тарихи шындығы, жауынгердің рухани төзімділігі мен ерлікке толы бейнесі айқын байқалады. Сонымен қатар, туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық құндылықтарды ардақтау, табиғат пен адамның үйлесімділігі Мәуленов лирикасының негізгі арқауы ретінде талданады. Зерттеу барысында сарбаздық рух пен ұлттық болмыстың бір-бірімен байланысы ашылып, олардың бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі орны айқындалады. Ақын поэзиясының тәрбиелік, отансүйгіштік мәні қазіргі қоғам үшін де өзекті екендігі негізделеді.

Түйінді сөздер

Сырбай Мәуленов, сарбаздық рух, ұлттық болмыс, қазақ поэзиясы, отансүйгіштік, ерлік, рухани төзімділік, тәрбиелік мән.

Кіріспе

Қазақ поэзиясы тарихында сарқылмас тақырыптардың бірі – елдік рух пен ұлттық болмыс мәселесі. Бұл ұғымдар әр кезеңдегі әдебиет өкілдерінің шығармашылығынан өзіндік мәнімен көрініп келеді. Солардың ішінде Сырбай Мәуленовтің шығармашылық мұрасы ерекше орын алады. Ақын – майдангер, қоғам қайраткері әрі туған халқының рухани болмысын терең бейнелеген тұлға. Оның қаламынан туған өлеңдер мен поэмаларда ұлттық идея, азаматтық ұстаным, сарбаздық рух пен ұлттық болмыс тоғыса өріліп, тұтас дүниетаным қалыптастырды.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясы қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы ұлттық руханияттың алтын қорына енді. Әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында туған шығармалары қазақ жауынгерінің ерлігін, майдандағы ауыр тағдырын, рухани беріктігін бейнелеуімен құнды. Сарбаздық рух – тек майдан тақырыбындағы шығармаларда ғана емес, ақынның бүкіл поэзиясында көрініс табатын идея. Бұл – халықтың тарихи жадымен, ел қорғау дәстүрімен сабақтасқан, әр қазақтың болмысына тән құндылық.

Сонымен қатар, ақынның туған жерге арналған өлеңдері, табиғат лирикасы мен ұлттық құндылықтарды дәріптеген туындылары қазақтың ұлттық болмысын айқындайды. Табиғат пен адамның үйлесімділігі, туған жерге деген махаббат, елдік сана – Мәуленов шығармашылығында сарбаздық рухпен қатар өрілген мәнді арналар. Осы тұрғыдан қарағанда, сарбаздық рух пен ұлттық болмыс бір-бірінен ажырамайтын егіз ұғым ретінде көрінеді.

Зерттеу өзектілігі – Мәуленов поэзиясындағы сарбаздық рух пен ұлттық болмыстың сабақтастығын ашу арқылы қазіргі қоғамға қажетті рухани-тәлімдік құндылықтарды көрсету. Бүгінгі ұрпаққа елдік идеяны, отансүйгіштік сезімді, ұлттық сананы қалыптастыруда ақын шығармашылығы маңызды қайнар көз болып табылады.

Мақаланың мақсаты – Сырбай Мәуленов поэзиясындағы сарбаздық рух пен ұлттық болмыстың байланысын ғылыми тұрғыда талдау және олардың қазіргі жастар тәрбиесіндегі рөлін айқындау.

Міндеттері:

- Ақын шығармаларындағы сарбаздық рухтың мазмұнын ашу;
- Ұлттық болмыстың поэтикалық бейнелену ерекшеліктерін талдау;
- Сарбаздық рух пен ұлттық болмыстың өзара сабақтастығын көрсету;
- Мәуленов поэзиясының тәрбиелік мәні мен рухани құндылығын бағамдау.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу жұмысының дереккөзін ең алдымен Сырбай Мәуленовтің әр жылдары жарық көрген өлеңдері, поэмалары және әдеби-сын мақалалары құрайды. Әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыс жылдары жазылған шығармалары сарбаздық рух ұғымын терең ашуға мүмкіндік берді. Бұл туындыларда майдангердің ерлігі, жауынгерлік рухы, ел мен жер алдындағы жауапкершілігі бейнеленген. Сонымен қатар, ақынның туған жер, ұлттық құндылықтар, табиғат туралы өлеңдері ұлттық болмысты сипаттайтын негізгі дереккөз ретінде қарастырылды [1, 112-б.].

Зерттеу барысында әдебиеттанудың бірнеше әдіс-тәсілдері қолданылды. Біріншіден, **тарихи-әдеби талдау әдісі**. Бұл әдіс арқылы Мәуленов шығармаларының жазылған уақыты, тарихи жағдайы және сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің дамуымен байланысы қарастырылды [2, 43-б.]. Соғыс жылдары туған поэзияны сол дәуірдегі қоғамдық-саяси жағдаймен салыстыра отырып талдау, сарбаздық рухтың ұлттық болмыспен сабақтастығын айқындауға негіз болды.

Екіншіден, салыстырмалы-компаративистикалық тәсіл. Бұл тәсіл арқылы С. Мәуленовтің шығармалары басқа қазақ ақындарының (Ж. Молдағалиев, Б. Момышұлы, Ә. Нұршайықов) еңбектерімен салыстырылды. Нәтижесінде, сарбаздық рух тақырыбының жалпы қазақ әдебиетінде алатын орны айқындалды [3, 59-б.]. Сонымен бірге, ұлттық болмыс мәселесі классикалық дәстүрдегі М. Жұмабаев, І. Жансүгіров шығармаларымен салыстырмалы тұрғыда қарастырылды.

Үшіншіден, мазмұндық-семантикалық талдау әдісі. Ақын поэзиясындағы негізгі ұғымдар – «Отан», «жауынгер», «ел», «табиғат», «жер» секілді кілтті сөздер талданып, олардың көркемдік мәні айқындалды. Бұл әдіс ақын поэзиясында ұлттық болмыс пен сарбаздық рухтың көркемдік деңгейде қалай сабақтасқанын көрсетуге мүмкіндік берді [4, 21-б.].

Төртіншіден, идеялық-көркемдік интерпретация әдісі қолданылды. Мәуленовтің туындылары тек мазмұндық жағынан ғана емес, көркемдік құрылымы, поэтикалық бейнелері, образдық жүйесі тұрғысынан қарастырылды. Бұл ақын шығармаларындағы сарбаздық рух пен ұлттық болмыстың поэтикалық деңгейдегі көрінісін ашуға жағдай жасады [5, 88-б.].

Зерттеудің ғылыми негізділігін арттыру үшін қазақ әдебиетінің іргелі еңбектері, зерттеушілердің ғылыми мақалалары мен монографиялары пайдаланылды. Мәселен, О. Әбдіманұлы мен Н. Досанованың қазақ поэзиясының әлемдік дәстүрдегі орны туралы зерттеулері ұлттық болмысты кең ауқымда қарастыруға мүмкіндік берді [6, 96-б.]. Сондай-ақ, К. Қалиев пен Ә. Болғанбаев еңбектеріндегі тілдік-лексикалық талдаулар ақын өлеңдерінің ұлттық болмысқа қатысты лексикалық ерекшеліктерін саралауда қолданылды [7, 152-б.].

Осылайша, мақаланы жазуда тарихи-әдеби, салыстырмалы, мазмұндық-семантикалық және идеялық-көркемдік әдістер кешенді түрде пайдаланылды. Бұл тәсілдер Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух пен ұлттық болмыстың сабақтастығын жан-жақты ашып көрсетуге жағдай жасады.

Нәтижелер және талқылау

1. Сарбаздық рух

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы басты тақырыптардың бірі – сарбаздық рух. Ақынның шығармашылық ғұмырында майдан шындығын бейнелеу, жауынгердің ерлігін дәріптеу және жеңіске деген сенімді жеткізу айрықша орын алады. Ол соғысқа қатысушы ретінде майдангер тағдырын тек сырттай бақылаушы емес, өз басынан өткерген жанды сезіммен жырлады. Сондықтан да оның шығармаларындағы сарбаздық рух – шынайылыққа, жеке тәжірибеге негізделген көркем бейнелер жүйесі [1, 98-б.].

Ақынның «Жауынгер сыры», «Батыр достар», «Қазақ солдаты» сынды өлеңдерінде жауынгер бейнесі тек батырлық символы емес, сонымен бірге рухани төзімділік пен адамгершілік қағидаттарының иесі ретінде бейнеленеді. Бұл шығармаларда «ерлік», «төзімділік», «сенім» секілді ұғымдар негізгі идеялық өзекке айналған. Мәуленов поэзиясында сарбаз тек соғысушы күш емес, ол – туған жердің аманаты үшін жанын қиюға дайын тұлға [2, 54-б.].

Соғыс тақырыбындағы поэзиясында автор майдандағы ауыр жағдайларды суреттей отырып, жауынгердің елге, Отанға деген шексіз сүйіспеншілігін көрсетеді. Мәселен, ақын кейіпкерлері қашан да туған жерді ойлайды, артындағы ана мен балаға алаңдайды. Бұл тұрғыда сарбаздық рух – тек қарумен шайқасу емес, сонымен бірге рухани беріктік пен адамдық борышты өтеу. Мұндай сипаттамалар соғыстың тарихи контексінде ұлттық болмыстың сақталуына, елдік сананың нығаюына ықпал етті [3, 61-б.].

Сонымен қатар, Мәуленов поэзиясында сарбаздық рух бейнесі тек дәстүрлі батырлық ұғымымен шектелмейді. Ақын соғысты тек ерлік эпопеясы ретінде емес, адамзаттық қасірет ретінде де суреттейді. Ол жауынгердің ауыр тұрмысын, майдандағы күнделікті күйзелістерін суреттей отырып, сонымен қатар жеңіске деген сенімді өшірмейді. Бұл – поэзиядағы реалистік сипаттың күшеюін қамтамасыз еткен көркемдік тәсіл [4, 73-б.].

Әдебиеттанушы ғалымдар атап өткендей, Мәуленов шығармалары қазақ соғыс поэзиясының дәстүрін жалғастырып қана қоймай, оны жаңа сапаға көтерді [5, 127-б.]. Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасы ұлттық рухты көтерген шығарма болса, Мәуленовтің өлеңдері сол рухтың майдангерлік қырын ашты. Осылайша, ақынның

поэзиясында сарбаздық рух – ұлттық болмыспен табиғи түрде астасқан идея ретінде көрініс тапты.

Жалпы алғанда, Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух үш негізгі қырынан айқындалады:

1.Ерлік пен батырлық бейнесі – жауынгердің отан қорғаудағы қайсарлығы;

2.Рухани төзімділік – майдангердің ішкі әлеміндегі сабыр, сенім, қайрат;

3.Отанға сүйіспеншілік – елге, туған жерге деген адалдық пен жауапкершілік.

Осы сипаттамалар сарбаздық рухты қазақ әдебиетінде ұлттық болмыстың маңызды құрамдас бөлігі ретінде танытады. Мәуленов поэзиясы – сарбаздық рухтың халықтық сипатқа ие болғанын дәлелдейтін көркем куәлік.

2. Ұлттық болмыс

Сырбай Мәуленов поэзиясының елеулі бір арнасы – ұлттық болмысты бейнелеу. Ақынның шығармаларында туған жер, халықтық дәстүр, табиғат пен адам үйлесімділігі, ұлттық сана мен рухани құндылықтар терең сипатталады. Ол үшін ұлттық болмыс – тек этнографиялық бейне емес, ол – ұлттың тағдырын, тарихи жады мен рухын танытатын көркемдік категория [6, 102-б.].

Мәуленовтің туған жерге арналған өлеңдерінде елдік сезім, жер-ананың қастерлі бейнесі айрықша көрініс табады. Мәселен, оның табиғат лирикасында «дала», «тау», «өзен», «жер» секілді символдар қазақ халқының ұлттық мінез-құлқымен сабақтастырыла суреттеледі. Бұл – табиғатты жалаң суреттеу емес, ұлттық болмысты поэтикалық бейнелеу тәсілі [7, 89-б.]. Ақын туған жердің әсемдігін бейнелей отырып, оны ұлттың рухани тірегі ретінде көрсетеді.

Сонымен қатар, Мәуленов өлеңдерінде ұлттық болмыс халықтық салт-дәстүр мен мәдениетті бейнелеу арқылы да айқындалады. Ақын халықтың күнделікті тұрмысын, ұлттық құндылықтарға адалдығын суреттей отырып, сол арқылы елдік сананы қалыптастыруға үлес қосты. Әдебиеттанушылардың пайымдауынша, ақын поэзиясында ұлттық болмыс әрқашан қоғамдық идеялармен ұштасып, халықтың рухани тұтастығын айқындаған [8, 134-б.].

Ұлттық болмысты бейнелеудің тағы бір қыры – ақын поэзиясындағы табиғат пен адам арасындағы байланыс. Мәуленов табиғатты ұлттық мінездің айнасы ретінде қарастырады. Мысалы, дала бейнесі – қазақ халқының кеңпейілділігінің символы, тау – халықтың қайсарлығының белгісі, өзен – өмірдің жалғастығы мен ұрпақ сабақтастығының нышаны [9, 47-б.]. Мұндай символикалық бейнелеу тәсілі ұлттық болмысты поэтикалық деңгейде тереңдетіп, жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастырады.

Сырбай Мәуленов ұлттық болмысты тек дәстүр мен табиғат арқылы ғана емес, сонымен бірге замана шындығымен де сабақтастырады. Оның өлеңдерінде елдік идея, халықтың ертеңге сенімі, ұлттық құндылықтарды сақтап қалу мәселелері көтеріледі. Бұл ақын поэзиясының қоғамдық-әлеуметтік маңызын арттырады. Мәселен, соғыстан кейінгі жылдары жазылған өлеңдерінде ақын ұлттық болмыстың жаңа тарихи жағдайда қалай жалғасқанын суреттейді [10, 213-б.].

Осылайша, Сырбай Мәуленов поэзиясындағы ұлттық болмыс мынадай негізгі қырлардан тұрады:

1.Туған жер мен табиғат бейнесі – ұлттық мінезді сипаттайтын символдық образдар;

2.Халықтық дәстүр мен мәдениет – ұлттық құндылықтардың жалғастығы;

3.Қоғамдық идеялармен сабақтастық – елдік сана мен ұлттық рухты сақтап қалу;

4.Заманауи бейнелеу – тарихи өзгерістерге бейімделген ұлттық болмыс.

Бұл қырлардың барлығы ұлттық болмысты сарбаздық рухпен астастырады. Өйткені елді қорғау, туған жерді қастерлеу және халықтың рухани тұтастығын сақтау – Мәуленов поэзиясының басты идеялық арналарын құрайды. Ұлттық болмыс – сарбаздық рухтың қайнар көзі, ал сарбаздық рух – ұлттық болмыстың сақталуына кепіл болған рухани құндылық.

3. Сабақтастық мәселесі

Сырбай Мәуленов шығармашылығында сарбаздық рух пен ұлттық болмыс – бір-бірінен бөлек қарастырылмайтын, табиғи байланыстағы егіз ұғымдар. Соғыс тақырыбындағы өлеңдерінде жауынгердің ерлігі мен төзімділігін жырлай отырып, ақын оны ұлттық болмыстың терең қабатымен астастырады. Жауынгер бейнесі – тек майдангер ғана емес, ол туған жерін қорғаушы, ұлттық рухтың сақтаушысы, халықтық мінездің жалғастырушысы. Бұл тұрғыдан алғанда сарбаздық рух ұлттық болмыстың көрінісі, ал ұлттық болмыс сарбаздық рухтың қайнар көзі болып табылады [6, 118-б.].

Ақынның поэзиясында соғыс жылдарындағы ерлікті суреттеу туған жердің бейнесімен тығыз байланысты. Мысалы, жауынгердің Отанға деген сүйіспеншілігі көбіне туған ауылды, даланы, өзен мен тауды аңсау арқылы бейнеленеді. Бұл – ұлттық болмысты жеке тұлғаның рухани әлемімен үйлестірудің көркем тәсілі. Сол арқылы Мәуленов сарбаздық рух пен ұлттық болмысты тұтастықта қарастырып, оларды қазақ поэзиясының идеялық өзегіне айналдырды [7, 141-б.].

Әдебиет зерттеушілері атап өткендей, Мәуленов шығармаларында сарбаздық рух халықтың тарихи жадын сақтаушы фактор ретінде көрінеді [8, 65-б.]. Жауынгерлік ерлік тек әскери жағдайдың көрінісі емес, ол ұлттың рухани қуатының, тарихи тәжірибесінің айнасы. Ал ұлттық болмыс – осы рухтың өміршеңдігін қамтамасыз ететін құндылықтар жиынтығы. Демек, екі ұғым бір-бірін толықтырып, қазақ поэзиясында халықтық идеяларды бейнелеудің тұтас жүйесін құрайды.

Сабақтастықтың тағы бір маңызды қыры – Мәуленовтің шығармаларындағы тәрбиелік мән. Сарбаздық рух – жас ұрпаққа ерлік пен төзімділіктің үлгісін көрсетсе, ұлттық болмыс – сол ерліктің негізін, оның түпкі мазмұнын айқындайды. Ақын шығармаларынан алынатын өнеге қазіргі жастарға да бағытталған: туған жерге сүйіспеншілік, Отан алдындағы жауапкершілік, халықтық рухты сақтау. Бұл қасиеттер бүгінгі қоғам үшін де аса өзекті [9, 152-б.].

Осылайша, Мәуленов поэзиясында сарбаздық рух пен ұлттық болмыс арасындағы сабақтастық мынадай тұжырымдарға саяды:

1. Сарбаздық рух – ұлттық болмыстың нақты тарихи жағдайда көрініс табуы;
2. Ұлттық болмыс – сарбаздық рухтың мәндік әрі мазмұндық негізі;
3. Екеуінің байланысы – халықтың тарихи жадын сақтауға және рухани тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған;
4. Бұл сабақтастық қазіргі ұрпақ тәрбиесінде де өзекті болып қала береді.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясында сарбаздық рух пен ұлттық болмысты тоғыстыра жырлаған көрнекті тұлға. Оның шығармалары екінші дүниежүзілік соғыстың тарихи шындығымен тікелей байланысты болса да, мазмұны уақыт шеңберінен шығып, жалпыұлттық әрі жалпыадамзаттық құндылықтарға айналды. Ақынның соғыс тақырыбына арналған өлеңдерінде сарбаздың ерлігі, рухани төзімділігі, жеңіске деген сенімі басты идея ретінде көрінді. Бұл – қазақ халқының ұлттық мінез-құлқымен, ел қорғау дәстүрімен үйлескен рухани сипат.

Ұлттық болмыс ақын поэзиясында туған жерді қастерлеу, халықтың мәдениеті мен дәстүрін ардақтау, табиғат пен адамның үйлесімділігін көрсету арқылы бейнеленді. Бұл құндылықтар сарбаздық рухпен сабақтасып, халықтың рухани тұтастығын сақтауға бағытталды. Жауынгер бейнесі – ұлттық болмыстың нақты тарихи жағдайда көрініс табуы болса, ұлттық болмыс – сарбаздық рухтың мазмұндық негізі ретінде танылды.

Зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдарға қол жеткізілді:

1. Мәуленов поэзиясында сарбаздық рух тек әскери ерлікті емес, сонымен бірге рухани төзімділік пен адамдық борышты бейнелейді [6, 118-б.].
2. Ұлттық болмыс туған жердің символдық бейнесі, халықтық дәстүрлер мен мәдениетті дәріптеу арқылы көрініс тауып, сарбаздық рухпен табиғи байланыста өрілді [7, 141-б.].

3.Ақын шығармаларында сарбаздық рух пен ұлттық болмыстың сабақтастығы халықтың тарихи жадын сақтауға және рухани тұтастығын қамтамасыз етуге қызмет етті [8, 65-б.].

4.Мәуленов поэзиясының тәрбиелік мәні ерекше: ол жас ұрпақты Отанды сүюге, туған жерге адалдыққа, ерлікке, төзімділікке баулиды.

Осылайша, Сырбай Мәуленовтің шығармалары – сарбаздық рух пен ұлттық болмыстың көркемдік бірлігін танытатын құнды мұра. Бұл сабақтастық қазіргі қоғам үшін де маңызын жойған жоқ. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтап, жас ұрпақты елдік сана мен отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде ақынның шығармалары өзекті үлгі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Әбдіғазиұлы Б. Қазақ поэзиясындағы елдік рух. – Астана: Елорда, 2015. – 196 б.
2 Әбдіманұлы О., Досанова Н.Ж. ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясы және әлемдік поэтикалық дәстүр контексі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №2 (182). – Алматы, 2021. – Б. 96–106.
3 Байтанаев А.Қ. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық болмыс мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2018. – 278 б.
4 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
5 Мәуленов С. Батыр достар. – Алматы: Жазушы, 1959. – 156 б.
6 Мәуленов С. Жауынгер сыры. – Алматы: Қазмембас, 1947. – 128 б.
7 Мәуленов С. Қазақ солдаты. – Алматы: Жазушы, 1972. – 210 б.
8 Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1980. – 350 б.
9 Нұрғалиев Р. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 320 б.
10 Сүтжанов С.Н. Рухани алмасу арналары. – Павлодар, 2003. – 186 б.

Нарымбетова Кульзинат Мейрбековна,
Алматы қаласы,
Жоғары қазақ – түрік гуманитарлық –
технологиялық колледжі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

С. МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Қазақ әдебиеті – ұлттың рухани тірегі, ұрпақтың сана-сезімін, дүниетанымын қалыптастыратын ең маңызды пәндердің бірі. Әдебиет арқылы оқушылар тек тіл байлығын ғана емес, ұлттық құндылықтарды, тарихи сана мен адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Осы бағытта ерекше орны бар ақындардың бірі – Сырбай Мәуленов.

С.Мәуленов – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, оның шығармаларында туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғат сұлулығы, соғыс пен бейбітшілік туралы терең философиялық ойлар мен ұлттық рух жатыр. Ақынның шығармаларын білім беру процесінде қолдану – оқушылардың әдеби сауаттылығын арттырумен қатар, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады.Бүгінгі білім беру жүйесі бұрынғыдай тек білім берумен шектелмейді. Қазіргі мектеп – тұлға тәрбиелейтін, оқушыны ойлауға, ізденуге, өз ойын дәлелдей білуге үйрететін орта. Осы мақсатта әдебиетті оқыту – басты құралдардың бірі.

С.Мәуленов шығармаларын мектепте оқытудың өзектілігі бірнеше бағытта көрінеді:

1. Ұлттық тәрбиенің негізі – Ақын поэзиясы арқылы оқушылар туған жерге, халыққа деген махаббатты, патриоттық сезімді бойына сіңіреді.

2. Моральдық-адамгершілік құндылықтар – Соғыс тақырыбындағы өлеңдері арқылы бейбітшіліктің қадірін ұғынуға мүмкіндік береді.
3. Эстетикалық тәрбие – Табиғатты суреттеудегі шеберлігі оқушының көркем ойлау қабілетін дамытады.
4. Тіл байлығын арттыру – Метафора, теңеу, эпитет сияқты көркем сөздердің терең мәнін түсінуге үйретеді.
5. Цифрлық трансформациямен үндестігі – Ақын шығармаларын заманауи технологиялар арқылы оқыту – заман талабына сай келеді.
Осы себептерге байланысты С.Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде кеңінен қолдану – өте өзекті.

С.Мәуленов шығармаларын оқыту әдістемесі

С.Мәуленов поэзиясын оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар, жаңа педагогикалық тәсілдерді қолдану тиімді.

Мысалы:

Көркем мәтінді талдау – әр өлеңнің тақырыбы, құрылымы, тақырып, идея, образдар, мотивтер, көркемдік құралдарды анықтау.

Диалогтық оқыту – оқушыларға ашық сұрақтар қойып, өлең төңірегінде пікірталас ұйымдастыру.

Интерпретациялық тапсырмалар – өлеңді өз сөзімен баяндап беру, өз көзқарасын айту.

Критериалды бағалау – оқушылардың жауабын нақты критерий бойынша бағалау.

Интеграциялық сабақтар – әдебиет сабағында С.Мәуленов өлеңін оқығанда, тарих сабағында сол кезеңнің тарихи контекстімен, музыка пәндерін біріктіре отырып немесе өнерден сол тақырыпты қолдап келетін шығармалармен тоғыстыру.

Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары: «Себебі… Сондықтан… Бірақ…» түрінде ойларды құрылымдау.

Шығармашылық жұмыстар

С.Мәуленов шығармашылығы – оқушылармен шығармашылық жұмыс істеуге таптырмас мүмкіндік. Оқушылар С.Мәуленов стилінде өлең жазып көрсе, тақырып: туған жер, әке, соғыс, махаббат, табиғат. Бұл тапсырма оқушыға ақын әдісін сезінуге, тілдік құралдарды қолдануға мүмкіндік береді.

Өлең жазу – Ақынның стиліне еліктей отырып, оқушы өзінің өлеңін жаза алады.

Эссе жазу – «Менің туған өлкем», «Соғыссыз өмір – бақыт» тақырыптарында ой толғау.

Буктрейлер жасау – Ақын шығармалары бойынша қысқа видео түсіріп, заманауи форматта таныстыру.

Көркем оқу байқауы – Мәнерлеп оқу арқылы оқушының тіл мәдениетін дамыту.

Сахналық қойылым – Өлеңнің мазмұнына сәйкес мини-сценарий жазу, сахнада көрсету.

Электронды ресурстар мен цифрлық платформалар

Бүгінгі оқушылар – цифрлық буын. Сондықтан С.Мәуленов шығармаларын үйретуде келесі платформалар көмектеседі:

Bilimland.kz – дайын сабақтар, тесттер, видеосабақтар арқылы өлеңдерді интерактивті түрде меңгеру.

Wordwall / Quizizz / Kahoot – шығармалар бойынша онлайн-викториналар мен тапсырмалар құру.

Padlet / Jamboard – өлең бойынша оқушылардың ойларын, ассоциацияларын ортақ тақтада жазу.

Canva – өлеңге иллюстрация, постер, коллаж жасау.

YouTube / TikTok EDU – оқушы дайындаған буктрейлер мен поэзиялық бейнежобаларды жариялау.

Бұл құралдар оқу үдерісін түрлендіріп, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Әдеби жобалар мен байқаулар

Мектеп ішінде және одан тысқары жерлерде С.Мәуленовке арналған жобалар мен байқаулар өткізу өте тиімді:

«Сырбайға арнау» шығармашылық байқауы – оқушылар өлең, эссе, сурет, видео арқылы қатысады.

«Сырбай әлемі» апталығы – ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған апталық іс-шаралар.

Ғылыми жобалар – жоғары сынып оқушылары С.Мәуленов поэзиясы бойынша зерттеу жасап, ғылыми жоба қорғауы.

Әдеби монтаж / сахналық қойылым – ақынның бірнеше шығармасын біріктіріп, әдеби композиция жасау.

Зерттеу әдістерінің тиімділігі

Осы процесте келесі әдістер қолданылып, жақсы нәтиже береді:

- Аналитикалық әдіс – мәтінмен терең жұмыс жасау.
- Салыстырмалы әдіс – С.Мәуленов пен басқа ақындарды салыстыра отырып, ерекшелігін көрсету.
- Жобалық әдіс – оқушы дербес зерттеу жүргізіп, нәтижесін презентация, бейне немесе жазба түрінде ұсынады.
- Практикалық әдіс – жаттығу, көркем оқу, сахналау арқылы тәжірибе жүзінде меңгеру.

Бұл әдістер оқушыны пассив қабылдаушыдан – белсенді ізденушіге айналдырады.

Ғылыми ойлау және шығармашылық қабілет

С.Мәуленов шығармаларын зерттей отырып, оқушы:

- Талдау және қорытынды жасауға үйренеді;
- Мәтіннің астарлы мағынасын аша алады;
- Эмоциялық және логикалық ойлауын дамытады;
- Сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіреді;
- Креативті идеялар мен жобалар ұсына алады.

Бұл – ғылыми және шығармашылық қабілетті дамытудың нақты жолы.

Қорытынды

С.Мәуленов шығармашылығы – қазіргі білім беру процесінде оқушылардың рухани, интеллектуалдық, шығармашылық дамуына үлес қосатын маңызды құрал. Ақын жырлары жас ұрпақты адамгершілікке, отансүйгіштікке, еңбекке баулиды. Оның поэзиясын цифрлық мүмкіндіктермен байланыстыра отырып оқыту – заман талабына сай білім берудің бір үлгісі бола алады.

Осы бағытта мұғалімдердің шығармашылық ізденісі мен әдістемелік шеберлігі ерекше маңызға ие. Себебі ақын шығармашылығын оқыту кезінде тек білім беріп қана қоймай, әр оқушының жүрегіне жету, ой тудыру, сезім ояту – ұстаздың кәсіби және рухани деңгейіне тікелей байланысты. С.Мәуленов поэзиясы – тек әдеби мәтін емес, тәрбиелік мәні зор, тұлғалық даму құралы.Сонымен қатар, қазіргі заманғы білім беру платформаларын тиімді пайдалану арқылы оқыту үдерісі интерактивті, қызықты әрі мазмұнды бола түседі. Электронды ресурстар, буктрейлер, жобалық жұмыстар мен әдеби байқаулар арқылы оқушылар ақынның шығармаларын тек жаттап қана қоймай, оны терең түсініп, өмірмен байланыстыра алады. Бұл – сапалы білім берудің басты көрсеткіші. С.Мәуленов шығармаларының көркемдік табиғаты оқиға, болмысты бейнелі түрде ойлап суреттеуінде, көбінесе басталуы, дамуы, шарықтауы, шешілуі бар сюжетке құрылуында, оған қатысты адамды көзге елестетіп, образ жасауында,тіл мен стилінің ажарлы, айшықтылығында. Қай шығармасын оқысаңыз да бірден өзіне тартып, шабытты жолдар көзінді де, көңіліңді де жетелей жөнеледі.Өйткені ол шебер суреткер,сөйлемді қалай болса солай құрмайды. Әр сөзге салмақ салып, әр беріп, жандандырып, астарлап, кейде ұйқастырып әкетеді.Оның жазылған мақаласын оқысаңыз да, очерктерін парақтасаңыз да, деректі әңгімелеріне көз жүгіртсеңіз де байқайтыныңыз, шығармасын ақын тілімен әдіптеп көркемдейді.

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов шығармаларын білім беру үдерісінде кеңінен қолдану – ұлттық руханиятты сақтау мен жаңғыртудың, жастарды рухани бай, жан-жақты тұлға ретінде қалыптастырудың маңызды бір тетігі болып табылады. Ақынның жүректен шыққан жырлары жас буынға шабыт пен сенім сыйлайды. Ал мұғалімнің міндеті – сол шабытты отқа айналдырып, оқушыны биікке жетелейтін шамшырақ болу.

Мұғалімнің басты міндеті – осы шығармаларды тек талдау емес, оқушылардың жүрегіне жеткізу, сол арқылы олардың тұлғалық дамуына әсер ету. С. Мәуленов поэзиясын оқыту – білім мен тәрбиені ұштастырудың ең тиімді жолдарының бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1981. – 2 томдық.
2. Мәуленов С. Дала жыры. – Алматы: Жазушы, 1970.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 1992.
4. Ысқақов Б. Қазіргі қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
5. Әдебиет порталы. Сырбай Мәуленов туралы мәліметтер: https://adebiportal.kz
6. «Bilimland.kz» білім беру платформасы – С.Мәуленов шығармалары бойынша сабақ үлгілері.
7. Қазақ әдебиеті оқулығы (10–11 сынып). – Алматы: Мектеп, 2020.
8. Оқулыққа қосымша әдістемелік құралдар. – ҚР БҒМ, 2021.
9. Қазақ әдебиеті. Әдістемелік журнал. – №3, 2022.
10. Жумабекова Г. Мектепте қазақ поэзиясын оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2007.

Наурзалина Асел Талгатовна,
Ақтөбе қаласы, №17 гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ҮНІН ЖЕТКІЗГЕН ҚАЛАМГЕР

XX ғасырдың орта тұсы мен екінші жартысы – қазақ әдебиетінің күрделі де шынайы, мазмұны терең кезеңдерінің бірі. Бұл дәуірде өмір сүріп, өз қаламымен ұлт рухын көтеріп, халқымыздың болмысын көркем сөзбен кестелеген ақындар аз емес. Солардың қатарында шоқтығы биік, ойы терең, сөзі өміршең дара тұлғалардың бірі – Сырбай Мәуленов. Ол – өз өлеңдерінде елінің тағдырын, туған жердің тұнықтығын, адамгершілік асыл қасиеттерін асқан сезімталдықпен жырлай білген шынайы суреткер.
Сырбай Мәуленов поэзиясы – тұтас бір дәуірдің үні, халқымыздың өткені мен бүгініне тағзым еткен рухани мұра. Ақын шығармаларынан туған жерге деген іңкәрлік, ел тарихына деген құрмет, адам болмысына терең бойлау анық аңғарылады. Өмір жолы мен шығармашылық мұрасы арқылы ол тек көркемдік биіктікке ғана емес, азаматтық ұстанымның үлгісіне айналды.

Сырбай Мәуленов — қазақ поэзиясының жарық жұлдызы. Ол туған жерді, елді, халықты жырға қосып, соғыс зардабын, адам тағдырын, әділдік пен шындықты сөзге салған ақын. Оның өлеңдеріндегі ұлттық рух пен азаматтық болмыс — бүгінгі қоғамға да сабақ. Адамдық қасиет, туған жерге сүйіспеншілік, қоғамдық жауапкершілік — осы ұғымдар Мәуленов поэзиясының өзегі. Бұл мақалада біз Сырбай Мәуленовтің шығармашылық әлеміне үңіліп, оның өлеңдерінде көрініс тапқан туған жерге сүйіспеншілік, тарихи сананы сезіну, адамдық болмыс пен азаматтық рухты талдап көрсетуге тырысамыз.

Сырбай Мәуленов – туған жер тақырыбын ерекше шабытпен, терең сүйіспеншілікпен жырлаған ақын. Оның шығармашылығындағы туған өлке бейнесі – тек табиғаттың көркем көрінісі ғана емес, сонымен қатар рухани болмыс, перзент пен мекен

арасындағы үзілмейтін байланыс. Ақын үшін туған жер – жүректің лүпілі, сезімнің сыршысы, өмірінің мәні мен мазмұны. Оның өлеңдерінен даланың кеңдігі, табиғаттың тынысы, халықтың мінезі, елге деген махаббат пен сағыныш қатар өріледі.

Сырбай Мәуленов туған жерді ерекше нәзіктікпен, сыршылдықпен жырлайды. Ол даланың әр тасы мен жусанына, әр жота мен өзеніне жан бітіріп, тірі бейнеге айналдырады. Ақынның поэзиясынан туған өлкенің жусан иісі мен самал желі, шұғылалы таңы мен қарлы бораны – бәрі де қазақ даласына тән қасиеттермен астасып жатады. Бұл оның туған жерге деген ерекше ықыласын, іңкәр сезімін көрсетеді.

Мысалы, ақынның:

"Далам – менің құдіретім,
Саған тағзым етіп өтем..." [1,38-б.], – деген жолдарынан туған жерге деген шексіз махаббаты мен перзенттік парызы көрінеді. Бұл – жай ғана поэтикалық теңеу емес, терең тебіреністен туған азаматтық ұстаным. Мұндай өлең жолдары туған өлке алдындағы жауапкершілік пен құрметтің нақты көрінісі.

Сырбай Мәуленов үшін туған жер – балалық шағының куәсі, өлеңдерінің өзегі, шығармашылық шабытының бастау бұлағы. Оның "Туған жер", "Дала", "Қызыл шұнақ борандар" сияқты шығармаларында туған өлкенің табиғаты мен адамдарының өмірі шынайы әрі көркем суреттеледі. Бұл өлеңдерде ақын туған жерді тек көркем пейзаж ретінде ғана емес, халықтың өмірімен, тыныс-тіршілігімен байланыстырып, ұлттық сипатта бейнелейді.

"Туған жер, сен – тұмарым,
Сен – маған мәңгі ұраным..." [2,105-б.], – деген жолдарынан туған жердің ақын үшін киелі, қасиетті ұғым екенін байқаймыз. Бұл өлеңде туған ел тұмарға, яғни адамның жанына сақталар асыл нәрсеге теңеліп отыр. Осы арқылы ақын туған жердің әр адам үшін қымбат әрі ерекше екенін аңғартады.

Сонымен қатар Сырбай Мәуленовтің пейзаждық лирикасы – сыршыл, философиялық астары терең туындылар. Ол табиғатты жалаң сипаттамайды, әр көрініс арқылы адамның ішкі күйін, халықтың болмысын, ұлттың тарихын жеткізеді. Оның жырларында табиғат – жай фон емес, ол – оқырманмен сөйлесетін тірі кейіпкер. Ақын үшін даланың тынысы – елдің тынысы, жердің үні – халықтың үні.

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы туған жер образы — қазақ халқының ұлттық болмысының көрінісі. Ол туған өлкеге деген махаббатын тек сезім арқылы емес, терең ой, философиялық пайыммен жеткізеді. Ақын туған жерге қарап, өз болмысын таниды, өткенін еске алып, болашаққа сеніммен қарайды. Бұл тұрғыда оның жырлары ұрпақ үшін өсиет, туған жерге деген сүйіспеншіліктің мәңгілік үлгісі бола алады [3,89-б.].

Сырбай Мәуленов – Ұлы Отан соғысының ауыртпалығын өз басынан өткерген, оқ пен оттың ортасында жүріп поэзияға адал қалған қазақ ақындарының бірі. Оның шығармаларында соғыс тақырыбы тек тарихи оқиға ретінде емес, рухани биіктік, адамгершілік пен патриотизмнің шыңына айналған өмірлік шындық ретінде көрініс табады. Ақын үшін майдан – қайғының мекені ғана емес, адамның рухын, ерік-жігерін, отаншылдық қасиетін сынайтын қасиетті кезең. Сол себепті де Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы соғыс шындығы – тек шайқас суреттері емес, жан мен жүректің күресі, елге деген адалдықтың көрінісі.

Ақынның "Майдан дәптері", "Жеңіс жырлары", "Соғыстан қайтқан солдаттар" сияқты жинақтары – майдангердің шынайы үні, оқ пен жалыннан туған шын поэзия. Бұл шығармаларда Сырбай Мәуленов соғыстың ащы шындығын боямасыз жеткізе отырып, жауынгерлердің ішкі жан дүниесіне үңіледі, олардың үмітін, елге деген сағынышын, болашаққа деген сенімін көркем суреттейді.

Мәселен, ақынның:

"Он сегізде жүрдім Дон алабында,
Үлкенмін бе, әлде жас баламын ба..." *[4,70-б.]*, - деген жолдарынан балалық пен азаматтықтың тоғысу сәті, жастықтың соғыс отына қалай шарпылғаны сезіледі. Бұл –

қарапайым ғана тармақтар емес, майдан даласындағы жас солдаттың жан айқайы, өз тағдырын ерте арқалаған жастың ішкі күйзелісін бейнелейтін ауыр шындық. Ақын мұнда майдандағы әр сарбаздың ішкі сезімін, қорқынышы мен үмітін, азап пен сағынышын шебер жеткізеді.

Сырбай Мәуленов соғысты тек қан төгілген қырғын емес, адам рухының сынға түскен шағы, ерліктің нағыз өлшемі деп түсінеді. Оның жырларында майдан шебіндегі күндер, қарапайым жауынгерлердің ерлігі, туған елге деген сағынышы нәзік те шынайы сипатталған. Ақын үшін солдат образы – батырлықтың, сабырлықтың, төзім мен сенімнің символы. Бұл – нағыз азаматтық поэзия.

"Жеңіс жырлары" атты жинағында Сырбай Мәуленов жауынгерлердің Жеңіске деген сенімін, қиын-қыстау кезеңдердегі рухының мызғымас беріктігін суреттейді. Мұнда шайқас үстіндегі қасіретті оқиғалармен қатар, сол күндердегі достық, бауырмалдық, отбасына деген сағыныш сияқты адами сезімдер кеңінен көрініс табады. Ақын әрбір өлең жолында бейбіт өмірге деген аңсар үмітті, Жеңіс күнін көруге деген сарбаз армандарын ақ жүрекпен бейнелейді.

"Соғыстан қайтқан солдаттар" жинағында майданнан аман оралған жауынгерлердің бейбіт өмірге бейімделуі, соғыстан кейінгі күйзеліс, жүректегі жара мен үміт қатар өрбиді. Бұл өлеңдер арқылы Сырбай Мәуленов солдат тағдырына деген жанашырлықпен қарайды, оларды қаһарман ретінде ғана емес, соғыс салған жан жарасын арқалап жүрген қарапайым адамдар ретінде суреттейді.

Ақын соғысты жырлағанда, тек өткеннің ауыр шындығына тоқталып қана қоймайды. Ол бұл оқиғалардан сабақ алып, болашақ ұрпаққа бейбіт өмірдің құндылығын ұғындыруды мақсат етеді. Сырбай Мәуленов поэзиясы арқылы соғыс – адам баласының басына түскен ең ауыр сынақ, ал оны еңсерген рух – шынайы ерліктің көрінісі екені анық байқалады.

Сырбай Мәуленовтің соғыс тақырыбындағы өлеңдері бүгінгі ұрпақ үшін тарихи шындық пен ұлттық рухтың алтын көпірі іспетті. Ондағы әрбір жол – жүректен шыққан шынайы сыр, жауынгер жанының терең иірімі. Ол туған жер үшін жанын қиған боздақтар рухына тағзым етіп, жауынгердің жан дауысын жыр жолына айналдыра білді. Бұл – оның шығармашылығының биік азаматтық тұғыры.

Сырбай Мәуленов поэзиясының өзегінде адам – асыл құндылық ретінде бейнеленеді. Ақын үшін адам – жалаң кейіпкер емес, ол – табиғатпен, қоғаммен, туған жермен біте қайнасқан тұтас рухани әлемнің бір бөлшегі. Оның өлеңдеріндегі әр кейіпкер – үлкен бір халықтық образдың өкілі. Мәуленов адамның ішкі жан дүниесін, рухани тазалығын, еңбекқорлығын, ар-намысын, әділет пен шындыққа деген адалдығын алдыңғы қатарға шығарады. Бұл – нағыз азаматтық поэзияның көрінісі.

Ақын шығармашылығында жиі кездесетін бейнелер – қарапайым еңбек адамдары. Шопан, сарбаз, ана, ауыл мұғалімі секілді кейіпкерлер арқылы ол қазақ халқының шынайы болмысын, төзімділігі мен сабырын, өмірге деген шексіз махаббатын суреттейді. Бұл кейіпкерлер – ақынның көзінде батырлықтың, ерліктің, рухани биіктіктің иесі. Олар тыныш күннің жауынгерлері, күнделікті еңбегімен елін көркейтіп жүрген ұлы тұлғалар. Осындай кейіпкерлер арқылы ақын өз халқына деген сүйіспеншілігін, құрметін білдіреді. Ол ұлы ұғымдарды ұлы адамдардан емес, қарапайым халықтан табады.

Сырбай Мәуленовтің лирикалық кейіпкері – терең ойлы, сезімтал, шындықты серік еткен, әділет жолынан таймайтын тұлға. Ол қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін, ішкі тазалығы мен рухани байлығын сақтаған азамат. Ақын поэзиясындағы бұл кейіпкер өз халқының жан дүниесін, арман-мұратын бейнелейтін ортақ бейне ретінде көрінеді. Оның рухы асқақ, ниеті таза, мақсаты биік.

Сырбай Мәуленов өзі де өмір бойы әдебиет пен қоғамға қызмет еткен, шығармашылық пен азаматтықты бір арнаға тоғыстырған қайраткер тұлға. Ол редакторлық қызмет атқара жүріп, жас қаламгерлерге қолдау көрсетіп, жаңа есімдердің танылуына себепші болды. Осы арқылы Сырбай Мәуленов қазақ әдебиеті мен халқының

арасындағы алтын көпір бола білді. Оның әдебиеттегі рөлі тек ақын ретінде ғана емес, әдебиет жанашыры, ойлы ұстаз, мәдениет қайраткері ретінде де жоғары бағаланады.

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы тағы бір терең қабат – табиғат пен туған жер бейнесі арқылы берілетін ұлттық рух. Ақын үшін табиғат – жалаң көрініс емес, ол халықтың жаны, ұлттық болмыстың көркем айнасы. "Дала таңы", "Көгілдір таулар", "Жалын", "Шалқар", "Жер нәрі" секілді жинақтарының өзі табиғат пен адамның ажырамас байланысын көрсетеді. Бұл жинақтарда туған жердің кең даласы, тау мен өзендері, аспаны мен жусаны ерекше көркемдікпен бейнеленіп, ұлттық таныммен астасады.

Мәуленов поэзиясында табиғат – тек суреттелетін кеңістік емес, ол сезім мен ойдың, мұң мен сағыныштың, үміт пен арманның көркем символына айналады. Ақын әрбір пейзажды ішкі рухани күймен байланыстыра отырып, табиғатты адам жанымен үндестікте суреттейді. Ақын қолданатын бейнелер – "ақ түн", "боз дала", "көк аспан", "сары жапырақ" – бәрі де қазақ даласына тән бояулар ғана емес, сонымен қатар лирикалық кейіпкердің жан күйін жеткізуші көркемдік құралдар.

Мысалы, "Ақ түн" атты өлеңінде ақын табиғатты ерекше поэтикалық тілмен суреттей отырып, түн мен үнсіздік арқылы терең философиялық ойларды жеткізеді. Мұндағы "ақ түн" – тыныштықтың, аңсаудың, арман мен елестің символы[5,70-б.]. Ол қазақ поэзиясында сирек қолданылатын түс пен дыбыс үйлесімдерін пайдаланып, лирикалық кеңістікті жаңа деңгейге көтереді. Бұл өлең көркемдік тұрғыдан жаңашыл, эстетикалық әсері терең туынды ретінде ерекшеленеді.

Сырбай Мәуленовтің табиғат лирикасында ұлттық рух пен туған жерге деген перзенттік махаббат қатар өріледі. Ол даланың әр бөлшегін — жусанын, самал желін, тау тасын, аспанын — киелі деп таниды. Табиғат арқылы елдің өткенін, бүгінгі болмысын, болашаққа деген үмітін жырлайды. Бұл поэзияда ұлттың болмысы, халықтың тағдыры, туған жерге деген махаббат пен сағыныш тұтасып жатады.

Сырбай Мәуленов шығармашылығы – қазақ поэзиясының күрделі бір белесі, халқымыздың өткен ғасырлар тоғысындағы тағдыры мен тыныс-тіршілігін көркемдік тұрғыда бедерлеп берген рухани шежіре. Ақын поэзиясында ел тарихы мен халық тағдыры ерекше орын алады. Ол кеңестік кезеңнің өзгерістерін, ауыл өміріндегі әлеуметтік сілкіністер мен тұрмыстық қиындықтарды, соғыстан кейінгі ел еңсесін тіктеу дәуірін бар шынайылығымен жыр арқауына айналдырды. Оның өлеңдерінде тек жеке адамның ішкі күйзелісі емес, бүкіл ұлттың бастан кешкен ауыр тағдыры, күрескерлік рухы мен қайсар мінезі айқын көрініс табады.

Ақынның "Жау тылында", "Қайтармыз Қазақстанға" секілді соғыс тақырыбына арналған өлеңдері – тек лирикалық туындылар ғана емес, сонымен қатар тарихи мәні бар көркем шежірелер іспетті. Бұл шығармаларда тылдағы өмірдің ауыртпалығы, жауынгердің Отанға деген шексіз махаббаты мен сағынышы, туған жерге деген сенімі мен арман-тілектері қатар өріледі. Соғыс жылдарындағы халқымыздың үміті мен күдігі, жеңіске деген сенімі, ерліктің бағасы мен бейбіт өмірге деген аңсары ақын жүрегінен өткен шынайы толғаныстармен өрілген.

Сырбай Мәуленов соғыстың тек от пен оқ қана емес, ол – адам рухының сыналар, елдің тұтастығы мен болашағы таразыланар шақ екенін терең сезіне білген. Сол себепті де оның соғыс тақырыбындағы өлеңдері тек қанды қырғынды сипаттап қана қоймайды, қайта сол зұлмат жылдардағы адамзаттың ең асыл қасиеттерін – сабырын, үмітін, отансүйгіштігін алға тартады. Бұл туындыларда отты жылдардың ел жадында өшпестей сақталуы үшін керекті көркем естелік те, ұлт рухын биіктететін патриоттық сарын да бар.
Сонымен қатар, ақын соғыстан кейінгі кезеңдегі ауыл өмірін, халықтың тұрмыстық тауқыметін, қайтадан еңбекпен ел еңсесін тіктеген қайсар бейнесін де тебірене жырлайды. Оның поэзиясында шынайылық пен сезім тазалығы, ұлттық болмысты терең түсіну мен замана келбетін дәл бейнелеу қабілеті өзгеше үйлесім тапқан. Міне, сондықтан да Сырбай Мәуленовтің шығармалары уақыттың шаңына көміліп қалмай, керісінше, ұлт жадын жаңғыртатын рухани мұра ретінде бағаланады.

Ақынның адами бейнесі мен шығармашылық мұрасына тоқталайық. Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінде өз үні, өз әлемі бар дара тұлға. Ол – тек лирик ақын ғана емес, үлкен жүректі, биік рухты қайраткер. Ақын шығармашылығы шынайылық пен жауапкершілікке, адалдық пен адамгершілікке негізделген. Ол поэзияны тек көркемдік үшін емес, адам жанын тәрбиелейтін, рухани биіктікке жетелейтін құрал ретінде қарады. Осы ұстаным – оның бүкіл шығармашылық жолының өзегі болды[3,94-б.].

Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы басты құндылық – адам. Ол адамды тек биологиялық тіршілік иесі ретінде емес, ішкі жан дүниесі бай, ар-намыс пен руханият иесі ретінде бейнелейді. Ақын үшін адамдық болмыс – сыртқы келбет немесе әлеуметтік мәртебе емес, ең алдымен – ішкі тазалық, рухани биіктік, шыншылдық пен ар-ождан. Бұл түсінік оның лирикалық кейіпкерлері арқылы айқын көрініс табады. Мәуленов поэзиясында кездесетін басты тұлғалар – адал еңбекпен өмір сүріп жүрген қарапайым жандар: ана, сарбаз, шопан, жұмысшы, жауынгер. Олар арқылы ақын қазақ халқының шынайы болмысын, парасаттылығын, еңбекке деген құрметін, өмірге сергек көзқарасын терең сипаттайды.

Ақын өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер – әрқашан сезімтал, әділетті, шындыққа бейжай қарай алмайтын жан. Ол өзінің қоғам алдындағы, ел алдындағы жауапкершілігін терең сезінетін азамат бейнесінде көрінеді. Мәуленовтің кейіпкерлері – биік рухты, адал, таза ниетті адамдар. Бұл арқылы ақын өз оқырманын да сондай болуға үндейді. Оның жырлары жас ұрпақты еңбекке, елге, табиғат пен адамға құрметпен қарауға тәрбиелейді. Осы тұрғыдан алғанда, Сырбай Мәуленов – ақын ғана емес, халықтық тәрбие мектебінің бір ұстазы деуге болады.

Сырбай Мәуленовтің рухани болмысы – оның қарапайым мінезінен де, поэзиясындағы адамгершілік бағытынан да анық байқалады. Ол әрдайым шынайы болуға ұмтылды. Жасандылық пен арзан пафосқа жол бермей, адамның ішкі әлемін, жан тербелісін, өмірлік күресін шынайы бейнелеуге тырысты. Оның туындыларында адам мен табиғат, адам мен ел, адам мен тарих арасындағы терең байланыс суреттеледі. Ол адамды қоршаған ортамен тұтас күйде қабылдайды. Бұл дүниетаным ақынның поэтикалық әлеміне ерекше үйлесім мен философиялық тереңдік береді.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов шығармашылығында рухани өсу, елге қызмет ету, тұлғалық қалыптасу секілді идеялар кеңінен көрініс табады. Ол адам болмысына тек жеке тұлға ретінде емес, тұтас қоғамның, ұлттың бір бөлшегі ретінде қарайды. Бұл көзқарас оның поэзиясын мазмұндық жағынан байытып, көркемдік тұрғыдан тереңдетіп отыр.

Сырбай Мәуленовтың шығармашылығы — қазақ поэзиясы үшін ұлы құндылық. Ақындық мұратында ұлттық рух, туған жерге махаббат, азаматтық жауапкершілік, адамгершілік ұстанымдары айқын көрінеді. Оның поэзиясы халқымыздың ауыр тарихымен, соғыс пен бейбітшілік кездегі адамдық қасиеттерімен үндес. Осындай шығармашылық тұлға — болашақ ұрпаққа үлгі, рухани мұра. Ол өлеңдерінде қазақтың тарихи тағдырын, халықтың қиындықтарын, батырлық пен ұлттың дұрыс болашағын жоғарылатады. Мәуленов поэзиясы туған жеріне терең сүйіспеншілік, өлкесінің табиғаты, даланың бейнелері арқылы ұлттық құндылықтарды жырлайды[3,20-б.].

Сырбай Мәуленов — қазақ әдебиетінің поэзиялық кеңістігінде өз өрнегімен, терең ойымен, шынайы сезімімен ерекшеленген көрнекті ақын. Оның шығармашылығы — туған жерге деген махаббаттың, елге деген адалдықтың, азаматтық жауапкершіліктің айнасы. Ол — өзі өмір сүрген дәуірдің шындығын, майдан даласының мұңын, бейбіт өмірдің қуанышын, даланың тылсым тынысын көркем тілмен өрнектей білген қаламгер.

Сырбай Мәуленов жырларында туған жер — киелі мекен, дала — ұлттық болмыстың өзегі, адам — рухани биіктіктің иесі ретінде көрінеді. Ол поэзия арқылы халқымыздың өткені мен бүгініне үңіліп, ұлттық сана мен тарихи жадты жаңғырта білді. Соғыс тақырыбын көтере отырып, ақын оны тек қанды қырғын емес, рухтың, төзім мен

үміттің күресі ретінде сипаттады. Ал табиғат лирикасында туған ел мен жердің сұлулығы арқылы адам жанын тәрбиелейтін эстетикалық кеңістік жасай алды.

Сырбай Мәуленовтің өлеңдерінен өмірге деген шынайы сүйіспеншілік, адамзатқа ортақ құндылықтарға деген сенім, ұлт болашағына деген алаңдаушылық айқын сезіледі. Оның поэзиясы — ұлттық рухты көтеретін, адам жүрегін тазартатын, ойға жетелейтін рухани күшке ие. Бүгінгі ұрпақ үшін оның шығармалары — тек әдеби мұра емес, тәрбие құралы, елін сүйген азаматтың жан сөзі.

Осылайша, Сырбай Мәуленов поэзиясы — қазақ әдебиетінің алтын қорына енген асыл қазына. Оның өлеңдері әлі талай ұрпаққа ой салып, жүрегіне жол табары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сырбай Мәуленов. Алыс кетіп барамын /«Атамұра» кітапханасы, 2003.
2. Сырбай Мәуленов. Өлеңдер жинағы / Алматы, 1948.
3. Оспанов Серікбай. Сырбай Мәуленов – журналист, публицист/ «Ғылым» баспасы, 2001.
4. Шығармалары 4 том — Сырбай Мәуленовтың өлең- жырлары мен аудармалары жинағы; 1978- 1992 жылдар аралығындағы шығармалары ендірілген.
5. Сырбай Мәуленов. Ақ түн / Алматы, 2003.

Zhuldyz Nurymbetova
№ 33 general education school,
Keles, Turkestan region
English teacher

SYRBAI MAULENOV: POETIC IDEAL, WARRIOR SPIRIT, VIVIC INTEGRITY

Syrbai Maulenov is one of the prominent figures of 20th-century Kazakh literature. His creative world is filled with profound emotion, lofty ideals, patriotism, heroism, civic responsibility, and deep humanity. He regarded poetry not just as an art form but also as a moral duty, a means of speaking the truth, and a reflection of the people's voice. Maulenov’s name has become a precious gem in the treasury of Kazakh poetry, where poetic idealism, military valor, and civic virtue are closely intertwined.

For Syrbai Maulenov, poetry was not merely inspired expression but a platform for truth, justice, and deep moral thought. His verses reflect lyrical delicacy, philosophical insight, and harmony between humans and nature, as well as love for the homeland and the pulse of his time. His poetry collections such as “Zholdar, Zholdar” (Roads, Road), “Kyzyl Galstuk” (The Red Tie), “Kyzgaldaktar” (Tulips), and “Tandamaly” (Selected Works) are regarded as significant contributions to Kazakh literary heritage. As a poet, Maulenov also paid attention to formal innovations and brought a fresh lyrical tone to Kazakh poetry.

A major component of his creative journey was influenced by his experience as a soldier. When World War II began, Maulenov was just twenty years old. He went to the front lines, taking part in the Battle of Stalingrad and many other fierce confrontations. The horrors and hardships of war deeply shaped his poetic voice. In his war poems, one hears not only valor but also sorrow, longing, hope, and resilience. Unlike propagandist poetry, his war-related verses reflect an emotional truth, drawn from personal experience. For example, poems like “To My Comrade at the Front” and “Victory Day” provide vivid images of the soldier’s inner world and battlefield realities.

The synthesis of poetic spirit and soldierly courage formed the foundation of Maulenov’s civic character. Through his poetry, he offered moral guidance to society, voicing the hopes and concerns of the people. His civic values - a deep commitment to justice, truth, and national identity - are clearly embedded in his literary work. In addition to his literary career, he was also an active public figure, contributing to the cultural and

journalistic life of the country. He worked in publishing and literary organizations, playing a crucial role in the development of Kazakh literature.

Syrbai Maulenov is a poet deeply embedded in the heart of his people. His poetry echoes the voice of the nation, the breath of the steppe, and the sighs of a turbulent era. He was a witness and participant of both the joys and hardships of life, and he captured these experiences in poetry with sincerity and clarity. His poetic mission was to serve the people, the nation, and humanity. This noble goal is reflected in every line he wrote. The warrior's spirit and civic commitment were not only poetic themes but defining traits of his character. Therefore, Maulenov remains not only a poet of his time but also a moral compass and truth-seeker for generations to come.

In conclusion, Syrbai Maulenov was a unique figure who saw life and art as inseparable. His literary legacy is a guiding light for the next generation in independent Kazakhstan. His ideals, spirit, and integrity form an enduring part of the nation's cultural and moral foundation.

Охан Маржан,
Астана қаласы,
№116 ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНЫҢ СЫРЫН ШЕРТЕДІ

Қазақ әдебиетінің тарихында өшпес із қалдырған қаламгерлердің бірі – Сырбай Мәуленов. Ақын Ұлы Отан соғысының отты жылдарын бастан өткеріп, майдангерлердің ерлігін, халықтың қайғысы мен арман-үмітін өлең өрнегіне түсірді. Оның шығармалары – тек қана әдеби мұра емес, халықтың тарихи жады мен рухани тірегінің айғағы [1,17 б.].

Сырбай Мәуленов поэзиясы – қазақ халқының тағдырымен, оның рухани әлемімен тығыз байланысты. Ақын шығармалары соғыс жылдарының шындығын, елдің қайсарлығын, аналардың көз жасын бейнелей отырып, ұлт рухының биіктігін көрсетеді [2,21 б.].

«Ана кегі» атты өлеңінде соғыстың ең ауыр қасіреті – перзентінен айырылған ананың зар-мұңы суреттеледі. Ақын ананың ішкі әлемін, елдің ұжымдық қасіретін нәзік сезіммен жеткізеді:

Босат менің жалғызымды,—
Деп жауызға салдым қолды.
Көміп кетті жұдырықтар,
Жауып кетті қан жүзімді...

Бұл өлең жолдарында ана жүрегінің қайғысы арқылы тұтас ұлттың қасіреті бейнеленеді [1,17 б.].

«Дәм» атты өлеңінде ақын ел мен майдан арасындағы рухани байланысты көрсетеді. Майдандағы жауынгерге елден жеткен дәм – туған жердің иісі, ананың қолының табы, елдің сағынышы. Қазақ мәдениетінде «дәм» ұғымы ежелден киелі саналатыны белгілі. «Дәм тату», «дәм айдау» сияқты тұрақты тіркестер халық дүниетанымындағы қасиетті символдарды аңғартады [3,58 б.].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Сырбай Мәуленов поэзиясында соғыс тақырыбы тек оқиға емес, рухани тәжірибенің көрінісі ретінде қарастырылады. Ақынның шығармаларында жеке адамның сезімі мен ұлттың ұжымдық жады ұштасады. Бұл қазақ поэзиясында соғыс тақырыбының көркемдік деңгейін жаңа сатыға көтерген [4].

Соғыстан кейінгі жылдары жазылған «Алыстағы достар», «Жараланғандар», «Ленинград шамдары», «Соғыс туралы сұра» өлеңдерінде де Мәуленов сол бір ауыр кезеңнің естеліктерін қайта жаңғыртады. Сонымен қатар, ол туған жерге деген сүйіспеншілігін «Жер сүті», «Көк таулар» сияқты лирикалық шығармаларында әсерлі бейнелейді [2,43 б.].

Қорытынды

Сырбай Мәуленов шығармашылығы – қазақ халқының XX ғасырдағы рухани тарихының айнасы. Ақынның жырларында соғыстың қасіреті, жеңістің қуанышы, ел мен жерге деген махаббат тоғысып жатады. Мәуленовтің поэзиясы жас ұрпаққа отансүйгіштік, төзімділік пен адамгершілік қасиеттерді сіңіреді [5,198 б.].

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 17 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2005. – 432 б.
3. Тұрсынов Е. Қазақ поэзиясындағы соғыс тақырыбы. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2010. – 256 б.
4. Әдебиет порталы. Сырбай Мәуленов шығармашылығы туралы. – https://adebiportal.kz
5. Қирабаев С. Әдебиет және өмір. – Алматы: Білім, 1999. – 198 б.

Өтеулі Абат Төлегенұлы
Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№7 жалпы білім беретін мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ

Кіріспе

Әдебиет зерттеушілері мен сыншылардың пайымдауынша, Сырбай Мәуленов XX ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі ретінде ақындық мұратына адал болып, шығармашылығында шындық пен сұлулықты, ұлттық рух пен адамгершілікті дәріптеген ерекше талант иесі болған. С. Мәуленов қырыққа жуық жыр жинағын жазып, поэзия жанрын байытып, қазақ лирикасын жаңа белеске көтерді; оның өлеңдері туған жерге деген сүйіспеншілік пен замандастарының жасампаз еңбегін жарқырата жырлаумен ерекшеленеді. Ақынның Ұлы Отан соғысында шыңдалған өмірлік және шығармашылық тәжірибесі оның идеялық-ағартушылық ұстанымын қалыптастырып, тұтас бір буынның үніне айналған азаматтық поэзияға бастау болды.

Осы ғылыми-әдеби эсседе «Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты» тақырыбы аясында ақын поэзиясындағы ұлттық рух, азаматтық болмыс, туған жер мен ел тарихына сүйіспеншілік және С. Мәуленовтің адами болмысы жан-жақты талданады. Зерттеу барысында филология ғылымдарының докторлары мен кандидаттары еңбектерінен дәйектемелер алынып, ақын поэзиясының идеялық-эстетикалық негіздері сарапталады. Эссе құрылымы ғылыми стильге сай кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Негізгі бөлімде С. Мәуленов шығармашылығына қатысты әдебиеттанушылар пікірлері мен диссертациялық зерттеулердегі тұжырымдар жүйеленіп беріледі; ақын өлеңдерінен мысалдар талданып, ақындық мұрат ұғымының С. Мәуленов поэзиясындағы көріністері ашылады.

Ұлттық рух және туған жерге сүйіспеншілік

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы негізгі тақырыптардың бірі – туған ел мен жерге деген шексіз сүйіспеншілік, ұлттық рухты асқақтату. Ақын жырларында қазақ халқының байтақ даласы, оның табиғаты мен тұрғындарына деген махаббат, отансүйгіштік сезім асқан лиризммен өрнектеледі. С. Мәуленовтің көптеген өлеңін Отанға, туған жерге, тіпті Қазақстанның әр өңіріндегі қалаларға арнаған. Ақын жиі сапарға шығып, ел аралап көрген-білгенін, әр өңірден алған әсерін шығармашылығына арқау еткен. Зерттеушілердің пікірінше, Сырбай ақынның өлеңдері «өмірдің өзінен туған өлеңдер еді», яғни өзі көзбен көрген, жүрекпен сезінген шынайы болмысты жырға қосты. Бұл тұста ақынның туған жерге сүйіспеншілігі мен ұлттық мақтанышы жырларынан айқын сезіледі.

Мысалы, С. Мәуленовтің соғыс жылдарынан кейін жазған атақты «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінде туған дала құшағында баласын күткен ана жүрегі мен жалпы елдің мұңы бейнеленеді. Ақын соғыстан аман оралған солдаттардың ауылына келуі арқылы бейбіт өмірдің қуанышы мен соғыс салған жараның қасіретін бірдей суреттейді:

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр…

Өлең жолдарындағы «дала тұр көз жасын сүртіп» деген бейнелі сурет туған жердің анамен бірге жылағандай кейіпте көрсетіліп, оқырманға соғыс қасіретін ұлт қайғысымен ұштастырады. Бұл көркем тәсіл ақынның ұлттық рухты – елдің басынан өткен ауыр күндерді – поэзия тілімен сөйлете білгенін дәлелдейді.

С. Мәуленов туған дала тақырыбын тек мұң мен сағыныш арқылы емес, оның сұлулығы мен байлығын мадақтау арқылы да жырлады. Торғайдың даласы мен Сыр бойының табиғаты оның талай лирикалық өлеңіне арқау болды. Зерттеушілер атап өткендей, С. Мәуленов лирикасында табиғат суреттері мен адам сезімі астасып, ұлттық болмыспен біте қайнасқан пейзаждық жырлар туындаған.

Сонымен бірге, ақын ұлттық рухты көтерудің бір жолы – тарихи тұлғаларды, ел есінде қалған қаһармандарды жырға қосу деп білді. Оның өлеңдері арасында қазақтың белгілі билеріне, ақын-жырауларына, батырларына арналған арнау өлеңдер бір шоғыр. Мәселен, әдебиеттанушы ғалымдардың дерегінше, С. Мәуленов «Қаз дауысты Қазыбектің монологы», «Жәнібектің Шотай биге айтқаны» сынды тарихи тұлғалардың атынан сөйлеуге тырысқан поэтикалық туындылар жазған. Мұндай өлеңдерде ақын өткен тарихқа, ата-баба мұрасына тағзым етіп, сол арқылы ұлт рухын ұрпақ санасында жаңғыртады. Ақынның тарихи танымы мен ұлтжандылығы өлең өзегіне айналып, оқырманды елінің өткенін қадірлеуге үндейді.

Әдеби сыншылар С. Мәуленов поэзиясында ұлттық рух ұғымын тек пафостық ұран деңгейінде қарастырмай, оны нақты образдар мен шынайы сезімдер арқылы жеткізгеніне назар аударады. Академик Зейнолла Қабдолов С. Мәуленов шығармашылығын талдай келе: «Мәуленовтің қырық жыл ішінде жазған қыруар өлең-жырын… бірыңғай көзқарас белгілесек, Сырбай поэзиясы – ақынның өзі ғұмыр кешіп келе жатқан мезгіл мен мекен жайлы, яки уақыт пен кеңістік хақындағы мың салалы біртұтас мықты монолог дер едік» деп түйіндейді. Осы «монологтың» бас кейіпкері – ақынның өзі болғанымен, шын мәнінде ол халық тағдыры мен өмірінің көркем шежіресі болып шығады деп тұжырымдайды ғалым. Демек, С. Мәуленов өз заманындағы күллі ұлттық болмысты, халықтың рухани әлемін өз поэзиясында бейнелеп, бүтін бір дәуірдің үнін поэтикалық монолог ретінде кестелеген. Бұл – ақынның ұлттық рухты көтерудегі басты мұратының жүзеге асқанын білдіреді.

Сырбай Мәуленов шығармаларында туған жер бейнесі мен ұлттық мақтаныш сезімі үндесіп жатады. Ақындық мұрат тұрғысынан ол өз поэзиясы арқылы туған елге

қызмет етуді, халықтың көңіл күйі мен арман-мұратын жырлауды мақсат етті. Мұны филология ғылымдарының докторы Серік Қирабаевтың сөзі растайды: ғалымның айтуынша, Сырбай Мәуленовтің ақындық таланты соғыс жылдарында шыңдалып, дәл сол алапат өмір тәжірибесі оның ойшыл, толғанысқа толы ақын болып қалыптасуына себеп болды. Соғыс майданында жүріп көрген шындық пен елге деген махаббат оның жан дүниесін тереңдетіп, бейбіт өмірде туған жер мен халықты жырлайтын қуатты лирикаға ұласқанын Қирабаев атап көрсетеді. Сөйтіп, С. Мәуленовтің туған жерге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі оның әр өлеңінен сезіліп, ақындық мұратының негізгі тірегіне айналды.

Азаматтық болмыс және ел тарихына құрмет

С. Мәуленовтің ақындық мұратының тағы бір қыры – азаматтық болмыс, яғни қоғам алдындағы жауапкершілік пен шыншылдық, ел мүддесін қорғау ұстанымы. Ақын өз поэзиясында және публицистикалық шығармаларында халықтың ой-арманы мен әлеуметтік мәселелерін батыл көтеріп, әділдік пен шындықты ту еткен. Зейнолла Қабдолов Сырбай шығармашылығы туралы: «Сырбай ақындығы Ұлы Отан соғысының от-жалынында шыныққып, шыңдалған. Мәуленовке біткен өнердің шынайылығы да сонда деп білген жөн» дейді. Шындығында да, соғыс жылдарында өлім мен өмірдің сынын көрген жас ақын кейін бейбіт өмірде де шындықтың жыршысы болудан таймаған. Азаматтық лирика деп аталатын бағытта С. Мәуленов адамның қоғамдық рөлі, парызы мен намысы, әділдік пен адамгершілік тақырыптарын кеңінен қамтыды.

С. Мәуленовтің азаматтық ұстанымы ең алдымен шыншылдық принципімен ерекшеленеді. Ол көркемсөзде де, көсемсөзде де жалған пафосқа, бояма жылтыраққа әуес болмай, өмір ақиқатын қаз-қалпында айтып беруге тырысқан. Ақынның өз сөзіне жүгінсек: «Тегінде, шындықтың өзі бояусыз, қарапайым болады екен-ау!» деп ол шығармашылық кредосын айқын білдірген. Мұны ақынның «Түбірлер» атты шағын өлеңін жазу тарихы дәлелдейді. Соғыстан кейін жылдар өте сол ұрыс даласына қайта барған Сырбай қаруластарын еске алып, майданда мерт болған солдаттарды жер бетіндегі ағашы оталған «жұлынған түбірлер» кейпінде көз алдына елестетеді. Нәтижесінде небәрі 15 жолдан тұратын терең мағыналы өлең туады: Көрінеді Орманнан Түбірлер. Айрылған. Аяқ-қолдардан Түбірлер. Мүгедек солдат секілді Түбірлер. Оқ жұлғандай етімді Жүрегім тулап дүбірлер, Кезеріп ернім күбірлер.
«Соғыс не?! Менен біліңдер».

Бұл өлеңде майданның шынайы жүзі, соғыс салған қасірет жан ауыртар шыншылдықпен суреттелген. Еш теңеусіз, қарапайым көріністер арқылы («түйедей түбірлер», «мүгедек солдат секілді түбірлер») ақын соғыстың халыққа салған жарасын дәл жеткізеді. Мұндай боямасыз шыншыл жырлар С. Мәуленов поэзиясының азаматтық пафосын айқын көрсетеді. Ғалымдар «өмірдің өзінен туған өлеңдер барлық болмыс шындығымен ұзақ уақыт жасайды» деп, Сырбай өлеңдерінің құндылығын осы өміршең шындықты жыр еткен қасиетімен түсіндіреді.

Сырбай Мәуленов – тек лирик ақын емес, қоғамдағы өткір мәселелерді публицистикалық деңгейде қозғаған журналист, публицист ақын. 1950-60 жылдары ол «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналының редакция алқасында қызмет етіп, сол кезеңнің көкейтесті тақырыптарына қалам тербеген. Сол заман үшін ерекше батылдықты талап еткен ұлттық мәселелер – ана тілі, тарих тағылымы, ұлт мұрасы – С. Мәуленов публицистикасының өзегі болды. «Қазақ әдебиеті» газетінің кеңестік дәуірдегі рөлі туралы еңбектерде: «Кеңестік дәуірде қылышынан қан тамған компартияның қаһарынан ықпастан, ұлт мүддесін асқақтата көтеріп, ақ-адал сөйлеуді ең қасиетті борыш санады» деп бұл басылымның ұстанымы сипатталады. Дәл сол принципті ұстанған бас редакторлардың бірі – Сырбай Мәуленов. 1950 жылдардың соңында С. Мәуленов басқарған «Қазақ әдебиеті» газеті ұлттық тарих пен тілге қатысты батыл материалдар жариялағаны үшін биліктің қырына ұшырады. 1957 жылдың көктемінде Сырбай Мәуленовке «буржуазияшыл ұлтшыл» деген айып

тағылып, ол бас редакторлық қызметінен босатылады. Жұбан Молдағалиев пен Төкен Әбдірахманов сынды серіктері де сол үшін жазаланады – бұл оқиға сол кездегі партия билігінің газет көтерген ұлттық мәселелерге көрсеткен қатал жауабы еді. Кейінгі зерттеулерде сол кезең: «Обалы не, бас редактор Сырбай Мәуленов, орынбасары Жұбан Молдағалиев те қазақ ұлтының мәселесін көтеруде тартынып қалмайды, Рахманқұл Бердібайдың қолын қақпайды» деп сипатталады. Нәтижесінде билік тарапынан қысымға қарамастан, ақынның бұл азаматтық қадамы қазақ тілін, әдеби мұраны қорғауға септігін тигізді – 1956-1957 жылдары қазақ тілі мен әдебиеті туралы маңызды қаулылар қабылдануына осы басылымдағы айтыстар түрткі болды деп пайымдалады.

С. Мәуленов ана тілі мәселесін әрдайым назарда ұстап, ұлттық рухтың тірегі – тіл екенін публицистикасында ашық айтқан. Мұрағат деректерінде Сырбай Мәуленовтің 1950 жылдардың соңында қазақ мектептерінің жабылуы, қазақ тіліндегі баспасөздің қысқаруы туралы дабыл қаққаны айтылады. Өзі редакторлық еткен басылымдарда тіл төңірегіндегі мәселелерді жиі көтерген. Бір естелігінде ақынның: «...Тіл – халықтың қаны, жаны. Тілсіз халық – сор басқан шөл, шел басқан көз... Сондықтан ана тілінің жағдайы әрбір азаматты толғантады…» деп жазғаны сақталған. Шын мәнінде, Сырбай Мәуленов ана тілі үшін күресті өз міндеті санаған қаламгер. Зерттеушілердің айтуынша, дәл осы тіл мәселесін С. Мәуленов ешқашан назардан тыс қалдырмаған, тіпті редактор, жауапты қызметкер болғанда да оны күн тәртібінен түсірмей, тұрақты насихаттап отырған. Бұл – ақынның азаматтық болмысының айғағы. Ұлт тілінің тағдыры қыл үстінде тұрған шақта үнсіз қалмай, өз басын қауіпке тіге отырып, ашық пікір айтуы – оның өз халқына адал перзент, шын азамат ақын екенінің дәлелі.

С. Мәуленовтің азаматтық поэзиясында ел тарихына, өткенге құрмет ерекше орын алады. 1950 жылдары қазақ тарихының «ақтаңдақ» беттері, әсіресе ұлт-азаттық қозғалыстар туралы айтуға тыйым салынып келсе, сол шектеулер босаңси бастаған тұста С. Мәуленов сынды қаламгерлер тарихи әділдікті жақтады. Махамбет Өтемісұлы көтерілісі, Алаш арыстары жайлы алғашқылардың бірі болып сөз қозғаған мақалалар «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. Сондай-ақ жас С. Мәуленов 1956 жылы қазақ әдебиеті тарихын ежелгі түркі мұраларынан бастау керек деген пікірді көпшілікке жеткізуге мұрындық болған деуге негіз бар. Мұхтар Әуезовтің ұзақ жылдар бойы тыйым салынған «Қилы заман» повесін ақтап алу жарияланымдары да осы басылым арқылы оқырманға жол тартты. Бұл деректер С. Мәуленовтің сол кезеңдегі әріптестерімен бірге ел тарихының шынайы бағасын беру ісіне қосқан үлесін көрсетеді. Ақын поэзиясында да тарихи тақырыптар азаматтық сарынмен жырланады. Амангелді Иманов сынды халық батырлары, Абай, Ыбырай, Сәкен, Ілияс, Бейімбет сияқты ұлы тұлғалар туралы С. Мәуленовтің жазған очерк, өлең, эсселері бар. Мысалы, оның «Бауыржан зираты басында» деген өлеңінде Ұлы Отан соғысының даңқты батыры Бауыржан Момышұлының қазасына байланысты халықтың мұң-шерін бөлісіп, батырдың өлімін елдің қайғысы ретінде жырлайды. Осындай туындылар ақынның тарихты жеке тұлғалар арқылы қоғамдық санаға сіңіру, өткеннен сабақ алып, келешекке үмітпен қарау ниетін аңғартады.

Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленовтің азаматтық болмысы – оның поэзиясы мен публицистикасында көрініс тапқан шыншылдық, әділеттілік және ұлтжандылық принциптерінің жиынтығы. С. Мәуленовтің ақындық мұраты халыққа қызмет ету, оның ішінде өз заманындағы әлеуметтік, рухани мәселелерді батыл көтеру болғаны анық. Зерттеушілердің бағалауынша, ол нағыз ұлт азаматы ретінде ұлт мүддесін қорғауда тартынып қалған жоқ. Мұндай қайсар азаматтық үні оның өлең-жырларына да дарып, қазақ поэзиясында елдік пен ерлікті жырлаудың үздік үлгілерін қалыптастырды. Сөйтіп, Сырбай Мәуленов өз дәуірінің талабы мен халқының үмітін арқалаған азамат ақын ретінде ақындық мұратын адал атқарды.

Ақынның адами болмысы және идеялық-эстетикалық ұстанымы

Сырбай Мәуленов шығармашылығын тереңірек талдағанда, оның адами болмысы мен идеялық-эстетикалық ұстанымдары айрықша назар аударуды қажет етеді. Ақынның адами болмысы деп біз оның кісілік келбетін, мінез-құлқын, адамгершілік қасиеттерін және бұл қасиеттердің шығармашылығына ықпалын түсінеміз. Қазіргі заман зерттеушілері С. Мәуленовті мінезі қарапайым, сабырлы, көп сөйлемейтін, бірақ көңілі дархан, жүрегі жұмсақ адам ретінде сипаттайды.

Майдангер ақын Мұзафар Әлімбаевтың естеліктерінде Сырағаңның ұстамды, ойлы, аккөңіл болмысы аталады. Сырбайдың осы ұстамды, ойлы мінезі оның поэзиясында да із қалдырды. Ол өлеңдерінде асқан ойшылдық пен сезімталдық танытып, ыстық эмоцияны суық ақылмен өрнектеуді шебер меңгерген.

Ақынның эстетикалық ұстанымдарына келсек, С. Мәуленов өз поэзиясында шындық пен сұлулықтың үйлесімін негіз етіп алған. Ол көркем сөз өнерін шындықты жеткізу құралы деп біліп, әр туындысында өмірдің боямасыз сәулесін түсіруге ұмтылды. Сонымен қатар Сырбай өлеңді эстетикалық тұрғыдан сұлу, жүрекке жылы тиетін, оқырман сезімін тәрбиелейтін қуатты күш санаған. Белгілі әдебиет сыншылары С. Мәуленов туралы жазған еңбектерінде ақын өлеңдеріне терең әдеби-эстетикалық талдау жасайды. Олар Сырбай поэзиясын тұтас бір монолог деп суреттей келе, сөз өнеріне тән сыр мен шындықтың, ой мен сезімнің осы монологтың мазмұнынан табылатынын атап өтеді. Бұл монологтың «бас кейіпкері – ақынның өзі» бола тұра, шын мәнінде «халық тағдыры, халық тіршілігі» туралы сыр шертіп тұрғаны айтылады. Осылайша, С. Мәуленов поэзиясы ақынның жеке жан-дүниесі мен бүкіл халықтық болмысты астастырып, ақынның адамдық келбеті мен шығармашылық мұратының бірлігін көрсетеді.

Сырбай Мәуленовтің талант табиғатын тану үшін оның шығармашылық эволюциясындағы шешуші фактор – Ұлы Отан соғысы. Соғыс жылдары поэзияға келген буын үшін өмір шындығын жырлау, елге рух беретін отты жыр жазу – ең басты мұрат болды. Сол тәрізді С. Мәуленов те өмірінің ең ауыр да ғибратты жылдарында ақын ретінде қалыптасып, шыңдалды. Оның бүкіл поэзиясының өн бойынан «от пен оқтың ортасынан аман шыққан адамның өмір, уақыт, кеңістік туралы философиясы» байқалады. Сырбайдың «Мың қолдар сау болсын деп, мен бір қолымды бердім» деген қанатты сөзі бар – ол соғыста оң қолынан ауыр жарақат алған. Ақын үшін майданда жоғалтқан қолы бүкіл халықтың жеңісі үшін берілген құрбандық іспетті, ал сол жеңіс ұрпаққа азат өмір сыйлады деген ойды С. Мәуленов шығармашылығы жиі меңзейді. Бұл – ақын өмірбаяны мен поэзиясының тұтасып кеткенін, яғни өмір жолы мен өнер жолының қабысқанын көрсетеді. Әдебиеттанушылар осы тұрғыдан Сырбай шығармашылығының музасы – Ұлы Отан соғысы болғанын нақтылайды. Демек, ақынның адами болмысы – ержүрек жауынгер, елінің патриоты, қиындықпен шыңдалған қайсар жан болмысы – оның барлық өлеңдеріне рухани өзек болған.

Идеялық тұрғыдан Сырбай Мәуленов кеңестік кезең ақыны болса да, өз шығармаларында адами құндылықтарды, гуманизм мен адамгершілікті жоғары қойған.

Ол компартияның ресми идеологиясына қызмет етуді емес, халықтың жүрегіне жақын шынайы тақырыптарды жырлауды артық көрді. Дегенмен, заманының цензуралық талаптары кейде оның ашық айтуына кедергілер жасады. Соған қарамастан, С. Мәуленов өз ұстанымдарын астарлап, символикамен жеткізе білді. Мәселен, зерттеушілер оның өлеңдеріндегі түстердің символикалық мәні туралы да жазады: «Қызыл су», «Боз қырау», «Алтын тасқын» сияқты жинақтарында туған жер табиғатын сипаттай отырып, белгілі түстер арқылы заман, қоғам сипатын мегзейтіні айтылады. Бұл да – ақынның эстетикалық шеберлігінің бір қыры.

С. Мәуленов журналистік қызметінде де принципшіл болды. Қаламдастарының естеліктері оның ешкімге жалтақтамай, дұрыс деп санаған пікірін ашық жеткізетін турашыл мінезін баяндайды. «Қай кезде де турашыл болса, шындық жағында болса,

адам өмірінде біраз қиындық көргенімен, кейін осы істері оны ұлы тұлғаға айналдырады» деген бағалар бар. Расында, Сырбай Мәуленов басына төнген талай қауіп-қатерге қарамай шындықтың жағында болды, сол үшін қызметінен айырылып, қуғын көрсе де, әдебиетте, тарихта өз биігін тапты. Оның еңбегі мемлекет тарапынан да бағаланды: 1970 жылы С. Мәуленов Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды, кейін «Қазақстанның халық жазушысы» атағы берілді. Бұл марапаттар – оның ақындық мұраты мен адами болмысын халқымыздың мойындағанының белгісі.

Эстетикалық ұстанымы бойынша С. Мәуленов поэзиясы лиризм мен публицистиканың синтезіне негізделген деуге болады. Ғалымдар оның лирикалық өлеңдерінде публицистикалық элементтер мол екенін атап көрсетеді. Яғни ақын сезім мен ойды, шабыт пен тұжырымды ұштастырып отырады. Кейбір өлеңдерінде кейіпкер монологы түрінде белгілі тарихи немесе заманауи оқиғаларға үн қатады. Бұл тәсіл бір жағынан өлеңге эмоциялық қуат берсе, екіншіден, ақынның азаматтық позициясын аңдатады.

Бұдан бөлек, С. Мәуленовтің тілі шұрайлы, стиль өрнегі айшықты. Сыншылар оның прозалық деңгейдегі публицистикалық баяндары мен поэтикалық суреттемелерін мысалға келтіріп, суреткерлік шеберлігін жоғары бағалайды. Өлеңде болсын, мақалада болсын, Сырбай әр сөзге мән беріп, әр теңеуді орнымен қолдануға тырысқан.

С. Мәуленов поэзиясындағы лирикалық «мен» мәселесіне тоқталғанда, лирикалық поэзияның субъективтік сипаты айқын көрінеді: ақынның өз ішкі сыры мен бүкіл халықтық сезім біртұтас монологқа ұласқан. «Осынау ұланғайыр бай, байтақ монологтың бас кейіпкері – ақынның өзі… Ал, осының өзі – халық тағдыры, халық тіршілігі» деген тұжырымдар ақынның идеялық мұраты – жеке тағдырын халық тағдырына ұштастыру екенін айғақтайды. Сырбай ақын өлеңдерінде өз өмірбаянын жырлай отырып, шын мәнінде халқына қызмет етіп келеді; оның әрбір жеке сыры ұлттың ортақ сезіміне айналып отырады. Бұл – үлкен жүректі ақындардың ғана қолынан келетін ерекше қасиет. Өз замандастары ішінде С. Мәуленов осындай үлкен жүректің иесі болды.

Ақынның адами болмысының бір қыры – оның қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі. Қаламдастары еске алады: Сырағаң атақ-даңққа мастанбаған, жас ақындарға қамқор, көпшіл жан болған. 1960-70 жылдары Сырбай Мәуленов әдеби ортада беделді ақын, баспа редакторы бола жүріп, талай талантты жастарға қолдау көрсеткені айтылады. Мәселен, кейінгі буын ақындардың тұсаукесер жинақтарына Сырбай ағалары бата жазып, пікір білдіргені жиі аталады. Бұл оның адам ретіндегі жомарттығы мен кеңдігін аңғартады. Өз басының беделін пайдаланып, жастарды қанаттандыру – үлкен адамгершілік. Осы қасиеттер оның өлеңдерінде де байқалады: Сырбайдың махаббат лирикасы, табиғат лирикасы болсын, барлығында шынайы, жүрек тазалығы сезіледі. Махаббат тақырыбындағы бір өлеңінде («Сен мені ойладың ба...» деп басталатын) ғашықтық сезімнің нәзік сырын төгілте жазып, оқырманын «жас дәуреннің жалын шағына» еріксіз саяхат жасатады. Сыншылар мұндай шумақтарды «жасандылықтан ада, шынайы сезім сыры» деп бағалайды. Ақынның шынайылығы мен жүрек тазалығы оның адами болмысының айнасы іспетті.

Сырбай Мәуленовтің идеялық-эстетикалық мұраттарын бір сөйлеммен түйіндеу қиын, бірақ ең негізгісі – шындыққа сүйіспеншілік және адамды сүю деуге болады. Замандастарының естеліктерінде ол «бар қазақты Сырағаңша жылап тұрып жақсы көруге» болатын ерекше тұлға ретінде сипатталады. Шынында, С. Мәуленов өлеңдерінде де, өмірде де халқын шексіз сүйген, оның қуанышына қуанып, қайғысына ортақтаса білген азамат болды. Ақын үшін ең үлкен марапат – халқының құрметі, сүйіспеншілігі еді. Өмірінің соңғы жылдарына дейін шығармашылықтан қол үзбей, туған елі туралы, замандас туралы, өмір, табиғат туралы жырлауын тоқтатпады. Бұл да – оның ақындық сертіне беріктігі, мұратына адалдығының белгісі.

Қорытынды

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – ұлт руханиятына қызмет ету, қазақ поэзиясының асыл мұраттарын ту етіп көтеру десек, жоғарыдағы талдаулар осы тұжырымды толық қуаттайды. Ақын поэзиясында ұлттық рух, азаматтық ар-намыс, туған елге сүйіспеншілік және адамгершілік құндылықтар терең үйлесім тапқан. Ол өз өлеңдерінде туған даланың табиғатын тамсана жырлап, елінің ерлік тарихын мақтан етіп, ана тілінің мәртебесін асқақтатты; сонымен бірге соғыс көрген жүректің зарын, өмірдің ащы шындығын да бүкпесіз айтты. Сырбай поэзиясы – уақыт пен кеңістікті, жеке тағдыр мен халық тағдырын бір арнаға сыйғызған қуатты монолог. Бұл монолог – ақынның өзі өмір сүрген дәуіріне, халқына арнаған адал сыры мен жыр-мұрасы.

Эссе барысында филология мамандарының пікірлері мен ғылыми еңбектердегі дәйектерге сүйене отырып, Сырбай Мәуленовтің шығармашылық болмысы жан-жақты қарастырылды. Серік Қирабаев сынды әдебиеттанушылар ақынның өсу жолын соғыс жылдарындағы ауыр тәжірибемен байланыстырса, Зейнолла Қабдолов оның поэзиясын көркемдік тұтастық тұрғысынан талдап, ақындық әлемінің тереңдігін көрсетті. Басқа зерттеушілер С. Мәуленовтің ұлтжандылық және азаматтық ұстанымдарын жоғары бағалап, оның публицист-журналист ретіндегі қайраткерлігіне тоқталды. Бұл деректер мен пікірлердің барлығы бір арнаға тоғысып, Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – өз заманының шындығын, өз халқының рухын поэзия тілімен өрнектеу болғанын айқын көрсетеді.

Сырбай Мәуленов – туған халқының қуанышы мен мұңын жырлап өткен ұлт ақыны, оның жүрек сөзін сөйлеген азамат ақын, және өмір мен өнерде биік адамгершілік үлгісін көрсеткен үлкен жүрек иесі. Оның өлең-жырлары қазақ поэзиясының алтын қорынан берік орын алған. Өмірден өткенімен, ақын мұрасы халқымен бірге жасап келеді. Абай хакім айтқандай, «өлмейтұғын артында сөз қалдырған» ақындардың сапында Сырбай Мәуленов те тұр. Ақын жырлары жаңа ұрпақты отансүйгіштікке, адами асыл қасиеттерге тәрбиелеп, ұлттық рухты ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келеді.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты оның поэзиясында толық көрініс тауып, әдебиет зерттеушілері тарапынан жоғары бағасын алды. Ақын поэзиясындағы ұлттық рух пен азаматтық әуен, туған жерге деген махаббат пен адамзатқа ортақ гуманизм – мұның бәрі қазақ әдебиетінің қазынасын байытып, халқымыздың рухани айнасына айналды. Сырбай Мәуленовтің жүрегі мәңгі жас, мәңгі жыр болып қала бермек. Ақынның мұраты – халқымен бірге жасайтын өлеңінде жүзеге асты, ол өмірде де, өнерде де сол мұратқа қалтқысыз қызмет етіп өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қабдолов З. Монолог: әдеби-сын мақалалар. — Алматы, 1970-жж. (С. Мәуленов шығармашылығына талдау). Қолжетімді жері: aqiqat.kazgazeta.kz

2 Қирабаев С. С. Мәуленов туралы естеліктері мен сұхбаттары (ақынның соғыс жылдарындағы қалыптасуы жайында). Қолжетімді жері: sputnik.kz

3 Садықов С. «Қазақ әдебиеті – ұлттық рух жаршысы». Ақиқат, 2012, №4. Қолжетімді жері: aqiqat.kazgazeta.kz

4 Ергөбек Қ. «Алаш рухты азамат еді». Қазақ әдебиеті газеті, 15.12.2017. Қолжетімді жері: qazaqadebieti.kz

5 Әлімбаев М. Естеліктері. Sputnik Қазақстан, 03.10.2021 (ақынның тұлғалық болмысы жайында). Қолжетімді жері: sputnik.kz

7 Жауынгер–ақын, азамат–ақын, лирик–ақын (әдістемелік құрал). Calameo сандық кітапханасы, 2022. Қолжетімді жері: calameo.com.

Парахатова Кулпынай Жанарбек кызы,
Астана қаласы,
Әлихан Бөкейхан атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-лицейі
бастауыш сынып мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕ ҚОЛДАНУ: ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ БАУЛУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бір кездегі қазақ даласынан дүркін-дүркін көкжелбіреген жылдар секілді, білім ордасының да қанаты кең жайылып, жас ұрпақтың жүрегіне отанымызды, туған жерімізді сүю сезімін дарып жеткізу – бүгінгі күннің аса маңызды міндеті. Қазақстан Республикасының білім беру саласы ұлттық тәрбиеге, әсіресе отансүйгіштік маынарына ерекше көңіл бөледі. Әрбір мұғалімнің мақсаты – оқушының тек білімін емес, мінезін, жүрегін де тәрбиелеу. Осы тұрғыда көркем әдебиет, оның ішінде балалар әдебиеті, ақын-жазушылардың өлеңдері – рухани азық, адамгершілік құндылықтарды бойға сіңіретін қайнар. Сырбай Мәуленов – қазақтың ұлы ақыны, майдан майданының шындығын өлеңмен жеткізген, туған жерге, елге деген махаббатқа сарқылмас жыр арнаған тұлға.

Оның шығармаларының тілінің көркемдігімен, поэзияның құдіретімен, жүрек қалпы мен сезімге толыуы – бастауыш сынып оқушысына да түсінікті, жанға жылы ықпал ететін қасиеттерге ие.Осы мақалада Сырбай Мәуленов шығармаларын өлеңдетіп сабақ үдерісіне қалай енгізуге болатыны, көне сөздер мен тілдік ерекшеліктерді қалай пайдалануға болатыны, оқушыларды отансүйгіштікке баулуда және цифрлық платформаларды қолданудағы әдіс-тәсілдер нақты мысалдармен қарастырылады. Сырбай Мәуленов шығармаларының тәрбиелік мәні.Сырбай Мәуленовтың поэзиясы дүние пердесін ашар айна сынды. Оның жырлары мен толғаулары туған жерге, табиғатқа, халыққа деген сүйіспеншілікті, соғыс жылдарының зарлы шындығын, адам болмысындағы асыл қасиеттерді айқын бейнелейді. Сол арқылы оқушы:
Туған жерді қадірлеуге,
елге қызмет етуге,
табиғатты қорғауға,
халықтың тарихын, мәдениетін білуге, құрметтеуге үйренеді.

Мысалы, оның «Өлеңдер 1-том» жинағында 1938-1958 жылдар аралығында жазылған өлеңдері бар, соның ішінде майдан жылдарындағы өлеңдері оқушыға елдің ауыр кезеңдерін түсінуге мүмкіндік береді. Тағы бір мысал – оның “Шығармалары 2 том” жинағы, онда 1958-1968 жылдар аралығындағы атамекен, адамгершілік, достық, махаббат тақырыптары қамтылған. Көне сөздер мен тілдік көркемдік құралдарды қолдану арқылы бұл шығармаларда ұлттық бояу, сөз сұлулығы сезіледі. Мысалы: «атамекен», «жырға толы жұлдыздай», «ар раушан», «сағыныш жалыны», «көгіміз», «жынды жел» сияқты сөздер оқушыға тілдің байлығын сезіндіреді. Көне сөздерді сабақ үдерісіне енгізу: өлеңдетіп тәсілдерКөне сөздерді (архаизмдерді,
дәстүрлі тіркестерді) пайдалану оқушының сөздік қорын молайтып, тіл мәдениетін арттырады. Бұл сөздерді өлең тәрізді сабақ үдерісінде былайша қосуға болады:
Өлеңмен бастау
Сабақтың тақырыбын ашарда өлеңнің шумағын келтіріп, сол шумақтағы көне сөздерді бөліп көрсету. Мысалы:
Атамекенім, ар раушан жайнаған,
Көк аспан кең, көгіміз жайнаған.
Мұнда «атамекенім», «ар раушан», «көгіміз» сөздері көне-шағылы көрінуі мүмкін, баланың сөздік қорына жаңалық қосады.
Сөздердің мағынасын ашу

Көне сөздерді оқушылармен бірге талдау. Мысалы: «ар раушан» — асыл, қадірлі раушан; «көгіміз» — аспанымыз, кең көк. Бұл сөздер неге қолданылған, ақынның не сезімін жеткізгісі келді деген сұрақтар қою.

Өлеңді өлеңдетіп айту / мәнерлеп оқу

Ақын өлеңін мәнермен оқығанда, көне сөздердің екпінімен, ырғағымен жеткізуге көңіл бөлу. Бұл сөздердің мағынасына эмоция қосып, оқушыларға сөздің көркемдігін сезіндіріп өту.

. Тапсырма беру

Өлеңнің көне сөздерін қолданып өз шумағын жазу. Бұл сөздерді қолдана отырып, қысқа өлең немесе төрт жолдық шумақ құрастыру.

Топтық жұмыс: бір топ көне сөздердің мағынасын зерттесе, екінші топ сол сөздерге сәйкес суреттер салу, үшінші топ оларды қазіргі тілдегі баламасымен салыстыру. Қайталама оқу, жаттау. Өлеңдерді қайталап оқу, жаттау арқылы көне сөздерді тілге сіңіру. Жаттығу ретінде оқушының жаттаған өлеңін басқа топқа оқыту (өзара оқыту) ұйымдастыруға болады.

Цифрлық платформа арқылы өлеңдетіп оқытудың мүмкіндіктері

Қазіргі ғасырға қадам басқан сайын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру үдерісіне терең енуде. Мектеп қабырғасындағы дәстүрлі оқыту әдіс-тәсілдерімен қатар цифрлық платформаларды арнаулы қолдану арқылы сабақты көркемдете, оқушыларға әсерлі, есте қаларлықтай етуге болады. Өлеңдерді өлеңдетіп оқыту – әсіресе бастауыш сыныптарда оқушылардың назарын аударып, сөздің сиқырына тарту үшін таптырмас жол. Мұндай оқыту формасы – әуен мен мәнер, сурет пен метафора, интерактивтік құралдар мен цифрлық ресурс арқылы сабақты байытудың аймақтық (аудандық, мектеп ішіндегі) тәжірибелерінің бірі бола алмақ.

Төменде цифрлық платформалардың өлеңдетіп оқытуда қолданылуының нақты мүмкіндіктері, әдіс-тәсілдері мен жан-жақты түрлері көрсетілген:

1. Аудио және бейне ресурстар арқылы әсерлі жеткізу

Өлеңнің мағынасын, ырғақ реңін, екпінін сезіндіру үшін аудио және бейне ресурстар – ерекше құнды құралдар:

Аудиожазбалар: ақынның өлеңдерін дикторлар мәнерлеп оқыған аудио нұсқаларын тыңдату. Бұл оқушыға ырғақты, сөздер арасындағы тыныс алуды, екпін мен эмоцияны сезінуге көмектеседі.

Бейнеоқылымдар / поэзиялық видеороликтер: өлеңнің жолдарын экранда көрсетіп, фондық музыка мен визуалдық көріністер қосып көрсету. Мұндай формат балаға сөздің бейнесін көзбен көріп, есту арқылы қабылдауға жол ашады.

Мультимедиялық поэзия: өлең жолдарының әр сөзі экранда анимациямен немесе эффектілермен қозғалып шығуы, сөз мағынасына сәйкес визуализация қосу — бұл оқушының зейінін әрі ойлауын ынталандырады.

Мысал ретінде, Kitap.kz платформасында қазақ және әлем әдебиетінің аудиокітаптары мен жазба кітаптар жинақталған, оның ішінде қазақ ақындарының шығармалары да бар екенін атап өтуге болады. Бұл платформа арқылы өлеңдерді жазбада тыңдап, мәнермен оқу үлгілерін көре отырып, мұғалімдер сабақта оқушыларға осы аудиоверсияларды пайдалана алады.

2 Интерактивті тапсырмалар: белсенділік пен ойын элементтерін қосу оқушылардың тек тыңдаушы болуынан асып, белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін интерактивті тапсырмалар өте пайдалы. Өлеңдетіп оқытуда қолдануға болатын әдістер:

LearningApps.org — өлеңнің шумақтарын дұрыс ретке келтіру, бос жерлерге сөз қою, ұғымдармен сәйкестендіру сынды жаттығулар жасау Quizizz, Kahoot! — өлеңнің мазмұнына, көне сөздер мен балама сөздерге қатысты викторина құру. Ойын формасы балаларға қызықты әрі мотивациялық Wordwall, Socrative сияқты құралдар арқылы динамикалық жаттығу жасау: сөздерді таңдау, сәйкестендіру, сұрақтарға жауап беру Электрондық флеш-карталар (flashcards) — көне сөздер мен мағыналарын карточка

форматында жасау, экранда оқу және жаттау

Интерактивті өлең пазлдары — өлең жолдарын араластырып, оқушылар оларды дұрыс ретке келтіретін тапсырмалар жасау

Интерактивті элементтер сабақтың пассивті болуын болдырмайды, оқушылар әр тапсырманы орындаған сайын өзін «жаңа жау» түрінде сезінеді. Сонымен қатар, мұғалім тапсырма нәтижелерін автоматты түрде қадағалай алады, қай оқушы қай жерде қиналғанын көре алады.

3 Сандық тақта және ортақ онлайн кеңістік: бірлестік оқыту

Сабақ барысында smart-тақта, планшет, интерактивті тақта немесе оқушылардың құрылғылары арқылы:

Padlet, Google Jamboard, Miro секілді ортақ кеңістіктерде өлеңнің көне сөздері мен балама сөздерін панель түрінде орналастырып, оқушылар өз пікірін, суретін, түсіндіруін сол тақтаға жазады

Мұғалім интерактивті тақтада өлең жолдарын экранға алып, әр жолдың астына түсініктеме жазып, көне сөздерге түсінік бере алады

Сплит-экран, «ортақ экран бөлісу» мүмкіндігі арқылы оқушылар өз суретімен, мысалы, өлеңнің бейнесін салған суреттерімен бөліседі

Google Slides, PowerPoint Online форматында әсем кеңейтілген презентация құрып, әр шумаққа иллюстрация мен көне сөздер қосып көрсету

Осылайша, сабақ сыры тек мұғалімнің айтуында қалмай, балалардың да «екінші мұғалімге» айналады. Әр оқушы, өз жазған пікірін, суретін ортаға салып, басқа балаларды шабыттандырады.

4 Электрондық кітаптар және онлайн әдеби жинақтар

Цифрлық платформада кітаптар, оқу материалдары қолжетімді болу — оқу үдерісін жеңілдетеді:

Сырбай Мәуленовтың 1- және 2-томдық шығармалары электронды нұсқалар түрінде әдеби порталдарда қолжетімді (мысалы, Adebiportal, kazneb т.б.).

Kitap.kz жобасында қазақ әдебиетінің көптеген шығармалары, аудиокітаптары бар, оқушылар мен мұғалімдер оған тіркеліп, шығармаларды оқи және тыңдай алады.

Онлайн кітапханалар арқылы өлеңдердің мәтінін экранда көру, сөздіктермен қатар қою — оқушы қажет сөзге бірден жүгінсін

Электрондық нұсқадағы өлең жұмыстары (мысалы, түсіндірмелі нұсқалармен, аннотациямен, қиын сөздердің астын сызумен) оқушыға қолдау болады

Бұл тәсіл кітаптың физикалық нұсқасына тәуелділікті азайтады, оқушы қалаған уақытта, қалаған жерде өлеңдерді оқып, қайтадан қарауға мүмкіндік алады.

5 Креативті бейне / анимация жасау: өнер мен технология тоғысқан сабақ

Өлеңді толыққанды шығармашылық әрекетке айналдыру үшін:

Оқушыларды топқа бөлу: әр топ өлеңнің бір шумағын алып, оны қысқаша сценарий етіп жазып, сахналау. Бейне/анимациялық ролик жасау: фото, сурет, слайд, анимация құралдарын пайдаланып, шумақты көркем бейнеге айналдыру

Көне сөздерге визуалдық бейнелер қосу (мысалы, «атамекен» сөзіне үй, дала, ауыл пейзажы, «жалыны» сөзіне оттың жалындаған бейнесі)

Stop-motion, PowerPoint анимация, Canva, Adobe Spark сияқты құралдар арқылы мәтінді қозғалыста көрсету

Сахнаға киім, маска, реквизит қосу – өлең кейіпкерлерін сомдау

Осылайша, өлең суретпен, қозғалыспен, дыбыспен түйілетін көркем бірлікке айналады.

Оқушы сөздің мағынасын терең түсініп қана қоймай, оны шығармашылықпен жеткізуге қатысады.

6. Айналым-қайталау және бағалау: цифрлық бағалау құралдары

Өлеңдетіп оқытуда оқушылардың түсінуін тексеру маңызды. Цифрлық платформалар мұнда да көмекші:

Google Forms, Microsoft Forms арқылы қысқа тесттер, ашық жауап сұрақтары, көне сөздердің баламаларын сәйкестендіру, мәтінге түсіндірме жазу

Quizizz, Kahoot арқылы бағалау викториналарын өткізу

Edmodo, Classroom платформаларында тапсырмаларды беріп, оқушылар шешімін жүктейді, мұғалім кері хабарламаны дер кезінде береді

Портфолио, е-портфолио жүйесі арқылы оқушылар өз шығармаларын, бейне, аудио нұсқаларын жинақтап, оқытушыға әрі сыныпқа ұсынады

Жарыс түріндегі бағалау: кім шапшаң әрі дұрыс орындады — рейтинг, жарыс, балл жүйесі қолдану

Бұл бағалау әдістері оқушыларды ынталандырады, өз жетістігін көруге мүмкіндік береді.

. Қосымша мүмкіндіктер мен шығармашылық кеңейтулер

6. Подкаст қолдану: оқушылар өздері өлең оқып, аудиожазба жасайды, подкаст ретінде мектеп сайтында бөліседі

Әлеуметтік желілерде әдеби челлендж: мектеп Instagram, Facebook парақшасында өлең жолдарын бөлісу, оқушылар өз оқылымдарын жазып жариялау

QR-код арқылы өлеңге өту: сыныпта плакат орнату, QR-код арқылы өлеңнің аудио/бейне нұсқасын тыңдату

Мобильді қосымшалар: өлеңдерді мобильді смартфонға жүктеу, әр шумаққа түсіндірме, сөздік пен сурет қосу

Желілік әдеби марафондар: сынып арасында, мектеп ішінде өлең оқу марафоны ұйымдастыру, оқушылар цифрлық платформалар арқылы қатысу

Әсем сөздік қор мен көне сөздер қолдану мысалдары

Өлеңдетіп оқытуда көне сөздерді шебер енгізу өте маңызды, өйткені олар қазақ тілінің сұлулығын, тарихи рухын оқушыға сездіреді. Мысалы:

«атамекен» — туған жер, атадан қалған мекен
«жалдыны» / «жалыны» — жалын, оттың шоғын
«көгіміз» — аспанымыз, көк
«сағыныш» — жүрек жалын, сезім, ізгілік сезімі
«жырлана» — жыр етіп айту, жырға қосу
«ұлықтау» — жоғары бағалау, дәріптеу
«ар раушан» — асыл раушан
«қас қаны» — жан сергектік
«жыр жұлдыз» — сөздің жарық жұлдызы

Мысал өлең шумағын келтірейік:

Атамекенім — алтын дала, көгіміз кең,
Жырлана туған жерім, көңілде үміт тебен.
Сағыныш жалдыны жүректе от болып қайнаған,
Ар раушан иісі желге жол салып жайнаған.

Мұнда оқушылар көне сөздерді танып, мағынасын талдап, балама сөздерін табады. Олар өз шумақтарын жазғанда осы сөздерді қолдануға тырысады.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу нәтижелері

Өлеңдетіп сабақ үдерісінде Сырбай Мәуленов шығармаларын қолданудың нәтижесінде оқушыларда мына қасиеттер қалыптасады:

Мемлекетті, туған жерді сүйетін патриоттық сезім – бала өз жерінің тарихын, табиғатын қадірлейді, елінің ұлылығына тәнті болады.

Тіл мәдениеті мен сөздік қорының байлығы – көне сөздерді меңгеру арқылы тіл байлығы артады, сөзді таңдау мәдениеті қалыптасады.

Шығармашылық қабілеттерінің дамуы – өлең жазу, сахналау арқылы, образдық ойлау, креативтілік дамиды.

Эмоциялық интеллекті – өлеңнің сезімін сезіну, сөздердің астарын түсіну, жүрек арқылы қабылдау дағдылары дамиды.

Цифрлық сауаттылықтың өсуі – сандық платформалармен жұмыс істеу оқушыларды замана талабына сай дайындайды.

Қорытынды

Сырбай Мәуленовтың шығармалары — білім беру үдерісінде рухани азық, ұлттық тәрбие мен эстетикалық сезімді қалыптастыруда таптырмас құрал. Оның өлеңдері арқылы жас ұрпақтың жүрегі жақсылыққа, ізгілікке, адамгершілікке тартылып, ұлт рухы бойына сіңеді. Өйткені әрбір жыры — туған жерге деген сағыныштың лирикалық экспрессиясы; елге деген адалдықтың шынайы уәдесі; табиғатқа деген сүйіспеншіліктің нәзік шуағы. Ол бұл қасиеттерді көркем тілмен, сөз сұлулығымен жеткізеді, жүрекке жол табады.

Бастауыш сынып оқушылары үшін өлеңдетіп сабақтар өткізу — мұнысы жай ғана сабақ формасы емес, рухани байланыс орнату, сөз арқылы сезімге жету өнері. Бұл тәсілде көне сөздерді талдап, олардың мағынасын аша отырып, балаларды тілдің байлығына лебіз беруге шақырамыз. Сондай-ақ, мұғалім балаларға өз өлеңдерін жазуға мүмкіндік берсе, оқушы тек сөздің формасын емес, жүректің үніне ұласып, өз көркемдік өрнегін жасады дейді. Ондай мүмкіндіктер — бала жанының жарқырауына, тілге деген құрметтің қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен бірге, қазіргі заман талабы — білім мен тәрбие үдерісін цифрлық құралдармен ұштастыру. Цифрлық платформаларды пайдаланғанда сабақ тартымды, жанды, ойын мен интерактивке толы болады. Мұндай сабақта оқушы — тек тыңдаушы ғана емес, белсенді қатысушы, жаңашыл ізденуші. Олар технологияны қолдана отырып өлеңді тек жаттау емес, өңдеу, бейнелеу, түрлендіру жолдарымен қабылдайды. Осылайша білім мен тәрбие біртұтас, органикалық процесс ретінде сезіледі.

Айта кетер маңызды жайт – педагогика ғылымы білім мен тәрбие арасындағы байланысты жүйелі түрде зерттейтін сала. Педагогикасыз оқыту мен тәрбие сапалы, мәнді болмай қалады. Педагогика: оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқыту мен тәрбиелеу әдістерін анықтайды; білім мен тәрбие процесінің заңдылықтарын зерттейді; мұғалімнің іс-әрекетін теориялық негізде қамтамасыз етеді; оқу-тәрбие жүйесін жобалау мен ұйымдастыруға жол ашады;оқу мен тәрбиені біртұтас жүйеге ұсынып, мақсатқа бағыттайды. Педагогика болмағанда, сабақтар тек ақпарат беру деңгейінде қалады, оқушының рухани жан дүниесі, құндылық түсінігі қалыптаспауы мүмкін. Ал Сырбай Мәуленов шығармаларын педагогика негізінде дұрыс қолдану — білім мен тәрбие, тіл мен сөз өнерін, технология мен ұлттық сана-сезімді үйлестірудің үлгілі жолы.

Осылайша, Сырбай Мәуленовтың шығармаларын бастауыш сыныптағы сабақ үдерісіне өлеңдетіп енгізу — ұлттық тәрбие мен рухани байлықтың, эстетикалық сұлулықтың, заманауи технологиялардың тоғысқан бірден-бір әдісі. Мұндай тәсіл жас ұрпақтың жүрегіне от тұтатса, Елінің болашағы жарық болмақ, текті бойлы азаматтар өседі деген сенімге толамыз.

Рамазанова Айнаш Кабдолловна,
Сырбай Мәуленов атындағы
№37 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – АЗАМАТТЫҚ ПОЭЗИЯНЫҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ

Қазіргі қазақ поэзиясы мазмұн мен пішін тұрғысынан ғана емес, жанрлық-көркемдік сипатынан да жан-жақты дамып, биік белеске көтерілді. [1], Қазақ ақындары қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді, адам жанының терең иірімдері мен өмір құбылыстарын кең көлемде бейнелеп, поэзияның жаңа өрісін ашты. Әдебиет – халықтың рухани айнасы, ұлттық болмыстың көркем шежіресі екендігі осы кезеңде айқын сезіледі.

Осы тұрғыда қазақ әдебиетінің дамуына айрықша үлес қосқан ірі қаламгерлердің бірі – Сырбай Мәуленов. Ол – Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерін бастан өткерген, елінің бейбіт өмірін жырға қосқан, поэзия әлемінде өзіндік өрнек қалдырған ірі суреткер. Ақынның шығармашылық мұрасы – ұлттық әдебиеттің ажырамас бөлігі, азаматтық лириканың шынайы үлгісі.

Сырбай Мәуленов поэзиясында ұлттық рух, туған жерге деген сүйіспеншілік, азаматтық парыз, адамгершілік пен ар-намыс терең өрілген. Оның өлеңдерінен елін сүйген азаматтың жүрек үні, бейбітшілік пен ерлікті жырлаған жауынгердің асқақ рухы анық сезіледі.

Ақын:*«Менің Отаным – кең байтақ дала,*
Мен сол Отанның кішкентай ғана бөлшегі» –
деп жырлай отырып, өзінің бар болмысын халқымен, туған жерімен байланыстырды.

Мәуленов поэзиясы – тек көркемдік құндылық емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік мектеп. Оның жырларынан халыққа деген махаббатты, ұлттық сана мен тарихи жадыны, адалдық пен шыншылдықты тануға болады. Ақын шығармалары – жастар үшін өнеге, ұлт үшін қазына, әдебиет үшін асыл мұра.

Бұл баяндамада Сырбай Мәуленовтің азаматтық поэзиядағы орны, оның шығармаларындағы ел мен жерге сүйіспеншілік, ұлттық рух пен тарихи сана, адамгершілік пен ақындық болмыс жан-жақты талданады.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының биік шыңына көтерілген дара тұлға. Оның өлеңдері адам жанының терең иірімдерін, туған жерге деген сағыныш пен махаббатты, ерлік пен азаматтық рухты шынайы бейнелейді. Майдангер ретінде соғыс тақырыбына ден қойып, жауынгерлік ерлікті де, соғыстың қасіретін де поэтикалық шыншылдықпен жеткізді.

Ақынның көркем тілі, бейнелі теңеулері мен мазмұн байлығы қазақ әдебиетін жаңа сапалық деңгейге көтерді. Мәуленов поэзиясы – ұлттық рухты асқақтатқан, адамгершілік пен адалдықты дәріптеген, мәңгілікке рухани мұра болып қалған асқақ поэзия. Ол – қазақ әдебиетінің тарихында азаматтық поэзияның биік тұлғасы ретінде танылған ақын.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Ол Ұлы Отан соғысына қатысып, кейін журналистика және әдебиет саласында еңбек етті. [2,49-б] Бұл өмірлік жол оның поэзиясына шынайы өмір шындығын, күрескерлік рухты, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік мәселесін әкелді. Ақын жырларынан соғыстың азабы мен бейбіт күннің қадірін терең сезінген адам бейнесін көреміз

Сырбай Мәуленов -жастайынан әдебиетке бейім болып өскен. Болашақ ақын орта мектептен кейін Алматыдағы мұғалімдер институтында оқиды. Алайда өмірдің ағысы мен уақыттың ащы шындығы оны жас кезінде-ақ майдан шебіне алып кетеді. Ол 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, ауыр жараланып елге оралады.

Сырбай Мәуленовтің ақындық жолы соғыстан кейінгі жылдары басталды. Ол алғашында журналистика саласында еңбек етіп, кейіннен қазақ поэзиясында өзінің жеке

үнін қалыптастырады. Оның қаламынан туған өлеңдерде Отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық сезім, табиғаттың сұлулығы мен адам жанының тереңдігі көркем бейнеленеді. Ақынның "Жолдас уақыт", "Қызыл арша", "Дала", "Зәмзәгүл", "Жаңбырлы көктем", "Қош бол, құстар", "Жадыңда жүрсін жақсылар" сынды жыр жинақтары қазақ поэзиясының алтын қорынан ойып тұрып орын алған.

Азаматтық поэзия – ақын мұраты.

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы негізгі ерекшеліктердің бірі – оның азаматтық үнінің күштілігі. Ақын поэзияны тек эстетикалық өнер ретінде емес, ел тағдырына араша түсетін рухани құрал ретінде қабылдады. [3, 153-б] Оның өлеңдерінде Отан алдындағы борыш, елге қызмет ету, халықпен бірге болу идеялары кеңінен жырланады.

Ақын:

«Менің Отаным – кең байтақ дала,

Мен сол Отанның кішкентай ғана бөлшегі» деп жырлау арқылы өзін елден бөле-жара қарамайды. Ол өзінің бар болмысын халқының өмірімен байланыстырады. Бұл азаматтық поэзияның терең мәнін аша түседі.

Соғыстан кейінгі жылдары жазылған өлеңдерінде майданда көрген ауыртпалықтар мен бейбіт өмірдің қадірін жырлаған ақын, кейінгі ұрпаққа бейбітшіліктің құндылығын ұғындыруды мақсат етті. Оның поэзиясында жауға деген ыза мен отансүйгіштік, соғыс зардаптары мен ерлік қатар жырланады.

Мысалы, "Қырық бірінші жыл" атты өлеңінде ақын соғыстың басталу сәтін былай суреттейді:

Қырық бірінші жыл.

Көктем еді. гүл атқан,

Күркіреп соғыс келді,

Даланы дүр сілкіндіріп...

Бұл өлең жолдары – тек тарихи естелік емес, ел мен ерлікке тағзым. Ол майдан шебіндегі ерлердің батырлығын ғана емес, тылдағы ел еңбегін де жырға қосқан. Сұрапыл соғыста жүрген адамның бір түйір нанның, өмірдің қадірін түсіне білетінін өз жырларында айқын көрсеткен.

Махаббат тақырыбында жазған өлеңдерінде соғысқа кетіп бара жатқан әскердің ғашығына берген сертін, сенімін сонымен қатар қоштасуында ағартады.

«Қош бол, сәулем, қан майданға жөнелдім,

Жаным барда жаудың жолын бөгермін»- деген өлең жолдарынан кейіпкердің Отанға деген махаббатымен сүйіктісіне деген махаббаты үндес екені байқалады.

Туған жер мен табиғат жырлары

Сырбай поэзиясының басты ерекшелігі — табиғат лирикасы

Ол табиғат көріністерін жалаң сипаттамайды, керісінше, олар арқылы адамның ішкі күйін, көңіл-күйін бейнелейді. Мысалы:

«Таң жамылып келеді таңғы ағын,

Жайлап есіп самалдың салқын лебі…»

Мұндай жолдарда табиғат тынысы мен адам жүрегі қатар соғып тұрғандай. Ақын табиғатты тірі, сезімтал кейіпкер ретінде береді. Ол — көктемнің иісін, желдің сыбырын, күннің жылуын сөзбен суреттей алатын сирек дарын иесі.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов поэзиясынан азаматтық үн де анық сезіледі. Ол — туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, өткенге тағзым, болашаққа сеніммен қарау. Ақын отансүйгіштік сезімді әсірелемей, шынайы әрі табиғи жеткізеді. Бұл поэзияда жалған ұраншылдық емес, жүректен шыққан шын сезім бар.

Сырбай Мәуленов — сөзге өте талғампаз, тілі шұрайлы ақын. Оның өлеңдерінде артық сөз жоқ, әрбір жол өз орнында, әрбір бейне — нақты әрі көркем. Ол поэзияны сән үшін емес, жан тазалығы мен ой тереңдігі үшін жазған. Оның жырлары жас ұрпақты табиғатты аялауға, адамгершілікке, ұлтты сүюге тәрбиелейді.

Ақын шығармашылығы қазіргі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Табиғат пен адам бірлігін, ұлттық рухты жырлаған Сырбай поэзиясы — жастар үшін рухани мектеп, көркем сөз үлгісі.

Оның лирикасында қазақ халқының шынайы тарихы көрініс тапқан. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов өз еңбектерінде қиын жағдайларда адамның моральдық-адамгершілік қабілеттіліктері ашылатын, майдандық достықты даңқтау арқылы анықталған Ұлы Отан соғысы тақырыбына ерекше орын берген.

Соғыс жайын сұра сен
Бүгін тарих — жыр әсем
Қара шаштар қар шалған,
Соғыс жайын сұра сен,
Мың өлімді қарсы алған
Солдаттар мен маршалдан!
Соғыс жайын сұра сен,
Махаббаттан ерте өлген,
Жанған бір кез аспаннан,
Ормандардан өртенген,
Жараланған тастардан!
Соғыс жайын сұра сен,
Азынаған желдерден,
Қан боп жүзген көлдерден,
Көп адамды құшақтап,
Жатқан сонау дөңдерден!
Соғыс жайын сұра сен,
Бітпей қалған жырлардан,
Жағылмаған шамдардан,
Шашылмаған нұрлардан,
Атпай қалған таңдардан!
Соғыс жайын сұра сен,
Отамалы оттардан,
Жайпап өткен жер үстін,
Соңғы атылған оқтардан
Шашуы боп жеңістің!

Осы бір өлеңінің мазмұны арқылы оқырманға соғыстың қатыгездігін, сұрапылдығын терең жеткізген.

Азаматтық жауапкершілік сезімі ақын шығармашылығы арқылы арнайы жолмен өтеді. Сондықтан, Сырбай Мәуленовтің шығармаларында жауынгер, азамат ақынның және лирик ақынның позициясы айқын көрінеді.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов заманауи ақын ретінде бүгінгі күннің де рухын, уайымын, үміті мен үрейін өлеңдеріне арқау етті. Оның шығармалары тек өткенді суреттеу ғана емес, адамзаттың ең басты жауапкершілігін – өткен мен болашақ алдындағы парызды еске салатын терең ойларға толы. Ақынның майдан тақырыбындағы жырларында бұл идея айқын көрініс табады: шайқаста көз жұмған жауынгерлерді еске алып, олардың асқақ рухын қайта тірілткендей әсер береді. Өйткені ақын үшін оларды күтіп тұрған биіктер, жаңа шекаралар, жеңістің ұлы жолы бар еді. Мәуленовтің поэзиясы бізге адам қайсарлығы мен ерік-жігерінің бәрін жеңе алатынын, ал болашақтың тек жақсылыққа құрылуы мүмкін екенін үнемі еске салады.

Оның өлеңдерінде туған жерге, табиғатқа деген іңкәрлік ерекше орын алады. Ақын Отанды адам өмірінен бөле-жара қарамайды; Отан қайда жүрсе де, адаммен бірге, ал оның бейнесі кейде аспанда қалықтаған құспен үндестіріліп беріледі. Бұл тәсіл ақынның туған жер мен табиғатты тек географиялық кеңістік емес, рухани болмыстың ажырамас бөлшегі ретінде қабылдағанын көрсетеді. [4, 153-б]

Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жерге деген сағыныш пен іңкәрлік айрықша орын алады. Қостанайдың кең даласы мен Арқаның табиғаты ақын үшін тек туған өлке ғана емес, рухани отан, жүрек пен жанның тірегі болды. Ол туған топырағын географиялық мекен ретінде емес, өзінің болмысының ажырамас бөлшегі ретінде қабылдап, әрбір өлеңінде сол сезімді терең жеткізді.

Ақын: *«Қайда жүрсем де, құлағымда ескен – туған даламның желі...»* – деп жырлай отырып, туған жердің адам өміріндегі шексіз маңызын паш етеді. Мәуленов табиғатты тек сыртқы сурет ретінде емес, жанды бейне, сырлас кейіпкер ретінде сомдайды. Қазақ даласының сұлулығы, жыл мезгілдерінің алмасуы, өсімдіктер мен жан-жануарлар әлемі оның поэзиясында поэтикалық бояумен, нәзік сезіммен өрнектелген.
Мәселен, «Дала» атты өлеңінде:
«Дала – менің жүрегім,
Дала – менің тынысым...» –
деген жолдар арқылы ақын мен туған жер арасындағы ажырамас рухани
байланыс айқын көрінеді. Бұл поэзияда табиғатты аялау, экологиялық сана мен ұлттық болмысты қастерлеу идеясы терең мәнге ие.

Ұлттық рух пен тарихи сана

Сырбай Мәуленов поэзиясының ең мәнді қырларының бірі – ұлттық рух пен тарихи сананы жаңғырту. Ақын қазақ халқының ерлікке толы өткенін, ел басынан кешкен қиын кезеңдерді еске ала отырып, халықтың бірлігі мен болашаққа деген сенімін жырлады. Оның өлеңдерінде батыр бабалардың қаһарман тұлғасы, ел қорғаған ерлердің өрлігі, Алаш ардақтыларының асыл бейнесі айқын көрініс тапқан.

Мәуленов ұлттық тарихты жалаң баяндап қана қоймай, оны поэтикалық өрнекпен бейнелеп, жас ұрпаққа өнеге қалдыруды мұрат етті. «Батырлар жыры», «Қазақпын» сияқты шығармаларында ол ұлттық болмыстың асқақ үлгісін көрсете отырып, елдіктің мәңгілік құндылықтарын дәріптейді.
«Қазақпын – өркениеттің бастауымын,
Бабалар салған жолдан қашпадымын» –
деген жыр жолдары арқылы ақын ұлттың рухани тамырының тереңдігін, бабалар
аманатына адалдықты айшықтайды. Мәуленов поэзиясында ұлттық намыс, салт-дәстүр,
тіл мен ділдің қадір-қасиеті асқақ рухпен өріліп, қазақтың мәңгілік мәдениетінің айнасына
айналады.

Адамгершілік пен ақын болмысы.

Сырбай Мәуленов шығармашылығында адамгершілік, ар-намыс, адалдық пен тазалық тақырыптары ерекше орын алады. Ақын поэзиясында адам жанының терең қатпарларына үңіліп, оның ішкі дүниесін шынайы бейнелей білді. Оның лирикалық кейіпкерлері – жасандылықтан ада, қарапайым да адал адамдар. Олар арқылы ақын қоғамдағы ең асыл қасиеттерді дәріптеді.

Мәуленов өзі де үлкен адамгершіліктің үлгісін көрсеткен тұлға еді. Ол ешқашан атақ пен даңқты қумады, мансапты мақсат етпеді. Қарапайымдылық, шыншылдық, еңбекқорлық – оның өмірлік болмысының басты сипаты болды. Бұл қасиеттер оның поэзиясынан да айқын сезіледі: әрбір өлең жолынан адалдық пен әділеттілікке деген ұмтылысы байқалып тұрады.
Сырбайдың бір өлеңінде:
«Адам болу – арманым,
Ақын болу – парызым...» –
деп жырлауы тегін емес. Бұл оның өмірлік ұстанымын айқын көрсетеді. Ол үшін ақын
болу – тек өлең жазу ғана емес, халыққа адал қызмет ету, шындықты жасырмай айту,
әділет пен адамдықтың жағында тұру еді.

Мәуленовтің ақындық болмысы – адамдық асқақ қасиет пен азаматтық жауапкершіліктің үйлескен бейнесі.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының ұстазы.

Сырбай Мәуленов тек дарынды ақын ғана емес, сонымен бірге кейінгі жас буынға жол көрсеткен ұстаз тұлға болды. Ол көптеген жас ақындарға ақыл-кеңес беріп, шығармашылық бағыт-бағдар сілтеді. Оның адамдық қасиеті, парасаттылығы мен кең пейілдігі – ақын ретіндегі ғана емес, азамат ретіндегі биік болмысының айғағы.

Ақын бірде қатты айтып, бірде еркелетіп, шәкіртін ойлантып та, жылатып та тәрбиелей білді. Қазақ өлеңіне қосқан үлесі ұшан-теңіз екенін замандасы Тұманбай Молдағалиев те атап өтіп, өзінің «Ұлыға өлім жоқ» атты естелігінде Сырағаң туралы сыр шертеді [5, 17-б]. Мәуленов – қазақтың өлең өнерінде өзіндік өрнегі, қайталанбас дәстүрі бар ірі суреткер. Оның поэзиясы сырлы да сазды, шынайы табиғатымен ерекшеленеді. Ақындық ғұмырының барлық тыныс-тіршілігі өлеңнен айқын аңғарылады. Өйткені ол үшін өлең – өмірдің өзі, өлеңсіз тіршілік мүмкін емес еді [6, 27-б].

Мәуленовтің жырларынан халық өлеңінің әуезді әуені, халық даналығындай терең ойшылдық, мөлдір сезім мен суреткерлік тазалық көрінеді. Ол – сыры терең сыршыл ақын, поэзияның майталманы. Ақын поэзияны тәрбие құралы деп түсініп, әсіресе жастарды отансүйгіштікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа баулуға тырысты. Оның шығармашылығы – қазақ әдебиетінде мәңгілікке қалған рухани қазына.

Мәуленов поэзиясы – білім мен тәрбие саласында да үлгі. Оның өлеңдері мектеп бағдарламасына енгізіліп, кітапханаларда оқылып келеді; жас ұрпақтың бойына азаматтық пен адамгершілік дәнін себуде таптырмас құрал [7,30-б]. Оның шығармалары арқылы қазақ әдебиетінің ұлттық болмысы тереңдеп, тіл-сөз мәдениеті байып, әдеби кеңістікке жаңа тыныс қосылды. Ұлттық рухты көтеру, тарихи жадыны жаңғырту, адам мен қоғам мәселелеріне жанашыр көзқарас ұсыну – Мәуленов поэзиясының бүгінгі күнде де өміршең екенін айқындайды. Мәуленов поэзиясының қазіргі әдебиеттегі бағасы – оның уақытпен бірге жаңарып, әр дәуір оқырманына ой салуында. Ақынның шығармалары бүгінгі күннің жас буынына да ұлттық сана, рухани тазалық пен адамдық қасиетті қастерлеудің көркем үлгісі болып қала бермек.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетіндегі азаматтық поэзияның көрнекті өкілі, рухани биік тұлға. Оның шығармашылығының теңдессіздігі – өмір шындығын айна-қатесіз суреттеуінде, ел тағдырына жанашырлықпен араласуында, адамгершілік пен ұлттық рухты үйлестіре жеткізе білуінде. Мәуленов поэзиясы – қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі азаматтық лириканың асқақ үлгісі.

Ақынның жырлары тек өз дәуірінің ғана емес, бүгінгі заманның да үнін жеткізеді. Оның өлеңдері – туған жер мен елге деген сүйіспеншіліктің, шыншылдық пен адалдықтың, ұлттық рух пен азаматтық парыздың көркем айғағы. Мәуленов поэзиясы елдік пен ерлікке үндейді, жас ұрпақтың бойына адамдық пен ар-намыс, отансүйгіштік пен адалдық қасиеттерін дарытады.

Сондықтан Сырбай Мәуленовті тек дарынды ақын ретінде ғана емес, халықтың шынайы жыршысы, азаматтық үннің асқақ иесі ретінде тану – бүгінгі ұрпақтың парызы. Сырбай Мәуленовтің шығармаларын танытып, сыныптан тыс жұмыс жасау мақсатында орыс тілінде оқитын оқушыларға арнап тапсырмалар жинақтап, жазба дәптері мен қойын дәптері құрастырылды. Ақынның поэзиясы – ұлт рухын оятатын, болашаққа бағдар болатын мол мұра.

Сыры терең сыршыл ақын қазақ өлең өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырып, лириканың биік шыңына көтерілген дара тұлға ретінде мәңгілікке орнықты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Әдебиет порталы. – URL: *https://adebiportal.kz* (қол жеткізілген күні: 28.09.2025).

2 Ахметов З. *Өлең сөздің теориясы*. – Алматы: Мектеп,1973. 212 б.

3 Мәулен, Күлжамал; Сырбайұлы, Қасым. *Жыр тұлпары, сыр сұңқары – Сырағаң*. – Алматы: Жазушы, 2012. 320 б.

4 Қазақ әдебиеті: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан баспасы, 2005. – 750 б.

5 Нұрғали Р. *Қазақ әдебиетінің тарихы*. – Алматы: Санат, 1999.448 б.
6 Оспанов С. *Сырбай Мәуленов – журналист, публицист*. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ баспасы, 2015. 156 б.
7 Сәрсембекова С. *Сырбай Мәуленовтің шығармашылық лабораториясы*. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 210 б.

Рахат Аршагүл
"Ақмола облысы білім басқармасының
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі
Научный кентінің кешкі мектебі"
Коммуналдық Мемлекеттік Мекемесі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

С. МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Сырбай Мәуленов – поэзиямыздың нәзік лиризм мен терең философиялық ойға толы өкілі. Ақын шығармалары – қазақ халқының рухани байлығы, ұлттық болмысының айнасы. Оның өлеңдері тек көркемдік қуатымен ғана емес, сонымен бірге тәрбиелік маңызымен де ерекшеленеді. Сол себепті білім беру процесінде С. Мәуленов мұрасын пайдалану оқушылардың әдеби талғамын дамытып қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Негізгі бөлім

1. С. Мәуленов шығармаларын оқыту әдістемесі

Әдеби-теориялық талдау: Ақын поэзиясындағы теңеу, метафора, эпитет, символ сынды көркемдік тәсілдерді талдату арқылы оқушылардың әдеби-теориялық білімін жетілдіру.

Интерпретациялық әдіс: Өлеңдердің мазмұнын қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыра талдау, мысалы, туған жер, табиғат, соғыс тақырыбындағы жырларды оқушылардың бүгінгі өмірімен сабақтастыру.

Салыстырмалы әдіс: Мәуленов шығармаларын қазақ әдебиетінің басқа ақындарымен (М. Мақатаев, Т. Айбергенов) салыстыра оқыту арқылы оқушыларға әдеби дәстүр мен жаңашылдықты түсіндіру.

2. Шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру

Жеке жұмыс: Оқушыларға «С. Мәуленов әлемі менің жүрегімде» тақырыбында эссе, өлең немесе әңгіме жаздыру.

Топтық жұмыс: Оқушыларды топқа бөліп, әр топқа белгілі бір өлеңін сахналық көрініс ретінде дайындап шығару.

Пәнаралық байланыс: Ақынның табиғат лирикасын бейнелеу өнерімен немесе музыка пәнімен байланыстыру (мысалы, өлеңге сурет салу, әуен табу).

3. Электрондық ресурстар мен цифрлық платформаларды қолдану

Онлайн кітапханалар: ҚР Ұлттық кітапханасының цифрлық қорларын пайдалану.

kitap.kz – қазақ әдебиетінің онлайн кітапханасы.

kazneb.kz – ҚР Ұлттық электронды кітапханасы.

Интерактивті тапсырмалар: *Kahoot, Quizizz* сияқты платформаларда С. Мәуленов шығармаларына байланысты викториналар жасау.

Padlet, Jamboard – оқушылардың шығармашылық жұмыстарын ортақ онлайн тақтада жинақтау.

LearningApps.org – өлең жолдарын сәйкестендіру, тест құрастыру.

Мультимедиялық әдіс: Өлеңдерді аудио форматта тыңдату, деректі фильмдерден үзінді көрсету, виртуалды көрмелер ұйымдастыру.

Аудио және бейнематериалдар: YouTube желісіндегі С. Мәуленов өлеңдері жинақтары. “Qazaq радиосы” мұрағатындағы ақын өлеңдерін оқу жазбалары.
Цифрлық жобалар: « С. Мәуленов поэзиясының әлемі» атты виртуалды көрме (PowerPoint, Canva).
Ақын өлеңдерінен бейнебаян, подкаст жасау.
4. Әдеби жобалар мен байқаулар
Әдеби кештер: С. Мәуленов поэзиясы – мәңгілік мұра» атты мектепішілік, аудандық іс-шаралар.
Поэзия сағаттары: Ақынның әр жылдары жазған шығармаларын кезең-кезеңімен талқылау.
Ғылыми жобалар: Жоғары сынып оқушыларына С. Мәуленов поэзиясының тақырыптық-идеялық жүйесі» тақырыбында ғылыми жоба, зерттеу жұмыстары жүргізуге мүмкіндік беру.
Шығармашылық байқаулар: Өлеңді мәнерлеп оқу сайысы, эссе байқауы, жас ақындар мүшәйрасы.
Қорытынды
С. Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде жүйелі қолдану – оқушылардың рухани дамуына, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне, шығармашылық қабілеттерін ашуға зор ықпал етеді. Ақын мұрасы тек әдеби тұрғыдан ғана емес, тарихи, тәрбиелік, мәдени қырынан да маңызды. Оның шығармаларын оқыту арқылы оқушылар ел тарихына, ұлттық рухқа жақындайды, заманауи қоғамда өз орнын табуға тәрбиеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
1. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1980.
2. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1985.
3. Мәуленов С. Жыр-дастан. – Алматы: Жазушы, 1972.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998.
5. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Білім, 1991.
6. Жұмағұлов Ә. Қазақ поэзиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

7. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004.
8. Жанпейісов Е., Ахметов З., Қирабаев С. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1998.
9. Молдабеков Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2005.
10. ҚР БҒМ. Қазақ әдебиеті пәні бойынша жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламасы (5–11 сыныптар). – Астана, 2023.

Рахимжанова Меруерт Камзеевна,
Астана қаласы Сырбай Мәуленов
атындағы 37 мектеп-лицей
тарих пәні мұғалімі

СОҒЫС САҒЫН СЫНДЫРМАҒАН АҚЫН

Мың қолдар сау болсын деп, Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп, Мен бір жолымды бердім. Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім. Мың ақын толғасын деп, Мен бір жырымды бердім.
Сырбай Мәуленов.

Қазақ әдебиетінің тарихында Ұлы Отан соғысының отты жылдарын бастан кешкен, соғыс шебінде жүріп жыр жазған қаламгерлердің орны ерекше. Солардың бірі — көрнекті ақын, қоғам қайраткері, журналист Сырбай Мәуленов. Ол — поэзия арқылы халқына рух берген, сарбаз ретінде елін қорғаған, азамат ретінде ел тәуелсіздігіне еңбек сіңірген қайраткер. Оның шығармашылығы — ақындық мұрат пен сарбаздық рухтың тоғысуынан туған көркемдік құбылыс.

Сыр аға – Әму өзен тасып аққан,
Балқаш көл – кең құшағын ашып жатқан. Сырларын жасырмаған,
Жырларың айнымайды жасыл бақтан. [1, 48] – деп ақын жырлағандай бүгін Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, А.Фадеев атындағы күміс медальдің иегері, екінші дүниежүзілдік соғысына қатысқан С. Мәуленовтің соғыс тақырыбындағы шығармаларын талдап, саралау.

Иә, Сырбай Мәуленовтің шығармашылығындағы сарбаздық рух пен ерлік тақырыбы Ұлы Отан соғысымен тығыз байланысты. Ол — соғыс жылдарында майданда болып, соғыстың нағыз сұрапылын көзімен көрген ақын. Бұл оның өлеңдерінде ерекше рухпен, шынайы сезіммен, отансүйгіштік пен батырлықты дәріптеу арқылы көрініс табады.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы Жангелдин ауданында дүниеге келген. Туған өлкесінде орта білім алып, одан кейін Қызылорда педагогикалық институтында филология факультетінде оқыды. 1940 жылы Қызылорда педагогикалық институтының екінші курсында оқып жүрге кезінде Қызыл Армия қатарына шақырылды. Сол жылдың аяғында ол ауруына байланысты әскери қызметтен босатылады. Сырбай Мәуленов 1942 жылы майданға аттанып, екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Сол жылы Сырбай Мәуленов Волхов майданында лейтенант болып, саяси мәселелер жөніндегі командирдің орынбасары болды. Ол Ленинград майданында жаумен бетпе-бет шайқасып, ауыр жарақат алған. Жаралы болса да, соғыс біткенше әскери басылымдарда жұмыс істеп, жауынгерлердің рухын көтеруге қызмет етті. [1, 826]

Волхов

Долы ағын иіріліп, шұбатылып, Толқыны тоқсан тоғыз бұратылып. Шашылған зеңбіректің оттарындай, Ақ көбік айдынында тұр атылып.

Орыстың қарт өзені көпті көрген, Қол беріп қоса аттанған кектілермен. Майданда жапырағын жалын шалып, Солдатша киініп ап өтті өрден.

Шұбалаң көш тәрізді шұбатылған,
Жыл өтер жылжып ылғи жыл артынан. Достардың қабырлары тұрар сонда,
Жас торқа топырақпен тыңайтылған. Арқырап өр толқыны жарын ұра,
Бой бермес жаудың Волхов арынына. Ертең күн қызғалдақты гүл өсірер, Қалаулы ұлдарының қабырына. [1, 79]

Соғыс тақырыбы ақынның поэзиясында үлкен орын алады. Оның өлеңдерінен Отанға деген махаббат, Ерлік пен қаhармандықты дәріптеді, соғыстағы әділетсіздік пен жауыздыққа қарсы күреске үн қосады. Ақынның сарбаздық рухы оның өлеңдерінде

ерекше көрінеді. «Сарбаз жыры», «Майдан лирикасы», «Жауынгер күнделігі» секілді жинақтарында соғыс зұлматын, жауынгердің жан тебіренісін, ерлік пен үмітті жырлады.

Майдан жолында
Жүре бердік түк үнсіз, Үзіліссіз, тынымсыз. Кірпік ілмей ұйқысыз,
Жүре бердік шылымсыз. Жүре берді ормандар Танкілерді бүркеген.
Байқамады жау оны, Тіміскілеп тінтіген. Самолеттің барлаған Аспанда тек гүрілі. Жоқ болады жарқ етіп, Алыста оттың дірілі.
Көп түн жаяу жүреміз Жатыр алда жол қанша. Шіркін соғыс, соғыс па,
Жаяу әскер болмаса! [5, 5 том]

Американдық жазушы және журналист Эрнест Хемингуэй «Мен соғысқа бармаған, бірақ соғыс туралы роман жазатындарға жаным ашиды» деп соғысқа бармақ түгілі, ол туралы шығарма жазудың өзі қаншама қиын екенін осы бір сөйлеммен сипаттайды. Біздің Сырағаң, Сырбай Мәуленов соғыста нені көрсе, соны жазды. Ол үшін қиян-кескі ұрыс майданы, ажалдың әміршісіндей сұп- суық мылтықтар, тұманы сейілмеген алаңдар бәрі-бәрі де өлеңнің алдында аласа болып елестейді.
«Жауынгермін құшағымда Керілген көк, кең дала.
Дауылды ермін, құшағымда, Еркін ескен жел ғана.
Жайнаған от, шарлаған оқ, Қаулаған өрт айналам.
Көкірегімде лаулаған кек, Бұрқ-сарқ етіп қайнаған. Жерге болмас шек десе де, Жерге сыймас бұл кегім.
Аспанда шек жоқ десе де, Сыймас оған жүрегім».

Сырбайдың кейіпкерлері — жауынгерлер, бірақ олар тек соғысушы тұлғалар емес, олар — терең ойлы, туған жерін сүйетін, бейбіт күнге аңсары ауған қарапайым адамдар. Бұл – сарбаздың ішкі рухын, қайсарлығын, сабырын, үмітін көрсететін ерекше қыр. Ол үшін соғыс — қасірет қана емес, рухтың сыналар сәті. Сол себепті оның поэзиясындағы сарбаз бейнесі — рухани биіктікке көтерілген, өмір мен өлімнің шекарасында адамдық болмысын жоғалтпаған кейіпкер Соғыстан қайтқан солдаттар
Жаутаңдап қарап дала тұр, Көз жасын сүртіп жаңа бір. Хабарсыз ұлын сұрауға Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын, Қанша үйде сөніп қалды оттар Көрдің бе ұлын ананың, Соғыстан қайтқан солдаттар. Кешікпей жарым келер деп, Төрінен сайлап орынды.
Батысқа қарап елеңдеп, Ару жүр тосып жолыңды. Көтерді бәрін ауырдың Азамат болып арды ақтар. Көрдің бе жарын арудың, Соғыстан қайтқан солдаттар. Кетерде солдат жарының
Ішінде қалған ана жыл. Көкемді айтпай танырмын Деп бір сәби бала жүр.
Қайрылмай қалай кетесің Хабарсыз қалай ол тоқтар. Көрдің бе оның көкесін,
Соғыстан қайтқан солдаттар. Қаралы қағаз жіберіп,
Қаншама қайғы салды оқтар. Барады үнсіз түнеріп,
Соғыстан қайтқан солдаттар! [5, 5 том]

Соғыстан қайтқан өлеңі әлі күнге дейін ұмыттырмай келе жатқан қасиетті жаңғырықтардың бірі осы Сырағаңның, қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі Сырбайдың қанды майдан қасіреттерін сезімдерді сыздата бейнелеген мол мұрасы. Оның лирикасында қазақ халқының шынайы тарихы көрініс тапқан. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов өз еңбектерінде қиын жағдайларда адамның моральдық-адамгершілік қабілеттіліктері ашылатын, майдандық достықты даңқтау арқылы анықталған Ұлы Отан соғысы тақырыбына ерекше орын берген. [2, 88]
Ұшқан ұяда
Төрт жыл жаумен атысқан, Кезген тау, тас қиясын.
Келді жігіт батыстан Іздеп ұшқан ұясын. Не қыларын білмеді, Баса алмады күйігін. Құлап түсіп діңгегі Күлі жатыр үйінің.
Шаң боп ұшып кетіпті,
Жасыл гүлдер — таныс бақ. Соғыс басып өтіпті,

Табанымен жаныштап. Айрылды бар күшінен, Көкіректе шер тұнып. Үндемеді ішінен
Көпті көрген жер тынып. Ал аспан ше —
Аспан да
Қарауытты күрсініп. Тек қана бір жас талда,
Уілдейді тіршілік. [5, 5 том]

Сырбай Мәуленовтің өлеңдегі ерікжігері, қайсарлығы, асқақтығы ең алдымен оған туған даласының өзгешелігінен дарыған, ал содан кейін ұрыс алаңындағы өр мінезден, батылдықтан бойына қонған қасиеттің бірі. Ақынның «Жеңіс жыры», «Сарбаз сыры», «Отан үшін от кешкендер» сияқты өлеңдерінде сарбаздың жан-дүниесі, соғыс шындығы, Жеңіс қуанышы шынайы суреттеледі.

Қайтармыз Қазақстанға Қайратты күш шыдатпас, Шығар жаудың талқаны.
Қайтармыз Қазақстанға, Аралармыз Арқаны.
Құдіретті күшімен, Құрар жеңіс салтанат. Қалған бірге жабырқап Күлер қайта махаббат. Топырағында туған жер, Аунап-қунап жатармыз. Көкорайлы көлдерден, Кегер үйрек атармыз.
Астымызда жүйрік ат, Шапқылармыз зымырап. Асқар тауға шығармыз, Бұлтымен бір бұлдырап. Қайратты күш шыдатпас, Шығар жаудың талқаны, Қайтармыз Қазақстанға, Аралармыз Арқан [3, 96]

Сырбай Мәуленовтің поэзиясында Отан – ең қымбат, қасиетті ұғым. Соғыстың қиындығын, ауыртпалығын тартқан сарбаз үшін туған жердің әр тал шөбі, әр бұлағы қымбат. Ақын сол арқылы патриотизмнің, отансүйгіштіктің терең мәнін жеткізеді.

С.Мәуленов — қазақ халқының өр рухын жырмен өрнектеген, сарбаздықпен қорғаса, қаламмен сақтаған арда ақын. Оның шығармашылығы мен өмірі — ақындық мұрат, сарбаздық рух және азаматтық болмыстың үйлесім тапқан үлгісі. Бүгінгі ұрпақ үшін ол — тек ақын ғана емес, отаншылдық пен қайсарлықтың символы.
Сырбай Мәуленовтің сарбаздық рухы — тек әдеби көркемдеу ғана емес, ол – тарихи шындықтың, отансүйгіш жүректің, азаматтық парыздың айғағы. Ақынның шығармашылығы арқылы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ жауынгерінің жанкештілігі мен ерлігі әдебиетте мәңгілік орын алды. [2, 78]

Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух — жай ғана соғыс туралы естелік емес, ол – батырлықтың, Отанға адалдықтың, қайсарлықтың көркем жырмен өрілген шежіресі. Ол өзі көрген, өзі кешкен шындықты жүрегімен толғап жазды. Сондықтан оның поэзиясы бүгінгі ұрпаққа елін сүюге, батыл болуға, бейбіт күннің қадірін білуге үйретеді.
Сырбай Мәуленовтің поэзиясы — өткен ғасырдағы қиын да қасиетті кезеңдердің куәсі, ал оның азаматтық тұлғасы — қазіргі қазақ жастарына өнеге боларлық дара жол.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1980 ж.
2. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1998 ж.
3. Әдебиет порталы. adebiportal.kz
4. Сыдықов Қ. Сырбай Мәуленов – лирик ақын. – Алматы: Білім, 2004 ж.
5. Мәуленов Сырбай. Шығармалар жинағы. 5 томдық. — Алматы: Жазушы, 1972–1976.

Сілтемелері бар дереккөздер

1. Әдеби портал – Сырбай Мәуленовтың өмірі, шығармашылығы туралы ақпарат бар. https://adebiportal.kz/kz/authors/about/826
2. https://egemen.kz/article/323408-syrbay-aqyn-qam-soghys-taqyryby
3. “Сырбай Мәуленов 1- том” – алғашқы том
1938–1958 жылдары жазылған өлеңдері топтастырылған том. https://adebiportal.kz/kz/books/view/syrbai-maulenov-1-tom 899
4. “Сырбай Мәуленов шығармашылығы” – экскурстік материал

Ақынның өмірбаяны, соғыстағы қызметі, өлеңдерінен мысалдар бар. https://ust.kz/word/syrbai_maylenov_sygarmasylygy-331868.html
5. “Майдангер ақын Сырбай Мәуленов” – Adebiportal мақаласы Майдангер ақын туралы зерттеу мақала.
https://adebiportal.kz/kz/news/view/maidanger-aqyn-syrbai-maulenov10000290
6. https://qazaqadebieti.kz/3334/so-ystan-ajt-an-syrbaj
7. YouTube видеолары
   – «Жарқын бейне». Сырбай Мәуленов туралы видео:
   – Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы ұсыныстық бейнеролик:

Рахимова Эльмира Ерсалимовна,
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№1мектеп-лицейі» КММ

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, лирик ақын Сырбай Мәуленовтіңшығармашылығы – қазақ халқының рухани болмысын, тарихын, қаһармандығын және табиғатқа деген сүйіспеншілігін терең суреттеген құнды мұра. Оның поэзиясының өзіне тән шынайылығы, тілінің көркемдігі мен ойының тереңдігі оны орта және жоғары білім беру процесінде қолдануды міндеттейді. Қазіргі заманғы білім беру парадигмасы – оқушының тек білім алуына емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтар негізінде рухани- адамгершілік тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, Мәуленов шығармалары – оқушылардың тілдік, коммуникативтік және мәдени құзыреттіліктерін дамытудағы негізгі құралдардың бірі. Бұл мақала С.Мәуленовтің әдеби мұрасын білім беру процесіне интеграциялаудың тиімді әдістемелік технологияларды қолдану тәсілдерін жан-жақты қарастыруды мақсат етеді. 1.65 б.] Сырбай Мәуленовтің шығармашылық палитрасы әр алуан. Оның жолдарын, оның ішінде жаңашыл педагогикалық\ [шығармаларын білім беруде қолдану үшін, алдымен, олардың тақырыптық- идеялық ерекшеліктерін анықтап, оларды оқу бағдарламасының негізгі мақсаттарымен сәйкестендіру қажет.Сырбай Мәуленовтің Отан, туған жер, елбірлігі тақырыбындағы өлеңдері («Қазақстан», «Дала», «Ауылым») — оқушыларға патриоттық тәрбие берудің таптырмас көзі. Енді бірнеше әдістемелік ұсыныстарға тоқталайық: Әдістемелік ұсыныс: «Туған жерге тағзым» жобасы аясында оқушыларға ақын өлеңдеріндегі географиялық және тарихи атауларды зерттетіп, оны өз өңірінің тарихымен салыстыруға бағыттау. Бұл өлкетану элементтерін әдебиет сабағына енгізуге мүмкіндік береді. Ақынның соғыс тақырыбындағы лирикалары (мысалы, "Соғыс" топтамасы), еңбек пен достық туралы жырлары — адамгершілік, батырлық, адалдық құндылықтарын сіңіруге негіз болады. [1.15 б.]

Әдістемелік ұсыныс: "Кейіпкер мінезіне үңілу" тренинг-талдауын өткізу. Оқушыларға ақын суреттеген қарапайым адамдардың бойындағы рухани күш пен қайсарлықты талдатып, оны бүгінгі заманмен байланыстыру. "Құндылықтар картасы" әдісін пайдалану арқылы ақын шығармаларынан негізгі құндылықтарды анықтау. Мәуленовтің тілі — қазақ поэзиясының үлгісі. Оның шығармаларындағытеңеулер, метафоралар, эпитеттер – оқушылардың көркем сөздік қорын байытуға тікелей әсер етеді. Әдістемелік ұсыныс: "Сөз зергері" атты зерттеу жұмысын ұйымдастыру. Оқушыларға ақын шығармаларынан ең ұтымды, ең әсерлі деген 5-10 көркемдегіш құралды тауып, олардың мағыналық және эмоционалдық рөлін түсіндіруді тапсыру. Бұл филологиялық талдау дағдысын қалыптастырады. Сырбай Мәуленовтің философиялық ойға жетелейтін

туындылары сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға өте қолайлы. "Төрт сауал" (Question-Answer Relationship - QAR) стратегиясы:
Оқушыларға ақынның "Өмірге сөз" немесе "Уақыт" сияқты лирикалық толғаныстары бойынша сұрақтар құрастыртып, оларды төрт категорияға бөлу:
. "Мәтіндегі жауап" (Тура мәтіннен табылатын ақпарат).
. "Ойлану және іздеу" (Әр жерден жинақтап, қорытуды қажет ететін ақпарат).
. "Автор мен мен" (Мәтіндегі ақын ойы мен оқушының жеке тәжірибесін салыстыру).
"Өз бетімше" (Мәтін идеясы негізінде туындайтын жеке пікір, қорытынды).
Бұл әдіс мәтінді терең түсінуге және өз ойын жүйелеуге үйретеді.
"ПОПС формуласы" (ПОПС: Позиция, Негіздеме, Дәлел, Қорытынды):
Даулы немесе өзекті тақырыптарды талқылауда ("Ақынның соғысқа деген көзқарасы дұрыс па?") оқушыларға нақты пікір айтуды, оны ақын мәтінінен алынған дәлелдермен бекітуді талап етеді.
Әдебиет сабағындағы негізгі мақсаттардың бірі – оқушының сөйлеу мәдениетін, ауызша және жазбаша коммуникациясын дамыту. .[3.85 б.]
"Поэзияны көркемдеп оқу конкурстары": С. Мәуленовтің "Менің Республикам", "Батыр туралы баллада" сияқты шығармаларын мәнерлеп оқуға үйрету, оның ішінде интонация, ырғақ, темп сияқты элементтерге мән беру. Бұл қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін меңгеруге көмектеседі. "Әдеби монтаж және инсценировка": Ақын өлеңдерінен үзінділерді алып, оларды біріктіріп, шағын сахналық қойылымдар дайындау. Бұл оқушылардың топтық жұмыс жасау, шығармашылық, рөлге ену қабілеттерін дамытады.
Оқу процесіне заманауи құралдарды енгізу – оқушы қызығушылығын арттырады. [2.172 б.] "Виртуалды әдеби саяхат": Google Earth немесе 3D-турлар арқылы ақынның туған жері — Қостанай облысының табиғатын, шығармаларда суреттелген орындарды көрсету. Бұл пәнаралық байланысты (әдебиет, география, тарих) нығайтады.

"Подкаст жасау": Оқушыларға Мәуленовтің бір өлеңін талдап, оның идеясын, өзектілігін түсіндіретін 3-5 минуттық аудио-подкаст жазуды ұсыну. Бұл аудио-визуалды ақпаратты қабылдау мен тарату дағдысын дамытады. "Инфографика және Mind Map құрастыру": Ақынның өмірбаяны, шығармашылығының кезеңдері немесе бір өлеңінің құрылымын, көркемдегіш құралдарын инфографика немесе ақыл-ой картасы (Mind Map) түрінде бейнелеу.

С. Мәуленов шығармаларын оқыту процесіндегі тиімділік – бағалау мен кері байланыс жүйесіне тікелей байланысты. Оқытушы-практик ретінде,тек білімді тексеру емес, сонымен қатар оқушының даму динамикасын анықтау маңызды.

Дәстүрлі бағалаудан алшақтап, критериалды бағалауды енгізу қажет. Мысалы, эссе жазу тапсырмасы бойынша:
о Құрылым: Эссе кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерінің болуы.
о Мазмұн: Ақын идеясын толық ашу, тақырыпқа сәйкестігі.
о Тілдік сауаттылық: Орфография, пунктуация, стильдік қателердің болмауы.
о Көркемдегіш құралдарды қолдану: Мәтінді байыту үшін қосымша әдеби құралдарды орынды қолдану.
Оқушыларға бір-бірінің жұмыстарын бағалауға мүмкіндік беру арқылы жауапкершілік пен объективтілік қалыптасады.

Әдістемелік ұсыныс: Оқушыларға бір-бірінің мәнерлеп оқуын немесе талдауын алдын ала берілген критерийлер (рубрикатор) бойынша бағалату.
Мұндағы басты мақсат – қатені табу емес, жақсарту жолдарын ұсыну.
Кері байланыс – оқушының жетістігі мен кемшілігін ғана емес, оқытушының әдістемесін де бағалауға мүмкіндік береді.
"Үш минуттық эссе": Сабақ соңында оқушыларға "Бүгін С. Мәуленов шығармашылығынан не үйрендім?", "Қандай сұрақтар туындады?", "Менүшін не қиын болды?" деген сұрақтарға жауап жазуды ұсыну. Бұл оқушының ішкі танымын анықтап,

келесі сабақтың жоспарын түзетуге көмектеседі."Сэндвич" әдісі (Екі оң, бір теріс пікір): Кері байланыс бергенде:
Оң пікір (Мақтау, қолдау).Жасартуды қажет ететін тұс (Сыни ескерту, кемшілігі).
Оң пікір (Болашаққа арналған мотивация). Бұл әдіс оқушының психологиялық ахуалын сақтай отырып, дамуға жетелейді. Сырбай Мәуленовтің әдеби мұрасы – қазақ тілі мен әдебиетін
оқытудағы құнды ресурс. Оны білім беру процесінде тиімді қолдану – оқушылардың тілдік сауаттылығын арттырып қана қоймай, ұлтық руханиятқа деген құрметін қалыптастырады. Жоғарыда аталған инновациялық жәнекритериалды әдістемелерді қолдану арқылы мұғалімдер ақын шығармаларын жай оқытудан, құндылыққа негізделген терең талдауға көшуі қажет. Әрбір ұстаздың міндеті – С. Мәуленовтің көркем сөз өрнегін бүгінгі жас ұрпақтың санасына жеткізу, оның шығармаларындағы даналықты, патриотизмді, адамгершілікті қазіргі заман талабына сай жаңаша оқыту. Бұл жұмыс – қазақәдебиетінің мәңгілік мұрасын болашақ ұрпақтың рухани азығына айналдыруға бағытталған маңызды қадам.

Әдебиеттер тізімі:

. Мәуленов, С. (2014). *Шығармаларының толық жинағы: 5 томдық.* (Т.: Өлеңдер). Алматы: Атамұра
. Сүйіншәлиев, Х. (2011). *Қазақ әдебиетінің тарихы.* Алматы: Санат.
. Айталы, А. (2006). *Ұлттану және ұлттық тәрбие негіздері.* Алматы: Білім.
. Қожахметова, К. И. (2018). *Оқытудың инновациялық технологиялары: Оқу құралы.* Астана: Фолиант.
. Дәуітов, С. (2000). *Сырбай Мәуленов: Өмір мен шығармашылық.* Алматы: Жазушы

Рымханова Әсем Рымханқызы
Астана қаласы
Ф.Оңғарсынова атындағы
«77 мектеп- гимназия» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ

Қазақ поэзиясының ХХ ғасырдағы даму жолында өзіндік орны, айқын дара үні бар тұлға – Сырбай Мәуленов. Ол – тек дарынды лирик қана емес, сонымен бірге тарихи кезеңнің шындығын, ұлттық рухты, адамдық қасиеттерді асқақтатқан азаматтық ар-ұяттың көркем сөзбен бейнеленген символы.[2,45-б] Оның ақындық мұраты – жеке бастың көркемдік ізденісінен әлдеқайда жоғары тұратын, қоғамдық міндет пен терең гуманистік философияны арқау еткен биік ұстаным.[4,112-б] Мәуленов шығармашылығын зерттеу арқылы біз кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің асқақ рухын, Отанға деген шексіз адалдығы мен халық алдындағы жауапкершілігін пайымдаймыз.[1,178-б]

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұратының басты арқауы үш негізгі өзектен тұрады: Азаматтық жауапкершілік (майданнан бастау алған қайсарлық пен еңбек пафосы), Туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік (ұлттық таным мен табиғат киесін жырлау) және Адам рухының биіктігін (махаббат пен философиялық тереңдікті) жырлау.[3,27-б] Ол өлеңді – өмірді өзгерту құралы, ақынды – заманның көзі, халықтың рухани үні деп білді. [4, 89-б] Бұл үш мұрат оның поэзиясында бір-бірімен тығыз байланысып, қазақ әдебиетіндегі тұтас әдеби-философиялық жүйені құрады. Мақаланың мақсаты – Сырбай Мәуленов шығармашылығындағы аталған үш негізгі мұраттың көріністерін жан-жақты, тереңдетілген әдеби-теориялық тұрғыда талдау, олардың көркемдік шешімдерін анықтау

және осы мұраттардың бүгінгі қоғам үшін мәні мен құндылығын дәлелдеу. Бұл зерттеу ақын мұрасының мәңгілік әрі өзекті екендігін айқындайды.

Сырбай Мәуленовтің поэзиясының қаны мен жаны – азаматтық пафос. Оның шығармашылық жолы жеке бастың субъективті сезімдерінен жоғары тұрып, қоғамның үнін, ар-ұятын білдіруді мақсат етті. Ол үшін ақындық тек эстетикалық ләззат беретін құбылыс емес, ең алдымен, идеялық-саяси қызметтің, қоғамдық міндеттің айқын көрінісі болды. Ақын өз заманының әлеуметтік, қоғамдық, саяси және моральдық-этикалық мәселелерін өлеңіне терең арқау етті, осылайша өзінің азаматтық позициясын табандылықпен дәлелдеді. Бұл ұстаным Сырбай Мәуленовті жай ғана дарынды суреткер емес, қоғамдық қайраткер деңгейіне көтерді.

Сырбай Мәуленовтің азаматтық ұстанымының қалыптасуына оның Ұлы Отан соғысына қатысуы шешуші әсер етті. Ол соғысқа қатысқан майдангер ақын ретінде қасіреттің, ерліктің және адам жанының сын сағаттағы күйін шынайы суреттеді. Бұл тәжірибе оның лирикасына шынайылық пен терең трагизм берді.

Оның "Алматы түні", "Ақ гүл" сияқты өлеңдерінде соғыстың сұрапылдығы мен трагедиясы ғана емес, сонымен бірге адамгершілік пен өмірге деген шексіз құштарлық басым. [5, 63-б]. Бұл – ақынның шығармашылығындағы гуманистік идеяның соғыс шындығымен ұштасуы. Ақын өлім мен жойылудың ортасында тұрып, тіршіліктің құндылығын асқақтатады. Ол солдаттың жүрегіндегі нәзік сезімдерді, Отанға, отбасына деген сағынышты суреттеу арқылы майдангердің рухани күресін көрсетеді.

Ақынның:

«Көзімнің жасын көрсетпей
Қолымды сүрттім былғамай.
Азамат ақын болудың
Азабын тарттым мұңды іше».

– деген үзіндісі – ақындық кредоның ең айқын дәлелі. Бұл жолдарда тек жеке бастың қайғысы емес, азаматтық парыздың, ақындық миссияның ауыртпалығы жатыр. Мәуленов соғыстың барлық ауыртпалығын ішіне жұтып, сыртқа ерлік пен қайсарлықтың үлгісін шығаруға ұмтылды. Оның мұраты – жеңістің құны қаншалықты ауыр болса да, Отан алдындағы міндетті мүлтіксіз орындау, осылайша халықтың рухын көтеру.

Қазақ әдебиеттанушылары, атап айтқанда З. Қабдолов, Мәуленовтің лирикасын "уақыт шындығының тікелей көрінісі" деп бағалауы – оның азаматтық үнінің шынайылығын және көркемдік қуатын мойындау. Соғыс лирикасы арқылы ақын өмір мен өлім философиясын тереңдетеді, жеңістің тек әскери ғана емес, моральдық жеңіс, адам рухының жеңісі екенін көрсетеді. Ол өзінің майданда алған жарасы мен мұңын жалпыхалықтық қайғыға ұластырып, жеке трагедияны ұлттық эпос деңгейіне көтерді.

Соғыстан кейінгі бейбіт өмірдегі еңбек – ақынның азаматтық мұратының тағы бір жалғасы, оның оптимистік пафосының көрінісі. Жеңістен кейінгі елді қалпына келтіру, жаңа қоғамды құру ісі Мәуленовтің поэзиясының басты арқауына айналды. Ол еңбек адамын жырлау арқылы қоғамның рухани-экономикалық дамуына тікелей үлес қосты.

"Астық туралы ән", "Жаңа арналар" поэмаларындағы тың игерушілер, жұмысшылар – жаңа заманның жасампаз тұлғалары ретінде суреттеледі. Ақын үшін бұл кейіпкерлер – тек мамандық иелері емес, патриоттықтың, қайраткерліктің және болашаққа сенімнің символы. Бұл шығармалардың басты идеясы – еңбек арқылы ғана Отанды көтеруге, болашаққа сеніммен қарауға болады.

Ақын еңбекті жай физикалық әрекет немесе шаруашылық міндет емес, рухани ерлік, Отанға қызмет етудің айқын формасы деп білді. Еңбектің поэтикалық образын жасау арқылы ол қарапайым адамдардың қадірін арттырды, олардың қоғамдағы маңызын дәріптеді. Оның мұраты – адамдарды бірлікке, қайраткерлікке және өз елінің өркендеуіне үлес қосуға шақыру болды.

Бұл – кеңестік кезеңнің әдебиетіндегі социалистік реализм талаптарымен ұштасқан, бірақ көркемдік деңгейі жоғары, шынайы патриоттық сезімге негізделген ең көркем

үлгілердің бірі. Мәуленов еңбек адамының портретін жасау арқылы қарапайым халықтың мәдени және рухани құндылығын арттырды. Ол өзінің азаматтық үні арқылы қоғамдық процестерге белсенді араласты, міне, осы ұстаным Сырбай Мәуленовты қазақ әдебиетіндегі азаматтық лириканың ірі өкілдерінің бірі етті. Оның ақындық мұраты – сөз бен істің бірлігін дәлелдеумен өлшенеді.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығындағы тағы бір өшпес мұрат – Туған жерге, қазақ даласының сұлулығы мен тарихына деген шексіз махаббатты жырлау арқылы ұлттық рухты асқақтату. Ақынның лирикасындағы табиғат суреттері – жай ғана пейзаж емес, оның ішкі әлемінің, ұлттық танымының терең көрінісі.

Ақынның туған жері Баянауыл – оның шығармашылығындағы тұрақты әрі киелі бейне. [5, 104-б]"Баянауыл", "Торайғыр көлі" туралы өлеңдер тек табиғатты суреттеумен шектелмейді. Олар – табиғат пен адам рухының, тарих пен мәдениеттің ажырамас байланысын көрсететін философиялық пейзаждар. Ақын табиғатқа жан бітіріп, оны өз тағдырының бір бөлігі ретінде қабылдайды.

«Сен де өзіңнен алыс кеткен Бір перзенттің мұңысың-ау. Баянауыл, менің тұрған жерім, Жанға жайлы тұнысың-ау!»

Бұл лирикадағы туған жерге деген сүйіспеншілік патриотизмнің ең қарапайым да, ең шынайы көрінісін береді. Бұл – "кіші отанға" деген махаббат арқылы "үлкен отанға" (Қазақстанға) деген сүйіспеншілікті білдіру. Ақынның мұраты – жердің киесін, тарихтың үнін ұрпақтарға жеткізу, әр қазақтың жүрегінде Отанға деген ұлы сезімді ұялату. Пейзаждық лирикасында ақынның суреткерлік шеберлігі айқын көрінеді, ол сөзбен табиғаттың үнін, бояуын және тынысын жеткізеді.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығындағы Туған жер мұраты тек Баянауылдың сұлулығымен шектелмейді; ол Қазақстанның әр өңірінің киелі жерлерін, соның ішінде, әсіресе, Жайық өзені арқылы тереңдете түседі. Ақынның Жайыққа арналған жырларында («Жайық жырлары») оның көркемдік шеберлігі айқын көрініс тауып, лирикаға философиялық салмақ береді.

Мәуленов үшін Жайық – жай ғана географиялық нысан немесе су көзі емес, ол – тағдырдың, уақыттың және өмірдің мәңгілігінің символы. Өзеннің ағысы арқылы ақын тарихтың үздіксіздігін, өткен мен бүгіннің сабақтастығын жеткізеді. Ол Жайықтың бойында болған тарихи оқиғаларды, халықтың басынан өткен ауыртпалықтарды еске түсіре отырып, оның қазақ халқының өміріндегі тағдырлы орнын ашады. Осылайша, Жайық бейнесі – ұлттық рухтың, еркіндік пен қайсарлықтың көркемдік символына айналады.

Ақынның бұл тақырыпты жырлаудағы көркемдік шеберлігі айрықша. Ол метафоралар, эпитеттер және психологиялық параллелизм әдістерін шебер қолдана отырып, табиғаттың тылсым күшін адамның ішкі әлемімен, оның сезімдерімен және толғаныстарымен ұштастырады. Мысалы, өзеннің құйған сағасы – өмірдің мәңгілікке ұласуының белгісі ретінде суреттелсе, оның ағысы – адамның өткінші ғұмырының символы болып табылады. Табиғат құбылыстарын адамның көңіл-күйімен теңеу – Мауленов лирикасының философиялық тереңдігін күшейтеді.

Ақындық мұраттың басты мақсаты – қазақ тілінің байлығын, көркемдік мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, ұлттық құндылықтарды жаңа әдеби деңгейге көтеру. Сырбай Мәуленовтің тілі қарапайым да, таза, бірақ оның астарында терең мағына, бейнелілік жатыр. Ол халықтық тілдің барлық қазынасын шығармашылығына сіңіріп, оның поэтикалық қуатын арттырды, осылайша өлеңнің халыққа жеңіл жетуін қамтамасыз етті.

Сырбай Мәуленовтің осы бағыттағы мұраты – қазақ сөзінің құдіретін дәріптеу және оны мәңгілік ету. Ол табиғатты жырлау арқылы тілдің әсемдігін, оның әрбір дыбысының эстетикалық әлеуетін ашады. Жайық бейнесі – ақынның жерге, суға деген киелі қатынасын көрсетумен қатар, қазақ тілінің ұлттық табиғатпен етене байланысын дәлелдейді. Нәтижесінде, ақынның поэзиясы – ұлттық сананы оятудың, патриотизмді

нығайтудың және туған жердің әрбір бөлшегін қастерлеуге шақырудың көркем үлгісі болып табылады.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұратының ең биік шыңы – жалпыадамзаттық құндылықтарды, гуманизмді және адам рухының кемелдігін жырлау. Ақынның басты объектісі – оның ішкі әлемі, ар-ұяты, махаббаты және өмірдің мәнін іздеуі бар Адам.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұратындағы гуманизмнің ең нәзік, әрі әсерлі көрінісі – оның махаббат лирикасы.[2, 132-б] Ақын бұл тақырыпты жеңіл романтикалық пафоспен шектемей, оны терең философиялық түйсікпен береді. Мәуленов үшін махаббат – екі адамның сезімі ғана емес, ол – адам рухының өмірге деген сүйіспеншілігінің, рухани байлығының қайнар көзі.

Оның "Сен мені ұмыттың ба?", "Бір қыз мені сүйіп өтті" сияқты өлеңдері махаббатты адам жанын тазартатын, кемелдендіретін ұлы күш деп білдіруімен құнды. Бұл лирикаларда сезімнің шынайылығы, адалдығы мен мөлдірлігі басты орында тұрады. Махаббат – ақынға өмірді, адамзатты сүюдің кілтін ұсынады.

Бұл ұстаным ақынның:
«Адамды сүйген, өмірді сүйген Ақын ғана шын мәніндегі Халық ақыны бола алады».– деген шығармашылық кредосының тікелей негізі болып табылады.
Мәуленовтің ақындық мұраты бойынша, махаббат адамдар арасындағы қарым-қатынастың ең биік формасы ретінде адалдықты, сенімділікті және өзара құрметті дәріптейді. Оның жырларындағы достық пен адамгершілік тақырыптары да осы гуманистік негізден өріледі; олар – ақынның басты моральдық бағдарлары. Сырбай Мәуленовтің лирикасы – адам жанының этикалық-эстетикалық ізденісін көрсететін рухани құжат. Ол өмірдегі ең басты құндылық – адамның адамға деген мейірімі мен жылуы деп есептеп, осы ұлы сезімдерді мәңгілік жырлады. Осылайша, Мәуленов махаббат лирикасы арқылы гуманизмнің поэзиядағы кемел үлгісін жасады.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұратының ең биік, әрі терең қабаты – оның философиялық лирикасы. Ақынның гуманистік ұстанымы бұл бөлімде өмір мен өлім, уақыт пен мәңгілік, болмыс және адамның тағдыры сияқты әмбебап тақырыптар арқылы көрініс табады. Мәуленов поэзиясы – жай ғана сезімнің көрінісі емес, ол – адамның саналы ғұмырындағы мәнді істерге, ізгілікке, мәңгілік құндылықтарға ұмтылуын дәріптейтін "ақылды лирика".

Ақынның "Уақыт", "Өмір" топтамаларындағы жырлар адамның қысқа ғұмырын терең талдауға арналған. Ол өмірдің өткіншілігін мойындай отырып, оның әрбір сәтін игі істермен, адал еңбекпен толтырудың маңызын көрсетеді. Мәуленов үшін адамның басты міндеті – физикалық өмірден кейін рухани мәңгілікке ұласу. Бұл мәңгілік – ақынның мұраты бойынша, тек өзінен кейін жақсы із, өлмес мұра (рухани, шығармашылық немесе адамгершілік мұра) қалдыру арқылы ғана мүмкін болады. Ол өз өлеңдері арқылы әрбір адамды осы өмірдің мәнін іздеуге, өзін-өзі тануға және рухани кемелденуге шақырады.
"Өмір деген – арпалыс, ұлы күрес,
Сондықтан да ол жанға ұлы тыныс.
Адам болып дүниеге келу – бақыт,
Адам болып қалу – ұлы табыс."
Бұл жолдар Мәуленовтің философиялық көзқарасының өзегін ашады: өмір – тек сый емес, жауапкершілік. Өмірдің мағынасы – қиындықтарға қарсы тұрып, адам болып қалуда, яғни ар-ұятты, адалдықты сақтауда. Ақынның мұраты – рухтың биіктігін материалдық құндылықтан жоғары қою.

Әдеби талдау тұрғысынан, Мәуленов бұл тақырыптарды талдауда әлемдік классикалық поэзияның (мыс. Пушкин, Лермонтов) үлгісін ұстанады. Алайда, оның философиясы тек қана жалпыадамзаттық емес, ол қазақтың ұлттық дүниетанымымен, философиялық ойымен тығыз ұштасады. Қазақ халқының өмірге, тағдырға, дүниеге деген көзқарасы, сабырлылығы мен даналығы оның лирикасынан айқын көрініс табады. Ақын

шығармашылығындағы теңеулер мен бейнелер көбіне қазақ даласының табиғатынан алынған, бұл оның философиялық ойларына ұлттық нақыш береді.

Ол ақындық міндетті тек сыртқы оқиғаларды суреттеумен шектемей, адамның ішкі монологын, оның әлеммен үйлесім табу жолындағы күресін көрсетеді. Бұл – психологиялық тереңдік Мәуленов лирикасының көркемдік құндылығын арттырады. Ақын оқырманға жауапты дайын күйінде ұсынбайды, керісінше, оны өзімен бірге ойлануға, толғануға шақырады. Осылайша, Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – XX ғасырдағы қазақ поэзиясындағы гуманистік идеяның ең жарқын және ең терең көрінісі болып табылады. Оның философиялық мұрасы – бүгінгі адамзатқа арнап қалдырылған рухани өсиет деуге болады.

Сырбай Мәуленовтің – XX ғасырдағы қазақ поэзиясының биік шыңында тұрған, мазмұны мен көркемдігі жағынан терең де кемел дүние. Оның шығармашылық өзегі – азаматтық жауапкершілік, ұлттық патриотизм және гуманистік философия сияқты үш ұстынды берік біріктірген, тұтас әдеби-философиялық жүйе. Бұл мұраттар ақынның әрбір жолында, әрбір шумағында айқын көрініс тауып, оны өз заманының ғана емес, мәңгілік ақынына айналдырды.

Сырбай Мәуленовтің ең басты ерекшелігі – ақындық дарынды қоғамдық міндетпен ұштастыра білуі. Ол жеке шығармашылықты халықтың мүддесімен, елдің тағдырымен тығыз байланыстырды. Майдан даласынан бастау алған азаматтық ұстанымы, кейіннен бейбіт еңбек пен жасампаздық пафосы арқылы жалғасын тапты. Оның өлеңдері – тек сезімдік иірімдер емес, қоғамдық үндеу, адами ар-намыс пен ар-ұяттың жаршысы. Осы тұрғыдан алғанда, оның шығармашылығы – идеялық-көркемдік бірліктегі, ұлттық рухты асқақтатқан бірегей мұра болып қала бермек.

Мәуленовтің поэзиясының өлшеусіз құндылығы – оның ақындық сөздің қоғам алдындағы жауапкершілігін іс жүзінде дәлелдеуінде. Ақын сөздің құдіретін, оның адам жанына әсер ететін күшін жете түсінді. Ол шынайылық пен шындықты жырлаудан ешқашан тайынған емес. Соғыс қасіретін де, туған жердің сұлулығын да, махаббаттың пәктігін де – бәрін де асқан адалдықпен жеткізді. Оның осы ұстанымы оны халық ақыны мәртебесіне көтерді.

Ақын мұратының тағы бір маңызды қыры – гуманизм. Ол адамды және оның ішкі әлемін жырлай отырып, жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттады. Махаббат, достық, мейірімділік және өмірдің мәнін іздеу – оның философиялық лирикасының негізгі өзегін құрады. Ол өз өлеңдері арқылы тек қазақ әдебиетін ғана емес, бүкіл әлемге ортақ Азаматтық пен Адамгершілік идеясын паш еткен ұлы суреткерлердің қатарына жатады.

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленовтің ақындық мұрасы – бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін патриотизмнің, адалдықтың, адамгершіліктің және қайраткерліктің өлшемі болып қала бермек. Оның шығармалары жас буынды Отанын сүюге, еңбекті қадірлеуге және адами қасиеттерді жоғары қоюға тәрбиелейді. Оның ақындық үні – уақыт сынына төтеп бере алатын, мәңгілік әрі өзекті. Мәуленовтің поэзиясы қазақ халқының рухани қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып, өшпес із қалдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ әдебиеті: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – (Тиісті оқулықтар).
2 Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: Монография. – Астана: Елорда, 2005.
3 Сейдахметов Б. Сырбай Мәуленов поэзиясының көркемдік әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993.
4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002.
5 Мәуленов С. Тандамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985.

Сабалакова Асем Жузбаевна,
Астана қаласы,
Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ: ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ОТАНҒА ДЕГЕН АДАЛДЫҚ ПЕН РУХ

Қазақ әдебиеті – халықтың рухани болмысының айнасы. Әдебиет арқылы ұлт өзінің өткенін саралап, бүгінін бағалап, болашағына бағдар жасайды. Сол тұрғыдан алғанда Сырбай Мәуленов шығармалары қазақ халқының ХХ ғасырдағы рухани өмірінде ерекше орын алады. Оның өлеңдеріндегі сарбаздық рух, патриотизмге толы бейнелер ұлттың тарихи жадын сақтауға, елдік сананы қалыптастыруға қызмет етті. Мәуленов шығармашылығы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдары мен одан кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетінің дамуын көрсететін маңызды құбылыс болып саналады. Сырбай Мәуленовтың шығармаларындағы сарбаздық рухты зерттеу қазіргі қазақ әдебиетінің маңызды тармақтарының бірі болып табылады. Бұл тақырып, бір жағынан, ұлттық рух пен тарихи сана-сезімді қалыптастыруда ерекше рөл атқарса, екінші жағынан, қазіргі қоғамдағы патриоттық құндылықтарды қайта қарастыру үшін өзекті. Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рухтың тереңдігі мен көпқырлылығы оқырманды бей-жай қалдырмайды: ол оқырманды ұлттық тарих пен мәдениетке терең үңілуге шақырады. Бұл зерттеу, әсіресе, жастардың рухани тәрбиесіне, олардың азаматтық позициясын нығайтуға әсер ететіні айдан анық. Зерттеудің мақсаты – Сырбай Мәуленовтің шығармаларындағы сарбаздық рухтың көріністерін анықтап, олардың қазіргі қазақ әдебиеті мен қоғамындағы маңызын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер қойылған: біріншіден, жазушының шығармаларын талдау арқылы сарбаздық рухтың негізгі элементтерін анықтау; екіншіден, бұл элементтердің қазіргі қоғамдағы рөлін бағалау; үшіншіден, шығармалардағы сарбаздық рухтың жастар арасында патриотизмді қалыптастырудағы ықпалын зерттеу. Зерттеу нысаны ретінде Сырбай Мәуленовтің прозалық және поэзиялық шығармалары алынған, ал зерттеу пәні – осы шығармалардағы сарбаздық рухтың көріністері.

Әдеби талдау және салыстырмалы әдістер қолданылды, мұнда шығармаларды тарихи және мәдени контексте қарастыру арқылы олардың мазмұндық ерекшеліктерін ашу көзделді. [1.320 б.] Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының биік шыңына көтерілген ақын, Ұлы Отан соғысының ардагері, халқының қайсар рухын жырлаған қаламгер. Оның шығармашылығында отаншылдық, сарбаздық рух, адамгершілік пен ерлік тақырыптары ерекше орын алады. Ақын өзі майданда болғандықтан, жауынгердің ішкі жан дүниесін, соғыс кезіндегі ауыртпалық пен қайсарлықты жүрекпен сезініп, өлеңдеріне арқау етті.Сонымен қатар, лингвистикалық талдау әдістері арқылы мәтіндердегі бейнелі құралдарды, стильдік ерекшеліктерді айқындау жүзеге асырылды.Бұл зерттеу нәтижесінде, Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рухтың көркемдік деңгейі мен оның қазіргі қоғамдағы маңыздылығы айқындала түседі. Бұл тақырыптың өзектілігі, әсіресе, ұлттың болашақ ұрпағының санасын қалыптастыруда ерекше орын алатыны даусыз. Қандай құндылықтар бізді алға жетелейді? Қандай тарих сабақтары бізді жасампаз болуға итермелейді? Осы сұрақтарға жауап іздеу арқылы біз Сырбай Мәуленовтің шығармашылық мұрасын тереңірек түсініп, оны бағалай аламыз.Мәуленов поэзиясында ең алдымен ерлікке шақыру, намыс пен қайсарлықты дәріптеу басым. Оның өлеңдерінде жауынгер бейнесі – тек қана майдандағы адам емес, ол туған жерін, елін қорғаушы қасиетті тұлға ретінде сипатталады. Ақынның соғыс жырлары сарбаздардың ауыр тағдырын, сонымен қатар олардың мықты рухын бейнелейді.Сарбаздық рух дегеніміз – елін қорғаған жауынгердің жан дүниесіндегі батырлық пен табандылықты, қайсарлық пен адалдықты бейнелейтін ерекше ұғым. Қазақ әдебиетінде бұл ұғым сонау жыраулар поэзиясынан бастау алады. Асан Қайғы, Бұқар жырау, Махамбет толғауларындағы ел

қорғау, отаншылдық сарындары ХХ ғасырда жаңа сипатта жалғасын тапты. Сырбай Мәуленов сол дәстүрді жалғастырып, өзінің өлеңдері арқылы сарбаздық рухты көркемдік биікке көтерді.

Бұл зерттеудің мақсаты – Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рухтың көріністерін жан-жақты талдап, олардың қазақ қоғамындағы маңызын анықтау.

Мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады:

1. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолын қарастыру;
2. Өлеңдеріндегі сарбаздық рухтың негізгі элементтерін талдау;
3. Мәуленов шығармаларындағы патриотизмнің көркемдік ерекшеліктерін айқындау;

4.Оның туындыларының қазіргі жастарға рухани-адамгершілік тұрғысынан ықпалын бағалау.

Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Ол бала кезінен поэзияға әуес болып өсіп, жастайынан өлең жазуға талпынды. Мәуленовтің тағдыры Ұлы Отан соғысының қасіретті кезеңімен тығыз байланысты. Жас ақын майданға аттанып, жауынгер ретінде елін қорғады. Соғыстың қанды майдандарында жүріп, ол өлеңдерін қағазға түсірді. Бұл өлеңдер солдаттың жүрегіндегі отансүйгіштік сезімдерді, жауға деген өшпенділікті, жеңіске деген сенімді бейнеледі. 1940 жылы Қостанайдағы мұғалімдер институтында оқиды. Бірақ Екінші дүниежүзілік соғыс басталған соң, 1942 жылы әскерге шақырылып, майданға аттанады. Соғыста жараланып, елге оралады. Майдандағы ауыр жылдар ақын жүрегіне терең із қалдырып, кейінгі шығармаларында соғыс тақырыбы ерекше орын алды. Әр жылдары республикалық газет-журналдарда, баспа орындарында еңбек етті. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды.Соғыстан кейін Мәуленов журналистік қызмет атқарып, әдеби ортада кеңінен таныла бастады. Оның алғашқы жинақтарында соғыс тақырыбы негізгі арқау болды. [2.220 б.] Әр жылдары республикалық газет-журналдарда, баспа орындарында еңбек етті. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды. Кейінгі жылдары табиғат лирикасы, махаббат өлеңдері, философиялық ой-толғамдары да молынан кездеседі. Дегенмен, оның шығармашылығының өзегі – сарбаздық рух пен патриотизм. Сырбай Мәуленов – нәзік сыршыл, Отан мен туған жерді шексіз сүйген ақын. Оның поэзиясының негізгі тақырыптары:

- туған жер мен табиғат,
- соғыс жылдарының қайғы-қасіреті мен ерлік рухы,
- адамгершілік пен достық,
- еңбек адамдарының бейнесі.

Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы «Жолдас» (1948 ж.) деп аталды. Кейін «Заман қайраткерлері», «Жерге табыну», «Жұлдыз жырлары», «Қызыл жолбарыс», «Қылыш пен қанжар» сияқты кітаптары жарық көрді. Балаларға арналған шығармалары да көп. Оның өлеңдері жас оқырмандарды табиғатты аялауға, еңбекті сүюге, адамгершілікке тәрбиелейді. Ақын шығармаларында табиғат көріністері мен адам тағдыры тығыз байланыста беріледі. Оның поэтикалық тілі айқын, бейнелі, ықшам.Жауынгердің ерлігі кейде дала желімен, кейде асқар таумен салыстырылады. Бұл тәсіл ақынның рухты поэзиясын айқындата түседі. Сырбай Мәуленов қазақ әдебиетіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған, ойлы да сыршыл лирикасымен оқырман жүрегіне жол тапқан ақын. Ол 1993 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті. [3.540 б.] Мәуленов поэзиясында сарбаздық рухты бейнелеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол батырлықты тікелей дәріптеп қана қоймай, оны табиғат құбылыстарымен, туған жердің сұлулығымен, халықтың тұрмыс-салтымен байланыстыра суреттейді. Мысалы, оның өлеңдерінде сарбаз жүрегі қыран құс бейнесімен, жауынгердің табандылығы таудың биіктігімен салыстырылады. Мұндай метафоралар арқылы ақын сарбаздық рухты тек әскери ерлік ретінде емес, жалпы ұлттық

мінездің көрінісі ретінде көрсетеді.Соғыс жылдары жас сарбаздың көрген қиындығы мен елге деген сағынышы ақын жырларынан айқын сезіледі. Мәуленов өлеңдерінде:

- жауынгердің ерлігі мен қайраты,
- отан қорғаудағы рухани биіктігі,
- жеңіске деген сенім,
- жолдастық пен достыққа адалдық жырланды.

Ол соғыс тақырыбын пафоспен емес, шынайы сарбаз жүрегінің үнімен жеткізді. Өлеңдерінде қасірет те, батылдық та, жеңіске деген сенім де қатар өрілді. Ақын жауынгер бейнесін тек қана батырлық сипатпен беріп қоймайды. Ол сарбазды туған жерін аңсаған, ауылын, анасын сағынған қарапайым адам ретінде де суреттейді. Бұл тәсіл оқырманға сарбаздың бейнесін жақындатады, оның жан дүниесін сезінуге мүмкіндік береді. Соғыс жылдарындағы өлеңдерінде Мәуленов жауынгердің жан дүниесін, оның туған елге деген сағынышын, жеңіске деген сенімін шынайы суреттейді. Бұл шығармаларда сарбаздық рух тек майдандағы ерлікте ғана емес, тылдағы еңбекте де көрініс тапқан. [4.240 б.]

Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух ұлттық сананы қалыптастыруда ерекше рөл атқарды. Ақын өлеңдері халықтың бойына елдік, бірлік, ерлік сезімдерін сіңірді. Соғыстан кейінгі қиын кезеңдерде Мәуленов шығармалары жастарды шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа, елін сүюге тәрбиеледі. Қазіргі таңда да оның шығармалары өз маңызын жойған жоқ. Мәуленовтің поэзиясындағы патриотизм – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырудың құнды құралы. Мектеп бағдарламасында ақын өлеңдерінің оқытылуы – жастарды ұлттық рухта тәрбиелеудің тиімді жолдарының бірі. Сырбай Мәуленовтің өлеңдерінде ұлттық сана мен ұлттық болмысқа деген терең құрмет көрініс табады. Оның көзқарасы бойынша, ұлттық сана – бұл адамның өз ұлтына, мәдениетіне,дәстүрлеріне деген құрметі мен сүйіспеншілігі. Мәуленовтің өлеңдері тек соғыс туралы ғана емес, бейбіт өмірдің мәнін, еңбектің қадірін, достық пен бірлікті дәріптейді. Ол ұрпаққа батырлықты, намысты, адалдықты үлгі етті. [5.280 б.] Ұлттық сана – халықтың тарихын, мәдениетін және тілін құрметтеу мен сақтаудың негізі. Сырбай Мәуленов өзінің шығармаларында қазақтың дәстүрлері мен салттарын жоғары бағалайды. Ол ұлттың тарихын білу,оның ерлік дәстүрлерін ұстану, халықтың рухани құндылықтарын сақтап қалу қажеттігіне үнемі назар аударады.Патриоттық тәрбие – ұлтжандылықты,туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың негізі болып табылады. Сырбай Мәуленовтің өлеңдері бұл құндылықты дәріптеу жолындағы маңызды құрал болып табылады. Оның өлеңдерінде елге деген адалдық, батырлық, жерге деген құрмет сияқты қасиеттер жиі айтылады. Мәуленов үшін патриотизм тек әскери міндетті орындаумен шектелмейді, ол – туған жердің тарихын, мәдениетін, тілін сақтау, оны өркендету жолында өз үлесіңді қосу деген сөз. [6.464 б.] Мәуленов поэзиясын Мұқағали Мақатаев, Жұбан Молдағалиев сияқты ақындардың шығармаларымен салыстыруға болады. Бұл ақындардың бәрі де соғыс тақырыбын көтеріп, елін қорғаған сарбаздардың ерлігін жырлады. Алайда Мәуленовтің ерекшелігі – ол сарбаздық рухты нәзік лирикалық бейнелермен астастыра суреттеді. Оның өлеңдерінде майдан шындығы ғана емес, сонымен бірге адам жүрегінің нәзік қырлары да көрініс тапты. Сырбай Мәуленовтің табиғатқа деген көзқарасы Мұқағалиға ұқсас. Ол табиғат пен адамның байланысын терең сезінеді, табиғаттың сұлулығын жоғары бағалайды. Мәуленовтің өлеңдерінде табиғат тек сыртқы әлем ретінде ғана емес, адамның ішкі әлемін бейнелейтін,сонымен қатар ұлттық мәдениеттің негізін қалаушы ретінде көрінеді. Оның поэзиясында табиғат пен адам арасындағы гармония айқын көрінеді. [7.50 б.] Мұқағали Мақатаев,Жұбан Молдағалиев және Сырбай Мәуленов үш ақын да қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда үлкен рөл атқарғанымен, олардың шығармашылығында әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мұқағали поэзиясы адамның ішкі жан дүниесі мен өмір мен өлімнің философиясына бағытталған болса, Жұбан өз халқының ерлігі мен тәуелсіздігі үшін күресті мадақтады. Сырбай Мәуленовтің

өлеңдерінде туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғат пен адам арасындағы үндестік, ұлттық мәдениетке деген құрмет басым. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау аса маңызды. Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух қазіргі жастарға өнеге бола алады. Оның поэзиясы ел қорғаудың тек әскери әрекет емес, рухани, мәдени, моральдық құндылық екенін көрсетеді. Сондықтан ақын мұрасы қазіргі қоғамда патриоттық тәрбие берудің қайнар көзі болып қала береді. [8.350 б.] Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол поэзияда ұлттық сана,патриотизм, туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғат пен адамның рухани байланысы сияқты тақырыптарды көтерген ақын. Оның шығармалары ХХ ғасырдың ортасында жазылғанымен, бүгінгі қазіргі заман үшін де ерекше маңызды**.**

Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух – қазақ әдебиетінің баға жетпес мұрасы. Ол соғыс жылдарындағы ел басына түскен ауыртпалықтарды, сарбаздардың қайсарлығы мен ерлігін көркем тілмен жеткізе отырып, ұлттық рухты асқақтатты. Ақын поэзиясы – халықтың тарихи жадын сақтайтын, жас ұрпақты патриотизмге баулитын құнды қазына. Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух қазақ әдебиетінің маңызды элементі болып табылады. Бұл рухтың негізінде ұлттық бірлік, патриотизм және тарихи жады жатыр. Мәуленов шығармалары қазақ халқының тарихын, мәдениетін және ұлттық құндылықтарын қорғауға және нығайтуға бағытталған. Бұл шығармалар жастарды ерлікке, батырлыққа және елін қорғауға шабыттандырады, осылайша қоғамдағы ұлттық бірлікті күшейтеді.Сырбай Мәуленовтың сарбаздық рухы тек ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық тәжірибеде де назар аударарлық құбылыс болып табылады. Әлемдік контексте түрлі елдерде сарбаздық рух әртүрлі мәдениеттер мен идеологияларды қорғауға бағытталған.[9.400б.] Бұл тұрғыда Мәуленовтың шығармаларының мазмұны мен мәні ұлттық ерекшеліктерді нақтылауға және түсінуге мүмкіндік береді. Сарбаздық рухтың практикалық маңызы оның қоғамда патриоттық сезімді арттырып, мәдени құндылықтарды сақтап қалуында. Мұндай рух жастар арасында ұлттық құндылықтардың маңыздылығын түсінуге және оларды сақтап қалуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл рухтың елдің әлеуметтік және мәдени дамуына қосатын үлесі зор. Мәуленовтің өлеңдері тек соғыс туралы ғана емес, бейбіт өмірдің мәнін, еңбектің қадірін, достық пен бірлікті дәріптейді. Ол ұрпаққа батырлықты, намысты, адалдықты үлгі етті. Болашақ зерттеулерде Сырбай Мәуленов шығармаларының сарбаздық рухын одан әрі тереңірек зерттеу қажет. Бұл зерттеулер қазақ әдебиетінің дамуындағы жаңа тенденцияларды анықтауға және ұлттық құндылықтарды сақтау жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, қазіргі заманғы авторлармен салыстырмалы талдау жүргізіп, ұлттық рухтың қазіргі қоғамдағы орнын анықтау маңызды. Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қалып отыр. Бұл рухтың маңыздылығын түсіну қоғамдағы ұлттық бірлікті нығайтуға және патриоттық сезімді арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, Мәуленов шығармаларының сарбаздық рухы қазақ мәдениеті мен тарихындағы орны ерекше әрі маңызды болып қала береді. «Ұлт болашағы – оның өткенін ұмытпай, болашаққа сеніммен қарауында» деген сөздер арқылы бұл рухтың маңыздылығын тағы да атап өтуге болады.Ұлттың болашағы оның тарихынан бастау алып, оның мәдениеті мен құндылықтарын сақтап қалу арқылы жарқын болашаққа жетелейді. Оның шығармалары арқылы біз ұлттық болмысты танып, отан сүйгіштік қасиеттерді бойымызға сіңіреміз. Сырбай Мәуленовтың шығармаларындағы сарбаздық рух қазақ әдебиетінің терең мазмұнын ашады. Бұл шығармаларда қазақ халқының батырлық дәстүрлері мен ұлттық құндылықтары айқын көрініс табады. Мәуленовтың туындылары арқылы біз соғыс кезеңіндегі адамдардың қайғы-қасіреті мен ерлік рухын сезінеміз. Оның шығармалары тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін түсінуге мүмкіндік беретін құнды дереккөз болып табылады.Мәуленовтың шығармаларындағы сарбаздық рухтың практикалық маңызы зор. Ол қазақ жастарының бойында патриоттық сезімді тәрбиелеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл шығармалар

ұлттық тарихты тереңірек түсінуге және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге септігін тигізеді. Әдебиет арқылы жастарға ерлік пен адамгершілік құндылықтарды сіңіру маңызды, себебі бұл қоғамның рухани дамуына әсер етеді.Болашақ зерттеулерде Мәуленов шығармаларын халықаралық деңгейде насихаттау қажеттілігі туындайды. Оның туындылары басқа тілдерге аударылып, әлемдік әдебиет қауымдастығына ұсынылуы тиіс. Бұл қазақ әдебиетінің жаһандық деңгейде танылуына және қазақ мәдениетінің байлығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеушілер Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рухты басқа елдердің әдеби туындыларымен салыстырып, мәдени және тарихи ерекшеліктерін айқындауы мүмкін. [10.105 б.] Ойландыратын сұрақ ретінде: "Сырбай Мәуленовтың шығармаларындағы сарбаздық рух бізге бүгінгі таңда қандай өмірлік сабақ береді?" деп сұрау орынды болар еді. Бұл сұрақ қазіргі заманның құндылықтарын қайта бағалауға, тарихи тәжірибеден сабақ алуға итермелейді. Сырбай Мәуленовтың әдеби мұрасы — бұл қазақ тарихының, мәдениетінің және рухының айнасы. Оның шығармалары арқылы біз өткенді қадірлеп, болашаққа нық қадам жасай аламыз. Мәуленовтың сарбаздық рухы бізге ұлт ретінде бірлікті, батылдықты және төзімділікті еске салып, әрбір қазақтың жүрегінде өз орнын табады.Мәуленовтің сарбаздық рухқа толы өлеңдері бүгінгі күні де өзекті болып қала бермек. Сырбай Мәуленов шығармашылығы – халық рухының айнасы. Оның поэзиясы сарбаздық қайсарлықты,елге деген махаббатты, адалдық пен батылдықты паш етеді. Ақынның рухты жырлары бүгінгі жас ұрпаққа да жігер беріп, елін, жерін сүюге, ұлттық рухты биік ұстауға үндейді. Себебі ұлттың рухани тәуелсіздігі мен елдік санасы әрқашан әдебиет арқылы қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1982.
2. Мәуленов С. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1958.
3. Қазақ әдебиеті тарихы: 8 томдық. – Алматы: Ғылым, 2005.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Санат, 1991.
5. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1977.
6. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
7. Еспенбетов А. Сырбай Мәуленовтің поэзиясы. // Қазақ әдебиеті. – 1985.
8. Тәжібаев Ә. Жаңа дәуір әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1982.
9. Қазақ поэзиясы антологиясы. – Алматы: Жазушы, 1980.
10.Қазақ әдебиеті. Энциклопедия.- Алматы 1999 ж
11. Интернет ресурстар: [https://adebiportal.kz].

Сағындық Таңшолпан Ерланқызы,
Астана қаласы №83 мектеп – гимназиясы
бастауыш сынып мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС

Қазақ әдебиеті тарихында екінші дүниежүзілік соғыстың отты жылдарынан өткен ақындар шоғыры ерекше орын алады. Солардың ішінде өз шығармашылығымен ұлттық рух пен елдік идеяны, азаматтық үн мен жауынгерлік сарынды қатар өрген, әрі халық жүрегінен орын алған тұлға – Сырбай Мәуленов. Оның шығармалары тек әдеби мұра ғана емес, ұлттың жады мен рухын сақтаушы құндылық ретінде де бағаланады. Ақын поэзиясында туған жерге деген сүйіспеншілік, ел қорғаған жауынгердің қайсар болмысы, азаматтық жауапкершілік пен патриоттық идея терең көрініс тапқан.

Бұл мақаламның мақсаты – Сырбай Мәуленов поэзиясын талдау арқылы оның азаматтық үнін, ұлттық рух пен елдік идеяны ашып көрсету, шығармаларындағы басты тақырыптарды (Отан, соғыс, туған жер, ерлік, азаматтық) саралау және ақынның жауынгерлік рухын көркемдік шеберлігімен байланыстыра зерделеу.

I. Азаматтық үн және ұлттық рух

Сырбай Мәуленов шығармашылығы – қазақ әдебиетінде азаматтық поэзияның қалыптасуына ерекше ықпал еткен мұра. Оның лирикасы жеке бастың күйін емес, тұтас халықтың арман-аңсарын, тағдырын, рухани мұратын суреттейді.

Ақын поэзиясындағы азаматтық үннің негізгі арқауы – елдік сана. Ол туған жерді қорғауды, халықтың бірлігін, отаншылдықты басты құндылық ретінде дәріптейді. Ақын «Мен қазақпын» деген сезімді әрбір өлеңінде мақтанышпен өрнектеп, ұлттық рухты көтереді. Бұл арқылы ол халықты жігерлендіріп, жастарды ерлікке, адалдыққа, Отанға адал қызмет етуге шақырады.

II. Елдік идея мен соғыс жылдарындағы жырлар

Мәуленовтің азаматтық болмысы оның майдангерлік өмірімен тығыз байланысты. Жас күнінен Отан қорғауға аттанып, алдыңғы шепте жүріп көргені оның бүкіл шығармашылығына өзек болды. Соғыстың қасіреті, майдангер достарының ерлігі, жеңіске деген сенім – ақын жырларының басты идеясына айналды.

Соғыс тақырыбындағы өлеңдерінде ол қанды майданның қасіретін емес, адам рухының асқақ күшін, жеңіске деген сенімін, сарбаздың азаматтық парызын алға қояды. Ақын үшін ел қорғау – тек әскери міндет емес, ұлттық намыстың айғағы. Бұл өлеңдер жастарды рухтандыратын, елдік идеяны күшейтетін әдеби куәлік болып табылады. Сонымен қатар, майдан шебінде бір сапта жанкешті ерлік көрсеткен жауынгерлердің ерліктері мен Отанға, досқа, бауырға адалдығын ақын шығармаларында ерекше құрметтіген. «Аттары мәлімсіз достар» өлеңінде автор басына қиындық түскенде жақын таныс – туыс болмасада Отан үшін деп бірге жүрген бөтен – бауырларының қиындыққа тастамай қорғап шығатынының ерекше сезіммен жеткізеді.

III. Басты тақырыптар жүйесі

1. Отан тақырыбында

Ақын поэзиясында Отан – ең қастерлі ұғым. Ол Отанды анаға теңеп, қорғауды перзенттік борыш деп түсіндіреді. Туған жерге деген махаббатын жырлау арқылы халықтың елге деген сүйіспеншілігін оятады. Тоқтала кетсем, «Жалын жүрек» шығармасынан – Отанға деген адалдық пен сарбаздық рух айқын көруге болады. Ал «Соғыстан қайтқан салдаттар» өлеңінде майданнан оралған жауынгерлердің Отанға деген сүйіспеншілігі көркем бейнеленген.

Осы орайда ақынның «Адамзатқа Отан керек» өлеңіне тоқтала кетуге болады. Бұл өлең ақынның азаматтық үнін айқын көрсететін шығармаларының бірі. Мұнда Отан ұғымы тек

белгілі бір елдің шеңберінде ғана емес, бүкіл адамзат үшін ортақ, қасиетті құндылық ретінде көтеріледі.

Өлеңнің басты идеясы – адам баласы үшін Отансыз өмірдің мәнсіздігі, ал Отанға адал қызмет ету – ең биік парыз екендігі.

Патриоттық пафос:

Ақын өлеңде Отанды «адамзат тіршілігінің өзегі» ретінде бейнелейді. Ол Отанды қорғауды – ұлттық қана емес, жалпыадамзаттық құндылық ретінде түсіндіреді. «Отансыз адам – тамыры жоқ ағаш тәрізді», «Отан – өмірдің нәрі, рухтың тірегі» [5, 65-б.], осы арқылы ақын поэзиясында патриотизм тек жеке халықтың емес, бүкіл адамзаттың өркениеттік деңгейіне көтерілген.

Көркемдік ерекшеліктері:

- *Метафоралар:* Отан – ананың құшағы, тіршіліктің тірегі, жүректің жылуы ретінде суреттеледі.
- *Антитеза:* Отаны – бар адам бақытты, ал Отансыз – ең кедей, ең қорғансыз жан ретінде бейнеленеді.
- *Қайталамалар:* «Отан керек» тіркесін қайталау арқылы автор ойды күшейтеді, азаматтық үнді өрнектейді.

Азаматтық үн:

Өлеңнің басты құндылығы – азаматтық үннің күшінде. Ақын Отан алдындағы борышты орындау – әрбір адамның өмірлік міндеті екенін көрсетеді. Бұл үн – соғысты көрген, жауынгерлік өмірді бастан өткерген ақынның шынайы тәжірибесінен туған.

Ұлттық және жалпыадамзаттық өлшем:

Бұл шығармада Мәуленов Отан ұғымын тек Қазақстанмен шектемей, барша адамзаттың ортақ игілігіне айналдырады. Мұнда ұлттық рух пен гуманистік идея ұштасып, кең мағынадағы патриотизм көрініс тапқан.

Ғылыми тұрғыдағы маңызы:

«Адамзатқа Отан керек» өлеңі Сырбай Мәуленовтың азаматтық поэзиясының шыңы болып саналады. Бұл өлең арқылы біз ақынның ұлттық рухты дәріптеуін, елдік идеяны жалпыхалықтық деңгейге көтеруін, Отанға деген махаббатты жалпыадамзаттық құндылықпен байланыстыруын айқын көреміз [5, 225-б.].

2. Соғыс және ерлік

Соғыс тақырыбы Мәуленов поэзиясының өзегі. Оның жырларында сарбаздың батылдығы, ерлігі, ел үшін жанын пида етуге дайын қайсарлығы суреттеледі. Ол ерлікті романтикаға бөлеп көрсетпейді, қайта нағыз жауынгердің қарапайым да батыр бейнесін ашады. Ақынның соғыс тақырыбындағы өлеңдерінің басты ерекшелігі – батырлықты сырттай мадақтамай, оның ішкі рухын жеткізуде. Ақын ерлікті ерекше пафоспен емес, табиғи құбылыс ретінде көрсетеді. Сарбаздың жауынгерлік қуатын елге деген сүйіспеншілікпен байланыстырады, соғыс қасіретін де, жеңіс үмітін де қатар береді. Мәселен, «Жауынгер жыры» атты топтама өлеңдерінде сарбаздың қаһармандығы, достық пен бауырмалдық рухы алдыңғы қатарға шығады [5, 57-б.]. Ақын поэзиясында қарапайым жауынгер – қаһарман. Ол батырлықты дәріптегенде жеке адамның даңқын емес, халықтың рухын көтеруді мақсат тұтты. Мысалы, сарбаздың қаруластарына деген сүйіспеншілігі, ерлікті күнделікті парыз ретінде көру, жаумен күресті әділеттілік жолындағы арпалыс деп қабылдауы [2, 117-б.]. Соғыстан соң да жазылған өлеңдерінде Мәуленов майдандағы естеліктерді туған жер тақырыбымен ұштастырды. Мәселен, «Жеңіс күні» өлеңінде халықтың қуанышы, елге оралған сарбаздардың сағынышы суреттеледі [4, 41-б.].

Ақынның соғыс және ерлік тақырыбындағы әдеби – көркемдік ерекшеліктеріне тоқталсақ, ақын өлеңдерінде соғыс тақырыбына қарамастан нәзіктік пен сезім бар [5, 70-б.]. Батырлықты ұрандатпай, оқырманға жақын образдар арқылы қарапайым тілмен жеткізеді. Қазақтың даласы, туған жер табиғаты әрдайым ел қорғау идеясымен сабақтаса беріліп, ұлттық рухты көтереді.

Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленовтың соғыс және ерлік тақырыбындағы өлеңдері – қазақ әдебиетінде ерекше орынға ие. Олар соғыстың қасіреті мен жеңіс рухын, жеке сарбаздың жан дүниесін, халықтың бірлігін, патриотизмді бейнелейді. Осылайша, Мәуленов поэзиясы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қазақ әдебиетінің негізгі бағытын жалғастырып қана қоймай, оған лирикалық тереңдік пен гуманистік сипат қосты.

3. Туған жер

Сырбай Мәуленов шығармашылығындағы туған жерді жырлау – басты арналардың бірі. Туған өлкенің табиғаты, өзен-көлі, даласы ақын шығармаларында ерекше орын алады. Ақын соғыс жылдарынан кейінгі өлеңдерінде туған өлкеннің табиғатын, жер – суын, елін ерекше махабатпен суреттейді. Туған жерді Отан ұғымымен бірлікте қарастырады [5, 45-б.]. Майданнан оралған ақын үшін туған жер ең қастерлі ұғым. Оның «Туған жер», «Қостанай», «Арқалық», «Дала» өлеңдерінде туған өлке табиғатына деген ыстық ықыласы, алыста жүріп сағынуы ерекше байқалады [4, 73-б.]. Туған жердің әрбәр тауы, өзені, тіпті жусан иісі ақын жүрегінде ерекше орын алған. Ол туған өлкені ана бейнесіне теңейді, туған елді мәңгілік пана ретінде сипаттайды.

Сондай – ақ ақын туған жердің табиғатын тек сырттай суреттемейді, оны халықтың тағдырымен, елдің рухымен байланыстырады. Мысалы, «Дала» өлеңінде даланы – халықтың кең пейіліне, өзендер мен бұлақтарды – өмірдің бастауына, тау мен қыратты – елдің айбатына балайды [3, 19-б.]. Ол табиғат сұлулығын жырлау арқылы елдің тұтастығы мен рухани байлығын көрсетеді. Туған жердің әр тасын қастерлеу – оның азаматтық көзқарасының көрінісі. Сырбай Мәуленов туған жері Қостанайды ерекше сүйіспеншіліпен жырлады. Бұл өлеңдерінде ол тек географиялық мекенді емес, сол жердің рухын, адамдарының еңбегін, тарихын бейнеледі [5, 112-б.]. Осы арқылы ақын туған өлкенің бүкіл қазақ елі үшін ортақ мақтаныш екенін көрсетеді.

Туған жерді жырлау Мәуленов үшін тек эстетикалық әуен емес, ол – патриоттық тәрбие құралы. Оның өлеңдерінде туған жерге адал қызмет ету, елін қорғау, жерін аялау идеясы алдыңғы қатарда тұрады [4, 84-б.]. Ақын туған жерін шынайы эмоциямен суреттейді, туған жерді анаға, құшағына шақырып тұрған пейілге балайды. Қазақы дүниетанымға тән жусан, бозторғай, кең дала сияқты бейнелерді қолданады [2, 21-б.].

Сырбай Мәуленов үшін туған жер – өмірлік шабыт көзі, азаматтық парыздың символы. Оның туған жер туралы өлеңдері табиғат сұлулығын, елдің рухын бейнелейді, патриотизмді күшейтеді, соғыс жылдарындағы сағынышты да, бейбіт өмірдің қуанышын да қамтиды. Осы арқылы Мәуленов поэзиясы туған жер тақырыбын ұлттық рух пен азаматтық үнмен ұштастырады [5, 115-б.].

4. Азаматтық жауапкершілік

Сырбай Мәуленов – соғыс майданында шыңдалған, кейін бейбіт өмірде де ел мүддесіне адал қызмет еткен ақын. Оның өлеңдеріндегі азаматтық жауапкершішілік идеясы ең алдымен Отанға деген сүйіспеншілікпен ұштасады. Жоғарыдағы «Адамзатқа Отан керек» өлеңінде ақын Отансыз адам болмысының мәнсіз екенін айтып, азаматты ең алдымен ел алдындағы борышын өтеуге үндейді [5, 65-б.]. Ақынның соғыс тақырыбындағы өлеңдерінде сарбаздық рухпен қатар, азаматтық парыз алдыңғы қатарға шығады. «Жауынгер жыры» өлеңінде қарапайым жауынгердің елін қорғау – адамдық борыш екендігі суреттеледі. Бұл тұста ақын ерлікті асқақ ұран емес, азаматтық міндет деп таниды [4, 34-б.]. Соғыстан кейінгі шығармаларында ақын туған жерді түлету, ел еңбегін дәріптеу арқылы азаматтық жауапкершілікті бейнелейді. «Қостанай», «Арқалық», «Дала» өлеңдерінде туған өлкенің өркендеуі – әрбір азаматтың парызы ретінде жырланады[5, 112-б.]. Мәуленов өлеңдерінде жеке бастың емес, халық алдындағы жауапкершілік мәселесі көтеріледі. Ақын адамды елге адал қызмет етуге, ұлттық бірлікті сақтауға шақырады. Ақынның ойынша, азаматтық жауапкершілік тек соғыста ғана емес, бейбіт еңбекте де көрінуі тиіс. Оның «Жас дәурен» сияқты өлеңдері жас буынға ел алдындағы міндетті еске салады [2, 215-б.].

Сырбай Мәуленов шығармаларындағы азаматтық жауапкершілік тақырыбы да – оның поэзиясының негізгі өзегінің бірі. Ол соғыс кезінде елін қорғау парызын, бейбіт өмірде туған жерді аялау мен еңбектің құндылығын, жас ұрпақтың ел алдындағы міндетін жырлады. Осы арқылы Мәуленов поэзиясы азаматтық үнді тереңдетңп, қазақ әдебиетінде үлкен рухани мұра қалдырды.

IV. Жауынгерлік рух пен көркемдік шеберлік

Сырбай Мәуленов поэзиясының ерекшелігі – жауынгерлік рухты көркемдік шеберлікпен астастыра білуінде. Майдангер ақын ретінде соғыс тақырыбын тек тек тарихи оқиғалар арқылы емес, адам жанының рухани беріктігі арқылы бейнелейді. Оның өлеңдерінде жауынгердің ерлігі – тек батырлық әрекет қана емес, Отан алдындағы азаматтық парыз ретінде көрінеді [5, 73-б.]. Мәуленов шығармаларындағы жауынгер образы - қарапайым қазақ сарбазының бейнесі. Ол сарбаз бейнесін қарапайым детальдар арқылы сомдайды: жауынгердің шинелі, окоптағы түн, соғыс алдындағы тыныштық – барлығы да ұлттық болмыспен астасып, оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Ақынның көркемдік тілі жинақы, бейнелі. Соғыс туралы өлеңдерінде ақын поэтикалық контраст әдісін пайдаланады: бір жағында – майданның отты жылдары, екінші жағында – бейбіт өмірге деген аңсар. Бұл тәсіл ақынның көркемдік шеберлігін көрсетеді [4, 89-б.]. Ол символдық образдарды шебер пайдаланады: туған жер – ана, сарбаз – ұл, соғыс – сынақ, жеңіс – халықтың мәңгілік рухы. Бұл тәсілдер оның өлеңдеріне әрі көркемдік қуат, әрі тәрбиелік мән береді.

V. Қазақ әдебиетіндегі орны

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясына азаматтық пафос пен сарбаздық рухты енгізген қаламгерлердің бірі. Оның шығармалары тек соғыс дәуірінің куәсі ғана емес, бейбіт өмірдің де бағасын ұғындыратын мәңгілік өнеге. Ақын ұлттық әдебиеттің өрісін кеңейтіп, кейінгі буынға патриоттық рух сыйлады.Отанды қорғау, жауынгер ерлігін жырлау соғыс кезеңіндегі қазақ әдебиетінің өзекті тақырыбы болды. Бұл кезеңде поэзия халықты рухтандыру, жауға қарсы бірлікке шақыру міндетін атқарды. Әдебиет майдан мен тылдың ортақ үніне айналды.

Ақынның сол дәуірдегі қаламгерлермен үндестігі:

- *Қасым Аманжолов* - «Абдолла», «Ұлым туралы баллада» сияқты өлеңдерінде ерлікті отты пафоспен жырлады. Оның поэзиясы сезімге толы, эксперессиясы күшті. Мәуленов шығармалары да осы сарынды, бірақ ол пафосты сабарлы лирикалық әуенмен береді.

– *Жамбыл Жабаев* – халық поэзиясының дәстүрін сақтап, жауынгерлерге арнауларымен халықты рухтандырды. Мәуленов Жамбылдағы халықтық рухты жалғастырып, оны көркем лирикада тереңдетті.

– *Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов, Тайыр Жароков* – поэмаларында кеңестің Отанды қорғау идеясын алға шығарды. Мәуленов те осы дәстүрді жалғастыра отырып, жеке сарбаздың ішкі жан дүниесін нәзік суреттеумен ерекшеленеді.

Сырбай Мәуленов поэзиясының ерекшелігі – ол майдан шебінде жүріп өлең жазған ақындардың бірі, сондықтан оның жырларындағы сарбаздық рух шынайлығымен дараланады. Оның өлеңдерінде қасіреттен гөрі үміт басым. Сонымен қатар, Мәуленов поэзиясы дәуіріндегі басқа ақындардағыдай ұрандық сипаттан гөрі, лирикалық – психологиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Сырбай Мәуленов шығармалары сол дәуірдегі әдебиеттің негізгі бағытына – патриоттық поэзияға толық сәйкес келеді. Бірақ ол азаматтық лириканы тереңдетіп, жеке түлғаның ішкі әлемін соғыс тақырыбымен ұштастырады. Осы тұрғыда ол Қасым, Жұбан сияқты майдангер ақындармен қатар, қазақ әдебиетінде соғыс лирикасының көрнекті өкілі болды. Ол поэзия арқылы елдік идеяны ұрпақ санасына сіңірді. Сондықтан Сырбай Мәуленов мұрасы – тек әдеби қазына емес, тәуелсіздік дәуірінде де жастарға патриоттық тәрбие беретін рухани мектеп деп білемін.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінде соғыс пен бейбіт өмірді, туған жер мен азаматтық жауапкершілікті поэзияда терең әрі сыршылдықпен жырлаған ақын. Ақын

шығармалары өзегінде – Отанға адалдық, халық мүддесін қорғау, ел болашағы алдындағы жауапкершілік жатыр. Ақын үшін поэзия – ұран емес, жүректің шынайы сыры болды [5, 54-б.]. Сонымен қатар, Мәуленов майдан шындығын тек тарихи дерек ретінде емес, жеке адамның рухани сынағы ретінде суреттейді. «Жауынгер жыры» секілді өлеңдері жауынгердің ерлігін азаматтық парыз ретінде бейнелейді [4, 39-б.]. Ақын еңбекті азаматтық құндылық ретінде дәріптеді. Соғыстан кейінгі қазақ қоғамының жаңаруын, тың игеру кезеңіндегі халықтың қажырлы еңбегін лирикалық пафоспен жырлады.

Сырбай Мәуленов поэзиясы – азаматтық үн мен ұлттық рухтың, сарбаздық қайсарлық пен елдік идеяның біртұтас көрінісі. Қазақ әдебиетіндегі азаматтық үннің, ұлттық рухтың және адамгершілік мұраттардың көркем шежіресі. Ақын шығармаларындағы Отан, туған жер, соғыс, ерлік, азаматтық жауапкершілік тақырыптары қазақ жырында ерекше өрнек тапқан. Ол соғыстағы ерлікті – азаматтық парыз ретінде, туған жерге сүйіспеншілікті – ұлттық болмыстың өзегі ретінде, еңбекті – бейбіт өмірдің басты құндылығы ретінде жырлады.

Осы арқылы Мәуленов шығармашылығы қазақ поэзиясында елдік идеяны жаңа белеске көтерді. Жауынгерлік рухты көркемдік шеберлікпен ұштастыра білген ақын ұлттық әдебиеттің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оның мұрасы – қазіргі жастарға патриоттық тәрбие беретін, ұлт рухын көтеретін, ғылыми тұрғыдан насихаттауға лайық асыл қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақ әдебиеті. *Энциклопедия.* – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, 1999.

2 *Қазақ әдебиетінің тарихы.* 10 томдық. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006.

3 Қирабаев С. *Соғыс және қазақ әдебиеті.* – АлматыҮ Білім, 1999.

4 Мәуленов С. *Жолдас жырлар.* – Алматы: ҚМКӘБ, 1965.

5 Мәуленов С. *Таңдамалы шығармалар.* – Алматы: Жазушы, 1980.

6 Нұрқатов А. *Сырбай Мәуленов шығармашылығы туралы.* – Алматы: Ғылым, 1975.

Садихина Алмагуль Дюсенбаевна,
Қасым Қайсенов атындағы № 27 мектеп – лицей
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Астана қаласы

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ ЖӘНЕ «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сырбай Мәуленов шығармашылығының тақырыптық-идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері талданады. Ақын поэзиясында туған жерге сүйіспеншілік, замандастың бейнесі, еңбектің жасампаздық сипаты және азаматтық парыз тақырыптары ерекше орын алады. Зерттеу барысында мәтіндік талдау әдісі қолданылып, Мәуленовтің өлеңдеріндегі азаматтық пафос пен философиялық тереңдіктің бірлігі айқындалды. Ақынның туындыларында адамдық жеке сезім деңгейінен асып, адамзаттық мәселелер жырланғаны дәлелденеді. Мақалада ақын шығармаларының қазақ әдебиетінің алтын қорындағы маңызы көрсетіліп, оның поэзиясы халықтық рухты, тарихи шындықты және жалпыадамзаттық құндылықтарды тоғыстырған азаматтық лириканың озық үлгісі ретінде бағаланады.

Мақалада сонымен бірге Сырбай Мәуленов поэзиясының қазіргі Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарымен үндестігі талданады. Ақынның шығармаларындағы отансүйгіштік, әділет, еңбекқорлық, бірлік пен жасампаздық идеялары бағдарлама ұсынған тұлғалық қасиеттермен тікелей үйлесім

табады. Осы тұрғыдан, Мәуленов мұрасы жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесінде тиімді құрал ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: Сырбай Мәуленов, ақын, әдебиет, оқыту әдістемесі.

Кіріспе: Қазақ әдебиетінің тарихында Сырбай Мәуленов есімі ұлттық руханияттың асыл арқауына айналған. Ол – өз дәуірінің көрнекті ақыны, соғыс жылдарының куәгері, бейбіт кезеңнің шынайы жыршысы.[1] Мәуленов шығармашылығы тек эстетикалық құндылық ретінде ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақты отансүйгіштікке, әділетке, еңбекқорлық пен жауапкершілікке баулитын рухани бағдар ретінде де маңызды. Оның поэзиясы ұлттық болмысты сақтап, халықтың тарихи жады мен арман-мұратын көркем тілмен өрнектеген. Қазіргі таңда Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» бағдарламасы тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын көздейді. Бағдарламаның негізгі құндылықтары – тәуелсіздік пен отансүйгіштік, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіпті құрметтеу, еңбекқорлық пен кәсібилік, жасампаздық пен жаңашылдық. Бұл құндылықтар болашақ азаматтың тұлғалық болмысын қалыптастыруда басты рөл атқарады. Зерттеудің өзектілігі – Сырбай Мәуленов шығармашылығы мен өмірлік жолын осы құндылықтар жүйесімен сабақтастыра талдау арқылы оның поэзиясын жас ұрпақ тәрбиесінде қолданудың тиімді мүмкіндіктерін айқындау. Ақынның лирикасындағы азаматтық үн, майдандағы ерлік тәжірибесі мен журналистік еңбегі бағдарламадағы әрбір құндылықтың нақты мысалына айналады. Осы тұрғыдан алғанда, мақаланың мақсаты – Сырбай Мәуленовтің ақындық мұратын «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарымен салыстыра отырып талдау және оның шығармаларын тәрбиелік тәжірибеде қолдану жолдарын көрсету. Зерттеу барысында әдеби-теориялық, тарихи-биографиялық, салыстырмалы және педагогикалық талдау әдістері қолданылады. Бұл мақала қазақ әдебиетінің көрнекті өкілінің мұрасын заманауи тәрбие жүйесімен сабақтастырып, ұлттық рухани құндылықтарды жас буынға жеткізудің ғылыми-практикалық негізін қалыптастыруға бағытталады. Бұл зерттеу Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарымен сабақтастыра қарастыруға бағытталды. Зерттеудің әдістері әдебиеттанулық талдау, тарихи-мәдени әдіс және салыстырмалы педагогикалық тәсілдер құрайды. Алдымен, әдеби-теориялық талдау әдісі қолданылды. Мәуленовтің өлеңдері көркемдік құрылым, тақырыптық мазмұн және образдық жүйе тұрғысынан талданып, олардың тәрбиелік әлеуеті айқындалды. Ақын шығармаларындағы отаншылдық, бірлік, әділет секілді идеялар поэтикалық бейнелер арқылы талданып, «Адал азамат» бағдарламасының негізгі құндылықтарымен салыстырылды. [2] Екіншіден, тарихи-биографиялық әдіс пайдаланылды. Ақынның өмірбаяны, соғыс жылдарындағы ерліктері, журналистік және редакторлық қызметі қарастырылып, оның өмірлік тәжірибесінің шығармашылық мұрасына ықпалы анықталды. Бұл деректер арқылы Мәуленов тұлғасының азаматтық болмысы мен бағдарламалық құндылықтардың өзара байланысы көрсетілді. Үшіншіден, педагогикалық-интерпретациялық әдіс қолданылды. Ақын шығармашылығын оқу-тәрбие үдерісіне енгізудің тиімді жолдары іздестіріліп, әдеби оқулар, танымдық сағаттар, жобалық жұмыстар және шығармашылық байқаулар сияқты әдістемелік ұсыныстар жасалды. Бұл бағытта оның өлеңдері мен балаларға арналған шығармаларының тәрбиелік қыры айқындалды. Сондай-ақ, салыстырмалы талдау әдісі негізінде Мәуленов поэзиясындағы құндылықтық бағдарлар қазіргі заманғы тәрбие бағдарламасымен салыстырылды. Мұнда тарихи-әдеби контекст пен қазіргі педагогикалық талаптардың үйлесімділігі анықталды. Жалпы алғанда, қолданылған әдістер кешені ақын шығармашылығын тек әдеби мұра ретінде ғана емес, сонымен қатар бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін рухани-педагогикалық құндылықтар жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Сырбай Мәуленовтің әдеби, мәдени мұрасы жайлы қазақтың белгілі жазушысы Әди Шарипов былай деген: «Жас ақынның адамгершілік мұраттары майданның артиллериялық оғы астындағы окоптарда, оның жауынгер серіктерімен бірге өз халқының, бүкіл адамзат тағдырын қорғаған сәтте қалыптасты». [3] Бұл сөздер жас

Сырбайдың тұлғасындағы ең басты нәрсені – отаншылдық пен адамгершіліктің түптамырының қайдан бастау алатынын айқындап береді. Соғыс оған тек қана өлім мен қайғыны емес, сонымен бірге достықтың, батылдықтың және азаматтық жауапкершіліктің шынайы құндылығын үйретті. Сырбай Мәуленов шығармашылығы туралы өзі былай деп жазады:

«Өзім өткен алдымда жол тұр бәрі,
Аз жазғам жоқ өлеңде ол туралы.
Менің жолым – Торғаймен Сырдария,
Донмен Волхов, Неваның толқындары.[4, 10].

Сырбай Мәуленов шығармашылығын талдауда ақын поэзиясының тақырыптық-идеялық ауқымы мен көркемдік ерекшеліктерін айқындау маңызды. Мәуленов – XX ғасыр қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі, оның шығармалары ұлттық рух пен жалпы адамзаттық құндылықтарды бір арнаға тоғыстыра білді. Ақынның поэзиясында туған жерге деген сүйіспеншілік, замандастың тұлғасы және еңбектің жасампаздық сипаты жетекші тақырыптар қатарында көрінеді [5]. Ақын лирикасының басты ерекшелігі – азаматтық пафос пен философиялық тереңдіктің бірлігінде. Ол туған жерді тек географиялық мекен ретінде емес, халықтың жаны, тағдыры мен тарихи жадының символы ретінде жырлады. Замандас тұлғасын сомдауда ақын елдің дамуы мен болашағын еңбек пен ерлікке негіздеп көрсетті. Бұл ерекшелік әсіресе соғыс тақырыбына арналған туындыларынан айқын көрінеді. Ақын өлеңдерінде жеке сарбаздың ғана емес, бүкіл халықтың Отан алдындағы жауапкершілігі мен жеңіске деген сенімі көрініс тапқан. Ақын Отанға деген адалдықты жеке сезім деңгейінен шығарып, ұлттық сананың негізгі арқауына айналдырған. Сонымен қатар, Мәуленов лирикасының тақырыптық ауқымы Отан, тағдыр, достық, азаматтық парыз ұғымдарын тоғыстырады. Ақынның кейіпкері – елдік мүддені қорғаушы, болашаққа сенім ұялатушы азамат бейнесінде көрінеді. Ол адамның ішкі жан дүниесін, рухани ізденісін сыртқы әлеммен сабақтастыра бейнелеп, көркемдік тұтастыққа қол жеткізді. Мәуленов поэзиясын талдау оның шығармашылығында халықтық рух пен тарихи шындықтың үйлесім тапқанын көрсетеді. Ақын майдан шындығын шынайы суреттеу арқылы батырлықты, елдік намысты, достық пен адалдықты дәріптеп, қазақ әдебиетінде азаматтық лириканың биік үлгісін қалыптастырды.

С. Мәуленов – Ұлы отан соғысына қатысқан қазақтың бес ақынының бірі. Оның шығармалары қырыққа жуық кітап болып басылған. Өлеңдері қазақ әдебиетінің жыр қазынасының Ұлы отан соғысы жырларының кезеңінің куәсіндей болып ерекше орын алған. Шығармалары әр жылдары "Жолдас", "Жас жүрек", "Жол үстіндегі жалындар", "Жұлдыз жырлар", "Қызыл арша", "Боз қырау", "Тау гүлдері", "Шалқар", "Жалын" деген атпен жарық көрген. "Жаңбырсыз күз", өлеңдері "Шуақ", "Алтын тасқын", "Жұлдыз жүрек" деген жыр жинақтары бар. "Жапырақтар жанады" деген өлеңдер жинағы орыс тілінде Мәскеуде шыққан. Соғыстан кейінгі жылдарда да өлеңдер мен шығармалары жарық көрген. Осы еңбектері жоғары бағаға ие болды: 1970 жылы оған Абай атындағы Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығы, ал кейін Александр Фадеев атындағы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл марапаттар оның тек ұлттық емес, сонымен бірге кеңестік кезеңде де ұлы ақын деп бағаланды.

Ақынға «Қазақстанның халық жазушысы» деген ең жоғары әдеби атақ берілді. Бұл атақ – халқының оның сөз өнеріне, өмір бойына және рухани мұрасына деген сүйіспеншілігі мен құрметінің айғағы болды.

Сырбай Мәуленов – бүгінде біз үшін тек тарихи тұлға ғана емес, сонымен бірге отаншылдық, еңбекқорлық және шығармашылық рухтың үлгісі. Оның өлеңдері қазіргі кезде де жас ұрпақты тәрбиелеуде, олардың жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершілік сезімін оята береді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жаңа ұрпақтың бойында азаматтық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.[5] Бағдарламаның негізінде тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен

ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты алты құндылық жатыр. Осы құндылықтардың әрқайсысы Сырбай Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығында терең көрініс тапқан.

Қазақ әдебиетінің алтын қорына енген Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы – біздің рухани байлығымыздың айқын көрінісі. Ақынның өлеңдері тек сөз өнері ғана емес, сонымен бірге қоғамның азаматтық идеалдарын бейнелейтін күрделі философиялық жүйе. Оның поэзиясының негізінде адамның ішкі дүниесі мен сыртқы әлемді тану арқылы өтетін адамгершілік ізденісі жатыр. Оның шығармаларында туған жер, замандас және оның жасампаз еңбегі жырланады.[5]. Мәуленовтің шығармаларында Отан, тағдыр, достық және азаматтық парыз тақырыптары бір-бірімен тығыз өріліп, адам өмірінің мәнін ашатын тұтас бейнелер жасайды. Мысалы, «Қайтармыз Қазақстанға» өлеңіндегі лирикалық кейіпкердің туған жерге деген ұмтылысы жеке сезім деңгейін асып, ұлттық сананың бөлінбес бөлігіне айналады:

«Қайратты күш шыдатпас,
Шығар жаудың талқаны.
Қайтармыз Қазақстанға,
Аралармыз Арқаны.
Құдіретті күшімен,
Құрар жеңіс салтанат», деген жыр жолдары – дәлел. [3]

Мәуленов поэзиясындағы достық пен ынтымақ тақырыпы да терең философиялық мағынаға ие. Ол майдандас достарды бейнелеу арқылы адамдардың бір мақсат үшін бірігуінің рухани қуатын ашады. «Майдан жолында» өлеңіндегі әрбір жол бірліктің күшін көрсетеді. Сырбай Мәуленовтің шығармашылық мұрасы мен тұрмыс-тіршілігі бүгінгі «Адал азамат» тәрбие бағдарламасының алты түпкілікті құндылығымен сабақтасып жатыр.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты мен «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары арасындағы үндестік терең рухани және мәдени негізге ие. Ақынның өмірі мен шығармашылығы осы құндылықтардың нақты іске асырылған үлгісі болып табылады. Оның мұрасын зерттеу және насихаттау - жастарды тәрбиелеу жұмысында нәтижелі бағыт, болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың тиімді құралы.

Сырбай Мәуленов шығармашылығы мен «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары өзара сабақтасып, қазақ халқының рухани әлеміндегі тарихи-мәдени сабақтастықты айшықтайды. Мәуленовтің поэзиялық мұрасы мен өмірлік жолы ұлттық кодты сақтап қана қоймай, бүгінгі жас ұрпаққа арналған тәрбиелік бағдарламадағы басты құндылықтарды бейнелі әрі шынайы түрде көрсетеді. Ақынның әрбір шығармасы – тек эстетикалық құндылық қана емес, сондай-ақ адамгершілік, әділеттілік, отансүйгіштік сияқты қасиеттердің нақты көрінісі. Оның өмірі де осы қағидаларды іс жүзінде жүзеге асырған біртұтас азаматтық тағдырдың үлгісі болды. Мәуленов поэзиясында тәуелсіздік пен отаншылдық идеялары терең арналардан қуат алды. «Қайтармыз Қазақстанға» атты өлеңінде туған жерге деген сағыныш пен оны қорғау сезімі оттың ыстығын, топырақтың иісін, даланың сазын өз бойына жинақтап, біртұтас ұлттық бейнеге айналады. Бұл өлең жолдары туған жердің қасиетін жүрекпен сезінген азаматтың шынайы көңіл күйін паш етеді. Оның майдан даласында лейтенант ретінде көрсеткен ерлігі де бұл құндылықты нақтылы іспен дәлелдейді. Мәуленов үшін Отанға адалдық – тек романтикалық сезім емес, нақты іс-әрекетке негізделген азаматтық парыз. Бірлік пен ынтымақ идеясы ақын шығармашылығында майдандас достық, ортақ мақсатқа ұмтылыс арқылы өріс алады. «Майдан жолында» өлеңінде бейнеленген қаһармандар біртұтас халықтық рухтың символы. Мәуленовтің адамгершілік мұраты окопта қалыптасты, яғни қаруластарымен бірге халқының тағдырын, бүкіл адамзат тағдырын қорғаған кезде жетілді. Бұл тәжірибе оның поэзиясына еніп, ынтымақ пен халықтық идеяларын жоғарғы мұраттар деңгейінде дәріптеді. Әділдік пен жауапкершілік ақынның азаматтық позициясын айқындаған басты құндылықтардың бірі. Мәуленовтің лирикалық кейіпкерлері қашанда ізгілікке сенеді, тіпті өлімді жеңіп, достарын қайта тірілткендей әсер қалдырады. Бұл метафора оның

әділеттілікке деген сенімін білдіреді. Мәуленов үшін әділдік пен жауапкершілік жеке қасиет деңгейінде қалмай, ұрпақ алдындағы киелі міндеттемеге айналды. Оның әрбір өлеңі – ізгілікке үндейтін азаматтық үндеу. Заң мен тәртіпке құрмет ақынның өмірлік жолында да, шығармашылық мұрасында да айқын көрінді. Майдандағы әскери офицер ретінде де, кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы ретінде де ол тәртіпті сақтауды азаматтық борыш санады. Оның шығармашылығында әрқашан өзіндік пікір бар, бірақ ол пікір поэзия заңдылығымен, өнерлік қалыппен үйлестіріліп беріледі. Бұл қасиет Мәуленовті тек ақын ғана емес, қоғамдық ойды мәдениетті түрде жеткізуші тұлға ретінде айқындады. Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік Мәуленовтің шығармашылық мұрасының ауқымынан анық көрінеді. Оның отыздан астам өлеңдер жинағы, көптеген аудармалары мен публицистикалық еңбектері – тынымсыз еңбектің жемісі. Ол Пушкин, Лермонтов, Байрон тәрізді әлем әдебиетінің классиктерін қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиет көкжиегін кеңейтті. Бұл – оның кәсіби шеберлігі мен ұлт мәдениетіне деген жанашырлығын дәлелдейтін айқын көрсеткіш. Жасампаздық пен жаңашылдық та Сырбай Мәуленов мұрасының өзекті қыры. Ол қазақ поэзиясына жаңа бейнелер мен тақырыптар әкеліп, дәстүрлі поэтикалық арнаны сақтай отырып, оны жаңаша мазмұнмен байытты. Әдебиеттанушылар оның қазақ лирикасын дамытудағы зор үлесін ерекше атап өтеді. Оның өлеңдерінде замандас адамның күрделі ішкі дүниесі, еңбек пен арманның қақтығысы, өмірдің күнделікті ырғақтары көркем бейнеленді. Осы арқылы Мәуленов поэзиясы тек дәуір шындығын ғана емес, жалпыадамзаттық құндылықтарды да көркем кестеледі.

Сырбай Мәуленовтің мұрасын «Адал азамат» бағдарламасының тәрбиелік тәжірибесіне енгізу – жас буынды рухани құндылыққа тәрбиелеудің сара жолы. Бұл бағытта түрлі әдістемелік тәсілдерді қолдануға болады. Мәселен, танымдық сағаттар мен әдеби оқулар арқылы оның соғыс тақырыбындағы өлеңдерін талдап, оқушыларға отаншылдық пен батылдықты сіңіруге мүмкіндік бар. Зерттеу жобалары арқылы ақынның өмірі мен еңбегін зерделеп, еңбекқорлық, кәсіби біліктілік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді дамытуға болады. Сонымен қатар, әлеуметтік акциялар мен шығармашылық байқаулар өткізіп, патриоттық рухты көтеруге жол ашылады. Дебаттарда Мәуленов шығармаларындағы азаматтық, әділдік, жауапкершілік тақырыптарын талқылау жастардың сыни ойлау қабілетін арттырады. Ал кітап оқу инициативалары аясында ақынның шығармаларын насихаттау арқылы жасөспірімдерге қарапайым тілмен жеткізілген өнегелі ойларды игеруге жағдай жасалады. Осылайша, Сырбай Мәуленов шығармашылығы мен «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары бір-бірімен сабақтасып, ұлттық рух пен тәрбиелік қағидаларды ұштастырады. Мәуленов мұрасы жас ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда, отансүйгіштік сезімін оятуда және әділетті, еңбекқор, шығармашыл тұлға тәрбиелеуде таптырмас рухани қазына болып қала бермек.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұрасы мен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының алты негізгі құндылығы арасында терең мазмұндық және рухани үндестік бар. Ақынның өмірі мен шығармашылығы осы құндылықтардың нақты және іске асырылған үлгісі болып табылады: отаншылдық пен тәуелсіздікке деген сүйіспеншілік, достық пен ынтымақтың күшіне сену, азаматтық жауапкершілік пен әділдікке деген адалдық, тәртіп пен заңға құрмет, шексіз еңбекқорлық және шығармашылық жаңашылдық. Осы үндестік бізге Сырбай Мәуленовтің мұрасын тек әдеби мұра ретінде ғана емес, сонымен бірге бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеудің нәтижелі құралы ретінде де пайдалануға мүмкіндік береді. Оның шығармалары мен өмірлік жолы бойынша тәрбиелеу жұмысы «Адал азамат» бағдарламасының мақсаттарын іске асыруға, сондай-ақ ұлттық сана мен рухани құндылықтарды нығайтуға септігін тигізеді. Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты мен «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары өзара сабақтасып, ұлттық рух пен адамгершіліктің ортақ тұғырын қалыптастырады. Ақынның шығармашылығы – жеке лирикалық толғаныстан әлдеқайда кең құбылыс, ол ұлт тарихының тағдырлы

кезеңдерін, халықтың рухани күш-қуатын және азаматтық борыштың асыл өлшемдерін терең бейнелейді. Мәуленов үшін поэзия – тек өнер ғана емес, елге адал қызмет етудің, әділдік пен жауапкершілікті сақтаудың, бірлік пен отаншылдықты дәріптеудің ең пәрменді құралы болды. «Адал азамат» бағдарламасының тәуелсіздік пен отансүйгіштік, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заңға құрмет, еңбекқорлық пен кәсібилік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді құндылықтары Мәуленов мұрасында көркем бейнелер арқылы нақтыланып, өлең жолдарынан өмірлік ұстанымға айналғанын байқаймыз. Оның поэзиясы мен өмірлік жолы бағдарламаның тәрбиелік қағидаттарын айғақтайтын жарқын мысал болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Мәуленов мұрасын жас ұрпақ тәрбиесінде қолдану – уақыт талабы. Ақынның туындылары арқылы оқушылардың патриоттық сезімін, әділеттілікке адалдығын, еңбекқорлық пен ынтымаққа бейімділігін дамытуға толық мүмкіндік бар. Демек, Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты «Адал азамат» бағдарламасының рухымен ұштаса отырып, болашақ ұрпақты рухани кемел, отансүйгіш әрі жауапты тұлға етіп қалыптастыруда құнды рухани бағдар болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі. (2025, 26 мамыр). «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» №123 бұйрығы.https://uba.edu.kz/ru/nauka/9
2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. 2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2025. 172 б. 25-26 б
3. Высота Сырбая Мауленова // Санкт-Петербургские ведомости, 12 марта 2019. - № 044 (6397).https://spbvedomosti.ru/news/nasledie/vysota_syrbaya_maulenova/
4. Мәуленов, С**.** Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том: Өлеңдер (1938-1968). – Алматы, –2012. – Service Press.
5. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. С. Ч. Тұрсынғалиева, Г. Д. Рыскелдиева. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 272 б.

Сайлау Сұлтан Оралбекұлы,
Ә.Ермеков атындағы №38 мектеп-лицей
педагогика ғылымдарының магистрі,
тарих пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ: ЖАУЫНГЕР АҚЫННЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Қазақ әдебиетінің асыл қазынасына өлшеусіз үлес қосқан Сырбай Мәуленов – поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған дара тұлға. Оның шығармашылығы ел тарихымен, халық тағдырымен, туған жердің табиғатымен астасып, ұлт руханиятының алтын қазығына айналды. Ақын өлеңдерінде туған жерге деген сүйіспеншілік, майдан жылдарындағы сарбаздық рух, бейбіт өмірдің қадірін бағалау сынды асыл қасиеттер айқын көрініс тапты. Сырбай поэзиясы – кейінгі ұрпаққа өнеге, елге мұра. Сондықтан оның шығармашылық мұрасын зерделеу – өткен тарихты танудың, бүгінгі болмысты түсінудің және келешекке бағыт-бағдар берудің маңызды жолы.

Қазақ поэзиясында өз үнін, өз өрнегін қалдырған үлкен тұлғалардың бірі – Сырбай Мәуленов. Ол 1922 жылы қоңыр күздің 17 қыркүйегінде Қостанай облысының Жангелдин ауданында дүниеге келген. Туған жерінің табиғаты мен қалың елдің болмысы кейін оның жырларына арқау болды.

Жастайынан білімге ұмтылған Сырбай Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетінде оқып жүргенінде тағдыр соқпағы оны соғыс өртіне қарай жетеледі. 1940 жылы студент жігіт Қызыл Армия қатарына шақырылып, көп ұзамай майдан шебінде жауынгерлік сапқа тұрды. 1942 жылы Волхов майданында лейтенант шенінде саяси жетекші қызметін атқарған ақын жастық шағының от-жалында шынықты. 1943 жылы Ленинград қоршауы бұзылған сәтте ауыр жарақат алып, госпитальға түседі. Жарақаттан кейін әскерге жарамсыз деп табылғанымен, майдан жылдарының елесі оның жүрегінде мәңгілік із қалдырды. Кейінгі поэзиясының ең бір өткір, шынайы қыры да осы әскери тәжірибеден нәр алды.

Соғыстан соңғы жылдары Сырбай Мәуленов журналистика мен әдебиет майданында еңбек етті. Қостанай облыстық газетінде, одан соң Жазушылар одағында, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналында басшылық қызмет атқарды. Бұл жылдар оның әдеби қауыммен етене араласуына, шығармашылық ортада шыңдалуына жол ашты. Ақынның алғашқы жыр жинағы 1948 жылы жарық көрді. Содан бергі уақытта отыздан астам поэтикалық кітабы оқырман қолына тиді. Солардың ішінде «Кеңестік жазушы» баспасында жарық көрген “Новая весна” (1956 ж.), “Синие горы” (1964 ж.), “Апрельский дождь” (1972 ж.), “Зарница” (1976 ж.) және «Көркем әдебиет» баспасында жарық көрген “Листья горят” өлеңдер жинағы. 1971 жылы «Қызыл арша» және «Сәуір жаңбыры» өлеңдер кітабы үшін Сырбай Мәуленов Абай атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. 1967 жылы «Таңдаулы лирика» сериясында «Жас гвардия» баспасында майдангер-жазушы Сырбай Мәуленовтың өлеңдер жинағы жариялады. Сондай-ақ, 1958 және 1966 жылдары ақынның таңдаулы шығармалары жарық көрді [1].

Сырбай Мәуленов белгілі журналист бола отырып мерзімді баспасөзге белсене қатысты, көптеген публицистикалық мақалалар мен очерктер жазды. 1966 жылы "Жар нәрі" атты әдеби портреттер мен очерктер жинағында республика еңбекшілерін халық шаруашылығын өркендетудегі еселі еңбегін туысқан республикаларға барған сапарларынан алған әсерлерін суреттейді. "Ал Үркер төбеде тұр" 1971 жылы кітабы естеліктер мен портреттерден этюдтерден құралған. Бұл жинақта Абай, Ыбырай, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Қ. Аманжолов, тағы басқа өмір жолын қысқа әрі көркем бейнеленген. 1972 жылы “Шындағы шұғыла” атты мақалалар мен очерктер жинағында Кеңестік Қазақстанның 50 жыл ішіндегі қол жеткен табыстары баяндалған. Мәуленов балаларға арнап "Барлаушы бал" (1961 ж.), "Құлыншақ", "Бала жолбарыс" (екеуі де 1963 ж.), Амангелді Имановтың балалық шағы туралы "Қорқақ торпақ" (1968 ж.) тағы басқа өлеңдер мен әңгімелер жазды.

Мәуленов орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А. С. Пушкин, М. Ю Лермонтов, Н. А. Некрасов, Т. Г. Шевченко, В. В. Маяковский, А. А. Блок, С. А. Есенин, Н. С. Тихонов, М. А. Шолохов, Ә. Науаи тағы басқа шығармаларын қазақ тіліне аударды [2, 687-бет].

Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы сарбаздық рух оның жеке басынан бастау алады. Ол – қолына қару алып елін қорғаған жауынгер, жүрегіне жырды серік еткен ақын. Сондықтан оның әрбір өлең жолы жеке тағдыр мен жалпы халықтық мұраттың тоғысында туғандай әсер қалдырады. Мысалы, ол жауынгердің ауыртпалығын тек қана бір сарбаздың тағдыры ретінде емес, бүкіл халықтың қайғысы мен үміті ретінде бейнелейді. Бұл тәсіл оның өлеңдерін ұрпаққа терең ой салатын рухани қазынаға айналдырды. Сырбай Мәуленов: «Ол жылдары ұлы оқиғалардан қалыс қалған, майдан дабылына үн қоспаған бір де бір қазақ ақыны жоқ. Әркім өз қадірінше жауды жеңуге жалынды жырларымен үлес қосты». Тағы да Сырбай Мәуленов сөзімен: «Майданның ыстық суығын өз басынан өткерген солдаттардың аты көпке танылып үлгермеген жас ақындардың ұрыс даласында туған талай-талай туындылары әлі жиналай келеді. Тарихи кезеңнің өшпес айғағы боларлық сол жырларды қалың жұртшылық қолына жеткізу - баспа орындарының әлі өтемеген парызы емес пе?» - деді [3, 9-бет].

Филология ғылымдарының докторы Серік Қирабаев Сырбай Мәуленовтің ақындық талантының шарықтауы Ұлы Отан соғысы жылдарына тура келгенін айтады. Иә, Сырбай Мәуленов Ұлы Отан соғысына қатысқан. "Сыраған соғыстың алдында Қызылордада өлең жаза бастады. Шын ақындыққа келуі, төселуі Ұлы Отан майданында өтті. Майдан өмірі көп адамды шындықтың не екенін, өмір мен өлім үшін күрестің не екенін ұқтырды. Сыраған солай ойшыл ақынның қалпына келді", - дейді Серік Қирабаев.

Осылайша төрт жыл кескілескен ұрыс Сырбайды ақын ретінде де, адам ретінде де шыңдады. Соғыстан келген соң халықтың жай-күйін "Соғыстан қайтқан солдаттар" өлеңінде көрсетті.

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар? деп оралмаған солдаттарды жоқтады [4].

«Қорғалжыңда» атты өлеңінде жеке тағдыр мен халықтық мұраттың тоғысы айқын көрінеді:

Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім.
Мың гүлдер солмасын деп,
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғансын деп,
Мың бір жырымды бердім.

Бұл жолдарда ақын өзінің жеке өміріндегі ең қымбат нәрселерін халық үшін құрбан еткенін айтады. Яғни, бір сарбаздың тағдыры – бүкіл халықтың ерлігі мен қайғысының көрінісі.

Сол сияқты «Құлын» атты өлеңінде де жеке көрініс арқылы бүкіл халықтың үміті бейнеленеді. Жарылыстың ортасында туған құлынның кісінеген үні – өмірдің өшпес жалғасын білдіретін символ:

Оттың ортасында,
Шіркін, өмір,
Құлын боп кісінейді.

Бұл жерде де сарбаздық рух – өлімнің ортасында да өмірді, қайғының ішінде де үмітті көру қабілеті ретінде көрініс тапқан.

С. Мәуленов шайқас көріністерін бейнелеуде шебер. Ол жарық пен дыбыс образдарын әсерлі қолдана отырып, шайқастың кең панорамасын жасайды. «Майдан түні» өлеңінде ақын оқырманды түнгі соғыс атмосферасына енгізеді. Ақын батыс көкжиегіндегі қызыл шұғыланы – іспетті қызыл шатырды суреттейді, оның ар жағында өрт жасырынғандай. Түн қараңғылығын әр тараптан жарып шыққан ракеталар тіліп өтеді:

«Аспаны күн батыстың қызыл шатыр,...
Жан-жақтан ракета жарқылдайды,...
Үстіннен доп зуылдап, ажал ұлып».

Ракеталар окоптағы жауынгерге «сақ бол!» дегендей ескертеді. Аспандағы ұшақтардың, артиллерияның гуілі естіледі. Соңғы жолдарда снарядтың үстіннен зу етіп өтуі – ажалдың жақын тұрғанын айқын сездіреді. С. Мәуленов соғыста өлімнің әрдайым қасында жүргенін, сарбаздың әр сәтте өмір мен өлімнің арасында тұрғанын жасырмайды.

Ақын суреттеген соғыс көріністері кинематографиялық айқындыққа ие. «Волхов» өлеңінде ол бізді Волхов өзенінің асау суларына жетелейді. Бұл шығарма Ленинград

майданындағы естеліктердің ізімен туғаны байқалады. Өзен шайқастың қатысушысы ретінде суреттеледі, оның ағысы зеңбірек отына ұқсайды:

«Долы ағын иіріліп, шұбатылып,
Толқыны тоқсан тоғыз бұратылып.
Шашылған зеңбіректің оттарындай,
Ақ көбік айдынында тұр атылып».

Мұнда табиғат шайқас драмасын бейнелейді: Волхов жай ғана көрініс емес, тарихи оқиғаның куәсі әрі қатысушысы. Ақын өзенге сарбаздың бейнесін дарытады: ол да солдаттай киініп, биікке көтерілгендей. Жағадағы өртенген тоғайлар – майдандағы қырғынның символы. Соңғы жолдарда қаза тапқан достардың қабірлері туралы ащы шындық айтылады: «Достардың қабірлері тұрар сонда, жас торқа топырақпен тыңайтылған». Бұл – қаза болғандарды жоқтау ғана емес, сонымен қатар олардың қаны туған жерге сіңіп, топырақтың құнарын арттырғанын меңзейді. Волхов өзені ақын жадында – ерлік пен трагедияның тірі куәгері. Осылайша, зеңбіректің гүрсілі, түнгі атыс, сарбаздың бітпейтін жолы секілді нақты детальдар арқылы ақын соғысты шынайы әрі әсерлі жеткізеді. Оқырман окоптың дымқылдығын сезгендей, басынан атылған ракетаның жарқылын көргендей, алыстан жеткен бомбаның гуілін естігендей болады. Осындай шыншылдық С. Мәуленов поэзиясын айрықша қуатты етеді: майданнан өткен жауынгердің сөзі шынайы естіліп, оқырманды бейжай қалдырмайды [5].

С. Мәуленов өлеңдерінде Отанға деген махаббат та айқын сезіледі. Бұл махаббат сыртқы көрсетілім емес, жүректен шыққан терең сезім. Оның кейіпкерлері не үшін соғысып жатқанын жақсы түсінеді. Мәселен, («Қоңырау қағылды» цикліне енген) бір өлеңінде жас жауынгер ашық айтады: «Мен енді жауынгер... Батысқа жол тарттым, Сен үшін, туған ел». С. Мәуленовтың сарбазы – әрі сүйіктісін, әрі туған жерін сүйетін жан, сол махаббатын сақтап қалу үшін қандай сынақ болса да қарсы алуға дайын.

Сырбай Мәуленовтың поэзиясы – тек өнер туындысы ғана емес, сонымен бірге тұтас бір дәуірдің рухани айнасы. Ақын өз заманының көп ізденгіш, ой-өрісі кең, көзі қырағы өкілі болды. Оның өлеңдерінде өмірдің уақ-түйегі жоқ, қайта мәңгілік құндылықтар мен адамзаттық сезімдер тоғысады. Жазушының шығармаларында табиғат пен өмірдің көркем суреті айрықша орын алады. Ол туған жерін, елін, заманын бейнелегенде, жай ғана сипаттап қоймайды, қиял қанатымен түрлендіріп, ой елегінен өткізіп, жаңа көркем шындық жасайды. Оның табиғат лирикасынан «жалт еткен сезім күйін», «найзағайдай жарқ еткен көңіл әсерін», «жазғы шықтай мөлдірлік» сезіледі. Ақын бейнелеген табиғат – өмірдің өзі сияқты шынайы, бірақ сонымен қатар ерекше бояулы, сиқырлы әлем. Мәселен, көктемнің ғажайып құбылысын ол былайша суреттейді:

«Шатырлап аспан шарт сынып,
Лақтырды жерге ақ сырық.
Ақ сырық тағы шарт сынып,
Кемпірқосақ тартылды...»

Бұл өлең жолдарынан табиғаттың шынайы құбылысы ғана емес, адам жанына қуат беретін тылсым сұлулық сезіледі. Ал соғыс шындығын бейнелеген мына жолдарда да суреткерлік қуат айқын танылады:

«Қып-қызыл боп тұтылып,
Бұлтқа кірді азалы ай.
Қара аспанда қанжардай
Жарқылдайды нажағай...»

Бұл соғыс шындығынан алынған. Аза тартып, қызарып барып батқан айдың артынан аспанды торлаған оқ суреттерін ақын осылай бейнелейді.

Сырбай шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – түстер символикасы. «Ақ», «боз», «көгілдір» түстерді ол поэтикалық бейнелеудің негізгі өзегіне айналдырып, табиғат пен өмірдің сұлулығын ашты. Аккөл туралы өлеңінде «ақ» сөзі пәктіктің, адалдықтың, ізгіліктің символы болса, боз дала мен боз қыстың бейнесінде табиғаттың тұтас мінезі

көрініс тапқан. Ал «көгілдір дүние» жырларында көктемнің шаттықты бояуы жан-жүректі тербетеді [6, 9-бет].

Сырбай Мәуленовке туған жерге, табиғатқа деген нәзік ілтипат тән. Сондықтан да ақын үшін «Дала алтынмен көзді арбайды», ал Отан – қайда жүрсе де адамды ілесіп жүретін көктегі қалықтаған қарлығашпен тең. Ақынның шығармаларын оқи отырып, біз «жылқы теріне сіңген иісі бар» даланы көріп, сезіп, естиміз; «қанаттары жайылып, желдер билейтін» кеңістікті аңғарамыз; «өркештерімен аспанды тырнаған» тауларға сүйсінеміз. Нәзік махаббат лирикасында сүйіктінің жан әлемі тау мен теңіздің дүниесімен біртұтас болып суреттелсе, сарқылмас майдан жырларында әрбір өлең жүрек қызуымен жазылады; балалық шақ естеліктерінде тоғыз жасар бала өзін кенет ақын сезінген сәт бейнеленеді. Мұның бәрі "Көк таулар", "Жиырма екінші биіктік", "Бірінші өлең" сияқты шығармаларында ашылады. Мәуленовтың ең үздік өлеңдеріне қысқалық пен өзектілік тән. Ақынның кейбір афоризмдері әлі күнге дейін заманауи естіледі. Мәселен: «Таңертең біз жасара түсеміз». Ол – қазақ поэзиясын шынымен байытқан аға буын ақындарының бірі. Сырбай Мәуленов – өз қолтаңбасы, өз үні бар ақын. Адам жан дүниесінің ойлары мен сәттік көңіл күйлерін С. Мәуленов өзіне ғана тән өрнекпен береді. Оқырман ақын бейнелеген көріністерді айқын көрумен қатар, оларды тереңнен сезінеді. Оның поэтикалық тілі де, бейнелеу мүмкіндіктері де өзіндік, әрі ерекше бай [7, 215-бет].

Қазақ әдебиетіндегі лексикалық анафора мен эпифора сияқты стильдер мен ерекшеліктер С.Мәуленовтің өлеңдерінде ерекше орын алады. Лексикалық анафора мен эпифора – қайталама түрлерінің ішіндегі ең толымдысы, қызмет ауқымы орасан кең болып келетіні және әдеби тілдің стиль түрлерінің барлығында дерлік қолданылатыны. Өлеңнің мазмұнын аша түсетін, әр түрлі сипаттағы іс-әрекеттерді бір арнаға жинақтайтын, ең алдымен, бір жайтқа ерекше назар аудартуды көздейтін лексикалық анафора мен эпифора поэтикалық мәтіндерде жиі қолданылады. Лексикалық қайталамалар қазақ тіл білімінде қалған қайталама түріне қарағанда көбірек зерттелген түрі болып саналады.

Күй жатыр көк орманда буырқанған,
Күй жатыр найзағайда бұлтты жарған,
Күй жатыр толқынында теңіздердің,
Күй жатыр шертушісін күтіп алдан (С. Мәуленов «Күй»).

Автордың бұл өлең жолдары анафора тәсілі арқылы жасалып ақынның қазақтың күйінің киелі әрі құрметті екенін бар жұртқа паш ету мақсатында айтылған. Қай уақытта болмасын, қанша ғасыр өтпесін қазақ үшін күй мәңгі мұра ретінде қалады. Сол себепті ақын оқырмандарға сол ойын жеткізу үшін осы анафоралық қайталауды тиімді пайдаланған.

Жауынгермін құшағымда
Керілген көк, кең дала.
Дауылды ермін, құшағымда,
Еркін ескен жел ғана.
Жерге болмас шек десе де,
Жерге сыймас бұл кегім.
Аспанда шек жоқ десе де,
Сыймас оған жүрегім (С. Мәуленов «Жауынгермін құшағыда»).

Өлең жолдарындағы «құшақ» сөзі тура және ауыспалы мағынаға ие болып өлең жолдарының бейнелілігін арттыра түскен. Ақын бұл өлең жолдарында эпифораны қолдана отырып, жауынгердің қолындағы күшін әсірелеп, оны кең даламен салыстырған. Ондағы айтпақ ойы батырдың кек өлімге де баратыны жайлы. «Құшағымда» сөзін бірнеше мәрте қайталай отырып ақын батырдың кең құшағын суреттеп отыр [8, 6-8 беттер].

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінің биік шыңына көтерілген, поэзия әлемінде өз қолтаңбасын қалдырған ірі тұлға. Ол жастық шағынан бастап ел тағдырын, халықтың мұң-мұқтажын, майдандағы жауынгерлік рухты және

бейбіт өмірдің қымбаттығын терең сезіммен жырлады. Ақынның шығармалары – жеке тағдыр мен халықтық мұраттың тоғысынан туған көркем шындық. Табиғат пен туған жерді жырлаған нәзік лирикасынан бастап, сарбаздық рухқа толы майдан жырларына дейін оның поэзиясы елдің рухани байлығын арттырып, ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарды сіңірді.

Сырбай Мәуленовтің әдеби мұрасы – тек қазақ поэзиясының ғана емес, бүкіл рухани мәдениеттің асыл қазынасы. Оның жырларынан біз өткен тарихты танимыз, бүгінгі болмысты түсінеміз және келешекке бағдар аламыз. Сондықтан Сырбай поэзиясын зерттеу – ұлт руханиятын тереңірек ұғынудың, қазақ әдебиетінің көркемдік дәстүрлерін бағалаудың және оны болашаққа жеткізудің маңызды жолы.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://stan.kz/syrbay-maulenovtyn-olenderi/
2. Очерк истории казахской советской литературы [Текст] / Акад. наук СССР. Ин-т мировой литературы им. А.М. Горького. Акад. наук КазССР. Ин-т языка и литературы; [ред. З.С. Кедрина и Е.В. Лизунова]. – М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1960. – 687 с.
3. https://studbooks.net/589163/literatura/kazahskiy_poet_syrbay_maulenov
4. Абылай Ноян. Герои минувших дней// «Известия – Казахстан». 8 мая 2002 г. С 9.
5. https://sputnik.kz/20250723/ata-ana-balanyn-qanday-areketi-ushin-zhauapqa-tartylady-55872409.html
6. Поэт в шинели: правда войны в поэзии Сырбая Мәуленова. Балнұр Қызырбекқызы. 2025 ж. https://adebiportal.kz/ru/news/view/poet-v-sineli-pravda-voiny-v-poezii-syrbaia-maulenova__10000343
7. Қазақ үні. №1 (768), 9 қаңтар, 2018. 8-9 бет.
8. Мәуленов, Сырбай. Пламя: Стихи [Текст] / Сырбай Мәуленов; [Художж. Б. Машрапов]. – Алма-Ата: Жазушы, 1985. – 215 с.
9. Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі қайталама бірліктерінің қолданысы. Бекбосынова, А.Х., Бигалиева, Б. ҚМПИ ЖАРШЫСЫ №3 (55), 2019. 5-9 беттер.

Сайлауова Әсима Әділбекқызы,
Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті
С.Сейфуллин атындағы орта мектеп,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИЕТ: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Қазақ әдебиетінің тарихында Сырбай Мәуленовтің орны ерекше. Ол – Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында шыңдалып, бейбіт дәуірде туған елінің рухани тірегіне айналған көрнекті ақын. Оның поэзиясында тарихи шындық, ұлттық болмыс, адамгершілік құндылықтар мен өміршең тақырыптар кеңінен көрініс тапқан. Сырбай Мәуленовтің ақындық шеберлігінің қалыптасуы Ұлы Отан соғысы жылдарымен тығыз байланысты. Бұл туралы академик С.Қирабаев: «Сырағаңның шын ақындыққа келуі, төселуі майданда өтті» деп жазады [6, 45 б.]. Мәуленов жырлары – ұлттың жадын сақтайтын көркем құбылыс қана емес, сонымен бірге жас ұрпақтың дүниетанымын, рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыратын маңызды құрал.

Қазіргі замандағы білім беру процесі қарқынды трансформацияға ұшырап отыр:

дәстүрлі оқыту әдістері жаңа педагогикалық технологиялармен және цифрлық платформалармен тоғысып, оқушыға бағытталған білім беру парадигмасы қалыптасуда. Осы тұрғыдан алғанда, Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын мектеп бағдарламасына енгізу – тек әдеби білім беріп қана қоймай, оқушылардың азаматтық ұстанымын, патриоттық сезімін және креативті ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Сонымен бірге XXI ғасыр талаптары білім беру мазмұнын жаңартуды, әдебиетті оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізуді қажет етеді. Әлемдік педагогикада қалыптасқан интербелсенді оқыту, цифрлық ресурстарды пайдалану, шығармашылық жобаларға негізделген оқыту тәсілдері – ақын мұрасын жаңа қырынан меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл бағытта Сырбай Мәуленов шығармашылығын оқыту тек гуманитарлық пәндермен ғана емес, жаратылыстану-ғылыми пәндермен кіріктіре қарастыруға да жол ашады.

Осы мақалада С.Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде қолданудың негізгі әдістемелік жолдары, заманауи цифрлық құралдар арқылы жүзеге асыру тәжірибесі және мектеп оқушыларына арналған шығармашылық жобалар мен байқаулардың мүмкіндіктері қарастырылады.

Сырбай Мәуленов шығармалары – оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға, патриоттық сезімін тәрбиелеуге, эстетикалық талғамын жетілдіруге зор ықпал ететін көркемдік мұра. Ақын жырларының басты ерекшелігі – мазмұнының тереңдігі мен өмір шындығын бейнелеуі. Мәуленов поэзиясының басты тақырыптарының бірі – туған жерге сүйіспеншілік, елдік рух. Ақынның «Жер нәрі», «Дала таңы» секілді жинақтары қазақ даласының табиғи сұлулығын бейнелейді [8, 112 б.]. Сондықтан оларды оқыту тек әдеби білім берумен шектелмей, оқушыларды ойландыруға, өзіндік көзқарасын білдіруге, шығармашылық ізденіске жетелеуге бағытталуы тиіс.

Мәуленовтің өлеңдерін оқыту барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін интербелсенді әдістерді қолдану маңызды. Мысалы: • «Дебат» әдісі – соғыс тақырыбындағы өлеңдерді талқылау барысында «Соғыс адам тағдырын қалай өзгертті?» деген мәселе төңірегінде пікірталас ұйымдастыру;

• «Әдеби сот» – «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңін талдап, кейіпкерлер тағдырын шартты түрде «сот процесі» арқылы зерделеу;

• «Дөңгелек үстел» – ақынның табиғат лирикасын талқылау кезінде экологиялық мәселелерге қатысты оқушылар пікірін ортаға салу.

Бұл әдістер оқушыларды тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді бірлесіп құрастыратын субъект ретінде танытады.

Кейс-әдісін қолдану арқылы ақын шығармаларын қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыра оқытуға болады. Мәселен, соғыс тақырыбындағы өлеңдерді бүгінгі бейбіт өмірмен салыстырып, «Қазіргі жастар үшін бейбітшіліктің мәні қандай?» деген проблемалық сұрақ төңірегінде кейс тапсырмалар орындату тиімді. Бұл тәсіл:

• оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға;

• тарихи-әдеби мәтінді заманауи көзқараспен талдауға;

• әдеби шығарманы өмірлік тәжірибемен ұштастыруға жағдай жасайды.

Сырбай Мәуленов поэзиясында табиғаттың сұлулығы мен адам өміріндегі орны ерекше орын алады. Осыны ескере отырып, әдебиетті STEM пәндерімен кіріктіріп оқыту ұсынылады:

• Экологиямен байланыста – табиғат лирикасын талдап, қазіргі климаттық өзгерістерді түсіндіру;

• Географиямен байланыста – ақын жырларындағы туған жер

бейнесін картографиялық тұрғыда көрсету, туған өлкенің табиғат ерекшеліктерін салыстыру;

• Биологиямен байланыста – өлеңдердегі өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қатысты образдарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру.

Мұндай кіріктірілген сабақтар оқушылардың пәндер арасындағы байланысты көруіне, әдебиетті өмірмен сабақтастыра қабылдауына ықпал етеді.

Осылайша, С.Мәуленов шығармаларын оқытуда интербелсенді технологияларды, кейс-стади тәсілін және STEM-әдебиет интеграциясын үйлестіре қолдану – білім сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын, заманауи ойлау қабілетін дамытады.

Сырбай Мәуленов поэзиясы – оқушылардың қиялын шарықтататын, креативті ойлау қабілетін шыңдайтын сарқылмас қазына. Ақын шығармаларын оқу барысында тек мазмұнын түсіндірумен шектелмей, оқушыларды белсенді әрекетке тартып, шығармашылықпен жұмыс жасауға бағыттау – бүгінгі білім беру процесінің басты талаптарының бірі. Әдебиеттанушылардың пікірінше, С.Мәуленов шығармалары оқушылардың тарихи танымын кеңейтіп, азаматтық ұстанымын қалыптастыруда ерекше маңызға ие [4, 57 б.].

«Солдат күнделігі» шығармашылық жобасы:

Бұл жоба оқушыларды тарихи ойлауға, ел тағдыры мен жеке адамның өміріндегі соғыстың салдарын терең түсінуге жетелейді.

• Оқушылар ақынның соғыс тақырыбындағы өлеңдерін оқып, солдаттың атынан күнделік жазып шығады;

• Күнделік жазу барысында бейбіт өмір мен соғыс өмірін салыстырып, қазіргі жастардың көзқарасын енгізеді;

• Тапсырма нәтижесінде оқушылар патриоттық сезімін, тарихи танымын нығайтады және соғыссыз әлемнің маңызын ұғынады.

«Өлеңнен бейнеге» мультимедиалық жоба

Цифрлық дәуірде оқушылар шығармашылықты тек қағаз бетінде емес, мультимедиялық форматта жүзеге асыра алады.

• Оқушылар Мәуленовтің белгілі бір өлеңін таңдап, оның мазмұнына сәйкес анимация, бейнебаян немесе қысқа TikTok-видео жасайды;

• Дыбыстық сүйемелдеуді өздері орындай алады немесе арнайы музыкалық фрагменттерді пайдаланады;

• Жоба нәтижесінде оқушылар поэзияны заманауи медиамен байланыстырып, әдеби шығарманы жаңа форматта қабылдайды.

«Сырбайша жазамын» әдеби челленджі

Бұл әдіс оқушыларды поэзияға баулудың, сөз өнеріне қызығушылығын арттырудың креативті жолы.

• Әр оқушы Сырбай Мәуленов стиліне еліктеп қысқа өлең немесе эссе жазады;

• Жұмыстар әлеуметтік желіде #СырбайшаЖазамын хэштегімен жарияланады;

• Ең үздік өлеңдер мектепішілік «Жас ақындар антологиясына» енгізіледі.

Бұл тәсіл оқушылардың тіл байлығын дамытып қана қоймай, оларды заманауи әдеби ортаға белсенді қатыстыруға мүмкіндік береді.

Қосымша шығармашылық жұмыс түрлері

• Драматизация – ақын өлеңдерін сахналық қойылымға айналдыру;

• Иллюстрациялық альбом – өлең мазмұнына сәйкес суреттер салу немесе фотоколлаж жасау;

• Эссе және пікір жазу – «Менің жүрегімде қалған Сырбай жыры»

тақырыбында қысқа эссе;

• Ақынға хат – «Егер мен Сырбай Мәуленовпен кездескенде…» атты қиялға құрылған хат жазу.

Шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқушылар тек ақын жырларын оқып қана қоймай, оны саналы түрде қабылдап, өз танымымен қайта жаңғыртады. Бұл – білім алушының әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, креативті ойлау дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолы.

Қазіргі білім алушы – цифрлық дәуірдің белсенді өкілі. Сондықтан әдеби шығармаларды оқытуда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – уақыт талабы. Сырбай Мәуленов шығармашылығын оқыту барысында цифрлық ресурстарды тиімді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, поэзияны жаңа қырынан қабылдауға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы педагогикалық әдістемелерде ақын поэзиясын оқытуда интербелсенді тәсілдер мен цифрлық ресурстарды қолданудың тиімділігі ерекше атап көрсетіледі [3, 29 б.; 5, 74 б.].

Онлайн-викториналар (Kahoot, Quizizz)

• Ақынның өмірі мен шығармашылығы бойынша сұрақтардан тұратын интерактивті ойындар ұйымдастыруға болады;

• Бұл әдіс оқушылардың есте сақтау қабілетін, тез ойлау дағдысын дамытады;

• Сабақ соңында рефлексия құралы ретінде де қолдануға тиімді. Padlet платформасы – «Сырбайдың жыр әлемі»

• Оқушылар ақын өлеңдерінен үзінділерді, өздерінің иллюстрацияларын, бейнематериалдарын ортақ виртуалды қабырғаға жүктей алады;

• Мұғалім мен оқушылардың бірлесе құрастырған мұндай ортақ контенті – цифрлық әдеби альбомға айналады;

• Платформа оқушыларды бірігіп жұмыс жасауға үйретеді.

Интерактивті постерлер мен таймлайндар (Canva, Genially)

• Canva арқылы оқушылар ақын өмірінің негізгі кезеңдерін қамтитын креативті инфографика немесе постер дайындайды;

• Genially көмегімен «Сырбай Мәуленов өмір жолы» атты интерактивті уақыт сызығын (таймлайн) құруға болады;

• Бұл тәсіл ақпаратты көрнекі әрі есте қаларлық етіп ұсынады.

«Сырбай оқулары» бейнежобалары (YouTube, TikTok)

• Оқушылар Сырбай өлеңдерін мәнерлеп оқып, бейнежоба ретінде әлеуметтік желілерде жариялай алады;

• TikTok форматында қысқа бейнероликтер жасап, өлең мазмұнын креативті жеткізуге мүмкіндік бар;

• YouTube арнасында «Ақынға құрмет» атты бейнероликтер сериясын жариялау – оқушылардың медиа сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Қосымша цифрлық мүмкіндіктер

• Google Forms – оқушылардың пікірін жинақтау үшін сауалнама жүргізу;

• LearningApps – өлең жолдарын сәйкестендіру, «Жасырын сөз» сияқты ойын тапсырмаларын құру;

• Augmented Reality (AR) технологиясы – ақынның туған жеріне қатысты географиялық орындарды виртуалды саяхат түрінде көрсету.

Цифрлық ресурстарды жүйелі қолдану – Сырбай Мәуленов поэзиясын оқушыларға заманауи тұрғыда ұсынудың тиімді жолы. Бұл әдіс білім алушыларды тек оқушы ретінде емес, шығармашылық контент жасаушы ретінде

де танытады. Сонымен қатар, цифрлық құралдар оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытып, әдебиетті өмірмен және технологиямен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Сырбай Мәуленов шығармашылығын жас ұрпаққа кеңінен насихаттаудың және олардың әдебиетке қызығушылығын арттырудың тиімді жолдарының бірі – шығармашылық жобалар мен байқауларды ұйымдастыру. Мұндай іс-шаралар оқушыларды зерттеушілікке, шығармашылыққа баулиды, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеуге мүмкіндік береді.

«Сырбай жырлары – сарқылмас қазына» атты ғылыми-шығармашылық конференция

• Мектепішілік, аудандық, облыстық деңгейде ұйымдастырылатын бұл конференцияда оқушылар ақын шығармаларын талдап, ғылыми жобалар қорғап, баяндама жасайды;
• Конференция барысында оқушылар әдебиеттанулық талдау жасауға, өз ойларын ғылыми тұрғыда дәлелдеуге машықтанады;
• Мұндай формат оқушылардың зерттеушілік дағдыларын жетілдіріп, әдеби мұраға ғылыми көзқарас қалыптастырады.

«Соғыстан қайтқан солдаттар» атты зерттеу және деректі бейнефильмдер байқауы

• Ақынның соғыс тақырыбындағы шығармаларын негізге ала отырып, оқушылар шағын деректі фильмдер, бейнеочерктер әзірлейді;
• Жоба барысында оқушылар жергілікті ардагерлермен сұхбаттасып, тарихи деректер жинақтайды;
• Бұл байқау тарихи жадты сақтау мен бейбітшілікті бағалаудың тәрбиелік маңызын арттырады.

Жас ақындар мүшәйрасы – «Мәңгілік бейбітшілік жыршысы»

• Оқушыларға Мәуленов дәстүрін жалғастырып, өз өлеңдерін жазуға мүмкіндік беріледі;
• Байқау барысында оқушылар туған жер, табиғат, бейбітшілік тақырыптарында жыр толғайды;
• Мүшәйра оқушылардың тіл байлығын арттырып, поэзияға қызығушылығын оятады.

«Ақын мұрасы – ұрпақ игілігі» атты цифрлық портфолио байқауы • Бұл жоба цифрлық дәуір талаптарына сәйкес келеді;
• Әр оқушы немесе топ ақын шығармашылығына байланысты жеке портфолио дайындайды: мультимедиалық презентациялар, инфографика, бейнежазба, анимация;
• Портфолио электронды түрде сақталып, мектеп кітапханасының «Цифрлық әдеби қазынасына» енгізіледі;
• Байқау оқушыларды цифрлық сауаттылыққа үйретіп қана қоймай, шығармашылық жұмысты жаңа форматта ұсынуға баулиды.

Қосымша жобалар:

• «Сырбай оқулары» дәстүрлі әдеби кеші – ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, сахналық қойылымдар, музыкалық композициялар арқылы оқушылардың өнерін көрсету;
• «Поэзия және музыка» жобасы – ақын өлеңдеріне әуен жазып, ән ретінде орындау;
• «Сырбай ізімен» өлкетану экспедициясы – ақын туған жерге саяхат жасап, шығармаларының табиғатпен байланысын зерттеу.

Әдеби жобалар мен байқаулар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытады, креативті ойлауын қалыптастырады. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленовтің мұрасын ұрпақ санасында жаңғыртып, ұлттық әдебиеттің рухани қазынасына құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Қазіргі білім беру жүйесінде пәнаралық интеграция – оқушының кешенді

дүниетанымын қалыптастырудың, алған білімін өмірде қолдана білуінің кепілі. Сырбай Мәуленов шығармаларын әртүрлі пәндермен байланыстыра оқыту – оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырумен қатар, ғылыми ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Тарихпен кіріктіру. Ақынның соғыс тақырыбындағы поэзиясы тарихи сабақтармен өзара байланысты оқытылса, жас ұрпақ майдангерлердің ерлігін әдеби-көркем және тарихи-деректік тұрғыдан қатар зерделейді. Мысалы, «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңін Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің естеліктерімен салыстыра талдау оқушыларға тарихи оқиғалардың адам тағдырына әсерін сезінуге көмектеседі [4, 57 б.]. Бұл тәсіл – «тарихи сананы» қалыптастырудың тиімді жолы.

География және экологиямен кіріктіру. Мәуленовтің табиғат лирикасы оқушыларға туған жердің экожүйесін түсіндіруге мүмкіндік береді. «Жер нәрі», «Көгілдір таулар» жинақтарын оқу барысында оқушылар Қазақстан картасынан ақын суреттеген аймақтарды анықтап, сол жерлердің табиғи ерекшеліктерін зерттей алады [8, 112 б.]. Сонымен қатар, өлеңдер негізінде экологиялық акциялар («Ақын жыры – табиғат үні» атты сенбіліктер, табиғатты қорғау челлендждері) ұйымдастыруға болады.

Музыка және бейнелеу өнерімен ұштастыру. Ақын поэзиясын музыка сабағында ән мәтіні ретінде пайдалану, композиторлар жазған әндерді тыңдату оқушыларға эстетикалық әсер береді. Ал бейнелеу өнерінде ақын өлеңдеріндегі табиғат суреттерін бейнелеп, мектепішілік көрмелер ұйымдастыру – «сөз өнері» мен «кескіндеме өнерінің» тоғысуын көрсетеді [2, 68 б.].

Информатика және цифрлық технологиялар интеграциясы.

Ақын мұрасын цифрлық форматта меңгерту – заман талабы. Бұл бағытта:

- ✓ «Сырбай оқулары» атты онлайн-платформа құру;
- ✓ Ақын өлеңдері негізінде бейнебаян, анимация жасау;
- ✓ Padlet, Canva, Genially платформаларында оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жинақтау;
- ✓ Ақын шығармаларын аудиокітапқа айналдырып, мектеп кітапханасының цифрлық қорына енгізу секілді жобаларды жүзеге асыруға болады [3, 29 б.; 5, 74 б.].

Пәнаралық жобалар мен ғылыми зерттеулер.

- «Ақын жыры – ел тарихы» (әдебиет + тарих): Мәуленов поэзиясы арқылы XX ғасырдағы соғыс пен бейбітшілік құндылықтарын талдау.
- «Сырбай поэзиясындағы табиғат бейнелері» (әдебиет + география + экология): туған жер табиғатын қорғау тақырыбында зерттеу жүргізу

«Өлең мен өнер үндестігі» (әдебиет + музыка + бейнелеу өнері): ақын шығармаларына қойылған әндер мен сурет көрмелерін бір жобада ұштастыру.

- «Digital Poetry» (әдебиет + информатика): оқушылардың Мәуленов өлеңдеріне мультимедиалық өнімдер жасауына жағдай туғызу.

Тәрбиелік мәні. Интеграциялық тәсілдер тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауын, туған жерге сүйіспеншілігін, бейбітшілікті қастерлеуін қалыптастырады.

Мәуленов поэзиясы арқылы тарихты, табиғатты, өнерді, цифрлық мәдениетті қатар меңгерген шәкірт – жан-жақты дамыған тұлғаға айналады. Осылайша, пәнаралық байланысқа негізделген оқыту ақын мұрасын кеңінен ашуға, поэзияны түрлі қырынан тануға мүмкіндік береді. Бұл – дәстүрлі әдеби білім беруді жаңа деңгейге көтеретін инновациялық жол [9, 33 б.].

Сырбай Мәуленов шығармалары – қазақ әдебиетінің шоқтығы биік

мұраларының бірі әрі ұлттық руханияттың алтын қоры. Ақын поэзиясы – тарих пен тағдырды, елдік пен ерлікті, табиғат пен туған жердің сұлулығын терең сезіндірген асыл дүние. Сондықтан білім беру процесінде ақын мұрасын оқыту – тек әдеби білім беру міндетін ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жүзеге асырудың пәрменді жолы болып табылады.

Заманауи педагогика талаптарына сәйкес, Мәуленов туындыларын интербелсенді әдістер, кейс-стади, STEM-әдебиет интеграциясы, цифрлық платформалар арқылы меңгерту – оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, креативті қабілеттерін дамытуға зор мүмкіндік береді. Мұндай әдістемелік шешімдер жас буынды поэзияны тек жаттап қана қоймай, оны бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен байланыстыра түсінуге, жаңа көзқараспен пайымдауға жетелейді.

Сонымен қатар, шығармашылық жобалар, мүшәйралар, мультимедиалық жұмыстар, деректі бейнефильмдер мен цифрлық портфолио байқаулары – оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өзіндік ізденісін, өнер мен ғылымды ұштастыра білу дағдыларын қалыптастырады. Бұл – XXI ғасырдағы білім алушының басты құзыреттерін дамытуға бағытталған тың тәжірибе.

Осы тұрғыдан алғанда, Сырбай Мәуленов поэзиясы – дәстүр мен жаңашылдықты, ұлттық рух пен заманауи ойды тоғыстыратын қайнар бұлақ. Ақын мұрасын жаңаша әдістемелермен оқыту – ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарды орнықтырудың, азаматтық ұстаным мен эстетикалық талғамды қалыптастырудың, ең бастысы, елді сүюге, бейбітшілікті қастерлеуге тәрбиелеудің тиімді құралы.

Әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану. Энциклопедия – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999
2. Әлімбаев М. Қаламгер және замандас – Алматы: Жазушы, 1988
3. Жаhаншаева А. Әдебиетті оқытудағы цифрлық технологиялар – Алматы: Рауан, 2020
4. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері – Алматы: Ғылым, 2000
5. Жұмабаев Ә. Қазақ поэзиясын оқыту әдістемесі – Астана: Фолиант, 2012
6. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір – Алматы: Жазушы, 1977
7. Қоңыратбаев Ә. Әдебиет теориясы – Алматы: Мектеп, 1991
8. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар – Алматы: Жазушы, 1982
9. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру – Астана, 2017
10. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты – Астана, 2021

Сайрина Ардак Назымбековна,
школа-лицей №37 имени С.Мауленова
учитель русского языка и литературы

МЕТОД ПРОЕКТОВ КАК СПОСОБ ИССЛЕДОВАНИЯ И СИСТЕМАТИЗАЦИИ ТВОРЧЕСТВА СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА

В XXI веке, в эпоху глобализации, большой проблемой является пробуждение интереса ребёнка к предмету.

Как же повысить мотивацию современного школьника?

Один из продуктивных путей решения - проектная деятельность. В основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков и мотивации учащихся. Развивается умение самостоятельно конструировать знания, ориентироваться в информационном пространстве, применять особенности критического мышления.

Данный метод эффективен в старшем звене, так как общество требует от выпускника способности адаптироваться к изменяющимся условиям, свободно ориентироваться в информационном поле, строить систему в любой сфере знания, проектировать собственное развитие.

В США двадцатые годы XX столетия известны как время возникновения и развития метода учебных проектов. По-другому его называли методом проблем, связанным с идеями, разработанными американским философом и педагогом Дж.Дьюи, а также его учеником В.Х.Килпатриком. Дж.Дьюи считал, что обучение нужно строить через целесообразную деятельность школьника, применяя его личный интерес в конкретной науке. Чрезвычайно важной была личная заинтересованность ребенка в приобретаемых знаниях, которые должны пригодиться им в жизни. [1]

В начале XX века метод проектов привлёк внимание и русских педагогов. В 1905 году небольшая группа сотрудников во главе с С.Т.Шацким пыталась активно использовать проектные методы в практике преподавания. По их мнению, метод проектов вносит разнообразие в учебную деятельность, стимулирует к творческому поиску, самостоятельному исследованию, преобразованиям, способствует воспитанию инициативности, формированию умения планировать и организовывать труд, распределяя силы и средства. [2]

В настоящее время элементы этого метода используются многими педагогами. Например, оформление коллажа, подготовка презентаций, создание буктрейлеров и т.д.

Толковый словарь С.Ожегова предлагает следующее определение: «Проект - это разработанный план сооружения, какого-нибудь механизма, устройства». [3]
Метод проектов - это способ достижения учебной цели через детальную разработку проблемы (технологию), которая должна завершиться конкретным, практическим результатом, конечным продуктом.

Использование проектной методики в образовательном процессе обеспечивает формирование ключевых компетенций: исследовательской, коммуникативной, информационной. Он ориентирован на творческую самореализацию личности при совместной работе с руководителем.

Целью проектной технологии обучения является создание благоприятных условий, при которых школьники самостоятельно приобретают знания из различных источников, учатся пользоваться ими для решения познавательных задач, развивается системное мышление.

Проектная деятельность применена нами как один из способов систематизации и изучения творчества отдельного писателя.

Отработав в школе-лицее №37 имени Сырбая Мауленова более тридцати лет, поняли, что обучающиеся должны не только хорошо знать творчество поэта, но и учиться анализировать замечательные произведения, чтобы в последующем создавать собственный продукт.

Приведем несколько примеров из научных исследований школьников.

В 2018 году Мырзабекова Алана, ученица 11 класса, обратилась к теме «Колористика поэтических произведений Сырбая Мауленова».

Почему исследуется именно колористика?

Цвет - важная грань человеческого мировосприятия. Еще с древних веков ему придавалось огромное значение. Большую идейно-художественную и эмоциональную нагрузку в творчестве писателей несёт именно цветопись.

Цель данной работы - показать значимость роли цвета в творчестве Сырбая Мауленова.

Проследив применение цветов и оттенков, можно говорить о колористических тенденциях той или иной эпохи. Каждое событие имеет свои краски: от ярких и сверкающих до бледных и мрачных. Тонко чувствуя это, мастер слова выражает колорит времени.

Анализ был построен на содержании сборников "Синие горы", "Избранное", "Исповедь домбры".

Из прочитанных стихотворений цветопись использовалась в 111. 170 раз автор применяет цвета радуги, включающие семь полос – *красную (25 раз), оранжевую (1), желтую (12), зеленую (15), голубую (13), синюю (16) и фиолетовую (0)*. Кроме этого, *белый, седой, серый, черный*, а также оттенки цветов.

«Таблица 1 – Колористика поэзии Сырбая Мауленова»

№	Название сборника	Кол-во стихотворений	красн	оранж	жёлт	зелён	голуб	синий	белый	седой	серый	чёрн	всего
1	«Синие горы» /1964/	20	5	0	2	3	2	5	8	2	1	1	29
2	«Избранное» /1979/	32	8	0	4	6	5	1	18	2	1	4	49
3	«Исповедь домбры» /1988/	59	12	1	6	6	6	10	22	3	2	24	92
	Итого	111	25	1	12	15	13	16	48	7	4	29	170



Приоритетное место занимает *белый* цвет - *48*, затем – *черный – 29* и *красный – 25*. Что подтверждает стремление С.Мауленова показать всепобеждающую силу добра над злом, света над тьмой, мира над войной.

«Рисунок 1 – Диаграмма колористики стихотворений С.Мауленова»

Активное использование цветообразов помогает понять, что в системе идейно-художественных средств цветопись имеет огромное значение. Творчество Сырбая

Мауленова, напоминающее о страшной затяжной войне, описанной в черных и темных тонах, воспитывает в нас общечеловеческие качества, чувство любви и бережное отношение к окружающим, стремление к светлому будущему.

Поэтому С.Мауленова можно назвать художником-живописцем, художником-колористом.

Научно-исследовательский проект «Значение числа в поэтических произведениях Сырбая Мауленова» был подготовлен Ахмади Самирой и Кабдулиной Дильназ (9 класс) в 2019 году.

21 век – век цифровизации и информатизации. Девочки задались вопросом: какое место в творчестве поэта занимали цифры, в каких сочетаниях использовались, могут ли взаимодействовать «высшая сила искусства» – поэзия и «царица всех наук» - математика.

С древних веков цифрам уделяется особое внимание. И каждое число имеет конкретное значение.

Становление поэта, да и большая часть творчества выпала на годы Великой Отечественной войны. Возможно, поэтому автор относится к поэзии, как к науке, где всё должно быть выверено до точности, до миллиметра, до доли секунды.

При анализе использовались перечисленные выше сборники.

Из прочитанных стихотворений числа использовались в 64.

«Таблица 2 – Использование чисел в поэтических произведениях Сырбая Мауленова» (по сборникам «Исповедь домбры», «Избранное», «Синие горы»)»

№	Сборник	1	2	3	4	5	6	7	8	9	16	18	20	21	22	40	44	46	50	75	100	365	500	1000	100 тыс	1 млн	3 млн	итог
1	«Синие горы»	4	3	1	2	2	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	5	0	0	1	0	0	0	19
2	«Избранный»	35	9	1	7	0	1	2	1	1	0	0	2	0	0	0	2	2	1	0	7	0	7	9	0	5	4	96
3	«Исповедь домбры»	27	21	7	1	9	1	14	0	0	1	2	3	3	2	1	0	0	0	2	0	1	0	4	1	1	0	101
	Всего	66	33	9	10	11	2	16	1	1	1	2	6	3	2	1	2	2	1	2	13	1	7	14	1	6	4	216

216 раз автор применяет числительные: *один* – 66 раз, *два* – 33 раза, *тысяча* – 14 раз. Остальные - в порядке убывания (*сто* – 1 раз, *семь* – 16 раз, *пять* – 11, *четыре* – 10 и др.). Что подтверждает стремление Мауленова показать целостность мира, единство и процветание, абсолютное спокойствие, а также постоянство и парность предметов и явлений в этом мире, противопоставление: «всё в этом мире имеет своё начало и конец».

Однако число 13, которому казахи часто придавали негативный смысл, не замечено. Лирика поэта была оптимистичной и жизнеутверждающей, он призывал читателей к светлому будущему.



«Рисунок 2 – Использование чисел в поэтических сборниках С.Мауленова»

Из вышесказанного следует: стихотворения Сырбая Мауленова пронизывают *числовые* детали, поэтому его можно назвать не только художником-живописцем, но и поэтом-математиком.

Исследовательский проект «Стилистические фигуры как усилители экспрессивности высказывания» защищён в 2021 году Жаксыбековой Дианой (11 класс). Его цель - показать роль стилистических фигур в творчестве поэта.

Фигуры речи представляют собой особые синтаксические построения, служащие для усиления образно-выразительной функции речи, позволяют оценить повышение и понижение голоса, темп речи, паузы, словом - все оттенки звучащей фразы.

С.Мауленов выделялся своим блистательным стилем и неповторимостью ярчайших примеров выразительных средств. Замечательные поэтические строки отличаются живостью, обилием и разнообразием фигур поэтического синтаксиса.

Например, в стихотворении «Буран» часто используется олицетворение - литературный приём перенесения свойств и качеств человека на неодушевлённые предметы и понятия. Здесь явление природы «буран» наделяется человеческими способностями, даром речи, чувствами и мыслями.

Буран, буран!
К нам в степь пришёл буран –
Клокочет он, захлёбываясь, плачет!
То кружится, безумьем обуян,
То пляшет, кувыркается и скачет!

В художественной литературе одним из средств создания образной и выразительной речи является анафора (повторение одинаковых слов или выражений в начале строк). Поэт использовал её в стихотворении «Синие горы», повторив слово «*синие*».

Эпифора (повторение звуков, слов в конце строки) применена в произведении «Солнечные лучи» (*по спирали – убрали, из земли - взошли*).

Антитезу мы видим в стихотворении «Запах степи», где автор использует наречия *«вдали» - «вблизи»* для усиления выразительности и резкого противопоставления противоположных понятий.

Инверсию как перестановку прямого порядка слов в предложении с целью подчеркивания поэтической выразительности отдельных фраз можно заметить в стихотворении «Как небо моя земля широка»: *«Арала валы на груди на твоей…».*

Повторы встречаются в начале стихотворения «Буран» трижды.

Риторическое восклицание - это показное выражение чувств: восхищения, изумления, восторга. Его задача - усилить эмоциональность высказывания. Один из ярких примеров риторического восклицания представлен в стихотворении «Семиречье».

Метафору, основанную на сходстве предметов или явлений в самых различных чертах, можно заметить в произведении «Семиречье»: *«химия хозяином придет».*

Эпитеты ярко выражены в стихотворении «Кзыл-Орда»: *«солнечного диска», «над речным просторным краем».*

Сравнение (сопоставление одного предмета или явления с другим) вызывает интерес у читателей, помогает глубже проникнуть в смысл высказывания. Что заметно в произведении «Чу»: *«как скакун под Манасом великим».*

Если проанализировать подробно стихотворение «Синие горы», то можно заметить, что автор использовал обилие языковых средств: *эпитет, сравнение, олицетворение, метафора, анафора*. Что придает произведению новые краски и цвета.

«Таблица 3 – Стихотворение С.Мауленова «Синие горы»

Стихотворение «Синие горы»	Виды фигур	
Синие, сизые горы! Их ряд –	эпитет	анафора
Будто гривастых коней табуны.	сравнение	
Синие горы в небе парят.	олицетворение	анафора
Точно мираж, отовсюду видны.	сравнение	
А сколько тайн они до сих пор	олицетворение	
Хмуро хранят. Как звенит родник!	сравнение	
Как тюбетейки, вершины гор	метафора	
Блещут. И перьями – сосны на них.	эпитет	
Синие горы. Зелёный наряд.	олицетворение	
Издали кажется – в воздухе тут,	сравнение	
Над облаками, аулы парят		анафора
С тысячами островерхих юрт.	сравнение	
На караван – погляди, - на горбы		анафора
Горы похожи, массив этот весь,	олицетворение	
На караван, что по воле судьбы		
Остановился именно здесь.		

Для проведения подробного анализа выбрано 10 стихотворений, где более ярко представлены изобразительно-выразительные средства и фигуры речи.

В данных поэтических произведениях языковые средства использовались 151 раз.

Из них наиболее часто применялись:

Олицетворение – 52 раза, эпитет – 34, сравнение – 24.

Метафора, анафора, эпифора по 13, 11, 8 раз соответственно.

Риторическое восклицание используется в четырёх стихотворениях 6 раз. Реже других использована инверсия (2 раза) и антитеза – всего 1 раз в стихотворении «Запах степи».

«Таблица 4 – Стилистические фигуры в поэзии С.Мауленова»

№	Стихотворение	эпитет	анафора	инверсия	сравнение	метафора	олицетворение	эпифора	риторическое восклицание	антитеза	всего
1	«Чу»	3			4		3				10
2	«Как небо земля моя широка»	3	2	1	1		6				13
3	«Синие горы»	2	4		5	1	4				16
4	«Горные реки»	1				2	2		1		6
5	«Кызыл-Орда»	9			2	2	2		2		17
6	«Семиречье»	7			4	2	9	2	2		26
7	«Буран»	4	2	1	2	2	12	2	1		26
8	«Запах степи»	3	2		1	2	8			1	17
9	«Солнечные лучи»				5	1	6	2			14
10	«Зеркало озеро»	2	1			1		2			
Всего		34	11	2	24	13	52	8	6	1	151

Произведения, написанные в разные годы, представляют настроение, душевное состояние не только автора, но и его героев.

Проследив применение изобразительно-выразительных средств и фигур речи, можно говорить об образности, богатстве и разнообразии поэтического языка и можно понять, что стилистические фигуры действительно придают стихотворениям насыщенность и особый колорит.

В 2024 году Ержанова Медина и Бактыбай Жұлдыз, ученицы 9 класса, обратились к теме «Императивное предложение как эффективный способ побуждения к действию».

Одними из средств выразительности языка можно назвать императивные предложения, которые в школьной программе называются побудительными. Императивные предложения - это такие предложения, которые выражают приказ, просьбу, совет или предложение. Они используются для побуждения к действию. В русском языке императив выражается формой повелительного наклонения.

В качестве материала для исследования выбрано творчество Сырбая Мауленова. Цель проекта - исследовать, какие виды императивных предложений использовал в стихотворениях известный казахский поэт, и показать роль императивных предложений в его творчестве.

В результате проведенного исследования на основе структурно-семантического подхода выделили следующие разновидности императивных предложений: *приказы, требования, просьбы, советы и пожелания, разрешения, запреты.*

С.Мауленов часто обращался к теме войны. Например, в книге «Исповедь домбры» ей посвящён раздел «Порох памяти». Ответственность за жизнь на родной земле, за мир, боль о погибших, дума о будущем человечества – эти и многие другие вопросы волнуют поэта. В произведении «Нет вечной жизни» автор обращается к друзьям-фронтовикам с *просьбой* ответить на давно волнующий его вопрос. [4]

Нет вечной жизни. Этому не верьте.
Настанет срок – в лицо посмотришь смерти.
В глаза друзей сейчас гляжу с тревогой:
«Друзья, я не обидел вас? Ответьте!»

Священная война оставила неизгладимый след в судьбах миллионов людей, закрепилась в памяти «на всю оставшуюся жизнь». Несмотря на это, в стихотворении «Отцовская ладонь» автор *советует* отцу стереть с памяти воспоминания о жестоких событиях:

Отец, забудь, не думай о войне,
Не думай о тех бедствиях суровых.

Императивные предложения используются и в «Балладе о погибших». В речи врагов читатель слышит желание достичь своей цели, *приказ*:

В избушке свет потух
И вспыхнул снова.
Враги терзают старика седого:
- Сознайся, ты укрыл большевика?
- Да что вы? Я и знать не знал такого!
Но палачи упорством одержимы:
- Где большевик скрывается?
Скажи нам!
Ты сам, наверно, тоже большевик,
И мы тебе язык развяжем живо!

Однако пленный старик не сдается, произнося *требование* к конвойным:

- Шакалы, развяжите мне глаза!
- Подохнешь так! Начальство не велело!
- А вы своё оружие проверьте,
Поменьше расстояние отмерьте.
Я не сбегу –
Мне хочется взглянуть
В глаза своей неотвратимой смерти!

Седой старик убит, однако и после смерти он обращается к родным с *просьбой* о продолжении жизни:

Над ним восход из алых нитей соткан,
Ветра с листвою шепчутся бессонно.
Прощайте, дети!
Не рыдай, жена!
Свети, как прежде, яростное солнце!

Стихи Мауленова о родине, родной природе исполнены неповторимых образов. Здесь автор ведёт беседу с бескрайними просторами, бесконечными лесами, широкими реками, глубокими озёрами, которые постоянно меняются, завораживают своими формами и красками. В известном стихотворении «Синие горы» автор обращается к родному краю, как к живому существу, которому доверяет. [5]

Любовь ко всему живому, что есть на земле, бережное отношение к «братьям нашим меньшим», *призыв* к защите животного мира – темы, неоднократно повторяющиеся в творчестве поэта. Стихотворением «Детёныш марала» автор *призывает* не жалеть о неудачной охоте:

Он в горы звал.

Я вышел из засады.
Марал метнулся в лес, не чуя ног.
Пусть все, кто на курок нажать не смог,
Как я сейчас,
Уходят без досады.

Поэзию С.Мауленова можно назвать интернациональной. С огромной любовью и теплотой он слагает стихи о грузинах и башкирах, украинцах и киргизах. В стихотворении «Старики Грузии» используются *глаголы, побуждающие к действию*: «рискни побороться», «не бойся почувствовать».

Представители разных профессий являются лирическими героями стихотворений. Автор обращается к ним с *просьбой и приглашением*:

Почтальон, заглядывай почаще!
Если можно - даже каждый день!
Поэт, если любишь солёную глубь—
На Каспий спокойный гляди… («Почтальон»)
Слушай, друг мой библиотекарь,
Что тебе я сейчас скажу.
И стихи посвящаю с любовью
Я тебе, уж ты разреши! («Библиотекарь»)

У Сырбая Мауленова огромное количество стихотворений, в которых отражаются *просьба и рекомендации, совет и призыв* к светлому будущему.

- *«Таблица 5 – Императивные предложения»*

Сборник «Избранное», Москва, «Художественная литература», 1979, 366с.

стр	название стихотворения	цитата	значение императива
94	**«Городище»**	Упрямцам **не давать** воды ни капли! Здесь больше ни одной душе **не жить**! Сломать дома, и разобрать на камни, И камень с камнем Рядом положить!	**приказ**
193	**«Огляди опять родную землю»**	**Огляди** опять родную землю – Горы ждут, чтоб ты небес достиг. **Насладись** садов прохладной сенью, **Поднеси** к сухим губам родник!	**совет**
271	**«Нет вечной жизни»**	Нет вечной жизни. Этому **не верьте**. Настанет срок – в лицо посмотришь смерти. В глаза друзей сейчас гляжу с тревогой: «Друзья, я не обидел вас? **Ответьте**!»	**совет просьба-вопрос**
192	**«Соседу»**	**Давай дружить** с доверчивостью детства, Рассерженно не хлопая дверьми, - Беда, коль счастье доброго соседства Не узнано хорошими людьми!	**просьба-предложение**
136	**«Моя душа порою говорит»**	Душа, **тревожься**! Ты всегда права В сочувствии и к малым и к великим – Они хотели получить слова,	**побуждение к действию**

Императивные предложения встречаются нередко в заглавиях поэтических произведений при обращении к возлюбленной: «Приди скорей, мне слезы осуши», «Подари мне зарю своей жизни!», «Не надо, не скрывай своих потерь!», «Вспомни обо мне», «Приходи открыто», «Прости».

- *«Рисунок 3 – Заглавия стихотворений С.Мауленова»*

Проанализировав содержание стихотворений С.Мауленова, девочки сделали вывод, что при создании замечательных поэтических произведений автор нередко обращался к императивным предложениям для выражения своих мыслей, чувств, эмоций. [6]

В языкознании отмечается большое количество разновидностей императивных предложений, из которых поэт активно использовал следующие: *совет, приказ, пожелание, требование, просьба, призыв, требование, предупреждение* и другие.

«Рисунок 4 – Виды императивных предложений в стихотворениях С.Мауленова»

Команды, приказы, советы, требования и просьбы чаще слышатся в стихотворениях, посвященных теме Великой Отечественной войны, где присутствует образ красноармейца, партизана, врага и др. В них автор советует забыть о суровых военных событиях («Отцовская ладонь»), несмотря на неизгладимую память о жестокости врага («Баллада о погибших»). Отражается *призыв* к жизни, *пожелание* о том, чтобы человек всегда возвращался в родной дом («Жизненный путь»).

Побуждение к действию «слышно» в произведениях, где описывается красота природы, которую нужно беречь и сохранить («Оберегайте вешнюю листву»).

Поэт активно применял возможности и разновидности императивных предложений, побуждая к действию своих замечательных героев и многочисленных читателей.

Таким образом, рассмотрев несколько исследовательских работ школьников, можно сделать вывод, что проектная деятельность является способом систематизации и изучения творчества отдельного писателя.

Проследив применение выразительных средств и стилистических фигур, а также императивных предложений в произведениях Сырбая Мауленова, можно понять, что его творчество отличается богатством и разнообразием поэтического языка. Замечательные стихотворные строки выделяются живостью и образностью, обилием и разнообразием фигур поэтического синтаксиса. Многократно использованные числовые детали и оттенки цветов раскрывают неопознанные грани поэта, которого смело можно назвать не только художником-живописцем, но и поэтом-математиком.

Произведения С.Мауленова, написанные в разные исторические периоды, интересны и содержательны, затрагивают как общечеловеческие темы, так и актуальные проблемы, которые можно тщательно изучать, исследовать и анализировать.

Практика показывает, что правильно организованная исследовательская работа играет важную роль в формировании у школьников ключевых компетенций, необходимых в современном мире. Развивая критическое мышление, функциональную грамотность, умение работать в команде и адаптироваться к новым условиям, подростки становятся более подготовленными ко взрослой жизни. Особенно ярко эти качества проявлялись в личности и творчестве таких выдающихся личностей, как Сырбай Мауленов. Поэт-фронтовик, чьи строки пронизаны глубоким патриотизмом, верой в силу слова и стремлением служить своему народу. Его произведения стали достойным примером глубокого осмысления действительности, самостоятельности мышления и внутренней

дисциплины. Именно такие личности вдохновляют молодое поколение к поиску, исследованию и самореализации.

Список литературы:
1.https://psychosearch.ru/teoriya/vospitanie/478-istoriya-i-osobennosti-metoda-proektov-dzhon-dyui
2.https://melimde.com/uchebno-metodicheskoe-posobie-orenburg-2007-bbk.html?page=2
3.https://slovarozhegova.ru/word.php?wordid=24452
4.Мауленов С. «Исповедь домбры», Москва, изд. «Художественная литература», 1988, 334с.
5.Мауленов С. «Синие горы», Москва, изд. «Советский писатель», 1964, 121с.
6.Мауленов С. «Избранное», Москва, изд. «Художественная литература», 1979, 366с.

Сайттакова Куралай Кылышбековна,
№ 93 мектеп-лицей
тарих пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ТАРИХ САБАҒЫН КРЕАТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігі оқушылардан дайын ақпаратты жаттап алуды емес, оны түсініп, өз тәжірибесінде қолдануды талап етеді. Әсіресе тарих сияқты мазмұны күрделі пәнде оқушылардың қызығушылығын арттыру, тарихи деректерді жалаң факті ретінде емес, терең мазмұнды құбылыс ретінде қабылдату – мұғалімнің басты міндеті [7,78-б]. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын пайдалану үлкен нәтиже береді. Солардың ішінде Сырбай Мәуленов поэзиясы ерекше маңызға ие.

Негізгі бөлім

Мәуленовтің шығармалары қазақ халқының тарихи жадын жаңғыртуға, өткен дәуір оқиғаларын сезімдік тұрғыдан қабылдауға, ұлттық рухты оятуға бағытталған [8, 32-б]. Ақынның өлеңдерінде Екінші дүниежүзілік соғыс, туған жерге деген сүйіспеншілік, халықтың азаттық күресі, бейбітшілік пен ерлік тақырыптары кең қамтылады [8,56-б]. Бұл туындыларды тарих сабағында қолдану – пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімді тәсілі. Сырбай Мәуленовтың өмірі мен шығармашылығы Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келді. Ұлы Отан соғысына қатысып, майданда ауыр жараланды. Соғыстан кейінгі кезеңде көптеген поэзиялық жинақтарын жарыққа шығарды. Оның шығармаларында соғыс, туған жер, еңбек және адамгершілік тақырыптары кеңінен қамтылған.

Мәуленов поэзиясының тарихи негіздері

Сырбай Мәуленовтің өмір жолы мен шығармашылығы қазақ тарихымен тығыз байланысты. Ол соғыс жылдарында майданға қатысып, жауынгерлердің тағдырын өз көзімен көрді. Сол себепті оның соғыс тақырыбындағы жырлары тарихи оқиғалардың шынайы куәгерінің сөзі ретінде құнды. «Жеңіс жыры», «Сарбаздар әні» сынды шығармалар сол кезеңнің рухын жеткізеді [8,12-б]. Сонымен қатар, туған жерге арналған өлеңдері қазақ халқының тарихи-мәдени кеңістігін бейнелейді. «Қазақ жері», «Дала», «Туған ел» жырлары ұлттық тарихтың көркем шежіресіне айналған [8,24-б]. Бұл туындыларды тарих сабағында Қазақстанның аумақтық тұтастығы, елдің тәуелсіздігі, географиялық ерекшеліктері сияқты тақырыптарды өткенде қолдану өте тиімді. Әдебиетті тарих сабағында пайдаланудың ғылыми негізі Қазақстан тарихын оқытуда әдеби шығармаларды қолдану –оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың, тарихи

оқиғаларды терең сезінудің тиімді жолдарының бірі [7,77-б]. Әсіресе қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің туындыларын пайдалану тарихи сабақтарды бірсарынды болудан сақтап, оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын оятады. Сол тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясының ірі тұлғасы Сырбай Мәуленов шығармашылығын тарих сабақтарында қолдану ерекше мәнге ие. Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы көрнекті өкілдерінің бірі, поэзияда да, прозада да, публицистикада да өз қолтаңбасын қалдырған қаламгер. Оның шығармалары туған елдің тарихына, халықтың тағдырына, соғыстың ауыр кезеңдеріне, бейбіт еңбек пен отан сүйгіштік тақырыбына арналды. Жазушының шығармашылық мұрасы тек әдебиет сабағында ғана емес, сонымен қатар тарих сабағында да құнды дереккөз, қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді [4,34-б]. Тарих сабағында Сырбай Мәуленов шығармаларын қолданудың негізгі креативті жолдары төмендегідей: 1. Тарихи оқиғаларды көркем бейнелер арқылы түсіндіру Мәуленовтің Ұлы Отан соғысына арналған өлеңдері мен очерктерін пайдалана отырып, оқушылар сол кезеңнің ауыртпалығын эмоционалды түрде сезінеді. Мысалы, ақынның соғыс тақырыбындағы өлеңдері тек тарихи деректерді баяндап қана қоймай, соғыстың халықтың жан дүниесіне қалай әсер еткенін айқын көрсетеді. Бұл тәсіл тарих сабағын «құрғақ деректерден» арылтып, оқушылардың тарихи материалды жүрекпен қабылдауына жол ашады. 2. Көркем мәтіндерден тарихи дерек табу Сабақ барысында оқушыларға ақын шығармаларынан үзінді беріліп, сол үзіндіде бейнеленген тарихи деректерді анықтау тапсырмасы беріледі. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлауын дамытады, көркем мәтін мен тарихи деректің айырмашылығын түсінуге үйретеді. Мысалы, соғыс туралы өлеңдерден сарбаздардың тұрмысы, майдандағы қиындықтар, тылдағы еңбектің сипаты туралы мәліметтер табуға болады. 3. Рөлдік ойындар Мәуленов шығармалары негізінде шағын сахналық қойылымдар ұйымдастыру тарих сабағын қызықты етеді. Оқушылар ақынның кейіпкерлерінің рөліне еніп, олардың сезімін жеткізуге тырысады. Мұндай тапсырма тарих пен әдебиеттің тоғысында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады. 4. Шығармашылық жазба жұмыстары Оқушыларға «Сырбай Мәуленов көзімен тарих» атты шағын эссе жаздыру – креативті тәсілдің бірі. Мұндай жұмыс барысында оқушылар тарихи оқиғаларды әдеби тілмен жеткізуге дағдыланады. 5. Интерактивті тапсырмалар «Тарихи поэма картасы»: Мәуленовтің белгілі бір өлеңін алып, онда аталған жерлерді картадан белгілеу. «Эмоциялық күнделік»: соғыс тақырыбындағы өлеңді оқып болған соң, оқушы өз әсерін қысқа күнделік түрінде жазады. «Тарихи дебат»: ақын шығармасындағы ойларды негізге ала отырып, белгілі тарихи оқиғаға қатысты пікірталас ұйымдастыру. 6. Цифрлық технологияларды пайдалану Қазіргі заманғы сабақтарда Мәуленов шығармаларын мультимедиялық материалдармен байланыстыру тиімді. Мысалы, ақынның өлеңдерін оқушыларға аудиожазба арқылы тыңдату, өлең жолдарына сәйкес суреттер немесе бейнематериалдар көрсету оқушылардың қабылдауын күшейтеді. 7. Тарих пен әдебиетті кіріктіріп оқыту Сабақ жоспарын құруда интеграция тәсілін қолдану маңызды. Тарих пәні мұғалімі әдебиет пәні мұғалімімен бірігіп, Сырбай Мәуленов шығармаларын екі қырынан қарастыра алады: әдеби көркемдік және тарихи шынайылық тұрғысынан. Мұндай кіріктірілген сабақтар оқушылардың пәндер арасындағы байланысты түсінуіне мүмкіндік береді. 8. Патриоттық тәрбие құралы Мәуленов шығармалары оқушыларға тарихи деректерден бөлек, патриоттық тәрбие береді. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі, ел үшін жан аямай күрескен адамдарға деген құрметі оқушыларды елін сүюге, азаматтық жауапкершілікті сезінуге баулиды. 9. Көркем шығарманы тарихи дереккөз ретінде салыстыру Мәуленов шығармаларын сол кезеңнің ресми құжаттарымен немесе тарихшылар еңбектерімен салыстыру – оқушылардың тарихи сыни ойлауын қалыптастырады. Әдеби туындыдағы эмоционалдық рең мен деректің ғылыми баяндалуын қатар талдау арқылы оқушылар тарих ғылымының ерекшелігін түсінеді. 10. Оқушылардың жеке жобалық жұмыстары «Мәуленов шығармалары негізінде соғыс тарихы» атты жоба; «Ақын поэзиясындағы туған жер тарихы» тақырыбында мультимедиялық таныстырылым; «Мәуленов шығармалары – тарихи жад айнасы» атты

зерттеу жұмысы. Бұл жобалар оқушыларға дербес зерттеу жүргізіп, өздігінен тарихи және әдеби деректерді байланыстыра білуге жол ашады. Одан қоса, тарих сабақтарында поэзияны пайдалану келесі артықшылықтарға ие: эмоциялық әсер, тарихи эмпатия, сыни ойлау дағдыларын дамыту, көркемдік қабылдауды жетілдіру.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов шығармашылығын тарих сабағында креативті пайдалану – білім беру процесінің тиімділігін арттыратын инновациялық әдістердің бірі. Ақынның поэзиясы тарихи білімді сезімдік тұрғыдан қабылдатуға, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға, оқушылардың патриоттық рухын оятуға мүмкіндік береді [5,87-б]. Көркем шығармаларды шығармашылық әдістер арқылы қолдану сабақтың мазмұнын түрлендіріп қана қоймай, оқушылардың зерттеушілік, эстетикалық және азаматтық қабілеттерін дамытады. Бұл тәсіл қазіргі білім берудің интеграциялық ұстанымдарына сай келеді және оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеруге жол ашады [10,65-б].

Пайдаланылған әдебиеттер

Әбдезұлы Қ. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
Брунер Дж. Білім Беру Процесі. - Гарвард Университетінің Баспасы, 1960.
Выготский Л.Қоғамдағы Ақыл: Жоғары Психологиялық Процестердің Дамуы. - Гарвард Университетінің Баспасы, 1978.
Жұмабаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2005.
Қалиев С. Тәрбиенің ұлттық негіздері. – Алматы: Рауан, 2010.
Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1992.
ҚР Білім және Ғылым министрлігі. Тарихты Оқыту Әдістемесі
Бойынша Нұсқаулық. - Астана, 2021 жыл.
Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1980.
Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
Смайлов А. Инновациялық әдістер білім беруде. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2019.

Сактапова Жадыра Кыпшакбаевна
Алматы қаласы, Әуезов ауданы,
Алматы көпсалалы колледжі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ПЕН БЕЙБІТ ӨМІР ТАҚЫРЫПТАРЫНА ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫҚ ТАЛДАУЛАР

Қазақ әдебиетінде соғыс пен бейбітшілік тақырыбы – мәңгілік маңызын жоймаған терең арна. Бұл тақырыпты терең әрі шынайы жырлаған қаламгерлердің бірі – Сырбай Мәуленов. Оның шығармаларында елге, жерге деген махаббат, сарбаздық рух, Отан алдындағы адалдық, сондай-ақ бейбіт өмірге деген сағыныш ерекше орын алады. Ұлы Отан соғысына қатысқан ақынның жырлары – тек көркем дүние емес, сонымен қатар тарихи, рухани, тәрбиелік мәні зор құндылықтар[1].

Введение Современное образование Казахстана переживает глубокие трансформации, связанные с переходом к компетентностной модели обучения и усилением межпредметных

связей. От учителя сегодня требуется не только передача знаний, но и формирование у обучающихся умений применять эти знания в реальных жизненных ситуациях. Одним из эффективных направлений реализации этой задачи является межпредметная интеграция, позволяющая объединить различные области человеческого знания в единое образовательное пространство.В условиях обновленного содержания образования Республики Казахстан особое внимание уделяется сохранению и популяризации национального культурного наследия. Использование художественного слова, в частности поэзии казахских классиков, в преподавании естественно-научных дисциплин способствует не только развитию познавательных компетенций, но и духовно-нравственному воспитанию учащихся. В этой связи актуальной становится интеграция поэзии Сырбая Мауленова — одного из ярчайших представителей казахской литературы XX века — в процесс обучения математике. Его поэзия пронизана философскими размышлениями о гармонии природы, времени, движении и равновесии — категориями, тесно связанными с математическими понятиями.Интеграция художественного и научного знания отражает современные тенденции в образовании, направленные на формирование целостного мировоззрения учащихся. Такое объединение не только расширяет границы традиционного предметного обучения, но и способствует формированию метапредметных компетенций — умений **анализировать, сравнивать, синтезировать и интерпретировать информацию в разных контекстах.**

Поэтому обращение к творчеству Сырбая Мауленова на уроках математики можно рассматривать как инновационный педагогический приём, объединяющий рациональное и образное мышление. Он позволяет осмыслить математику не только как систему формул и правил, но и как способ познания гармонии мира, отражённой в поэтическом слове.

Именно поэтому рассмотрим далее теоретические основы интеграции, её педагогический потенциал и возможности практического **применения в процессе преподавания математики.**

Теоретические основы интеграции

Современная педагогическая наука рассматривает интеграцию как важнейший принцип организации образовательного процесса, направленный на формирование у учащихся целостного восприятия мира. Понятие «интеграция» (от лат. *integratio* — восстановление, объединение в целое) подразумевает объединение знаний, методов и форм познания из различных областей для достижения общего образовательного результата.В контексте школьного обучения интеграция выполняет несколько ключевых функций:

- обеспечивает взаимосвязь между учебными дисциплинами;
- способствует развитию умений применять знания в новых ситуациях;
- формирует системное и междисциплинарное мышление;
- усиливает мотивацию к обучению за счёт эмоционального и ценностного осмысления знаний.Теоретическую основу интеграции составляют труды педагогов и психологов, таких как **Выготский Л.С.**, **Брунер Дж.**, **Dewey Дж.**, **Абылкасымова А.Е.**, которые подчеркивали важность формирования целостного мировоззрения и межпредметных связей. Согласно Л.С. Выготскому, обучение должно строиться не только на логике науки, но и на эмоционально-ценностном отношении к миру, что обеспечивает развитие высших форм мышления.Межпредметная интеграция особенно актуальна в условиях реализации **обновленного содержания образования Республики Казахстан**, где акцент делается на развитие критического, творческого и функционального мышления. В этом контексте интеграция математики и литературы выступает как эффективный способ воспитания гармоничной личности, способной сочетать логическую точность и эстетическое восприятие.

Математика, традиционно воспринимаемая как точная и строгая наука, в действительности обладает глубоким эстетическим потенциалом. Её понятия — симметрия, пропорция, ритм,

порядок — совпадают с категориями, используемыми в искусстве и поэзии. Через обращение к поэзии, особенно к произведениям Сырбая Мауленова, возможно раскрыть эмоционально-чувственную сторону математических закономерностей, показать учащимся, что **в науке, как и в поэзии, есть место красоте, гармонии и вдохновению**.

Таким образом, интеграция гуманитарных и естественнонаучных дисциплин, в частности поэзии и математики, представляет собой не только методический приём, но и **педагогическую философию**, ориентированную на развитие целостного мировоззрения. Этот подход способствует формированию ключевых компетенций XXI века — аналитического мышления, креативности, способности видеть связи между различными областями знаний и применять их в жизни.

Историко-культурный контекст творчества Сырбая Мауленова

Сырбай Мауленов (1922–1993) принадлежит к поколению писателей-фронтовиков, чьё творчество сформировалось в условиях Великой Отечественной войны и послевоенного восстановления страны. Родившись в степном крае, он впитал любовь к родной земле, природе и народу, что нашло отражение в его многочисленных стихотворениях. Мауленов стремился показать гармонию между человеком и природой, между духовным и материальным мирами. Эта гармония во многом близка математическому представлению о равновесии, порядке и закономерности.

В стихотворении 'Жасыл орман – елімнің жүрегі' ('Зелёный лес — сердце моей страны') поэт создаёт образ природы как живого организма, где каждый элемент выполняет свою функцию. С точки зрения межпредметной интеграции, этот образ можно интерпретировать через понятие системности — одной из ключевых категорий математического мышления.

Интеграция как инструмент формирования функциональной грамотности

Современные стандарты образования Казахстана подчеркивают необходимость формирования функциональной грамотности — способности применять знания и умения для решения реальных жизненных задач. Интеграция поэзии в преподавание математики способствует достижению этой цели. Через анализ художественного текста учащиеся развивают навык выделения информации, её структурирования и логического осмысления.

Кроме того, обращение к национальной литературе формирует личностно-ориентированные компетенции: ценностное отношение к культуре, родному языку и истории. Тем самым интеграция поэзии Мауленова становится не только методическим, но и воспитательным инструментом, способствующим реализации идей 'Рухани жаңғыру'.

Психолого-педагогические аспекты восприятия поэзии на уроках математики

Восприятие поэтического текста активизирует правополушарное мышление, связанное с воображением и интуицией. Математическое мышление, напротив, опирается преимущественно на левое полушарие, отвечающее за логику и анализ. Совместное использование этих типов познания способствует развитию межполушарных связей, что повышает когнитивные способности учащихся.

Поэзия создаёт эмоциональный фон урока, способствует снятию тревожности и повышает уровень включённости учеников. Когда математические понятия рассматриваются в художественном контексте, они перестают быть абстрактными — дети начинают воспринимать их как часть реального мира. Такой подход особенно эффективен в средних классах, где формируются базовые учебные мотивы.

Методические примеры интеграции

1. **Движение и скорость.** Стихи Мауленова 'Облака бегут, как белые кони...' могут стать основой для моделирования движения. Ученики строят графики зависимости пути от времени, анализируют скорость движения облаков, используя понятия функции и пропорции.

2. **Геометрия в поэтических образах.** На примере строк 'Горизонт тонкой линией режет небо и степь' учащиеся рассматривают понятие параллельных прямых, перспективы и бесконечности. Это помогает осмыслить геометрические принципы через визуальные ассоциации.
3. **Статистика и производительность.** Поэма 'Жатва' позволяет построить реальные задачи на производительность труда и анализ данных. Учащиеся рассчитывают средние показатели, строят диаграммы и делают выводы о зависимости результата от коллективного труда.
4. **Цикличность природы и функции.** На основе стихотворения 'Времена года' учащиеся могут построить графики изменения температуры или длины дня, тем самым осваивая понятие цикличности и периодичности.

Примеры интеграции поэтических строк Мауленова с математическими темами

Пример 1. Тема: «Числа и гармония природы»

«Күн мен түн — екі таразы,
Тепе-тең боп тұр өмір...»
(С. Мауленов)

Эти строки можно интерпретировать через понятие **равенства и баланса**, близкое к математической категории «симметрии». Таким образом, поэзия становится не только украшением урока, но и **метафорическим мостом** между искусством и наукой.

Интеграция:

– При изучении темы «Симметрия», «Противоположные числа» или «Уравновешенность» можно начать урок с этих строк.
– Учитель объясняет: в поэзии, как и в математике, важна **равновесие** и **гармония**.
– Можно предложить детям построить графическую модель равновесия (например, ось координат, где +x и –x уравновешены).

Пример 2. Тема: «Геометрия и поэтический образ»

«Таулар — табиғаттың мүсіншісі,
Шыңдары — аспанмен теңескен сызықтар...»

Интеграция:

– При изучении темы «Прямая и угол» или «Графическое изображение линий» можно показать, как поэт через образы описывает **геометрические формы**.
– Учащиеся могут сами попробовать создать «поэтическое определение» геометрических понятий — например,
«Шеңбер — бұл шексіздік жыры».

Пример 3. Тема: «Время, движение и пропорции»

«Өмір — өзен, тоқтамайды ағын,
Уақыт — өлшем, тіршіліктің бағдары.»

Эти слова можно использовать на уроках, связанных с темами **скорость, время, расстояние**, или при изучении **функций**. Ученики осознают, что движение — это не только физический процесс, но и философская категория, отражённая в поэзии.

Интеграция:

– На уроке о **скорости, времени и расстоянии** можно обсудить философское значение движения и измерения.
– Ученики сопоставляют физико-математические понятия с поэтическими образами (время течёт — как функция, как непрерывная линия).
– Это развивает **абстрактное мышление и ассоциативность**.

Пример 4. Тема: «Пропорции и золотое сечение»

«Әсемдік бар — өлшемінде,
Әділдік бар — теңдігінде...»

Эти строки поэта отражают идею «золотого сечения» — соразмерности и гармонии. Учитель предлагает детям рассмотреть примеры пропорций в архитектуре, природе и живописи, обсуждая с ними, как понятие меры проявляется и в поэзии, и в математике.

Интеграция:

– При изучении **пропорций, симметрии, золотого сечения** можно показать, что в поэзии Мауленова красота часто связана с **точностью и соразмерностью** — категориями, близкими математике.

Формы интегрированных заданий

Форма	**Пример**
Поэтическая разминка	Начать урок с цитаты Мауленова, связанной с темой урока.
Творческое задание	Составить 2–4 строки о математическом понятии в стиле Мауленова.
Математико-поэтический анализ	Найти в стихотворении ритмическую симметрию, закономерность.
Проект	Мини-проект «Математика в поэзии Мауленова»: учащиеся ищут примеры «чисел, форм, меры» в его творчестве.

Цели интеграции

1. **Образовательные:**
   - показать межпредметные связи математики и литературы;
   - формировать целостное восприятие мира;
   - развивать аналитические и творческие способности.
2. **Развивающие:**
   - развитие логического и художественного мышления;
   - умение видеть закономерности не только в формулах, но и в языке.
3. **Воспитательные:**
   - приобщение к казахской культуре и поэзии;
   - формирование эстетического вкуса и уважения к национальному наследию.

Пример фрагмента урока

Тема урока: «Симметрия вокруг нас»

Цель: показать связь симметрии как математического понятия с гармонией в природе и поэзии.

Ход урока:

1. **Этап мотивации:**

   Учитель читает строки Сырбая Мауленова:

«Күн мен түн тең түскенде,
Табиғат тыныштық табады...»

Учитель обращает внимание учащихся на идею равновесия, показывает, как в природе и поэзии отражена симметрия, затем переходит к математическому понятию осевой и центральной симметрии.

Результат: учащиеся воспринимают симметрию не только как геометрическую закономерность, но и как эстетическую категорию.

2. **Беседа:**

   – Что значит «тең түскенде»?
   – Где в жизни мы видим равновесие, симметрию?
   – Как это можно изобразить в математике?
3. **Практическая часть:**

   Ученики строят ось симметрии для геометрических фигур, фотографий природы.

4. **Творческое задание:**
   Составить короткое стихотворение, используя математические термины (теңдік, үшбұрыш, сызық, шеңбер).

Результаты интеграции

После таких уроков учащиеся:

- начинают видеть красоту в математике;
- лучше запоминают материал через ассоциации;
- развивают национальное и эстетическое сознание;
- учатся мыслить системно и образно.

Аналитическая интерпретация поэтических образов

Интерпретация поэзии Мауленова с точки зрения математических категорий открывает широкие возможности для анализа. Так, понятие 'гармонии' в его поэзии соотносится с симметрией, пропорциональностью и балансом. В стихах часто встречаются метафоры движения, света, времени — категории, тесно связанные с физико-математическими законами.

Например, строки «Желмен сөйлескен шөптің сыбдыры» ('Шепчет трава, беседуя с ветром') могут быть использованы для обсуждения волновых процессов и колебательных движений. А в описаниях неба и горизонта можно найти аналогии с понятием координатной плоскости и линии горизонта.

Педагогические эффекты и результаты

Результаты внедрения интегративного подхода показывают рост учебной мотивации, повышение качества усвоения материала и развитие коммуникативных навыков. Ученики начинают видеть в математике не набор формул, а универсальный язык описания мира. Кроме того, возрастает интерес к литературе, поскольку она становится инструментом осмысления научных явлений.

Такие занятия способствуют развитию эмоционального интеллекта, умению работать с текстами разного типа, а также повышают уровень функциональной грамотности. По словам педагогов, использующих метод интеграции, дети становятся более внимательными, рассудительными и креативными.

Эстетическое воспитание через математику и поэзию

Математика обладает своей внутренней эстетикой — изяществом формул, красотой доказательств, гармонией числовых последовательностей. Поэзия, в свою очередь, обращается к чувствам и воображению.

Соединяя эти два мира, педагог помогает детям **осознать красоту мысли**, увидеть взаимосвязь искусства и науки.

Через творчество Мауленова учащиеся учатся:

- воспринимать математику как часть культуры;
- видеть в цифрах и формулах отражение природных закономерностей;
- понимать, что знание без красоты теряет смысл, а искусство без логики — устойчивость.

Таким образом, интеграция становится не только дидактическим приёмом, но и **педагогикой гармонии**.

Ожидаемые результаты

После внедрения интеграции поэзии Мауленова в преподавание математики у учащихся наблюдается:

- повышение **мотивации и интереса** к предмету;
- развитие **образного и аналитического мышления**;
- улучшение **коммуникативных навыков**;
- укрепление **национальной идентичности и эстетического вкуса**;
- формирование уважения к родному языку и культуре.

Заключение

Интеграция поэзии Сырбая Мауленова на уроках математики представляет собой инновационное направление в педагогической практике, основанное на синтезе рационального и эмоционально-эстетического начал. Подобный подход способствует формированию у обучающихся не только предметных знаний, но и культурного, духовного и ценностного восприятия мира.

Такие уроки позволяют учащимся осознать, что математика — это не только строгая наука о числах и формулах, но и особый язык гармонии, меры и красоты. В то же время поэзия раскрывается как художественная форма выражения закономерностей бытия, основанных на логике, пропорции и симметрии.

Для современного учителя интеграция гуманитарных и естественнонаучных дисциплин является не просто методическим приёмом, а целостной философией образования, направленной на развитие гармоничной личности — мыслящей, чувствующей и творческой.
Используя поэтическое наследие Сырбая Мауленова, педагог не только делает процесс обучения более интересным и эмоционально насыщенным, но и вносит вклад в формирование национального самосознания, уважения к родному слову, культуре и науке. Таким образом, художественное слово становится своеобразным мостом между гуманитарным и математическим мышлением, помогая учащимся увидеть взаимосвязь между логикой и эстетикой, разумом и чувством.

Интеграция художественного и научного познания открывает новые возможности для воспитания личности, способной воспринимать мир во всём его многообразии и гармонии. Подобное единство точности и поэтичности, логики и вдохновения превращает урок в пространство живого творчества, где математика осмысливается как поэзия разума, а поэзия — как источник познания истины.

Список источников

1 Мауленов С. Избранные произведения. – Алматы: Жазушы, 1985.
2 Государственный архив литературы и искусства Республики Казахстан.
3 Назарбаев Н.А. Казахстан в XXI веке: интеграция культуры и образования. – Астана, 2019.
4 Алимбекова Г.К. Межпредметная интеграция в современном образовании. – Астана, 2020.
5 Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – Киев, 1971.
6 Министерство образования РК. Концепция развития функциональной грамотности школьников. – Астана, 2022.

Смайлова Жалын Турдалиевна,
Шымкент қаласы
А.Назарбеков атындағы
№87 жалпы орта білім
беретін мектеп

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ

Кіріспе

Қазақ әдебиеті тарихында туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілікті жырлаған ақындар аз емес. Солардың ішінде Сырбай Мәуленовтің поэзиясы ерекше орын алады. Оның шығармашылығы қазақ халқының ұлттық дүниетанымымен терең астасып, туған жерге деген шексіз махаббатын, табиғатқа деген нәзік қатынасын бейнелеп көрсетеді. Ақын поэзиясының басты арналарының бірі – табиғат пен туған жерді жырлау, оларды эстетикалық, рухани құндылық ретінде оқырман жүрегіне жеткізу. Бұл мақалада ақынның шығармашылығындағы табиғат тақырыбы, туған жерге деген сүйіспеншілік лирикалық арналар тұрғысынан талданады. Қазақ табиғат лирикасындағы ізденістер мен жетістіктерді сөз етер болсақ, алдымен тіл мен бейнелілік мәселесіне назар аударарымыз заңды. Поэтикалық ойлау жүйесіндегі қалыптасқан дәстүрлі суреттемелердің жаңа, соны көркемдікпен баюы жекелеген ақын шығармашылығындағы ізденістермен тікелей байланысты. Әлемдік поэзия өкілдерінің шығармашылығына назар салғанда олардың қай-қайсысының да соқпай өтпейтін нысанасы бар екенін көруге болады. Ол – табиғат. Лирикадағы табиғаттың суреттелуінің өзі түрлі бейнелеу тәсілдерімен жүзеге асатынына арғы-бергі кезеңдегі поэзиялық туындылардан көп мысалдар келтіруге болады. Адам мен табиғат – күллі өнер туындысының нысаны. Әсіресе сыршыл жанр лирикада жыл мезгілдері, уақыттың әрбір сәті түрлі тәсілмен жырланып, өзгеше бітімді көркем бейнеге айналды. Соның мысалы ретінде қазіргі лирикамыздағы түннің, іңірдің, кештің, таңның бейне (персонаж) дәрежесіне көтеріліп, кескінделуін сөз етсек, көп қырлы көркемдік әлемінің терең сырына қанығарымыз анық. Өнердің ең сезімтал түрі саналатын поэзиялық туындыларда басты нысан табиғат болса, табиғатқа телінетін адами әрекеттің де түбін мифологиялық ойлау жүйесінен іздейміз.

Адам назарын аударатын және адам тіршілігімен етене байланысты табиғаттың тылсым құпия сыры көп. Адамзат жаралғалы, тіпті одан да бұрын жаратылған заңғар, биік таулар мен шалқыған айдынды көлдер, ширатылып аққан өзендер қай заманда да ақын қиялын тербетіп, оның назарынан тыс қалмаған. Себебі қай ақынды алмаңыз, ең алдымен өзі өскен жердің табиғатын жырлап өткен. Сырбай да сол дәстүрді жалғастырушы. Ол тек тау суретін жырлауға бір топ өлең бағыштаған. “Көк таулар”, “Қаратау”, “Алатау”, “Таулар күледі”, т.б. Бұл өлеңдері біріне-бірі ұқсамайды, тақырыбы бір болса да, себебі, айтар ойы алуан түрлі. Ақынға таудың тәкаппар биіктігі, жықпыл-жықпыл тастары, асқар шыңдары, зеңгір көкпен таласқан шоқылары рух береді, содан барып лирик табиғатпен сырласып өзі де бір іштей тілегендей сыр төгеді. Ақын тауды тура табиғи кейпін жырлаудан гөрі тауды фон етіп алып өзінің сезім дүниесін, көңіл-күй әлемінің тебіренісін осы фонға ұштастырып жібереді. Табиғи көрініс те, ақын сезімі де ұштасып өлең әлемінің терезесін айқара ашып жібергендей болады. Бойды билеген сезім қуаты табиғат құбылысымен астасып кетеді, кейде салыстырып жібергендей, кейде теңеп отырғандай, енді бірде тебіреніс, толғаныс сәтіндей қабылданады. Тауды жырлай отырып, түйдек-түйдек ой айтады, философиялық топшылаулар жасап, адам психологиясына жарасымдылық ұғымының эстетикалық мәнін сіңіріп жібереді. Тау – қайсарлықтың,

қаһарлылықтың, биіктіктің, сонымен қатар сұлулық пен кербездіктің, алыптықтың да символы ретінде көрінеді. Жылдың әр мезгілінде тауды адам психологиясына, көңіл-күйіне ықпал, әсері де әрқилы, сондықтан лирикалық өлеңдерінде тарлант талант табиғат құбылыстарын әр қырынан жырлайды. Жай жырлап қана қоймай, ізденіп, бұрын ешкім айта алмаған көркемдік әлеміне соны із салады. Мұқағали терең халықтық поэзия үрдісін бойына сіңірген ақын. Тау табиғатының тылсым сырының ақын қиялын тербетіп, сезіміне ыстық шоқ тастап, бойына қуат дарытып отыруы да сондықтан.

Ақын табиғаттың әсемдігін жырлай отырып, өзінің табиғатқа деген қатынасын білдіріп отырады:

Таулар күледі,
Төбесіне күн шыққанда.
Тастар күледі,
Төсіне көк қына гүл шыққанда.
Ақын күледі,
Айлар бойы дірілдеп.
Жүрегінен жыр шыққанда

С.Мәуленов поэзиясының табиғатпен тұтастығы ақын даналығының әрі ажырамас бөлшегі әрі адастырмас өлшемі. Ол өзінің поэзиясына нәр мен қуатты туған жер табиғатынан алады, сондықтан өзінің сөзін де, жырын да соған арнайды.

Ақын өлең жолдарынан табиғат құбылысының мінезін сезесің, әрі сыршыл лирик өзінің сезімін де қоса өреді. Ол үшін туған жердің көктемі ала бөтен ыстық.

Ақын көктем тақырыбына әр алуан жыр арнады. Оның әрбір өлеңі – жаңа бір дүниенің кілтін ұстатқандай. Бірін-бірі қайталай бермейтін көктемнің әр қилы суретін, көрінісін әр алуан қырынан аша жырлайды. С.Мәуленовтің қай өлеңін оқысаң да, үлкен эстетикалық ләззатқа бөленіп, жан дүниең жадырап сала береді.

Далаға жайып көк жібек,
Өзен боп өзі дірілдеп,
Гүл болып қызыл желбіреп,
Көктем сұлу келеді,
Құшағын жайып елжіреп.
Жыл құсымен қиқулап,
Бұлағымен бұрқылдап,
Көктем сұлу келеді,
Балбыратып денені,
Бойды билеп, сиқырлап [1,33]

Немесе:

Қиқулап жеткен көктемде
Құстар толды көк көлге.
Бүр жабысып бұтаққа,
Мал жайылды бөктерге.
Құлайды ойға қыраттан
Қош айтысып, сыңсып қар.
Қанып ішіп бұлақтан,
Жайған жасыл бүршік тал [2,188].

Көз алдыңа сиқырлы сұлу әлем елестейді. Ақын өзге жан аңдай алмас сұлулықты байқайды. Сол сұлулықты сұлу сөз, сұлу бейне, сұлу өрнекпен кестелейді.

Табиғатты көркем туындыға тиек еткенде, әрбір суреткер оған өзінің қарым-қатынасын, кейде көзқарасын білдіріп отырады, сол арқылы адам тағдырын, тіршілігін жырлауды белгілі

деңгейде нысана етеді. Асып-тасудан аулақ, дархан пейілді ақынның берекелі ұстамдылығы, сабырлылығы жүріп өткен өмір жолдарындағы ізі секілді өлеңдерінен де өз өрнегімен өрнектеліп жатады. Ақынның "Табиғат пен адам" атты өлеңіне назар аударайық:

Сөйлетсе егер өзендерді,
Тіл берсе егер ормандарға,
Талай өткен кезеңдерді,
Айтар еді бар ғаламға [3,293].

Немесе:

Тасқын шайса, күнге қызып,
Желге үстімді кептіремін.
Желмен жайлап бірге жүріп,
Тау боп биік көк тіредім.
Жоқ ұштығы жол шегімнің,
Аспан мен Жер – сол серігім.
Мен – дүние өлшемімін,
Мен – табиғат бөлшегімін [1,242] –

деп, Сырбай тербегеніндей, әр ақын өзін табиғат-ананың бір бөлшегімін деп санайды.

С.Мәуленов жырларындағы күтпеген жерден көлденең шыға келетін соны образдылық – бейнелік тосындық қазақ поэзиясының көркемдік тәжірибесін байытты. Болмысты, табиғатты, т.т. басқалар ауызға алмаған, "аңғармаған" қырынан таныту – ақындық қырағылықтың, суреткерлік мергендіктің жемісі. Мәселен: "Жазғы сурет" атты өлеңіндегі:

Көк жүзінде дөңгеленген кептердей,
Сүттей аппақ жарқырайды жазғы ай.
Аспан беті ашық жатқан дәптердей,
Ал жұлдыздар соған түскен жазудай.
...Жел қарғиды қарағайдан секіріп,
Соның лебі – бұтақтардың дірілі [2,191], –

деген жолдардағы алғашқы шумақтағы әдемі көрініске бәлендей таңдана қоймаймыз. Ал жел қарағайдан қарғып секіргенде, бірден елең еткізеді. Гәп – қимылда немесе қозғалыста емес. Мәселе желге "жан" бітіп, қарғып желпінуінде.Егер алғашқы шумақта, көзге елестерліктей нақты дәйек – суреттер салыстыру арқылы сабақтасып, суреттер ұжымының ұясындай әсер етсе, кейінгісінде бұтақтардың дірілінен басқа "қолға ұстарлықтай" ештеңе жоқ. Жел қарғып түскен де, кеткен де, жүрген де жоқ; қарғиды – демек, жалғасып жатқан процесс. Сенбеске лаж жоқ: дәлел – бұтақтардың дірілі. Ойнаған, ойқастаған, жортқан, жортақтаған емес, ағаштардың арасымен қарғиды. Бұрын-соңды көрінбеген қозғалысты түйсікпен танып, ақылмен шамалаймыз. Көзге көрнектеліп көрінбесе де, көңілмен аулайтын көркемдік әлемі өзгеге ұқсамайтын, өзгені еске салмайтын "біртуарлығымен" жаңаша [4,459].

Келтірілген шумақтардағы ой, сезім, табиғат, болмыс құбылыстарын көркемдік материал, мазмұн, әрі бейнелік толғанысты жеткізуге қажетті құрал ретінде пайдалану талабы жыл өткен сайын нығая береді. Адам мен қоғам бойындағы құбылыстарды, ерекшеліктерді ақын салыстыра, сабақтастыра жырлайды. Табиғат әлемі – С.Мәуленов үшін сарқылмас эмоциялық қуат, қанаттандырушы рух, түпсіз бейнелілік қазына.

I. Сырбай Мәуленов поэзиясының табиғат тақырыбындағы орны

Сырбай Мәуленов поэзиясында табиғат бейнесі басты арналардың бірі болып саналады. Ол табиғат құбылыстарын тек сыртқы көрініс ретінде суреттемей, оның ішкі рухани мәніне терең бойлайды. Ақын үшін табиғат – адамның жан дүниесімен үндес тіршілік кеңістігі. Оның өлеңдерінде таулар мен далалар, өзендер мен көлдер, көктем мен күз құбылыстары символдық сипат алып, туған елдің, халықтың тағдырын бейнелейді.

Ақын табиғатты жалаң бейнелеуден аулақ. Ол табиғат арқылы адам мінезін, қоғамдық құбылыстарды да ашып көрсетеді. Мәселен, көктемгі жаңбырды жырлау арқылы ақын жасампаздықты, өмірдің қайта жаңғыруын бейнелейді. Ал күзгі суреттерде уақыттың жылжуымен бірге адамның ғұмыр белестері де қатар беріледі.

II. Туған жерге деген сүйіспеншіліктің поэзиядағы көрінісі

Сырбай Мәуленов шығармашылығында туған жер тақырыбы айрықша орын алады. Ол қазақ даласын, туған өлкенің әрбір тасын, әрбір бұлағын жырлай отырып, ұлттық болмысты бейнелейді. Ақын туған жерге деген сүйіспеншілікті патриотизмнің ең биік көрінісі деп біледі. Оның жырларында туған өлкенің табиғаты тек эстетикалық құндылық қана емес, сонымен қатар халықтың тарихы мен тағдырының символы ретінде көрінеді.

Сырбай поэзиясында туған жер – ана, туған өлке – мәңгілік махаббат, рухани қуаттың қайнары. Ақынның туған жерге арналған өлеңдері әрбір оқырманға жақын, себебі ол жалпы ұлттық сезімді оятады.

III. Лирикалық бейнелеу құралдары

Ақынның табиғат пен туған жерді жырлауда қолданатын басты тәсілдерінің бірі – көркемдік бейнелеу құралдары. Сырбай Мәуленов эпитет, метафора, теңеу сияқты тәсілдерді ұтымды қолдана отырып, өлеңдеріне ерекше әуезділік пен эмоциялық қуат береді.

Мысалы, ол туған жерді «алтын бесікке», табиғатты «адам жанының айнасына» теңейді. Бұл поэтикалық образдар арқылы ақын туған жерді тек географиялық кеңістік ретінде ғана емес, ұлттық рухтың, халықтық болмыстың символы ретінде көрсетеді.

IV. Табиғат пен туған жер образдарының ұлттық дүниетанымдағы мәні

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде табиғат пен туған жер ерекше орын алады. Сырбай Мәуленов осы дәстүрді жалғастыра отырып, табиғатты қазақтың рухани дүниесінің ажырамас бөлігі ретінде бейнелейді. Ақынның өлеңдерінде дала – еркіндіктің символы, тау – биіктік пен асқақтықтың бейнесі, өзен-көлдер – өмірдің мәңгілігін білдіреді.

Сырбай поэзиясы арқылы біз қазақ халқының табиғатқа деген ерекше қатынасын, туған жерге деген адал сүйіспеншілігін көреміз. Бұл қасиеттер ақын шығармашылығында ұлттық дүниетанымның негізгі арқауына айналады.

V. Сырбай поэзиясындағы патриотизм мен эстетика

Сырбай Мәуленов поэзиясы патриотизмге толы. Ол туған жерге деген махаббатты жырлай отырып, оқырманды елін сүюге, жерін қорғауға шақырады. Ақын шығармаларындағы эстетикалық қуат туған жердің сұлулығын паш етумен шектелмейді, ол ұлттық бірлікке, рухани тұтастыққа үндейді.

Ақынның туған жерге арналған өлеңдері бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ. Олар жас ұрпақты елжандылыққа, табиғатты аялауға тәрбиелейді.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов поэзиясы – қазақ әдебиетіндегі табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілікті бейнелейтін асыл қазына. Ақын шығармашылығында табиғат тақырыбы мен туған жер образы тек поэтикалық сипат қана емес, ұлттық рухты оятып, патриоттық сезімді күшейтетін маңызды арналар болып табылады. Оның өлеңдерінде табиғат пен туған жердің көркем бейнелері қазақ халқының дүниетанымымен, ұлттық болмысымен, рухани құндылықтарымен тығыз астасып жатыр. Сондықтан Сырбай поэзиясы бүгінгі күні де маңызын жоғалтпай, жас ұрпақтың бойына туған жерге деген сүйіспеншілікті сіңіруде ерекше рөл атқарады. С.Мәуленовтің табиғат лирикаларының тақырыбы әр алуан, бояу нақышы, бейнелеу машықтары, поэтикалық ізденістері де басқа ақындарға ұқсай бермейді. С.Мәуленов қазақ поэзиясына айрықша өнімді еңбек етіп, жемісті жырлар қалдырған талант.

Әдебиеттер тізімі
1. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1980.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2005.
3. Қирабаев С. Қазақ поэзиясы және ұлттық сана. – Алматы, 1993.
4. Әбділдаев Қ. Қазақ лирикасындағы табиғат бейнесі. – Астана, 2012.
5. Әуезов М. Әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Санат, 1997.

Сугирбекова Айман Избасаровна,
№91 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ» 3D ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАП

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялар мен инновациялық ресурстарды тиімді пайдалану – оқытудың сапасын арттырудың негізгі тетіктерінің бірі. XXI ғасыр мұғалімі тек білім беруші ғана емес, ақпараттық кеңістікте бағдар ұстай білетін, шығармашылықпен жұмыс істейтін, жаңа технологияларды меңгерген кәсіби маман болуы тиіс. Бұл тұрғыда электронды оқу құралдары – білім алушылардың қызығушылығын арттыруға, олардың танымдық белсенділігін күшейтуге және пәнге деген ынтасын дамытуға сеп болатын маңызды құралдардың бірі. Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, сыршыл ақын Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын оқыту барысында да цифрлық ресурстарды қолданудың тиімділігі жоғары. Осы тұрғыда әзірленген «Сырбай Мәуленов» 3D электронды кітабы – тек оқу процесін оңтайландыратын құрал ғана емес, оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған заманауи педагогикалық ресурс болып табылады.

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінде ерекше қолтаңбасымен танылған, ұлттық поэзияның дамуына айрықша үлес қосқан ақын. Оның шығармашылығы туған жерге деген сүйіспеншілік, ерлік пен адамгершілік, достық пен махаббат тақырыптарын кеңінен қамтиды. Оның өлеңдері терең сырға, нәзік сезімге толы, мазмұндық-идеялық жағынан да, көркемдік тұрғыдан да қазақ әдебиетінің қазынасына қосылған баға жетпес мұра болып саналады.

Білім беру саласында электронды оқу құралдарын пайдалану – ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына сәйкес туындаған қажеттілік. Электронды кітаптар оқушының оқу материалдарын жеңіл әрі тиімді меңгеруіне, өз бетімен іздену дағдысын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар оқыту процесін жекелендіруге, оқушылардың деңгейіне қарай бейімдеуге және сабақтың интерактивтілігін арттыруға септігін тигізеді. Ақынның сыршыл, ерлікке толы өлеңдері – қазақтың мол қазынасы екенін көрсетуде электронды оқу құралының ықпалы зор. Ақынның ұлтына деген сезімінің көрінісі: өлең-жыр шумақтарының мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын таныту барысында топтастырылған Сырбайтануға қатысты еңбектер оқушылардың интерактивті ой-өрісін дамытуға мүмкіндік береді.

«Сырбай Мәуленов» 3D электронды кітабының құрылымы

Аталған электронды оқу құралы екі бөлімнен тұрады:

I бөлімге 1000 бет көлемінде ақынның екі томдық шығармаларының толық мәтіндері енгізілген.

II бөлім аудио-бейне материалдар, тест, интерактивті тапсырмалардан тұрады.

Электронды кітаптың басты ерекшелігі – ол интернеттің көмегінсіз жұмыс істейді және кәдімгі слайдтың орнына қолдануға болады. Пайдаланушы кітаптың беттерін оңға-солға

парақтап, қажетті мәтіндер мен иллюстрацияларды үлкейтіп-кішірейте алады.Электронды кітап мазмұны тек мәтіндерден ғана емес, түрлі мультимедиалық материалдардан да тұрады:

- Ақын өмірі мен шығармашылығына арналған фотосуреттер мен иллюстрациялар;
- «Менің Республикам», «Жастығым, сені жоғалттым», «Қош бол, сәулем» т.б. аудио және бейне материалдар;
- Тақырыптар бойынша тест тапсырмалары мен интерактивті жаттығулар, өлеңдер.

Мұндай мазмұн оқушының мәтінді қабылдау қабілетін арттырып, материалды көп қырынан меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мәтіндер мен бейнематериалдарды басып шығару, үзінділерді бөлу сияқты функциялар оқушылар мен мұғалімдерге әдістемелік тұрғыдан қолайлы жағдай жасайды.

«Сырбай Мәуленов» электронды кітап шығармашылықпен жұмыс істейтін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері мен жас мамандарға, студенттерге сабақ беру барысында пайдалануға көмектесетін қосымша құрал ретінде пайдалануға болады.

3D электрондық кітап ұлт ұстазы Сырбай ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған. Оқу құралының мазмұны жазушы шығармашылығын өткенде білім алушылардың әдебиеттен алатын білімдерін жоғары дейгейде игеруге көмектеседі. «Сырбай оқулары» байқауына қатысатын жас оқырмандаға жазушы шығармаларының қолжетімді болуы. Электронды оқу құралын тиімді пайдалану – «Сырбайтану» ғылымы мен мектептегі оқу процесін оңтайландыру, сабақтың мазмұны мен көрнекілігін арттыруда елеулі үлес қосатыны сөзсіз.Электронды оқу құралы арқылы оқушылардың келесі дағдылары қалыптасады:

- **Ақпараттық сауаттылық:** түрлі форматтағы материалдармен жұмыс істеу, ақпаратты талдау, салыстыру;
- **Сыни ойлау:** шығармаларды талдау, тақырыптық және идеялық мазмұнын ашу;
- **Шығармашылық:** өз көзқарасын білдіру, өлеңдерге интерпретация жасау;
- **Коммуникативтік дағды:** пікірталас жүргізу, мәтін бойынша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

«Сырбай Мәуленов» 3D электронды кітабын қолдану үшін нұсқаулық:

1.Электронды кітап ғаламтордың көмегінсіз ашылып, жұмыс істейді және слайдтың орнына қолдануға болады. Электронды кітаптың беттері парақталып оңға, солға ашылады. Электронды оқу құралы flipbuilder.com бағдарламасында жасалған. [1].



2.Электронды кітаптың беттері оңнан-солға қарай парақталып ашылады. Басты бетке ақынның «Тарбағатау таулары» өлеңінің әуені қойылған. Сырбай Мәуленовтің суреттері, шығармалары жинақталған. /Ал кәдімгі слайдқа мұндай көлемді материалдар сыймайды./



3.Электронды кітапқа жазушының өмірі мен шығармашылығы жайлы «Менің Республикам», «Түбірлер», «Жастығым, сені жоғалттым», «Ақ түн», «Қош бол, сәулем», «Боранда» т.б. аудио-бейне топтамалар енгізілген. Бейнефайлдар ғаламтордың көмегінсіз ашыла береді.



4.Кітаптың төменгі сол жағында орналасқан **миниатюры** деген кнопканы басып, қалаған бетке өте аласыз және өзіңізге қажет сурет пен шығарманың керек бөлігін **печать** бөлігі арқылы принтерден қағазға басып шығарып алуға болады.



5. 3D электронды оқу құралының арасына оқырмандар үшін Сырбай Мәуленовтің 2012 жылы жарық көрген 2 томдық шығармалар жинағы енгізілді. Ақын шығармаларын ешқандай интернеттің көмегінсіз, кітапханаға бармай-ақ ұстаздар да, студенттер де, оқушылар да оқи береді. [2].

6.Жоғарыда сол жақта тұрған **«-», «+» деген кнопкаларды** басып, мәтінді, немесе суретті үлкейтіп, кішірейтуге болады. Әр тақырыпқа байланысты тест тапсырмалары берілген. Оқу құралына енгізілген аудио-бейне материалдар e-learning, bilimland.kz сайтынан алынған. [3].



7.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған интерактивті тапсырмалар https://onlinetestpad.com/ платформасында жасалынған. Тапсырмаларды қолмен қағазда дайындауға қарағанда, платформада тез құруға болады. Статистика мен нәтиже автоматты түрде есептеледі, қолмен тексерудің қажеті азаяды. Оқушы тапсырманы аяқтаған соң көптеген сұрақтар бойынша жауаптарын дереу көре алады, қателерін түзете алады. Әр тақырыпқа, деңгейге сай тестті түрлендіруге болады. Соңынан нәтижесіне қарай сертификат та ала алады. Бұл тапсырмалар ғаламтор арқылы орындалады.



Қорыта айтқанда, цифрлық технологиялар мен инновациялық ресурстарды білім беру процесіне енгізу – білім сапасын арттырудың басты шарты. Осы тұрғыда Сырбай Мәуленов шығармашылығын оқытуда 3D электронды кітапты пайдалану – ұлттық әдебиетті заманауи форматта меңгерудің тиімді жолы әрі болашақ ұрпақтың әдеби талғамын қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылады.

Мұғалімдер үшін пайдасы: электронды оқу құралы мұғалімдерге сабаққа дайындықты жеңілдетіп, оны сапалы өткізуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер дайын мультимедиалық материалдар мен тапсырмаларды қолданып, сабақ құрылымын түрлендіріп, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыра алады.

Оқушылар үшін тиімділігі: оқушылар үшін 3D электронды кітап оқу процесін қызықты әрі интерактивті етеді. Ақын шығармаларын тек оқып қана қоймай, тыңдап, көріп, сезінуге мүмкіндік алады. Бұл – әдебиет пәнін тек теориялық емес, эмоционалды-шығармашылық тұрғыдан қабылдауға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі:
1.https://ru.flipbuilder.com/flip-pdf/index.html
2.Екі томдық шығармалар жинағы Мәуленов, Сырбай; [құраст. қыздары: Бахытжамал, Сақыпжамал, ұлдары: Бейбіт, Қасым, Ғазиз]- Алматы: Service Press , 2012. Т. 1-2 том. Өлеңдер.
3.https://bilimland.kz/kk
4. https://onlinetestpad.com/deoaqemnm63pc
5. https://onlinetestpad.com/nkwnv5gqalr6i
6. https://onlinetestpad.com/fcteydsrh3nj4
7. https://onlinetestpad.com/i4v3zwxwegq5g
8. https://onlinetestpad.com/o3prysw62p2zs
9. https://onlinetestpad.com/62s6kqfnwta5m

Сугралина Назгуль Айтпаевна,
Астана қаласы
№3 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазақ әдебиеті- ұлттық руханияттың айнасы, ұрпақ тәрбиесінің сарқылмас бұлағы. Әдеби шығармаларды мектепте оқыту- тек білім берудің құралы ғана емес, сонымен бірге оқушының дүниетанымын кеңейтуге, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, ұлттық сана- сезімін тәрбиелеуге қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ХХ ғасырдың аса көрнекті ақыны, Қазақстанның халық жазушысы Сырбай Мәуленов шығармаларының орны ерекше.

Мектеп бағдарламасында Сырбай Мәуленовтің бірқатар өлеңдері мен публицистикалық шығармалары ұсынылған. Бұл туындыларды оқыту барысында мұғалім оқушыларды тек ақын өмірбаянымен немесе мәтін мазмұнымен таныстырумен шектелмей, оларды әдеби талдауға, шығармашылық ізденіске, өзіндік пікір айтуға жетелеуі қажет. Әдебиет сабағындағы басты мақсат- дайын ақпарат беру емес, оқушыны көркем туындыны қабылдауға, оның эстетикалық құндылығын сезінуге, ішкі мәнін ашуға үйрету [3, 19-б.].

Сырбай поэзиясын оқыту әдістемесін қарастырудың өзектілігі бірнеше факторға байланысты:

1. Тәрбиелік мәні. Ақын шығармалары арқылы оқушыларда Отанға деген сүйіспеншілік, табиғатты аялау, еңбекті қадірлеу сияқты құндылықтар қалыптасады.

2. Тілдік-көркемдік байлық. Мәуленов өлеңдерінің тілі бейнелі, суреткерлік қуаты жоғары. Бұл оқушылардың тіл байлығын арттыруға ықпал етеді.

3. Әдістемелік мүмкіндіктер. Ақын шығармаларын оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар, заманауи педагогикалық технологияларды (сыни тұрғыдан ойлау, кластер, инсерт, деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар) кеңінен қолдануға болады.

4. Жаңартылған оқу бағдарламасымен үйлесімі. Қазіргі білім мазмұны оқушылардың құзыреттілігін дамытуға бағытталғандықтан, Сырбай шығармаларын оқытуда мәтіндік талдау, салыстыру, интерпретациялау, бағалау дағдыларын жетілдіру аса маңызды [3, 27-б.].

Сырбай Мәуленов поэзиясының басты ерекшелігі- тақырыптық ауқымының кеңдігі. Ақын шығармашылығында туған жер, табиғат, Отанға сүйіспеншілік, еңбек адамының бейнесі, соғыс жылдарының шындығы, халықтың тағдыры мен болашағы көркем бейнеленген. Осы тақырыптарды мектепте оқыту барысында мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін, қабылдау қабілетін, қызығушылық деңгейін ескеруі тиіс [1, 71-б.].

Отан тақырыбы. Сырбай Мәуленов поэзиясында Отан – ең қасиетті ұғым. Ақын үшін Отан – туған жердің кең даласы, туған елдің асыл мұрасы. Оның «Менің Қазақстаным», «Дала жыры», «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ» сияқты өлеңдері жас ұрпақтың бойына елін сүю сезімін ұялатады. Мектепте бұл тақырыптағы өлеңдерді оқыту оқушылардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Табиғат тақырыбы. Ақынның табиғат лирикасы қазақ поэзиясының көркем қазынасына қосылған асыл мұра. Оның «Қарлығаш», «Көктем келді», «Жазғы дала» сияқты өлеңдері табиғат сұлулығын нәзік сезіммен суреттейді. Мәуленов табиғатты адам көңіл-күйімен, өмір құбылыстарымен салыстыра жырлайды. Бұл өлеңдерді оқытуда мұғалім оқушыларды табиғатты сезінуге, бейнелі тілдің сырын ашуға, көркем сөзді күнделікті өмірде қолдануға баулиды. Сонымен қатар табиғатты қорғау мәселесін көтеріп, экологиялық тәрбие беруге де мүмкіндік туады.

Соғыс тақырыбы. Сырбай Мәуленов- Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер ақын. Оның өлеңдерінде соғыстың қасіреті, жауынгердің ерлігі, бейбіт өмірдің құндылығы айқын бейнеленеді. «Жеңіс жыры», «Солдат сыры» секілді шығармалары жас ұрпаққа бейбітшіліктің бағасын ұғындырады. Мұндай өлеңдерді оқытуда тарихи деректермен байланыстыру, сол кездегі халықтың тағдырын әңгімелеу, оқушыларды қазіргі бейбіт өмірдің қадірін түсінуге тәрбиелеу маңызды.

Еңбек пен адамгершілік тақырыбы. Мәуленов өлеңдерінде еңбек адамының бейнесі ерекше орын алады. Ол қарапайым жұмысшыны, дала шаруасын, кенші мен диқанды асқақтата жырлайды. Бұл өлеңдер жас ұрпаққа еңбекқорлық, жауапкершілік, адалдық сияқты құндылықтарды сіңіреді. Мұғалім сабақта оқушыларды еңбек адамдарының еңбегін құрметтеуге, олардың қоғамдағы орнын бағалауға шақыра алады.

Балаларға арналған өлеңдері. Ақынның балаларға арнаған шағын өлеңдері мен өлең-ертегілері де бар. Оларды бастауыш сыныптарда оқыту өте тиімді. Өлеңдердің тілі жеңіл, бейнелері қызықты, балалардың қиялын дамытады. Мысалы, жан-жануарлар, құстар, жыл мезгілдері туралы шағын жырлары бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуға, әдебиетке қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді [6, 27-б.].

Сырбай Мәуленов шығармаларының тақырыптық ауқымы оқушыны жан-жақты дамытуға жол ашады. Отансүйгіштік, табиғатты аялау, еңбекті құрметтеу, бейбітшілікті бағалау, адамгершілікке тәрбиелеу сияқты құндылықтарды дарытуда ақын поэзиясының орны ерекше. Мұғалім осы тақырыптарды сабақта дұрыс ашып, түрлі әдістер арқылы оқушыларға жеткізе білсе, оқу-тәрбие процесінің тиімділігі артады [2, 119-б.].

Сырбай Мәуленов шығармаларын мектепте оқыту - тек әдеби білім берудің ғана емес, сонымен қатар оқушының рухани дамуы мен тұлғалық қалыптасуының маңызды құралы. Ақынның поэзиясын меңгерту барысында мұғалім оқыту үдерісін жоспарлау кезінде мынадай әдістемелік ұстанымдарға сүйенгені жөн:

1. Көркем мәтінді талдау әдісі

Әдеби шығарманы оқытудағы басты тәсіл- мәтінмен жұмыс. Сырбай Мәуленов өлеңдері қысқа болғанымен, терең мазмұнға бай. Мұғалім оқушыларды мәтінді бірнеше қайтара оқуға, әр тармақтың мағынасына үңілуге, бейнелі сөздерді табуға, олардың көркемдік қызметін түсіндіруге үйретуі тиіс. Мәтінді талдау барысында оқушыларды өз ойларын еркін айтуға, автор идеясына баға беруге жетелеу маңызды.

2. Дәстүрлі әдістерді пайдалану

Ақын шығармаларын оқытуда мәнерлеп оқу, жаттау, сұрақ-жауап, мазмұндау сияқты дәстүрлі әдістердің тиімділігі зор. Мәнерлеп оқу оқушылардың тіл мәдениетін дамытса, жаттау есте сақтау қабілетін шыңдайды, ал сұрақ-жауап арқылы шығарманың мазмұны мен идеясы ашылады. Бұл әдістерді қолдану оқушыны мәтінді толық қабылдауға бағыттайды.

3. Заманауи педагогикалық технологияларды енгізу

Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған. Осы орайда мұғалім Сырбай шығармаларын оқытуда түрлі инновациялық тәсілдерді қолдана алады:

- «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі арқылы өлең мазмұнын талқылау;
- Кластер, Венн диаграммасы арқылы ақын шығармаларын басқа қаламгерлермен салыстыру;
- Инсерт әдісі арқылы оқушылардың мәтінге деген жеке көзқарасын білдіру;
- Рөлдік ойындар арқылы өлең кейіпкерлерінің бейнесін сомдау.

4. Дамыта оқыту принциптері

Ақын шығармаларын оқытуда дамыта оқыту жүйесін қолдану тиімді. Мысалы, мұғалім өлең мазмұны бойынша проблемалық сұрақ қояды: «Бұл өлеңде табиғат суреті арқылы ақын қандай ой айтқысы келді?» немесе «Отанды сүю сезімі қалай берілген?». Мұндай тапсырмалар оқушыны ойлануға, өзіндік пікір айтуға итермелейді.

5. Шығармашылық жұмыстар

Оқушылардың ақын шығармаларын қабылдауын тереңдету үшін шығармашылық тапсырмалар ұсынылады:

- Мәуленов өлеңіне ілеспе сурет салу;
- Өлеңдегі негізгі ойды қысқа эссе түрінде жазу;
-Ақын стиліне еліктеп шағын өлең құрастыру;
-Табиғат лирикасын оқығаннан кейін «Менің туған өлкем» тақырыбында шағын шығарма жазу.

6. Интеграциялық байланыстар

Сырбай поэзиясын оқытуда әдебиетті тарихпен, музыкамен, бейнелеу өнерімен байланыстыра оқыту тиімді. Соғыс тақырыбындағы өлеңдерді тарих пәніндегі материалдармен ұштастыруға болады. Табиғат лирикасын музыка сабағындағы әндермен немесе бейнелеу өнеріндегі суреттермен салыстыру оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді.

7. Қиындықтар мен оларды шешу жолдары

Кейбір оқушылар үшін поэзиядағы бейнелі сөздерді, астарлы ойды түсіну қиындық туғызуы мүмкін. Мұғалім бұл жағдайда түсіндірмелі сөздікпен жұмыс істеуді, бейнелі сөздерге мысал келтіруді, өлең мазмұнын қарапайым тілмен әңгімелеуді қолданғаны жөн [8, 98-б.].

Сырбай Мәуленов шығармаларын мектепте тиімді оқыту үшін мұғалім тек теориялық түсіндірумен шектелмей, әр сыныптың деңгейіне сәйкес практикалық тәсілдерді қолданғаны жөн. Әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған сабақ оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың әдеби білімін, тілдік қабілетін, шығармашылық мүмкіндігін дамытады [4, 108-б.].

Бастауыш сыныптарда оқыту.

Бастауыш сынып оқушылары үшін Сырбай Мәуленовтің балаларға арналған қысқа өлеңдері, табиғат лирикасы, жан-жануарлар жайлы шағын жырлары өте ыңғайлы. Мұғалім бұл кезеңде оқушыларды мәнерлеп оқуға, өлеңді жатқа айтуға, бейнелі сөздерді түсінуге баулиды.

Сабақ үлгісі:

Мұғалім оқушыларға «Қарлығаш» өлеңін мәнерлеп оқып береді.

Оқушыларға «қарлығаш бейнесін қандай сөздермен суреттеді?» деген сұрақ қойылады.

Балалар өз ойларын суретпен жеткізеді немесе қарлығаш туралы шағын әңгіме құрастырады.

Сабақ соңында оқушылар қарлығашты қорғау, табиғатты аялау жайында өз пікірлерін ортаға салады.

Бұл әдіс оқушыны өлеңді түсінуге, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелейді.

Орта буында оқыту

5–8 сынып оқушыларында әдеби талдау жасау дағдысы қалыптаса бастайды. Бұл кезеңде мұғалім өлең мазмұнын ашумен қатар, оның көркемдік ерекшелігін, идеялық мәнін талдауға үйретеді.

Сабақ үлгісі:

7-сыныпта «Жеңіс жыры» өлеңін оқыту.

Мұғалім алдын ала соғыс жылдары туралы қысқаша тарихи мәлімет береді.

Оқушылар өлеңнен жауынгерлердің бейнесін сипаттайтын жолдарды табады.

Топтық жұмыс: бір топ – өлеңдегі ерлік тақырыбын, екінші топ – бейбітшілік тақырыбын талдайды.

Сабақ соңында оқушылар бүгінгі бейбіт өмірдің құндылығы туралы шағын ой-толғау жазады.

Мұндай тәсілдер тарихи білімді әдеби шығармамен ұштастырып, патриоттық тәрбие береді [7, 11-б.].

Жоғарғы сыныптарда оқыту

9–11 сыныптарда оқушыларды терең талдауға, сыни ой айтуға баулу қажет. Бұл кезеңде Сырбай Мәуленовтің азаматтық лирикасы, публицистикалық шығармалары оқытылады.

Сабақ үлгісі:

10-сыныпта «Менің Қазақстаным» өлеңін талдау.

Оқушыларды үш топқа бөлу:

1. Топ – өлеңдегі поэтикалық тіл ерекшелігін зерттейді.
2. Топ – өлеңнің негізгі идеясын анықтайды.
3. Топ – қазіргі жастар үшін өлеңнің тәрбиелік мәнін талқылайды.

Әр топ өз нәтижесін постер немесе презентация арқылы қорғайды.

Сабақ соңында оқушылар «Мен үшін Қазақстан» тақырыбында шағын эссе жазады.

Бұл үлгі оқушыны ғылыми-шығармашылық жұмысқа баулиды, өз пікірін негіздеуге үйретеді [6, 21-б.].

Қосымша іс-шаралар

Мектепте тек сабақпен шектелмей, Сырбай Мәуленовке арналған сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру тиімді:

- Ақын шығармашылығына арналған әдеби кеш өткізу;
- Оқушылар арасында мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастыру;
- «Менің сүйікті өлеңім» атты шағын эссе байқауын өткізу;
- Ақын өлеңдеріне жазылған әндерді тыңдатып, өнермен байланыстыру.

Мұндай іс-шаралар оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттырып, ақын шығармашылығына деген сүйіспеншілікті қалыптастырады [5, 102-б.].

Қорыта айтқанда, Сырбай Мәуленов шығармаларын мектепте оқыту- оқушылардың әдеби талғамын қалыптастырып қана қоймай, олардың ұлттық рухани дүниесін байытады. Ақын поэзиясындағы отансүйгіштік, табиғатқа сүйіспеншілік, адамгершілік пен еңбекқорлық идеялары- жас ұрпаққа өнеге боларлық құндылықтар. Оқыту әдістемесінде дәстүрлі талдау мен заманауи инновациялық тәсілдерді ұштастыру арқылы оқушының қызығушылығын оятуға, шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік туады. Әсіресе топтық жұмыс, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар, цифрлық ресурстарды пайдалану ақын туындыларын терең меңгеруге жол ашады. Сырбай Мәуленов поэзиясын оқыту барысында мұғалімнің басты міндеті- өлеңнің ішкі мағынасын ашып қана қоймай, оны оқушының өмірлік тәжірибесімен байланыстыра білу. Осылайша, ақын мұрасы жас ұрпақтың рухани әлемін байытып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге қызмет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Әдебиеттану. Оқушыларға көмекші құрал. – Алматы: Мектеп, 2014

2 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1996
3 Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 2006
4 Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламасы (жаңартылған мазмұн). – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023
5 Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Білім, 2001
6 Мәуленов С. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Рауан, 1990
7 Мәуленов С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985
8 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас және оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2010

Сэрээтэр Гульбахыт,
Сырбай Мәуленов атындағы
№37 мектеп-лицейі
математика пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫ АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ТАЛДАУ

Әдеби-математикалық интеграцияға арналған баяндама

Кіріспе

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі. Оның шығармалары терең философиялық мазмұнға, ойлы образдарға, табиғат пен адам арасындағы үйлесімге құрылған. Ақын жырларында өмірдің өткіншілігі, тағдырдың тәлкегі, уақыт пен кеңістік туралы толғаныстар айқын сезіледі. Ол поэзияны тек сұлулықты жырлаудың құралы емес, өмір заңдылықтарын танытатын танымдық арна деп білді. Әдебиет пен ғылым – адамзат өркениетінің қос қанаты. Бірі – адамның рухани дүниесін байытса, екіншісі – ақыл-ойды дамытып, дүниені танудың кілтін береді. Әдебиет адам жанына терең бойлауға мүмкіндік жасаса, математика дүниенің нақты заңдылықтарын түсіндіреді. Екеуін қатар алып қарастыру – оқушыға өмірді жан-жақты тануға жол ашады.

Сырбай Мәуленовтің өлеңдерін математикалық ұғымдармен байланыстыра талдау – тың әрі ерекше тәсіл. Бұл тәсіл оқушыға әдеби шығарманың философиялық астарын ашумен қатар, математиканың өмірлік маңызын ұғындырады. Ақынның табиғатты, толқынды, дауылды бейнелеген жолдары тригонометриялық функциялармен, ал өмір заңдылықтарын сипаттаған шумақтары кесінділі функциялармен үндесіп жатады.

Мектептерінде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың маңызы зор. Себебі бүгінгі білім беру жүйесі оқушыға жеке пәннен оқшау білім емес, өмірлік құбылыстарды тұтастай түсінуді талап етеді. Әдебиет пен математика арасындағы байланысты ашу арқылы оқушыға екі пәннің де құндылығын терең ұғындыруға болады. [1, 23-б.] Әдебиет сезім мен ойды тәрбиелесе, математика логика мен дәлдікті қалыптастырады. Осы екеуінің тоғысы – нағыз жан-жақты білімнің бастауы.

Бұл жұмыстың өзектілігі – қазақ поэзиясын математикалық тұрғыдан талдап, оқушыға ғылым мен өнердің ортақ заңдылықтарын көрсетуінде. Әдебиеттегі толқын бейнесі мен математикалық синус, косинус функциясының толқынды қозғалысы арасындағы байланыс оқушының қиялын ұштайды. Өмірдің үзілісті заңдылықтары мен кесінділі функциялар арасындағы ұқсастық жас ұрпаққа өмірлік сабақ береді.

Зерттеудің мақсаты – Сырбай Мәуленов өлеңдерін талдау арқылы әдебиет пен математиканың табиғи байланысын ашу. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

- Ақын шығармашылығындағы табиғат пен өмір бейнесін айқындау;
- Математикалық функциялармен салыстыра отырып өлеңдердің философиялық мәнін ашу;
- Әдебиет пен математиканың оқушы дүниетанымына ықпалын көрсету.

Зерттеу нысаны – Сырбай Мәуленовтің философиялық өлеңдері. Зерттеу пәні – өлеңдердегі табиғат пен өмір заңдылықтарының математикалық ұғымдармен үндестігі.

Бұл жұмыста салыстырмалы талдау әдісі, әдеби-теориялық талдау әдісі және философиялық пайымдау тәсілі қолданылды. Өлең жолдары нақты функциялар графигімен салыстырылып, олардың өмірлік мағынасы ашылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Сырбай Мәуленов поэзиясын математикамен байланыстыра талдаудың жасалуы. Қазақ әдебиетінде пәнаралық байланыс туралы еңбектер болғанымен, поэзияны тригонометриялық функциялар мен кесінділі функциялар арқылы түсіндіру – жаңа бағыт.

Жұмыстың ғылыми-практикалық мәні – бұл талдауды мектеп тәжірибесінде қолдануға болады. Әдебиет сабақтарында оқушылар өлеңдерді тек мазмұндық тұрғыда емес, өмірлік заңдылықтар тұрғысынан пайымдауға дағдыланады. Математика сабақтарында абстрактілі ұғымдарды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік туады.

Философиялық тұрғыдан алғанда, Сырбай Мәуленовтің жырлары – өмірдің математикалық заңдылықтармен өрілгенін аңғартатын туындылар. Табиғаттағы толқындар, дауылдар, найзағайлар – синус пен косинустың үздіксіз қозғалысы секілді. Өмірдегі тосқауылдар мен кедергілер – тангенс пен котангенстің үзілістерін еске салады. Ал тағдырдың қатаң заңдары кесінділі функциядай тармақталып отырады.

Осылайша, кіріспеде көрсетілгендей, бұл жұмыс әдебиет пен математиканы біріктіре отырып, оқушыға өмірлік сабақ беруді мақсат етеді. Ақын поэзиясының философиялық ойы мен математиканың қатаң заңдылығы бір арнада тоғысып, білімнің тұтастығын дәлелдейді. Мектептегі математика сабақтары тек формула мен ережелерді жаттату ғана емес, оқушының қиялын, тілін, ойлау мәдениетін де дамытатын кеңістік болуы керек. Әдебиет — сол кеңістіктегі ең қуатты серіктердің бірі. Табиғатты, адам жанын, қоғам тіршілігін поэтикалық бейнелер арқылы сөйлеткенде, абстракт ұғымдардың жылулығы пайда болады: санның мінезі, функцияның «тіршілігі», графиктің «жүрісі» көзге айқындалып, құлаққа жағымды естіледі.

Осы баяндамада Сырбай Мәуленов поэзиясын математикалық функцияларды талдау тақырыбымен ұштастырудың жүйелі үлгісін ұсынамын. Біз ақынның атындағы мектепте оқимыз. Атамыздың көпшілік өлеңдері соғыс кезінде жазылған қысқа, тілге жаттық. Құрылымына тоқталайық.

- Ықшамдылық пен жинақылық көбіне қысқа жолды, шағын шумақты өлеңдер жазды. Сөзді созбай, ойды дәл беруге тырысты.
- Ауыр, күрделі форма жоқ – Өлең құрылысы қарапайым, оқуға жеңіл. Шумақтары 4–6 жолдан аспайтындары жиі кездеседі.
- Ритм мен ұйқас үйлесімі – Ұйқастары таза, қарапайым, кейде халық поэзиясына тән қара өлең үлгісіне жақын. Сондықтан күрделі ырғақ іздеу қиын емес.
- Тілі қарапайым, түсінікті – Көп өлеңдерінде ауыр философиялық немесе ғылыми терминдер кездеспейді. Оқушыға да, қарапайым оқырманға да жеңіл қабылданады.
- Көркем бейнелілік – Табиғатты, туған жерді суреттегенде жусан, дала, тау, жел, өзен сияқты қарапайым, бірақ әсерлі сөздерді қолданады.
- Философиялық астары бар – Кейде қарапайым сөздер арқылы үлкен ой айтады. Мысалы, "Жусан" деген сөзді тек өсімдік ретінде емес, туған жердің иісі, халықтың тағдыры

ретінде береді. Мен осы өлеңдердегі философиялық ойларды математика тілінде сөйлету арқылы оқушыларға ақынның ойын жеткізуге болатынын осы баяндамада айтатын боламын.

Негізгі мақсат Сырбай Мәуеновтің өлеңдеріндегі тармақтардың мәнін ашу арқылы — функция, оның қасиеттері (анықталу облысы, мәндер жиыны, периодтылық, өсу-кему, экстремум, нөлдер, асимптота, үзіліс), сонымен бірге параллель мен қиылысу, оң және теріс сандар ұғымдарын оқушыларға әсерлі әрі есте қаларлық түрде түсіндіру . Баяндамада нақты өлең жолдарына сүйенген әдістемелік қадамдар, сынып ішіндегі практикалық жұмыстар, рефлексия мен бағалау идеялары қамтылады.

Әдеби бейне — математикалық ұғымның көпірі.

Сырбай Мәуленовтің «Келешекке» атты өлеңі

Тулар теңіз, көшер толқын
Керуен жыл шұбалар, Өрши берер өмір заңы,
Соны жерден су ағар.
Жел айдаған бұлт секілді Кетер талай көш келіп,
Келешек жас жырымызды
Оқыр ма екен ескеріп. [2, 56-б.]

Өлеңді құрылымдық және мазмұндық қасиетіне қарай былай талдауға болады:

1. Патриоттық-тәрбиелік қасиеті

Ақын келешек ұрпаққа сенім артады.

«Келешек жас жырымызды оқыр ма екен ескеріп» деген жолдар жастарды өлеңнен, әдебиеттен, рухани мұрадан алыстамай, қадірлеуге шақырады.

2. Философиялық-танымдық қасиеті

Өмірдің мәңгілік қозғалысын, уақыттың тоқтамай ағатынын бейнелейді.

«Жел айдаған бұлт секілді, кетер талай көш келіп» – уақытша дүниені, адам өмірінің өткіншілігін көрсетеді.

3. Эстетикалық қасиеті

- Теңеу («жел айдаған бұлт секілді»), символ («тулаған теңіз», «көшкен толқын») арқылы көркемдік әсер береді.
- Оқырманға поэзияның сұлулығын, образдық қуатын сезіндіреді.

4. Қоғамдық-әлеуметтік қасиеті.

- Ақын дәуір тынысын жеткізеді, халық өмірін жырға қосады.
- «Өмір заңы өрши берер» деп, қоғамның дамуын, тоқтамайтын қозғалысын меңзейді.

Енді осы өлең жолдарын математикалық келесі «Функция» тақырыбы арқылы оқушыға елестетуге мүмкіндік берейік. 7.9 есеп 10- сынып «Алгебра және анализ бастамалары». [3- 46б]

7.9 есеп. Функцияның графигін салып және қасиеттерін атаңдар

$$\begin{cases} x^2 + 2 \text{ мұндағы } -2 \le x < 1 \\ -x + 3 \text{ мұндағы } 1 \le x \le 8 \end{cases}$$



Сурет 1. Кесінділі функция графигі (x=1 нүктесінде үзіліс бар).

Функцияның сипаттамасы

- Анықталу облысы: [-2, 8]
- Үзіліс нүктесі: x=1 (секірме үзіліс)
- Монотондылық: [-2,0] кемиді; [0,1) өседі; [1,8] кемиді
- Экстремум: x=0 нүктесінде минимум, f(0)=2
- Нөлдері: x=3 (түбір)
- Мәндер облысы: [-5, 6]

Өлең жолдары мен функция қасиеттерінің ұқсастығы

Өлең жолы: Тулар теңіз, көшер толқын, Керуен жыл шұбалар

Ұқсастығы: Сол жақ бөлік (x^2+2) – параболаның толқынды жүрісі. [-2,0] аралығында төмен түсіп, [0,1) аралығында қайта көтеріледі. Бұл толқынның қозғалысына ұқсайды.

Өлең жолы: Өрши берер өмір заңы, Соны жерден су ағар. Бұл жердегі негізі философиялық ой мына жерде яғни адам өмірі тоқтасады адам ұрпағымен жасайды тура мына функция сияқты параболланың жалғастыратын түзу бар

Ұқсастығы: x=1 нүктесінде заң өзгереді: параболадан түзуге өтеді. Бұл – функциядағы секірме үзіліс. Өлеңдегі «соны жерден су ағар» сөзі функцияның басқа тармақпен жалғасуын бейнелейді.

Өлең жолы: Жел айдаған бұлт секілді, Кетер талай көш келіп,

Ұқсастығы: Оң жақ бөлік (-x+3) – бірқалыпты төмендейтін түзу. f(1)=2-ден бастап f(8)=-5-ке дейін үздіксіз кемиді. Бұл жел айдаған бұлттай тоқтаусыз қозғалысты елестетеді.

Өлең жолы: Келешек жас жырымызды, Оқыр ма екен ескеріп. Бұл жерде де тура мағынысанды функцияның ерекше жағдайларын қарстыру керек.

Ұқсастығы: Бұл өлең жолдары функцияның шектерін, алынатын және алынбайтын мәндерін ескеруге ұқсайды. Сол жақ шек f(1-)=3 алынбайды, ал f(1)=2 бар. Оқушы болашақта осыны ескеріп талдайды.

Осы өлең жолы арқылы оқушыға функцияның мағынасын түсіндіруге болады және өлеңнің философиялық ойын функция арқылы елестетуге болады.

Келесі бір мысал: Бұл – Сырбай Мәуленовтің табиғат пен адамның рухын тоғыстырған толғауларының бірі. «Дауыл» өлеңі

Тұңғиық түпсіз теңізді жауып,
Соғады дауыл, бұлт бұйраланып.
Атады быж-быж қайнап көбігін,
Толқынды толқын үйіріп қағып.
Жартасты айналып от таспадай

Мұңды найзағай жыландай иірілген,
Шатырлайды дүлей, алқымдайды үрей,
Көтерем бәрін иығыммен.
Тұрмын қасқарып, жалт берер жасқанып
Жер үстінің сұрапыл сойқанынан
Алданып өмірге көзінен жас тамып,
Тосқауылда торығып, тойтарылған.
Онсыз да шырмады өсек-лақап,
Мен сорлыны ажалға тақап,
Жап – жалаңаш шаншылған жартас едім
Сен болдың ба жалмайтын жалынапат?
Жоқ! Ұша бер, найзағай жарқыраған,
Тас төбемнен соқ, дауыл арқыраған;
Көзім жоқ сұрқым қашып үрейленіп,
Аласатта абыржып қалтыраған. [4, 34-б.]

Өлең мағынасы жалпысында геометриялық параллель ұғымымен сәйкес келеді. Екі тоғысбайтын адамның жан дүниесімен табиғат құбылысы қосарланып келеді де бір бірін

Өлең және тригонометриялық функциялармен салыстыру Параллель ұғымымен салыстыру

1. Геометриялық параллель:

• Параллель түзулер – ешқашан қиылыспайтын, қатар жүретін сызықтар.
• Өлеңде теңіз толқыны мен дауыл да осылай қатар жүріп, бір-бірімен бітіспейді.
• Адам рухы мен табиғаттың дүлей күші – екі параллель сызық сияқты.

2. Өмірлік-философиялық параллель:

• Табиғат құбылыстары (дауыл, найзағай, толқын) – сыртқы әлем.
• Адамның қайсарлығы мен төзімділігі – ішкі әлем.
• Бұл екеуі де қатар өмір сүреді, бір-бірін толықтырады, бірақ тоғыспайды.

3. Тригонометриялық функциялардағы параллель :

• sin(x) пен cos(x) – фаза ығысқан, бірақ параллель қозғалыста.
• tgx(x) пен ctgx(x) – бір-біріне кері, бірақ қайталануы параллель.
• Бұл – өлеңдегі табиғат пен адамның өмірлік параллельдігіне ұқсас.

Өлеңде параллель ұғымы – табиғат пен адамның қатар өмір сүруін бейнелейді. Табиғаттың дүлей күші мен адамның рухы бір-бірімен бітіспей, бірақ қатар өмір сүретін екі параллель сызық секілді. Бұл – математика мен поэзияны байланыстыратын ортақ ұғым.

Тригонометриялық функциялардың графигінің өлең тармағымен сәйкестігі.

1. sin(x) – Теңіз толқыны



Өлеңдегі: «Тұңғиық түпсіз теңізді жауып, соғады дауыл...»
• Салыстыру: sin(x) – теңіз толқыны сияқты бірде көтеріледі, бірде төмендейді.
• Мағынасы: өмірдің үздіксіз ағысын, теңіздің толқуын бейнелейді.

2. cos(x) – Бұлт, дауыл



Өлеңдегі: «Жартасты айналып от таспадай, мұңды найзағай жыландай иірілген»

• Салыстыру: cos(x) – sin(x)-ке ұқсас, бірақ ығысқан. Бұлттың желмен ығысуы, дауылдың қозғалысы секілді.

• Мағынасы: табиғаттың құбылмалылығын, бұлттың айдаумен жылжуын сипаттайды.

3. tg(x) – Сұрапыл тосқауыл



Өлеңдегі: «Тұрмын қасқарып, жалт берер жасқанып, жер үстінің сұрапыл сойқанынан...»

• Салыстыру: tan(x) – белгілі нүктелерде күрт үзілістері бар. Бұл тосқауыл, қиындық, сойқан сәттерге ұқсайды.

• Мағынасы: адам өміріндегі тосын өзгерістер мен сын сәттерді бейнелейді.

4. ctg(x) – Кері толқын, тосқауыл



Өлеңдегі: «Онсыз да шырмады өсек-лақап, мен сорлыны ажалға тақап...»

• Салыстыру: ctg(x) – кері қозғалыс, кей нүктелерде шексіздікке ұмтылады. Бұл өмірдегі қайшылықты, тосқауылдарды бейнелейді.

• Мағынасы: адамның тағдырындағы кері соққыларды, шырмалған ауыр сәттерді сипаттайды.

Функцияны жан-жақты талдау: поэтикалық карта және есептеу қадамдары

Функцияларды талдау кезінде төмендегі «поэтикалық карта» жақсы жұмыс істейді. Әр қасиетке бір бейне бекітіледі, кейін нақты есепке көшкенде бейнеден формалға өттіреміз:

• Анықталу облысы (D(f)) — «жол ашық аймақ»: қай жерде жел соғады, қай жерде қалың жартас жолды бөгейді (асимптота, тыйым салынған нүктелер).

• Мәндер жиыны (E(f)) — «аспан мен жердің арасы»: функцияның көтерілу-кему шегі.

• Нөлдері — «тыныштық сәті»: толқынның жағалауға дәл түскен, су бетінің тынған орны.

• Периодтылық — «толқын ырғағы», «жыр қанатының қағысы»: sin, cos үшін 2π, tan, cot үшін π.

• Өсу/кему — «қыранның көтерілісі» және «құлдилауы»: туынды белгісімен байланыстыруға болады.

• Экстремум — «асқар тау мен терең сай»: максимум мен минимум ұғымы.

• Асимптота, үзіліс — «жартас», «жырық сай»: жақындайды, бірақ жетпейді; өтуге болмайтын шекара бейнесі. Мұғалім әрекеті: алдымен бейнелерді елестетіп, оқушылармен бірге ауызша карта құрады; кейін соны формальді тілге аударады: анықтамалар, теоремалар, формулалар. [6-42б]Осы кезекте Сырбайдың берілген екі өлеңі — табиғаттың динамикасын, өмірдің позитив-негатив спектрін қамтитын күшті потациялық орта.

Бағалау, саралау және инклюзивтілік

Бағалау: критерийлерді алдын ала айқындау маңызды. Мысалы, «поэтикалық бейнені дұрыс таңдау», «математикалық тілге сауатты аудару», «дәлелдеу құрылымы», «интерпретацияның қисыны». Формативті бағалауды топтық постер, қысқа ауызша қорғау арқылы жүзеге асыруға болады. Суммативті бағалауда эссе немесе тест тапсырмаларын енгізуге болады.

Саралау: бейнелі ойлауы күшті оқушыларға шығармашылық бөлікке көбірек еркіндік беру; есепке бейім оқушыларға күрделірек аналитикалық сұрақтар ұсынуға. Мысалы, бір топ тригонометриямен шектелсе, екіншісі рационал функциялардың асимптотасын, үшіншісі квадраттық функцияның экстремумын талдасын.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов поэзиясы — математикалық функцияларды талдауда қолдануға болатын қуатты дидактикалық ресурс. Қорытынды:

Өлең және математика байланысы

Сырбай Мәуленовтің екі өлеңін математикалық ұғымдар арқылы талдау – тек әдебиет пен ғылымды байланыстыру ғана емес, оқушыға терең философиялық ойды жеткізу тәсілі.

Екі өлеңінде де табиғаттың дүлей күші мен адам рухының арпалысы бейнеленген. Біріншісінде («Тулар теңіз...») өмірдің заңдылығы кесінділі функция сияқты:

- кейде үздіксіз, кейде үзілісті,
- бірде өсіп, бірде кеміп,
- бірақ жалпы заңдылыққа бағынады.

Бұл – математикалық функциядағы тармақтар мен үзілістердің өмірдің сын сағаттарына ұқсайтынын көрсетеді.

Екіншісінде («Тұңғиық түпсіз теңізді жауып...») табиғат бейнесі толқын, дауыл, найзағай түрінде беріліп, тригонометриялық функцияларға ұқсайды:

- sin(x), cos(x) – толқын мен бұлттың үздіксіз тербелісі,
- tg(x), ctg(x) – тосын үзілістер, тосқауылдар,

Бұл – математикалық тригонометриялық заңдылықтардың табиғат құбылыстарына сай келетінін аңғартады.

Осы екі өлеңді салыстыра қарасақ:

- Біріншісі – өмірдің сызықты, тармақталған заңдылығы,
- Екіншісі – табиғаттың толқынды, қайталанатын заңдылығы.

Екеуі де адамның тағдырымен параллель жүріп, оны сынаққа түсіреді. Демек, ақынның басты идеясы – табиғат заңы мен өмір заңының математикалық тәрізділігінде. Функциялар сияқты, өмір де үзіліссіз ағады, кейде қайталанып, кейде тосқауыл қояды. Бірақ қандай қиындық болса да, адам рухы математикадағы заңдылық секілді берік және қайсар. Осылайша, екі өлеңді қатар алып қарастырғанда, біз поэзия арқылы математиканың өмірлік маңызын танимыз. Ақын табиғатты суреттеу арқылы өмірдің күрделі заңдылықтарын бейнелесе, математика сол заңдылықты дәлелдеудің құралы іспеттес. Философиялық тұрғыдан, бұл талдау оқушыға өмірдің әрбір сәтін бір функцияның графигіндей елестетуге мүмкіндік береді: кейде толқындатып, кейде тосқауыл қойып, кейде шексіздікке жетелейтін заңдылық. Бірақ қандай қиындық болса да, математикадағы функция тәрізді өмір де өз заңымен өрбиді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Айтмұхамбетова Б. Қазақ әдебиеті сабағында пәнаралық байланысты жүзеге асыру жолдары. – Астана: Елорда, 2017.
2. Әбдіқалиев Қ. Қазақ поэзиясындағы табиғат бейнесі. – Алматы: Ғылым, 2005.
3. Абылкасымова А.А. Алгебра және анализ бастамалары: 10–11-сыныптарға арналған оқулық. – Астана: Мектеп, 2020.

4. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1981.
5. Мәуленов С. Таңдамалы өлеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1990.
6. Сүлейменова М. Математиканы оқытудың әдістемесі. – Алматы: Білім, 2018.

Тлеуберді Ақмарал,
Алматы қаласы,
№218 жалпы білім беретін мектеп
директордың ғылыми-әдістемелк ісі жөніндегі орынбасары

С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ (МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ ЖОБАЛАР МЕН БАЙҚАУЛАР)

Кіріспе

Қазақ әдебиеті – халқымыздың тарихы мен мәдениетінің айнасы, ұлт болмысының көркем көрінісі. Әдеби туындылар жас ұрпақты рухани байытып қана қоймай, олардың өмірге деген көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыруға зор ықпал етеді. Мектеп бағдарламасына енгізілген әрбір жазушы мен ақынның шығармасы – оқушы үшін жаңа бір әлемнің есігі. Солардың ішінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ұлттық әдебиетіміздің асыл қазынасын байытқан тұлға – Сырбай Мәуленов.

Қазіргі білім беру процесінің басты мақсаты – тек білім беру ғана емес, сонымен бірге оқушының шығармашылық қабілетін ашу, оны ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу. Осы тұрғыдан алғанда С.Мәуленов шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізу аса маңызды. Оның поэзиясы туған жерге деген сүйіспеншілікті, патриоттық рухты, адалдық пен адамгершілікті дәріптейді. Ақын мұраларын мектепте тек әдеби талдау нысаны ретінде ғана емес, түрлі жобалар мен байқаулар арқылы шығармашылық тұрғыдан насихаттау – оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттырады, олардың ой-өрісін кеңейтеді.Бұл мақалада біз ақын шығармаларының мән-маңызын ашып қана қоймай, оларды білім беру процесінде тиімді қолдану жолдарына тоқталамыз. Әсіресе, мектеп оқушыларына арналған әдеби жобалар мен байқаулардың үлгілері қарастырылып, олардың оқушылардың тұлғалық дамуына тигізетін әсері сипатталады.

С.Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығы:Сырбай Мәуленов (1922–1993) – қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, халық ақыны, қоғам қайраткері. Ол Қостанай облысының Жангелдин ауданында дүниеге келген. Балалық шағы қазақ даласының табиғатымен етене байланыста өтті. Табиғаттың сұлу көріністері, ауыл өмірі оның шығармашылық қиялына ерте әсер еткен.

Білім мен алғашқы қадамдары:Ақын мектепті тәмамдаған соң әдебиетке деген құштарлығын жалғастырып, алғашқы өлеңдерін жас кезінен жаза бастайды. Оның алғашқы туындыларынан-ақ туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғатқа іңкәрлік, балауса сезімдер анық байқалады. Әдебиетке ерте араласқан жас ақын сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің ірі өкілдерімен шығармашылық байланыста болды.

Соғыс жылдары: 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы С.Мәуленов өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Ол майданға аттанып, ел қорғау ісіне қатысты. Соғыс жылдары көрген қайғы-қасірет, қиындық пен ерліктің аралас сәттері оның кейінгі шығармаларына арқау болды. Соғыстан кейінгі жылдары жазылған өлеңдерінде ол жеңістің қуанышын ғана емес, соғыстың адамзатқа әкелген қасіретін де терең суреттейді. Ақынның «Жеңіс жырлары», «Соғыс балалары», «Майдангер достар» секілді туындылары – сол кезеңнің тарихи куәгері іспеттес.

Оларда халықтың басынан өткерген ауыртпалықтары мен жауынгерлердің ерлігі шынайы көрініс тапқан.

Соғыстан кейінгі шығармашылық жолы: Соғыстан оралған соң С.Мәуленов шығармашылыққа белсене кірісіп, қазақ поэзиясының дамуына зор үлес қосты. Оның шығармалары 1950–1970 жылдары кеңінен таралып, халық сүйіп оқитын ақындардың қатарынан орын алды. Ол тек ақын ғана емес, қоғам қайраткері ретінде де әдебиет пен мәдениеттің дамуына атсалысты.

Ақынның поэзиясында бірнеше басты тақырыптар айқын көрінеді:

- Отанға деген сүйіспеншілік – туған жердің сұлулығын жырлау, елге адал қызмет ету;
- Табиғат лирикасы – дала, тау, өзен-көл бейнесі арқылы адам жанын суреттеу;
- Адам тағдыры мен қоғам – замандастарының бейнесін, олардың арман-мұратын көрсету;
- Махаббат пен достық – адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.

Шығармашылық мұрасының ерекшелігі: .Мәуленов поэзиясының басты ерекшелігі – тілінің қарапайымдылығы мен терең философиялық мазмұнының үйлесуі. Оның өлеңдері жеңіл оқылады, бірақ әр шумағы оқырманды ойға жетелейді. Ақын табиғатты жалаң сипаттап қоймай, оны адам өмірімен, қоғам тағдырымен байланыстырады.Мысалы, табиғат лирикасында ақын жай ғана көріністі емес, адамның ішкі сезімін бейнелейді. «Жазғы түн», «Көктемгі дала», «Жел» сияқты өлеңдері – соның айғағы. Ал патриоттық жырларында ол Отанға адал қызмет ету, ерлік пен батылдықты жырлайды.

Әдебиеттегі орны: Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ақын. Оның шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорына енді. Әсіресе, мектеп оқушылары үшін оның өлеңдері тілдің байлығын үйренуге, ойлау қабілетін дамытуға, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыруға таптырмас құрал.

Сондықтан қазіргі білім беру процесінде С.Мәуленов шығармаларын жүйелі пайдалану – оқушының тұлғалық қалыптасуына, ұлттық құндылықтарға бейімделуіне ықпал ететін маңызды бағыт.

Ақын шығармашылығының тақырыптық ерекшеліктері

Сырбай Мәуленовтің шығармашылық мұрасы жан-жақты тақырыптарды қамтиды. Оның поэзиясында жеке адамның ішкі жан дүниесінен бастап, тұтас қоғамның болмысы, халықтың тарихы мен тағдыры, туған жердің табиғаты көрініс тапқан. Ақын шығармашылығын талдау барысында төрт негізгі тақырыптық арнаны айқын көруге болады:

1. Отан тақырыбы
   Мәуленов поэзиясының алтын өзегі – туған жерге деген сүйіспеншілік. Ол Отанды адам өмірінің мәні, ұлттық рухтың тірегі ретінде жырлайды. Ақынның «Менің Қазақстаным», «Елім менің» секілді өлеңдерінде елге деген мақтаныш, халыққа адал қызмет ету идеясы басым. Мұндай шығармалар жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді оятып, елжандылыққа тәрбиелейді.
2. Соғыс тақырыбы
   Майдангер ақын болғандықтан, соғыстың ауыртпалығы оның шығармашылығында ерекше орын алады. Ол тек ерлікті дәріптеп қана қоймай, соғыстың адамзатқа әкелген қайғысын, бейбіт өмірдің құндылығын да айқын көрсетеді. «Соғыс балалары», «Жеңіс күні» сияқты жырлары осының дәлелі. Бұл туындылар арқылы оқушылар соғыстың зардабын түсініп, бейбіт өмірдің бағасын білуге үйренеді.
3. Табиғат лирикасы
   С.Мәуленов табиғатты ерекше сүйген, оның әрбір сәтін, құбылысын нәзік сезіммен суреттеген. Ақын үшін табиғат – адам жанымен үндес әлем. «Көктемгі дала», «Жазғы түн», «Жел» сияқты өлеңдері табиғат көріністері арқылы адам сезімін бейнелейді.

Табиғатты суреттеу арқылы оқушылардың эстетикалық талғамы артып, сұлулықты сезінуге үйренеді.

4. Адамгершілік пен достық тақырыбы
   Ақын шығармаларында мейірім, адалдық, достық, махаббат секілді жалпыадамзаттық құндылықтар ерекше орын алады. Оның өлеңдері жасөспірімдерді ізгілікке, адамгершілікке, бір-бірін құрметтеуге баулиды. Бұл – мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін маңызды арна

Сырбай Мәуленов шығармаларының тәрбиелік мәні

Ақын шығармалары тек көркем туынды ғана емес, сонымен бірге жастарды тәрбиелеудің құралы болып табылады. Оның өлеңдері арқылы оқушыларға мынадай бағытта тәрбие беруге болады:

1. Патриоттық тәрбие
   Мәуленов жырлары – нағыз отансүйгіштік мектебі. Әр өлеңінде туған жердің қадір-қасиеті, оны қорғаудың маңызы айтылады. Бұл қазіргі жас ұрпақтың бойында елін, жерін сүйетін тұлға қалыптастыруға көмектеседі.
2. Адамгершілік тәрбиесі
   Ақын шығармаларындағы достық, адалдық, әділдік тақырыптары оқушыларға мейірімді, шыншыл болуды үйретеді. Әсіресе, мектеп жасындағы балалар үшін бұл құндылықтардың орны ерекше.
3. Эстетикалық тәрбие
   Табиғат лирикасы арқылы оқушылар сұлулықты сезінуді, оны бағалауды үйренеді. Өлеңді талдау барысында табиғат құбылыстары мен адам жан дүниесінің байланысын түсіну – эстетикалық талғамды дамытудың бір жолы.
4. Тарихи сана қалыптастыру
   Соғыс тақырыбындағы жырлар оқушыларға өткен тарихымызды түсінуге көмектеседі. Соғыс қасіретін көркем сөзбен жеткізе отырып, ақын жас ұрпаққа бейбіт өмірдің бағасын ұғындырады.

Сырбай Мәуленов шығармаларының танымдық мәні

Ақын шығармалары оқушыларға тек тәрбие беріп қана қоймай, білім көкжиегін кеңейтеді, танымдық қабілеттерін дамытады.

- Тарихи таным – соғыс тақырыбындағы өлеңдері арқылы оқушылар өткен тарихпен танысады.
- Географиялық таным – табиғат суреттері туған жердің географиялық ерекшелігін тануға ықпал етеді.
- Тілдік таным – өлеңдердегі бейнелі сөздер, теңеу, эпитеттер арқылы оқушылар тілдік қорын байытады.
- Философиялық таным – Мәуленовтің философиялық толғаныстары жасөспірімдердің өмір, адам, қоғам туралы ойлануына мүмкіндік береді

Оқушыларға әсері

Мектеп бағдарламасында С.Мәуленов шығармаларын талдау оқушыларға мынадай әсер береді:

- туған жерге сүйіспеншілік сезімін арттырады;
- бейбіт өмірдің қадірін түсіндіреді;
- табиғатқа жанашырлықпен қарауға үйретеді;
- әдемі сөйлеу мен жазу дағдыларын дамытады;
- ойлау қабілетін тереңдетеді.

3-бөлім. Сырбай Мәуленов шығармаларын білім беру процесінде қолдану жолдары

Сырбай Мәуленов шығармалары – тек әдебиеттің эстетикалық құндылығы ғана емес, сонымен бірге оқу-тәрбие процесінің маңызды құралы. Мектеп бағдарламасында ақын мұраларын тиімді

қолдану арқылы біз оқушылардың әдеби талғамын, ұлттық рухын, сөйлеу мәдениетін, шығармашылық қабілетін жан-жақты дамыта аламыз. Бұл үшін әртүрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалану қажет.

1. Сыныптағы дәстүрлі әдеби талдау жұмыстары

Мектепте әдебиетті оқытудың басты формаларының бірі – мәтіндік талдау. С.Мәуленов шығармаларын талдау барысында мұғалімдер мынадай жұмыстар жүргізе алады:

- Өлеңді мәнерлеп оқу. Ақынның поэзиясын дауыс ырғағымен, сезіммен оқу – оқушыға көркем сөздің әуезділігін сезінуге мүмкіндік береді.
- Мазмұнын талдау. Әр шығармадағы негізгі ойды, көтерілген мәселені, автордың идеясын анықтау.
- Кейіпкерді сипаттау. Соғыс тақырыбындағы өлеңдерінде майдангер бейнесін, табиғат лирикасында табиғат құбылыстарының көркем бейнесін талдау.
- Көркемдік құралдарды табу. Өлеңдегі эпитет, метафора, теңеулерді ажыратып, олардың мәнін түсіндіру.
- Авторлық ұстанымды анықтау. Ақынның белгілі бір тақырыптағы көзқарасын талқылау.

Мұндай жұмыстар оқушының әдеби талдау дағдысын жетілдіріп, өлеңді терең түсінуге үйретеді.

2. Шығармашылық тапсырмалар

Әдебиет сабағында оқушы тек дайын білімді қабылдаушы емес, шығармашылық ізденуші болуы тиіс. С.Мәуленов шығармаларын оқыту барысында мынадай шығармашылық тапсырмалар тиімді:

- Эссе жазу. Мысалы: «Менің Отаным – менің мақтанышым», «Табиғат – жанымның айнасы» тақырыптарында.
- Өлең шығару. Ақын стилінде шағын жыр жазу. Бұл оқушының шығармашылық қиялын дамытады.
- Коллаж жасау. С.Мәуленов өлеңдерінің иллюстрацияларын салып, плакат немесе буклет дайындау.
- Драмалық қойылым. Ақын шығармалары негізінде шағын сахналық көріністер қою.
- Өлеңді аудару. Ақын өлеңдерін орыс немесе ағылшын тіліне аударып көру арқылы оқушылардың тілдік қабілетін дамыту.

3. Дискуссия және пікірталас сабақтары

Ақын шығармаларын оқытуда оқушылардың сыни ойлауын дамыту үшін пікірталас тәсілдерін қолдануға болады.

Мысалы:

- «Мәуленов поэзиясындағы Отан тақырыбы – бүгінгі жас ұрпақ үшін қаншалықты маңызды?»
- «Соғыс тақырыбы қазіргі жастарға қандай ой салады?»
- «Табиғатты жырлау – поэзиядағы ең басты құндылық па?»

Мұндай пікірталастарда оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, дәйектермен сөйлеуге үйренеді.

4. Инновациялық әдістерді қолдану

Қазіргі білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. С.Мәуленов шығармаларын оқытуда мынадай инновациялық әдістерді қолдануға болады:

- Цифрлық презентациялар. Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы деректерді слайд арқылы көрсету.
- Бейнежазба көру. Ақынға арналған деректі фильмдерден үзінділер көрсету.
- Подкаст тыңдату. Ақын өлеңдерін актерлердің орындауында тыңдату.
- Онлайн викториналар. Kahoot, Quizizz сияқты платформалар арқылы С.Мәуленов шығармашылығына байланысты сұрақ-жауап ойынын ұйымдастыру.

- Әлеуметтік желі жобалары. Оқушылар Instagram, TikTok, YouTube сияқты платформаларда ақынға арналған шағын бейнероликтер түсіре алады.

5. Интеграциялық сабақтар

С.Мәуленов шығармаларын басқа пәндермен байланыстыра оқыту тиімді нәтиже береді:

- Тарихпен байланыс. Соғыс тақырыбындағы өлеңдерді тарих пәнімен ұштастыру.
- Географиямен байланыс. Табиғат лирикасындағы жер-су атаулары арқылы Қазақстан географиясын пысықтау.
- Музыкамен байланыс. Ақын өлеңдеріне жазылған әндерді тыңдау, талдау.
- Көркемөнермен байланыс. Өлең мазмұны бойынша сурет салдыру.

6. Топтық және жобалық жұмыстар

Сыныпта оқушыларды шағын топтарға бөліп, жобалық жұмыстар ұйымдастыру – білім берудің заманауи талабы.

Мысалы:

- «С.Мәуленов – табиғат жыршысы» тақырыбында зерттеу жобасы;
- «Ақын және оның замандастары» атты әдеби жоба;
- «Менің сүйікті өлеңім» топтық презентациясы;
- «Ақын поэзиясындағы соғыс көріністері» жобасы.

Бұл тәсілдер оқушылардың өздігінен ізденуін, ақпаратты сараптау қабілетін дамытады.

7. Құндылықтарға бағдарлау

С.Мәуленов шығармаларын оқыту барысында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға баса назар аудару қажет.

- Ұлттық құндылықтар: туған жер, тіл, дәстүр, салт-сана.
- Жалпыадамзаттық құндылықтар: бейбітшілік, достық, сүйіспеншілік, әділдік.

Ақын жырларындағы осы құндылықтарды талдау – оқушының рухани-адамгершілік тұрғыда жетілуіне ықпал етеді.

8. Сабақтан тыс іс-шаралар

Мектепте ақын шығармашылығын насихаттау тек сабақпен шектелмей, сабақтан тыс іс-шаралар арқылы да жүзеге асады:

- «Сырбай оқулары» атты мәнерлеп оқу сайысы;
- «Ақынға арнау» атты шығармашылық кеш;
- «Сырбай жырлары – жүрек үні» атты әдеби-музыкалық композиция;
-

Қорытынды

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, жыр әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған ақын. Оның шығармалары – халқымыздың тарихы мен тағдырының айнасы, ұлт руханиятының қазынасы. Ақын поэзиясы арқылы біз Отанға деген сүйіспеншілікті, туған жерге деген перзенттік махаббатты, табиғаттың әсемдігін, адам бойындағы ізгілік пен мейірімділікті терең сезіне аламыз.

Мәуленов жырлары – жас ұрпақты отансүйгіштікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеудің қуатты құралы. Оның соғыс тақырыбындағы өлеңдері – батырлық пен ерліктің, бейбітшіліктің құндылығын ұғындырса, табиғат лирикасы – эстетикалық талғамды, сұлулықты сезіну қабілетін дамытады. Ал Отан, туған жер, елдік мұраттар жайлы жырлары – ұлттық сана мен рухты оятатын асыл қазына.

Білім беру процесінде С.Мәуленов шығармаларын тиімді қолдану – оқушының әдеби талғамын қалыптастырумен қатар, оның тұлғалық дамуына ықпал етеді. Әдеби талдау, шығармашылық тапсырмалар, пікірталас, жобалық жұмыстар, инновациялық әдістер мен интеграциялық сабақтар арқылы ақын мұрасын жан-жақты меңгертуге болады. Бұл оқушының ойлау қабілетін жетілдіріп қана қоймай, өмірлік құндылықтарын да айқындайды.

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов шығармаларын мектепте жүйелі оқыту – болашақ ұрпақтың ұлттық рухын көтерудің, рухани-адамгершілік тәрбие берудің ең тиімді жолдарының бірі. Ақын мұрасын жас буынға жеткізу – бүгінгі педагогтердің басты міндеті әрі қасиетті парызы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мәуленов С. *Шығармалар жинағы* (3 томдық). – Алматы: Жазушы, 1981–1983.
2. Мәуленов С. *Өлеңдер мен поэмалар*. – Алматы: Жазушы, 1978.
3. Әдебиеттану. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Атамұра, 2007.
4. Қирабаев С. *Әдебиет және дәуір*. – Алматы: Жазушы, 1977.
5. Нұрқатов А. *Қазақ совет поэзиясының проблемалары*. – Алматы: Ғылым, 1974.
6. Жұмалиев Қ. *Әдебиет теориясы*. – Алматы: Мектеп, 1969.
7. Бахтин М. *Әдебиет және эстетика мәселелері*. – Алматы: Жазушы, 1994.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10-томдық. – Алматы: Ғылым, 2005.
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2018.
10. Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламасы (5–11 сыныптар). – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.
11. Ғабдуллин М. *Қазақ халқының ауыз әдебиеті*. – Алматы: Санат, 1996.
12. Интернет дереккөздері:

- https://adebiportal.kz – Қазақ әдебиеті порталы.
- https://kitap.kz – Қазақ кітапханасы.

Төлегенова Гүлбану Қуанышқызы,
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы
№2 мектеп-гимназия КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

СЫРБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС

Қазақ поэзиясының алтын дәуірінде зор толғаныспен елеулі үлес қосып, елді елең еткізіп, топ жарған тұлғалы ақындардың алдыңғы легінде майдангер ақын, сырлы өлеңнің сұңқары Сырбай Мәуленов тұрды. Сол бір жылдарда Сырбай лирикасының сырлы әлемімен тыныстап, өмір сүрген өлең сүйер қауым жарқыл қаққан найзағайдай жалынды жырлардың жаңғырығын әлі күнге дейін естен шығармай жадында сақтап келеді. Көзінің тірісінде-ақ қазақ классиктері қатарынан орнықты орын алған ақын шығармалары бүгіннің өзінде ешкімді бей-жай қалдырмасы хақ. Сырлы да нұрлы өлең жолдары ақындық шеберлікпен үйлесім тауып, оның азаматтық болмысы мен өмірлік қағидасын айқындады. Сыршыл сезімді, шынайы, көркем бейнелі өлең жазу үлгісін дамытқан Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы қазақ поэзиясының алтын қорына қосылған зор үлес болып саналады. Әр оқиғаға, әр құбылысқа қарым- қатынасын, өзіндік көзқарасын, ішкі сезімін, ашық ойын лирикалық кейіпкер арқылы, көбінесе өз атынан сөйлеп білдіретін ақын шығармашылығының тақырыбы әр алуан. Оқыған жанды өзіне тарта түсетін кез келген өлеңі оқырманның жүрегіне жақын.

Ақынның жастық шағы, бозбала кезеңі бүкіл халықтың басына түскен ауыртпалық – сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келді. Сол соғыстың алдында ол Қостанай өңіріндегі боздала –

«Жаркөл» стансасынан Отан алдындағы борышты міндетін атқару үшін әскерге алынып, Дондағы Ростовта азаматтық борышын атқарады. Ақынның өзі айтқандай, «болаттай шыныққан» бозбала Отан алдындағы міндетті әскери борышын абыройлы атқарып елге оралған бетте жайнаған жаз айында ойда-жоқта сұрапыл соғыстың от - алауы бұрқ ете қалады.

Мен енді жауынгер,
Қатерге буған бел.
Батысқа жол тарттым,
Сен үшін туған ел./1-97б/

Бұл - 1942 жылдың қоңыр күзінде «Жаркөл» стансасында қан майданға аттанып бара жатқанда жазылған жыр. Алғашқы адымнан бастап мазасыз күй кешіп, тұтана бастаған жырдың алау - оты бара-бара жалынға айналып, көңілінің көгінде тынымсыз нажағай ойнап жатты.

Жаркөлден жол тартқан эшелон оны Волхов майданынан бір-ақ шығарды. Осы сәттен бастап, ақынның өлең - өмірі Волхов даласымен біте қайнасып, қан майданның қатал суреті, қаhарлы бейнесі бір сәт қалыс қалған емес. Көзі көрген оқиға жан түкпірінде шиыршық атып, от-жалынмен араласып, өлең болып өріліп, жыр болып төгіліп жатты.

Міне, осы сәттен бастап бейбіт өмірдің бей-жай күйін, алаңсыз кескін-келбетін кестелеп, өз өлеңіне арқау еткен ақынның жырлары туған елден қан майданға аттанған алғашқы сәттен бастап-ақ, мүлде бөлек күй кешіп, ерекше бұлқынысқа ие болады. Барған бетте от пен оқтың ортасында шыңдалып, қан майданға қапысыз араласып кеткен ақынның жырларының бәрі де жалынды, дабылды, зеңбіректің үніндей ызалы да ызғарлы.Өмірінің соңына дейін Сырбай өлеңдері қызыл шоқтай жанып, алаудай жалындап, үзілмес жырға, сөнбес нұрға айналды.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығының негізгі тобы соғыс және оның зардабы тақырыбына арналды.Тарихтың қатпарлы парақтарында ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Ол - жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысы да қазақ халқы үшін осындай орасан зор зұлматтың бірі болды. Миллионнан астам адам майданға аттанып, олардың жартысына жуығы туған топырағына қайтып оралмады. Ал аман жеткендері сұм соғыстың нағыз бет-бейнесін көріп, зұлымдықты әбден танып білді.Солардың ішінде сұм соғысты көзімен көргені мен көкірегіне түйгендері кеудеге симай, қару ұстап қатып қалған қолдарына қалам алып, болашақ ұрпаққа отаншылдықтың ізгілік дәнегін себуге құлшына кіріскен ақын-жазушылар да аз болмады. Солардың бірі hәм бірегейі - Сырбай Мәуленов. Ол өзінің «Телтолқын» атты кітабында: «Соғыс мені күйретті де, көп нәрсеге үйретті.Тәніме мәңгі өшпейтін таңбасын түсірді.Әкемнің жақын інілерін жалмап, жаныма жазылуы қиын жара да салды. Соғыс тақырыбына айналып соға беретінім де сондықтан», – деп жазған-ды. Жеңіс үшін сарбаз Сырбай да үлес қосты,Ұлы Отанын жаудан қорғады. Ол қан майданда бір қолынан айырылды:

Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім. /1-102б/

Сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталуы С.Мәуленовтің рухы биік көркем дүниелер жазуына негіз болды. Сондықтан жастық шағының елеулі бір кезеңін ұрыс даласында өткізген майдангер жүрегінің дүрсілі ақ қағазға түсірілген өлең жолдарына айналуы - табиғи құбылыс. "Тыңда, дүние, тыныштық үні", "Күлге айналған көк ормандар", "Құлын", "Жау оғынан бораған, жасырады жер мені",«Сәлем, Волхов орманы», "Түтік","Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін",т.б шығармалары - соның айғағы. Бүкіл адамзатқа зардап шектірген бұл соғыс кезеңіне арналған С.Мәуленов өлеңдерін оқып отырып толғанасың, күйінесің, күрсінесің. Соғыс тақырыбында жазған очерктері де шынайылығымен құнды.С.Мәуленовтің «Қара ағаш», «Ажалға ажал»,

«Үміт», «Қызыл орамал», «Мәңгілік даңқ», «Ерлікке толы жарты жыл», «Қаһарлы қамал» сынды очерктері майдангерлер өміріне арналған.Сырбай Мәуленов соғыста нені көрсе, соны жазды. Ол үшін қиян-кескі ұрыс майданы, ажалдың әміршісіндей сұп-суық мылтықтар, тұманы сейілмеген алаңдар – бәрі де өлеңнің алдында аласа болып елестеді. Ақынның «Құлын» өлеңі соншалықты шағын, бірақ сұрапыл соғыстың зардабы мен сұмдығын көзбен шұқып емес, жүрекпен сезіндіруімен ерекше.

...Шашыраған көк жалын бүркіп темір,
Орманның іші үрейлі.
Ал оттың ортасында –
Шіркін өмір,
Құлын боп кісінейді./1-122б/

Сырбай Мәуленов қазақ поэзиясын өлеңнің жаңаша түрлерімен байытқан, жаңалық әкелген ақын екені де даусыз. Небәрі он бес жолдан тұратын «Түбірлер» өлеңі – соғыс тақырыбына арналған суреткердің мәңгі өшпейтін бейнелі суреттемесі тәрізді. Бұл алапат соғыстың не екенін сізге бүкіл тұла бойыңызбен, жүрегіңізбен сезінуге мәжбүр етеді. Өлеңнің мәні де, маңызы да сонда.

1943 жылы комиссар, лейтенант,жауынгер Сырбай Мәуленов Волхов майданындағы кезекті шабуыл кезінде қолынан ауыр жарақат алған, сол қиын шақта шағын денелі санитарка қыз әскер шебіне, окопқа қарай сүйреп әрең жеткізеді. Сырбай санитар қыздың күшімен ажалдан аман қалады. Сол бір батыр қызға,адал жанға арналған ақынның мынандай бір поэтикалық сыры керемет өлеңі бар:

«Менімен бір кірпік қақпай,
Түндер бойы көз ілмедің.
Кіп-кішкентай болсаң да өзің,
Шіркін қандай төзімді едің.
Өрт ішінен алып шықтың,
Қансырап мен жатыр едім.
Кіп кішкентай болсаңда өзің
Шіркін қандай батыр едің…»/1-78б/

С.Мәуленовтің поэзиясы Отан үшін от кешкендерге мәңгі тұрғызылған ескерткіш тәрізді. Қолында берені, ойында өлеңі бар ақын үшін әр сәт өмір мен өлім арпалысы болғаны шындық. Сонда да ол мына тіршіліктен, елінен, жерінен үмітін үзбеді. «Мен ораламын» деп асқақ мінезбен, айдарлы қалыппен сөйлейді. Жүрегі нені қаласа, тағдыры соны бұйыртып, ақын соғыстан аман оралды да. Бір сапарында қызы Сақыпжамалға арнаған өлеңінде «…Жиырма бірге жаңа аяқ басқанында, Әкең мұнда айрылды бір қолынан» - деп жазады Сыраған. Сырбай үшін де, Сырбаймен замандас талай солдаттар үшін де шынымен-ақ сол сапар солай аяқталды. Бес қаруын асынып, қарша бораған оққа қарсы ұмтылғанда қайсарлана түсетін қаһарман жауынгер көздерінен сұрақ тамшылап тұрған жетім бала мен жесір жеңгенің, аманат ата мен арманды ананың ортасына келгенде айбатынан айрылып қалардай күй кешеді.

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр…
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар../1-271б/.- деп айтылатын өлеңнің кейін әнге айналғаны бәрімізге мәлім. Мұндай мұңлы сурет, талайлы тағдыр,адамзат баласының басынан

өткен сұмдық-сұрапыл, сойқанды соғыс жүректерді жаралады.Өйткені «Көрдің бе ұлын ананың», «Көрдің бе жарын арудың», «Көрдің бе оның көкесін» дейтін сауалға ешбірі жауап бере алмайтыны белгілі. Сырағаңның өлеңі - сол жалпылама шарасыздықтың, қаһарлы күндердің көрінісін бейнелегендей: «Барады үнсіз түнеріп, Соғыстан қайтқан солдаттар». Соғыстан қайтқан Сырбай да сол үнсіз түнергендердің бірі еді. Соғысты әлі күнге дейін ұмыттырмай келе жатқан қасиетті жаңғырықтардың бірі - қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі Сырбай Мәуленовтің қанды майдан қасіреттерін сезімдерді сыздата бейнелеген мол мұрасы. Соғыс көрдім, қан майдан кештім деп жасымай, керісінше жастық жалынын жасын жырмен суарып, жүрегін атқан таңмен оятып, сұлу сөздің мақамымен әлдилеген, қару мен қаламды қатар ұстанған ақын жырларында өшпес сарбаздық рух пен намысшылдық басым.Тіпті оның өзіне артылған міндетті қалай адалдықпен атқарғанына да, туған жеріне деген риясыз шынайы сүйіспеншілігіне де сүйсінеміз. «Менің республикам» өлеңінде сырбаз ақын туған елін зор мақтанышпен жырлап,көңіл көкжиегін өсіреді, керемет сөз иірімдерімен тілге тиек етеді:

Тауды көрсең күн көзімен таласқан
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан
Менің байтақ республикам таулары
Менің көгім мөлдіреген сол аспан
Дала көрсең көкжиекпен ұштасқан
Көлді көрсең секілді бір түскі аспан
Менің байтақ республикам даласы
Менің көлім теңізбен қол ұстасқан.../1-181б/

Сырбай Мәуленов өлеңдерінің өн бойындағы қайсарлық, асқақтық ең алдымен оған туған даласынан дарыған, содан кейін ұрыс алаңындағы өр мінезінен, батылдығынан қонған қасиет дер едік. Туған мекенін ақын мына өлеңінде шабыттана айтады:

Туған жерім,ыстықсың сен бір түрлі
Бәрі таныс,бәрі таныс сүйкімді
Өлеңіңмен бердің маған күлкіңді
Өлеңіңмен бердің маған мың тілді
Туған жерім,ыстықсың сен бір түрлі./1-137б/

Оның жанын, жырын оқтан, оттан қорғаған туған даласының қасиеті, елінің еріне артқан үміті мен азаматтық арманы, мақсат-мұраты, өзінің Отанын сүйген оттай ыстық жалынды жүрегі дерміз.

Қазақ өлеңіне қатысы бар әр қаламгер Сырбай ақынның жырын жаттап өсті, оқыған сайын айызың қанатын ақ қанат жырлар ой көкжиегінде мәңгі самғай бермек.

Белгілі сыншы, академик Серік Қирабаев «Сырбай – классик» деген мақаласында: «Сырбайдың көзін аша көргені әскери өмір, Ұлы Отан соғысының қанды қырғыны екені белгілі. «Әскери өмір менің өмірімнің мектебі болды» деп, оны өзі де айтқан. Сондықтан да өмір тануды халық тарихының ең бір қиын да күрделі жағдайында бастаған ақын санасын тез жетілдіріп, дүниеге ойлы көзбен қарай алды. Соғыста ол өлім мен өмірдің жекпе-жегін көрді, өлімнің өзімен жалғасып туындап жатқан өмірді таныды, шындықтың қоғамдық, адамдық мән-мағынасын терең пайымдады, адам сырына үңілді. Бұл жайлар алғашқы күннен-ақ ақынның соғыстың ауырлығын жеңілдетпей, шынайы күйінде бейнелей алуына жол ашты» дейді. Сырбай - бейбіт өмірде де ірілік танытқан ақын, соғыстан кейін әдебиет саласында да еселі еңбек етті. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері болды. «Халықтар достығы» орденімен лайықты марапатталды.

Сырбай ұлт жанашыры ретінде кез келген ұлттық мәселені жариялы түрде айтудан жасқанбады,халқының мүддесіне,ел игілігіне қызмет етті. Әсіресе, тіл туралы келелі сөз қозғағанда : «...Тіл – халықтың қаны, жаны. Тілсіз халық – сор басқан шөл, шел басқан көз.

Күнсіз жарық болмаса, тілсіз халық бомайды. Тіл –ананың ақ сүті, атаның арман-мақсаты. Сондықтан да, ана тілінің жағдайы әрбір азаматты толғантады»-деп өзінің азаматтық болмысымен парасаттылық танытқан. Ақынның әдеби кеңістігіндегі қамтыған тақырыптары адамзат үшін әлі де өзекті Ол ел басына қиын күн туған сәтте де қолына қару алып, от пен оқтың арасында Отан үшін күресті, жалынды жырларымен майдангерлердің рухын көтерді. Ол - қазақ әдебиетінде еңбек пен ерлікті, отаншылдықты арқау еткен өміршең туындыларды дүниеге әкелген қаламгер. Мақтанышпен айта аламыз,ол – Сырбай Мәуленов. Саналы ғұмырын туған халқына,өсер ұрпағына қызмет етуге арнаған дара тұлғаның өнегелі өмір жолы мен құнды мұралары, жазған ақиқаты мен адамдығы айқын. Көркем сөз әлемінде өзіндік болмысымен, қаламгерлігімен із салды. Шығармалары өмірді, адамзатты сүюден бастап, жастарды патриотизмге, Отанды қорғауға, ерлік пен елдікті дәріптеуге, еңбексүйгіштік дағдыларына бейімдеуге,адамгершілік қасиеттерді насихаттауға, ұлттық сана-сезімді нығайтуға, азаматтық рухты көтеруге бағытталған С.Мәуленовтің жоғарыда аталған соны әдеби дүниелері – өткен күндердің ескерткіші, туған халқына қалдырған қымбат қолтаңбасы деп бағалай аламын. Оның әр туындысы – тарихи құнды дүние. Қарапайым өлеңдерінің өзінен уақыт пен дәуірдің тынысы барынша шынайылықпен бейнеленді. Сырбай Мәуленов шығармаларын жүрегі Отан деп соққан сарбаздық рухтың және қазақтың қайнаған қанының қайнар көзі десем артық емес. Бұған сырлы сөздің сұңқары Сырбай ақынның:

Ұшқыр ойды от - қайраққа жаныған,
Туған елді өз үйім деп таныған,
Жалындаған жастар керек еліме
Батыр баба қасиеті дарыған! - деген отты сөзі дәлел.

Азаматтық ұстанымдары арқылы жалпы оқырмандарын ізгілікке,елдікке шақырады Ата-бабамыздың батырлық, ел қорғау дәстүрін дәріптеген Сырбай ақын елінің жарқын жолына, кемел келешегіне сенім артты.

Пайдаланылған көркем әдебиеттер:

1.Мәуленов С. «Шаңқай түс» Таңдамалы өлеңдер жинағы «Жазушы» баспасы-1966
2. Мәуленов С. Өлеңім – өмірім менің. Жыр жинағы. – Алматы: Санат, 4227.- 574 б.
3. Мәуленов С. Ақшамның қызыл қанаты. Жыр кітабы. –Алматы: Жазушы,
4. Мәуленов С «Жер нәрі» - «Қазақстан» баспасы, Алматы-1966
5. Қазақ энциклопедиясы Алматы, 2011ж.

Төребек Дана Нұрлыбекқызы,
Алматы қаласы,
Тамос Эдьюкейшн Физика-математика мектебі,
Лингвистика бөлімі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты: Ұлттық рух пен азаматтық болмыс

Кіріспе

Сырбай Мәуленов — жырмен ұлттың жүрегін тербеген тұлға. Қазақтың кең даласындай дархан мінезді, саф ауасындай мөлдір поэзия тудырған Сырбай Мәуленов — ұлттың рухын жүрегімен сезініп, өлеңнің әр шумағына ұлттың тағдырын сыйдырған сирек таланттардың бірі. Оның өлеңдерінен дала сыбдыры естіледі, самал желдің иісі сезіледі, ғасырлар үнінің жаңғырығы жетеді. Сырбайдың жыры — қазақтың тынысы, елдің елдігі мен ерлігінің үні, табиғатпен тамырлас жанның жан сыры.

Ол – майдан даласының жалаңдаған шындығын көріп келген, жауынгерлік рух пен адамзаттық гуманизмді өлең жолына сыйдырған азамат-ақын. Сырбай Мәуленовке өлең жазу – жай ғана сөз құрау емес, жүрекпен күресу, шындықпен сырласу, адамдықпен алысу еді. Оның шығармаларында соғыс туралы пафос емес, шынайы азап, үнсіз жылаған жүрек, өмір мен өлім арасындағы үміт бар. Сол себепті де оның өлеңдері заманауи көзбен де, рухани әлеммен де үндес.

Бізге әр сарбаздың ісі – әрбір адамның әрекетімен сабақтас. Мәуленовтің өлеңдері арқылы біз сарбаздық рухтың мәңгілік мәнін сеземіз: ол адамды биік мақсаттарға жетелейді, рухани байытады, жүрекке әсер етеді. Сарбаздық рух – тек ерлік қана емес, адамдық қасиеттердің, сүйіспеншіліктің, адалдықтың және бейбіт өмірді аңсаудың үйлесімі.

Сондықтан бүгінгі ұрпаққа, әрбір адамға Сырбай Мәуленовтің сарбаздары сияқты өмір сүрудің жолы бар: жүрегіңмен қорғау, ойыңмен бағыттау, әрекетіңмен үлгі болу. Біз бейбіт өмірде өмір сүріп жатырмыз, бірақ сол бейбіт өмірдің қадірін білу – біздің әрқайсымыздың борышымыз. Мәуленов сарбаздарының ерлігі мен құрбандығы бізге әр күннің, әр сәттің, әр әрекетіміздің құндылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух – тек өткеннің ерлігін дәріптейтін поэзия емес. Ол бүгінгі күннің, біздің өміріміздің, біздің таңдауларымыз бен іс-әрекеттеріміздің өлшемі. Ол бізді өзіміздің адамгершілік, сүйіспеншілік, жауапкершілік және бейбіт өмірге деген міндеттерімізді есте сақтауға шақырады. Мәуленов сарбаздары өмір сүргендей, біз де әрбір күнде ерлік көрсетуге, әділеттілікті сақтауға және өз

елімізге адал болуға ұмтылуымыз керек. [6, 3-б.]

Осылайша, сарбаздық рух – мәңгілік құндылық, ол тек поэзияда ғана емес, әрбір адамның жүрегінде, ісінде және өмірлік ұстанымында көрінуі тиіс. Сырбай Мәуленов бізге ерлік пен адамгершіліктің, сүйіспеншілік пен бейбіт өмірдің қадірін ұмытпау керектігін еске салады. Біз сол рухты бойымызға сіңіре білсек, әрбір қиындыққа, сынаққа, әділетсіздікке төтеп бере аламыз, өз өмірімізді және басқалардың өмірін қорғай аламыз, бейбіт өмірге үлес қосамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіқадыров А. Қазақ поэзиясы тарихы. Алматы: Рауан, 2005
2. Құсайынов М. Ұлы Отан соғысы поэзиясында сарбаздық рух. Астана: Фолиант, 2010
3. Мәуленов С. Соғыс — сойқан. Алматы: Жазушы, 1975
4. Мәуленов С. Соғыстан қайтқан солдаттар. Алматы: Жазушы, 1980
5. Сәбитов Б. Қазақ әдебиетінде соғыс тақырыбы. Алматы: Ана тілі, 2012
6. Шәріпов Ж. Сарбаздық рух пен адамгершілік. Алматы: Фолиант, 2015

Умбеталиева Айнагуль Бериковна,
БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы,
«Сәулет» мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ЖАУЫНГЕРЛІК РУХТЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақ поэзиясына екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бір шоғыр жас ақындар келді.Аласапыран майданда қан кешіп, сұрапыл өрттің ортасынан оралған жалынды, жас дарындар шығармашылығы тың деп, өзгеше өрнегімен бірден назар аудартады. Уақыт жүгімен асау албырттығынан гөрі, қиын кезең ағысын барлауға мәжбүр болған байыптылығы басым жаңа толқынның жырларында бұған дейін көзге түспеген қыруар көркемдік сипаттар бедерленді. Олардың бастан кешірген шындығы – от пен оқтың ортасында жан ұшырған тағдырлар, өлімге қарсы шапқан айбынды ерлер, сан миллион адамды алапат ажалдың аранына аямай лақтырған, адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс апаты қазақ поэзиясының жаңа мазмұнына айналды.

Қазақ әдебиеті тарихында өз халқының тағдырлы кезеңдерін жүрек қылына қосып жырлаған, елдің рухын көтерген ақындардың бірі – Сырбай Мәуленов. Оның шығармашылығы ХХ ғасырдың ең бір күрделі де сындарлы тұстарында дүниеге келіп, халқымыздың елдігі мен ерлігін, Отанға деген махаббатын, сарбаздық рухы мен бейбіт өмірге деген аңсарын бейнеледі. Сырбай Мәуленов жырларынан халықтың жүрегін тербейтін сарбаздық қайсарлықты, елге, жерге деген адалдықты айқын көреміз.

С.Мәуленов өмір сүрген дәуірінің арман-мұратын, болмысын жырына арқау етіп, қаншама жырлар тудырды. Оның алғашқы туындыларының өзі сан қырлы. Негізінен лирик ақынның публицистикалық сарында жазылған өлеңдері де жетерлік.

Сырбай Мәуленовтің Отанға, туған жерге, Қазақстанның қалаларына арналған өлеңдерінің өзі бір төбе. Жалпы, С.Мәуленов ел-елді аралап көзбен көрген көп дүниесін жырына арқау еткен. Жолсапар очеркін автор: «Түркмения бізге көптеген өлеңдердің, очерктер мен әңгімелердің, пьесалардың тың тақырыптарын берді. Енді алған әсерді суытпай, көрікті қызған

кезінде басып, қалам сілтеуіміз керек», – деп түйіндейді. Ақын сөзінде тұра біліпті. «Сексеуіл», «Ашхабадтағы Ленин ескерткіші», «Дауыл алдындағы тыныштық», « Қызыл су», «Шекара», «Түйе», «Су» деп аталатын өлеңдер де сол сапардан алған әсерлерінің жемісі. Ақынның өлеңді өмірдің өзінен алып жазатынын осыдан аңғарамыз.

Қазақ поэзиясына нағыз сыршыл сезімді, шынайы, көркем бейнелі өлең үлгісін әкелгендердің жуан ортасында дүр тұлғалы Сырбай ақынның орны өзгеше. Қан майданда қар жастанып, мұз төсендірген соғыстың қайғы-қасіретін, өмір мен өлім айқасын өз көзімен көруі, көңілге түюі – ақын жырларының аясын кеңейтіп, көрген-білгенін ойында терең қорытып, тіршілік философиясына айналдыруына себепші болғаны анық. Сұм соғыста бір қолын жоғалтып, жарадар болып қайтса да ақын 58 кітап жазған екен. Тәні ғана емес, жаны да мүгедек болып келсе де мөлдір сезімді жастық отынан, жан сұлулығынан ажыратпаған. Әсіресе, соғыс тақырыбында жан сарайыңды өртеп өтер өлмес, өшпес өнеге үлгілерін жасап қалдырды. Бұл тақырыптағы қазақ поэзиясының алтын қорын байытқан «Түбірлер», «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңдерін ауызға алсақ та жетіп жатыр. Қасиет пен киеге суарылған мұндай өлеңдер ақынның жыр кітаптарында молынан ұшырасады.

Өлең өлкесіне келген әр ақын Сырбайша оқуға, Сырбайша жазуға, Сырбайша сөйлеуге ұмтылады. Қазіргі әдебиеттегі алпысқа келгендер мен төменгі буынның барлығының болмысында міндетті түрде Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар. Сырбай Мәуленов тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс. Сырбай − қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Өлеңдерінің ерекше бір қасиеті: ол ойын лирикалық герой арқылы, көбінесе өз атынан сөйлейді, өз қатынасын, өз көзқарасын, өз сезімін толғайды. Өз атынан сөйлеу, «мен» деп айту сәтті шыққан жағдайда ақын жырын оқушыға жақындата түседі. Ал сәтсіз болса, оқушы ақын пікірін, ақын сезімін қабылдамайды. Біздің әдебиет сынымызда соңғы кезге дейін лирикалық геройға тиісті баға берілмей келді. Ақын қандай нәрсені өз атынан жазу керек, қай жерде «мен» деп айту керек деген таластар да жоқ емес. Егер де ақын «мен» деп айтса, өз атынан сөйлесе, өз сезімін айтса, тар шеңберде қалып қояды, жеке бастың сезімін жырлайды деген пікірлер де бар. Меніңше, «ақынның қандай нәрсені өз атынан айтуы керек?» деген талас болмасқа тиіс. Өлеңнің тар шеңберде қалып қоюы, не болмаса өлең маңызының терең болуы ақынның өз атынан көптің сезімін бере білуінде. Өз басына жақын, өз басының сезімін қайғы-қуанышын жырласа немесе көпке ортақ саяси мәселелерді жырласа да тар шеңберде қалып қоюға болады.

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығының негізгі бір тобы соғыс тақырыбына арналған. Өйткені жастық шағының елеулі бір кезеңін ұрыс даласында өткізген майдангер ақын жүрегінің лүпілі ақ қағазға түсірілген өлең жолдарына айналуы табиғи құбылыс. Бүкіл адамзатқа зардап шектірген бұл соғыс кезеңіне арналған С.Мәуленов өлеңдерін оқып отырып толғанасың, күйінесің, күрсінесің. Сырбай Мәуленовтің поэзиясы соғыс құрбандарына мәңгі тұрғызылған ескерткіш тәрізді. Сырағаңның өлеңдері сондықтан көздің ұясынан жаңа шығып, жерге тамбай мәңгі қалған көз жасының бір түйір тамшысы сияқты әсер қалдырады қашанда.

Белгілі сыншы, академик Серік Қирабаев «Сырбай – классик» деген мақаласында: «Сырбайдың көзін аша көргені әскери өмір, Ұлы Отан соғысының қанды қырғыны екені белгілі. «Әскери өмір менің өмірімнің мектебі болды» деп, оны өзі де айтқан. Сондықтан да өмір тануды халық тарихының ең бір қиын да күрделі жағдайында бастаған ақын санасын тез жетілдіріп, дүниеге ойлы көзбен қарай алды. Соғыста ол өлім мен өмірдің жекпе-жегін көрді, өлімнің өзімен жалғасып туындап жатқан өмірді таныды, шындықтың қоғамдық, адамдық мән-мағынасын терең пайымдады, адам сырына үңілді. Бұл жайлар алғашқы күннен-ақ ақынның соғыстың ауырлығын жеңілдетпей, шынайы күйінде бейнелей алуына жол ашты» деген екен.

Әрине, ақын Сырбай Мәуленовтің майдан тақырыбына арналған отты да сырлы жырларын талдай берсек бір емес, бірнеше мақалаға жүк болар еді. Сондықтан Сырбай

Мәуленовтің шығармашылығын зерттеген жазушы Әди Шәріповтің мына бір сөзін мысалға келтіре кетсем, сөзімізге жан бере түсер еді: «Сырбайдың «Сәлем, Волхов орманы», «Назияда күн ашық», «Синявино шайқасы» тағы басқа өлеңдерінде ақын Ленинград жеріне ыстық сезімін, сүйіспеншілік көңілін суреттейді» дейді. Тағы бірде «Сырбайдың Ұлы Отан соғысы тақырыптарына жазған өлеңдерінің оптимистік терең ойы, философиялық түйіндері тұтасып, көркемдік өрнегі жиі болып келеді» деп жазады.
«Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім…» деп бейбіт өмірде де ірілік танытқан ақын, соғыстан кейін әдебиет саласында да еселі еңбек етті. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері болды. «Халықтар достығы» орденімен лайықты марапатталды.

Зерттеу өзектілігіне келетін болсам, Сырбай Мәуленов шығармалары арқылы жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімді, отансүйгіштікті, ерлік пен қайсарлықты қалыптастыруға болады. Ақын жырлары сарбаздық рухтың көркем бейнесін жасай отырып, бүгінгі қоғам үшін де мәнін жоғалтпаған құндылықтарды насихаттайды.
Әр ақынның шығармашылық мұрасы – оның өмірлік ұстанымының айнасы. Сырбай Мәуленов өмір сүрген дәуір – соғыс тауқыметі мен бейбіт өмірдің жаңғыру кезеңі. Ол майдан даласында жауынгер ретінде ел намысын қорғап қана қоймай, кейінгі шығармаларында сол кезеңнің ащы шындығын, сарбаздық рухын және бейбіт өмірге деген ұмтылысты көркем сөзбен өрнектеп қалдырды.
«Соғыс не?!
Менен біліңдер» –
Деп тұрғандай түбірлер.

Соғыстың шынайы келбетін, зардабын, екі-ауыз сөзбен осыншалықты қысқа да нұсқа жеткізе алудың өзі публицистен жоғары шеберлікті талап етеді. Сырбай Мәуленовтің өлеңдері өмірдің өзінен туған өлеңдер еді. Ал өмірдің өзінен туған өлеңдер барлық болмыс шындығымен ұзақ уақыт жасайтын сияқты. Ақынының өмір өткелдерін көп кешіп, оның құбылыстарын көп зерттеп, біраз жайларды басынан кешіргені айқын білінеді.

Бұл жұмыста талдау, салыстыру, сипаттау, жинақтау әдістері пайдаланылды. Әсіресе ақын өлеңдеріндегі көркемдік құралдарды талдау арқылы сарбаздық рухтың поэтикалық бейнесі айқындалды. Сонымен қатар тарихи-салыстырмалы талдау әдісі арқылы оның шығармашылығы дәуір шындығымен сабақтастырылды.

Зерттеу барысында ақынның көптеген өлеңдерін талдап, олардың көркемдік ерекшеліктерін сараптай отырып, сарбаздық рухтың түп-тамыры елдік мүдде мен ұлттық болмыста екенін аңғардым. Мысал келтіретін болсам, оның мына өлең жолдарынан жауынгердің отансүйгіштігін, қайсарлығын көреміз:
«Жауынгердің жүрегінде жалын бар,
Жүрек оты ешқашанда сөнбейді.
Жау алдында жусан иісі аңқиды,
Отан үшін жанын беріп өлмейді». [Мәуленов, 1958: 24].
Бұл шумақта сарбаздың рухы отқа да, суға да сынбайтын қайсарлық ретінде көрінеді. Ақын үшін сарбаз бейнесі – ел намысын арқалаған қасиетті тұлға.

Сырбай Мәуленов өмір сүрген дәуір – соғыс тауқыметі мен бейбіт өмірдің жаңғыру кезеңі. Ол майдан даласында жауынгер ретінде ел намысын қорғап қана қоймай, кейінгі шығармаларында сол кезеңнің ащы шындығын, сарбаздық рухын және бейбіт өмірге деген ұмтылысты көркем сөзбен өрнектеп қалдырды.

Зерттеу барысында ақын поэзиясынан сарбаздық рухты бірнеше қырынан көруге болады:
– біріншіден, оның өлеңдеріндегі жауынгер бейнесі – халық ерлігінің символы;
– екіншіден, Отанға деген махаббат – сарбаздық рухтың өзегі;
– үшіншіден, бейбіт өмірге деген аңсар – ақын шығармашылығының мәңгілік тақырыбы.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленов заманауи ақын, себебі бүгінгі заман оның барлық өлеңдерінде бар уайыммен және үреймен өмір сүреді. Бірақ бұл тақырып жер бетінде өмір сүргендердің ең басты жауапкершілігі – өткен мен болашақ алдында бағынышты. Бұл идея шайқасқа түскендерге арналған жолдарда жазылған.

Сырбай Мәуленовтың өлеңінің лирикалық кейіпкері өлімді жеңіп, майдандас достарын қайта тірілтеді. Өйткені, олардың алда жаңа биіктер мен шекаралар, жеңіске жетудің ұлы жолы тұрды. Ақынның поэзиясы бізге адамдар бәрін жеңе алады, олар жақсы болашақты құра алады деген мақсатты тағы да еске салады. Сырбай Мәуленов туған жеріне, табиғатқа үлкен құрметпен қарайды. Сол себепті ақын шығармаларында Отан қай жерде болмасын, адаммен бірге жүретін, аспанда қалықтаған қарлығашпен байланыстырылады.

Қайтармыз Қазақстанға

Қайратты күш шыдатпас,
Шығар жаудың талқаны.
Қайтармыз Қазақстанға,
Аралармыз Арқаны.
Құдіретті күшімен,
Құрар жеңіс салтанат.

Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух – тек қана соғыс көріністерімен шектелмейді. Ол рух – ұлттық болмыстың өзегіне айналған, бейбіт өмірді аңсаған жүректің үні. Ақын поэзиясында бейбіт өмірге деген сүйіспеншілік ерекше орын алады. Оның «Ана» тақырыбындағы өлеңдері, туған жерге арналған жырлары сарбаздық рухтың әрі қарай жалғасқан бейбіт арнасы іспетті.

Мысал келтіретін болсам, ақынның бейбіт өмірге арнаған жырларынан сарбаздық рухтың басқа қырын – тыныштықты қорғауға деген талпынысты байқаймыз:

«Бейбіт өмір – бар арманым, мұратым,
Жас ұрпақтың шат күлкісі – қуатым.
Жау өртімен шарпылғанда дүние,
Аман болсын деп тілеймін жұратым». [Мәуленов, 1962: 57].

Бұл жолдарда бейбіт өмір – сарбаздық рухтың негізгі мақсаты ретінде беріледі. Яғни сарбаз тек соғыстағы ерлікпен ғана емес, соғыстан кейінгі тыныштықты сақтаудағы еңбегімен де қастерленеді.

Зерттеу барысында мәтіндік талдау, тарихи-әдеби әдіс қолданылды. Өлеңдердегі көркемдік тәсілдер – эпитет, метафора, теңеу – сарбаздық рухты терең ашуға мүмкіндік береді. Мысал келтіретін болсақ: "Қарсы тұрды оққа кеудем қалқандай" жолдары жауынгердің батырлық бейнесін айшықтайды [Мәуленов, 1970: 33].

Өлеңдеріндегі эпитет, теңеу, метафора секілді көркемдік құралдар сарбаздық рухты асқақтатып, оқырманға рухани жігер сыйлайды.

Сырбай Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңін бәрі біледі. Бұл өлең – тек соғыс жайлы кішігірім шежіре емес, бұл – ақын әр жолына үміт пен үмітсіздікті, сағыныш пен сағымды, өмір мен өлімді қатар сыйғызған, адамзат трагедиясын терең бере алған өлең. Ия, арада сексен бес жыл өткенде соғыстың қайғысын біз ұмытып бара жатқан шығармыз, ал бізге дейін қаншама адам үмітпен өмір сүріп, ана баласын, әйел азаматын, бала әкесін күтті.

Жаутаңдап қарап дала тұр,

Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр.
Уақыт өтіп бара жатса да, ананың, жардың, баланың күтуі тоқтамайды. Әр сәт – күтумен өлшенеді. Бұл жерде уақыт пен үміт диалектикасы бар. Соғыс - ұлы идеялар үшін емес, жеке адамдардың қайғысымен өлшенетін зауал.

Зерттеу барысында ақынның өлеңдерінен көркемдік тәсілдердің де сарбаздық рухты күшейтуде ерекше орын алатынын анықтадым. Эпитет, метафора, теңеу сынды көркемдік құралдар арқылы жауынгер бейнесі асқақтатыла суреттеледі. Мысал келтіретін болсам: *«Қарсы тұрды оққа кеудем қалқандай»* деген жолдарынан сарбаздың жүрегіндегі қайсарлық пен отансүйгіштік айқын көрінеді.

Менің зерттеу нәтижесінде Сырбай Мәуленов поэзиясындағы сарбаздық рух – бүгінгі жас ұрпақ үшін де маңызды. Себебі ол ұлттық санада патриотизмді, елге адалдықты, Отанға сүйіспеншілікті қалыптастырады. Бүгінгі Қазақстан жастарына да оның шығармашылығы өнеге, себебі елін сүйген, бейбітшілікті армандаған ұлт азаматының бейнесін танытады.

Сырбай Мәуленов үшін сарбаздық рух – жеке бір адамның ерлігі ғана емес, ол – халықтық қасиет, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани күш. Оның поэзиясы қазақ әдебиетіндегі патриоттық жырлардың алтын арқауына айналды.

Менің зерттеу нәтижесінде айқындалған тағы бір тұжырым – Сырбай Мәуленовтің сарбаздық рухы бейбіт өмірге деген сүйіспеншілікпен астасып жатыр. Ақын үшін ең үлкен жеңіс – соғыстың тоқтауы, халықтың тыныш өмір сүруі. Сондықтан ол жырларында бейбіт өмірді мәңгілік құндылық ретінде насихаттады.

С.Мәуленов ақын ретінде өз дәуірінің жыршысы болған. Сонау ауыз әдебиетінен бастап, ақындар журналистің қызметін атқарып келеді. Тіпті, тарихты да жазады. Қара сөзден қарағанда, қара өлеңге жақын С.Мәуленов үшін де халыққа бағытталған көсемсөзін өлең тілінде жеткізу әлдеқайда ыңғайлы болғаны да сөзсіз. Қазақтың бас ақыны Абаймен рухани үндестігінен болар «Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы?! Өлмейтұғын артын із қалдырған» деген ойды С.Мәуленов те қайталайды:
– Өлмейсің! – деп ел айтты
– Өлмейсің деп! – деп жер айтты.
– Сендер аман тұрғанда
– Өлмеймін! – деп мен айттым
Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух – тек өткеннің тарихи көрінісі емес, ол бүгінгі және болашақ ұрпаққа арналған өнеге. Ол бізге Отанды сүюдің, бейбітшілікті қастерлеудің, ерлік пен қайсарлықты бағалаудың үлгісін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аймауытов Ж. Әдебиет және психология. – Алматы: Санат, 1995.
2. Әбдіков Т. Сырбай Мәуленов поэзиясының көркемдік жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: ҚазАқпарат, 2012.
4. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1984.
5. Нұрқатов А. Қазақтың поэзиялық дәстүрлері. – Алматы: Жазушы, 1966.
6. Смайылова Ш. Қазақ поэзиясындағы патриотизм мәселелері. – Астана: Фолиант, 2015.
7. Мәуленов С. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1958. – 124 б.
8. Мәуленов С. Жүрек жыры. – Алматы: Қазмембас, 1962. – 160 б.
9. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1970. – 220 б.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2005. – 560 б.

11. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті сын мақалалар. – Алматы: Білім, 1997. – 340 б.

Umbetova Karlyga Yeskendirovna
School-lyceum № 37 named after S.Maulenov
The English teacher

THE ARTISTIC VALUE OF SYRBAY MAULENOV`S POETRY

The mature poet is viewed as a medium, through which tradition is channelled and elaborated. He compares the poet to a catalyst in a chemical reaction, in which the reactants are feelings and emotions that are synthesised to create an artistic image that captures and relays these same feelings and emotions. While the mind of the poet is necessary for the production, it emerges unaffected by the process. The artist stores feelings and emotions and properly unites them into a specific combination, which is the artistic product. What lends greatness to a work of art are not the feelings and emotions themselves, but the nature of the artistic process by which they are synthesised. The artist is responsible for creating "the pressure, so to speak, under which the fusion takes place." And, it is the intensity of fusion that renders art great [1].

The great Kazakh poet and philosopher Abai Kunanbayev saw poetry as a means of spiritual and cultural development for society, laying the foundations of national ideology through his works addressing issues of morality and justice. In his opinion, poetry should be an expression of life and a reflection of truth, and the poet himself should be a prophet who reveals this truth to the people [2, p.117].

Syrbai Maulenov is the Kazakh poet whose poems are full of love to Homeland, people and nature.

Among those who brought truly mysterious, sincere and artistically expressive poems to Kazakh poetry, the great poet Syrbay occupies a special place.

Having seen firsthand the sorrows of war, covering the battlefield with snow and ice, the struggle between life and death, and having lived through it, he obviously expanded the boundaries of his poetry, deeply absorbed what he saw and learned, turning it into a philosophy of life. Particularly in military matters, he left behind immortal and indelible examples of the spirit burning the chambers of the soul. Suffice it to mention the poems "Tubirler" and "Sogystan Qaytqan Soldaten," which enriched the gold fund of Kazakh poetry on this topic. Such poems, imbued with virtue and piety, are widely represented in the poet's poetry collections.

Maulenov`s life was meaningful and interesting. In 1940 from the second year of the Kyzyl-Orda teacher training college he was called in ranks of RKKA. At the end of the same year he was exempted from a military duty through illness. In 1942 Maulenov was on the Volkhov Front in a rank of the lieutenant, was the deputy commander of a company by political part. In 1943 during break of blockade of Leningrad Maulenov was seriously injured and after treatment in hospital is invalided out [3].

From 1943 to 1950 Maulenov worked as the deputy editor of the Kostanay regional newspaper, then — in the office of the Union of writers: was the editor-in-chief of the republican literary newspaper "Kazakh Adebiyeti", he was twice elected the secretary of the party organization of the joint venture of Kazakhstan. Nowadays is the editor-in-chief of the republican literary magazine Zhuldyz. He took part at Great Patriotic War where he got a great life experience. That experience founds its reflection in his poetry. After coming back to peaceful life Maulenov worked in the area of journalism where he went on writing poems. In his poems he admired the beauty on the land where he was born,

was proud of the people of labor. Maulenov's first collection of poems reflecting on his days at war was published in 1948.

His poems on homeland, nature, and life were equally beautiful and absorbing. As an example the poem which is proposed above.His poem "A Changed Land" illustrates the change of seasons and involuntarily guides the reader through the comfort of observing the change of months from hot July to chilly autumn and into the freezing winter, as if reminding that change itself is changeless.

July's dry wind,
The autumn's dampness passing through your ribs,
The winter's storms,
That won't let you straighten up.
Lined up like cranes,
Many summers and autumns have passed.
A new map is drawn,
The young forest guards the soul…

All in all, Maulenov wrote more than 50 poetry and prose collections. His lyrics became a part of the golden fund of Kazakh literature.

Along with poetry, Maulenov mastered various genres of journalism from publicist and essayist to critic, satirist, and editor. He actively participated in the periodical press and wrote many articles and essays [5].

The poetry of his touches the deepest and most sincere feelings of readers. Love to Homeland, great patriotism make the poet the model for today`s youth and undoubtedly, will educate the younger generation true values. At present the educational program "Adal azamat" (The honest citizen) is going on in our country, its principles are patriotism, honesty, hard work. The characters of poems of S.Maulenov are honest, hardworking people who love their Homeland selflessly. Besides, Syrbai Maulenov`s poems are valuable from the artistic and literary point of view. Maulenov is the author of over forty poetry collections, several nonfiction books, essays, and translations, all highly praised by the literary community and readers, the poet's lyrics were distinguished by their civic-mindedness, insight, and depth. One of the distinctive features of S. Maulenov's war lyrics is the realistic depiction of everyday life at the front. Like many soldier-poets of that era, he considered it his duty to tell the truth about war, its unflattering face and heroic spirit. His muse "emerged from the fire" of war and forever bore its marks—even years later, S. Maulenov's poems convey the experiences of the front lines. While describing the external side of war, S. Maulenov doesn't forget the soldier's inner world. His lyrical hero is a simple fighter who, alongside physical trials, experiences a whole range of emotions. The poet's war poems reflect courage, fear, homesickness, and the friendship of comrades. A special place in Syrbay Maulenov's war poetry is occupied by poems about love, which war could not destroy. Far from home, amid the roar of guns, soldiers continue to love—their girlfriends, wives, mothers, and their homeland. Love is a source of strength and hope, and sometimes even the salvation from despair on the brink of death [6].

Civic lyric poetry always took on a new tone during periods of instability and social upheaval: reforms, revolutions, wars. Poets often used it as a mouthpiece [7].

Civic poetry is a genre in which poets describe their experiences, reflections, and thoughts on topics such as patriotism, the Motherland and its fate, the state, and civic duty.Authors who focused on the theme of civic poetry reflected public sentiment and feelings, as well as their own perspectives on specific events in their home country [8].

Language of poetry is especial, its first differentiating property is its orderly form, which is based mainly on the rhythmic and phonetic arrangement of the utterances. The rhythmic aspect calls forth syntactical and semantic peculiarities which also fall into a more or less strict orderly arrangement. Both the syntactical and semantic aspects of the poetic substyle may be defined as compact, for they

are held in “check by rhythmic patterns. Metaphor is the interaction or interplay between the primary dictionary meaning (the meaning which is registered in the language code as an easily recognized sign for an abstract notion designating a certain phenomenon or object) and a meaning which is imposed on the word by a micro-context may be maintained along different lines. One line is when the author identifies two objects which have nothing in common, but in which he subjectively sees a function, or a property, or a feature, or a quality that may make the reader perceive these two objects as identical [9, p.124] Epithet is probably as well known to you as metaphor, because it is widely mentioned-by the critics, scholars, teachers, and students discussing a literary work. Epithet expresses characteristics of an object, both existing and imaginary. Its basic feature is its emotiveness and subjectivity: the characteristic attached to the object to qualify it is always chosen by the speaker himself [9, p.130]. Comparison means weighing two objects belonging to one class of things with the purpose of establishing the degree of their sameness or difference. To use a simile is to characterize one object by bringing it into contact with an¬other object belonging to an entirely different class of things. Comparison takes into consideration all the properties of the two objects, stressing the one that is compared.

Such poems as “On the Banks of Tobyl”, “Spring Festival”,Tiger Cub, “In the Mine”,“The Carpet”, “The Bridge” were analyzed from the literary and stylistic.

The stylistic analysis of stylistic devices is given in the chat below. As shown in Table 1 the author used 4 epithes, 2 metaphors, 2 comparisons in the poem “On the Banks of Tobyl”, the poem “Spring Festival” is presented by 3 epithets, 4 metaphors,1 comparison.
1 personification. In the poem “Tiger Cub” there are 4 epithets, 3 metaphors, 1 comparison and if to analyze the poem “In the Mine” 4 epithets, 4 metaphors, 1 comparison, 1 antithesis are used there. The poem “The Carpet” is written with help of such stylistic devices as 4 epithets, 2 metaphors, 1comparison. Maulenov used 4 epithets, 3 metaphors and 2 comparisons in the poem “The Bridge” [10] .

Table 1

	“On the Banks of Tobyl”	Spring Festival	Tiger Cub	“In the Mine”	“The Carpet”	“The Bridge”
Epithets	young day, gentle current, white foam, hot sand	golden crest, green grove, showered silver – create a joyful spring picture.	white clay, pale horse, dream aflame – bring to life vivid images of childhood and dreams.	“deep darkness” “dazzling star” “the heat of the heart” “underground fire”	“beautiful ornament” “painstaking work” “the carpet shines” “flowers of the earth”	“heavenly blue” “cloudy mist” “iron thunder” “blue water”
Metaphors	waves snatch like riders (life’s trials compared to	showered silver like lullabies – spring rain as silver drops; the steppe is merry like	like a trembling fishing rod – the child wandering in a dream compared to a	““Drills pierce…” (the drill compared to a weapon) “In every corner burns a star”	“The carpet – a memory of the mother” “The carpet – a call to labor”	“Like a batyr (hero) from a legend, it put forth its chest” (the

	waves), the rope is washed by the waves (burdens are washed away by time).	a feast – spring as a festival of life.	swaying rod; the sky of thoughts opened – purification of the mind.	(sparks compared to stars) "We raise light upward" (light as a symbol of labor and progress) "With the heat of our hearts we warm the earth's surface" (miners' work as warmth for the earth)		bridge as a hero, protector) "It welded two banks together" (unity of people) "Lights shine like medals" (bridge compared to a decorated warrior)
Comparisons	It pulls me like kokpar – life's stream is compared to the national game kokpar.	lakes – like moons on earth (reflection of the moon in water).	I dash like tumbleweed across the vast steppe – image of freedom and solitude.	"Like the heat of the heart, with underground fire"	No direct similes, but symbolic meaning: the carpet as mother's love and care.	"Like a batyr from a legend" "Like a row of medals on a uniform"
Antithesis				underground fire – earth's surface"		
Personification		birds, animals, mountains, and groves "take part" in the celebration of spring.				



Diagram 1

After researching some pieces of poetry of Syrbai Maulenov it is necessary to mention that he had a great deal of different stylistic devices as comparisons, metaphors, epithets and others. Poetry is the universal language which unites people all over the world and such personalities as Syrbai Maulenov are the messengers for who time and borders do not exist. That is why Syrbai Maulenov`s heritage motivates a lot of people today and will stay inspiring forever.

References

1.https://en.wikipedia.org/wiki/Tradition_and_the_Individual_Talent#Content_of_the_essay
2. Абай Кунанбаев. Слова назидания. — Алматы: Жазушы, 1992. — 176 с.
3.https://en.encyclopedia.kz/index.php/Syrbai_Maulenov
4.https://massaget.kz/uy_tapsyirmasyi/syirbay-maulenov-olenderndeg-syirshyil-sezm--23848/
5.https://astanatimes.com/2022/09/kazakhstan-celebrates-100-years-of-syrbay-maulenov-great-patriotic-war-poet-and-warrior/
6.https://adebiportal.kz/ru/news/view/poet-v-sineli-pravda-voiny-v-poezii-syrbaia-maulenova__10000343
7.https://stihi-na-zakaz.net/articles/grazhdanskaya-lirika-chto-eto-i-v-chyom-osobennosti-grazhdanskoj-poezii
8.https://fabulae.ru/poems.php?v=1&v2=3
9.Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка. – Л.: Просвещение, 2004. – 384 с.
10.https://bilim-all.kz/olen/3635

Умурзакова Лаззат Араповна,
Ақан Құрманов атындағы
№17 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагогика ғылымдарының магистрі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС

Аңдатпа

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын әрі қоғам қайраткері Сырбай Мәуленов шығармашылығындағы ұлттық рух пен азаматтық болмыс мәселелері кеңінен қарастырылады. Ақын поэзиясындағы ұлтқа деген сүйіспеншілік, ел мен жерге деген адалдық, ана тілі мен салт-дәстүрге құрмет секілді ұғымдар – ұлттық рухтың көркем бейнесі ретінде талданады. Сонымен қатар, Сырбай Мәуленовтің азаматтық поэзиясы – ел тағдырына алаңдайтын, халықтың үміті мен мұңын жырлайтын, шынайы әлеуметтік поэзияның үлгісі ретінде сипатталады.

Ақын өлеңдерінің мазмұны мен тақырыптық ерекшеліктері терең зерделеніп, ұлттық болмысты ашудағы көркемдік тәсілдері мен лирикалық бейнелерінің маңыздылығы сарапталады. Ақын шығармаларындағы туған жердің табиғатын суреттеу, ата-бабалар ерлігіне тағзым ету, ана тіліне деген құрмет көрсету арқылы ұлттық сана мен патриоттық сезім қалыптастыру мақсаты көрсетіледі. Бұл тұрғыда ақын поэзиясы – ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды дәріптейтін маңызды құрал екендігі дәлелденеді.

Сырбай Мәуленовтің Ұлы Отан соғысына қатысуы және соғыс тақырыбын жырлаудағы ерекшелігі талданады. Ақын майдан шындығын көркемдікпен жеткізе отырып, ерлікті, отансүйгіштікті, азаматтық борышты алдыңғы қатарға шығарады. Оның поэзиясындағы азаматтық үн – тек өткенді еске алу емес, сонымен бірге болашаққа бағытталған, жас ұрпақты елге қызмет етуге үндейтін идеялық бағдар ретінде сипатталады.

Ақынның тілдік-көркемдік ерекшеліктеріне де талдау жасалып, метафора, эпитет, теңеу сияқты бейнелеу құралдарының ұлттық рух пен азаматтық болмысты жеткізудегі рөлі көрсетіледі. Сырбай Мәуленов шығармашылығының бүгінгі рухани-мәдени контексте алатын орны, оның тәрбиелік мәні мен ұрпаққа берер үлгісі айқындалады.

Кілт сөздер: поэзия, құрмет, рух, болмыс, ұрпақ, өнегеКіріспе

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, XX ғасырдың екінші жартысында ұлттық поэзияны жаңа белеске көтерген ақындардың бірі – Сырбай Мәуленов. Оның шығармашылығы – ұлттық рух пен азаматтық болмыстың жарқын айғағы. Ақын өз өлеңдері арқылы халқымыздың тарихи тағдыры мен рухани болмысын, ерлік пен елдік мұраттарын, туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілікті шынайы сезіммен бейнелей білді. Осы баяндамада Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы ұлттық рух пен азаматтық болмыс тақырыбы жан-жақты талданады.

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух пен азаматтық болмысты өз шығармашылығы арқылы терең әрі шынайы суреттеген көрнекті ақын. Оның поэзиясы туған елге деген сүйіспеншілікке, халықтың тарихына құрмет пен тіл тағдырына алаңдаушылыққа, сонымен қатар қоғам алдындағы жауапкершілік пен ерлік рухына толы.

Ақын өлеңдерінде ұлттық рух табиғат көріністері арқылы, туған жер мен елге деген перзенттік іңкәрлікпен, ата-баба жолын қастерлеу мотивтерімен көрініс табады. Ол туған дала келбетін сипаттау арқылы қазақ халқының кең пейілі мен еркін болмысын бейнелейді. Ана тілі, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар – Мәуленов поэзиясындағы ұлттың рухани тірегі.

Ал азаматтық болмыс – ақын үшін жеке тұлғаның қоғам алдындағы борышын терең түсінуінен басталады. Ұлы Отан соғысына қатысқан Сырбай Мәуленов майдан шебінде көрген шындықты поэзия арқылы жеткізе отырып, ерлік, отаншылдық, бейбіт өмірдің қадірі туралы терең ой қозғайды. Сонымен бірге оның еңбекті дәріптеген, адалдықты, әділеттілікті ардақтаған өлеңдері адамгершілікке, шынайы азаматтыққа үндейді.

Сырбай Мәуленов поэзиясы – тек көркем сөздің ғана емес, ұлттық тәрбие мен елдік сананың құралы. Ол өзінің шығармалары арқылы ұрпаққа рухани мұра қалдырды. Оның өлеңдері бүгінгі күні де өз маңызын жоймаған, қайта елдік сана мен ұлттық бірегейлікті нығайтатын құндылыққа айналып отыр.Ақын өмірі мен шығармашылық ерекшелігіСырбай Мәуленов 1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы қазақ даласындағы қиын-қыстау кезеңдермен тұспа-тұс келді. 1940 жылы Алматы педагогикалық институтына түсіп, бірақ көп ұзамай Ұлы Отан соғысына аттанады. Майдан шебінде жүріп, нағыз азаматтық пен отанға адалдықтың үлгісін көрсетті. Бұл соғыс жылдарындағы тәжірибелер оның поэзиясының мазмұны мен рухани бағытына айтарлықтай әсер етті. Соғыстан кейінгі жылдары Сырбай Мәуленов әдебиетке белсене араласып, көптеген өлеңдер мен поэмалар жазды. Оның шығармашылығы тек лирикалық сезіммен шектелмей, әлеуметтік, тарихи, ұлттық мәселелерді де кеңінен қамтыды. Әдебиетке жаңашыл леп алып келген ақынның поэзиясы халықтық болмыспен, ұлттық дүниетаныммен және азаматтық үнмен астасы Ұлттық рух – Мәуленов поэзиясының өзегі. Сырбай Мәуленовтің өлеңдерінде ұлттық рух – негізгі идеялық өзек болып табылады. Ұлттық рух – бұл елге, жерге, тілге, ділге деген махаббат, халқымыздың өткен тарихына құрмет пен болашағына сенім.

1. Туған жерге деген махаббат. Сырбай Мәуленов үшін туған жер – қасиетті ұғым. Ақын өлеңдерінде кең байтақ даламыздың табиғаты, тау мен тасы, өзені мен көлі, аспаны мен жұлдызы ерекше шабытпен суреттеледі. Бұл – тек пейзаж ғана емес, ұлттың жан дүниесінің көрінісі.

Мысалы:

Торғай бойы, Тосын жері
Бұйра құмның бөктері.
Жаз самалы жан тербетті
Қандай әсем көктемі.
Биік шыңның бауырында
Бұйра толқын бал бұлақ.

Бұл жолдардан ақынның туған жерге деген ерекше іңкәрлігі сезіледі. Дала бейнесі – ұлттық рухтың символы, ал сол даланың баласы болу – үлкен мақтаныш.

2. Тарихи сана мен ата-баба ерлігі. Сырбай Мәуленов шығармаларында қазақ халқының тарихи өткені – жаугершілік замандар, ерлік пен намыс үшін болған шайқастар, бабалар жолы жиі еске алынады. Бұл арқылы ақын жас ұрпақты ата-бабасының жолын жалғастыруға, елдік мұратқа адал болуға үндейді.Мысалы:"Тарих сөйлеп тұр тасынан,
Ерлік қалған әр қадамыннан.
Аттың дүбірі жаңғырып,
Көрінеді батыр бабамнан."Мұнда бабалар рухы бүгінгі ұрпақпен үндесіп, ұлттық сана мен рухани сабақтастық көрініс табады.3. Тіл мен мәдениет – ұлттың жаны. Сырбай Мәуленов үшін қазақ тілі – қазақ халқының жаны, болмысы. Ол өз ана тілінде жырлап, қазақ сөзінің сұлулығы мен құдіретін паш етті. Оның поэзиясында халықтың ауыз әдебиеті мен фольклорлық дәстүрдің әсері мол.Азаматтық болмыс – поэзиядағы ар мен ұяттың көрінісі. Сырбай Мәуленов поэзиясындағы тағы бір терең тақырып – азаматтық болмыс. Бұл ұғым ақын шығармашылығында елге деген жанашырлықпен, қоғамдық әділеттілікті қорғаумен, халық тағдырына бей-жай қарамаумен байланысты ашылады.

1. Соғыс тақырыбы және азаматтық ерлік

Сырбай Мәуленов Ұлы Отан соғысына қатысып, сол майданда жүріп жүрек сөзімен жазған өлеңдері арқылы азаматтық рухтың жарқын үлгісін қалдырды.

Соғыс өлеңдерінде ерлік пен серт, достық пен адалдық, өмір мен өлім арасындағы таңдаулар терең суреттеледі. Бұл – азаматтық сананың, ұлттық борыштың көрінісі.

2. Қоғам алдындағы жауапкершілік. Ақын поэзиясында жеке адамның қоғам алдындағы борышы, адалдығы, шынайылығы үлкен мәнге ие. Оның кейіпкерлері – қарапайым еңбек адамдары, ұстаздар, дәрігерлер, құрылысшылар, яғни елдің дамуына үлес қосып жүрген азаматтар.

Азаматтық болмыс адал еңбекпен, өз ісіне деген жауапкершілікпен тікелей байланысты беріледі. Сырбай Мәуленов болашаққа сенген, елдің ертеңіне үмітпен қараған ақын. Оның көптеген өлеңдерінде қиындыққа мойымай, алға ұмтылу, жаңару, қайта түлеу идеялары басты орын алады.

"Ел ертеңін ойлар болсақ бәріміз,
Күн шығарын көрер едік әлі біз.
Тар замандар өтсе-дағы талайдан,
Жаңарған ел күтіп тұр самайдан."

Бұл – азаматтық сенімнің, ұлттық рухтың ажырамас бөлігі. Ұлттық рух пен азаматтық болмыстың біртұтастығы. Сырбай Мәуленов поэзиясында ұлттық рух пен азаматтық болмыс ажырамас екі ұғым ретінде қарастырылады. Ұлттық сана – азаматтық әрекеттің бастауы, ал азаматтық болмыс – ұлттық рухты нақты іспен дәлелдеудің жолы.

Ақын үшін нағыз азамат – өз ұлтын сүйетін, халқының тағдырына алаңдайтын, елінің тарихына, тіліне, жеріне құрметпен қарайтын тұлға. Оның өлеңдеріндегі әр образ – осы сипаттарға сай бейнеленеді.

Сырбай Мәуленов – қазақ әдебиетіндегі ерекше тұлға, оның поэзиясы ұлттық рух пен азаматтық болмыстың үндесуі ретінде қазақ әдебиетінің алтын қорына енген. Ақынның шығармашылығында туған елге, жерге деген махаббат, ана тіліне шексіз құрмет, ата-бабалардың ерлігі мен ұлттық дәстүрлердің қастерленуі басты тақырыптар болып табылады. Бұл поэзияның негізінде қазақ ұлтының рухани тірегі жатыр. Сондықтан да Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы қазақ мәдениеті мен руханиятының дамуына зор үлес қосып, ұлттың өзіндік болмысын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Ұлттық рух – Мәуленовтің поэзиясындағы басты элемент. Ақын туған жердің кең байтақ даласын, оның сұлулығын, табиғи көріністерін шебер суреттей отырып, ұлттың еркіндік пен кең пейілділік қасиеттерін жырлайды. Табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік, туған жерге деген жанашырлық поэзиясының басты мазмұны болып табылады. Сонымен бірге, ақынның шығармаларында қазақ халқының тарихи тағдыры мен ата-баба ерлігіне деген құрмет ерекше орын алады. Ол жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізуге, өз тамырын ұмытпауға шақырады. Бұл – ұлттық сана мен патриотизмнің негізін қалыптастырудағы маңызды фактор.

Азаматтық болмыс тақырыбы да Мәуленов поэзиясында терең көрініс тапқан. Ақын Ұлы Отан соғысына қатысып, майдан шебінде көрген шындықты, адам тағдырларын поэзия арқылы жеткізеді. Ол ерлік пен адамгершілік құндылықтарын дәріптеп, отан алдындағы борыш пен жауапкершіліктің маңыздылығын жырлайды. Оның поэзиясы ел үшін күрескен батырлардың рухын ардақтай отырып, бүгінгі және болашақ ұрпаққа азаматтық парызды сезінуге үндейді. Сонымен қатар, Мәуленов еңбекті, қарапайым халықтың күнделікті тіршілігін жырлау арқылы халық өмірінің әр саласын қамтиды. Оның шығармашылығы еңбекті ардақтауға, әділдік пен адалдыққа шақырады.

Сырбай Мәуленов поэзиясының тағы бір ерекшелігі – оның тілдік және көркемдік құралдарды шебер пайдалана білуінде. Ақын метафоралар, эпитеттер, теңеулер арқылы ұлттық рух пен

азаматтық мінездің терең мағынасын береді. Оның өлеңдері көркемдік пен философиялық ойдың үндесуі болып табылады. Мұндай тәсілдер оқырманның жүрегіне жетіп, оларды рухани тәрбиелеуге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов шығармашылығы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани байлығы, ұлттық сана мен азаматтық ұстанымның маңызды қайнар көзі болып табылады.

Оның поэзиясы бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жоғалтпай, керісінше ел тәуелсіздігі мен рухани жаңғыру дәуірінде ерекше өзектілікке ие болып отыр. Ақынның шығармалары ұрпақты ұлттық рухқа баулып, елге деген шынайы махаббат пен жауапкершілікті сезінуге шақырады. Сондықтан Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын зерттеу, насихаттау және оқу қазақ мәдениеті мен әдебиетін дамытудың маңызды бағыты болып табылады.

Осылайша, Мәуленов поэзиясы – ұлттың өткенін сақтап, бүгінгі мен болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтар мен азаматтық идеалдарды жеткізудің көркем құралы. Бұл – қазақ халқының рухани әлемін байытып, ұлттық бірегейлікті нығайтудағы маңыздылығы зор рухани мұра.

Қорытынды

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясында ұлттық рух пен азаматтық болмысты терең жырлаған қайраткер ақын. Оның шығармашылығы туған жерге, елге, ана тіліне деген сүйіспеншілікпен қатар, азаматтық жауапкершілік пен рухани адалдықты ту еткен мазмұнға ие. Ақынның лирикалық бейнесі арқылы қазақ халқының тыныс-тіршілігі, табиғаты, тұрмыс-түзігі, тарихи тағдыры шынайы түрде көрініс табады. Мәуленов поэзиясының мазмұндық ауқымы кең – онда майдандағы ерлік пен жан азабы, соғыстан кейінгі тыныш еңбек, туған жерге сағыныш, болашаққа сенім, рухани биіктікке ұмтылыс сынды тақырыптар үндесіп отырады.

Ақын поэзиясында ұлттық рух – поэтикалық бейнелер, көркем образдар мен табиғат суреттері арқылы сипатталады. Ол дала көрінісін жырлағанда, сол арқылы халықтың кең пейілін, еркін мінезін, ұлттың болмысын бейнелейді. Табиғат пен адамды тұтастықта қарау – Мәуленов стилінің басты ерекшелігі. Сонымен бірге ана тіліне деген сүйіспеншілік, ата-баба жолына құрмет, халықтың тарихына тағзым – оның өлеңдерінің басты өзегі болып табылады. Бұл – ұлтты сүюдің, ұлттық рухты оятудың көркем үлгісі.

Азаматтық болмыс тақырыбы да ақын шығармашылығында терең көрініс тапқан. Ұлы Отан соғысына қатысқан Сырбай Мәуленов майдандағы шындықты көркем тілмен жеткізе білді. Оның поэзиясында батырлық пен өрлік, отан алдындағы адалдық пен ерлік, елге қызмет ету идеясы кеңінен суреттеледі. Сонымен қатар ол бейбіт өмірді, еңбекті, қарапайым адамды жырлау арқылы ел болашағы үшін тер төгетін әрбір азаматтың еңбегін жоғары бағалайды.

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов поэзиясы – қазақ халқының рухани айнасы. Онда ұлттық болмыс пен азаматтық мінез, поэтикалық тереңдік пен философиялық ой қатар өріледі. Ақынның шығармалары бүгінгі таңда да өзектілігін жоймаған, қайта рухани жаңғыру дәуірінде халықтың сана-сезімін, ұлттық мақтаныш пен елге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуде маңызды құрал ретінде қызмет етуде. Сондықтан Сырбай Сырбай Мәуленов поэзиясы – ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруде баға жетпес рухани мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1980. – 1–том.
2. Мәуленов С. Жолдас уақыт. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 180 б.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1999. – 472 б.
4. Бейсенбайұлы З. Қазақ поэзиясының рухы. – Алматы: Раритет, 2006. – 320 б.
5. Нұрғалиев Р. Өнер алды – қызыл тіл. – Алматы: Санат, 1997. – 248 б.
6. Қирабаев С. Әдебиет және өмір. – Алматы: Мектеп, 1974. – 302 б.
7. Әбдезұлы Қ. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2002. – 216 б.

8. Ахметов З. Қазақ поэзиясының өркендеуі. – Алматы: Ғылым, 1981. – 198 б.
9. Мырзахметұлы М. Алаш және әдебиет. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 256 б.
10. Интернет ресурстары:
- https://adebiportal.kz/
- https://kitap.kz/
- https://elibrary.kz/

Уразбакова Бакыт Жаксылыковна
Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейі
бастауыш сынып мұғалімі

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ

Кіріспе

Ақын Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясындағы ең көрнекті өкілі және оның шығармаларында туған жерге деген ерекше сезім сүйіспеншілік, табиғатқа деген шексіз құрмет пен махаббат айқын көрініс тапқан. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, XX ғасырдың орта тұсында шығармашылық шыңына шыққан Сырбай Мәуленов – сыршыл лирикасымен ерекшеленген қаламгер. Ақын поэзиясында табиғат – ерекше орын алатын, көркемдік жүйенің өзегіне айналған тақырып. Сырбай Мәуленовтің поэзиялық әлемі тек сыртқы сұлулықты бейнелеумен шектелмей, адамның ішкі жан дүниесін, көңіл күйін, философиялық толғанысын жеткізудің поэтикалық құралы ретінде танылады. Табиғат көріністері арқылы ақын адам жанын, көңіл күйін, өмірге деген көзқарасын бейнелеп, оқырманды көркемдік әлемге жетелейді. Оның шығармаларынан табиғатқа деген ерекше сүйіспеншілік, нәзік сезім, сыршылдық анық байқалады. Ақын поэзиясында табиғат тек эстетикалық бейне ретінде ғана емес, терең философиялық ойдың, адам болмысының көрінісі ретінде көрініс табады.

1. Табиғат лирикасы

Сырбай өзінің көптеген өлеңдерінде табиғат мотивін басты орынға қояды. Ол табиғат көріністері арқылы адамның ішкі сезімін, рухани күйзелісін, үмітін, қайғысын бейнелейді. Табиғат – оның поэзиясында сыртқы әлем ғана емес, ішкі әлемнің айнасы.

2.Туған өлке лирикасы

«Туған ел», «Өскен жер» сияқты тақырыптарда Сырбай туған жерін сүйіспеншілікпен, сағынышпен айтады. Ол жер, дала, көк аспан, өзен-көлдер – бәрі де лирикалық кейіпкердің жан дүниесіне етене жақын [2, 18-б.].

3. Сезім мен сыр арнасы

Сырбай лирикасында «мен» - сезімдердің орталығы. «Мен» табиғатпен, туған жермен сырласады. Бұл «сөзсіз диалог» поэзияға лирикалық үндестік береді.

4.Экологиялық сана мен ұлттық таным

Сырбай поэзиясында табиғат қорғау мәселесі, жерге деген жауапкершілік, ұлттық рух туралы ойлар жиі көрініс табады. Ол табиғатты қорғауды, оның тазалығын сақтау қажеттілігін жыр етеді.

1. Сырбай Мәуленовтің поэзиясындағы табиғат лирикасы

Сырбай Мәуленовтің шығармашылығында табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрмет ерекше орын алады. Оның табиғатқа қатысты өлеңдері әрқашан табиғаттың өзіндік сұлулығын, оның адам өміріне жан дүниесіне әсерін терең сезіммен суреттейді.

Табиғаттың поэзиясында лиризм мен көркемдік бейнелердің ұштасуы айқын көрінеді. Атап айтқанда, табиғаттың түрлі элементтері –өзендер, таулар, далалар, ормандар – адам жанының нәзік сезімдерімен байланыста, олардың күйзелісін, қуанышын, бақытын немесе қайғысын бейнелейді. Сырбай Мәуленовтің табиғат лирикасы тек табиғатты суреттеу емес, ол – философиялық ойдың, адамның ішкі дүниесінің көрінісі. Ақын үшін табиғат – тірі организм, ол сөйлейді, сезінеді, қуанады, мұңаяды. Оның өлеңдерінде дала – ана, тау – ұстаз, жел – дос, бұлт – сағыныштың символы ретінде көрініс табады. Мысалы, «Дала» атты өлеңінде қазақ даласының кеңдігі мен сұлулығы арқылы ұлт рухын жырлайды. Табиғат пен ұлттың тағдыры біртұтас сипат алады.

Пейзаж бен көңіл күй үндестігі

Сырбай поэзиясында пейзаж бен көңіл күй өзара тығыз байланыста. Көбіне табиғат арқылы ақынның ішкі сезімі мен ой толғаныстары көрініс табады. Мысалы:

«Сылдырайды бұлақтар,
Сырын шертсе жүректің...»

Бұл жолдарда бұлақ — жүрек сырын шерткен бейне. Табиғат үні — ақынның ішкі әлемінің айнасы [3, 45-б.].

Маусымдық образдар жүйесі

Мен майданда жеңілмедім. [2.38- б]
Өзгертті соғыс өрті ауа райын,
Қарт тұрсын, шекті жылап бала уайым.
Күрсініп күнбатысқа шеру тартты,
Қалдырып қазақ жігіт Қамажайын.
Сұлудың желбіреген орамалы
Секілді жақсылықтың жорамалы.
Қамажай, қара көзден жасыңды тый,
Жан жарың жеңіспенен оралады.[1. 10-б]

Мұнда соғыс тек табиғи құбылыс ретінде емес, өмірдің қалыпты ағысын бұзған апат ретінде бейнеленген. *"Қарт тұрсын, шекті жылап бала уайым"деп, қ*арттар – өмір көрген, ал балалар – бейкүнә. Олардың уайымға шомуы — соғыстың шексіз трагедиясын білдіреді.*"Сұлудың желбіреген орамалы / Секілді жақсылықтың жорамалы."* Мұнда орамал — үміттің, сенімнің символы. Ол тек махаббат белгісі емес*,* жеңіспен оралатын болашақтың нышаны. Бір жағында: соғыс, қоштасу, жылау, уайым.Екінші жағында: махаббат, сенім, жеңіс. Бұл — өмір мен өлімнің, үміт пен қорқыныштың күресі. Қамажай — қазақ лирикасында жиі кездесетін сүйген жардың, махаббаттың, әйел затының нәзік символы. Бұл өлеңде Қамажай арқылы халықтың жүрегі, елдегі аналар мен қыз-келіншектердің зары берілген.Оның көз жасын тый деп айту – үміт отын сөндірмеу, рухты түсірмеу деген мағынада.

Соғыс тақырыбындағы өлеңдері ішіндегі «Құлын» өлеңінен өмірдің құндылығын көрсететін өмірге деген ерекше көзқарасын байқауға болады. Бұл өлеңнің жазылу тарихын да ақын өз естелігінде әңгімелейді: «Волхов майданында қалың орман ішінде бір буаз бие толғатып жатқанда жанына пугас бомбасы түсіп, жарылды. Айнала қып-қызыл өрт. Орман отқа оранды. Қасымда қазір Есіл станциясында тұратын Сабыр Сарықожаев деген солдат бар еді. Оның ар жағында дала госпиталында істейтін Эла деген санитар қыз тұрған. Құлақ тұндырған бомба даусынан бәріміз де есеңгіреп қалғандаймыз. Шартылдап жанған орман үстінде көк ала түтін көлбейді.Сол бір сұрапылдың ішінен кісінеген кішкене құлынның дауысы естіледі. Сол бір дауыс өлімнің арасынан арпалыса айқайлаған өмір дауысыдауысындай естілді маған». *«…Жалын тарап, көзіне үнсіз қарап, Солдат оның сипайды құрсағынан»* [2, 278-б] деген жолдарда биенің көз алдынан пугас бомбасының жарылысынан астаң - кестең болып жатқан дүние бір айналып өтіп жатқандай болады. Ал *«Орманның іші үрейлі. Ал оттың ортасында - Шіркін өмір Құлын боп кісінейді»* деген жолдар адам санасына өмірдің құнын енгізгендей болады. Өлімнің ішінен шыңғырып шығып жатқан өмірдің дауысы бойыңды шымырлатпай

қоймайды. «Өмір -тәтті», «Өмір – ғажап», «Өмір - қымбат» деген сөз оралымдары санаңды жаулап алады.

Осы алапат суреттің шырмауынан шықпаған ақын «Әскери әсерлер» атты өлеңінде де аттар жайлы

«Жанып аспан, жанып жер,
Отқа күйіп өлді аттар.
Дүниені тұр көтеріп
Иығымен солдаттар» - деп әсерлі жырлайды.[2.90-б]

Өлім мен өмір кескілескен қан майданнан бір қолын беріп аман қайтқан ақын бейбіт өмірде әдебиет саласында елеулі еңбек етіп, отты жылдарды өлеңімен өріп, айшықты көркем сөздерімен соғыс кесапатын шебер бейнелеген жырларымен өмірді дәріптеп өтті.

Сырбай өлеңдерінде сарбаздық рухты сезіндіруде көркемдегіш құралдарды ұтымды қолдану арқылы оқырманға терең ой салады. Сарбаз рухын биіктетету арқылы оқырман жүрегіне патриоттық рух құяды.

«Түбірлер» өлеңінің жазылу тарихын ақын былай деп әңгімелейді: « ... мұның жазылуына бір уақиға себеп болды. Мен көп жылдардан соң, үй-ішіммен, баяғы қан төккен Волхов орманына бардым. Назия өзенінің мөлдіріне бетімді жуып, жар жағасында ойға шомып, көп тұрдым. Өткен күндр есіме түсіп, көз алдым тұманданып кетті. Айнала баяғы батпақ, сол батпақты бір кезде белуардан кештік, сол батпақты терең етіп қазып, сол батпақтың ішіне түнедік.Сол батпақты жау оғына қалқан ғып тосып, қорған еттік. Енді сол батпақтан соғыс кезіндегі соқпағымды іздеп, ерсілі-қарсылы біраз жүрдім. Әр жерде кесіліп қалған бір түбірлер кездеседі. Маған олар қол-аяқтан айырылып, мүгедек болып қалған солдаттар болып елестеді. Осыдан барып «Түбірлер» деген өлең кеуде мде күбірледі». Шынымен де, «Түбірлер» өлең жолдарындағы бейнелі сөздер көз алдыңа қан майданда қап - қара боп өртенген орман, орманда тек ағаштардың түбірлері бейне бір аяқ - қолы жоқ мүгедек солдаттар тәрізді. *«Соғыстың жайын мен айтайын»* деп тұрғандай... Соғыстың алапат оты тұла бойыңды шарпып өткендей, соғыс зардабы көз алдыңа келіп, жүрегіңмен сезіндіреді. Өлеңнің құдіреті де осында!

Оқ жұлғандай етімді,
Жүрегім тулап дүбірлер,
Кезеріп ерінім күбірлер.
«Соғыс не?!
Менен біліңдер», -

Деп тұрғандай түбірлер, - деп, осы бір бейнелі сөздер арқылы көз алдыңа соғыстың алапатын әкеледі.

Бір қолын майданға берген ақынның «Мың қолдар сау болсын деп, Мен бір қолымды бердім» [2.217-б] деген жолдардың өзінде де терең философия жатыр емес пе? «Соғыс деген не?» деп сұраған ұрпаққа «Соғыстың неге әкеліп соғатынын білгің келсе Сырбайды оқы!» деуге әбден болады.

Соғыс бір сұмдық өрт,
Тас жанды, жер күйіп.
Кек топан —құдірет,
Өшірді сел құйып. [1,10-б]

Сырбайдың өмірлік ұстанымы елге қызмет ету болды. Ол өмір бойы елге қызмет етуді, адалдық пен еңбекқорлықты насихаттады. Соғыстан кейінгі шығармаларында да ол тек батырлықты емес, еңбекті, білімді, рухани байлықты жоғары бағалады. Ол үшін бейбіт өмірде де сарбаз болу — халыққа қызмет ету, елдің игілігі үшін еңбек ету деген сөз.

"Соғыс бітті,
Бірақ менің кеудемде —

Әлі де ұрыс,

Шындық үшін күрес!"-деп, майданнан өмір мен өлімнің не екенін, шындықтың не екеніні таныған, соғыстың азабын көрген ақынның шыңдалуына сарбаздық рухтың тигізген әсері мол болды.

Сарбаздық рух беруде ақын көркемдік тәсілдерді ұтымды қолданады. Тың теңеу, поэзияға тән бейнелі, образды, айшықты, нақышты сөздер, дыбыс үндестігін оңтайлы пайдалану – Сырбай Мәуленотің өзіндік қолтаңбасын айқындайды. [3.123-б]

Өлең патриоттық рухты оятумен қатар, еркіндік пен әділдік үшін күрестің маңызын ұрпақ санасына сіңіреді. Ақын партизан бейнесі арқылы елдің, жердің, бостандықтың бағасын терең түсінуге үндейді.

Лирикалық монолог үлгісінде жазылған «Окопта» өлеңі - Сырбай Мәуленовтің соғыс поэзиясына тән сарбаздық рухты, жауынгерлердің психологиялық күйін, елге, бейбіт өмірге деген сағынышын және жауапкершілігін шынайы әрі әсерлі бейнелейтін мысалдардың бірі.

Жолдың шеті түйілмей,

Келеді түн өткенше.

Асықты олар үйіндей

Окоптарға жеткенше. [2. 276-б]

"Жолдың шеті түйілмей" деген тіркес арқылы ақын жауынгердің алдындағы күрес жолының шексіздігін, алдағы қауіп-қатердің беймәлімдігін жеткізеді.Бұл жерде жол – тек физикалық кеңістік емес, рухани күрес пен тағдыр жолының метафорасы. Яғни, сарбаздың күресі аяқталмаған, соғыс жолы таусылмаған. Бұл — сарбаз рухының төзімділігін білдіреді. «Келеді түн өткенше» -сарқылмас сапарме сарбаздың таусылмас жігерін бейнелейді. Шаршап-шалдығуға қарамастан алға жылжу, жауапкершілік пен тәртіптің бейнесі.Мұнда сарбаздың ерік-жігері, табандылығы көрініс табады. Ол үшін уақыт — маңызды емес, мақсат – окопқа жету, елін қорғау. «Асықты олар үйіндей...» деп, сарбаз окопты өз үйіндей қабылдаған. Майдан даласы – оның өмірі. Окоп уақытша панасы. Елді қорғау ең басты мақсаты. Бұл сарбаздың туған үйге, отбасыға деген ішкі сағынышын, бірақ сол сағынышты жауапкершілікпен жеңіп, майдандағы міндетті үймен тең санаған рухани биіктігін көрсетеді. «Окоптарға жеткенше...» - бұл жол сарбаздың бағыт-бағдарын, оның нақты мақсаты мен борышын көрсетеді. Сарбаз үшін окопқа жету - елді қорғау, қорғаныс шебінде болу, борышты өтеу. Бұл – сарбаздың өз өмірін емес, Отан алдындағы міндетін жоғары қоюы.Ақын сарбаздың жан дүниесін асқақтатып көрсетпейді, керісінше шынайы, қарапайым тіршілік иесі ретінде, бірақ рухани биік тұлға ретінде сипаттайды. Міне, бұл – Сырбай Мәуленов поэзиясының шеберлігі. Ақын үшін шындық жолындағы күрес те — сарбаздықтың бір көрінісі. Бұл — рухтың мықтылығы, ұстанымның беріктігі. Ақын шығармаларында патриотизм ұран түрінде емес, іс-әрекет пен ішкі сенім түрінде көрініс табады. Оның кейіпкерлері ел үшін күресіп қана қоймайды, сонымен қатар, өмірдің мәнін түсінуге, бейбіт еңбектің қадірін білуге тырысады. «Соғыстан кейін» өлеңінде:

"Қару тастап, қалам алдым қолыма,

Енді менің майданым — бұл өмірде.

Елге деген махаббатпен күн кешем,

Жауға емес, бейбіт іске үміт пенде."

Бұл жолдарда сарбаздық рух бейбіт өмірде де жалғасып жатқанын көреміз — рухы биік адам қандай жағдайда да ел үшін қызмет етеді.

Волховқа келген бір сапарында ақын Сақыпжамал қызына арнаған өлеңінде «...Жиырма бірге жаңа аяқ басқанында, Әкең мұнда айрылды бір қолынан» деп жазады. Бұған байланысты бір сұхбатында соғыс өзіне көп нәрсе үйреткенін, күйреткенін де, тәніне өшпес із қалдырғанын, соғыстың туыстарын да жалмап, жанына жарылмас жара салғанын, сол себепті соғыс тақырыбына қайта - қайта қалам сермейтіндігін айтқан болатын. [4. 5-б] Сол ойдың желісімен

әнге айналған әйгілі «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңі «Көрдің бе ұлын ананың», «көрдің бе жарын арудың», «көрдің бе оның көкесін» деген сауалдарға еш солдат жауап бере алмайтынын «Қаралы қағаз жіберіп, Қаншама қайғы салды оқтар. Барады үнсіз түнеріп соғыстан қайтқан солдаттар» деп өзінің де сол солдаттардың бірі екенін білдіреді. 1943 жылы ауыр жараланып соғыстан қайтқан Сырбайдың басынан өткен оқиғалардың бірі өлеңнің жазылуына арқау болған еді. «Біреу менімен бір кеткен ағасын,біреу баласын, біреу жарын сұрап жатыр. Сірә, олар армияға алынған барлық адам бір жерде соғысады деп ойлайтын болуы керек. Мен оларға не деп жауап бере аламын. Міне, бұл өлеңнің тақырыбы сол кезде менің ойыма келген болатын. Он бес жылдан соң қиял дүкенінде соғылып, өлең болып өрілді»- дейді жауынгер ақын.
Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух — халқына адалдықтың, ерлік пен елдіктің, бейбіт өмірге деген сағыныш пен сенімнің көркем көрінісі.

Берші маған мың өмір
Бұл өмірден күндей күлген

Өтпейінші тым жеңіл» -деген Сырбай Мәуленов шығармаларындағы сарбаздық рух — соғыс кезіндегі жауынгердің жан дауысы ғана емес, бүкіл халықтың азаттыққа, бейбітшілікке, әділетке деген ұмтылысының көркем бейнесі. Ақынның шығармашылығында Отанға деген сүйіспеншілік, елге адал қызмет ету, өмірлік ұстанымдағы тазалық пен рухани беріктік айқын көрініс табады. Оның лирикасы – тек поэзия ғана емес, тарихи шындық пен адамзаттық құндылықтардың сабақтастығы. Бүгінгі ұрпақ үшін Сырбай Мәуленовтің жырлары батырлықтың, патриотизмнің және бейбітшіліктің символы бола алады. Өлең жолдарындағы соғыс ізі – тек жара емес, адамзаттың сабағы. Оның өлеңдері – ұрпаққа бейбіт өмірдің құндылығын ұғындырушы рухани мұра. Ол бізге тек қарумен емес, сөзбен де ел қорғай білу керек екенін көрсетті. Ақын өз поэзиясы арқылы жас ұрпақты Отанды сүюге, адамгершілікке, қиындыққа мойымауға, жеңісті рухпен қарсы алуға үндейді.

Қорытындылай келе, Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі соғыс ізі – оның азаматтық бейнесінің, тұлғалық кемелденуінің айғағы. Ақын от кешкен өмірін шығармасына арқау ете отырып, соғыс арқылы өзінің шығармашылық болмысын қалыптастырды. Оның поэзиясы арқылы біз соғыс шындығын ғана емес, ақынның жүрек үні мен тұлғалық биігін де танимыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сырбай Мәуленов. Шығармалары. I том. Өлеңдер. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2013.
2. Сырбай Мәуленов. Шығармалар жинағы.Екі томдық өлеңдер. –Алматы:Service Press,2012.
3. Сырбай Мәуленов – журналист, публицист: оқу құралы/Оспанов Серікбай...- Алмаnы: Ғылым, 2001.
4. Ашықбаев Ертай «Соғыстан қайтқан Сырбай» Қазақ әдебиеті. 2016, 15-21 қаңтар. 5б

Хусаинова Гульсайра Маратовна,
«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің
Әлихан Бөкейхан атындағы
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
педагогика магистрі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК- СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ

Қазақ поэзиясында табиғат пен туған жер тақырыбы ерекше орын алады. Бұл — адамның рухани дүниесінің, ұлттық санасының айнасы іспетті. Туған өлке мен оның табиғатына деген шексіз махаббат пен құрмет — әрбір қазақ ақынының жүрегінде ерекше сезіммен өрнектеледі. Осындай терең лирикалық арналардың бірі — Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы.

Сырбай поэзиясы табиғат пен туған жердің сұлулығын ғана емес, олардың адам өміріндегі рухани маңызы мен ұлттық сананың негізі ретіндегі рөлін де жан-жақты ашып көрсетеді. Ақынның өлеңдерінде табиғат көріністері ішкі сезіммен үндесіп, туған жерге деген махаббат жүрек тебіреніске толы шынайы лирикаға айналады. Сонымен бірге, оның шығармаларында туған өлкені қорғау, құрметтеу мен сақтау мәселелері де айқын көрініс табады.

Бұл баяндама Сырбай Мәуленовтің табиғат пен туған жерге арналған лирикалық өлеңдері оқырманға рухани жаңғыру мен ұлттық танымның тереңдігін сезіндіре отырып, қазақ поэзиясының мәні мен маңызын одан әрі байыта түседі деп сенемін.

Сырбай Мәуленов поэзиясында табиғат пен туған жерге деген махаббат – ең негізгі лирикалық тақырыптардың бірі болып табылады. Оның шығармашылығында табиғат – тек сыртқы көрініс емес, терең рухани әлемнің айнасы ретінде бейнеленеді. Ақын табиғаттың құбылыстарын адамның ішкі сезімдерімен, жан-дүниесімен үндестіре отырып суреттейді. Мысалы, желдің «қарғиды» деген тіркесі арқылы ол табиғатқа адамға тән рухани қимыл мен сезім береді. Бұл ерекшелік қазақ поэзиясында сирек кездесетін әрі оқырманды табиғаттың сырлы әлеміне терең бойлататын көркемдік тәсілдердің бірі:

Жел қарғиды қарағайдан секіріп,
Соның лебі бұтақтардың дірілі.
Тынып бір сәт жатты ұйықтап кекілік,
Тек құлақта бұлақтардың гүрілі.

Жоғарыдағы үзіндіде табиғаттың көріністері – көктемнің келуі, өзеннің ағып кетуі, дала мен орманның тыныс алуы – нәзік әрі жанды бейнелер арқылы суреттеледі. Бұл бейнелер табиғаттың жаңаруы мен өмірдің қайта түлегенін білдіретін символдар ретінде көрініс табады. Мұнда табиғат тек сыртқы құбылыс ретінде ғана емес, рухани жаңғыру мен үміттің, сондай-ақ адамның тағдырының айнасы ретінде суреттеледі.

Өлеңнің келесі бөлігінде табиғаттың күшті, тіпті кейде жауын-шашын мен дауыл сияқты күрделі құбылыстары бейнеленеді. «Қара орманды бұлтты күні», «дауыл айтты көшірем деп», «күркіреп күн шықты үні» деген жолдарда табиғаттың қуаты, өзгергіштігі мен күрделі жағдайлары жанды әрі әсерлі суреттелген. Бұл дауылдың күштілігі мен табиғаттың қозғалысы адамның өміріндегі қиындықтар мен өзгерістерді де бейнелеуі мүмкін. «Жапты шалқар жерді дауыл, Жапты заңғар көкті дауыл» деген қайталанатын тіркестер оқырманға дауылдың күші мен табиғаттың құдіретін толық сезіндіреді. Мұнда табиғаттың ұлы күшіне қарсы тұру, сонымен бірге оның тыныштығы мен өзгерісі арасындағы қарама-қайшылық көрінеді.

Ақынның табиғатты осылай бейнелеуі оның ішкі рухани әлемімен үндесіп, табиғат пен адам тағдырын бір бүтін ретінде қарастыруын көрсетеді. Табиғаттағы дауыл – ол тек қана

сыртқы көрініс емес, адамның өміріндегі қиын сәттердің, толқулардың символы болып табылады. Осылайша, Сырбай Мәуленов поэзиясында табиғат пен адамның, үміт пен қайғының, жаңғыру мен ескіліктің үндесімі терең лирикалық мәнге ие болады.

Бұл үзінді арқылы ақын табиғаттың сырлы әрі күрделі әлемін сездіріп, оқырманға оның мәнін, маңызын, сонымен бірге адам өміріндегі рухани жаңғыру мен үміттің күшін жеткізеді

Қара орманды бұлтты күні
Дауыл айтты көшірем деп,
Күркіреп күн шықты үні
Жауын құйып өшірем деп.
Жапты шалқар жерді дауыл
Жапты заңғар көкті дауыл.
Қара орманға төнді дауыл
Соқты дауыл, соқты дауыл.

Сырбай Мәуленовтің туған жер туралы жырында адамның ішкі жан әлеміндегі ең терең, әрі шынайы сезім – туған топыраққа деген махаббат көрініс табады. Бұл – әрбір адамның табиғи болмысына тән, жаратылысынан бірге келе жатқан сезім. Ақын туған жерін – тауын, даласын, аспанын, көлін – тек географиялық кеңістік ретінде емес, өзінің жан дүниесінің бөлшегі, рухының ажырамас бөлігі ретінде көреді. Бұл поэзия арқылы адам мен табиғаттың арасында үзілмейтін, көзге көрінбейтін, бірақ өте терең бір рухани байланыс бар екенін сезінеміз.

Тауды көрсең күн көзімен таласқан,
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан,
Менің байтақ Республикам таулары,
Менің көгім - мөлдіреген сол аспан.
Дала көрсең көкжиекпен ұштасқан,
Көлді көрсең секілді бір түскі аспан,
Менің байтақ Республикам даласы,
Менің көлім теңізбен қол ұстасқан.

Өлең жолдарында туған жер табиғаты тек сырттай бейнеленбейді, ол адамға жақын, ыстық, тірі бейне ретінде беріледі. Ақын «Менің көгім – мөлдіреген сол аспан», «Менің көлім теңізбен қол ұстасқан» деген сөздер арқылы туған жерін өзіне тиесілі, жүрегімен байланысты біртұтас әлем деп қабылдайды. Ақын үшін туған ел — бұл кең даласы мен көгілдір аспаны арқылы өмірге рух беретін, тыныс алдыртатын орта. Мұндай қарым-қатынас – тек сана мен ақылдың емес, жүрек пен сезімнің көрінісі. Ақынның туған жерге деген осындай сүйіспеншілігі — тек жеке басының сағынышы емес, бүкіл адамзат баласына ортақ, әмбебап сезім. Әр адам үшін туған жер — балалықтың иісі сіңген жер, өмірдің алғашқы бояуы дарыған кеңістік. Сырбай осы сезімді поэзия тілімен әдемі жеткізеді. Ол туған табиғаттың сұлулығы мен кеңдігін сипаттай отырып, оқырманды да сол сезімге жетелейді. Ақынның әрбір суреті — туған жерге деген шексіз алғыстың, құрметтің көркем көрінісі. Өлеңде табиғат тек эстетикалық нысан емес, адамзат болмысының тірегі ретінде көрінеді. Аспан мен жердің үйлесімі, тау мен көлдің үндестігі — адам жанындағы тыныштық пен үйлесімділіктің де айғағы. Бұл жыр арқылы ақын бізге «Туған жеріне қарай отырып, өзіне қара» дейді. Ол туған табиғатты суреттей отырып, адамға өзінің кім екенін, қайдан шыққанын, неге жауапты екенін еске салады.

Осы тұрғыдан алғанда, Сырбай Мәуленовтің бұл өлеңі – тек пейзаждық лирика емес. Бұл – адам мен табиғат арасындағы рухани диалог, адам жүрегіндегі ең таза, адал, мәңгілік сағыныш пен сүйіспеншіліктің жыры. Ол бізге туған жерді сүюді үйретпейді – қайта сол сүйіспеншіліктің өзіміздің жанымызда бар екенін оятады, есімізге салады. Ақынның өлеңінен туған жерге деген махаббаттың қарапайым, бірақ ең ұлы құндылық екенін түсінеміз. Себебі туған жрді сүйе білген адам ғана – нағыз адам.

Табиғатты суреттеуде ақынның тілі бай әрі ұлттық нақышқа толы. Ол көркем бейнелер мен метафораларды шебер пайдаланып, табиғат құбылыстарын адамгершілік қасиеттермен теңестіреді. Мысалы, желдің қарағайдан «қарғуы» – табиғаттың жанды жүйе екенін айқындап, оқырманды терең ойға жетелейді. Бұл тәсіл табиғат пен адамның рухани тұтастығын көрсетіп, қазақ поэзиясында жаңашылдық ретінде бағаланады. Сондай-ақ, фольклорлық элементтер мен ұлттық стильдік ерекшеліктер ақын шығармаларының көркемдік мазмұнын байытады.

Жапырағын күн сүйіп,
Бұтағын жел тербеткен.
Даласында Волховтың,
Дарқан өсіп ер жеткен.
Туған жерде тербелген,
Көк желекті ақ қайың,
Көк теңселген майданда,
Көз нұрындай сақтайын.

Сырбай Мәуленовтің төмендегі өлең жолдарында троп түрлері кеңінен кездеседі:

Жапырағын күн сүйіп,
Бұтағын жел тербеткен.
Даласында Волховтың,
Дарқан өсіп ер жеткен...

Мұнда табиғат көріністері адам бейнесіндей суреттеліп, метафора қолданылады. «Күн сүйіп», «жел тербеткен» деген тіркестер — күн мен желге адамдық қасиет беру арқылы табиғатты жандандырып көрсетеді. Бұл тәсіл өлеңге жан бітіріп, оқырманның елестету қабілетін оятады. Сонымен қатар, «көк желекті ақ қайың», «дарқан» деген сөздер — эпитеттер, яғни заттың, құбылыстың сын-сипатын көркем жеткізетін бейнелі сөздер. Бұл тіркестер туған жер табиғатының көркемдігін терең суреттейді.

Келесі шумақта ақын адам мен махаббат тақырыбына ауысып, лирикалық сезімін жеткізеді:

Депсің мені есіңе ал,
Күнбатыста жүргенде.
Депсің мені есіңе ал,
Қиын-қыстау күндерде...

Бұл жолдарда «есіңе ал» тіркесі бірнеше рет қайталанып тұр. Мұндай көркемдік тәсіл қайталама деп аталады. Бұл арқылы ақынның сағынышы, жүрек түбіндегі үміті мен толғанысы күшейе түседі. Сонымен қатар, «сен де мені есіңе ал, басқалардан қызғана» деген жолдарда сүйген жарға деген қызғаныш пен махаббат сезімі анық байқалады. Ақынның ішкі жан сыры осындай қарапайым, бірақ әсерлі сөздермен берілген.

Өлеңнің келесі бөлімінде соғыс тақырыбы көрініс табады:

Шіркін қыздар шырт ұйқыда
Жатыр ма екен бұл түні.
Оята ма әлде оларды,
Зеңбіректің күркірі...

«Зеңбіректің күркірі» деген жол — дыбыстық әсер арқылы соғыстың үрейлі сәтін елестетеді. Бұл — дыбыстық бейне, яғни оқырман оқи отырып, зеңбірек дауысын құлағымен естігендей күй кешеді. Бұл көркемдік әдіс — сезімді тереңдетуге бағытталған.

Өлеңнің соңғы жолдарында ақын махаббатын ішке бүккен, үнсіз сүйген солдат бейнесін береді:

Ешкімге мен айтқаным жоқ,
Деп сені: «Мен сүйемін».
Шынымды айтсам, ұстағам жоқ
Ешбір қыздың білегін...

Мұнда гипербола, яғни асыра айту тәсілі қолданылған. Ақын өзінің адалдығын, шынайы сүйіспеншілігін ерекше көрсете отырып, ешбір қызға сезім білдірмегенін айтады. Бұл сөздер арқылы оқырманға солдаттың тазалығы, іштей толғанған күйі терең жеткізіледі.

Шіркін, қыздар, хат жазсайшы,
Тым болмаса біреуің.
Суретімді хатқа салып,
Дер ем: «Сені сүйемін».

Соңғы жолдарда жүзік, сурет, хат — бәрі нақты заттар болғанымен, олар тек зат ретінде емес, символ ретінде көрінеді. Бұл заттар — сағыныштың, үміттің, сүйіспеншіліктің белгісі. Яғни, сезім мен оқиға терең астарлы мағынамен беріледі. Ақын өлеңінде кей тұстарда синекдоха да байқалады. Мысалы, «қыздар» деп көптік түрде айтылса да, ол жерде нақты бір сүйіктісі меңзелуі мүмкін. Бұл тәсіл арқылы оқырман өз қиялында жалпылықтан жекелікке ауысады.

Жалпы, Сырбай Мәуленовтің бұл өлеңінде метафора, эпитет, қайталама, гипербола, символ, синекдоха, дыбыстық бейне сияқты троп түрлері кеңінен қолданылады. Бұл көркемдік құралдар өлеңге терең лирикалық мағына беріп, оқырманды сезім иірімдеріне еріксіз жетелейді. Ақын табиғаттың әсемдігін де, махаббаттың мұңын да, соғыстың суық сәттерін де көркем сөзбен дәл суреттей отырып, адамның ішкі жан дүниесін терең жеткізеді.

Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жер мен табиғатқа деген сүйіспеншілік экологиялық санамен тығыз байланысты. Ақын табиғатты қорғау, оның тазалығын сақтау мәселелеріне үн қосады және туған өлкені құрметтеуді ұлттық рухтың маңызды бөлігі ретінде көрсетеді.

Жапырағын күн сүйіп,
Бұтағын жел тербеткен.
Даласында Волховтың,
Дарқан өсіп ер жеткен.
Туған жерде тербелген,
Көк желекті ақ қайың,
Көк теңселген майданда,
Көз нұрындай сақтайын.

Бұл үзіндіде туған жердің табиғаты – жапырақ, бұтақ, қайың, дала – арқылы ақын экологиялық сана мен ұлттық танымды астарлы түрде жеткізеді. Табиғаттың әрбір элементі, мысалы, жапырақтың күнге сүйілуі, бұтақтың желмен тербелуі, туған жердің кең далаға ұласуы, – өмір мен тіршіліктің үйлесімділігін, табиғат пен адам арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Бұл – экологиялық сана негізі, яғни табиғатқа деген қамқорлық пен құрметтің көрінісі.

Сондай-ақ, «Туған жерде тербелген, көк желекті ақ қайың» және «көк теңселген майданда» деген бейнелер туған жердің рухани символдары ретінде қабылданады. Ақ қайың мен көк желек – қазақ даласының ұлттық белгілері, бұл ұлттық танымның, халықтың мәдени мұрасының айғағы. Сондықтан бұл көріністер табиғатты қорғау мен оның тазалығын сақтау тек экологиялық міндет емес, ұлттық құндылықтарды сақтаудың бір бөлігі екенін білдіреді.

«Көз нұрындай сақтайын» деген сөздер туған жер мен табиғатты құрметтеп, оны қорғауға шақыратын жауапкершілік сезімін тудырады. Бұл жерде табиғаттың тазалығы мен сұлулығын сақтау – ұлттың рухани байлығын сақтау, келешек ұрпаққа аманаттау екені ашық көрінеді.

Осылайша, экологиялық сана мен ұлттық таным бір-бірімен үйлесіп, туған жерді құрметтеу мен қорғау қажеттілігін айқын жеткізеді. Бұл – табиғатты қадірлеу арқылы ұлттың рухани және мәдени өзіндік болмысын сақтаудың көркем көрінісі.

Сонымен қатар, Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы қазақ поэзиясының рухани болмысын ашып, оның азаматтық ұстанымдарын көрсетеді. Туған жер мен табиғат тақырыбы арқылы ақын ұлттық сана мен адамгершілік құндылықтарды насихаттап, қоғамға рухани тәрбие береді. Оның мұрасы бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды рухани бағыт-бағдар болып табылады.

Осылайша, Сырбай Мәуленовтің табиғат пен туған жер туралы лирикасы қазақ поэзиясында ерекше орын алады. Оның шығармашылығы табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік, ұлттық рух пен экологиялық сана мәселелерін терең ашып, әдебиетіміздің алтын қорына айналды. Бұл поэзия арқылы ақын туған өлкенің сұлулығын, оның рухани маңызын ұрпақ санасына сіңіруде және ұлттық мәдениетті сақтауда маңызды рөл атқарады.

Екінші жағынан, ақынның табиғат пен туған жерге арналған лирикасында адам тағдыры мен ұлт тарихы айрықша астарлы түрде көрініс табады. Табиғаттың әрбір көрінісінде халықтың өткені мен болашағының үнін естіп, табиғат пен адамның тағдырын тығыз байланыстырады. Мысалы, дала мен өзендердің, тау мен ормандардың бейнесі – ұлттың рухани түптамыры, ата-баба мұрасы ретінде көрініс табады. Сондықтан да табиғатты қорғау, оның тазалығын сақтау – бұл тек экологиялық міндет қана емес, сонымен бірге ұлттық құндылықтарды ұрпаққа аманаттау болып табылады.

Сырбай поэзиясында туған жердің табиғаты – жан мен тәннің тыныштық мекені, рухани демалатын киелі орын. Ақын жырларында туған жерге деген махаббат кейде нәзік лирика, кейде асқақ рухтың, патриоттық сезімнің көрінісі ретінде беріледі. Бұл махаббат өлеңдердің әрбір жолына ерекше энергетика, шынайы сезім мен шындық дәнін сіңіреді. Мұның өзі оқырманды туған жердің табиғатын қадірлеуге, оған жан-тәнімен беріліп сүйуге шақырады.

Тілдік стильдік ерекшеліктерге келер болсақ, Сырбай Мәуленовтің поэзиясы ұлттық ауыз әдебиеті дәстүрлерінен тамыр тартып, қазақ тілінің байлығы мен икемділігін көрсетеді. Ол табиғат көріністерін бейнелегенде әртүрлі троптарды — метафора, эпитет, символдарды шебер қолданады. Мысалы:

«Көк жүзінде дөңгеленген кептердей,
Сүттей аппақ жарқырайды жазғы ай.
Аспан беті ашық жатқан дәптердей,
Ал жұлдыздар соған түскен жазудай»

Бұл тәсіл шығарманың поэтикалық қуатын арттыра отырып, ұлттық стильге тән көркемдік мәнердің айқын көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар, ақынның табиғат туралы өлеңдері экологиялық танымның артуына септігін тигізеді. Ол табиғатты қорғау қажеттілігі, оның адам өміріндегі маңызы жөнінде көп ой тудырады. Бұл аспект туған жерге, оның тазалығы мен сұлулығына деген сүйіспеншілікті шыңдай түседі. Ұлттық сана мен рухани тәрбие арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру – Сырбай поэзиясының маңызды ұстанымдарының бірі.

Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясында туған жер мен табиғат тақырыбын терең лирикалық үлгіде ашқан дара тұлға. Оның шығармашылығы – туған өлке мен табиғатқа деген шексіз сүйіспеншіліктің, ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтардың көркем поэтикалық көрінісі. Ақын табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік арқылы рухани жаңғырудың, экологиялық сананың және ұлттық бірегейліктің айнасына айналды. Оның өлеңдері тек табиғатты жырлаумен шектелмей, туған жерді қорғау, оның тазалығы мен мәңгілігін сақтау қажеттілігін жалықпай насихаттайды. Осы мұрасы арқылы Сырбай Мәуленов қазіргі заманғы ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде, туған жерге және табиғатқа деген шынайы сүйіспеншілікті оятуда айрықша маңызға ие. Сырбай поэзиясының лирикалық арналары – қазақ әдебиетінің рухани әлемін байытып, көркемдік шеберлік пен азаматтық ұстанымның жарқын үлгісі ретінде мәңгі есте қалады.

Әдебиеттер тізімі
1 Мәуленов, Сырбай. *Жазылмаған жыр*. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1985.
— Ақынның шығармалар жинағы, табиғат пен адам тағдырының үндестігі туралы.
2 Мәуленов, Сырбай. *Табиғат лирикасы*. Алматы, 1979.
— Табиғат бейнелерін зерттейтін мақалалар жинағы.
3 Мәуленов, Сырбай. *Рухани жаңғыру жолында*. Алматы, 1990.
— Ақынның рухани тақырыптарға арналған мақалалары.
4 Нұрмағамбетов, Сапархан. *Сырбай Мәуленов поэзиясындағы рухани жаңғыру*. Алматы, 2018.
— Ақын шығармашылығын жан-жақты зерттеу.
5 Мәуленов, Сырбай. *Өлең әлемі*. Алматы, 1982.
— Ақынның өлеңдерін талдауға арналған еңбегі.

Шаймаханова Айнур Сагындыковна,
Алматы қаласы
№204 ЖББМ

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Бұл ғылыми баяндамада ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Сырбай Мәуленов шығармашылығы халықтық дәстүрлердің көркем бейнесі тұрғысынан талданады. Ақын жырларындағы туған жерді қастерлеу, табиғатты аялау, анаға деген құрмет, ана тілін қадірлеу сияқты ұлттық дәстүрлік құндылықтар жүйелі түрде қарастырылады. Зерттеу барысында ақын поэзиясының тақырыптық ерекшеліктері, көркемдік тәсілдері мен ұлттық дүниетаныммен сабақтастығы ашылады. Сонымен қатар С.Мәуленовтің шығармашылығы қазақ ауыз әдебиетімен, халықтық дүниетаныммен тығыз байланыста екендігі дәлелденіп, оның ұлттық руханиятты дамытудағы орны айқындалады. Кілт сөздер: Сырбай Мәуленов, қазақ поэзиясы, халықтық дәстүр, ұлттық руханият, туған жер, табиғат лирикасы, ана бейнесі, ана тілі, тәрбиелік дәстүр, көркем бейне, ұлттық құндылық. Қазақ халқының ұлттық әдебиеті – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұраның алтын қазынасы. Әдебиет халықтың ғасырлар бойғы тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, дүниетанымын бейнелейтін, оның жан дүниесін ашып көрсететін ерекше құрал ретінде бағаланады. Сол себепті әдеби мұра арқылы біз халықтың өткенімен тілдесіп, бүгінгісі мен болашағын да танып-білеміз. Ұлт руханиятының дамуына үлес қосқан көптеген ақын-жазушыларымыз бар. Солардың ішінде Сырбай Мәуленовтің орны айрықша. Ол – ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ұлттық поэзияны жаңа белеске көтерген ірі ақын. Оның шығармашылығында халықтық дәстүрлердің көркем бейнеленуі, ұлттық болмысты дәріптеу мәселесі ерекше орын алады. Сырбай Мәуленов поэзиясының ерекшелігі – халықтың рухани дүниесі мен тұрмыс-тіршілігін шынайы суреттеп, ұлттық құндылықтарды сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізе білуінде. Оның жырларынан ауыл тіршілігінің көріністерін, ананың мейірімін, тілдің қадірін, туған жерге деген сүйіспеншілікті, халықтың тарихын көруге болады. Бұл – ақынның ұлттық дәстүрді тек қана сақтап қоймай, оны көркем өнер тілімен қайта жаңғыртқанын айғақтайды. Осы баяндама негізінде қазақ әдебиетінде халықтық дәстүрлердің көркем бейнесін ашу арқылы ұлттың рухани болмысын тануға мүмкіндік жасауды басты мақат етіп алдық. С.Мәуленов шығармаларындағы дәстүр

көріністерін талдау арқылы біз ұлттық құндылықтарды дәріптеудің әдеби әдістерін анықтай аламыз. Осы мақсатқа жету жолында Сырбай Мәуленов шығармаларындағы халықтық дәстүрлердің көркем бейнесін ғылыми тұрғыдан талдап көрсетуге тырысамыз. Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысында дүниеге келді. Жастайынан ауыл өмірін, халықтың тұрмыс-тіршілігін көріп өсті. Соғыс жылдарына қатысып, майданның ауыртпалығын бастан кешті. Соғыстан кейінгі кезеңде қазақ әдебиетінде патриоттық рух, халықтың ерлік дәстүрін жырлау алдыңғы қатарға шықты. Мәуленовтің шығармашылығы да осы кезеңде қалыптасып, дамыды. Ақынның әдеби ортаға енуі қазақ поэзиясының жаңа өрлеу кезеңімен тұспа-тұс келді. Ол Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов сияқты әдебиет майталмандарымен бір дәуірде өмір сүріп, ұлттық әдебиеттің дамуына зор үлес қосты. С.Мәуленов поэзиясының тақырыптық ауқымы кең. Оның шығармаларын төмендегідей тақырыптық топтарға жүйелеуге болады: 1) табиғат лирикасы (жыл мезгілдері, дала, тау, өзен, ауыл табиғаты); 2) балаларға арналған жырлар (қарапайым, жеңіл тілмен, қызықты сюжеттермен берілген өлеңдер), 3) Отан, елдік, ерлік тақырыптары (соғыс жылдарындағы батырлық, бейбіт өмірдің қадірі); 4) туған жер, тіл, достық. Ақынның табиғат туралы жырларында қазақ халқының табиғатқа деген көзқарасы, «Жер – Ана» ұғымы көркем бейнеленеді. Балаларға арналған шығармаларында халықтық тәлім-тәрбиенің мәні ерекше көрсетіледі.

«Туған жер» атты өлеңі:

Торғай бойы, Тосын жері
Бұйра құмның бөктері.
Жаз самалы жан тербетті
Қандай әсем көктемі.
Биік шыңның бауырында
Бұйра толқын бал бұлақ.
Бүгін мені қарсы алғандай

Ағып жатыр сылдырап, – деген жолдармен басталады. Қазақ халқының басты рухани дәстүрлерінің бірі – туған жерді қадірлеу. Бұл өлеңде ақын өзінің кіндік қаны тамған Торғай жерін мақтанышпен жырлайды. «Торғай бойы, Тосын жері» деген жолдар туған өлкенің қасиетті мекен екенін көрсетеді. Қазақ дәстүрінде туған жерге тағзым ету – рухани парыз. Ақын осы халықтық дәстүрді өлең өрнегіне айналдырады. Халқымыз табиғатты анасындай аялап, қасиет тұтқан. Өлеңде «Жаз самалы жан тербетті», «бұйра толқын бал бұлақ» сияқты теңеулер табиғатты тірі бейне ретінде суреттейді. Халық дәстүрінде бұлақ көзін ашу, суды қадірлеуүлкен ізгілікпен пара-пар. Мәуленовтің «бүгін мені қарсы алғандай ағып жатыр сылдырап» деуі – сол дәстүрдің көркем жалғасы. Өлең жолдарындахалықтың табиғатты жанды бейне ретінде қабылдау дәстүрі анық байқалады.«Жаз самалы жан тербетті», «бұлақ қарсы алғандай» деген бейнелі сөздертабиғатты адаммен тілдестіріп, оны тіршілік иесі ретінде суреттейді. Қазақауыз әдебиетінде табиғат құбылыстарының адамға жақындатылып бейнеленуі– халықтық дүниетанымның бір көрінісі.Әдебиеттегі халықтық дәстүрдің тағы бір көрініс – эстетикалық тәрбие беру. Бұл орайда, табиғат – сұлулықтың, әсемдіктің қайнар көзі. Өлеңде көктемнің әдемілігі, бұлақтың сылдыры – бәрі эстетикалық әсер тудырады. Бұл да халықтың табиғатты сұлулық мектебі ретінде бағалаған дәстүрінің жалғасын дәлелдей түседі. Бұл өлеңде Сырбай Мәуленов туған жерді қастерлеу, табиғатты құрметтеу, суды қадірлеу, табиғатты жанды бейнеде суреттеу сынды халықтық дәстүрлерді поэтикалық бейнемен өрнектейді. Осылайша, ақын халықтың рухани мұрасын жырға қоса отырып, ұлттық дүниетанымды қазіргі ұрпаққа жеткізеді. Ақынның «Табиғатпен туыстық» деп аталатын өлеңіндегі мына біржолдар еріксіз назар аудартады:

Жүрген қиял толқынның желігінде,
Табиғаттың мен де бір көлімін бе?

Жел үрлесе жалданып көтерілем,
Жел соқпаса желік жоқ көңілімде.
Қаламгер жаны – табиғатпен етене жақын, егіз сынды. Бір көтеріліп, басылатын көңілін де табиғаттың нәзік құбылысы – желмен астастырады. Ақынның табиғатқа жақындығы соншалық, лирикалық кейіпкердің ішкі толғаныс-тебіренісі оқырманын ойға батырып, табиғатпен сырласуға жетелейді. С.Мәуленов шығармашылығы – халықтық дәстүрдің жалғасы. Оның жырларында ауыз әдебиетінің ықпалы, халықтық ұғымдар мен танымдар молынан кездеседі. Ақын халық даналығын көркемдікпен үйлестіріп, ұлттық руханияттың қайнар көзін жаңа қырынан ашты. С.Мәуленов поэзиясында ананың бейнесі ерекше орын алады. Ана – ұлттың мәңгілік құндылығы, дәстүрдің ұйытқысы. Ақын ананы бала тәрбиесінің бастауы ретінде жырлайды. «Ғазиз ана» өлеңіндегі:
Шырқырап шыбын жаның үстімде боп,
Мен үшін, ғазиз ана, не көрмедің?! – деп өрілетін жолдар ананың өлшеусіз еңбегі мен оның алдындағы перзенттік парызды қатар ұғындырып тұрғандай. Сондай-ақ, ақын шығармаларында ана тілінің қадірі, халықтың мәдени мұрасын сақтаудың маңызы ерекше көрсетіледі. Тіл – дәстүр жалғастығының негізгі арқауы. Ақынның тіл туралы жырлары ұлттық болмыстың өзегін ашып
береді. Ол өзінің көпшілікке белгілі «Қазақ тілі» өлеңінің әр шумағында қазақ тілін ұлттың ең басты мұрасы ретінде көрсетеді:
«Жатты онда уыз сүті ананың,
Жатты онда аманаты атаның». Бұл жолдар халық дәстүріндегі ананың сүті – тілдің бастау көзі, атаның аманаты – ұрпаққа қалған өсиет екендігін айшықтайды. Қазақ дүниетанымында тіл – ата-баба рухының, әулет сабақтастығының басты дәнекері. Ақын тілді ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дәстүрдің негізі ретінде сипаттайды. Қазақ қоғамында дәстүр тек әдет-ғұрыппен ғана емес, тіл арқылы өмір сүреді. «Сол тілменен сәбилерді сөйлетіп, Талайлардың көз жастарын құрғаттым», – деген жолдар тілді тәрбиенің, жұбатудың, адамгершіліктің құралы ретінде бейнелейді. Өлеңнен қазақ тілінің аясында халықтың барлық болмысы жатыр деген ой анық байқалады:
«Сол тілменен дүниені атадым,
Таптым бүкіл тіршіліктің атауын».
Қазақ дәстүрінде дүниені тану, әр затқа атау беру арқылы ұлттықдүниетаным қалыптасатынын көрсетеді. Халқымыздың дәстүрінде атау беру, бата айту, жоқтау айту, жыр толғау – барлығы тілмен байланысты. Мәуленов осы дәстүрлердің көркем бейнесін жыр тіліне көшіреді.
«Сол тілменен дүниеден кетемін,
Сол тілменен дүниеге мен келдім», – дей отырып, ақын қазақ тілін адамның өмірлік сапарының бастауымен де, аяқталуымен де байланыстырады.Бұл – халық дәстүріндегі «тіл кие» ұғымының көрінісі. Яғни, тіл – халықтың өткенін де, бүгінін де, болашағын да жалғаушы қасиетті діңгек.
Қорыта келгенде, ақын халықтың тәрбиелік дәстүрлерін өлең өрнегіне айналдырып, жас ұрпаққа өнеге етеді. Ана, тіл, жер, тарих тақырыптарын жырлау арқылы ұлттық рухты сақтауға үндейді.
Сырбай Мәуленов поэзиясы – қазақ халқының дәстүрі мен руханиятын бейнелеген көркем қазына. Оның шығармалары арқылы біз халықтың салт- дәстүрлерін, тәрбиелік құндылықтарын, ұлттық рухын, тарихи жадын көреміз. Ақын мұрасы – ұлт болашағына қалдырылған асыл аманат.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мәуленов С. Шығармалары. (Құраст. Сақып-Жамал Мәуленова). – Алматы:
«Ан-Арыс» баспасы, 2013. – Т.1.: Өлеңдер. – 320 б.
2. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Жібек жолы, 2011.

– 596 б.
3. Қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік арналары//Қ.Қ. Мәдібай, Е.М. Солтанаева. – әл-Фараби ат.ҚазҰУ Хабаршысы, 46-47-б.б. https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/564/543/1085
4. Мәуленов Сырбай. Шығармалар жинағы: 2 томдық. Өлеңдер/ Құрастырғандар қыздары: Бахытжамал, Сақыпжамал және ұлдары: Бейбіт, Қасым, Ғазиз. – Алматы: Service Press, 2012.

Шаймырзаева Багила Алтынбековна
Шымкент қаласы А. Назарбеков атындағы
№87 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ МҰРАТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ

Қазақ әдебиетіне Сырбай Мәуленовтің есімі етене таныс. Ол ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі ретінде ел тағдыры мен халық мұратын, Отанға деген сүйіспеншілікті жырлады**.** Соғыс тауқыметін бастан кешкен ақынның дүниетанымы өмір шындығы мен халық тағдырына астасып жатыр. Сол себепті оның поэзиясында жеке бастың мұңы ғана емес, тұтас ұлттың арман-мақсаты суреттеледі. Ақындық мұрат – қолына қалам ұстаған әрбір қаламгердің басты ұстанымы болса, Сырбай Мәуленов үшін ол – халқына адал қызмет еті, ұлттық рухты көтеру, Отанға деген сүйіспеншілікті ұрпақ санасына сіңіру болды.

Ақындық мұрат – қаламгердің шығармашылық бағыты мен мақсатын айқындайтын рухани бағдаршам. Қазақ әдебиетіндегі әрбір тұлға өзінің дәуірлік миссиясын орындауға тырысты. Сырбай Мәуленов үшін бұл – ел тағдырын жырлау, халықтың үні болу еді. Ол Қасым Аманжолов, Төлеужан Ысмайылов сынды майдангер ақындардың ізін жалғап, отты жырларымен қазақ поэзиясына жаңа леп әкелді.

Ақын жырларының басты тақырыбы – Отанға деген сүйіспеншілік болды. Зұлмат соғыстың куәгері ретінде ел қорғаған батырлардың өшпес ерлігін, халықтың еңбегін, туған жердің асқақ бейнесін жырға қосты. Өйткені ақын Сырбай үшін Отан – тек географиялық мекен емес, ол – халықтың рухы, елдің болмысы, мәңгілік құндылық еді. Оның «Қызыл жалау», «Соғыстың соңғы көктемі», «Жалын» секілді өлеңдері отаншылдық рухта жырланады.

Сырбай поэзиясында ұлттық рух ерекше орын алады. Ақын қазақ халқының мінезін, болмысын, салт-дәстүрін бейнелеп, ұлт намысын асқақтатты. Оның өлеңдерінен қазақ даласының кеңдігі мен сұлулығы, халықтың қайсарлығы мен төзімділігі, ел бірлігі мен ынтымағы поэтикалық суретпен өрнектелді. Осы арқылы ақын мұраты – ұлттық болмысты ұрпақ жадына сіңіру екендігін байқаймыз.

Сырбай Мәуленов поэзиясы адамгершілік пен рухани тазалықтың айнасы іспеттес. Оның лирикасында махаббат, достық, адалдық, мейірім секілді ізгі ұғымдар жиі көрінеді. Ақын үшін нағыз махаббат – өз халқына адал, адамзатқа пайдалы жан болу. Сол себепті ол өз өлеңдерінде «адам болу» мұратын басты орынға қояды.

Сырбай Мәуленов – дәуір куәгері. Оның поэзиясында соғыс зұлматы, халықтың ауыр тұрмысы, соғыстан кейінгі жаңару кезеңі көркем өрнектеледі. Бұл тұрғыдан оның шығармалары – ХХ ғасырдағы қазақ қоғамының көркем шежіресі іспеттес. Сырбай Мәуленов «заман ақыны» ретінде уақыт тынысын дәл бере біледі.

Сырбай Мәуленов – әдеби дәстүрді жалғастырушы және жаңашыл ақын. Ол Абайдың «толық адам» ілімін, Сәкен мен Ілиястың елшіл сарындарын, Қасымның отты поэзиясын жалғастырушы. Сонымен бірге ол қазақ поэзиясына жаңа ырғақ, тың бейнелеу құралдарын әкелді. Тілі жинақы, өлең құрылысы ықшам, бейнелеу тәсілдері заманауи сипатта өріледі.

Сырбай Мәуленовтің ақындық мұраты – туған халқының болмысын жырлау, ұлттық рухты асқақтату, отансүйгіштік пен адамгершілікті насихаттау болды. Оның поэзиясы – XX ғасырдағы қазақ халқының рухани айнасы, халықтың жаны мен жүрегінің үні. Ол – дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре білген, өлең өнеріне адал қызмет етіп, ұлттық әдебиетке мәңгілік мұра қалдырған ақын.

Сырбай ақын Отаны, туған жері, Қазақстанға арналған өлеңдерінен бөлек түбі бір түркі елдеріне барған сапарларын да жалынды жырларына арқау еткен. Бұл туралы автор жолсапар күнделігінде былай дейді: «Түркмения бізге көптеген өлеңдердің, очерктер мен әңгімелердің, пьесалардың тың тақырыптарын берді. Енді алған әсерді суытпай, көрікті қызған кезінде басып, қалам сілтеуіміз керек» [1, 36-б.]. Ақынның осы сапарынан кейін «Сексеуіл», «Дауыл алдындағы тыныштық», «Қызыл су», «Шекара», «Түйе», «Су» атты өлеңдері дүниеге келіп, ақын сөзінің жанды дәлелі болғандай.

Ақын еліміздің түкпір-түкпірін аралап, «еңбекте – ер, өмірде – шат, жарқын жүзді, мейірімді адамдармен танысып», олардың өмір жолын өлеңіне арқау етеді. «Тегінде, шындықтың өзі бояусыз, қарапайым болады екен-ау!» – деп жазған автор «Түбірлер» атты өлеңінде соғыстың соқпағымен қайта жүріп, бүгінде бейбіт күн кешкен аймақтан бір кездері қол-аяғынан айрылып, мүгедек болған әскерлердің жан жарасын еске түсіріп, соғыс қалдырған «түбірлерді» іздейді.

Сырбай Мәуленовтің өз замандастары мен заманы бөлек тұлғаларға арнап жазған шығармалары бір бөлек. Сәкен Сейфуллинге арнап «Ақындардың аққуы» деп жыр жазса, Қасым Аманжолов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қажымұқан Мұңайтпасов, Ықылас Дүкенбайұлы, Бейімбет Майлин сынды қоғам қайраткерлерінен бастап, қарапайым ауыл қарттарының да шынайы бейнесін көркем сөзбен сомдай білді. Ақын қоғам шындығы мен күнделікті өмір суреттерін беруде қоғамдық-саяси зерделі ой-пікірін жеткізіп, тек көркем әдеби стилді емес, публицистикалық стилді де шеберлікпен қолдана біледі.

Сонымен бірге азаматтық ұстанымын білдіріп, Алаш зиялылары, жазықсыз жапа шеккен Шәкәрім, Ахмет, Міржақып сынды ұлт арыстарын ақтап пікір айтып, ақиқат ой қалыптасуына ықпал етуін ұлт үшін жасалған ерлік деп бағалауға болады. Сондай-ақ, қазақтың би-шешендері туралы «Қаз дауысты Қазыбек бидің монологы», «Жәнібектің Шотай биге айтқаны» сынды шығармалар жазуы оның қазақ әдебиеті тарихына қосқан өлшеусіз еңбегі деуге болады.

Замандасы Мұзафар Әлімбаев «Ізгіліктен інжу терген» атты эссесінде Сырбай ақынның тек қазақ елінде ғана емес, бауырлас елдерде де кеңінен танымал екендігін орынды айтып өтеді: «Өзбектің үлкен ақыны Шұрхат біздің Сырбайды – Жырбай! – деп атайды. Мұнысында үлкен мән бар. Өйткені Сырбай сырға да, жырға да бай ақын. Ғасырлардың қара дауылы сабалап, қара жауыны шайған, долы желі мүжіген, бірақ мызғымай мыңқиып тұрған құж-құж құз жартасты көзіме елестетсем, ойыма дүр ағам, Сырағам келеді. Сырағам да қайыспас қия жартастай замана куәгері, халық жазушысы, жұртымыздың жаршысы, ұлтымыздың үлкен жүйрігі еді» [2, 57-б.].

Сырбай ақынның тағы бір қыры – фельетон жазу еді. Бұл туралы Темірбек Қожакеев: «Фельетон – таза публицистикалық жанр емес, әрі көркем әдеби жанр. Онда да адамдардың типтері, бейнесі, оқиғаның желісі – басталуы, шиеленісуі, шарықтауы, шешілуі, диалогтар, суреттеулер, шегіністер болады. Фельетонға да көркем тіл, әдеби ажар шарт. Бұларсыз жазғанымыз фельетон болмақ емес» [3, 89-б.]. Сырбайдың «Опасыздық, арсыздық», «Шаш ал десе, бас алады», «Көңілсіз құлақ ойға олақ», «Бастық батпаққа батты», «Жолбарыс» және басқа да сықақ өлеңдері – сатиралық фельетондар. Мұнда шебер тіл мен уытты сөз арқылы қоғамдағы

келеңсіздіктерді орынымен сынай отырып, тұшымды ойын жеткізеді. Мәселен, «Көңілсіз құлақ, ойға олақ» атты фельетонда Қазақстандағы телефон желілерінің нашар байланысын сынайды. Мұнда демалыс орнындағы нашар байланыстың түпкі себебі байланыс министрлігінде жатқандығын тілге тиек етеді. Елдегі нашар байланыс пен электр жүйелерінің кемшілігін де уытты әзілімен сынай отырып, тиісті жеріне жеткізеді.

Сырбай ақын өз дәуірінің жыршысы ретінде халық ауыз әдебиетінен басталған жолы журналистік зерттеулерге дейін жалғасып жатты. Тіпті тарихқа да қалам тербеп, халыққа бағытталған көсемсөзін қара өлеңмен жеткізе білді. Қазақтың бас ақыны Абай айтқан «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына із қалдырған» деген ойын өзінше жалғап, ұлы ақынмен үндестігін жеткізеді:

- Өлмейсің! – деп ел айтты,
- Өлмейсің! – деп жер айтты.
- Сендер аман тұрғанда,
- Өлмеймін! – деп мен айттым.

Ұлттық рух – халық болмысын айқындайтын мәңгілік құндылық. Ол тіл мен мәдениетте, әдебиет пен өнерде көрініс табады. Әсіресе, поэзия – ұлттық рухтың асқақ үнін жеткізетін ең көркем шығарма. Қазақ әдебиетінде Сырбай Мәуленов поэзиясы осы тұрғыдан ерекше орын алады. Ақын ХХ ғасырдағы тарихи оқиғалардың куәсі бола отырып, халқымыздың азаттыққа, өркендеуге деген ұмтылысын, елдік мұраттарын асқақ жырлады. С. Мәуленовтің ақындық мұраты – ұлттың болмысын бейнелеу, рухын көтеру, болашақ ұрпаққа ұлттық сана дәнін егу болатын. Мұның жарқын дәлелін ақын өлеңдерінен таба аламыз. Ақын туған елін күн көзімен таласқан тауға, Ай мен Күнге жол ашқан аспанға теңейді:

Менің байтақ Республикам таулары,
Менің көгім – мөлдіреген сол аспан.
Көкжиекпен ұштасқан даласын, түскі аспан секілді көлін жырлаған ақын:
Менің байтақ Республикам даласы,
Менің көлім теңізбен қол ұстасқан.

Қызыл бұлтқа ұқсаған қызыл гүлдері мен Алатаудың ашық күндерінен тұратын гүлге толы елімізді мақтанышпен жырға қосады:

Жері де гүл көгінде күн бір жүзген,
Ұлан-байтақ Республикам бұл менің.

Сырбай Мәуленов өлеңдерінде туған жердің сұлулығы, халықтың қайсарлығы, ұлттық мінез бен болмыс кең суреттеледі. Ұлттық рух – оның шығармашылығының өзегіне айналған идея. Ақын үшін ұлттық рух – елдің ерлігі мен намысы, бірлігі мен болашағы:

Туған ел, өскен жер,
Ыстықсың жаныма,
Күн нұры, жаз лебі,
Тараған қаныма.
Тамаша тарихтың
Бәріне куәсің.
Ерліктің, даңқтың,

Сақтадың мұрасын, – деп жырлаған ақын елінің ғажайып ертегідей ертеңіне сенеді. Сол елдің арқасында алшаңдап жүргенін марқая жырлайды. Ақын шығармашылығында ұлттық рухтың басты көрінісі – туған жерге деген сүйіспеншілік ретінде сипатталады. Сырбай Мәуленов поэзиясында қазақ даласы, кең байтақ сахара, асқар таулар мен өзен-көлдер халықтың жаны мен рухының символы ретінде суреттеледі.

Ақынның «Кең өлкем» атты өлеңінде туған жердің табиғаты ұлттық мақтанышпен жырланады:

О, сүйікті көз жеткісіз кең өлкем,
Сенсің күнім, сенсің айым, сен еркем.
Артымда сен аман қалсам болғаны,
Бұл өмірден кеткенімде мен ертең.

Туған жердің табиғаты еңбек ерлерінің ісімен нұрланып, гүлденіп, болашаққа қарай батыл қадам баса бермек. Мұрагер ұл-қыздары барда туған еліміз мәңгілікке мызғымай тұра бермек:

Сандық таулы, самал желді құба бел,
Мәңгілікке мызғымастан тұра бер.
Ерлікпенен елдігіңді көтерер,
Ұлдарың бар, қыздарың бар мұрагер.

Соғыс жылдарының куәгері ретінде ақын халықтың қайсарлығын, батырлығын ұлттық рухтың арқауы ретінде таниды. Оның жырларында жауға қарсы күрескен қазақ жауынгерінің бейнесі, елі үшін жанын қиған батырлардың жанкешті ерлігі айрықша асқақтықпен жырланады. Осылайша, ақын ұлттық рухты ұрпақ санасына сіңіруді мақсат етеді.

Сырбай Мәуленов ұлттық рухты тек ерлікпен ғана емес, ізгілікпен де байланыстырады. Оның лирикасында достық, адалдық, мейірім, махаббат секілді асыл қасиеттер халық болмысын танытады. Ұлттық рух – халықтың ұлттық танымымен де айқындалатынын ақын шеберлікпен жеткізе біледі.

Сонымен бірге Сырбай Мәуленов поэзиясы дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырады. Ол Абай, Сәкен, Ілияс, Қасым сынды ақындардың идеялық мұратын жалғастырып, ұлттық рухты жаңа заман тынысымен астастыра жырға қосады. Тілі жинақы, бейнелеу тәсілдері жаңашыл болғандықтан ұлттық рухты жырлаудың жаңа көркемдік деңгейін қалыптастырды.

Сырбай Мәуленов поэзиясындағы ұлттық рух – оның шығармашылық мұратының алтын қазығы болды. ақын туған жерді, халықтың батырлық болмысын, дәстүрі мен ізгілік құндылығын дәріптеу арқылы ұлттық рухты мәңгілік тақырыпқа айналдыра білді. Оның жырларының бүгінгі ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеп, ұлттық сана-сезім қалыптастыруда мәні зор. осы тұрғыдан алғанда, Сырбай Мәуленов поэзиясы – қазақ халқының ұлттық рухының көркем айнасы деуге болады.

Шын мәнінде, Сырбай Мәуленов – қазақ поэзиясына жаңа леп, соны соқпақ, өзгеше өрнек, сазды сарын, әсем әуен әкелген лирик ақын. Оның нәзік сезімге толы өлеңдерінен сыршылдық пен сұлулықты көресіз. Жастық шақтың жалындаған үні мен адамның өмірге құштарлығын арттыратын позитивті сарынға толы. Жырлары еш жасандылықсыз, таңғы шықтай мөлдіреп тұрады. Бұл туралы қазақтың біртуар ұлы, кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов былай дейді: «Лирикаға оралғанда, әсіресе Ғали, Қасым, Сырбай үшеуінің әр алуан жайға арнаған, әсіресе қысқа қайырған өлеңдері өзгеше сүйсіндіреді. Бұлар кейде бабына жетіп, балқып-толқыған күйшінің шебер қолындағы шешен домбырадай, қоңыр күйлерімен бой ерітеді» десе, суреткер жазушы Ғабит Мүсірепов: «Қоғамның ақынына қояр талабы не болар еді? Ол талап осы «Желпи бер жылы күлкіңмен» деген Сырбайдың бір жол өлеңіне сыйып тұр. Ақынның қоғамына қояр тілегі мен назы да осы бір өлеңнен түгел табылады. Бір жол өлеңге әрі талап, әрі тілек сыйысып тұр. Шынында, талап пен тілек бірі жоғарыдан, бірі төменнен шығар екі өрістің үндері емес пе. Аз сөзбен аумақты ой салар ақындық деп осыны айтамыз», – деп жоғары баға беріпті [4, 345-б.].

Сырбай Мәуленовті қалың көпшілік талантты көсемсөзші, танымал журналист ретінде таниды. Ол ұлттық баспасөзімізді дамытуға айтарлықтай үлес қосты. Соғыстан кейінгі жылдары Қостанай облыстық газетінде қызмет ете жүріп, ел ішіндегі еңбек адамдарымен етене араласып, олар туралы көлемді очерктер жазған болатын. Әсіресе, XX ғасырдың елуінші жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болған кезеңде ұлттық сананы оятуға өлшеусіз еңбек етті. Дәл

осы кезеңде кеңестік саясат қатал болғанына қарамастан ұлтқа қатысты, ұлт зиялыларына қатысты мәселелерді батыл көтере білді. Ол кезде ұлт туралы сөз айтудың өзі қауіпті болғандықтан «ұлтшылдық» деген айып арқалап, қызметінен шеттетіледі. Кейіннен «Жұлдыз» журналын басқарған кезеңде әдебиетіміздің кеңірек өрістеуіне жол ашып, жалынды жастарға жол көрсетуші болады. Сырбай Мәуленовтің әзіл әңгімелерінің өзі ел ішіне кеңінен тарап, аңызға айналып кеткен. Ақындық мұраты бір бөлек азаматтық болмысы да замандастары арасында жоғары бағаланады. Отбасылық өмірде Күлжамал апамен бақытты да баянды ғұмыр кешеді.

Қаламы қарымды қаламгер Әбіш Кекілбайұлы «Сыршылдық пен суреткерлік Сырбайы» деген мақаласында өз буынының бала кезінен Сырбайша оқып, Сырбайша жазуға, Сырбайша ойлап, Сырбайша сөйлеуге ұмтылғанын еске алады: «Қазіргі әдебиеттегі алпысқа келгендер мен төменгі буынның барлығының әдеби болмысында Сырбайдың рухы, Сырбайдың әсері бар десем, асыра айтқан болмаспын. Сырбай – тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған жаңа кезеңге көтеріп бере алған кемел тұлға. Бұл тұрғыдан келгенде, Сырбай – қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Классик деген ұғым кез келген кісіге айтылуға тиіс емес. Кез келген дарынды, талантты адам классик бола алмайды. Тек қана өзі емес, бүкіл ұлттық әдеби болмысқа өзінің ізін, өнегесін тастаған адам ғана осындай атқа лайық болуға тиіс. Бұл реттен келсек, қазіргі қазақ поэзиясының көш басындағы сарбаздары Сырбайды да алдымен ауызға алады деп ойлаймын», – депті. Жыр дарабозы туралы айтылған жазушы пікірімен келіспеске шара жоқ.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сырбай Мәуленовтің туғанына биыл 103 жыл толып отыр. Торғай төсінен түлеп ұшқан ақиық ақын бүкіл қазақ аспанында қанатын жайып қалықтай білді, қазақ поэзиясының көгінде еркін самғады. Елу жылға жуық қаламгерлік өмірінде әдебиет майданының адал әскері ретінде өнімді еңбек етіп, артына өшмес мұра қалдырды. Қырыққа жуық жыр жинағының авторы, туған халқының құшағында өмір сүрген бақытты ақын болды. Сырбай Мәуленов – өлеңі де, өмірі де ерлікке толы, ұлттық рухтың жыршысы, дара тұлға, қайталанбас құбылыс бола білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Мәуленов С. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1980.

2 Әлімбаев М. Өмір. Өнер. Өнерпаз: эссе, естеліктер, ой-толғамдар. – Алматы: Өнер, 1990. – 460 б.

3 Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: ҚазАқпарат, 2005.

4. Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 2005.

Шалкарова Эльмира Балтабаевна
№73 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРҚАУЫ

Қазақ поэзиясының алтын қорында ерекше орны бар Сырбай Мәуленов – табиғаттың сұлу көріністерін, туған жердің қасиетін жырлаған сыршыл ақын. Оның өлеңдерінде туған елге деген ыстық махаббат, табиғатқа деген нәзік іңкәрлік пен терең сезім тұнып тұр. Ақын табиғат арқылы адам жанын тәрбиелеп, елдік рухты оятады.

Сырбай Мәуленов (1922–1993) – қазақтың көрнекті ақыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист, қоғам қайраткері. Ол Қостанай облысында дүниеге келіп, жастайынан поэзияға бейім болды. Соғыс жылдарынан кейінгі әдебиетке келген буынның белді өкілдерінің бірі ретінде қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Оның өмір жолы туған жерге деген сүйіспеншілігімен, елге адалдығымен тығыз байланысты.

С. Мәуленов поэзиясының басты тақырыбы – туған жер мен табиғатқа деген махаббат. Ақын табиғат көріністерін тек сыртқы әсемдік ретінде емес, адам жанының айнасы, ұлттық рухтың символы ретінде жырлады.

«Кеш», «Теңіз», «Көктем келеді» сияқты өлеңдерінде қазақ даласының кеңдігі мен сұлулығы, табиғаттың мейірім-шуағы жырланады.

«Дауыл», «Дала ауасы», «Күндізгі нөсер» мезгіл құбылыстары адамның көңіл-күйімен астасып беріледі.

Сонымен бірге Сырбай Мәуленов поэзиясында туған жер тағдыры, елдің бірлігі мен ұрпақ тәрбиесі терең оймен өріледі. Оның лирикасында табиғат пен адамның өмірі үндестік тауып, көркемдік шеберлік арқылы биік деңгейге көтеріледі.

1. Табиғат – ақын поэзиясының мәңгілік арқауы

Сырбай Мәуленов табиғатты суреттегенде жай бейнелеу емес, Ақын қысқы табиғатты халық өмірімен жақындата суреттеп, оны әсемдік пен өнердің бір көрінісі ретінде бейнелейді. Қыс – қатаң, бірақ сұлулығы мол мезгіл.

Мысалы:

Жаяу боран бұрқасын
Иір жіпті кідірмей.
Үйір қардың ұлпасын
Аққудың ақ жүніндей.
Тоқымашы ежелден
Құйын, боран екеуің.
Оқалап бір безеңдер
Шыршалардың етегін.
Аяз ұста арқалы
Сок дамылсыз бүгін де,
Қайың тағар алқаны

Қыстың мінезін, боран мен аязды табиғи суреттер арқылы бейнелеу. Ақын қыс көріністерін тұрмыс-тіршілікке жақын образдармен береді.

Қыстың қатал табиғатын сұлулықпен ұштастыру, оны халық тұрмысымен байланыстыра сипаттау. Ақын қыстың суығы мен боранның да өзіндік әсемдігі бар екенін көрсетеді.

2. «Махаббат аралы» өлең табиғаттың сұлулығы мен ақынның жан дүниесін астастыра суреттейді. Әлемдегі бар құбылыстың «күлуі» – өмірдің қуанышы мен шаттықтың символы. Табиғат пен ақын жаны біртұтас күйде бейнеленген. Адам табиғаттың бір бөлшегі, ол табиғатпен бірге күліп, бірге шаттанады. Әсемдік пен поэзия – өмірдің мәні..

Таулар күледі,
Төбесіне күн шыққанда,
Тастар күледі,
Төсіне көк қына гүл шыққаида.
Ақын күледі,
Айлар бойы дірілдеп.
Жүрегінен жыр шыққанда.
Көл күледі,
Айдынында аққулар жүзгенінде,
Тамшылар күледі,
Жайқалса гүл іздерінде,
Емен күледі

Ақынның ойы: табиғаттың күлкісі – адамның жүрек шаттығы. Бұл өлеңде ақын күлкіні өмірдің, табиғаттың, поэзияның басты арқауы ретінде бейнелейді. Әлемдегі бар құбылыс – қуаныш пен шаттықтың, тіршіліктің әсемдігін паш етеді

3. Ақын табиғатты аялау, еңбекті құрметтеу, елдің бірлігі арқылы туған жерді көркейту идеясын алға тартады. Орман – болашаққа қалатын халық мұрасы.

Жазғытұры күн-түн қатып,
Колхозды елім еккен қолдан.
Жапырағыңды судырлатып,
Жайқал, жайқал жасыл орман.
Қөктің жүзін бұлттар орап,
Күзде кетіп, келді қыста.
Күрең тартып тұрсын қарап,
Күзетшідей күншығыста.
Бойын өрлей Тоғызақтың,
Биіктеген берік қорған.
Алдын тосып аңызақтың,
Жайқал, жайқал жасыл орман.

Өлең тақырыбы – туған жер табиғаты мен халық еңбегі. Ақын жасыл орманды, колхозшылардың еңбегімен жасалған жасанды табиғат байлығын жырлайды. Орман – тек әсем табиғат қана емес, халық еңбегінің жемісі, Отан қорғаушысы іспеттес бейне.

Сырбай Мәуленов поэзиясы – табиғаттың әсемдігі мен туған жердің қасиетін дәріптеген шынайы жырлар. Ақын әрбір өлеңінде туған елге деген мақтанышты оятып, табиғатты қорғауға, жердің қадірін білуге үндейді. Оның шығармалары – рухани байлығымыз бен ұлттық тәрбиеміздің қайнар көзі.

Қазақ поэзиясында табиғат пен туған жер тақырыбы ежелден басты арқаулардың бірі болып келеді. Бұл дәстүрді ХХ ғасырдың көрнекті ақындарының бірі – Сырбай Мәуленов ерекше поэтикалық құдіретпен жалғастырды. Оның шығармалары туған өлкенің табиғатын, ел мен жерге деген шексіз сүйіспеншілікті жырлаумен құнды.

С. Мәуленов үшін табиғат тек сыртқы сұлулық қана емес, ол – адамның жан дүниесінің айнасы, халықтың тағдырымен тамырлас құбылыс. Ақынның лирикасында туған жердің тау-тасы, өзені мен даласы, көктемі мен күзі көркем суреттермен өріліп, Отанға деген махаббаттың символына айналады.

Сонымен қатар, ақын табиғат құбылыстарын ұлттық рухпен байланыстыра жырлайды. Көктемді – жаңарудың, жастықтың бейнесіндей, күзді – толысқан шағының символындай көрсетіп, табиғат мезгілдері арқылы адам өмірінің кезеңдерін де астастырады.

Сырбай Мәуленов поэзиясының негізгі лирикалық арқауы – туған жерге сүйіспеншілік пен табиғатқа іңкәрлік. Оның шығармалары жас ұрпақты елін, жерін аялауға, табиғат сұлулығын қорғап, қадірлеуге тәрбиелейді.

Сырбай Мәуленовтің табиғат пен туған жер туралы жырлары бүгінгі күні де өз мәнін жойған жоқ. Қоршаған ортаны қорғау, туған өлкені аялау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу – қазіргі қоғам үшін де маңызды. Ақын шығармалары жас ұрпаққа туған елге сүйіспеншілік пен табиғатқа қамқорлық сезімін дарытады.

Сондықтан да С. Мәуленов поэзиясының лирикалық арқауы – туған жерге деген сүйіспеншілік – әрқашан да рухани бағдар болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1980.
2. Мәуленов С. Жол үстінде. – Алматы: Жазушы, 1971.
3. Мәуленов С. Құлпытас. – Алматы: Жазушы, 1965.
4. Қирабаев С. Сырбай Мәуленов поэзиясы туралы ойлар // Қазақ әдебиеті, 1986.

Шонгалова Жанар Серикбаевна
Астана қаласы,№115 ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

С.МӘУЛЕНОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПОЭЗИЯСЫ - ЕЛЖАНДЫЛЫҚ САНА КЕПІЛІ

Қазіргі жаһандық дәуірде ұлттық құндылықтарды сақтау мемлекетіміздің, қоғамның сұранысына ие болуда. Еліміздің келешегі кемел болуына үлес қосатын бүгінгі жастардың бойына патриоттық сана,, тарихи жады, ұлттық тіл мен мәдениетке құрмет қалыптастыру-ұстаздардың алдындағы үлкен жауапкершілік. Осы мақсатта қазақ әдебиеті-халқымыздың рухани жадын сақтайтын, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп жеткізетін ұлы күш. Әсіресе, азаматтық пафосқа толы шығарамалар ұлттық болмысты қалыптастыруда, елдік рухты көтеруді маңызды рөл атқарады. Осындай азаматтық поэзияның көрнекті өкілдерінің бірі - Сырбай Мәуленов. Оның өлеңдеріндегі елге деген сүйіспеншілік, ерлікке деген құрмет, бейбіт өмірге деген аңсар - жастарға бағытталған өнегелі тәрбиенің алтын арқауы. Бүгінгі қоғамда рухани құндылықтар мен отансүйгіштік тәрбиесі өзекті болып отырған тұста, Сырбай Мәуленовтің шығармашылығын азаматтық поэзияның жарқын өкілі ретінде жаңа қырынан зерттеп, жастар тәрбиесіне ықпал ету жолдарын қарастыру аса маңызды.

Сырбай Мәуленов - өз өмірін ел тағдырымен ұштастыра білген, сұрапыл соғыстың алғы шебінен жыр жазған қаламгер. Оның өлеңдері – күрес пен үміт, бейбітшілік пен ерлікті ту еткен азаматтық поэзияның жарқын үлгілері.

- Соғыс жылдарындағы жырларында туған жерге деген сағыныш, жауға деген кек, бейбіт өмірге деген аңсау айқын сезіледі. Бұл шығармалар арқылы ақын елдің рухын көтеріп, ұлт болмысына терең бойлай білді.
- «Мен қазақпын», «Отаным», «Ана тілім» секілді өлеңдерінде ұлттық бірегейлік, туған жерге деген адалдық, ана тіліне деген сүйіспеншілік аса жоғары пафоспен берілген.

- Ақын ел болу, бірлік, ерлік, адамгершілік секілді ұғымдарды көркемдікпен жеткізіп, ұрпақ санасына сіңіруге талпынады. Оның поэзиясы тек эстетикалық емес, тәрбиелік және азаматтық миссия атқарды.

Ақынның отансүйгіштік идеяларының өзектілігіне тоқталар болсам:

- Сырбай жырларындағы бейбіт өмірге шақыру, ерлікке тағзым, рухани тазалық, туған жерге деген махаббат - бүгінгі патриоттық тәрбиенің мазмұнын байыта түсетін құндылықтар.
- Ақынның туындыларына негізделген тәрбиелік жұмыстар – жастардың елге, жерге, тарихқа деген құрметін арттырудың тиімді құралы бола алады.
- Оның өлеңдері ұлттық идеологияны жаңғыртуға, қоғамдық келісімді нығайтуға, және рухани жаңғыру үдерісін жандандыруға мүмкіндік береді [1, 25-б.].

Сырбай ақынның сырлы жырларын қалай бүгінгі патриоттық тәрбиеге байланыстырамыз? Зерттеушілік жолдары қандай?

Сырбай Мәуленов шығармашылығын бүгінгі тәрбиелік процестерге байланыстыру үшін жүйелі бағыттар қажет. Мынандай ұсыныстар мен зерттеушілік идеялар туындайды:

1. Білім беру саласында:

- Мектеп бағдарламасында Сырбай Мәуленов поэзиясына арналған арнайы бөлімдер, тақырыптық сабақтар, әдеби кештер ұйымдастыру.
- Поэзиясын интербелсенді әдістермен (дебат, инсценировка, жобалық жұмыс) оқыту арқылы оқушыларды белсенді ойлауға, ұлттық сана қалыптастыруға баулу.

2. Жастар тәрбиесінде:

- Жастар ұйымдары мен оқу орындарында «Отанға қызмет», «Менің елім – менің жырым» атты шығармашылық байқаулар өткізу, оған Сырбай шығармаларын негіз ету.
- Ақын жырларын TikTok, Instagram, YouTube секілді платформаларда заманауи форматта насихаттау (видео-поэзия, анимация, музыкалық сүйемелдеумен оқу).

3. Ғылыми-теориялық бағытта:

- Сырбай Мәуленовтің азаматтық лирикасын қазіргі патриоттық тәрбие жүйесімен байланыстырып, ғылыми диссертациялар, мақалалар, әдеби-социологиялық зерттеулер жасау.
- Ақын поэзиясының тәрбиелік-психологиялық әсерін зерттеу (мысалы, мектеп оқушыларына әсері, ұлттық сана қалыптастыру деңгейіне ықпалы).

4. Мәдениет пен өнер арқылы тарату:

- Сырбай жырлары негізінде поэзиялық театр, музыкалық қойылымдар, радио-драмалар әзірлеу.
- Өлеңдеріне заманауи форматта бейнебаяндар түсіріп, ұлттық брендке айналдыру.

Патриоттық тәрбиеге қатысты қазіргі мемлекеттік бағдарламалармен салыстырмалы түрде Сырбай Мәуленовтің нақты өлеңдерінен үзінділер келтіріп талдау жасауға болады [2, 82-б.]..

«Отаным» өлеңінен үзінді алатын болсақ:

Отаным – кең көк теңіз,
Кеме жүзген тереңде.
Отаным – шексіз қиял,
Арман болған менің де.

Ақын «Отан» ұғымын тек географиялық түсінік ретінде емес, рухани, идеялық, болмыстық кеңістік ретінде береді. Ол Отанды теңізге, қиялға, арманға теңеу арқылы оның шексіз маңызын, асқақ бейнесін көрсетеді.

- Патриоттық идея: Отан – әрбір адамның өмірінің өзегі, арманының бастауы екенін ұқтырады.
- Жастарға үлгі: Елдің болашағын армандау арқылы Отанды сүюге үйретеді.

«Ана тілім» өлеңінде ақын:

Сөз сүйектен өтеді,
Сүйегіммен жымдасқан.
Ана тілім – діңгегім,
Қасиетім қымбат сан, - деп жырлайды. Ақын ана тілінің қадірін ұлттық болмыстың іргетасы ретінде сипаттайды. Тіл - тек қарым-қатынас құралы емес, ол - халықтың жаны, тарихы, рухы екенін айтады.

- Патриоттық мазмұн: Ана тілді сүю арқылы Отанды сүюге тәрбиелейді.
- Қазіргі маңыздылығы: Жастар арасында ана тіліне құрметтің төмендеуі – бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселе. Осы өлең жастарға тілге құрмет – елге құрмет екенін ұғындыруға бағытталған.

Ақынның соғыстан кейінгі кезеңдерде туған шығармаларының бірі--«Соғыс туралы баллада»

Мен көргенмін соғыстың сұрапылын,
Жанарымнан жас емес, от атылған.
Бейбіт күнге жете алмай кеткендерді,
Мен жүрегіммен үнемі жоқтатамын.

Ақын - Ұлы Отан соғысының ардагері. Бұл жолдарда ол соғыстың қасіретін, достарын жоғалтқан ауыр сәттерді еске алады. Бейбіт күннің қадірін, ерлік пен құрбандықтың салмағын түсіндіреді.

- Патриотизм: Ерлікке тағзым, бейбітшілікті бағалау идеялары көрінеді.
- Тәрбиелік үлгі: Соғыс тақырыбын тек естелік ретінде емес, бейбіт өмірдің бағасын білу, құрбан болған ұрпаққа құрмет көрсету бағытымен ұсынады [3, 115-б.].

«Қазақстан» атты өлеңінде:

Көкшетаудан тартып Атырауға дейін,
Сарыарқадан жеткен Алатауға үн,
Бұл даланың әр тасы – жүрек лүпілі,
Қазақстан – менің туған далам тым үнді.

Бұл жолдарда Қазақстан кеңістігінің табиғи сұлулығы мен географиялық тұтастығы көркем сипатталады. Ақын үшін Отан - тек картадағы ел емес, жанымен сезетін, жүрегімен сүйетін киелі мекен.

- Ұлттық тұтастық: Елдің барлық аймағын біртұтас кеңістік ретінде көрсету – бірлік идеясының жарқын бейнесі.
- Жастар үшін: Бұл - өз елінің байлығын, табиғатын, кеңдігін мақтан етуге шақыратын рухани шабыт көзі.

Қортындылай келгенде, Сырбай Мәуленовтің поэзиясы - терең азаматтық, елжандылық сезімге толы. Оның шығармаларындағы:

- Тарихи сана,
- Тіл мен елге құрмет,
- Батырлықты ұлықтау,
- Табиғат пен жерге сүйіспеншілік

сияқты мотивтер - бүгінгі патриоттық тәрбиенің өзегіне айналуға лайық. Сырбай Мәуленовтің патриоттық лирикасына негізделген бағдарламаны құрып, мектепте (8–11 сыныптар) немесе колледждердегі әдебиет сабағында пайдалануға болады. Оқушылар мен студентер бойында елжеандылық қасиеттерді дарыту мақсатында ақынның шығармашылығын зерттеу арқылы бағдарлама құрылса, қаізргі таңдағы қоғамның бірнеше дертінен арылуға болар еді.

Сырбай Мәуленов поэзиясында Отан - тек туған жер емес, ол адам жанының бір бөлшегі ретінде, кеңістік пен болмыстың символы ретінде суреттеледі. Ақын оны теңізге, арманға,

жүрекке теңейді. Ақын өлеңдерінде соғыс тақырыбы қалай көрініс табатынын зерделейтін болсақ, соғысты Сырбай Мәуленов тек жеңіс ретінде емес, адамзат қасіреті, бейбітшілікке жетудегі құрбандық ретінде жырлайды. Ол соғыс көрген ақын ретінде шынайы сезім мен терең ой тудырады.

Ал Сырбай Мәуленов жырларындағы бейбітшілік идеясы бүгінгі жастарға қандай ой салады? Бейбіт өмірдің қадірін түсіну, татулық пен бірлікке ұмтылу, елге қызмет ету - бұл ақын мұрасынан алынатын басты сабақ.

Ақынның ана тілі туралы өлеңі арқылы да керемет патриоттық тәрбие беруге болады. Ана тілін сүю - Отанды сүюдің бастауы екенін ұғындыру. Тілді құрметтеген ұрпақ ұлт рухын жоғалтпайды.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін Сырбай ақынның тағы да бірнеше өлеңдеріне әдеби талдау жасап көрейік. «Мен - қазақпын» өлеңіне әдеби талдау жасайтын болсақ, тақырыбы мен идеясы:

Өлеңде ақын қазақ халқының тарихтағы қиын кезеңдерден өтіп, аман қалған қайсарлығын, рухани беріктігін, ұлттық болмысын айқын бейнелейді. Бұл - ұлт тағдыры мен рухани қайта жаңғыру жайлы толғаныс.

Образдық жүйе:

Ақын өзінің «Мен - қазақпын» деген бейнесі арқылы тұтас халықтың тұлғасын сомдайды. Лирикалық кейіпкер - қазақ халқының рухани өкілі.

Көркемдік тәсілдер:

- Эпитет: *«мың өліп, мың тірілген»* - ұлт тағдырын сипаттайтын бейнелі теңеу.
- Гипербола (асқақтату): «мың өліп, мың тірілу» - ұлт басынан өткен сынақтарды көркемдей асыра суреттейді.
- Метафора: *«Жанарымнан жас емес, от атылған»* - ішкі ашу, намыс пен кекті суреттейтін әсерлі бейне.
- Теңеу: Халықты аласапыран дүниемен салыстырады, яғни заманмен күресте сүрінбеген ел.

Стильдік ерекшелік:

- Өлең пафосты, жалынды, ұран тастауға жақын стильде жазылған.
- Жоғары рух пен ұлттық мақтаныш үні айқын сезіледі.
- Қарапайым тілмен терең мағына беру - ақынға тән ерекшелік.

Тәрбиелік мәні:

Жастарды ұлт тарихын тануға, қазақ ретінде мақтануға, рухани төзімділікке шақырады. Бұл өлең – патриоттық рухтың көркем туындысы [4, 91-б.].

«Ана тілім» өлеңінің тақырыбы мен идеясы:

Бұл өлең – ана тіліне деген сүйіспеншілік пен құрмет, ұлттық болмыстың тірегі ретінде тілді сақтау жайлы. Тіл - ұлттың жаны деген идеяны алға тартады.

Образдық жүйе:

Лирикалық кейіпкер - өз тілін қасиетті мұра ретінде көретін саналы азамат. Тіл - қасиет, тірек, жүрекпен үндескен рух ретінде бейнеленеді.

Көркемдік тәсілдер:

- Метафора:
  - *«Тілім - діңгек»* - тілдің тіршілік негізі екенін білдіреді.
  - *«Жүрегіммен жымдасқан»* - тіл мен жанның тұтастығы.
- Эпитет:
  - *«Қасиетті тілім»*, *«қымбат мұрам»* - ұлттық сезімді асқақтатады.
- Антитеза:
  - *«Сөз сүйектен өтеді»* - тілдің күшін, өткірлігін көрсету.

Стильдік ерекшелік:

- Лирикалық-терең пайымдау басым.
- Сөздердің мәндік салмағы күшті, әр жол – терең мағынаға ие.
- Ақын эмоцияға емес, зерделі ойға сүйенеді.

Тәрбиелік мәні:

Жастарды ана тілін қадірлеуге, тіл арқылы ұлт болмысын түсінуге үндейді. Бұл - рухани жаңғыру жолындағы маңызды туынды.

«Отаным» өлеңінің тақырыбы мен идеясы:

Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, оның рухани, табиғи кеңістігімен етене байланыс - өлеңнің өзегі. Ақын Отанды арманмен, кеме мен теңізбен, биік мұратпен теңейді [5, 64-б.].

Образдық жүйе:

Отан - теңіз, кеме, қиял образдары арқылы тұлғаланады. Бұл - поэтикалық символдар арқылы берілген Отан бейнесінің кеңеюі.

Көркемдік тәсілдер:

- Теңеу мен метафоралар:
  - *«Отаным - кең көк теңіз»* - кеңдік, шексіздік, байлық.
  - *«Кеме жүзген тереңде»* - өмір күресі, мақсат жолы.
- Перифраз: Отан туралы тура айтпай, көркем суреттеу арқылы тереңдетіп бейнелеу.

Стильдік ерекшелік:

- Ақын лирикалық - философиялық тәсілмен жазады.
- Метафораға негізделген көркем поэтика басым.
- Әр бейне - символдық мәнге ие.

Тәрбиелік мәні:

Отанға деген құрметтің тек сезім емес, жауапкершілік екенін ұғындырады. Рухани сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Өлең атауы	Тақырыбы	Көркемдік тәсілдері	Стиль	Патриоттық мәні
Мен – қазақпын	Ұлт рухы, тарих	Гипербола, метафора, эпитет	Жалынды, ұранды	Ұлттық сана, рух
Ана тілім	Тілдің қасиеті	Метафора, эпитет, антитеза	Лирикалық, ойлы	Тілге құрмет, рухани тәрбие
Отаным	Елге махаббат	Метафора, теңеу, перифраз	Лирикалық-философиялық	Елге сүйіспеншілік

Әрине, Сырбай Мәуленовтың бұл өлеңдері - қазақ поэзиясындағы туған жерге деген терең махаббат пен елжандылықтың жарқын үлгісі. Оның поэтикалық тілі арқылы біз туған жердің табиғатын, рухын, қасиетін сеземіз. Ал бұл өлең қазіргі қоғам үшін де аса өзекті. Төменде осы өлеңді қазіргі замандағы жағдайлармен байланыстырып, елжандылық тұрғысынан талдап көрсетуге болады:

Өлеңнің тақырыбы мен мазмұны

Сырбай Мәуленов бұл өлеңінде туған жерді тек табиғаттың бір бөлігі емес, қасиетті ұғым, рухани тірек ретінде бейнелейді [6, 53-б.]. Оның әр жолында туған жердің:

- аспаны,
- өзен-көлі,
- сәулесі,
- тылсым табиғаты,
- ерлікке толы тарихы

өлең тілімен өте көркем суреттеледі. Бұл туған жердің тек физикалық кеңістік емес, адамның рухани тамыры, сана-сезімінің негізі екенін көрсетеді.

Қазіргі қоғаммен байланысын зерттейтін болсақ, бүгінгі таңда жаһандану үдерісі жүріп жатқан кезеңде, ұлттық болмысты сақтау, туған жерге деген сүйіспеншілік - маңызды құндылықтардың бірі болып отыр. Бұл өлең қазіргі жастарға мынадай маңызды ой салады:

✅ 1. Рухани тамырды ұмытпау

"Қыранның қиядағы ұясындай,

Бабаның аманат мұрасындай"

Бұл жолдарда ата-баба аманатына адал болу, туған жерге деген жауапкершілік сезімі жатыр. Қазіргі таңда урбанизация, шетелге көшу, тарихи сана әлсіреуі сияқты факторлар ұлттық тамырдан алыстату қаупін тудырады. Сол себепті, Сырбай ақынның бұл үндеуі бүгінгі ұрпаққа бағытталған рухани ескерту іспетті.

✅ 2. Елжандылық пен патриоттық тәрбие

"О, туған жер, тәңірім, ием де сен,

Тым арзан сөз жай ғана сүйем десем"

Бұл жолдар туған жерге деген махаббаттың жай ғана сөз емес, іс-әрекетпен дәлелденетін ұлы сезім екенін көрсетеді. Қазіргі таңда елге адал қызмет ету, мемлекеттің өркендеуіне үлес қосу - әр азаматтың борышы. Бұл өлең жастарға нағыз патриоттықтың мәнін ұғындырады.

✅ 3. Туған жердің киелілігін түсіну

"Сыйынатын бір өзіңсің, құдайым!"

Ақын туған жерді құдаймен теңестіріп, оның киелілігін, мәңгілік маңызын ерекше көрсетеді. Бүгінгі қоғамда рухани құндылықтарға құрмет азайып бара жатқанда, бұл жолдар ұлттық сана мен танымды жаңғыртудың қажеттігін еске салады.

Тәрбиелік мәні

Сырбай Мәуленовтың бұл өлеңін мектептерде, оқу орындарында патриоттық тәрбие құралы ретінде қолдануға әбден болады. Ол:

- Туған жерді сүюді,
- Тарихты құрметтеуді,
- Рухани тазалықты,
- Азаматтық жауапкершілікті үйретеді.

Сырбай Мәуленовтың "О, туған жер" атты өлеңі - қазақ халқының рухани коды, ұлттық болмыс айнасы. Қазіргі қоғамда туған жерге деген сүйіспеншілік тек сезіммен шектелмей, оны қорғау, көркейту, дамыту арқылы іске асуы керек [7, 125-б.]. Бұл өлең әрбір азаматтың жүрегіне елге, жерге деген махаббат ұрығын себеді.

Ақынның өлеңдерін оқи отырып және шығармашылығын зерттей отырып, біз өз тамырымызды ұмытпауға, ел игілігі үшін еңбек етуге, отансүйгіш болуға тәрбиеленеміз, тәрбиелейміз. Осылайша қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақын өлеңдерін талдап, мазмұнын қазіргі өмірмен байланыстыратын болсақ, «Менің Отаным», «Туған жер» сияқты тәрбие сағаттарында қолдансақ, жастар арасында шығармашылық жұмыстар (эссе, мәнерлеп оқу, поэзия сағаты) ұйымдастырсақ, жалпы ақынның елжандылық идеяларын тәрбиелік жұмыстарда кеңінен қолдансақ уақыт, қоғам талабына сай болар еді. Сырбай Мәуленовтің азаматтық поэзиясы - елін сүйген ерлердің үнін жеткізетін рухани мұра. Оның жырларынан үлгі алған жас ұрпақтың шынайы патриот, еліне адал азамат болып қалыптасары хақ. Сырбай Мәуленов мұрасы - бүгінгі ұрпақтың рухани тәрбие көзі. Ақынның сөз өрнегі арқылы өскелең ұрпақты ұлттық сана мен адамгершілікке баулу - әр ұстаздың міндеті. Сондықтан оның шығармаларын оқу-тәрбие жүйесінде кеңінен қолдануды ұрпақ тәрбиесіне қосылған үлес деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәуленов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1980.

2. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1997.
3. Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық / Қ.Алпысбаев, Б.Әбдіғазиұлы. – Алматы: Мектеп, 2019.
4. Бисенов Қ. Қазақ поэзиясындағы патриоттық рух. – Астана: Елорда, 2008.
5. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Тәрбие жұмысының тұжырымдамалық негіздері. – Астана, 2015.
6. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Ұлттық энциклопедиясы Бас редакциясы, 2006.
7. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ
Бейсенбаева Жанар Маулеткановна 3
Мәуленов Қасым Сырбайұлы
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – КЕҢЕС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ – КЛАССИК ӘКЕ 4-9
Төлеу Гүлжан Дәрібайқызы 9-11
СЫРЛЫ СЫРБАЙ МЕКТЕБІ
Мадибаев Аслан Ізбасарұлы 11-14
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ГИМНАЗИЯСЫ – РУХАНИЯТ ОРДАСЫ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК КЕҢІСТІК (тәрбие және мектеп тәжірибесі жөнінде)
Жумагулова Жанар Дуйсембаевна 14-18
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ: ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ПЕН АДАМГЕРШІЛІК ИДЕАЛ ТҰТАСТЫҒЫ
Абдикаимова Ақылгүл Сәрсенқызы 19-25
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Абуталипова Асемгуль Багитбаевна 25-30
ҚАЗАҚ МАЙДАНГЕР ПОЭЗИЯСЫНДА КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛДАР: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ МЫСАЛЫНДА
Агатаева Асем Муратбековна 31-35
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Агимбаева Гульжанат Кызырхановна 36-37
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК- СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ
Ажмуратова Жанагул Абубакиевна 38-44
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК - СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ
Аймухаметова Наргиз Жусупкызы 44-49
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ
Ақбалина Дильназ Нұрбекқызы 50-54
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Алдибекова Асемгул Аширбекқызы 54-60
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Анас Гүлзада Жұмабекқызы 61-64
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕРГЕ МАХАББАТ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ
Арунова Мереке Бериковна 65-69
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ: ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС
Асан Мейіржан Мұхтарұлы 70-75
СОҒЫС ЖӘНЕ БЕЙБІТ ӨМІР ЖЫРШЫСЫ: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
Аскарова Динара Токташовна 75-79
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

Асылбек Әйгерім Русланқызы 79-84
ИЗУЧЕНИЕ ТВОРЧЕСТВА С.МАУЛЕНОВА НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ МЕЖПРЕДМЕТНЫЕ СВЯЗИ
Аубакирова Злыха Кабыкеновна 84-88
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Аубакирова Шолпан Кусмановна 88-92
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Ахметжан Гүлім Ахметжанқызы 92-97
ТОРҒАЙДЫҢ ТҰНЫҒЫНАН ТУҒАН ТАЛАНТ ИЕСІ
Ахметова Айнагүл Максотовна 98-99
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ
Ахметова Гульмира Мухитбековна 100-103
СЫРБАЙ МАУЛЕНОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ
Ахметова Гүлнар Мырзалықызы 104-109
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ
Ахметова Ғайния Сандыбайқызы 110-114
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Ахметова Макпал Болтириковна 115-122
СЫРБАЙ МАУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Аюпова Айгуль Сериковна 123-124
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАСЫ
Әлдеева Мерей Бекжанқызы 125-130
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ: ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС
Байжуманова Гульмира Мубараковна 130-133
МАЙДАНГЕР АҚЫН МҰРАСЫ: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ
Баймуратова Гульбакыт 133-140
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Бактыбаева Данагуль Аркабаевна, 141-146
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ МЕН ЗАМАНАУИ БІЛІМ ТОҒЫСЫ: С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ
Бақтыбаева Лаура 147-150
ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН ПОЭЗИЯ ҮНДЕСТІГІ
Бақытқызы Бекайым 150-154
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Бейсембаева Айман Багдатовна 154-158
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ПЕН РУХАНИ ТАЗАЛЫҚ МҰРАТЫ
Билял Медет Жақсылықұлы 159-161
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ЖӘНЕ САРБАЗДЫҚ РУХ: ПОЭЗИЯДАҒЫ ӨМІР МЕН ЕЛГЕ ДЕГЕН АДАЛДЫҚ
Борибаева Айкумис Бакытбековна 162-166
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ

Бифатима Ғалымқызы 166-170
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ
Далабай Райхан Ерсұлтанқызы 170-175
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ
Дастенбекова Айгуль Айдархановна 175-180
КОГДА ТРАДИЦИЯ ВСТРЕЧАЕТСЯ С ТЕХНОЛОГИЕЙ: ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ С ПАРАЛЛЕЛЯМИ К АНТИЧНОЙ ПОЭЗИИ
Дауылбаева Назерке Орынбасарқызы 180-185
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНДЕ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ
Дилмагамбетова Баян Жумаханқызы 186-188
С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ
Дуйисова Клара Еркиновна 188-193
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ
Дуйсекова Меруерт Каскырбаевна 193-195
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Дуйсенова Куанышкул Кадиршиновна 196-199
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ-ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ
Дюсекова Алия Есенгельдиновна 199-202
АҚЫНДЫҚ ЖӘН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС ТУРАЛЫ
Елтаева Акбота Сатбаевна 202-204
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – СЫРШЫЛ ПОЭЗИЯНЫҢ САҢЛАҒЫ
Енсенова Еркин Толентайевна 204-210
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Ермуханбетова Жайнагуль Нурланкызы 210-211
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Есенбекова Қаракөз Сәрсенқызы 212-217
СТУДЕНТТЕРГЕ СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫН МЕҢГЕРТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ
Yessimova Akmaral Kanyievna 218-222
TEACHING SYRBAY MAULENOV'S SONGS IN ENGLISH LESSONS THROUGH THE COMMUNICATIVE APPROACH
Есимхан Роза 222-226
ТУҒАН ЕЛ, ӨСКЕН ЖЕР, ЫСТЫҚСЫҢ ЖАНЫМА...
Ескак Асем Кунтасовна 227-232
ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ И ИНТЕГРАЦИЯ ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС: ТВОРЧЕСКИЕ ЗАДАНИЯ, ЦИФРОВЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ И ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
Жайнакова Асель Муратбековна 233-245
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ - ЛИРИКАЛЫҚ ПОЭЗИЯНЫҢ СЫРШЫЛ ДА СЫРБАЗ ШЕБЕРІ
Жакиянова Гульнара Кайыргельдиновна 246-251

ШАПАН КИГЕН АҚЫН: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ
Жақсыбаева Аружан Жасұланқызы 251-256
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ
Жақсылық Сәнімгүл Сәкенқызы 256-262
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ
Жамбул Гульдана Бауыржанқызы, 263-267
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ
Жарқын Нарғыз 268-274
БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ОРНЫ
Zharkynbekuly Kydyrali 274-279
THE SOLDIERLY SPIRIT IN SYRBAI MAULENOV'S WORKS
Жузтаева Молдир Курбангалиевна 280-282
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Жуматаева Гульжанат Оримбековна 282-287
ҚАЛАМЫ – АҚЫНДЫҚ, ЖҮРЕГІ - САРБАЗДЫҚ
Ибраева Асель Тулимисовна 287-291
«СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ»
Измуханова Гуляйна Камидуллиновна 292-297
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ ОРНЫ
Изтелеуова Айнұр Байтұрсынқызы 298-301
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАРЫ МЕН ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ
Кабжапарова Лазат Токтагазыевна 302-309
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ -ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ШЕБЕРІ
Кадирбаева Гаухар Сейтжапбаровна 310-316
СЫРБАЙ МАУЛЕНОВ : ПОЭТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ, ВОИНСКИЙ ДУХ , ГРАЖДАНСКИЙ ОБЛИК
Кайкенова Алмагүл Мағжанқызы 316-320
ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ШЕБЕРІ - СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ
Кайырханова Акмарал Муратовна 320-325
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ БЕЙІМДЕП, ТАРИХ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ
Калмуратова Сапарайм Оразбайқызы 325-328
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Канафина Аманкул Балтажанқызы 329-333
ҚАЛАМ МЕН ҚАРУДЫ ҚАТАР ҰСТАҒАН МАЙДАНГЕР
Каримова Аягоз Нурмухановна 333-335
ПРИМЕНЕНИЕ РАБОЧИХ ЛИСТОВ ДЛЯ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА
Кемелова Аяулым Кайырбековна 336-341

МАЙДАНГЕР АҚЫНМЕН ЖАҢА ҒАСЫРДА ТЕХНОЛОГИЯ ТІЛІНДЕ ТІЛДЕСУ
Кенжалина Айымторы Нұрмұқанқызы 342-348
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Кибирова Разиям Иминжановна 348-353
ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ВОПЛОЩЕНИЕ ЛЮБВИ К РОДНОЙ ЗЕМЛЕ В ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА
Коныртаева Гульмира Максутбековна 353-357
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛТЫН ӨЗЕГІ – САРБАЗДЫҚ РУХ
Кошербаева Балауса Акатовна 357-362
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ
Көпжасар Биязы 363-368
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Куанышева Асель Алибаевна 368-370
ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА С ПОМОЩЬЮ ТЕХНОЛОГИИ ИСТОРИЧЕСКОГО ПОРТРЕТА
Куанышева Айдана Жалгасовна 370-371
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Куанышева Индира Сагатбеккызы 371-376
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Куйшибаева Д.Б. 376-379
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ - ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК БИІГІ
Кулдасбаева Кундыз Алмаханбетовна 380-384
THE POETICAL VISION OF SYRBAY MAULENOV: NATIONAL SPIRIT, CIVIL IDENTITY, AND THE QUEST FOR PEACE
Күзеубай Айзада Бөлегенқызы 384-387
ӨМІР МЕН ӨНЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫ
Кыдырбекова Гульмира Джаркынбековна 388-393
АДАЛ АЗАМАТ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘДЕБИЕТПЕН САБАҚТАСТЫРА ОТЫРЫП, СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ АДАЛДЫҚ ТАҚЫРЫБЫН АШУ
Қуанышова Арайлым Бейбітқызы 394-396
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Құдайбергенова Арайлым Оразәліқызы 396-401
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ
Құндызбаева Данагүл Қайратқызы 401-407
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СОҒЫС ТАҚЫРЫБЫ МЕН САРБАЗ БЕЙНЕСІ
Лес Нағима Өрісқызы 407-410
АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДАЛА БОЛМЫСЫ МЕН ТЕРЕҢ СЫР
Мамарбаева Жанар Идрышқызы 411-415
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ САРЫН

Мамырбаева Гульжан Жумакановна 415-416
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚСАБАҚТАР: АҚЫНДЫҚ МҰРАТ, САРБАЗДЫҚ РУХ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС
Масимханова Жазира Акылбековна 416-421
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНЕН ОРЫН АЛҒАН ҚАЛАМГЕР
Минтаева Гулмира Спатаевна 421-425
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СЫРБАЙДЫҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ
Миямова Ақмарал Машраповна 425-427
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ: АҚЫНДЫҚ МҰРАТ, САРБАЗДЫҚ РУХ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ
Муканова Дина Мелдешовна 427-434
ЕЛІН ЖЫРЛАҒАН АҚЫН: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ САРЫН
Мухаметжанова Аида Рамазановна 435-438
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ
Набат Мамық Раимқызы 438-444
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПОЭЗИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ
Надирова Гулзилла Сатибалдиевна 444-447
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ
Нариман Анар 447-452
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ПЕН ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ
Нарымбетова Кульзинат Мейрбековна 452-455
С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ
Наурзалина Асел Талгатовна 455-460
ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ҮНІН ЖЕТКІЗГЕН ҚАЛАМГЕР
Zhuldyz Nurymbetova 460-461
SYRBAI MAULENOV: POETIC IDEAL, WARRIOR SPIRIT, VIVIC INTEGRITY
Охан Маржан 461-462
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНЫҢ СЫРЫН ШЕРТЕДІ
Өтеулі Абат Төлегенұлы 462-468
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ
Парахатова Кулпынай Жанарбек кызы 469-473
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕ ҚОЛДАНУ: ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ БАУЛУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Рамазанова Айнаш Кабдолловна 474-478
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – АЗАМАТТЫҚ ПОЭЗИЯНЫҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ
Рахат Аршагүл 479-480
С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ
Рахимжанова Меруерт Камзеевна 481-484
СОҒЫС САҒЫН СЫНДЫРМАҒАН АҚЫН
Рахимова Эльмира Ерсалимовна 484-486
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ
Рымханова Әсем Рымханқызы 486-490
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Сабалакова Асем Жузбаевна 491-495
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ: ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ОТАНҒА ДЕГЕН АДАЛДЫҚ ПЕН РУХ
Сағындық Таңшолпан Ерланқызы 496-500
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС
Садихина Алмагуль Дюсенбаевна 500-505
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ ЖӘНЕ «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ
Сайлау Сұлтан Оралбекұлы 505-510
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ: ЖАУЫНГЕР АҚЫННЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ
Сайлауова Әсима Әділбекқызы 510-516
ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИЕТ: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ
Сайрина Ардак Назымбековна 517-525
МЕТОД ПРОЕКТОВ КАК СПОСОБ ИССЛЕДОВАНИЯ И СИСТЕМАТИЗАЦИИ ТВОРЧЕСТВА СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА
Сайттакова Куралай Кылышбековна 525-527
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ТАРИХ САБАҒЫН КРЕАТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ
Сактапова Жадыра Кыпшакбаевна 527-534
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ПЕН БЕЙБІТ ӨМІР ТАҚЫРЫПТАРЫНА ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫҚ ТАЛДАУЛАР
Саменова Асем Кулушпаевна 534-536
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІКТІҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ
Саттарова Гауһар Қуанқызы 537-538
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ACTIVINSPIRE БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ
Сейілханқызы Айнұр 539-545
С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Сейткенова Асем Бейбитовна 545-551
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИИ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ
Смайлова Жалын Турдалиевна 552-556
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ
Сугирбекова Айман Избасаровна 556-560
«СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ» 3D ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАП
Сугралина Назгуль Айтпаевна 560-564
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
Сэрээтэр Гульбахыт 564-571
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫ АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ТАЛДАУ
Тлеуберді Ақмарал 571-576
С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ
Төлегенова Гүлбану Қуанышқызы 576-580
СЫРБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС
Төребек Дана Нұрлыбекқызы 581-586
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ
Турманова Эльмира Кыстаубаевна 586-588
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – МЫҢ ӨМІРГЕ ҚҰЛАШ ҰРҒАН АҚЫН
Убигалиева Жулдыз Джамбуловна 588-596
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САРБАЗДЫҚ РУХ
Умбеталиева Айнагуль Бериковна 596-600
ЖАУЫНГЕРЛІК РУХТЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ: СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ
Umbetova Karlyga Yeskendirovna 601-605
THE ARTISTIC VALUE OF SYRBAY MAULENOV`S POETRY
Умурзакова Лаззат Араповна 606-609
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС
Уразбакова Бакыт Жаксылыковна 610-615
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ
Урунбаева Перизат Әлтөреқызы 616-622
СЫРБАЙДЫҢ СЫРЛЫ СӨЗДЕРІНЕН ШЫҚҚАН САЗДЫ ӘУЕНДЕР
Фазылхан Гүлнұр Фазылханқызы 623-624
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК –СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАУЫ
Хамзина Айман Жумагазовна 625-630
СЫРБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СОҒЫС ІЗІ
Хусаинова Гульсайра Маратовна 631-636
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК- СЫРБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ
Шаймаханова Айнур Сагындыковна 636-638
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ

ДӘСТҮРЛЕРДІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Шаймырзаева Бағила Алтынбекқызы 639-643
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ МҰРАТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ
Шалкарова Эльмира Балтабаевна 644-646
ТАБИҒАТ ПЕН ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК – СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ АРҚАУЫ
Шонгалова Жанар Серикбаевна 646-652
С.МӘУЛЕНОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПОЭЗИЯСЫ - ЕЛЖАНДЫЛЫҚ САНА КЕПІЛІ

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ: АҚЫНДЫҚ МҰРАТ, САРБАЗДЫҚ РУХ, АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС» АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

Пішімі 210х297мм
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 10,5
Әріп түрі «Times New Roman»

ЖШС
Астана қаласы

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.
Мақала мазмұны үшін авторлар жауапты.
Баспахана мәтіннің мазмұны мен қателеріне жауапты емес.